




Том 2

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

2
ТОМ

1895—1897

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1974

3К2
Л 40

Л $\frac{0112-62}{М 401 (07)-74}$ —4—73

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының екінші томына оның 1895—1897 жылдары жазған еңбектері енді.

90-жылдардың екінші жартысы Россияда капитализмнің тез дамуымен, жұмысшы табының сан жағынан өсуімен және стачка қозғалысының күшеюімен сипатталады. Мұның өзі Россия социал-демократиясының тарихындағы екінші кезең еді, Ленин «балалық пен жас өспірім» шақ деп атаған бұл кезеңде социал-демократия практикалық қызметті өрістете бастап, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың шағын тобы арасында марксизмді насихаттаудан бұқаралық саяси үгітке көшкен еді. 1895 жылдың күзінде жұмысшылардың маркстік үйірмелерінен Ленин ұйымдастырған Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» жұмысшылардың бұқаралық қозғалысымен байланыс орнатып, социализмді жұмысшы қозғалысымен ұштастыруды жүзеге асыра бастады. «Күрес одағы» Россиядағы революцияшыл пролетариат партиясының алғашқы ұйтқысы болды және ол Петербургтен әлдеқайда тыс жерлерге ықпалын жүргізді. Россияның басқа да қалалары мен облыстарында: Москвада, Иваново-Вознесенскіде, Киевте, Самарада, Сибирьде, т. б. жерлерде осындай одақтар мен социал-демократиялық топтар құрылды. Маркстік ұйымдарды бірыңғай орталығы мен маркстік программасы бар біртұтас партияға біріктіру міндеті күн тәртібіне қойылды.

В. И. Лениннің 1895—1897 жылдардағы шығармалары бұл міндетті орындауда орасан зор роль атқарды. Бұл шығармалар пролетариат күресінің таяудағы және түпкі мақсаттарын көрсетіп берді, орыс социал-демократтарының алдына нақты міндеттер қойды және сол кезде социал-демократиялық қозғалыстың жолында әлі де елеулі идеялық бөгет болған халықшылдыққа қарсы күрестің теориялық қаруы болды.

Томда басылған еңбектердің үлкен бір тобы орыс марксистерінің программалық, тактикалық және ұйымдық міндеттерін талдап жасауға арналған. Олардың ішінде: «Социал-демократиялық партия программасының жобасы және оны түсіндіру», «Орыс социал-демократтарының міндеттері» және «Біз қай мұрадан бас тартамыз?» деген еңбектер бар.

Лениннің қалың көпшілік жұмысшы оқырманға арналған шығармалары: «Фабрикалар мен заводтарда жұмысшылардан алынатын штрафтар туралы заңды түсіндіру» және «Фабрикалық жаңа заң» атты кітапшалар, «Торнтон фабрикасының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне», «Патша үкіметіне» деген листовкалар, «Біздің министрлер не ойлайды?» деген мақала томның едәуір бөлігін алады.

Лениннің «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде (Сисмонди және өз еліміздің сисмондишілдері)», «Пермь губерниясындағы 1894/95 жылғы майдагерлер санағы және «майдагерлік» өнеркәсіптің жалпы мәселелері», «Халықшылдардың қияли жобаға әуестігінің кереметтері», «Гимназия шаруашылықтары және құлық түзету гимназиялары», «Бір газет мақаласы жөнінде» атты экономикалық еңбектері томнан негізгі орын алады. Бұларда Ленин Россияда капитализмнің дамуына мүмкіндік жоқ деп есептеген халықшылдардың ұсақ буржуазиялық теорияларын теріске шығарады және көптеген нақты материал негізінде Россияның капитализм жолымен дамып келе жатқанын көрсетеді.

Том 1895 жылдың күзінде жазылған «Фридрих Энгельс» деген некролог-мақаламен ашылады. Мақалада Ф. Энгельс пролетариаттың К. Маркстен кейінгі ең тамаша ұстазы, оның бүкіл өмірі жұмысшы табының кү-

ресімен үздіксіз байланысты болғаны терең және жан-жақты сипатталады. Ф. Энгельстің өмірі мен қызметі туралы қысқаша очеркте Ленин оның әдеби еңбектерінің маңызын атап көрсетеді және Маркс пен Энгельстің ұлы достығын сипаттайды. Марксизмнің негізгі идеяларын баяндай отырып, Ленин былай деп көрсетеді: пролетариаттың көсемдері — Маркс пен Энгельс — орыс революционерлерінің ерлік күресіне тілектестікпен қарады, саяси бостандыққа жету — орыс социал-демократиясының тікелей және аса маңызды міндеті деп есептеді, Батыстағы жұмысшы қозғалысының табысқа жетуі үшін революцияшыл еркін Россияның қаншалықты зор маңызы болатынын күні бұрын білді.

Марксизмді творчестволықпен қолданып және дамыта отырып, Ленин орыс социал-демократтарының программалық міндеттерін талдап жасап берді. 1895 жылдың аяқ шенінде, түрмеде отырған кезінде, ол алғаш рет социал-демократиялық партия «Программасының жобасын», ал 1896 жылдың жазында программаның негізгі пункттерінің мәні мен маңызын талдайтын «Программаның түсіндіруін» жазды. Бұл еңбектер томда «Социал-демократиялық партия программасының жобасы және оны түсіндіру» деген тақырыппен біртұтас шығарма ретінде басылып отыр. Мұнда Ленин Россияда капитализмнің дамуын талдай келіп, пролетариаттың тап күресінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін көрсетеді. Программаның алғашқы жобасында-ақ ол пролетариаттың түпкі мақсаты — саяси өкімет билігін жеңіп алу, өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікті жою және социалистік қоғам орнату деп тұжырымдайды. Сонымен бірге «Программаның жобасында» социал-демократияның практикалық талаптары: жалпы мемлекеттік талаптар, жұмысшы табының талаптары және шаруалардың талаптары да бар.

1897 жылдың аяғында, Сибирьде айдауда жүрген кезінде жазған «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшасында Ленин Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» жұмыс тәжірибесін қорытты және орыс социал-демократтарының саяси программасы мен тактикасын негіз-

деп берді. Орыс социал-демократтарының социалистік қызметінің (ғылыми социализмді насихаттау және социалистік қоғам орнату жолындағы күрес) демократиялық қызметпен (демократиялық идеяларды насихаттау және патша өкіметіне қарсы күрес) тығыз байланысты екенін атап айтып, ол бұлардың арасындағы елеулі айырмашылықты да көрсетті.

Халық еркшілерінің заговор жасау тактикасын әшкерелей келіп, Ленин: абсолютизмге қарсы күресті заговоршылар емес, жұмысшы қозғалысына сүйенген революцияшыл маркстік партия жүргізуге тиіс деп атап көрсетті. «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшасында Ленин пролетариаттың азаттық күресінде революциялық теорияның орасан зор маңызы бар екенін атап айтты және «Революциялық теориясыз революциялық қозғалыс та болуы мүмкін емес» (осы том, 502-бет) деген өзінің белгілі тезисін тұңғыш рет ұсынды, бұл тезис «Не істеу керек?» деген кітабында онан әрі дамытылды. Кітапша Лениннің алдыңғы қатарлы жұмысшыларды, барлық социал-демократиялық үйірмелер мен топтарды бірыңғай маркстік партия болып бірігуге шақырған үндеуімен аяқталады.

Бұл томда «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапша оның екінші және үшінші басылуларына арнап, 1902 және 1905 жылдары жазған Лениннің екі алғы сөзімен бірге басылып отыр. Бұл алғы сөздерде Ленин кітапшаның орыс социал-демократтары міндеттерінің жалпы очеркін ғана беретінін атап айтады. Социал-демократияның дамуын сипаттай келіп, Ленин оның нақты міндеттерінің қалайша өзгеріп отырғанын көрсетеді.

Томға енген Лениннің кітапшалары мен листовкалары маркстік үгіт әдебиетінің үлгісі болып табылады және тіпті әзірлігі жоқ оқырманға да түсінікті. Ленин жұмысшыларға арнап әрқашан да ықыласпен және зор ынтамен жазды. «Жұмысшыларға арнап жазу мүмкіндігінен басқа ештеңені мен мұншалықты тілемеген болар едім,— деді ол,— бұдан басқа ештеңені соншалықты көп арман еткенім жоқ» (Шығармалар, 34-том, 6-бет). Ол фабрика өмірінің нақты фактілерін Россия-

ның бүкіл қоғамдық құрылысымен байланыстырды, сөйтіп жұмысшы табының саяси санасын оятты. Ленин бұл еңбектерінде пролетариаттың правосыз жағдайын, оны капиталистердің аяусыз қанайтынын, патшалы Россиядағы еңбекшілер бұқарасының қайыршылығы мен езілгендігін көрсетіп, жұмысшы табының азаттық үшін күресінің жолдарын белгілеп берді. 1895 жылдың аяқ шенінде шыққан «Штрафтар туралы заңды түсіндіру» деген кітапша жұмысшыларға фабриканттармен қалай күресу керектігін үйретті, сөйтіп оларды капиталистер мен патша өкіметіне қарсы революциялық күрес жүргізу үшін бірігуге шақырды. Торнтон фабрикасы тоқымашыларының ереуілі жайында 1895 жылы ноябрьде жазылған «Торнтон фабрикасының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне» атты листовка жұмысшыларға өз халдерін олар «жаппай жұмыла күш салу арқылы ғана» оңдай алатынын түсіндірді (осы том, 76-бет).

1896 жылғы ноябрьде, түрмеде отырған кезінде, Ленин «Патша үкіметіне» деген листовка жазды, онда 1895 және 1896 жылдары болған орыс стачкаларына баға берілді және патша үкіметінің бұл стачкаларға көзқарасы көрсетілді. Петербургтің ««Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» мүшелеріне «қарттар» атынан хабарлау» да түрмеде жазылған, ол бірінші рет жарияланып отыр. «Хабарлаудың» мақсаты — «Күрес одағының» тұтқыннан аман қалған мүшелеріне арандатушы Н. Михайлов туралы ескерту; 1895 жылы декабрьде Ленин және Петербург «Күрес одағының» мүшелері — бір топ «қарттар» соның көрсетуімен тұтқынға алынған болатын.

Томға енген экономикалық еңбектердің ішіндегі ең маңыздысы — «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде» деген еңбек, ол 1897 жылдың көктемінде, Сибирьде айдауда жүрген кезінде жазылған. Бұл еңбек швейцар экономисі Сисмондиге және оның орыс ізбасарлары — халықшылдар В. В-ға (В. П. Воронцовқа), Николай — онға (Н. Ф. Даниельсонға) және басқаларға қарсы бағытталған. Капиталистік қоғамда қайшылықтар бар екенін айтқан Сисмондидің сіңірген

еңбегін атап көрсетіп, Ленин оның көзқарастарының утопизмі мен реакциялық мәнін әшкереледі, Сисмондидің капитализмді ұсақ буржуа тұрғысынан сынағанын, сөйтіп өнеркәсіптің ескірген цехтық ұйымы мен шаруалардың патриархтық шаруашылығын дәріптегенін көрсетіп берді. Ленин Россияның экономикалық дамуының «ерекшелігін» дәлелдеу үшін орыс халықшылдарының Сисмонди идеяларын пайдаланғанын түсіндірді. Атап айтқанда, ұсақ өндірушілердің күйзелуі салдарынан капитализм тұсында ішкі рыноктың тарылатындығы туралы Сисмондидің теріс қағидасын халықшылдар өз кәделеріне жаратты. Сисмондидің көзқарастарын халықшылдардың дүние танымымен салыстыра отырып, Ленин мынадай қорытындыға келді: *«халықшылдардың экономикалық ілімі жалпы европалық романтизмнің орыс топырағына тән бір түрі ғана»* (267-бет). Ол халықшылдардың өз көзқарастарының ұсақ буржуазиялық мәнін Маркстің экономикалық теориясын мойындау туралы даурықпамен бүркемелеуге тырысқан әрекеттерін әшкереледі, сөйтіп капитализмнің шын мәніндегі қайшылықтарына ғылыми талдау жасады.

1897 жылғы август — сентябрьде жазылған «Пермь губерниясындағы 1894/95 жылғы майдагерлер санағы және «майдагерлік» өнеркәсіптің жалпы мәселелері» деген екінші бір экономикалық еңбегінде Ленин 1894/95 жылғы майдагерлер санағының деректерін сын көзбен қарап талдайды; Пермь халықшылдары бұл деректерді «Пермь губерниясындағы майдагерлік өнеркәсіп жағдайының очеркі» деген кітапта өңдеп-қорытқан болатын. Лениннің бұл кітапты талдаумен шұғылданған себебі — Пермь губерниясындағы майдагерлік өнеркәсіптің жағдайы бүкіл Россияның майдагерлік кәсіпшіліктеріне тән еді. Ол халықшылдардың санақ материалдарына субъективті түрде қарағанын сынады, олардың орташа көрсеткіштер деп аталатын деректердің жәрдемімен шындықты бұрмалауға және капитализм майдагерлік өнеркәсіпке енбейді-міс, майдагерлік өнеркәсіп капиталистік өнеркәсіптен өзгеше деп дәлелдеуге тырысқан әрекеттерін әшкереледі. Капитализмнің майдагерлік өнеркәсіпке енгенін және осыған байланысты

майдагерлердің таптық жіктерге бөлінгенін Ленин көрнекі түрде, нақты материалдар негізінде көрсетіп берді. Бұл еңбектегі материалдарды В. И. Ленин халықшылдықты идеялық жағынан талқандауды аяқтаған «Россияда капитализмнің дамуы» атты кітабында пайдаланды.


«Гимназия шаруашылықтары және құлық түзету гимназиялары», «Халықшылдардың қияли жобаға әуестігінің кереметтері» деген мақалаларда өндірісті қоғамдастырудың либерал халықшыл С. Н. Южаков ұсынған Россияны дамудың капиталистік жолынан құтқара алар еді-міс деген жобасы терең және жан-жақты сынға алынады. Ленин егіншілікпен айналысатын гимназияларда қаражатсыз шәкірттерге оқығаны үшін жұмыс істеу арқылы өтеттіріп, міндетті түрде орта білім беруді ұсынған Южаков жобасының утопиялығы мен реакциялық мәнін көрсетіп берді. 1897 жылы сентябрьде жазылған «Бір газет мақаласы жөнінде» деген мақалада да либерал халықшыл Н. В. Левитскийдің барлық шаруалардың өздерінің өмірін міндетті түрде өзара қауіпсіздендіруі туралы сәуегейлікке бой ұрған экономикалық жоспарлары әшкереленеді.

Екінші том 1897 жылдың аяқ шенінде жазылған «Біз қай мұрадан бас тартамыз?» деген мақаламен аяқталады. Бұл мақалада Ленин пролетариат партиясы өз елінің революциялық дәстүрлеріне қалай қарауы керек екенін айтады. Өздерін 60-жылдардың мұрасын ілгері дамытушылармыз деп есептеп, халықшылдар: марксистер ең жақсы дәстүрлерден, орыс қоғамының алдыңғы қатарлы бөлігінің идеялық «мұрасынан» қол үзді-міс деп пайымдады. 60-жылдардағы орыс ағартушыларының, халықшылдардың және социал-демократтардың көзқарастарын салыстыра келіп, Ленин мынаны дәлелдеді: іс жүзінде халықшылдар емес, нақ марксистер орыстың революцияшыл ағартушыларының мұрасын неғұрлым дәйектілікпен сақтаушылар болып табылады, олардың аса көрнекті өкілі Н. Г. Чернышевский болды. Ленин маркстік партияны Россия халықтарының барлық прогресшіл жетістіктері мен революцияшыл-демократиялық дәстүрлерінің заңды мұрагері деп есепте-

ді. Алайда мұраны сақтау, деп көрсетті ол, қолға тиген мұрамен ғана қанағаттану деген сөз емес; ілгері басу, революциялық күрестің жолдары мен құралдарын дербес белгілеу қажет.

Осы томның «Дайындық материалдар» бөлімінде ««Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшаның екінші басылуына алғы сөздің нобайы» және ««Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшаның екінші басылуына алғы сөздің аяқталмаған нұсқасы» берілді; бұлар бірінші рет жарияланып отыр.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты



В. И. ЛЕНИН

1897

ФРИДРИХ ЭНГЕЛЬС [1]

1895 ж. күзде жазылған

Бірінші рет 1896 ж. «Работник» жинағының 1—2-номерінде басылған

«Работник» жинағының текстi бойынша басылып отыр

ПРОЛЕТАРІИ ВСѢХЪ СТРАНЪ, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!

РАБОТНИКЪ

№№ 1 и 2.

НЕПЕРІОДИЧЕСКІЙ СБОРНИКЪ

Съ портретомъ Фридриха Энгельса.

Изданіе „Союза Русскихъ Соціальдемократовъ".

ЖЕНЕВА
Типографія „Союза Русскихъ Соціальдемократовъ".
1896

«Работник» жинағының титул парағы, онда В. И. Лениннің «Фридрих Энгельс» деген некролог-мақаласы бірінші рет басылған.— 1896 ж.

Сөнді неткен ақыл-ойдың шырағы,
Неткен жүрек соғуынан тоқтады! [2]

1895 жылы жаңаша 5 августа (24 июльде) Лондонда Фридрих Энгельс қайтыс болды. Өзінің досы Карл Маркстен кейін (1883 ж. қайтыс болған) Энгельс бүкіл цивилизациялы дүниеде қазіргі замандағы пролетариаттың тамаша ғалымы және ұстазы болған еді. Тағдыр Карл Маркстi Фридрих Энгельске жолықтырғаннан былай, екі достың өмірлік еңбегі бұлардың ортақ ісіне айналды. Сондықтан Фридрих Энгельстің пролетариат үшін істеген ісін түсіну үшін қазіргі заманғы жұмысшы қозғалысының дамуында Маркстің ілімі мен қызметінің қандай маңызы болғанын жақсы ұғынып алу керек. Маркс пен Энгельс жұмысшы табы және оның талаптары қазіргі экономикалық тәртіптің сөзсіз туындысы екенін, бұл тәртіп буржуазиямен бірге пролетариатты сөзсіз тудырып, ұйымдастырып отыратынын алғаш рет көрсетіп берді; олар адамзатты осы кезде жаныштап отырған азаптардан құтқаратын нәрсе кейбір ізгі ниетті адамдардың жақсы тілекті әрекеттері емес, ұйымдасқан пролетариаттың тап күресі екенін көрсетіп берді. Маркс пен Энгельс өздерінің ғылыми еңбектерінде социализм қиялшылдардың ойдан шығарған жорамалы емес, қазіргі замандағы қоғамда өндіргіш күштер дамуының түпкі мақсаты және қажетті нәтижесі екенін алғаш рет түсіндіріп берді. Осы күнге дейін бүкіл жазба тарих тап күресінің тарихы, қоғамдық бір таптардың екінші таптарға үстемдігінің және жеңістерінің алмасуы болып келді. Қашан тап күресі

мен тап үстемдігінің негіздері — жеке меншік пен реттелмеген қоғамдық өндіріс құрығанша бұл осылай бола бермек. Пролетариат мүдделері осы негіздердің жойылуын талап етеді, сондықтан да ұйымдасқан жұмысшылардың саналы тап күресі осыларға қарсы бағытталуы керек. Ал тап күресі атаулының бәрі — саяси күрес.

Маркс пен Энгельстің бұл көзқарастарын өзінің азаттығы үшін күресіп отырған бүкіл пролетариат қазірде ұғынып алды, бірақ екі дос 40-жылдары өз тұсындағы социалистік әдебиет пен қоғамдық қозғалыстарға қатысқан кезде бұл көзқарастар барып тұрған жаңалық еді. Ол кезде саяси азаттық жолындағы күреске, патшалардың, полицияның, поптардың самодержавиесіне қарсы күреске елігіп, буржуазия мен пролетариат мүдделерінің қарама-қарсы екенін көрмеген дарынды, дарынсыз, адал, арам жандар көп болды. Ол адамдар жұмысшылар қоғамдық дербес күш ретінде бас көтеріп шығуы керек екен-ау дегенді ойларына да алған жоқ. Екінші жағынан, қазіргі замандағы қоғамдық тәртіптің әділетсіздігіне үкімет басындағылар мен үстем таптардың көзін жеткізсе-ақ болғаны, жер бетінде бейбітшілік пен жалпыға бірдей құт-берекені оп-оңай жасауға болады деп ойлаған қиялшылдар да, кейде тіпті данышпан қиялшылдар да болды. Олар күрессіз социализм орнатуды арман етті. Ақырында, ол кездегі социалистердің барлығы дерлік және заты жұмысшы табының достары пролетариатты *дерт* деп қана таныды, өнеркәсіптің өсуімен бірге бұл дерттің де ұлғайып бара жатқанын көріп үрейленді. Сондықтан олардың бәрі қалайда өнеркәсіп пен пролетариаттың дамуын тоқтату, «тарихтың тегершігін» тоқтату жағын ойлады. Пролетариаттың дамуын көріп жаппай үрейленушілікке қарама-қарсы, Маркс пен Энгельстің бар үміт еткені — пролетариаттың үздіксіз өсе беруі болды. Пролетарлар неғұрлым көп болса, революцияшыл тап ретінде, олардың күші де соғұрлым көп болмақ, социализмнің орнауы да соғұрлым жақын, соғұрлым ықтимал болмақ. Маркс пен Энгельстің жұмысшы табы алдында сіңірген еңбегін бірер сөзбен былай деп айтуға болады: олар жұмыс-

шы табын өзін өзі тануға, өзін өзі түсінуге үйретті, сөйтіп арманның орнына ғылымды қойды.

Міне сондықтан да Энгельстің есімі мен өмірі әрбір жұмысшыға таныс болуы тиіс, міне сондықтан да біздің барлық шығармаларымыздағы сияқты, орыс жұмысшыларының таптық сана-сезімін оятуды мақсат ететін осы жинағымызда да біз қазіргі замандағы пролетариаттың екі ұлы ұстазының бірі Фридрих Энгельстің өмірі мен қызметінің очеркін беруге тиіспіз.

Энгельс 1820 жылы Пруссия корольдігінің Рейн провинциясында, Бармен қаласында туған. Оның әкесі фабрикант болған. 1838 жылы Энгельс семья жағдайымен байланысты, гимназияны бітірместен, Бремендегі бір сауда үйіне лажсыздан приказчик болып орналасады. Сауда ісімен айналысу Энгельстің өзінің ғылыми және саяси білімін көтерумен шұғылдануына кедергі болған жоқ. Гимназист кезінің өзінде-ақ самодержавиеге және чиновниктердің озбырлығына оның қаны қас еді. Философиямен айналысқаннан кейін, ол бұдан да ілгері кетті. Ол кезде неміс философиясында Гегель ілімі үстем болатын, Энгельс соның жолын қуды. Берлин университетінің профессоры болып, самодержавиелік Пруссия мемлекетінің қызметін атқарып жүрген Гегельдің өзі сол самодержавиелік Пруссия мемлекетіне бас иетін болса да, Гегельдің *ілімі* революцияшыл ілім еді. Гегельдің адам парасаты мен правосына деген сенімі және Гегель философиясының дүниеде өзгеру мен даму процесі үнемі болып отырады дейтін негізгі қағидасы берлиндік философтың қазіргі өмірге көнгісі келмейтін шәкірттерін осы өмір шындығына қарсы күрестің, орын алып отырған теріс құбылысқа және барлық зұлымдыққа қарсы күрестің түп тамыры мәңгі дамудың дүние жүзілік заңында жатыр деген ойға түсірді. Егер баршаның бәрі дамып отыратын болса, егер бір қалып екінші қалыпқа ауысып отыратын болса, онда Пруссия королінің немесе орыс патшасының самодержавиесі, орасан көпшілік есебінен болмашы азшылықтың байып жатуы, буржуазияның халыққа үстемдік етуі неліктен мәңгі-бақи бола бермек? Гегельдің философиясы рух пен идеялардың дамуы туралы айтты, ол

идеалистік философия еді. Бұл философия табиғаттың, адамның дамуын, адамдық, қоғамдық қатынастардың дамуын рухтың дамуынан әкеліп шығарды. Маркс пен Энгельс Гегельдің мәңгі даму процесі туралы пікірін ұстап қалды да *, оның ойдан шығарған идеалистік көзқарасын лақтырып тастады; өмірге көз сала келіп, Маркс пен Энгельс табиғаттың дамуын түсіндіретін рухтың дамуы емес, қайта — рухты табиғатқа, материяға негіздеп түсіндірген жөн екенін көрді... Гегельге және басқа да гегельшілдерге қарама-қарсы, Маркс пен Энгельс материалист болды. Дүние мен адамзатқа материалистік тұрғыдан қарай келіп, олар табиғаттың барлық құбылыстарының негізінде материялық себептер жататыны сияқты, адам қоғамының дамуы да материалдық өндіргіш күштердің дамуына байланысты екенін көрді. Адамның керектерін қанағаттандыруға қажетті заттарды өндіру үстінде адамдардың бір-бірімен жасайтын қатынастары өндіргіш күштердің дамуына байланысты. Қоғам өмірінің барлық құбылыстарының, адамның тілек-талаптарының, идеялар мен заңдардың себептері, міне, осы қатынастарда жатыр. Өндіргіш күштердің дамуы жеке меншікке сүйенетін қоғамдық қатынастарды тудырады, бірақ қазір біз нақ сол өндіргіш күштердің дамуы меншікті көпшіліктен тартып алып, болмашы азшылықтың қолына шоғырландыратынын көріп отырмыз. Өндіргіш күштердің дамуы қазіргі замандағы қоғамдық тәртіптің негізі болып отырған меншікті жояды, оның өзі де социалистер алға қойып отырған мақсатқа қарай ұмтылады. Енді социалистер қазіргі қоғамдағы өз жағдайы жағынан қандай қоғамдық күштің социализмді жүзеге асыруға мүдделі болып отырғандығын түсінулері ғана керек те, сол қоғамдық күшке оның мүдделері мен тарихи міндетін түсіндіріп берулері керек. Мұндай күш — пролетариат. Энгельс пролетариатпен Англияда, ағылшын өнеркәсібінің орталығы Манчестерде, танысты; ол онда 1842 жылы барып, өзінің әкесі

---

* Маркс пен Энгельс өздерінің ақыл-ойларының дамуында немістің ұлы философтарына, әсіресе Гегельге борыштымыз деп талай рет айтқан болатын. «Неміс философиясы болмайынша,— дейді Энгельс,— ғылыми социализм де болмас еді» [3].

жарнашыларының бірі болған сауда үйіне қызметке кірген болатын. Мұнда Энгельс фабрика кеңсесінде ғана отырып алмай, жұмысшылар паналаған лас кварталдарды аралап, бұлардың қайыршылығы мен жоқшылығын өз көзімен көрді. Бірақ ол өзінің көрген-білгенімен қанағаттанып қана қойған жоқ, ол ағылшын жұмысшы табының жағдайы туралы өзіне дейін табылған нәрселердің бәрін оқып шықты, ол қолына түскен ресми документтердің бәрін мұқият зерттеді. Бұл зерттеулерінің, көрген-білгендерінің жемісі 1845 жылы шыққан «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» [4] деген кітап болды. «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» атты кітабының авторы ретінде Энгельстің сіңірген ең басты еңбегі неде екенін біз жоғарыда атап өттік. Энгельске дейін де талай адамдар пролетариаттың қасірет-азабын көрсетіп, оған жәрдемдесу қажет екенін айтқан болатын. Пролетариаттың азап шегуші *ғана* тап емес екенін *алғаш* айтқан Энгельс; атап айтқанда, пролетариат душар болған масқара экономикалық жағдай оны тоқтаусыз ілгері итермелеп, өзінің түпкілікті азаттығы үшін күресуге мәжбүр етеді. Ал күресуші пролетариат *өзіне өзі жәрдем береді.* Жұмысшы табының саяси қозғалысы жұмысшыларды өздерінде социализмнен басқа жол жоқ екенін ұғынуға жеткізбей қоймайды. Екінші жағынан, социализм жұмысшы *табының саяси* күресінің мақсатына айналғанда ғана ол өзі күш болады. Энгельстің Англиядағы жұмысшы табының жағдайы туралы кітабының негізгі пікірлері, қазір бүкіл ойшыл және күрескер пролетариат ұғынған, бірақ ол кезде барынша жаңалық болған пікірлері, міне, осы. Бұл пікірлері ағылшын пролетариатының азабын көрсететін барынша шын және жан түршігетін суреттерге толы, тартымды етіп жазылған кітабында баяндап берілді. Бұл кітап капитализм мен буржуазияны сұмдық айыптау болды. Оның жұртқа әсері өте зор болды. Сол замандағы пролетариаттың жағдайын жақсы суреттеген деп, қай жерде болсын Энгельстің осы кітабын ауызға алатын. Шынында да, 1845 жылға дейін де, одан соң да жұмысшы табының азабы бірде-бір нақ осынша айқын да шын суреттеліп көрсетілген емес.

Энгельс Англияға барған соң ғана социалист болды. Манчестерде ол сол кездегі ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткерлерімен байланыс жасады және ағылшынның социалистік баспасөзіне жаза бастады. 1844 жылы Германияға қайтып келе жатқан жолында Парижде ол өзімен бұрыннан хат жазысып жүрген Маркспен танысты. Француз социалистерінің және француз өмірінің әсерімен Парижде Маркс те социалист болып алған еді. Екі дос осы жерде бірлесіп «Қасиетті әулет, немесе сыншыл сынға сын» [5] деген кітап жазды. «Англиядағы жұмысшы табының жағдайынан» бір жыл бұрын шыққан және көбін Маркс жазған бұл кітапта революцияшыл-материалистік социализмнің негіздері салынды; мұның басты-басты пікірлерін біз жоғарыда айтып өттік. «Қасиетті әулет» — ағалы-інілі философ Бауэрлерге және олардың ізбасарларына қойылған келемеж ат. Бұл мырзалар өмір шындығы атаулыдан жоғары тұратын, партиялар мен саясаттан жоғары тұратын, қандай да болсын практикалық істі теріске шығаратын және айналадағы дүниеге, онда болып жатқан оқиғаларға тек «сын көзімен» қарап қана қоятын сынды уағыздады. Бауэр мырзалар пролетариат сыншыл бұқара емес деп, оған тәкаппарлықпен қарады. Маркс пен Энгельс осы сөлекет және зиянды бағытқа үзілді-кесілді қарсы шықты. Нағыз адамның жеке басының — үстем таптар мен мемлекеттен тепкі көріп отырған жұмысшының құрметі үшін олар құр қарап қана отыруды емес, қоғамды жақсылап құру жолында күресуді талап етті. Олар мұндай күресті жүргізуге қабілетті және бұған мүдделі күш, әрине, пролетариат деп білді. «Қасиетті әулетке» дейін де, Энгельс Маркс пен Ругенің «Неміс-Француз Журналына» [6] «Саяси экономия жөніндегі сын очерктерін» [7] жазған; бұл очерктерінде ол қазіргі замандағы экономикалық тәртіптің жеке меншік үстемдігінің лажсыз салдары болып табылатын негізгі құбылыстарын социализм тұрғысынан қарап шыққан. Маркстің саяси экономияға, өзінің еңбектері тұтас бір төңкеріс жасаған осы бір ғылымға бел байлап кірісуіне Энгельспен қарым-қатыс жасауының жәрдемі тигені даусыз.

Энгельс 1845 жылдан 1847 жылға дейінгі уақытты Брюссель мен Парижде өткізіп, өзінің ғылыми жұмысын Брюссель мен Париждегі неміс жұмысшыларының арасында жүргізген практикалық қызметімен ұштастырды. Осы жерде Энгельс пен Маркстің «Коммунистер одағы» [8] атты құпия неміс қоғамымен байланысы басталды, «Коммунистер одағы» бұларға өздері жасаған социализмнің басты-басты негіздерін жазып шығуды тапсырды. Маркс пен Энгельстің 1848 жылы басылып шыққан атақты «Коммунистік партияның манифесі» осылай пайда болды. Осы бір шағын кітапшаны бірнеше томға балауға болады: цивилизациялы дүниенің бүкіл ұйымдасқан және күресуші пролетариаты осы уақытқа дейін сол кітаптың рухымен тіршілік етіп, ілгері басуда.

Әуелі Францияда лап етіп, одан соң Батыс Европаның басқа елдеріне тараған 1848 жылғы революция Маркс пен Энгельсті туған еліне қайта алып келді. Мұнда, Рейндік Пруссияда, бұлар Кёльнде шығып тұрған демократияшыл «Жаңа Рейн Газетін» [9] басқарды. Екі дос Рейндік Пруссиядағы барлық революциялық-демократиялық тілек-талаптардың дем берушілері болды. Олар халық мүдделері мен бостандық мүдделерін реакцияшыл күштерден бар мүмкіндік сарқылып біткенге дейін қорғады. Жұртқа мәлім, реакцияшыл күштер жеңді. «Жаңа Рейн Газетіне» тыйым салынды, эмиграпттық өмір сүріп жүрген кезінде Пруссия азаматының правосынан айрылған Маркс жер аударылды, ал Энгельс халықтың қарулы көтерілісіне қатысты, үш ұрыста бостандық үшін шайқасты да, көтерілісшілер жеңілген соң Швейцария арқылы Лондонға қашты.

Маркс те сонда көшіп барды. Энгельс көп ұзамай өзі 40-жылдары қызмет еткен Манчестердегі сауда үйіне қайтадан приказчик болды, одан соң жарнашы да болды. 1870 жылға дейін Энгельс Манчестерде, ал Маркс Лондонда тұрды; екеуінің мейлінше тығыз рухани қарым-қатынас жасап тұруына мұның кедергісі болған жоқ; олар күн сайын дерлік хат жазысып тұрды. Екі дос бұл хаттарында өздерінің көзқарастарын, білімдерін ортаға салып, ғылыми социализмді бірлесіп жасай бер-

ді. 1870 жылы Энгельс Лондонға көшіп барды, содан Маркс қайтыс болған 1883 жылға дейін, бұлардың дамылсыз жұмыс үстіндегі бірлескен рухани өмірі тоқтаған жоқ. Мұның жемісі — Маркс тарапынан — біздің ғасырымыздағы аса ұлы саяси-экономикалық шығарма «Капитал», Энгельс тарапынан — толып жатқан ірілі-уақты шығармалар болды. Маркс капиталистік шаруашылықтың күрделі құбылыстарын талдау жұмысымен айналысты. Энгельс ұғымға өте жеңіл және көбінесе айтыс түрінде жазылған еңбектерінде тарихты материалистік тұрғыдан түсіну және Маркстің экономикалық теориясы рухында ең жалпы ғылыми мәселелерді және өткен дәуір мен қазіргі дәуірдің түрліше құбылыстарын баяндады. Энгельстің бұл еңбектерінен мыналарды атап өтейік: Дюрингке қарсы айтыс шығарма (мұнда философия, жаратылыс тану және қоғамдық ғылымдар саласындағы ұлы-ұлы мәселелер талданған) *, «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы»[12] (орыс тіліне аударылған, С.-Петербургте басылған, 3-басылымы, 1895), «Людвиг Фейербах»[13] (орысша аудармасы Г. Плехановтың ескертуімен шықты. Женева, 1892), орыс үкіметінің шетелдік саясаты туралы мақала (Женева, «Социал-Демократтың»[14] 1 және 2-номерлерінде орыс тіліне аударылған), пәтер мәселесі туралы тамаша мақалалар[15], ақырында, Россияның экономикалық дамуы туралы шағын, бірақ өте бағалы екі мақала («Фридрих Энгельс Россия туралы», орыс тіліне аударған В. И. Засулич, Женева, 1894)[16]. Маркс капитал туралы өзінің орасан зор еңбегін біржолата өңдеп үлгіре алмай, қайтыс болды. Дегенмен оның ұзын ырғасы біткен еді; енді досы қайтыс болғаннан кейін Энгельс «Капиталдың» II және III томдарын өңдеу және бастырып шығару жөніндегі ауыр еңбекке кірісті. Ол 1885 жылы II томын, 1894 жылы III томын бастырды (IV томын ол өңдеп үлгермеді[17]). Бұл екі том өте көп еңбек сіңіруді керек етті. Энгельс «Капиталдың»

* Бұл бір өте-мөте мазмұнды және ғибрат аларлық кітап[10]. Бірақ, амал не, мұның социализм дамуының тарихи очеркі бар шағын бөлігі ғана орыс тіліне аударылды («Ғылыми социализмнің дамуы»[11], 2-басылуы, Женева, 1892).

II және III томдарын бастырып шығарып, өзінің данышпан досына аса ұлы ескерткіш орнатты, оған ол өшпес оюмен өз атын да еріксіз жазды, деп австриялық социал-демократ Адлер дұрыс айтқан. Шынында да, «Капиталдың» бұл екі томы — екеуінің: Маркс пен Энгельстің еңбегі. Ескі аңыздарда достықтың жан тебірентерлік үлгілері айтылады. Европа пролетариаты өз ғылымын өзара қарым-қатынасы адам достығы жайындағы жан тебірентерлік ежелгі аңыздардың бәрінен де асып түскен екі ғалым әрі күрескер жасады деп айта алады. Энгельс қашан да өзін Маркстен кейін қойып отыратын, тегінде, мұнысы әбден әділ де еді. «Маркстің тірі кезінде,— деп жазды ол өзінің бір ескі досына,— мен екінші орында болдым» [18]. Маркстің тірі кезінде Энгельстің оған деген сүйіспеншілігі, ал ол қайтыс болған соң оның аруағын сыйлауы шексіз еді. Осынау бір қайсар күрескер, батыл ойшылдың жан-тәнімен елжіреп сүйетін жүрегі бар еді.

1848—1849 жылдардағы қозғалыстан кейін, қуғында жүрген кездерінде де, Маркс пен Энгельс тек ғылыммен ғана айналысып қойған жоқ. Маркс 1864 жылы «Жұмысшылардың халықаралық қоғамын» [19] құрды және он жыл бойына осы қоғамға басшылық етті. «Қоғамның» істеріне Энгельс те белсене қатынасып отырды. Маркстің ойынша, барлық елдердің пролетарларын біріктірген «Халықаралық қоғам» қызметінің жұмысшы қозғалысы дамуында зор маңызы болды. Ал 70-жылдары «Халықаралық қоғам» жабылғаннан кейін де Маркс пен Энгельстің біріктірушілік ролі тоқталған емес. Қайта, жұмысшы қозғалысының рухани басшылары ретінде олардың маңызы үнемі артып отырды деуге болады, өйткені қозғалыстың өзі үздіксіз өсіп отырды. Маркс қайтыс болғаннан кейін, Энгельстің бір өзі европалық социалистердің ақылшысы және басшысы болып қала берді. Үкімет қуғынына ұшырап жүрсе де, күші тез және үнемі арта түскен неміс социалистері де, артта қалған елдердің өкілдері де — мысалы, өздерінің алғашқы адымдарын ақылға салып, таразыға тартып отыруына тура келген испандар да, румындар да, орыстар да —

Энгельстен кеңес, нұсқау сұрап отырды. Олардың бәрі де қарт Энгельстің білімі мен тәжірибесінің бай қазынасынан керегін алып отырды.

Екеуі де орыс тілін білетін және орыс кітаптарын оқып жүретін Маркс пен Энгельс Россиямен терең танысуға құмартатын, орыстың революциялық қозғалысын тілектестікпен қадағалап отырды және орыс революционерлерімен байланыс жасап тұрды. Олардың екеуі де *демократтан* бастап социалиске айналды, сондықтан да саяси озбырлыққа деген демократиялық *өшпенділік* сезімі бұларда айрықша күшті болды. Осы тікелей саяси сезім, оның үстіне саяси озбырлықтың экономикалық езумен байланысын теория жағынан терең түсінушілік, сондай-ақ өмірден алынған бай тәжірибе Маркс пен Энгельсті нақ *саяси* жағынан өте-мөте көреген етіп шыңдады. Сондықтан орыс революционерлерінің азғантай ғана бір тобының құдіретті патша үкіметіне қарсы қаһармандық күресіне сыннан өткен бұл революционерлер шын жүректерінен тілектестік сезімдерін білдіріп отырды. Ал, мұның керісінше, алдамшы экономикалық тиімділікке бола орыс социалистерінің ең таяудағы және ең маңызды міндетінен — саяси бостандықты жеңіп алу міндетінен — теріс айналып кету әрекеті оларға өзінен-өзі күдікті нәрсе болып көрінді және тіпті олар мұны әлеуметтік революцияның ұлы ісіне тура опасыздық етушілік деп есептеді. «Пролетариатты азат ету пролетариаттың өз ісі болуға тиіс»,— міне, Маркс пен Энгельс үнемі осылай деп үйретті [20]. Ал өзінің экономикалық азаттығы жолында күресу үшін пролетариат өзіне белгілі бір *саяси* праволар жеңіп алуға тиіс. Оның үстіне батыс европалық жұмысшы қозғалысы үшін де Россиядағы саяси революцияның зор маңызы болатынына Маркстің де, Энгельстің де көзі анық жетті. Самодержавиелік Россия қашан да бүкіл европалық реакцияның тірегі болып келді. Германия мен Францияның арасына ұзақ уақыт араздық салып кеткен 1870 жылғы соғыстың Россияны айрықша халықаралық жағдайға қоюы, әрине, реакциялық күш ретінде самодержавиелік Россияның маңызын тек көтере түсті. Поляктарды, финдерді, немістерді, армяндарды және басқа ұсақ халық-

тарды езуді де, Францияны Германияға үнемі айдап салуды да керек етпейтін азат Россия ғана қазіргі Европаның соғыс ауыртпалығынан құтылып, еркін тыныс алуына мүмкіндік береді, Европадағы барлық реакциялық элементтерді әлсіретеді және европалық жұмысшы табының күшін арттырады. Міне, сондықтан Энгельс Батыстағы жұмысшы қозғалысының табысты болуы үшін де Россияда саяси бостандықтың орнауын қатты тіледі. Орыс революционерлері Энгельстей ең жақсы досынан айрылып отыр.

Пролетариаттың ұлы күрескері әрі ұстазы Фридрих Энгельстің есімі мәңгі өшпесін!

ФАБРИКАЛАР МЕН ЗАВОДТАРДА ЖҰМЫСШЫЛАРДАН АЛЫНАТЫН ШТРАФТАР ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ТҮСІНДІРУ [21]

1895 ж. күзде жазылған.

1895 жылы Петербургте жеке кітапша болып басылған

1895 жылы шыққан кітапшаның текстісі бойынша, 1897 жылғы басылыммен салыстырылып басылып отыр

ОБЪЯСНЕНІЕ

ЗАКОНА

О

ШТРАФАХЪ, ВЗИМАЕМЫХЪ

СЪ

рабочихъ на фабрикахъ и заводахъ.

ХЕРСОНЪ.
Типографія К. Н. Субботина, Екатерин. ул. д. Калинина.
1895.

В. И. Лениннің «Фабрикалар мен заводтарда жұмысшылардан алынатын штрафтар туралы заңды түсіндіру» деген кітапшасының титул парағы.— 1895 ж.

I

ШТРАФ ДЕГЕН НЕ?

Егер жұмысшыдан: штрафтың не екенін білесің бе? — деп сұрасаң, ол мұндай сұрауға таңқалар еді. Өйткені, ылғи төлеп отырса, штрафты ол неге білмесін? Бұл арада сұрайтын не бар?

Бірақ бұл арада сырттай қарағанда ғана сұрайтын еш нәрсе жоқ тәрізді болып көрінеді. Ал, шынына келгенде, жұмысшылардың көпшілігі штрафтың не екенін дұрыс түсіне алмай жүр.

Әдетте, жұрт штраф дегеніміз жұмысшының қожайынға келтірген зияны үшін сол қожайынға төлейтін төлемі деп ойлайды.— Бұл дұрыс емес.— Штраф және зиян үшін төленетін төлем — екеуі екі басқа нәрсе. Егер бір жұмысшы екінші бір жұмысшыға қандай да болса бір зиян келтірсе, онда ол зиянын өтеуді (мысалы, бүлінген мата үшін) талап ете алады, бірақ оған штраф сала алмайды. Нақ сол секілді, бір фабрикант екінші бір фабрикантқа зиян келтірсе (мысалы, товарды мезгілінде жеткізіп бермесе), ол фабрикант зиянын өтеуді талап ете алады, бірақ екінші фабрикантқа штраф сала алмайды.— Зиянды өтеу терезесі тең адамнан талап етіледі, ал штрафты тек бағынышты адамға ғана салуға болады. Сондықтан, зиян өтеуді сот арқылы талап ету керек болады, ал штрафты қожайынның өзі сотсыз белгілейді. Кейде қожайынға ешқандай зиян келмеген ретте де штраф салынады: мысалы, темекі тартқаны үшін де штраф салынады. Штраф дегеніміз зиянды өтеу емес, жазалау. Айталық, егер жұмысшы темекі

тартып тұрғанда от түсіріп алып, қожайынның матасын күйдірсе, онда қожайын оған темекі тартқаны үшін штраф салып қана коймайды, оның үстіне күйген матаның құнын да ұстап қалады. Штрафтың зиянды өтеуден айырмашылығы осы мысалдан айқын көрініп тұр.

Штраф салудың мақсаты — зиянды өтеу емес, тәртіп орнату, яғни жұмысшыларды қожайынға бағындыру, жұмысшыларға қожайынның бұйрығын орындаттыру, жұмыс кезінде қожайынның айтқанын тыңдату.— Штраф туралы заңда тура былай делінген: штраф дегеніміз «фабрика меңгерушілерінің өз билігімен тәртіп сақтатуы үшін салынатын ақшалай алым». Сондықтан, штрафтың мөлшері зиянның мөлшеріне қарай белгіленбейді, жұмысшының тәртіпсіздігіне қарай белгіленеді: тәртіпсіздік неғұрлым көп болса, қожайынға бағынбау, қожайынның талаптарын орындамау неғұрлым зор болса, штрафтың мөлшері де соғұрлым көп болады. Кімде-кім қожайынға жұмыс істейтін болса, оның еріксіз адамға айналатыны түсінікті; ол қожайынның айтқанын екі етпеуге тиіс, ал қожайын оны жазалай алады.— Крепостной шаруалар помещиктерге жұмыс істеді де, помещиктер оларды жазалап келді.— Жұмысшылар капиталистерге жұмыс істейді де, капиталистер оларды жазалайды.— Бар айырмашылық мынада ғана: бұрын басында еркі жоқ адамды таяқпен ұрып жазалаушы еді, ал қазір оны теңгемен соғып жазалайды.

Бәлкім, бұған қарсы шығып: тәртіп болмаса, көп жұмысшының фабрикада немесе заводта бірлесіп жұмыс істеуі мүмкін емес: жұмыста тәртіп керек, осы тәртіптің орындалуын бақылап отыру керек және тәртіп бұзушыларды жазалау керек деушілер болар. Сондықтан штраф жұмысшылар еріксіз халық болғандықтан алынбайды, ал жұмысты бірігіп істеу үшін тәртіп керек болғандықтан алынады, дер.

Мұндай қарсы дау, бір қарағанда жұртты адастырарлық болса да, тіпті дұрыс емес. Жұмысшылардың еріксіз халін олардың өзінен жасырғысы келетін адамдар ғана осындай қарсы дау соғады. Рас, бірлесіп істейтін жұмыстың қандайында болса да тәртіп керек. Бірақ жұмыс істеп жүрген адамдардың фабриканттардың зор-

лық-зомбылығына, яғни өздері жұмыс істемейтін және барлық машиналарды, құралдарды, материалдарды өз қолдарына жиып алғандықтан ғана күшті болып отырған адамдардың зорлық-зомбылығына бағынуы қажетті нәрсе ме? Тәртіп болмайынша және жұрттың бәрі осы тәртіпке бағынбайынша, бірлесіп жұмыс істеуге болмайды; бірақ жұмысшыларды фабриканттар мен заводшыларға бағындырмай-ақ бірлесіп жұмыс істеуге болады. Бірлесіп істелетін жұмыс, расында да, тәртіпті бақылап отыруды талап етеді, бірақ ол басқаларды бақылап отыру билігі, әрқашан да, өзі жұмыс істемей, кісі еңбегімен күн көретін адамдардың қолында болуын тіпті де талап етпейді. Штрафтың адамдар бірлесіп жұмыс істейтіндіктен емес, қазіргі капиталистік тәртіптер тұсында барлық жұмысшы адамдардың ешқандай меншігі жоқ: машиналардың, құрал-саймандардың, шикі материалдардың, жердің, астықтың бәрі байлардың қолында болғандықтан салынатыны осыдан-ақ көрініп тұр. Аштан өлмеу үшін жұмысшылар соларға сатылуға тиісті. Ал сатылған соң, олар, әрине, байларға бағынуға және олардың жазасына көнуге міндетті.

Штрафтың не екенін түсінгісі келетін әрбір жұмысшы мұны ұғынуға тиіс. Штраф бейне бір қажет нәрсе, өйткені онсыз бірлесіп жұмыс істеу бейне бір мүмкін емес деген әдеттегі (және тіпті қате) пікірді теріске шығару үшін мұны білу қажет. Штрафтың зиянды өтеуден қандай айырмасы бар екенін және штрафтың жұмысшылардың еріксіз халін, олардың капиталистерге бағыныштылығын көрсететіндігі неліктен екенін әрбір жұмысшыға түсіндіре білу үшін мұны біліп қою қажет.

II

БҰРЫН ШТРАФ ҚАЛАЙ САЛЫНЫП КЕЛДІ ЖӘНЕ ШТРАФ ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ШЫҒУЫНА НЕ СЕБЕП БОЛДЫ?

Штраф туралы заңдар жуырда шықты: оған не бары тоғыз жыл болды. 1886 жылға дейін штраф туралы ешқандай заң болған емес.— Фабриканттар не үшін және қанша штраф төлеткісі келсе, сонша төлете алатын. Ол

кезде фабриканттар өрескел көп мөлшерде штраф төлетіп, штрафтан орасан көп пайда келтіретін еді.— Штрафтар кейде «қожайынның ұйғаруынша» белгіленетін, штрафтың не себепті алынатыны көрсетілмейтін.— Штрафтың мөлшері кейде *табыстың тең жартысына дейін* баратын, сөйтіп жұмысшы тапқан бір сомының елу тиынын штраф ретінде қожайынға беріп отыратын.— Штрафтың үстіне, келісім шартын орындамау төлемі белгіленген реттер де болатын; мысалы, фабрикадан кеткені үшін 10 сом алынатын. Әрқашанда фабриканттың ісі оңға баспаса-ақ болғаны, ол, жасалған шартқа қарамастан, жалақыны кеміте салатын.— Ол мастерлерге штраф салуға қатаң қарап, товарды бракқа шығарып отыруға бұйыратын: бұл да жұмысшының жалақысын кеміткенмен бара-бар еді.

Жұмысшылар бұл қысымның бәріне ұзақ уақыт шыдап келді, бірақ ірі заводтар мен фабрикалар, әсіресе тоқыма фабрикалары сеғұрлым дамып, ұсақ кәсіпорындарды және қолмен тоқушыларды ығыстырған сайын, жұмысшылардың зорлық-зомбылыққа, қысым жасауға қарсы ашынуы соғұрлым күшейе түсті. Бұдан он шақты жыл бұрын көпестер мен фабриканттардың істері *тоқырап,* дағдарыс дегенге кездесті: товар өтпеді; фабриканттар зиян көрді де, штраф салуды бұрынғыдан да күшейте түсті. Табыстары мұнсыз да аз болып келген жұмысшылар енді жаңа қысымға көне алмады, сондықтан 1885—1886 жылдары Москва, Владимир және Ярославль губернияларында жұмысшылардың бүліктері басталды. Шыдамы таусылған жұмысшылар жұмысты тоқтатып, қысым жасаушылардан қатты кек алды: фабрика үйлері мен машиналарды қиратты, кейде оларды өртеп жіберді, әкімшілік адамдарын ұрып-соқты, тағы басқа сондай істер істеді.

Осы стачкалардың бәрінің ішіндегі ең елеулісі Тимофей Саввич Морозовтың әйгілі Никольск мануфактурасындағы (Москва-Нижегород темір жолының Орехово станциясы жанындағы Никольск дейтін жердегі) стачка болды. Морозов 1882 жылдан бастап ақыны кеміте бастады, 1884 жылға дейін бес рет кемітті. Мұны-

мен бірге штраф салудың шарттары да қатая түсті: бүкіл фабрика бойынша жұмысшылар табысының төрттен бірі дерлік штраф төлеуге кететін болды (1 сом табыстың 24 тиыны штраф төлеуге кетіп отырды), ал кейде штраф кейбір жұмысшылар табысының тең жартысына жетіп жүрді. Мұндай өрескел мөлшерде салынатын штрафтарды жасыру үшін бүлік алдындағы соңғы жылда кеңсе мынадай амал істеді: штрафтары табысының тең жартысына жеткен жұмысшыларды кеңсе зорлап жұмыстан шығарып, есебін берді, ал содан кейін бұл жұмысшылар тіпті сол күні-ақ қайтадан жұмысқа кіріп, жаңа кітапша ала алатын болды. Сөйтіп, өте көп штраф жазылған кітапшалар осындай амалмен құртылып отырды.— Жұмысқа шықпай қалған реттерде жұмысқа шықпаған бір күн 3 күнге есептелді, бір рет темекі тартқаны үшін 3,4 және 5 сомнан штраф салынды. Шыдамы біткен жұмысшылар 1885 ж. 7 январьда жұмысты тастап, бірнеше күн бойы фабриканың дүкенін, Шорин деген мастердің пәтерін және фабриканың басқа да кейбір үйлерін қиратты. Он мың жұмысшының (жұмысшылар саны 11 000-дай болған) бұл сұрапыл бүлігі үкіметті қатты қорқытты: Орехово-Зуевоға дереу әскер сау ете қалды, Владимирден губернатор, прокурор, Москвадан прокурор келді.— Стачкашылармен сөйлескен кезде топ ішінен бастықтарға «жұмысшылардың өздері жазған шарттар» [22] берілді; бұл шарттарда жұмысшылар 1884 жылғы пасхадан бергі төлеген штрафтардың қайтарылуын, бұдан былай салынатын штраф табыстың 5 процентінен аспауын, яғни 1 сом табысқа 5 тиыннан артық штраф салынбауын, бір күн жұмысқа шықпағаны үшін 1 сомнан артық алынбауын талап етті. Мұның үстіне, жұмысшылар жалақының 1881—1882 жылдардағы мөлшерге жеткізілуін, қожайынның кінәсынан жұмыс істелмеген күндерге оның ақы төлеуін, жұмысшылармен толық есеп айырысатын болғанда, мұның 15 күн бұрын ескертілуін, товардың жұмысшылар арасынан белгіленген куәлар алдында қабылдануын, т. б. талап етті.

Бұл орасан зор стачка үкіметке өте күшті әсер етті; жұмысшылар бірігіп қимыл жасаса, әсіресе бірігіп қимыл жасаушы жұмысшылар бұқарасы тікелей өз та-

лаптарын қойса, мұндай кезде жұмысшылардың қауіпті күш болатынын үкімет өз көзімен көрді. Фабриканттар да жұмысшылардың күшін сезіп, аяғын аңдап басатын болды.— Мысалы, «Новое Время» [23] газетінде Орехово-Зуеводан алынған бір хабарда: «Өткен жылғы бүліктің (яғни, 1885 жылғы январьда Морозов фабрикасында болған бүліктің) маңызы сол — ол Орехово-Зуево фабрикаларында да, оның маңайындағы фабрикаларда да бұрынғы тәртіптерді бірден өзгертті» делінген. Демек, жұмысшылар өрескел тәртіптерді жоюды бірлесіп талап еткеннен кейін, ол тәртіптерді тек Морозов фабрикасының қожайындары ғана өзгертіп қоймай, сонымен қатар, өздерінде бүліктің болуынан қорыққан көршілес фабриканттар да жұмысшылардың талаптарын орындай бастаған. «Ең басты нәрсе,— деп жазылды сол газетте,— қазір жұмысшыларға бұрынғыдан гөрі адамшылық көзбен қарайтын болды, бұрын мұндай көзқарас фабрика әкімдерінің кейбіреулерінде ғана болған еді».

Тіпті «Московские Ведомости» де [24] (бұл газет қашан да фабриканттарды жақтап, барлық айыпты жұмысшылардың өздеріне аударады) бұрынғы тәртіптерді сақтаудың мүмкін еместігін түсініп, жөнсіз штраф сала беру — «барып тұрған сорақы қиянаттарға апарып соқтыратын жауыздық» екенін, «фабрика дүкендері — нағыз тонаушы орын» екенін, сондықтан штрафтар туралы заң мен ереже шығару қажет екенін мойындауға тиіс болды.

Бұл стачканың тигізген орасан зор әсері жұмысшылар сотқа тартылған соң одан сайын күшейе түсті. Стачка кезінде жанжал шығарғаны үшін, әскери қарауылға шабуыл жасағаны үшін (жұмысшылардың бір бөлігі стачка кезінде тұтқынға алынып, бір үйге қамалған болатын, бірақ жұмысшылар есікті сындырып, шығып кеткен еді) 33 жұмысшы сотқа берілді. Сот 1886 ж. майда Владимирде болды. Присяжныйлар сотқа тартылғандардың бәрін ақтап жіберді, өйткені сотта куәлардың — оның ішінде фабрика қожайыны Т. С. Морозовтың, фабрика директоры Диановтың және көптеген тоқымашы жұмысшылардың,— берген жауаптары жұмысшыларға көрсетілген сорақы қысымның бәрін ашып

берді. Соттың бұл үкімі тек Морозов пен оның әкімшілігін ғана емес, сонымен қатар фабрикалардағы бұрынғы тәртіптің бәрін де айыптаған үкім болды.

Фабриканттардың сойылын соғушылар қатты сасып, ызаланды. Бүліктен кейін ескі тәртіптердің сорақылығын мойындаған сол «Московские Ведомости» енді мүлде басқаша әнге басты: «Никольск мануфактурасы ең жақсы мануфактуралардың қатарына қосылады»-мыс. «Жұмысшылар фабрикаға ешқандай крепостнойлық немесе міндетті қарым-қатынаста емес, олар өз еркімен келеді және бөгетсіз кетеді. Штрафтарға келетін болсақ, фабрикаларда штраф қажет нәрсе; онсыз жұмысшылармен ешбір келісе алмас еді, онда фабриканы жауып тастауға тура келер еді».— Барлық айып «азғындыққа, маскүнемдікке, салақтыққа салынған» жұмысшылардың өздерінде-міс. Сот үкімі тек қана «халық бұқарасын аздырады» *.— «Бірақ халық бұқарасымен ойнау қауіпті,— деп лепірді «Московские Ведомости».— Владимир сотының ақтаған үкімі жөнінде жұмысшылар не ойлауға тиіс? Бұл шешім туралы хабар осы мануфактуралы аймаққа лезде-ақ түгел тарады. Үкім шығарылғаннан кейін іле-шала Владимирден шыққан біздің тілшіміз бұл үкім туралы барлық станцияларда есітіпті...»

Сөйтіп, фабриканттар: егер бүгін жұмысшылардың бір талабын орындасаң, олар ертең екінші бір талап қояды, деп үкіметті қорқытқысы келді.

Бірақ жұмысшылардың бүлігі одан да қорқыпышты болды, сондықтан үкіметке жұмысшылардың талабын орындауға тура келді.

1886 ж. июньде штрафтар туралы жаңа заң шықты; онда қандай реттерде штраф алуға болатыны көрсетілді, штрафтың ең көп мөлшері белгіленді және штраф салудан жиналған ақша фабриканттардың қалтасына түспей, жұмысшылардың өз мұқтажына жұмсалуға тиіс деген қаулы алынды.

---

* Егер жұмысшылар өздерінің халдерін ойлай бастаса, өздерінің праволарын талап ете бастаса және қожайындарының сорақылықтарына, қысымдарына бірлесіп қарсылық көрсете бастаса, фабриканттар мен олардың сойылын соғушылар мұның бәрін әрдайым тек «азғындық» деп білді, қазірде де осылай қарайды.— Әрине, жұмысшылардың өз халдерін ойламағаны, өз праволарын түсінбегені қожайындарға пайдалырақ болады.

Көп жұмысшылар бұл заңды білмейді, ал білетіндері штрафты үкімет жеңілдетті, сондықтан осы жеңілдік үшін бастықтарға алғыс айту керек деп ойлайды. Мұның дұрыс емес екенін біз жоғарыда көрдік.— Фабрикалардағы ескі тәртіптер соншама сорақы бола тұрса да,— жұмысшылар сол тәртіпке қарсы бүлік шығармайынша, ыза кернеген жұмысшылар фабрикалар мен машиналарды қиратып, товарлар мен материалдарды өртеуге, әкімшілік пен фабриканттарды ұрып-соғуға дейін бармайынша, бастықтар жұмысшыларға жеңілдік жасау жөнінде еш нәрсе істеген жоқ.— *Үкімет сол оқиғалардан кейін ғана қорқып, жұмысшылардың талабын орындады.*— Жұмысшылар бұл жеңілдік үшін бастықтарға алғыс айтуға тиіс емес, сорақы қысымшылықтарды құртуға тырысқан және соған қолы жеткен өзінің жолдастарына алғыс айтуға тиіс.

1885 жылғы бүліктердің тарихы бізге жұмысшылардың біріккен наразылығында қаншалықты зор күш бар екенін көрсетіп отыр.— Тек бұл күштің саналылықпен жұмсалуын, оның босқа сарп етілмеуі, белгілі бір фабриканттан немесе заводшыдан кек алуға, белгілі бір жеккөрінішті фабриканы немесе заводты қиратуға жұмсалмауы керек, осы ызадан, осы өшпенділіктен туған барлық күштің түгелімен күллі фабриканттарға, заводшыларға қарсы, күллі фабриканттар мен заводшылар *табына* қарсы жұмсалуын, сол таппен үнемі, табанды күрес жүргізу жолында жұмсалуын ойластыру керек.

Енді штраф салу туралы заңдарымызды егжей-тегжейлі қарап шығайық. Бұл заңдармен танысу үшін мына мәселелерді ашып алу керек: 1) Қандай реттерде немесе қандай себептермен заң штраф салуға рұқсат етеді? — 2) Заң бойынша салынатын штраф мөлшері қандай болу керек? 3) Заңда штраф салудың қандай тәртібі көрсетілген? — яғни, заң бойынша кім штраф сала алады? Бұл жөнінде шағым беруге бола ма? Штраф салынғаны жөніндегі табельді жұмысшыға күн ілгері қалай жариялау керек? Салынған штраф кітапқа қалай жазылуға тиіс? — 4) Штраф салудан түскен ақша заң бойынша не нәрсеге жұмсалуға тиіс? Ол ақша қайда сақталады? Жұмысшылардың мұқтажына қай

ретпен жұмсалады және нақ қандай мұқтажына жұмсалады? Ақырында, соңғы сұрау: 5) Штраф салу туралы заң жұмысшылардың бәріне бірдей қолданыла ма?

Осы мәселелердің бәрін анықтап алғаннан кейін, біз тек штрафтың не нәрсе екенін ғана біліп қоймаймыз, сонымен қатар штраф туралы орыс заңдарының барлық өзгеше ережелері мен егжей-тегжейлі қаулыларын да білеміз. Ал штрафтың әділетсіз салынған әрбір кезіне саналылықпен қарау үшін, түрлі әділетсіздіктердің неліктен болатынын,— фабрика бастығының заңды бұзатындығынан бола ма немесе заңның өзінде осындай әділетсіз ережелердің барлығынан бола ма,— осыны жолдастарына түсіндіре білу үшін, соған сәйкес, қысым жасауға қарсы күрестің лайықты түрін таңдап ала білу үшін мұны жұмысшылардың біліп алуы қажет.

III

ФАБРИКАНТ ҚАНДАЙ СЕБЕППЕН ШТРАФ САЛА АЛАДЫ?

Заң бойынша штраф салудың себептері, яғни фабрика немесе завод қожайынының жұмысшыларға штраф салуына право беретін кінәлар мыналар: 1) жұмысты нашар істеу; 2) қыдырымпаздық; 3) тәртіп бұзу. «Бұдан басқа себептермен,— делінген заңда,— ешқандай штраф салуға болмайды» *. Осы үш себептің әрқайсысын жеке-жеке мұқият қарап шығайық.

Бірінші себеп — жұмысты нашар істеу. Заңда былай делінген: «Жұмысшының салақтықтан сапасыз бұйымдар істеп шығаруы, оның жұмыс кезінде материалдарды, машиналарды және басқа өндіріс құралдарын бүлдіруі — жұмысты нашар істегендік болып есептеледі». Бұл арада «салақтықтан» деген сөзді есте ұстау керек. Бұл сөз өте маңызды.— Демек, тек салақтық үшін ғана штраф салуға болады. Егер бұйым жұмысшының салақ-

* Біздің әңгіме етіп отырған заңымыз — «Өнеркәсіп туралы устав»; бұл устав орыстың «Заңдар жинағының» II томының екінші бөліміне кіреді.— Заң қайта номерленген жеке статьяларда баяндалып жазылған.— Штрафтар туралы 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151 және 152-статьяларда айтылады.

тығынан емес, мысалы, қожайынның жаман материал бергендігінен сапасыз болып шықса, онда фабриканттың штраф салуға правосы жоқ. Жұмысшылардың мұны жақсы түсінулері қажет, сөйтіп жұмысты нашар істегені үшін штраф салынған жағдайда, жұмыстың нашар істелуі жұмысшының кінәсынан, оның салақтығынан болмаса, наразылық білдірулері қажет, өйткені мұндай ретте штраф салу — заңға мүлде қарсы.— Тағы бір мысал келтірейік: завод жұмысшысы электр шамының жанындағы станокта жұмыс істеп жатсын. Темірдің сынығы ұшып барып тура шамға тиеді де, оны сындырады. Қожайын: «материалды бүлдіргені үшін» оған штраф салады. Оның бұлай істеуге правосы бар ма? Жоқ, правосы жоқ, өйткені жұмысшы шамды салақтығынан сындырған жоқ: жұмыс кезінде ұшпай тұрмайтын темір сынықтарынан шамның еш нәрсемен қорғалмағаны үшін жұмысшы кінәлы емес *.

Енді мынадай сұрақ туады: бұл заң жұмысшыны жеткілікті дәрежеде қорғай ма? Ол жұмысшыны қожайынның зорлық-зомбылығынан, әділетсіз штраф салудан қорғай ма? Әрине, қорғамайды, өйткені істелген бұйымның сапалы немесе сапасыз екенін қожайын өз бетімен белгілейді; жөнсіз мін тағылуы әбден мүмкін, қожайын бұйымның сапасыздығы үшін штрафтарды көбейте түсіп, сол штрафтар арқылы баяғы бір ақыға бұрынғыдан көп жұмыс істетуі әбден мүмкін нәрсе.— Заң жұмысшыны қорғаусыз қалдырады, қожайынның қысым жасауына мүмкіндік береді. Заңның бір жақты екендігі, фабриканттардың пайдасына жасалғандығы және әділ емес екендігі анық.

Жұмысшыны қай ретпен қорғау керек болар еді? Мұны жұмысшылар әлдеқашаннан-ақ көрсетіп берген болатын: Морозовтың Никольск фабрикасындағы тоқымашылар 1885 жылғы стачка кезінде мынадай талап қойған-ды: «товарды өткізгенде, егер екі жақ келісе

* Петербургте, портта (жаңа Адмиралтейство) дәл осындай оқиға болды; порт командирі Верховский жұмысшыларға қысым жасап аты шыққан адам еді. Жұмысшылардың стачкасынан кейін ол сынған шамдар үшін алынатын штрафтардың орнына, сынған шам үшін шеберхананың барлық жұмысшыларынан ақша шегеріп қалатын болды. Штрафтар сияқты, мұндай ақша шегерудің де заңсыз екені түсінікті.

алмаса, товардың сапалы немесе сапасыздығы сол маңда жұмыс істейтін жұмысшылардан куәлар қатыстырыла отырып белгіленетін болсын, осының бәрі товарды қабылдау кітабына жазылсын». (Бұл талап «жұмысшылардың жалпы келісуі» бойынша жасалған және стачка кезінде топ ішінен прокурорға берілген дәптерге жазылған еді.— Бұл дәптер сотта оқылды). Бұл талап өте әділ талап, өйткені товардың сапалылығы туралы талас туған кезде қожайынның зорлық-зомбылығына жол бермеу үшін куәлар қатыстырудан басқа амалдың болуы мүмкін емес, ал ол куәларды қалай да жұмысшылардан алу керек: мастерлер немесе қызметшілер еш уақытта қожайынға қарсы шығуға бата алмайды.

Штраф салудың екінші себебі — қыдырымпаздық. Заң не нәрсені қыдырымпаздық деп атайды? «Қыдырымпаздықтың жұмысқа уақытында келмеуден немесе жұмыстан өз бетімен кетіп қалудан айырмашылығы сол,— делінген заңда,— кемінде жарты жұмыс күніндей жұмысқа шықпай қалу қыдырымпаздық болып есептеледі». Жұмысқа уақытында келмеу немесе жұмыстан өз бетімен кетіп қалу заң бойынша «тәртіпті бұзғандық» болып есептеледі, ал бұған штраф аз салынады; біз мұны қазір көреміз. Егер жұмысшы заводқа бірнеше сағат кешігіп келсе, бірақ дегенмен түс болмай келсе, бұл қыдырымпаздық болмайды, тек тәртіпті бұзғандық қана болады; ал егер түс кезінде келсе, онда бұл қыдырымпаздық болады.— Нақ осы сияқты, егер жұмысшы түстен кейін жұмыстан өз бетімен, сұраусыз кетіп қалса, яғни бірнеше сағат уақыт жұмыста болмаса, онда бұл тәртіпті бұзғандық болады, ал егер ол тұтас жарты күнге кетсе, онда бұл қыдырымпаздық болады.— Заңда: егер жұмысшы қатарынан үш күннен артық немесе бәрін қосқанда айына алты күннен артық қыдырып жүрген болса, онда фабрикант оны жұмыстан шығарып жіберуге праволы делінген.— Жарты немесе толық бір күн жұмыс істемеу әрдайым да қыдырымпаздық болып есептеле ме? — деген сұрау туады.— Жоқ, есептелмейді.— Жұмысқа шықпаудың кешірімді себептері болмаған күнде ғана қыдырымпаздық болып есептеледі. Жұмысқа шықпаудың кешірімді себептері заңда атап көр-

сетілген. Ол себептер мыналар: 1) «жұмысшының еркінен айырылуы». Демек, мысалы, жұмысшы тұтқынға алынса (полицияның бұйрығы бойынша немесе бітістіруші судьяның үкімі бойынша), онда есеп айырған кезде, жұмысшыға қыдырдың деп штраф салуға фабриканттың правосы жоқ, 2) «бір бақытсыз жағдайдан ойламаған жерден күйзеліске ұшырау», 3) «өрт», 4) «өзеннің тасуы». Мысалы, жазғытұрым су тасып, жұмысшы өзеннен өте алмай қалса, фабриканттың оған штраф салуға правосы жоқ, 5) «үйден шығуға мұрша бермейтін ауру» және 6) «ата-аналарының, ерінің, әйелінің және балаларының қайтыс болуы немесе қатты науқастануы». Осы алты жағдайдың бәрінде де жұмысшының жұмысқа шықпауы кешірімді болып есептеліненеді. Қыдырып қалдың деп штраф салмауы үшін жұмысшы дәлел табудың қамын істесе болғаны: оның кешірімді себеппен жұмысқа шықпай қалды деген сөзіне кеңседегілер нанбайды. Дәрігерден (мысалы, науқастанып қалған болса) немесе полициядан (мысалы, өрт болса) куәлік алу керек. Егер куәлікті нақ сол сағатында ала алмаған күнде, оны кейінірек болса да әкеліп, заң бойынша штрафтың салынбауын, ал егер штраф салынып қойған болса, оның қайтып алынуын талап ету керек.

Жұмысқа шықпаудың кешірімді себептері туралы заңның осы ережелері жайында мынаны айта кету қажет: бұл ережелер — ерікті адамдарға қолданылмай, казармадағы солдаттарға қолданылатындай қатаң ережелер. Бұл ережелер сотқа келмеудің заңды себептері туралы ережелерден көшіріліп алынған: егер біреуге пәлендей бір қылмыс істеді деген айып тағылса, оны сот тергеушісі жауапқа шақырады, ал айыпкер келуге міндетті. Жұмысшылардың жұмысқа келмеуіне қандай реттерде рұқсат етілсе, айыпкердің тергеушіге келмеуіне де тек сондай реттерде ғана рұқсат етіледі *. Демек, заң кәззаптарға, ұрыларға, т. с. қалай қатаң қараса, жұмысшыларға да дәл солай қатаң қарайды. Сотқа келу туралы ережелердің не себепті мұндай қатаң бола-

* Айыпкерлерді шақыру туралы заңда тек «өрт» туралы ғана айтылмаған.

тынын жұрттың бәрі түсінеді,— өйткені қылмыстыларды қудалау — бүкіл қоғамға қатысы бар іс. Бірақ жұмысшының жұмысқа шығуы тіпті де бүкіл қоғамға қатысы бар іс емес, тек бір ғана фабрикантқа қатысы бар іс, ал оның үстіне, жұмыстың тоқтамауы үшін, бір жұмысшыны екінші бір жұмысшымен алмастыра қою оп-оңай. Демек, бұл заңның әскери заңдай соншама қатаң болуының ешбір қажеті жоқ еді. Бірақ капиталистер фабрикада жұмыс істету үшін жұмысшының барлық уақытын түгел иемденумен қанағаттанбайды; мұнымен қатар олар жұмысшының күллі ерік-жігерін, фабрикадан басқа мүдделері мен ойының бәрін өзіне қаратып алғысы келеді. Жұмысшыларға еріксіз адамдар деп қарайды.— Сондықтан да осындай казармалық, кеңсешілкінәлағын ережелерді жасап шығарады. Мысалы, «ата-аналарының, ерінің, әйелінің және балаларының қайтыс болуы немесе қатты науқастануы» заң бойынша келмеудің кешірімді себебі деп танылатынын әлгіде ғана көрдік.— Сотқа келу туралы заңда осылай делінген.— Жұмысшының жұмысқа келуі туралы заңда да дәл осылай делінген. Демек, мысалы, жұмысшының әйелі емес, қарындасы қайтыс болса, онда жұмысшы ол күні жұмысқа бармай қала алмайды, өлген адамын жерлеуге уақытын бөле алмайды: уақыт оның өзінікі емес, фабриканттікі. Ал өлген адамды жерлеу полицияның да қолынан келеді, бұл туралы ойлаудың да қажеті жоқ. Сотқа келу туралы заң бойынша семьяның мүддесі қоғамның мүдделеріне жол беруге тиіс, өйткені қоғамға қылмыстыларды қудалау қажет.— Жұмысқа келу туралы заң бойынша, жұмысшының семья мүдделері фабриканттың мүдделеріне жол беруге тиіс, өйткені фабрикантқа пайда түсіру қажет.— Мұндай заңдарды жасап шығарушы, орындаушы және қорғаушы бейкүнә мырзалар осыдан кейін де, семья тұрмысын бағаламайды деп, жұмысшыларды айыптаудан тайынбайды-ау!..

Қыдырымпаздық үшін салынатын штрафтар туралы заң әділ заң ба? — соны қарайық. Егер жұмысшы жұмысын тастап бір күнге, екі күнге кетіп қалса, бұл қыдырымпаздық болып есептеледі, ол үшін жұмысшы айып тартады, ал қатарынан үш күннен артық қыды-

рып қалса, қожайын оны қуып жібере алады.— Ал егер фабрикант (мысалы, заказ жоқ болғандықтан) жұмысты тоқтатып тастаса немесе аптасына алты күндік жұмыс берудің орнына тек бес күндік жұмыс берсе, онда қалай болады? Егер жұмысшылар фабриканттармен шынында тең праволы болса, онда заң жұмысшы үшін қандай болса, фабрикант үшін де нақ сондай болуға тиісті болар еді.— Егер жұмысшы жұмысты тоқтатса, онда ол ақыдан айырылады және штраф төлейді. Демек, егер фабрикант жұмысты өз бетімен тоқтатса, ол, біріншіден, фабриканың тоқтаған уақытының бәріне жұмысшыға толық жалақы төлеуге, екіншіден, штраф тартуға тиіс болар еді.— Бірақ заңда мұның екеуі де жазылмаған. Біздің штраф туралы бұрынғы айтқандарымыз осы мысалдан айқын дәлелденіп отыр; атап айтқанда, штрафтар капиталистердің жұмысшыларды құлдыққа салып отырғанын көрсетеді, жұмысшылардың өмір бойы капиталистер үшін жұмыс істеуге, соларды байытуға, бұл үшін жұпыны тұрмысына да жетпейтін болмашы ақы алуға кіріптар болған, дәрежесі төмен, еріксіз тап екендігін көрсетеді.— Өз бетімен жұмысты тоқтатқаны үшін фабриканттардың штраф төлеуі туралы сөз болуы да мүмкін емес. Бірақ жұмыстың тоқтауына жұмысшылар кінәлы болмаған күнде, фабриканттар жұмысшыларға жалақы да төлемейді. Бұл — нағыз жан түршігетін әділетсіздік. Заңда тек мынадай ғана ереже бар: «өрттің, селдің салдарынан, паровиктің жарылуынан, тағы басқа сондай себептерден фабрикада немесе заводта жұмыс 7 күннен артық тоқтап қалса», фабрикант пен жұмысшының арасындағы шарт бұзылады. Жұмысшылар жұмыс тоқтап қалған уақытта фабрикантты жұмысшыға жалақы төлеуге міндетті ететін ереже шығуын талап етуге тиіс.— 1885 жылы 11 январьда, Т. С. Морозовтың фабрикасында болған әйгілі стачка кезінде, орыс жұмысшылары бұл талапты жұрт алдында ұсынған да болатын *. Жұмысшылардың та-

* Айта кету керек, ол кезде (1884/85 жылы) фабриканың жұмысшылар кінәлы емес себеппен тоқтап қалатын уақыттары өте көп болатын, өйткені ол кезде сауда мен өнеркәсіп дағдарысқа ұшыраған еді: фабриканттардың товары өтпей жатты, сондықтан олар өндірісті ықшамдауға тырысты. Мысалы, 1884 жылы декабрьде үлкен Вознесен-

лаптары жазылған дәптерде мынадай талап бар еді: «қыдырымпаздық үшін шегерілетін ақша бір сомнан аспайтын болсын, сөйтіп, машинаның тоқтап қалуы, қайта жөнделуі сияқты, қожайынның кінәсынан жұмыс істелмеген күндерге ол да ақы төлейтін болсын, осы мақсатпен, жұмыс істелмеген әрбір күн есеп-қисап дәптеріне жазылып отыратын болсын».— Жұмысшылардың бірінші талабы (қыдырымпаздық үшін салынатын штраф бір сомнан аспайтын болсын деген талап) орындалып, штрафтар туралы 1886 жылғы заңға енді. Екінші талабы (қожайынның кінәсынан жұмыс істелмеген күндерге ол ақы төлейтін болсын деген талап) орындалмады, сондықтан жұмысшылар әлі де болса бұл талапты орындаттыруы керек. Мұндай талап жолындағы күрестің ойдағыдай болуы үшін, бұл заңның әділ емес екенін, не нәрсені талап етуі керек екенін барлық жұмысшылардың айқын түсінулері керек. Белгілі бір фабрика немесе завод тоқтап қалып, жұмысшылар ақы ала алмаған әрбір ретте, жұмысшылар мұның әділетсіздік екені туралы мәселе көтеруге тиіс, фабрикант пен екі арадағы шарт бұзылмай тұрғанда, фабриканттың әрбір күнге ақы төлеуге міндетті екенін қатты талап етуге, мұны инспекторға мәлімдеуге тиіс; инспектордың берген түсінігі жұмысшыларға бұл туралы шынында заңда еш нәрсе айтылмағанын дәлелдеп береді, сөйтіп заңды жұмысшылардың талқысына түсіреді. Олар мүмкіндігі болғанда, сотқа арыз беріп, өздерінің істеген жұмысына тиестін ақыларын фабриканттан өндіріп беруді өтінуге тиіс,— ақырында, жұмыс тоқтап қалған күндерге жалақы төлету туралы жалпы талаптар қоюға тиіс.

Штраф салудың үшінші себебі — «тәртіпті бұзу».— Заңда мынадай 8 жағдай тәртіп бұзғандық болып есептеледі: 1) «жұмысқа мезгілімен келмеу немесе жұмыстан өз бетімен кетіп қалу» (бұл пункттің қыдырымпаздықтан қандай айырмашылығы бар екенін әлгіде ғана айтып өттік); 2) «фабриканың немесе заводтың меңге-

ский мануфактурасы (Москва губерниясында, Москва-Ярославль темір жолының Талица станциясы жанында) жұмыс күнінің санын азайтып, аптасына 4 күнге түсірді. Кесімді жұмыс істеген жұмысшылар бұған стачка жасаумен жауап берді, бұл стачка 1885 жылғы январьдың басында фабриканттың қойылған талапты орындауымен аяқталды.

рушісі, 105-статьяның 1-ескертуіне сүйеніп, жұмысшылармен екі арадағы жалдау шартын бұзуды қажет деп таппаған реттерде, завод немесе фабрика үйлерінде отты пайдалану жөнінде белгіленген сақтық ережелерін орындамау».— Бұл — жұмысшы отқа сақ болу ережелерін бұзса, ондай реттерде жұмысшыға не штраф салуды, не оны жұмыстан қуып шығаруды (заңның айтуы бойынша, «жалдау шартын бұзуды») заң фабриканттың еркіне береді деген сөз; 3) «завод немесе фабрика үйлерінде тазалық сақтамау, жинақы болмау»; 4) «жұмыс кезінде шу көтеріп, айқайлау, сөгісу, ұрысып немесе төбелесіп, тыныштықты бұзу»; 5) «тіл алмау». Бұл пункт жөнінде мынаны айта кету керек: жұмысшы заңды талапты, яғни шартта негізделген талапты орындамаған күнде ғана фабрикант жұмысшыға «тіл алмады» деп штраф салуға праволы.— Егер жұмысшының қожайынмен екі арадағы шартына негізделмеген қайдағы бір жөнсіз талап қойылған болса,— онда жұмысшыға «тіл алмады» деп штраф салуға болмайды.— Мысалы, жұмысшы кесімді жұмыс туралы шарт бойынша жұмыс істейді. Мастер оны бұл жұмысты тастап, басқа бір жұмысты істеуге жұмсайды. Жұмысшы бұған көнбейді.— Мұндай ретте тіл алмады деп штраф салу дұрыс болмас еді, өйткені жұмысшы тек бір жұмыс жөнінде ғана шарт жасады және, ол кесімді жұмыс істейтін болғандықтан, басқа іске көшу оған жұмысты тегін істегендік болар еді; 6) «жұмысқа мас болып келу»; 7) «ақша салып ойнайтын рұқсат етілмеген ойындар (карта, орлянка ойнау, т. с.) ойнау» және 8) «фабрикалардағы ішкі тәртіп ережелерін орындамау». Бұл ережелерді әрбір фабрика мен заводтың қожайыны белгілейді, оны фабрика инспекторы бекітеді.— Бұл ережелерден алынған үзінділер есеп айырысу кітапшаларында басылады.— Ішкі тәртіп ережелерін орындамағаны үшін өздеріне штрафтың дұрыс немесе бұрыс салынатынын тексеру үшін жұмысшылар бұл ережелерді оқып, біліп алулары керек.— Бұл ережелерді заңнан айыра білу керек. Барлық фабрикалар мен заводтар үшін заң біреу; ішкі тәртіп ережелері әрбір фабрикада әр түрлі болады.— Заң патшаның билігімен бекітіледі немесе бұзылады; ішкі тәр-

тіп ережелерін бекітуші немесе бұзушы — фабрика инспекторы.— Сондықтан, егер бұл ережелер жұмысшыларға ауыр тиетін болса, онда инспекторға шағым беріп, оны бұздыруға болады (егер ол шағымды аяқсыз қалдырса, оның үстінен фабрика алқасына шағым беруге болады).— Заңды ішкі тәртіп ережелерінен айыра білу қажет екенін көрсету үшін мынадай мысал келтірейік. Мейрам күні немесе жұмыс күнінен тыс уақытта жұмысқа келмегені үшін жұмысшыға, мастердің талап етуі бойынша, штраф салынады делік.— Мұндай штраф дұрыс па, дұрыс емес пе? — Бұған жауап беру үшін ішкі тәртіп ережелерін білу керек.— Егер ережеде мастердің талап етуі бойынша жұмысшының кесімді уақыттан тысқары мезгілде жұмысқа шығуға міндетті екендігі туралы еш нәрсе айтылмаған болса, онда мұндай штраф заңсыз. Ал егер ережелерде жұмысшы бастықтардың талап етуі бойынша мейрамдарда немесе кесімді уақыттан тысқары мезгілде жұмысқа шығуға міндетті делінген болса, онда штраф заңды болады.— Бұл міндеткерлікті жойғызу үшін жұмысшылар штрафтар жөнінде шағым жасамай, ішкі тәртіп ережелерінің өзгертілуін талап етуге тиіс. Барлық жұмысшылар өзара сөз байласып алуы керек, сонда жұмысшылар бірігіп қимылдау арқасында ондай ережелерді жойғыза алады.

IV

ШТРАФТЫҢ ЖОҒАРҒЫ ШЕГІ ҚАНДАЙ БОЛУЫ МҮМКІН?

Енді біз заң бойынша жұмысшыларға қандай реттерде штраф салуға болатынын түгел білеміз.— Штрафтардың мөлшері туралы заңның не айтатынын алып қарайық. Заң штрафтардың мөлшерін барлық фабрикалар мен заводтар үшін бірдей етіп белгілемейді. Заң штрафтың ең арғы шегін, одан артық салуға болмайтын шегін ғана белгілейді. Бұл шек штраф салудың үш түрлі ретінің (жұмысты нашар істеу, қыдырымпаздық және тәртіпті бұзу) әрқайсысы үшін жеке-жеке көрсетілген.— Атап айтқанда, қыдырымпаздық үшін салынатын штрафтың шегі мынадай: күндік ақы төленгенде алты

күндік табыстың сомасынан (тұтас бір айдың штрафтарын қосқанда) артпауға тиіс, яғни қыдырымпаздық үшін бір айдың ішінде алты күндік табыстың мөлшерінен артық штраф салуға болмайды.* Егер кесімді ақы төленетін болса, онда қыдырымпаздық үшін салынатын штрафтың шегі бір күнге 1 сомнан, ал бір айға 3 сомнан артпауы керек. Мұның үстіне, жұмысшы қыдырып қалған кезде, барлық қыдырған уақытының ақысынан айрылады. Одан соң, тәртіпті бұзғандығы үшін салынатын штрафтың шегі тәртіпті бұзған әрбір ретте бір сомнан аспауы керек. Ақырында, нашар істелген жұмыс үшін салынатын штрафтарға келсек, заңда оның шегі тіпті көрсетілмеген.— Барлық штрафтарды бірге қосып алғанда: қыдырымпаздық үшін, тәртіп бұзғандық үшін және нашар істелген жұмыс үшін салынатын штрафтардың тағы бір жалпы шегі көрсетілген. Осы алымдардың барлығын бірге қосқанда, бұл «ақы төленетін белгілі мерзімде жұмысшының қолына нақты тиетін табысының *үштен бірінен* артпауға тиіс». Яғни, егер жұмысшы, айталық, 15 сом алуға тиіс болса, онда тәртіп бұзғандығы бар, қыдырғаны бар, нашар істеген жұмысы бар, бәрін қосқанда, одан заң бойынша 5 сомнан артық штраф алуға болмайды. Егер штрафтар одан көп болып шықса, фабрикант оларды кемітуге тиіс. Бірақ мұндай ретте заң фабрикантқа тағы бір право береді: атап айтқанда, егер жұмысшыдан алынатын штрафтар оның табысының үштен бірінен асып кетсе, онда фабриканттың шартты бұзуға правосы бар **.

Бұл заң ережелері туралы, штрафтардың ең көп мөлшері жөнінде мынаны айту керек: бұлар жұмысшыға өте ауыр және жұмысшыға зиян келтіріп, тек фабрикантты ғана қорғайды.— Біріншіден, заң штрафтың өте көп алынуына — табыстың үштен біріне дейін алынуына жол беріп отыр. Бұл — жөнсіз көп штраф. Бұл мөлшерді штрафтардың жұртқа мәлім өте көп алынған рет-

* Күндік ақы төленетін ретте бір күн қыдырғаны үшін салынатын штрафтың шегі көрсетілмеген. Тек: «жұмысшының жалақысына қарай салынады» деген. Штрафтардың мөлшері әрбір фабрикадағы айып төлету табелінде дәл көрсетілген; мұны қазір көреміз.

** Шарттың бұзылуын дұрыс емес деп тапқан жұмысшы сотқа шағым бере алады, бірақ мұндай шағым беру үшін өте қысқа мерзім: бір ай (әрине, есеп айырысқан күннен бастап) белгіленген.

терімен салыстырып қарайық. Владимир губерниясының фабрика инспекторы Микулин мырза (ол 1886 жылғы жаңа заң туралы кітап жазған) бұл заңнан бұрын фабрикаларда штрафтардың қаншалықты жоғары болғанын айтады. Штрафтар бәрінен де тоқыма өндірісінде жоғары болған, тоқыма фабрикасындағы ең жоғары штраф жұмысшылар табысының 10 проценті, яғни *табыстың оннан біріндей* болғап.— Владимир губерниясының фабрика инспекторы Песков мырза өзінің берген есебінде * айрықша жоғары штрафтар туралы мысалдар келтірген: олардың ішіндегі ең көбі — 32 сом 31 тиып табыстан алынған 5 сом 31 тиын штраф. Бұл 16,4 процент болады (1 сомға 16 тиын), яғни *табыстың алтыдан бір бөлігінен кемірек.* Мұны жоғары штраф деп есептейді және бұлай есептейтін жұмысшы емес, инспектор. Ал біздің заңымыз штрафты бұдан *екі есе* көп алуға, *табыстың үштен бірін,* 1 сомнан $33^1/_3$ тиын алуға жол беріп отыр! Сірә, азды-көпті жөні түзу фабрикаларда біздің заңымыздың рұқсат еткеніндей штраф болмаған шығар; — 1885 жылғы 7 январьдағы стачканың алдында Т. С. Морозовтың Никольск мануфактурасында болған штрафтар туралы мәліметтерді алып қарайық. Куәлардың айтуына қарағанда, бұл фабрикадағы штрафтар маңайдағы фабрикалардағыдан жоғары болған. Ондағы штрафтардың тым сорақы болғандығы сопшалық 11 000 адам бұған ешбір төзе алмады.— Егер бұл фабриканы штрафты жөнсіз көп алатын фабриканың үлгісі деп есептесек, қателесе қоймаспыз.— Онда штрафтың көптігі қандай болды? — Тоқыма мастері Шориннің сотта берген жауабына қарағанда, бұл фабрикада штрафтар, жоғарыда айтқанымыздай, табыстың тең жартысына барғап, жалпы алғанда 30 проценттен 50 процентке дейін болған, бір сомға 30 тиыннан 50 тиынға дейін штраф салынған. Бірақ оның жауабы, біріншіден, нақты деректермен дәлелденбейді, екіншіден, оның не жекелеген жағдайларға, не бір шеберханаға

* 1885 жылғы бірінші есеп. Фабрика инспекторларының тек алғашқы есептері басылып шықты. Үкімет есептерді басуды дереу тоқтатты.— Фабрика тәртібін суреттеген есептерді жариялаудан қорыққаны бұл тәртіптің, сірә, жақсы болғаны гой.

қатысы бар.— Стачкашыларға болған сотта штрафтар туралы кейбір мәліметтер жарияланды.— Табыстың (айлық) және 17 ретте төленген штрафтардың мөлшері көрсетілді: бүкіл табыс 179 сом 6 тиын, ал штрафтар 29 сом 65 тиын болған. Бұдан 1 сом табысқа 16 тиын штраф салынғаны көрініп отыр. Осы 17 реттің барлығындағы ең жоғары штраф 12 сом 40 тиын табысқа 3 сом 85 тиын болған. Бұл бір сомға $31^1/_2$ тиыннан келеді — қалай дегенмен де, біздің заңымыздың жол беріп отырғанынан аз.— Бірақ бәрінен де бүкіл фабрика жөніндегі мәліметтерді алған артық.— 1884 жылы штрафтар одан ілгергі жылдардағы штрафтан көп болған: штрафтар бір сомға $23^1/_4$ тиыннан келген (бұл ең көп мөлшер: штрафтар $20^3/_4$ проценттен $23^1/_4$ процентке дейін болған). Сонымен, штрафты жөнсіз көп салумен әйгілі болған фабрикадағы штрафтар, не дегенмен, орыс заңының жол беріп отырған штрафтарынан аз болған!.. Несін айтасың, мұндай заң жұмысшыларды жақсы-ақ қорғайды! — Морозов фабрикасындағы стачкашылар: «штрафтар табыстың 1 сомының 5 процентінен артпайтын болсын, ал оның үстіне, жұмысты жаман істегені үшін жұмысшыны айына көп дегенде екі рет шақырып алып, оған ескерту жасалатын болсын» деген талап қойған еді. Біздің заңдарымыз рұқсат ететін штрафтарды қайдағы бір өсімқорлардың алатын өсім проценттерімен ғана салыстыруға болады. Штрафты осыншама көбейтуге анау-мынау фабрикант бел байлай ала ма екен; заң бұған жол береді-ау, бірақ жұмысшылар көне қоймас *.

Штрафтардың мөлшері туралы заңдарымыздың өзгешелігі — оның тек өрескел қысым жасаушылығында ға-

* Бұл жөнінде мынаны айта кетпей болмайды: Петербург округіндегі фабрикалардың бұрынғы бас инспекторы Михайловский мырза мұндай заңды — «жұмысшы таптарының қамын ойлау ісінде орыстың императорлық үкіметіне үлкен абырой әперетін нағыз адамгершілік (адамды сүюшілік) реформа» деп атау әділ деп табады. (1893 жылғы Чикагодағы дүние жүзілік көрмеге арнап орыс үкіметінің бастырған орыстың фабрика-завод өнеркәсібі туралы кітабында осындай баға берілген.) Орыс үкіметінің қамқорлығы, міне, қандай десеңізші!!! Жұмысшының 1 сомынан 23 тиын шегеріп қалып отырған тонаушылар фабриканттардың ішінен заңнан бұрын да және ешқандай заң болмаса да табыла беретін. Ал, заң, жұмысшылардың қамын ойлап: 1 сомнан $33^1/_3$ (отыз үш және үштен бір) тиыннан артық ұсталмасын! — деп қаулы етті. Ал, үштен бір тиынды тастап, қалған 33 тиынды қазір заң бойынша да ұстап қалуға болады.— Шынында да, «нағыз адамгершілік реформа» екен!

на емес, сонымен бірге адам айтқысыз әділетсіздігінде болып отыр. Егер штраф өте жоғары болса (үштің бірінен артып кетсе), онда фабрикант шартты бұза алады, ал жұмысшыға мұндай право берілмейді, яғни штраф көп салынып, табысының үштен бірінен асып кеткен жағдайда жұмысшының фабрикадан кетуіне право берілмейді. Штрафтың салынуына тек жұмысшылар айыпты болатындай, заң тек фабриканттың қамын ойлайтыны айқын нәрсе. Ал, шындығында, фабриканттар мен заводшылар екінің бірінде ешбір кінәсыз-ақ жұмысшыларға штраф сала беретіні, мысалы, жұмысшыларға барынша аянбай жұмыс істеттіру үшін де штраф салатыны жұрттың бәріне мәлім. Заң тек фабрикантты ғана дегеніне көнбейтін жұмысшыдан қорғайды, ал жұмысшыны өте қысымшыл фабриканттардан қорғамайды. Демек, бұлай болғаннан кейін, жұмысшының мені қорға деп баратын ешкімі жоқ. Өздері туралы және фабриканттармен күресу туралы жұмысшылардың өздері ойлануға тиіс.

V

ШТРАФ САЛУДЫҢ ТӘРТІБІ ҚАНДАЙ?

Заң бойынша штрафтар фабрика немесе завод меңгерушілерінің «өз билігімен» салынатынын жоғарыда айтып өттік. Олардың бұйрықтарының үстінен шағым беру жөнінде заң былай дейді: «Фабрика немесе завод меңгерушісінің жұмысшыларға айып салу туралы бұйрығының үстінен шағым беруге болмайды. Бірақ фабрика инспекциясының қызметкерлері фабрикаға немесе заводқа барған кезде, жұмысшылардың мәлімдемелерімен, жұмысшыларға салынған айыптың заңға қайшы келетіні анықталса, онда меңгеруші жауапқа тартылады».— Бұл қаулының өте көмескі екенін және бір сөзі екіншісіне қайшы келетінін өздеріңіз көріп отырсыздар: бір жағынан, жұмысшыға штраф салғанға қарсы шағым беруге болмайды дейді. Ал, екінші жағынан, салынған штрафтың «заңға қайшы» екені туралы жұмысшылар инспекторға «мәлімдей» алады дейді. Орыс

заңдарымен таныс болып көрмеген адам: «заңсыздық туралы мәлімдеу» мен «заңсыздық туралы шағым берудің» арасында қандай айырмашылық бар? — деп сұрар еді. Айырмашылық жоқ, бірақ заңның бұл пәлеқор қаулысының көздеген мақсаты өте айқын: әділдікке және заңға қайшы келетін штраф салғаны үшін фабриканттардың үстінен шағым беру жөнінде заң жұмысшының правосына қысым жасағысы келеді. Енді бір жұмысшы заңсыз штраф салды деп инспекторға арыз ететін болса, инспектор оған: «штраф салғанға қарсы шағым беруге заң рұқсат етпейді»,— деп жауап бере алады.— Бұған: «Мен шағым беріп тұрғаным жоқ, тек мәлімдеймін» деп жауап бере алатын айлалы заңмен таныс жұмысшылар көп пе.— Инспекторлар — жұмысшылардың фабриканттармен қатынасы туралы заңдардың орындалуын бақылап отыру үшін қойылған адамдар. Инспекторлар заңды орындамаушылық туралы берілген мәлімдемелердің қандайын болса да қабыл алуға міндетті. Ереже бойынша (қараңыз: финанс министрі бекіткен «Фабрика инспекциясы қызметкерлеріне тапсырма» [25]), инспектор қажетті адамдарды қабылдап, олармен ауызба-ауыз сөйлесіп түсінісу үшін аптасына кем дегенде бір күнді белгілеуге тиіс, бұл күндер туралы әрбір фабрикада хабарландыру ілінуге тиіс.— Сонымен, егер жұмысшылар заңды білсе және ол заңды бұлжытпай орындатуға мықтап бел байласа, онда жаңағы айтылған заңның айласы іске аспайды, сөйтіп жұмысшылар заңды дұрыс қолданылатын ете алады.— Штраф жөнсіз алынған болса, штрафқа төлеген ақшасын қайтарып алуға жұмысшылардың правосы бар ма? Ақылға салып қарағанда, әрине, правосы бар, деп жауап беруге болар еді. Фабриканттың жұмысшыға жөнсіз штраф салуына және теріс ұстап қалған ақшаны қайтармауына жол беріп қоюға болмайды ғой. Бірақ бұл заңды Мемлекеттік советте талқылағанда, бұл туралы *әдейі* үндемеуге ұйғарым жасалыпты. Мемлекеттік советтің мүшелері: жұмысшыларға жөнсіз алынған ақшаны қайтаруды талап ету правосын берсек, онда «жұмысшылар арасында тәртіп орнату үшін фабрика меңгерушісіне берілетін мән-маңыздың жұмысшылар ал-

дында қадірі түсіп қалады» деп тапқан. Мемлекет адамдары жұмысшылар туралы міне осылай ойлайды! Егер фабрикант жұмысшыдан ақшаны жөнсіз алған болса, онда жұмысшыға оны кері қайтарып алуға право берудің қажеті жоқ екен. Жұмысшыдан оның өз ақшасын не үшін тартып алады? — Себебі, шағым-арыздар беру «меңгерушілердің маңызын түсіреді!» Демек, жұмысшылардың өз праволарын білмейтіндігі және бастықтар заңды бұза тұрса да, олардың үстінен шағым беруге «батылы бармайтындығы» арқасында ғана «меңгерушілердің маңызы артып», «фабрикаларда тәртіп орнайды» екен ғой! Демек, мемлекет адамдары жұмысшылар штрафтың дұрыс салынуын бақылап жүрмесін деп қатты қорқады екен ғой! Жұмысшыларға үкіметтен не күтуге болатынын көрсетіп, ашық айтып бергені үшін жұмысшылар Мемлекеттік советтің мүшелеріне алғыс айтуға тиіс. Фабриканттар қандай болса, өздерін де сондай адамбыз деп есептейтінін, өздерінің тілсіз мал есебінде ұсталуына көнбейтінін жұмысшылар көрсетуге тиіс. Сондықтан штрафтың жөнсіз салынған реттерінің бірде-біреуін шағымсыз қалдырмауды, қалай да ақшаның қайтарылуын талап етуді,— не инспектор арқылы, ал инспектор қабылдамаса, сот арқылы талап етуді жұмысшылар өздерінің міндеті деп білуге тиіс.— Жұмысшылар инспектордан да, соттан да қайыр көрмей-ақ қойсын, сонда да олардың еңбегі босқа кетпейді: жұмысшылардың көзі ашылады, жұмысшылардың праволарына біздің заңдарымыздың қалай қарайтындығын оларға көрсетіп береді.

Сонымен, біз енді штрафтар меңгерушілердің «өз билігімен» салынатынын білеміз.— Бірақ әрбір фабрикада штрафтардың мөлшері әр түрлі болуы мүмкін (өйткені заң штрафтың ең жоғары шегін, штрафты одан әрі арттыруға болмайтын шегін ғана көрсетіп береді), ішкі тәртіп ережелерінің де түрліше болуы мүмкін. Сондықтан заң штраф салынуға тиісті тәртіп бұзушылықтың бәрі және әрбір тәртіп бұзушылық үшін салынатын штрафтың мөлшері *айып салу табельдерінде* күн ілгері көрсетілуін талап етеді. Бұл табельді әрбір фабрикант пен заводшы жеке жасайды да, фабрика инспекторы бе-

кітеді. Заң бойынша ол табель әрбір шеберханада ілініп қойылуы керек.

Штрафтың дұрыс салынуын және қанша салынғанын бақылап отыруға болатын ету үшін штрафтардың бәрі де дұрыс жазылып қойылуы керек. Заң штрафтардың «салынған уақытынан бастап үш күннен қалмай» жұмысшының есеп айырысу кітапшасына жазылуын талап етеді. Жазғанда, біріншіден, айып салудың себебін (яғни не үшін штраф салынғанын,— нашар істелген жұмыс үшін, атап айтқанда, нені нашар істегені үшін салынғанын, қыдырғандығы үшін немесе тәртіп бұзғандығы үшін, атап айтқанда, тәртіпті қалай бұзғандығын) және, екіншіден, салынған штрафтың мөлшерін көрсету керек.— Штрафтарды есеп айырысу кітапшасына жұмысшылар штрафтың дұрыс салынғандығын тексеріп отыра алатын болуы және қандай да болсын заңсыздық байқалса дер кезінде шағым бере алатын болуы үшін жазып отыру қажет. Сонан соң, штрафтардың барлығы жіп өткізілген ерекше бір кітапқа жазылып отыруға тиіс; штрафтарды инспекцияның тексеріп отыруы үшін бұл кітап әрбір фабрикада немесе заводта болуы керек.

Осыған байланысты фабриканттар мен инспекторлардың үстінен берілетін шағымдар туралы бір-екі ауыз сөз айта кетудің, бәлкім, артықтығы болмас, өйткені жұмысшылардың көбі кімге және қалай шағым беруді білмейді.— Заң бойынша фабрикадағы немесе заводтағы заңды бұзушылықтың қандайы жөнінде болса да фабрика инспекторына шағым беру керек. Ол наразылық білдірген ауызба-ауыз арыздарды да, жазба арыздарды да қабылдауға міндетті. Егер фабрика инспекторы өтінішке құлақ аспаса, онда аға инспекторға арыз беру керек; оның да арыз айтушыларды қабылдайтын белгілі күндері болуға тиіс.— Мұның үстіне, анықтама, яки түсінік алатын немесе арыз беретін адамдар үшін аға инспектордың кеңсесі *күн сайын* ашық тұруы керек (қараңыз: «Фабрика инспекциясының қызметкерлеріне тапсырма», 18-статья). Инспектор шешімінің үстінен фабрика істері жөніндегі Губерниялық алқаға

шағым беруге болады *. Заңда мұндай шағымдар беру үшін инспектордың бұйрығы жарияланған күннен бастап бір ай мерзім белгіленген. Сонан соң, Фабрика алқасының қаулысы үстінен нақ сондай мерзім ішінде финанс министріне шағым беруге болады.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, шағым беруге болатын адамдар заңда өте көп көрсетілген. Оның үстіне, фабриканттың да, жұмысшының да шағым беруге бірдей правосы бар. Бірақ бұл қорғау тек қағаз жүзінде қалып қояды; барлық бәле, міне, осында. Фабриканттың шағым беруге толық мүмкіндігі бар,— бос уақыты бар,— адвокат жалдауға, т. с. қаражаты бар, міне, сондықтан фабриканттар шынында инспекторлардың үстінен шағым түсіріп, министрге дейін барып жүр, сөйтіп түрлінше жеңілдіктер де алды. Ал жұмысшының шағым беру правосы — ешбір маңызы жоқ құр сөз ғана. Бәрінен бұрын, оның инспекторларға, кеңселерге барып жүруге уақыты жоқ! Ол жұмыста, ал «қыдырып қалса», оған штраф салады. Адвокат жалдауға оның ақшасы жоқ. Ол заңдарды білмейді, сондықтан өз правосын қорғай алмайды. Ал жұмысшыларды заңдармен таныстыруды бастықтардың ойламайтыны былай тұрсын, қайта ол заңдарды жұмысшыдан жасыруға тырысады. Бұған нанбайтындарға біз «Фабрика инспекциясының қызметкерлеріне тапсырмадан» (бұл тапсырманы министр бекіткен және ол фабрика инспекторларының праволары мен міндеттерін түсіндіреді) мына ережені келтірейік: «Кәсіпорын иесіне немесе оның меңгерушісіне заңды және оны толықтыру ретінде шығарылған міндетті қаулыларды бұзғандық жөнінде қандай да болса түсінік бергенде, фабрика инспекторы жұмысшы жоқ жерде түсінік беруге тиіс» **. Міне, қалай. Егер фабрикант заңды бұзса, онда инспектор оған бұл туралы *жұмысшылардың көзінше* ештеңе айта алмайды: министр рұқсат етпейді! Олай болмаған күнде, жұмысшылар шы-

* Фабрика алқасы кімдерден құралады? Губернатордан, прокурордан, жандарм басқармасының бастығынан, фабрика инспекторынан және *екі фабриканттан* құралады.— Егер бұған түрменің бастығы мен казактардың командашысын қосса, онда «орыс императоры үкіметінің жұмысшы таптарына қамқорлығын» жүзеге асыратын чиновниктердің барлығы түгелденген болар еді.

** «Тапсырманың» 26-статьясына жазылған ескерту.

нында заңды біліп қояр еді де, оның орындалуын талап еткісі келер еді! «Московские Ведомости»: бұл тек «азғындықтың» дәл өзі болар еді деп бостан босқа жазған жоқ қой!

Шағым беру, әсіресе инспектордың үстінен шағым беру өздерінің мүлде қолы жетпейтін дерлік іс екенін кез-келген жұмысшы біледі. Мұны айтқанда, әрине, жұмысшылар шағым бермеуі керек демекші емеспіз: қайта, титтей мүмкіндік болған уақыттың бәрінде дереу шағым беріп қалу керек, өйткені осылай еткенде ғана жұмысшылар өздерінің праволарымен танысып, фабрика заңдары кімдердің мүддесіне бола жазылғанын түсінетін болады. Біздің айтайық дегеніміз мынау ғана: шағым беру арқылы жұмысшылардың тұрмыс күйін ешбір айта қаларлықтай етіп, жалпы жақсартуға болмайды. Мұның үшін тек бір ғана жол бар — өздерінің праволарын қорғау үшін, қожайындардың қысымына қарсы күресу үшін, тәуірлеу табысқа, бұрынғыдан қысқартылған жұмыс күніне қолы жетуі үшін жұмысшылар өзара бірігуі керек.

VI

ШТРАФТАН ТҮСКЕН АҚША ЗАҢ БОЙЫНША ҚАЙДА ЖҰМСАЛУҒА ТИІС?

Енді, штрафтар жөніндегі ең соңғы мәселеге келейік: штрафтан түскен ақша қалай жұмсалады? — 1886 жылға дейін бұл ақша фабриканттар мен заводшылардың қалтасына түсіп келгенін жоғарыда айтып өттік. Бірақ бұл тәртіп толып жатқан қиянат жасауға әкеп соқтырып, жұмысшыларды қатты ашындырғаны соншалық, осы жүйені жоюдың қажеттігін қожайындардың өздері де мойындады. Кейбір фабрикаларда штрафтан түскен ақшадан жұмысшыларға жәрдем беріп отыру әдеті өзінен өзі қалыптасып кетті. Мысалы, сол Морозов фабрикасының өзінде тіпті 1885 жылғы стачкадан бұрын-ақ: темекі тартқаны үшін және жұмысқа арақ әкелгені үшін салынатын штрафтар мертігіп мүгедек болған адамдарға жәрдем беруге жұмсалсын, ал

нашар істелген жұмыс үшін салынатын штрафтар қожайынға берілсін деген ұйғарым болған.

1886 жылғы жаңа заң штрафтар қожайынның қалтасына түспейді деген жалпы ереже белгіледі. Заңда былай делінген: «Жұмысшылардан өндірілетін ақшадан әрбір фабрикада ерекше капитал құрылады, ол фабрика басқармасының қарауында болады. Бұл капиталды ішкі істер министрімен келісіп, финанс министрі шығаратын ережелер бойынша, инспектордың рұқсатымен жұмысшылардың өз мұқтаждарына ғана жұмсауға болады». Сөйтіп, заң бойынша, штрафтар жұмысшылардың өз мұқтаждарына ғана жұмсалуға тиіс. Штрафтан түскен ақша — жұмысшылардың өз ақшасы, олардың табыстарынан ұсталып қалған ақша.

Штраф капиталын жұмсау жөнінде заңда айтылып отырған ережелер 1890 жылы ғана (4 декабрьде), яғни заң шыққан соң $3^1/_2$ жылдан кейін барып басылып шықты. Ережелерде штрафтан түскен ақша *көбінесе* жұмысшылардың мынадай мұқтаждарына: «а) біржолата жұмысқа жарамай қалған немесе науқастанып жұмысқа уақытша жарамай қалған жұмысшыларға жәрдем беруге» жұмсалады делінген. Мертігіп мүгедек болған жұмысшылар қазіргі уақытта әдетте күн көріс қаражатынсыз қалады. Фабрикантпен соттасу үшін олар әдетте адвокаттардың қарамағына көшеді; адвокаттар олардың ісін жүргізеді және жұмысшыға берген аз-кем көмегі үшін кейіннен сот ұйғарған ақшадан орасан көп үлес алып қалады. Егер жұмысшы сот арқылы тек азын-аулақ ақша өндіре алатын болса, онда ол тіпті адвокат таба да алмайды. Мұндай реттерде тікелей штраф ақшасын пайдалану керек; штраф капиталынан жәрдем алса, жұмысшы біраз уақыт еппен күнелтеді және қожайынмен дауласу үшін өзіне адвокат таба алады, қожайынның қанауынан адвокаттың қапауына түсу мұқтажынан құтылады. Науқастықтан жұмыссыз қалған жұмысшылар да өздерінің штраф капиталынан жәрдем алып тұруға тиіс *.

* Штраф капиталынан жәрдем алу, мысалы, мертігіп мүгедек болып қалған ретте жұмысшының фабриканттан ақы талап ету правосын жоймайтыны өзінен-өзі түсінікті.

Ережелердің осы бірінші пункттің түсіндіру ретінде С.-Петербургтің фабрика алқасы: жәрдем ақша дәрігердің куәлігі бойынша берілсін және бұрынғы табысының тең жартысынан аспайтын болсын деп қаулы шығарды. Жақшаның ішінде айта кетелік, С.-Петербургтің фабрика алқасы бұл қаулыны 1895 жылғы 26 апрельде болған мәжілісінде қабылдады. Демек, ережелер басылып шыққаннан кейін $4^1/_2$ жылдан соң түсінік берілген, ал ережелердің өзі заң шыққаннан кейін $3^1/_2$ жылдан соң шықты. Демек, *заңның жеткілікті дәрежеде түсіндірілуіне ғана барлығы сегіз жыл уақыт керек болған!!* Заңның жұрттың бәріне мәлім болып, іс жүзінде қолданыла бастауы үшін енді қанша жыл керек?

Екіншіден, штраф капиталының ақшасы «б) босанатын уақыты жақындаған және босануынан 2 апта бұрын жұмысын тоқтатқан екіқабат жұмысшы әйелдерге жәрдемге» беріледі. Петербургтің фабрика алқасының берген түсінігі бойынша, бұл жәрдем тек 4 апта бойына ғана (босану алдында екі апта және босанғаннан кейін екі апта) беріліп тұруға тиіс және жәрдемнің мөлшері бұрынғы табысының тең жартысынан аспауға тиіс.

Үшіншіден, жәрдем «в) өртке немесе өзге бақытсыз жағдайға ұшырап, мүлкінен айрылған немесе мүлкі бүлінген ретте» беріледі. Петербург алқасының берген түсінігі бойынша, мұндай жағдайды растау үшін полицияның куәлігін тапсыру керек, ал бұған берілетін жәрдемнің мөлшері жарты жылдық табыстың $^2/_3$ бөлігінен (яғни, төрт айлық табыстан) аспауға тиіс.

Ақырында, төртіншіден, жәрдем «г) өлген адамды жерлеуге» беріледі. С.-Петербург алқасының берген түсінігі бойынша, бұл жәрдем белгілі бір фабрикада жұмыс істеген және сонда қайтыс болған жұмысшылар үшін ғана немесе олардың ата-аналары мен балалары үшін ғана берілуге тиіс.— Жәрдемнің мөлшері 10 сомнан 20 сомға дейін.

Ережелерде көрсетілген жәрдем берудің 4 жағдайы міне осындай.— Бірақ жұмысшылардың басқа реттерде де жәрдем алуға правосы бар: ережелерде жәрдемнің «көбінесе» осы 4 жағдайда берілетіндігі көрсетілген.

Жұмысшылар тек жаңағы аталып өткен реттерде ғана емес, одан басқа қандай мұқтажына болса да жәрдем алуға праволы. Петербург алқасы да штрафтар туралы ережелерге берген түсінігінде (бұл түсінік фабрикалар мен заводтарда ілініп қойылған) былай дейді: «Басқа реттердің бәрінде де жәрдем инспекцияның рұқсатымен белгіленеді», мұнымен қатар Алқа жәрдем беру фабриканың түрліше мекемелерге (мысалы, мектептерге, ауруханаларға, т. с.) жұмсайтын шығындары мен міндетті шығындарын (мысалы, жұмысшылар тұратын үйлерді жөндеуге, дәрігерлік жәрдемге, т. с. жұмсалатын шығындарды) ешқандай кемітпеуге тиіс екенін көрсетті. Бұл — штраф капиталынан берілген жәрдемді өзінің шығынына есептеуге фабриканттың правосы жоқ деген сөз; бұл шығын оныкі емес, сол жұмысшылардың өздерінікі. Фабриканттың шығындары бұрынғы күйінде қалуға тиіс.

Петербург алқасы мұның үстіне: «үнемі беріліп отыратын жәрдемдердің сомасы штрафтардың жылдық түсімінің тең жартысынан артпауға тиіс» деген ереже шығарды. Бұл арада үнемі беріліп отыратын жәрдемдердің (белгілі бір уақыттың ішінде берілетін, мысалы, ауру адамға немесе мертігіп мүгедек болған адамға беріліп отыратын жәрдемдердің) бір жолғы жәрдемдерден (бір рет берілетін, мысалы, өлген адамды жерлеуге немесе өрт болған ретте берілетін жәрдемдерден) айырмашылығы көрсетіледі. Бір жолғы жәрдемдерге ақша қалдыру үшін үнемі беріліп отыратын жәрдемдер барлық штрафтардың тең жартысынан аспауға тиіс.

Штраф капиталынан жәрдемді қалай алу керек? Ереже бойынша, жұмысшылар жәрдем сұрап қожайынға өтініш жасауға тиіс, ал қожайын инспекцияның рұқсатымен жәрдем береді. Қожайын жәрдем беруден бас тартса, онда инспекторға бару керек, ол өз билігімен жәрдем белгілей алады.

Фабрика алқасы сенімді фабриканттарға, инспектордың рұқсатын сұрамай-ақ, азын-аулақ жәрдем (15 сомға дейін) беріп тұруға рұқсат ете алады.

100 сомға дейінгі штраф ақшасы қожайында сақталады, ал егер одан көп болса, жинақ кассаға салынады.

Егер белгілі бір фабрика немесе завод жабылатын болса, онда штраф капиталы бүкіл губернияға ортақ жұмысшы капиталына беріледі. Бұл «жұмысшы капиталының (бұл жөнінде жұмысшылар тіпті еш нәрсе білмейді, біле де алмайды) қалай жұмсалатындығы ережелерде айтылмаған. «Қайда жұмсалатыны ерекше белгіленгенше» оны Мемлекеттік банкіде сақтау керек делінген. Егер жеке фабрикалардағы штраф капиталын жұмсау туралы ережелер шығару үшін астананың өзінде 8 жыл уақыт керек болса, онда «губернияға ортақ жұмысшы капиталын» жұмсау туралы ереже шығарғанша, бәлкім, ондаған жыл күтуге тура келер.

Штраф ақшаларын жұмсау туралы ережелер, міне, осындай. Көріп отырсыздар, бұл ережелер өте-мөте күрделі және түсініксіз, сондықтан да ондай ережелердің бар-жоғын осы кезге дейін жұмысшылардың мүлде дерлік білмеуі таңқаларлық нәрсе емес. Биылғы жылы (1895) Петербург фабрикалары мен заводтарында бұл ережелер туралы хабарландырулар іліпе бастады *. Бұл ережелерді жұрттың бәрінің білуі үшін, штраф капиталынан берілетін жәрдемнің не екенін жұмысшылардың дұрыс аңғара білуі үшін — оны фабриканттардың берген жәрдемі, қайыр-садақасы деп білмей, өздерінің табыстарынан ұстаудан құралған өз ақшасы деп білуі үшін және бұл ақша жұмысшылардың өз мұқтаждарына ғана жұмсалатындығын білуі үшін енді жұмысшылардың өздері талаптануы керек. Бұл ақшалардың өздеріне берілуін талап етуге жұмысшылардың толық правосы бар.

Бұл ережелер жөнінде, біріншіден, олардың қалай қолданылатындығын, қолданылғанда қандай ыңғайсыздықтар туатынын және қандай қиянат жасалатынын айта кету қажет. Екіншіден, бұл ережелер әділдікпен жасалған ба, олар жұмысшылардың мүдделерін жеткілікті қорғай ма, осыларды ойластырып көру керек.

* Сөйтіп, Петербургте штрафтар туралы 1886 жылғы заңды орындауға тек 1895 жылы ғана кірісілді. Ал, біз жоғарыда айтып өткен бас инспектор Михайловский мырза 1893 жылы: 1886 жылғы заң «қазір мүлтіксіз орындалып отыр»,— деген болатын.— Американдарды орыс фабрикаларындағы тәртіптермен таныстыруға арналған кітапта фабрикалардың бас инспекторының қандай өрескел өтіріктер жазғанын біз осы кішкене мысалдан айқын көріп отырмыз.

Ережелерді қолдану жағына келетін болсақ, онда ең алдымен Петербург фабрика алқасының мынадай түсінігін көрсетіп өту қажет: «Егер тап сол кезде штраф ақшасы болмаса.., онда жұмысшылар фабрика басқармаларына ешқандай талап қоя алмайды». Бірақ, штрафтан түскен ақшаның бар-жоғын, ал егер бар бола қойса, оның қанша екенін жұмысшылар қалай біледі? — деген сұрау туады. Фабрика алқасы мұны жұмысшыларға мәлім сияқты етіп пайымдайды, ал шынында ол штраф капиталының қандай жағдайда екенін жұмысшыларға білдіру жөнінде түк істеген жоқ, штраф ақшалары туралы хабарландыру ілуді фабриканттар мен заводшыларға міндет еткен жоқ.— Жұмысшылар мұны штраф ақшасы болмаған кезде жәрдем сұраушыларды қуып шығатып қожайыннан сұрап білсе болғаны, деп фабрика алқасы қалайша ойлайды екен? Бұл сорақылық болар еді, өйткені онда жәрдем алғысы келген жұмысшыны қожайындар қайыршыдай көрер еді.— Жұмысшылар әрбір фабрикада немесе заводта штраф капиталының жайы туралы: қолда қанша ақша барлығы, соңғы айда қанша ақша алынғаны, «қандай мұқтажға» қанша ақша жұмсалғаны туралы ай сайын хабарландыру ілініп отыруын талап етулері керек. Олай болмаған күнде жұмысшылар өздерінің қанша ақша ала алатындығын біле алмайды; штраф капиталының өз талаптарын түгел қанағаттандыра алатынын немесе жарым-жартылап қана қанағаттандыра алатынын біле алмайды,— жарым-жартылап қана қанағаттандырарлық болса, онда аса мұқтаж нәрсені іріктеп көрсету әділдік болар еді. Кей жерлерде, жұмысты жақсылап жолға қойған заводтар мұндай хабарландыруды өздері енгізді: С.-Петербургтегі Сименс пен Гальске заводында және қазынаның патрон заводында осылай істелетін сияқты. Егер жұмысшы инспектормен әңгімелескен сайын оған бұл жағдайды қатты ескертіп отырса, хабарландыру ілудің қажет екенін мәлімдеп отырса, онда жұмысшылар мұның барлық жерде енгізілуіне жетуі мүмкін. Сонан соң, штраф капиталынан жәрдем сұрап арыз беру үшін фабрикалар мен заводтарда баспаға басылған

бланкілер * қолданылатын болса, жұмысшыларға өте қолайлы болар еді. Мысалы, Владимир губерниясында осындай бланкілер қолданылады. Бүкіл арызды өзі жазу жұмысшыға жеңіл соқпайды, оның үстіне жұмысшы не керегінің бәрін түгел жаза алмайды, ал бланкіде бәрі көрсетіледі, сондықтан жұмысшы ашық қалдырылған орындарға бірнеше сөз жазса болғаны. Егер бланкілер қолданылмаса, онда көп жұмысшылар арыз жаздырып алу үшін хатшыға баруға тиісті болады, ал бұған қаражат керек. Әрине, ереже бойынша, жәрдем сұрап ауызша да өтініш жасауға болады, бірақ, біріншіден, ереже бойынша, жұмысшы бәрібір полицияның немесе дәрігердің жазбаша куәлігін алуы керек (өтініш бланкіге жазылған болса, сол бланкінің өзіне куәлік те жазылады), ал, екіншіден, ауызша өтінішке кейбір қожайынның жауап бермеуі де мүмкін, ал жазбаша өтінішке ол жауап беруге міндетті. Фабриканың немесе заводтың кеңсесіне берілетін арыздар баспаға басылған болса, жәрдем сұраған өтініштің тілемсектік сипаты жойылады, ал қожайындар өтініштерге сондай сипат бергісі келеді. Көптеген фабриканттар мен заводшылар штраф ақшасының заң бойынша өз қалталарына түспей, жұмысшылардың мұқтаждарына жұмсалатындығына өте-мөте наразы. Сондықтан жұмысшылар мен инспекторларды алдап, заңнан бұлтару үшін олар көп қулық-сұмдық, амал-айлалар істеп бақты. Жұмысшылардың есіне салу үшін, біз осындай амал-айлалардың кейбіреулері жайында айтып бермекпіз.

Кейбір фабриканттар штрафты кітапқа жазғанда, штраф деп жазбай, жұмысшыға берілген ақша деп жазып отырған. Жұмысшыға бір сом штраф салса, кітапта жұмысшыға бір сом берілді деп жазады. Жалақы берген кезде, бұл бір сомды ұстап қалады, сөйтіп ол қожайынның қалтасына түседі. Бұл — заңды аттап өткендік қана емес, нағыз көз бояушылық, арсыздықпен алдау.

Фабриканттардың енді біреулері жұмысқа келмегені үшін салатын штрафтың орнына жұмысшыға жұмыс

* Яғни, баспаға басылған арыздар; бұл арыздарда өтініштің өзі баспаға басылады да, фабриканың атын, қандай жағдайға байланысты жәрдем сұрайтынын, тұрған жерін жазып, қолын қою, т. б. үшін ашық орын қалдырылады.

күнін түгел жазып отырмайтын болған, яғни жұмысшы аптасына бір күн келмей қалды десек, онда оған бес күн жазудың орнына, төрт күн жазатын болған: сөйтіп бір күннің жалақысын (бұл ақша жұмысқа келмегені үшін салынған штраф болып, штраф капиталына түсуге тиіс қой) қожайын алып қалып отырған. Бұл да нағыз өрескел алдаушылық. Реті келгенде айта кетейік, жұмысшылардың мұндай алдаушылыққа * қарсы істейтін еш амалы жоқ, өйткені штраф капиталының қандай халде екені оларға айтылмайды. Тек ай сайын егжей-тегжейлі хабарланып отырса ғана (әрбір шеберханада апта сайын түскен штрафтардың саны көрсетілсе), жұмысшылар штрафтардың іс жүзінде штраф капиталына түсуін бақылап отыра алады. Бұл жазылғандардың дұрыс-бұрыстығын жұмысшылардың өздері бақылап отырмаса, басқа кім бақыламақшы? Фабрика инспекторлары бақылай ма? Бірақ пәлендей бір цифрдың кітапқа әдейі теріс жазылғанын инспектор қалай біледі? Фабрика инспекторы Микулин мырза алдаушылықтар туралы айта келіп:

«Егер жұмысшылардың шағымы түрінде тікелей көрсетілмесе, мұндай реттердің бәрінде де қиянат жасалғанын ашу өте қиын болады»,— дейді. Жұмысшылар көрсетпесе, алдаушылықты аша алмайтынын инспектордың өзі мойындап отыр. Ал фабриканттар штраф туралы хабарландыруды ілуге міндетті болмаса, жұмысшылар алдаушылықты көрсете алмайды.

Үшінші бір фабриканттар жұмысшыларды алдаудың және заңды аттап өтудің анағұрлым ыңғайлы тәсілдерін ойлап шығарған, бұл тәсілдердің айлакерлікпен, зымияндықпен шығарылғандығы соншалық, оларға мін тағу да оңайға соқпайды. Владимир губерниясындағы мақта-мата тоқитын көптеген фабрикалардың қожайындары матаның әрбір сортына бір емес екі түрлі немесе тіпті үш түрлі нарық қойып, инспектордың бекітуіне тапсырып жүрген; нарыққа жазылған ескер-

* Ал мұндай алдаушылықтың болып тұратындығы туралы басқа еш кім емес, 1886 жылғы жаңа заң туралы жазған кітабында Владимир губерниясының *фабрика инспекторы* Микулин мырза айтып беріп отыр.

туде: товарды мүлтіксіз жақсы істеп шығарған тоқымашылар жоғары бағамен ақы алады, товарды нашарлау істеп шығарғандар екінші нарықпен ақы алады, ал жарамсыз деп табылған товарға ең төмен баға қойылады екен *. Мұндай қулықтың қандай мақсатпен ойлап шығарылғандығы айқын: жоғары нарық пен төменгі нарықтың арасындағы айырма қожайынның қалтасына түседі, ал шынында, бұл айырма — нашар істелген жұмыс үшін салынатын айып, сондықтан ол штраф капиталына түсуге тиіс. Мұның заңды, заң болғанда, штрафтар туралы заңды ғана емес, сонымен қатар, нарықты бекіту туралы заңды да өрескел аттап өткендік болып табылатындығы айқын; нарық бекітілгенде қожайынның жалақыны өз бетімен өзгерте алмауы үшін бекітіледі, ал егер нарық біреу болмай, бірнешеу болса, онда қожайынның озбырлық жасауына толық мүмкіндік туатыны түсінікті.

Фабрика инспекторлары мұндай нарықтардың *«анығында,* заңды аттап өтуді көздейтінін» білді (мұның бәрін жоғарыда көрсетілген кітапта сол Микулин мырзаның өзі айтып отыр), бірақ солай бола тұрса да құрметті фабрикант «мырзаларды» ренжітуге *«өздерін праволымыз деп есептемеді».*

Неге ренжітсін. Фабриканттарды ренжіту оңай ма (мұндай қулықты бір фабрикант қана емес, бірнеше фабрикант бірден ойлап шығарған!). Ал егер заңды фабрикант «мырзалар» емес, жұмысшылар аттап өтуге тырысса қайтер еді? Онда, жұмысшыларды заңды аттап өтуге әрекет жасадың деп ренжітуге *«өздерін праволы деп есептемейтін»* бірде-бір фабрика инспекторы бүкіл Россия империясынан табыла қояр ма екен? — осыны білсе болар еді.

Сонымен, осы екі-үш сатылы нарықтарды фабрика инспекциясы бекітіп, іске асырып отыр. Бірақ нарық қою мәселесіне заңды аттап өту тәсілдерін ойлап шығаратын жалғыз фабрикант мырзалар ғана емес, сол фабриканттардың ізгі ниеттеріне кедергі жасауға өздерін

* Мұндай нарықтар Петербург фабрикаларында да бар; мысалы, пәлендей товарға жұмысшы 20 тиыннан 50 тиынға дейін ақы алады деп жазады.

праволымыз деп есептемейтін жалғыз инспектор мырзалар ғана емес, олармен бірге... жұмысшылар да көңіл аударып отырған болып шықты. Жұмысшылар фабрикант мырзалардың кәззаптығына ондай мейрімділік істемейтін болып шықты, сондықтан олар бұл фабриканттардың жұмысшыларды алдап-арбауына жол бермеуге «өздерін праволымыз деп есептеді».

Бұл нарықтар, дейді инспектор Микулин мырза, «жұмысшылардың арасында үлкен наразылық туғызды, қарулы күштің қатысуын *керек қылған* жанжалды тәртіпсіздіктердің шығуына басты себептердің бірі осы наразылық болды».

Міне, дүниеде осындай да істер болады! Алғашында, фабрикант мырзалардың заңды бұзып, жұмысшыларды алдауына жол бермеуге «өздерін праволымыз деп есептемеді»,— ал мұндай сорақылықтарға ызаланып, ашынған жұмысшылар көтеріліс жасаған кезде, қарулы күшті «керек қылды!». Бұл қарулы күш өздерінің *заңды* праволарын қорғаған жұмысшыларға қарсы «керек болып», көрер көзге заңды бұзған фабриканттарға қарсы керек болмауының себебі не? Қалай болғанда да, жұмысшылардың көтерілісінен кейін ғана «губернатордың бұйыруымен мұндай нарықтар жойылған болатын». Жұмысшылар өздерінің талабын қабылдатты. Заңды фабрика инспекторы болып жүрген мырзалар енгізген жоқ, жұмысшылардың өздері енгізді; олар өздеріп қорлауға жол бермейтіндігін және өздерінің праволарын қорғай алатындығын көрсетті. «Бұдан кейін,— дейді Микулин мырза,— фабрика инспекциясы мұндай нарықтарды бекітуден бас тартты». Сөйтіп, жұмысшылар инспекторларға заңды қалай қолдану керек екендігін үйретті.

Бірақ бұдан жалғыз Владимир фабриканттары ғана сабақ алды. Ал, фабриканттар барлық жерде де: Владимирде де, Москвада да, Петербургте де бірдей. Владимир фабриканттарының заңнан амалын асырмақ болған әрекеті іске аспады, бірақ олардың ойлап шығарған әдісінің сол күйінде қалғаны былай тұрсын, сонымен қатар Петербургтің бір данышпан заводшысы бұл тәсілді одан әрі жетілдірді.

Владимир фабриканттарының әдісі қандай еді? Олардың әдісі, штраф деген сөзді қолданбай, оның орнына басқа сөздерді қолдану болды. Егер мен жұмысшы жұмысты нашар істегені үшін бір сомды кем алады десем, онда бұл штраф болады, сондықтан оны штраф капиталына беруге тура келеді. Ал егер мен жұмысшы жұмысты нашар істегені үшін ақыны төменгі нарықпен алады десем, онда бұл штраф болмайды, сондықтан бір теңге менің қалтама түседі. Владимир фабриканттары осылай ойлады, бірақ жұмысшылар олардың ойын жоққа шығарды. Бұдан басқашарақ ойлауға да болады. Жұмысшы жұмысты нашар істеген күнде *сыйлықсыз* ақы алады, онда бұл тағы да штраф болмайды, сондықтан бір теңге қожайынның қалтасына түседі деп айтуға да болады. Петербургтің айлакер заводшысы, механика заводының қожасы Яковлев, міне, осындай амалды ойлап шығарған. Ол былай дейді: сіз күніне бір сомнан ақы аласыз, ал егер сіздің ешбір айыбыңыз болмаса, қыдырмасаңыз, дөрекі болмасаңыз, жұмысты нашар істемесеңіз, онда сіз 20 тиын «сыйлық» аласыз. Ал егер жұмысшы айыпты болып шықса, онда қожайын жиырма тиынды ұстап қалады да, оны, әрине, өзінің қалтасына салады, өйткені бұл штраф емес, «сыйлық» ақша ғой. Қандай жазықты істерге айып салуға болатыны туралы және қандай мөлшерде салынатыны туралы, айып ақшаларды жұмысшылардың мұқтаждықтарына қалай жұмсау керек екендігі туралы заңдардың бәрі Яковлев мырза үшін дүниеде жоқ заңдар болып шықты. Заң «штраф» жөнінде жазылған, ал онықі «сыйлық ақша». Айлакер заводшы өзінің зымияндық қылығымен жұмысшыларды күні бүгінге дейін алдап келеді. Сірә, Петербургтің фабрика инспекторы да оның заңнан бұлтаруына жол бермеуге *«өзін праволымын деп есептемеген»* болар. Петербург жұмысшылары Владимир жұмысшыларынан қалыспас, инспектор мен заводшыға заңды қалай орындау керектігін үйретер деп сенеміз.

Штрафтардан керемет көп ақша жиналатындығын көрсету үшін Владимир губерниясындағы штраф капиталдарының мөлшері туралы мәліметтер келтірейік.

Владимир губерниясында жұмысшыларға жәрдем беру 1891 жылғы февральда басталған. 1891 жылдың октябріне дейін 3665 адамға 25 458 сом 59 тиын мөлшерінде жәрдем берілген. Штраф капиталы 1891 жылдың 1 октябрінде 470 052 сом 45 тиын болған. Штраф ақшасының тағы бір нәрсеге жұмсалғанын реті келгенде айта кету керек. Бір фабрикада 8242 сом 46 тиын штраф капиталы болған. Бұл фабрика банкротқа ұшырап, жұмысшылар қысты күні нансыз, жұмыссыз қалған. Сонда бұл капиталдан жұмысшыларға 5820 сом жәрдем үлестірілген, онда 800-ге жуық жұмысшы болған еді.

1891 жылдың 1 октябрінен 1892 жылдың 1 октябріне дейін жұмысшылардан 94 055 сом 47 тиын штраф алынған, ал 6312 адамға 45 200 сом 52 тиын жәрдем берілген. Жеке статьялар бойынша бұл жәрдем былай бөлінген: еңбекке жарамайтындарға ай сайын берілетін пенсия ретінде 208 адамға 6198 сом 20 тиын берілген, демек, орта есеппен жылына 1 адамға 30 сомнан келеді (ондаған мың сом штраф ақшасы пайдаланусыз жатқан уақытта, осындай қайыршының садақасы сықылды жәрдем белгілепеді!). Сонан соң мүліктерінен айрылуы себепті 1037 адамға 17 827 сом 12 тиын берілген, орта есеппен адам басына 18 сомнан келеді. Екіқабат әйелдерге 2669 ретте 10 641 сом 81 тиын берілген, орта есеппен 4 сомнан келеді (бұл — босанар алдынан бір апта, босанғаннан кейін екі апта — барлығы үш аптаға берілгені). Аурулығы себепті 877 жұмысшыға 5380 сом 68 тиын берілген, орта есеппен 6 сомнан келеді. Өлген адамды жерлеу үшін 1506 жұмысшыға 4620 сом берілген (3 сомнан) және басқа реттерде — 15 адамға 532 сом 71 тиын берілген.

Біз енді штраф ақшасы туралы ережелермен және ол ережелердің қалай қолданылатынымен әбден таныстық. Бұл ережелер әділ ме және олар жұмысшылардың праволарын жеткілікті дәрежеде қорғай ала ма, енді осыларды көріп өтейік.

Заңда штраф ақшасы қожайындікі емес, ол жұмысшылардың мұқтаждарына ғана жұмсалады деген қау-

лының бар екенін білеміз. Ақшаны жұмсау туралы ережелерді министрлер бекітуге тиіс болған.

Бұл ережелерден не шықты? Бұл ақшалар жұмысшылардан жиналып, солардың мұқтаждарына жұмсалады,— ал штраф капиталының не халде екенін қожайындардың жұмысшыларға жариялап отыруға міндетті екендігі ережелерде тіпті айтылмаған. Ақшаның штраф капиталына дұрыс түсуін қадағалап отыру үшін, жұмысшылардың арызын қабылдап, жәрдемді бөліп отыру үшін өздерінің қалаған адамдарын сайлауға жұмысшыларға право берілмеген. Зацда жәрдем «инспектордың рұқсатымен» беріледі делінген, ал министрлердің шығарған ережелері бойынша, жұмысшылар жәрдем сұрап *қожайынға* өтініш беретін болған. Не үшін қожайынға бару керек? Бұл ақша қожайынның ақшасы емес, жұмысшылардың табысынан ұсталып, содан құралған өз ақшасы ғой. Қожайынның бұл ақшаға өздігінен тиюге правосы жоқ: егер ол осы ақшаны жұмсап қойса, онда ол ақшаны өзіне сіңірген, орынсыз шашқан болып танылып, кісі ақшасын жұмсағанға қалай жауапты болса, бұған да нақ сондай жауапты болады. Сірә, министрлер мұндай ережені шығарарда қожайындарға жағыну үшін шығарған болар: енді жұмысшылар қожайыннан жәрдемді садақа ретінде *сұрауға* тиіс болып отыр. Рас, қожайын жәрдем беруден бас тартса, инспектордың өзі жәрдем белгілей алады. Бірақ инспектордың өзі еш нәрсе білмейді ғой, қожайын оған: бұл жұмысшы сондай жаман адам, жәрдем беруге татымайтын адам десе, инспектор соған сенеді ғой *. Оның үстіне инспекторға шағым етіп жататын, оған қайта-қайта барып, өтініш жазуға, тағы сондайларға уақытын өт-

* Жоғарыда айтқанымыздай, Владимир губерниясының фабрика алқасы фабрикалар мен заводтарға таратқан және жұмысшылардың «ережелерді» қолдануына неғұрлым қолайлы болып отырған жәрдем туралы арыздың басылып шығарылған үлгісінде мынадай сөздер бар: «фабриканың кеңсесі қойылған қол мен арыздағы сөздерді куәландырады және, кеңсенің пікірінше, өтініш иесіне пәлендей мөлшерде жәрдем беруге болатынын көрсетеді».

Демек, кеңсе қай уақытта болса да, тіпті себептерін түсіндірмейінше де, «кеңсенің пікірінше» өтініш иесіне жәрдем беруге болмайды деп жаза алады.

Жәрдемді мұқтаждық көріп отырған адам алмайды. «фабриканттардың пікірінше жәрдем беруге татырлық» адамдар алады.

кізетін жұмысшылар көп бола қояр ма екен? Шындығында, министрлер шығарған ережелердің салдарынан, жұмысшылардың қожайындарға тәуелді болуының жаңа формасы ғана пайда болады. Қожайындар өздері жек көретін, мүмкін, зәбірлеуге көнбегені үшін жек көретін жұмысшыларды қыса түсуге мүмкіндік алады: қожайындар мұндай жұмысшының өтінішін қабыл алмай, оны әбден әуре-сарсаңға салуы мүмкін, оған тіпті түк жәрдем бергізбей қоюы да ғажап емес. Керісінше, қожайынға жағымпазданатын, оның алдында құрдай жорғалайтын, жолдастарының үстінен оған сөз тасып отыратын жұмысшыларға қожайындар басқа жұмысшының өтініші қабылданбай қалатын реттерде де мейлінше көп жәрдем бергізе алады. Штраф жөнінде жұмысшылардың қожайындарға тәуелді болуын жоюдың орнына, жұмысшылардың берекесін кетіретін, жарамсақтық пен қулық-сұмдық туғызатын жаңа тәуелділік пайда болады. Сонан соң, ережелер бойынша, жәрдем алудың жолы қиындатылып, сорақы қағазбастылық туатынын да ескеріңіз: жұмысшы әрдайым куәлік сұрап біресе дәрігерге барады, одан дөрекі сөздер естиді, біресе полицияға барады, полиция парасыз еш нәрсе істемейді. Тағы да айтатынымыз: заңда мұның бірі де жоқ; оны министрлердің ережелері белгілеген, бұл ережелер көрер көзге фабриканттардың пайдасына жасалған, бұл ережелер көрер көзге жұмысшыларды қожайынға тәуелді етудің үстіне чиновниктерге де тәуелді ету үшін жасалған, жұмысшылардың өздерінен алынған штраф ақшаларын олардың мұқтаждарына жұмсауға жұмысшыларды тіпті қатыстырмау үшін жасалған, жұмысшыларды топастандырып азғындататын * мағынасыз қазыналық формалистиканың торын құру үшін жасалған.

Штраф ақшасынан жәрдем беруге рұқсат етуді қожайынның еркіне беру — барып тұрған әділетсіздік. Штрафтардың штраф капиталына түсуін бақылап отыратын, жұмысшылардың жәрдем сұраған арыздарын қабылдап, оларды тексеріп отыратын, штраф капиталы-

* Жұмысшылардың берекесін кетіретін, жарамсақтық туғызатын, жаман әдеттерді өршітетін.

ның жайы және оның жұмсалуы туралы жұмысшыларға есеп беріп отыратын депутаттарды (сайланып қойылатын адамдарды) сайлауға өздеріне заң бойынша право берілуін жұмысшылар талап етулері керек. Қазіргі кезде депутаттар бар заводтарда ол депутаттар штраф ақшасына көңіл бөліп, штрафтар туралы барлық мәліметтердің өздеріне білдіріліп тұруын талап етулері керек, жұмысшылардың арыздарын қабылдап, оларды бастықтарға тапсырып отырулары керек.

VII

ШТРАФТАР ТУРАЛЫ ЗАҢДАР ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ БӘРІНЕ ҚОЛДАНЫЛА МА?

Басқа орыс заңдарының көпшілігі сияқты, штрафтар туралы заңдар да фабрикалар мен заводтардың, жұмысшылардың бәріне бірдей қолданыла бермейді. Орыс үкіметі, заң шығарғанда, әрқашан сол заң арқылы фабрикант пен заводшы мырзаларды ренжітіп алам ба деп қорқады, кеңсе ережелерінің және чиновниктердің праволары мен міндеттерінің қулық-сұмдықтары басқа бір кеңсе ережелеріне (ал ондай ережелер бізде қисапсыз көп), басқа бір чиновниктердің праволары мен міндеттеріне қайшы келіп қала ма деп қорқады, ол чиновниктер, өздерінің жұмысына басқа бір жаңа чиновник қол сұқса, өлердей зәбірленеді, «ведомстволардың шегін ашу» туралы айтысып, қазынаның шелек-шелек сиясы мен құшақ-құшақ қағазын тауысады. Сондықтан шек қоюшылық жасамай, қорқақтық істеп, кейінге қалдырмай заңнан шегінуге министрлердің және басқа чиновниктердің рұқсат етуіне мүмкіндік берілмей бүкіл Россия үшін бірден енгізілетін заң бізде сирек кездеседі.

Осының бәрі штрафтар туралы заңнан ерекше айқын көрінеді, ол заңның капиталист мырзалар арасында күшті наразылық туғызғанын, бұл заң жұмысшылардың айбарлы көтерілістерінің дүмпуімен ғана жүзеге асырылғанын біз жоғарыда көрдік.

Біріншіден, штрафтар туралы заң Россияның тек аз ғана бөлігінде қолданылады *. Бұл заң, жоғарыда айтқанымыздай, 1886 жылы 3 июньде шығарылып, 1886 жылдың 1 октябрінен бастап *тек үш губернияда ғана:* Петербург, Москва және Владимир губернияларында қолданылды. *Бес жыл* өткеннен кейін (1891 жылы 11 июньде) заң Варшава және Петроков губернияларына таралды. Одан соң *үш жылдан* кейін, 1894 жылы 14 мартта шыққан заң бойынша, ол заң тағы да 13 губернияға (атап айтқанда: орталық губерниялардан — Тверь, Кострома, Ярославль, Нижегород және Рязань губерниялары; остзей губернияларынан — Эстляндия және Лифляндия губерниялары; батыс губерниялардан — Гродно және Киев губерниялары; оңтүстік губерниялардан — Волынь, Подольск, Харьков және Херсон губерниялары) таралды. 1892 жылы штрафтар туралы ережелер тау-кен өндірісінің жеке меншіктегі заводтары мен кәсіпшіліктерінде қолданылды.

Россияның оңтүстігінде капитализмнің тез дамуы және тау-кен жұмысының орасан өркендеуі ол жақта жұмысшыларды мықтап көбейтті, сондықтан үкімет тезірек қимылдауға мәжбүр болды.

Көріп отырсыздар, үкімет фабрикалық ескі тәртіптерден тым баяу бас тартып отыр. Бас тартқанда жұмысшылардың дүмпуі күшейгендіктен ғана бас тартып отырғанын бұл арада айта кету керек: Польшада жұмысшылар қозғалысы мен стачкалар күшейгендіктен, бұл заң Варшава және Петроков (Лодзь қаласы Петроков губерниясына қарайды) губернияларында қолданылды. Рязань губерниясының Егорьев уезіндегі Хлудов мануфактурасында болған орасан зор стачка заңды дереу Рязань губерниясына да қолдандырды [26]. Бұл іске жұмысшылардың өздері араласқанша, капиталист мырзалардың бақылаусыз (өз бетімен) штраф салу правосын жоюға, сірә, үкімет те «өзін праволымын деп есептемейтін» болуы керек.

---

* Бұл заң — «фабриканттар мен жұмысшылардың өзара қатынастары туралы айрықша ережелер» деп аталатын ережелердің бір бөлігі. Бұл «айрықша ережелер фабрика-завод өнеркәсібі едәуір өркендеген жерлерде» ғана қолданылады; бұл жерлерді біз төмендегі тексте көрсетіп өтеміз.

Екіншіден, фабрикалар мен заводтарды бақылап отыру туралы шығарылған барлық ережелер сияқты, штрафтар туралы заң да қазына мен үкімет мекемелеріне қарайтын кәсіпорындарда қолданылмайды. Қазыналық заводтарда жұмысшыларды «қамқорлығына» алатын өз бастықтары болады, заң оларды штрафтар туралы ережелермен машақатқа түсіргісі келмейді. Шынында, завод бастығының өзі чиновник болып отырғанда, қазыналық заводтарды бақылап отырудың не қажеті бар? Жұмысшылар сол чиновниктің үстінен шағымды оның өзіне ғана бере алады. Осындай қазыналық заводтар бастықтарының арасында, мысалы, Петербург портының командирі Верховский мырза сияқты сұрқиялардың кездесетініне таңырқауға болмайды.

Үшіншіден, жұмысшылардың өз мұқтаждарына жұмсалатын штраф капиталдары туралы ережелер пенсия немесе көмекші жинақ кассалары бар темір жолдардың шеберханаларында істейтін жұмысшыларға қолданылмайды. Штраф ақшалары осы кассаларға түседі.

Дегенмен, бұл шек қоюшылықтың бәрі әлі де жеткіліксіз болып көрінген, сондықтан заңда: министрлердің (финанс және ішкі істер министрлерінің), бір жағынан, «шынымен қажет болған жағдайда бірлі-жарым фабрикалар мен заводтарды» бұл ережелерге «бағынушылықтан босатуға», ал, екінші жағынан, бұл ережелерді қолөнер кәсіпорындарының «біразына» қолдануға правосы бар деген қаулы алынған.

Сонымен, заң министрге штраф ақшалар туралы ережелер шығаруды жүктегені былай тұрсын, ол мұның үстіне, министрлерге кейбір фабриканттарды заңға бағынушылықтан босатуға право да берді! Біздің заңның фабрикант мырзаларға рақымдылығы, міне, осындай дәрежеге жетіп отыр! Министр түсініктерінің бірінде: фабрика алқасы *«кәсіпорын иесінің жұмысшылар мүдделеріне зиян келтірмейтініне сенсе»,* тек сондай фабриканттарды ғана министр заңға бағынушылықтан босатады делінген. Фабриканттар мен фабрика инспекторлары бір-бірімен өте дос адамдар, олар бір-бірінің сөзіне сенеді. Жұмысшылардың мүдделеріне зиян келтірмеймін деп «сендіріп» тұрған фабрикантқа ережелер-

ді жүктеп, ауыртпалық жасаудың қажеті не? Ал егер жұмысшы фабриканттың мүдделеріне зиян келтірмейтіндігіне «сендіріп», инспектордан немесе министрден өзін ережелерді орындаудан босатуды өтінсе, онда қалай болар еді? Бәлкім, ондай жұмысшыны жынданған деп есептер еді.

Бұл — жұмысшылар мен фабриканттардың «тең праволылығы» деп аталады.

Штрафтар туралы ережелерді қолөнер кәсіпорындарының бірсыпырасына қолдануға келетін болсақ, онда, біздің білуімізше, күні бүгінге дейін бұл ережелер үйге жұмыс алып істейтін тоқымашыларға жіп үлестіріп отыратын кеңселерге ғана (1893 жылы) қолданылды. Министрлер штрафтар туралы ережелерді қолдануға асықпайды. Қожайындардың, үлкен магазиндердің, т. с. жұмысын үйіне алып істейтін орасан көп жұмысшылар күні бүгінге дейін бұрынғы күйінде, қожайындардың зорлық-зомбылығына толық бағынышты болған күйінде қалып отыр. Бас қосып, бірігу, өздерінің мұқтаждары туралы сөйлесіп, ауыз біріктіру, қожайындардың қысымдарына қарсы бірлесіп күресу бұл жұмысшыларға қиын соғады, сондықтан да оларға көңіл бөлінбейді.

VIII

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз енді штрафтар туралы заңдарымызбен және ережелерімізбен, өзінің құрғақ сөзділігімен және кеңселік ауыр тілімен жұмысшыны үркітіп отырған осы өте-мөте күрделі жүйемен түгелдей танысып болдық.

Біз енді әуелде қойылған мәселеге — штрафтарды капитализм, яғни жерді, машиналарды, фабрикалар мен заводтарды, материалдар мен құрал-жабдықтарды меншіктенушілер болып және ешбір меншігі жоқ, сондықтан капиталистерге сатылуға, соларға жұмыс істеуге тиісті адамдар болып, халық екі тапқа бөлінген кездегі қоғамдық құрылыс туғызды деген мәселеге қайта орала аламыз.

Қожайынға жұмыс істеген жұмысшылар әрқашан да нашар істелген жұмыстардың қандайына болса да қожайынға штраф төлеп отыруға тиісті болып келген бе?

Ұсақ кәсіпорындарда,— мысалы қалалық қолөнершілерде немесе жұмысшыларда,— штраф жоқ. Онда жұмысшы қожайыннан мүлде оқшауланбайды, олар бірге тұрады және бірге жұмыс істейді. Қожайын штраф енгізуді ойламайды да, өйткені жұмысты оның өзі бақылап отырады, сондықтан жұмыстың өзіне ұнамаған жерін әрқашан жөндеткізіп отыра алады.

Бірақ ондай ұсақ кәсіпорындар мен ұсақ өндірістер бірте-бірте жойылады. Жақсы құралдарды, машиналарды қолданып, жұмысшылар бұқарасының еңбегін біріктіріп отырған ірі фабрикалармен, заводтармен және ірі қожайындармен бәсекеге майдагерлер, қолөнершілер, сол сияқты ұсақ шаруалар төтеп бере алмайды. Сондықтан да біз майдагерлердің, қолөнершілердің, шаруалардың күйзелген үстіне күйзеліске ұшырап, фабрикалар мен заводтарға жұмысшы болып жалданатынын, деревняны тастап, қалаға кетіп жатқанын көріп отырмыз.

Ірі фабрикалар мен заводтарда қожайын мен жұмысшылардың арасындағы қатынастар тіпті де ұсақ шеберханадағылардай емес. Байлығы жағынан, өзінің қоғамдағы орны жағынан қожайынның жұмысшыдан жоғары тұратындығы сонша, олардың арасы жер мен көктей, олар көбінесе бірін-бірі тіпті білмейді және олардың үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Жұмысшының қожайындар санатына қосылуына ешқандай мүмкіндік жоқ: оған өзі есітіп көрмеген байлардың жұмысын істеп, өмір-бақи кедейлікте қалуға жазған. Ұсақ қожайында болған екі-үш жұмысшының орнына, енді әр жерден келген және үнемі ауысып отыратын толып жатқан жұмысшылар жұмыс істейді. Қожайынның жеке-жеке беретін бұйрықтары орнына, жұмысшылардың бәріне міндетті болатын жалпы ережелер шығарылады. Қожайын мен жұмысшының арасындағы бұрынғы тұрақты қатынас жойылады: қожайын жұмысшыны мүлдем қадір тұтпайды, өйткені ол қаптаған жұмыссыздардың арасынан кім болса, соған жалдануға әзір тұрған

басқа бір жұмысшыны әрқашан да оп-оңай тауып алады. Сөйтіп, қожайынның жұмысшыларға жүргізетін өктемдігі күшейе береді, қожайын бұл өктемдігін пайдаланып, жұмысшыны штрафтар арқылы фабрика жұмысының қатаң қыспағына түсіреді. Жұмысшы өзінің праволары мен өзінің табысына жаңадан шек қойылуына бағынуға тиісті болды, өйткені ол енді қожайынның алдында дәрменсіз болып қалды.

Сөйтіп, штрафтардың жарық көргеніне өте көп болған жоқ — олар ірі фабрикалармен және заводтармен бірге, ірі капитализммен бірге, бай-қожайындардың және қаратабан-жұмысшылардың арасы бүтіндей ажырасуымен бірге жарыққа шықты. Штрафтар капитализмнің толық дамуының және жұмысшының толық құлдыққа түсуінің нәтижесі болды.

Бірақ ірі фабрикалардың бұл дамуы және қожайындар тарапынан қысымның күшеюі тағы да басқа бір нәтижелерге әкеп соқтырды. Фабриканттардың алдында мүлде дәрменсіз болып қалған жұмысшылар, егер өздері бытыраңқы күйінде қала берсе, бүтіндей азып, қайыршылық халге ұшырайтынын түсіне бастады. Капитализм туғызып отырған аштық өлімнен, азғындаушылықтан құтылу үшін өздерінің бір ғана құралы бар екенін, ол құрал — жалақы жолында, тұрмыс жағдайын жақсарту жолында фабриканттарға қарсы күресу үшін бас қосып бірігу екенін жұмысшылар түсіне бастады.

80-жылдарда біздің фабриканттардың жұмысшыларға қандай сорақы қысым жасағанын, олардың нарықты төмендетумен ғана қанағаттанбай, штрафтарды жұмысшылардың жалақысын азайту құралына қалай айналдырғанын көрдік. Капиталистердің жұмысшыларды езуі өзінің ең жоғарғы шегіне жетті.

Бірақ бұл езгі жұмысшылардың қарсыласуын да туғызды. Жұмысшылар қысым жасаушыларға қарсы көтеріліс жасап, жеңіске жетті. Зәресі ұшып, қорыққан үкімет олардың талаптарын қабылдап, штрафтарды жою туралы заң шығаруға асықты.

Бұл жұмысшылардың талабын қабылдағандық болды. Үкімет штрафтар туралы заңдар мен ережелер шы-

ғарып, штраф ақшасынан жәрдем берілетін етіп, жұмысшыларды бірден қанағаттандырамын, оларға өздерінің бәріне ортақ ісін — фабриканттарға қарсы күресін ұмыттырамын деп ойлады.

Бірақ өзін жұмысшылардың қорғаушысы етіп көрсетпек болған үкіметтің мұндай үміті іске аспай отыр. Жаңа заңның жұмысшыларға әділ қарамайтындығын, тіпті Морозов фабрикасындағы стачкашылар қойған талаптармен салыстырғанда да жұмысшылардың қабылданған талаптары өте аз екенін көрдік; заңды бұзғысы келетін фабриканттардың заңды бұзуына қалай да жол қалдырылғанын, жәрдем туралы ережелер фабриканттардың мүдделеріне сәйкес шығарылғанын, бұл ережелер қожайындардың зорлығын чиновниктердің зорлығымен ұштастыратынын көрдік.

Мұндай заң, мұндай ережелер қолданылған кезде, жұмысшылар олармен танысып, заңның өздеріне қысым жасап отырғанын өздерінің бастықтармен соқтығысуларынан біле бастаған кезде,— сол кезде олар өздерінің еріксіз жағдайларын біртіндеп біле бастайды. Жұмысшылар байлардың жұмысын істеуге және ауыр еңбегіне алатын тиын-тебенге қанағат етуге өздерінің тек жоқшылықтан ғана еріксіз көніп отырғанын түсінетін болады. Үкімет және оның чиновниктері фабриканттардың сойылын соғатынын, ал заң шығарылғанда, қожайынның жұмысшыға қысым жасауына жеңілдік келтіретіндей етіп шығарылатындығын олар түсінетін болады.

Ақырында, жұмысшылар капиталистерге тәуелді болып тұрғанда, өздерінің тұрмыс-халін жақсарту үшін заңның еш нәрсе істемейтінін де жұмысшылар білетін болады, өйткені заң қашан да болса капиталист-фабриканттарды жақтайды, өйткені заңды аттап өту үшін фабриканттар әрқашан да амал-айла таба алады.

Мұны түсінген жұмысшылар өздерін қорғаудың тек бір ғана құралы бар екенін, ол құрал — фабриканттарға және заң белгілеген әділетсіз тәртіптерге қарсы күресу үшін бас қосып бірігу екенін аңғарады.

ГИМНАЗИЯ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚҰЛЫҚ ТҮЗЕТУ ГИМНАЗИЯЛАРЫ [27]

(«РУССКОЕ БОГАТСТВО»[28])

Россиядағы капитализм туралы мәселенің халықшылдар ұсынып отырған және соңғы кезде бәрінен де гөрі «Русское Богатство» қатты жақтап отырған шешімі көптен мәлім. Капитализмнің бар екендігін бекер дей алмай, оның дамып отырғанын мойындауға мәжбүр болып, халықшылдар, алайда, біздің капитализм Россиядағы товар шаруашылығының ғасырлық дамуын аяқтап шығатын табиғи және қажетті процесс емес, ұлттың бүкіл тарихи өмірі сызып берген жолдан ауытқығандықты ғана көрсететін, берік негізі жоқ кездейсоқтық деп есептейді. «Біз отанымыз үшін басқа жол таңдап алуымыз керек»,— дейді халықшылдар,— капитализмнің негізсіздігіне қазірдің өзінде бейне бір көзі жете бастаған «бүкіл» «қоғамның» қолда бар күштерін пайдалана отырып, капитализм жолынан шығу керек, сөйтіп өндірісті «қауымдастыру» керек.

Егер отан үшін басқа жол таңдап алу мүмкін болса, егер мұның қажеттігін бүкіл қоғам түсіне бастаса, онда өндірісті «қауымдастырудың» оншама қиыншылығы жоқ екені және даярлық жасайтын белгілі бір тарихи дәуірді керек қылмайтыны айқын. Осындай қауымдастыру жоспарын жасаса, мұның іске асатындығына тиісті адамдарды сендірсе болғаны, сонда «отанымыз» капитализмнің қате жолынан шығып, қоғамдастыру жолына түседі екен.

Сондай тамаша болашақтан үміттендіретін мұндай жоспардың өте-мөте қызықты болуға тиіс екенін әркім

түсінеді, сондықтан «Русское Богатствоға» үнемі қатысып тұратын адамдардың бірі Южаков мырзаға осындай жоспарды шығаруды өз міндетіне алғаны үшін орыс жұртшылығы зор алғыс айтуға тиіс. «Русское Богатствоның» майдағы кітабынан оның «Ағарту утопиясы» деген мақаласын көрдік, оған «Бүкіл халыққа міндетті орта білім беру жоспары» деген тақырыпша қойылған.

Өндірісті «қауымдастыруға» мұның қандай қатысы бар? — деп сұрар оқушы. Мейлінше, тікелей қатысы бар, өйткені Южаков мырзаның жоспары өте кең. Автор әрбір болыста мектеп жасындағы (8—20 жас, maximum 25 жасқа дейін) еркек және әйел жынысты халықтың бәрін қамтитын гимназия ашудың жобасын жасаған. Мұндай гимназиялар егін шаруашылығын жүргізіп, адамгершілікке тәрбиелейтін, гимназия тұрғындарын (Южаков мырзаның айтуы бойынша, бүкіл халықтың *бестен бір* бөлігі болатын) өз еңбегімен асырап қана қоймай, сонымен бірге *барлық балаларды* асырауға қажет қаражатты да беріп тұратын өндірістік ассоциациялар сияқты болуға тиіс. Автордың сондай бір болыстық гимназияны (ол — әрі «фермалық гимназия», «гимназия шаруашылығы» немесе «егіншілік гимназиясы») үлгіге алып жасаған толық есебі мұндай гимназия не бары *жергілікті халықтың жартысынан көбін* асырауға тиіс екенін көрсетеді. Егер біз осындай әрбір гимназияға (Россияда не бары екі-екіден 20 000 гимназия, яғни еркектер үшін 20 000 гимназия, қыздар үшін 20 000 гимназия ашуға жоба жасалған) жер және өндіріс құрал-жабдықтары берілетіндігін еске алсақ (үкімет кепілдігімен земствоның облигациялары шығарылмақ, ол облигациялардың төлеу өсімі $4^1/_2$%, өтеу өсімі $^1/_2$% болмақ), сонда Южаков мырза «жоспарының» шыңында қандай «зор» екенін түсінеміз. Халықтың бүкіл қақ жартысы үшін өндіріс қоғамдастырылады. Демек, бірден отан үшін басқа жол таңдап алынады! Және бұған «үкімет, земство және халық тарапынан ешбір шығын шығармай-ақ» (sic! *) қол жетеді. Бұл «сырттай

* — солай! *Ред.*

қарағанда ғана утопия болып көрінеді», ал шындығында «бүкіл халыққа бастауыш білім беруден әлдеқайда іске асарлық жұмыс». Южаков мырза бұған керекті қаражат табу «қол жетпейтін қиял, утопия емес», қайта, бұл мақсатқа, жоғарыда айтылғандай, шығынсыз, ешбір шығынсыз жете аламыз, ол түгіл тіпті «қалыптасқан оқу жоспарларын» өзгертпей-ақ жете аламыз!! — деп сендіріп отыр. «Тек тәжірибемен ғана қанағаттанып қоймай, шын мәнісінде бүкіл халықтың білім алуына ұмтылсақ, мұның бәрінің зор маңызы бар» деп Южаков мырза өте дұрыс айтады. Рас, ол: «орындалуға тиісті жоба жасауды мақсат еткенім жоқ» дейді, бірақ ол бір гимназияда оқитын балалар мен қыздардың мөлшерлі санын да, гимназиялардағы барлық халықтың күн көрісіне керекті жұмыс күшін де, педагог және әкімшілік қызметкерлердің санын да, гимназия мүшелеріне керек азық-түлікті де, педагогтардың, дәрігерлердің, техниктердің және мастерлердің жалақысына керекті ақшаны да есептеп шығарған. Автор егіншілік жұмыстарына керекті жұмыс күнінің санын, әрбір гимназияға керекті жердің мөлшерін, шаруашылық құруға бастапқыда керек болатын ақшаның санын егжей-тегжейлі есептеп шығарған. Ол, бір жағынан, бүкіл халықтың орта білім алу игілігінен пайдалана алмайтын бұратаналар мен сектанттардың тағдырын, екінші жағынан, жаман қылығы үшін гимназиядан қуылатындардың тағдырын күн ілгері ойластырған. Автор үлгі ретінде алынған бір гимназияның есебін шығарумен қанағаттанбаған. Тіпті де олай етпеген. Ол 20 000 пар гимназияның бәрін түгел жүзеге асыру мәселесін алға қойған және бұған керекті жерді қалай табу туралы, оны «қанағаттандырарлық оқушылармен, әкімдермен, қожайындармен» қалай қамтамасыз ету керектігі жөнінде нұсқау берген.

Мұндай жоспардың өте-мөте қызғылықты екені, — тек теория жүзінде ғана емес (өндірісті қауымдастырудың мұндай нақты жасалған жоспары барлық дүдәмал келтірушілерді біржолата сендіріп, мұндай жоспарлардың жүзеге асуын теріске шығарушылардың бәрін жоюға тиіс екені айқын), нағыз практика жүзінде де

қызғылықты екені түсінікті. Егер бүкіл халыққа міндетті түрде орта білім беру ісін ұйымдастыру жобасына жоғары үкімет көңіл бөлмесе,— әсіресе ұсыныстың авторы: істі «ешбір шығынсыз» орындауға болады, бұған «міндеттің финанстық және экономикалық жағдайларынан гөрі, мәдени жағдайлар көбірек бөгет жасайды», алайда бұл «жеңуге болмайтын бөгет емес» деп батыл айтып отырғанда көңіл бөлмесе,— бұл таңқаларлық іс болар еді. Мұндай жобаның тек халық ағарту министрлігіне ғана емес, сол сияқты ішкі істер министрлігіне де, финанс министрлігіне де, егіншілік министрлігіне де, тіпті,— біз мұны төменде көреміз,— соғыс министрлігіне де тікелей қатысы бар. Жобада көрсетіліп отырған «құлық түзету гимназиялары» заң министрлігінің сыбағасына тисе керек. Южаков мырзаның айтуынша, «жоғарыда көрсетілген тілектердің бәріне (яғни білім алуға және тіршілік етуге), мүмкін, басқа да көп тілектерге сай келетін» бұл жобаға басқа министрліктердің де көңіл бөлетіндігіне шүбәлануға болмайды.

Сондықтан егер біз осындай тамаша жобаны бүгешігесіне дейін зерттеп, талқыласақ, оқушы бізді жазғырмас деп сенеміз.

Южаков мырзаның негізгі пікірі мынадай: жазда мүлде оқу оқылмайды, тек қана егіншілік жұмыстары істеледі. Сонан соң, гимназияны бітіріп шыққан оқушылар біраз уақытқа қызметкер ретінде гимназияда қалдырылады; олар қысқы жұмыстарды істейді, кәсіпшілік жұмыстарына пайдаланылады, бұл кәсіпшіліктер егіншілікке қосымша кәсіп болып, әрбір гимназияға өз еңбегімен барлық оқушылар мен жұмысшыларын, барлық оқытушылары мен әкімшілік қызметкерлерін асырауға және білім алу шығынын өтеуге мүмкіндік береді. Мұндай гимназиялар үлкен егіншілік артельдері болар еді деп Южаков мырза дұрыс айтады. Южаков мырзаның жоспарын өндірісті халықшылдарша «қауымдастырудың» алғашқы адымы деп, капитализмнің сергелдеңінен аулақ болу үшін Россияның таңдап алатын жаңа жолының бір бөлігі деп тануға праволы екендігімізге Южаков мырзаның жаңағы соңғы сөзінен кейін ешбір күмән қалмайды.

«Қазіргі кезде,— дейді Южаков мырза,— гимназияны 18—20 жасқа келгенде бітіреді, ал кейде 1—2 жыл кеш бітіреді. Міндетті оқу тұсында... кеш бітіру одан да көп болады. Егер курс бітірмейінше оқудан шығарылатындардың жасының ең арғы шегі 25 болса, оқуды кеш бітіретіндер болады, ал жоғары үш кластың оқушылары 16 жастан 25 жасқа дейінгілер болады. Сөйтіп, бесінші класта жасы озған қосымша ересектер болатынын еске алсақ, гимназиядағы оқушылардың үштен біріне жуығы... жұмысшы жасындағылар деп батыл айтуға болады». Гимназияның 8 класына бастауыш даярлық мектеп үшін 2 класс қосып (бұған хат танымайтын сегіз жасар балалар алынар еді), автордың одан әрі шығарған есебі бойынша, бұл процентті төрттің біріне түсіргенде де,— жартылай жұмысшылардың көмегімен жазғы жұмыстарды атқарып отыратын жұмысшылар өте көп болады. Бірақ «он класы бар ферма-гимназияға,— деп Южаков мырза тиянақтай түседі,— белгілі мөлшерде қысқы жұмыстар үшін жұмысшылар сөзсіз керек болады». Оларды қайдан алу керек? Автор оған екі жол ұсынады: 1) жұмысшы жалдау («олардың кейбір еңбек сіңіргендерін табысқа қатынастыруға болар еді»). Гимназия шаруашылығы табысты шаруашылық болуға тиіс, сондықтан жалдаған жұмысшының шығынын өтеуі керек. Бірақ автор «екінші бір жолды маңыздырақ көреді»: 2) гимназияны бітіргендер бастапқы кластарда оқығанда оларға ұсталған оқу, тамақ, киім шығынын жұмыс істеп өтеуге міндетті болады. Бұл олардың «тікелей міндеті»,— деп қосады Южаков мырза,— әлбетте, бұл оқу ақысын төлеуге шамасы келмейтіндердің ғана міндеті ғой. Қысқы жұмысқа керекті жұмысшылар және жазғы жұмысқа керекті қосымша жұмысшылар, міне, осылардан құралады.

Жобасы жасалып отырған, халықтың бестен бірін егіншілік артельдеріне біріктіріп «қауымдастыруға» тиіс болған ұйымның бірінші белгісі осындай. Біз осының өзінен-ақ отан үшін басқа жол таңдап алудың сапасы қандай болатынын көре аламыз. Асырау ақысы мен «оқу ақысын төлеуге шамасы келмейтін» адамдар үшін қазір күнелтудің бірден-бір көзі болып отырған жалда-

ма еңбек орнына міндетті тегін еңбек қолданылатын болады. Бірақ біз бұған абыржымауға тиістіміз: мұның есесіне халық жалпыға бірдей орта білім алу игілігінен пайдаланатындығын ұмытуға болмайды.

Ілгері барайық. Еркек, қыз балаларды бірге оқыту тегі пайдалырақ болса да, бұған қарсы Европа континентінде үстем болып отырған қаңқу сенімге еріп, автор еркек, қыз балалар гимназияларын жеке ашуға жоба жасаған. «Бір класқа 50 оқушы немесе барлық он класқа 500 оқушы, немесе гимназия шаруашылығына 1000 оқушы (500 ұл және 500 қыз) болса», бұл орташа гимназияның «нағыз бірқалыпты құрамы болады». Гимназияда 125 «пар жұмысшы» және сол мөлшерде жартылай жұмысшылар болады. «Егер мен,— дейді Южаков,— осыншама жұмысшы, мысалы, Малороссияда 2500 десятина егістік жерді ұқсата алады десем, онда гимназия еңбегінің қандай зор күпі екенін әркім де ұғады»!..

Бірақ бұл жұмысшылардан басқа, оқуына және асырауға жұмсалған шығынды «өтеп жүрген» «тұрақты жұмысшылар» болмақ. Олар қанша болады? Ұлдар мен қыздарды қосқанда, жыл сайын 45 оқушы оқу бітіреді. Оқушылардың үштен бірі 3 жыл бойына әскер қызметін өтейді (бұл кезде төрттің бірі өтеп жүр. Автор қызмет мерзімін 3 жылға дейін қысқартып, мұны үштің біріне дейін көбейтіп отыр). «Қалған үштен екісін де осы жағдайға қою, яғни олардың өздерінің оқығанына, сол сияқты әскерге кеткен жолдастарының оқығанына жұмсалған шығынды жұмыс істеп өтеу үшін гимназияда қалдыру әділетсіздік болмайды. Барлық оқушы қыздарды да осы үшін қалдыруға болады».

Басқа жол таңдап алған отанымызда орнатылатын жаңа тәртіптің қалай ұйымдастырылатыны бірден-бірге айқындалып келеді. Бұл күнде орыс азаматтарының бәрі әскери қызмет атқаруға міндетті болып есептеледі, ал әскерге шақыру жасындағылардың саны керекті әскердің санынан артық болғандықтан, әскерге жеребемен алынады. Қауымдастырылған өндірісте де рекруттар жеребемен алынады, бірақ қалғандарын «осы жағдайға қоюға», яғни үш жыл бойына қызмет істеуге, рас, әске-

ри қызмет емес, гимназия қызметін істеуге міндеттендіру көзделеді. Олар әскерге кеткен жолдастары үшін жұмсалған шығынды жұмыс істеп өтеуге тиіс. Бәрі де жұмыс істеп өтеуге тиіс пе? Жоқ. Оқу ақысын төлей алмайтындар ғана. Бұл ескертуді автор жоғарыда көрсетіп өткен болатын, ал төменде біз оқу ақысын төлеуге шамасы келетіндер үшін автор, тегінде, ескі қалпын сақтайтын ерекше гимназиялар ашудың жобасын жасап отырғанын көреміз. Әскерге кеткен жолдастары үшін жасалған шығынды жұмыс істеп өтеу оқу ақысын төлей алатындарға жүктелмей, төлей алмайтындарға жүктелуі неліктен? — деген сұрау туады. Неліктен екені әбден түсінікті. Егер гимназистер төлеп оқушы, тегін оқушы болып екіге бөлінсе, онда реформа қазіргі замандағы қоғам құрылысын қозғамайтыны айқын: мұны Южаков мырзаның өзі де мойындайды. Ал егер осылай болса, онда мемлекеттің жалпы (солдатқа ұсталатын) шығынын күнелту қаражаты жоқтардың көтеретіні түсінікті *,— дәл сондай-ақ, олар қазірде де бұл шығынды, мысалы, жанама салық, т. с. түрінде көтеріп отыр. Жаңа құрылыстың айырмашылығы неде? Оның айырмашылығы сол — бұл күнде қаражаты жоқтар жұмыс күшін сата алады, ал жаңа құрылыста олар *тегін* (яғни тек асырағаны үшін) жұмыс істеуге *міндетті* болады. Россияның осы жолмен капиталистік құрылыстың барлық сергелдеңіне соқпай өтетініне ешбір күмән болмауға тиіс екен. «Пролетариаттың кеселін» туғызатын ерікті жалдама еңбек жойылады да... міндетті тегін еңбекке орын береді.

Міндетті тегін еңбек қарым-қатынасына түскен адамдар осы қатынасқа сәйкес жағдайда болатынына таңданатын түгі де жоқ. Халықшылдың («халық досының») бізге жаңағының артынша тағы не айтатынын тыңдап көріңіз:

«Егер мұнымен қатар оқуды бітіріп, гимназияда 3 жылға қалатын жастардың некеге тұруларына рұқсат берілетін болса; егер семьялы жұмысшылар үшін жеке үйлер салынатын болса; егер ол семьялар гимназиядан

* Әйтпесе, алғашқылар соңғыларына үстемдік ете алмас еді.

босатылғанда, оларға ақшалай және заттай шамалы жәрдем көрсетуге гимназияның табысы мүмкіндік беретін болса, онда үш жыл гимназияда болудың ауыртпалығы әскери қызметтің ауыртпалығынан едәуір жеңіл болады...»

Мұндай жеңілдіктердің жасалуы халықты бар жантәнін салып гимназияға түсуге ұмтылдыратыны айқын емес пе. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы: біріншіден, некеге тұруға рұқсат етіледі. Рас осы күнгі қолданылып жүрген азаматтық заңдар бойынша, мұндай рұқсат (бастықтан) алудың ешбір қажеті жоқ. Бірақ бұлардың *гимназистер* мен *гимназист қыздар* екенін,— рас, 25 жасқа жеткен, бірақ, дегенмен, гимназистер екендігін еске алыңыз. Егер университет студенттеріне некеге тұруға рұқсат етілмесе, гимназистерге некеге тұруға рұқсат етуге болатын ба еді. Оның үстіне, мұндай рұқсат беру гимназия бастықтарының, демек, жоғары білімі бар адамдардың еркінде болады: сондықтан қиянат істейді деп қорқудың орынсыз екендігі анық. Алайда, гимназия бітірген және сонда тұрақты жұмысшы болып қалған адамдар енді гимназистер емес қой. Солай бола тұрса да, некеге тұруға рұқсат беру туралы әңгіме солар жөнінде — 21—27 жастағы адамдар жөнінде болып отыр. Отанның таңдап алған жаңа жолы орыс азаматтарының азаматтық правоға иелігінің біраз кемуімен байланысты екенін мойындамай болмайды, бірақ жаппай орта білім алу игілігін құрбандықсыз қолға түсіруге болмайтындығын да мойындау керек. Екіншіден, семьялы жұмысшылар үшін жеке үйлер салынбақ, ол үйлер осы күнде фабрика жұмысшылары тұратын лашықтардан жаман болмас. Ал 3-ден, тұрақты жұмысшылар мұның үшін «шамалы жәрдем» алады ғой. Күмән жоқ, халық бастықтардың қанаты астындағы тыныштық өмірдің осы жеңілдіктерін капитализмнің тынышсыздығынан артық көреді, артық көретіндігі сонша — кейбір жұмысшылар сол гимназияда біржола қалып қояды (оларға некеге тұруға рұқсат еткеніне риза болғандықтан қалуы ықтимал): «Гимназияда түпкілікті қалып қойған және онымен біте қайнасып кеткен (sic!!) аз ғана тұрақты жұмысшылар гимназия шаруашылығын-

дағы осы жұмысшы күшін толықтырып отырады. Біздің егіншілік гимназиямыздың болуы мүмкін және тіпті де утопиялық емес жұмыс күші міне осындай».

Ғафу етіңіз! Мұның «утопиялылығы» қайсы? Өздеріне некелесуге рұқсат ететін қожайындарымен «біте қайнасып кеткен» тұрақты тегін жұмысшылар болады,— кез келген қарт шаруадан сұрасаңыз, осы айтылғандардың бәрін толық жүзеге асыруға болатындығын ол сізге өз тәжірибесі бойынша айтып бере алады.

*(Жалғасы бар *.)*

1895 ж. күзде жазылған

1895 ж. 25 ноябрьде «Самарский Вестник» газетінің 254-номерінде басылған
Қол қойған: К. Т-ин

«Самарский Вестник» газетінің тексті бойынша басылып отыр

---

* «Самарский Вестник» газетінде жалғасы болмады. *Ред.*

ТОРНТОН ФАБРИКАСЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕРІНЕ [29]

Торнтон фабрикасының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері!

6 және 7 ноябрь күндері біздің бәріміз үшін естен кетпейтін күндер болуға тиіс... Тоқымашылар ауыз біріктіріп, қожайынның қыспағына соққы берді, сөйтіп, қиын-қыстауда біздің мүдделерімізді, жалпы жұмысшылардың мүдделерін қорғай білетін адамдар ортамызда әлі де бар екенін, біздің мейірімшілсінген қожайындар бізді өздерінің түпсіз қалтасын толтырып отыратын құлаққесті құлдарына әлі де ада-жұда айналдыра алмағанын дәлелдеді. Жолдастар, өз бағытымызды табандылықпен, бұлтармай жүргізе берейік, өз халімізді жаппай жұмыла күш салу арқылы ғана жақсарта алатынымызды естен шығармайық. Бәрінен де бұрын, жолдастар, Торнтон мырзалардың айламен құрған торына түсіп қалып жүрмеңіздер. Олар былай ойлайды: «қазір товардың өтіңкіремей тұрған кезі, солай болған соң, фабрикада жұмыс шарттары бұрынғы күйінде тұрғанда біз бұрынғы пайдамызды ала алмаймыз... Ал одан азға біз көнбейміз... Демек, жұмысшы ағайындардың мойнына міне түсу керек, рыноктағы бағаның төмен нарқын олар өздерінің маңдай терімен өтесін... Тек бұл істі қалай болса солай істемеу керек, шеберлікпен істеу керек, біздің оларға нендей сыйлық даярлап қойғанымызды жұмысшылар аңқаулығынан сезбей де қалатын болсын... Бәріне бірден тисең,— бәрі бірден көтеріліп кетеді де, оларға түк істей алмайсың, сондықтан біз ал-

дымен тоқымашы байғұстарды алдап соғайық, сосын басқалары да тырп ете алмайды... Бұл адамсымақтардан қысылып-қымтырылу біздің әдетімізде болған емес, оның қажеті де не? Біздің жаңа сыпырғышымыз тазалау сыпырады...» Сонымен, жұмысшылардың қамын жегіш қожайындар тоқымашыларды қандай халге ұшыратса, ақырындап, ептеп отырып, фабриканың барлық бөлімдеріндегі жұмысшыларды да келешекте нақ сондай халге жеткізгісі келеді... Сондықтан, егер біз бәріміз тоқымашылар бөлімінің тағдырына араласпай, шет қалып қойсақ, онда біз өзімізге өзіміз ор қазамыз, сонан соң көп ұзамай бізді де орға итере салады. Тоқымашылар соңғы кезде, орта есеппен, жарты айда 3 сом 50 тиыннан тауып отырды, ал семьясында 7 адамы барлары осы уақыттың ішінде амалдап 5 соммен күнелтті, ал ері, әйелі және баласы бар семья не бары 2 соммен күнелтті. Қамқоршы Торнтондар өздерінің миллиондарына миллиондар қосып жатқанда, тоқымашылар ақтық киімдерін сатып, ауыр еңбекпен тапқан соңғы тиын-тебенін күн көрісіне жаратты. Бірақ осының бәрі де аз көрінді, сондықтан жұмысшылардың көз алдында құлқынқұмар қожайынның толып жатқан жаңа құрбандары фабриканың қорасынан үсті-үстіне қуып шығарылып жатты, ал жұмысшыларға жасалған қысым өз алдына айуандық қаталдықпен күшейтіле берді... Ешбір ескертпестен жүнге ноллес пен кнопты [30] араластырып жіберетін болды, сондықтан товарды жасау сұмдық баяулап кетті, арқау жіпті іліп алатын сым темірлер, әдейі емес, аңдаусызда болғандай, көбейтіле берді, ақырында, тікелей жұмыс сағатын кеміте бастады, ал енді кездеменің бір тобын 9 шмицтің [31] орнына 5 шмицтен шығара бастап отыр, ондағысы — арқау жіпті алу, даярлау үшін тоқымашы қайта-қайта ұзақ әуреге түссін дейді, ал бұл үшін соқыр тиын ақы төленбейтіні мәлім. Біздің тоқымашыларды қалжыратып барып көндіргісі келеді; кейбір тоқымашылардың есеп айырысу кітапшаларында осы кезде-ақ көріне бастаған 1 сом 62 тиын жарты айлық табыс таяу уақытта тоқыма бөліміндегілердің бәріне бірдей табыс болып қалуы мүмкін... Жолдастар, сіздер де қожайынның осындай қайы-

рымын күтпексіздер ме? Ал егер күтпейді екенсіздер, егер өздеріңіз тәрізді кедейлердің қасіреттеріне жүректеріңіз тас болып қатып үлгермеген екен, онда өзіміздің тоқымашылардың төңірегіне берік топтасыңыздар, бәрімізге ортақ талаптарды қояйық және реті келген сайын өзімізді езушілерден тиімді үлесімізді жеңіп алып отырайық. Жіп иіру бөлімінің жұмысшылары, табыстарыңыздың тұрақты болғанына және азырақ артқанына мәз болмаңыздар... Сіздердің бауырларыңыздың $^2/_3$ бөлігі дерлік фабрикадан шығарылып отыр ғой, жақсы табысты да өздеріңіздің жұмыстан шығарылған жіп иіруші жолдастарыңыздың аштыққа ұшыратылуы арқасында алып отырсыздар ғой. Бұл да сол қожайындардың айла-шарғысы, егер бүкіл мюль-иіру бөлімінің бұрын қанша өндіргенін, қазір қанша өндіріп отырғанын есептесең-ақ, бұл айланы ұғыну қиын емес.— Жаңа бояухананың жұмысшылары! Бояудың жанды уландырған буын өн бойыңа сіңіріп жүріп, күн сайын $14^1/_4$ сағат еңбек істегенде айына табатындарың қазірдің өзінде не бары 12 сом! Біздің талаптарымызға көңіл бөліңдер: мастерлеріңнің олақтығы үшін сендердің жалақыларыңнан заңсыз ақша ұстап қалушылыққа да біз тыйым салғымыз келеді.— Фабрикадағы қара жұмысшылар мен жалпы мамандығы жоқ жұмысшылар! — Маман тоқымашыға тәулігіне 20 тиынмен қанағаттануға тура келіп отырғанда, күндіктеп алатын 60—80 тиын табыстарыңды сол қалпында сақтап қаламыз деп шынымен сенесіңдер ме? — Жолдастар, сақ болыңдар, қожайындардың тұзағына түсіп қалып жүрмеңдер, біріңді бірің мықтап сүйеңдер, әйтпесе, осы қыс біздің бәрімізге ауыр соғады. Қожайындардың бағаны төмендету жөнінде істейтін әдіс-айлаларын біздің бәріміз де аса қырағылықпен бақылап отыруымыз керек және өзімізді апатқа ұшырататын бұл әрекетке бар күшімізбен қарсы тұруымыз керек... Олардың кәсіп жағдайы нашар деген сылтауына құлақ аспаңдар: будан олардың капиталына қосылатын пайдасы ғана азаяды, ал біздің семьяларымыз соңғы бір тілім қара нанынан айрылып, аштық азабына ұшырайды; бұл екеуін бір таразының екі басына салуға бола ма? Қазір алдымен тоқымашы-

ларды қыспаққа алып отыр, сондықтан біз мынадай талаптар қоюымыз керек:

1) тоқыма жұмыстарының бағасы көктемгі мөлшеріне жеткізілсін, яғни бір пшицке 6 тиын шамасындай арттырылсын;

2) жұмысшыға жұмыс басталар алдынан оның бұл жұмыстан қанша табыс табатыны жариялануға тиіс деген заң тоқымашыларға да қолданылатын болсын. Фабрика инспекторы қол қойған табель тек қағаз жүзінде ғана қалып қоймай, заңның талап етуінше, іс жүзіне асырылатын болсын. Мысалы, тоқу жұмысы үшін, осы күнгі жұмыс бағасымен бірге жүннің сапасы, оған араласқан ноллес пен кноптың мөлшері көрсетілуі керек, дайындау жұмыстарына кететін уақыт есептелуі керек;

3) жұмыс уақытын бөлгенде, жұмысшы амалсыз жұмыстан қалмайтындай етіп бөлу керек; мысалы, қазір мынадай етілген: тоқымашы бір топ кездеменің арқауын алу үшін бір күн уақытын жоғалтады, ал сол кездеменің кесегі екі есе дерлік кішірейетіндіктен, тоқымашы табельдегі бағаға қарамастан, бұдан да екі есе зиян көреді. Қожайын біздің табысымызды осы жолмен талағысы келеді екен, онда бізден не жырып алғысы келетінін анық білуіміз үшін, мұнысын ашып істесін;

4) фабрика инспекторы жұмыс бағасында алдаушылық болмауын, бағаның екі түрлі болмауын бақылап отыруға тиіс. Мұның мәнісі — мысалы, баға табелінде сорты бірдей, бірақ аты әр түрлі товарға екі түрлі баға қоюға жол берілмеу керек. Мәселен, біз биберді 4 сом 32 тиыннан, уралды [32] не бары 4 сом 14 тиыннан тоқыдық,— ал жұмысы жөнінен бұл екеуі бір емес пе? Аты бір товардың жұмысына екі түрлі баға қойылуы одан да сорақы алдау болып табылады. Сөйтіп, Торнтон мырзалар штраф туралы заңды аттап өтіп отыр, ал ол заңда жұмысшының салдыр-салақтығынан бүлінген зат үшін ғана штраф салуға болады, мұндай жағдайда жалақыдан ұсталып қалатын ақша штраф салынғаннан кейін үш күннен кешіктірілмей жұмыс кітапшасының штраф деген графасына жазылуға тиіс. Қайткенмен де штрафтың бәрі бірдей қалаң есепте болуы тиіс, ал одан

құралған сома фабриканттың қалтасына түспей, осы фабрикадағы жұмысшылардың мұқтажына жұмсалуы керек. Ал біздің кітапшаларымызға қарасаңыз — таптаза, штраф деген жоқ, біздің қожайынымыз басқа қожайындардың бәрінен де асқан қайырымды-ау деп ойлап қалуға болады. Ал шынында, олар біздің білмейтіндігімізді пайдаланып, заңды аттап өтеді де, өздерінің пайдасына оп-оңай шығара қояды... Көресіздер ме, бізге штраф салмайды, бізге арзан бағамен ақы төлеп, бізден шегеріп қалады, ал екі баға — төмен баға мен көтеріңкі баға — болып тұрғанда, оларға ештеңе дей алмайсың, олар өз пайдасына үсті-үстіне ақша ұстап қала береді;

5) бір баға енгізілуімен бірге, әрбір шегерілген ақша штраф графасына жазылсын және оның неге шегерілгендігі көрсетілсін.

Сонда штрафтың жөнсіз салынғаны бізге көрініп тұрады, біздің еңбегіміздің текке кетуі азаяды және осы күнге дейін болып келген сорақылықтар азаяды, мысалы, бояуханада осындай сорақылықтар болып келді, онда олақ мастердің кінәсынан жұмысшылар өнімді аз өндірген, заң бойынша бұл еңбекке ақы төлемеуге себеп болмауға тиіс, өйткені бұған жұмысшының салақтығының қатысы жоқ. Өзіміздің түк айыбымыз болмаса да, біздің бәрімізден мұндай ақша ұстап қалған реттер аз ба?

6) бізден пәтер ақыны 1891 жылға дейін қанша алып келсе, қазір де сонша алуын, яғни кісі басына айына 1 сомнан алуын талап етеміз, өйткені біздің мына табысымыздан пәтерге 2 сом төлеу мүлде мүмкін емес және оны не үшін төлемекпіз?.. Мына кір, сасық, тар және өрт шығып кету қаупі бар жеркепе үшін бе? Естеріңізде болсын, жолдастар, бүкіл Питерде айына 1 сом пәтер ақы жеткілікті болып есептеледі, тек біздің қамқоршысыған қожайындарымыз ғана бұған қанағаттанбай жүр, біз бұл ретте де қомағайлығын тежеуге оларды мәжбүр етуіміз керек. Жолдастар, біз бұл талаптарды қорғағанда, тіпті де бүлік шығарып отырғанымыз жоқ, басқа фабрикалардағы барлық жұмысшылар заң

бойынша қазір нені пайдаланып отырса, бізді өз праволарын қорғай білмейді деп үміттеніп, бізден нені тартып алса, тек соны ғана беруін талап етіп отырмыз. Біздің «қамқоршыларымыздың» қателескенін осы жолы көрсетейік.

1895 ж. 7(19) ноябрьден кешірек жазылған

Мимеографта листовка етіп басылған

«Работник» жинағының 1896 ж. 1—2-номеріндегі текстімен салыстырылып, листовканың тексті бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ МИНИСТРЛЕР НЕ ОЙЛАЙДЫ? [33]

1895 ж. ноябрь—декабрьде,
кеш дегенде 8(20) декабрьде
«Рабочее Дело» газеті
үшін жазылған

Бірінші рет 1924 ж. 27 январьда
«Петроградская Правда»
газетінің 22-номерінде басылған

Полиция департаментінің
іс қағаздарында сақталған
машинкамен жазылған көшірме
бойынша басылып отыр

Ішкі істер министрі Дурново ізгі синодтың обер-прокуроры Победоносцевке хат жазған. Хат 1895 жылғы 18 мартта жазылған, № 2603; хаттың үстінде «өте құпия» деген жазу бар. Демек, министр бұл хатты өте құпия сақтамақ болған. Бірақ орыс азаматтары үкіметтің ниетін білуге тиіс емес деген министр мырзаның пікірлерін қостамайтын адамдар табылыпты, міне енді осы хаттың қолдан жазылған көшірмесі жер-жердің бәріне тарап жүр.

Дурново мырза Победоносцев мырзаға не туралы жазған?

Ол жексенбілік мектептер туралы жазыпты. Хатта былай делінген: «60-жылдардың үлгісі бойынша, саяси жағынан сенімсіз адамдар, сол сияқты белгілі бағыттағы оқушы жастардың бір бөлігі жексенбілік мектептерге кіріп, оқытушы, лектор, кітапханашы, т. с. с. қызметкер болуға ұмтылатынын соңғы жылдар ішінде алынған мәліметтер дәлелдейді. Мұндай мектептерде қызметке ақы төленбейтін болғандықтан, осындай қызметке жаппай ұмтылушылықты тіпті күнелтуге қаражат табу үшін істеліп отырған амал деуге болмайды, мұның өзі әлгі айтылған құбылыстың үкіметке қарсы элементтердің Россиядағы қазіргі мемлекеттік тәртіп пен қоғамдық құрылысқа қарсы жария (заңға сүйенген) күресінің бір амалы екенін көрсетеді».

Министр мырза, міне, осылай деп ойлайды! Білімді адамдардың ішінде өздерінің білімдерін жұмысшыларға

үйреткісі келетіндер, білімдерінің тек өздеріне ғана емес, халыққа да пайда келтіргенін тілейтіндер болады ғой,— мұндайда министр дереу: бұл «үкіметке қарсы элементтердің ісі» деп, яғни қайдағы бір қаскүнемдер жұртты жексенбілік мектептерге баруға азғырып жүр деп ұйғара қояды. Біреу-біреу азғырмай-ақ кейбір білімді адамдарда басқаларды оқытуға деген тілек тумай ма екен? Бірақ министрді жексенбілік мектептердің оқытушылары жалақы алмайтыны қинайды. Ол өзіне қызмет ететін шпиондар мен чиновниктердің тек жалақы үшін қызмет ететінін, ақшаны кім көп төлесе, соның қызметін істейтінін көріп дағдыланып қалған, ал кенет мына мектептерде жұрт жұмыс істейді, қызмет етеді, оқытады және осының бәрін... тегін істейді. Сезікті іс екен! деп ойлайды министр, сөйтеді де бұл істі барлап қайтуға шпиондарын жұмсайды. Хатта одан әрі былай делінген: «Төмендегі мәліметтерден» (сол қызметі үшін жалақы алып, күн көретін шпиондардан түскен мәліметтерден) «мынадай жағдай анықталды: зиянды бағыттағы адамдар тек оқытушылар арасында ғана кездесіп қоймайды, кейде мектептердің өздеріне де сенімсіз адамдардың тұтас бір үйірмесі жасырын басшылық етіп отырады, ол үйірменің ресми қызметшілер санына мүлде қосылмайтын мүшелері өздері қойған мұғалімдердің және мұғалималардың шақыруы бойынша, әр кеш сайын лекциялар оқиды, оқушылармен сабақ өткізеді... Бөтен адамдарға лекция оқуға мүмкіндік беретін тәртіп тікелей революцияшыл ортадан келген адамдардың лекторлар қатарына еніп кетуіне кең жол ашады».

Сонымен, поптар мен шпиондар тексеріп, мақұлдамаған «бөтен адамдар» жұмысшыларды оқытқысы келсе, бұл тұп-тура революция жасау болады екен! Министр жұмысшыларды оқ-дәрі деп, ал оқу мен білімді ұшқын деп біледі; егер дәріге ұшқын түссе, қопарылыстың дүмпуі ең алдымен үкіметті шарпитынына министрдің сенімі кәміл.

Мұндай сирек кездесетін ретте бұл мәртебелі тақсырдың көзқарасына толығынан және сөзсіз қосылатыны-

мызды шын ықыласпен білдіріп қалудан бас тарта алмаймыз.

Одан кейін министр хатында өз «мәліметінің» дұрыстығына «дәлелдер» келтіреді. Бұл дәлелдері тамаша!

Біріншіден, «бір жексенбілік мектеп оқытушысының хаты, оның фамилиясы осы күнге дейін анықталмай қалып отыр». Бұл хат тінткен кезде табылған. Хатта тарих сабақтарының программасы туралы, сословиелерді құлдыққа түсіру және құлдықтан құтқару идеясы туралы айтылған, Разин мен Пугачевтің бүлігі жайында сөз болған.

Сірә, қайырымды министр дәл осы адамдардың аттарынан өте қорқып кетсе керек: оқыған бойда оның көзіне самсаған айыр елестеген болар.

Екінші дәлел:

«Ішкі істер министрлігінде Москваның жексенбілік мектептерінің біреуінде жұрт алдында оқылатын лекциялардың жасырын жолмен алынған программасы бар, оның мазмұны мынандай: «Қоғамның тууы. Алғашқы қоғам. Қоғамдық ұйымның дамуы. Мемлекет және оның не үшін керектігі. Тәртіп. Бостандық. Әділеттік. Мемлекеттік құрылыстың формалары. Абсолюттік және конституциялық монархия. Еңбек — жалпы игіліктің негізі. Пайдалылық және байлық. Өндіріс, айырбас және капитал. Байлық қалай бөлінеді. Әркімнің өз мүддесін көздеуі. Меншік және оның қажеттігі. Шаруаны жерімен бірге азат ету. Рента, пайда, жалақы. Ақы және оның түрлері не нәрсеге байланысты. Ұқыптылық».

Халық мектебі үшін мүлдем жарамсыз бұл программа бойынша оқыту лектордың тыңдаушыларды біртебірте Карл Маркстің, Энгельстің, т. б. теорияларымен де таныстыруына толық мүмкіндік береді, ал лекцияда социал-демократиялық пасихаттың бастамасы барлығын епархия бастықтарының тағайындауынша қатысып отырған адам аңғармай қалуы мүмкін».

Сірә, «Маркс пен Энгельс теорияларының» тіпті ізі де жоқ программаның өзінен сол теориялардың «бастамасын» тапқанына қарағанда, министр мырза ол теориялардан қатты қорқатын болса керек. Министр бұл программаның қай жерін «жарамсыз» деп тауып отыр?

Сірә, мемлекеттік құрылыстың формалары мен конституция туралы мәселе ғой.

Министр мырза-ау, география оқулықтарының кез келген біреуін алып қараңызшы, сіз одан осы мәселелерді табасыз! Балаларға үйрететін нәрсені қалайша ересек жұмысшылардың білуіне болмайды?

Бірақ министр мырза епархия мекемесі қойған адамдарға сенбейді: «сірә, не айтылып тұрғанын түсіне қоймас»,— дейді.

Хаттың аяғында Москвадағы Прохоров мануфактурасы серіктігінің фабрикасы жанынан ашылған жексенбілік шіркеу-приход мектебіндегі, Ельцы қаласының жексенбілік мектебіндегі және Тифлис қаласында ашылғалы отырған мектептегі «сенімсіз» оқытушылардың тізімі келтірілген. Дурново мырза Победоносцев мырзаға «мектептерде сабақ беруге рұқсат етілген адамдарды жете тексерумен» шұғылдануға кеңес берді. Енді осы оқытушылардың тізімін оқығанда төбе шашың тік тұрады: бәрі де бұрынғы студент, бәз-баяғы бұрынғы студент, тағы сол бұрынғы курсистка. Министр мырза оқытушылардың бұрынғы унтерлерден болғанын ұнататын болар.

Министр мырза Ельцы қаласындағы мектептің «Сосна өзенінің арғы бетінде, көбінесе қара халық» (о, сұмдық!) «және мастеровойлар тұратын, темір жол шеберханасы бар жерге орналасқанын» айрықша үреймен айтады.

Мектепті «қара халық пен мастеровойлардан» неғұрлым алыс, неғұрлым аулақ ұстау керек.

Жұмысшылар! Білім мен жұмысшы адамдарды бір арнаға қосудан біздің министрлердің өлердей қорқатынын көріп отырсыздар ма! Жұмысшылардың санасын ешқандай күш тартып ала алмайтынын бүкіл жұртқа көрсетіңдер! Білімсіз жұмысшылар — дәрменсіз, білімі болса, олар — зор күш!

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТҮСІНДІРУ [34]

«Программаның жобасы» 1895 ж. 9(21) декабрьден кешірек, «Программаны түсіндіру» — 1896 ж. июнь — июльде түрмеде жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 3-номерінде басылған

«Программаның жобасы» 1900 ж. «Научное Обозрение» журналының [35] 5-номерінің жол арасына түссіз сиямен жазылған және гектографта басылған текстпен салыстырылған қолжазба бойынша, «Программаны түсіндіру» — гектографта басылған текст бойынша басылып отыр

ПРОГРАММАНЫҢ ЖОБАСЫ

А. 1. Россияда ірі фабрикалар мен заводтар ұсақ майдагерлер мен шаруаларды күйзелте отырып, оларды мүліксіз жұмысшыларға айналдырып, халықты қалаларға, фабрикалы және өнеркәсіпті селолар мен мекендерге қуып-тығуын үсті-үстіне көбейте отырып, барған сайын тез дамып келеді.

2. Капитализмнің бұл өсуі ат төбеліндей фабриканттардың, көпестердің және жер иелерінің байлығы мен сән-салтанатының орасан зор көлемде артуын және жұмысшылардың қайыршылығы мен езілуінің бұрынғыдан да тез өсуін көрсетеді. Ірі фабрикалардың өндірісті жақсартып, машиналарды енгізуі қоғамдық еңбек өнімділігінің артуына жағдай туғыза отырып, капиталистердің жұмысшыларға өктемдігін күшейтеді, жұмыссыздықты көбейтеді, сонымен бірге жұмысшыларды қорғансыздыққа да душар етеді.

3. Бірақ ірі фабрикалар капиталдың еңбекті қанауын шегіне жеткізе отырып, капиталға қарсы күрес жүргізуге мүмкіншілік алатын айрықша жұмысшы табын құрады, өйткені оның тіршілік жағдайларының өзі жұмысшылардың меншікті шаруашылықпен байланысының бәрін бұзады және жұмысшыларды ортақ жұмыс арқылы біріктіріп, оларды фабрикадан фабрикаға көшіре келіп, жұмысшы халық бұқарасын топтастырады. Жұмысшылар капиталистерге қарсы күресе бастайды, сөйтіп олардың арасында бірігуге талпыну күшейеді.

Жұмысшылардың жеке көтерілістерінен орыс жұмысшы табының күресі қалыптасады.

4. Жұмысшы табының капиталистер табына қарсы бұл күресі — біреудің еңбегімен күн көретін барлық таптарға қарсы және қанаушылық атаулыға қарсы күрес. Бұл күрес саяси өкіметтің жұмысшы табы қолына көшуімен ғана, барлық жерді, құрал-саймандарды, фабрикаларды, машиналарды, рудниктерді социалистік өндіріс құру үшін бүкіл қоғамның қолына берумен ғана аяқталады, социалистік өндірістің тұсында жұмысшылардың барлық өндіргені және өндірісте болған барлық жақсартулар еңбекшілердің өз пайдасына жұмсалуға тиіс.

5. Орыс жұмысшы табының қозғалысы өзінің сипаты мен мақсаты жағынан барлық елдердегі жұмысшы табының халықаралық (социал-демократиялық) қозғалысының бір бөлігі саналып, соған кіреді.

6. Орыс жұмысшы табының өз азаттығы жолындағы күресіне басты кедергі — шексіз самодержавиелік үкімет, оның жауапсыз чиновниктері. Жер иелері мен капиталистердің артықша жағдайына және олардың мүдделеріне жарамсақтана қызмет етуге сүйеніп, үкімет төменгі сословиелерді толық правосыз күйде ұстап отыр, сөйтіп жұмысшылар қозғалысын матап, бүкіл халықтың дамуына кедергі жасап келеді. Сондықтан орыс жұмысшы табының өз азаттығы жолындағы күресі самодержавиелік үкіметтің шексіз өктемдігіне қарсы күресті сөзсіз тудырады.

Б. 1. Орыс социал-демократиялық партиясы орыс жұмысшы табының бұл күресіне жұмысшылардың таптық сана-сезімін дамыту арқылы, олардың ұйымдасуына көмек көрсету арқылы, күрестің міндеттері мен мақсаттарын көрсету арқылы жәрдем беруді өзінің міндеті деп жариялайды.

2. Орыс жұмысшы табының өз азаттығы жолындағы күресі — саяси күрес, сондықтан оның бірінші міндеті саяси бостандыққа жету болып табылады.

3. Сондықтан орыс социал-демократиялық партиясы өзін жұмысшы қозғалысынан бөлектемей, самодержавиелік үкіметтің шексіз өктемдігіне қарсы, артықша

жағдайдағы жер иеленуші дворяндар табына қарсы және бәсеке еркіндігіне қысым жасайтын крепостниктік тәртіп пен сословиелік тәртіптің барлық қалдықтарына қарсы қоғамдық қозғалыстың қандайын болса да қолдайды.

4. Ол ол ма, орыс социал-демократиялық жұмысшы партиясы шексіз билік жүргізетін үкімет пен оның чиновниктерінің еңбекші таптарға қамқорсыған болып, капитализмнің дамуын кідіртуге, олай болса, жұмысшы табының өсуін де тежеуге әрекет жасауының бәріне қарсы күрес жүргізіп отырады.

5. Жұмысшы табын азат ету жұмысшылардың өз ісі болуға тиіс.

6. Орыс халқына керегі — шексіз билік жүргізетін үкіметтің және оның чиновниктерінің жәрдемі емес, қайта, олардың езгісінен азат болу.

В. Осы көзқарастарға сүйеніп, орыс социал-демократиялық партиясы ең алдымен мыналарды талап етеді:

1. Конституция жасап шығару үшін барлық азаматтардың өкілдерінен құрылған Земство жиынын шақыру.

2. Дін және ұлт айырмашылығына қарамай 21 жасқа толған орыс азаматтарының бәріне жалпыға бірдей, тікелей сайлау правосын беру.

3. Жиналыстар, одақтар және стачкалар бостандығы.

4. Баспасөз бостандығы.

5. Сословиелерді жою және барлық азаматтардың заң алдында толық тең болуы.

6. Дін бостандығы және барлық ұлттардың тең праволы болуы. Метрика жүргізуді полицияға тәуелсіз, өзі жүргізетін азаматтық чиновниктер қолына беру.

7. Әрбір азаматқа қандай чиновникті болса да, бастықтарға шағым етпестен-ақ, сот алдында қудалауға право беру.

8. Паспорттарды жою, бір жерден екінші жерге көшуге және қоныс ауыстыруға толық бостандық беру.

9. Кәсіпшілікке, түрлі кәсіп істеуге бостандық беру және цехтарды жою.

Г. Жұмысшылар үшін орыс социал-демократиялық партиясы мынаны талап етеді:

1. Өнеркәсіп салаларының бәрінде капиталистер мен жұмысшылардан тең сайланып қойылған судьялары бар өнеркәсіптік сот құру.

2. Жұмыс күнін тәулігіне 8 сағаттан арттырмауды заң жүзінде белгілеу.

3. Түнгі жұмыс пен түнгі сменаға заң жүзінде тыйым салу. Жасы 15-ке толмаған балалардың жұмыс істеуіне тыйым салу.

4. Мейрам күндерінде демалуды заң жүзінде белгілеу.

5. Фабрикалық заңдар мен фабрика инспекциясын бүкіл Россиядағы өнеркәсіптің барлық салаларына, қазына фабрикаларына және үйге жұмыс алып істейтін майдагерлерге де қолдану.

6. Фабрика инспекциясының өз алдына ережесі болуға тиіс және ол финанс министрлігінің қарауында болмасын. Өнеркәсіптік соттардың мүшелері фабрикалық заңдардың орындалуын бақылау жөніндегі фабрика инспекциясымен бірдей право алады.

7. Товардай ақы төлеуге қай жерде болса да мүлдем тыйым салу.

8. Бағаны дұрыс белгілеуді, товарды бракқа шығаруды, штрафтан түскен ақшаның жұмсалуын және жұмысшылардың фабрикадан алған пәтерлерін жұмысшылардан сайланып қойылатын адамдардың бақылауы.

Қандай жолдармен болса да (штраф, бракқа шығару және басқалар) жұмысшылардың жалақысынан ұсталынатын ақша, барлығын қосқанда, әр сомға 10 тиыннан аспауы туралы заңның қабылдануы.

9. Жұмысшылардың мүгедек болуына фабриканттардың жауаптылығы, кінә жұмысшылар жағынан болған күнде, мұны фабриканттардың дәлелдеуге міндеттілігі туралы заңның қабылдануы.

10. Фабриканттардың мектеп ұстауға және жұмысшыларға дәрігерлік жәрдем беруге міндеттілігі туралы заңның қабылдануы.

Д. Шаруалар үшін орыс социал-демократиялық партиясы мыналарды талап етеді:

1. Сатып алу төлемін жою және өтеліп қойған сатып алу төлемі [36] үшін шаруаларға ақы төлеу. Шаруалардың қазынаға артық төлеген ақшаларын қайтарып беру.

2. 1861 жылы шаруалардан кесіліп алынған жерлерді өздеріне қайыру.

3. Шаруалардың жері мен помещиктердің жері алым және салық төлеуде толық тең болуы.

4. Жаппай кепілдікті [37] және шаруалардың өз жерлерін билеуіне бөгет болатын барлық заңдарды жою.

ПРОГРАММАНЫ ТҮСІНДІРУ

Программа негізгі үш бөлімге бөлінеді. Бірінші бөлімде барлық көзқарастар айтылады, программаның басқа болімдері осы көзқарастардан туады. Бұл бөлімде осы заманғы қоғамда жұмысшы табының қандай орын алатыны, оның фабриканттарға қарсы күресінің қандай маңызы, мағынасы бары және орыс мемлекетінде жұмысшы табының саяси жағдайының қандай екендігі көрсетіледі.

Екінші болімде *партияның міндеті* айтылады және оның Россиядағы басқа саяси бағыттармен қатынасының қандай екені көрсетіледі. Мұнда партияның және өздерінің таптық мүдделерін түсінетін барлық жұмысшылардың қызметі қандай болу керектігі және олардың орыс қоғамындағы басқа таптардың мүдделері мен талаптарына қалай қарауы керектігі жайында айтылады.

3-бөлімде партияның практикалық талаптары баяндалған. Бұл бөлім 3 бөлімшеге бөлінеді. 1-бөлімшеде жалпы мемлекеттік қайта құру талабы айтылған. 2-бөлімшеде жұмысшы табының талаптары мен программасы көрсетілген. 3-бөлімшеде шаруалардың пайдасын көздейтін талаптар келтірілген. Бұл бөлімшелер жөнінде кейбір қосымша түсініктер төменде, программаның практикалық бөліміне көшу алдында берілген.

А. 1. Программа бәрінен бұрын ірі фабрикалар мен заводтардың тез өсуі туралы айтады, өйткені бұл — осы заманғы Россиядағы ескі тұрмыс жағдайының бәрін, әсіресе еңбекші таптың тұрмыс жағдайын мүлдем өзгертетін басты құбылыс. Ескі жағдайлардың тұсында

байлықтың бәрін дерлік халықтың орасан зор көпшілігі болған ұсақ қожайындар өндірді. Халық қозғалмастан деревняларда тұрды, өнімнің көпшілігін не өзінің жеке тұтынуы үшін, не көршілес басқа рыноктармен байланысы аз, жақын жердегі селолардың кішкене рыноктары үшін өндірді. Помещиктерге жұмыс істегендер де сол ұсақ қожайындар еді, сондықтан помещиктер оларды өнімнің көпшілігін жеке тұтынуы үшін өндіруге мәжбүр етіп отырды. Үйде өндірілген өнімдер деревняларда тұратын немесе сол төңіректі аралап жұмыс алып жүрген қолөнершілерге өңдеуге беріліп отырды.

Міне, енді, шаруалар азат етілгеннен бері халық бұқарасының бұл тұрмыс жағдайлары толығымен өзгерді: ұсақ қолөнер өндірісінің орнына өте тез өскен ірі фабрикалар шыға бастады; олар ұсақ қожайындарды ығыстырды, оларды жалдама жұмысшыларға айналдырды және жүздеген, мыңдаған жұмысшыларды бір жерде жұмыс істеп, бүкіл Россия көлемінде сатылатын аса көп товар өндіруге мәжбүр етті.

Шаруаларды азат ету халықтың бір орыннан қозғалмауын жойды және шаруаларды өз иелігіндегі ұлтарақтай жермен тамақ асырай алмайтындай халге түсірді. Халық бұқарасы фабрикаларға, Россияның түкпір-түкпірін жалғастыратын және ірі фабрикалардың товарларын әр жаққа таситын темір жолдар салуға барып табыс іздеуге шықты. Халық бұқарасы табыс іздеп қалаларға барды, фабрика үйлері мен сауда үйлерін салу, фабрикаларға отын жеткізу, оларға материал әзірлеу ісімен айналысты. Ақырында, көп адамдар өздерінің өндірісін кеңейтуге үлгіре алмаған фабриканттар мен көпестердің таратқан жұмысын үйіне алып істеді. Осындай өзгерістер егіншілікте де болды, помещиктер астықты сату үшін өндіре бастады, шаруалар мен көпестердің ішінен ірі егіншілер шықты, жүз миллиондаған пұт астық шетелдерге сатыла бастады. Астық өндіруге жалдама жұмысшылар керек болды, сондықтан жүз мыңдаған, миллиондаған шаруалар өздерінің болмашы жерін тастап, астықты сату үшін өндіретін жаңа қожайындарға батырақ және күндікші болып кетті. Программа ескі тұрмыс жағдайларының, міне, осы өзгерістерін су-

реттейді, ірі фабрикалар мен заводтардың ұсақ майдагерлер мен шаруаларды күйзелтетінін, оларды жалдама жұмысшыларға айналдыратынын айтады. Ұсақ өндірістің орнына қайда болмасын ірі өндіріс орнығып жатыр және бұл ірі өндірістегі жұмысшылардың көпшілігі — енді аса көп капиталдары бар, зор шеберханалар құратын, көп материалдар сатып алатын және біріккен жұмысшылардың осыншалықты көп өндірген өнімінен түскен пайданың бәрін өз қалтасына салатын капиталиске жалақы үшін жұмыс істейтін жай жалдамалар ғана. Өндіріс капиталистік өндіріске айналды және ол барлық ұсақ қожайындардың деревняларда бір орыннан қозғалмай отыратын тұрмысын бұзып, оларды капиталға өздерінің еңбегін сату үшін бүкіл елдің ол шетінен бұл шетіне жай қара жұмысшы болып баруға мәжбүр етті, аяусыз, рақымсыз езгіге түсірді. Халықтың көпшілігі барған сайын деревнядан және ауыл шаруашылығынан мүлде қол үзеді де, қалаларға, фабрикалы және өнеркәсіпті селолар мен мекендерге жиналады, сөйтіп ешбір меншігі жоқ адамдардың өзгеше табын, өзінің жұмыс күшін сатумен ғана күн көретін жалдама жұмысшы-пролетарлар табын құрады.

Міне, ірі фабрикалар мен заводтардың ел тұрмысына енгізген зор өзгерістері осы: ұсақ өндірістің орнына ірі өндіріс болады, ұсақ қожайындар жалдама жұмысшыларға айналады. Бұл өзгеріс бүкіл еңбекші халыққа нені көрсетеді және неге апарып соғады? Программада бұдан әрі, міне, осы жөнінде сөз болады.

А. 2. Ұсақ өндірістің ірі өндіріске айналуымен қатар, жеке қожайынның қолындағы ұсақ ақша қаражаты зор капиталға айналады, ұсақ, болмашы пайда миллиондаған пайдаға айналады. Сондықтан капитализмнің өсуі қайда болмасын сән-салтанат пен байлықтың өсуіне жеткізеді. Россияда ірі ақшалы шонжарлардың, фабриканттардың, темір жолшылардың, көпестердің, банкирлердің тұтас бір табы құрылды, өнеркәсіпшілерге процентке беріп отыратын ақша капиталының табысымен тұратын адамдардың тұтас бір табы құрылды; шаруалардан жер үшін көп төлем алып және арендаға берілген жердің бағасын қымбаттату үшін шаруалардың

жерге мұқтаждығын пайдаланып, өз имениелерінде қант қызылшасын өңдейтін және шарап ашытатын ірі заводтар салып, ірі жер иелері байып кетті. Осы бай таптардың бәрінде сән-салтанат пен ағыл-тегіл байлық бұрын болмаған дәрежеге жетті, сөйтіп үлкен қалалардың салтанатты көшелерінде олардың князьдік палаталары мен сәнді сарайлары салынды. Бірақ капитализм өскен сайын жұмысшылардың жағдайы нашарлай берді. Олардың табысы шаруалар азат болғаннан кейін кейбір жерлерде көбейгенімен, өте аз көбейді және мұның өзі ұзаққа барған жоқ, өйткені деревнядан ағылып келіп жатқан аш халық бағаны төмендетті, ал сонымен қатар ішіп-жеуге, тіршілікке керекті заттар қымбаттай берді, сөйтіп тіпті жұмысшылардың ақысы көбейген күнде де, олар тіршілік қаражатын аз алды; табыс табу барған сайын қиындай түсті, сөйтіп байлардың сәнді палаталарымен қатар (немесе қаланың сыртында), подвалдарда, дымқыл әрі салқын тар пәтерлерде, ал ол болмаса, жаңа өнеркәсіп орындарының айналасындағы жеркепелерде тұруға мәжбүр болған жұмысшылардың лашықтары қаптап кетті. Капитал іріленген сайын ол жұмысшыларға түсіретін салмағын ауырлата берді, оларды қайыршыға айналдырды, барлық уақытын фабрикада өткізуге мәжбүр етті, олардың әйелдері мен балаларын жұмысқа айдады. Сонымен, капитализмнің өсуі апарып соғатын бірінші өзгеріс мынау: ат төбеліндей аз капиталистердің қолында орасан зор байлық жиналады, ал халық бұқарасы қайыршыға айналады.

Екінші өзгеріс: ұсақ өндірістің орнына ірі өндірістің келуі өндірісті көп жақсартты. Бәрінен бұрын әрбір кішкене шеберханада, әрбір ұсақ қожайында жалғыз-жарымдап, бытырап, жеке-жеке еңбек етудің орнына, бір фабрикада, бір жер иесінде, бір мердігерде бірлесіп еңбек ететін жұмысшылар жұмыс істейтін болды. Бірлескен еңбек жеке еңбек етуден әлдеқайда табысты (өнімді) және товарды анағұрлым жеңіл, тез өндіруге мүмкіндік береді. Бірақ бұл жақсартулардың бәрін капиталист жалғыз өзі пайдаланады, ол жұмысшылардың өздері өндіргенінен оларға болмашы тиын-тебен төлейді де, жұмысшылардың бірлескен еңбегінен түсетін бар-

лық пайданы тегін иемденеді. Капиталист күшейген үстіне күшейе береді де, жұмысшы әлсіреген үстіне әлсірей береді, өйткені жұмысшы белгілі бір жұмысқа дағдыланып қалады да, басқа жұмысқа көшу, кәсібін өзгерту оған қиынырақ болады.

Өндірісті жақсартатын тағы бір анағұрлым маңызды нәрсе — капиталист қолданатын *машиналар*. Машинаны қолданудан еңбектің табыстылығы әлденеше есе артады; бірақ капиталист бұл тиімділіктің бәрін жұмысшыларға қарсы жұмсайды: машинаның дене еңбегін аз керек ететінін пайдаланып, капиталист машинаға әйелдер мен балаларды қояды да, оларға ақыны аз төлейді. Машинаны қолданғанда жұмысшылардың анағұрлым аз керек болатынын пайдаланып, капиталист жұмысшыларды топ-тобымен фабрикадан шығарады, сөйтіп жұмысшыны қанауды бұрынғыдан да күшейту үшін, жұмыс күнін ұзарту үшін, жұмысшылардың түнгі демалысын жойып, оны машинаның жай бір шылауына айналдыру үшін осы жұмыссыздықты пайдаланады. Машиналарды қолданудан туған және үнемі өсіп келе жатқан жұмыссыздық енді жұмысшының мүлдем қорғансыз қалуына апарып соғады. Оның шеберлігінің құны түседі, оның орнына машинаға тез жаттығатын және аз ақыға да жұмыс істеуге риза жай қара жұмысшыны қоя салады. Капиталдың барған сайын күшейе түскен қысымынан қорғануға жасалған әрекеттің бәрі жұмыстан шығып қалуға әкеп соғады. Жеке-дара жұмысшы капиталға қарсы тұруға мүлдем дәрменсіз болып шығады, машина оны жаныштап тастау қаупін туғызады.

А. 3. Алдыңғы пунктке берген түсінігімізде біз, машинаны қолданушы капиталиске қарсы тұруға жұмысшылардың жеке-дара жүріп дәрменсіз және қорғансыз болатындығын көрсеттік. Жұмысшының өзін қорғап қалу үшін, капиталиске қарсы соққы беруге қайткен күнде де құрал іздеп табуына тура келеді. Ал, мұндай құралды олар *бірігуден* табады. Жеке-дара жүргенде дәрменсіз жұмысшы өзінің жолдастарымен біріккенде күшке айналады, капиталиске қарсы күресуге және оған тойтарыс беруге мүмкіндік алады.

Енді ірі капиталға қарсы тұрған жұмысшы үшін *бірігу* қажет болады. Бірақ, бір фабрикада жұмыс істеп жүргенмен, бірін-бірі білмейтін қырық ру халықты біріктіру мүмкін бе? Программа жұмысшыларды бірігуге дайындайтын және олардың біріге білуін, бірігу қабілетін дамытатын жағдайларды көрсетеді. Бұл жағдайлар мыналар: 1) жыл бойы үздіксіз жұмыс істеуді керек ететін машиналы өндірісі бар ірі фабрика жұмысшының жермен және меншікті шаруашылықпен байланысын мүлдем үзеді, оны толық пролетарға айналдырады. Ал ұлтарақтай жердегі меншікті шаруашылық жұмысшылардың басын біріктірмейтін, олардың әрқайсысына жолдасының мүддесінен басқа кейбір өзгеше мүдде туғызатын, сөйтіп олардың бірігуіне бөгет болатын еді. Жұмысшының жерден айрылуы бұл бөгетті бұзады. 2) Сонан соң, жүздеген, мыңдаған жұмысшылардың бірігіп жұмыс істеуінің өзі барлық жұмысшылар бұқарасының жағдайлары мен мүдделері бірдей екенін айқын көрсетіп, жұмысшыларды өз мұқтаждарын бірігіп талқылауға, бірігіп әрекет жасауға үйретеді. 3) Ақырында, жұмысшылардың бір фабрикадан екінші фабрикаға үнемі орын ауыстырып отыруы оларды түрлі фабрикалардағы жағдайлар мен тәртіптерді салыстырып қарауға, барлық фабрикалардағы қанаудың бірдей екеніне көздерін жеткізуге, басқа жұмысшылардың капиталиспен қақтығысудағы тәжірибесін пайдалануға үйретеді, сөйтіп жұмысшылардың топтасуын, ынтымағын күшейтеді. Міне, осы жағдайлардың бәрін бірге алғанда, ірі фабрикалар мен заводтардың пайда болуы жұмысшылардың бірігуін керек етті. Орыс жұмысшыларының арасындағы бұл бірігушілікті бәрінен гөрі жиірек, бәрінен гөрі күштірек көрсететін нәрсе — стачка (одақтар мен кассалар түрінде бірігуге біздің жұмысшылардың неліктен қолы жетпейтіні туралы кейін айтамыз). Ірі фабрикалар мен заводтар неғұрлым күшті дамыса, жұмысшы стачкалары соғұрлым жиі, күшті және табанды болады, демек, капитализмнің езгісі неғұрлым күшті болса, жұмысшылардың бірігіп қарсылық көрсетуі соғұрлым керек болады. Стачкалар және жұмысшылардың жеке көтерілістері, программада айтылғанындай,

қазіргі уақытта орыс фабрикаларында ең көп таралған құбылыс болып отыр. Бірақ, капитализм өскен сайын және стачкалар жиілеген сайын, бұлар жеткіліксіз болады. Фабриканттар бұларға қарсы жалпы шаралар қолданып отырады: олар өзара одақ құрады, олар жұмысшыларды басқа жерлерден шақырады, олар жұмысшылардың қарсылығын басып-жаншуға жәрдемдесетін мемлекеттік өкіметтен өздеріне көмек сұрайды. Жұмысшыларға енді қарсы тұрған — әрбір жеке фабриканың жеке фабриканты емес, оларға қарсы тұрған — жәрдем беретін үкіметі бар *бүкіл капиталистер табы*. Бүкіл *капиталистер табы* стачкаларға қарсы жалпы шаралар іздеп тауып, үкіметке жұмысшыларға қарсы заңдар шығартып, фабрикалар мен заводтарды мейлінше алыс түкпірлерге көшіріп, жұмыстарын үйге істеуге беруді және жұмысшыларға қарсы мыңдаған басқа да түрлі қулық-сұмдықтарды пайдаланып, бүкіл *жұмысшылар табына* қарсы күреске шығады. Бүкіл капиталистер табына соққы беру үшін жеке фабриканың жұмысшыларын, тіпті өнеркәсіптің жеке салаларындағы жұмысшыларды біріктірудің өзі де жеткіліксіз болады, *бүкіл жұмысшылар табының* бірігіп күш жұмсауы сөзсіз қажет болады. Сөйтіп, жұмысшылардың жекелеген көтерілістері бүкіл жұмысшы табының күресіне ұласады. Жұмысшылардың фабриканттарға қарсы күресі *тап күресіне* айналады. Барлық фабриканттарды біріктіретін бір мүдде — жұмысшыларды бағынышты етіп ұстау және оларға мүмкін болғанынша жұмыс ақысын аз төлеу. Сондықтан бүкіл фабриканттар табы бірігіп әрекет етпейінше, мемлекеттік өкіметке ықпалын жүргізбейінше өздерінің ісін сақтап қала алмайтынына фабриканттардың көздері жетеді. Жұмысшыларды да нақ сондай бір ортақ мүдде — өзін капиталистің жаншуына бермеу, өмір сүру және адамша тіршілік ету правосын сақтап қалу мүддесі біріктіреді. Сондықтан жұмысшыларға бірігудің керектігіне, бүкіл таптың — жұмысшы табының — бірге күш жұмсауының керектігіне және бұл үшін мемлекеттік өкіметке ықпалын жүргізе алудың қажеттігіне жұмысшылардың да нақ сондай көзі жетеді.

А. 4. Фабрика жұмысшыларының фабриканттарға қарсы күресінің тап күресіне айналуы, жұмысшы табының — пролетарлардың капиталистер табына — буржуазияға қарсы күресіне айналуы қалайша және неліктен екенін біз түсіндірдік. Бұл күрестің бүкіл халык үшін және бүкіл еңбекшілер үшін маңызы қандай? деген сұрау туады. 1-пунктті түсіндіргенде біз айтқан, қазіргі жағдайларда жалдама жұмысшылар арқылы істелетін өндіріс ұсақ шаруашылықты барған сайын ығыстырып шығара береді. *Жалдама еңбекпен күнелтетін* адамдардың саны тез көбейеді және тек үнемі фабрикаларда істейтін жұмысшылардың саны ғана көбейіп қоймайды, сонымен қатар сол жалдама жұмысты тамақ асырау үшін іздейтін шаруалардың саны да бұрынғыдан бетер көбейе түседі. Қазіргі уақытта жалданып жұмыс істеу, капиталиске жұмыс істеу жұмыстың неғұрлым кең тараған формасына айналды. Капиталдың еңбекке үстемдік етуі тек өнеркәсіпте ғана емес, егіншілікте де қалың халық бұқарасын қамтыды. Жалдама еңбекті, міне, осылай қанауды, қазіргі қоғамның негізінде тұрған қанауды ірі фабрикалар дамудың жоғары сатысына жеткізеді. Өнеркәсіптің барлық салаларында капиталистердің бәрі қолданып отырған, Россиядағы жұмысшы халықтың бүкіл бұқарасына зәбір көрсетіп отырған қанаудың барлық тәсілдері осында, фабрикада, бір жерге жиналады, күшейеді, үнемі қолданылатын ережеге айналады, жұмысшы еңбегінің, тұрмысының барлық жақтарын қамтиды, капиталист тарапынан жұмысшының сөлін сығып алудың тұтас бір тәртібін, тұтас бір жүйесін құрайды. Мұны мысалмен түсіндірейік: егер сол төңіректе мейрам болса, онда жұмысқа жалданған әр адам мейрамда жұмыс істемейді, қай жерде де, әрқашан да тыныға ды. Фабрикада тіпті басқаша: қызметкерді жалдап алған соң, фабрика жұмысшының әдетіне, дағдылы тіршілік салтына, семья жағдайына, рухани мұқтаждарына ешбір көңіл бөлместен, оны өзінің тілегінше, қалай болса солай пайдаланады. Фабрика жұмысшыны қалаған уақытында жұмысқа қуады, оның демалысын бірнеше бөлшектеп, сменамен істейтін кезде — түнде де, мейрам күндерінде де жұмыс

істетіп, жұмысшының барлық өмірін фабриканың талабына бағынуға мәжбүр етеді. Фабрика жұмыс уақыты жөнінде қолдан келетін зұлымдықтардың бәрін де қолданады, сонымен қатар әрбір жұмысшыға міндетті етіп, өз «ережесін», өз «тәртібін» шығарады. Фабрикалық тәртіп жалданған жұмысшының шамасы келетін еңбегін түгелдей сығып алуға, мүмкін қадарынша тез сығып алып, сонан соң оны шығарып тастай салуға әдейі ыңғайлы етіп жасалған екен! Екінші бір мысал. Жұмысқа жалданғандардың қайсысы болса да қожайынына бағынуды, бұйырғанын орындауды, әрине, мойнына алады. Бірақ жалданушы, уақытша жұмысты орындауға міндетті болғанмен, өзінің ерікті болуынан тіпті де бас тартпайды; қожайынның талабын дұрыс емес немесе тым шамадан тыс деп тапса, жұмыстан шығып кетеді. Ал фабрика жұмысшының ерікті болудан мүлде бас тартуын талап етеді; фабрика оз ішінде тәртіп орнатады, жұмысшыны қоңырау бергенде жұмысқа шығып, қоңырау бергенде жұмысты тоқтататын қылады, ол жұмысшыны жазалау правосын өзі иеленіп алады және ол өзі жасаған ережені бұзған сайын жұмысшыға штраф салады немесе жұмысшының ақысынан ұстап қалып отырады. Жұмысшы аса зор машина аппаратының бір бөлшегі болып қалады: машина сияқты ол да тіл қайтармайтын, құлдыққа түскен, өз еркінен айрылған болуға тиіс.

Енді 3-мысал. Жұмысқа жалданушылардың қайсысы болса да, екінің бірінде қожайынына наразы болады, оның үстінен сотқа немесе бастыққа шағым береді. Бастық та, сот та дауды әдетте қожайынның пайдасына шешеді, соның қолтығынан сүйейді, бірақ мұндай қожайын мүддесін көздеушілік жалпы ережеге немесе заңға негізделмейді, не қожайынға таныстығынан, не жұмыс жағдайын білмейтінінен және жұмысшыны түсіне білмегенінен істі қожайынның пайдасына әділетсіз шешетін, оны кейде көп, кейде аз қорғайтын жеке чиновниктердің жағымпаздығына негізделеді. Мұндай әділетсіздіктің әрбір жеке оқиғалары жұмысшының қожайынмен әрбір жеке қақтығысуына, әрбір жеке чиновникке байланысты болады. Ал фабрика жұмысшылар-

дың қалың көпшілігін бір жерге біріктіретіні сонша, қысым жасауды орасан зор дәрежеге жеткізетіні сонша — тіпті әрбір оқиғаны айрықша тексеруге мүмкіндік болмай қалады. Жалпы ережелер жасалады, жұмысшылардың фабриканттарға қатысы туралы заң, жалпыға міндетті заң шығарылады. Сөйтіп бұл заңда қожайынның мүддесін көздеуді енді мемлекеттік өкімет бекітеді. Жеке чиновниктердің әділетсіздігі орнын енді заңның әділетсіздігі келіп басады. Мысалы, мынадай ережелер шығады: жұмысшы жұмысқа бармай қыдырғаны үшін тек жалақысын ғана жоғалтпайды, штраф та төлейді, ал қожайын жұмысшыны қыдыруға жібере тұрып, оған түк те төлемейді; қожайын жұмысшыны дөрекі мінезі үшін жұмыстан шығарады, ал жұмысшы қожайынның сондай мінезі үшін жұмыстан шығып кете алмайды; қожайын штраф салуға, жалақыдан ұстап қалуға немесе мөлшерлі уақыттан тыс жұмыс істетуге, т. с. праволы болады.

Бұл мысалдардың бәрі бізге фабриканың жұмысшыларды қанауды қандай жолмен күшейтетінін және мұны жалпылама қанауға айналдыратынын, бұдан тұтас бір *«тәртіп»* жасайтынын көрсетеді. Жұмысшы тілесін-тілемесін, енді оған жеке қожайынға және оның еркіне, қысымына емес, бүкіл қожайындар табының зорлығына, қысымына қарсы тұруға тура келеді. Езушілерінің жеке бір капиталист емес, бүкіл капиталистер табы екендігіне жұмысшының көзі жетеді, өйткені барлық жерде де қанаудың тәртібі бірдей; жеке капиталиске тіпті бұл тәртіптен шегінуге де болмайды: егер ол, мысалы, жұмыс уақытын қысқартпақ болса, онда оған өзінің көршісіне, сондай ақы үшін жұмысшыға ұзағырақ істеткізетін басқа фабрикантқа қарағанда, товар қымбатқа түскен болар еді. Енді жұмысшыға өз күйін жақсарту үшін капиталдың еңбекті қанауға бағытталған бүкіл қоғамдық құрылыспен күресуіне тура келеді. Енді жұмысшыға қайсыбір чиновниктің жеке әділетсіздігі ғана емес, бүкіл капиталистер табын қорғайтын және сол таптың пайдасына қарай жалпыға міндетті заңдар шығаратын мемлекеттік өкіметтің өз әділетсіздігі қарсы тұрады. Сөйтіп, фабрика жұмысшыларының фабрикант-

тарға қарсы күресі, сөз жоқ, бүкіл капиталистер табына қарсы, капиталдың еңбекті қанауына негізделген бүкіл қоғамдық құрылысқа қарсы күреске айналады. Сондықтан жұмысшылардың күресі қоғамдық маңыз алады, басқаның еңбегімен күн көретін барлық таптарға қарсы барлық еңбекші адамдардың күресіне айналады. Сондықтан жұмысшылардың күресі орыс тарихының жаңа дәуірін ашады және жұмысшылар азаттығының арайлы таңы болып табылады.

Жұмысшы халықтың бүкіл бұқарасына жүргізетін капиталистер табының үстемдігі неге сүйенеді? Барлық фабрикалардың, заводтардың, рудниктердің, машиналардың, еңбек құралдарының капиталистер қолында, солардың жеке меншігінде болуына сүйенеді, жердің орасан зор көпшілігі солардың қолында болуына сүйенеді (Европалық Россияның барлық жерінің $^1/_3$ бөлігінен артығы саны жарты миллионға жетпейтін жер иелерінің қолында). Жұмысшылар өздерінің ешбір еңбек құралдары және материалдары болмаған соң, өздерінің жұмыс күшін капиталистерге сатуға тиіс болады, капиталистер жұмысшыға тек күн көріске жететін ғана ақы төлейді, ал еңбектен өнген пайданың бәрін өз қалталарына салады; сөйтіп олар жұмысшының жұмысқа жұмсаған уақытының тек бір бөлігіне ғана ақы төлейді, ал қалған бөлігін өздері иемденеді. Жұмысшы бұқарасы еңбегінің бірігуінен немесе өндірістің жақсартылғанынан түскен көп байлықтың бәрі капиталистер табына тиеді, ал ата-бабасынан бері еңбек етіп келе жатқан жұмысшылар бұрынғысындай түгі жоқ пролетарлар болып қала береді. Сондықтан капиталдың еңбекті қанауын жою үшін бір ғана жол бар, атап айтқанда: еңбек құралдарына жеке меншікті жою, барлық фабрикаларды, заводтарды, рудниктерді, сондай-ақ барлық ірі имениелерді, т. с. бүкіл қоғамның қолына беру және жұмысшылардың өздері басқаратын жалпы социалистік өндіріс орнату жолы. Сол уақытта жалпы еңбектен өнген өнім еңбекшілердің өз пайдасына жұмсалатын болады, ал олардың күн көру керегінен артылып қалғаны жұмысшылардың өз мұқтажын қанағаттандыруға, олардың барлық қабілетін толық дамытуға және ғылым мен

өнер табыстарын тең праволы пайдалануына жұмсалады. Сондықтан да жұмысшы табының капиталистерге қарсы күресі тек осылай болғанда ғана аяқталуы мүмкін екендігі программада көрсетілген. Ал бұл үшін саяси өкімет, яғни мемлекетті басқару билігі капиталистер мен жер иелерінің ықпалындағы үкіметтің қолынан немесе тікелей капиталистердің сайланып қойылған өкілдерінен құралған үкіметтің қолынан жұмысшы табының қолына көшуі керек.

Жұмысшы табы күресінің түпкі мақсаты міне осындай, оның толық азат етілуінің шарттары міне осындай. Саналы, біріккен жұмысшылар осы түпкі мақсатқа ұмтылулары керек; бірақ олар біздің Россияда өздерінің азаттығы үшін күресуіне кедергі жасайтын әлі толып жатқан бөгеттерді кездестіріп отыр.

А. 5. Қазіргі уақыттың өзінде барлық европалық елдердің жұмысшылары, сондай-ақ Америка мен Австралияның жұмысшылары да капиталистер табының үстемдігіне қарсы күрес жүргізіп келеді. Жұмысшы табының бірігуі және ұйымдасуы бір елдің шеңберінде немесе бір ұлттың шеңберінде болумен шектелмейді: әр түрлі мемлекеттердің жұмысшы партиялары бүкіл дүние жүзіндегі жұмысшылардың мақсаты мен мүддесінің толық бірдей (ынтымақты) екендігі туралы айқын мәлімдеп отыр. Олар жалпы конгрестерде бір жерге жиналады, барлық елдердің капиталистер табының алдына ортақ талаптар қояды, біріккен, өзінің азат болуына ұмтылатын бүкіл пролетариаттың халықаралық мейрамын белгілейді (1 Май), сөйтіп барлық ұлттардың және барлық елдердің жұмысшы табын бір ұлы жұмысшы армиясына топтастырады. Барлық елдер жұмысшыларының бұл бірігуі жұмысшыларға үстемдік етіп отырған капиталистер табы өзінің үстемдігін бір елде ғана жүргізумен шектелмейтінінен қажет болып отыр. Әр түрлі мемлекеттердің арасындағы сауда қатынасы нығайып, кеңейіп келеді; капитал үнемі бір елден екінші елге өтіп отырады. Капиталды әр жақтан жинайтын және оны капиталистерге несиеге таратып беретін, капиталдың зор қоймасы болып табылатын банкілер ұлттық банкілерден халықаралық банкілерге айналады, капиталды барлық

елдерден жинайды, оны Европа мен Американың капиталистеріне бөліп беріп отырады. Орасан зор акционерлік компаниялар капиталистік кәсіпорындарды енді бір елде ашу үшін емес, бірден бірнеше елде ашу үшін ұйымдастырылады; капиталистердің халықаралық қоғамдары пайда болады. Капиталдың үстемдік етуі халықаралық көлемде болады. Міне, сондықтан барлық елдер жұмысшыларының азаттық жолындағы күресі де халықаралық капиталға қарсы жұмысшылар бірігіп күрескенде ғана табысқа жетеді. Міне, сондықтан капиталистер табына қарсы күресте неміс жұмысшысы да, поляк жұмысшысы да, француз жұмысшысы да орыс жұмысшысының серігі; дәл сол секілді орыстың да, поляктың да, француздың да капиталистері — орыс жұмысшысының жауы. Мәселен, соңғы уақытта шетел капиталистері өз капиталдарын Россияға қуана-қуана көшіруде, Россияда өз фабрикаларының, заводтарының бөлімшелерін ашуда және Россиядағы жаңа кәсіпорындар үшін компаниялар ұйымдастыруда. Олар жас елге аранын аша ұмтылып отыр, мұнда үкімет капиталға басқа елдерден гөрі көбірек құрмет көрсетіп, жарамсақтанады, мұнда капиталистер Батыстағыдан гөрі бірігуі нашарырақ, тойтарыс беруге бейімділігі нашарырақ жұмысшылар табады, мұнда жұмысшылардың тұрмыс дәрежесі төмен, демек жалақысы да анағұрлым төмен, сондықтан шетел капиталистері өз елдерінде ешқашан болып көрмеген мөлшерде аса көп пайда таба алады. Халықаралық капитал қазірдің өзінде Россияға да қол ұсынып отыр. Орыс жұмысшылары халықаралық жұмысшы қозғалысына қол ұсынады.

А. 6. Біз ірі фабрикалар мен заводтардың еңбекті капиталдың езуін жоғарғы сатыға қалай жеткізетіні туралы, олар қанау амал-айласының тұтас бір жүйесін қалай жасайтындығы туралы; жұмысшылардың капиталға қарсы көтеріліс жасай отырып, барлық жұмысшыларды біріктіруді, бүкіл жұмысшы табының бірігіп күресуін сөзсіз қажет деп қалай танитындығы туралы жоғарыда айтып өттік. Капиталистер табына қарсы осы күресте жұмысшылар капиталистерді және олардың

мүдделерін өз қорғауына алған жалпы мемлекеттік заңдарға кезікті.

Ал егер жұмысшылар бірігу арқасында капиталистерді дегеніне көндіре алса, оларға тойтарыс бере алса, онда жұмысшылар дәл сондай-ақ өздерінің бірігуі арқылы мемлекеттік заңдарға ықпал жасап, оларды өзгерттіре де алар еді ғой. Барлық басқа елдердің жұмысшылары нақ осылай істеп те отыр, бірақ орыс жұмысшылары мемлекетке тікелей ықпал жасай алмайды. Россияда жұмысшылар жағдайы сондай, олардың жай азаматтық правосы да жоқ. Олар жинала да алмайды, өздерінің жағдайын бірігіп талқылай да алмайды, одақтар құра да алмайды, өздерінің арыздарын баспасөз бетіне шығара да алмайды, былайша айтқанда, мемлекеттік заңдар тек капиталистер табының мүддесі үшін ғана жазылғаны былай тұрсын, сонымен қатар олар осы заңдарға ықпал жүргізудің және оларды өзгерттірудің қандай да болса мүмкіншілігінен жұмысшыларды мүлдем айырып отыр. Мұның былай болуының себебі — Россияда (барлық европалық елдердің ішінде жалғыз Россияда ғана) осы күнге дейін самодержавиелік үкіметтің шексіз билігі сақталып қалып отыр, яғни бүкіл халыққа міндетті заңдарды жалғыз патша ғана өз билігімен шығара алатын, ал бұл заңдарды соның өзі қойған чиновниктер ғана орындай алатын мемлекет құрылысы сақталып қалып отыр. Азаматтар заңдарды шығаруға, оларды талқылауға, жаңа заңдарды ұсынуға, ескі заңдарды жоюды талап етуге мүлдем қатыстырылмайды. Олардың чиновниктерден есеп беруді талап етуге, олардың істеген істерін тексеруге, сот алдында айыптауға ешбір правосы жоқ. Азаматтар тіпті мемлекеттік істерді талқылау правосынан да айрылған: олар сол чиновниктердің рұқсатынсыз жиналыс жасап, одақтар құра алмайды. Сонымен, сөздің толық мағынасында чиновниктерде жауапкершілік жоқ; олар азаматтардан жоғары қойылған айрықша каста сияқты. Чиновниктердің жауапсыздығы мен озбырлығынан және халықтың оларға қарсы жұмған аузын ашпауы салдарынан туған чиновниктер өкіметінің адам айтқысыз қиянат жасауы мен жай халықтың правосын соншалық

аяққа басушылық европалық елдердің ешқайсысында да кездесе қояр ма екен.

Сөйтіп, заң бойынша орыс үкіметі — мүлдем тежеусіз үкімет, ол халыққа ешбір тәуелсіз, барлық сословиелер мен таптардан жоғары тұрған үкімет сияқты болып есептеледі. Ал егер бұл шындығында солай болса, онда жұмысшылардың капиталистермен қақтығысуларының бәрінде заңның да, үкіметтің де капиталистер жағында болуы неліктен? Капиталистердің саны көбейіп, байлығы өскен сайын, бірден бірге көбірек көмек көріп отыратыны, ал жұмысшылардың бірден бірге көбірек қарсылық, қысым көріп отыратыны неліктен?

Шындығында, үкімет таптардан жоғары тұрмайды, ол біріне бірі қарсы тұрған таптардың біреуін өзінің қорғауына алады, дәулетсіз тапқа қарсы тұрған дәулетті тапты, жұмысшыларға қарсы тұрған капиталистерді өзінің қорғауына алады. Егер тежеусіз үкімет дәулетті таптарға барынша жеңілдік жасап, сүйемелдемеген болса, соншалықты зор мемлекетті басқарып та отыра алмаған болар еді.

Заң бойынша үкімет тежеусіз және тәуелсіз өкімет болса да, іс жүзінде капиталистер мен жер иелерінің үкіметке, мемлекеттік істерге ықпалын жүргізе алатын мыңдаған амалдары бар. Олардың заң жүзінде танылған сословиелік мекемелері, дворяндық және көпестік қоғамдары, сауда және мануфактура комитеттері, т. с. бар. Олардың сайланған өкілдері не тікелей чиновник болып, мемлекетті басқаруға қатысады (мысалы, дворяндар жетекшілері), не барлық үкіметтік мекемелерге мүше ретінде шақырылады: мысалы, фабриканттар заң бойынша фабрика алқаларында (бұл — фабрика инспекциясының үстінен қарайтын басшылар орны) мәжіліс жасайды, оған өздерінің өкілдерін сайлайды. Бірақ олар мемлекетті басқару ісіне осылайша тікелей қатысумен шектелмейді. Олар өз қоғамдарында мемлекеттік заңдарды талқылайды, жобалар жасайды, үкімет те әрбір мәселе жөнінде әдетте олардың пікірін сұрап отырады, үкімет оларға белгілі бір жобаны ұсынып, пікір айтуларын сұрайды.

Капиталистер мен жер иелері жалпы российлық съездер шақырады, онда өз істерін талқылайды, өз табына пайдалы шаралардың түр-түрін қарастыра келіп, барлық дворян-помещиктердің, «жалпы россиялық көпестердің» атынан ескі заңдарды өзгертіп, жаңа заңдар шығару жөнінде талап қояды. Өз істерін олар газет бетінде де талқылай алады, өйткені үкімет өзінің цензурасы арқылы баспасөзді қанша қысымға алса да, дәулетті таптардың өз істерін талқылау правосын жоюды ойлауға оның батылы да бармайды. Олар мемлекеттік өкіметтің жоғары шенді адамдарына барудың сан алуан жолын таба да, оларға бара да алады және шені төмен чиновниктердің озбырлығын оп-оңай талқылап, айрықша қысым көрсететін заңдар мен ережелерді оңай жойдыра алады. Ал егер дүние жүзінде басқа бірде-бір елде мұндай толып жатқан заңдар мен ережелер, үкіметке мұндай өлшеусіз полициялық қамқорлық жасаушылық жоқ болса, қамқорлық болғанда түрлі ұсақ-түйектердің бәрін есепке алатын және нақты істің бәрін дерексіз қылып жіберетін қамқорлық жоқ болса,— онда дүние жүзіндегі басқа бірде-бір елде жоғары бастықтың марқабатты әмірімен ғана осы буржуазиялық ережелер соншалық оңай бұзылмайды, осы полициялық заңдар соншалық оңай елеусіз қалмайды. Ал бастық бұл марқабатты әмірден ешқашан да бас тартпайды *.

Б. I. Программаның бұл пункті — ең маңызды, ең басты пункт, өйткені бұл пунктте жұмысшы табының мүддесін қорғайтын партияның қызметі және барлық саналы жұмысшылардың қызметі не болуға тиіс екені көрсетіледі. Ол — социализмге ұмтылудың, адамды адамның мәңгі қанауын жоюға ұмтылудың ірі фабрикалар мен заводтар жасап отырған тұрмыс жағдайынан туатын халық қозғалысымен қалай ұласуы тиіс екенін көрсетеді.

* Будан әрі көшірмеші түп нұсқадағы бірнеше сөзді ажырата алмаса керек. Гектографта басылған тексте осы арада «[* қалып қойған I *]» деген сөз бар, бұдан кейін мынадай бір сөйлемнің үзіндісі келеді: «Қоғамның үкімет істеріне қандай да болса араласуынан гөрі, оның неғұрлым ықыласпен мүмкіндік беруінен гөрі [** қалып қойған II **], жауапсыз чиновниктердің өктемдігі». *Ред.*

Партия қызметінің мәнісі жұмысшылардың тап күресіне жәрдемдесу болу керек. Партияның міндеті жұмысшыларға көмектесудің қандай да бір сәнді құралын ойлап шығару емес, жұмысшылар қозғалысына араласу, оған жарық беру, жұмысшылардың өздері әлден-ақ жүргізе бастаған күресіне жәрдем беру. Партияның міндеті — жұмысшылардың мүдделерін қорғау және бүкіл жұмысшы қозғалысының мүдделерін көздеу. Жұмысшылардың күресіне берілетін жәрдем қандай болуы керек?

Программа бұл жәрдем, 1-ден, жұмысшылардың таптық сана-сезімін дамыту жөнінде болуы керек дейді. Жұмысшылардың фабриканттарға қарсы күресі пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресіне қалай айналатыны жөнінде біз жоғарыда айтқанбыз.

Жұмысшылардың таптық сана-сезімі деп нені түсіну керек екендігі біздің сондағы айтқанымыздан көрінеді. Жұмысшылардың таптық сана-сезімі дегеніміз жұмысшылардың өз жағдайын жақсартудың және азаттыққа жетудің бірден-бір құралы ірі фабрикалар мен заводтар туғызған капиталистер мен фабриканттар табына қарсы күресу екенін түсінуі. Сонан соң, жұмысшылардың сана-сезімі дегеніміз белгілі бір елдің барлық жұмысшыларының мүдделері бірдей екендігін, ынтымақтас екендігін, олардың бәрі қоғамдағы басқа таптардан бөлек бір тап екендігін түсіну. Ақырында, жұмысшылардың таптық сана-сезімі дегеніміз өздерінің мақсатына жету үшін, мемлекет істеріне ықпалын жүргізген және ықпалын жүргізіп келе жатқан жер иелері мен капиталистер сияқты, жұмысшылардың да мемлекет істеріне ықпалын жүргізуі керектігін түсіне білуі.

Жұмысшылар мұның бәрін қайткенде жете түсіне алады? Жұмысшылар бұған өздері фабриканттарға қарсы бастайтын, ірі фабрикалар мен заводтар өскен сайын жұмысшыларды көбірек қамтитын, бірден бірге дамып, күшейе түсетін күресінің өзінен үнемі тәлім ала отырып жетеді. Жұмысшылардың капиталға дұшпандығы өздерінің қанаушыларына өштігін тек күңгірт сезінумен ғана, өздерінің құл болып, езіліп жүргендігін күңгірт ұғынумен ғана және капиталистерден *кек алуды* ті-

леумен ғана тынып жүрген уақыттары да болды. Ол кездегі күрес үйлерді қиратып, машиналарды сындыратын, фабриканың бастықтарын соққыға жығатын, т. с. жұмысшылардың жеке көтерілістері түрінде ғана болатын. Бұл — жұмысшы қозғалысының *бірінші,* бастапқы формасы болды және мұның қажет болған себебі — әрқашан да және қайда болса да, капиталисті жек көру жұмысшыларды өзін қорғауға ұмтылуға талпындыратын бірінші түрткі болды. Бірақ орыс жұмысшы қозғалысы бұл бастапқы формадан әлдеқашан өсіп, есейді. Капиталисті іштей жек көрудің орнына жұмысшылар табының мүддесі мен капиталистер табының мүддесі бір-біріне жау екендігін жұмысшылар енді түсіне бастады. Езгі көріп отырғанын еміс-еміс сезінудің орнына, олар енді капиталдың *дәл қалай* және *дәл немен* езгіге салып отырғанын айыра бастады және капиталдың қысымына шек қоя отырып, капиталистің озбырлығынан өзін қорғай отырып, езгінің қандай формасына болса да қарсы шығатын болды. Капиталистерден кек алудың орнына, олар енді капиталистерден жеңілдік алу жолындағы күреске көшті, олар капиталистер табына бір талаптан соң екінші талап қоя бастады және өзінің еңбек жағдайын жақсартуды, ақыны жоғарылатуды, жұмыс күнін қысқартуды талап етіп отыр. Әрбір стачка жұмысшы табының душар болып отырған жағдайларының кейде бір түріне, кейде екінші түріне жұмысшылардың барлық күшін, барлық назарын аударады. Әрбір стачка бұл жағдайларды талқылауды керек етеді, оларды жұмысшылардың бағалай білуіне, мұндағы капитал қысымының мәнін, бұл қысымға қарсы қандай шаралар қолданып күресу керек екенін айыра білуіне жәрдем береді. Әрбір стачка бүкіл жұмысшы табының тәжірибесін байытады. Егер стачка сәтті болып шықса, онда ол жұмысшы табына жұмысшылардың бірігу күшін көрсетеді және басқаларды жолдастарының жеңістерін кәдеге асыруға жұмылдырады. Егер стачка сәтсіз болып шықса, онда ол сәтсіздіктің себептерін талқылауды және күрестің жақсы тәсілдерін іздеуді керек етеді. Россияның қай жерінде болсын қазірдің өзінде-ақ, жұмысшылардың көкейтесті мұқтаждары үшін,

жеңілдік алу үшін, тұрмыс жағдайларын жақсарту үшін, жалақыны көбейтіп, жұмыс күнін азайту үшін табандылықпен күресуге кіріскені — орыс жұмысшыларының алып адыммен алға басқандығы болып отыр, сондықтан социал-демократиялық партияның және барлық саналы жұмысшылардың басты назары осы күреске және оған жәрдем беруге аударылуы керек. Жұмысшыларға көмек олардың мейлінше көкейтесті мұқтаждарын, ол мұқтажды қанағаттандыру жолында күрес жүргізудің қажет екенін көрсетуде, белгілі бір жұмысшының жағдайын мейлінше нашарлататын себептерді талдауда, фабрика заңдары мен ережелерін, бұларды бұзудың (және капиталистердің алдау үшін құрған тұзағының) жұмысшыларды екі есе тонауға жиі ұшыратып жүргенін түсіндіруде болу керек. Берілетін жәрдем жұмысшылардың талаптарын дәл және анығырақ көрсету, ол талаптарды жұрт алдында ұсыну жөнінде болу керек, қарсылық көрсету үшін ең жақсы кезеңді таңдап алу жөнінде болу керек, күрестің тәсілін таңдап алу, күресуші екі жақтың жағдайы мен күшін талқылау, күрестің әлде де жақсырақ тәсілдерін табуға бола ма, соны талқыға салу болу керек (тікелей стачка жасауға, т. б. көшуге болмаса, жағдайға қарап, мүмкін фабрикантқа хат жазу, немесе инспекторға, немесе дәрігерге бару сияқты).

Орыс жұмысшыларының мұндай күреске көшуі олардың зор адыммен алға басқанын көрсететінін айтып өттік. Бұл күрес жұмысшы қозғалысын тура жолға салады (шығарады) және оның келешектегі жеңістеріне сенімді кепіл болады. Бұл күресте жұмысшы халық бұқарасы, 1-ден, капиталистік қанаудың амал-айлаларын бірінен соң бірін түсінуді және айыра білуді үйренеді, оларды заңмен де, өздерінің тұрмыс жағдайларымен де, капиталистер табының мүдделерімен де салыстырып, ақылға салып қарауды үйренеді. Қанаудың жеке формалары мен реттерін айыра отырып, жұмысшылар бүкіл қанаудың маңызына, мәніне түсінуді үйренеді, капиталдың еңбекті қанауына негізделген қоғам құрылысын түсінуді үйренеді. 2-ден, бұл күресте жұмысшылар өздерінің күштерін сынайды, бірігуге үйренеді және оның

қажеттілігіне, маңызына түсінуді үйренеді. Бұл күрестің кеңеюі және қақтығыстардың жиіленуі күресті ұлғайтуға, бірлік сезімін дамытуға, ең әуелі белгілі бір жердегі жұмысшылардың арасында, сонан соң бүкіл елдің жұмысшылары арасында, бүкіл жұмысшы табының арасында өзінің ынтымақтастық сезімін дамытуға сөзсіз жеткізеді. 3-деп, бұл күрес жұмысшылардың саяси санасын жетілдіреді. Жұмысшы халық бұқарасын тұрмыс жағдайларының өзі сондай халге түсірген: олардың қандай да болсын мемлекеттік мәселелер туралы ойлануға уақыты да, мүмкіншілігі де болмайды (бола алмайды). Бірақ жұмысшылардың оздерінің күнделікті мұқтаждары үшін фабриканттармен күресі өзінен өзі және сөзсіз түрде жұмысшыларды мемлекеттік мәселелерге, саяси мәселелерге итермелейді, орыс мемлекеті қалай басқарылып отыр, заңдар мен ережелер қалай шығарылады және олар кімнің мүддесін көздейді деген мәселелерге итермелейді. Фабрикадағы әрбір қақтығыс жұмысшыларды мемлекеттік өкіметтің заңдарымен және өкілдерімен қақтығысуға сөзсіз әкеліп соқтырады. Жұмысшылар мұнда ең бірінші рет «саяси сөздерді» естиді. Ең әуелі фабрика инспекторларынан-ақ естиді, олар жұмысшыларға: фабриканттың жұмысшыларды жетесіне жете қанап отырған амалдары тиісті өкімет орындары бекіткен ережелердің, жұмысшыларды жетесіне жете қанауды фабриканттың еркіне беріп отыратын ережелердің мағынасына дәлме-дәл негізделеді деп немесе фабриканттың қысым көрсетуі толық заңды, өйткені фабрикант тек өз правосын ғана пайдаланады, мемлекеттік өкіметтің өзі бекіткен және оның өзі қорғайтын пәлендей заңдарына сүйенеді деп түсінік береді. Инспектор мырзалардың берген саяси түсініктеріне кейде министр мырзаның одан да гөрі пайдалырақ «саяси түсінігі» қосылып отырады, министр «христиандық сүйіспеншілік» сезім туралы, жұмысшылардың еңбегінен фабриканттар миллиондаған байлық жинап отырғандары үшін фабриканттарға жұмысшылардың алғыс айтуға міндетті екені туралы жұмысшылардың есіне салады [38]. Кейін, мемлекеттік өкімет өкілдерінің беретін бұл түсініктеріне және бұл өкімет кімнің пайда-

сын қорғайтынын жұмысшылардың өздерінің тікелей білуіне тағы да социалистердің листоктар немесе басқа түсініктер қосылады, сонымен мұндай стачкада жұмысшылардың өзі толық саяси тәрбиесін алып болады. Олар жұмысшы табының тек өзгеше мүдделерін түсінуді ғана үйренбейді, сонымен қатар жұмысшы табының мемлекетте алатын ерекше орнын түсінуді де үйренеді. Сонымен, жұмысшылардың тап күресіне социал-демократиялық партияның көрсететін *көмегі,* міне, мынадай болу керек: жұмысшыларға өздерінің мейлінше көкейтесті мұқтаждары жолындағы күресінде көмек көрсету арқылы олардың таптық сана-сезімін жетілдіру.

Екінші *көмек,* программада айтылғандай, жұмысшылардың ұйымдасуына көмектесу болу керек. Жаңағы біз сипаттап өткен күрес жұмысшылардың ұйымдасуын талап етеді. Ұйым стачканы ойдағыдай жүргізу үшін де, стачкашылардың пайдасына қаражат жинауға да, жұмысшы кассаларын құруға да, жұмысшылар арасында үгіт жүргізуге, олардың арасына листоктарды немесе хабарландыруларды, ұрандарды, т. с. таратуға да қажет болады. Ұйым, әсіресе полиция мен жандармерияның қудалауынан қорғануға, жұмысшылардың барлық бірлестіктерін және барлық қатынастарын олардан жасыруға, жұмысшыларға кітаптар, кітапшалар, газеттер, т. б. жеткізуге қажет. Бұлардың бәріне көмек көрсету — партияның екінші міндеті, міне, осындай.

Үшінші *көмек* — күрестің нағыз мақсатын көрсету болу керек, яғни жұмысшыларға капиталдың еңбекті қанауының неде екенін, оның неге сүйенетінін, жерге және еңбек құралдарына жеке меншік жұмысшы бұқарасын қайыршылыққа қайтіп соқтыратынын, оларды өзінің еңбегін капиталистерге сатуға және жұмысшының еңбегімен өндірілген өнімнің оның күн көруіне керегінен артылғанының бәрін капиталистерге тегін беруге неліктен мәжбүр ететінін түсіндіру болу керек. Сонан соң, бұл қанаудың капиталистерге қарсы жұмысшылардың тап күресіне созсіз қалай апаратынын, бұл күрес шарттарының және оның түпкі мақсаттарының қандай екендігін түсіндіру болу керек — бір сөзбен айт-

қанда, осы программада қысқаша көрсетілгендерді түсіндіру болу керек.

Б. 2. Жұмысшы табының күресі — саяси күрес дегеніміздің мағынасы не? Мұның мағынасы — жұмысшы табы мемлекеттік істерге, мемлекетті басқаруға, заңдар шығаруға ықпал етпейінше, өзінің азаттығы жолында күрес жүргізе алмайды. Бұл ықпалдың қажеттігін орыс капиталистері әлдеқашан-ақ аңғарған және де, полициялық заңдардың әр алуан тыйым салуына қарамастан, капиталистердің мемлекеттік өкіметке ықпал жасаудың мыңдаған амалдарын қандай жолдармен тапқанын және ол өкіметтің капиталистер табының мүддесін қалай көздейтінін біз жоғарыда көрсеттік. Мемлекеттік өкіметке ықпал жасамайынша, жұмысшы табының да күрес жүргізуіне мүмкін болмайтыны, тіпті өзінің жағдайын үнемі жақсарта алмайтыны осының өзінен-ақ белгілі болып отыр.

Жұмысшылардың капиталистерге қарсы күресі олардың үкіметпен қақтығысуын сөзсіз тудыратынын және жұмысшылар тек күрес арқылы, бірігіп қарсылық көрсету арқылы ғана мемлекеттік өкіметке ықпал жасай алатындығына жұмысшылардың көзін жеткізуге үкіметтің өзі де бар күшімен тырысатынын біз жоғарыда айтып өттік. Мұны Россияда 1885—1886 жылдары болған ірі стачкалар ерекше айқын көрсетеді. Үкімет дереу жұмысшылар туралы ережелер шығаруға кірісті, жұмысшылардың қатаң қойған талаптарына көніп, дереу фабрикалық тәртіптер туралы жаңа заңдар шығарды (мысалы, штрафтарға шек қою жөнінде және ақыны дұрыс төлеу туралы ережелер шығарылды) *, нақ сол секілді қазіргі (1896 ж.) стачкалар тағы да үкіметтің дереу қатысуын керек қылды, тұтқынға алумен, жер аударумен қанағаттануға болмайтынын, фабриканттардың ізгілігі туралы мағынасыз уағыздармен жұмысшыларды жұбатудың күлкі екенін үкіметтің өзі де енді түсінді (қараңыз: финанс министрі Виттенің фабрика инспекторларына нұсқау хаты. 1896 жылдың көктемі **). «Біріккен жұмысшылар — санасуға тура келетін күш»

---

* Қараңыз: осы том, 23—28-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 122-бет. *Ред.*

екепіне үкіметтің көзі жетті, сондықтан ол фабрикалық заңдарды қайта карауды қазірден-ақ қолға алды және жұмыс күнін қысқарту туралы, жұмысшыларға беруге тура келетін басқа да жеңілдіктер туралы мәселелерді талқылау үшін С.-Петербургте фабрика аға инспекторларының съезін шақырып отыр.

Сонымен, жұмысшы табының капиталистер табына қарсы күресі сөзсіз саяси күрес болуының керектігін көріп отырмыз. Бұл күрес шынында да қазірдің өзінде-ақ мемлекеттік өкіметке әсер етіп, саяси маңыз алып отыр. Бірақ жұмысшы қозғалысы неғұрлым ілгері дамыған сайын, бұрын айтқанымыздай, жұмысшылардың саяси толық правосыздығы, жұмысшылардың мемлекеттік өкіметке ашықтан-ашық және тікелей ықпал етуіне тіпті мүмкіндігі болмайтындығы соғұрлым анық көрініп, айқын сезіледі. Сондықтан жұмысшылардың ең көкейтесті талабы және жұмысшы табының мемлекеттік істерге ықпал ету жөніндегі бірінші міндеті *саяси бостандыққа жету,* яғни барлық азаматтардың мемлекетті басқаруға қатысуы тікелей, заң (конституция) жүзінде қамтамасыз етілуіне жету болу керек, еркін түрде жиналыс жасауға, өз істерін талқылауға, одақтар мен баспасөз арқылы мемлекеттік істерге ықпал етуге барлық азаматтардың праволы болуын қамтамасыз ету болуға тиіс. Саяси бостандыққа жету *«жұмысшылардың көкейтесті* ісіне» айналып отыр, өйткені онсыз жұмысшылардың мемлекеттік істерге ешбір ықпалы болмайды және бола да алмайды, сөйтіп олар лажсыздан правосыз, қорлық көрген, үнсіз тап болып қала береді. Ал егер қазірдің өзінде, жұмысшылардың күресі және олардың топтасуы жаңа ғана басталып жатқан кезде, үкімет қозғалыстың онан әрі өріс алуын тоқтату үшін осы бастан жұмысшыларға жеңілдіктер жасауға әбігерленсе, жұмысшылар бір саяси партияның басшылығымен топтасып, біріккен кезде, олардың үкіметті тізе бүгуге көндіретіндігіне, өзіне және бүкіл орыс халқына саяси бостандық алатындығына күмән жоқ!

Программаның осының алдындағы бөлімдерінде қазіргі қоғамда және қазіргі мемлекетте жұмысшы табының қандай орын алатындығы, жұмысшы табы күресі-

нің мақсаты қандай екендігі және жұмысшылардың мүделерін көздейтін партияның міндеті не екені айтылған еді. Россияда үкімет билігі шексіз болып отырған кезде ашық саяси партия жоқ және болуы да мүмкін емес, бірақ басқа таптардың мүделерін көздейтін және қоғамдық пікірге, үкіметке ықпал жасай алатын саяси бағыттар бар. Сондықтан, социал-демократиялық партияның алатын орнын анықтау үшін, жұмысшылардың өздеріне кімнің, қандай дәрежеде одақ бола алатынын және жауының кім екенін тапып алуы үшін, енді орыс қоғамындағы басқа саяси бағыттар жөнінде социал-демократиялық партияның көзқарасын көрсету қажет. Программаның кейінгі 2 пунктінде, міне, осы айтылады.

Б. 3. Программа, 1-ден, қоғамның самодержавиелік үкіметтің шексіз билігіне қарсы шығатын топтарының бәрін жұмысшылардың одақтасы деп жариялайды. Бұл шексіз билік жұмысшылардың өз азаттығы жолындағы күресінде басты кедергі болатындықтан, жұмысшылардың тура мүддесінің абсолютизмге (абсолюттік дегеніміз шексіз деген сөз; абсолютизм — үкіметтің шексіз өктемдік етуі) қарсы бағытталған қоғамдық қозғалыстың қандайын болса да қолдауды талап ететіні өзінен өзі түсінікті. Капитализм неғұрлым күштірек дамыған сайын, осы чиновниктік басқарудың және дәулетті таптардың өз мүделерінің, буржуазия мүделерінің арасындағы қайшылықтар соғұрлым тереңдей түседі. Сондықтан социал-демократиялық партия буржуазияның шексіз билік жүргізетін үкіметке қарсы шығатын барлық топтары мен разрядтарын қолдайтындығын жариялайды.

Буржуазияның мемлекеттік істерге қазіргі сатылғыш және жүгенсіз чиновниктердің тобыры арқылы ықпал жасағанынан гөрі *тікелей ықпал* жасағаны жұмысшылар үшін өте-мөте тиімді. Буржуазияның саясатқа қазіргі, бейне бір құдіреті күшті «тәуелсіз» үкіметтің тарапынан *бүркемеленген* ықпалынан гөрі, *ашық* ықпал жүргізгені жұмысшылар үшін анағұрлым тиімді, бұл құдіреті күшті «тәуелсіз» үкімет «құдайдың рақымы» деп жазылады да, «өзінің рақымын» азап шеккен, ең-

бек сүйгіш жер иелеріне және жұтаған, езілген фабриканттарға үлестіріп отырады. Бүкіл орыс пролетариаты жұмысшылардың қандай мүдделер үшін күресіп жатқанын көруі үшін, күресті қалай жүргізу керек екенін үйренуі үшін, буржуазияның көксеген тілектері мен талаптары ұлы князьдардың ауыз үйлерінде, сенаторлар мен министрлердің қонақ үйлерінде, жұрттың бәріне жабық департаменттік кеңселерде жасырынып қалмас үшін, олар жарық көріп, шындығында үкіметтің саясатын жүргізіп отырғандар кім екендігіне, капиталистер мен жер иелерінің неге ұмтылатынына барлық жұрттың және әрбір адамның көзін жеткізу үшін жұмысшылардың капиталистермен *ашық күрес жүргізуі* керек. Сондықтан капиталистер табының қазіргі ықпалын бүркемелейтіндердің бәрі жойылсын, сондықтан чиновниктерге, чиновниктік басқаруға қарсы, шексіз билік жүргізетін үкіметке қарсы *шығатын* буржуазия өкілдерінің бәрін, кез келгенін қолдайтын болайық! Бірақ социал-демократиялық партия, абсолютизмге қарсы қоғамдық қозғалыстың қандайын болса да өзінің қолдайтынын жариялай отырып, өзін жұмысшы қозғалысынан бөлектемейтініп мойындайды, өйткені жұмысшы табының басқа барлық таптардың мүддесіне қарсы тұратын өзіндік ерекше мүддесі бар. Саяси бостандық жолындағы күресте буржуазияның барлық өкілдерін қолдай отырып, жұмысшылар: дәулетті таптардың жұмысшыларға тек уақытша ғана одақтас болатындығын, жұмысшылар мен капиталистердің мүдделері ымыраға келмейтіндігін, үкіметтің шексіз билігін жою жұмысшыларға капиталистер табына қарсы өздерінің күресін ашық және кең көлемде жүргізу үшін ғана керек екендігін есінен шығармауға тиіс.

Сонан соң, социал-демократиялық партия пұрсатты дворян-жер иеленушілер табына қарсы көтерілгендердің бәрін қолдайтындығын жариялайды. Россияда дворян-помещиктер мемлекеттегі бірінші сословие болып саналады. Олардың шаруаларға крепостниктік өктемдік жүргізуінің қалдықтары халық бұқарасын осы күнге дейін езіп отыр. Помещиктердің билігінен құтылу үшін шаруалар әлі де төлем төлейді. Арзан және көнбісті ба-

тырақтарға помещик мырзалар мұқтаж болмас үшін, шаруалар әлі де жерге маталып отыр. Шаруалар осы күнге дейін правосыз және жасы жетпеген балалар сияқты чиновниктердің илеуіне берілген, ал чиновниктер чиновниктік қалтаны қорғайды, шаруалардың крепостник-помещиктерге ақы төлемін немесе оброкты «дұрыс» төлеуі үшін, шаруалардың помещиктерге жұмыс істеуден «жалтара» алмауы үшін, мысалы, басқа жаққа көшіп кете алмауы үшін, мұнысымен, мысалы, помещиктерді бөтен жақтап ондай арзан емес және ондай мұқтаждық көріп езілмеген жұмысшыларды жалдап алуға ділгер етпеуі үшін чиновниктер шаруалардың тұрмысына қол сұғып отырады. Помещик мырзалар миллиондаған және он миллиондаған шаруаларды құлдыққа жегіп және олардың правосыздығын құптай отырып, олар бұл ерлігі үшін мемлекеттік пұрсатты пайдаланады. Дворян-жер иелері негізінен мемлекеттік жоғары орындарға орналасып алады (заң бойынша да мемлекеттік қызметте дворян сословиесінің правосы оте зор); атақты помещиктер патша сарайына басқалардан гөрі жақын тұрады және үкімет саясатын өз жағына басқалардан гөрі тікелей және оңайырақ бейімдей алады. Олар, мемлекеттік қазынаны талау үшін және кейде қызмет еткеніне берілетін ірі поместьелер түрінде, кейде «жеңілдіктер» түрінде халық ақшасынан миллиондаған сом сыйлық, олжа алу үшін өзінің үкіметке жақындығын пайдаланады *.

---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтындағы гектографта жазылған текст осы жерден үзіледі. *Ред.*

ПАТША ҮКІМЕТІНЕ [39]

Үстіміздегі 1896 жылдың ішінде орыс үкіметі жұмысшылардың фабриканттарға қарсы күресі туралы жұртқа міне екі рет мәлімдеме жасады. Басқа мемлекеттерде мұндай мәлімдеме жасау жиі болады,— онда мемлекет ішінде не болып жатқанын жасырмайды, стачка туралы хабарларды газеттер емін-еркін баса береді. Ал, Россияда үкімет фабрикалардағы тәртіптерді және оқиғаларды жария етуден өрттен бетер қорқады: ол газеттерде стачкалар туралы жазуға тыйым салды, ол фабрика инспекторларының өз есептерін бастыруын тоқтатты, ол стачкалар туралы істерді жұрт қатыса алатын кәдімгі соттарда тексермейтін болды,— қысқасын айтқанда, фабрикаларда және жұмысшылар арасында болып жатқан істердің бәрін өте-мөте құпия сақтау үшін үкімет барлық шараларды қолданды. Енді келіп, осы полициялық айла-амалдардың бәрі сабынның көбігіндей жоқ болып кетті де, жұмысшылардың фабриканттарға қарсы күресіп отырғанын үкіметтің өзі-ақ ашықтан-ашық айтып беруге мәжбүр болды. Мұндай өзгеріс неден туды?— 1895 жылы жұмысшылар стачкалары өте-мөте көп болды. Бұл рас, бірақ стачкалар бұрын да болды ғой, алайда үкімет құпияны сақтай білген еді және ол стачкалар бүкіл жұмысшы бұқарасына жарияланбаған күйінде қалып еді ғой. Қазіргі стачкалар бұрынғыдан әлдеқайда күшті болды және бәрі бір жерге шоғырланып өтті. Рас, мұндай күшті стачкалар бұрын да болып келді,— мысалы, 1885—1886 жылдары

Москва мен Владимир губернияларындағы стачкалар.— Бірақ сонда да үкімет сыр бермей, жұмысшылардың фабриканттарға қарсы күресі туралы сөз қозғамады. Ендеше, ол бұл жолы неліктен сөз қозғап отыр? Мұның себебі: бұл жолы жұмысшыларға социалистер көмекке келді, олар жұмысшыларға істің мәнісін түсіндіруге, оны барлық жерде, жұмысшылар арасында да, қоғам ішінде де жариялауға, жұмысшылардың талаптарын дәл айтып беруге, үкіметтің арам ниеті мен зорлық-зомбылықтарына жұрттың көзін жеткізуге жәрдемдесті. Стачка туралы жұрттың бәрі біліп отырғанда, үндемей қалу ақымақтық болатынына үкіметтің көзі жетті, содан соң ол да жұрттың ыңғайына көшті. Социалистердің листоктары үкіметтен жауап беруді талап етті, ал үкімет жауапқа келді де, жауап берді.

Жауабының қандай болғанын көрелік.

Алғашында үкімет халық алдында ашық жауап беруден жалтармақ болды. Министрлердің біреуі, финанс министрі Витте фабрика инспекторларына нұсқау хат таратты, бұл нұсқау хатта жұмысшылар мен социалистерді «қоғамдық тәртіптің қас жауы» деп атады, фабрика инспекторларына: жұмысшыларды қорқытыңдар, оларды фабриканттардың жұмысшыларға жеңілдік беруіне үкіметтің тыйым салатыны жөнінде сендіріңдер, оларға фабриканттардың мейірімділігі мен игі ниетін корсетіңдер, фабриканттардың жұмысшыларға және олардың мұқтаждарына қамқорлық етіп отырғанын, фабриканттардың «жақсы ниетті» адамдар екенін айтыңдар деп кеңес берді. Стачкалардың өзі туралы үкімет еш нәрсе айтпады, стачкалардың неден шыққаны туралы, фабриканттардың сорақы қысымдары және заңды бұзушылықтары қандай болғаны туралы, жұмысшылардың нені талап еткені туралы үкімет бір ауыз сөз айтпады; қысқасын айтқанда, ол 1895 жылдың жазы мен күзінде болған стачкаларды мүлде *жалғанға* шығарды, жұмысшылар зорлық істемесе де, зорлық істеген тек полиция ғана болса да, жұмысшылардың зорлығы және «заңға қарсы» әрекеті туралы тозығы жеткен үйреншікті сөздерді айтып құтылғысы келді. Министр бұл нұсқау хатты құпия қалдырғысы келіп еді,

бірақ оның сеніп тапсырған чиновниктері сыр сақтай алмады, сөйтіп нұсқау хат жұртқа тарап кетті. Кейін оны социалистер бастырып шығарды. Енді үкімет өзінің жұртқа белгілі болып қалған «құпияларымен» әдеттегіше ақымақ болғанын көріп, нұсқау хатты газеттерге басып шығарды. Бұл, біздің жоғарыда айтқанымыздай, 1895 жылдың жазы мен күзіндегі стачкаларға берілген жауап еді. Бірақ 1896 жылдың көктемінде қайталанған стачкалар одан да күштірек болды [40]. Ол стачкалар жөніндегі сыбыстарға социалистердің үндеу хаттары қосылды. Үкімет алғашқы кезде іс қалай тынар екен деп күтіп, қорқақтық жасап, үндемеді, ал соңынан, жұмысшылардың көтерілісі тынышталғаннан кейін үкімет, істі өткізіп жіберіп жасаған полиция протоколы сияқты, оқиғаның артын ала кеңсешілдік даналықпен мәлімдеме жариялады. Бұл жолы әрі ашықтан-ашық, әрі бүкіл үкімет болып мәлімдеме жасауға тура келді. Үкімет мәлімдемесі «Правительственный Вестниктің» [41] 158-номерінде басылып шықты. Бұл жолы жұмысшылардың стачкаларын бұрынғыдай жалғанға шығаруға болмай қалды. Істің жайы қалай болғанын, фабриканттардың қысымы қандай болғанын, жұмысшылар нені талап еткенін айтып беруге тура келді; жұмысшылар өздерін «тәртіпті» ұстағанын мойындауға тура келді. Сөйтіп, жұмысшылар үкіметке полициялық ұятсыз өтірігін қойғызды: қалың көпшілік болып көтерілгеннен кейін, істі әйгілеу үшін үндеу хаттарды пайдаланғаннан кейін, жұмысшылар үкіметті шындықты мойындауға мәжбүр етті. Бұл — зор табыс. Өздерінің мұқтажын жұртқа әйгілеудің, бүкіл Россиядағы жұмысшылардың күресі туралы жариялаудың бірден-бір құралы не екенін жұмысшылар енді білетін болады. Үкіметтің өтірігіне жұмысшылар өздерінің біріккен күресі арқылы ғана тойтарыс беруге болатынын және өз правосын өздерінің сапалылығы арқылы ала алатынын енді білетін болады.— Істің жайы қандай болғанын айта келіп, министрлер түрлі сылтаулар ойлап шығара бастады, олар өздерінің мәлімдемесінде: стачка тек «мақта иіретін және жіп өндірісінің өзгешеліктерінен» ғана туды деп сендіруге тырысты. Міне қалай! Бұл бүкіл Россия *өнді-*

рісінің өзгешеліктерінен емес пе екен, өздерін қысымнан қорғаған бейбіт жұмысшыларды қудалап, ұстап әкетуге полицияға ерік берген орыстың мемлекеттік тәртібінің өзгешеліктерінен емес пе екен? Қайырымды министр мырзалар-ау, тіпті мақта туралы да емес, жіп туралы да емес, орыс азаматтарының правосыздығы туралы, капиталистерге жағымпазданып отырған үкіметтің айуандық озбырлығы туралы айтылған листоктарды жұмысшылардың таласып-тармасып оқуы және сол листоктарды тағы да сұрауы неліктен екен, жоқ, бұл жаңа сылтау — барлығын «азғырушыларға» аударған финанс министрі Виттенің нұсқау хатындағы сылтаудан да жаман, одан да гөрі пасықтау сылтау. Министр Витте стачка туралы фабриканттардан ауыз бастырық алатын кәдімгі полиция чиновниктерінше ойлайды: азғырушылар келіп еді — стачка болды, дейді. Енді, 30 мың жұмысшы қатысқан стачканы көріп, барлық министр жиналып ойға қалды, ақырында: стачка азғырушы-социалистердің келгендігінен тумайды екен, стачка басталғандықтан, жұмысшылардың капиталистерге қарсы күресі басталғандықтан, социалистер келеді екен деген тоқтамға келісті. Енді министрлер: социалистер стачкаға кейіннен «қосылды» деп сендіріп отыр. Бұл — финанс министрі Виттеге жақсы сабақ болды. Байқаңыз, Витте мырза, жақсылап сабақ алыңыз! Алдағы уақытта стачканың неден туғанын білуді үйреніңіз, өзіңіз де сөздеріне түк сенбейтін полиция көртышқандарының айтқанына емес, жұмысшылардың талаптарына дұрыс қарап үйреніңіз. Министр мырзалар жұртты сендірмек болып: тек «арам ниетті адамдар» ғана стачкаға «саяси қылмысты сипат» бермек болды, дейді немесе бір жерінде «әлеуметтік сипат» деп те айтады (министр мырзалар социалистік деп айтпақшы болған, бірақ сауатсыздығынан немесе кеңсешіл қорқақтығынан әлеуметтік деп кеткен де, онысы мағынасыз бір нәрсе болып шыққан: социалистік — капиталға қарсы күресте жұмысшыларды қолдайтын деген сөз, ал әлеуметтік — жай қоғамдық деген сөз. Стачкаға қалайша қоғамдық сипат беруге болады? Мұның өзі — министрлерге министрлік шен беру дегенмен бірдей ғой!). Мі-

не қызық! Социалистер стачкаға саяси сипат береді! Социалистердің бәрінен бұрын, үкіметтің өзі стачкаға саяси сипат беру үшін барлық шараларды қолданды ғой. Бейбіт жұмысшыларды нақ бір қылмыстылар сияқты ұстай бастаған, тұтқынға алып, жер аудара бастаған үкіметтің өзі емес пе? Жер-жерге шпиондар мен арандатушылар жіберген үкіметтің өзі емес пе? Қолына түскендерді пістінен ұстай бастаған үкіметтің өзі емес пе? Фабриканттар жеңілдік беруге бармауы үшін оларға көмектесуге уәде берген үкіметтің өзі емес пе? Стачкашылардың пайдасына жай ғана ақша жиюшы жұмысшыларды қудалаған да үкіметтің өзі емес пе? Жұмысшылардың фабриканттарға қарсы соғысы, сөз жоқ, үкіметке қарсы соғыс болуға тиіс екенін жұмысшыларға бәрінен гөрі жақсылап түсіндірген үкіметтің өзі болды. Социалистердің осыны растап, листоктарда жариялауы ғана қалды. Тек осы ғана. Бірақ орыс үкіметі екі жүзділік өнеріне әбден әккі болып алған, сондықтан министрлер біздің үкіметтің қандай жолмен «стачкаға саяси сипат бергені» жөнінде жұмған аузын ашпауға тырысты, ол жұртқа социалистердің листоктары қай күні шыққанын айтты, ал қала бастығының және басқа баскесерлердің бейбіт жұмысшыларды тұтқынға алу туралы, әскерді қаруландыру туралы, шпиондар мен арандатушылар жіберу туралы бұйрықтарының қай күні шығарылғанын ол неліктен айтпады? Олар жұртқа социалистердің қанша листоктары болғандығын санап айтқанда, қанша жұмысшылар мен социалистердің ұсталғанын, қанша семьяның күйзеліске ұшырағанын, қанша адамның сотсыз жер аударылғанын, түрмеге қамалғанын неліктен айтпады. Мұның себебі не? Себебі: қаншама ұятсыз бола тұрса да, орыс министрлерінің өзі де мұндай қарақшылық өнерді жұртқа айтудан сақтанады. Өздерінің праволары үшін көтеріліс жасаған, өздерін фабриканттардың озбырлығынан қорғаған бейбіт жұмысшыларға мемлекеттік өкіметтің барлық күші, полициясы мен әскері, жандармдары мен прокурорлары тегіс шүйілікті, өздерінің және өз жолдастарының, ағылшын, поляк, неміс, австрия жұмысшыларының тиын-тебенін нәпақа қылған жұ-

мысшыларға мемлекеттік қазынаның барлық күші қарсы шығып, фабрикант байғұстарға көмектесуге уәде берді.

Жұмысшылар бірікпеген еді. Олардың ақша жинауына, басқа қалаларды, басқа жұмысшыларды өздеріне тартуына болмады, оларды барлық жерде қудалады, олар мемлекеттік өкіметтің барлық күші алдында шегінуге тиіс болды. Министр мырзалар үкіметтің жеңгеніне шаттанып, леміріп жүр!

Жеңіс-ақ екен! Ақшасы жоқ 30 мың бейбіт жұмысшыға өкіметтің барлық күші, капиталистердің барлық байлығы қарсы қойылды! Мұндай жеңіске мақтанбай-ақ қойса, министрлердің онысы ақылдылық болар еді, әйтпесе олардың бұл мақтануы стачкада таяқ *жемей* құтылғанына мәз болатын полиция солдатының мақтанышын еске салады.

Үкімет капиталистердің көңілін жұбатып: социалистердің «айдап салуынан» ештеңе шықпады деп масаттана жар салды.— Біз де бұған: иә, айдап салушылықтың қандайы болса да үкіметтің бұл жөніндегі қылығының бүкіл Петербург жұмысшыларына, барлық орыс жұмысшыларына еткен әсерінің жүзден біріндей де әсер ете алмас еді! деп жауап береміз. Жұмысшылар үкіметтің саясатын — жұмысшылардың стачкалары туралы ауыз ашпай, оларды жалғанға шығару саясатын— айқын көрді. Жұмысшылар өздерінің бірлескен күресі полициялық екіжүзді өтірікті жоққа шығаруға мәжбүр еткенін көрді. Жұмысшылар фабриканттарды қолдауға уәде берген үкімет кімнің мүдделерін қорғайтынын көрді. Заң мен тәртіпті бұзбаған жұмысшыларды жаудай көріп, оларға қарсы әскер және полиция жіберілгенін көргенде, жұмысшылар өздерінің шын жауы кім екенін түсінді. Министрлер күрестің сәтсіздікке ұшырағаны жөнінде қаншама даурыққанымен, барлық жерде фабриканттардың қалай жуасығанын жұмысшылар көріп отыр және үкіметтің фабрика инспекторларын жұмысшыларға қандай жеңілдіктер беру жөнінде кеңесуге шақырғанын да біліп отыр, өйткені жеңілдік беру қажет екенін үкімет енді аңғарды. 1895—1896 жылдардағы стачкалар текке кетпеді. Олар орыс жұ-

мысшыларына орасан зор қызмет етті, олар жұмысшыларға өз мүдделері үшін қалай күресу керек екенін көрсетті. Олар жұмысшыларға *жұмысшы табының саяси жағдайы мен саяси мұқтаждарын* түсінуді үйретті.

Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы [42].

1896 жылғы ноябрь.

1896 ж. 25 ноябрьден (7 декабрь) ертерек түрмеде жазылған

Мимеографта листовка етіп басылған

Листовканың тексті бойынша басылып отыр

ПЕТЕРБУРГТІҢ «ЖҰМЫСШЫ ТАБЫН АЗАТ ЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕС ОДАҒЫНЫҢ» МҮШЕЛЕРІНЕ «ҚАРТТАР» АТЫНАН ХАБАРЛАУ [43]

Михайлов С.-Петербургке 1891 жылы тәртіпсіздік жасағандығы үшін оқудан шығарылған харьковтық студент ретінде пайда болды. Ол студенттердің «корпорация» [44] деп аталатын ұйымына енді және бұл ұйым тарап кеткеннен кейін де сонда саналды. Оның бір күдікті танысуы кезіндегі жүріс-тұрысы туралы тіс дәрігерлік курсындағылар арасында сыбыс тарады, өйткені мұндағылар оған ашыққандар үшін жиналған ақшаны талан-таражға салды деген айып тақты, бірақ ол ақша орнына салынды. Осы кезде ол ... мен * жақындасты.

1894 жылғы январьда әлгі «корпорацияның» көптеген бұрынғы мүшелерінің де, соның ішінде Михайловтың да үйіне тінту жүргізілді. Тергеуде қоғамның құрамы туралы, т. с. жұрттың бәріне егжей-тегжейлі оқып берілді. Жандармдар: бұл іс бұрынғы мүшелердің бірінің жеткізуі бойынша қозғалып отыр деп мәлімдеді. Жандармдар осы түкке тұрғысыз іске нағыз революционер араласқандықтан ғана мән беріліп отыр дегендіктен Михайловқа ешқандай күдік келтірілмеді. Сол кезде Воронин фабрикасында стачка [45] болды. Михайлов бұлардың арасына өтіп алып, солардың пайдасына ақша жинай бастады. Февральда Михайловпен істес болған 8 жұмысшы және оның тапсыруымен ақша жинаған 1 студент (Талалаев) ұсталды. Осы кезден бастап Михайлов ouvriers-пен ** тағы да жақындаса бастады,

* Қолжазбада ажыратылмады. *Ред.*
** — жұмысшылармен. *Ред.*

сөйтіп ол халық ерікшілері басқаратын үйірмелерге енуге мүмкіндік алды. 1894 жылдың жазында бұлар тұтқынға алынды. Тергеуде полиция көп жайды білетін болып шықты. Біздің қарттарға болған тергеуде осы халық ерікшілерінің бірнешеуімен таныс болдыңдар деген айып тағылды, бірақ оқиға... * Бұдан соң көп кешікпей Михайловтың алғашқы ісі аяқталды:... * ал басқалары жер аударылды, ол жазаланбай қалды және жүрген жерінің бәрінде: мен кешірім сұрап, шағым бердім және мұны бұрынғыдай жұмыс істеу ниетімен істедім дейтін болды. Бұл қырсықты қойыңыз, оны масқаралау үшін бұл факт жеткіліксіз деген адамдар табылып, оны қорғады, сөйтіп ол жұмысшылардың құрметіне не болмаса да, өз байланыстарын ныгайтып, кеңейтуге мүмкіндік алды.

Оның әдістерін айта кеткен жөн, жұмысшыларға ақша тыққалау, оларды пәтеріне шақыру, бүркеншік аттарды анықтау, т. т. Осының арқасында және әлгі айтылған адамдардың толық сенімін пайдаланып, ол көп кешікпей әр түрлі топтардың көптеген мүшелерінің кім екенін біліп алды. Олардың бәрі тұтқынға алынды. Бір жұмысшы... * Михайловтан кітап алып тұрдым дегенде, ол ұсталды да, бірақ дереу босатылды, осы күнге дейін С.-Петербургте жүр. Тергеуде ол айыптаушы болып, өзінің барлық жолдастарын айтып берді, кейбір айыптыларға... * әр түрлі топтардың құрамы туралы оның егжей-тегжейлі баяндамасы оқылды. (Қойылған қолдар.)

1896 ж. жазылған

Қолжазба бойынша бірінші рет басылып отыр

---

* Қолжазбада ашыратылмады. *Ред.*


ЭКОНОМИКАЛЫҚ РОМАНТИЗМНІҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӨНІНДЕ

СИСМОНДИ ЖӘНЕ ӨЗ ЕЛІМІЗДІҢ СИСМОНДИШІЛДЕРІ[46]

1897 ж. апрель — июльде «Новое Слово» журналының 7—10-номерлерінде басылған Қол қойған: К. Т—н

1898 ж. Владимир Ильин. «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» деген жинақта қайта басылды СПБ.

«Новое Слово» журналының текстімен және Вл. Ильин. «Аграрлық мәселе», 1908 ж., деген жинақтың текстімен салыстырылған «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» деген жинақтың тексті бойынша басылып отыр



В. И. Лениннің «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде» және «Бір газет мақаласы жөнінде» деген мақалалары бірінші рет басылған «Новое Слово» журналының мұқабасы.— 1897 ж.

Кішірейтілген

Осы кезде Россияда ерекше қатты қойылып отырған жалпы экономикалық мәселелерді шешу үшін үстіміздегі ғасырдың бас кезінде жазған Швейцария экономисі Сисмонди (J.-C.-L. Simonde de Sismondi) ерекше көңіл аударуды керек қылады. Егер мұның үстіне, басты ағымдардан шеткері бола отырып, Сисмондидің саяси экономия тарихында айрықша орын алатынын, ірі кәсіпкерлікті жақтаушылар мен оның идеологтарына қарсы шығып (осы күнгі орыс халықшылдары да оларға дәл осылай қарсы шығып отыр), ұсақ өндірісті өте қатты жақтағанын қосатын болсақ, онда оқушымыз Сисмонди ілімінің басты сипаттарының және оның экономикалық ғылымның басқа — осы кездегі және бұдан былайғы — бағыттарына қатысының очеркін бергелі отырған ниетімізді түсінеді. Сисмондиді зерттеуге көңіл қоюдың нақ осы кезде күшейіп отырған себебі: өткен 1896 жылғы «Русское Богатство» журналынан біз тағы да Сисмонди ілімін баяндауға арналған мақаланы кездестіреміз *(Б. Эфруси:* «Симонд де Сисмондидің әлеуметтік-экономикалық көзқарастары». «Р. Б.», 1896 ж., № 7 және 8) *.

«Русское Богатствоның» қызметкері салған жерден-ақ: Сисмонди сияқты «соншалық дұрыс бағаланбаған» жазушы жоқ, былайша айтқанда, жұрт оны біресе реакционер етіп, біресе утопист етіп көрсетіп «әділетсіздік»

* Эфруси 1897 жылы өлген. Ол туралы некролог «Русское Богатствоның» 1897 жылғы мартта шыққан кітабында басылған.

істеді деп мəлімдейді.— Олай емес, мұның өзі дəл керісінше. Сисмондиге нақ *осындай* баға беру əбден дұрыс. Ал «Русское Богатствоның» мақаласы Сисмондидің айтқанын егжей-тегжейіне дейін жəне мұқияттап қайталай отырып, оның теориясын мүлде теріс сипаттайды *, Сисмондидің ілімін нақ халықшылдарға неғұрлым жақын келетін пункттерінде дəріптеп, экономикалық ғылымның бұдан былайғы ағымдары жөніндегі оның көзқарасын елемей, теріс түсіндіреді. Сондықтан Сисмонди ілімін біздің баяндауымыз жəне талдауымыз, сонымен бірге, Эфрусидің мақаласын сынау болмақ.

I ТАРАУ

РОМАНТИЗМНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯЛАРЫ

Сисмонди теориясының айрықша өзгешелігі — оның табыс жөніндегі, табыстың өндіріске жəне халыққа қатысы жөніндегі ілімі. Сисмондидің басты шығармасының өзі де былай деп аталған: «Nouveaux principes d'économie politique ou de la richesse dans ses rapports avec la population» (Seconde édition. Paris, 1827, 2 vol. ** Бірінші басылуы 1819 жылы шыққан) — «Саяси экономияның жаңа негіздері немесе халыққа қатысы бар байлық туралы». Бұл тақырып — орыстың халықшылдық əдебиетінде «капитализм үшін ішкі рынок жайындағы мəселе» деген атпен белгілі мəселемен бірдей дерлік тақырып. Атап айтқанда, Сисмонди былай деген-ді: өнеркəсіп пен егіншілікте ірі кəсіпкерлік пен жалдама еңбектің дамуы мынаған əкеп соғады: өндіріс тұтынуды сөзсіз басып озып, тұтынушылар табу сияқты шешілмейтін міндетке кездеседі; өндіріс ел ішінде тұтынушы таба алмайтын болады, өйткені оның өзі халық бұқарасын күндікшілерге, қарапайым жұмысшыларға айналдырады жəне қолы бос халықты көбейтеді, ал ду-

* Сисмонди социалист емес деу əбден əділ айтылған сөз, мұны Липперттің айтқанын қайталап Эфруси мақаласының бас кезінде көрсетіп отыр (қараңыз: «Handworterbuch der Staatswissenschaften», V, Band, Artikel «Sismondi» von *Lippert,* Seite 678 («Мемлекеттік ғылымдар сөздігі», V том, *Липперттің* «Сисмонди» деген мақаласы, 678-бет. *Ред.*)).

** — Екінші басылуы Париж, 1827, 2-том. *Ред.*

ние жүзілік аренаға капиталистік елдердің бірінен соң бірі шыға бастауына байланысты, сыртқы рынок іздеу барған сайын қиындай түседі. Бұл мәселелер В. В. мен Н.— он мырзалар бастаған халықшыл экономистердің шұғылданып жүрген мәселелерінің нақ өзі екенін оқушымыз көріп отырған болар. Ал енді Сисмондидің келтірген дәлелінің кейбір жерлеріне және ол дәлелдің ғылыми маңызына тоқталып өтейік.

I

ҰСАҚ ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ КҮЙЗЕЛУІ СЕБЕПТІ ІШКІ РЫНОК ТАРЫЛА МА?

Өздерінің баяндаған ой-пікірлерінде қалыптасып болған капиталистік құрылысты ескеріп, жұмысшылар табының болуын өзінен-өзі белгілі нәрсе деп қараған классик-экономистерге қарама-қарсы, Сисмонди ұсақ өндірушінің күйзелу процесінің нақ өзін,— осы таптың құрылуына бастаған процесті атап көрсетеді. Капиталистік құрылыстағы бұл қайшылықты көрсеткені Сисмондидің сіңірген еңбегі болып табылады — бұған дау жоқ, бірақ мәселе мынада: Сисмонди экономист бола тұрып, бұл құбылысты *түсіне* алмады және өзінің дәйекті түрде талдау жасауға шамасы келмегенін «жақсы тілектермен» бүркемеледі. Сисмондидің пікірінше, ұсақ өндірушінің күйзелуі ішкі рыноктың тарылуын дәлелдейтін сияқты.

«Сатушы өз рыногын қалай кеңейтеді?» деген тарауда (ch. III, livre IV, t. I, p. 342 et suiv. *) **, Сисмонди былай дейді: «Егер фабрикант арзанға сататын болса, онда ол көп сатады, өйткені басқалары аз сатады. Сондықтан фабрикант әрдайым еңбектен немесе шикізаттардан бірдеңе үнемдеуге күш салады; мұның өзі оған товарын серіктерінен арзан сатуға мүмкіндік берер еді. Ал материалдардың өзі бұрын жұмсалған еңбектің өнімі болғандықтан оның үнем жасауы, сайып келгенде,

* III тарау, IV кітап, I том, 342 және келесі беттер. *Ред.*

** Бұдан былай келтірілетін цитаттардың бәрі, айрықша көрсету жасалмаса, жоғарыда айтылған «Nouveaux Principes» деген басылымнан алынған болады.

әрдайым сол өнімнің өзін өндіруге еңбекті аз жұмсауға келіп тіреледі». «Рас, кейбір фабрикант жұмысшылардың санын кемітпей, өндірісті ұлғайтуға тырысады. Айталық, мұны ол істей алады, товардың бағасын арзандатып, зат алушыларды ол өз бәсекелестерінің алдынан жырып әкетеді дейік. Сонда, мұның «ұлттық нәтижесі» қандай болмақ?». «Басқа фабриканттар өздерінде оның өндіріс тәсілдерін қолданады. Сонда, бұлардың бірі болмаса бірінің, жаңа машина еңбектің өндіргіш күшін арттыруына қарай, жұмысшылардың біразын босатуына тура келетіні өзінен-өзі түсінікті. Егер тұтыну бұрынғы қалпында қалса, егер сол бір мөлшердегі еңбекті он есе аз жұмысшы орындайтын болса, онда жұмысшы табының бұл бөлігінің табыстарының оннан тоғызы оның қолынан тартып алынады, сондықтан оның тұтынуы да барлық жағынан сондай мөлшерде кемиді... Демек, жаңалық ойлап табудың нәтижесі — егер ұлттың сыртқы саудасы болмаса және тұтыну дәрежесі өзгеріссіз қалатын болса,— барлық жұртқа зиян болып тиеді, ұлттық табысты кемітеді, мұның өзі келесі жылы жалпы тұтыну дәрежесін кемітеді» (I, 344). «Мұның осылай болуы да керек: еңбектің өзі табыстың маңызды бөлігі болады (Сисмонди жалақыны айтып отыр), сөйтіп ұлтты неғұрлым кедейлікке ұшыратпайынша, еңбекке деген сұранымды кемітуге болмайды. Сондықтан да өндірістің жаңа әдістерін ойлап шығарудан күтілетін пайда әрдайым дерлік шетел саудасының есебіне қатысты болады» (I, 345).

Осы сөздердің өзінен-ақ капитализмнің дамуы салдарынан «ішкі рынок тарылады» және осы себептен сыртқы рынок қажет болады, деген өзімізге әбден мәлім «теорияның» келіп шыққанын оқушы көріп отыр. Сисмонди бұл пікірге өте-мөте жиі оралып отырады, онымен өзінің дағдарыстар жөніндегі теориясын да, халық жөніндегі «теориясын» да байланыстырады; орыс халықшылдарының ілімі ндегі сияқты, бұл пікір оның да іліміндегі тап сондай басым пункт.

Жаңа қатынастар тұсындағы күйзелушілік пен жұмыссыздық «сауда байлығының» өсуімен ұштасып отыратынын, әңгіме ірі өндірістің, капитализмнің дамуы

жөнінде болуға тиіс екенін Сисмонди, әлбетте, ұмытпаған. Ол мұны жақсы түсінген, нақ сондықтан да капитализмнің өсуі ішкі рынокты азайтады деген болатын: «Барлық жұрттың дәулеті мен тұтынуының теңелуге жуықтау-жуықтамауы немесе ат төбеліндей азшылықтың барлық жағынан да басы артық молшылықта болып, ал бұқараның ең қажетті нәрсеге ғана әзер-әзер қолы жетуі азаматтардың игілігі үшін немқұрайды қарай салатын нәрсе емес екендігі сияқты, табысты бөлісудің осы екі түрі *сауда байлығының* (richesse commerciale) * дамуы үшін де немқұрайды қарай салатын нәрсе емес. Тұтынудың теңелу нәтижесі қашан да болса өндірушілердің рыногын кеңейтуге тиіс, ал теңелмеуі — *рынокты тарылтуға тиіс»* (de le (le marché) resserrer toujours davantage) (I, 357).

Сонымен, Сисмонди: бөлістің капитализмге тән теңсіздігі ішкі рынокты тарылтады, рынок өнімді біркелкі бөлісу арқылы құрылуға тиіс дейді. Ал Сисмондидің байқаусыз көшкен мәселесі — *сауда байлығы* кезінде бұл айтылып отырған нәрсе қалай істелмекші (оның бұл мәселеге көшпесіне де болмады, өйткені олай етпеген күнде, *рынок* туралы ол сөз қыла алмаған болар еді)? Мұны ол зерттемейді. Сауда байлығы тұсында, *яғни* жеке өндірушілердің арасында бәсеке болып тұрғанда, өндірушілердің тең болуын сақтау мүмкіндігін ол немен дәлелдейді? Тіпті еш нәрсемен де дәлелдемейді. Ол құр әншейін осылай *болуға тиіс* деп соғады. Өзі өте орынды көрсетіп өткен қайшылыққа одан әрі талдау жасаудың орнына ол жалпы қайшылық атаулының керексіздігі туралы сөз қылуға кіріседі. «Мүмкін, ұсақ егіншіліктің орнына ірі егіншілік келуімен жерге капитал көп жұмсалған болар, бүкіл егіншілер бұқарасының арасында бұрынғыға қарағанда көбірек байлық бөлінген болар»... (яғни, «мүмкін», *сауда* байлығының нақ абсолютті мөлшерімен белгіленетін ішкі рынок өскен болар? — оның өзі капитализмнің дамуымен бірге өскен болар?)... «Бірақ ұлт үшін бай фермерлердің бір семьясының тұтынуын қайыршы күндікшілердің 50 семьясы-

* Бұл арадағы курсив, барлық басқа жерлердегі сияқты, егер басқаша ескерту айтылмайтын болса, біздің курсивіміз.

ның тұтынуымен қосып есептегенде, шаруалардың 50 семьясының тұтынуына тең келмейді, бұлардың бірде-біреуі бай емес, бірақ оның есесіне, олардың бірде-біреуі (қанағат тұтарлық) тәп-тәуір ризығынан айырылған жоқ» (une honnête aisance) (I, 358). Басқа сөзбен айтқанда: мүмкін, фермерліктің дамуы капитализм үшін ішкі рынок жасайтын да болар. Сисмонди аса білімді, ар-ұяты бар экономист болды, сондықтан ол бұл фактіні бекер дей алмайды, бірақ... бірақ бұл жерде автор өз зерттеуінен безіп, сауда байлығының «ұлты» деудің орнына турадан-тура шаруалар «ұлты» дегенді тықпалап отыр. Өзінің ұсақ буржуазиялық көзқарасын теріске шығаратын қолайсыз фактіден жалтарып, ол тіпті өзінің бұдан біраз бұрынырақ айтқан нәрсесін, атап айтқанда: сауда байлығының дамуы арқасында «фермерлер» «шаруалардың» ішінен шығып жетілді дегенін ұмытып кетіп отыр. «Алғашқы фермерлер,— деген болатын Сисмонди,— қарапайым диқандар болды... Олар шаруа болудан қол үзген емес... Олар бірлесіп жұмыс істеу үшін күндіктеп істейтін қызметшілерді ешқашан да дерлік пайдаланған емес, қайта әрдайым өздеріне теңдестердің ішінен іріктеп алған қызметшілерді (батырақтарды — des domestiques) пайдаланды, оларға өздерімен тең адамдарша қарады, тамақты олармен бірге ішті... бәрі бірге шаруалар табы болды» (I, 221). Демек барлық істің түйіні мынаған тіреледі: өздерінің патриархтық батырақтары бар осы патриархтық мужиктер автордың жанына әбден жағады,— сөйтіп ол «сауда байлығы» өсуінің осы патриархтық қатынастарға жасаған өзгерістерінен әншейін сырт айналып отыр.

Бірақ Сисмондидің мұны мойындайын деген ешбір ниеті жоқ. Ол әлі де сауда байлығының заңдарын зерттеп жүрмін деп ойлайды, сөйтіп өзінің бір кездегі ескерткендерін ұмытып, турадан-тура былай дейді:

«Сонымен, мүліктердің аз ғана меншік иелерінің қолына ғана шоғырлануы салдарынан *ішкі рынок барған сайын үсті-үстіне тарылып келеді* (!), сөйтіп өнеркәсіптің барған сайын сыртқы рыноктарда товар өткізу жолын іздеуіне тура келеді, мұнда оған зор сілкіністер қаупі төнеді» (des grandes révolutions) (I, 361). «Со-

нымен, ұлт дәулеті артпайынша, ішкі рынок ұлғая алмайды» (I, 362). Сисмондидің айтып отырғаны — халықтың әл-ауқаты, өйткені ол фермерлік тұсында «ұлттың» әл-ауқатты болуы мүмкін екендігін әлгінде ғана мойындаған болатын.

Біздің экономист-халықшылдарымыздың да сөзбе-сөз дәл осыны айтып жүргенін оқушы көріп отыр.

Сисмонди шығармасының ақырында, «Халық туралы» деген VII кітабында: «Машиналар ойлап шығарудың салдарынан артық болып қалған халық туралы» деген VII тарауында бұл мәселеге тағы да қайта оралады.

«Деревняда ірі фермалар жүйесін қолдану Великобританияда жер жалдаушы шаруалар (fermiers paysans) табын жойып жіберуге бастады, бұлар өздері жұмыс істеді, оның үстіне қанағат етерлік ризықтары да болды; халық едәуір азайды; бірақ оның тұтыну жағы сапынан әлдеқайда көбірек кеміді. Дала жұмыстарының бәрін атқаратын күндікшілер нағыз мұқтаж нәрсесін ғана ала отырып, қала индустриясын ілгері кездегі бай шаруалардың қолдағанындай қолдай (encouragement) алмай отыр» (II, 327). «Қала халқында да осындай өзгеріс болды... Ұсақ саудагерлер, ұсақ өнеркәсіпшілері жойылып барады, сөйтіп олардың жүзінің орнын бір ғана ірі кәсіпкер басып отыр; бәлкім, олардың бәрі жиналып, кәсіпкердей бай болмаған шығар. Сөйткенмен де, олар жинастырып келгенде, кәсіпкерден артық тұтынатын еді. Оның сән-салтанаты индустрияны өзі орнын басқан жүз шаруашылықтың шағын ризығынан әлдеқайда аз қолдайды» (ib. *).

Сисмондидің капитализм дамыған кезде ішкі рынок тарылады деген бұл теориясы неменеге келіп тіреледі? деген сұрау туады. Ол мынаған келіп тіреледі: істің мән-жайына тура көз жіберуге әрең-әрең тырысқан ол теорияның авторы капитализмге («сауда байлығы» және өнеркәсіп пен егіншіліктегі ірі кәсіпкерлік, өйткені Сисмонди «капитализм» деген сөзді білмейді. Ұғымдардың ұқсастығы бұл сөзді осылай қолдануды әбден ду-

* — ibidem — бұл да сонда. *Ред.*

рыс етеді, сондықтан біз бұдан былай тек: «капитализм» демекшіміз) сәйкес келетін жағдайларға талдау жасаудан жалтарған, сөйтіп талдау жасаудың орнына өзінің ұсақ буржуазиялық көзқарасы мен ұсақ буржуазиялық утопиясын тықпалаған. Сауда байлығының, демек, бәсекенің дамуы өзінің «шағын ризығы» бар және батырақтарға деген өзінің патриархтық көзқарастары бар бір тегіс, орта шаруаларды ешкім қол сұға алмайтын күйде қалдыруға тиіс.

Бұл сәбилік тілек Сисмондидің және «интеллигенциядан» шыққан өзге де романтиктердің ерекше алданышы болып отырғаны, түпкі мәнісін Сисмонди әлі бағалай алмай жүрген қайшылықтарды өршіткен шындыққа ол тілектің күннен-күнге қаттырақ соқтығыса беретіні түсінікті нәрсе.

Теориялық саяси экономия озінің онан әрі дамуында * классиктерге қосылып, Сисмондидің нақ бекерге шығарғысы келген нәрсесін дәл анықтап бергені жұртқа түсінікті, атап айтқанда: жалпы капитализмнің, оның ішінде фермерліктің дамуы ішкі рынокты тарылтпайды, қайта оны *жасайтын болады*. Капитализмнің дамуы товар шаруашылығының дамуымен бірге жүреді, сөйтіп үй өндірісінің сатуға арнап бұйым шығаратын өндіріске орын беруіне қарай, ал майдагердің фабрикаға орын беруіне қарай *капитал* үшін рынок жасала береді. «Шаруалар» «фермерлерге» айналғандықтан егіншіліктен ығыстырылып шығарылған «күндікшілер» капитал үшін жұмыс күшін жетістіріп беріп отырады, ал фермерлер индустрия өнімдерін сатып алушы болады және олар тек тұтыну заттарын ғана сатып алып қоймайды (бұрын бұларды үйді-үйінде шаруалар немесе село қолөнершілері өндіретін), сонымен қатар өндіріс құралдарын да сатып алушы болады, өйткені ұсақ егіншіліктің орнын ірі егіншілік басқан кезде өндіріс құралдары бұрынғы күйінде қала алмайды **. Бұл соңғы

* Әңгіме марксизм туралы болып отыр. (1908 жылғы басылуына автордың жазған ескертуі. *Ред.*)

** Сонымен, өзгермелі капиталдың да («бос» жұмысшы), тұрақты капиталдың да элементтері бір кезде жасалады: тұрақты капиталға ұсақ өндірушінің қолынан босап шығатын өндіріс құрал-жабдықтары жатады.

айтылған жағдайды атап көрсетуіміз керек, өйткені дәл осыны әсіресе Сисмонди елемеген; шаруалар мен фермерлердің «тұтынуы» туралы өзіміз цитат келтіріп отырған жердегі оның сөзіне қарағанда, жалаң ғана адамның *жеке басының* тұтынуы (астықты, киім-кешекті, тағы басқаларын тұтыну) болған сияқты, машина, құрал-сайман, тағы басқаларын сатып алу, үй, қойма, фабрика, тағы басқаларын салу тұтыну болмаған сияқты, тұтыну болған күнде бұлар басқа түрлі тұтыну, атап айтқанда: *өндіргіш тұтыну,* адамның тұтынуы емес, капиталдың тұтынуы болған сияқты. Тағы да айта кетуге тура келеді, Сисмондидің Адам Смиттен алған нақ осы қатесін, мұны біз қазір көреміз, ешбір шашау шығармастан біздің халықшыл-экономистеріміз де иемденіп алған *.

II

СИСМОНДИДІҢ ҰЛТТЫҚ ТАБЫС ПЕН КАПИТАЛ ЖӨНІНДЕГІ КӨЗҚАРАСЫ

Капитализмнің орнауы мен оның даму мүмкіндігіне қарсы келтіретін Сисмондидің дәлелі мұнымен ғана тынбайды. Ол өзінің табыс жөніндегі ілімінен де дәл осындай қорытындылар жасаған. Айта кету керек, Сисмонди еңбек құны мен табыстың үш түрі: рента, пайда және жалақы жөніндегі теорияны түгелімен Ад. Смиттен алып пайдаланған. Ол тіпті кей жерлерде табыстың үшінші түріне қарама-қарсы оның алғашқы екі түрін жинақтап алуға әрекет жасайды: мысалы, ол кейде жалақыға қарсы қойып, оларды біріктіріп те жібереді (I, 104—105); рента мен пайда жөнінде Сисмондиден тіпті: mieux-value (үстеме құн [47]) деген сөз де кездеседі (I, 103). Алайда, «Сисмонди теориясы қосымша бағалы зат теориясына бір табан жақын келеді» («Р. Б.» № 8, 41-бет) деп, сірә, Эфрусидің болса керек, асыра мақтағаны сияқты, бұлайша сөз қолданудың маңызын әсірелеуге болмайды. Сисмонди шындығында Ад. Смитке қа-

* Сисмонди доктринасының осы бөлігі жөнінде — капитализмнің дамуы себепті ішкі рыноктың тарылатыны туралы — Эфруси еш нәрсе айтпайды. Сисмондидің *көзқарасын* және оның іліміне халықшылдардың қалай қарайтынын неғұрлым айқын сипаттап беретін нәрсенің дәл өзін Эфрусидің айтпай өткенін біз әлі талай рет көреміз.

рағанда бірде-бір қадам алға басқан жоқ, ол да: рента мен пайда дегеніміз «еңбектен шегеріліп қалатын» нәрсе, қызметкердің өнімге қосып отыратын бағалы затының сыбағалы үлесі деген болатын (қараңыз: «Байлықтың тегі мен себептері туралы зерттеу», орысша аудармасы Бибиковтікі, I том, VIII тарау: «Жалақы туралы» және VI тарау: «Товар бағасының құрамына кіретін бөлшектер туралы»). Сисмонди де бұдан асып кете қойған жоқ. Бірақ ол жаңадан жасалатын өнімнің осы үстеме құн мен жалақыға бөлінуін қоғамдық табыс, ішкі рынок теориясымен және капиталистік қоғамдағы өнім өткізу ісімен байланыстыруға әрекет жасады. Сисмондидің ғылыми маңызына баға беру үшін және оның доктринасы мен орыс халықшылдарының доктринасы арасындағы байланысты анықтау үшін бұл әрекеттердің өте зор мәні бар. Сондықтан бұларды толығырақ қарап шыққан жөн.

Табыс туралы, оның өндіріске, тұтынуға, халыққа қатысы жөніндегі мәселені барлық жерде бірінші кезекке қойып, Сисмонди, әрине, «табыс» деген ұғымның теориялық негіздерін де қарастырып өтуге тиіс еді. Сөйтіп, біз оның шығармасының ең бас жағынан табыс туралы мәселеге арналған үш тарауды кездестіреміз (I. II, ch. IV—VI). «Капиталдан табыс қалай шығады» деген IV тарауда капитал мен табыстың айырмашылығы туралы сөз болады. Сисмонди бұл мәселені бүкіл қоғамға қатысты етіп тура баяндай бастайды. «Әрбір адам бүкіл жұрт үшін жұмыс істейтін болғандықтан,— дейді ол,— барлық жұрттың өндірген өнімін жұрттың бәрі де тұтынуға тиіс... Капитал мен табыстың арасындағы айырмашылықтың қоғам үшін елеулі мәні бар нәрсе» (I, 83). Бірақ бұл «елеулі» айырмашылық жеке кәсіпкер үшін жай ғана нәрсе болғанымен, *қоғам үшін* жай нәрсе болмайтынын Сисмонди сезіп отыр. «Біз саяси экономияның ең абстрактілі және ең қиып мәселесіне жақындап келеміз,— деп ескертеді ол.— Капитал мен табыстың жаратылысы біздің ұғынуымызда үнемі араласып отырады: *біреуге табыс болатын нәрсенің екінші біреуге капитал болатынын,* ал белгілі бір бұйым қолдан-қолға өткенде, оған бастан-аяқ түрліше ат қойыла-

тыпын көреміз» (I, 84), яғни, ол біресе «капитал», біресе «табыс» деп аталады. «Бірақ бұларды шатастыру қате болады»,— дейді Сисмонди (leur confusion est ruineuse, p. 477). «Қоғамның капиталы мен табысын айыра білу қаншалық қиын болса, бұл айырмашылық та соншалық маңызды нәрсе» (I, 84).

Сисмондидің қиын деп отырғанының мәнісі неде екенін оқушы байқаған болар: егер белгілі бір тұтыну заттарына * жұмсайтын өзінің тапқан пайдасы жеке кәсіпкердің табысы болатын болса, жеке жұмысшының табысы оның жалақысы болатын болса, онда «қоғам табысын» шығару үшін бұл табыстарды бір-біріне қосуға бола ма? Олай болғанда, мәселен, машина өндіретін капиталистер мен жұмысшылардың жайы қалай болмақ? Олардың шығаратын өнімдері тұтынуға болмайтын (яғни, адамның жеке басы тұтына алмайтын) түрде болады. Бұл өнімді тұтыну заттарына апарып қосуға болмайды. Бұл өнімдер — капитал болуға арналған. Демек, олар өз өндірушілері үшін *табыс* бола отырып (табыс болғанда, оның пайда мен жалақының орнын толтыратын бөлігі табыс болады), сатып алушылар үшін *капиталға* айналады. Қоғамдық табыс деген ұғымды анықтауға кедергі жасайтын бұл былықты қалай түсіну керек?

Сисмондидің, мәселеге таяп келісімен-ақ мынау «қиын» екен дегенді сылтауратып, одан сол мезетте-ақ жалтарып кеткенін біз жоғарыда көрдік. Ол турадан-тура: «әдетте жұрт табыстың: рента, пайда және жалақы деген үш түрі бар екенін мойындайды» (I, 85) деп мәлімдейді, сөйтіп олардың әрқайсысы жөнінде А. Смиттің ілімін қайталап айтуға көшеді. Қоғам капиталы мен табысының айырмашылығы туралы қойылған сұрауға жауап берілмей қалды. Мәселенің бұдан былайғы баяндалуында қоғамдық табыстың жеке табыстан бөлекше айырмашылығы көрсетілмейді. Бірақ өзінің қарамай кеткен мәселесіне Сисмонди тағы қайта оралады. Табыстың алуан түрлері сияқты, «байлықтың да алуан түрлері» (I, 93) бар, дейді ол, атап айтқанда:

* Дәлірек айтқанда: пайданың қорлануға жұмсалмайтын бөлігі.

негізгі капитал — машиналар, құралдар, тағы басқалар; *айналмалы капитал* — алғашқыға қарағанда, тез жұмсалып және формасы өзгеріп отыратын капитал (тұқым, шикізаттар, жалақы), ақырында, *капиталдан түсетін табыс*, бұл ұдайы өндіріске түспей тұтынуға кетіп отырады. Бұл арада бізге керегі: негізгі капитал мен айналмалы капитал жөніндегі ілімде Смиттің жасаған қателерінің бәрін Сисмондидің тағы қайталап отырғаны, сөйтіп айналым процесіне тән бұл категорияларды өндіріс процесінен туатып категориялармен (тұрақты және өзгермелі капитал) шатастырып отырғаны емес. Бізге керегі — Сисмондидің табыс туралы ілімі. Сонымен, бұл мәселе жөнінде байлықтың жаңағы көрсетілген үш түрге бөлінуінен ол мынадай қорытынды жасайды:

«Айта кету қажет, байлықтың бұл үш түрі де бірдей тұтынуға жұмсалады; өйткені күллі өндірілген нәрсенің адам үшін құны болатын себебі — оның бәрі адамның керектерін өтейді, ал осы керектер тек тұтыну арқылы ғана қанағаттандырылады. Бірақ негізгі капитал адамның керегін жанама түрде өтейді (d'une maniére indirecte); адамның тұтынатын нәрсесін қайта өндіруіне жәрдемдесе отырып, негізгі капитал баяу тұтынылады (I, 94—95), ал айналмалы капитал (Сисмонди енді оны өзгермелі капиталмен теңеп отыр) *«жұмысшының тұтыну қорына»* айналады (I, 95). Сонда, демек, жеке тұтынуға қарағанда *қоғамдық тұтыну* екі түрлі болып шығады. Бұл екеуінің бір-бірінен аса елеулі айырмашылығы бар. Мәселе, әрине, негізгі капиталдың баяу тұтынылатынында емес, қоғамның бірде-бір табы үшін *табыс* (тұтыну қорын) жасамай тұтынылатындығында, адамның жеке басына тұтынылмай, өнім өндіру үшін тұтынылатындығында. Бірақ Сисмонди мұны көрмей отыр, сөйтіп қоғамдық капитал мен табыстың арасындағы айырмашылықты іздеймін деп жүріп тағы да адасқанын сезіп *, ол дәрменсіз түрде былай дейді: «Бай-

* Атап айтқанда: Сисмонди әлгінде ғана *капиталды табыстан* бөліп алып қараған еді. Біріншісі өндіріске жұмсалады, екіншісі тұтынуға жұмсалады деген. Бірақ әңгіме қоғам туралы болып отыр ғой. Ал қоғам негізгі капиталды да «тұтынады». Жоғарыда келтірілген айырмашылық былай қалып қойды, сөйтіп «біреу үшін капитал» болатын нәрсені «екінші біреу үшін табыс» ететін қоғамдық-шаруашылық процесс анықталмай қалып отыр.

лықтың бұл қозғалысы мейлінше абстрактілі нәрсе, оны әбден ұғынып алу үшін (pour le bien saisir) тым қатты назар аударуды керек қылады, сондықтан біз ең қарапайым мысал алып қарауды пайдалы деп білеміз» (I, 95). Шынында да «ең қарапайым» мысал алынып отыр: өз алдына жеке тұратын фермер (un fermier solitaire) егістігінен 100 қап бидай алған; оның бір бөлігін ол өзі тұтынған, бір бөлігі егіске кетеді, бір бөлігі жалдап алынған жұмысшылардың тұтынуына кетеді. Келесі жылы енді 200 қап бидай алады. Оны кім тұтынады? Фермердің семьясы соншама тез өсіп кете қоймайды. Негізгі капитал (тұқым) мен айналмалы капиталдың (жалақы) және фермердің тұтыну қорының арасындағы айырмашылықты осы мысалмен (барып тұрған қолайсыз мысалмен) көрсете келіп, Сисмонди былай дейді:

«Біз жеке бір семьядағы байлықтың үш түрін ажыраттық; енді оның әрбір түрінің бүтін бір ұлтқа қатысты жағын алып қарап, байлықтың бұлай бөлінуінен ұлттық табыстың қалай туатынын талдап көрелік» (I, 97). Бірақ мұнан кейін айтылғаны мынау ғана: қоғам ішінде де байлықтың сол үш түрін ұдайы өндіріп отыру қажет: негізгі капитал (Сисмонди бұл жерде негізгі капиталға белгілі бір мөлшерде еңбек жұмсауға тура келеді деп атап көрсетеді, бірақ осы өндіріспен шұғылданып жүрген капиталистер мен жұмысшыларға керекті тұтыну заттарына негізгі капиталдың қалай алмастырылатынын түсіндірмейді); сонан соң шикізат (бұл арада Сисмонди оны ерекше бөліп көрсетеді); онан кейін жұмысшылардың күн көруіне керекті қаражат пен капиталистердің пайдасы. Міне, IV тарауда айтылған нәрселер осылар. Бұл арада ұлттық табыс туралы мәселенің шешілмей қалып отырғаны айқын нәрсе, ал табыстың бөлінуін Сисмондидің талдамағаны былай тұрсын, ол тіпті табыс деген *ұғымды* да талдаған жоқ. Қоғамның негізгі капиталын да ұдайы өндіріп отырудың қажет екендігін көрсетудің теориялық жағынан зор маңызы бар екенін Сисмонди лезде ұмытады да, келесі тарауда «азаматтардың түрлі таптарының арасында ұлттық табыстың бөлінуі» туралы сөз қылып (ch. V),

ол табыстың үш түрі туралы ашық айтады және рента мен пайданы бірге қосып, ұлттық табыс екі бөлімнен: байлықтан түсетін пайда (яғни, дәл мағынасындағы рента мен пайда) мен жұмысшылардың күн көру қоректерінен құралады (I, 104—105) деп мәлімдейді. Ол ол ма, Сисмонди былай дейді:

«Дәл сол сияқты, жылдық өндіріс немесе ұлттың бір жыл ішінде істеген барлық жұмыстарының нәтижесі екі бөлімнен құралады: біреуі... бұл — байлықтан шығатын пайда; екіншісі — еңбек ету қабілеті (la puissance de travailler), бұл қабілет байлықтың өзі айырбасталатын бөлігіне немесе еңбекші таптардың күн көру қоректеріне теңбе-тең болса керек». «Сөйтіп ұлттық табыс пен жылдық өндіріс өзара теңгермеленіп, бір мөлшерлі нәрсе болып шығады. Бүкіл жылдық өндіріс бір жылдың ішінде тұтынылып бітеді, ал оның біразын жұмысшылар тұтынады, олар мұның орнына өзінің еңбегін сіңіріп, оны капиталға айналдырады да, оны жаңалап өндіріп отырады; біразын капиталистер тұтынады, олар мұның орнын табысымен жауып, одан дәнеңе қалдырмайды» (I, 105).

Сонымен, Сисмондидің өзі аса маңызды және қиын мәселе деп айқын мойындаған ұлттық капитал мен табысты айыра білу жөніндегі мәселені ол оп-оңай аулақ ысырып тастап, бұдан бірнеше бет бұрынырақ айтылған нәрсені мүлде ұмыт қалдырады! Сөйтіп, Сисмонди бұл мәселені аулақ ысырып тастап, өзінің мүлде мағынасыз жағдайға ұшырағанын байқамай отыр: өнім өндіру үшін капитал керек болып отырғанда, дәлірек айтқанда, өндіріс құрал-жабдықтары керек болып отырғанда, жылдық өндіріс қалайша түгелімен, табыс ретінде жұмысшылар мен капиталистердің тұтынуына кетеді. Бұларды өндіру керек, олар жыл сайын өндіріліп те отырады (мұны Сисмондидің өзі де әлгінде ғана мойындаған). Міне, сонымен, барлық өндіріс құралдары, шикізаттар және тағы басқалар аяқ астынан есептен шығарылады да, капитал мен табыстың айырмашылығы жөніндегі «қиын» мәселе жылдық өндіріс ұлттық табысқа тең болады деген еш нәрсеге жанаспайтын пайымдаумен шешіле салынады.

Капиталистік қоғамның бүкіл өндірісі екі бөлімнен — жұмысшылар бөлімі (жалақы немесе қазіргі терминология бойынша өзгермелі капитал) мен капиталистер бөлімінен (үстеме құн) құралады деген бұл теория Сисмондидің айрықша белгісі бола алмайды. Бұл оның мүлкі бола алмайды. Ол тіпті біршама қадам кері шегініп, ол теорияны түгелімен Ад. Смиттен алды. Бұдан былайғы саяси экономияның күллісі (Рикардо, Милль, Прудон, Родбертус) осы қатені қайталады, оны тек «Капиталдың» авторы ғана II томның III бөлімінде ашып берді. Біз оның көзқарастарының негізін төменде баяндаймыз *. Ал енді бұл қатені біздің халықшыл-экономистердің де қайталап отырғанын айта кетейік. Оларды Сисмондимен салыстырудың айрықша маңызы болатын себебі: халықшыл-экономистер осы қате теориядан *тура Сисмондидің жасаған қорытындыларының нақ өзін* жасап отыр **, атап айтқанда: капиталистік қоғамда үстеме құнды өткізудің мүмкін еместігі туралы; қоғамдық байлықты өркендетудің мүмкін еместігі туралы; ел ішінде үстеме құнның өткізіле алмайтындығы *салдарынан* сыртқы рынокқа ұмтылудың қажеттігі туралы; ақырында, өнімді жұмысшылар мен капиталистердің тұтынуына сіңірудің бейне бір осы мүмкін болмауынан туатын дағдарыстар туралы қорытынды жасап отыр.

III

КАПИТАЛИСТІК ҚОҒАМДАҒЫ ЖЫЛДЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ЕКІ БӨЛІМІ ТУРАЛЫ ҚАТЕ ІЛІМНЕН СИСМОНДИДІҢ ЖАСАҒАН ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Сисмондидің доктринасын оқушы тұтас түсінуі үшін біз ең әуелі оның осы теориядан шығарған басты-басты қорытындыларын баяндап шығамыз, ал содан кейін оның негізгі қатесіне жасалған түзетуге көшеміз, бұл түзету Маркстің «Капиталында» берілген.

Ең алдымен, Сисмонди Ад. Смиттің бұл қате теориясынан: өндіріс тұтынуға сай келуі керек, өндіріс табыс

---

* Қараңыз: осы том, 155—158-беттер. *Ред.*

** Ад. Смиттің қатесін қайталаған басқа экономистер ондай қорытындылар жасаудан байсалдылықпен бой тартқан.

арқылы белгіленеді деген қорытынды жасайды. «Өндірістің тұтынуды және шығыстың табысты өзара белгілеуі» деген VI тарау түгелімен осы «ақиқатты» (капиталистік өндірістің сипатын мүлде түсінбеушілікті көрсететін нәрсені) бақайшағына дейін шағып баяндауға арналған. Сисмонди үнемшіл шаруаның моралын турадан-тура капиталистік қоғамға қолданады да, осынысымен ол Смиттің іліміне шынымен-ақ түзету енгіздім деп ойлайды. Шығармасының ең басында, кіріспе бөлімінде (I кітап, ғылым тарихы) Ад. Смит жөнінде айта келіп, ол: «тұтыну — қорланудың бірден-бір мақсаты» (I, 51) деген қағидамен Смит ілімін «толықтырып отырмын» деп мәлімдейді. «Тұтыну,— дейді ол,— ұдайы өндірісті белгілейді» (I, 119—120), «ұлттық шығыс ұлттық табысты реттеп отыруға тиіс» (I, 113), шығарманың өн бойы осы сияқты қағидаларға толы. Сисмонди доктринасының осыған тікелей байланысты тағы да бір айрықша екі белгісі бар: 1-ден, капитализмнің дамуына сенбеушілік, оның өндіргіш күштерді арттырған үстіне арттыра беретінін түсінбеушілік, бұл күштердің арту мүмкіндігін теріске шығарушылық,— дәл осылай, орыс романтиктері де капитализм еңбекті, тағы сондайларды ысырап етеді деп «үйретеді».

«Шексіз өндіріске итермелейтін адамдар қателеседі»,— дейді Сисмонди (I, 121). Өндірістің табыстан артып кетуі асыра өндіруді туғызады (I, 106). Байлық «бірте-бірте өскенде ғана, ол өзіне-өзі пропорциялы болғанда ғана, оның бөлімдерінің бірде-бірі өлшеусіз тез дамып кетпеген күнде ғана» (I, 409) байлықтың өсуі тиімді болады. «Пропорциялы болмаған» даму — даму емес (біздің халықшылдар да осылай ойлайды), дамудың бұл пропорциясы болмай отырғандығы — қоғамдық шаруашылықтың қазіргі құрылысының және оның қозғалысының заңы емес, заң шығарушының, тағы сондайлардың «қатесі», мұның өзі жалған бағытпен кеткен Англияға европалық үкіметтердің жасанды еліктеуі,— деп ойлайды қайырымды Сисмонди *. Сисмонди

* Қараңыз, мысалы, II, 456—457-беттерді, тағы басқа көптеген жерлерін. Төменде біз олардың үлгісымақтарын келтіріп өтеміз, сонда оқушымыз Н.— он мырза сияқты біздің романтиктердің сөйлеу әдісінің де Сисмондиден ешбір айырмасы жоқ екенін көреді.

классиктер ұсынған және Маркстің теориясы толық қабылдаған қағиданы, атап айтқанда, капитализмнің өндіргіш күштерді дамытатындығын мүлде теріске шығарады. Ол ол ма,— қорлану процесін түсіндіру мүлде қолынан келмегендіктен Сисмонди қорланудың қандайы болса да «аз-аздап» қана жүзеге асырылуға тиіс деген қорытындыға келеді. Бұл — оның көзқарастарының екінші бір аса айрықша белгісі. Ол қорлану жөнінде әбден күлкілі пікірлер айтады:

«Сайып келгенде, осы жылғы өндірістің сомасы қашан да өткен жылғы өндірістің сомасына ғана айырбасталады» (І, 121). Бұл жерде енді қорлану ісі мүлде жоққа шығарылып отыр: сонда, капитализм тұсында қоғамдық байлықтың өсуі мүмкін емес сияқты болып шығады. Бұл қағида орыс оқушысын оншама таңқалдырмайды, өйткені ол мұны В. В. мырза мен Н.— он мырзадан да естіген болатын. Бірақ қайткенмен де Сисмонди Смиттің шәкірті еді. Ол өзінің мүлде орынсыз нәрсені айтып отырғанын сезіп, онысын түзегісі келеді:

«Егер өндіріс бірте-бірте өсетін болса,— дейді ол бұдан соң,— онда әрбір жылғы айырбас жыл сайын аздаған ғана шығын шектіреді (une petite perte), сонымен бірге келешекке жақсы жағдай жасап та отырады (en même temps qu'elle bonifie la condition future). Егер бұл шығын жеңіл болып, жақсы бөлінсе, онда жұрттың бәрі бұған ренжімей-ақ көнеді... Ал егер жаңа өндіріс пен онан бұрынғы өндірістің арасындағы үйлеспеушілік зор болатын болса, онда капиталдар құриды (sont entamés), күйзеліс туады, сөйтіп ұлт алға басудың орнына кері кетеді» (І, 121). Романтизм мен ұсақ буржуазиялық көзқарастың капитализм жөніндегі негізгі қағидасын осы тирадада айтылғандағыдан гөрі айқынырақ және дәлірек айтып беру қиын нәрсе. Қорлану неғұрлым тез жүрсе, *яғни* өндіріс тұтынудан неғұрлым тез артып отырса,— соғұрлым жақсы болмақ, деп үйреткен-ді классиктер; бұлар капиталдың қоғамдық өндіріс процесін түсіне білмесе де, қоғамдық өнім бейне бір екі бөлімнен құралады деген Смиттің қате пікірінен арыла алмаса да, өндіріс өзіне-өзі рынок жасайды, тұтынудың мөлшерін өзі белгілейді деген әбден дұрыс

қағида ұсынды. Қорлану жөніндегі мұндай көзқарасты классиктерден Маркстің теориясы да қабылдағанын біз білеміз, сөйтіп ол байлық неғұрлым тез өссе, еңбектің өндіргіш күштері мен оның қоғамдастырылуы да соғұрлым толық өрістейтінін, *жұмысшының жағдайы* қоғамдық шаруашылықтың қазіргі жүйесінде қаншалықты жақсаруы мүмкін болса, *соншалықты жақсара* алатынын мойындады. Романтиктер бұған тұп-тура керісінше пікірде және өздерінің барлық үміттерін капитализмнің нақ нашар дамуына артады, оны *кідіртуге* шақырады.

Онан соң, өндірістің өзіне рынок жасайтынын түсінбеушіліктен барып, үстеме құнды өткізу мүмкін емес деген ілім туады. «Табыс ұдайы өндірістен шығады, бірақ *өндіріс өзінен-өзі әлі табыс бола алмайды:* өндірілген өнім өткізілгеннен кейін ғана, әрбір шығарылған бұйымды тұтынатын, сол бұйымға мұқтаж немесе сол бұйымнан өзіне ләззат алатын (qui en avait le besoin ou le désir) адам табылғаннан кейін ғана ол өнім табыс деген ат алады (ce nom! Сөйтіп, өндірістің, яғни өнімнің табыстан айырмашылығы сөз жүзінде ғана екен!), табыс болып саналады» (elle n'opére comme tel) (I, 121). Сонымен, табысты «өндіріске» (яғни өндірілген нәрсенің бәріне) теңеуден өнімді өткізуді *адамның жеке басының* тұтынуына теңеу туады. Мәселен, темір, көмір, машина, тағы сол сияқты өнімдердің, жалпы өндіріс құрал-жабдықтарының басқаша жолмен өткізілетінін Сисмонди енді ұмытып кеткен; бұрын бұл мәселеге ол тікелей таяп-ақ қалған еді. Өнім өткізуді *адамның жеке басының* тұтынуына теңеуден: капиталистер нақ *үстеме құнды* өткізе алмайды, өйткені қоғамдық өнімнің екі бөлімінен жалақыны жұмысшылар өзінің тұтынуы арқылы жұмсайды деген ілім әлбетте табиғи түрде туады. Сисмонди де шынында осы қорытындыға келген (кейіннен оны Прудон неғұрлым егжей-тегжейлі дамытты және біздің халықшылдар үнемі қайталап жүр). Мак-Куллохпен айтысқанда Сисмонди нақ мынаны: Мак-Куллох (Рикардоны баяндай отырып) пайданың қалай жұмсалатынын түсіндірмейді деп көрсетеді. Мак-Куллох былай деген-ді: қоғамдық еңбек бөлінген кезде бір өндіріс екінші өндіріске рынок болады, астық өнді-

рушілер товарларын киім-кешек өндірушілердің өнімінe ауыстырып өткізеді және бұған керісінше болады *. «Автор былай деп ойлайды,— дейді Сисмонди,— пайда келтірмейтін еңбек (un travail sans bénéfice), тек *жұмысшылардың* тұтынуын ғана өтейтін ұдайы өндіріс» (II, 384, курсив Сисмондидікі)... «ол қожайынның үлесіне еш нәрсе қалдырмайды»... «біз жұмысшылар өндірген өнімнің олардың тұтынуынан артылғаны не нәрсеге айналатынын зерттеп отырмыз» (ib.). Сонымен, біз енді бұл бірінші романтиктің: капиталистер *үстеме құнды* өткізе алмайды деп әбден айқын айтып отырғанын көреміз. Бұл қағидадан Сисмонди тағы да: *өнім өткізудің өзінің шарттары бойынша, капитализм үшін сыртқы рынок* керек болады деген қорытынды жасайды,— халықшылдардың да жасап жүргені дәл осындай қорытынды. «Еңбектің өзі табыстың маңызды бөлігі болғандықтан, ұлтты анағұрлым кедейлендірмей тұрып, еңбекке деген керексінуді кемітуге болмайды. Сондықтан өндірістің жаңа әдістерінің табылуынан келетін пайда әрқашан да дерлік *шетел саудасынан* түседі» (I, 345). «Тұңғыш рет қандай да бір жаңалық ашқан ұлт ұзақ уақыттың ішінде өз рыногын кеңейтіп үлгереді, мұның өзі әрбір жаңалық сайын қолы босап қалатын жұмысшылардың санына сәйкес болады. Ол ұлт босап қалған жұмысшыларды сол сағатында өнімді көптеп өндіруге пайдаланады, ұлттың ойлап шығарған жаңалығы ол өнімдерді арзан өндіруге мүмкіндік береді. Бірақ, түбінде, бүкіл цивилизациялы дүние бір рынок құратын және пәлендей бір жаңа ұлт ішінен зат сатып алушы жаңа адамдар табуға болмайтын заман туады. Ол кезде дүние жүзілік рынокта товарға сұраным өзгермейтін мөлшерге айналады (précise), оны түрлі өнеркәсіпті ұлттар бірінен бірі тартып алуға тырысады. Егер бір ұлт рынокқа көп өнім түсіретін болса, онда бұл екінші ұлтқа зиян болып тиеді. Жалпы жұрттың

* Қараңыз: «Nouveaux Principes»-ке қосымша, 2-басылуы, II том: «Eclaircissements relatifs à la balance des consommations avec les productions» («Тұтыну мен өндіріс балансына қатысты түсініктер». *Ред.*), онда Сисмонди Рикардо шәкіртінің (Мак-Куллохтың): «Қоғамдағы тұтыну қабілеті әрқашан да өндіріс қабілетімен бірге өсе ме деген мәселені зерттеу» деген атпен «Edinburgh Review»-те басылып шыққан мақаласын аударып, оған қарсы пікір таластырады [18].

тұрмыс халі жақсармайынша немесе байлардың ғана иеленуінде болған товарлар кедейлердің тұтынуына ауыспайынша, жалпы сауда-саттықтың басқаша көбеюі мүмкін емес» (II, 316). Сисмондидің доктринасы сыртқы рынок жалпы өнім атаулыны, оның ішінде үстеме құнды өткізу жөніндегі *қиыншылықтан шығудың жолы* деген біздің романтиктердің әбден жаттап алған нақ сол доктринасы екенін оқушы көріп отыр.

Ақырында, ұлттық табыстың ұлттық өндіріспен бірдей екендігі жөніндегі нақ осы доктринадан Сисмондидің дағдарыстар туралы ілімі туды. Жоғарыда айтылғандардың бәрінен кейін Сисмонди шығармасының осы мәселеге арналған толып жатқан көп жерлерінен үзінділер келтіріп жатуымыздың қажеті бола қояр ма екен. Оның өндірісті табыспен мөлшерлестіру керек деген ілімінен: дағдарыстың болуы да осындай сәйкестіктің бұзылу салдары, тұтынуды басып озған шамадан тыс өндірістің салдары деген пікір өзінен-өзі туды. Сисмонди дағдарыстардың негізгі себебі өндірістің тұтынумен жаңағыдай сәйкес келмеуінен деп санағаны, соның өзінде халық бұқарасының, жұмысшылардың жеткіліксіз тұтынуын бірінші орынға қойғаны әлгі келтірілген цитаттан айқын көрінеді. Сондықтан Сисмондидің дағдарыстар теориясы (бұл теорияны Родбертус та иемденіп жүр) дағдарыстар тұтынудың жеткіліксіздігінен туады (Unterkonsumption) дейтін теориялардың үлгісымағы ретінде экономикалық ғылымда да мәлім.

IV

АД. СМИТ ПЕН СИСМОНДИДІҢ ҰЛТТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ІЛІМДЕРІНІҢ ҚАТЕСІ НЕДЕ?

Сисмондидің осы қорытындылардың бәріне бастап әкелген негізгі қатесі неде?

Ұлттық табыс туралы және оны екі бөлімге (жұмысшыларға тиесі бөлім мен капиталистерге тиесі бөлімге) бөлу туралы өзінің ілімін Сисмонди түгелімен Ад. Смиттен алған. Оның қағидаларына Сисмондидің еш нәрсе қоспағаны былай тұрсын, тіпті ол бір адым кері шегініп, Адам Смиттің бұл ұғымды теория жағынан дәлел-

деуге жасаған әрекетін (сәтсіз болса да) ауызға алмаған. Сисмонди жалпы өндіріс жөніндегі ілімге келгенде бұл теорияның қайшылыққа кездескенін байқамаған сияқтанады. Шындығына келгенде, құнды еңбектен туғызатын теория бойынша, әрбір жеке өнімнің құнына үш құрамды бөлім кіреді; олар: шикізат пен еңбек құралдарына шыққан шығынды өтейтін бөлім (тұрақты капитал), жалақыны немесе жұмысшыларға шығатын шығынды өтейтін бөлім (өзгермелі капитал) және «үстеме құн» (Сисмондише mieuxvalue). Құнына қарай А. Смиттің жекелеген өнім жөнінде жасаған талдауы осындай, Сисмонди де осыны қайталап отыр. *Жекелеген* өнімдердің жиынтығынан құралатын *қоғамдық* өнім қалайша осы соңғы екі бөлімнен ғана құралады? — деген сұрақ туады. Оның бірінші бөлімі — тұрақты капитал қайда кетті? Сисмондидің бұл сұрақтың төңірегінде тек айналсоқтап жүрумен болғанын жоғарыда өзіміз көрдік, ал А. Смит оған жауап берді. Ол былай деген: бұл бөлім дербес түрде жекелеген өнімде ғана болады. Ал егер бүкіл қоғамдық өнімді алып қарайтын болсақ, онда әлгі бірінші бөлім, өз ретінде, жалақы мен үстеме құнға, атап айтқанда, осы тұрақты капиталды өндіретін капиталистердің алатын үстеме құнына бөлінеді.

Бірақ мұндай жауап бергенде А. Смит тұрақты капиталдың, тым болмаса, машиналардың құны бүйтіп бөлінгенде тағы да тұрақты капиталдың, яғни біздің мысалымызда машина жасап шығарылған темірдің, оны жасағанда қолданылған құралдардың, тағы сондайлардың не себепті есепке кірмей қалғанын түсіндірмеген. Егер әрбір өнімнің құнында тұрақты капиталдың орнын толтыратын бөлім болатын болса (ал мұны экономистердің барлығы да мойындайды), онда ол бөлімді қоғамдық өндірістің қандай саласынан болса да шығарып тастау мүлде жөнсіздік болады. «А. Смит еңбек құралдарының өзі жалақы мен пайдаға бөлінеді дегенде, ол оған (дейді «Капиталдың» авторы): құралдарды өндіруге пайдаланылған *сол тұрақты капиталға да* бөлінеді дегенді қоса айтуды ұмытып отыр. А. Смит бізді құр әншейін Понтийден Пилатқа сілтеп отыр [49], бір өнімнен екіншіге, екіншіден үшіншіге сілтеме жасап, дәлел кел-

тіреді» [50], мұндай сырғытпадан мәселенің ешбір өзгермейтінін аңғармайды. Смиттің бұл жауабы (Маркске дейінгі саяси экономияның күллісі қабылдаған жауабы) — тек міндеттен әншейін бой тартушылық, қиыншылықтан бұлтарушылық қана. Мұнда қиыншылықтың бары да рас. Ол мынада: капитал мен табыс деген ұғымды жеке өнімнен турадан-тура қоғамдық өнімге аударуға болмайды. Қоғамдық тұрғыдан алып қарағанда «біреу үшін капитал болған нәрсе екінші біреуге табыс болады» (Сисмондидің жоғарыда айтқанын қараңыз) деп экономистер мұны мойындап отыр. Бірақ бұл сөздер қиыншылықты шешпейді, тек оны *тұжырымдап* қана *береді* *.

Қиыншылықтың шешімі мынада: бұл мәселені қоғамдық тұрғыдан алып қарағанда, өнімдердің заттық түріне көңіл бөлмей, өнім туралы жалпы сөз қылуға болмайды. Дұрысына келгенде, әңгіме қоғамдық табыс туралы, яғни тұтынуға түсетін өнім туралы болып отыр. Бірақ өнім атаулының бәрі бірдей *жеке адамның тұтынуы* ретінде тұтыныла бермейді ғой: машина, көмір, темір, тағы сол сияқты бұйымдар адамның жеке басына тұтынылмай, өнім өндіруге тұтынылады. Жеке кәсіпкердің тұрғысынан қарағанда, мұндай айырмашылық жасау орынсыз болды: егер біз жұмысшылар өзгермелі капиталды тұтынады деген болсақ, оны біз: капиталистер жұмысшылардың жасап шығарған машиналары үшін алып, сол жұмысшыларға ақы ретінде төлеген ақшаға рынокта жұмысшылар тұтыну заттарын айырбастап алады дегенді еске алып айтқанбыз. Бұл арада біз машиналардың осы астыққа айырбасталуын білгіміз келіп отырған жоқ. Бірақ қоғамдық тұрғыдан қарағанда мұндай айырбас *болады деп ойлауға* болмайды: машина, темір, тағы сондайларды өндіретін бүкіл капиталистер табы оларды сатады да, өнімдерін өстіп өткізіп отырады деуге болмайды. Бұл жерде әңгіменің түйіні қоғамдық өнімнің барлық бөлімдері *қалай* өткізіледі, *яғ-*

* Біз бұл жерде қиыншылықты шешіп берген жаңа теорияның *мәнін* ғана келтіріп отырмыз, ал ол теорияны басқа бір жерде толығырақ баяндап шықпақшымыз. Қараңыз: «Das Kapital», II. Band, III. Abschnitt («Капитал», II том, III бөлім [51]. *Ред.*) (Неғұрлым толығырақ баяндауды «Капитализм дамуының» I тарауынан қараңыз) [52].

ни қалай орналастырылады деген мәселеде болып отыр. Сондықтан қоғамдық капитал мен табыс туралы — немесе, бәрібір, капиталистік қоғамда өнімнің өткізілуі туралы — сөз қылғанда, бастама пункт болатын нәрсе: қоғамдық өнімнің мүлде өзгеше екі түрін — *өндіріс құрал-жабдықтары* мен *тұтыну заттарын* айыра білу болуға тиіс. Алғашқылары тек өнім өндіру үшін ғана, соңғылары адамның жеке басына ғана тұтынылады. Алғашқылары *тек* капитал орнына жүреді, соңғылары табыс болуға тиіс, яғни жұмысшылар мен капиталистер тұтынып бітіруге тиіс. Алғашқылары бүтіндей капиталистердің сыбағасына тиеді, соңғылары — жұмысшылар мен капиталистер арасында бөлінеді.

Қоғамдық өнімнің осылай екіге бөлінуі ұғынылып, қоғамдық өнімнен оның тұрақты бөлімін (яғни, тұрақты капиталдың орнын толтыратын бөлімін) шығарып тастаған А. Смиттің қатесі түзетілген соң, капиталистік қоғамда өнім өткізу жөніндегі мәселе енді айқын болып шығады. Сірә, жалақы жұмысшылардың тұтынуы арқылы жұмсалады, ал үстеме құн капиталистердің тұтынуы арқылы жұмсалады, *осымен ғана іс бітеді* деуге болмайды *. Жұмысшылар жалақыны, ал капиталистер үстеме құнды тұтынғанда, өнім тұтыну заттарынан құралған күнде ғана, яғни қоғамдық өндірістің бір бөлшегі болған күнде ғана тұтына алады. Өндіріс құрал-жабдықтарынан құралған өнімді олар «тұтына» алмайды: оны *тұтыну заттарына айырбастау керек*. Ал олар өздерінің өнімін тұтыну заттарының нақ қай бөліміне (құнына қарай) айырбастай алады? Сірә, *тек тұрақты бөліміне* (тұрақты капиталға) ғана айырбастай алатын болуы керек, өйткені қалған екі бөлімі тұтыну заттарын

* Ал біздің халықшыл экономистеріміз, В. В. мен Н.— он мырзалар дәл осылай пайымдайды. Біз жоғарыда өнім ондіруге тұтыну мен адамның жеке басының тұтынуы туралы, тұтыну заттары мен өндіріс құрал-жабдықтары туралы мәселенің маңында (А. Смит бұлардың арасындағы айырмашылықты көрсетуге Сисмондиден әлдеқайда жақын келді) Сисмондидің адасушылықтарына әдейі ерекше егжей-тегжейлі тоқталдық. Біз оқушыға: қате теорияның *классикалық* өкілдері оның қанағаттанарлықсыз теория екенін *сезгендіктерін*, қайшылықты көргендерін және одан құтылуға әрекет жасағандарын көрсеткіміз келді. Ал біздің «қолтума» теоретиктеріміздің еш нәрсені көрмейтіні, еш нәрсені сезбейтіні былай тұрсын, тіпті олар өздерінің соншама аузы көпіре сөз етіп жүрген мәселесінің теориясын да, тарихын да білмейді.

өндіретін жұмысшылар мен капиталистердің тұтыну қоры болады. Бұл айырбас өндіріс құрал-жабдықтарын жасап шығаратын өндірістерде үстеме құн мен жалақыны орналастыра отырып, осынысымен тұтыну заттарын жасап шығаратын өндірістердегі тұрақты капиталды орналастырады. Шынына келгенде, айталық, қант өндіретін капиталисте өнімнің тұрақты капиталдың (яғни шикізат, көмекші материалдар, машиналар, үй және тағы басқалар) орнын өтейтін бөлімі *қант* түрінде болады. Өнімнің бұл бөлімін өткізу үшін осы тұтыну затының орнына тиісті мөлшерде *өндіріс құрал-жабдықтарын* алу керек. Олай болса, өнімнің бұл бөлімі *тұтыну затын өндіріс құрал-жабдықтары* болатын өнімдерге айырбастау арқылы өткізіледі. Енді қоғамдық өнімнің тек бір ғана бөлімінің, атап айтқанда: өндіріс құрал-жабдықтарын жасап шығаратын бөлімшедегі тұрақты капиталдың қалай орналастырылатыны түсіндірілмей қалып отыр. Бұл бөлім, бір жағынан, өнімнің бір бөлігі заттай күйінде қайтадан өндіріске жұмсалу арқылы орналастырылады (мәселен, тас көмір кәсіпорнының өндірген көмірінің бір бөлігі қайтадан көмір шығаруға жұмсалады; фермерлердің жинаған астығы қайтадан егін егуге жұмсалады және тағы сондайлар); енді бір жағынан, ол осы бөлімшедегі жеке капиталистердің арасында айырбас жүргізу арқылы орналастырылады: мәселен, темір өндіру үшін тас көмір керек, ал тас көмір өндіру үшін темір керек. Осы өнімдердің екеуін де өндіретін капиталистер бұл өнімдердің өздерінің тұрақты капиталының орнын толтыратын бөлімін өзара айырбастау арқылы орналастырады.

Бұл талдау (қайталап айтамыз, мұны біз жоғарыда көрсетілген себеп бойынша нағыз қысқа түрде баяндап отырмыз) барлық экономистер мойындаған, оны «біреу үшін капитал болатын нәрсе — екінші біреуге табыс болады» деген сөзбен көрсеткен қиыншылықты шешіп берді. Бұл талдау қоғамдық өндірісті адамның жеке өз басының тұтынуына ғана таңудың бүтіндей қате екенін көрсетті.

Енді біз Сисмондидің (және басқа романтиктердің) өзінің қате теориясынан жасаған қорытындыларын тал-

дауға көше аламыз. Бірақ алдымен көрсетілген талдау авторының Сисмонди туралы айтқан пікірін келтіріп өтейік: ол бұл пікірді Смиттің өз қайшылығын жуыпшаюға әрекеттенгені жөнінде ләм демей, Сисмонди ештеңе де қоспаған А. Смиттің теориясын егжей-тегжейлі және барлық жағынан түгел талдап шыққаннан кейін айтқан:

«Капиталдың табысқа қатысын әдейілеп қарап шығуға басын қатырып, іс жүзінде бұл қатынастың ерекше тұжырымын өзінің «Nouveaux Principes»-інің differentia specifica *-ге айналдырып, Сисмонди *бір де* (курсив автордікі) ғылыми сөз айтқан жоқ, мәселені шешуге титтей де нәрсе енгізген жоқ» («Das Kapital», II, S. 385, 1-te Auflage **).

V

КАПИТАЛИСТІК ҚОҒАМДАҒЫ ҚОРЛАНУ

Қате теориядан жасалған ең алғашқы қате қорытынды қорлану жөнінде болып отыр. Сисмонди капиталистік қорлануды мүлде ұғынбаған және ол бұл мәселе жөнінде Рикардомен қызу талас жасағанда, шындық, асылында, Рикардоның жағында болып шықты. Рикардо өндіріс өзіне-өзі рынок жасайды деп дәлелдеді, ал Сисмонди мұны теріс деп білді, осындай теріске шығару арқылы өзінің дағдарыстар теориясын шығарды. Рас, Смиттің жоғарыда көрсетілген негізгі қатесін Рикардо да түзей алмады, сондықтан ол қоғамдық капиталдың табысқа қатысы туралы және өнім өткізу туралы мәселені шеше алмады (Рикардо өзінің алдына бұл мәселелерді қойған да жоқ),— бірақ ол қорлану дегеніміз өндірістің табыстан асып түсуі деген мүлде даусыз фактіні көрсете отырып, буржуазиялық өндіріс әдісінің шын мәнін іштей түсінгендікпен сипаттап берді. Ең соңғы жасалған талдаудың тұрғысынан қарағанда, мұның өзі осылай болып та отыр. Шынында да, өндіріс өзіне-өзі рынок жасайды: өндіріске өндіріс құрал-жабдықтары керек — ал бұлар қоғамдық өнімнің айрықша

* — айрықша белгі. *Ред.*
** — «Капитал», II том, 385-бет, 1-басылуы [53]. *Ред.*

саласы болып саналады, мұнда белгілі мөлшерде жұмысшылар істейді, айрықша өнім шығарылады, ол жарым-жартылап қоғамдық өнімнің осы саласының өз ішінде, жарым-жартылап басқа саламен — тұтыну заттарын өндіретін өндіріспен айырбас жасау арқылы орналастырылады. Қорлану дегеніміз, шынында да, өндірістің табыстан (тұтыну заттарынан) артып түсуі. Өндірісті ұлғайту үшін (терминнің дәл мағынасында «қорлану» үшін) алдымен өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру қажет *, ал, олай болса, бұл үшін қоғамдық өнімнің өндіріс құрал-жабдықтарын істеп шығаратын бөлімінің кеңеюі керек, *бұған* қазірдің өзінде *тұтыну заттарына да мұқтаж болып жүрген* жұмысшылардың *тартылуы* керек. Олай болса, «тұтыну» «қорланудың» *ізінше* немесе «өндірістің» *ізінше* дамиды,— бұл қаншалықты таңқаларлық болып көрінгенімен капиталистік қоғамда осылай болмауы мүмкін де емес. Демек, капиталистік өнімнің бұл екі бөлімінің дамуында біркелкіліктің болуы міндетті еместігі былай тұрсын, қайта, біркелкіліктің болмауы сөзсіз. Тұрақты капитал өзгермелі капиталдан тез өседі, яғни жаңадан құралатын капиталдардың үсті-үстіне көптеген бөлімі қоғамдық шаруашылықтың өндіріс құрал-жабдықтарын жасап шығаратын бөліміне айналады, міне, капиталдың даму заңы осындай болады, мұның өзі жұртқа мәлім. Демек, өндіріс құрал-жабдықтарын жасап шығаратын бөлім тұтыну заттарын шығаратын бөлімнен қажетті түрде тезірек өседі, яғни Сисмондидің «мүмкін емес», «қауіпті нәрсе», тағы сондай дегендерінің дәл өзі келіп шығады. Демек, адамның жеке басының тұтынуына кететін өнімдердің капиталистік өндірістің жалпы аумағында алатын орны барған сайын кеми береді. Сонымен, бұл жағдай капитализмнің тарихи «міндеті» мен оның әлеуметтік айрықша құрылымына толық сай келеді: біріншісі қоғамның өндіргіш күштерін дамытады (өндіріс үшін

* Бұл өндіріс құрал-жабдықтарын айқын түрде жеке семьяға бөліп шығарған және қоғам үшін де оларды осы түрде бөліп шығармақшы болған Сисмондидің бұл мәселеге қалай қарағанын оқушының есіне сала кетеміз. Анығына келгенде, «бұл мәселеге осылай қараған» Сисмонди емес, Смит, Сисмонди тек қана Смиттің айтқанын қайталап шықты.

өндіру); екіншісі оларды халық бұқарасының пайдалануын болдырмайды.

Біз енді Сисмондидің қорлану жөніндегі көзқарасына толық баға бере аламыз. *Тез* қорлану апаттарға ұшыратады деген оның пайымдаулары мүлде қате және қорлану ісін түсінбегендіктен ғана туған пікір, сондай-ақ, өнім өндіру тұтынудан асып кетпейтін болсын, өйткені тұтыну өндірісті белгілейді деген толып жатқан мәлімдемелері мен талаптары да мүлде қате болатын. Іс жүзінде керісінше болып отыр, сондықтан Сисмонди өмір шындығының айрықша, белгілі бір тарихи формасына келгенде одан құр әншейін сырт айналып, талдау жасаудың орнына ұсақ буржуазиялық моральды тықпалайды. Әсіресе, Сисмондидің бұл моральды «ғылыми» тұжыраммен бүркемелеуге жасаған әрекеттері адамның күлкісін келтіреді. «Сей және Рикардо мырзалар,— дейді ол «Nouveaux Principes»-тің 2-басылуына жазған алғы сөзінде,— тұтынудың өндіріс шегінен басқа шегі жоқ, ал тұтыну болса, табыспен шектелген... деген доктринаға келді... Өндірушілердің тек табысы бар тұтынушыларға ғана үміт артуы керек екенін олар өндірушілерге ескертуі тиіс еді» (I, XIII)*. Мұндай аңқаулық қазіргі уақытта тек кісінің күлкісін ғана келтіреді. Ал В. В. және Н.— он мырзалар сияқты біздің осы күнгі романтиктеріміздің жазғандары осындай нәрселерге лық толы емес пе екен? Тоsарға рынок табыла ма? — «банк иелері осыны жақсылап ойлап көрсін...» (II, 101—102). «Жұрт байлықтың артуын қоғамның мақсаты деп білгенде,— мақсатқа жету үшін әрдайым еш нәрсе аямайды» (II, 140). «Егер, еңбекті керексінуден желпініс күтудің орнына (яғни жұмысшылардың өнімді керек етуінен өндірісте туатын желпіністің орнына), біз оны бұдан бұрынғы өндіріс береді деп ойлайтын болсақ,— онда біз сағат жөнінде не істе-

* Жұртқа мәлім, ең жаңа теория бұл мәселе жөнінде (өндірістің өзіне-өзі рынок жасайтын-жасамайтыны жөнінде) өндіріс өзіне-өзі рынок жасамайды деп жауап берген романтизмге *қарсы*, өндіріс өзіне рынок жасай алады деп жауап берген классиктерге толық қосылды. «Капиталистік өндірістің *нағыз шын шегі* болатын нәрсе — *капиталдың өзі*» («Das Kapital», III, I, 231 («Капитал», III том, I бөлім, 231-бет [54]. *Ред.*)).

сек, нақ соны істеген болар едік, егер біз сағаттың шынжырлы тегершігін кейін шегерудің орнына (la roue qui porte la chaînette), басқа тегершігін кейін шегерген болсақ, онда біз бүкіл машинаны қиратып алып, оны тоқтатып тастаған болар едік» (II, 454). Мұны Сисмонди айтып отыр. Енді Николай — он мырзаның айтқанын тыңдайық. «Біз мұндай даму (яғни капитализм дамуы) ненің есебінен болатынын аңғармағанбыз, біз қандай өндірістің болса да нендей мақсат көздейтінін де ұмытып кеткенбіз... Мұнымыз түпке жететін адасушылық...» (Н.— он, «Біздің реформадан кейінгі қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері», 298). Бұл екі жазушының екеуі де капитализм туралы, капиталистік елдер туралы айтып отыр; екеуі де капиталистік қорланудың мәнісін мүлдем түсінбейтіндіктерін көрсетіп отыр. Бірақ Николай — он Сисмондиден 70 жыл кейін жазып отыр деп ойлауға бола ма?

Капиталистік қорлануды түсінбеушілік бүкіл өндірісті тұтыну заттарын өндірумен байланыстырып, қалайша қате түсінік жасалатынын — мұны Сисмондидің «Өндірісті арзандату жолындағы күрестің нәтижелері» деген VIII тарауда (IV кітап: «Коммерциялық байлық туралы») келтіріп отырған бір мысалы әбден айқын көрсетіп береді.

Айталық, дейді Сисмонди, мануфактура иесінің 15 000 франк пайда келтіретін 100 000 франк айналмалы капиталы бар, сол 15 000 франктің 6000 франкі капиталға жамалатын процент болып, капиталиске беріледі, ал 9000 франкі фабрикантқа түсетін кәсіпкерлік пайда болады делік. Айталық, ол 100 жұмысшының еңбегін пайдаланады, олардың жалақысы 30 000 франк болады дейік. Онан соң, капитал көбейіп, өндіріс («қорлану») ұлғая-ақ қойсын. Енді 100 000 франктің орнына негізгі капиталға салынған капитал = 200 000 франк: айналмалы капиталға салынғаны 200 000 франк — барлығы 400 000 франк болады; пайда мен процент = 32 000 + 16 000 франк, өйткені процент 6 проценттен 4 процентке дейін кеміді. Жұмысшылар саны екі есе артты, бірақ жалақы 300 франктен 200 франкке дейін кеміді — демек, барлығы 40 000 франк болды. Сөйтіп, өндіріс төрт

есе өсті *. Және Сисмонди мұның нәтижесін былай қорытады: «табыс» немесе «тұтыну» алғашында 45 000 франк еді (30 000 франк жалақы+6000 франк процент+9000 франк пайда), ал қазір 88 000 франк (40 000 франк жалақы +16 000 франк процент+32 000 франк пайда). Сисмонди былай дейді: «Өндіріс төрт есе артты, ал тұтыну тіпті екі есе де артқан жоқ. *Машина жасап шығарған жұмысшылардың тұтынуын есепке алудың керегі жоқ*. Олардың тұтынғанын осығап жұмсалған *200 000 франк жауып отыр;* ол енді басқа мануфактура есебінің бір бөлігі болып табылады, онда да осындай фактілер бар» (I, 405—406).

Сисмондидің есебі өндіріс ұлғайғанда табыстың кемитінін дәлелдеп отыр. Бұл — даусыз факт. Бірақ Сисмонди капиталистік қоғамдағы өнімнің өткізілуі жөніндегі өз теориясын өзі келтірген мысалымен сойып салғанын аңғармай отыр. Оның машина жасап шығарушы жұмысшылардың тұтынуын «есепке алудың керегі жоқ» деуі — күлкілі сорақы пікір. Неге олай? Олай болатын себебі: 1-ден, мұның орнын 200 000 франк *жауып отыр*. Демек, капитал *өндіріс құрал-жабдықтарын* жасап шығаратын салаға ауысқан,— Сисмонди мұны байқамай отыр. Демек, Сисмонди «тарылды» деп отырған «ішкі рынок» тұтыну заттарымен ғана шектеліп қоймайды, сонымен қабат *өндіріс құрал-жабдықтарынан* да құралады. Бұл өндіріс құрал-жабдықтары *жеке адамның тұтынуы* арқылы «орналастырылмайтын» ерекше өнім ғой, сондықтан қорлану неғұрлым тездеген сайын, капиталистік өнімнің жеке адам тұтынуына емес, өндіргіш тұтынуға жұмсалатын өнімді беретін саласы соғұрлым күшті дамиды. 2-ден, деп жауап береді Сисмонди, бұл басқа мануфактураның жұмысшы-

* «Жалақының кеміп, сонымен бірге жұмысшылар санының көбеюі бәсекенің алғашқы нәтижесі»,— дейді Сисмонди (I, 403). Бұл арада біз Сисмондидің жасаған есептерінің дұрыс емес жерлеріне тоқталып жатпаймыз: мәселен, ол негізгі капиталға келетін пайда 8 процент, айналмалы капиталға келетін пайда 8 процент болады, жұмысшылар саны айналмалы капиталдың көбеюіне пропорциялы болып артады (ол айналмалы капиталды өзгермелі капиталдан дұрыс ажырата білмейді), негізгі капитал түгелімен өнімнің бағасына енеді деп есептейді. Қазіргі жағдайда мұның бәрінің пәлендей маңызы жоқ, өйткені бұдан шығатын қорытынды дұрыс жасалған: капиталдың жалпы құрамында өзгермелі капитал үлесінің кемуі — қорланудың қажетті нәтижесі.

лары, онда да осындай фактілер бар (où les mêmes faits pourront se représenter). Көріп отырсыздар, мұның өзі — Смиттің оқушыны «Понтийден Пилатқа» сілтегенін қайталағандық. Бірақ осы «басқа мануфактураның» өзінде де *тұрақты капитал* пайдаланылады ғой, оның өндірісі де капиталистік өнімнің өндіріс құрал-жабдықтарын жасап шығаратын бөлімшесіне рынок құрып береді ғой! Біз мәселені бір капиталистен екінші капиталиске, одан үшіншіге қаншама сырғытқанмен де, бұдан әлгі айтылған бөлімше жоғалып кетпейді, «ішкі рынок» та бір ғана тұтыну заттарына арналмайды. Сондықтан Сисмонди: «бұл есеп... саяси экономияда жұрттың аса қуаттаған аксиомаларының бірін, атап айтқанда, неғұрлым еркін бәсеке индустрияның соғұрлым тиімді болып дамуын белгілейді дейтін аксиоманы теріске шығарады» (I, 407) дегенде, ол «бұл есеп» оның өзінің айтқанын да теріске шығаратынын байқамай отыр. Машиналардың қолданылуы жұмысшыларды ығыстырып, олардың жағдайын нашарлататыны даусыз факт, ал бұл жағдайды алғаш көрсеткендердің бірі болған Сисмондидің еңбегі бар екендігі де даусыз. Бірақ мұның өзі оның қорлану және ішкі рынок жөніндегі теориясының кілең қате болуына ешбір кедергі жасамайды. Ал Сисмондидің бұл есебі оның өзі теріске шығарып қана қоймай, оның үстіне, қорлану мен өндіріс тұтынуға сәйкес келуге тиіс, әйтпесе, дағдарыс болады деп, тіпті капитализмге қарсы дәлел еткен құбылыстың дәл өзін айқын көрсетіп отыр. Дәлдеп айтқанда, оның есебі: қорлану мен өндіріс тұтынуды *басып озатынын,* істің бұдан басқаша болуы мүмкін де емес екенін, өйткені қорлану, негізінен, «тұтынуға» кірмейтін өндіріс құрал-жабдықтарының есебінен болатынын көрсетіп отыр. Сисмондиге әншейін қате, Рикардо доктринасындағы қайшылық болып көрінген нәрсе,— атап айтқанда, қорлану дегеніміз өндірістің табыстан артуы деу,— мұның өзі дұрысында капитализмге тән қайшылықты көрсете отырып, шындыққа толық сай келеді. *Тұтыну заттарының рыногын тиісінше ұлғайтпай-ақ және тіпті бұл рынок кеміген күнде де,* өндірістің табыстан артуы — *өндіріс құрал-жабдықтары үшін* жаңа

рынок ашатын қорлану атаулының бәріне *қажетті нәрсе* *. Онан соң, еркін бәсекенің артықшылықтары жөніндегі ілімді аулақ ысырып тастап, Сисмонди, бос оптимизммен бірге даусыз шындықты, атап айтқанда, оның өз есебінен тағы да айқын көрініп отырғанындай, еркін бәсеке *қоғамның өндіргіш күштерін дамытады* деген шындықты лақтырып тастағанын байқамай отыр. (Дұрысында, мұның өзі өнеркәсіптің өндіріс құрал-жабдықтарын жасап шығаратын ерекше бөлімшесінің құрылу фактісі мен оның өте-мөте тез дамуының екінші бір көрінісі ғана.) Тұтынуды тиісінше дамытпай-ақ, қоғамның өндіргіш күштерінің бұлай дамуы, әрине, қайшылық болады, бірақ бұл — іс жүзінде бар, капитализмнің табиғатының өзінен келіп шығатын және одан сезімге әсер ететін сөздермен жалтарып кетуге болмайтын қайшылық.

Ал романтиктер нақ осылай жалтарып жүр. Сисмонди сияқты әбден «ескірген» жазушының қателері жөнінде осы күнгі экономистерді құр босқа кінәлайды деп, оқушы бізден күдіктенбес үшін «ең жаңа» жазушы Н.—он мырзадан бір кішкене мысал келтірейік. Ол өз «Очерктерінің» 242-бетінде орыстың ұн тарту ісіндегі капитализмнің дамуы жөнінде пікір қозғайды. Жетілдірілген өндіріс құралдары бар және еңбек өнімділігі екі еседен аса артқан ірі-ірі бу диірмендерінің шыққандығын (диірмендерді қайтадан жабдықтау ісіне 70-жылдардан бері 100 миллион сомдай қаражат жұмсалған) көрсете келіп, автор сөз болып отырған құбылысты былай сипаттайды: «ұн тарту ісі дамыған жоқ, тек қана ірі кәсіпорындарға шоғырланды»; сонан соң бұл сипаттаманы өнеркәсіптің *барлық* салаларына қолданып (243-бет), осыдан «қайсысында болмасын барлық реттерде орасан көп қызметкерлер жұмыстан босатылып, кәсіп таба алмай жүр» (243) және «капиталистік өндіріс халықтың тұтынуы есебінен өркендеді» (241) деген қорытынды жасайды. Оқушыдан сұрайықшы, мұндай пікір-

* Жаңа капиталдың тұрақты және өзгермелі бөлімге қай мөлшерде бөлінетініне және өзгермелі капиталдың относительдік үлес салмағының кемуі ескі өндірістерді қай мөлшерде қамтитынына қарай мұндай жағдайдың мүмкін болатындығы да жоғарыда жасалған талдаудан өзінен-өзі көрініп тұр.

дің әлгінде келтірілген Сисмондидің пікірінен титтей де болса айырмашылығы бар ма? Бұл «ең жаңа» жазушы екі фактіні тізіп көрсетеді, оны біз Сисмондидің келтірген мысалынан да көрген болатынбыз, сөйтіп нақ сондай әсерлі сөздер айтумен сол екі фактінің екеуінен де жалтарып кетеді. 1-ден, оның келтірген мысалы капитализмнің дамуы нақ өндіріс құрал-жабдықтарының есебінен болып жатқанын көрсетеді. Мұның мәнісі — капитализм қоғамның өндіргіш күштерін дамытады деген сөз. 2-ден, оның келтірген мысалы бұл даму капитализмге тән қайшылықтардың айрықша жолымен кетіп бара жатқанын көрсетеді: тұтыну тиісінше дамымай-ақ (халықтың ішіп-жемі нашарлайды), өндіріс өркендей береді (100 миллион сом жұмсау — адамның жеке басы тұтынбай орналастырылатын өнімдерге арналған ішкі рынок), яғни нақ өндіріс үшін өнім өндірілетін болады. Және Н.— он мырза Сисмонди қарттың аңқаулығындай аңқаулықпен, бұл қайшылықты тек доктринаның қайшылығы ғана, «түпке жететін адасушылық» қана: «өндірістің түпкі мақсатын ұмытып кеткендігіміз» ғана деп ұғатын болса, онда ол бұл қайшылықты өмірден жоғалып кететін қайшылық деп ойлайды!! «Дамыған жоқ, *тек қана* шоғырланды» деген сөздерден артық не болуы мүмкін? Сірә, Н.— он мырзаға дамуы *шоғырлану* жолымен емес, *басқа жолмен жүретін* капитализм мәлім болар. Оның бізді мұндай «қолтума», оның өзінен бұрынғы бүкіл саяси экономияға беймәлім капитализммен таныстырмағаны өкініштіақ!

VI

СЫРТҚЫ РЫНОК — ҮСТЕМЕ ҚҰНДЫ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ «ҚИЫНШЫЛЫҚТАН ҚҰТЫЛУДЫҢ ЖОЛЫ»

Сисмондидің капиталистік қоғамдағы қоғамдық табыс пен өнім жайындағы қате теориядан шығатын ендігі қатесі — жалпы өнім атаулыны, оның ішінде үстеме құнды өткізудің мүмкін еместігі туралы және мұндай мүмкіндіктердің жоқтығы салдарынан сыртқы рыноктың қажет болатындығы туралы ілім. Ал жалпы өнім

атаулыны өткізуге келетін болсақ, онда жоғарыда келтірілген талдау мынаны көрсетеді: бұл «мүмкін еместік» тұрақты капитал мен өндіріс құрал-жабдықтарын есепке алмай, қате істегендіктен туып отыр. Бұл қате түзетілген екен,— онда «мүмкін еместік» те жойылады. Бірақ оның ішінде үстеме құн туралы да осыны айтуға тура келеді: әлгі талдау оның да өткізілуін түсіндіріп береді. Үстеме құнның орналастырылуы жағынан қарағанда, оны бүкіл өнімнен бөліп шығарудың ақылға сыйымды ешбір дәлелі жоқ. Сисмондидің (және біздің халықшылдардың) керісінше дәлелдеуі — жалпы зат өткізудің негізгі заңдарын түсінбегендіктің, құнына қарай өнімнің үш бөлімі (екі бөлім емес) және заттық түріне қарай өнімдердің екі түрі (өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттары) болатынын айыра білмегендіктің салдары ғана. Капиталистер үстеме құнды тұтына алмайды деген қағида — жалпы зат өткізу жөніндегі Смиттің түсінбеушіліктерін тұрпайы қайталағандық қана болады. Үстеме құнның тек *бір бөлігі* ғана тұтыну заттарынан құралады; ал өзгесі өндіріс құрал-жабдықтарынан тұрады (мысалы, темір заводшысының үстеме құны). *Осы соңғы* үстеме құнды «тұтыну» *оны өндіріске жұмсау арқылы* жүзеге асырылады; ал өндіріс құрал-жабдықтары түрінде өнім өндіретін капиталистердің өздері үстеме құнды тұтынбайды, басқа капиталистерден айырбастап алған *тұрақты капиталды* тұтынады. Сондықтан халықшылдар да үстеме құнды өткізудің мүмкін еместігі туралы сөз қыла келіп, логика жағынан тұрақты *капиталды* да өткізу мүмкін емес дегенді мойындауға тиіс, сонда, олар пып-шырғасы шықпастан Адамның айтқанына қайта оралған болар еді... Әлбетте, «саяси экономияның түп атасына» осылай қайта оралу — «өздерінің ақыл-ойлары жетіп», ескі қателерді бізге шындық етіп көрсетпекші болған жазушылар үшін орасан зор прогресс болар еді...

Ал сыртқы рынок ше? Біз капитализм үшін сыртқы рыноктың қажеттігін жоққа шығармаймыз ба? Әрине, жоққа шығармаймыз. Бірақ тек сыртқы рынок жөніндегі мәселенің *өнім өткізу жөніндегі мәселемен тіпті*

ешбір қатысы жоқ, сондықтан бұл екі мәселені тұтас бір мәселе етіп қосуға әрекет жасау капитализмді «тежеу керек» деген романтикалық тілектерді және романтиктерше логикаға дәрменсіздікті ғана сипаттайды. Өнім өткізу туралы мәселені түсіндірген теория мұны толық дәлме-дәлдікпен көрсетті. Романтик: капиталистер үстеме құнды тұтына алмайды, сондықтан оны шетелге апарып откізуі керек дейді. Капиталистер өздерінің өнімдерін шетелдіктерге тегін бермей ме екен немесе теңізге тастамай ма екен? деген сұрақ туады. Капиталистер өнімдерін сатса — оның орнына төлеу алады; бір өнімді шетелге шығаратын болса — оның орнына екінші бір өнімді алып келеді. Егер біз қоғамдық өнімді өткізу жөнінде сөз қылатын болсақ, онда біз мұнымызбен ақша айналысын есептеп шығарған боламыз да, өнімге өнім ғана айырбасталады дейтін боламыз, өйткені өнім өткізу жөніндегі мәселенің түйіні — құны жағынан да, заттық түрі жағынан да қоғамдық өнімнің барлық бөлімдерінің *орнын толтыруды* талдап шығуда. Сондықтан, егер тұрақты капиталды тұтыну заттары арқылы өткізу жөніндегі сұраққа: «сатады» деп жауап беру қандай күлкілі болса, әңгімені өнім өткізу жайынан бастап, «өнімді ақшаға өткізеді ғой» дегенмен аяқтау да сондай күлкілі нәрсе болмақ. Бұл әншейін дөрекі логикалық қателік: жұрт бүкіл қоғамдық өнімді өткізу туралы мәселеден «шетел адамына зат сатудан» басқа дәнеңені де керек қылмайтын бірлі-жарымдаған кәсіпкердің көзқарасына түсіп кете береді. Сыртқы сауданы, шетке өнім шығаруды өнім өткізу жөніндегі мәселемен шатастыру — мәселені неғұрлым кеңінен *қозғап, бірақ оны титтей де болса айқындамастан-ақ,* одан жалтару деген сөз *. Егер біз бір елдің рыногы орнына бірнеше елдің рыноктарын тұтас алатын болсақ, өнім өткізу жөніндегі мәселе титтей де

* Мұның ап-айқын екені сонша, тіпті өнім өткізуді талдағанда ол мәселені сыртқы саудадан бөліп қараудың қажеттігін Сисмондидің өзі де мойындаған. «Бұл есептермен дәлірек танысып,— дейді ол өндірістің тұтынумен сәйкестігі жөнінде,— мәселені жеңілдету үшін, біз бұған дейін өнім өткізуді сыртқы саудадан мүлде бөлек қарап келдік; біз оқшау тұрған ұлт бар деп шамаладық; адамзат қоғамы да нақ сондай оқшау ұлт, сондықтан сыртқы саудасы жоқ ұлтқа тән нәрсенің бәрі бүкіл адамзат атаулыға да тән» (I, 115).

алға баспайды. Халықшылдар сыртқы рынокты өнім өткізу жөнінде капитализмнің өзіне-өзі туғызып отырған «қиыншылықтан құтылудың жолы» * деп сендірген кезде олар бұл сөзімен мынадай көңілсіз жағдайды ғана бүркемелейді: халықшылдар үшін «сыртқы рынок» «қиыншылықтан құтылудың жолы», олар бұл қиыншылыққа теорияны түсінбегендіктен килігеді... Ол ол ма. Сыртқы рынокты бүкіл қоғамдық өнімді өткізу туралы мәселемен байланыстыратын теория өнімнің орналастырылуын түсінбегендікті ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар *осы өнім орналастыру ісіне тән қайшылықтарды да өте үстірт түсінетіндікті* көрсетеді. «Жұмысшылар жалақыны тұтынып бітіреді, ал капиталистер үстеме құнды тұтына алмайды». Бұл «теорияға» сыртқы рыноктың тұрғысынан қарап ой жіберіп көріңізші. «Жұмысшылардың жалақыны тұтынып бітіретінін» біз қайдан білеміз? Белгілі бір елдегі бүкіл капиталистер табының сол елдегі барлық жұмысшылардың тұтынуына арнаған өнімдері, шынында, *құны жағынан солардың жалақысына тең* болып шығады және оның орнын толтырады, *бұл* өнімдер үшін сыртқы рынок қажет болмайды деп ойлауға қандай негіз бар? Бұлай ойлауға ешбір негіз жоқ, ал іс жүзінде бұл тіпті де олай емес. Жалғыз үстеме құнның орнын толтыратын өнімдер (немесе өнімдердің бір бөлігі) ғана емес, сонымен қатар өзгермелі капиталдың орнын толтыратын өнімдер де; жалғыз өзгермелі капиталдың орнын толтыратын өнімдер ғана емес, сонымен қатар тұрақты капиталдың орнын толтыратын өнімдер де (Адаммен... тектес екендіктері естерінде жоқ біздің «экономистер» тұрақты капиталды ұмытып жүр); тұтыну заттары түріндегі өнімдер ғана емес, сонымен қатар өндіріс құрал-жабдықтары түріндегі өнімдер де,— бұлардың бәрі капитализм өскен сайын күшейе беретін «қиыншылықтардың» ішінде ғана, үнемі болып тұратын ауытқулардың ішінде, әрбір кәсіпкерді өз мемлекетінің шегінен шығып, капиталистік товар айналымына әлі тартылмаған елдерден жаңа рыноктар іздеуге аттана отырып, өн-

* Н — он, 205-бет.

дірісті шексіз ұлғайта беруге тырысуға *мәжбүр ететін* аласұрған бәсекенің ішінде бір қалыппен өткізіле береді. Біз енді капиталистік ел үшін сыртқы рыноктың қажет болу себебі не? деген мәселеге де келдік. Капиталистік құрылыста, жалпы алғанда, өнім өткізу мүмкін болмағандықтан ғана сыртқы рынок қажет болып отырған жоқ. Бұл — бос сөз. Қауымның, вотчинаның, тайпаның, территориялық округтің немесе мемлекеттің шегінен әрі шыға алмаған ескі өндіріс әдістерінің бәріне қарама-қарсы капиталистік өндіріске *шексіз* кеңеюге ұмтылу *тән* болғандықтан сыртқы рынок керек. Ал оның бер жағында, шаруашылықтың барлық ескі тәртіптерінің тұсында өндіріс бұрын қалай жүрген болса, әр уақытта сол бір қалпында, сол бір мөлшерде қайта жаңарып отырса,— капиталистік құрылыста өндірістің нақ сондай бір қалыпты қайта жаңарып отыруы *мүмкін болмайды*, сөйтіп мұндағы өндіріс заңы *шексіз* ұлғая беру, мәңгі алға баса беру болады *.

Сонымен, өнім өткізуді түрліше түсіну (дәлірек айтқанда, романтиктердің оны бір жақты түсінуі және екінші жағынан оны бүтіндей түсінбеуі) сыртқы рыноктың маңызы жөнінде біріне-бірі мүлдем қарама-қарсы екі түрлі көзқарас туғызады. Біреулер үшін (романтиктер үшін) сыртқы рынок қоғамның дамуына капитализмнің *жасап отырған* «қиыншылығының» көрсеткіші болып табылады. Екінші біреулер үшін, бұған керісінше, сыртқы рынок түрлі қауымдық, тайпалық, территориялық, ұлттық межелер ретінде қоғамның дамуына тарихтың қойып отырған қиыншылықтарын капитализмнің қалай *жоятынын* көрсетеді **.

Көріп отырсыздар, айырмашылық тек «көзқараста» ғана... Иә, тек сонда «ғана»! Капитализмге төрелік айтушы романтиктердің басқалардан айырмашылығы «тек» «көзқарасында» ғана, «тек» мынада «ғана»: біреулер артта, тасада тұрып, ал екінші біреулер — тура алдан, қасқиып тұрып, біреулер — капитализм қиратып

---

* Салыстырыңыз: *Зибер*, «Давид Рикардо және т. б.». СПБ, 1885, 466-бет, ескерту.

** Төменде салыстырыңыз: «Rede über die Frage des Freihandels» («Сауда еркіндігі туралы сөйленген сөз» [55]. *Ред.*).

жатқан құрылыстың тұрғысынан, енді біреулер — капитализмнің жасап жатқан құрылысының тұрғысынан төрелік айтады *.

Романтиктердің сыртқы рынокты дұрыс түсінбеуі, әдетте, белгілі бір елдегі капитализмнің халықаралық жағдайының «өзгешеліктерін», рынок табудың мүмкін еместігін, тағы сондайларды көрсетумен ұштасып отырады; осы дәлелдердің бәрі капиталистерді сыртқы рынок іздеуден «бас тартқызуды» көздейді. «Көрсетумен» дегенде, біз, тегінде, мұны оншама дұрыс айтып отырғанымыз жоқ, өйткені елдің сыртқы саудасына, оның жаңа рыноктар саласындағы алға басқан қадамына, оның басқа жерлерді отарлауына, тағы сондайларына романтик іс жүзінде талдау жасамайды. Шын процесті зерттеу және оны анықтау романтикті әсте қызықтырмайды; оған керегі *осы процеске қарсы жұмсалатын мораль* ғана. Осы күнгі орыс романтиктері мен француз романтигінің ұғымында бұл моральдың әбден ұқсас екендігіне оқушының көзін жеткізу үшін француз романтигінің пікірлерінен біраз үлгілер келтірейік. Сендер рынок таба алмайсыңдар деп, Сисмондидің капиталистерді қалай қорқытқанын біз жоғарыда көрдік. Бірақ ол осыны ғана айтып қойған жоқ. Капитализм жолымен жүрудің мүмкін еместігін, одан басқа жол таңдап алу керек екендігін дәлелдеп, Сисмонди былай деді: «дүние жүзілік рынок жеткілікті түрде қамтамасыз етіліп болды» (II, 328)... Ол ағылшын кәсіпкерлерін егіншіліктегі фермерлік шаруашылықтан босаған жұмысшылардың бәрін капитализм түгел пайдалана алмайды (I, 255—256) деп сендірді. «Егіншілер оларға құрбандыққа шалынып отырған адамдардың өздері бұдан пәлендей пайда таба ала ма? Өйткені егіншілер ағылшын мануфактураларының ең жақын, ең сенімді тұтынушылары ғой. Олардың тұтынудан қалуы индустрияға соққы болып тиер еді, мұның өзі ең ірі сыртқы рыноктардың бірінің жабылғанынан гөрі әлдеқайда өлтіре соққан соққы болар еді» (I, 256). Ол ағылшын фермерлерін:

* Мен бұл жерде капитализмді ұғыну жөнінде емес, оған баға беру жөнінде ғана айтып отырмын. Бұл ұғыну жөнінде романтиктердің классиктерден асып кеткен дәнеңесі жоқ, мұны біз жоғарыда көрдік.

сендер поляктің кедей шаруасының бәсекесіне шыдай алмайсыңдар, оған астық дегенің бұйым емес (II, 257), Қара теңіз порттарынан келетін орыс астығының керемет бәсекесі сендерге одан да зор қауіп төндіреді деп сендірді. Ол былай деп жар салды: «Американдар жаңа принципке түсті: өнім өндіргенде рынок мәселесін таразыға салмай-ақ өндіре беретін болды (produire sans calculer le marché) және мүмкін қадерінше көбірек өндіретін болды», сөйтіп «елдің бір шетінен екінші шетіне жетіп отыратын Құрама Штаттардың саудасына тән айрықша белгі — әлденеше түрлі товарлар тұтыну мұқтаждығынан артып қалып отырады... үнемі банкроттыққа ұшырау — табысқа айырбастала алмайтын сауда капиталдарының осылай артылып қала беруінің салдары» (I, 455—456). Ой, рақымды Сисмонди-ай! Ол осы күнгі Америка туралы, романтиктердің теориясы бойынша «тарылуға» тиісті болған «ішкі рыноктың» дәл өзінің есебінен адам айтқысыз өркендеген Америка туралы не айтар еді!

VII

ДАҒДАРЫС

Ад. Смиттің теріс теориясынан алып жасаған Сисмондидің үшінші қате қорытындысы — оның дағдарыстар туралы ілімі. Сисмондидің: қорлану (жалпы өндірістің өсуі) тұтыну арқылы белгіленеді деген көзқарасынан және бүкіл қоғамдық өнімнің (жұмысшылар мен капиталистердің табыстан алатын үлесіне жатқызылатын өнімнің) өткізілуін теріс түсіндіруінен өзінен-өзі және сөзсіз түрде мынадай ілім: дағдарыстар өндіріс пен тұтынудың арасында сәйкестік жоқтықтан болады деген ілім туды. Сисмонди бүтіндей осы теорияны қуаттады. Бұл теорияға сәл ғана басқаша тұжырымдама беріп, оны Родбертус та меншіктеніп алды; ол өндіріс өскенде жұмысшылардың өнімдегі үлесі кемиді, дағдарыстардың болатыны осыдан деп түсіндірді, соның өзінде, ол да, А. Смит сияқты, бүкіл қоғамдық өнімді жалақы мен «рентаға» бөліп, қате істеді (оның терминологиясы бойынша «рента» дегеніміз үстеме құн, яғни пайда мен жер рентасының жиынтығы). Капиталистік қоғамдағы

қорлану * мен өнім өткізілуіне жасалған ғылыми талдау бұл теорияның барлық негіздерін талқандады, сонымен бірге нақ дағдарыстардың алдындағы дәуірлерде жұмысшылардың тұтыну дәрежесінің артатынын, жеткіліксіз тұтыну (дағдарыс осы жеткіліксіз тұтынудан туатын сияқты) шаруашылықтың нағыз әрқилы тәртіптерінің тұсында болғанын, ал дағдарыстар бір ғана тәртіптің — капиталистік тәртіптің айрықша белгісі екенін көрсетті. Бұл теория дағдарыстар басқа қайшылықтан, атап айтқанда, өндірістің (капитализм қоғамдастырған өндірістің) қоғамдық сипаты мен иемденудің жеке, дара әдісінің арасында болатын қайшылықтан туады деп түсіндіреді. Бұл теориялардың бірінен-бірінің зор айырмашылығы бар екені өзінен-өзі айқын сияқты, бірақ біз олардың айырмашылығына толығырақ тоқталып өтуге тиіспіз, өйткені Сисмондидің жолын қуушы орыстардың нақ өзі бұл айырмашылықты *жоққа шығарып,* мәселені шатастыруға тырысып жүр. Өзіміз сөз қылып отырған дағдарыстар жөніндегі екі теория дағдарыстарды мүлде әр түрлі түсіндіреді. Бірінші теория дағдарыстар өндіріс пен жұмысшы табының тұтынуы арасындағы қайшылықтан туады деп түсіндіреді, екіншісі — өндірістің қоғамдық сипаты мен иемденудің жеке сипатының арасындағы қайшылықтан туады деп түсіндіреді. Демек, біріншісі құбылыстың түпкі тамыры өндірістен *тыс* жерде жатыр деп біледі (мәселен, классиктер өндіріспен ғана шұғылданып, тұтынуды елемейді деп, Сисмондидің оларға жалпы бас салатыны осыдан); екіншісі — өндіріс жағдайларының нақ өзінде деп біледі. Қысқасын айтқанда, бірінші теория дағдарыстың болуын тұтынудың жеткіліксіздігінен деп түсіндіреді (Unterkonsumption), екіншісі — өндірістің берекесіздігінен деп түсіндіреді. Сөйтіп, екі теорияның екеуі де дағдарыстардың болу себебін шаруашылық құрылысының өз бойындағы *қайшылықпен* түсіндіре отырып, бұл қайшылықты көрсе-

* Капиталистік шаруашылықта бүкіл өнім екі бөлімнен құралады деген ілімге байланысты А. Смит пен одан бергі экономистерде «жекелеген капиталдың қорлануын» қате ұғынушылық бар. Атап айтқанда, олар пайданың қор ретінде жиналатын бөлімі түгелімен жалақыға жұмсалады деп үйретті; ал іс жүзіне келгенде, ол: 1) тұрақты капиталға және 2) жалақыға жұмсалады. Сисмонди классиктердің осы қатесін де қайталап отыр.

туде мүлде ажырасып отыр. Бірақ мынадай сұрақ туады: өндіріс пен тұтынудың арасында қайшылықтың болу фактісін, тұтынудың жеткіліксіз болу фактісін екінші теория бекер дей ала ма? *Әлбетте, бекер демейді.* Ол бұл фактіні әбден мойындайды, бірақ оған бүкіл капиталистік өндірістің бір ғана бөлімшесіне тән факт ретінде өзіне лайық, бағынышты орын береді. Бұл теория осы күнгі шаруашылық жүйесінің басқа, анағұрлым терең, негізгі қайшылығынан, атап айтқанда, өндірістің қоғамдық сипаты мен иемденудің жеке сипаты арасындағы қайшылықтан туатын дағдарыстардың себебін бұл факт түсіндіре алмайды деп үйретеді. Сондықтан, асылына келгенде бірінші теорияны қолдап, екінші теория өкілдерінің өндіріс пен тұтыну арасындағы қайшылықты қалай көрсетіп отырғанын өздеріне бүркеніп етуші адамдар туралы не айту керек? Сірә, бұл адамдар екі теорияның айырмашылықтары негізіне *жете ой жібермеген* және екінші теорияны жақсылап түсінбеген. Мәселен, Н.— он мырза (В. В. мырзаны былай қойғанда) осындай адамдардың қатарына қосылады. Олардың Сисмондидің ізбасарлары қатарына жататынын Туган-Барановский мырза біздің әдебиетімізде көрсетіп өткен болатын («Өнеркәсіп дағдарыстары», 477-бет, онда Н.— он мырза жөнінде: «сірә» деген таңдапарлық ескерту бар). Бірақ Н.— он мырза «ішкі рыноктың тарылуы туралы», «халықтың тұтыну қабілетінің төмендеуі» (оның көзқарастарының өзекті жерлері) туралы сөз қыла отырып, әйткенмен де өндіріс пен тұтынудың арасындағы қайшылық фактісін, тұтынудың жеткіліксіз болу фактісін *көрсетіп отырған* екінші теорияның өкілдерін дәлелге алады. Мұндай дәлелдер, орынсыз цитаттар келтіруге икемді болу тек бұл автордың бойына біткен өзгешелігі екенін, одан басқа еш нәрсе емес екенін көрсететіні түсінікті нәрсе. Мәселен, оның: «жұмысшылар, товар сатып алушы ретінде, рынок үшін өте керек болады, бірақ капиталистік қоғам оларды, өз товары — жұмыс күшін сатушы ретінде, баға минимумы арқылы тежеп отыруға тырысады» («Очерктер», 178-бет) деген «цитаты» оның «Очерктерімен» таныс оқушылардың бәрінің де, әрине, есінде болар; сонымен қатар,

Н.— он мырзаның «ішкі рыноктың тарылуын» да (ib., 203 және басқа беттер), дағдарыстарды да (298 және басқа беттер) осыдан туғызғысы келетіні оқушылардың есінде болар. Бірақ бұл цитатты келтіргенмен де (мұның еш нәрсені де дәлелдемейтіндігін біз түсіндіріп өткенбіз), біздің автор оның үстіне өзінің цитатқа алған ескертуінің *аяғын қалдырып кетіп отыр.* Бұл цитат «Капиталдың» II томындағы II бөлімнің *қолжазбасына қосылған шағын мақала* еді. Бұл мақала қолжазбаға қосылғанда, «соңынан оны тыңғылықтырақ етіп дамыту үшін» қосылған еді, сондықтан қолжазбаны бастырып шығарушы оны ескертудің ішіне апарып қосқан. *Жоғарыда келтірілген сөздерден кейін бұл мақалада былай делінген: «Алайда мұның бәрі тек келесі бөлімге қатысты»* *,— яғни үшінші бөлімге қатысты. Бұл үшінші бөлім дегені қандай бөлім? Бұл — бүкіл қоғамдық өнімнің екі бөлімі жөніндегі А. Смиттің теориясына (Сисмонди туралы жоғарыда айтылған пікірмен бірге) сын берілген және «бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірілуі мен айналымына», яғни өнім өткізуге талдау жасалған бөлімнің нақ өзі. Сөйтіп, Сисмонди не айтса, соны қайталайтын өзінің көзқарастарын дәлелдеу үшін біздің автор Сисмондидің айтқанын теріске шығаратын «бөлімге ғана» қатысты мақаланы: капиталистердің үстеме құнды өткізе *алатыны* және сыртқы сауданы өнім өткізу жөніндегі талдауға енгізу — сорақылық екені... көрсетілген «бөлімге ғана» қатысты мақаланы цитатқа алып отыр.

Екі теорияның айырмашылығын жоққа шығарып, ең жаңа ілімдерге сүйену арқылы ескі романтиктік қоқсықты жақтауға жасалған екінші бір әрекет Эфрусидің мақаласынан табылады. Сисмондидің дағдарыстар жөніндегі теориясын келтіре отырып, Эфруси оның теріс екенін көрсетеді («Р. Б.», № 7, 162-бет). Оның көрсеткендері өте күңгірт және біріне-бірі қайшы. Ол, бір жағынан, ұлттық сұраным қолма-қол тұтынылатын заттармен шектелмейді дей келіп, қарама-қарсы теорияның дәлелдерін қайталайды. Екінші жағынан, ол Сисмонди-

* «Das Kapital», II. Band, S. 304 («Капитал», II том, 304-бет. *Ред.*). Орысша аудармасы, 232-бет[56]. Курсив біздікі.

дің дағдарыстар жөнінде берген түсінігі «ұлттық өндірісті халықтың сұранымы мен оның сатып алу қабілетіне қарай бөлу ісін қиындататын көптеген жағдайлардың бірін ғана көрсетеді» деп дәлелдейді. Демек, ол оқушыны: дағдарыстардың болу себебі нақ өнім «бөлу ісінде», ал Сисмондидің қатесі өнім бөлу ісін қиындататын себептерді толық көрсетпеуде ғана болып отыр деп ойлауға итермелейді! Бірақ басты мәселе мұнда емес... «Сисмонди,— дейді Эфруси,— жоғарыда келтірілген түсінікпен тоқтаған жоқ. «Nouv. Princ.»-тің 1-басылуының өзінен-ақ біз: «De la connaissance du marché» * деп аталатын, әбден тағлым аларлық тарауды кездестіреміз. Бұл тарауда Сисмонди бізге өндіріс пен тұтынудың арасындағы (бұл есіңізде болсын!) тепе-теңдіктің бұзылуының негізгі себептерін айқын ашып көрсетеді, бұл мәселе жөнінде біз мұндай айқындықты аздаған экономистерден ғана кездестіреміз» (ib.). Сонымен, фабриканттың рынокты біле алмайтындығы жөнінде цитаттар келтіре отырып, Эфруси: «Энгельстің айтып отырғаны да дәл осыған жақын» (163-бет) дейді,— бұдан соң фабриканттың сұранымды біле алмайтыны жөнінде цитат келтірілген. Мұнап кейін «өндіріс пен тұтыну арасында тепе-теңдік орнатуға бөгет болатын басқа да кедергілер» (164-бет) туралы тағы да цитаттар келтіріп, Эфруси: «дағдарыстар жөнінде барған сайын неғұрлым үстем болып отырған түсініктің дәл өзі осы цитаттарда беріліп отыр»! — деп сендіреді. Ол ол ма, Эфруси: «біз халық шаруашылығында болатын дағдарыстардың себептері жөніндегі мәселеде соңғы кездерде неғұрлым дәйекті және неғұрлым айқын түрде дамып отырған көзқарастардың негізін салушы болған Сисмондиге сүйенуге толық праволымыз» (168-бет) деп табады.

Бірақ осының бәрі Эфрусидің мәселені мүлде түсінбейтінін көрсетеді! Дағдарыстар деген не? — Товарлардың артық өндірілуі, өтпейтін, сұраным таба алмайтын товарлар өндіру. Егер товарлар сұраным таба алмаса, онда бұларды өндіргенде, фабрикант сұранымның қандай болатынын білмегені. Енді мынадай сұрақтар туа-

* — «Рынокты білу туралы». *Ред.*

ды: дағдарыстардың мүмкін екендігінің бұл шартын көрсету дағдарыстар жөнінде түсінік беру болғаны ма? Құбылыстың мүмкін екендігін көрсету мен оның сөзсіз болатынын түсіндірудің арасындағы айырмашылықты Эфрусидің түсінбегені ме? Сисмонди былай дейді: дағдарыстар мүмкін нәрсе, өйткені фабрикант сұранымды білмейді; дағдарыстар қажет нәрсе, өйткені капиталистік өндірісте өндірістің тұтынумен теңбе-тең болуы мүмкін емес (яғни, өнім өткізіле алмайды). Энгельс былай дейді: дағдарыстар мүмкін нәрсе, өйткені фабрикант сұранымды білмейді; дағдарыстардың қажет болатын себебі тіпті де өнімнің жалпы өтпей қоятындығында емес. Бұл дұрыс емес: өнім өте алады. Дағдарыстардың қажет болатын себебі — өндірістің коллективтік сипаты иемденудің дара сипатына қайшы келеді. Міне, сөйтіп, Энгельстің айтып отырғаны да «дәл осыған жақын»; Сисмонди «дағдарыстарды дәл осылай түсіндіреді» деуші экономисті ұшыратып отырмыз! «Сондықтан мен Туган-Барановский мырзаның... Сисмонди ілімінің ең маңызды, ең бағалы жерін ұмытып кеткендігіне таңдамамын» (168-бет),— деп жазады Эфруси. Бірақ Туган-Барановский мырза еш нәрсені де ұмытқан жоқ *. Қайта, ол негізгі қайшылықты толық дәлме-дәл көрсетіп берді, жаңа теория мәселені осы негізгі қайшылыққа тіреп отыр (455 және басқа беттер), сөйтіп дағдарыс арқылы болатын қайшылықты жұрттан бұрын көрсетіп, бірақ оған дұрыс түсінік бере алмаған Сисмондидің маңызын анықтап берді (457-бетте: Сисмонди дағдарыстар шаруашылықтың осы күнгі ұйымдастырылуынан туатынын Энгельске дейін көрсетті; 491-бетте: Сисмонди дағдарыстардың мүмкін болатындығының шарттарын баяндаған болатын, бірақ «мүмкін нәрсенің бәрі бірдей іс жүзіне асырыла бермейді» деген). Ал Эфруси бұған мүлде түсінбеген, сөйтіп мәселенің бәрін бір жерге үйіптөгіп, өзінің шатасып отырғанына «таңқалады»! «Рас,

* «Капитализмнің дамуы» деген еңбегімде (16 және 19-беттер) (қараңыз: Шығармалар, 3-том, I тарау, § VI. *Ред.*) мен Туган-Барановский мырзаның кейіннен оны бүтіндей буржуазиялық экономистердің лагеріне алып келген кемістік жерлері мен қателерін айтып кеткен болатынмын. (Автордың 1908 жылғы басылуына жазған ескертуі. *Ред.*)

біз Сисмондиде «өндіріс анархиясы», «өндірістің жоспарлы (Planlosigkeit) болмауы» деген сияқты бұл күнде жалпы жұртқа мәлім болған сөздерді кездестірмейміз, бірақ осы сөздер арқылы бүркемеленіп тұрған істің мәні онда әбден анық көрсетілген» (168-бет),— дейді «Русск. Богатствоның» экономисі. Ең жаңа романтик өткен күндердегі романтикті қалай оп-оңай жаңғыртып отыр! Мәселе сөздердегі айырмашылыққа тіреледі! Іс жүзінде мәселе өзінің қайталап отырған сөздерін Эфрусидің түсінбейтіндігіне тіреліп отыр. «Өндіріс анархиясы», «өндірістің жоспарлы болмауы» деген сөздер нені көрсетеді? Өндірістің қоғамдық сипаты мен иемденудің дара сипатының арасындағы қайшылықты көрсетеді. Сөйтіп біз талқыланып отырған экономикалық әдебиетпен таныс адамдардың қай-қайсысынан болса да: Сисмонди немесе Родбертус бұл қайшылықты мойындаған ба? Олар дағдарыстар осы қайшылықтан туады деген қорытынды шығарды ма? — деп сұраймыз. Жоқ, ондай қорытынды шығарған жоқ және шығара да алмады, өйткені *олардың бірде-біреуі бұл қайшылықты мүлдем түсінген жоқ.* Капитализмді сынағанда, жалпы жұрттың игілікте болуы жөніндегі * немесе «өзімен өзі болған товар алыс-берісінің» ** дұрыс еместігі жөніндегі құрғақ сөздерге сүйеніп сынамай, өндірістік қатынастардың даму сипатына сүйеніп сынау қажет деген идеяның өзі оларға мүлде жат еді.

Дағдарыстар жөнінде жоғарыда көрсетілген екі түрлі теорияның арасындағы айырмашылықты жоққа шығаруға біздің Россия романтиктерінің не үшін бар күшін салып отырғанын біз әбден түсінеміз. Мұның себебі: капитализм жөніндегі түбірінен өзгеше көзқарастар жоғарыда көрсетілген теориялармен барынша тікелей,

* Cf. Sismondi, I. c., I, 8 (цитат келтірілген жердегі Сисмондидің айтқандарымен салыстырып қараңыз, I, 8. *Ред.*).

** Родбертус. Реті келген соң айта кетейік, Бернштейн жалпы буржуазиялық экономияның соқыр сенімдерін жаңғырта отырып, бұл мәселе жөнінде де шатасты, сөйтіп Маркстің дағдарыстар жөніндегі теориясының Родбертус теориясынан оншалық айырмашылығы жоқ («Die Voraussetzungen etc». Stuttg. 1899, S. 67 («Алғы шарттар және тағы басқалар», Штутгарт, 1899, 67-бет. *Ред.*)) және Маркс бұқараның тұтынуы кемуін дағдарыстардың ең соңғы себебі деп танып, өзіне-өзі қайшы келеді деп шатасты. (Автордың 1908 жылғы басылуына жазған ескертуі. *Ред.*)

барынша тығыз байланысты. Шынына келгенде, егер біз дағдарыстардың болуын өнім өткізудің мүмкін еместігімен, өндіріс пен тұтынудың арасындағы қайшылықпен түсіндіретін болсақ, онда біз мұнымен шындықты теріске шығарамыз, капитализмнің жүріп келе жатқан жолы жарамсыз жол деген боламыз, оны «жалған» жол деп жариялап, «одан басқа жолдар» іздеуге жұмыламыз. Дағдарыстарды біз осы қайшылықтан туады деп қорытынды шығарғанымызда, ол қайшылық неғұрлым онан әрі дами түскен сайын, қайшылықтан шығу *соғұрлым қиынға соғатынын* да ойлауымыз керек. Сисмондидің нақ осы пікірді асқан аңқаулықпен айтып салғанын біз көрдік те; ол былай деді: егер капитал баяу қорланатын болса, онда бұған төзуге болар да; ал егер тез қорланатын болса, онда бұған төзуге болмайды.— Егер, біз, мұның керісінше, дағдарыстардың болуын өндірістің қоғамдық сипаты мен иемденудің дара сипаты арасындағы қайшылық арқылы түсіндіретін болсақ, біз мұнымен капиталистік жолдың нақты бар екенін және прогресшілдігін мойындап, «басқа жол» іздеушілікті мағынасыз романтизм деп теріске шығарамыз. Мұнымен біз бұл қайшылық неғұрлым онан әрі дамыған сайын, одан шығу *соғұрлым оңайлана* беретінін, сөйтіп қайшылықтан шығудың жолы нақ осы құрылысты дамыта беруде болып отырғанын мойындаймыз.

Оқушы көріп отырған шығар, біз бұл арада да түрлі «көзқарастарға» кездесіп отырмыз...

Біздің романтиктердің өз көзқарастарына теориялық дәлелдер іздеп жүргені әбден табиғи нәрсе. Бұл іздеу оларды Батыс Европаның әлдеқашан лақтырып тастаған ескі-құсқыларына киліктіретіні әбден табиғи нәрсе. Мұны сезіп, олардың біресе Батыс Европа романтиктерін көріне боямалап, біресе орынсыз және бұрмаланған цитаттарды бетке ұстап, романтизмді тасымалдап, осы ескі-құсқыны жаңғыртуға әрекеттеніп жүргені әбден табиғи нәрсе. Бірақ, егер олар мұндай контрабанда әйгіленбей қала береді деп ойлайтын болса, қатты қателеседі.

Сисмондидің *негізгі* теориялық доктринасы мен оның осы доктринадан жасаған басты-басты теориялық қорытындыларын баяндауды осымен тәмәмдай келіп, біз тағы да Эфрусиге қатысты азырақ қосымша жасауға тиіспіз. Сисмонди туралы жазған екінші бір мақаласында (бірінші мақаласының жалғасы) ол былай дейді: «Сисмондидің табыстың әрқилы түрлері жөніндегі көзқарастары (капиталдан түсетін табыс жөніндегі іліммен салыстырғанда) одан да қызықты» («Р. Б.», № 8, 42-бет). Былайша айтқанда, Сисмонди де, Родбертусқа ұсап, ұлттық табысты екі бөлімге бөледі-міс дейді: «мұның бірі жер мен өндіріс құралдарының иелеріне, екіншісі — еңбек өкілдеріне тиеді» (ib.). Бұдан соң, жалғыз ұлттық табыс қана емес, сонымен бірге бүкіл өнімнің де осылай бөлінуі жөнінде Сисмондидің сөздерінен цитаттар келтіріледі: «Жылдық өнім немесе халықтың бір жыл ішінде істеген барлық жұмыстарының нәтижесі де екі бөлімнен құралады» және т. т. («N. Princ.», I, 105, «Р. Б.-да» келтірілген цитат, № 8, 43-бет). Қорыта келіп біздің экономист былай дейді: «Цитатқа алынған жерлер ең жаңа экономистердің арасында соншалықты маңызды болып отырған халық табысының жіктелуін, атап айтқанда, халық табысының еңбекке негізделген табыс пен еңбексіз табысқа — arbeitsloses Einkommen — бөлінетінін Сисмондидің әбден ұғынғандығын (!) айқын сипаттайды. Жалпы айтқанда, Сисмондидің табыс туралы мәселе жөніндегі көзқарастары әрдайым айқын, анық бола бермесе де, дегенмен оның көзқарастарынан жеке шаруашылық пен халық шаруашылығы табысының арасындағы айырмашылықты түсінушілік көрініп тұр» (43-бет).

Бұған біз былай дейміз: цитатқа алынған жер неміс оқулықтарының даналық ойларын Эфрусидің толық меңгергенін айқын сипаттайды, бірақ бұған қарамастан (ал, мүмкін, нақ осының арқасында), жеке адамның табысынан өзгеше ұлттық табыс туралы мәселенің теория жағынан қиындығын ол мүлде байқамаған. Эфруси тіпті аңғармай сөйлейді. Мақаласының алғашқы бөлігінде оның белгілі бір бағыттағы мектептің теоретиктерін «ең жаңа экономистер» деп атағанын біз жоғарыда

көрген болатынбыз. Бұл жолы да әңгіме солар туралы болып отыр деп ойлауға оқушының хақысы бар. Бірақ ақиқатында автор бұл жерде мүлде басқа бір нәрсені меңзеп отыр. Енді ең жаңа экономистер ретінде немістің катедер-социалистері[57] алынып отыр. Сисмондиді жақтағандықтың белгісі сол, автор оның теориясын осылардың ілімімен жанастырады. Ал Эфрусидің бұл «ең жаңа» кемеңгерлерінің ілімі қандай ілім? Ол — ұлттық табыс екі бөлімге бөлінеді дейтін ілім.

Бұл әсте де «ең жаңа экономистердікі» емес, Ад. Смиттің ілімі ғой! Табысты жалақы, пайда және рентаға бөлгенде (I кітап, «Халық байлықтары» деген VI тарау; II кітап, II тарау), А. Смит соңғы екеуін еңбексіз табыс ретінде алғашқысына қарама-қарсы қойды, оның екеуін де еңбектен ұсталып қалатын табыс деп атады (I кітап, VIII тарау) және пайда дегеніміз ерекше түрдегі еңбекке төленетін бәз-баяғы жалақы деушілерге қарсы пікір таластырады (I кітап, VI тарау). Сисмонди де, Родбертус та, неміс оқулықтарының «ең жаңа» авторлары да тек әншейін Смиттің осы ілімін қайталап отыр. Олардың арасындағы айырмашылық тек мынау ғана: А. Смит ұлттық табысты ұлттық өнімнен айырып алу өзінің қолынан толық келе қоймайтынын мойындаған; ұлттық өнімнен тұрақты капиталды (осы күнгі терминология бойынша) шығарып тастағанда өзінің қайшылыққа тап болғанын мойындаған; дегенмен ол тұрақты капиталды жеке өнімге енгізген. Ал «ең жаңа» экономистер А. Смиттің жасаған қатесін қайталай отырып, оның іліміне тек неғұрлым көпірме түр берді («ұлттық табыстың жіктелуі»), сөйтіп А. Смиттің өзі шеше алмаған қайшылықты бұлар мойындамады. Бұл тәсілдердің ғалымдық тәсіл болуы мүмкін, бірақ әсте ғылыми тәсіл емес.

VIII

КАПИТАЛИСТІК РЕНТА ЖӘНЕ КАПИТАЛИСТІК АРТЫҚ ХАЛЫҚ

Сисмондидің теориялық көзқарастарына одан әрі шолу жасалық. Біз оның басты-басты көзқарастарының бәрін — өзге экономистердің бәрінен оны айрықша

сипаттайтын көзқарастарын бұған дейін қарастырып болдық. Бұдан былайғы көзқарастары не оның жалпы ілімінде пәлендей маңызды роль атқармайды немесе бұрынғыларының қорытындысы болады.

Айта кетелік, Сисмонди де, дәл Родбертусқа ұсап, Рикардоның рента жөніндегі теориясына қосылмады. Өз алдына жеке теория ұсынбай-ақ, ол аса әлсіз пікірлермен Рикардоның ілімін шайқалтуға тырысты. Ол бұл арада таза ұсақ шаруа идеологы ретінде бой көрсетеді; ол тегінде товар шаруашылығымен капитализм категорияларын егіншілікке көшіруді теріс деп тапқаны болмаса, Рикардо ілімін онша теріске шығарып та отырған жоқ. Бұл екі мәселенің екеуінде де оның көзқарасы — романтикке мейлінше тән көзқарас. 3-кітаптың * XIII тарауы «Рикардо мырзаның жерден алынатын рента жөніндегі теориясына» арналған. Рикардо доктринасының өз теориясына бүтіндей қайшы келетінін бірден мәлімдей келіп, Сисмонди мынадай қарсы пікірлер айтады: пайданың жалпы мөлшері (Рикардоның теориясы осыған негізделген) еш уақытта белгіленбейді, егіншілікте капиталдың еркін алмасып отыруы деген болмайды. Егіншілікте рынок ауытқуына тәуелді болмайтын және иесіне «таза өнім» (produit net), «табиғат еңбегін» беретін өнімнің ішкі құндылығы (la valeur intrinsèque) бар деп қарау керек (I, 306). «Табиғат еңбегі дегеніміз күш, ішкі құны жағынан қаралып отырған жерден шығатын таза өнімнің қайнар көзі» (intrinsèquement) (I, 310). «Біз рентаны (le fermage) немесе, дәлірек айтқанда, таза өнімді, меншік иесінің пайдасына тіке-

* Баяндау жүйесінің өзі де өзгеше: 3-кітапта «территориялық байлық» туралы (richesse territoriale), жер байлығы, яғни егіншілік туралы сөз болады. «Сауда байлығы жөніндегі» (de la richesse commerciale) келесі, 4-кітапта — өнеркәсіп пен сауда туралы айтылады. Жер кәсібінің өнімі мен жердің өзі де капитализм үстемдігі тұсында товар болмаған сияқты! Сондықтан бұл екі кітаптың арасында сәйкестік те болмай отыр. Өнеркәсіптің Сисмонди заманындағы тек капиталистік түрі ғана сипатталады. Ал егіншілік жер пайдаланудың әр түрлі жүйелерінің сан қилы тізбектері арқылы суреттеледі: бұлар — жерді патриархтық, құлдық, теңсеріктік, барщиналық, оброктық, фермерлік, эмфитевтік (мәңгі мұралық арендаға беру) жолдарымен пайдалану. Осының салдарынан бәрі бытысып кеткен: автор егіншіліктің тарихын да көрсете алмайды, өйткені бұл «жүйелердің» бәрі де өзара байланыспайтын жүйелер; капиталистік шаруашылықтағы егіншілікке талдау да жасамайды; ол өнеркәсіптің капиталистік түрін сипаттай тұрса да капиталистік шаруашылықтағы егіншілікке талдау жасау оның шығармасының нағыз өзегі еді.

лей жерден шығатын нәрсе деп қарадық; ол фермердің де, тұтынушының да ешқандай үлесін тартып алмайды» (I, 312). Ескі физиократиялық соқыр сенімдерді осылай қайталау тағы да мынадай өсиет айтумен қорытылады: «Жалпы алғанда, саяси экономияда абстракциялардан сақтанған сияқты, абсолюттік болжамдардан да сақтану (se défier) керек» (I, 312)! Мұндай «теорияда» тіпті талдап жататын да еш нәрсе жоқ, өйткені «табиғат еңбегі» деген сөздің тұсына жазған Рикардоның кішкене ескертуінің өзі-ақ жеткілікті *. Бұл тек талдау жасаудан әншейін бас тартып, Рикардоға қарағанда орасан зор кейін шегінгендік болады. Бұл процеске талдау жасау арқылы қол тигізуден қорқып, оны айыптауға асыққан Сисмондидің романтизмі бұл арада да әбден айқын көрініп отыр. Естеріңізде болсын, ол мына фактіні: егіншіліктің Англияда капиталистік жолмен дамып отырғанын, шаруалардың орнын фермерлер мен күндікшілер басып отырғанын, континентте де істің осы бағытта өрістеп отырғанын бекер демейді ғой. Бұл фактілерден ол тек әншейін жалтарып (капиталистік шаруашылық туралы пікір қозғағанда бұл фактілерді ол қарап шығуға міндетті еді), жерді патриархтық жолмен пайдалану жүйесінің артықшылығы жөнінде биязы сөздер қозғауды тәуір көрді. Біздің халықшылдар да дәл осылай істеп отыр: олардың ешқайсысы да мына фактіні: товар шаруашылығының егіншілікке еніп отырғанын, егіншіліктің қоғамдық сипатына оның күрделі өзгеріс жасамай қоймайтынын бекер деуге тырысқан жоқ,— бірақ сонымен қатар капиталистік шаруашылық туралы пікір қозғай отырып, олардың ешқайсысы да сауда егіншілігінің өсуі туралы мәселе көтермейді, «халық өндірісі» туралы өсиет-уағыздар білдірумен құтылуды тә-

* *Рикардо.* Шығармалар, Зибердің аудармасы, 35-бет: «Табиғат мануфактуралы өнеркәсіпте адам үшін еш нәрсе істемей отыр ма? Машиналарымызды жүргізіп отырған және теңізде жүзуге жәрдем етіп отырған жел мен су күшінің ешқандай маңызы болмағаны ма? Біздің нағыз адам таңқаларлық машиналарды жүргізуімізге мүмкіндік беретін атмосфераның қысымы мен пардың серпінділігі — бұлар табиғаттың берген сыйы емес пе? Металдарды жұмсартып, балқытатын жылылықтың әсерін және ауаның бір нәрсені бояу және ашыту процестеріне қатысуын былай қойғанда, табиғаттың адамға жәрдем бермей отырған, жәрдем бергенде тегін, жомарттық жәрдем бермей отырған мануфактураның бірде-бір саласы жоқ».

уір көреді. Бұл арада біз әзірше Сисмондидің теориялық экономиясын талдаумен ғана шектеліп отырғандықтан, жерді «патриархтық жолмен пайдалану» ісімен неғұрлым толығырақ танысуды кейінге қалдыра тұрамыз.

Сисмондидің баяндауы айнала төңіректеп жүрген екінші бір теориялық пункт — халық туралы ілім. Сисмондидің Мальтус теориясы жөніндегі көзқарасы мен капитализм жасайтын артық халық жөніндегі көзқарасын қарап өтейік.

Сисмонди Мальтустың пікірімен келіскенде тек халық төтенше азап шегудің көзі бола отырып, төтенше шапшаңдықпен көбейе алатындығы жөнінде ғана келісе алады деп сендіреді Эфруси. «Басқа мәселелер жөнінде олар бір-біріне мүлде қарама-қарсы шығады. Сисмонди халық туралы мәселенің бәрін әлеуметтік-тарихи негізге қояды» («Р. Б.», № 7, 148-бет). Осы тұжырымның өзінде де Эфруси Сисмондидің өзгеше көзқарасын (дәл ұсақ буржуазиялық көзқарасын) және оның романтизмін мүлде бүркемелеп отыр.

«Халық туралы мәселені әлеуметтік-тарихи негізге қою» дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі — шаруашылықтың әрбір тарихи жүйесіндегі халықтың өсу заңын өз алдына тексеріп, оның сол жүйемен байланысын және ара салмағын зерттеу деген сөз. Сисмондидің зерттегені қай жүйе? Оның зерттегені — капиталистік жүйе. Олай болса, «Русск. Богатствоның» қызметкері Сисмонди халықтың өсуінің капиталистік заңын зерттеді деп біледі. Бұлай деуде шындықтың біраз жұрнағы бар, бірақ тек *жұрнағы* ғана. Бірақ халықтың өсіп-өнуі туралы білдірген пікірлерінде Сисмондидің кемістік жіберген жерлерін талдау Эфрусидің ойына кіріп те шықпағандықтан және Эфруси: «бұл жөнінде Сисмонди — аса көрнекті ең жаңа экономистердің ізашары болған адам» * (148-бет) деп отырғандықтан,— онда сайып келгенде, дағдарыстар мен ұлттық табыс туралы мәселе жөнінде жоғарыда өзіміз көрген боямалау қандай

* Реті келгенде ескерте кетейік, бұл арада Эфрусидің «аса көрнекті ең жаңа экономист» деп отырғанының кім екенін, романтизмге мүлдем жат, белгілі бір мектептің өкілі ме немесе ең қалың хандбухтың авторы ма? — бұл арасын біз әбден біле алмай отырмыз.

болған болса, бұл жерде де ұсақ буржуазияшыл романтикті дәл солай боямалап көрсету болып отыр. Бұл мәселелер жөнінде Сисмонди ілімінің жаңа териямен ұқсастық жері неде? Оның ұқсастығы Сисмондидің капиталистік қорлану ісіне тән қайшылықтарды көрсетіп бергендігі. Бұл ұқсастықты Эфруси көрсетіп өтті. Жаңа теориядан Сисмондидің айырмашылығы неде? Оның айырмашылығы мынада: 1-ден, бұл қайшылықтарға ғылыми талдау жасауды ол титтей де алға бастырған жоқ, қайта кейбір реттерде классиктермен салыстырғанда бір қадам кері де шегінді,— 2-ден, ол өзінің талдау жасауға қабілетсіздігін (ішінара өзінің талдау жасағысы келмегендігін) ұлттық табысты шығыспен, өндірісті тұтынумен тура келтіру керек деген, тағы сондай ұсақ буржуазиялық моральмен бүркемеледі. Эфруси бұл айырмашылықты жоғарыда айтылған пункттердің бірде-біреуі жөнінде *көрсеткен жоқ,* сөйтіп Сисмондидің шын мәнін және оның ең жаңа теорияға көзқарасын мүлде теріс ұғынды. Қазіргі мәселе жөнінде де біз нақ осыны көріп отырмыз. Сисмондидің ең жаңа теориямен ұқсастығы мұнда да *қайшылықты көрсетумен* шектеледі. Мұнда да айырмашылық ғылыми талдаудың жоқтығында және оның орнына ұсақ буржуазиялық моральды қолдануда болып отыр. Мұны түсіндіріп өтейік.

Өткен ғасырдың аяқ кезінен бастап капиталистік машиналы индустрияның дамуы артық халықтың пайда болуын туғызды, сөйтіп саяси экономияның алдына осы құбылысты түсіндіру міндеті қойылды. Жұртқа мәлім, Мальтус бұл құбылыстың қоғамдық шаруашылықтың белгілі бір, тарихи айқын құрылысынан туатындығын мүлде бекерге шығарып және осы факт арқылы ашылып отырған қайшылықтарды мүлде көрмей, оны табиғи-тарихи себептермен түсіндіруге тырысты. Сисмонди бұл қайшылықтарды және машиналардың халықты ығыстырып отыратынын көрсеткен болатын. Мұны көрсету жөнінде оның еңбегі барлығы даусыз нәрсе, өйткені оның жазу ісіне араласқан замапында мұндай мәселені көрсету жаңалық еді. Бірақ оның бұл фактіге қалай қарағанына көз жіберейік.

7-кітаптың («Халық туралы») 7-тарауында «машиналар ойлап шығарудың нәтижесінде артық болып қалған халық туралы» арнайы сөз қозғалады. Сисмонди «машиналар адамдарды ығыстырып барады» (р. 315, II, VII) деп көрсетеді де, дереу мынадай сұрақ қояды: машиналарды ойлап шығару ұлтқа пайдалы ма немесе ол үшін бақытсыздық па? Бұл мәселенің капиталистік ел үшін емес, жалпы алғанда барлық елдер мен барлық заманалар үшін «шешілуі» мағынасыз ескілік болатындығы түсінікті нәрсе: «тұтыну затын керексіну халықтың қолындағы өндіріс құрал-жабдықтарынан артық болса» — пайдалы (les moyens de produire de la population) (II, 317), ал «өндіріс тұтыну үшін толық жеткілікті болса» — апатқа ұшырағандық болады. Басқа сөзбен айтқанда: Сисмондидің қайшылықты көрсетуі — қазірдің өзінде ешқандай қайшылығы жоқ және есепшіл шаруаның моралын қолдануға болатын пәлендей бір абстрактілі қоғам жөнінде пікір қозғау үшін сылтау ғана болады! Сисмонди бұл қайшылықты талдауға, қазіргі капиталистік қоғамда оның қалай пайда болатынын, неменеге апарып соғатынын және т. б. зерттеуге әрекет жасаған да жоқ. Жоқ, ол бұл қайшылықты пайдаланғанда, адамгершілік жағынан өзінің мұндай қайшылыққа деген ашу-ызасына материал ретінде ғана пайдаланады. Осы тараудың бұдан былайғы жердегі мазмұнының бәрі де бұл теориялық мәселе жөнінде тіпті еш нәрсе де бермейді, зарланумен, шағыммен және әншейін ізгі тілектермен тынады. Ығыстырылып отырған жұмысшылар — тұтынушылар еді... ішкі рынок тарылып барады... ал сыртқы рынокқа келсек, бұл жағынан дүние жүзі қазірдің өзінде-ақ жеткілікті түрде қамтылған... шаруалардың шағын ауқаты зат өткізу ісіне жақсы кепіл болған болар еді... континент мемлекеттері соңынан еріп отырған Англиядан асқан адам таңқаларлық, сұмдық мысал жоқ — міне, құбылысты талдаудың орнына Сисмондидің айтып отырғаны осындай өсиет-уағыздар! Оның мәселеге көзқарасы біздің халықшылдардың көзқарасынан ешбір айнымайды. Халықшылдар да халықтың саны артып қалу фактісін көрсетумен ғана тынады, сөйтіп бұл фактіні капитализм жөнінде зарланып,

шағым қылуға ғана пайдаланады (Н.— он, В. В. және басқаларын салыстырып қараңыз). Бұл артық халықтың капиталистік өндірістің талаптарына қандайлық қатысы бар екендігін талдап шығуға Сисмондидің ешбір әрекеттенбейтіні сияқты, халықшылдар да еш уақытта мұндай мәселені алдарына қойып көрген емес.

Мұндай тәсілдің мүлде теріс екендігі осы қайшылыққа ғылыми талдау жасау арқылы анықталды. Бұл талдау: артық халық (артық өнім және артық тұтынумен қатар) сөзсіз қайшылық бола тұрып және капиталистік қорланудың қажетті нәтижесі бола отырып, сонымен қабат капиталистік механизмнің *қажетті құрамды бөлігі* болып табылатынын анықтады *. Ірі индустрия неғұрлым ілгері дамыған сайын, дағдарыстарға байланысты немесе бүкіл ұлттық өндірістегі, немесе оның әрбір жеке саласында болатын гүлдену дәуірлеріне байланысты, жұмысшыларға деген сұраным соғұрлым зор ауытқуларға ұшырап отырады. Бұл ауытқулар — капиталистік өндірістің заңы; өнеркәсіптің кез келген саласына немесе кез келген кәсіпорынға әр уақытта жұмысшы бола кетуге әзір тұратын артық халық болмаған болса (яғни, капитализмнің жұмысшыларды керексінуінің *орта мөлшерінен* артық халық болмаса), капиталистік

---

* Біздің білуімізше, артық халық жөніндегі бұл пікірді «Die Lage der arbeitenden Klasse in England» (1845) («Англиядағы жұмысшы табының жағдайы». *Ред.*) деген шығармасында ең алғаш Энгельс айтқан. Ағылшын өнеркәсібінің кәдімгі өнеркәсіптік циклын суреттей келіп, автор былай дейді:

«Сауданың неғұрлым қызу жүріп жатқан айларында рыноктың керек ететін товарларын көптеп шығаруға мүмкіндік алу үшін өнеркәсіптің аса гүлденіп өркендеуінің қысқа кезеңдерінен басқа уақыттардың барлығында да ағылшын өнеркәсібінде жұмысшылардың қолы бос резерв армиясы болуға тиіс екені осыдан айқын көрінеді. Резервті армия мүшелерінің азды-көпті бөлігіне кәсіп тауып беретін рыноктың жайына қарай, бұл армия көбейіп немесе азайып отырады. Егер де рыноктың анағұрлым қызған кезінде, жалпы гүлдену онша жайыла қоймаған егіншілік округтер мен өнеркәсіп салалары мануфактураларға уақытша, белгілі бір мөлшерде жұмысшылар беріп отыратын болса, мұндай жұмысшылардың саны азғантай ғана болады, сондықтан бұлар да дәл солай резерв армиясының қатарына жатады, олардың жалғыз айырмашылығы сол ғана — өндірістің тез гүлденіп, көркеюінің нақ өзі олардың осы армияға жататындығын ашу үшін керек болды» [58].

Соңғы сөздердегі, өнеркәсіпке барып уақытша жұмыс істейтін *егіншілік кәсібіндегі* халықтың бір бөлігінің резерв армиясы қатарына жатқызылатынын айтып өту қажет. Мұның өзі — ең соңғы кездегі теория артық халықтың *жасырын* түрі деп атаған нәрсенің дәл өзі (Маркстің «Капиталын» қараңыз) [59].

өндіріс *өмір сүре алмаған болар еді.* Капитализм тамыр жайған өнеркәсіп салаларының бәрінде де,— өнеркәсіптегі сияқты, егіншілікте де,— артық халықтың құралатынын және артық халық әлденеше түрде болатынын талдау көрсетіп берді. Оның басты-басты түрлері үшеу: * 1) *Аумалы артық халық.* Бұған өнеркәсіпте істемейтін жұмысшылар жатады. Өнеркәсіптің өркендеуімен бірге олардың саны да лажсыз өседі. 2) *Жасырын артық халық.* Бұған жататын — капитализм өркендегендіктен өзінің шаруашылығынан айрылып, егіншіліктен тысқары басқа кәсіп таба алмайтын село халқы. Бұл халық кез келген кәсіпорындарына жұмысшы қолын жеткізіп беруге қашан да болсын әзір тұрады. 3) *Тоқыраулы артық халық.* Бұл халықтың хал-жайы әдеттегі қалыптан төмен дәрежеде болғандықтан, оның жұмыс істеуі де «өте-мөте қолайсыз» болады [60]. Бұған жататындар: көбінесе үйді-үйлерінде отырып, фабриканттар мен магазиндердің жұмысын істейтін село халқы мен қала халқы. Сөйтіп, халықтың осы топтарының бәрінің жиынтығы *относительді артық халықты* немесе *резерв армиясын* құрайды. Соңғы термин әңгіменің қай халық туралы болып отырғанын айқын көрсетеді. Бұлар — кәсіпорындарды *мүмкіндігіне қарай* кеңейту үшін капитализмге керекті, бірақ еш уақытта да тұрақты жұмыста бола алмайтын жұмысшылар.

Сонымен, бұл мәселе жөнінде де теория романтиктердің жасаған қорытындысына бүтіндей қарама-қарсы қорытындыға келді. Романтиктердің ойынша, артық халық капитализмнің мүмкін еместігін немесе оның «қателіктен» болғанын көрсетеді. Ал шынына келгенде, істің жайы дәл мұның керісінше болып отыр: артық халық артық өндірістің қажетті қосымшасы бола отырып, капиталистік шаруашылықтың қажетті бір бөлігі болып табылады, *мұнсыз ол өмір сүре де алмас еді, өркендей де алмас еді.* Эфруси бұл арада да ең жаңа теорияның осы қағидасы туралы жұмған аузын ашпай, мәселені мүлде теріс көрсетіп отыр.

---

* *Зибердің* «Давид Рикардо және т. б.» дегенін салыстырып қараңыз, 552—553-беттер. СПБ. 1885.

Біздің халықшылдардың жоғарыда көрсетілген екі түрлі көзқарастың қайсысына қосылатындығы туралы қорытындыға келу үшін сол көзқарастарды жай ғана салыстырып өтудің өзі-ақ жеткілікті. Жоғарыда Сисмондиден келтірілген тарау Н.— он мырзаның «Біздің реформадан кейінгі қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері» дегенінен орын алуға әбден жарар еді.

Реформадан кейінгі Россияда артық халықтың құралғанын көрсете келіп, халықшылдар жұмысшылардың резерв армиясын капитализмнің қаншалықты керек ететіндігі туралы еш уақытта мәселе қозғаған емес. Артық халық үнемі құралып отырмаған болса, темір жолдар салынар ма еді? Бұл сияқты еңбекке деген сұранымның жылдан-жылға қатты ауытқып отыратыны жұртқа мәлім ғой. Осындай жағдай болмаса, өнеркәсіп өркендей алар ма еді? (Жұмыстың қызу кездерінде өнеркәсіп жаңадан салынатын фабрика, үй, қойма және т. б. үшін құрылыс жұмысшыларын көп керек қылады және егіншіліктен тысқарғы шет кәсіпшілік дейтіннің денін қамтитын күндіктеп істелетін түрлі-түрлі қосалқы жұмыстарды да қажет етеді.) Осындай жағдай болмаса, біздің шет аймақтарда жүз мыңдаған, миллиондаған күндікшілерді керек ететін капиталистік егіншілік пайда болар ма еді? Ал, оның бер жағында, мұндай еңбекке деген сұранымның өлшеусіз зор ауытқып отыратыны жұртқа мәлім. Артық халық құралмайынша, ағаш өнеркәсібінің иелері фабрикалардың керегіне адам айтқысыз тездікпен ағаш жеткізіп бере алар ма еді? (Село тұрғындарының кәсіпкерлерге істейтін еңбектерінің өзге түрлері сияқты, ағаш кәсібінің жұмыстары да ақыны өте аз төлейтін, жағдайы өте нашар жұмыстың қатарына қосылады.) Осындай жағдай болмаса, көпестердің, фабриканттардың, магазиндердің қалалар мен деревняларда үйді-үйге жұмыс үлестіріп беру жүйесі өрістей алар ма еді? Мұның өзі майдагерлік кәсіпшілік дейтіндерде өте кең өріс алған құбылыс. Еңбектің бұл салаларының бәрінде де (көбінесе реформадан кейін өркендеген салаларында) жалдама еңбекке деген сұранымның ауытқуы өте зор. Ал мұндай сұранымның ауытқу

мөлшері капитализм *керек ететін* артық халықтың мөлшерін анықтайды ғой. Экономист-халықшылдар өздеріне бұл заңның мәлім екендігін ешбір жерде көрсеткен жоқ. Әрине, біз бұл арада осы мәселелердің мән-жайын тексеріп жатпақшы емеспіз *. Бұл біздің міндетімізге жатпайды. Біздің мақаламыздың сөз қылатын мәселесі — батыс европалық романтизм және оның орыс халықшылдығына қатысы. Бұл ретте де айтылып отырған қатынас бұрынғы айтылғандардағыдай болып отыр: артық халық жайындағы мәселе жөнінде халықшылдар бүтіндей романтизм көзқарасын жақтайды, бұл ең жаңа теорияның козқарасына мүлдем қарама-қарсы келеді. Жұмыстан босатылатын жұмысшыларды капитализм жұмысқа қоспайды,— дейді олар. Демек, капитализмнің болуы мүмкін емес, «қателіктен болған», т. с. Бұл тіпті де «олай» емес. Қайшылықтың болуы мүмкін емес деген сөз болмайды (Widerspruch деген Widersinn дегенмен бір нәрсе емес). Капиталистік қорлану дегеніміз өндіріске бола өнім өндіре берудің нағыз өзі, мұның өзі де қайшылық болып табылады. Бірақ бұл қайшылық қорланудың өмір сүруіне және шаруашылықтың белгілі бір жүйесінің заңы болуына бөгет жасамайды. Капитализмнің барлық өзге қайшылықтары туралы да нақ осыны айту керек. Жоғарыда келтірілген халықшылдық пікір: құрғақ сөздер арқылы осы қайшылықтардың бәрінен жалтарушылық ауруы Россия интеллигенциясының бойына әбден сіңіп алған нәрсе екенін ғана «көрсетеді».

Сонымен, Сисмонди артық халыққа *теориялық талдау* жасау үшін тіпті еш нәрсе бере алған жоқ. Бірақ ол бұған қалай қарады? Оның көзқарасы ұсақ буржуазиялық тілектестік пен мальтусшілдікті ерекше ұштастырудан құралады. «Осы заманғы әлеуметтік ұйымның зор кеселі сол,—дейді Сисмонди,—кедей адам еңбекке деген сұранымның қандай түріне үміт артатынын еш уақытта біле алмайды» (II, 261), сөйтіп Сисмонди «деревня етік-

* Сондықтан біз бұл жерде мына бір өте қызық жағдайға: осы өте көп жұмысшылардың тіркелмегендігі халықшыл-экономистер үшін оларды *есепке алмауға* дәлел болып отырғандығына тоқталып жатпаймыз.

шісі» мен ұсақ шаруаның өз табыстарын анық білген заманаларын күрсініп, еске алады. «Кедей меншік атаулыдан неғұрлым айрылған сайын, ол соғұрлым өзінің табысы жөнінде қателесу және еңбекке деген сұранымға сәйкес келмегендіктен күн көруге қорек таба алмайтын халықты туғызуға жағдай жасау қаупіне (contribuer à accroître une population...) ұшырайды» (II, 263—264). Көріп отырсыздар: жартылай тағы халықтың патриархтық қарым-қатынастарын сақтау үшін бүкіл қоғамдық дамуды тоқтатқысы келетіні ұсақ буржуазияның бұл идеологына аз болып отыр. Ұсақ буржуазияны сақтауға жарайтын болса болғаны, ол адам баласының жаратылысына қандай болса да зақым келтіру жөнінде кеңес беруге әзір-ақ. Осы соңғы пункт жөнінде күмән қалдырмайтын тағы бірнеше үзінді келтірейік:

Жартылай қайыршы жұмысшыға фабрикада апта сайын ақы төлеп отыру оны болашаққа келесі сенбіден әрі қарамауға дағдыландырды: «сонымен, оның адамгершілік қасиеттері мен сүйкімділік сезімін мұқалдырды» (II, 266), бұл қасиеттер, біздің қазір көретініміздей, «ерлі-зайыптылардың парасатты болуынан құралады»!..— «оның семьясы қоғамға неғұрлым ауыртпалық түсірген сайын, соғұрлым көбейе береді; сөйтіп күн көрісі қаражаттарына сай келтірілмеген (disproportionnée) халықтың езуінен ұлт азап шегеді (gémira)» (II, 267). Күн көріс дәрежесін төмендетіп, адам баласының жаратылысын бұрмалап болса да, қайткен күнде де, ұсақ меншікті сақтап қалу керек — Сисмондидің ұраны, міне, осы! Сөйтіп, Сисмонди, мемлекет адамы болғансып, халықтың өсуі қай кезде «керекті» екені туралы әңгіме қыла келіп, «ақылға қонымсыз» неке қиысуды айыптамағаны үшін дінді кінәлауға арнаулы жеке тарау арнайды. Өзінің мұраттарына жанасып кетсе-ақ болғаны — ұсақ буржуа, Сисмонди Мальтустің өзінен де асқан мальтусшіл болып шыға келеді. «Қайыршылық өмір сүру үшін ғана туатын балалар,— деп дінге ақыл айтады Сисмонди,— сонымен бірге бұзықтық үшін де туады... Әлеуметтік құрылыс мәселелері жөніндегі надандық оларды (дін өкілдерін) пәктікті некеге тән ізгі қасиеттердің қатарынан шығарып тастауға мәж-

бүр етті және мұның өзі халық пен оның күн көріс құралдарының арасында табиғи орнайтын сәйкестілікті бұзып отыратын, үнемі бола беретін себептердің бірі болды» (II, 294). «Семья жаңартқан адамдардың өз әйелдерімен қылықты, адал тұруы, өз әйелі емес әйелдермен бойдақ адамдардың тұруынан кем соқпауы керек екенін дін өсиеті адамдарға үйретуге тиіс» (II, 298). Сөйтіп, затында теоретик-экономист атағын ғана емес, сонымен біргеданышпан әкімгер атағып алуға да дәмелі болған Сисмонди дәл сол арада «семьяны жаңарту» үшін «жалпы алғанда және орта есеппен әйелдің үш рет бала тапқаны» керек деп есептейді және үкіметке былай деп ақыл береді: «семьялы болуға мүмкіндік беретін тәуелсіз күйге үміттендіріп, жұртты алдамау керек, бұл алдамшы мекеме (cet établissement illusoire) оларды азап шегуге, қайыршылыққа, өлімге душар етеді» (II, 299). «Әлеуметтік ұйым еңбекшілер табын пәлендей бір меншігі бар таптан бөлмеген кезде, қайыршылық азабын (le fléau) болдырмау үшін жұртшылық пікірінің өзі-ақ жеткілікті болған еді. Егінші үшін өзінің әкелерінің мұрасын сату, қолөнерші үшін— өзінің аз ғана капиталын ысырап ету қашан да болсын ұят болып көрінген-ді... Бірақ Европаның осы күнгі құрылысында... еш уақытта ешбір меншігі болмауға жазған адамдар қайыршылық күйге түсуді ешқандай да ар көрмейді» (II, 306—307). Ұсақ меншік иесінің топастығы мен қатыгездігін бұдан бадырайтып көрсету қиын нәрсе! Сисмонди бұл арада теоретиктен француз шаруасының ойдағыдай қолданып жүрген жұртқа мәлім, моральды уағыздайтын іс жүзіндегі ақылшыға айналады. Бұл құр ғана Мальтус емес, оған қоса ұсақ буржуаның үлгісімен әдейілеп пішілген Мальтус. Сисмонди еңбегінің осы тарауларын оқығанда, мальтусшілдік дегеніміз ерлі-зайыптылық практиканы... жаратылысқа жат кейбір бұзықтықты уағыздаушылық болып табылады деп дәлелдеген Прудонның ашу-ызаға толы қылықтарын ықтиярсыз есіңе түсіресің *.

* Мальтустің «Халықтың өсіп-өнуі жөніндегі тәжірибе» дегенінің орысша аудармасына қосымшаны қараңыз. (Бибиковтың аудармасы, СПБ. 1868). Прудонның «Әділеттілік жөнінде» деген шығармасынан үзінді.

IX

КАПИТАЛИСТІК ҚОҒАМДАҒЫ МАШИНАЛАР

Артық халық жайындағы мәселемен байланысты жалпы *машиналардың* маңызы туралы мәселе көтеріліп отыр.

Сисмондидің машина жөнінде жасаған «тамаша ескертулерін» Эфруси ықыласымен айта келіп, «оны техникалық жетілдірулерге қарсы болды деу әділдік емес» (№ 7, 155-бет), өйткені «Сисмонди машиналарға және өнертабыстарға қарсы болған жоқ» (156-бет) дейді. «Жұмысшы табына машиналар мен өнертабыстар өзінен-өзі зиянды емес, олар еңбек өнімділігінің артуы жұмысшы табының тұтыну дәрежесін де арттырмай, жұмыс уақытын да азайтпай отырған осы заманғы шаруашылық жағдайларының салдарынан ғана зиянды болады деген пікірді Сисмонди сан рет атап көрсеткен болатын» (155-бет).

Бұл пікірлердің бәрі әбден әділ. Сонда да болса, Сисмондиге *осылай* баға беру *романтикті* халықшылдың мүлде *түсіне* алмағандығын, капитализм жөніндегі романтизмге тән *көзқарасты* және ол көзқарастың ғылыми теория көзқарасынан түбегейлі айырмашылығын түсіне алмағандығын тамаша айқын көрсетеді. Халықшыл мұны түсіне де алмайтын еді, өйткені халықшылдықтың өзі романтизмнен ұзап кете қойған жоқ. Ал егер Сисмондидің машинаны капиталистік жолмен пайдаланудың қайшылық сипаты бар екенін көрсетуі 1820 жылдарда ірі прогресс болса, онда қазір бұл сияқты қара дүрсін сынмен тынып, оның ұсақ буржуазиялық тар өрістілігін түсінбеу мүлде кешіргісіз нәрсе.

Бұл жөнінде (яғни, Сисмонди ілімінің ең жаңа теориядан айырмашылығы жөніндегі мәселеде) * Эфруси өз дегенінен ешбір қайтпай отыр. Ол тіпті мәселені қоя да білмейді. Сисмонди қайшылықты көрді дегенді айтып, Эфруси осымен қанағаттанады да қояды, бейне бір капитализм қайшылықтарын сынаудың нағыз алуан-алуан тәсілдері мен әдістерін тарих еш уақытта да көр-

* Біз Эфрусидің *барлық жерде де* Сисмондиді осы күнгі теориямен осылай салыстыруға тырысқанын жоғарыда сан рет көрдік.

сетпеген сияқты. Сисмонди машиналарды өздігінен зиянды деген жоқ, олардың осы күнгі әлеуметтік құрылыс тұсында пайдаланылуы салдарынан зиянды деді дегенді айтып, Эфруси осы пікірдің өзінде-ақ нендей қара дүрсін, сентиментальды-үстірт көзқарастың бар екенін байқамай да отыр. Сисмонди шынында да: машиналар зиянды ма әлде зиянсыз ба? деп пайымдап, мәселені: өндіріс тұтынумен сәйкес келетін кезде ғана машина пайдалы болады деп уағыз айтумен «шешкен» («Р. Б.-дағы» цитаттарды салыстырыңыз, № 7, 156-бет). Осы жоғарыда баяндалғандардың бәрінен кейін, бұл арада біздің мәселені бұлай «шешу» — капитализмге ғылыми талдау жасаудың орнына ұсақ буржуазиялық утопияны тықпалау болатынын, онан басқа дәнеңе де емес екенін дәлелдеп жатуымыздың қажеті жоқ. Сисмондиді мұндай талдау жасамады деп кінәлауға болмайды. Тарихи қайраткерлердің сіңірген тарихи еңбегі олардың осы күнгі талаптарға қарағанда жаңалық *енгізбегеніне* қарай бағаланбайды, өзінен бұрынғыларға қарағанда олардың қандай *жаңалық енгізгендігіне* қарай бағаланады. Бірақ біз бұл арада енді Сисмонди туралы және оның қара дүрсін, сентиментальдық көзқарасы туралы емес, «Р. Б-воның» экономисі жөнінде әңгіме қылып отырмыз; ол мұндай көзқарастың ең жаңа теориядан қандай айырмашылығы бар екенін күні бүгінге дейін түсінбей келеді. Бұл айырмашылықты сипаттау үшін мәселені Сисмондидің машинаға қарсы болған-болмағаны жөнінде қоймай, машинаның капиталистік қоғамдағы маңызын Сисмонди түсінді ме, жоқ па? ол машинаның *бұл құрылыстағы прогресс жасау факторы* ретіндегі ролін түсінді ме, жоқ па? — міне, мәселені осы жөнінде қою керек екенін ол түсінбейді *. Егер мәселені осылай қойған болса, «Р. Б-воның» экономисі, *ұсақ буржуазиялық, утопиялық* көзқараста болғандықтан Сисмондидің мұндай мәселені *қоя да алмағандығын,* ал жаңа теорияның айырмашылығы — оның бұл мәселені қоя және шеше де білгендігінде екенін

* 1898 және 1908 жылдардағы басылуларында: «мұндай көзқарастың ең жаңа теориядан қандай айырмашылығы бар екенін... ол түсінбейді» — деген текст жоқ. *Ред.*

байқаған болар еді. Сонда Эфруси мынаны түсінген болар еді: белгілі бір капиталистік қоғамдағы машиналардың тарихи ролі жөніндегі мәселені — жалпы машина атаулының «тиімді» және «пайдалы» болатын жағдайлары жөніндегі мәселемен алмастыра отырып, Сисмонди капитализмнің және машиналарды капиталистік жолмен пайдаланудың «қауіпті» екені туралы ілімге өзінен-өзі келген, жұртты капитализмнің өсуін «кідіртуге», «баяулатуға», «белгілі бір тәртіпке бағындыруға» шақырған, сөйтіп осының салдарынан *реакционерге* айналған. Прогрестің факторы ретіндегі машиналардың тарихи ролін түсінбеушіліктің өзі де ең жаңа теория Сисмондидің ілімін *реакцияшыл* ілім деп таныған себептердің бірі болып табылады.

Әлбетте, біз бұл арада машиналы өндіріс жөніндегі ең жаңа ілімді (яғни, Маркс ілімін) баяндап жатпаймыз. Сонда да оқушыны Н. Зибердің жоғарыда аталған зерттеуіне меңзейік, X тарау: «Машиналар мен ірі өнеркәсіп» және, әсіресе, XI тарау: «Машиналы өндіріс теориясын талдау» *. Тек барынша қысқа түрде осы теорияның мәнісін айтып өтейік. Оның мәнісі мынадай екі пунктке: 1-ден, капитализм дамуының бірсыпыра басқа сатыларында машиналы өндірістің алатын орнын және капитализм дамуының осы бұдан бұрынғы сатыларына (капиталистік жай кооперация мен капиталистік мануфактураға) машиналы индустрияның қатынасын анықтап берген тарихи талдауға; 2-ден, машиналардың капиталистік шаруашылықтағы ролін талдауға және, әсіресе, халықтың барлық тұрмыс жағдайларына машиналы индустрия жасайтын қайта өзгерістерді талдауға тіреледі. Бірінші пункт жөнінде теория: машиналы индустрия — капиталистік өндірістің бір ғана сатысы (атап айтқанда, жоғары сатысы) екенін анықтады және оның мануфактурадан туатынын көрсетті. Екінші пункт жөнінде теория мына жағдайды анықтады: машина-

* «Шынын айтқанда,— дейді Зибер осы тараудың бас жағында,— машиналар мен ірі индустрия туралы баяндалып отырған ілім жаңа ой-пікірлер мен ерекше бір зерттеулердің сарқылмас қайнар көзі болып отырғаны сонша, тіпті егер де кімде-кімнің бұл ілімнің біршама жақсы жақтарын таразыға салып толық байқағысы келсе, ол адамның жалғыз осы мәселенің өзінен ғана бір кітапты дерлік жазып шығуына тура келер еді» (473-бет).

лы индустрияның капиталистік қоғамдағы алып прогресс болатын себебі — тек оның өндіргіш күштерді орасан зор дәрежеде арттыратынында және бүкіл қоғамда еңбекті қоғамдастыратынында ғана емес *, сонымен қатар мануфактуралық еңбек бөлінісін қиратып, жұмысшылардың бір кәсіптен екінші кәсіпке көшуін қажет ететінінде, артта қалған патриархтық қатынастарды әсіресе деревняда ** біржолата қирататынында, әрі жоғарыда көрсетілген себептерден, әрі индустрияда халықтың шоғырлануы нәтижесінде қоғамның прогресс жолымен алға басуына аса күшті түрткі болатынында. Капитализмнің барлық басқа да прогрестері сияқты, бұл прогресс те қайшылықтар «прогресімен», яғни қайшылықтардың шиеленісіп, кеңеюімен қатар жүріп отырады.

Сисмондидің бұл сияқты жалпы жұртқа мәлім мәселе жөніндегі көзқарастарын талдаудың және жұрттың бәрі де «таныс», жұрттың бәрі де «келісетін» жаңа теорияны бұлай жалпы көрсетудің не мәнісі бар? — деп оқушының сұрауы мүмкін.

Ал енді осы «келісуді» байқап көру үшін, біз қазір ең жаңа теорияны мүлтіксіз қолдануға дәмесі бар неғұрлым көрнекті халықшыл-экономист Н.— он мырзаны алып қараймыз. Жұртқа мәлім, Н.— он мырза өз «Очерктерінде» орыстың тоқыма индустриясының капиталистік жолға түсуін зерттеуді өзінің арнаулы міндеттерінің бірі етіп қойған, ал тоқыма индустриясының айрықша сипатының өзі сол — онда машиналар анағұрлым көп қолданылады.

Бұл мәселе жөнінде Н.— он мырза қандай көзқараста: Сисмондидің көзқарасында ма (капитализмнің аса көп мәселелері жөнінде оның Сисмондимен пікірлес екенін біз жоғарыда көрдік) немесе ең жаңа теорияның

* Қауымдағы және машиналы индустриясы бар капиталистік қоғамдағы «еңбек үйлестігін» салыстыра келіп, Зибер: «Мысалға алғанда, 10 деген *бірлік сан* мен 100 деген *бірлік санның* арасында қандай айырмашылық болса, қауымның «қосынды саны» мен машинамен өнім өндіретін қоғамның «қосынды санының» арасында да, мөлшермен алғанда, дәл сондай айырмашылық бар» деп әбден дұрыс ескертпе жасайды (495-бет).

** Зибер, аталған шығармасы, 467-бет.

көзқарасында ма? — деген сұрақ туады. Мұндай маңызды мәселеге келгенде, ол романтик пе, әлде... реалист пе? *

Ең жаңа теорияның бірінші айырмашылығы — машиналы индустрияның капиталистік мануфактурадан туатындығына тарихи талдау жасау екенін біз көрдік. Н.—он мырза орыстың машиналы индустриясының пайда болуы туралы мәселе қойды ма? Жоқ. Рас, одан бұрын жұрттың үйді-үйінде капиталиске жұмыс істегенін және қол еңбегі қолданылатын «фабриканың» ** болғанын ол көрсетіп берді, бірақ машиналы индустрияның одан бұрынғы сатыға қатысы жөніндегі мәселені түсіндірмегені былай тұрсын, тіпті *капиталистік мануфактура* *** болып күмәнсыз сипатталуға тиісті *бұрынғы сатыны* (үйді-үйінде немесе капиталистің шеберханасында қол еңбегімен өнім өндіруді) ғылыми терминология бойынша *фабрика* деп айтуға болмайтынын «байқамады».

Оқушы мұны онша маңызды «кемістік» емес деп ойламасын. Қайта, оның өте зор маңызы бар. 1-ден, Н.—он мырза осылайша *капитализмді машиналы индустриямен* бірдей нәрсе деп санап отыр. Бұл — өрескел қате. Ғылыми теорияның маңызы дәл мынада: ол капитализмнің *бір сатысы* ретіндегі машиналы индустрияның шын орнын анықтап берді. Егер Н.— он мырза *осы теория* тұрғысында болған болса, онда ол *машиналы индустрияның* өсуі мен жеңісін *«екі шаруашылық түрлерінің күресі»:* «шаруалардың өндіріс құралдарын иемденуіне негізделген» пәлендей бір белгісіз шаруа-

---

* «Реалист» деген сөз бұл арада тек қана цензураға сезік тудырмау үшін *марксист* деген сөздің орнына қойылып отыр. Нақ сол себептен, «Капиталға» сілтеме жасаудың орнына, Маркстің «Капиталын» қайталап айтқан Зибердің кітабына сілтеме жасалып отыр. (1908 жылғы басылуына автордың жазған ескертуі. *Ред).*

** 108-бет. «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағының» VII томы, III кітабының 32-бетінен мынадай цитат келтірілген (статистиктер бұл арада Корсактың «Өнеркәсіптің формалары туралы» дегенін баяндап отыр): «Кәсіпшіліктің ұйымдастырылуының өзі 1822 жылдан бері мүлде өзгеріп келеді, дербес майдагер өндірушілер болудың орнына, шаруалар ірі фабрикалы өндірістің кейбір операцияларын орындаушы ғана болып отыр, олар тек істегеніне қарай ақы алумен қанағаттанады».

*** Зибер ғылыми зерттеулер үшін әдеттегі терминологияның (фабрика, завод, т. с.) жарамсыз екенін және машиналы индустрияны капиталистік мануфактурадан айырып қарау қажет екенін әбден орынды көрсеткен: 474-бет.

шылық «түрі» * мен «капитализмнің» күресі (2, 3, 66, 198 және басқа беттер) деп көрсетер ме еді? Ал, шындығында, біз *машиналы индустрияның капиталистік мануфактурамен күресін* көріп отырмыз. Зерттеу жүргізу үшін өзі әдейілеп алып қараған (79-бет) тоқыма индустриясының нақ өзінде, жоғарыда келтірілген оның сөзіне қарағанда, *капитализмнің екі түрі* дәл осылай алмасып отырса да, Н.— он мырза бұл *күрес* жөнінде дәнеңе айтқан жоқ; бұл алмасуды Н.— он мырза «халық өндірісінің» «капитализммен» алмасуы деп бұрмалап отыр. Асылына келгенде, машиналы индустрияның *шын* дамуы жөніндегі мәселемен оның ешбір шұғылданбағаны және «халық өндірісі» дегенінде Сисмондиге әбден ұнамды утопияның тасаланып тұрғаны айқын емес пе? 2-ден, егер Н.— он мырза орыстың машиналы индустриясының тарихи дамуы жөнінде мәселе қойған болса, онда ол үкімет қолдауы мен жәрдемінің фактілеріне — Европада да болған фактілерге — сүйене отырып, «капитализмді қолдан орнату» (331, 283, 323 және басқа беттер) туралы сөз қыла алар ма еді? Ол «капитализмді қолдан орнату» жөнінде дәл осылай әңгіме қылған Сисмондиге еліктей ме немесе мануфактураның орнын машиналы индустрияның басқанын зерттеген ең жаңа теорияның өкіліне еліктей ме? деген сұрақ туады. 3-ден, егер Н.— он мырза Россиядағы капитализм түрлерінің тарихи дамуы (тоқыма өнеркәсібінде) жөнінде мәселе қойған болса, онда ол орыстың «майдагерлік кәсіпшіліктерінде» капиталистік мануфактураның болғанын елемеген болар ма еді? ** Егер ол *шынымен* теорияның жолын ұстап, дәл осы «халық өндірісінің» титтей бір

* Н.— он, 322-бет. Сисмондидің патриархтық шаруалар шаруашылығын дәріптеуінен мұның тіпті титтей де болса айырмашылығы бар ма?

** Біз бұл жерде жалпы жұртқа мәлім бұл фактіні дәлелдеп жатудың қажеті жоқ шығар деп ойлаймыз. Павловодағы слесарьлық кәсібін, Богородскідегі былғары илеу кәсібін, Кимрыдағы етікшілік кәсібін, Молвитин ауданындағы бөрік тігу кәсібін, Туладағы гармонь және самауыр жасау кәсібін, Красносельск мен Рыбнослободскідегі зергерлік бұйымдар жасау кәсібін, Семеновскідегі қасық жасау кәсібін, «Устьянщинадағы» мүйізден зат жасау кәсібін, Нижегород губерниясы Семенов уезіндегі байпақ басу кәсібін, тағы басқа кәсіптерді еске түсірсек болғаны. Біз мұның бәрін жатқа айтып отырмыз: майдагерлік өнеркәсіпке жүргізілген зерттеудің кез келгенін алып қарайтын болсақ, тізімді ұшы-қиырсыз ұзарта беруге болады.

шетіне болса да ғылыми талдау жасауға әрекеттенген болса,— онда орыстың қоғамдық шаруашылығы жөніндегі оның суздальдықтарша боямаланған сипаттамасының жайы қандай болған болар еді? — бұл сипаттама қайдағы бір күңгірт «халық өндірісі» мен одан қол үзген, «бір шоғыр» ғана жұмысшыларды қамтитын «капитализмді» суреттейді (326 және басқа беттер).

Қорытайық: машиналы индустрияның ең жаңа теориясының романтиктік теориядан айырмашылығын көрсететін бірінші пункт жөнінде Н.— он мырза *еш уақытта да бірінші теорияның бағытын ұстаушы деп танылуы мүмкін емес,* өйткені ол *капитализмнің айрықша сатысы* ретіндегі машиналы индустрияның шығуы туралы мәселе қою қажеттігін де түсінбейді және капитализмнің машиналардан бұрынғы сатысы — капиталистік мануфактураның болғаны жөнінде жұмған аузын ашпайды. Тарихи талдау жасаудың орнына ол «халық өндірісі» деген утопияны тықпалайды.

Екінші пункт — ең жаңа теорияның қоғамдық қатынастарды машиналы индустрияның қайта құратындығы туралы іліміне қатысты пункт. Н.— он мырза бұл мәселені талдауға әрекет жасаған да емес. Ол капитализм жөнінде көп шағынды, фабриканы жоқтады (Сисмонди тап осылай жоқтаған еді), бірақ ол фабриканың * қоғамдық жағдайларды қайта құрғанын зерттеуге әрекет жасаған да жоқ. Бұл үшін нақ машиналы индустрияны Н.— он мырзадағы айтылмай отырған *бұрынғы сатылармен* салғастырып шығу керек болар еді ғой. Сондайақ *белгілі бір капиталистік қоғамның* прогресінің факторы болып отырған машиналарға ең жаңа теорияның көзқарасы да оған мүлде жат нәрсе. Ол тағы да бұл жөнінде мәселе де қоймады **, *тіпті қоя алуы да мүмкін емес еді,* өйткені бұл мәселе *капитализмнің бір түрінің* екінші түрімен алмасуын тарихи тұрғыдан алып зерттеудің нәтижесі ғана болып табылады, ал Н.— он мыр-

* Бұл терминнің ғылыми маңызы жайшылықтағыдай емес екенін ұмытпауды сұраймыз. Ғылым ол терминнің қолданылуын тек ірі машиналы индустриямен ғана байланыстырады.

** Мәселен, ол мәселені А. Волгиннің «Воронцов (В. В.) мырзаның еңбектерінде халықшылдықтың негізделуі». СПБ. 1896 деген еңбегіндегідей қойған жоқ.

заша, «капитализм» tout court * «халық өндірісінің»... орнын басады.

Егер *Россиядағы тоқыма индустриясының капиталистік жолға түсуі туралы Н.— он мырзаның жүргізген «зерттеулеріне» сүйеніп,* біз: Н.— он мырза машиналарға қалай қарайды екен? — деген сұрақ қойсақ,— онда біз сонау Сисмондиден мәлім болған жауаптан өзге жауап ала алмас едік. Н.— он мырза машиналардың еңбек өнімділігін арттыратынын мойындайды (мұны мойындамай қайда барсын!),— мұны Сисмонди де мойындаған. Н.— он мырза: машиналар зиянды емес, оларды капиталистік жолмен қолдану зиянды дейді,—Сисмонди де осылай деген. Н.— он мырза: «біз» машинаны қолданғанда, өндіріс «халықтың тұтыну қабілетіне» сәйкес келуге тиіс екенін ескермей кеткен екенбіз деп ойлайды,— мұны Сисмонди де солай ойлаған.

Болғаны осы. Н.— он мырза бұдан басқа еш нәрсе ойламайды. Ең жаңа теория алға қойып, шешіп берген мәселелерді Н.— он мырзаның білгісі де келмейді, өйткені ол Россиядағы капиталистік өндірістің әр алуан түрлерінің тарихи алмасуын да (жаңағы алынған тоқыма индустриясының мысалы арқылы болса да), *белгілі бір* капиталистік құрылыстағы прогрестің факторы ретіндегі машиналардың ролін де зерттеп көруге әрекет жасамады.

Сөйтіп, машиналар туралы мәселе жөнінде де — теориялық экономияның бұл аса ірі мәселесі жөнінде — Н.— он мырза Сисмондидің көзқарасында болып отыр. Н.— он мырза мәселені *нағыз романтикше пайымдайды,* бұл, әрине, оның бірінен соң бірі цитаттар келтіре беруіне ешбір бөгет болмайды.

Бұл жалғыз тоқыма индустриясы жөніндегі мысалға ғана қатысты емес, Н.— он мырзаның барлық пайымдауларына қатысты. Тым болмаса жоғарыда келтірілген ұн тарту өндірісі жөніндегі мысалды есіңізге түсіріп қараңыз. Машиналардың қолданылуын көрсету Н.— он мырзаның: еңбек өнімділігінің бұлай артуы «халықтың тұтыну қабілетіне» сәйкес келмейді деп бауыры елжіреп

* — *жай әншейін. Ред.*

қайғыруына сылтау ғана болып табылады. Ол жалпы машиналы индустрияның қоғамдық құрылысқа жасайтын өзгерістерін (оның Россияда шынымен жасаған өзгерістерін) тексеріп талдауды ойлаған да жоқ. Қазіргі капиталистік қоғамда бұл машиналардың прогресс болған-болмағандығы жөніндегі мәселе оған мүлде түсініксіз болды *.

Ал Н.— он мырза жөнінде айтылғандардың *a fortiori* ** халықшыл-экономистердің басқаларына да қатысы бар: экономикалық талдау жасаудың орнына сезімталдық тілектер білдіріп, халықшылдар машиналар жөніндегі мәселеде күні бүгінге дейін ұсақ буржуазиялық романтизмнің көзқарасын ұстап келеді.

X

ПРОТЕКЦИОНИЗМ[61]

Сисмонди көзқарастарының жүйесіндегі біздің көңілімізді аударатын соңғы теориялық мәселе — протекционизм жөніндегі мәселе. «Nouveaux Principes»-те бұл мәселеге едәуір орын берілген, бірақ онда ол мәселе көбінесе практикалық жағынан — Англиядағы астық заңдарына қарсы қозғалысқа байланысты талданады. Бұл соңғы мәселені біз төменде зерттеп көреміз, өйткені ол басқа да, анағұрлым көлемді мәселелерді қамтиды. Ал бұл жерде әзірге біздің білгіміз келетіні — Сисмондидің протекционизм жөніндегі *көзқарасы* ғана. Бұл мәселенің мәні Сисмондидің бұдан бұрын айтылмай қалған тағы бір пәлендей жаңа экономикалық ұғымында болып отырған жоқ, оның «экономика» мен «қондырманың» арасындағы байланысты түсінуінде болып отыр. Эфруси «Р. Б.-ның» оқушыларын: Сисмонди — «осы заманғы тарихи мектепке дейін болған адамдардың алғашқыларының және ең талантталарының бірі», ол «экономикалық құбылыстарды барлық өзге әлеуметтік факторлардан бөліп алуға қарсы» күресті деп сендіреді. «Сисмонди

---

* Текстe Маркстің теориясына сүйеніп, Н.— он мырзаның көзқарастарын сынау міндеттері белгіленіп отыр; бұл міндеттерді мен кейіннен «Капитализмнің дамуы» деген еңбегімде орындап шықтым. (1908 жылғы басылуына автордың жазған ескертуі. *Ред.*)

** — көбінесе. *Ред.*

еңбектерінде: шаруашылық құбылыстар басқа әлеуметтік факторлардан бөлек алынбауға тиіс, олар әлеуметтік-саяси сипаты бар фактілермен байланыста зерттелуге тиіс деген көзқарас бар» («Р. Б.», № 8, 38—39). Міне, енді біз осы алынған мысал арқылы шаруашылық құбылыстардың әлеуметтік-саяси құбылыстармен байланысын Сисмондидің қалай ұғынғанын көрелік.

«Шеттен бұйым әкелуге тыйым салу да,— дейді Сисмонди «таможнялар туралы» тарауда (I, IV, ch. XI),— шетке бұйым шығаруға тыйым салу сияқты ақылға сыймайтын және апатқа ұшырататын іс: бұлар мануфактурасы жоқ ұлтқа мануфактура сыйлау үшін ойлап шығарылған нәрсе; сонан соң, бұлардың жаңа басталған индустрия үшін ең зор ынталандырушы сыйлықпен бірдей болатынын мойындамасқа болмайды. Бәлкім, бұл мануфактура ұлттың күллі тұтынуына керекті белгілі бір товарлардың жүзден бір бөлігін әрең дегенде ғана өндірер: жалғыз бір сатушының қолынан товар алу үшін жүз кісі бірімен-бірі бәсекелеседі, ал сатушы товарын сатпаған тоқсан тоғыз кісі контрабандалық товарлармен қанағаттануға мәжбүр болады. Бұлай болған күнде ұлтқа келетін зиян 100-ге тең, ал пайда 1-ге тең болады. Бұл жаңа мануфактура ұлтқа қандай пайда келтірсе де, оның соншама көп құрбандықтарды ақтау үшін мүлде жеткіліксіз болатынында күмән жоқ. Мұндай мануфактураны іске икемдеу үшін ысырап неғұрлым аз болатын жолдарды әрқашан да табуға болар еді» (I, 440—441).

Міне, Сисмонди бұл мәселені: протекционизм «ақылға сыймайтын» нәрсе, өйткені «ұлт» одан зиян шегеді! — деп осылайша оп-оңай шеше салады.

Біздің экономистің айтып отырғаны қай «ұлт»? Ол бұл әлеуметтік-саяси фактіні қандай шаруашылық қатынастармен салыстырып отыр? Ол ешқандай белгілі бір қатынастарды алып отырған жоқ, ол *өзінің пәлендей болуы керек деген жорамалдары бойынша,* ұлт қандай *болуға тиіс,* сол туралы *жалпы* пайымдау жасайды. Ал пәлендей болу керек деген бұл жорамалдар капитализмнің болмайтындығына және дербес ұсақ өндірістің үстемдігіне негізделіп құрылғанын біз білеміз.

Белгілі бір шаруашылық құрылысқа, тек соған ғана қатысы бар әлеуметтік-саяси факторды қайдағы бір жорамал құрылыспен салыстыру — бұл тіпті барып тұрған сорақылық қой. Протекционизм — капитализмнің «әлеуметтік-саяси факторы», ал Сисмонди оны капитализммен салыстырмай, қайдағы бір *жалпы* ұлтпен (немесе дербес ұсақ өндірушілер ұлтымен) салыстырады. Ол протекционизмді, мейлі, үнді қауымымен салыстырса да, бұдан да айқын «ақылға сыймайтын» және «апатқа ұшырататын» жағдайға килігер еді, бірақ бұл «ақылға сыйымсыздық» тағы да протекционизмге қатысты болмай, оның салыстыруына қатысты болып шығар еді. Бұқараның есебінен қамқорлық жасау өте аз адамдарға ғана тиімді болатынын дәлелдеу үшін Сисмонди баланың ойыны сияқты есеп келтіреді. Бірақ мұны тіпті дәлелдеудің де керегі жоқ, өйткені мұның өзі протекционизм деген ұғымның өзінен-ақ айқын көрініп тұр (бұл тікелей сыйлық беру бола ма немесе шетелдік бәсекелестерді аластау бола ма — мұның бәрібір). Протекционизмнің өзі қоғамдық қайшылықты көрсетеді, бұған талас жоқ. Бірақ протекционизмді туғызған құрылыстың шаруашылық өмірінде қайшылықтар жоқ па? Керісінше, онда қайшылықтан көп нәрсе жоқ, сондықтан өз баяндауының бәрінде бұл қайшылықтарды Сисмондидің өзі де атап көрсеткен. Бұл қайшылықты өзі көрсетіп кеткен шаруашылық құрылысының қайшылықтарынан *шығарып алудың* орнына, Сисмонди өз пікірін мүлде мағынасыз «сәбилік тілекке» айналдырып, экономикалық қайшылықтарды *жоққа шығарады.* Сисмондидің айтуынша, аз ғана топқа пайда келтіретін бұл тәртіпті елдің бүкіл шаруашылығындағы осы топтың жағдайымен және сол топтың мүдделерімен салыстырудың орнына, ол мұны «жалпы игілік» жөніндегі дерексіз қағидамен салыстырады. Демек, біз, Эфрусидің пайымдауына қарама-қарсы, Сисмонди шаруашылық құбылыстарды басқа құбылыстардан әдейі *оқшаулап* отырғанын (протекционизмді шаруашылық құрылыспен байланыстырмай қарап отырғанын) және экономикалық фактілер мен әлеуметтік-саяси фактілердің арасындағы *байланысты* мүлде *түсінбей отырғанын* көре-

міз. Біз жоғарыда келтіріп өткен тирадада теоретик ретінде Сисмондидің протекционизм жөніндегі мәселе жайында айта алатын нәрсесінің *бәрі* бар: қалғаны — осыны қайталап айту ғана. «Өздерінің бұл пайдаға (мануфактураның дамуына) және өздерінің тұтынушыларға артып отырған өрескел шығындарына ненің күшімен ие болғандарын үкіметтердің толық түсінуі екіталай нәрсе» (I, 442—443). «Европа үкіметтерінің табиғатты күшпен бағындырғысы келді» (faire violence à la nature). Қандай табиғатты бағындырғысы келді? Протекционизмнің «күшпен бағындырып отырғаны» капитализмнің табиғаты емес пе? «Былайша айтқанда (en quelque sorte), ұлтты жалған іске зорлап көндірді» (I, 448). «Кейбір үкіметтер көпестердің товарды арзанға сатуына мүмкіндік беру үшін оларға ақша төлеп отыратын болған; бұл шығын неғұрлым таңданарлық болған сайын, ол ең қарапайым есепке неғұрлым қайшы келген сайын, оны соғұрлым ең жоғарғы саясатқа жатқызады... Үкіметтер бағынышты жұрттың есебінен өздерінің көпестеріне ақша төлейді» (I, 421), т. т. және т. с. Міне, Сисмонди бізге осындай пайымдауларды тарту етіп отыр! Ол басқа бір жерлерде осы пайымдаулардан қорытынды жасаған болып, капитализмді «жасанды» және «екпелі» (I, 379, opulence factice), «теплицада өсірілген» (II, 456) нәрсе деп атайды және т. т. Осы қайшылықтарға талдау жасаудың орнына сәбилік тілектерді тықпалаудан бастаған ол осы тілектердің пайдасын көздеп, шындықты тура бұрмалап отыр. Жұрт әбден «қолдап отырған» капиталистік өнеркәсіп әлсіз, негізсіз және т. с., елдің шаруашылығында басым роль атқармайтын сияқты, *демек,* бұл басым роль ұсақ өндіріске қатысты сияқты және т. т. Протекционизмді тек белгілі бір шаруашылық құрылыс пен осы құрылыстың белгілі бір қайшылықтары ғана туғызғаны жөніндегі, оның халық шаруашылығында *басым* ролі бар нақтылы бір таптың нақтылы мүдделерін көздейтіні жөніндегі күмәнсыз, даусыз факт,— дәнеңе болмай шықты, тіпті сезімді қытықтайтын бірнеше сөздер арқылы өзінің қарама-қарсы түріне айналды! Мұның тағы бір кішкене

үлгісін келтірейік (егіншілік протекционизмі жөнінде,— I, 265, астық заңдары жайындағы тарау):

«Ағылшындар бізге өздерінің ірі фермаларын егіншілікті жақсартудың, яғни неғұрлым арзан бағалы ауыл шаруашылық өнімдерінің молшылығын жасаудың бірден-бір жолы етіп көрсетіп отыр, бірақ, іс жүзінде, бұған керісінше, олардың өнімдері қымбатқа түседі...»

Романтиктік пайымдаулардың орыс халықшылдары түгелімен ұғып алған тәсілдерін соншалықты айқын көрсететін бұл үзіндінің өзгеше сипаты бар! Фермерліктің және онымен байланысты техникалық прогрестің даму фактісі әдейілеп енгізілген жүйе ретінде көрсетіледі: ағылшындар (яғни, ағылшын экономистері) егіншілікті жетілдірудің бұл жүйесін бірден-бір шара деп түсінеді. Сисмонди фермерліктен басқа да шаралар егіншілікті көтере «алар еді» дегісі келеді, яғни тағы да белгілі бір тарихи дәуірдегі нақтылы қоғамда, товар шаруашылығына негізделген «қоғамда» емес, пәлендей бір дерексіз қоғамда «солай бола алар еді»; ағылшын экономистері осы товар шаруашылығына негізделген қоғам туралы сөз қылып отыр, Сисмонди де сол туралы сөз қылуға тиіс еді. «Егіншілікті жақсарту, *яғни* өзіне (ұлтқа?) деген өнімдердің молшылығын көбірек жасап алу». Тіпті де «яғни» емес. Егіншілікті жақсарту мен бұқараның тамақтану жағдайын жақсарту тіпті де бір нәрсе емес; Сисмондидің соншама жалтарғысы келіп отырған шаруашылық құрылысында бұл екеуінің бірбіріне үйлес келмеуі мүмкін ғана нәрсе емес, сонымен қатар қажетті де нәрсе. Мәселен, картоптың егіс көлемін ұлғайту егіншілікте еңбек өнімділігінің артуын (жемістамырлы дақылдарды егу) және үстеме құнның көбеюін — сонымен бірге жұмысшылардың ішіп-жемі нашарлауын көрсетуі мүмкін. Бұл — шын тұрмыстың қайшылықтарынан құрғақ сөздермен жалтармақ болған халықшылдың... яғни романтиктің ежелгі әдеті ғой.

«Іс жүзінде,— дейді бұдан соң Сисмонди,— соншалық бай, соншалық интеллигент, ғылым прогресінің қандайы болса да соншалық сүйейтін (secondés), жегу саймандары сондайлық әдемі, үй айналасындағы қоршаулары сондайлық мықты, егіні арам шөптен әбден та-

зартылған бұл фермерлер, надан, құлдықта езілген, маскүнемдікпен ғана өзін жұбататын, егіншілігі әлі өнердің сәбилік қалпында тұрған поляктың бишара шаруасының бәсекесіне төтеп бере алмайды. Польшаның орталығында жиналған астық, өзен жолдарымен де, құрылық жолдарымен де, теңіз жолдарымен де жүретін талай-талай жүздеген лье жерлерге кіре ақысын төлегенде, астықтың өз құнының 30 және 40 процентін басқа бір елге әкелу баж салығына төлегенде,— соның өзінде де Англияның ең бай графтықтарының астығынан арзан» (I, 265). «Бұл ерекше айырма ағылшын экономистерін абдыратып отыр». Олар халықтан алынатын алымдарды, т. с. дәлел қылады. Бірақ мәселе мұнда емес. «Жер пайдалану жүйесінің өзі сорақы, қауіпті негізге сүйенген... Бұл жүйені осы жақында барлық жазушылар біздің мақтаныш етуімізге тұрарлық нәрсе етіп көрсетті, бірақ біз, керісінше, оған еліктеуден сақтану үшін онымен жақсылап танысуымыз керек» (I, 266).

Ағылшын капитализмін (фермерлікті) экономистердің теріс жүйесі етіп көрсететін, фермерліктің қайшылықтарын көрмейтін экономистердің «абдырауын» фермерлерге *қарсы* жеткілікті дәлел деп ойлайтын бұл романтиктің мейлінше аңқау екендігі рас емес пе? Шаруашылық процестерді түрлі топтардың мүдделері арқылы түсіндірмей, экономистердің, жазушылардың, үкіметтердің адасушылығы арқылы түсіндірмекші болған оның ұғымы қандай үстірт десеңізші! Ағылшын фермерлері, ал солармен қатар континент фермерлері де мұндай «сорақы» жүйелерге «еліктемеуі» үшін қайырымды Сисмонди оларды ұялтып, қызартпақ болады!

Сонан соң, мұның бұдан 70 жыл бұрын жазылғанын, Сисмондидің сол кездегі мүлде жаңа осы құбылыстардың алғашқы қадамдарын бақылағанын естеріңізден шығармаңыздар. *Оның* аңқаулығы кешірерлік те нәрсе, өйткені бұл жаңа құбылыстарды адам баласы жаратылысының мәңгілік және табиғи қасиеттерінің жемісі деп санаған экономист-классиктердің де (оның замандастары) аңқаулығы аз болған жоқ. Бірақ біз Россиядағы дамып келе жатқан капитализмге қарсы бағыттал-

ған «қарсылықтарында» біздің халықшылдар Сисмондидің дәлелдеріне бірде-бір түйінді сөз қосты ма екен?— деп сұрағымыз келеді.

Сөйтіп, Сисмондидің протекционизм жөніндегі пікірлері оған тарихи көзқарастың мүлде жат екенін көрсетеді. Керісінше, ол XVIII ғасырдың философтары мен экономистерінше, мүлде дерексіз пайымдайды; олардан айырмашылығы мынау ғана: ол буржуазиялық қоғамды емес, қайта дербес ұсақ өндірушілер қоғамын қалыпты және табиғи қоғам деп жариялайды. Сондықтан ол протекционизмнің белгілі бір шаруашылық құрылыспен байланысын мүлде түсінбейді және шаруашылық өмірдегі қайшылықтардан «жалған», «қауіпті», қате, ақылға сыйымсыз, т. с. деген сөздермен құтылғаны сияқты, әлеуметтік-саяси саладағы бұл қайшылықтан да сондай сезімді қытықтайтын сөздер айтумен құтыла кетеді. Сондықтан протекционизм мен фритредерлік [62] жөніндегі мәселені ол «жалған» және «дұрыс» жол жайындағы мәселе (яғни, оның терминологиясы бойынша, капитализм жайындағы немесе капиталистік емес жол жайындағы мәселе) деп түсініп, істі мүлде үстірт суреттейді.

Ең жаңа теория протекционизмнің қоғамдық шаруашылықтың белгілі бір тарихи құрылысымен, осы құрылыстағы үкіметтер қолдайтын билеп-төстеуші таптың мүдделерімен байланысты екенін көрсетіп, әлгі адасуды әбден әйгілеп ашып берді. Ол протекционизм мен сауда еркіндігі туралы мәселе кәсіпкерлер *арасындағы* (кейде әр түрлі елдердің кәсіпкерлері арасындағы, кейде белгілі бір елдің кәсіпкерлерінің түрлі фракциялары арасындағы) мәселе екенін көрсетті.

Протекционизм жөніндегі осы екі көзқарас пен ол жөніндегі экономист-халықшылдардың көзқарасын салыстыра келіп, біз экономист-халықшылдардың бұл мәселе жөнінде де бүтіндей романтиктердің көзқарасында болып отырғанын, протекционизмді капиталистік елмен салыстырмай, қайдағы бір абстрактілі елмен, tout court «тұтынушылармен» салыстырғанын, оны «қолдан өсірілген» капитализмді «жаңылыс», «ақылға сыйымсыз» түрде қолдағандық болады деп жариялағанын кө-

реміз, т. т. Мәселен, ауыл шаруашылық машиналарын баж салығынсыз шеттен әкелу жөніндегі мәселеде, индустриялық және ауыл шаруашылық кәсіпкерлерінің арасында жанжал туғызатын мәселеде, халықшылдар, *әлбетте,* селолық... кәсіпкерлерді төсін төсей жақтайды. Біз олардың мұнысы дұрыс емес дегіміз келмейді. Бірақ бұл — шын болған мәселе, қазіргі тарихи кезеңнің мәселесі, капитализм дамуының жалпы мүдделерін кәсіпкерлердің қай фракциясы басымырақ білдіретіні жөніндегі мәселе. Халықшылдардың мұнысы дұрыс болған күнде де, әрине, баж салығын төлету «капитализмді» «әдейілеп» «қолдағандықты», ал баж салығын төлетпеу «ежелгі» халық кәсібін қолдағандықты көрсететіндіктен дұрыс болып отырған жоқ, олардың мұнысы тек егіншілік капитализмінің (машиналарға мұқтаж болатын) дамуы деревнядағы орта ғасырлық қатынастардың құрып бітуі мен индустрия үшін ішкі рыноктың жасалуын тездете отырып, жалпы алғанда, капитализмнің неғұрлым кең, неғұрлым емін-еркін және неғұрлым тез дамуын көрсететіндіктен ғана дұрыс болады.

Біз бұл мәселе жөнінде халықшылдарды осылай романтиктердің қатарына қосуымыз жайында бір қарсы пікірдің болатынын күні бұрын болжап отырмыз. Сірә, бұл арада Н.— он мырзаны бөліп атап көрсету керек, өйткені ол сауда еркіндігі мен протекционизм жайындағы мәселе — капиталистік мәселе деп ашық айтып жүр ғой және мұны әлденеше рет айтып, тіпті «цитаттар келтіріп» жүр ғой... дейтіндер болар. Солай, солай, Н.— он мырза тіпті цитаттар да келтіріп жүр! Бірақ бізге оның «Очерктерінің» осы арасын дәлелге келтіретін болса, онда біз сол «Очерктердің» капитализмді қолдау — оны қолдан «орнықтыру» деп жариялайтын *басқа жерлерін* дәлелге келтіреміз (оның үстіне «Қорытындылар мен тұжырымдарда» осылай деп отыр! 331, 323 және 283-беттер), капитализмді көтермелеу «түпке жететін адасушылық» деп түсіндіріп, бұл «біздің есімізде болмаған», мұны «біз ұмытқанбыз», бұл «бізге күңгірт көрінген» дейді, т. с. (298-бет. Сисмондидің айтқандарымен салыстырып көріңіз!) Бұл пайымдауды мына сөздермен қалай сыйыстыруға болады: капитализмді

(шетке шығарылатын товарға сыйлық белгілеу арқылы) қолдау — «біздің шаруашылық тұрмысымызды кернеген толып жатқан қайшылықтардың бірі; * барлық өзге қайшылықтар секілді, оның болуы да **өндіріс атаулының** бәрі қабыл алған формадан туады» (286-бет)? Естеріңізде болсын: *өндіріс атаулының бәрі! «Өндіріс атаулының бәрі қабыл алған форманы»* қолдау — «адасқандық» деп түсіндіретін бұл жазушының көзқарасы қандай тұрғыда екен? Сисмондидің тұрғысында ма немесе ғылыми теорияның тұрғысында ма? деп біз кез келген адал адамнан сұраймыз. Н.— он мырзаның «цитаттары» бұл жерде де (жоғарыда талданған мәселелердегі сияқты) осы «цитаттардың» орыс өміріне қолданылатыны не қолданылмайтындығы жөніндегі шын сенімді титтей де көрсетпейтін, екі ұшты, үйлесімі жоқ қыстырма нәрсе болып отыр. Н.— он мырзаның «цитаттары» — ең жаңа теорияның тек қана оқушыларды шатастыратын сыртқы көрінісі. Бұл — «реалистің» қолапайсыз киген костюмі, оны жамылып, нағыз романтик бой тасалап отыр. **

XI

СИСМОНДИДІҢ САЯСИ ЭКОНОМИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ МАҢЫЗЫ

Біз енді Сисмондидің теориялық экономия саласына қатысты ең басты қағидаларының бәрімен таныстық. Осыларды қорыта келіп, біз барлық жерде де Сисмондидің өзіне-өзі сөзсіз сенетіндігін, оның көзқарасы өзгермейтіндігін көреміз. Барлық пункттерде оның класситерден айырмашылығы сол — капитализмнің қай-

* Дәл осы сияқты «Очерктерде» де: «бізге» деген үндеулер, «біз» деген таңданулар және бұл қайшылықтарды елемейтін т. с. құрғақ сөздер «толып» кеткен.

** Н.— он мырза бұл «цитаттарды» өзін сын атаулының бәрінен қорғайтын бой тұмар деп санамай ма екен? — деп күдіктенеміз біз. Әйтпесе, мына жағдайды ұғыну қиынға соғады: Н.— он мырза, өз ілімінің Сисмонди доктринасымен салыстырылғанын Струве мен Туган-Барановский мырзалардан біле отырып, «Р. Б.-да» (1894 ж., № 6, 88-бет) басылған мақалаларының бірінде жаңа теория өкілінің Сисмондиді ұсақ буржуазияшыл реакционерлер мен утопистерге теңейтін пікірін «цитат» етіп келтірген [63]. Осындай «цитат келтіру арқылы ол өз мәртебесінің Сисмондимен салыстырылуын «бекерге шығардым» деп кәміл сенуі мүмкін.

шылықтарын көрсетеді. Бұл бір жағынан. Екінші жағынан, классиктердің жасаған талдауын ол бірде-бір пункт жөнінде ілгері қарай жүргізе алмайды (тіпті жүргізгісі де келмейді), сондықтан да капитализмді ұсақ буржуаның тұрғысынан сентиментальды сынаумен қанағаттанады. Ғылыми талдауды мұндай сентиментальды шағымдармен, зарланумен алмастыру оның ұғымы өте-мөте үстірт екенін көрсетеді. Ең жаңа теория капитализмнің қайшылықтары жөнінде айтылғандарды қабыл алып, оларға да ғылыми талдау жасады, сөйтіп барлық пункттер жөнінде Сисмондидің қорытындыларына түбірінен жуыспайтын қорытындыларға келді, бұл қорытындылар ең жаңа теорияны капитализм жөнінде Сисмондидің көзқарасына мүлде қарама-қарсы көзқарасқа келтіріп отыр.

«Саяси экономияның кейбір қағидаларына сында» (Zur Kritik»[64]. Орыс тіліндегі аудармасы, М. 1896 ж.) Сисмондидің ғылым тарихындағы жалпы маңызы былай сипатталған:

«Сисмонди айырбасталатын бағалы заттың көзі болатын еңбектің мазмұнын ақша бұзып жібереді деген Буагильбердің ұғымынан әлдеқашан арылған, бірақ ол, дәл Буагильбердің ақшаға шабуыл жасағаны сияқты, ірі өнеркәсіп капиталына шабуыл жасайды» (36-бет).

Автордың былай дегісі келеді: өзі «жат элемент» (30-бет, ibid.) деп білген ақшаға қарсы шыға отырып, Буагильбердің табиғи құрылыс ретінде товар айырбасына үстірт қарағаны сияқты, Сисмонди де ұсақ өндіріске табиғи құрылыс ретінде қарап, өзі жат элемент деп білген ірі капиталға қарсы шығады. Буагильбер ақшаның товар айырбасымен тығыз және табиғи байланысты екенін түсінбеген, «буржуазиялық еңбектің» (ibid., 30—31) екі түрін жат элементтер ретінде біріне-бірін қарама-қарсы қойып отырғандығын түсінбеген. Сисмонди ірі капиталдың ұсақ дербес өндіріспен тығыз және табиғи байланысты екенін түсінбеген, бұл — товар шаруашылығының екі формасы екендігін түсінбеген. Буагильбер «буржуазиялық еңбекке оның бір формасы жағынан қарсы шығып», «утопияға белшесінен бата отырып, екінші формасы жағынан оны дәріптеп, көкке көтереді»

(ibid.). Сисмонди ірі капиталға қарсы, яғни товар шаруашылығының бір формасына, нақ анағұрлым өріс-теген формасына қарсы шығып, утопияға белшесінен бата отырып, ұсақ өндірушіні (әсіресе шаруаларды), яғни товар шаруашылығының екінші, тек бастама формасын дәріптеді.

«Рикардо арқылы,— дейді сонан соң «Сынның» авторы,— саяси экономия өзінің соңғы қорытындысын аяусыз шығарып, осымен тынатын болса, онда Сисмонди өзі арқылы саяси экономияның күмәндануларын білдіре отырып, бұл нәтижені толықтырады» (36-бет).

Сонымен, «Сынның» авторы Сисмондидің маңызын мынаған әкеліп саяды: ол капитализмнің қайшылықтары туралы *мәселе көтерді,* сөйтіп оны әрі қарай талдау міндетін қойды. Сөзі цитатқа алынып отырған автор жаңағы мәселеге де *жауап бергісі* келген Сисмондидің барлық дербес көзқарастарын ғылыми көзқарастар емес, үстірт және оның реакцияшыл ұсақ буржуазиялық пікірін көрсететін көзқарастар деп танıды (жоғарыда айтылған пікірлерді қараңыз, ал бір пікір Эфрусидің «цитатына» байланысты төменде келтіріледі).

Сисмондидің доктринасын халықшылдықпен салыстырғанда, біз бұлардың барлық пункттер жөнінде дерлік (Рикардоның рента теориясы мен Мальтустің шаруаларға ақыл айтуын теріске шығарудан басқасы) өте ұқсас екенін, кейде тіпті сөздерінің де дәлме-дәл келетінін көреміз. Экономист-халықшылдар бүтіндей Сисмондидің көзқарасына қосылады. Төменде, теориядан Сисмондидің практикалық мәселелер жөніндегі көзқарастарына көшкенімізде, бұған әбден көзіміз жетеді.

Ақырында, Эфрусиге келсек, ол бірде-бір пункт жөнінде Сисмондиге дұрыс баға берген жоқ. Сисмондидің капитализм қайшылықтарын атап көрсеткенін және оларды айыптағанын көрсете отырып, Эфруси оның теориясының ғылыми материализм теориясынан зор айырмашылығы бар екенін де, капитализм жөніндегі романтиктік және ғылыми көзқарастардың мейлінше қарама-қарсы екендігін де мүлде түсінбеген. Халықшылдың романтикке іш тартуы, олардың әсерлі ауыз бірлігі экономикалық ғылымдағы романтизмнің бұл классикалық

өкілін «Русское Богатствода» басылған мақалалар авторының дұрыс сипаттауына кедергі жасады.

Біз жаңа Сисмонди туралы «ол өзі арқылы» классикалық экономияның «күмәндануларын білдірді» деген пікірді келтіріп өттік.

Бірақ Сисмонди мұндай рольмен тына қоямын деп ойлаған да жоқ (бұл роль экономистердің арасында оған құрметті орын береді). Ол, өзіміз көргендей, күмәндануларды шешуге тырысты, бірақ онысы өте сәтсіз болып шықты. Ол ол ма, Сисмонди классиктер мен олардың ғылымына кінә таққанда, ол ғылымды қайшылықтарға талдау жасауға келгенде тоқтап қалғаны үшін емес, оның бейне бір теріс тәсілдерге түскендігі үшін айыптады. Сисмонди өз кітабының 2-басылуына жазған алғы сөзінде «ескі ғылым бізді» жаңа апаттарды «түсінуге де, оларды болғызбауға да үйретпейді» (I, XV) деп, бұл фактіні осы ғылымның жасаған талдауының толық еместігімен, дәйексіздігімен түсіндірмей, оның бейне бір «абстракцияға килігуімен» түсіндірді (I, 55: А. Смиттің Англиядағы жаңа шәкірттері «адам» туралы ұмытып, абстракцияға ұмтылды (se sont jetés)),— сөйтіп ол «жалған жолмен келеді» деді (II, 448). Сисмондидің мұндай қорытынды жасауына мүмкіндік берген, оның классиктерге қарсы таққан айыптары қандай?

«Неғұрлым атақты экономистер тұтыну мен товар өткізу ісіне өте аз көңіл бөлді» (I, 124).

Бұл айып Сисмонди заманынан бері көптеген рет қайталанып келді. «Тұтынуды» ғылымның ерекше тарауы ретінде «өндірістен» бөліп қарау керек деп есептеушілер болды; тұтыну адамдардың еркіне байланысты бөлу-үлесу арқылы белгіленіп отыратын болса, өндіріс табиғи заңдарға тәуелді болады десті, т. т. және т. с. Біздің халықшылдар да өнім бөлуді бірінші орынға қойып, нақ сол идеяларды қолдайтыны жұртқа мәлім *.

* Эфруси бұл үшін де Сисмондиді мақтауды ұмытпағаны өзінен-өзі түсінікті. *«Р. Б.-ның»* 8-номерінің 56-бетінен біз мынаны оқимыз: «Сисмонди ілімінде оның ұсынып отырған жеке, арнаулы шараларынан гөрі оның күллі жүйесіне тән жалпы рухының маңызы күштірек. Классикалық мектепке қарама-қарсы ол өндіріс мүдделерін емес, өнім бөлу мүдделерін ерекше күшпен алға шығарады». «Ең жаңа» экономистерді тағы да «дәлелге» алғандығына қарамастан, Эфруси

Мұндай айыптауда қандай мән бар? Ол саяси экономия пәнінің өзін мүлде ғылыми тұрғыдан түсінбеушілікке ғана негізделген. Оның тексеретін пәні — екінің бірінде айтылып жүргендей — тіпті де «материалдық бағалы заттар өндіру» емес (бұл технологияның тексеретін пәні), қайта адамдардың өндіріс жөніндегі қоғамдық қатынастары. «Өндірісті» тек алғашқы мағынада түсінгенде ғана одан «өнім бөлуді» айрықша бөліп алып қарауға болады, сонда өндіріс жөніндегі «бөлімде» қоғамдық шаруашылықтың белгілі бір тарихи формалары категорияларының орнына жалпы алғанда еңбек процесіне қатысы бар категориялар пайда болады: әдетте мұндай мағынасыз ескірген сөздер тек кейіннен тарихи және әлеуметтік жағдайларды көмескілейді. (Мысалы, капитал туралы ұғымды-ақ алыңыз.) Егер біз «өндіріске» дәйекті түрде, өндіріс жөніндегі қоғамдық қатынастар деп қарайтын болсақ, онда «өнім бөлу» де, «тұтыну» да дербес маңызының бәрінен айрылады. Өндіріс жөніндегі қатынастар анықталған екен,— онда *нақ мұнымен* өнімнің жеке таптарға келетін үлесі де, демек, «өнім бөлу» мен «тұтыну» да анықталды. Ал, бұған керісінше, өндіріс қатынастары анықталмаған күнде (мысалы, тұтас күйінде алғанда, бүкіл қоғамдық капиталды өндіру процесін түсінбеген күнде), тұтыну мен өнім бөлу жөніндегі пайымдаулардың қандайы болса да әбден жауыр болған сөздерге немесе романтиктік сәбилік тілектерге айналады. Сисмонди — осындай пікірлердің арғы атасы. Родбертус та «ұлттық өнімді бөлу» туралы көп айтты, Эфрусидің «ең жаңа» кемеңгерлері тіпті ерекше «мектептер» де құрған, бұлардың принциптерінің бірі — өнім бөлуге айрықша назар ау-

---

олардың ілімін мүлде түсінбеген және капитализм жөніндегі қара дүрсін сынды сипаттайтын сентиментальды сандырақты әлі де тастамай отыр. Біздің халықшыл бұл арада да Сисмондиді «тарихи мектептің көптеген көрнекті өкілдерімен» салыстыру арқылы құтылып кеткісі келеді; бақсақ, «Сисмонди ілгері кеткен» (ibid.), ал Эфруси бұған әбден қанағаттанады! Неміс профессорларынан «ілгері кетіпті» — бұдан артық сіздерге не керек? Барлық халықшылдар секілді, Эфруси салмақтың денін Сисмонди капитализмді сынады дегенге аударуға тырысады. Капитализмді сынау түрліше болатынын, капитализмді сентиментальды көзқараспен де, ғылыми көзқараспен де сынауға болатынын *«Р. Б-во»* экономисі, сірә, ұқпайтын болуы керек.

дару болды* . Дегенмен «өнім бөлу» мен «тұтынуды» қарастырған бұл теоретиктердің бәрі тіпті қоғамдық капиталдың қоғамдық табыстан айырмашылығы жөніндегі негізгі мәселені де шеше алмады, бұлардың бәрі А. Смит шеше алмаған қайшылықтарға килігіп, шатыса берді **.— Өнім бөлуді ешқашан да айрықша бөліп қарамаған, «өнім бөлу» жөніндегі «тұрпайы» пікірлерге мейлінше жігерлі түрде қарсы шыққан экономист қана бұл мәселені шеше алды (Маркстің Гота программасына жасаған ескертпелерімен салыстырыңыз, бұларды П. Струве «Сын заметкалар» дегенінде цитат етіп келтірген, 129-бет, IV тарауға арналған эпиграф) [65]. Ол ол ма. Мәселені шешудің өзі қоғамдық капиталды *ұдайы өндіруге* талдау жасауда болған еді. Тұтыну туралы да, өнім бөлу туралы да автор айрықша мәселе қойған жоқ; бірақ *өндіріске* талдау жасау ақырына дейін жеткізілген соң, бұлардың екеуі де өзінен-өзі толық анықталды.

«Капиталистік өндіріс әдісіне ғылыми талдау жасау мынаны дәлелдейді: асылына келгенде, өндіріс шарттарымен бірдей болатын... өнім бөлу шарттары өндіріс шарттарының екінші жағын көрсетеді, сондықтан бұлардың екеуінің де тарихи жағынан өткінші сипаты бірдей болады». «Жалақы — жалдама еңбекті, пайда — капиталды туғызады. Олай болса, өнім бөлудің осы белгілі бір формалары өндіріс шарттарының белгілі бір қоғамдық белгілерін (Charaktere) және өндіріс агенттерінің белгілі бір қоғамдық қатынастарын туғызады. Демек, өнім бөлудің белгілі бір қатынасы — өн-

---

* «Біз қазірдің өзінде-ақ (!!) Сисмондидің мемлекет жөніндегі көзқарасына қосылдық, өйткені мемлекет — қоғамдық бірлестік пен ең жаңа прогрестің игіліктерін, мүмкіндігінше, қоғамның барлық таптарына таратудың... қамын жейтін күш» (215) деген аңқау мәлімдеме жасай келіп, Ингрем Сисмондиді «катедер-социалистермен» өте әділ жақындастырады («Саяси экономия тарихының» 212-беті. М. 1891). Сисмондидің бұл «көзқарастарының» қандай терең өзгешелігі бар екенін біз протекционизм жөніндегі мысалдан көрген болатынбыз.

** Мәселен. *Р. Мейердің* «Handw. der St.»-та басылған «Табыс» деген мақаласын қараңыз (орысша аудармасы «Өнеркәсіп» жинағында), мұнда «ең жаңа» неміс профессорларының осы пән жайындағы пікірлеріндегі күллі дәрменсіз шатасушылық баяндалған. Бір қызығы, Р. Мейер турадан-тура Ад. Смитке сүйене отырып және әдебиетті көрсеткенде «Капиталдың» II томының Смит пікірлерін бүтіндей теріске шығарған *тарауларының нақ өзін* дәлелге келтіріп, бұл туралы тексте дәнеңе айтпайды.

дірістің белгілі бір тарихи қатынасының бейнесі ғана». «...Өнім бөлудің әрбір формасы өндірістің белгілі бір формасымен бірге жойылады, өйткені өнім бөлу формасы сол өндіріс формасына сай келеді және содан туады».

«Өндірістегі қатынастарды емес, өнім бөлудегі қатынастарды ғана тарихи жағынан қарайтын көзқарас, бір жағынан, буржуазиялық экономияның жаңадан ғана пайда болып келе жатқан, әлі сескеншек (дәйексіз, befangen) сынының көзқарасы ғана болады. Ал, екінші жағынан, ол көзқарас өндірістің қоғамдық процесін әдейі оқшауланған адам да қоғамның ешбір жәрдемінсіз-ақ істей беруге тиіс еңбектің қарапайым процесімен шатастыруға, сонымен бірдей деп санауға негізделген. Еңбек процесі дегеніміз адам мен табиғаттың арасындағы ғана процесс болғандықтан,— оның қарапайым элементтері дамудың қоғамдық формаларының бәріне бірдей болып қала береді. Бірақ бұл процестің әрбір белгілі тарихи формасы оның материалдық негіздері мен қоғамдық формаларын ілгері қарай дамытады» («Капитал», III том, 2, немісше түпнұсқасының 415, 419, 420-беттері) [66].

Сисмондидің классиктерге жасаған бұдан басқа түрдегі шабуылдарынан да оншама ұта қойған еш нәрсесі жоқ, бұлар оның «Nouveaux Principes»-інде одан да көп орын алады. «А. Смиттің Англиядағы жаңа шәкірттері адам туралы ұмытып, абстракциямен айналысып кетті...» (I, 55). Рикардо үшін «байлық — барлық нәрсенің тұтқасы, ал адам еш нәрсе де емес» (II, 331). «Олар (сауда еркіндігін жақтайтын экономистер) адамдар мен нақтылы мүдделерді екінің бірінде абстракт теорияға құрбан етеді» (II, 457) және т. с.

Бұл шабуылдар ескіргелі не заман, бірақ сонымен бірге әлі де қандай су жаңа! Мен бұл арада ол шабуылдарды Россияның капиталистік жолмен дамуын ашықтан-ашық оның нағыз, шын және сөзсіз дамуы деп тану жөнінде үлкен шу көтерген халықшылдардың қайта жаңғыртқандығын айтып отырмын. «Ақшаның құдіретін дәріптеу» жөнінде, «социал-буржуазиялылық» және т. с. туралы айқай көтергенде, олардың түрлі

әуенге салып, қайталап жүргені соның дәл өзі емес пе?[67] Ал капитализмді жалпылама түрде сентиментальды сынау жөнінде айтылған мына ескерту Сисмондиге қарағанда, халықшылдарға *анағұрлым зор дәрежеде қатысты:* Man schreie nicht zu sehr über den Zynismus! Der Zynismus liegt in der Sache, nicht in den Worten, welche die Sache bezeichnen! Арсыздық туралы аса шу көтере бермеңіздер! Арсыздық өмір шындығын суреттейтін сөздерде емес, сол өмір шындығының дәл өзінде! [68]

«Анағұрлым зор дәрежеде қатысты»,— дейміз біз. Бұлай деуіміздің себебі, батыс европалық романтиктердің алдында капитализмнің қайшылықтарына ғылыми талдау жасау болған жоқ еді, олар бұл қайшылықтарды тұңғыш рет көрсетті, олар бұл қайшылықтарды *көрмеген* адамдарды талқандады (айтқандайын, «аянышты сөздермен» талқандады).

Рикардоның буржуазиялық қоғамды бақылаудан және зерттеуден жасаған қорытындыларының бәрін аяусыз ашық айтқаны үшін Сисмонди оған зілін төкті: ол өндірістің өндіріс үшін өмір сүретінін де, жұмыс күшінің товарға айналатынын да, өзге товардың бәріне жұрт қалай қарайтын болса, оған да дәл солай қарайтынын да,— ал «қоғам» үшін тек таза табыстың, яғни пайда мөлшерінің ғана маңызды екенін де ашықтан-ашық тұжырымдады *. Бірақ Рикардоның айтқаны әбден дұ-

---

* Мәселен, Эфруси маңғаз түрмен Сисмондидің: кәсіпкердің таза табысының артуы халық шаруашылығына пайдалы болып табылмайды деген және т. с. сентиментальды сөздерін қайталайды, сөйтеді де тек ол мұны «әлі толық айқын түсінген жоқ» (43-бет, № 8) деп қана оны кінәлаған болады.

Мұнымен капитализмді ғылыми талдаудың нәтижелерін салыстырып өткеніміз теріс болмас:

Қоғамның жалпы табысы (Roheinkommen) жалақы + пайда + +рентадан құралады. Таза табыс (Reineinkommen) дегеніміз — үстеме құн.

«Егер бүкіл қоғамның табысын алып қарайтын болсақ, онда ұлттық табыс жалақының, пайданың, рентаның қосындысынан, яғни жалпы табыстан құралады. Бірақ мұндай көзқарас мына жағынан алып қарағанда тек абстракция болып табылады: бүкіл қоғам, капиталистік өндірістің негізінде, капиталистік көзқараста болады да, пайда мен рентадан құралатын табысты ғана таза табыс деп есептейтін болады» (III, 2, 375—376) [69].

Сонымен, автор Рикардоға және оның «қоғамның» «таза табысы» жөніндегі анықтамасына, анықтамасы болғанда, Сисмондидің (*«Р. Б.»* № 8, 44-бет): «Бұл қалай? Байлық — барлық нәрсенің тұтқасы, ал адам еш нәрсе де емес пе?» (II, 331) деген «әйгілі қарсылығын» ту-

рыс: *іс жүзінде бәрі нақ осылай болып отыр.* Егер бұл ақиқат Сисмондиге «өрескел ақиқат» болып көрінсе, онда бұл өрескелдіктің себептерін ол тіпті де Рикардоның теориясынан іздемсуі керек еді және тек «абстракцияларға» шабуыл жасамауы керек еді; оның Рикардо жөнінде таңданып үн көтеруінің түгелімен «өзін жоғарымын деп есептеткен алдау» жағына қатысы бар.

Ал біздің осы күнгі романтиктер ше? Олар «ақша құдіретінің» шындығын бекерге шығаруды ойлай ма? Олар осы ақша құдіретінің тек өнеркәсіп халқы арасында ғана емес, сонымен қатар егіншіліктегі халықтың арасында да, кез келген «қауымдық», кез келген қараңғы түпкірдегі деревняда да мейлінше қуатты екенін бекерге шығаруды ойлай ма? Олар бұл *фактінің* товар шаруашылығымен сөзсіз байланысты екенін бекерге шығаруды ойлай ма? Олар бұған шүбә келтіруге әрекет жасаған да жоқ. Олар тек бұл туралы сөз қозғамауға тырысады. Олар әр нәрсені өзінің шын атымен атаудан қорқады.

Біз олардың неліктен қорқатынын әбден жақсы білеміз: шындықты ашық мойындау капитализмді сентиментальды (халықшылдық тұрғыдан) сынаудың қандай да болса негізін жояр еді. Олардың әуелі романтизмнің тот басқан қаруын тазартып ала алмай жатып, шайқасқа соншалық ынтамен ұмтылуы таңданарлық нәрсе емес. Олардың құрал талғамайтыны және *сентиментальды* сынға өшпенділікті жалпы сын атаулыға өшпенділік етіп көрсеткілері келетіні таңданарлық нәрсе емес. Өйткені олар өздерінің өмір сүру правосы үшін күресіп жүр ғой.

Сисмонди өзінің сентиментальды сынын тіпті *әлеуметтік ғылымның айрықша методы* етіп дәріптеуге де тырысқан. Ол Рикардоны кінәлағанда оның объективті талдауы капитализм қайшылықтарының алдында тоқтап қалғаны үшін кінәламай (бұлай кінәлау орынды болған болар еді), оның талдауының нақ *объективті* болғандығы үшін кінәлағанын біз жоғарыда көрдік. Сисмонди: Рикардо «адамды ұмытып отыр» деді. «Nou-

---

ғызған анықтамасының дәл өзіне қосылып отыр. Осы күнгі қоғамда — әрине, солай.

veaux Principes»-тің екінші басылуына алғы сөзде мынадай тираданы кездестіреміз:

«Мен әлеуметтік ғылымдарға қатысы бар шығарма туралы қозғалған пікірлердің әдеттегі, екінің бірінде соншалық ұшқалақ, екінің бірінде соншалық жалған болып шығатын тәсілдеріне қарсы наразылық білдіруді қажет деп санаймын. Әлеуметтік ғылымдардың шешуге тиісті мәселесі жаратылыс тану ғылымдары шешетін мәселелердің бәрінен әлдеқайда күрделі; сонымен қабат әлеуметтік ғылымның шешетін мәселесі ақыл-ойға қандай қатысты болса, жүрекке де дәл сондай қатысы бар» (I, XVI). Жаратылыс тану ғылымдары мен әлеуметтік ғылымдардың бір-біріне қарама-қарсылығы туралы, әлеуметтік ғылымдардың «жүрекке» қатыстылығы жөніндегі бұл идеялар орыс оқушысына қандай таныс десеңізші! *. Сисмондидің бұл арада айтып отырған пікірлері — бірнеше ондаған жылдардан кейін Европаның қиыр шығысында «социологтардың орыс мектебі» «қайтадан ашқан» және «социологиядағы» ерекше «субъективті метод» ретінде жүретін пікірлердің дәл өзі... Сисмонди,— біздің өз еліміздің социологтарына ұқсап,— «ақыл-ойға қалай» үн қатса, әрине, «жүрекке де солай» үн қатып отыр **. Бірақ біз аса маңызды мә-

---

* «Саяси экономия — қарапайым есеп-қисаптың ғылымы емес (n'est pas une science de calcul), қайта моральдық ғылым... Ол адамдардың сезімі, қажеттері және құмарланатын істері еске алынған күнде ғана көздеген мақсатқа жеткізеді» (I, 313). Субъективті мектептің орыс социологтары өздерінің дәл осы секілді нәзік әсерлі сөздерінде әлеуметтік ғылым жөнінде жаңа ұғымдар бар деп білгені секілді, Сисмонди де мұнда жаңа ұғымдар бар деп отырған бұл әсерлі сөздер, шынында, буржуазия сынының ол кезде қандай сәбилік қара дүрсін жағдайда болғанын көрсетеді. Қайшылықтарға ғылыми талдау жасау ісі қатаң объективті «есеп-қисап» бола тұрып, адамдардың «сезімін, қажеттерін және құмарланатын істерін» және соның өзінде жалпы «адам» атаулының — романтик те, халықшыл да айрықша ұсақ буржуазиялық мазмұнмен толтырып отырған бұл абстракцияның құмарланатын істерін түсіну үшін емес,— қайта *белгілі бір таптардың адамдарының* құмарланатын істерін түсіну үшін нақ берік негіз бермей ме? Бірақ мәселе мынада: Сисмонди *теория жүзінде* экономистердің пікірін *теріске шығара алмады*, сондықтан да сентиментальды құрғақ сөздермен қанағаттанды. «Утопиялық дилетантизм буржуазиялық тәртіпті қорғайтын азды-көпті оқымысты атаулының бәріне де теория жағынан жеңілдік беруге мәжбүр. Өзінің дәрменсіздігін сезіп отырғандығын білдірмеу үшін утопист өзінің дұшпандарын объективті адамдарсыңдар деп кінәлап: жарайды, сендер менен гөрі оқымыстырақ шығарсыңдар, бірақ оның есесіне мен сендерден гөрі қайырымдырақпын деп, өзін-өзі жұбатады» (*Бельтов*, 43-бет).

** Жаратылыс тану ғылымдарынан туатын «мәселелердің» де бейне бір «жүрекке» қатысы жоқ секілді?!

селелердің бәрі жөнінде де ұсақ буржуаның «жүрегі» теоретик-экономистің «ақыл-ойынан» үстем болып шыққанын жоғарыда көрдік.

ПОСТСКРИПТУМ*

Сисмондидің ғылыми — «объективті» Рикардоға көзқарасы жөнінде осында сентиментальды Сисмондиге берілген бағаның дұрыстығын «Қосымша құн теорияларының» 1905 жылы шыққан екінші томындағы Маркстің пікірі толық дәлелдейді (« Theorien über den Mehrwert», II. B., I. T., S. 304 u. ff. «Bemerkungen über die Geschichte der Entdeckung des sogenannten Ricardoschen Gesetzes» **). Бишара плагиатор, дәулеттілерге сатылған адвокат, ар-ұятсыз жалақор Мальтусті ғылым адамы — Рикардоға қарама-қарсы қоя келіп, Маркс былай дейді:

«Рикардо капиталистік өндіріс әдісін жалпы өндіріс үшін ең тиімді, байлық құрау үшін ең пайдалы әдіс деп қарайды, өз заманы үшін Рикардоның мұнысы әбден дұрыс та. Ол *өндіріс үшін өндірістің* болуын тілейді, оның мұнысы да дұрыс. Өндірістің нақ өзі түпкі мақсат болып табылмайды дегенді көрсетіп, Рикардоның сентиментальды дұшпандарының қарсы болғандығы сияқты, оған бұлай қарсы болушылық — мұның аты өндіріс үшін өндірістің болуы — адам баласының өндіргіш күштерінің дамуынан басқа, яғни *түпкі мақсат ретінде адам баласы жаратылысының байлығын өркендетуден* басқа еш нәрсе де емес екендігін ұмыту деген сөз болады. Егер бұл мақсатқа, Сисмондиге ұқсап, жеке адамдардың игілігін қарама-қарсы қойсақ, онда мұның аты: бүкіл адам баласы тегінің дамуы жеке адамдар игілігінің қамтамасыз етілуі үшін *кідіртіле* тұруға тиіс деп дәлелдегендік болады; демек, мысал үшін айтқанда, ешқандай соғыс жүргізуге болмайды, өйткені соғыс жеке

---

* Постскриптум 1908 жылғы басылуына арналып жазылған. *Ред.*
** — «Қосымша құн теориялары», II том, I бөлім, 304 және одан кейінгі беттер. «Рикардоның заңы дейтіннің шығу тарихы жөніндегі ескертпелер» [70]. *Ред.*

адамдарды қырғынға ұшыратады дегендік болады. Бұл антагонизмді *көмескілеп,* оны мойындамайтын экономистерге қарсы шыққанда ғана Сисмондидің айтқаны дұрыс болады» (S. 309). Өз тұрғысынан қарағанда, Рикардоның пролетарларды капиталистік өндірістегі машиналарға, товарларға теңеуге толық правосы бар. «Es ist dieses stoisch, objektiv, wissenschaftlich», «бұл — стоицизм, бұл обьективті, бұл ғылыми нәрсе» (S. 313). Бұл бағаның белгілі бір заманға ғана, XIX ғасырдың ең бас кезіне ғана қатысты екені түсінікті.

II ТАРАУ

РОМАНТИКТЕРДІҢ КАПИТАЛИЗМДІ СЫНАУ СИПАТЫ

Сисмондидің «ақыл-ойы» жайында біз жетерліктей сөз еттік. Енді оның «жүрегіне» жақынырақ үңіліп көрелік. Оның *пікірі* жөнінде (өзіміз бұған дейін теориялық мәселелерге қатысы бар нәрсе ретінде ғана зерттеп келген пікірі), оның капитализмге *көзқарасы* жөнінде, оның қоғамдық пиғылдары жөнінде, өзі қатысқан заманның «әлеуметтік-саяси» міндеттерін оның қалай түсінгендігі жөнінде айтылғандардың бәрін бір жерге жинастырып көрейік.

1

КАПИТАЛИЗМДІ СЕНТИМЕНТАЛЬДЫ ТҮРДЕ СЫНАУ

Сисмонди жазу ісіне араласқан заманның өзгеше белгісі — *айырбастың* (қазіргі терминология бойынша — ақша шаруашылығының), әсіресе француз революциясы феодализм қалдықтарын жойғаннан кейін айрықша көзге түскен тез дамуы еді. Сисмонди қаймыққан жоқ, айырбастың бұлай тез дамуы мен күшеюін айыптады, «қатерлі бәсекеге» шабуыл жасап, «үкіметті бәсекенің зардаптарынан халықты қорғау ісіне» (ch. VIII, l. VII) шақырды, т. с. «Айырбас істерінің тездеуі халықтың абзал мінез-құлықтарын бұзады. Үнемі затты пайдалы сатудың қамын жеу оған артық баға сұрауға, жұртты алдауға ұшыратпай қоймайды, сондықтан ылғи айырбаспен өмір сүретін адамның күн көрісі неғұрлым

қиындай түссе, ол адам соғұрлым алдау-арбау ісін үдете түсуге мәжбүр болады» (I, 169). Ақша шаруашылығына біздің халықшылдардың шабуыл жасағанындай шабуыл жасау үшін, міне, осындай аңқаулық керек болған еді! «... Сауда-саттық байлығы маңыздылық жағынан экономикалық құрылыста екінші орын ғана алады; ал күн көріс қажеттерін беретін территориялық байлық (territoriale — жер байлығы) бірінші орынға шығуға тиіс. Саудамен күпелтетін сан жағынан өте көп тап жер өнімдерінің бір бөлігін сол өнімдер болған күнде ғана алуға тиіс; ал осы өнімдер қаншалық көбейсе, ол да (бұл тап та) соншалық көбеюге тиіс» (I, 322—323). Сауда мен өнеркәсіптің өсуі егіншіліктің дамуын басып озатындығы жөнінде әлденеше беттер жазып шағым еткен Н.— он мырза осы патриархтық романтиктен бір адым болса да ілгері басты ма? Романтик пен халықшылдың бұл шағымдары олардың капиталистік шаруашылықты мүлде *түсінбейтіндіктерін* ғана дәлелдейді. Өз тұсында сауда мен өнеркәсіптің дамуы егіншілікті басып *озбайтын* капитализмнің *болуы мүмкін бе?* Капитализмнің өсуі дегеніміз товар шаруашылығының өсуі, *яғни* алғашында шикізатты өндіруге, оны *бір* натуралды шаруашылықта өңдеп, тұтынуға байланысты болған, шикізат өңдеу түрлерінің бірінен соң бірін егіншіліктен *айырып алып отыратын* қоғамдық еңбек бөлінісінің өсуі ғой. Сондықтан капитализм *қашан да болса* және *барлық жерлерде де* егіншілікке қарағанда сауда мен өнеркәсіптің *неғұрлым тез* дамуын, сауда-өнеркәсіп халқының *неғұрлым тез* өсуін, қоғамдық шаруашылықтың жалпы құрылысында сауда мен өнеркәсіптің салмағы мен маңызының *зор* болатынын көрсетеді *. Басқаша болуы *мүмкін емес*. Ал Н.— он мырза осы сияқты шағымдарды қайталай отырып, мұнысымен ол өзінің экономикалық көзқарастарында үстірт, сентиментальды романтизмнен әрі ұзай алмағандығын дәлелдеген үстіне дәлелдей түседі. «Кәсіпкерлік-

* Капиталистік дамудың тұсында егіншілік әрдайым және барлық жерде де сауда мен өнеркәсіптен *кейін* қалады, ол әрдайым соларға бағынышты және оны солар қанап отырады, олар оны әрдайым тек кейіннен ғана капиталистік *өндірістің* жолына *тартады*.

тің бұл ақылға сыймайтын рухы (esprit d'entreprise), Америкада жаппай банкротқа ұшырауды туғызып отырған сауданың неше алуан түрінің шамадан тыс көбеюі, ешбір күмәнсыз, банктер санының арта түскендігінен және алдамшы кредиттің оп-оңай нақты мүліктің орнын басуы ұлғая түскендігінен болып отыр» (fortune réelle) (II, 111) және сондай ұшы-қиыры жоқ т. б. Сисмонди сонда не үшін ақша шаруашылығына (және капитализмге) шабуыл жасады? Ол оған нені қарама-қарсы қояды? Деревняда дербес ұсақ өндірісті, шаруалардың натуралды шаруашылығын, қалада — қолөнерін қарама-қарсы қояды. «Патриархтық ауыл шаруашылығы туралы» (ch. III, l. III, «De l'exploitation patriarcale» — жерді патриархтық жолмен пайдалану туралы. 3-кітапта «территориялық» немесе жер байлығы туралы баяндалады) деген тарауда дербес ұсақ өндіріс пен шаруалардың натуралды шаруашылығы жөнінде ол былай дейді:

«Алғашқы жер иеленушілердің өздері диқан болған еді, олар дала жұмыстарының бәрін өз бала-шағалары мен қызметшілерінің еңбегімен атқарып отырды. Бірде-бір әлеуметтік ұйым * ұлттың сан жағынан неғұрлым көбірек табына зор бақыт пен үлкен игілік берілуіне, жұрттың бәрінің молшылықта (opulence) болуына, қоғамдық тәртіптің аса берік болуына кепілдік бермейді... Егінші меншік иесі болған елдерде (où le fermier est propriétaire) және оның өнімдері түгелімен (sans partage) барлық жұмыстарды өздері атқарған адамдардың өзіне тиетін елдерде, яғни ауыл шаруашылығын біз патриархтық шаруашылық деп атап отырған елдерде,— біз өзі тұратын үйін, өзі күтетін жерін егіншінің жақ-

---

* Байқаңыздар, Сисмонди дәл біздің халықшылдарға ұқсап, шаруалардың дербес шаруашылығын бірден «әлеуметтік ұйымға» айналдырып отыр. Барып тұрған өңін айналдырғандық. Әр түрлі жерлердегі бұл шаруалардың басын қосып, біріктіріп отырған не нәрсе? Олардың басын қосып біріктіріп отырған — феодалдық байланыстардың орнын басқан қоғамдық еңбек бөлінісі мен товар шаруашылығының нақ өзі. Товар шаруашылығы құрылысындағы қоғамның бір мүшесін дәріптеп утопияға айналдыру, қалған мүшелерін түсінбеу бірден сезіледі. Н.— он мырзаның 322-беттегі: «Шаруалардың өндіріс құралдарын иемденуіне негізделген өнеркәсіптің формасы» дегенін салыстырып көріңіз. Шаруалардың бұл өндіріс құралдарын иемденуі — тарихи жағынан да, логика жағынан да — нақ *капиталистік* өндірістің *бастамасы* болатынын Н. — он мырза сезбейі де отыр!

сы көретіндігінің белгісін әр адым сайын көре аламыз... Ол үшін еңбектің өзі рақат... Егіншілігі патриархтық болып отырған бақытты елдерде әрбір егістік танаптың өзгеше жаратылысы зерттеліп отырады, сөйтіп бұл білім әкеден балаға көшіп отырады... Неғұрлым бай адамдар басқаратып ірі фермерлік шаруашылық, бәлкім, соқыр сенімдер мен кертартпалықтан жоғары көтерілер. Бірақ білім (l'intelligence, яғни ауыл шаруашылығындағы білім) өзі жұмыс істейтін адамға барып жетпейді, сондықтан да ол нашар қолданылады... Патриархтық шаруашылық ұлттың егіншілік жұмыстарының бәрін атқаратын бұл орасан көп бөлігінің әдет-ғұрпы мен мінез-құлқын жақсартады. Меншік тәртіп пен құнтты болу дағдысын туғызады, үнемі молшылық болуы қомағайлыққа (gourmandise) және маскүнемдікке аңсары ауўды жояды... Тек бір ғана табиғатпен ғана дерлік ісі болатын оның (егіншінің) адамдарға сенбеушілігі және оларға қарсы арамдық жасауға итермелейтін сылтаулары, басқа өнеркәсіп жұмысшысының қай-қайсысынықінен болса да аз болады» (I, 165—170). «Алғашқы фермерлер қарапайым диқандар болған еді; олар егіншілік жұмыстарының денін өз қолдарымен атқарып отырды; олар өз кәсіпорындарын өз семьяларының күшіне лайықтап құрды... Олар шаруа болып қала берді: жерді сокамен өздері жыртады, (tiennent eux-mêmes les cornes de leur charrue); далада болсын, ат қорада болсын малды олардың өздері күтеді; үздіксіз еңбек пен қарапайым тамаққа көндігіп, таза ауада тұрады; бұлар мықты азаматтар мен қайратты солдаттарды қалыптастырып шығарады *. Олар бірлесіп істейтін жұмыстарға ешқашан да күндікші жұмысшыларды пайдаланбайды, тек әрқашан да өздерімен теңдес адамдардың арасынан таңдап алынған қызметшілерді ғана (des domestiques) пайдаланады, бұларға өздерімен тең адамша қарайды, тамақты бірге отырып ішеді, ішетін шараптары да бір, киімді де бірдей киеді. Сөйтіп, егіншілер өз қызметші-

* Оқушы, Струве мырза өзінің «Сын заметкаларының» 17-бетінде цитат келтіріп отырған XIX ғасырдың аягындағы «алдыңғы қатарлы» публицисті кемпірдің осы жылымшы әңгімелерімен салыстырып қараңыз [71].

лерімен бірге ортақ сезімдермен рухтанған, рақатты да бірдей бөлісетін, алатын әсерлері де бірдей, отанымен бірдей дәнекермен байланысты болған шаруалар табын құрайды» (I, 221).

Міне, атышулы «халық өндірісінің» жайы осындай! Ал жұрт Сисмонди өндірушілердің басын қосу қажеттігін ұқпайды демей-ақ қойсын: ол турадан-тура былай дейді: (төменірек қараңыз) «мен де (Фурье, Оуэн, Томпсон, Мюирон сияқты) ассоциацияның болуын тілеймін» (II, 365). Жұрт Сисмонди нақ *меншіктің* болуын жақтайды демей-ақ қойсын: қайта, оның негізгі көздейтіні ұсақ меншік емес, ұсақ шаруашылық (салыстырыңыз: II, 355). Ұсақ шаруа шаруашылығын бұл сияқты дәріптеу басқа тарихи жағдайлар мен тұрмыс жағдайлары тұсында айрықша түрге енетіні түсінікті ғой. Бірақ романтизм де, халықшылдық та нақ ұсақ шаруа шаруашылығын дәріптеп, көкке көтереді,— бұған күмән келтіруге болмайды.

Сисмонди қара дүрсін қолөнер кәсібін де, цехтарды да дәл осындай дәріптейді.

«Әрі көпес, әрі фабрикант, әрі қызметкер болып есептелетін деревня етікшісі заказ алмайынша бір пар да етік тікпейді» (II, 262), ал капиталистік мануфактура, қажеттіліктің қандай екепін білмесе, күйзеліске ұшырауы мүмкін. «Цехтарды құру ісі (corps de métier) артық халықтың құралуына бөгет болғаны және бөгет болуға тиісті екені теория жүзінде де, іс жүзінде де күмәнсыз. Қазіргі уақытта артық халықтың бар екені де және оның осы күнгі құрылыстың міндетті түрде әкеліп соқтыратын нәтижесі екені де нақ сол сияқты күмәнсыз» (I, 431). Мұндай үзінділерді өте көп келтіруге болар еді, бірақ біз Сисмондидің практикалық рецептерін қарастыруды кейінге қалдыра тұрамыз. Ал бұл жерде, Сисмондидің көзқарасын түсіну үшін, жоғарыда айтылып өткендермен қанағаттана тұрамыз. Жоғарыда келтірілген пайымдауларды былайша қорытуға болады: 1) ақша шаруашылығы ұсақ өндірушілердің тәп-тәуір жағдайы мен олардың өзара жақындасуын (бұл жақындасу қолөнершінің тұтынушыға жақындығы немесе егіншінің өзіне тең егіншілерге жақындығы ту-

рінде бола ма) бұзатындығы үшін айыпталады; 2) ұсақ өндіріс өндірушінің дербестігін қамтамасыз етіп, капитализмнің қайшылықтарын жоятын болғандықтан дәріптеледі.

Бұл идеялардың екеуі де халықшылдықтың елеулі мұрасы екенін айта кетейік * және бұлардың мазмұнына зер салып көрейік.

Романтиктер мен халықшылдардың ақша шаруашылығын сынауы ақша шаруашылығы туғызатын дарашылдық ** пен антагонизмді (бәсекені), сондай-ақ өндірушінің қамтамасыз етілмеуі мен қоғамдық шаруашылықтың тұрақсыздығын *** көрсетуге келіп саяды.

Алдымен «дарашылдық» жайында. Әдетте олар белгілі бір қауымдағы шаруалар одағын немесе белгілі бір қолөнер кәсібіндегі қолөнершілер (немесе майдагерлер) одағын бұл байланыстарды қирататын, оларды бәсекемен алмастыратын капитализмге қарама-қарсы қояды. Бұл пайымдау романтизмге тән болатын қатені, атап айтқанда: капитализм қайшылықтарынан келіп, онда *қоғамдықтың жоғары формасы* болмайды деген қорытындыны қайталайды. Орта ғасырлық қауымдық, цехтық, артельдік және тағы басқа байланыстарды қирататын капитализм олардың орнына басқаларын қоймай ма екен? Товар шаруашылығы енді өндірушілердің арасындағы *байланыс, рынок* орнататын байланыс емес пе екен?**** *Бұл байланыстың* ауытқулар мен қайшылық-

---

* Н.— он мырза бұл мәселе жөнінде де толып жатқан қайшы пікірлерді үйіп-төгіп айтты, мұның ішінен бір-бірімен мүлдем байланысы жоқ *қандай да болсын* қағидаларды іріктеп алуға болады. Алайда, «халық өндірісі» деген күңгірт термин арқылы шаруалар шаруашылығының дәріптеліп отырғанына күмән келтіруге болмайды. Күңгірттік — бір нәрсенің өңін айналдырудың қандайына болса да өте-мөте қолайлы жағдай.

** Салыстырыңыз: Н.— он, 321-бет, in f. (in fine — аяқ шенінде. *Ред.)* және басқалары.

*** Ibid., 335-бет. 184-бетінде: капитализм «тұрақтылықты жояды». Және толып жатқан тағы басқа сондайлар.

**** «Шындығына келгенде: *қоғам, ассоциация* деген сөздер қоғам атаулының қандайына болса да, феодалдық қоғамға да, бәсекеге негізделген ассоциация болатын буржуазиялық қоғамға да беруге болатын атаулар. Ал *ассоциация* деген бір сөзбен бәсеке дегенді жоққа шығаруға болады деп санайтын жазушылар қайдан келіп шығады?» (Marx. «Das Elend der Philosophie» (Маркс. «Философия қайыршылығы» [72]. *Ред.*)). Бәсекені сентиментальды түрде айыптаушылықты мейлінше қатаң сынай отырып, автор турадан-тура бәсекенің *прогрестік жағын,* «техникалық прогресс пен әлеуметтік прогресті» алға итермелейтін оның қозғаушы күшін көрсетіп отыр.

тарға толы антагонистік сипаты *ол байланыстың бар екенін* бекерге шығаруға право бермейді. Қайшылықтар өршуінің өзі осы байланыстың күшін барған сайын мейлінше айқындай беретіні, қоғамның барлық жеке элементтері мен таптарын бірігуге *мәжбүр ететіні* және соның өзінде біріккенде де бір қауымның немесе бір округтің тар шеңберінде емес, *бүкіл бір ұлттағы,* тіпті түрлі мемлекеттердегі белгілі бір таптың барлық өкілдерін бірігуге *мәжбүр* ететіні бізге мәлім. Бұл байланыстардың бар екендігін және олардың территориялық, кәсіби, діни, тағы сондай мүдделерге негізделмей, халық шаруашылығындағы рольдердің ортақтығына негізделген неғұрлым зор маңызын тек романтик қана өзінің реакцияшыл көзқарасы тұрғысынан қарап, бекерге шығара алады. Және егер де мұндай пайымдау, капитализм туғызған бұл жаңа байланыстардың өмір сүруі жаңа ғана басталған заманда жазу ісіне араласқан Сисмондиге романтик деген атақ беруге негіз болса, онда біздегі халықшылдарға әлдеқашан-ақ осындай баға беруге болатын еді, өйткені мұндай байланыстардың орасан зор маңызы барлығын *қазір* көр соқыр адамдар ғана бекерге шығара алады.

Ал өндірушінің қамтамасыз етілмеуі мен қоғамдық шаруашылықтың тұрақсыздығына, тағы сол сияқтыларға келетін болсақ, бұл — баяғы бір ескі жыр, ол туралы біз сыртқы рынок жөнінде сөз қылғанда айтып өткен болатынбыз. Ғылыми теория капитализмде нені бәрінен жоғары бағаласа, нақ соның өзін: капитализмге тән дамуға ұмтылушылықты, тоқтаусыз ілгері ұмтылуға деген талапты, бір орында тұрып қалудың немесе шаруашылық процестерді бұрынғы өзгермейтін бірқалыпты мөлшерлерде ұдайы өндірудің мүмкін еместігін қорғалақтап айыптайтын романтиктің романтиктігі осы сияқты шабуылдардан көрініп те тұр. Мына фактіні: капитализмнің «тұрақсыздығының» нақ өзі — қоғамдық дамуды тездететін, халық бұқарасын қоғамдық өмірдің қызу ортасына барған сайын көбірек тартатын, оларды осы құрылыс туралы ойлануға мәжбүр ететін, оларды «өз бақытын» өздері «шыңдап шығаруға» мәжбүр ететін орасан зор прогрестік фактор екенін бүкіл қоғамға ар-

нап орта ғасырлық одақтарды (қауым сияқты) ұлғайтудың фантастикалық жоспарларын жасайтын утопист қапа елемеуі мүмкін.

Н.— он мырзаның капиталистік шаруашылықтың «тұрақсыздығы» жөніндегі, айырбастың үйлесімсіз дамуы жөніндегі, өнеркәсіп пен егіншіліктің арасындағы, өндіріс пен тұтынудың арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы жөніндегі, дағдарыстардың қалыптан тыс жайы жөніндегі, т. с. құрғақ сөздері оның әлі де бүтіндей *романтизмнің* көзқарасында екенін бұлтартпай дәлелдейді. Сондықтан европалық романтизмге берілген сын оның теориясына да *бастан-аяқ* қатысты. Оған дәлел мынау:

«Буагильбер қарттың сөзін тыңдап көрелік:

«Товардың бағасы,— дейді ол,— әрдайым *пропорциялы* болуға тиіс, өйткені тек осындай өзара келісімділік қана оның барлық уақытта қайтадан өндірілуіне мүмкіндік береді... Байлық дегеніміз адам мен адамның арасындағы, кәсіпорын мен кәсіпорынның арасындағы үздіксіз айырбастан басқа ештеңе де емес болғандықтан, қайыршылықтың себептерін пропорциялы бағаның ауытқуынан туатын айырбастың бұзылуынан іздемей, басқа бір нәрседен іздеу масқара адасқандық болар еді».

Тағы бір ең жаңа * экономистің сөзін тыңдап көрелік:

«Өндіріске қолданылуға тиісті ұлы заң — *пропорциялылық* заңы (the law of proportion), тек осы заңның бір өзі ғана құнның тұрақтылығын сақтай алады... Эквиваленттің болуына кепілдік берілуі тиіс... Ұлт біткеннің бәрі әр түрлі замандарда толып жатқан сауда тәртіптері мен шектеулер арқылы белгілі бір дәрежеде болса да осы пропорциялылық заңын жүзеге асыруға тырысты. Бірақ адам баласының жаратылысына тән өзімшілдік бұл ретке келтіріп отыру жүйесінің бәрін жоюға әкеліп соқтырды. Пропорциялы өндіріс (proportionale production) дегеніміз шын мәніндегі әлеуметтік-экономикалық ғылымның жүзеге асуы болып табылады» (W. Atkinson. «Principles of political economy», London, 1840, p. 170 және 195 **.

---

* 1847 жылы жазылған.

** — У. Аткинсон. «Саяси экономия негіздері». Лондон, 1840, 170 және 195-беттер. *Ред.*

Fuit Troja! * Ұсыным мен сұранымның арасындағы тағы да қисапсыз көп тілектердің қарастыратын нәрсесі бола бастаған бұл дұрыс пропорция әлдеқашан-ақ өмір сүруден қалған. Оның заманы өткен; ол пропорция өндіріс құрал-жабдықтары шектеулі болып, айырбас өте тар көлемде жүргізілген кезде ғана мүмкін болған еді. Ірі индустрияның пайда болуына байланысты бұл дұрыс пропорция сөзсіз (mußte) жойылуға тиіс болды және өндіріс табиғат заңдарының талабына сәйкес гүлдену мен құлдыраудың, дағдарыстың, тоқыраудың, жаңадан гүлденудің және тағысын тағылардың үнемі дәйекті түрде алмасып отыруын бастан кешіруге тиіс болды.

Кімде-кім, Сисмонди сияқты, өндірістің дұрыс пропорциялығына қайта оралуды және соның өзінде қоғамның осы күнгі негіздерін сақтап қалуды тілесе, ондай адам реакционер болып шығады, өйткені олар, дәйекті адам болу үшін, өткен замандардағы өнеркәсіптің басқа шарттарын да қайтадан қалпына келтіруге ұмтылуға тиісті болар еді.

Өндірісті дұрыс немесе дұрыс дерлік пропорцияда ұстаған не? Оны дұрыс пропорцияда ұстаған — сұраным, сұраным болғанда ұсынымды басқарған, одан бұрын шыққан сұраным; өндіріс тұтынуға өкшелей еріп отырды. Ірі индустрия, өзі қолданып отырған құралдарының сипатына қарай өнімді өндірген үстіне үнемі көп өндіріп отыруға мәжбүр болатындықтан сұранымды күтіп отыра алмайды. Өндіріс сұранымның алдында жүріп отырады, ұсыным сұранымды күшпен бағындырады.

Осы заманғы қоғамда, дара айырбасқа негізделген өнеркәсіпте өндіріс анархиясы, сансыз апаттардың көзі бола отырып, сонымен қабат прогреске де себепші болады.

Сондықтан екінің бірі болуға тиіс: не біздің заманымыздағы өндіріс құрал-жабдықтарының тұсында өткен ғасырлардың дұрыс пропорциялылығын тілеу керек,— ал онда мұның мәнісі бір мезгілде әрі реакционер, әрі утопист болу деген сөз.

* — Троя жоқ болды! *Ред.*

Не анархиясыз прогресс болуын тілеу керек; — ал онда өндіргіш күштерді сақтап қалу үшін дара айырбастан бас тарту керек» («Das Elend der Philosophie», S. 46—48) [73].

Соңғы сөздердің Прудонға қатысы бар, демек, автор, өз көзқарастарының Сисмондидің пікірінен де, Прудонның көзқарасынан да басқаша екенін сипаттай келіп, Прудонға қарсы шығады. Н.— он мырза өзінің *барлық* көзқарастары жағынан, әрине, бұлардың екеуіне де жуық келмес еді *. Бірақ осы келтірілген үзіндінің мазмұнына тереңірек зер салып көріңіздерші. Цитат келтірілген автордың негізгі қағидасы қандай, оны өзінен бұрынғылармен ымырасыз қайшылыққа қоятын оның негізгі пікірінің мәні неде? Сөз жоқ, оның мәні мынада: капитализмнің тұрақсыздығы жайындағы мәселені (капитализмнің тұрақсыздығын *бұл үш* жазушының *бәрі де* көрсетеді) ол *тарихи* негізге қояды да, бұл тұрақсыздықты *прогрестік фактор* деп таниды. Басқаша айтқанда: біріншіден, өндіріс құрал-жабдықтарының (машиналардың) сипатының өзі-ақ өндірісті ұлғайтуға шексіз ұмтыла беруді және ұсынымның сұранымды үнемі алдын ала дайындап отыруын туғызатынын айта келіп, ол диспропорциялар, дағдарыстар, тағы сондайлар арқылы жүзеге асатын қазіргі капиталистік дамуды *қажетті даму* деп таниды. Екіншіден, ол нақ осы дамуда өндіргіш күштерді дамытатын, тұтас қоғам көлемінде еңбекті қоғамдастыратын, халықтың көшіп-қонуы мен оның саналылығын, тағы сондайларды арттыратын *прогресс элементтері* бар деп біледі. Капитализмнің «тұрақсыздығын» және сол тұрақсыздықтың туғызған қайшылықтарын, ол қайшылықтарды жоюды шын пейілімен тілейтінін көрсетуде пікірлері өзімен бір жерден шығатын Сисмонди мен Прудоннан оның айырмашылығы осы екі пунктпен бітеді. Бұл «тұрақсыздық» капитализм атаулының және жалпы товар шаруашылығының

* Дегенмен, *неліктен* жуық келмес еді? деген сұраудың өзі де үлкен мәселе-ау. Оның себебі: бұл жазушылардың жалпы қазіргі шаруашылық құрылысты, бүкіл адамзаттың дамуындағы оның орны мен маңызын ескере келіп, өздерінің ой-өрісін жеке бір ел үшін бейне бір *айрықша* теория шығаруға болатындай, осы *бір елмен* шектемей, мәселені кеңірек қойғанында емес пе екен.

қажетті белгісі екенін түсінбеу оларды *утопияға* әкеліп соқтырады. Осы тұрақсыздыққа *тән* прогресс элементтерін түсінбеу олардың теорияларын *реакцияшыл* * теория етіп шығарады.

Ал енді біз халықшыл мырзаларға мына сұрауға жауап беруді ұсынамыз: жоғарыда көрсетілген екі пункт жөнінде Н.— он мырза ғылыми теорияның көзқарастарына қосыла ма? ол капитализмнің тұрақсыздығын осы құрылыс пен осы дамудың сипаты деп тани ма? ол осы тұрақсыздықта прогресс элементтері бар екендігін мойындай ма? Мұның бәрін де оның мойындамайтынын, керісінше, Н.— он мырза, «тұрақсыз» капитализмнің тарихи маңызы экономикалық тоқырауды қиратуда болып отырғанда, сол экономикалық тоқыраудың дәл өзін («ғасырлық тіректер», «ғасырлар бойы қасиетті болған негіздер», тағы басқаларын еске түсіріңіздер) дәріптей отырып, капитализмнің осы «тұрақсыздығын» жай ғана кемшілік, ауытқу және т. б. деп жариялайтынын және оны құлдырағандық, кері кеткендік (жоғарыдағы: «тұрақтылықты *жояды»* дегенді салыстырыңыз) деп санайтынын жұрттың бәрі біледі. Сондықтан біздің оны романтиктердің қатарына қосуымыз әбден дұрыс екені және оның келтірген «цитаттары» мен «сілтемелерінің» ешқайсысы *оның өз пайымдауларының романтиктік сипатын* өзгертпейтіні айқын.

Кейінірек біз бұл «тұрақсыздыққа» тағы да тоқталып өтеміз (индустрия халқының есебіне егіншіліктегі халықтың кемитіндігіне романтизм мен халықшылдардың дұшпандық көзбен қарайтындығы жөнінде), ал қазір «Саяси экономияның кейбір қағидаларына сынның» ақша шаруашылығына жасалған *сентиментальды* шабуылдарды талдауға арналған бір жерін келтірейік.

---

* Бұл термин, өздерінің теория құрастыру үлгілерін *ескі* тәртіптерден алатын теоретиктердің *қатесін* ғана сипаттау үшін, *тарихи-философиялық* мағынада қолданылып отыр. Ол терминнің бұл теоретиктердің жеке басының сапаларына да, олардың программаларына да ешбір қатысы жоқ. Сисмондидің де, Прудонның да сөздің кәдуілгі мағынасында реакционер болмағанын жұрттың бәрі біледі. Біздің бұл сияқты өте айқын шындықтарды түсіндіріп отырған себебіміз, халықшыл мырзалар күні бүгінге дейін оларды түсініп жетпеген, мұны төменде көреміз.

«Бұл белгілі бір қоғамдық рольдер (атап айтқанда: сатушы мен сатып алушының ролі) жалпы адамның жеке даралығынан тумайды, қайта өз өнімдерін товар түрінде өндіретін адамдар арасындағы айырбас қатынастарынан туады. Сатып алушы мен сатушы арасындағы қатынастардың дара қатынас болмайтындығы соншалық, олардың екеуі де тек олардың еңбегінің даралық сипаты жоққа шығарылғанда, ол еңбек дара еңбек болмаған себепті ақшаға айналғанда ғана осындай қатынас жасайды. Сондықтан сатып алушы мен сатушының бұл экономикалық-буржуазиялық рольдерін адамның жеке даралығының мәңгі қоғамдық формалары деп санау қаншалық мағынасыздық болса, ол рольдер осы жеке даралanудың жойылуына себеп болады деп қайғыру да соншалық әділетсіздік болады.

Антагонизмнің сатып алу мен сату ісінде көрінетін мүлде үстірт формасының өзі де ақ көңіл адамдардың соншалық есін кетіретінін Исаак Перейраның: «Leçons sur l'industrie et les finances». Paris. 1832 * деген кітабынан алынған мына төмендегі бір үзінді көрсетеді. «Crédit mobilier»-ді ойлап шығарушы және соны билептөстеуші болған Исаактің нақ өзі Париждің биржалық қасқыры деген жаман атаққа ие болуы жаңағы аталған кітапта экономияның сентиментальды сынымен қатар тағы да не айтылатынын көрсетеді. Сол кезде Сен-Симонның апостолы болған Перейра мырза былай дейді: «Жеке адамдар оқшауланып, өндірісте болсын, тұтынуда болсын бірінен бірі бөлектенуі салдарынан олардың арасында өздері өндірген өнімдерді айырбастау ісі жүргізіліп отырады. Айырбас жүргізудің қажеттігінен бұйымдардың относительді құндылығын анықтаудың қажеттігі туады. Сонымен, құндылық пен айырбас идеялары өзара тығыз байланысты және өзінің шын формасы жағынан олардың екеуі де даралық пен антагонизмді бейнелейді... Өнімдердің құндылығын анықтау тек сату және сатып алу болғандықтан ғана, басқаша айтқанда, қоғамның түрлі мүшелерінің арасында антагонизм болғандықтан ғана мүмкін болады. Сату мен са-

* «Өнеркәсіп пен финанс туралы лекциялар». Париж. 1832. *Ред.*

тып алу ісі жүретін жерде ғана, қысқасы, өзінің өмір сүруіне қажетті бұйымдарды алу үшін әрбір жеке адам *күрес* жүргізуге тиісті болған жерде ғана баға жөнінде, құнды зат жөнінде қамқорлық жасауға тура келеді»» (сол шығарма, 68-бет) [74].

Бұл арада Перейраның *сентиментальдығы* неде? деген сұрақ туады. Ол тек капитализмге тән даралық, антагонизм, күрес жайында ғана сөз қылады, сөз қылғанда біздің халықшылдардың сан саққа жүгіртіп айтып жүргендерінің нақ өзін сөз қылады және соның өзінде шындықты айтқан сияқты да болып көрінеді, өйткені «даралық, антагонизм және күрес» шындығына келгенде айырбастың, товар шаруашылығының бойына біткен қажетті нәрсе. Сентиментальдылық мынада болып отыр: капитализмнің қайшылықтарын айыптауға беріліп кеткен бұл сен-симоншыл *осы қайшылықтардың тасасынан* мына фактіні — *айырбастың* да *қоғамдық шаруашылықтың* айрықша формасын көрсететінін, олай болса, оның адамдардың *арасын ашып қана қоймай* (бұл капитализм талқандайтын орта ғасырлық одақтар жөнінде ғана дұрыс нәрсе), *сонымен бірге* оларды *біріктіріп,* оларды рынок арқылы өзара қарым-қатынас жасауға итермелейтіндігін көрмей отыр *. Капитализмнің «сілікпесін шығаруға» (утопиялық тұрғыдан) салынып кетуден туған дәл осы үстірт түсінік цитат келтіріліп отырған автордың Перейраның сынын *сентиментальдық* сын деп атауына себеп болып отыр.

Әлдеқашан ұмытылған сен-симонизмнің әлдеқашан ұмытылған апостолы Перейраның бізге не керегі бар? Одан да халықшылдықтың ең жаңа «апостолын» сөз қылғанымыз жақсы емес пе?

«Өндіріс... халықтық сипатынан айрылып, даралық, капиталистік сипат алды» (Н.— он мырза, «Очерктер», 321—322-беттер).

Бұл бояма костюм жамылған романтиктің: «халық өндірісі дара өндіріске айналды» деп қалай пайымдап отырғанын көрдіңіздер ме. Ал автор «халық өндірісін»

---

* Жергілікті, сословиелік одақтарды тұтас бір мемлекет көлемінде, тіпті бүкіл дүние жүзі көлемінде әлеуметтік жағдай мен әлеуметтік мүдделер бірлігімен алмастыру арқылы.

қауым [75] деп түсінгісі келгендіктен онда ол, демек, өндірістің *қоғамдық* сипатының құлдырағанын, өндірістің *қоғамдық* формасының тарылғанын көрсетеді.

Осылай ма бұл? «Қауым» өндірісте ұйымды туғызғанда әрбір өзге қауымнан бөлектенген тек бір жеке қауымның ішінде ғана туғызды *(егер туғызған болса;* айтпақшы, біз авторға қандай да болсын икемге келуге әзірміз ғой). Өндірістің қоғамдық сипаты *тек бір қауымның мүшелерін* ғана қамтыды *. Капитализм болса тұтас бір мемлекетте өндірістің қоғамдық сипатын туғызып отыр. «Даралықтың» мәні қоғамдық байланыстардың бұзылуында болмақ, бірақ оларды *рынок* бұзады, бұзғанда олардың орнына қауым жағынан да, сословие жағынан да, кәсіп жағынан да, кәсіпшілік аймағының жағынан да және т. б. жағынан да байланысы жоқ *толып жатқан жеке адамдардың* арасындағы байланыстарды енгізеді. Ал капитализм туғызатын байланыс қайшылықтар мен антагонизм формасында көрінетін болғандықтан, *сол себепті* біздің романтиктің бұл байланысты көргісі келмейді (өндіріс ұйымы ретінде қауымның өзі қайшылықтар мен антагонизмнің өндірістің ескі тәсілдеріне тән басқа да формаларынсыз еш уақытта өмір сүріп көрмесе де). Утопиялық көзқарас оның капитализм жөніндегі сынын да *сентиментальды* сынға айналдырады.

II

РОМАНТИЗМНІҢ ҰСАҚ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Ұсақ өндірістің дәріптелуі бізге романтиктік және халықшылдық сынның екінші бір айрықша белгісін: оның *ұсақ буржуазияшылдығын* көрсетеді. Француз және орыс романтигінің екеуі де бірдей ұсақ өндірісті «әлеуметтік ұйымға», «өндіріс формасына» айналдырып, *оны капитализмге қарама-қарсы қойып отырғанын* біз көрдік. Сонымен қатар біз, мұндай қарама-қарсы қоюда аса үстірт түсінушіліктен басқа дәнеңе жоқ екенін, бұл товар шаруашылығының бір формасын (ірі өнер-

* Земство статистикасының деректері бойынша (Благовещенскийдің «Қорытынды жинағы») 22 губернияның 123 уезіндегі *қауымның* орта мөлшері 53 үй, оларда еркек, әйелін қоса 323 жан бар.

кәсіп капиталын) жасанды түрде, теріс бөліп алып, айыптау екенін, соның өзінде *дәл сол* товар шаруашылығының *басқа бір формасын* (ұсақ өндірісті) утопиялық тұрғыдан дәріптеу екенін де көрдік. XIX ғасырдың бас кезіндегі европалық романтиктердің де, XIX ғасырдың аяқ кезіндегі орыс романтиктерінің де қайғылы халі мынада: олар өздері үшін өндірістің қоғамдық қатынастардан тыс тұратын, қайдағы бір абстрактілі ұсақ шаруашылықты ойлап шығарады, сөйтіп, мынадай кішкене ғана жағдайды, жағдай болғанда, бұл ұсақ шаруашылықтың,— әрі 1820 жылдардағы европалық континенттің ұсақ шаруашылығы сияқты, әрі 1890 жылдардағы орыс шаруасының шаруашылығы сияқты,— шындығында *товар өндірісі* жағдайында тұратындығын *көрмейді*. Сондықтан романтиктер мен халықшылдардың көкке көтере дәріптеп жүрген ұсақ өндірушісі *шындығында ұсақ буржуа;* ол капиталистік қоғамның өзін өзі күрес арқылы қорғап отыратын қайсыбір басқа мүшесі қандай қарама-қайшы қатынастарда болса, сондай қатынастарда болады; бұл күрес, бір жағынан, ірі буржуаның болмашы азшылығын ұдайы бөліп отырса, екінші жағынан, көпшілікті пролетариаттың қатарына ығыстырып шығарып отырады. Шынында қарама-қарсы осы екі таптың *арасында* тұрмайтын ұсақ өндірушілер жоқ екенін, ал бұл аралық жағдай лажсыз ұсақ буржуазияның өзгеше сипатын, оның екі жақтылығын, екіжүзділігін, оның күрестен ебін тауып шыға келетін азшылыққа бой ұруын, оның «жолы болмағандарға», яғни көпшілікке дұшпандықпен қарауын туғызады — мұны жұрттың бәрі көріп, біліп отыр. Товар шаруашылығы неғұрлым ілгері дамыған сайын, бұл сапалар соғұрлым күшейіп, анық көріне бастайды, ұсақ өндірісті дәріптеудің реакцияшыл, *ұсақ буржуазияшыл* көзқарасты ғана көрсететіні соғұрлым айқын бола түседі.

«Саяси экономияның кейбір қағидаларына сын» деген еңбектің авторы нақ Сисмондиге таңған бұл терминдердің маңызы жөнінде шатаспау керек. Бұл терминдер Сисмондидің артта қалған ұсақ буржуаларды

қорғайтынын тіпті де көрсетпейді. *Сисмонди еш жерде де оларды қорғамайды:* ол жалпы еңбекшілер таптарының көзқарасы тұрғысында болғысы келеді, ол бұл таптардың барлық өкілдеріне өзінің тілектестігін білдіреді, мәселен, ол фабрика заңдарына қуанады, ол капитализмге шабуыл жасайды және оның қайшылықтарын көрсетеді. Қысқасы, осы күнгі халықшылдардың көзқарасы қандай болса, оның көзқарасы да дәл сондай.

Сисмондиді ұсақ буржуа деп сипаттау не нәрсеге негізделген? деген сұрақ туады. Бұл нақ мынаған негізделген: ол ұсақ өндіріс (өзі дәріптеп отырған ұсақ өндіріс) пен ірі капиталдың (өзі шабуыл жасап отырған ірі капиталдың) арасындағы байланысты түсінбейді. Ол сипаттама нақ мынаған негізделген: ол өзі ұнатқан ұсақ өндірушінің, шаруаның, шынында, қалай ұсақ буржуаға айналатынын *көрмейді.* Түрлі жазушылардың теорияларын түрлі таптардың мүдделері мен көзқарастарына апарып телу жөніндегі мына бір түсініктемені еш уақытта ұмытпау керек:

«Ұсақ буржуазия принципті түрде өзінің өзімшілдік таптық мүдделерін жүзеге асыруға тырысады деп ойлауға болмайды. Ол, қайта, өзін азат ететін *арнаулы* шарттардың, сонымен бір мезгілде осы күнгі қоғамды аман сақтап қалуға, тап күресін жоюға бірден-бір мүмкіндік туғызатын *жалпы* шарттар болып табылатынына сенеді. Сол сияқты, демократия өкілдерінің бәрін де саудагер дүкеншілер немесе саудагер дүкеншілерге бас июшілер деп ойлауға болмайды. Өздерінің білімі мен жеке басының жағдайы жөнінен демократия өкілдерінің олардан айырмашылығы жер мен көктей болуға тиіс. Оларды ұсақ буржуаның өкілдері етіп отырған жағдай мынау: олардың ақыл-ойы ұсақ буржуалардың тұрмысы аттап өтпейтін шектерден асып кете алмайды, сондықтан да ұсақ буржуаның материалдық мүддесі мен оның қоғамдық жағдайы іс жүзінде оны қандай міндеттер мен шешімдерге келтірсе, олар да теория жүзінде сондай міндеттер мен шешімдерге келеді. Таптың *саяси және әдеби өкілдері* мен солардың өздері шыққан таптың арасындағы қатынас жалпы алғанда, міне, осындай» (К. Маркс, «Луи Бонапарттың он сегізінші брю-

мері», Базаров пен Степановтың аудармасы, 179—180-беттер) [76].

Сондықтан ұсақ буржуазиялықты көрсету — ерекше уытты бір нәрсе айту мақсатымен істеліп отыр, бұл тек әншейін айтыс тәсілі деп ойлайтын халықшылдар — тіпті кісі күлерлік халдегілер. Мұндай көзқараспен олар өз дұшпандарының жалпы көзқарастарын түсінбейтінін, ал ең бастысы — капитализм жөніндегі өздері тегіс «мақұлдайтын» *сол* сынның негіздерінің өзін және ол сынның сентиментальдық сын мен ұсақ буржуазиялық сыннан қандай *айырмашылығы* бар екендігін түсінбейтінін көрсетеді. Сынның осы соңғы түрлері жөніндегі, ондай сындардың Батыс Европада болып отырғаны жөніндегі, ол сындардың ғылыми сынға қатысы жөніндегі мәселеге соқпай өте шығуға мейлінше құштар болудың өзі-ақ халықшылдардың бұл айырмашылықты *неліктен* түсінгісі келмейтінін айқын көрсетеді *.

Жоғарыда айтылғанды мысал арқылы түсіндірейік. «Русская Мысльдың» [77] 1896 жылғы 5-нөмерінің (229 және одан кейінгі беттері) библиографиялық бөлімінде интеллигенцияның арасында халықшылдыққа принципті және сөзсіз дұшпандық көзқарастағы «топтың соңғы кезде пайда болып, керемет тез өсіп келе жатқаны» туралы сөз болады. Рецензент мырза бұл дұшпандықтың себептері мен сипатын өте қысқа түрде көрсетіп өтеді, соның өзінде халықшылдыққа дұшпандық көзқарастың *мәнін* оның толық дәлме-дәл баяндап бергенін мақұлдап өтпеуге болмайды **. Рецензент мырза бұл көзқарасқа қосылмайды. Ол таптық мүдделер, т. б. жөнінде-

---

* Мәселен, Сисмондидің «капитализмнің өсуіне қалай қарағаны» жайында Эфруси екі мақала жазған («Р. Б.» № 7, 139-бет), бірақ сөйте тұрса да Сисмондидің бұған дәл *қалай қарағанын мүлде түсінбеген.* «Русское Богатствоның» қызметкері Сисмондидің ұсақ буржуазиялық көзқарасын *байқамаған.* Ал Эфрусидің Сисмондиді білетіні күмәнсыз болғандықтан; ол Сисмондиді солай сипаттаған ең жаңа теорияның нақ сол өкілімен таныс болғандықтан (мұны төменде көреміз); ол да жаңа теорияның осы өкілінің пікірімен «келіскісі» келетіндіктен — оның түсінбеуінде әбден белгілі бір мән бар. Өз бойындағы мінді көрмей отырған халықшыл романтиктің бойындағы мінді көре де алмақ емес.

** Әрине, басқа біреудің пікірлерін дәлме-дәл айтып бергені үшін адамды мақтау деген өте әрескел көрінеді!! Бірақ бұдан басқа не істе дейсіз? «Русское Богатство» мен ескі «Новое Словоның» [78] әдеттегі айтысшыларының. Кривенко және Воронцов мырзалардың арасында *мұндай* айтыстың болуы — шынында өте сирек кездесетін оқиға.

гі идеялардың бізге «халық мұраттарын» («халықшылдардың емес, жай *халық* мұраттарын»; ibid., 229-бет), мұрат болғанда, шаруалардың, яғни халықтың көпшілігінің әл-ауқатын, бостандығы мен саналылығын көрсетеді десіп жүрген «халық мұраттарын» теріске шығаруды міндеттейтінін түсінбейді.

«Әрине, басқаларға да қарсы болғаны сияқты,— дейді рецензент мырза,— бізге де: автор-шаруаның мұраттары (әңгіме бір шаруа адамның білдірген тілектері жөнінде болған) ұсақ буржуазиялық мұраттар, сондықтан да біздің әдебиетіміз көпі бүгінге дейін ұсақ буржуазияның өкілі және соның мүдделерін қорғаушы болып келді деп қарсы болар. Бірақ мұның өзі құр құбыжық қана ғой, сондықтан замоскворечьелік көпес әйелдің дүниеге көзқарасындай көзқарасы мен ақыл-ой дағдысы бар адамдардан басқа бұл құбыжықпен кімді қорқытуға болады?..»

Күшті айтылған! Дегенмен одан әрі тыңдап көрелік: «...Адамның тұрмыс жағдайларының да, сондай-ақ саналы қоғамдық шаралардың да негізгі өлшемі экономикалық категорияларда емес қой, тіпті оның үстіне басқаша жағдайларда қалыптасқан, елімізге жат болатын шарттардан алынған экономикалық категорияларда емес қой, халықтың көпшілігінің материалдық жағынан да, рухани жағынан да бақытты және игілікті тұрмыста болуында ғой. Егер де тұрмыстың белгілі бір уклады мен осы укладты қолдауға және дамытуға керекті белгілі бір шаралар осындай бақытқа бастайтын болса, онда оларды ұсақ буржуазиялық деп немесе басқа бір түрде атасаңыздар да,— бұдан істің мәні өзгермейді: олар — тұрмыстың бұл уклады мен бұл шаралар бәрібір елеулі прогресшіл болады және нақ сондықтан да *қазіргі жағдайларда, қоғамның қазіргі күйінде қоғамға лайықты жоғарғы мұрат болып* табылмақ» (ib., 229—230-беттер, курсив автордікі).

Айтыстың қызығына түсіп, өзінің мәселеден аулақ кетіп отырғанын рецензент мырза не ғып көрмейді?

Халықшылдарды ұсақ буржуазияшыл деп кінәлауды асқан қаталдықпен «құр құбыжық» деп атаған рецензент мырза мұндай пікірін дәлелдеу үшін мына бір:

«Өлшем... экономикалық категорияларда емес, қайта көпшіліктің бақытты болуында» деген таңқаларлық қағидадан басқа дәнеңе де келтірмейді. Бұлай деу: ауа райының өлшемі метеорологиялық байқауларға байланысты емес, қайта көпшіліктің көңіл-күйіне байланысты деумен пара-пар ғой! Ал бұл «экономикалық категориялар» дегеніміз халықтың, халық болғанда да жалпы «халық» атаулы емес, қоғамдық шаруашылықтың *қазіргі* құрылысында белгілі орын алатын халықтың *белгілі бір* топтарының шаруашылығы мен тұрмыс жағдайларының *ғылыми тұжырымы* емей немене? деген сұрақ туады. «Көпшіліктің бақыты» жайындағы өте абстрактілі қағиданы «экономикалық категорияларға» қарама-қарсы қойғанда, рецензент мырза өткен ғасырдың аяқ шенінен бергі қоғамдық ғылымның дамуын түгелдей жай ғана өшіріп тастап, белгілі бір қоғамдық қатынастар мен олардың дамуын елемейтін аңқау ақылгөйшіл саудагерлікке қайта оралып отыр. Қоғамдық құбылыстарды *түсінуге* тырысқан адамзат ақыл-ойының жүздеген жылдар бойы іздену арқылы қолы жеткен нәрсенің бәрін ол қаламды бір-ақ тартып, өшіріп тастайды! Міне, сөйтіп, ғылыми жүктің бәрінен өзін босатып алып, рецензент мырза *мәселені енді шешілді деп есептейді*. Шынында да ол тұп-тура: «Егер белгілі бір уклад... осы бақытқа бастайтын болса, онда оны қалай атасаңыз да, бұдан істің мәні өзгермейді» деген қорытынды жасайды. Мәссаған безгелдек! Мәселенің өзі оның нақ *қандай* уклад екендігінде еді ғой. Шаруа шаруашылығын өзгеше бір уклад («халық өндірісі» дейсіз бе немесе қалай атасаңыз, солай атаңыз) деп танитын адамдарға,— бұл тіпті де өзгеше уклад емес, нағыз кәдуілгі *ұсақ буржуазиялық* уклад, товар шаруашылығы мен капитализм еліндегі өзге ұсақ өндіріс атаулының бәрінде қандай уклад болса, бұ да сондай уклад дейтін,— басқа адамдар қарсы шықты дегенді әлгінде ғана автордың өзі көрсетіп еді ғой. Егер алғашқы пікірден өзінен-өзі: «бұл уклад» («халық өндірісі») «бақытқа бастайды» деген қорытынды шығатын болса, онда екінші пікірден де өзінен-өзі: «бұл уклад» (ұсақ буржуазиялық уклад) капитализмнен басқа еш нәрсеге

соқтырмайды, «халықтың көпшілігін» пролетариаттың қатарына ығыстырып шығарып, азшылықты село (немесе өнеркәсіп) буржуазиясына айналдырады деген қорытынды шығады ғой. Рецензент мырзаның құр айдалаға оқ атқаны және сол атуының дауысынан, соншалық рақымсыздықпен «құр құбыжық» деп аталған екінші пікірдің теріске шығарған нәрсесінің нақ өзін дәлелденген нәрсе деп білгені айқын емес пе?

Егер оның соңғы пікірді шындап анықтағысы келсе, онда ол, сірә, мына екеуінің бірін дәлелдеуге тиіс еді: не «ұсақ буржуазия» дегеннің теріс ғылыми категория екендігін, капитализм мен товар шаруашылығын ұсақ буржуазияға *қатыссыз* көзге елестетуге болатынын (халықшыл мырзалар осылай түсініп, мұнымен бүтіндей Сисмондидің көзқарасына түсетіні сияқты);— *не* болмаса, бұл категорияны Россияға *қолдануға* болмайтынын, яғни бізде капитализм де, товар шаруашылығының үстемдігі де жоқ екенін, ұсақ өндірушілердің товар өндірушілерге айналмайтынын, олардың арасында жоғарыда көрсетілген көпшілікті ығыстырып шығару және азшылықтың «дербестігін» нығайту процесінің болмайтынын дәлелдеуге тиіс еді. Ал енді халықшылдықтың ұсақ буржуазияшылдығын көрсетуді рецензент мырзаның халықшыл мырзаларды «жәбірлейтін» бос тілек деп түсінетінін көре отырып және онан кейін «құбыжық» жайындағы жоғарыда келтірілген құрғақ сөзді оқи отырып, біз амалсыздан: «Сізге не болған, Кит Китыч? сізді кім жәбірлей алады? — Сіздің өзіңіз кімді болса да жәбірлей аласыз ғой!» [79] деген белгілі нақыл сөзді еске түсіреміз.

III

ЕГІНШІЛІК ХАЛҚЫНЫҢ ЕСЕБІНЕН ИНДУСТРИЯ ХАЛҚЫНЫҢ ӨСУІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Сисмондиге қайта оралайық. Ұсақ буржуазияны дәріптеумен қатар, шаруашылықтың қазіргі қоғамдық құрылысының тұсында «шаруалардың» қалай ұсақ буржуазияға айналатынын романтиктік түсінбеушілікпен қатар Сисмондидің индустрия халқының есебіне егін-

шілік халқының кемуі жөнінде өте ерекше көзқарасы бар. Елдің капиталистік жолмен дамуының неғұрлым айқын көріністерінің бірі болатын бұл құбылыстың барлық мәдениетті елдерде, сол сияқты Россияда да байқалып отырғаны жұртқа мәлім *.

Өз заманының аса көрнекті экономисі болған Сисмонди, әрине, бұл фактіні көрмей қала алмады. Ол оны ашықтан-ашық көрсетеді, бірақ оның капитализмнің дамуымен сөзсіз байланысты екенін (тіпті жалпы алғанда: оның қоғамдық еңбек бөлінісімен, осы құбылыстан туатын товар шаруашылығының өсуімен байланысты екенін) мүлдем түсінбейді. Ол бұл құбылысты «системаның» әлдеқандай бір кемшілігі ретінде жай әншейін *айыптайды*.

Ағылшын егіншілігінің орасан зор прогресін көрсете келіп, Сисмонди былай дейді:

«Бірақ осы соншалықты қамқорлықпен өңделген жерлерге сүйсінумен бірге оны өңдеп отырған халыққа да көз салу керек; Францияда дәл осындай территорияда қанша халық болса, мұндағы халық соның жартысындай ғана. Кейбір экономистерге бұл ұтыс болып көрінеді; меніңше, бұл — ұтылыс» (I, 239).

Буржуазия идеологтарының бұл құбылысты неліктен ұтыс деп санағаны түсінікті (капитализм жөніндегі ғылыми сынның да *осындай* көзқараста екенін біз қазір көреміз): олар мұнымен буржуазиялық байлықтың, сауда мен өнеркәсіптің өсуін тұжырымдады. Сисмонди бұл құбылысты *айыптауға* асығып, оның себептері жайында ойлауды ұмытып кетеді.

«Халқының бестен төрт бөлігі егіншілікпен шұғылданатын тапқа жатады делініп жүрген Франция мен Италияда,— дейді ол,— ұлттың бестен төрт бөлігі шетел астығының бағасы қандай болса да, ұлт астығымен күн көреді» (I, 264). Бұл жөнінде: Fuit Troja! деп айтуға

---

* Европалық Россияда қала халқының проценті реформадан бергі дәуірдің ішінде өсіп келеді. Біз бұл арада жұртқа неғұрлым мәлім осы белгіні көрсетумен ғана шектелуге тиіспіз, дегенмен бұл белгі Россияның Батыс Европамен салыстырғандағы маңызды өзгешеліктерін қамтымай, құбылысты *әлдеқайда жеткіліксіз* көрсетеді. Бұл өзгешеліктерді (шаруалардың көшіп-қону еркінің болмауы, өнеркәсіпті және фабрикалы селолардың болуы, елдің өз ішінде отарлау ісінің болуы, т. т.) қарастырып жататын жер бұл емес.

болады. Қазірдің өзінде-ақ *астық бағасына*, яғни дүние жүзілік капиталистік астық өндірісіне бүтіндей тәуелді болмай отырған ел (тіпті егіншілігі неғұрлым дамыған ел болса да) жоқ.

«Егер ұлт, әркімнен мөлшері бірдей ақыға көп еңбек етуді талап етпейінше, өзінің сауда істейтін халқын көбейте алмаса, онда ол ұлт өзінің индустрия халқының көбеюінен қауіптенуге тиіс» (I, 322). Мұның мән-мағына дегеннен дәнеңе жоқ құр әншейін игі кеңестер екенін оқушы көріп отыр, өйткені бұл арада «ұлт» деген ұғым, осы «ұлтты» құрайтын таптардың арасындағы қайшылықтарды жасанды түрде абстракциялауға негізделген. Сисмонди, қашанғысындай, қайшылықтар бола көрмесін... деген сәбилік тілектер білдірумен мұндай қайшылықтардан жай ғана *жалтарып отыр*.

«Англияда егіншілікті кәсіп ететін не бары 770 199, сауда мен өнеркәсіпте — 959 632 семья бар, қоғамның өзге игілігі — 413 316 семья. Сауда байлығымен күн көретін халықтың жалпы 2 143 147 семьяға немесе 10 150 615 адамға соншалық көп болуы — шынында сұмдық нәрсе (effrayante). Бақытқа қарай, мұндай орасан көп жұмысшылардың қашықтағы рыноктың сәті түсуіне тәуелді болуынан Франция әлі де аман отыр» (I, 434). Бұл жерде Сисмонди, бұл «бақыттың» Францияның капиталистік жолмен дамуының артта қалғандығына ғана байланысты екенін тіптен ұмытып отырған сияқты.

Өз көзқарасы тұрғысынан қарағанда осы заманғы құрылыстағы «керекті болатын» өзгерістерді (ол өзгерістер туралы төменде сөз болады) суреттей келіп, Сисмонди: мұның «нәтижесі (романтиктік тұрғыдағы қайта құрудың нәтижесі), күмәнсыз, мынау болар еді: индустриямен ғана күнелтетін елдің талайы көптеген шеберханалардың бірінен соң бірін жабуға тиіс болар еді, сөйтіп деревнялардың халқы өсе бастап, шамадан тыс көбейген қала халқы тез азайған болар еді» (II, 367) деп көрсетеді.

Капитализм жөніндегі сентиментальдық сынның дәрменсіздігі мен ұсақ буржуаның әлжуаз өкініші бұл мы-

салдан ерекше айқын көрінеді! Істің басқаша болмай, осылай болып отырғанына Сисмонди құр *ренжиді* *. Патриархтық топастық рақатының қирауы мен село халқының езілгендігі жөнінде оның қайғырғандығы сонша, біздің экономист тіпті құбылыстың себептерін де талдамайды. Сондықтан индустрия халқының көбеюі товар шаруашылығымен және капитализммен сөзсіз әрі тығыз байланысты екенін ол көрмей отыр. Товар шаруашылығы қоғамдық еңбек бөлінісінің дамуына қарай дамиды. Ал бұл еңбек бөлінісінің мәні мынада: өнеркәсіп салалары бірінен соң бірі, шикі өнімді өңдеу түрі бірінен соң бірі егіншіліктен *қол үзіп,* өз алдына дербес бола бастайды, сөйтіп, демек, индустрия халқын құрайды. Сондықтан товар шаруашылығы мен капитализм туралы пікір айту — және индустрия халқының относительді өсу заңын еске алмау,— мұның мәпісі қоғамдық шаруашылықтың *қазіргі* құрылысының *негізгі* қасиеттері жайында ешбір түсінігі болмау деген сөз.

«Капиталистік өндіріс әдісі өзінің жаратылысы жағынан егінші емес халыққа қарағанда егінші халықты үнемі кемітіп отырады, өйткені өзгермелі капиталдың относительді кемуіне қарамастан, индустрияда (сөздің тар мағынасында) өзгермелі капиталға қарағанда тұрақты капиталдың өсуі өзгермелі капиталдың абсолютті өсіп отыруына байланысты болады **. Оның бер жағында, белгілі бір мөлшердегі жерді пайдалануға керекті өзгермелі капитал егіншілікте абсолютті түрде кемиді; олай болса, бұл капитал жаңадан басқа бір жер өңделген күнде ғана өсе алмақ ***, ал бұл жағдай өз кезегін-

---

* «Бұл бағыт (атап айтқанда, Сисмонди бастаған ұсақ буржуазиялық сынның бағыты) өзінің одан әрі дамуында істің осы күнгі жайынан үрейленген шағымдар жасауға көшті» [80].

** Н.— он мырзаның тілмарлығын оқушының осыдан байқауына болады: Н.— он мырза өзінің «Очерктерінде» өзгермелі капитал мен жұмысшылар санының *относительді түрде* кемуін ешбір шімірікпестен *абсолютті түрде* кемуге айналдырады да, осыдан барып ішкі рыноктың «тарылуы» және т. б. жөнінде толып жатқан нағыз сорақы қорытындылар жасайды.

*** Россияның өз ішіндегі отарлау ісі индустрия халқының қауырт өсу заңының жүзеге асуын қиындатады дегенде, біздің еске алғанымыз нақ осы жағдай еді. Индустрия халқының өсуі қалалардың есебінен емес, қайта фабрикалы селолар мен мекендердің есебінен болып отырған Россияның ертеде қоныстандырылған орталығы мен реформадан бергі заманда қоныстандырылған Новороссияның арасындағы

де егінші емес халықты онан сайын көбейте түсуді көздейтін болады» (III, 2, 177) [81].

Ең жаңа теорияның көзқарасы бұл пунктте де романтизмге оның сентиментальдық шағымдарымен қоса, бүтіндей қарама-қарсы келеді. Құбылыстың қажеттілігін түсіну, әрине, оған мүлде басқаша қарауды, оның түрлі жақтарын бағалай білуді керек қылады. Біздің назарымызды аударып отырған құбылыс капиталистік құрылыстың неғұрлым терең және неғұрлым жалпы қайшылықтарының бірі. Қаланың деревнядан бөлінуі, олардың арасындағы қарама-қарсылық және деревняны қаланың қанауы — дамып келе жатқан капитализмнің барлық жерлердегі бұл серіктері — «сауда байлығының» (Сисмондидің сөзімен айтқанда) «жер байлығынан» (ауыл шаруашылық байлығынан) басым болуының қажетті жемісі болады. Сондықтан қаланың деревнядан басым болуы (экономика жағынан да, саясат жағынан да, ақыл-ой жағынан да және бүкіл басқа жайлар жағынан да) товар өндірісі мен капитализмі бар барлық елдердің, соның ішінде Россияның да жалпы және сөзсіз болатын құбылысы: бұл құбылысқа тек сентиментальды романтиктер ғана қайғырады. Ал ғылыми теория, бұған керісінше, ірі өнеркәсіп капиталының бұл қайшылыққа енгізіп отырған сол *прогрестік* жағын көрсетеді. «Ірі орталықтарда капиталистік өндірістің басын құрастыратын қала халқының үнемі өсіп отыратын басымдылығымен бірге, ол қоғамды алға бастыратын тарихи күшті жинақтайды» [82] (die geschichtliche Bewegungskraft der Gesellschaft) *. Егер қаланың басымдылығы қажет болса, онда халықты қалаларға тарту ғана бұл басымдылықтың бір жақты сипатына тоқтау сала алады (шынында да тоқтау салатынын та-

айырмашылықты еске түсірсек те болады. Новороссияда қалалардың өсуі шапшаңдығы жағынан Америка қалаларының өсуімен салыстырылады. Біз бұл мәселені басқа бір жерде толығырақ қарап шығармыз деп сенеміз.

* Халықтың ақыл-ойын дамытуда индустрия орталықтарының прогрестік ролі бар екендігінің ерекше айқын сипаттамасын да салыстырып қараңыз: «Die Lage der arbeit. Klasse in England», 1845 [83]. Бұл рольді мойындау «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбектің авторының қаланың деревнядан бөлінуінен көрініп отырған қайшылықты терең түсінуіне бөгет болған жоқ, мұны оның Дюрингке [84] қарсы жазған айтыс шығармасы дәлелдейді.

рих дәлелдеп отыр). Деревняны бағыныштьт, мешеу, дәрменсіз, жаншылған күйде қалдырып, егер қала өзін қалай да артықшылық жағдайға қойса, онда тек деревня халқының қалаларға ағыл-тегіл келуі ғана, егінші халық пен егінші емес халықтың осылайша араласып, қосылуы ғана село халқын өзінің дәрменсіз күйінен құтқара алады. Сондықтан ең жаңа теория романтиктердің реакцияшыл шағымдары мен зарлануларына жауап ретінде, егінші халық пен егінші емес халықтың тұрмыс жағдайларының нақ осындай жақындасуы қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылықты жоюға қалай жағдай туғызатынын көрсетеді.

Енді бұл мәселе жөнінде біздің экономист-халықшылдарымыз қандай көзқараста екен? деген сұрақ туады. Олар сөзсіз сентиментальды-романтиктік көзқараста. Қоғамдық шаруашылықтың қазіргі құрылысы тұсында индустрия халқының өсуінің *қажетті* нәрсе екенін олардың түсінбеуі былай тұрсын, тіпті басын қанатының астына жасырған қайдағы бір құс тәрізді, құбылыстың өзін де *көрмеуге тырысады*. Өзгермелі капитал *абсолютті* түрде кемиді деуі («Сын заметкалар», 255-бет) Н.— он мырзаның капитализм туралы пайымдауларындағы өрескел қатесі болды, индустрия халқының проценті аздығы жағынан Россияны Батысқа қарама-қарсы қойып және капитализмнің дамуы барысында бұл процонттің *артатындығын* еске алмау — сорақылық * («Sozialpolitisches Centralblatt» [35], 1893, № 1) деген П. Струвенің сөздері, күткендегідей, жауапсыз қалды. Россияның өзгешеліктері туралы үнемі сөз қылса да, экономист-халықшылдар Россиядағы индустрия халқының құралуының *шын мәніндегі* өзгешеліктері жөнінде тіпті мәселе де қоя алмады **, индустрия халқының құралуын біз жоғарыда қысқаша көрсетіп өткенбіз. Халықшылдардың мәселеге *теориялық* көзқарасы, міне, осындай. Бірақ іс жүзіне келгенде реформадан

* Егіншіліктегі халқы 80 процент болған Францияның «бақыты» туралы сөз қылғанда, Сисмондидің *нақ осы қатені* жасағанын оқушы есіне түсірсін; бұл жағдай бейне бір капитализм дамуының артта қалғандығының көрінісі болмай, пәлендей бір «халық өндірісінің», т. с. өзгешелігі болған сияқты.

** Салыстырыңыз: *Волгин.* «Воронцов мырзаның еңбектерінде халықшылдықтың негізделуі». СПБ. 1896, 215—216-беттер.

кейінгі деревнядағы шаруалардың күйі жайында пікір қозғаған және теориялық күмәндар қыспағына түспеген халықшылдар егіншіліктен ығыстырылып шығарылатын шаруалардың қалалар мен фабрикалы орталықтарға қоныс аударғанын мойындайды және соның өзінде осы құбылысты *зарланумен* ғана шектеледі, бұл құбылысқа Сисмонди де тұп-тура осылай *зарланған болатын* *. Халық бұқарасының тұрмыс жағдайларын қайта құру жөнінде реформадан кейінгі Россияда болған терең процесті, — шаруалардың отырықшылығы мен бір орынға маталған күйін тұңғыш рет бұзып және олардың жүріп-тұруына жол ашқан, егіншіліктегі қызметшілерді егіншіліктен тыс қызметшілерге, деревня қызметшілерін қала қызметшілеріне жақындастырған процесті **,— олар оны экономикалық маңызы жа-

* Дегенмен, әділдік мынаны айтуды керек етеді: Сисмонди, бірсыпыра елдерде индустрия халқының өсуін бақылап және бұл құбылыстың жалпыға ортақ сипатын мойындай отырып, кей жерлерде мынаны түсінгендігін білдіреді: бұл құбылыстың тек пәлендей бір «ауытқуы» және т. с. нәрсе ғана болмай, халықтың тұрмыс жағдайларының терең өзгерісі екенін — өзгеріс болғанда, аздап болса да жақсы жақтары болатынын мойындауға тура келетін өзгеріс екенін түсінгенін білдіреді. Қалай дегенмен де, Сисмондидің еңбек бөлінісінің зияндылығы жайындағы мына төмендегі пікірі оның көзқарастарының, мәселен, Михайловский мырзаның көзқарастарына қарағанда, анағұрлым терең екендігін көрсетеді. Михайловский мырза қоғамдық шаруашылықтың түрлі формациялары мен дамудың түрлі дәуірлерінде еңбек бөлінісінің белгілі бір формада болатындығын талдап шығудың орнына, жалпы «прогресс формуласын» ойлап шығарған.

«Фабрикадағы жұмысшылардың істейтін ісінің қандайы болса да кіретін операциялардың біркелкі болуы, сірә, олардың өсіп жетілуіне (intelligence) нұқсан келтіруге тиісті, алайда, әділдік мынаны айтуды керек етеді: таңдаулы төрешілердің (juges, білгірлердің) байқауларына қарағанда, Англияда мануфактурада істейтін жұмысшылар өсуі, білімі және адамгершілігі жағынан да егіншіліктегі жұмысшыларға (ouvriers des champs) қарағанда артық болып отыр» (I, 397). Және Сисмонди мұның себептерін де көрсетеді: Vivant sans cesse ensemble, moins èpuisès par la fatigue, et pouvant se livrer davantage á la conversation, les idèes ont circulè plus rapidement entre eux (Олардың өмірінің үнемі бірге өтуінің арқасында, еңбектен көп езіліп, шалдықпауының арқасында, бірімен-бірі әңгімелесуіне көп мүмкіндігі болғандықтан, олардың арасына идеялар анағұрлым тез тарайтын болды. *Ред.*). Бірақ, дейді ол түнжыраған күйде, aucun attachement á l'ordre ètabli (белгіленген тәртіпке ешқандай ынтамен берілу деген жоқ. *Ред.*).

** Бұл процестің формасы Европалық Россияның орталық аудандарында да, оның шет аймақтарында да әр түрлі. *Шет аймақтарға*, көбінесе, орталық қара топырақты губерниялардан *егіншіліктегі* жұмысшылар мен бірлі-жарымдап өнеркәсіпті губерниялардан *егіншіліктен тысқары* жұмысшылар барады, бұлар «қолөнері» жөніндегі өздерінің білгенін шет аймақтарға таратып, таза егіншіліктегі халықтың арасында өнеркәсіпті «орнықтырады». *Өнеркәсіпті ауданнан* келетіндер *егіншіліктен тыс* жұмысшылар, бұлардың бір бөлігі Россияның барлық түпкірлеріне тарайды, көбінесе олар астаналар мен ірі индустриялы орталықтарға барады, соның өзінде, егер бұлай деп атауға болатын болса, бұл индустриялық ағымның күштілігі сонша — *егінші-*

ғынан да, оны (сірә, онан да гөрі мәнді) моральдық және білім берерлік маңызы жағынан да мүлдем байқай алмады, тек сентиментальды-романтиктік өкініштердің тууына ғана сылтау тауып берді.

IV

РОМАНТИЗМНІҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ТІЛЕКТЕРІ

Енді біз Сисмондидің капитализм жөніндегі жалпы көзқарасын бір жерге жинақтауға (оқушының есінде болар, Эфруси де өзінің алдына осы міндетті қойған еді) және романтизмнің практикалық программасын қарап шығуға тырысамыз.

Сисмондидің сіңірген еңбегі оның капитализмнің қайшылықтарын алғаш *көрсеткендердің* бірі болғандығында екенін біз көрдік. Бірақ қайшылықтарды көрсеткенімен, оның оларды талдауға, олардың қайдан шыққандығын, дамуы мен тенденциясын түсіндіруге талаптанбағаны былай тұрсын, тіпті ол бұл қайшылықтарға шындыққа жанаспайтын, белгілі бір қалыптан қателесіп ауытқығандық деп қарады. Ол осы «ауытқуларға» қарсы күрескенде өсиет айту арқылы, әшкерелеу арқылы, оларды жою жөнінде кеңес беру арқылы, тағы сондайлар арқылы аңғырттық жолмен күресті; оның ойынша бұл қайшылықтар осы күнгі қоғамдық шаруашылықтың жалпы құрылысында белгілі бір орын алатын халықтың нақтылы топтарының *нақтылы мүдделерін* білдірмейтін сияқты. Бұл — романтизмнің нағыз айқын белгісі: ол мүдделер қайшылығын (қоғамдық шаруашылықтың құрылысының өзінде терең орнығып жатқан мүдделер қайшылығын) доктринаның, системаның, тіпті шаралардың, тағы сондайлардың қайшылығы немесе қатесі деп қараушылық. Өзі ұлғайған қайшылықтардан бір шетте тұрып, екі қарама-қарсылықтың арасында аралық, өтпелі күйде отырған Kleinbürger-дің * тар ой-өрісі бұл арада аңқау идеализммен ұштасып отыр,—

ліктегі жұмысшылар жеткіліксіз болып шығады, бұлар да орталық қара топырақты губерниялардан *өнеркәсіпті губернияларға* (Москва, Ярославль және басқа губернияларға) барады. С. А. Короленконың: «Ерікті жалдама еңбек және т. б.» дегенін қараңыз.

* — ұсақ буржуаның. *Ред.*

біз бюрократизммен ұштасып отыр деуге де даярмыз, ол қоғамдық құрылысты басқаша жолмен түсіндірмей, адамдардың (әсіресе, қолында билігі бар адамдардың) пікірлерімен түсіндіреді. Сисмондидің барлық осындай пайымдауларынан мысалдар келтірейік.

«Затқа бола адамдарды ұмытып, Англия мақсатты оның жолындағы істерге құрбан етіп отырған жоқ па? Англияның үлгісі адамды әбден таңқалдырады, ерікті, сауатты, жақсы басқарылатын бұл ұлттың кездескен апаттарының барлығы да оның тек *жалған* экономикалық бағытқа түскендігінен ғана болып отыр» (I, p. IX *). Сисмондидің пікірінше, Англия жалпы алғанда континент үшін қорқынышты үлгі боларлық роль атқарады,— өздерін нағыз ескі-құсқыны емес, жаңа бір нәрсе беретін адамдар сияқты етіп көрсететін біздің романтиктеріміз де дәл осындай пікірде.

«Оқушыларымның назарын Англияға аударғанда, мен өзіміздің болашағымыздың тарихын... көрсеткім келді, оны көрсеткенде, егер біз Англияның принциптерін бұдан былай да үлгі ете беретін болсақ, көрсеткім келеді» (I, p. XVI).

«...Континент мемлекеттері Англияның мануфактуралық карьерасынан үлгі алу керек деп санайды» (II, 330). «Англияның көрінісінен асқан, адам таңқаларлық, жан түршігерлік көрініс жоқ» (II, 332) **.

«Байлық дегеніміздің өмірді рақатқа кенелтіп, қолайлылық туғызатын (n'est que la représentation) нәрсе ғана екенін естен шығармау керек» (буржуазиялық байлықтың орнына бұл арада енді жалпы байлық қойылған!), «ал ұлтты іс жүзінде жарлылық пен азап шегушілік атаулының бәріне душар етіп, қолдан байлық жасау деген сөз, мұның аты — заттың атын оның мәні

---

* — I, IX бет. *Ред.*

** *Европа* романтизмінің орыс романтизміне қатысын айқын көрсету үшін, біз Н.— он мырзадан сызық астында цитаттар келтіреміз. «Батыс Европа дамуының шаруашылық барысының берген сабағын біздің пайдаланып қалуға ниетіміз болған жоқ. Англиядағы капитализм дамуының жалт-жұлт жарқылы бізді әбден таңқалдырды және Америка Штаттарындағы капитализмнің өлшеусіз тез дамып келе жатқандығы да осылай таңқалдырып отыр» және т. т. (323).— Көріп отырсыздар, тіпті Н.— он мырзаның сөздерінде де ешбір жаңалық көрініп тұрған жоқ! Осы ғасырдың бас кезінде Сисмондиді «таңқалдырған» нәрсенің дәл өзі оны да «таңқалдырады».

деп ұғыну деген сөз» (prendre le mot pour la chose) (I, 379).

«... Ұлттар табиғаттың нұсқауына (әміріне, indications) ғана еріп, оның артықшылықтарымен, артықшылығы болғанда ауа райының, топырақтың, орналасу жағдайының, шикізаттары болуының беретін артықшылықтарымен пайдаланып келген кезде, олар өздерін *табиғи емес күйге* қойған жоқ (une position forcée), олар халық бұқарасы үшін шын қайыршылыққа айналатын *күмәнды байлықты* (une opulence apparente) іздеген жоқ» (I, 411). Буржуазиялық байлық — тек күмәнды байлық!! «Сыртқы саудаға өз есігін жабу ұлт үшін қауіпті: бұлай еткенде ұлтты, былайша айтқанда (en quelque sorte), *жалған іске* зорлап қосады, мұның өзі ұлттың түбіне жетеді» (I, 448) *.

«Жалақының қажетті бір бөлімі бар, ол оны алатын адамдардың өміріне арқау болып, олардың күші мен денсаулығын сақтауға тиіс... Жалақының бұл бөлімінe қол сұғатын үкімет оңбайды,— ондай үкімет барлығын да (il sacrifie tout ensemble) — адамдарды да, болашақта байлық жинау үмітін де құрбан етеді... Бұл айырмашылық бізге фабриканттардың, көпестер мен меншік иелерінің таза табыстарын көбейтуге қажетті жартымсыз жалақыға жұмысшылар табын тұқыртып қойған үкіметтердің саясатының қандай жалған екендігін түсінуге мүмкіндік береді» (II, 169) **.

«Ақырында: қайда кетіп барамыз? деп сұрайтын уақыт та жетті» (où l'on veut aller) (II, 328).

---

* «... Соңғы 30 жыл ішіндегі өзіміз жүріп келген шаруашылық жол — теріс жол» (281)... «Біз өте ұзақ уақыт бойы капитализм мүдделерін халық шаруашылығы мүдделерімен бір санап келдік — мұнымыз түпке жететін қатты адасқандық... Өнеркәсіпті қолдаудың *көзге көрінер нәтижелері... бізді қайғыртқаны* сонша, біз мәселенің халықтық-қоғамдық жағын мүлде естен шығарып алдық... мұндай дамудың ненің есебінен болатындығын біз естен шығарып алдық», біз — капиталистік өндірістен басқа — «өндіріс атаулының қандайының болсын мақсаты жөнінде ұмытып кеттік» (298).

«Өзіміздің өткен кездегі өмірімізге немқұрайды қарау... капитализмді орнықтыру»... (283)... «Біз... капитализмді орнықтыру үшін барлық амалдарды қолдандық»... (323)... «Біз байқай алмай қалдық...» (ibid.).

** «Өндірістің капиталистік формалары шаруаларды экспроприациялауға негізделсе де біз олардың дамуына тосқауыл жасамадық» (323).

«Олардың бөлінуі (атап айтқанда, меншік иелері мен еңбекшілер табының бөлінуі), олардың мүдделерінің қарама-қарсы болуы адамзат қоғамына өзіміз берген осы заманғы жасанды ұйымның салдары болып табылады... Әлеуметтік прогрестің табиғи тәртібі адамдарды заттан, немесе байлықты еңбектен бөлуге тіпті де тырысқан емес; деревняда — меншік иесі егінші болып қала алатын еді; қалада — капиталист қолөнерші (artisan) болып қала алатын еді; еңбекші таптың еңбек етпейтін дарақы таптан бөлінуі қоғамның өмір сүруі үшін немесе өндіріс үшін тіпті де аса қажетті болған емес; біз барлық жұрттың пайдасы үшін ол таптарды бір-бірінен бөлдік; іс жүзінде осы пайдаға жету үшін оны ретке салу бізге байланысты (il nous appartient)» (II, 348).

«Сонымен, өндірушілерді бірін-біріне (яғни, қожайындарды жұмысшыларға) қарсы қойып, оларды қоғам мүдделеріне *бүтіндей қарама-қарсы* жолмен жүруге мәжбүр етті... Жалақыны кеміту жолындағы үнемі болып отыратын бұл күресте, сірә, әрбір адам қатынасатын әлеуметтік мүддені жұрттың бәрі ұмытып кетеді» (II, 359—360). Мұның алдында да тарих өсиет еткен жолдар туралы тағы еске түсіретін нәрсе бар: «Қоғамдық өмір басталған кезде *әрбір адамның капиталы болады,* сол арқылы ол өзінің еңбегін жұмсайды, сөйтіп қолөнершілердің бәрі дерлік пайда мен жалақыдан тең мөлшерде құралатын табыспен күн көреді» (II, 359) *.

Сірә, жетер... Сисмондимен де, Н.— он мырзамен де таныс емес оқушының, екі романтиктің қайсысының, сызықтың астында немесе үстінде келтірілген көзқарасының қара дүрсін және аңғырттау екендігін айтуға қиналатынына сеніміңіз кәміл болсын.

Сисмонди өзінің «Nouveaux Principes»-терінде әбден көп орын бөлген оның практикалық тілектері де бұған толық сай келеді.

---

* «Ғасырлар бойындағы біздің дәстүрлерімізге берік болудың орнына; өндіріс құрал-жабдықтарының тікелей өндірушімен тығыз байланысты болу принципін дамытудың орнына... өндіріс құрал-жабдықтарын оның қолына шоғырландыру арқылы оның *(шаруалардың)* еңбек өнімділігін арттырудың орнына... осылардың бәрінің орнына біз бұған *мүлде қарама-қарсы* жолға түстік» (322—323). «Біз капитализмнің дамуын бүкіл халық өндірісінің дамуы деп білдік... біз біреуінің дамуы... тек қана екіншісінің есебінен бола алатынын *байқамай қалғанбыз»* (323). Курсив біздікі.

Біздің А. Смиттен айырмашылығымыз мынада, дейді Сисмонди өз шығармасының 1-кітабында-ақ,— «біз А. Смиттің теріс деп тапқан үкіметтің араласуын әрдайым дерлік керек етеміз» (I, 52). «Мемлекет бөліс ісін түземейді...» (I, 80). «Заң шығарушы жалпыға бірдей бәсекеге қарсы кедей үшін кейбір кепілдік істей алар еді» (I, 81). «Өндірілетін өнім әлеуметтік табыспен шамалас болуға тиіс, сондықтан бұл табысты білудің қамын ойламай, шексіз өнім өндіре беруді қуаттайтын адамдар ұлттың баюына жол ашып беремін деп, оны апатқа итермелейді» (le chemin des richesses) (I, 82). «Байлық прогресі бірте-бірте жүргенде (gradué), ол өзімен өзі шамалас болғанда, оның бөлімдерінің бірде-бірі шамадан тыс тез дамымағанда, сонда ол жұрттың бәрін бірдей дәулетті ететін болады... Бұл қозғалысты ретке салып отыру үшін оның барысын шабандату (ralentir!!), бәлкім, үкіметтердің міндеті осы болар» (I, 409—410).

Қоғамның өндіргіш күштерінің нақ осы қайшылықтар мен сәйкессіздіктер жолы арқылы жүретін дамуының орасан зор тарихи маңызы барлығы жөнінде Сисмонди дәнеңе де білмейді!

«Егер де үкімет байлыққа ұмтылу ісіне оны ретке келтіретін және тізгіндеп отыратын әрекет жасаса,— оның шексіз рақымды болғаны» (I, 413). «Қазірде жалпы жұрттың пікірі бойынша айыпталған сауданы кейбір регламенттеу — егер олар өнеркәсіпті көтермелеушілік есебінде айыпталуға лайық болса да — орынды болып ақталуы мүмкін, бәлкім, тізгін есебінде дұрыс деп танылуы мүмкін» (I, 415).

Сисмондидің осы пайымдауларының өзінен-ақ оның ғажап тарихи олақтығы көрініп тұр: өзі өмір сүрген дәуірдің бүкіл тарихи мәні — орта ғасырлық ережелерден құтылғандықта екендігі жөнінде онда титтей де идея жоқ. Ол өзінің пайымдауларының — сол замандағы ancien régime-ні * жақтайтындардың қолтығына су бүріккендік екенін сезбейді, оны жақтайтындар өздері үстем болған батыс европалық континенттің басқа

* — ескі құрылысты. *Ред.*

мемлекеттері туралы айтпағанның өзінде, тіпті Францияда да әлі де болса әбден күшті еді *.

Сонымен, Сисмондидің практикалық тілектерінің негіз етіп алынатын жері — қамқорлыққа алу, кідірту, регламенттеу.

Мұндай көзқарас Сисмондидің барша идеяларынан толық табиғи түрде және сөзсіз туады. Оның өмір сүрген заманы, машиналы ірі индустрияның Европа континентінде өзінің алғашқы қадамдарын жасай бастаған кезі еді, машиналардың ықпалымен (байқаңыздар, жалпы «капитализм» атаулының ықпалымен емес, нақ машиналы индустрияның ықпалымен) ** барлық қоғамдық қатынастардың кенет және шұғыл қайта құрыла бастаған кезі еді; бұл қайта құрылыс экономикалық ғылымда industrial revolution (өнеркәсіп революциясы) деп аталынды. Патриархтық жартылай орта ғасырлық қоғамдардың орнына осы заманғы европалық қоғамдарды туғызған төңкерістің бар мәнін бағалай білген алғашқы экономистердің бірі өнеркәсіп революциясын былай деп сипаттайды:

«...Ағылшын өнеркәсібінің соңғы 60 жыл ішіндегі (1844 жылы жазылған) даму тарихына адамзат шежіресінде еш нәрсе де тең келмейді. Бұдан 60—80 жыл бұрын Англия басқа елдердің қандайына болса да ұқсас, шағын қалалары, болмашы, қарапайым ғана өнеркәсібі бар, сирек болғанмен де басқа елдермен салыстырғанда егіншіліктегі халқы едәуір көп ел еді. Қазір бұл — басқа ешбір елге ұқсамайтын, $2^1/_2$ миллион халық тұратын астанасы бар; өнеркәсіпті ірі қалалары бар; бүкіл дүние жүзіне өнім жеткізіп беріп отыратын, барлық

* Эфруси Сисмондидің бұл өкініштері мен күшті тілектерінде «азаматтық ерлік» (№ 7, 139-бет) бар деп білді. Сентиментальды тілектерді баяндап шығу азаматтық ерлікті керек қылғаны ғой!! Гимназиялық тарих оқулығының кез келгеніне көз жіберсеңіз, сіз одан: XIX ғасырдың алғашқы ширегінде батыс европалық мемлекеттердің мемлекеттік право ғылымының: Polizeistaat (полицейлік мемлекет. *Ред.)* деген терминмен атайтын типімен құрылғандығын оқисыз. Сіз одан: бұл ғасырдың осы ширегінің ғана емес, бұдан соңғы ширегінің де тарихи міндетінің соған қарсы күресу болғанын оқисыз. Сонда сіз Сисмондидің көзқарасында жаңғырту заманындағы француз ұсақ шаруасының топастығы сезіліп тұрғанын; Сисмонди ұсақ буржуазиялық сентиментальды романтизмнің сирек кездесетін азаматтық толыспағандықпен ұштасуының үлгісі болатынын түсінесіз.

** Капитализм Англияда XVIII ғасырдың аяқ шенінен емес, одан көп ерте кездерден басталады.

заттарды өте-мөте күрделі машиналар арқылы өндіретін индустриясы бар; халқының үштен екісі өнеркәсіп және сауда ісімен шұғылданған, мүлде түрліше таптардан құралған жылпос, интеллигентті, тығыз қоныстанған халқы бар ел; әдет-ғұрыптары бөлек, мұқтаждары өзгеше бұл халық, шынында да, сол замандағы Англияға қарағанда мүлде өзгеше ұлт болып табылады. Франция үшін саяси революцияның, Германия үшін философиялық революцияның қандай маңызы болатын болса, Англия үшін өнеркәсіп революциясының да дәл сондай маңызы бар. 1760 жылғы Англия мен 1844 жылғы Англияның арасындағы айырмашылық та, кем дегенде, ancien régime-нің тұсындағы Франция мен июль революциясындағы Францияның арасындағы айырмашылықтай аса зор айырмашылық» *.

Мұның өзі ұсақ өндіріс экономикалық базисі болған ескі, ежелден орнығып алған барлық қатынастарды түгел «қиратқандық» болды. Сисмонди өзінің реакциялық, ұсақ буржуазиялық көзқарасымен бұл «қиратудың» маңызын ұғына алмағаны да түсінікті. Оның ең алдымен және көбінесе «қиратуды тоқтатуды» ** тілегені, жұртты соған шақырып, соған үн қатқаны, соны талап еткені де түсінікті.

Ал «қиратуды» қалай «тоқтатуға» болады? Тоқтатқанда, ең алдымен, әрине, халықтық... яғни «патриархтық өндірісті», шаруалар мен жалпы ұсақ егіншілікті қолдау арқылы «тоқтатуға» болады. Сисмонди «бәсекенің зардаптарынан халықты үкіметтің қалай сақтауға тиіс» екеніне арнап тұтас бір тарау жазып отыр (II. VII, ch. VIII).

«Қызметшілердің (à ceux qui travaillent) аз да болса меншігінің болуын қамтамасыз ету немесе патриархтық егіншілік дегенімізді басқаның қандайынан болса да артық санап қолдап отыру (favoriser) үкіметтің егіншілік халқы жөніндегі жалпы міндеті болып табылады» (II, 340).

* Engels. «Die Lage der arbeitenden Klasse in England» [86].

** Н.— он мырзаның біз үшін әбден қолайлы және ерекше сипатты болып көрінген бұл сөздерін онан алып отырғанымыз үшін (345-бет), ол бізге өкпелемес деп сенеміз.

«Елизаветаның жұрт сақтамаған статуты лашыққа төрт акр мөлшеріндей жер үлесі берілмейінше Англияда село лашығын *(cottage)* тұрғызуға тыйым салады. Егер бұл заң орындалған болса, күндікшілер өз басына *cottage* салып алмайынша, олардың арасында бір де неке қиысу болмаған болар еді және *cottager*-дің бір-де-біреуі әбден қайыршылық халге түсірілмеген болар еді. Мұның өзі бір қадам ілгері басқандық болар еді (c'est quelque chose), бірақ бұл әлі де жеткіліксіз; Англия ауа райының жағдайында семья басына 4 акр жері бар шаруа халқы мұқтаждық жағдайда күн көрер еді. Қазірде Англиядағы лашықтылардың көбісінің $1^1/_2$ — 2 акр ғана жерлері бар, бұл жерлері үшін олар аренда ақысын өте көп төлейді... Помещиктер өзінің егістік жерін толып жатқан *cottagers*-терге үлестірген кезде олардың әрқайсысына күн көре аларлықтай етіп жеткілікті мөлшерде жер беруді... помещиктерге заңмен міндеттесе жөн болар еді» (II, 342—343) *.

Романтизм тілектерінің халықшылдардың тілектерімен және программаларымен барынша *біртектес* екенін оқушы көріп отыр: ол тілектер мен программалар да *шын мәніндегі* экономикалық дамуды елемеуге және дәурені өткен ескі заманның патриархтық жағдайларын

* «Біздің ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрлерімізді ұстануымыз керек; (мұның өзі патриотизм емес пе екен?)... өндіріс құрал-жабдықтарының тікелей өндірушілермен тығыз байланысты болу принципін, өзімізге мұра болып көшкен принципті дамытуымыз керек...» (Н.— он мырза, 322). «Біз көптеген ғасырлар бойы келе жатқан жолымыздан аудық; біз тікелей өндірушінің өндіріс құрал-жабдықтарымен тығыз байланысына, егіншілік пен өңдеуші өнеркәсіптің тығыз байланысына негізделіп құрылған өндірісті шетке қаға беретін болдық, сөйтіп тікелей өндірушілерді өндіріс құрал-жабдықтарынан ажыратуға негізделген капиталистік өндірісті дамыту принципін өзіміздің шаруашылық саясатымыздың негізіне алдық, негізіне алғанда капиталистік өндірістің өзімен бірге ілесе жүретін, қазірде Батыс Европа азап шегіп отырған оның апаттарының бәрін бірге алдық» (281). «Жұрт азап көріп отырған» осы «апаттарға» және т. б. қалай қарайтындығы жөніндегі «батыс европалықтардың» өздерінің жоғарыда келтірілген көзқарасын оқушының өзі осы айтылғанмен салыстырып көрсін. «Принцип... шаруаларға жер үлестіріп беру немесе... өндірушілердің өзіне еңбек құралдарын жетістіріп беру» (2-бет)... «ғасырлар бойғы халықтық негіздер» (75)... «Демек, бұл цифрларда (атап айтқанда, «шаруашылықтың қазіргі жағдайларының түсында село халқына материалдық жағдай туғызу үшін керекті жер мөлшері minimum-ының қандай зор екенін» көрсететін цифрларда) шаруашылық мәселені шешу элементтерінің бірі бар екенін, бірақ тек элементтерінің *бірі* ғана бар екенін көреміз» (65). Байқасаңыздар, батыс европалық романтиктер «ғасырлар бойғы дәстүрлерден» халық өндірісін «мақұлдағандықты» іздеуді орыс романтиктерінен кем тәуір көрмеген.

қайыра жаңғыртатын шарттарды машиналы ірі индустрия заманына, арпалысқан бәсеке мен мүдделер күресінің заманына орынсыз тықпалауға негізделіп жасалған.

V

РОМАНТИЗМНІҢ РЕАКЦИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Әлбетте, Сисмонди шын дамудың *қалай* кетіп бара жатқанын мойындамай тұра алмады. Сондықтан, «ұсақ егіншілікті көтермелеуді» (II, 355) талап ете отырып, ол турадан-тура: «ауыл шаруашылығына оның қазіргі Англияда жүріп бара жатқан бағытына мүлдем қарама-қарсы бағыт беру» керек еді дейді (II, 354—355) *.

«Бақытына қарай, өзінің орасан көп қауымдық жерлерін (ses immenses communaux) село кедейлеріне үлестіріп беріп, оларға бірсыпыра жағдай жасауына Англияның мүмкіндігі бар... Егер де оның қауымдық жерлері 20 акрдан 30 акрға дейін бос учаскелерге (en propriétés franches) бөлінген болса, онда жерге қоныстандырылғандардың тәуелсіз және тәкаппар табының, онда *yeomanry*-дің қалай жетілетінін олар (ағылшындар) өз көздерімен көрген болар еді; қазіргі кезде ағылшындар осы таптың бүтіндей дерлік құрып кеткеніне өкініп жүр» (II, 357—358).

Романтизмнің мәні болып табылатын нақты мүдделерді елемеушіліктің салдарынан ғана оның жасаған «жобалары» тым оп-оңай орындалатын сияқты болып көрінеді. «Мұндай ұсыныс (жер иелеріне күндікшілерді қамқорлыққа алу міндетін жүктеп, жерді кіші-гірім ұсақ учаскелерге бөліп, күндікшілерге үлестіріп беру) қазіргі кезде заң шығару билігін Англияда бір өзі пайдаланып отырған ірі жер иелерін, сірә, ашындыратын болуы мүмкін; бірақ, солай болғанмен де, оның өзі әділ ұсыныс... Күндікшілер ірі жер иелерінің бір өзіне ғана қажет; оларды жер иелері туғызды — олай болса оларды жер иелері асырасын» (II, 357).

---

* В. В. мырзаның «тарихты басқа жолмен жүргізу керек» деген халықшылдық программасын салыстырыңыз: Волгиннің айтқанын салыстырыңыз, l. c. (loco citato — цитат келтірілген жерде. *Ред.*), 181-бет.

Үстіміздегі ғасырдың бас кезінде жазылған мұндай аңғырт пікірлерді оқығаныңызда, романтизм «теориясының» мүшәлық қара дүрсін көзқарасты туғызған жалпы капитализмнің қара дүрсін жағдайымен үйлес келетініне таңданбайсыз. Капитализмнің іс жүзіндегі дамуы — оны теориялық тұрғыдан түсіну — капитализм жөніндегі көзқарас, мұның бәрінің арасында ол кезде әлі сәйкестік болған, сондықтан Сисмонди, не дегенмен де, өзіндік тұтастығы бар және өзіне-өзі берік жазушы ретінде көрінеді.

«Цехтар мен корпорациялар (des jurandes et des maîtrises) ұйымдастыру кезінде бұл таптың (атап айтқанда, қолөнершілер табының) қандайлық қамқорлық көргенін,— дейді Сисмонди,— біз бұған дейін көрсетіп өткенбіз... Әңгіме олардың таңқаларлық және қысымшылық келтіретін ұйымын қайта қалпына келтіру жөнінде болып отырған жоқ... Бірақ заң шығарушы адам: өнеркәсіп еңбегін артықша бағалауды, жалдама жұмысшыларды олардың басындағы тұрақсыз (précaire) күйден құтқаруды, сөйтіп, ақырында, өздерінің *дәреже* * (un état) деп атайтын нәрсесіне олардың ие болу мүмкіндігін жеңілдетуді өзіне мақсат етіп қоюға тиісті... Енді жұмысшылар жұмысшы болып туып, дүниеден жұмысшы болып өтеді, ал бұрын жұмысшының дәрежесі неғұрлым жоғары дәрежеге өтудің әзірлігі, оның алғашқы сатысы ғана болған еді. Міне, дәл осы мәртебе арттыру мүмкіндігін (cette faculté progressive) қайта қалпына келтірудің маңызы бар. Қожайындар өздерінің жұмысшыларын неғұрлым мәртебелілеу етуге тырысатындай ету керек; мануфактураға жалданатын адам шынымен жай жалға жүріп алатын ақы үшін жұмыс істеуден бастайтын болу керек, бірақ ол адам, жұмыс істегенде тәртіпті болып, өзін өзі жақсы ұстағанда, кәсіпорын пайдасынан үлес алам деп үнемі үміттенетін болсын» (II, 344—345).

Ұсақ буржуаның көзқарасын бұдан айқынырақ етіп көрсету қиын-ақ! Цехтар — Сисмондидің арманы, бірақ оларды қайта құрудың керексіздігі жөніндегі оның ес-

---

* Курсив автордікі.

кертуінің, сірә, мынадай мағынасы ғана болу керек: цехтың принципін, идеясын алып (халықшылдардың да қауым деп аталатын осы күнгі қазыналық одағын алмай, қауым жөніндегі принципті, идеяны алатыны сияқты), оның орта ғасырлық мерездерін аулақ лақтырып тастау керек деген сияқты ғана мағынасы болу керек. Сисмондидің жоспарының қисынсыздығы оның бүтіндей цехтарды жақтап, оларды тұтасынан қалпына келтіргісі келгендігінде емес — ол өзіне мұндай міндет қойған жоқ. Оның қисынсыздығы мынада: ол жергілікті қолөнершілерді біріктіруді көздейтін өрісі тар, қара дүрсін тілектен туған *одақты* үлгі орнына алып, бұл өлшемді, бұл үлгіні капиталистік қоғамға қолданғысы келетіндігінде болып отыр, ал капиталистік қоғамда орта ғасырлық қабырғаларды қиратaтын, жергілікті, жерлестік және кәсіпке байланысты айырмашылықтарды жоятын машиналы ірі индустрия — біріктіруші, қоғамдастырушы элемент болып табылады. Белгілі бір формадағы одақтың, жалпы бірлестіктің қажеттігін мойындай келіп, романтик: патриархтық, тоқырап қалған қоғамдағы бірлесуді тілейтін тар өрісті тілектерді қанағаттандыратын одақты үлгі етіп алады, сөйтіп сол үлгіні мүлде қайта құрылған қоғамға — көшпелі-қонбалы халқы бар, пәлендей бір қауымның немесе пәлендей бір корпорацияның көлемінде емес, бүкіл мемлекеттің көлемінде, тіпті бір мемлекеттен тыс көлемде еңбекті қоғамдастырып отырған қоғамға қолданғысы келеді *.

* Жер иелену, жайылым, тағы басқаларының бірлігі арқылы (ал ең бастысы помещиктік және чиновниктік өкіметтің бірлігі арқылы) байланысқан жергілікті шаруалар бірлестігінің тар өрісті тілектерін қанағаттандырған, бірақ жергілікті, сословиелік, дәрежелік разряд кедергісінің барлығын қирататын және қауым *ішінде* экономика жағынан терең мүдде алалығын туғызатын товар шаруашылығы мен капитализмнің қажетіне ешбір жауап бермейтін басқа бір одақ *(қауым)* жөніндегі халықшылдардың қатесі дәл осындай қате. Капиталистік қоғамда одақтасуға, бірлесуге деген қажеттілік бәсеңсіген емес, қайта, өлшеусіз өсіп отырды. Бірақ жаңа қоғамның бұл қажетін қанағаттандыру үшін ескі өлшемді алу мүлде қисынсыздық болады. Қазірде бұл жаңа қоғамның талап ететіні, біріншіден, одақтың жергілікті, сословиелік, разрядты одақ болмауы керек; екіншіден, капитализм және шаруалардың жіктелуі туғызған жұрттың тұрмыс-халі мен мүдделеріндегі айырмашылық сол одақтың бастама негізі болуы керек. Өзінің экономикалық жағдайы жағынан да, өзінің мүдделері жағынан да зор айырмашылығы бар шаруалардың басын біріктіріп байланыстыратын жергілікті, сословиелік одақ қазірде, өзінің *мін-*

Осы қатенің дәл өзі романтикке оған әбден лайықты *реакционер* деген атақ бергізеді, оның бер жағында, бұл терминнен жай әншейін орта ғасырлық мекемелердің қайта құрылуын тілегендік деген мағына шықпайды, қайта нақ жаңа қоғамды ескі патриархтық аршынмен өлшеуге әрекет жасағандық деген мағына шығады, үлгіні өзгерген экономикалық жағдайларға мүлде сай келмейтін ескі тәртіптер мен дәстүрлерден іздеуді тілегендік деген мағына шығады.

Эфруси бұл жағдайды мүлде түсінбеген. Сисмондидің теориясына реакцияшыл деп берілген сипаттаманы ол нақ дөрекі, тұрпайы мағынада түсінген. Эфруси қысылған екен... Цехтарды ешбір қайта құрғысы келмейтіні жөнінде турадан-тура айтып отырғанда, Сисмонди реакционер бола ма? бұл қалай болғаны — деді Эфруси. Сонымен Эфруси: Сисмондиді «кертартпалық істеді» деп бұлай «кінәлау» әділетсіздік; қайта Сисмонди «цех ұйымына дұрыс көзбен» қарады және «оның тарихи маңызын толық бағалады» (№ 7, 147-бет), былайша айтқанда, бұл пәлендей, түгендей профессорлардың цехтық ұйымының жақсы жақтары жөнінде жүргізген тарихи зерттеулері арқылы анықталды деген шешімге келді.

Quasi-оқымысты * жазушылардан екінің бірінде-ақ ағаштың тасасынан тоғайды көрмеушілік сияқты таңданарлық қабілет табыла кетеді! Сисмондидің цехтар жөніндегі көзқарасының ерекше және мәнді болатын себебі нақ сонда, ол өзінің практикалық тілектерін осы цехтармен байланыстырады **. *Дәл сондықтан да реакцияшыл* деген сипаттама оның ілімімен байланысты келеді. Ал Эфруси болса ешбір жөн-жосықсыз цехтар жөніндегі ең жаңа тарихи шығармалар туралы пікір қозғауға кіріседі!

Осы орынсыз және quasi-оқымыстылық пайымдаулардың нәтижесі сол — Эфруси мәселенің бар мәніне:

деттілігі себепті, шаруалардың өзі үшін де, бүкіл қоғамның дамуы үшін де *зиянды* болып отыр.

* — Жалған оқымыстылар. *Ред.*

** Тым болмаса цехтар туралы өзіміз пікір келтірген (Эфруси де пікір келтіріп отырған: 147-бет) жоғарыдағы тараудың тақырыбын қараңыз.

Сисмондидің доктринасын реакцияшыл деп сипаттау әділетті ме әлде әділетсіз бе? дегенге соқпай өте шыққан. Ол ең басты нәрсені — нақ Сисмондидің *көзқарасын* байқай алмаған. «Мені жұрт саяси экономияда қоғамдық прогрестің дұшпаны, варварлық және зорлау мекемелерінің партизаны етіп көрсетті,— деді Сисмонди.— Жоқ, мен болып өткен нәрсені тілемеймін, бірақ мен қазіргіге қарағанда басқа бір тәуір нәрсені тілеймін. Мен қазіргіні өткенмен салыстырмайынша қазіргі кезең жөнінде пікір қозғай алмаймын, бірақ мен, ескі қиратындылар арқылы қоғамның мәңгі мұқтаждарын дәлелдеп отырғанымда сол ескі қиратындыларды қалпына келтіру ниетінен аулақпын» (II, 433). Романтиктердің *тілектері* (халықшылдардікі сияқты) өте жақсы-ақ тілек. Капитализмнің қайшылықтарын түсіну оларды бұл қайшылықтарды бекер дейтін су қараңғы оптимистерден жоғары қояды. Жұрт Сисмондиді реакционер деп танығанда тіпті де оның орта ғасырларға қайта оралғысы келгені үшін реакционер деп танымайды; оны жұрт дәл мынасы үшін, өзінің практикалық тілектерінде оның «қазіргіні» болашақпен салыстырмай, «өткендегімен салыстырғаны» үшін, оның «қоғамның мәңгі мұқтаждарын» * ең жаңа дамудың тенденциялары *арқылы* дәлелдемей, «қиратындылар» *арқылы* «дәлелдегені» үшін реакционер деп таниды. Сисмондимен бір кезде және онан кейін де «қоғамның мәңгі мұқтаждарын» дәлелдеп келген басқа жазушылардан Сисмондиді ерекше айырып көрсететін оның дәл осы ұсақ буржуазиялық көзқарасын Эфруси түсіне алмаған.

«Ұсақ буржуазиялық», «реакцияшыл» доктрина деген терминдерді дәл осы сияқты тар мағынада түсінетіндігі Эфрусидің осы қатесінен көрінді, бұл туралы біз жоғарыда бірінші термин жөнінде сөз қылғанда айтып өткенбіз. Бұл терминдер ұсақ дүкеншінің өзімшілдік пиғылдарын немесе қоғам дамуын кідіртіп, кейін оралуды тілейтіндікті ешбір көрсетпейді: ол терминдер осы жазушының көзқарасының *қателігін* ғана, оның түсінігі-

* Қайталап айтайық, оның бұл мұқтаждықтарды *дәлелдегендігі* оны тар өрісті буржуазиялық экономистерден өлшеусіз жоғары дәрежеге көтереді.

нің, ой-өрісінің, ой-өрісі болғанда, практика жүзінде шындыққа аспай қалатын, ұсақ өндірушіні ғана қанағаттандыра алатын немесе ескіні жақтаушыларға қызмет қылатын құралдарды іріктеп алғызатын (аса жақсы мақсатқа жету үшін) ой-өрісінің тарлығын көрсетеді. Мәселен, Сисмонди тіпті де ұсақ *меншіктің* фанатигі емес. Ол бірлесудің, одақтасудың қажет екенін осы күнгі біздің халықшылдардан ешбір кем түсінбейді. Ол өнеркәсіп орындарындағы «пайданың жартысының» «ассоциацияға бірлескен жұмысшылар арасында бөлініп берілуін» тілейді (II, 346). Ол, «өндірістің» барлық «табыстары өндірісте істейтін адамдардың игілігіне жұмсалатындай» (II, 438) «ассоциация системасының» болуын турадан-тура жақтап сөйлейді. Сол кезде мәлім болған Оуэннің, Фурьенің, Томпсонның, Мюироннның (Muiron) ілімдеріне өз ілімінің қатысы жөнінде айта келіп, Сисмонди былай дейді: «Белгілі өнімді бірігіп өндірген адамдарды бір-біріне қарсы оппозицияға қоюдың орнына, олардың арасында ассоциацияның жүзеге асырылуын солар сияқты мен де тілер едім. Бірақ мен олардың бұл мақсатқа жету үшін ұсынған шаралары бір кездерде соған жеткізе алады екен деп ойламаймын» (II, 365).

Сисмонди мен бұл жазушылардың арасындағы айырмашылық нақ олардың *көзқарасында* жатыр. Сондықтан бұл көзқарасты түсінбеген Эфруси, Сисмондидің бұл жазушыларға қалай қарайтынын мүлде қате баяндағаны әбден табиғи нәрсе.

«Русское Богатствоның» № 8, 57-бетінен біз мынаны оқимыз: «Егер Сисмонди өз замандастарына тым әлсіз ықпал етсе, егер ол ұсынған әлеуметтік реформалар жүзеге аспаса, онда мұны негізінен оның өз заманынан едәуір озып кетуімен түсіндіруге болады. Ол жазу ісіне буржуазия өзінің рақат тұрмысының бастапқы дәуірін тойлап жатқан кезде араласты... Әрине, мұндай жағдайларда әлеуметтік реформаларды талап еткен адамның үні айдалада зарлаған адамның үнімен бірдей болып қала беретіні түсінікті ғой. Бірақ кейінгі ұрпақтардың да оған оншама тәуір қарамағанын біз білеміз. Бәлки, мұның себебі жоғарыда өзіміз айтқандай, Сис-

мондидің өтпелі заманның жазушысы болғанынан шығар; ол ірі өзгерістердің болуын тілесе де, сонда да болса ескіден біржола қол үзе алмайды. Сондықтан сабырлы адамдарға ол тым радикал сияқтанып көрінді, ал анағұрлым әсіре бағыттар өкілдерінің пікірінше ол тым сабырлы болды».

Біріншіден, өзінің ұсынған реформаларымен Сисмонди «заманынан озық тұрды» деу — өзі жөнінде мен қазіргіні өткендегімен салыстырдым деп отырған Сисмондидің доктринасының нағыз мәнін мүлде түсінбеу деген сөз. Сисмондидің фабрика заңын *, тағы сондай нәрселерді іш тартқандығына бола ғана, Сисмонди теориясының жалпы рухы мен жалпы маңызын байқамай өте шығу үшін барып тұрған соқырлық (немесе романтизмге шексіз құмартушылық) керек болды.

Екіншіден, Эфруси былай деп біледі: Сисмонди мен басқа жазушылардың арасындағы айырмашылық ұсынылған реформалардың *батылдық дәрежесінде* ғана: басқа жазушылар ілгері қарай қадам басты, ал Сисмонди болса ескіден толық арылып болған жоқ.

Мәселе мұнда емес. Сисмонди мен ол жазушылардың арасындағы айырмашылық әлдеқайда тереңде жатыр, бұл айырмашылық тіпті де біреулерінің ілгері қадам басып, екіншілерінің жүрексіз қорқақ болғанында емес **, реформалардың *сипатының өзін* олардың *біріне-бірі мүлде қарама-қарсы* екі түрлі көзқарас тұрғысынан түсінгенінде. Сисмонди «қоғамның мәңгі мұқтаждарын» дәлелдеді, ал ол жазушылар да қоғамның мәңгі мұқтаждарын дәлелдеген болатын. Сисмонди утопист болды, өзінің тілектерін нақтылы мүдделерге емес, абстракт идеяға негіздеді,— ол жазушылар да утопистер еді, олар

* Әуелі бұл мәселе жөнінде де Сисмонди заманынан «озық тұрған» емес, өйткені ол бұл қайта құрудың ірі машиналы индустриямен және оның прогрестік тарихи жұмысымен байланысы барын түсіне алмай, қазірдің өзінде-ақ Англияда жүзеге асырылғанды ғана құптай салған.

** Бұл жөнінде аталған жазушылардың арасында айырмашылық жоқ деп айтқымыз келмейді, бірақ ол айырмашылық *мәселені түсіндірмейді* және Сисмондидің басқа жазушыларға көзқарасын теріс көрсетеді: жасаған қорытындыларының батылдығы және дәйектілігі жағынан ғана айырмашылығы болып, олар бейне бір бірдей көзқараста тұрған сияқты болып көрінеді. Мәселе Сисмондидің *оншама алысқа* «ұзамағандығында» емес, қайта оның *кейін* «шегініп», ал әлгі жазушылардың *алға* «қадам басқандығында».

да өздерінің жоспарларын абстракт идеяға негіздеп жасады. Бірақ «мәңгі мұқтаждар» туралы мәселе қойған ең жаңа экономикалық дамуға олар *мүлде қарама-қарсы* көзқарастар тұрғысынан қарады, осының салдарынан олардың жоспарлары *сипатының* нақ өзі мүлде түрліше болып отыр. Әлгі көрсетілген жазушылар болашақты болжай алды, өздерінің көз алдында бұрынғы машиналы индустрия жүргізген «қиратудың» тенденциясын данышпандықпен болжап білді. Олар шын дамудың бағыт алған жағына бет бұрды; олар шын мәнінде бұл дамудан *озық* болды. Ал Сисмонди бұл дамуға *сырт* айналып қарады; оның утопиясы болашақты болжамады, қайта өткенді қалпына келтірді; ол алға қарай көз салмай, «қирату ісін тоқтатуды», әлгі аталған жазушылар өз утопиясын туғызып шығарған * «қиратудың» *дәл өзін* тоқтатуды арман етіп, өткенге көз тікті. Міне, сондықтан Сисмондидің утопиясын жұрт әбден әділетті түрде реакцияшыл утопия деп таниды. Тағы да қайталап айтамыз, мұндай сипаттама беруге негіз болатын *тек мынау* ғана: Сисмонди өткен ғасырдың аяқ шенінен бастап ірі машиналы индустрияның батыс европалық мемлекеттердегі ескі, жартылай орта ғасырлық, патриархтық қоғамдық қатынастарды «қиратуының» прогрестік маңызын түсінбеді.

Сисмондидің бұл айрықша көзқарасы тіпті оның жалпы «ассоциация» жөніндегі пайымдауларының ішінен де көрінеді. Ол былай дейді: «Мен мануфактура меншігінің (la propriété des manufactures) сан миллиондаған ақшасы бар бір адамның қолына жиналмай, толып жатқан орташа капиталистердің арасында бөлініп берілуін тілеймін...» (II, 365). Ұсақ буржуаның көзқарасы мынадай тирадада одан да айқын көрінді: «Кедейлер табын емес, күндікшілер табын жою керек; оларды қайтадан меншіктілер табының қатарына қайтару керек» (II, 308). Меншіктілер табының *«қатарына қайтару ке-*

---

* «Кооперативті фабрикалар мен кооперативті дүкендердің атасы болған, бірақ қайта құрылыстың осы бір-бірінен оқшау элементтерінің маңызы (Tragweite) жөніндегі өзінің ізбасарларының бос қиялына ешбір қосылмаған Роберт Оуэн,— дейді Маркс,— өзінің жасаған тәжірибелерінде іс жүзінде тек фабрика системасын ғана негізге алып қойған жоқ, сонымен қатар, теория жүзінде де оны «әлеуметтік төңкерістің» басталар жері деп жариялады» [87].

рек» — Сисмонди доктринасының бар мәні, міне, осы сөздерде!

Әлбетте, өзінің игі тілектерінің іске аспайтынын Сисмондидің өзі сезуге тиіс еді, сол игі тілектері мен осы замангы мүдделер алалығының арасындағы бадырайып тұрған үйлесімсіздікті сезуге тиіс еді. «Бір өндірісте (qui concourrent à la même production) бірге істейтін адамдардың мүдделерін қайта біріктіру міндетінің... қиын іс екені даусыз, бірақ мен бұл қиыншылықты жұрттың жорамалдайтынындай, соншалықты зор деп ойламаймын» (II, 450) *. Өзінің тілектері мен үміттерінің шындық жағдайларымен және сол жағдайлардың дамуымен осылай үйлеспей отырғандығын сезіну «меншіктілер қатарына қосылуға» және т. с. «әлі де кеш емес» екенін дәлелдеуге талаптанғызатыны табиғи нәрсе. Романтик осы замангы құрылыстың қайшылықтарының *дамып жетпегендігіне*, елдің *мешеулігіне* сүйенуге тырысады. «Халықтар біз табалдырығынан аттаған бостандық системасын жеңіп алды (әңгіме феодализмнің құлауы туралы болған); бірақ халықтар ұзақ уақыт бойы мойнынан түспеген бұғауды қиратқан кезде, еңбекші таптар (les hommes de peine — еңбек өкілдері) меншік атаулының бәрінен де айрылмаған еді. Деревняда олар, тең ортақшылар ретінде, чиншевиктер (censitaires), арендаторлар ретінде жер иеленді (ils se trouvèrent associés à la propriété du sol). Қалаларда — өзара қорғану үшін өздері құрған корпорациялардың, қолөнер одақтарының (métiers) мүшелері ретінде, олар дербес өнеркәсіпшілер болды (ils se trouvèrent associés à la propriété de leur industrie). Тек біздің заманымызда ғана, тек осы ең соңғы кезде ғана (c'est dans ce moment même) байлық прогресі мен бәсеке осы ассоциациялардың барлығын қиратып отыр. Бірақ бұл қирату ісі (révolution) әлі тең жартылай да біткен жоқ» (II, 437).

«Рас, қазір бір ұлт қана осы табиғи емес күйде тұр; жалған байлықтың (richesse apparente) және қоғамдық қайырымдылық есебінен күнелтуге мәжбүр болған ха-

* «Орыс қоғамының шешпекші міндеті күн санап күрделі бола түсуде. Капитализмнің басып алулары күннен-күнге ұлғайып барады...» (ibid.).

лықтың оннан бір бөлігінің керемет қайыршылығының осы ұдайы кереғар көрінісін біз бір ұлттан ғана көреміз. Бірақ, басқа жағынан өнеге алуға әбден лайық, тіпті өздерінің қателері жағынан да тым ғажап бұл ұлт өзінің үлгісімен континенттің барлық мемлекет адамдарын еліктірді. Ал егер осылай ойлау енді ұлтқа пайда келтіре алмайтын болса, онда мен, ең болмағанда, ұлттың бағыт алып бара жатқан жолының қауіптілігін көрсетіп, оның қауіптілігін өзімнің тәжірибеммен дәлелдеп, саяси экономияны шексіз бәсеке принципіне негіздеу — мұның аты адамзаттың мүддесін кісінің жеке басының құмартатыны түгел бір кезде білінуіне құрбан еткендік деп дәлелдеп, адам баласына және өз отандастарыма қызмет етем бе деп ойлаймын» (II, 368) *. Сисмонди өзінің «Nouveaux Principes»-ін осылай аяқтайды.

Сисмонди мен оның теориясының жалпы маңызын Маркс мына пікірінде ап-айқын етіп тұжырымдады: Маркстің бұл пікірі алдымен батыс европалық экономикалық өмірдің мұндай теорияны туғызған (және соның өзінде капитализмнің онда ірі машиналы индустрияны жаңадан ғана жасай бастаған дәуірінде туғызған) жағдайларының очеркін баяндап, ал содан соң сол теорияға баға да береді **.

«Орта ғасырлық мещандар мен ұсақ шаруалар сословиесі осы заманғы буржуазиядан бұрын шыққандар еді. Өнеркәсіп пен сауда жағынан оншама дамымаған елдерде бұл тап дамып келе жатқан буржуазияның қасында күні бүгінге дейін мұқтаждықта өмір сүріп келеді.

Осы заманғы мәдениет дамыған елдерде буржуазиялық орта сословие (бұл сословие пролетариат пен буржуазияның арасында ауытқып отырады) құрылған және ол капиталистік қоғамның қосымша бөлігі ретінде үнемі жаңадан құрылып та келеді. Бірақ бәсеке бұл тапқа жататын адамдарды ылғи пролетариаттың қатарына ығыстырып отырады, сонымен олар ірі өнеркәсіп-

* «Орыс қоғамы аса қиын, бірақ шешілмеуі мүмкін емес ұлы міндетті шешу керек — халықтың өндіргіш күштерін, оны болмашы ғана азшылық емес, бүкіл халық пайдалана алатындай түрде дамытуы керек» (Н.— он, 343).

** «Р. Б.-ның» 8-номерінің 57-бетіндегі, сондай-ақ «Р. Б.-ның» 6-номерінің 94-бетіндегі Н.— он мырзаның мақаласындағы цитаттарды салыстырыңыз.

тің дамуына байланысты өздерінің осы заманғы қоғамның дербес бір бөлігі ретінде мүлде жоғалатын кезінің, саудада, мануфактурада және егіншілікте де өздерінің орнын надзирательдер мен жалдама қызметкерлердің басатын кезінің таянғанын күні бұрын болжай бастап отыр.

Бүкіл халқының тең жартысынан едәуір көбі шаруалар болып отырған Франция сияқты елдерде пролетариат жағына шығып алып, капиталистік жағдайларға ұсақ буржуазиялық және ұсақ шаруалық өлшемді қолданған және жұмысшылардың ісін ұсақ буржуазиялық тұрғыдан жақтаған жазушылардың пайда болуы табиғи нәрсе болды. Ұсақ буржуазиялық әлеуметтік ілім осылай туды. Сисмонди тек Францияда ғана емес, сонымен қатар Англияда да осы тектес әдебиеттің көш басында тұр.

Бұл ілім өндірістің осы заманғы жағдайларының қайшылықтарын тамаша байқай білді. Ол ілім экономистердің екіжүзділік оптимизмін әшкереледі. Ол ілім машиналы өндіріс пен еңбек бөлінісінің қиратушылық қимылын, капиталдар мен жер меншігінің шоғырлануын, өнімнің артық өндірілуі мен дағдарыстарды, ұсақ буржуазия мен шаруалардың сөзсіз апат болатынын, пролетариаттың қайыршылық күйін, өндірістегі анархияны, байлықты бөлісудегі барып тұрған әділетсіздікті, ұлттардың өзара жүргізіп жатқан күйзеліске ұшырататын өнеркәсіп қырқысын, ескі әдет-ғұрыптардың, ескі семьялық қатынастар мен ежелден келе жатқан ұлттардың ыдырауын көрсетті *.

Бұл бағыттың қойған талаптарының ұнамды жағы не өндіріс пен айырбас ісінің ескі әдістерін, ал сонымен бірге бұрынғы мүліктік қатынастар мен ескі қоғамдық құрылысты қайтадан қалпына келтіруде; не болмаса ол бағыт осы күнгі өндіріс әдісі мен айырбас әдістерін бұрынғы мүлік қатынастарының шеңберінде күшпен ұстап тұруға тырысады; ал бұрынғы мүлік қатынастарын олар қазірдің өзінде-ақ талқандап үлгірген және қажетті түрде талқандауға да тиіс еді. Бұл бағыт осы екі жағ-

* Эфруси бұл үзіндіні *«Р. Б*-воның» 8-номерінің 57-бетінде (соңғы абзацтың бірінші жолынан бастап) келтіріп отыр.

дайдың екеуінде де бір мезгілде әрі реакциялық, әрі утопиялық бағыт болып табылады.

Өнеркәсіптің цехтық ұйымы мен патриархтық ауыл шаруашылығы — ол бағыттың ең жеткен жері осы» * [88].

Сисмонди доктринасының әрбір жеке мүшесін талдаған кезімізде біз бұл сипаттаманың әділдігін көрсетуге тырыстық. Ал енді, Эфрусидің романтизмді баяндауындағы, сынап және оған баға берyіндегі барлық қателіктерінің ақыр соңында оның осы арада қолданған кісі күлерлік бір тәсілін ғана айтып өтейік. Мақаласының ең басында (*«Р. Б-воның»* 7-номерінде) Эфрусидің Сисмондиді реакционерлердің және утопистердің қатарына қосу «әділетсіз» және «қате» (I. с., 138-бет) дегені оқушының есінде болар. Мұндай тезисті дәлелдеу үшін, Эфруси, біріншіден, ең басты мәселе жөнінде, атап айтқанда, Сисмонди *көзқарасының* капиталистік қоғамның ерекше табы — ұсақ өндірушілердің жағдайы мен мүдделеріне байланысты екені жөнінде тіптен жұмған аузын ашпай, жалтарып кеткен; екіншіден, Сисмонди теориясының жекелеген қағидаларын талдағанда, Эфруси оның ең жаңа теорияға көзқарасын ішінара мүлде теріс бағытта түсіндірген, мұны біз жоғарыда көрсетіп өткенбіз, ал ішінара, Сисмондиден «әрі ұзай алмаған» неміс ғалымдарын дәлелге алумен Сисмондиді жақтап, ең жаңа теорияны әншейін елемей кеткен; үшіншіден, ең соңында Эфруси Сисмондиге берілген бағаны мына түрде түйіп айтпақ болған: «Симонд де Сисмондидің маңызына біздің (!) көзқарасымызды»,— дейді ол,— немістің бір экономисінің «мына бір сөздерімен түйіп айта аламыз (!!)» (*«Р. Б.»* № 8, 57-бет); содан әрі жоғарыда сөз болған үзіндіден цитат келтірілген, яғни осы экономист берген сипаттаманың тек *бір аз ғана бөлігі* келтірілген, бірақ оның дәл мына бөлімі, Сисмонди теориясының ең жаңа қоғамның айрықша табымен байла-

* *«Р. Б.-водағы»* аталған мақаланы салыстырыңыз, 1894 ж., № 6, 88-бет. Н.— он мырза бұл үзіндінің аудармасында екі жерін дәл аудармай және бір жерін қалдырып кетеді. «Ұсақ буржуазиялық» және «ұсақ шаруалық» деп аударудың орнына ол «тар мещандық» және «тар шаруалық» деп аударады. Түпнұсқасында der Arbeiter деген сөз тұрса да, «жұмысшылардың ісі» деудің орнына «халықтың ісі» деп аударады. «Қажетті түрде талқандауға тиіс еді» (gesprengt werden mußten) деген сөздерді ол қалдырып кетеді.

нысы анықталатын бөлімі және түпкілікті жасалған қорытындының Сисмондидің реакцияшылдығы мен утопизмі туралы баяндайтын бөлімі қалдырылып кеткен! Ол-ол ма. Эфруси Сисмондиге берілген *тұтас* баға жөнінде ешбір түсінік бермейтін сол пікірдің *кішкене ғана бір бөлігін* ала салумен тынбаған және сөйтіп бұл экономистің Сисмондиге көзқарасын мүлде теріс тұрғыда түсіндірген. Ол тағы да дәл сол экономистің көзқарастарын айтып беруші ғана адам болғансып, Сисмондиді онан әрі боямалап көрсеткісі келген.

«Бұған,— дейді Эфруси,— бірсыпыра теориялық көзқарастар жөнінен Сисмондидің ең жаңа аса көрнекті экономистерге * ізашар болғандығын қосайық; оның капиталдан түсетін кіріс жөніндегі, дағдарыс жөніндегі көзқарастарын, оның ұлттық табысты түр-түрге бөлуін және тағы басқаларын еске түсірейік» (ibid.). Сонымен, Сисмондидің неміс экономисі көрсеткен сіңірген еңбектеріне Сисмондидің дәл сол экономист көрсеткен ұсақ буржуазиялық көзқарасын, оның утопиясының реакцияшылдық сипатын *қосудың* орнына, Эфруси тағы да сол экономистің берген бағасы бойынша Сисмондидің *іліміндегі бірде-бір ғылыми сөз жоқ бөлімдерінің* («ұлттық табысты түр-түрге бөлу» сияқты) *нақ өзін* оның *сіңірген еңбектерінің* қатарына *қосады.*

Экономикалық доктриналардың түсініктемесін экономикалық шындықтан іздеу керек деген пікірге Эфрусидің тіпті қосылмауы да мүмкін; А. Вагнердің «ұлттық табыстың түр-түрге бөлінуі» жөніндегі теориясының «нағыз аса көрнекті» теория екендігіне ол кәміл сенген болар,— деп бізге қарсы дау да айтар.— Әбден сенеміз. Бірақ іс жүзінде Эфруси бұл теорияның Сисмондиге қатыстылығын мүлде түсінбей отырғанда және бұл қатыстылықты мүлде теріс түрде көрсету үшін мүмкін нәрсенің (тіпті мүмкін емес нәрсенің де) бәрін істеп отырғанда, біз оған «қосыламыз» деп айтуды халықшыл мырзалар тәуір көретін теориямен Эфрусидің назданууына қандай правосы бар?

* Адольф Вагнер сықылды ма? *К. Т.*

Егер мәселе жалғыз Эфруси жөнінде ғана — есімі халықшыл әдебиеттен бірінші рет дерлік кездесіп отырған жазушы жөнінде ғана болып отырса, онда біз бұл мәселеге осыншалық көп орын беріп жатпаған болар едік. Біз үшін маңыздысы Эфрусидің жеке басы және тіпті оның көзқарастары да емес, біз үшін маңыздысы *жалпы алғанда немістің атақты экономисінің халықшылдар қосылғансыған теориясына халықшылдардың қалай қарайтындығы.* Эфрусидің басқалардан айрықша тіпті де пәлендей бір ерекшелігі жоқ. Қайта, оның үлгісі нағыз жиі кездесетін үлгі, сондықтан, мұны дәлелдеу үшін, біз барлық жерлерде де Сисмондидің көзқарасы мен теориясының және Н.— он мырзаның * көзқарасы мен теориясының арасына салыстырма жүргізіп отырдық. Бұлардың арасында түп-түгел ұқсастық бар болып шықты: екі жазушыда да теориялық көзқарастары, капитализмге көзқарасы және практикалық қорытындылары мен тілектерінің сипаты да *біртектес* болып шықты. Ал, Н.— он мырзаның көзқарастары халықшылдардың соңғы сөзі деп аталуы мүмкін болатындықтан, онда біздің: *халықшылдардың экономикалық ілімі жалпы европалық романтизмнің орыс топырағына тән бір түрі ғана* деген қорытынды шығаруға правомыз бар.

Бір жағынан, Россияның тарихи және экономикалық өзгешеліктері және, екінші жағынан, оның әлдеқайда көп артта қалғандығы халықшылдардың ерекше зор айырмашылықтарын туғызатыны өзінен-өзі түсінікті. Бірақ бұл айырмашылықтар түр жағының айырмашылықтарының шегінен шығып кете алмайды, сондықтан да халықшылдық пен ұсақ буржуазиялық романтизмнің *біртектілігін* өзгертпейді.

Ең жаңа теория романтизмге мейлінше теріс көзқараста болса да және ол ұсақ буржуазиялық ілімдердің барлық түрлеріне қарсы аяусыз күресте өсіп жетілсе де, халықшыл экономистердің ең жаңа теориямен «келісетіндігін» мәлімдеуі және ең жаңа теорияны екінің бірін-

* Екінші бір халықшыл экономист, В. В., мырза, жоғарыда көрсетілген аса маңызды мәселелер жөнінде Н.— он мырзамен толық келіседі және одан айырмашылығы оның анағұрлым қара дүрсін көзқараста болуында ғана.

де *дәлелге* алулары арқылы өзінің романтизмін бүркемелеуге тырысатындығы, бәлкім, халықшылдардың аса көрнекті және өзіне көбірек назар аудартатын ерекшелігі болып табылар.

Сисмонди теориясын талдаудың ерекше мәні болатын себебі дәл мынада — оны талдау мұндай киім алмастырудың *жалпы тәсілдерін* талдап қарауға мүмкіндік береді.

Романтизм *де*, ең жаңа теория *да* осы күнгі қоғамдық шаруашылықтың *сол белгілі бір* қайшылықтарын *көрсететінін* біз көрдік. Халықшылдар осы жағдаймен пайдаланып та отыр, олар дағдарыстардан, сыртқы рынок іздеуден, тұтыну дәрежесі төмендеп бара жатқанда өндірістің өсуінен, баж қамқорлығынан, машиналы индустрияның зиянды әрекетінен және т. т. және т. с. көрінетін қайшылықтарды ең жаңа теорияның мойындайтынын *дәлелге алады*. Халықшылдардың айтқандары әбден дұрыс та: ең жаңа теория шынында да романтизм де мойындаған *бұл* қайшылықтардың *бәрін мойындайды*. Бірақ қайшылықтарды шаруашылықтың қазіргі құрылысының негізінен туатын түрлі мүдделерге әкеп тірейтін осы қайшылықтарға жүргізілген ғылыми талдаудың қайшылықтар жөніндегі бұл нұсқауларды игі тілектер үшін ғана пайдаланудан қандай айырмашылығы бар екені туралы халықшылдардың бірде-біреуі бұрынды-соңды мәселе қойды ма? деген сұрақ туады. Жоқ, мәселе қойған жоқ, ең жаңа теорияның романтизмнен нақ айырмашылық жерін сипаттайтын бұл мәселеге жасалған талдауды халықшылдардың бірде-біреуінен кездестірмейміз. Халықшылдар қайшылықтар жөніндегі өздерінің нұсқауларын дәл әлгідегідей игі тілектер үшін ғана пайдаланады.

Онан соң, капитализм жөніндегі сентиментальдық сынның капитализм жөніндегі ғылыми, диалектикалық сыннан айырмашылығының неде екендігі туралы халықшылдардың бірде-біреуі бұрынды-соңды мәселе қойды ма? деген сұрақ туады.— Ең жаңа теорияның романтизмнен екінші бір аса маңызды ерекшелігін сипаттап көрсететін бұл мәселені халықшылдардың бірде-бірі қойған емес. Қоғамдық-шаруашылық қатынастардың

дәл қазіргі дамуын өз теорияларының өлшемі етіп алуды халықшылдардың бірде-бірі керек деп тапқан жоқ (ал ғылыми сынның негізгі ерекшелігі осы өлшемді қолданғандығында ғой).

Ақырында, мынадай сұрақ туады: романтизмнің ұсақ өндірісті дәріптеп және оның негіздерін «капитализмнің қиратуына» көз жасын төгетін көзқарасының,— машина қолданатын капиталистік ірі өндірісті өз көзқарастарының бастама негізі деп санайтын және ұсақ өндірістің «негіздерін қиратуды» (біз, жалғыз Россияда ғана емес, *барлық жерлерде де* қоғамдық ой-пікірді таңқалдырарлықтай шұғыл және қатаң түрде машиналы ірі индустрияның әсерінен болған қоғамдық қатынастарды қайта құру процесін айқын сипаттайтын осы жалпы алынып жүрген халықшылдық сөзді қолданып отырмыз) прогрестік құбылыс деп жариялайтын, ең жаңа теорияның көзқарасынан айырмашылығы неде екендігі туралы бірде-бір халықшылдың мәселе қойған кезі болды ма? — Жоқ, қойған емес. Бірде-бір халықшыл бұл мәселемен шұғылданған жоқ, бірде-біреуі Батыс Европадағы ұсақ өндірістің «негіздерін қиратуды» жұртқа прогрестік деп тануға мәжбүр еткен өлшемдерді орыстың ұсақ өндірісінің «негіздерін қиратуға» қолдану үшін тырысқан жоқ, сөйтіп олардың барлығы да ұсақ өндірістің негіздері жөнінде уайымдап, қиратушылықты тоқтатайық дегенді ұсынады, көз жасын төгіп, «ең жаңа теория» дегеніңіз дәл осы деп жұртты сендірмек болады...

Батыс Европа ғылымы мен өмірінің соңғы күй-жайына сүйеніп, өздері капитализм жөніндегі мәселені жаңа және өз алдына дербес шешетін теория етіп көрсеткен олардың «теориясын» Сисмондидің теориясымен салыстырып қарау мұндай теорияның капитализм дамуы мен қоғамдық ой-пікірдің дамуының қандай қара дүрсін кезеңінде шыққанын айқын көрсетеді. Бірақ істің мәні бұл теорияның ескіргендігінде емес. Россия үшін мүлдем жаңа болып табылатын Европаның өте ежелгі теориялары аз ба! Істің мәні мынада: *бұл теория пайда болған кездің өзінде-ақ ол ұсақ буржуазиялық және реакцияшыл теория болды.*

VI

АНГЛИЯДА АСТЫҚҚА САЛЫНАТЫН БАЖ САЛЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ РОМАНТИЗМ МЕН ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯНЫҢ БАҒАЛАУЫ

Романтизмнің осы заманғы экономияның басты пункттері жөніндегі теориясын ең жаңа теориямен салыстыруды біз тағы бір *практикалық* мәселе жөніндегі олардың пайымдауларын салыстырумен толықтырамыз. Мұндай салыстырудың ерекше қажет болып отырған себебі, бір жағынан, бұл практикалық мәселе капитализм жөніндегі ең ірі, принципті мәселелердің бірі болып отыр; екінші жағынан, оның себебі, бір-біріне дұшпан бұл теориялардың неғұрлым көрнекті екі өкілі бұл мәселе жөнінде өз пікірлерін айтып шықты.

Біз Англиядағы *астық заңдары* туралы және олардың жойылуы жөнінде айтып отырмыз [89]. Бұл мәселе үстіміздегі ғасырдың екінші ширегінде тек ағылшын экономистерінің ғана емес, сонымен қатар континент экономистерінің де назарын мықтап аударды: мұның өзі баж саясатының әсте жеке мәселесі емес, сауда еркіндігі жөніндегі, бәсеке еркіндігі жөніндегі, «капитализмнің тағдыры» жөніндегі жалпы мәселе екенін жұрттың бәрі де түсінді. Атап айтқанда, әңгіме бәсеке еркіндігін толық жүргізу арқылы капитализмді кемеліне келтіру жөнінде болды, Англияда өткен ғасырдың аяқ шенінен басталған машиналы ірі индустрияның ұсақ өндірістің негіздерін «қиратуын» аяқтауға жол ашу жөнінде болды, *егіншілікте* осы «қиратуды» кідіртіп отырған кедергілерді жою жөнінде болды. Өзіміз сөз қылғалы отырған континент экономистерінің екеуі де бұл мәселеге нақ *осылай* қарады.

Сисмонди өзінің «Nouveaux Principes»-терінің екінші басылуына «астықпен сауда жасау жөніндегі заңдар туралы» (I, III, ch. X) деген айрықша тарау қосқан.

Ол ең алдымен мәселенің әбден толғағы жеткенін атап көрсетеді: «Қазіргі кезде ағылшын халқының тең жартысы астық заңдарының жойылуын талап етіп отыр, талап еткенде ол заңдарды қолдайтын адамдарға қатты ашумен талап етеді; ал екінші жартысы ол заң-

дарды жойғысы келетіндерге қарсы кекті ыза үнін білдіріп, ол заңдардың сақталуын талап етеді» (I, 251).

Мәселені талдай келіп, Сисмонди ағылшын фермерлерінің мүдделері өздеріне *remunerating price* (тиімді немесе зиянсыз бағаны) қамтамасыз ету үшін астыққа баж салынуын тілейтінін көрсетеді. Ал мануфактурашылардың мүдделері астық заңдарының жойылуын тілейді, өйткені мануфактуралар сыртқы рыноктарсыз тұра алмайды, ал ағылшынның шетке зат шығаруының онан әрі дамуы шеттен зат әкелуді қиындататын заңдар арқылы кідіртіліп келді: «Мануфактурашылар былай деді: товар өткізетін жерлердегі өзіміз кездестіретін рыноктың товарға лық толғандығы сол астық заңдарының салдары, континенттің бай адамдары біздің товарларымызды сатып ала алмай отыр, өйткені олар өзінің астығын өткізе алмай жүр» (I, 254) *.

«Шетел астығына рынок ашу, сірә, ағылшын жер иеленушілерін күйзелтіп, аренда ақысын қисапсыз төмендетіп жіберетін болар. Күмән жоқ, бұл — үлкен апат, бірақ мұның өзі әділетсіздік болмаған болар еді» (I, 254). Сөйтіп Сисмонди жер иелерінің табысы, олардың «қоғамға» (капиталистік қоғамға ма?) көрсететін қызметіне (sic!! **) сай келуге тиіс дегенді және т. б. барынша аңқаулықпен дәлелдеуге кіріседі. «Фермерлер,— дейді онан соң Сисмонди,— өз капиталын, ең болмағанда, жарым-жартылап егіншіліктен шығарып алады».

Сисмондидің бұл пайымдауынан (ал ол осы пайымдаумен қанағаттана салады) экономикалық дамудың шындық өмірде бар процесіне жеткілікті көңіл бөлмейтін романтизмнің негізгі кемшілігі көрініп тұр. Англияда фермерліктің бірте-бірте дамуы мен өсуін Сисмондидің өзі атап өткенін біз көрдік. Бірақ ол осы процестің

* Дағдарыс себептерінің неғұрлым терең екенін және рынок жөнді кеңейтілмеген жағдайда дағдарыстардың сөзсіз болатынын елемейтін ағылшын фабриканттарының бұл түсіндірмесі қаншалықты бір жақты болғанымен де, онда шетелге өнім шығарып сату, *жалпы* және *тұтас алғанда*, соған сәйкес шетелден өнім әкелуді керек қылады деген әбден әділ пікірдің бар екені даусыз.— Ағылшын фабриканттарының бұл нұсқауын капиталистік қоғамда өнімді өткізу жөніндегі мәселеден: «товарды шетелге еткізеді» деген терең ойлы ескерту жасаумен құтыла кететін экономистердің есіне алуы үшін ұсынамыз.

** — солай!! *Ред.*

себептерін зерттеудің орнына, ол процесті айыптауға көшуге асығады. Егіншілікте капитализм дамуының жалпы тенденциясын және астық заңдарын жойғанда *бұл процестің* сөзсіз *жылдамдайтынын*, яғни Сисмондидің егіншілік құлдырап кетеді деген болжамының орнына егіншіліктің капиталистік прогресс жасағанын Сисмондидің байқамай отырғанын тек осы асығыстықпен, тарихқа өзінің сәбилік тілектерін таңғысы келгенімен ғана түсіндіруге болады.

Бірақ Сисмондидің өзіне сенімі күшті. Ол осы капиталистік процестің қайшылығына таяу келісімен-ақ «ағылшын елі» жүріп келе жатқан жолдың қателігін қайткенде де дәлелдеуге тырысып, капиталистік процесті аңқаулықпен дереу «теріске шығаруға» кіріседі. «Күндікші немен айналыспақ?.. Жұмыс тоқталып, егіндік жер мал жайылымына айналмақ... Жұмысқа алынбаған 540 000 семьяның көрген күні не болмақ? * Олар өнеркәсіп жұмыстарының қандайына болса да жарап кетеді деп ойлағанның өзінде де, қазіргі кезде оларды жұмысқа ала қоятын индустрия бар ма?.. Өзі басқарып отырған ұлттың тең жартысын осындай дағдарысқа ұшыратуға еркімен бел байлайтын үкімет табыла қоя ма?.. Осылайша, егіншілер біреулерге құрбан етілсе, сол адамдардың өздері бұдан пәлендей пайда таба ала ма? Бұл егіншілер — ағылшын мануфактураларының ең жақын және ең сенімді тұтынушылары ғой. Олардың тұтынудан қалуы индустрияға шетелдің ең ірі рыноктарының бірінің жабылғанынан гөрі анағұрлым апатты соққы болып тиер еді» (255—256). Атышулы «ішкі рыноктың тарылуы» деген тағы да пайда бола кетіп отыр. «Ұлттың тең жартысына жуық болып отырған бүкіл ағылшын егіншілер табының тұтынудан қалуынан мануфактуралар қаншама зиян шегеді десеңізші? Жер иеленушіліктен түсетін табыстары мүлде құруға айналатын бай адамдардың тұтынудан қалуынан мануфак-

* Сисмонди капитализмнің жарамсыздығын «дәлелдеу» үшін дереу шамамен алып есеп жасайды (мұндайды, мысалы, біздің орыс романтигі В. В. мырза соншама тәуір көреді). 600 000 семья, дейді ол, егіншілікте істейді. Егіндік жерлер мал жайылымына айналғанда бұл санның оннан бір бөлігінен басқасы «керек» болмайды... Жазушы процестің бүкіл күрделілігін неғұрлым кем түсінген сайын, ол соғұрлым балаларша «көзбен шамалап» есеп жасауды көбейте түседі.

туралар қанша зиян шегеді десеңізші?» (267). Фабриканттардың өндірісі мен олардың байлығының дамуына тән қайшылықтар олардың қателігі мен есеп білмейтіндігін ғана көрсетеді дегенді фабриканттарға дәлелдеу үшін романтик барынша тырысып бағады. Сөйтіп капитализмнің «қауіптілігіне» фабриканттардың «көзін жеткізу» үшін, Сисмонди поляк астығы мен орыс астығының таяудағы болатын бәсекесін тәптіштеп суреттеп шығады (р. 257—261). Ол алуан түрлі дәлелдерді келтіріп бағады, тіпті ағылшындардың намысына да тигісі келеді. «Егер орыс императоры Англиядан нендей бір жеңілдік алуды ғана тілеп, Балтық теңізінің порттарын жауып тастап, Англияны аштан қатыру қолынан келетін жағдайда болса, онда Англияның абыройынан не қалмақ?» (268). «Ақша құдіретін дәріптеудің» қателігін Сисмондидің зат сату кезінде оп-оңай көз бояуға болатындығымен қалай дәлелдегенін оқушымыз есіне түсіріп қарасын... Сисмонди бишара шаруалардың бәсекесіне бай фермерлердің төтеп бере алмайтынын (жоғарыда цитат келтірілген) көрсете келіп, фермерліктің теориялық түсінік берушілерінің пікірлерін «теріске шығарғысы» келеді, сөйтіп, ақыр аяғында, «ағылшын елінің» жүріп келе жатқан жолының «қателігін» дәлелдегеніне, сірә, кәміл сене отырып, қайтадан өзінің сүйікті қорытындысын жасайды. «Англияның үлгісі бізге бұл практиканың (Сисмонди l'habitude de se fournir soi-même-ні, «өз білегінің күшімен күн көруді» қарама-қарсы қойып отырған ақша шаруашылығының дамуы) қауіпті болмай қалмайтынын көрсетеді» (263). «Шаруашылық системасының өзі (атап айтқанда, фермерлік) жаман, қауіпті базиске негізделіп отыр, сондықтан нақ сол системаны өзгертуге тырысу керек» (266).

Шаруашылықтың белгілі системасында белгілі бір мүдделердің қақтығысуынан туған нақтылы мәселе, сонымен, сәбилік тілектердің иіріліміне батырылып, жоқ болды! Бірақ мүдделі жақтардың өзінің мәселені батыл қойғандығы сонша — мәселені бұлай «шешумен» қанағаттану (барлық басқа мәселелер жөнінде романтизм осымен қанағаттанады) енді ешбір мүмкін болмады.

«Алайда, не істеу керек? — деп күйзеле сұрақ қояды Сисмонди,— Англияның порттарын ашу керек пе әлде жабу керек пе? Англияның мануфактурадағы немесе селодағы жұмысшыларын аштық пен өлімге қию керек пе? Шын мәнісінде, мұның өзі жан түршігерлік мәселе; ағылшын министрлігінің халі өте ауыр, мұндай жағдайға тек мемлекет адамдары ғана кезіге алады» (260). Сонымен, Сисмонди фермерлік системасының «қауіптілігі» жөніндегі, «бүкіл егіншілікті саудагерлік системасына бағындырудың қауіптілігі» жөніндегі «жалпы қорытындыға» қайта-қайта оралады да тұрады. Бірақ «мануфактураларда істейтін ұлттың тең жартысы аштықтан азап көріп, ұлттың осы бөлігінің талап етіп отырған шаралары ұлттың егіншілікте істейтін екінші жартысын аштыққа ұшыратқалы отырғанда, Англияда ұсақ фермалардың маңызын көтерерлік (remettraient en honneur) шараларды,— шара болғанда, мәнді, бірақ сонымен бірге бірте-бірте жүргізілетін шараларды,— қалай қабылдауға болатынын мен білмеймін. Мен астықпен сауда жасау жөніндегі заңдарға елеулі өзгерістер енгізуді қажет деп санаймын; бірақ мен ол заңдардың толық жойылуын талап ететін адамдарға мына мәселелерді қадағалап зерттеңіз деп кеңес беремін» (267),— бұл арада егіншіліктің құлдырауы, ішкі рыноктың тарылуы жөніндегі, т. с. ежелгі шағымдар мен ескертулер айтылған.

Сонымен, өмір шындығымен алғаш кездескенде-ақ, романтизмнің әбден масқарасы шықты. Ол өзіне-өзі testimonium paupertatis * беруге және оны алғанына жеке өзі қол қоюға мәжбүр болды. «Теориядағы» барлық мәселелерді романтизмнің қалай оп-оңай, жай «шеше» салғанын естеріңізге түсіріңіздер! Протекционизм — ақылға қонымсыз, капитализм — апатқа ұшырататын адасқандық, Англияның жүрген жолы — қате әрі қауіпті, өндіріс тұтынумен қатар жүруге тиіс, өнеркәсіп пен сауда егіншілікпен қатар жүруге тиіс, машиналар тек ақыны арттырған немесе жұмыс күнін қысқартқан кезде ғана тиімді, өндіріс құрал-жабдықтарын

* — жарлылық туралы куәлік. *Ред.*

өндірушілерден бөлмеу керек, айырбас өндірістен озып кетпеуге, саудагерлікке әкеп соқпауға тиіс, т. т., т. б. Әрбір қайшылықты романтизм тиісті сентиментальдық құрғақ сөзбен тығындады, әрбір сұрауға тиісті сәбилік тілектермен жауап берді және күнделікті өмірдің барлық фактілеріне осындай айдар тағуды мәселенің «шешілуі» деп атады. Мәселелердің бұлай мейірімділікпен оңай, жеңіл шешілгендігіне таңдануға болмайды, мәселелерді бұлай шешкенде олар мына бір сәл ғана жағдайды — шиеленісуінен қайшылық туған нақты мүдделерді елемеді. Бұл қайшылықтың өрши түсуі, астық заңдарының жойылар алдында Англияда болған партиялар күресі сияқты ерекше күшті тартыстардың біріне романтикті бетпе-бет кездестірген кезде,— біздің романтик мүлде абдырап қалды. Қиялға шомып, қайырымды тілектер тілеумен жүрген романтиктің көңіл күйі тамаша болды, ол жалпы «қоғам» атаулыға лайықты (бірақ қоғамның ешбір белгілі бір тарихи құрылысына лайықты емес) өсиет-өнеге сөздерді шеберлікпен бұрқыратты, бірақ өзінің қиял дүниесінен шығып, шындық өмір мен мүдделер күресінің қыспағына түскен кезде — оның қолында тіпті нақтылы мәселелерді шешуге керекті өлшемі де болмай шықты. Дерексіз қағидалар мен абстрактілі шешімдерге әдет алғандық — мәселені: халықтың қайсысын күйзеліске ұшырату керек, егіншіліктегі халықты ма әлде мануфактурадағы халықты ма? деген жалаң тұжырымға апарып тіреді.— Әрине, романтик ешкімді де күйзеліске ұшыратпау керек, «алған бағыттан ауытқу» керек деген қорытынды шығармай тұра алмады... бірақ нақтылы қайшылықтардың оны жан-жағынан қысып қоршап алғаны сонша, оның қайтадан қайырымды тілектердің тұманына шомуына ырық бермейді, енді романтик *жауап беруге* мәжбүр болды. Сисмонди тіпті қатарынан екі бірдей жауап берді: біріншісі — «мен білмеймін»; екіншісі — «бір жағынан, мойындамауға болмайды, екінші жағынан, мойындау қажет» [90].

Карл Маркс 1848 жылғы 9 январьда Брюссельде көпшілік жиналысында «сауда еркіндігі туралы сөз» * сөйледі. «Саяси экономия есеп-қисап ғылымы емес, мораль ғылымы» деп мәлімдеген романтизмге қарама-қарсы, ол — *мүддлелерді* нақ жай ғана байсалды түрде *есепке алуды* өз баяндауының бастама пункті етіп алды. Астық заңдары жөніндегі мәселеге ұлттың таңдап алып отырған «система» мәселесі ретінде немесе заң мәселесі ретінде қараудың орнына (Сисмонди осылай қараған), шешен бұл мәселені фабриканттар мен жер иелері мүдделерінің қақтығысуы етіп көрсетуден бастады, сөйтіп ағылшын фабриканттарының бұл мәселені жалпы халыққа бірдей мәселе етіп қоюға қалай тырысқанын, өздерін халық игілігіне қызмет етудеміз деп, жұмысшыларды сендіруге қалай тырысқанын көрсетіп берді. Мәселені реформаны жүзеге асырарда заң шығарушының есіне алуына тиісті ой-пікірлері түрінде баяндаған романтикке қарама-қарсы, шешен мәселені ағылшын қоғамының әр түрлі таптарының нақтылы мүдделерінің қақтығысуына әкеліп тіреді. Ол фабриканттар үшін шикізаттардың арзандатылуының қажеттігін бүкіл мәселенің негізі ретінде көрсетті. Ол «Боуринг (Bowring), Брайт (Bright) және солардың жолдас-жоралары сияқты, өзін құрбан етуге даяр адамдарды өзінің ата жауы» деп білген ағылшын жұмысшыларының сенімсіздік көзқарасын сипаттап берді.

«Фабриканттар көп шығын шығарып, сарайлар салады; бұл сарайларда Anti-Corn-Law-League (астық заңдарына қарсы лига) [92] өзінше нендей бір резиденциясын орналастырады, олар еркін сауда дінін уағыздау үшін Англияның барлық жерлеріне тұтас бір апостолдар армиясын жібереді. Олар қызметші адамның көзін ашу үшін солардың жеке басының мүддесі жөнінде мыңдаған дана кітапшалар шығарып, оларды жұртқа тегін таратады. Олар баспасөзді өз жағына тартып алу үшін орасан көп ақша жұмсайды. Еркін сауда жасау қозғалысын басқару үшін олар құдіреті күшті әкімшілік ап-

* «Discours sur le libre échande» («Сауда еркіндігі туралы сөз». *Ред.*). Біз немісше аударmасын пайдаланып отырмыз: «Rede über die Frage des Freihandels» [91].

паратын ұйымдастырады және жұртшылық митингтерінде өзінің қызыл тілінің бар өнерін көрсетеді. Осындай митингтердің бірінде бір жұмысшы дауыстап былай деген: «Егер жер иелері біздің сүйектерімізді сата қалса, сонда сіздер, фабриканттар, бу диірменіне жіберіп, сүйектен ұн тарттыру үшін оларды алдымен сатып алар едіңіздер!» Англияның қызмет адамдары жер иелері мен фабриканттардың арасындағы күрестің маңызын әбден жақсы түсінген. Жалақыны кеміту үшін астықтың бағасын кеміткісі келетінін олар жақсы біледі, сонымен бірге рента қаншама төмен түссе, капиталға қосылатын пайданың соншама артатынын олар жақсы біледі» [93].

Сонымен, *мәселенің қойылысының* өзі Сисмондидікіне қарағанда мүлде өзгеше болып отыр. Мұндағы қойылып отырған міндет, 1-ден, ағылшын қоғамының түрліше таптарының мүдделері тұрғысынан алғанда олардың мәселеге көзқарасын түсіндіру; 2-ден, ағылшынның қоғамдық шаруашылығының жалпы эволюциясында реформаның қандай маңызы бар екенін ашып көрсету.

Осы соңғы пункт жөнінде шешеннің көзқарастары мына жөнінен Сисмондидің көзқарастарымен бір жерден шығады: шешен де бұл арада дәл Сисмонди сияқты жеке мәселені емес, жалпы капитализмнің дамуы жөніндегі, система ретіндегі «еркін сауда» жөніндегі *жалпы мәселені* көріп отыр. «Англияда астық заңдарының жойылуы XIX ғасырда еркін сауданың қолы жеткен ең ұлы жеңісі болды» [94]. «Астық заңдарының жойылуымен еркін бәсеке, қоғамдық шаруашылықтың осы күнгі құрылысы өз дамуының ең ақтық шегіне жеткізіледі» *. Демек, бұл авторлар үшін бұл мәселе *капитализмнің*

* «Die Lage der arbeitenden Klasse in England» (1845) [95]. Текстіде баяндалып отырған сөз астық заңдары жойылғаннан *кейінгі* кезеңде айтылса да, бұл шығарма астық заңдары жойылмастан *бұрын* дәл осындай тұрғыда жазылған (1846). Бірақ уақыт жөнінен айырмашылықтың біз үшін маңызы жоқ: екі автордың *мәселе қоюдағы элементтерінің* толық ұқсастығын көру үшін Сисмондидің 1827 жылға қатысты жоғарыда келтірілген пайымдауларын 1848 жылғы осы сөзбен салыстырып қараудың өзі жеткілікті. Сисмондиді ең соңғы кездегі неміс экономисімен салыстыру идеясының өзін біздер «Handwörterbuch der Staatswissenschaften» B. V, Art. «Sismondi» von *Lippert*, Seite 679-дан алдық. Буларды салыстырудың ерекше маңызы бар мәселе болып шыққандығы сонша,— Липперт мырзаның мәселені баяндауы өзінің бүкіл топастығын... яғни «объективтілігін» бірден жойды, сөйтіп қызықты, жанды және тіпті құштарлықты баяндау болып шықты.

одан әрі дамуын немесе оның кідіртілуін, «басқа жолдар» ізделуін, тағы сондайларды *тілегеніміз жөн бе* деп қаралатын мәселе болып отыр. Сонымен, олардың бұл мәселеге мақұлдап жауап беруі Англиядағы астық заңдары жөніндегі жеке мәселені емес, «капитализмнің тағдырлары» жөніндегі жалпы принциптік мәселені шешкендік болып табылатыны бізге мәлім, өйткені бұл арада анықталған көзқарас бұдан әлдеқайда кейінірек басқа мемлекеттер жөнінде де қолданылған. Авторлар 1840 жылдары Германия жөнінде де, Америка жөнінде де * осындай көзқарастарда болып, Америка үшін еркін бәсекенің прогрестілігін жариялады; Германия жөнінде авторлардың бірі 60-жылдардың өзінде-ақ: Германия тек капитализмнен ғана емес, сонымен қатар капитализмнің жеткілікті түрде дамымағандығынан да зиян көріп отыр деп жазды [98].

Баяндалып отырған сөзге қайта оралайық. Біз мәселені ағылшын қоғамының түрлі таптарының мүдделеріне апарып тіреген шешеннің принципті түрдегі басқаша көзқарасын көрсетіп оттік. Астық заңдарын жоюдың қоғамдық шаруашылықтағы маңызы жөніндегі оның таза теориялық мәселе қоюында да осындай зор айырмашылықтың бар екенін көреміз. Шешен үшін Англияның қандай *системадан* үлгі алуы, оның қандай жолды таңдап алуы (Англияның қазірдің өзінде-ақ бұл жолды белгілейтін өткен және қазіргі тарихы бар екендігін ұмытып, Сисмонди мәселені осылай қояды) керек деген мәселе абстрактілі мәселе емес. Жоқ, ол мәселені бірден *қазіргі қоғамдық-шаруашылық құрылысқа* негіздеп қойып отыр; ол өзіне: астық заңдары жойылғаннан кейін бұл құрылыстың дамуындағы *келесі қадамы* қандай *болуға тиіс* деген сұрау қояды.

Бұл мәселенің қиындығы астық заңдары жойылуының *егіншілікке* қалай әсер ететінін анықтауда болды,— өйткені оның өнеркәсіпке қалай әсер ететіні жұрттың бәріне айқын еді.

Астық заңдарын жоюдың егіншілікке де пайдалылығын дәлелдеу үшін, Anti-Corn-Law-League астық заң-

* «Neue Zeit» [96]-тен Маркстің «Westphälisches Dampfboot» [97]-та басылып, жақында табылған мақалаларын салыстырыңыз.

дарын жоюдың ағылшын егіншілігіне игілікті әсер ететіндігі туралы жазылатын таңдаулы үш шығармаға сыйлық тағайындады. Шешен үш лауреаттың үшеуінің де, Гоп (Hope), Морз (Morse) және Грегтің (Greg) көзқарастарын қысқаша баяндап шығады да, шығармасы анағұрлым ғылыми тұрғыда жазылған, классикалық саяси экономия белгілеген принциптерді анағұрлым қатаң түрде қолданып отырған соңғысын бірден өз алдына бөлек алып қарайды.

Көбінесе ірі фермерлер үшін жазу ісімен айналысқан, өзі ірі фабрикант Грег: астық заңдарының жойылуы ұсақ фермерлерді егіншіліктен ығыстырып шығарады, бұлар жұмыс іздеп индустрияға барады, бірақ бұл жерді неғұрлым ұзақ мерзімге жалға алуға, жерге көп капитал жұмсауға, астықтың арзандауымен бірге арзандауға тиіс еңбекті аз жұмсап, машиналарды көп қолдануға мүмкіндік алатын ірі фермерлерге пайдалы болады деп дәлелдейді. Шеттен тасылып әкелінетін арзан астықтың бәсекесіне төтеп бере алмайтын, сапасы нашар жерлердің өңдеуден шығып қалатындығынан жер иелерінің неғұрлым аз рентаны қанағат тұтуына тура келеді.

Осы болжамды және егіншіліктегі капитализмді ашықтан-ашық қорғауды анағұрлым ғылыми деп таныған шешеннің мұнысы әбден дұрыс болып шықты. Тарих бұл болжамды ақтап шықты. «Астық заңдарының жойылуы ағылшын егіншілігіне үлкен серпіліс болды... Селоның жұмысшы халқының мүлде кемуі — өңделген жердің кеңейтілуімен, дақылдың интенсивтілігімен, жерге жұмсалатын және оны өңдеуге кететін капиталдың бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде қорлануымен, ағылшын агрономиясының тарихында теңдесі болмаған жер өнімінің артуымен, жер иелерінің алатын рентасының өсуімен, капиталистік арендаторлардың байлығының артуымен қоян-қолтық бірге жүріп отырды... Жаңа әдістердің негізгі шарты бір акр жерге капиталды көбірек жұмсау, демек, фермаларды жедел шоғырландыру болды» *.

* 1867 жылы жазылған [99].— Рентаның өсуіне келсек, онда бұл құбылысты түсіндіру үшін дифференциалдық рентаға ең соңғы кезде жасалған талдау арқылы белгіленген заңды еске алу керек, атап айтқанда, *рентаның артуы астық бағасының төмендеуімен қатар мүмкін бо-*

Бірақ, шешен, әлбетте, Грегтің пайымдауларының неғұрлым дұрыстығын бұлай мойындаумен тына салмаған. Грег айтқан бұл пікір жалпы ағылшын егіншілігі жөнінде сөз қылып, астық заңдарының жойылуынан ұлтқа жалпы пайда келетіндігін дәлелдеуге тырысып жүрген еркін сауданы жақтаушылардың сылтауы болған. Жоғарыда өзіміз баяндап өткен пікірден кейін, шешеннің көзқарасының мұндай болмағаны айқын болып тұр.

Ол өз сөзінде еркін сауданы жақтаушылар соншама дәріптеп жүрген астық бағасының төмендеуі жалақының сөзсіз кемуін, «еңбек» товарының (дәлірек айтқанда, жұмыс күшінің) арзандауын көрсететіндігін түсіндіріп берді; астықтың арзандауы жұмысшы үшін бұл ақының төмендеуін ешқашан да теңгеріп ұстап тұра алмайтынын түсіндіріп берді, оның себебі, біріншіден, астықтың бағасы төмендегенде өзіне басқа бұйымдар сатып алуына мүмкіндік алу мақсатымен қызметшінің жейтін нанынан үнем жасауы қиынға соғатын болады; оның себебі, екіншіден, индустрия прогресі сыраны арақпен, нанды картоппен, жүн мен зығырды мақтадан тоқылған матамен алмастырып, тұтыну заттарын арзандатады, мұның бәрі арқылы қызметшінің тұтынуы мен тұрмыс дәрежесін төмендетеді.

Сонымен, біз шешеннің, *сірә,* дәл Сисмондиге ұқсап, мәселенің элементтерін анықтап отырғанын көреміз: ұсақ фермерлердің күйзелуін, өнеркәсіп пен егіншіліктегі жұмысшылардың қайыршылық халге ұшырауын ол *да* еркін сауданың сөзсіз болатын салдары деп таниды.

латынын еске алу керек. «1846 жылы ағылшынның астыққа түсетін баж салықтары жойылған кезде, ағылшын фабриканттары біздер мұнымен жер иеленушілік аристократиясын қайыршыға айналдырдық деп ойлады. Оның орнына ол аристократия бұрынғысынан да байып кетті. Бұл қалай болды? Мұның еш нәрсесі жоқ. Біріншіден, контракт бойынша фермерлерден олардың жылына бір акр жерге 8 фунт стерлинг жұмсауының орнына 12 фунт стерлинг жұмсауын талап ете бастады, ал, 2-ден, жер иелері, төменгі палатада өте көп өкілдері болғандықтан, өздерінің жерлерін құрғату үшін және басқа да жақсартулар енгізу үшін мемлекеттен көп несие ақша алатын болды. Еш жерде ең нашар деген жерлердің өзі біржола тасталмағандықтан, ал ең әрі кеткенде — ондай жерлер басқа мақсаттар үшін пайдаланылып отырғандықтан, пайдаланылғанда да көбінесе уақытша пайдаланылғандықтан, ренталар жерге капиталдың көп жұмсалуымен пропорционалды түрде өсіп отырды, сондықтан жер иеленуші аристократия бұрынғысынан да гөрі жақсы жағдайда болып шықты» («Das Kapital», III, 2, 259 («Капитал», III т., 2-бөлім, 259-бет [100]. *Ред.*)).

«Цитат келтіру» жөнінен ерекше шеберлігімен көзге түсетін біздің халықшылдар, дәл осы тұста, өздерінің бүтіндей «қосылатындығын» толық қанағат сезімімен мәлімдеп, әдетте «көшірмелер» келтіруін доғара қояды. Бірақ мұндай тәсілдер, біріншіден, мәселе қоюдағы жоғарыда өзіміз көрсеткен орасан зор айырмашылықтарды олардың түсінбей отырғанын ғана көрсетеді; екіншіден, олардың мына жағдайды: жаңа теорияның романтизмнен түбірлі айырмашылығының *дәл осы арадан ғана* басталатынын байқамай отырғанын көрсетеді: романтик шын дамудың нақты мәселелерінен қиялдарға бет бұрады, ал реалист анықталған фактілерді нақты мәселені белгілі бір түрде шешу үшін өлшем етіп алады.

Жұмысшылар жағдайының таяуда жақсаратындығын көрсете келіп, шешен онан әрі былай деді:

«Экономистер бұған бізге былай деп қарсы шығады: Ал, жақсы, біз, еркін сауда үстем болып тұрғанда қызметшілердің арасындағы, сірә, кеми қоймайтын бәсекенің жалақыны товарлардың неғұрлым арзан бағасымен тез сәйкестендіретініне келісейік. Бірақ, екінші жағынан, товар бағасының төмендеуі тұтынудың өсуіне әкеп соғады; тұтынудың өсуі өнімді көптеп өндіруді керек қылады, ал бұл жағдай жұмыс күшіне деген мұқтаждықты күшейте түседі; осы жұмыс күшіне деген мұқтаждықтың күшейе түсуінің нәтижесінде жалақы артатын болады.

Бұл дәлелдердің бәрі мынаған келіп саяды: *еркін сауда өндіргіш күштерді арттырады.* Егер өнеркәсіп ұлғая түссе, егер байлық, өндіргіш күштер, бір сөзбен айтқанда, өндіруші капитал еңбекті көп керексінсе, онда еңбектің бағасы, демек, жалақы да артады. *Капиталдың ұлғаюы жұмысшыға неғұрлым қолайлы жағдай болып табылады. Мұнымен келісу қажет* *. Егер капитал өзгеріссіз қалатын болса, онда өнеркәсіп бір қалпынан аумай тұра алмайды, ол құлдырап кейін кете бастайды, сондықтан қызметші бұл ретте оның құлдырауының бірінші құрбаны болып шығады. Қызметші капиталистен бұрын мерт болады. Ал капитал арта түскен жағ-

---

* Курсив біздікі.

дайда, яғни бұған дейін айтылғандағыдай, қызметшіге *тиімді* ретте арта түскен жағдайда, қызметшінің тағдыры қандай болмақ? Ол бәрібір нақ осылай мерт болады...» [101]. Сонымен, шешен, ағылшын экономистерінің мәліметтерін пайдалана отырып, мыналарды: капиталдың шоғырлануы шебер орындалатын еңбекті жай еңбекпен алмастыру арқасында жұмыс күшін арзандататын еңбек бөлінісін қалай күшейтетінін, машиналардың жұмысшыларды қалай ығыстыратынын, ірі капитал ұсақ өнеркәсіпшілер мен ұсақ рантьелерді қалай күйзелтіп, жұмыссыздардың санын онан әрі көбейтетін дағдарыстарды қалай күшейте түсетінін егжей-тегжейлі түсіндіріп шықты. Оның жасаған талдауынан шыққан қорытынды мынау: сауда еркіндігі капиталдың еркін дамуын ғана көрсетеді, онан басқа дәнеңе де емес.

Сонымен, шешен: еркін сауда да, оны тежеп отыру да — мұның екеуі де жұмысшыларды күйзелтуге бастайтынын, алғаш қарағанда осы екеуінің бірін таңдауға лажсыз мәжбүр ететін мәселені, Сисмонди шеше алмай тоқыраған мәселені шешудің өлшемін таба білді. *Бұл өлшем — өндіргіш күштерінің дамуы.* Мәселенің тарихи негізде қойылуы өзін бірден көрсете алды: капитализмді сондай болуға тиіс қайдағы бір абстракт қоғаммен (яғни шын мәнінде утопиямен) салыстырудың орнына, автор оны қоғамдық шаруашылықтың *одан бұрынғы сатыларымен* салыстырды, капитализмнің түрлі сатыларының дәйектілікпен алмасып отыруына қарай, оларды салыстырып шықты, *сөйтіп капитализмнің дамуы арқасында қоғамның өндіргіш күштерінің даму фактісі болатынын көрсетіп берді.* Еркін сауданы жақтаушылардың дәлеліне ғылыми сын көзімен қараған шешен романтиктердің жасайтын дағдылы қатесін жасаған жоқ, ал романтиктер еркіп сауданы жақтаушылар дәлелінің бар мәнін теріске шығара отырып,«астаудағы сумен бірге астаудағы баланы да қоса төгіп» отырған болса, шешен ол дәлелдің таза дәнін, яғни күмән келтіруге болмайтын орасан зор техникалық прогресс фактісін айырып ала білді. Біздің халықшылдар өздеріне тән тілмарлығымен, әрине, мынадай қорытынды шығарар еді: *ұсақ өндірушіге қарсы* соншама ашықтан-

ашық *ірі капитал жағына* шығып отырған бұл автор — «ақша құдіретін дәріптеуші адам», өйткені ол континенттік Европаның көз алдында ағылшын тұрмысынан жасалған қорытындыларды сол кезде ірі машиналы индустриясы өзінің ең тұңғыш, әлі де жасқаншақ қадамдарын жасай бастаған өз отаныма да қолдандым деген еді. Ал оның бер жағында нақ осы мысалға сүйене отырып (сонымен қатар батыс европалық тарихтан алынған толып жатқан осындай мысалдарға сүйеніп), олар өздері ешбір түсіне алмай (бәлки, түсінгілері келмейтін?) жүрген құбылысты, атап айтқанда, ұсақ өндіріске қарағанда ірі капиталдың прогрестілігін мойындаудың «дәріптеушіліктен» әлдеқайда алыс екенін зерттей алған болар еді.

Сауда еркіндігі туралы сөйленген бұл сөздің теория жағынан да, «дәріптеушіліктің» қандайына болсын қарсы болатындығы жағынан да артықшылығына көз жеткізу үшін Сисмондиден алынып, жоғарыда баяндалған тарау мен осы сөзді еске алып өтудің өзі жеткілікті. Шешен ірі капиталдың дамуымен қатар жүріп отыратын қайшылықтарды бұрынды-соңды романтиктердің сипаттағанынан гөрі анағұрлым дәл, толық, тура, ашық сипаттап берді. Бірақ ол ешбір жерде де бұл даму жөнінде өкініш білдіріп, бірде-бір сентиментальдық құрғақ соз айтпады. Қандай да болсын «алған жолдан ауытқудың» мүмкіндігі туралы ешбір жерде оның аузынан титтей де сөз шыққан емес. Мұндай құрғақ сөзбен жұрттың мына жағдайды ғана бүркемелейтінін — өздерінің алдына өмір қойып отырған мәселеден, яғни қазіргі экономикалық шындық, қазіргі экономикалық даму, соның негізінде туып отырған қазіргі мүдделер қойып отырған мәселеден жұрттың өзінің басқа жаққа «бұлтарып отырғанын» ғана бүркемелейтінін шешен жақсы түсінді.

Жоғарыда көрсетілген, толық ғылыми өлшем оған дәйекті реалист болып қала отырып, бұл мәселені шешіп шығуына мүмкіндік берді.

«Алайда, мырзалар,— деді шешен,— еркін сауданы сынаған кезде, біздің қамқорлық системасын жақтағысы келеді екен деп ойламаңыздар» [102]. Сөйтіп, шешен қо-

ғамдық шаруашылықтың осы күнгі құрылысында еркін сауда мен протекционизмнің бірдей негізде екендігін көрсетті, батыс европалық мемлекеттердегі ескі шаруашылық тұрмыс пен ескі жартылай патриархтық қатынастарды «қирату» процесін, процесс болғанда капитализмнің Англия мен континентте жүргізген «қирату» процесін қысқаша көрсетіп өтті, мына қоғамдық фактіні: белгілі бір жағдайларда еркін сауданың бұл «қиратуды» *тездететінін* көрсетті *. «Міне, мырзалар,— деп сөзін қорытындылады шешен,— тек осы мағынада ғана мен сауда еркіндігін жақтап өз дауысымды беремін» [104].

---

* Астық заңдарын жоюдың бұл прогрестік маңызын *ол заң жойылмай тұрып-ақ* «Die Lage»-нің авторы да айқын көрсеткен (l. c., p. 179), көрсеткенде де, әсіресе оның өндірушілердің сана-сезіміне әсер ететінін ерекше атап көрсетті [103].

ФАБРИКАЛЫҚ ЖАҢА ЗАҢ [105]

1897 ж. жазда
айдауда жүргенде жазылған
Қосымшасы 1897 ж. күзде
жазылған

Бірінші рет 1899 ж.
Женевада жеке кітапша
болып басылған

Кітапшаның тексті
бойынша басылып отыр

ПРОЛЕТАРІИ ВСѢХЪ СТРАНЪ, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!

НОВЫЙ
Фабричный Законъ

Изданіе Россійской Соціальдемократической Рабочей Партіи

ЖЕНЕВА
Типографія „Союза Русскихъ Соціальдемократовъ“
1899

В. И. Лениннің «Фабрикалық жаңа заң» деген кітапшасының мұқабасы.— 1899 ж.

I

ФАБРИКАЛЫҚ ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ШЫҒАРЫЛУЫНА НЕ СЕБЕП БОЛДЫ?

Фабрикалар мен заводтарда жұмыс күнін қысқарту және мейрам күні демалыс белгілеу туралы 1897 жылғы екінші июньде фабрикалық жаңа заң шықты. Петербург жұмысшылары көптен күткен осы заңды, 1896 жылдың көктеміндегі жұмысшылардың жаппай стачкасынан қорыққан үкімет сол 1896 жылы-ақ уәде еткен болатын. Мақта жіп иіретін және мақта-мата тоқитын фабрикаларда болған жұмысшылардың осы жаппай стачкасының ізінше, басқа жерлерде де стачкалар болып жатты және жұмысшылар барлық жерде жұмыс күнінің қысқартылуын талап етті. Үкімет стачкаларға тағылық қудалау жазаларымен жауап берді, жұмысшыларды жаппай ұстап алып, сотсыз жер аударумен болды; үкімет қорыққанынан фабриканттар жұмысшыларды христиандықпен жақсы көреді деген ақымақтық бос сөздерді айтып, жұмысшыларға ықпал етуге тырысты (министр Виттенің 1895—1896 жылдары басылған фабрика инспекторларына арнаған нұсқау хаты *). Бірақ жұмысшылар бұл бос сөздерге әжуалы күлкімен ғана жауап берді және он мыңдаған, жүз мыңдаған жұмысшыларды қамтыған қозғалысты ешқандай қудалаушылық тоқтата алмады. Сонда үкімет икемге келудің және жұмысшылардың қойған талаптарының бір бөлігін болса да орындаудың қажет екенін түсінді. Стачка жасаушыларды айуандықпен қудалаудың және екіжүзділік,

* Қараңыз: осы том, 122-бет. *Ред.*

өтірік сөздермен алдарқатудың үстіне, Петербург жұмысшылары жұмыс күнін қысқарту туралы заң шығару жөнінде үкіметтің уәдесін алды. Бұл уәде жұмысшыларға бұрын-соңды болып көрмеген салтанаттылықпен финанс министрі атынан фабрикаларда жапсырылған ерекше хабарландыруларда [106] мәлімденді. Жұмысшылар уәденің орындалуын асығып күтті, заңның 1897 жылғы 19 апрельде шығуын күтті, үкіметтің толып жатқан мәлімдемелері сияқты, үкіметтің бұл уәдесі де өрескел өтірік болар деп ойлауға да әзір тұрды. Бірақ үкімет бұл жолы уәдесінде тұрды: заң шықты; бірақ оның *қандай* заң екенін төменде көреміз. Біз енді үкіметті уәдесін орындауға мәжбүр еткен жағдайларды қарап өтуіміз керек.

Біздің үкіметіміз жұмыс күнін қысқарту туралы мәселемен 1896 жылдан бастап емес, одан әлдеқайда көп бұрын шұғылданды. Мәселе бұдан 15 жыл бұрын көтерілген болатын: 1883 жылдың өзінде-ақ Петербург фабриканттары осындай заңның шығарылуын өтінген еді. Басқа фабриканттар да (атап айтқанда, поляк фабриканттары да) талай рет осындай өтініш жасаған болатын, бірақ жұмысшылардың жағдайын жақсарту жөніндегі басқа да толып жатқан жобалар сияқты, бұл өтініштердің бәрі де қаралмай жатып қала беретін. Орыс үкіметі мұндай жобаларды қарауға асықпайды; ондай жобалар ондаған жылдар бойы стол суырмасында сүр болып жата береді. Ал халық ақшасынан қайыр берілуін «өтінген» игі ниетті орыс жер иеленушілері сияқты мырзаларға бірнеше миллион сом садақа беру керек болған кезде, немесе «езілген» фабрикант мырзаларға жәрдем ақша немесе сыйлық тағайындау керек болған кезде,— міне, сонда орыс үкіметі асығады, чиновниктік, министрлік кеңселердің доңғалақтары ерекше бір «маймен» «майлап қойғандай» өте тез айналады. Ал, жұмысшыларға келгенде, заң жобаларының жылдар бойы, ондаған жылдар бойы қаралмай жатып қалатыны былай тұрсын (мысалы, кәсіпкерлердің жауапкершілігі туралы жобаның «әзірленіп» жатқанына қазірдің өзінде бір он жыл өтіп, екінші он жыл өтіп бара жатқан шығар), тіпті шығарылған заңдардың өзі де

қолданылмайды, өйткені императорлық үкіметтің чиновниктері фабрикант мырзаларды мазалауға ұялады (мысалы, фабриканттардың ауруханалар ашуы туралы 1886 жылғы заң көп реттерде күні бүгінге дейін қолданылмай келеді). Ал бұл жолы көптеп көтерілген мәселенің бірден қозғалуының себебі не? кезекке қойылмай, министрлік пен Мемлекеттік совет арқылы бірден шешіліп, жүзеге асырылуының себебі не? бірден заң жобасына айналып, заң болып шығуының себебі не? деген сұрақ туады. Чиновниктерді итермелеген, оларды сілккен, олардың елдес фабриканттарға жаңа талаптар қойып, «матасқысы» келмейтін қарыспалығын жеңген, сірә, бір күш болса керек. Бұл күш Петербург жұмысшылары еді және олардың 1895—1896 жылдары жасаған орасан зор стачкалары еді, бұл стачкалар социал-демократтар тарапынан («Күрес одағы» сияқты) жұмысшыларға жәрдем көрсетілуі арқасында үкіметке белгілі талаптар қоюмен, жұмысшылар арасында социалистік прокламациялар мен листоктар таратумен ұштастырылды. Өз мүдделерін ұғынған, күресу үшін бірлескен және жұмысшы ісін қорғайтын социал-демократтар партиясы басшылық етіп отырған жұмысшылар бұқарасын полицияның ешқандай қудалауы жеңе алмайтынын үкімет жақсы түсінді. Үкімет мәмлеге келуге мәжбүр болды. Бұдан 11 жыл бұрын, 1886 жылғы 3 июньде шығарылған ішкі тәртіп ережелері туралы, штрафтар туралы, еңбек нарқы, тағы басқалары туралы заң сияқты фабрикалық жаңа заңды да жұмысшылар үкіметке *еріксіз* шығарттырды, дәл сол сияқты бұл заңды да жұмысшылар өздерінің ең зұлым жауынан *тартып алды.* Ол кезде жұмысшылардың күресі Москва және Владимир губернияларында ерекше күшті болды. Ол күрес жаппай стачкалар түрінде де болды, сол кезде де жұмысшылар үкіметке айқын, нақтылы талаптар қойды, ал атақты Морозов стачкасы кезінде жұмысшылар көпшілігі ішінен инспекторға жұмысшылардың өздері жасаған шарттар ұсынылды. Бұл шарттарда, мысалы, жұмысшылардың штрафтарды қысқартуды талап ететіні туралы айтылды. Осының ізінше, 1886 жылғы 3 июньде шығарылған заңда жұмысшылардың бұл талап-

тарына тікелей *жауап берілді* және онда штрафтар туралы ережелер болды *.

Қазір де осылай болып отыр. Жұмысшылар 1896 жылы жұмыс күнінің қысқартылуын талап етті, өздерінің талабын орасан зор стачкалар арқылы қолдады. Үкімет енді қойылған талапқа жұмыс күнін қысқарту туралы заң шығарумен *жауап беріп отыр*. Ол кезде, 1886 жылы, үкімет жұмысшыларға жасаған жеңілдіктерін жұмысшы көтерілістерінің дүмпуінен қорқып орындаған еді және бұл жеңілдіктерді неғұрлым аз мөлшерге түсіруге тырысқан еді, фабриканттардың әдіс-айла жасауына саңылау қалдыруға тырысқан еді, жаңа ережелердің енгізілуін кідіртуге, жұмысшылардың талаптарынан үзіп-жұлып алып тастауға болатын нәрсенің бәрін қамтуға тырысқан еді. Қазір, 1897 жылы да, нақ сол кездегідей үкімет тек жұмысшы көтерілістерінің дүмпуінен ғана қорқып, икемге келіп отыр, дәл сол кездегідей, жұмысшыларға жасайтын жеңілдігін барынша азайтуға тырысып отыр, тіпті фабриканттардың ұсынған жұмыс күнінің өзін де көбейтіп, бірер сағат уақытты *саудалап*, жырып қалуға тырысып отыр, мейрамдарды міндетті демалыс күндерінің санына қоспай, оларды фабриканттардың пайдасына көбірек қалдыруға тырысып отыр, басты ережелерді министрлердің келешектегі жарлықтарына дейін кідіртіп, жаңа тәртіптерді енгізуді соза түсуге тырысып отыр. 1886 жылғы 3 июньдегі және 1897 жылғы 2 июньдегі заңдар, Россиядағы бұл басты фабрикалық заңдар, мұның екеуі де лажсыздан жасалған жеңілдік, оны орыс жұмысшылары полицейлік үкіметтен еріксіз тартып алды. Ол заңдардың екеуі де орыс үкіметінің жұмысшылардың нағыз заңды талаптарына *қалай* қарайтынын көрсетеді.

II

ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ДЕП НЕНІ ЕСЕПТЕУ КЕРЕК?

1897 жылғы 2 июньдегі заңды тәптіштеп қарап көрелік **. Бұған дейін айтқанымыздай, жаңа заң, 1-ден,

* Бұл жөнінде «Штрафтар туралы» деген кітапшаны қараңыз (осы том, 17—66-беттер. *Ред.*).

** Ол 1898 жылғы ноябрьден бастап күшіне енеді.

барлық жұмысшылар үшін жұмыс күніне шек қояды; 2-ден, жексенбі күнгі міндетті демалыс пен мейрам күнгі демалысты белгілейді. Жұмыс уақытының мөлшері туралы ереже шығармастан бұрын заң нақ не нәрсені жұмыс уақыты деп түсіну керек екенін белгілеуі тиіс. Жаңа заң бұдан кейін мынадай ереже шығарады: «Жалдану шарты бойынша, жұмысшының жұмыс істеу үшін кәсіпорын үйінде болуға және сол кәсіпорнын меңгерушінің билігінде болуға міндетті уақыты әрбір жұмысшының тәуліктік жұмыс уақыты немесе жұмыс сағаттарының саны болып есептеледі». Сөйтіп, белгіленген кестеге сәйкес немесе меңгерушінің талабы бойынша жұмысшының фабрикада болатын уақытының бәрі жұмыс уақыты болып есептелуге тиіс.

Жұмысшы осы уақыттың ішінде нағыз өз жұмысымен немесе дағдылы жұмыспен айналыса ма, немесе басқарушы оны басқа бір жұмыс істеуге қоса ма, немесе тіпті оны жай *күттіріп* қоя ма,— мұның бәрібір: жұмысшының фабрикада өткізген уақытының бәрі жұмыс уақыты болып есептелуге тиіс. Мысалы, кейбір фабрикаларда сенбі күндері қоңырау қағылғаннан кейін жұмысшылар машиналарды тазартады; заң бойынша машиналарды тазарту да *жұмыс уақытының бір бөлігі* болып есептелуге тиіс. Демек, егер фабрикант машина тазалағаны үшін жұмысшыға ештеңе төлемесе, онда фабрикант *жалданған жұмысшының жұмыс уақытын тегін пайдаланған* болады. Жұмысшыны кесімді ақы төлейтін болып жалдаған фабрикант оны жұмыссыз күттіріп қойса немесе оны істеп жатқан жұмысынан алып, өзіне бөлек ақы төленбейтін басқа бір көлденең жұмысқа қосса (мұның жиі кездесетіні әрбір жұмысшыға мәлім), онда фабрикант жалданған қызметкердің *жұмыс уақытымен тегін пайдаланған* болады. Жаңа заңдағы жұмыс уақытына берілген бұл анықтаманы жұмысшылардың есте тұтуы керек және соған сүйене отырып, қожайынның жұмыс күшін тегін пайдаланбақ болған әрекетінің қандайына болса да тойтарыс беріп отырулары қажет. Жұмыс уақытының мұндай анықтамасы жалдану шартынан өзінен-өзі туатыны түсінікті: кейбір жұмысшыға бұл әбден айқын, сондықтан бұл жөнінде сөз қылудың

да қажеті жоқ сияқты болып көрінеді. Бірақ үкімет капиталистерге жағымпазданып, заңның әрбір жұмысшыға өзінен-өзі айқын болып отырған көп жерлерін әдейі күңгірттейді. Міне, бұл арада да үкімет фабрикант мырзалардың әдіс-айласына аз да болса саңылау қалдыруға тырысқан. Заңда: *жалдану шарты бойынша* жұмысшының фабрикада болуға *міндетті* уақыты жұмыс уақыты болып есептеледі делінген. Ал жалдану шартында жұмысшының күніне пәлендей сағат фабрикада болуға міндетті екендігі туралы дәнеңе айтылмаса, онда қалай болады? Мысалы, механикалық заводтарда көбінесе жұмысшылардың қожайынмен жасасатын шартының мазмұны тек мынадай болады: жұмысшылар пәлендей ақыға пәлендей зат істеп шығаруды (машинаның белгілі бір тетігін, пәлендей винт немесе гайка, тағы сондайларды істеп шығаруды) міндетіне алады, ал жұмысшының бұл жұмысты орындауға жұмсайтын уақыты туралы *ештеңе де айтылмайды*. Мұндай ретте тәулік ішіндегі жұмыс сағатының саны туралы жаңа заңды қолдануға бола ма? Дұрыс ақылға салып қарағанда, әрине, қолдануға болады, өйткені жұмысшы жұмысты фабрикада істейді ғой,— ал мұны жұмыс уақыты деп есептеуге неге болмасын. Бірақ капиталист мырзалар мен оларды қолдайтын үкіметтің «дұрыс ақылы» мүлде өзгеше. Біз көшіріп жазған статьяның әрпіне сүйенсе, жұмыс уақытын қысқарту туралы заңды мұндай реттерге қолданбай қою да қиын емес. Фабрикант: шартта жұмысшыға фабрикада болуды *міндеттегенім* жоқ деп сылтау айтса болғаны — тәмәтта тәмам. Ал фабрикант атаулының бәрі бірдей бұл қулықты сезе қоятын шебер жалақор болмағандықтан финанс министрлігінің чиновниктері бүкіл Россияның көпестеріне жаңа заңдағы оларға пайдалы болып отырған осы саңылауды күні бұрын көрсетуге асығады. Финанс министрлігі көптен бері: «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли» [107] деген ерекше газетсымақ шығарып келеді; бұл — үкімет жарлықтарын жариялаудың үстіне орыс капиталистерінің табыстарын мақтауға тырысатын жәпе үкіметтің банкирлердің, фабриканттардың, көпестердің және жер иелерінің қалтасын қалың-

датуға қамқорлық істеуін халықтың қамы деп дәріптеуге тырысатын ресми газеттердің бірі. Жаңа заң шыққаннан кейін көп ұзамай осы газетсымақ жаңа заң туралы мақала басып шығарды («Вестник Финансовтың» 1897 жылғы 26-номерінде), бұл мақалада жаңа заңның маңызы егжей-тегжейлі түсіндірілді және жұмысшылардың денсаулығы жөнінде қамқорлық жасау, атап айтқанда, үкіметтің ролі болып табылады деп дәлелденді. Міне, нақ осы мақалада чиновниктер фабриканттарға жаңа заңды аттап өтуге саңылаулар бар екенін көрсетуге тырысты. Бұл мақалада: шартта жұмыс уақыты туралы дәнеңе айтылмаған реттерге жаңа заңды қолдануға болмайды, өйткені жұмысшыны белгілі бір көтерме жұмысқа алғанда *«ол енді жалданушы жұмысшы болмай, қайта заказ алған кісі болады»* деп ашықтан-ашық түсіндірілген. Демек, қолайсыз заңнан құтылу фабрикантқа оншама қиынға соқпайды: жұмысшыны жұмысшы деп атамай, «заказ алған кісі» деп атаса болғаны! Демек, *жұмысшының фабрикада* қожайынның билігінде *болатын* уақыты жұмыс уақыты болып саналады деудің орнына, заң *әдейі* көмескілеп, *шарт бойынша* жұмысшының фабрикада болуға *міндетті* уақыты туралы айтқан. Мұның бәрі бір сияқты болып көрінеді, бірақ шынында бұл жерде де жұмысшыларға зиян келтіру үшін әдейі түсініксіз етуден жиренбеген!

III

ЖАҢА ЗАҢ ЖҰМЫС УАҚЫТЫН ҚАНША ҚЫСҚАРТАДЫ?

1897 жылғы 2 июньдегі заң бойынша күндізгі жұмыс уақыты тәулігіне $11^1/_2$ сағат етіліп белгіленген. Сенбі күндері мен мейрам қарсаңындағы күндерде жұмыс уақыты — тәулігіне 10 сағат. Демек, жаңа заң бойынша жұмыс күнінің қысқартылуы тіпті болмашы ғана. Көптеген жұмысшылар үшін, ал олар Петербургте тіпті көп болса керек, бұл заң жұмыс уақытын *ешқандай қысқартпайды,* қайта тіпті оның ұзартылу қаупін туғызады. С.-Петербург заводтарында дағдылы жұмыс уақы-

ты — 10—10½ сағат. Заң бойынша жұмыс күнінің мұндай шамадан тыс ұзақ болып белгіленуі бұл заңның Петербургтегі мақта-жіп иіретін және мақта-мата тоқитын фабрикалардағы жұмысшылардың талаптарына жауап ретінде шығарылғанын айқын көрсетеді. Жаңа заң *бұл* жұмысшылардың жұмыс күнін, мүмкін, қысқартатын болар, өйткені бұрын олар көбінесе күніне 12—14 сағат жұмыс істеп келді. (Неліктен «мүмкін» дейтінімізді төменде түсіндіріп өтеміз). Заң бойынша 10 сағаттық жұмыс күні қолөнершілер үшін және әскери министрлікке қарайтын заводтар үшін тағайындалған. Алайда, үкімет фабрика жұмысшыларына жұмысты одан да көп істеткізуге болады, деп ұйғарды! Тіпті Петербург фабриканттары үкіметтен жұмыс күнін 11 сағатқа дейін қысқартуды өтінді! Жұмысшыларға бүкіл тәулік бойы екі сменамен жұмыс істеткізіп отырған және жұмысшылардан, сірә, әлі де жеткілікті соққы жемеген Москва фабриканттарының пайдасына үкімет тағы да жарты сағат уақыт қосуға ұйғарды. Жұмысшылардың қамын жейміз деп мақтана мәлімдеме жасайтын орыс үкіметі, іс жүзіне келгенде ұсақ саудагердей сараң болып шықты. Орыс үкіметі жұмысшылардың әрбір жарты сағат артық істеген жұмысынан сан мың сом артық пайда түсіретін фабриканттардан да сараң болып шықты. Үкімет фабриканттардың мүдделерін қорғап қана қоймай, оның үстіне *ең зұлым* фабриканттардың мүдделерін қорғайтынын; үкімет жұмысшыларға капиталистер табынан да асып түсетін қас дұшпан екенін жұмысшылар осы мысалдан айқын көре алады. Егер де *үкімет кедергі жасамағанда,* Петербург жұмысшыларының өздері үшін де, барлық орыс жұмысшылары үшін де *неғұрлым қысқа жұмыс күніне* қолы жеткен болар еді. Бірлескен жұмысшылар фабриканттарды жеңілдік жасауға мәжбүр етті; Петербург фабриканттары жұмысшылардың талаптарын қанағаттандыруға дайын еді; жұмысшыларға жел бермеу үшін үкімет фабриканттарға жұмысшылардың талабын орындауға тыйым салды. Бұдан кейін Петербургтегі фабриканттардың көпшілігі жұмысшылардың талабын орындамай болмайтынына көзі жетіп, үкіметтен жұмыс күнін 11 са-

ғатқа дейін қысқартуды өтінді. Бірақ, үкімет жалғыз Петербург фабриканттарының мүддесін ғана емес, бүкіл Россия фабриканттарының да мүдделерін қорғайды, ал қасиетті Русьте Петербург фабриканттарынан да сараңырақ фабриканттар бар болғандықтан, үкімет, «әділ» болғысы келіп, Петербург фабриканттарының өз жұмысшыларын *өте аз* тонауына жол бере алмайды: Петербург фабриканттары басқа орыс фабриканттарының тым алдын орап кетпеуі тиіс; сондықтан үкімет капиталистер өтінген жұмыс күніне жарты сағат қоса қояды. Үкіметтің мұндай қылығынан жұмысшылардың үш түрлі сабақ алуы керек екені айқын:

Бірінші сабақ: алдыңғы қатарлы орыс жұмысшылары неғұрлым артта қалған қызметшілерді бар күшімен қозғалысқа тартуға тырысуы керек. Барлық орыс жұмысшыларын жаппай жұмысшы ісі жолындағы күреске тартпайынша алдыңғы қатарлы, астана жұмысшылары *өз* фабриканттарын жеңілдік жасауға күштеп көндірген күнде де, жөнді ештеңеге қолы жетпейді, өйткені үкімет өте-мөте «әділ» болғандықтан, жақсы фабриканттардың жұмысшыларға елеулі жеңілдік жасауына жол бермейді. Екінші сабақ: орыс үкіметі орыс жұмысшыларына орыс фабриканттарынан да асып түсетін қас дұшпан, өйткені үкімет фабриканттардың мүдделерін қорғап қана қоймайды, олардың мүдделерін қорғау үшін жұмысшыларды айуандықпен қудалап, тұтқынға алып, жер аударып, қарусыз жұмысшыларға әскер күшімен шабуыл жасап қана қоймайды, мұның үстіне ол, жақсы фабриканттардың жұмысшыларға кеңшілік жасау талабына қарсы шығып, *нағыз сараң* фабриканттардың мүдделерін қорғайды. Үшінші сабақ: *аз да болса қолайлы* жұмыс жағдайларына қол жеткізу үшін және қазіргі кезде бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары ұмтылып отырған 8 сағаттық жұмыс күнін енгіздіру үшін орыс жұмысшылары тек өздерінің бірлік күшіне ғана сенулері керек, үкіметтен жеңілдік үстіне жеңілдікті үздіксіз тартып алып отырулары керек. Тағы да жарты сағат үстеуге болмас па екен деп, үкімет жұмысшылармен бейне бір саудаласқандай болып отыр — жұмысшылар үкіметке өз талаптарында нық тұра ала-

тынын көрсетеді. Сәл-пәл жеңілдік жасап құтылуға болмас па екен деп, үкімет бейне бір жұмысшылардың шыдамын сынағандай болып отыр — жұмысшылар үкіметке өздерінің нағыз табанды күреске шыдамы жететінін көрсетеді, өйткені олар үшін бұл күрес — өз өмірі үшін жүргізілетін күрес, жұмысшы халықты мейлінше қорлау мен езуге қарсы жүргізілетін күрес.

IV

ЗАҢ ЖҰМЫСШЫЛАР ҮШІН «ТҮНГІ УАҚЫТ» ДЕП НЕНІ ЕСЕПТЕЙДІ?

«Бір сменамен жұмыс істегенде — кешкі сағат 9 бен таңертеңгі сағат 5-тің арасындағы уақыт, ал екі және одан да көп сменамен жұмыс істегенде — кешкі сағат 10 мен таңертеңгі сағат 4-тің арасындағы уақыт түнгі уақыт болып есептеледі». Жаңа заң осылай дейді. Өмір бойы басқа адамдар үшін жұмыс істеуге міндетті қара халықтың «түні» және басқаның еңбегімен өмір сүре алатын таза мырзалардың «түні» — «заң» бойынша бұл екеуі мүлдем екі басқа нәрсе. С.-Петербургте де, Москвада да жылдың көп уақытында таңертеңгі сағат 4-те әлі өте қараңғы, тіпті түн болады. Бірақ орыс заңы: жұмысшы өмір бойы капиталдың мүдделеріне өзін икемдеп отыруы керек, күннің шығуына әлі бірнеше сағат уақыт қалса да, сағат бесте *қалай да* күн басталады деп сенуі керек, деп қаулы етеді. Ал, егер жұмысшы фабрикада тұрмайтын болса, онда, сағат төртте фабрикаға келіп үлгіруі үшін оның сағат *үште,* бәлкім, тіпті одан да ерте тұруына тура келеді! Петербург чиновниктері үшін «күн» күндізгі сағат 12-ден, тіпті сағат 1-ден басталады, бірақ чиновниктер — мүлде ерекше адамдар ғой... Жұмысшылар үшін «күн» тек кешкі сағат 10-да ғана аяқталады, сондықтан, фабрикадан тастай қараңғы көшеге шыққанда, жұмысшы көшенің қараңғылығына абыржымауы керек: ол «күннің» жаңа ғана аяқталғанын ұмытпауы және соған сенуі керек, өйткені заң осылай деп қаулы етіп отыр. Жұмысшы үшін «күн» фабрика ысқырығы оны фабрикаға жұмыс-

қа шақырған кезде басталып, дәл сол ысқырық екінші сменаны жұмысқа шақырған кезде аяқталатынын заңға неге жазбасқа — бұл неғұрлым айқынырақ және әділірек болар еді ғой! Жұмысшы үшін ненің түнгі уақыт болып есептелетіні туралы заң Швейцарияда қазірдің өзінде-ақ бар бірақ швейцариялықтарға орыстың полиция чиновниктерінің қулық-сұмдықтарының бәріне түгел жету қайда: бұл қорқынышты швейцариялықтарда жұмысшы адамның «түні» басқа адамдардікімен бірдей екен, атап айтқанда, кешкі сағат 8-деп таңертеңгі сағат 5-ке (немесе 6-ға) дейін екеп. Жаңа заң бойынша «түнгі жұмысқа» қойылған жалғыз шек тек мынау: ішінара болса да түнде істейтін жұмысшылар тәулігіне 10 сағаттан артық жұмыс істемеуге тиіс. Бар болғаны осы. Түнгі жұмысқа тыйым салу заңда жоқ. Заң бұл жөнінде де осыдан 14 жыл бұрын (1883 ж.) ересек жұмысшылардың түнгі жұмысқа қосылуына тыйым салуды өтінген Петербург фабриканттарының *өтінішінен* кейін қалды. Демек, неғұрлым артта қалған орыс фабриканттарының мүдделерін жақтаған *үкімет кедергі жасамағанда,* Петербург жұмысшылары бұл жөнінде де фабриканттарға көп талаптарын қабылдатқан болар еді. Үкімет Петербург фабриканттарының өтінішіне құлақ қоймады, өйткені жұмысшыларды көбінесе түнгі жұмысқа күштеп қосатын Москва фабриканттарын реңжіткісі келмеді. *Ең зұлым* фабриканттардың мүдделеріне қызмет ететіндігін үкімет, әдеттегіше, жалған сөздермен, жалған уәделермен бүркемелеуге тырысты. Финанс министрлігі шығарып тұрған «Вестник Финансов» жаңа заң жөнінде түсінік берген мақаласында басқа мемлекеттерде (мысалы, Францияда) түнгі жұмысқа тыйым салынғандығын көрсеткен. Бірақ вестниктің айтуынша, біздің заңда мұны істеуге болмайды екен. «Кәсіпорынның тәуліктік жұмысына шек қоюға әрдайым мүмкіндік бола бермейді: өзінің өзгешеліктеріне қарай, үздіксіз жұмыс істеуді керек қылатын тұтас бірталай өндірістер бар».

Мұның мүлдем бос сылтау екендігі даусыз. Әңгіме, үздіксіз жұмыс істеуді керек қылатын ерекше өндірістер туралы емес, қайта барлық жалпы өндірістер тура-

лы болып отыр ғой. Мерзімнен тыс жұмыссыз, 2 смена тұсында үздіксіз жұмыс қазіргі заң бойынша да мүмкін емес, өйткені күндізгі жұмыс уақыты $11^1/_2$ сағат, ал түнгі жұмыс 10 сағат болып белгіленген, екеуін қосқанда $21^1/_2$ сағат. Сондықтан үздіксіз жұмыс істеуді керек қылатын өндірістер жөнінде жаңа заңда бәрібір ескертулер көзделген (яғни министрлердің айрықша ережелері, олар жөнінде төменде әңгіме қыламыз). Демек, түнгі жұмыстарға тыйым салуға ешбір «мүмкін еместік» болмаған. Үкімет өзін жұмысшылардың денсаулығының қамқоры етіп көрсеткісі келетінін біз бұған дейін айтып өттік; финанс министрлігі түнгі жұмыс жөнінде міне былай дейді: «Күндізгі жарықтағы жұмысқа қарағанда түнгі жұмыстың неғұрлым қалжырататыны, денсаулыққа зиянды екені және жалпы табиғилығы кем екені даусыз; түнгі жұмыс неғұрлым ұзақ және үнемі болып отыратын болса, оның зияны да соғұрлым көп болады. Түнгі жұмыс зиянды болғандықтан, ересек жұмысшылар жөнінде де түнгі жұмысқа тыйым салынғаны жөн сияқты (кейбір өндірістерде әйелдер мен жасөспірім ұлдар мен қыздардың түнгі жұмысына тыйым салынғаны, ал жас балалардың жұмысына мүлдем тыйым салынғаны сияқты), бірақ жұмысшының жалпы тұрмыс жағдайы тұрғысынан қарағанда да түнгі жұмысқа тыйым салуға ешқандай негіз жоқ; бір қалыпты түнгі еңбек ол үшін тым ұзақ, бірақ ақысы бірдей күндізгі жұмыстан гөрі зиянсызырақ». Орыс үкіметінің чиновниктері халықтың көзін бояуды қандай жақсы біледі десеңізші! Тіпті ең зұлым фабриканттардың мүдделерін қорғау да «жұмысшының тұрмыс жағдайының» қамын жегендік етіп көрсетіледі. Министрліктің ойлап шығарған желеуінің өзі қандай арсыз: «бір қалыпты түнгі еңбек», көрдіңіз бе, «тым ұзақ, бірақ, ақысы бірдей күндізгі жұмыстан гөрі зиянсызырақ» екен. Жалақының аз болуы, аз болғанда, *жұмысшының* шамадан тыс ұзақ уақыт істемеуіне болмайтындай аз болуы, жұмысшыны түнде жұмыс істеуге мәжбүр етіп отыр дегісі келеді министрлік. Сөйтіп бұл жағдайдың үнемі осы күйде қалатынына, жұмысшының тәуір ақыға қолы жете алмайтынына сенген министрлік, арсыздықпен:

үй-ішін асырауы үшін жұмысшының тым жөнсіз ұзақ уақыт жұмыс істеуіне тура келсе, онда бірнеше сағат артық жұмысты күндіз немесе түнде істеудің жұмысшыға бәрібір емес пе? дейді. Әрине, егер орыс жұмысшыларының көпшілігінің табысы бұрынғы қайыршылық қалпында қала берсе, онда мұқтаждық оларға еріксізден артық уақыт жұмыс істеттіреді, бірақ түнгі жұмысқа рұқсат етілуіне жұмысшының ауыр тұрмысын дәлел қылу қандай арсыздық десеңізші! «Еңбекке ақы бірдей төленеді» — капиталдың итаршылары үшін істің мәні, міне, осында,— «ал қазіргі еңбекке ақы төлеу тұсында жұмысшы артық уақыт жұмыс істемей тұра алмайды». Сараң фабриканттар үшін кулактық дәлелдерді ойлап шығаратын мұндай чиновниктер жүзі шіміркіпей «жұмысшының жалпы тұрмыс жағдайының тұрғысы» туралы сөз қылады. Тек олар, жұмысшының өне бойы осылай езілген күйде қала беретініне, «ақының бірдей төленуіне», атап айтқанда, оның еңбегіне төленетін бұрынғы қайыршылық ақыға өне бойы көне беретініне құр босқа сеніп отырған жоқ па екен? Аз ақы мен ұзақ жұмыс күні әрдайым бір-бірімен қатар жүріп отырады, бірінсіз екіншісінің болуы мүмкін емес. Егер ақы аз болса, онда жұмысшыға, өзін асырауға қаражат табу үшін, сөзсіз артық уақыт жұмыс істеуге тура келеді, түнде де жұмыс істеуге тура келеді. Егер жұмыс уақыты шамадан тыс ұзақ болса, онда ақы ылғиына аз болады, өйткені жұмыс уақыты ұзақ болғанда жұмысшының әрбір сағатта өндіретін бұйымы, қысқа жұмыс күніндегіден әрі аз, әрі анағұрлым нашар болып шығады;— оның себебі шамадан тыс жұмыспен жаншылған жұмысшы қашан да болса езілген және капиталдың езгісіне қарсы тұра алмайтын дәрменсіз болып қала береді. Сондықтан егер орыс фабриканттарының министрлігі орыс жұмысшыларының осы күнгі өрескел аз жалақысын өзгертпей, сол қалпында қалдыруға ұйғарып отырса және мұнымен қабат «жұмысшылардың тұрмыс-жағдайы» туралы әңгіме қылып отырса, онда бұл оның екіжүзділігін, айтқан сөздерінің жалғандығын айқын көрсетеді.

V

МЕРЗІМНЕН ТЫС ЖҰМЫСТАРҒА ШЕК ҚОЮ ЖҰМЫСШЫҒА «ӘДІЛЕТСІЗДІК» ІСТЕГЕНДІК БОЛАР ЕДІ ДЕГЕНДІ ФИНАНС МИНИСТРЛІГІ ҚАЛАЙ ДӘЛЕЛДЕЙДІ?

Біз жаңа заңды жұмыс күнін қысқарту туралы заң деп атадық. Жаңа заң бойынша жұмыс күні 11 жарым сағат (түнгі жұмыста 10 сағат) болып белгіленгенін біз жоғарыда айттық. Бірақ іс жүзіне келгенде мұның бәрі олай емес, одан әлдеқайда жаман. Заң *мерзімнен тыс* жұмысқа соқпастан, барлық шектеушілікті тек дағдылы, қалыпты, мерзімді жұмыстарға ғана қойған. Сондықтан іс жүзіне келгенде, жұмысшыларға шексіз ұзақ уақыт, тіпті тәулігіне 24 сағат болса да жұмыс істеткізе алатын «правосымен» фабрикант *титтей де қысылмай пайдалана* алады. Мерзімнен тыс жұмыс туралы заңда міне былай делінген: «Ішкі тәртіп ережелері бойынша жұмыс істеуге тиісті емес уақытта жұмысшының өнеркәсіп орнында істеген жұмысы мерзімнен тыс жұмыс болып есептеледі. Мерзімнен тыс жұмыс, өнеркәсіп орнын меңгерушінің жұмысшымен айрықша келісім жасауы бойынша ғана рұқсат етіледі. Жалдану шартына өндірістің техникалық жағдайына байланысты қажет болатын мерзімнен тыс жұмыстар жөніндегі шарттарды ғана енгізуге болады». Бұл — жаңа заңдағы өте маңызды статья, ол статья бүтіндей жұмысшыларға қарсы бағытталған және де фабриканттың зорлық-зомбылығына кең жол ашады. Мерзімнен тыс жұмыстар бұған дейін дағды бойынша істеліп келді; заң олар туралы ештеңе айтқан жоқ. Енді үкімет бұл мерзімнен тыс жұмыстарды *заңдандырды.* Заңның: бұл жұмыстарды істеу үшін жұмысшының қожайынмен жасасқан «айрықша келісімі» керек деген қосымшасы мүлде мағынасыз, бос сөз. Жұмысшылар барлық жұмысты қожайындармен жасасқан «келісім бойынша» істейді; жұмысшылар крепостнойлар емес қой (толып жатқан орыс чиновниктері бар күштерін салып, оларды крепостнойларға айналдыруды тілесе де); олар жалданып, яғни келісім бойынша жұмыс істеп жүр. Мерзімнен тыс жұмыстар үшін келі-

сім қажет деудің керегі де жоқ еді. Үкімет мерзімнен тыс жұмыстарға шек қойғысы келеді-міс деген болып, көз бояу үшін осы құрғақ бос сөзді заңға қыстыра салған. Ал, шынында, бұл арада оларға ешқандай шек қоюшылық жоқ; бұрын қожайын жұмысшыға: «істегің келсе — мерзімнен тыс жұмыс істе; істегің келмейді екен — есебіңді ал!» деген болса, қазір де соны айтады. Бұл бұған дейін тек әдет бойынша істеліп келді, ал енді *заң* бойынша істелінеді. Бұрын фабрикант мерзімнен тыс жұмыс істеуге көнбегені үшін жұмысшыны жұмыстан шығарарда заңға сүйене алмаушы еді, енді фабриканттың жұмысшыларды қалай қыспаққа ала алатынын заң оған ашық айтып беріп отыр. Мерзімнен тыс жұмыстарға шек қоюдың орнына заңның бұл статьясы оларды одан да гөрі көбірек қолдануға қолайлы жағдай туғызады. Мерзімнен тыс жұмыстар «өндірістің техникалық жағдайларына байланысты қажет» болған кезде, заң қожайынға ол жұмыстарды талап етуді шартқа енгізуге тіпті право да береді. Бұл ескерту фабрикантты титтей де имендірмейді. «Өндірістің техникалық жағдайларына байланысты» қандай жұмыстардың «қажетті» болатынын, қандайларының қажет болмайтынын қалай айыруға болады? Мұны кім айырады? Өзінің жұмысшыға мерзімнен тыс істеуге қосқан жұмысын «өндірістің техникалық жағдайларына байланысты» жұмыс еді десе, онда қожайынның бұл мәлімдемесін қалай теріске шығаруға болады? Мұны ешкім де айырмайды, қожайынның мәлімдемесін тексеретін ешкім жоқ. Заң қожайындарға жұмысшыларды қыспаққа салудың *өте-мөте сенімді* тәсілін тауып беріп, тек олардың зорлық-зомбылығын *күшейте түсті.*

Енді қожайын: «өндірістің техникалық жағдайына байланысты қажет болатын» мерзімнен тыс жұмыстан бас тартуға жұмысшының правосы жоқ деген сөзді келісімнің шарттарына енгізсе болғаны, фабриканттың ісі оңға баса береді! Жұмысшы мерзімнен тыс жұмысқа бармай қарасын, оны жұмыстан қуып шығады. Ал мұнан кейін (деп ойлайды фабрикант) бұл жұмыстың «өндірістің техникалық жағдайына байланысты қажет» болмағанын қай жұмысшы дәлелдей алар екен! Жұмысшы-

ның тарапынан мұндай шағымның болуы мүмкін деп ойлаудың өзі — кісі күлерлік нәрсе. Мұндай шағымдардың еш уақытта болмайтынын және олардан еш уақытта ешқандай нәтиже шықпайтынын айтып жатудың да қажеті жоқ. Сонымен, үкімет фабриканттардың мерзімнен тыс жұмыс жөнінде істейтін зорлық-зомбылығын толығынан заңдастырып берді. Фабриканттарға қызмет етуге және оларға, жаңа заңдарды бетке ұстап, мерзімнен тыс жұмыстарды кең қолдануды үйретуге финанс министрлігінің қандай дәрежеде асығатындығы «Вестник Финансовтың» мына пікірінен ерекше айқын көрінеді: «Егер кәсіпорынның иесіне жұмысшылардың санын көбейту мүмкін болмаса немесе қиынға соқса, онда мерзімнен тыс жұмыстар тығыз заказдар тұсында да қажет болады, өйткені белгілі бір, қысқа мерзімге арнап ашылған өндірістерде фабрикант немесе заводшы * мұндай заказдарды күн ілгері тіпті де болжай алмайды».

Көріп отырсыздар, фабриканттардың финанс министрлігінде отырған елгезек малайлары заңды қалай тамаша «түсіндіреді» десеңізші! Заңда тек техникалық жағдайларға байланысты қажетті болатын мерзімнен тыс жұмыстар туралы ғана айтылған, ал финанс министрлігі «күні бұрын белгілі болмаған» (?!) заказдар түскен жағдайда да, тіпті фабрикантқа жұмысшылар санын көбейту «қиынға соққан» жағдайда да мерзімнен тыс жұмыстарды «қажетті» деп тануға асығады! Бұл тура жұмысшыларды мазақ еткендік қой! Енді фабриканттардың кез келгені жұмысшылар санын көбейту маған «қиынға соғып тұр» деп *әрқашан да* айта алады ғой. Жұмысшылар санын көбейту — жаңадан жұмысшылар жалдау деген сөз,— қақпа алдында қаптап тұрған жұмыссыздар санын азайту деген сөз,— жұмысшылар арасындағы бәсекені азайту, жұмысшыларды неғұрлым талапшыл ету, сірә, оларға ақыны неғұрлым көбірек төлеуге көну деген сөз. Мұны өзіне «қиынға соғады» деп білмейтін бірде-бір фабриканттың жоқ екені

* Баяғыдан келе жатқан жыр ғой! Жыл сайын орыс фабрикалары — әсіресе, орталық аудандардағы фабрикалар — Нижегород жәрмеңкесі алдында тығыз заказдар алады және де жыл сайын олар өздеріне сенетін немесе өтірік сенген болатын барлық ақымақтарды біздер мұны күні бұрын біле алмадық деп сендіріп, ант-су ішеді!..

өзінен-өзі түсінікті. Мерзімнен тыс жұмысты тағайындау жөніндегі фабриканттың мұндай зорлық-зомбылығы жұмыс күнін қысқарту туралы заңның қандай маңызын болса да жояды. Жұмысшылардың қалың көпшілігі үшін жұмыс күні ешбір қысқармайды, өйткені олар мерзімнен тыс жұмыс істеу үшін түнде де фабрикада қалып, бұрынғысынша 15—18 сағат және одан да артық уақыт жұмыс істей беретін болады. Мерзімнен тыс жұмыстарға тыйым салынбай тұрып (яки, тым болмаса, оған шек қойылмай тұрып), жұмыс күнін қысқарту туралы заңның сорақылығы айқын екені сондайлық, заңның алдын ала жасалған жобаларының бәрінде мерзімнен тыс жұмыстарға шек қоюға ұйғарылған еді. С.-Петербург фабриканттары (фабриканттардың өздері!) 1883 жылдың өзінде-ақ мерзімнен тыс жұмыстар күніне *бір сағаттан* аспаса деп өтініш жасаған болатын. 1895—1896 жылдардағы Петербург стачкаларынан қорыққан үкімет жұмыс күнін қысқарту туралы заңды әзірлеу үшін дереу комиссия тағайындаған кезде, бұл комиссия да мерзімнен тыс жұмыстарға шек қоюға, атап айтқанда, мерзімнен тыс жұмысты жылына 120 сағаттан асырмауға ұсыныс жасаған болатын *. Мерзімнен тыс жұмыстарға қандай болса да шек қою туралы ұйғарындылардың барлығын да қабылдамай, үкімет осынысымен ең зұлым фабриканттардың мүдделерін қорғауды турадан-тура өз міндетіне алды, жұмысшылардың толық бағынышты болуын турадан-тура заңды етті және ешқандай маңызы жоқ жел сөздермен жалтарып, істің бәрін бұрынғы күйінде қалдыру ниетінде екенін әбден айқын білдірді. Фабриканттардың мүдделері үшін бар күшін салған финанс министрлігі мерзімнен тыс жұмыстарға шек қою «жұмысшының өз басына жасалған әділетсіздік» болар еді дегенді дәлелдеуге дейін барды. Әрбір жұмысшының мына төмендегі пікірлерді ойластырып қарағаны пайдалы. «Жұмысшыны фабрикада тәулігіне белгілі сағаттан артық жұмыс істеу правосынан айыруды тәжірибеде жүзеге асыру қиын болар еді»

* Тіпті финанс министрлігінің өзі де жаңа заңды түсіндіре келіп, «мерзімнен тыс жұмысқа рұқсат етудің орынсыз сияқты екенін» мойындамай тұра алмады («Вестник Финансов»).

(не себепті? себебі — фабрика инспекторларының фабрикант мырзаларды ренжітіп алудан өлердей қорқып, өз міндеттерін өте нашар атқаратындығынан ба? себебі — орыс жұмысшысы правосыз болып, үні шықпай отырғандықтан оның пайдасын көздеген барлық реформаларды жүзеге асырудың қиын болатындығынан ба? Финанс министрлігі, мұны өзі де байқамастан, шынын айтып салды: шынында да, бүкіл орыс халқы сияқты орыс жұмысшылары да полицейлік үкімет алдында правосыз болып отырғанда, олардың саяси праволары жоқ болып отырғанда, ешқандай реформа іске аспақшы емес)... «және жұмысшыға қиянат істегендік болар еді: күн көрісіне қаражат іздегені үшін, кейде тіпті одан арғы еңбегі денсаулығына зиянды болуы мүмкін шектен де асып кетіп, бар күшімен жұмыс істегені үшін адамды қудалауға болмайды». Міне, орыс үкіметінің адамгершілігі мен адамды жақсы көретіндігі қандай десеңізші! Орыс жұмысшысы, үкіметке бас ұрып, алғыс айт! Үкіметтің рақымдылығы соншама — ол сені тәулігіне тіпті 18 сағат, тіпті 24 сағат жұмыс істеу «правоңнан айырмайды», үкіметтің әділдігі соншама — фабриканттың саған әбден зорыққанша жұмыс істеткені үшін үкімет сені қудалағысы келмейді! Басқа елдердің бәрінде фабрикада белгіленген мерзімнен тыс жұмыс істелгені үшін жұмысшыны емес, фабрикантты *қудалайды*... біздің чиновниктер бұл туралы ұмытқан. Шынында да, фабрикант мырзаларды *қудалауға* орыс чиновниктерінің қалай батылы барады! Кешіріңіз, бұл қалайша мүмкін болады! Тіпті бүкіл осы жаңа заңды бұзғаны үшін де фабрикант мырзаларды қудаламайтынын біз қазір көреміз. Басқа елдердің бәрінде жұмысшылардың «күн көріс қаражатын іздестіріп табу» үшін одақтар, кассалар құруға, фабрикантқа ашықтан-ашық қарсы шығуға, оған өзінің шарттарын ұсынуға, стачкалар жасауға правосы бар. Бізде бұған рұқсат етілмейді. Бірақ оның есесіне бізде жұмысшыларға, сый ретінде, тәулігіне қанша сағат болса да «артық» жұмыс істеуіне «право» берілген. Әділетті үкімет орыс жұмысшыларын өздерін капиталистердің қысымынан қорғауға қандай да болсын әрекет жасағаны үшін сотсыз түрмеге түсу

немесе полицияның кез келген бас кесерінен соққыға жығылу «правосынан» да «айырмайтынын» бұл адамшылығы бар чиновниктер неге қоспады екен.

VI

ЖАҢА ЗАҢ МИНИСТРЛЕРГЕ ҚАНДАЙ ПРАВОЛАР БЕРЕДІ?

Нағыз мәнді пункттері жөнінде жаңа заңның ешқандай жалпыға міндетті, дәлме-дәл және өзгермейтін ережелер белгілемегенін біз жоғарыда көрсетіп өттік: министрлердің фабриканттар үшін неше түрлі қаулылар шығарып, жеңілдіктер жасауы үшін, жаңа заңның қолданылуына бөгет жасай алуы және т. т. үшін үкімет әкімшілікке (атап айтқанда, министрлерге) көбірек праволар беруді жөн көрді. Жаңа заңның министрлерге беріп отырған праволары өте кең және орасан зор. Министрлерге (атап айтқанда, ішкі істер министрімен келісуі арқылы финанс министріне немесе қатынас жолдары министріне және т. б.) жаңа заңды қолдану туралы егжей-тегжейлі ережелер шығаруға «ерік берілген». *Қандай ретте болса да, бәрінде де* жаңа заңның барлық статьяларына қатысы бар толып жатқан мәселелер толығынан министрлердің карауына берілген. Министрлердің праволарының күштілігі сонша, олар шын мәнінде, жаңа заңға толығынан қожа; тілесе — заң іс жүзінде қолданылатын етіп ережелер шығарады; тілесе — заңды ешқандай дерлік қолданылмайтын етеді. Шынында да «осы заңдастыруды дамыту ретінде» (заңның сөзі осылай келеді; финанс министрлігінің заңды қандай шеберлікпен «дамыта» білетінін, дамытқанда тіпті, оның пікірінше, шамадан тыс жұмыс істеген жұмысшыларды үкіметтің қудаламайтыны үшін және тіпті тәулігіне 24 сағат жұмыс істесе де «оларды правосынан айырмайтыны» үшін жұмысшылардың үкіметке алғыс айтуына тура келетінін жоғарыда көрдік) министрлердің, атап айтқанда, қандай ережелер шығара алатынын байқап көріңізші. Егер бұл мүмкін болған болса, біз ол ережелердің барлық разрядтарын тізіп көрсеткен болар

едік, бірақ іс мынада: министрлердің ережелері бойынша шешілуге тиісті болатын заңда көрсетілген мәселелерден басқа заң оларға ешқандай шек қоймастан *басқа ережелер* шығаруға да право береді. Министрлерге жұмыстың ұзақтығы туралы ережелер шығаруға ерік берілген. Демек, жұмыстың ұзақтығы туралы заң өз алдына бір іс, ал содан кейін министрлердің ол туралы ережелері тағы шығады. Министрлер сменалардың тәртібі туралы ережелер шығара алады, бірақ, фабриканттарды ренжітпеу үшін, әрине, ол ережелерді шығармай қоюға да қақы бар. Министрлерге комплектілердің саны туралы (яғни сменалардың саны туралы, тәулігіне қанша смена болатындығы туралы), жұмыс кезіндегі үзілістер және т. с. туралы ережелер шығаруға ерік берілген. Мұны: және т. с. *(және тағы сондайлар)* дегенді, яғни не тілесеңіз соны шығара беріңіз дегенді *заң* қосып отыр. Министрлер тілемейді екен — үзілістер туралы ешқандай ережелер болмайды, сөйтіп фабриканттар, дәл қазіргідегідей, жұмысшылардың үйіне барып, ас ішіп келуіне немесе аналардың баласын емізіп қайтуына мүмкіндік бермей, жұмысшыларға қысым көрсете береді. Министрлерге мерзімнен тыс жұмыстар туралы, атап айтқанда: олардың өнім өндіруі, оларды бөлу және оларды есепке алу туралы ережелер шығаруға ерік берілген. Демек, бұл арада министрлерге толық еркіндік берілген. Министрлер заңның талаптарын турадан-тура *өзгерте* алады, яғни мына үш ретте оларды күшейте де, күшін *кеміте де* алады (жаңа заңның фабриканттарға қатысты талаптарының күшін министрлердің кеміте алатын правосын заң әдейі ескертіп қойған): 1-ден, «өндірістің сипатына қарай (жұмыстың үздіксіздігі және тағы басқалар) бұл қажет деп танылса». Заң бұл «және тағы басқалар» дегенді тағы да жамап, министрлерге кез келген «өндірістің сипатын» дәлел қылуға право беріп отыр. 2-ден, «істелетін жұмыстардың сипатына қарай (бу қазандарын, приводтарды күтіп ұстау, ағымдағы және жедел жөндеу және тағы сондайлар)». Тағы да «және тағы сондайлар»! 3-ден, «және де басқа ерекше маңызды, айрықша реттерде». Содан кейін министрлер жұмысшылардың денсаулығы-

на қандай өндірістердің ерекше зиянды екенін анықтап (анықтамай қоюға да еркі бар: заң оларды мұны істеуге міндеттемейді, тек оларға право береді де қояды.., оларда бұл право бұрын да болған еді, бірақ олар мұны пайдаланғысы келмеген!), бұл өндірістерге арнап айрықша ережелер шығаруы мүмкін. Министрлердің шешуіне ерік берілген мәселелерді неліктен шетінен тізіп көрсетуге болмайды дегенімізді жұмысшылар енді көріп отыр: бұл арада заңның барлық жерлерінде де: «және тағы сондайлар», яки «және тағы басқалар» дей берген. Орыс заңдарын жалпы екі разрядқа бөлуге болады: бір заңдар — жалпы алғанда жұмысшылар мен қарапайым халыққа әлденендей бір праволар беретін заңдар; екінші заңдар — нендей бір нәрселерді істеуге тыйым салатын және чиновниктердің тыйым салуына ерік беретін заңдар. Бірінші заңдарда жұмысшылардың ең ұсақ праволарының барлығы *әбден айқын тізбектеліп көрсетілген* (мысалы, тіпті жұмысшылардың дәлелді себептермен жұмысқа шықпау правосы да) және одан *титтей де* шегінуге болмайды, шегінушілерге ең қатаң жаза қолданылады. Мұндай заңдардан енді «және тағы сондайлар» немесе «және тағы басқалар» деген бірде-бір сөзді еш уақытта кездестіре алмайсыз. Екінші топтағы заңдарда *әрдайым ешбір дәл тізбектеліп көрсетілмей* тек жалпы тыйым салулар ғана жазылады, сондықтан әкімшілік *өзі нені қаласа, соның бәріне* тыйым сала алады; бұл заңдарда: «және тағы сондайлар», «және тағы басқалар» сияқты кішкене, бірақ өте мәнді қосымшалар әрдайым болып тұрады. Мұндай сөзсымақтар орыс чиновниктерінің құдіреттілігін, олардың алдында халықтың мүлдем правосыздығын; императорлық орыс үкіметінің барлық мекемелерін түгел жайлап алған жексұрын кеңсешілдік пен қағазбастылықтың мағынасыздығы мен тағылығын айқын көрсетеді. Иненің жасуындай болса да пайдасы болуы мүмкін кез келген заң әрдайым осындай кеңсешілдіктің торына шырмалатыны соншалық, заңның қолданылуы шексіз ұзаққа созыла береді; ол ол ма: заңның қолданылуы бүтіндей чиновниктердің билігіне қалдырылады, ал чиновниктердің ақшалы қалтаның бәріне жан-тәнімен «қызмет қылуға»,

мүмкіндігі болғанша қарапайым халыққа жамандық жасауға әзір тұратынын жұрттың бәрі де біледі. «Осы заңдастыруды дамыту ретіндегі» барлық бұл ережелерді шығару министрлердің өз еркіне берілген ғой, яғни олар бұл ережелерді шығара да алады, не шығармай да қоя салуы мүмкін. Заң оларды еш нәрсеге де міндеттемейді. Заң ережелерді шығаруға мезгіл белгілемейді: бұл ережелерді дәл қазір шығаруға да болады, тіпті он жыл өткеннен соң шығаруға да болады. Солай болған соң заңда көрсетілген *кейбір* ережелер тізбегінің бұл жерде ешқандай мән мен маңызы қалмайтыны түсінікті: бұл — үкіметтің заңды іс жүзінде қолдануда оны әлсіреткісі келетінін бүркемелейтін бос сөз ғана. Жұмысшының тұрмысына қатысы бар заңдардың бәрі дерлік біздің министрлерге орасан зор праволар береді. Және біз үкіметтің неліктен бұлай істейтінін жақсы түсінеміз: үкімет фабрикант мырзаларға мүмкіндігінше көбірек жағынғысы келеді. Фабрикантқа заң шығарудың өзіне ықпалын жүргізуден гөрі заңды қолданатын чиновникке ықпалын жүргізу әлдеқайда оңай ғой. Бір-бірімен жанға жағымды әңгімелер шерту үшін біздің шонжар капиталистердің министр мырзалардың қонақ бөлмесіне қалай оп-оңай кіретінін, тамақ үстінде олардың бір-бірін достарша қалай сыйлайтынын; императорлық үкіметтің сатымсақ чиновниктеріне капиталистердің садақа ретінде мейірбандықпен ондаған, жүздеген мың сом ақшаны қалай беретінін (бұл ашықтан-ашық пара ретінде де беріледі, жанамалап, қоғамдарды «құрушыларға» тиетін акциялар немесе оларға осы қоғамдардан тиетін құрметті және табысты орындар ретінде де беріледі) жұрттың бәрі біледі. Сонымен, жаңа заң чиновниктерге бұл заңның қолданылуы жөнінде неғұрлым көп праволар берсе, бұл *чиновниктерге* де, *фабриканттарға* да соғұрлым пайдалы болады: чиновниктердің пайдасы — оларға тағы да жем түседі; фабриканттардың пайдасы — оңайлықпен жеңілдіктер және кеңшіліктер ала алады. «Заңды *дамыту ретінде»* шығарылатын бұл министрлер ережелерінің іс жүзінде неменеге апарып соғатынын көрсететін мына бір-екі оқиғаны мысал ретінде жұмысшылардың есіне салайық. 1886 жылғы 3 июнь-

дегі заң: штраф дегеніміз — жұмысшылардың ақшасы, бұл ақша сол жұмысшылардың өз мұқтажына жұмсалуға тиіс деп қаулы алды. Министр бұл заңды сондай етіп «дамытты» — мысалы, С.-Петербургте ол тұтас 10 жыл бойы қолданылмады, ал қолданыла бастаған кезде барлық іс фабриканттың қолына берілді; жұмысшы өз ақшасын фабриканттан садақа ретінде сұрауға тиіс болды. Екінші мысал. Нақ сол заң (1886 жылғы 3 июньдегі заң): жұмысшылардың ақысы кемінде айына екі рет төленуге тиіс деп қаулы алды, ал министр бұл заңды «дамытып», фабриканттарға жұмысқа жаңадан кірген жұмысшының ақысын бір жарым ай бермей кешіктіруге право берді. Министрлерге не себепті бұл жолы да заңды «дамытуға» право берілгенін бұдан кейін әрбір жұмысшы жақсы түсінеді. Мұны фабриканттар да жақсы түсініп, олар қазірдің өзінде-ақ әдіс-айласын қолданып жатыр. Министрлерге мерзімнен тыс жұмыстар туралы ережелер шығаруға «ерік берілгенін» біз жоғарыда көрдік. Фабриканттар қазірден-ақ үкіметтен мерзімнен тыс жұмысқа *шек қоймауды* талап етіп, үкіметке қысым жасай бастады. Әрдайым ең зұлым фабриканттардың мүдделерін мейлінше тырыштанып қорғайтын, үкіметті нағыз айуандық және жауыздық істерге жапып сала айдап салатын және «жоғары топтарда» (яғни жоғары дәрежелі чиновниктер, министрлер, тағы басқаларының арасында) өте зор беделді болып саналатын «Московские Ведомости» газеті, міне, осы газет мерзімнен тыс жұмыстарға шек қойылмауын талап етіп, қазірдің өзінде үлкен жорық ашты. Үкіметке қысым жасау үшін фабриканттардың мың түрлі амалы бар: олардың өз қоғамдары мен мекемелері бар, фабриканттар үкіметтің толып жатқан комиссиялары мен коллегияларының мәжілістеріне (мысалы, фабрика мекемесіне және т. б.) қатысады, фабриканттар министрлерге көзбе-көз жолыға алады, фабриканттар өздерінің тілектері мен талаптарын тілегенінше баспасөз бетіне шығара алады, ал қазіргі кезде баспасөздің орасан зор маңызы бар. Ал жұмысшылардың үкіметке қысым жасау үшін *ешқандай* заңды құралдары жоқ. Жұмысшылардың тек бір ғана құралы бар — бірігіп бас қосу, бір

тап ретінде өз мүдделерін сезушілікті барлық жұмысшылар арасына тарату және өзара күш қосып, үкімет пен фабриканттарға тойтарыс беру. Жаңа заңның қолданылуы түгелінен кімнің: не фабриканттардың, немесе жұмысшылардың үкіметке күштірек қысым жасауына байланысты екенін қазір әрбір жұмысшы көріп отыр. Жұмысшылардың бұл заңды *шығартуға* тек күрес арқылы, саналы және табанды күрес арқылы ғана қолы жетті. Бұл заңның іс жүзінде қолданылуына және жұмысшылардың мүдделеріне сай қолданылуына жұмысшылардың тек күрес арқылы ғана қолы жете алады. Бірлескен жұмысшылар қажымастан күреспейінше, фабриканттардың көз алартқан әрбір дәмесіне бірлесіп тойтарыс бермейінше жаңа заң әншейін құр қағаз болып қала береді, полицияның зорлық-зомбылығы, жұмысшылардың правосыздығы мен езілушілігі жайлаған іріп-шіріген үйді боямақ болып, біздің үкіметтің маңдайшаға қаққан әшекейлі және жалған жазуларының бірі болып қала береді.

VII

БІЗДІҢ «ХРИСТИАНДЫҚ» ҮКІМЕТ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ МЕЙРАМ КҮНДЕРІН ҚАЛАЙ КЕМІТЕДІ

Жұмыс уақыты туралы ережеден басқа жаңа заңда фабрика-завод жұмысшыларының міндетті жексенбі күнгі және мейрам күнгі демалысы туралы ереже де бар. Орыстың газетшілері мен журналистерінің арасында өте көп кездесетін жағымпаз жазғышсымақтар бұл ережені шығарғаны үшін біздің үкіметті және оның адамгершілігін жер-көкке сыйғызбай мақтап та үлгірді. Іс жүзіне келгенде бұл адамгершілік заңның жұмысшылардың мейрам күндерін *кемітуге* бағытталып отырғанын біз қазір көреміз. Бірақ әуелі жексенбі күнгі және мейрам күнгі демалыс туралы жалпы ережелерді қарап шығайық. Ең алдымен айта кетелік, заң бойынша жексенбі күнгі және мейрам күнгі демалыстар белгілеуді бұдан 14 жыл бұрын (1883 ж.) Петербург фабриканттары өтінген еді. Демек, орыс үкіметі мұнда да реформаға *қарсы шығып,* мүмкін болғанынша іске кедергі

жасап, оны соз бұйдаға салып бақты. Заң бойынша жұмыс істелмейтін мейрам күндерінің кестесіне міндетті түрде барлық жексенбі күндері жэне тағы 14 мейрам күні енгізіледі; бұл мейрамдар туралы біз әлі төменде толық әңгіме қыламыз. Мейрам күні жұмыс істеуді заң үзілді-кесілді тыймайды, бірақ оның рұқсат етілуіне мынадай шарттармен шек қойылады: 1-ден, фабрикант пен жұмысшылардың «өзара келісімі» керек; 2-ден, мейрам күнгі жұмыс «жай жұмыс күндерінің есебіне» рұқсат етіледі; 3-ден, мейрам күні орнына жай күні демалыс беру туралы келісім жасалғанын дереу фабрикалық инспекцияға білдіру керек. Сонымен, мейрам күндері жұмыс істегенмен, заң бойынша, демалыс күндерінің саны еш уақытта кемімеуге тиіс, өйткені фабрикант жұмыс істелген мейрам күні орнына жай күні демалыс беруге міндетті. Жұмысшы мұны әрқашан есіне ұстауы керек, сонымен қатар мұндай күнді алмастыру үшін заң бойынша фабрикант пен жұмысшылардың өзара келісімі керек екенін де есінен шығармау қажет. Демек, заң бойынша жұмысшылар мұндай күн алмастырудан әр уақытта *бас тарта* алады, фабриканттың оларды күштеуге *правосы жоқ*. Әрине, іс жүзіне келгенде, фабрикант бұл арада да мынадай әдіс қолдану арқылы жұмысшыларды күштейді: ол жұмысшыларды бір-бірлеп шақырып алып, олардың келісімін сұрай бастайды, сөйтіп әрбір жұмысшы риза болмаған адамды жұмыстан шығарып жібере ме деп қауіптеніп, мейрам күнгі жұмыстан бас тартудан қорқады; фабриканттың мұндай әдісі, әрине, заңды болмайды, өйткені заң *жұмысшылардың келісімін,* яғни барлық жұмысшылардың түгелдей келісімін талап етеді. Бірақ, бір заводтың барлық жұмысшылары (кейде олар көптеген жерде бытыраған бірнеше жүз, тіпті бірнеше мың адам болады) өздерінің жалпы ризалығын қалай білдіре алады? Заң мұны көрсеткен жоқ, сөйтіп осынысымен тағы да фабриканттың қолына жұмысшыларға қысым жасайтын құрал ұстатты. Мұндай қысымға жол бермеу үшін жұмысшылардың бір ғана құралы бар: мұндай әрбір ретте қожайынға барлық жұмысшылардың *жалпы* тоқтамын тапсыру үшін жұмысшылардан депутаттар сайлапуын та-

лап етулері керек. Жұмысшылар мұндай талап қойғанда заңға сүйене алады, өйткені заң барлық *жұмысшылардың* ризалығы керек екенін айтады, ал жұмысшылардың барлығы қожайынмен бір жолы сөйлесе алмайды ғой. Жұмысшылардан сайланып қойылатын депутаттар белгілеу жалпы олар үшін өте пайдалы болады және фабрикантпен, контормен басқа да түрлі қатынас жасау үшін де керек болады, өйткені жеке жұмысшының талап қоюы, дау даулауы, т. б. өте қиынға соғады әрі көбінесе тіпті мүмкін де болмайды. Онан соң «басқа діндегі» жұмысшылар жөнінде заң былай дейді: олардың өз шіркеулері атап өтпейтін күндерді мейрам күндерінің тізіміне кіргізбеуіне «рұқсат етіледі». Ал бірақ, оның есесіне, католиктер атап өтетін және православныйларда болмайтын басқа мейрамдар да бар ғой. Демек, православный емес жұмысшыларға ептеп қысым жасамақ болып, заң бұл жөнінде дәнеңе айтпаған. Ал христиан емес жұмысшыларға қысым жасау онан да күштірек: олар үшін заң бойынша жексенбінің орнына аптаның басқа күндерін мейрам күндеріне есептеуге «рұқсат етіледі». Тек қана «рұқсат етіледі»! Біздің христиандық үкімет, үстемдік етуші дінге жатпайтын адамдарды айуанша қудалайтыны соншалық, бәлкім, бұл арада да заңды көмескілеу арқылы христиан еместерге қысым жасағысы келетін болар. Заңның бұл жері өте күңгірт. Оны былай түсіну керек: апта ішінде бір күн қалай да демалыс күні болуға тиіс және жексенбіні басқа күнмен ауыстыруға ғана рұқсат етіледі. Бірақ «үстемдік етуші» дін «мырзаларға» ғана жеңілдік береді, ал жұмысшы адам үшін ол да реті келгенде түрлі қулық-сұмдық ойлап табудың орайын құр жібермейді. Заңның *қандай мейрамдарды* міндетті түрде кестеге енгізуді талап ететінін қарап көрейік. Жексенбі күнгі және мейрам күнгі демалысты белгілеу туралы айту жақсы-ау; іс жүзінде бұған дейін де жұмысшылар әдетте және, көбінесе, жексенбі күндері де, мейрам күндері де жұмыс істемей келді ғой. Заң мейрам демалысын белгілегенде, *міндетті* мейрамдардың саны *дағдыдағы* мейрамдардан әлдеқайда аз болып шығатындай етіп белгілеуі мүмкін ғой. *Біздің христиандық үкімет*

жаңа заңда дәл осылай еткен. Жаңа заң бір жыл ішіндегі міндетті мейрамды 66 күн етіп белгілеген, 52 күн — жексенбі, 8 күні — ай-айдың белгілі күндерінде болатын мейрамдар (1 және 6 январь, 25 март, 6 және 15 август, 8 сентябрь, 25 және 26 декабрь), 6 күн ауыспалы мейрамдар (оразаның соңғы аптасының жұма, сенбі күндері, пасханың дүйсенбі, сейсенбі күндері, қасиетті рухтың көкке ұшқан және жерге түскен күні). Ал бұл уақытқа дейін біздің фабрикаларда бір жылдың ішіндегі *дағдылы* мейрам күндері қанша еді? Бұл жөнінде біздің қолымызда Москва және Смоленск губерниялары бойынша анық мәліметтер бар, оның өзі де тек кейбір ғана фабрикалардікі. Бірақ жеке фабрикалардың арасында және тіпті сол екі губернияның арасында да оншама зор айырмашылық болмағандықтан, бұл мәліметтер жаңа заңның шын мәні туралы сөз қылуға әбден жарайды. Москва губерниясында барлығын қосқанда 20 мыңнан аса жұмысшысы бар 47 ірі фабрика туралы мәлімет жиналған. Тексере келгенде, жұмыс қолмен істелетін фабрикаларда жыл ішіндегі мейрамдардың дағдылы саны 97, ал механикалық фабрикаларда 98 болып шықты. Бір жылдың ішіндегі мейрамдардың ең аз саны 78 болып шықты: бұл 78 күн зерттелген фабрикалардың *бәрінде де* мейрамдалады. Смоленск губерниясында 5—6 мың шамасы жұмысшысы бар 15 фабрика туралы мәлімет алынды. Бір жылдың ішіндегі мейрамдардың орташа саны — 86, яғни Москва губерниясында қанша болса, мұнда да сонша дерлік; ең аз мейрам бір фабрикада болған, ондағы мейрамдардың саны — 75. Орыс фабрикаларындағы бір жылдың ішіндегі бұл *дағдылы* мейрам күндерінің санына әскери ведомствоға бағынатын заводтарда белгіленген мейрамдардың саны да үйлесіп отыр; атап айтқанда, оларда жылына 88 күн мейрам белгіленген. Біздің заңдар бойынша, мекеме жабық болатын күндердің саны да осы шама (жылына 87 күн). Демек, басқа азаматтардың мейрам күндерінің саны қанша болса, бұл уақытқа дейін жұмысшылардың бір жыл ішіндегі мейрам күндерінің *дағдылы* саны да сонша болып келген. Біздің «христиандық үкімет» жұмысшылардың денсаулығының қамын жеп, дағ-

дылы мейрамдардың төрттен бір бөлігін, тура 22 күнін есептен шығарып тастап, тек 66 міндетті мейрам күндерін ғана қалдырған. Жаңа заңда үкімет шығарып тастаған бұл дағдылы мейрамдарды атап өтейік. Ай-айдың белгілі күндерінде болатын мейрамдардан шығарылып тасталғаны: 2 февраль — сретение; 9 май — Николайдың күні; 29 июнь — Петрдің күні; 8 июль — Қазан иконасының күні; 20 июль — Ильяның күні; 29 август — Ат қоюшы Иванның күні; 14 сентябрь — воздвижение күні; 1 октябрь — покров күні (үкімет тіпті бұл мейрамды да артық және міндетті емес деп тапты. Фабриканттардың ішінен бұл күні жұмысшыларға күштеп жұмыс істеттіретін бірде-бір адам табылмайтынына күмәнданбаса да болады. Үкімет бұл арада да тағы ең зұлым фабриканттардың мүдделері мен қысымдарын қорғап отыр); 21 ноябрь — храмға енгізу күні; 6 декабрь — Николайдың күні. Барлығы ай-айдың белгілі күндерінде болатын мейрамдардан 10 мейрам шығарылып тасталған *. Онан соң ауысып келіп отыратын мейрамдардан майлы аптаның сенбі күні мен соңғы аптаның сәрсенбі күні, яғни екі мейрам шығарылып тасталған. Демек, үстем болып келген әдет-ғұрып бойынша бұған дейін жұмысшыларға демалыс ретінде беріліп келген мейрамдардың *ең аз* санынан барлығы 12 мейрам шығарылып тасталған. Үкімет өзін «христиандық» үкімет деп атағанды тіпті жақсы көреді; жұмысшыларға арнап сөз сөйлегенде министрлер мен басқа да чиновниктер өздерінің сөздерін тәттілеп, фабриканттардың, үкіметтің жұмысшыларды «христиандықпен тәуір көруі» және оларға «христиандық ниетпен іш тартуы» және т. б. туралы лепіреді. Бірақ құрғақ сөздердің орнына іс басталысымен-ақ бұл екіжүзді, аярлық сөздердің бәрі желге кетеді де, үкімет реті келген жерде жұмысшылардан бірдеңені үзіп-жұлқып қалуға тырысатын саудагерге айналады. Фабриканттардың өздері, атап айтқанда, солардың ішіндегі ең тәуірлері, жексенбі күнгі

---

* Біз бұған дейін *барлық* фабрикаларда мейрамдалып келген мейрамдарды ғана атап өттік. Фабрикалардың *орасан көпшілігіне* ортақ тағы да толып жатқан мейрамдар бар, мысалы, запуст, масленица аптасының жұма күні, пасха аптасының бейсенбі, жұма, сенбі күндері және басқа да көптеген күндер.

және мейрам күнгі демалысты заң бойынша белгілеуді көптен-ақ өтінген болатын. Үкімет 15 жыл шырғалаңнан кейін барып, ақырында, осындай заң шығарды, жексенбі күнгі және мейрам күнгі демалыстың *міндетті екенін* белгіледі, бірақ жұмысшыларға осы жеңілдікті бергені үшін дағдылы мейрамдардың төрттен бір бөлігін міндетті мейрамдардың есебінен шығарып тастап, оларды тағы да қыса түсудің ретін таба қойды. Демек, үкімет нағыз өсімқордың ісін істеп отыр: бір жеңілдікті жасай отырып, ол оның есесін басқа бір қысым жасау арқылы толтыруға тырысады. Мұндай заңнан кейін кейбір фабрикаларда қожайындардың жұмысшыларға арналған демалыс күндердің *санын азайтуға* әрекет жасауы, бұл уақытқа дейін мейрамдалып келген, бірақ заң міндетті мейрамдардың қатарына қоспаған мейрамдарда жұмысшыларға күштеп жұмыс істеткізуге әрекет жасауы тіпті де оп-оңай болады. Өздерінің тұрмыс жағдайының нашарлауына жол бермеу үшін жұмысшылар бұл жөнінде де мейрамдардың санын кемітуге жасалған әрекеттің қандайына болса да тойтарыс беруге әрдайым даяр болулары керек. Заң тек міндетті мейрамдарды ғана көрсетеді; бірақ жұмысшылардың олардан басқа мейрамдарды да талап етуге правосы бар. Мұның үшін тек барлық мейрамдарды ішкі тәртіп ережелеріне енгіздіру қажет, ауызша уәдеге сенбеу керек. Мейрам ішкі тәртіп ережелеріне енгізілген соң ғана жұмысшылар бұл мейрамда өздеріне еріксіз жұмыс істеткізбейтініне сене алады. Мейрамдар жөнінде істегені сияқты жаңа заң жартылай мейрамдар жөнінде де істі бұрынғы күйінде қалдыруға, тіпті ішінара одан да нашарлатуға тырысты. Заңда тек бір ғана жартылай мейрам белгіленген — атап айтқанда, рождествоның қарсаңы: бұл күні жұмыс түстен қалмай аяқталуы тиіс. Бұл уақытқа дейін фабрикалардың көпшілігінде осылай болып келді, ал егер белгілі бір фабрикада жұмысшыларды ол күні түс кезінде босатпаған болса, оларға көбінесе басқа бір үлкен мейрамның қарсаңында жартылай мейрам күн беретін-ді. Жалпы жылына бір жартылай мейрам бұған дейін фабрикалардың көпшілігінде болып келді және қазір

де бар. Онан соң сенбі күндері мен мейрамдардың қарсаңындағы жұмыс күнін жаңа заң 10 сағат етіп белгіледі, яғни жайшылықтағы жұмыс күнінен $1^1/_2$ сағат кем. Заң бұл жағынан да жұмысшылардың жағдайын жақсартқан жоқ, қайта оны нашарлатып жіберген болар: осы уақытқа дейін *фабрикалардың бәрінде дерлік* сенбі күндері жұмыс жайшылықтағыдан ерте аяқталатын. Бұл мәселе жөнінде көп мәліметтер жинаған, жалпы фабрика тұрмысымен жақын танысқан бір зерттеуші: орта есеппен қорыта келіп, сенбі күндері жұмыс мерзімді жұмыс уақытынан 2 сағат бұрын аяқталады десек, қателеспейміз, деп дәлелдеді. Демек, заң бұл арада да, *дағдылы* демалысты *міндетті* демалысқа айналдыра отырып, бұл жеңілдіктің есесіне жұмысшылардан тағы да ең болмағанда жарты сағат уақытты жырып қалудың ретін тапқан. Әрбір аптада жарты сағаттан жырып қалып отырғанда, мұның өзі жылына (46 жұмыс аптасы бар дейік) 23 сағат болады, яғни қожайынға екі күн артық жұмыс істегендік болады... Біздің дәулетсіз кедей фабриканттарға жаман сыйлық емес! Ақшалы қапшық серілерінің мұндай сыйлықты да қымсынбастан қабыл алатынына және өздерінің жаңа заңнан көрген «зияндарын» (олардың осылай деуге жапы құмар) осылай етіп өтеуге бар күштерін салатынына күмәнданбаса да болады, демек, бұл жөнінде де жұмысшылардың тек өздеріне ғана, өздерінің бірлік күшіне ғана сенуіне тура келеді. Жаңа заң бола тұрса да, табан тіресіп күреспейінше жұмысшы табы бұл жағынан да өз жағдайын жақсарта алмайды.

VIII

ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ НЕМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН?

Заңдардың орындалуы жалпы немен қамтамасыз етіледі? 1-ден, заңның орындалуын қадағалау арқылы. 2-ден, заңды орындамағандарға жаза қолдану арқылы қамтамасыз етіледі. Ал енді фабрикалық жаңа заң жөнінде істің жайы қандай екенін қаралық. Заңдардың орындалуын қадағалау фабрика инспекторларына жүк-

телген. Фабрика кәсіпорындарын қадағалау туралы 1886 жылы шыққан ережелер бұл уақытқа дейін Россияның барлық жерінде түгел қолданылмай, тек кейбір губернияларда ғана, атап айтқанда, нағыз өнеркәсіпті губернияларда ғана қолданылып келді. Жұмысшы қозғалысы мен жұмысшылардың стачкалары ұлғайған сайын фабрика кәсіпорындарын қадағалау да үнемі соның ізімен өріс алып отырды. Енді, жұмыс күнін қысқарту туралы заң шығарылумен бірге, фабрика кәсіпорындарын бақылауды бүкіл Россияға және бүкіл Польша Патшалығына тарату туралы заң шығарылды (бұл да сол 2/VI 1897 ж.). Қадағалау туралы ережелердің осылайша бүкіл Россияға таратылуы және фабрика инспекторларының тағайындалуы, әрине, бір қадам алға басқандық. Мұнымен пайдаланып, жұмысшылар өз жолдастарының көпшілігін олардың жұмыс тәртібімен, жұмысшылар туралы заңдармен, үкімет пен оның чиновниктерінің жұмысшыларға қалай қарайтынымен, тағы сондайлармен таныстырады. Фабрика-завод жұмысындағы барлық орыс жұмысшыларын алдыңғы қатарлы жұмысшылармен (Петербург, Москва, Владимир және басқа да губерниялардың) бірге бәріне бірдей ережелерге бағындыру, әрине, жұмысшы қозғалысының барлық орыс жұмысшыларын тезірек қамтуына да көмектесетін болады. Ал енді фабрика инспекторлары арқылы заңның орындалуын қадағалаудың қаншама *іске асатынына* келсек, біз мұны егжей-тегжейлі қарастырып жатпаймыз. Бұл үшін айрықша кітапша жазу қажет болар еді (бұл тақырыптың кеңдігі сонша), бәлкім, бұдан басқа уақытта жұмысшылармен фабрика инспекциясы туралы сөйлесе де алармыз. Тек фабрика инспекторларының Россияда тіптен аз тағайындалатыны сондай, олардың фабрикаларға өте сирек келетінін ғана қысқаша айта кетейік. Фабрика инспекторлары финанс министрлігіне толық бағынады, ал финанс министрлігі оларды фабриканттардың итаршысына айналдырады, оларға стачкалар мен толқулар туралы полицияға хабар бергізеді, оларға фабрикадан кеткен жұмысшыларды қудалатқызады, тіпті фабрикант қудаламайтын уақытта да қудалатқызады, бір сөзбен айтқанда, фабри-

ка инспекторларын қайдағы бір полицейлік қызметшілерге, қайдағы бір фабрика урядниктеріне айналдырады. Фабрика инспекторларына ықпал жүргізуге және оларға өзінің дегенін істеткізуге фабриканттың мың түрлі амалы бар. Ал жұмысшылардың фабрика инспекциясына ықпал етерлік ешқандай құралы жоқ: еркін жиналып бас қосу, одақтар құру, баспасөз бетінде өздерінің хал-жайын білдіру, өздерінің жұмысшы газеттерін шығару праволарымен пайдаланбайынша, жұмысшылардың мұндай құралдары болуы да мүмкін емес. Бұл праволар болмай тұрғанда чиновниктердің фабриканттарды қадағалауы тіпті мүмкін емес және еш уақытта да дұрыс, шын бақылау болмақ емес. Бірақ заңның орындалуы үшін тек бір ғана бақылаудың өзі жеткіліксіз. Мұның үшін тағы заңды орындамағандарға қатаң жаза берілетін ету керек. Әйтпесе фабрика инспекторының фабрикантқа оның теріс істерін көрсетуінен қандай нәтиже шығады? Фабрикант мұны түк елең қылмай, бұрынғысынша істей береді. Сондықтан жаңа заңды шығарарда әрдайым, заңды орындамаушыларға қандай жазалардың қолданылатыны анықталады. *Бірақ жұмыс уақытын қысқарту туралы және мейрам демалысы туралы 1897 жылғы 2 июньдегі жаңа заңда оны орындамағандық үшін ешқандай жаза белгіленбеген.* Үкіметтің фабриканттар мен жұмысшыларға түрліше қарайтынын жұмысшылар осыдан көре алады. Мысалы, жұмысшылардың тиісті мерзімнен бұрын фабрикадан кетуге правосы жоқтығы туралы заң шығарған кезде, оның фабрикадан кеткендігі үшін берілетін жазаны да дәл сол арада белгілейді, белгілегенде де тіпті тұтқынға алу сияқты, қатаң жаза да белгілейді. Мысалы, стачка жасағандығы үшін жұмысшылар, заң бойынша, қамауға алынады немесе тіпті түрме жазасына кесіледі, ал ережелерді орындамай, стачканың тууына себеп болғаны үшін фабрикантқа тек штраф қана салынады. Қазірде де осылай. Фабриканттың жұмысшыларға жексенбі мен мейрам күні демалыс беруін және оларды тәулігіне 11 жарым сағаттан артық ұстамауын талап еткен заңды орындамағандар үшін ешқандай жаза белгіленбеген. Ал осы заңды бұзған фабрикант қандай

жауапқа тартылады? Ең әрі кеткенде фабрикантты 50 сомнан артық штраф белгілей алмайтын бітістіруші сотқа тартады немесе фабрика мекемесінің өзі жаза кеседі, бұл жаза да штраф болады. Бірақ 50 сом штрафтан фабрикант қорқа ма? Барлық жұмысшыларға өзіне бір түн немесе мейрам күні жұмыс істеткізгенде фабриканттың табатын пайдасы 50 сом емес қой! Заңды бұзып, штраф төлеу фабрикантқа тіпті тиімдірек болады. Заңда, оны орындамаған фабрикант үшін айрықша жаза көрсетілмеуі — барып тұрған әділетсіздік; бұл әділетсіздік біздің үкіметтің заңды мүмкіндігінше ұзақ уақыт қолданусыз қалдырғысы келетінін, үкіметтің фабриканттардан заңға бағынуды қатты талап еткісі келмейтінін айқын көрсетеді. Үкіметтің фабрикалық заңдар шығара тұрып, оларды орындамағандар үшін жаза белгілемеген реттері сонау баяғы кезде басқа елдерде де болған. Мұндай заңдар іс жүзінде әсте орындалмай, құр қағаз күйінде қала беретін. Сондықтан заңдардың орындалуын қамтамасыз етпей тұрып, заң шығаратын бұл сорақы әдет басқа елдерде әлдеқашан қалған. Ал енді орыс үкіметі жұмысшылар байқамайды деп ойлап осы ескі айланы қайталап отыр. Бірақ бұл үміт баянды үміт емес. Жаңа заң жұмысшыларға мәлім болысымен-ақ заңның орындалуын олардың өздері қатаң қадағалайтын болады, одан титтей де бұлтаруға жол бермейтін болады, заңның қойған талаптары орындалғанша жұмыстан бас тартатын болады. Жұмысшылардың бұл өз қадағалауы қайдағы бір фабрикалық урядниктердің бақылауынан сенімдірек болады. Мұндай қадағалау болмайынша, заң орындалмайды.

IX

ЖАҢА ЗАҢ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТА МА?

Алғаш қарағанда, біздің бұл туралы сұрақ қоюымыздың өзі таңырқарлық іс сияқты болып көрінуі мүмкін. Заң жұмыс уақытын қысқартады және жексенбі мен мейрам күнгі демалыстың міндеттілігін белгілейді,—

бұл жұмысшылардың жағдайының жақсартылуы емес пе? Бірақ біз, жаңа заң ережелерінің дүдәмал әрі көмескі екенін, жұмысшылардың жағдайын жақсартатын ережені енгізе тұрса да заң көп ретте қожайынның озбырлығын күшінде қалдырып немесе міндетті мейрамдардың санын дағдыдағы мейрамдардың санынан анағұрлым кем белгілеп, бұл ереженің күшін әлсірететінін біз жоғарыда толық көрсетіп өттік.

Егер демалыс күндерінің саны заң бойынша белгіленген күннің санынан көп болмаса, яғни, егер жұмысшыларға тек заң бойынша белгіленген, міндетті мейрамдарда ғана демалыс беріліп, былайғы дағдыдағы мейрамдарда фабриканттар жұмысшыларды күштеп жұмысқа қоса алатын болса, жаңа заңды енгізуден жұмыс уақыты қысқара ма,— соны есептеп көрейік. Фабриканттар жұмысшыларды бұлай күштеп жұмысқа қоса ала ма, жоқ па, бұл, әрине, екіталай мәселе. Бұл — жұмысшылардың қарсылық көрсетуіне байланысты. Бірақ фабриканттар жұмыс күнінің қысқартылғандығы есесіне мейрамдарды азайтып, сыбағасын алуға әрекет жасайтыны күмәнсыз. Капиталистердің жұмысшыларды қыса түсуге тырысатын бұл игі ниетіне заңның бар күшімен көмектесетіні күмәнсыз. Бұлай болған ретте не болатынын байқайық. Бұрынғы ескі тәртіптер мен жаңа тәртіптердің (яғни 1897 жылғы 2 июньдегі заң бойынша) тұсындағы жұмыс уақытын салыстыру үшін, *бір жылдың ішіндегі жұмыс сағаттарының санын* алу керек: барлық мейрам күндерін де, мейрамдар қарсаңындағы жұмыс уақытының қысқаруын да тек осылай еткенде ғана есепке алуға болады. Қазіргі кезде, яғни 1897 жылғы 2 июньдегі заң күшіне енер алдында, орыстың фабрика-завод жұмысшысының жыл ішіндегі жұмыс сағаттары әдетте қанша болады? Бұл туралы дәлме-дәл мәліметтердің жоқ екені өзінен-өзі түсінікті, өйткені әрбір жұмысшының жұмыс істеген сағаттарының санын есептеп шығару мүмкін емес. *Бірнеше* фабрика бойынша алынған мәліметтерді пайдалану керек: басқа фабрикалардағы сағаттардың саны, шамамен алғанда, сол зерттелген фабрикалардағыдай болады деп ұйғарылады. Москва губерниясы бойынша жиналған мәлімет-

ҭерді алайық. Ірі-ірі 45 фабриканың бір жыл ішіндегі жұмыс күндерінің саны дәлме-дәл есептелінген. Осы 45 фабриканың барлығын бірге қосқанда, бір жылдың ішіндегі жұмыс күні 12 010 болып шыққан, яғни, орта есеппен, бір жылдың ішінде бір фабрикадағы жұмыс күні 267 болған *. Бір аптадағы жұмыс сағатының саны, орта есеппен (бірнеше жүз фабрика туралы алынған мәліметтер бойынша) — 74 сағат болады, яғни күніне $12^{1}/_{3}$ сағат. Олай болса, бір жылдың ішінде барлығы $267\times12^{1}/_{3}=3293$ жұмыс сағаты немесе жинақтап алғанда 3300 жұмыс сағаты болады. Одесса қаласы жөнінде біз ірі-ірі 54 фабрика бойынша алынған мәліметтерді есептеп шығардық; бұл фабрикалардың бір жыл ішіндегі жұмыс күнінің саны да, жұмыс сағатының саны да бізге мәлім. Бұл фабрикалардың барлығында бір жылдың ішіндегі жұмыс сағатының орташа саны 3139 сағат, яғни Москва губерниясындағыдан едәуір кем болып шықты. Одессада жұмыс күні қысқарақ, ең дағдылы жұмыс күні — $10^{1}/_{2}$ сағат, осы 54 фабрикада орта есеппен алғанда 10,7 сағат. Сондықтан мейрам күндерінің саны аз бола тұрса да, бір жылдың ішіндегі жұмыс сағатының саны кем болып шықты. Енді жаңа заң бойынша жұмыс сағатының қанша болатынын қарайық. Ең алдымен бір жылдың ішіндегі жұмыс күнінің санын анықтайық. Бұл үшін 365 күннен, 1-ден, 66 мейрамды; 2-ден, $^{1}/_{2}$ күн сочельник мейрамын шегеріп тастау керек; 3-ден, жұмысшының мейрам алдында жұмысты $1^{1}/_{2}$ сағат ерте бітіруден алатын бос уақытын шегеріп тастау керек. Мейрам алдындағы күндер 60 болады (66 емес, өйткені 6-ға жуық мейрам күні өзге мейрамдарға қосылған). Демек, мейрам күнгі жұмыстарды қысқартқаннан $60\times1^{1}/_{2}=90$ жұмыс сағаты немесе 8 жұмыс күні шығады. 365 күннен барлығы $74^{1}/_{2}$ мейрам күндерді $(66+{}^{1}/_{2}+8=74^{1}/_{2})$ шегеріп тастау керек. Сонда $290^{1}/_{2}$ жұмыс күні немесе $290^{1}/_{2}\times11^{1}/_{2}=3340$ жұмыс са-

* Егер бір жылдың ішіндегі жұмыс күні 267 болса, онда жұмыс істелмейтін, мейрам күндері — 98. Жоғарыда біз мейрамдардың саны 89 күн екенін айттық, бірақ бұлай дегенде біз, 1-ден, тек механикалық фабрикаларды алдық, ал, 2-ден, барлық фабриклардағы мейрамдардың орташа санын алғанымыз жоқ, мейрамдардың неғұрлым жиі кездесетін санын алдық.

ғаты шығады. Олай болса, егер мейрамдардың саны заң бойынша міндетті болған мейрамдардың санына дейін кемітілсе, *онда жаңа заңды енгізуден жұмысшылардың жағдайы жақсармайтыны былай тұрсын, қайта тіпті нашарлап кетеді:* жалпы және тұтас алғанда, олардың бір жыл ішіндегі жұмыс уақыты бұрынғы күйінде қалады немесе тіпті *көбейіп кетеді!* Әрине, бұл тек шамамен ғана жасалған есеп: мұның дәлме-дәл есебін шығару мүмкін емес. Бірақ бұл есеп әбден жарамды мәліметтер бойынша жасалды және бұл есеп үкіметтің жұмысшыларды қысу үшін, міндетті мейрамдардың санын дағдыдағы мейрамдардың санынан кемітіп, қандай айлалы әдіс істегенін бізге айқын көрсетеді. Егер жұмысшылар бірімен-бірі берік қол ұстасып, фабриканттарға бірлесе тойтарыс бермейтін болса, онда жаңа заңды енгізуден олардың жағдайының нашарлай түсуі мүмкін екенін бұл есеп айқын көрсетеді! Оның үстіне, бұл есептің бәрі тек *күндізгі* жұмыс жөнінде, атап айтқанда, *мерзімді* уақыт ішіндегі жұмыс жөнінде ғана жасалған есеп екенін байқаңыз. Ал мерзімнен тыс жұмыс ше? Мерзімнен тыс жұмысқа заң ешқандай шек қойған жоқ қой және министр мырзалардың өздеріне шығаруға «ерік берілген» ережелерде бұған әлденендей бір шек қоятыны әлі белгісіз. Жаңа заңның жұмысшылар жағдайын жақсартатынына бізді күмәндандыратын басты себептің өзі осы мерзімнен тыс жұмысқа шек қойылмағаны болып отыр. Егер қалыпты (мерзімді) жұмыс күнін қысқартқанда орыс жұмысшыларының көпшілігінің жалақысы, қазіргі сияқты, масқара аз болып қала беретін болса, *онда жұмысшыға мұқтаждықтан мерзімнен тыс жұмысқа көнуге тура келеді, сөйтіп оның жағдайы жақсармайды.* Жұмысшыға тәулігіне 8 сағаттан артық жұмыс істемегені керек, дем алатын, білімін көтеретін, адам қатарлы, семьялы кісі қатарында, азамат қатарлы өзінің праволарымен пайдаланатын уақыты болуы керек. Жұмысшыға қайыршылық ақы емес, адамша тұруына жетерлік ақы алғаны керек, жұмысқа енгізілген жаңалықтардан жұмысшының өзінің пайдаланғаны керек, бүкіл пайданы өзінің қанаушыларына беріп қойма-

ғаны керек. Егер сол ақыға бұрын қанша сағат істесе, қазір де сонша сағат жұмыс істеуге тура келетін болса, онда жұмысшының шамадан тыс істеген жұмысының қалай аталатыны, не мерзімді жұмыс немесе мерзімнен тыс жұмыс деп аталуы — жұмысшыға мұның бәрі бір емес пе? Онда жұмыс күнінің қысқаруы туралы заң *түкке тұрғысыз, құр қағаз* болып қала береді. Онда жаңа заң фабриканттарға титтей де нұқсан келтірмейді, оларды жұмысшы халыққа ешбір жеңілдік жасауға күштеп көндіре алмайды. Финанс министрлігінің чиновниктері де, капиталистерге жағымпазданып, *қазірдің өзінде-ақ осыны байқатып отырған болуы керек:* «Вестник Финансовтың» нақ сол мақаласында олар фабрикант мырзаларды жұбатып, былай дейді: «Жаңа заң дағдылы жұмыс жөніндегі жалдану шарты бостандығына шек қойғанымен, фабриканттың кәсіпорында күн мен түннің кез келген уақытында, тіпті, мұқтаж болған реттерде» (солай! солай! біздің езілген фабрикант байғұстар орыс жұмысшыларының тегін еңбегіне екінің бірінде-ақ «мұқтаж» ғой)... «және мейрам күндерінде де жұмыс істету, мұның үшін жұмысшылармен айрықша келісімдер (мерзімнен тыс жұмыстарға) жасасу мүмкіндігін жоймайды».

Ақша қапшығының бұл малайларының қалай жағынатындығын көріп отырсыздар ғой! Фабрикант мырзалар, сіздер тым қобалжымаңыздар: сіздер «күн мен түннің кез келген уақытында жұмыс істетe» аласыздар, бірақ опда, бұрын мерзімді жұмыс деп саналған жұмысты,— *мерзімнен тыс* жұмыс деп атау керек болады. *Тек жұмыстың атын ғана өзгертсеңіздер болғаны, басқа еш нәрсенің керегі жоқ!*

Бұл мәлімдемедегі бәрінен де бір ғажап нәрсе — чиновниктердің арсыздығы; мерзімнен тыс жұмысқа ешқандай шек қойылмайтынына олардың күн ілгері-ақ көзі жеткен (егер мерзімнен тыс жұмыстарға шек қойылатын болса, онда фабрикант күндіз бен түннің кез келген уақытында жұмыс істете алмайды ғой!). Өздерінің фабриканттарға арсыздықпен және ашықтан-ашық: ештеңеден тартынып қалмаңдар, деп берген кеңестерінің

жұмысшыларға барып жетпейтініне олар күн ілгері-ақ кәміл сенеді! Бұл жөнінде финанс министрлігінің чиновниктері де аянып қалмаған болса керек! Чиновниктердің фабриканттармен *қалай* әңгімелесетінін және оларға *нендей* кеңес беретінін білу жұмысшылар үшін өте-мөте сабақ боларлық іс. Мұны біліп алғаннан кейін жұмысшылар жаңа заңды бетке ұстап, қарсы шыққан өздерінің ескі жаулары екенін, бұлар нағыз *«заңды негізге сүйеніп»,* жұмысшыны бұрынғысынша кіріптарлыққа салуға тырысатынын түсінетін болады.

X

ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ҚАНДАЙ МАҢЫЗЫ БАР?

Біз жаңа заңмен егжей-тегжейлі таныстық. Енді бұл заңның жұмысшылар үшін және Россиядағы жұмысшы қозғалысы үшін *қандай маңызы* бар екенін қарауымыз керек.

Фабрикалық жаңа заңның маңызы мынада: ол — бір жағынан, үкіметтің еріксіз жасаған жеңілдігі, бірлескен және саналы жұмысшылар бұл заңды полицейлік үкіметтен *жеңіп алды.* Бұл заңның шығуы Россиядағы жұмысшы қозғалысының *табысын* көрсетеді, жұмысшылар бұқарасының саналы және табанды талабының орасан зор күші бар екенін көрсетеді. Қандай болсын қудалаудан да, жаппай тұтқынға алып, жер аударудан да, орасан зор саяси процестер жасаудан да, жұмысшыларды қуғын-сүргінге ұшыратудан да — мұның бәрінен де түк өнбеді. Үкімет өзінің барлық күш-құралын жұмсап бақты. Үкімет Петербург жұмысшыларына өз қолындағы орасан зор билігінің бар күшімен килікті. Үкімет жұмысшыларды ешбір сотсыз, адам айтқысыз қаталдықпен қуғын-сүргінге салды, жұмысшылардың қарсылаcуға, күреске ұмтылған жігерін қалай да *жаныштауға* тырысты, жұмысшылардың фабриканттар мен үкіметке қарсы басталған социалистік қозғалысын *басуға* тырысты. Түк өнбегеннен кейін, үкіметтің жеке жұмысшыларды қаншама қудалағанымен *жұмысшы қозғалысын*

құрта алмайтынына, жеңілдік жасауға бармай болмайтынына көзі жетті. Ең құдіретті және халыққа тәуелсіз деп есептелетін, билігіне ешбір шек қойылмаған үкімет бірнеше он мыңдаған Петербург жұмысшыларының талаптарына көнуге тиісті болды. Көнгенде, қандай болмашы, екі ұшты жеңілдіктер жасағанын біз жоғарыда көрдік. Бірақ бұл — алғашқы адым ғана ғой. Жұмысшы қозғалысы әлдеқашан-ақ С.-Петербургтің шегінен асып кеткен; бұл қозғалыс, *бүкіл елде* өнеркәсіп жұмысшылары бұқарасын бірден-бірге мол қамти отырып, барған сайын кең өріс алуда, сөйтіп, бір ғана социалистер партиясы басқарған бұл қалың бұқараның бәрі бірігіп, өздерінің талаптарын қойған кезде — сол кезде үкімет мұндай болмашы жеңілдікпен жалтарып кете алмайды!

Екінші жағынан, жаңа заңның маңызы мынада: ол заң орыс жұмысшы қозғалысын *жаңадан үдетпей* қоймайды және үдетуге тиіс болады. Заңның қай жерде болса да фабриканттардың әдіс-айласына саңылау қалдыруға тырысқанын, ең маңызды мәселелерді күңгірт қалдыруға тырысқанын біз жоғарыда көрдік. Қай жерде болса да фабриканттар мен жұмысшылардың арасында осы заңды қолдануға байланысты күрес туатын болады; бұл күрес әлдеқайда кең өріс алады, өйткені заң бүкіл Россияға тарайды. Ал жұмысшылар бұл күресті саналылықпен және табанды жүргізе алады, өз талаптарын батыл жүргізе алады, біздің полицейлік заңдардың стачкаларға қарсы құрып қойған тұзақтарына ілікпей өте алады. Фабрикалық жаңа тәртіптердің енгізілуі, бүкіл Россиядағы фабрикалардың орасан көпшілігінде дағдылы, мерзімді жұмыс күнінің өзгертілуі орасан зор пайда келтіреді: ол жұмысшылардың ең артта қалған топтарын серпілтеді; ол қай жерде болса да фабрика тұрмысының мәселелері мен ережелеріне жұрттың назарын мейлінше аударады; ол жұмысшылардың өздерінің *талаптарын* қоюына, *өздерінің заңды түсінуін* жақтауына, жұмысшыларға тиімділеу болатын реттерде *ескі әдеттерді* жақтауына (мысалы, *дағдылы мейрамдарды* жақтауына, сенбі күндері жұмыстың $1^1/_2$ сағат

емес, 2 сағат және одан да бұрын аяқталуын жақтауына), мерзімнен тыс жұмыстар туралы *жаңа келісімдер* жасағанда неғұрлым тиімді шарттарды талап етуіне, жұмыс күнінің қысқартылуы жұмысшыларға ешқандай зиян келтірмей, қайта оларға іс жүзінде пайда келтіретіндей етіп *неғұрлым жоғары ақы* талап етуіне тамаша жақсы, қолайлы, *заңды* дәлел бола алады.

ҚОСЫМША

1

Фабрикалық жаңа заң (1897 жылғы 2 июньдегі заң) туралы кітапша октябрьдің басында, бұл заңды *қолдану туралы ережелер* жарияланған кезде жазылып болған еді; бұл ережелерді ішкі істер министрлігімен келісіп, 1897 жылғы 20 сентябрьде финанс министрлігі бекіткен. Бүкіл заң үшін бұл ережелердің қандай зор маңызы болатынын біз ілгеріде айтып өткенбіз. Бұл жолы министрлік ережелерді жаңа заң енгізілгенге дейін шығарып үлгіруге асықты, өйткені ережелерде (мұны қазір көреміз) жаңа заңның қойған талаптарынан бас тартуға болатын реттер көрсетілген, яғни фабриканттарға заңда белгіленген уақыттан тыс жұмысшыларға «жұмыс істетуге» рұқсат етілетін реттер көрсетілген. Бұл ережелер фабриканттарға өте қажетті болмаған болса, онда жұмысшыларға бұл ережелердің шығарылуын, әрине, әлі де ұзақ күтуге тура келер еді. «Ережелер» шыққаннан кейін көп ұзамай 1897 жылғы 2 июньдегі заңды қолдану жөнінде «фабрика инспекциясының қызметкерлеріне арналған нұсқау да» жарияланды; бұл нұсқау тек фабрика инспекторларына заңды қолдану әдісін *түсіндіру* сылтауымен шығарылды; бұл нұсқау чиновниктердің емін-еркін озбырлық жасауын заңды етеді және бүтіндей *жұмысшыларға қарсы* бағытталған, ол фабриканттарға заңнан қалай да жалтаруға мүмкіндік береді. Заңдарда әсем сөздер жазуды, онан соң оларды *нұсқаулармен* алмастырып, ол заңдарды аттап өтуге жол беруді император үкіметі өте жақсы көреді. Ереже-

лерді егжей-тегжейлі талдай келгенде біз жаңа нұсқаудың дәл осындай екенін көреміз. Бұл «нұсқаудың» едәуір бөлігі «Вестник Финансовтың» жаңа заң туралы кітапшада біз талай рет көрсеткен мақаласынан *сөзбе-сөз көшіріп алынғанын* да айта кету қажет *. Мысалы, біз ол кітапшада «Вестник Финансовтың» фабриканттарға мынадай бір арамзалықты айтып бергенін, атап айтқанда, «Вестник Финансов»: жұмысшының фабрикантпен жасасқан шартында жұмыс уақыты туралы еш нәрсе айтылмаған реттерде жаңа заң қолданылмайды, өйткені бұл жағдайда жұмысшы, былайша айтқанда, «жалдама жұмысшы емес, қайта заказ алатын кісі» болып табылады деп түсінік бергенін көрсеттік. «Нұсқау» осы арамзалық түсінікті сөзбе-сөз қайталап айтып отыр. Ережелер 22 статьядан құралған, бірақ бұлардың көбі 1897 жылғы 2 июньдегі заңның статьяларын әншейін түгелімен қайталайды. Бұл ережелердің тек «финанс министрлігінің қарауындағы» фабриканттарға ғана қатысты екенін айта кетейік; ол ережелер тау-кен заводтарына да, темір жол шеберханаларына да, қазыналық заводтарға да қатысты емес. Бұл ережелерді заңның өзінен қатаң ажырата білу керек: ережелер тек заңды *дамыту ретінде* ғана шығарылған, сондықтан бұл ережелерді шығарған министрлер оларды толықтыра алады, өзгерте алады, жаңа ережелер шығара алады. Ережелерде мынадай бес мәселе туралы айтылған: 1) жұмыс уақытындағы үзілістер туралы; 2) жексенбі күнгі және мейрам күнгі демалыс туралы; 3) жаңа заңның қолданылмайтын реттері туралы; 4) сменалар туралы және 5) мерзімнен тыс жұмыс туралы. Ережелерді әрбір мәселе бойынша толық қарап шығайық, ал осыларға байланысты, финанс министрлігі өзінің нұсқауында бұл ережелерді қалай қолдануға кеңес беретінін көрсетейік.

II

Жұмыс уақытындағы үзілістер туралы мынадай ережелер алынған: 1-ден, жұмыс уақытындағы үзілістер

* Қараңыз: осы том, 295-бет. *Ред.*

жұмыс сағатының санына кірмейді, үзіліс уақытында жұмысшы бос болады; үзілістер уақыты ішкі тәртіп ережелерінде көрсетілуге тиіс; 2-ден, үзіліс тек жұмыс уақыты тәулігіне 10 сағаттан артық болған реттерде ғана міндетті түрде белгіленеді және үзіліс бір сағаттан кем болмауы керек. Бұл ереже жұмысшылардың жағдайын титтей де жақсартпайды. Қайта нашарлатады. Бір сағаттық үзіліс мейлінше аз: фабрикалардың көпшілігінде түскі тамаққа $1^1/_2$ сағаттық үзіліс және кейде ертеңгі тамаққа тағы да жарты сағат үзіліс белгіленген. Министрлер ең аз уақытты алуға тырысқан! Бір сағаттың ішінде жұмысшы, қайткенде де, тіпті үйіне барып тамақ ішіп келуге де үлгірмейді.

Әлбетте, жұмысшылар мұндай қысқа үзіліс белгілеуге жол бермейді және үзіліс уақытының көбірек болуын талап ететін болады. Үзілістің міндеттілігі туралы екінші бір ескерту де жұмысшыларға қысым жасалу қаупін туғызады: министрлердің ережелері бойынша, үзіліс жасау, жұмыс күні 10 сағаттан артық болған реттерде ғана *міндетті болады!* Демек, жұмыс күні 10 сағат болған реттерде фабриканттың жұмысшыларға үзіліс бермеуге правосы бар! Фабриканттардың мұндай правомен пайдалана алмауы және пайдалануға батылы бармауы жөнінде тағы да жұмысшылардың өздері қам жасауы керек болады. Жұмысшылар мұндай ережелерге келіспей (ол ережелер ішкі тәртіп ережелеріне енгізілген кезде), үзілістің жиірек болуын талап ете алады. Министрлерге тіпті осы қысымдар да аз сияқты болып көрінген. Бұл ережеге арналып жазылған «ескертуде» тағы да былай делінген: «едәуір кедергілер кездескен реттерде бұл талапты орындамауға *жол беріледі»,* яғни фабрикант мырзалардың жұмысшыларға мүлдем үзіліс бермеуіне *жол беріледі!* Министрлер бұған жол береді-ау, бірақ жұмысшылар бұған *жол бере* қояр ма екен! Мұнымен қатар, министрлер үзіліс жасау талабы жұмысшыларға ауыр тиеді деп танылған реттерде бұл талапты орындамауға *жол береді.* О, қамқоршыл министр мырзаларай! Жұмыста үзіліс жасау жұмысшыларға «ауыр тиетінін» біздің министрлер ойластырып көрген, ал бір са-

ғаттың ішінде тамақ ішіп үлгірудің жұмысшыларға «ауыр тиетіндігі» немесе үзіліссіз *10 сағаттан* жұмыс істеудің одан да «ауыр тиетіндігі» туралы — бұл жайында министр мырзалар жұмған аузын ашпаған! Үзіліске қатысты үшінші ереже жұмысшыға кемінде әрбір 6 сағат сайын тамақ ішуге мүмкіндік берілуін талап етеді. Бірақ ережелер әрбір 6 сағат сайын *үзіліс жасалуын* талап етпейді; онда мұндай ереженің қандай қажеті бар? Үзіліс жасалмайынша жұмысшы қалай тамақтана алады? Министр мырзалар бұл туралы ойлап, басын ауыртпаған. Егер үзіліс жоқ болса (делінген ережелерде), онда жұмысшының «жұмыс уақытының өн бойында тамақ ішуіне мүмкіндік берілуі тиіс, мұнымен қатар ішкі тәртіп ережелерінде тамақ ішетін орын белгіленуі тиіс». Бұл ереженің түгелінен ақымақтық екендігі сонша — тіпті не айтарыңды білмей қайран қаласың! Екінің бірі: *не* бұл «тамақ ішетін жер» *жұмысшы жұмыс істейтін жерде* белгіленбейді; онда сөзсіз *үзіліс* жасалады. Не бұл орын *жұмысшы жұмыс істейтін жердің* өзінде белгіленеді; онда тамақ ішетін орынды белгілеудің не керегі бар? Жұмысты тоқтатуға жұмысшының правосы жоқ, ал онда жұмысшы жұмысты *тоқтатпайынша* қалай тамақтана алады? Министр мырзалар жұмысшыны машина сияқты көреді: машинаны жұмыс үстінде-ақ майлауға болады ғой, олай болса, жұмысшы да жұмыс кезінде тамақ жей бермей ме? (біздің «қамқоршыл» капитал құйыршықтары — министрлер осылай ойлайды). Жұмысшыларға мұндай ақымақтық ережені орыстың чиновниктік кеңселерінде ғана ойлап шығара алды, бірақ іс жүзіне келгенде ол ереже қолданылмайды деп үміттену ғана қалады. Жұмысшылар «тамақ ішетін жердің» *өздерінің жұмыс істейтін жерінен белгіленбеуін* талап етеді: жұмысшылар әрбір 6 сағат сайын *үзіліс* жасалынуын талап етеді. Үзіліс жасау туралы ережелердің не бары осы. Егер жұмысшылар өздерін өздері қорғамаса және бәрі бірігіп, министрлердің ережелерін емес, өздерінің ережелерін қолдамаса, министрлер заңды тек жұмысшылардың жағдайын нашарлататындай етіп дамытқан.

III

Жексенбі күнгі және мейрам күнгі демалыстар туралы тек бір ғана кішкене ереже алынған, атап айтқанда, жексенбі және мейрам күндері жұмысшылар кемінде қатарынан 24 сағат жұмыстан бос болуға тиіс делінген. Жексенбі күнгі және мейрам күнгі демалыс туралы заңды «дамыту» ретінде қабылдауға болғаны *не бары осы*. Бұдан аз белгілеуге болмайтын еді. Ал жұмысшыларға көбірек демалыс белгілеуді (мысалы, кейбір басқа елдердегі сияқты 36 сағат) министрлер ойлаған да жоқ. Христиан еместер жөнінде ережелерде дәнеңе айтылмаған.

IV

Заң қолданылмайтын реттер туралы толып жатқан ережелер, өте көп және егжей-тегжейлі ережелер қабылданған. Заң министрлерге заңның қойған талаптарын *ұлғайта* отырып (яғни жұмысшылар үшін фабриканттардан көп нәрсе талап ете отырып) және заңның қойған талаптарын *кеміте* отырып (яғни жұмысшылар үшін фабриканттардан *аз нәрсе* талап ете отырып), ережелерде заңның қолданылмайтын реттерін белгілеуге ерік бергенін жұмысшылардың есіне сала кетейік. Министрлердің не істегенін қарап көрейік. Бірінші ереже. «Жұмысшылар *үздіксіз* жұмыстармен, яғни аспаптар, материалдар немесе бұйымдар бүлініп қалмаса, онда кез келген уақытта тоқтатуға болмайтын жұмыстармен шұғылданып жатқан» кезде заңды қолданбауға болады. Мұндай реттерде фабрикант мырзалардың заңда белгіленген уақыттан тыс та «жұмыс істетуіне» болады. Мұндай ретте ереже тек, 1-ден, қатар екі тәуліктің ішінде жұмысшының жұмыс сағаттарының саны 24 сағаттан артпауын (ал сменалар тәртібі бұзылғанда отыз сағаттан артпауын) талап етеді. Тәулігіне неге 12 сағат делінбей, екі тәулікте 24 сағат деп не себептен айтылғанын біз сменалар туралы параграфтан көреміз. 2-ден, ереже, егер жұмысшының жұмыс күні 8 сағаттан артық болса, онда үздіксіз жұмыс тұсында әрбір жұмысшының айына төрт тәулік жұмыстан босатылуын талап

етеді. Демек, *үздіксіз істейтін* өндірістердегі жұмысшылардың демалыс күндерінің саны *мықтап кемітілген: тіпті* заң бойынша да жылына 66 міндетті мейрам (мейрамдарды барынша кеміткеннің өзінде) белгіленіп отырғанда, олар үшін айына 4 күн, жылына 48 күн демалыс белгіленген. Мейрамдардың бұл санын азайтуға министрлердің қандай ақылға сыйымды дәлелі болды? Ешқандай дәлелі болған жоқ; айына 4 күн мейрам болғанда да өндірістің *үздіксіздігі* бәрібір бұзылады ғой, яғни фабриканттар бәрібір мейрам уақыттарында басқа жұмысшылар жалдауға тиіс болады ғой (егер өндіріс *шынында* үздіксіз істейтін болса, яғни оны *тоқтатуға* болмайтын болса). Демек, министр мырзалар жұмысшылардың мейрамдарын тағы да кеміткенде, *мынау үшін ғана:* фабриканттарды неғұрлым аз «қысу» үшін ғана, *басқа* жұмысшылар жалдайтын реттерді азайту үшін ғана кеміткен. Ол ол ма, «нұсқау» тіпті фабрика инспекторларына *жұмысшылар үшін бұдан да аз демалыс* белгілейтін ішкі тәртіп ережелерін де бекітуге рұқсат береді! Фабрика инспекторы бұл туралы тек сауда және өнеркәсіп департаментіне хабарласа болғаны. Бұл — біздің үкіметтің ешқандай мәні жоқ заңдарды және егжей-тегжейлі ережелер мен нұсқауларды неліктен тәуір көретініне ең айқын мысал: жағымсыз ережені өзгерту үшін бұл туралы күнәсыз кірістер... департаментінен сұраса болғаны!! Дәл сол сияқты, фабрика инспекторы нұсқауға қоса берілген тізімде көрсетілмеген жұмыстарды да үздіксіз жұмысқа жатқыза (нұсқауға сәйкес!) алады: тек департаментке білдірсе болғаны... Бұл ережеге арналған ескертуде үздіксіз жұмыстар ішкі тәртіп ережелерінде *айрықша көрсетілуге* тиіс делінген. «Заңды бұл тек шынымен қажетті болған реттерде ғана қолданбауға болады» (министрлердің ережесі осылай дейді). Ал оның *шынымен* қажет екенін немесе қажет емес екенін кім бақылауы керек? Жұмысшылардан басқа ешкім бақыламайды: олар ішкі тәртіп ережелеріне *шынымен* қажет болмаған үздіксіз жұмыстар туралы ескертулер енгізілуіне жол бермеуге тиіс. Екінші ереже. Жұмысшылар түрлі өндірістерде көмекші жұмыстарды (ағымдағы жөндеу, котелдарды,

двигательдер мен приводтарды күту, от жағу, жарық беру, сумен жабдықтау, күзет және өрт сөндіру қызметі және т. б.) істеп жатқан кезде заңды қолданбауға болады. Заңды қолданбайтын мұндай реттер де ішкі тәртіп ережелерінде *айрықша көрсетілуі* тиіс. Мұндай жұмысшылардың демалыс күндері туралы *ереже дәнеңе айтпайды.* Өздеріне демалыс берілуін, яғни мұндай жұмысшылар үшін демалыс күндері белгіленбеген ішкі тәртіп ережелеріне келісім берілмеуін тағы да жұмысшылардың өздерінің бақылап отыруы керек болады. Үшінші ереже. Жұмыс күні туралы, жексенбі күнгі және мейрам күнгі демалыс туралы ережелерді және ішкі тәртіп ережелерін тағы да мынадай екі ретте қолданбауға болады: 1-ден, механизмдер, құралдар, тағы басқалар кенет бұзылып қалып, мұның салдарынан бүкіл фабриканың немесе оның бір бөлімінің жұмысы тоқтап қалған реттерде қолданылмайды. Мұндай жағдайларда қажетті *жөндеуді* ережелерден тыс жасауға болады. 2-ден, «өрттің, қирап-бүлінудің, тағы сол сияқты күтпеген жағдайлардың салдарынан кәсіпорынның нендей бір бөлімінің жұмыстары бірсыпыра уақытқа қысқартылып немесе мүлдем тоқталып қалған реттерде және кәсіпорынның басқа бөлімдерінің толық жұмыс істеуі үшін бұл қажет болған реттерде кәсіпорынның белгілі бір бөлімінде уақытша жұмыстарды» ережелерден тыс істеуге рұқсат етіледі. (Мұндай ретте фабрикант дәл сол күні осындай жұмыстарға *рұқсат ететін* фабрика инспекторына хабар беруге тиіс). Бұл соңғы ереже фабриканттардың артық бір сом да ақша жұмсамауы үшін министрлердің орасан «қамқоршыл» екенін көрсетеді. Фабриканың бір бөлімінде өрт болды. Жұмыс тоқталды. Фабрикасының өртенген бөлімін түзетіп алып, фабрикант текке кеткен уақыттың орнын толтырғысы келеді. *Сондықтан* министр фабриканттың жұмысшыларға тәулігіне 18 сағаттан болса да күштеп жұмыс істеткізіп, жұмысшылардың еңбегінен тілегенінше артық пайдалануына рұқсат етеді. Ал бұл арада жұмысшылардың қандай қатысы бар еді? Фабрикант артық пайда тапқанда, бұл пайдасын ол жұмысшылармен бөліссе ме? осы кезде ол жұмыс күнін қысқарта ма? Фабри-

кант зиян шеккенде жұмысшылар өздерінің жұмыс күнін неліктен *ұзартуы* керек? Мұның аты: пайданы өзіме аламын, зиянды жұмысшыларға аударамын деген сөз ғой. Егер текке кеткен уақыттың орнын толтыру керек болса, онда неге басқа жұмысшылар жалдамасқа? Фабрикант мырзалардың қалтасының қамын ойлауға келгенде орыс министрлері қандай ғажап «қамқоршыл» десеңізші! Төртінші ереже. «Басқа ерекше мәні бар, айрықша жағдайларда» да жаңа заңды қолданбауға болады. (Мұнысы тағы қандай реттер? Ерекше мәнді, айрықша реттер тіпті көп келтірілгендіктен, сірә, енді одан басқа реттер қалмаған да шығар?) Финанс және ішкі істер министрлері әрбір осындай жеке реттерде заңды қолданбауға рұқсат етеді. Демек, фабрикант өтінеді,— министрлер рұқсат етеді — сонымен іс бітеді. Жұмысшылардан мұны сұрамайды да: бұл «мырзалардың» қара халықтың пікірін сұрауына тұрарлық іс пе! Оңбаған халық фабриканттың не «ерекше» жағдай себепті немесе нағыз кәдімгі баюға құныққандығынан тілемсектікке салынып отырғанын сөз қылмай, капиталистерге жұмыс істей беруі тиіс. Министрлердің жаңа заңды қолданбайтын реттер туралы ережелері осындай. Бұл ережелердің бәрінде заңды қалай және қай кезде орындамауға болатыны, заңның жұмысшылар үшін фабриканттардан талап ететіндерін қалай және қай уақытта кемітуге болатыны айтылғанын көріп отырмыз. Заңның жұмысшылар пайдасы үшін фабриканттарға деген талаптарын ұлғайту туралы министрлер *бір ауыз сөз* айтпайды. Фабрикалық жаңа заң туралы кітапшада заңның министрлерге неліктен мұндай зор праволар беретіні туралы мәселе жайында не айтылғанын жұмысшылар есіне түсірсін!

V

Сменалар жөнінде бір ғана кішкене ереже алынған; бұл ереже екі сменада 18 сағат жұмыс істелетін реттерде бір тәуліктің ішіндегі жұмыс сағаттарының санын 12 сағатқа дейін *көбейтуге*, көбейткенде, орта есеппен, екі аптаға есептегенде, әрбір жұмысшының жұмыс уақытын тәулігіне 9 сағаттан артпайтындай етіп көбей-

туге мүмкіндік береді. Демек, бұл ереже де жұмыс күнін *көбейтуге* рұқсат етеді. Жұмыс күнін *ұзарту* туралы қаншама ереже болды, ал оны кеміту туралы бір де ереже болған жоқ — және болмайды да! Бұл ереже бойынша жұмысшыларға бір апта бойына тәулігіне 12 сағаттан жұмыс істеткізуге болады, ал «нұсқау» бұған қосымша тағы да фабрика инспекторларының директорға хабарлай отырып, заңды басқа реттерде де қолданбауға рұқсат ете алатынын білдірген... Үздіксіз жұмыс кезіндегі жұмыс уақытын *екі тәулікке 24 сағат* етіп белгілейтін жоғарыда келтірілген ереженің де сол сменаларға қатысы бар. Тәулігіне неліктен 12 сағат делінбей, қайта екі тәулікте 24 сағат делінгенін нұсқау түсіндіріп отыр. Бұл кейбір фабрикаларда алынып жүрген өрескел тәртіпті: *8 сағаттан алмалап 2 сменамен* үздіксіз жұмыс істеу тәртібін өзгеріссіз қалдыру үшін айтылған: мұндай сменада жұмысшы бір күні 16 сағат жұмыс істеп, екінші күні 8 сағат істеп, ешбір дұрыстап демала да алмайды, дұрыстап ұйықтай да алмайды. Бұл сменалардан асқан өрескел еш нәрсе бола қоймас; бірақ министрлердің бұл өрескелдіктерге шек қою үшін дәнеңе істемегендігі былай тұрсын, тіпті «нұсқауда» арсыздықпен: мұндай сменалар көп реттерде жұмысшылар үшін қолайлырақ болады деуге дейін барған!! *Жұмысшыларға қолайлы болуы* жөнінде министрлер, міне, осылай қамқорлық жасайды!

VI

Ережелерде мерзімнен тыс жұмыстар туралы, алғаш қарағанда, неғұрлым дәл анықтамалар берілген сияқты. Мерзімнен тыс жұмысқа шек қою — тек министрлердің ережелерінде ғана емес, сонымен қатар бүкіл жаңа заңда да ең басты мәселе. Бұл мәселе туралы заңның өзінде түсінікті еш нәрсе айтылмағанын, финанс министрлігі алғашында мерзімнен тыс жұмыстар туралы ешбір қосымша ережелер шығарғысы келмегенін жоғарыда айтып өткенбіз. Қазір министрлер, дегенмен, мерзімнен тыс жұмыстарға шек қойған болып шықты, атап айтқанда, жаңа заңды жазып шыққан комиссияның ұйғар-

ғапындай етіп, яғни жылына 120 сағат етіп пісік қойған болып шықты. Бірақ мұның есесіне финанс министрі өз «нұсқауында» *жұмысшыларға қарсы* қулық-сұмдықтардың бәрін фабрика инспекторларының құлағына құйып, қайталап айтып берді; бұл қулық-сұмдықтарды біз «Вестник Финансовтан» алып, жаңа заң туралы кітапта келтіргенбіз: қайталап айтамыз, «нұсқау» «Вестник Финансовтан» көшіріліп алынған.

Бірінші ереже жаңа заңның мына қағидасына арналған: бұл қағида бойынша, фабрикант жұмысшымен жасасқан шартқа, өндірістің техникалық жағдайларына қарай қажет болған мерзімнен тыс жұмыстар туралы шарт енгізе алады. Бұл ереженің дүдәмал екенін жоғарыда айтып өткенбіз. Ал оның бер жағында заңның бұл статьясының орасан зор маңызы бар: егер мерзімнен тыс жұмыстар туралы шарт ішкі тәртіп ережелеріне енгізілген болса, онда жұмысшы үшін мерзімнен тыс жұмыстар *міндетті болады,* сөйтіп *бұл ретте бүкіл заң қолданусыз қалады.* Қазір министрлік ережелерінде бұл сөз былай түсіндіріледі: «өндірістің қалыпты бағытынан тек кездейсоқ ауытқу және соның өзінде, өндірістің өзінің сипатына байланысты ауытқу себепті» туатын жұмыстарды ғана «өндірістің техникалық жағдайларына қарай қажетті» болатын жұмыстар деп есептеуге болады. Демек, мысалы, заказдардың көбеюінен туатын ауытқулар бұған жатпайды (өйткені олар өндірістің сипатына тәуелді емес). Өрттен, қираудан, тағы сондайлардан туған ауытқулар да бұған жатпайды, өйткені олар да өндірістің өзінің сипатына тәуелді емес. *Ақылға салғанда* ережені нақ осылай түсіну керек еді. Бірақ бұл арада фабриканттарға «нұсқау» көмекке келеді. «Нұсқау» мерзімнен тыс жұмыстарды жалдану шарттарына, яғни ішкі тәртіп ережелеріне енгізіп, бұл жұмыстарды жұмысшыларға міндетті етуге болатын реттерді тамаша дамытқандығы сонша — бұл реттерге тіпті *кез келген нәрсені* қоса беруге болады. Шынында да, жұмысшылар «Вестник Финансовтың» мақаласы заңды қалай *дамытқанын* есіне түсіріп, енді «нұсқауды» сол мақаламен салыстырып қарасын. «Нұсқауда», ең алдымен, «өндірістің техникалық жағдайларына қарай қажетті»

жұмыстар туралы айтылады, одан кейін елеусіз түрде: «сөзсіз қажетті жұмыстар» (міне қалай! ал оның қажеттілігін кім тексереді?),— деген сөздер қыстырылады,— ал онан әрі нұсқауда «сөзсіз қажеттіліктің» мысалсымақтары да келтіріледі: келтірілгенде, фабрикантқа «жұмысшылардың санын көбейту мүмкін болмаған немесе қиынға соққан» (баяғы өзімізге мәлім!), жұмыс өте асығыс, жедел істеліп жатқан (мысалы, маусымды жұмыстар кезінде); баспаханада күн сайын газет шығаруға тура келетін; жұмыстың болатынын күн ілгері болжап білуге болмайтын, тағы басқа сондай ретте де сол «сөзсіз қажеттіліктің» есебіне қосылатын болып шыққан. Бір сөзбен айтқанда, нені тілесең, соны сұрайсың. Капиталистердің финанс министрлігінде отырған арсыз құйыршықтары заңды *дамытқанда* тіпті фабрикантты *мерзімнен тыс жұмыстардың қандайын болса да* талап етуге және бұл талабын ішкі тәртіп ережелеріне енгізуге *праволы* етіп *қойған. Ал ішкі тәртіп ережелеріне осындай талап енгізілгеннен кейін, бүкіл жаңа заң түкке жарамай, барлығы да бұрынғы қалпында қалады.* Жұмысшылар бұл талаптардың ішкі тәртіп ережелеріне енгізілуіне жол бермеуге тиіс, әйтпесе олардың жағдайы жақсармайтыны былай тұрсын, тіпті нашарлап кетеді. Заңға сүйене отырып, жұмысшыларды қайтадан кіріптарлыққа түсіру туралы фабриканттар мен чиновниктердің қалай сөз байласатындарын жұмысшылар осы мысалдан көре алады. Бұл сөз байласуды, финанс министрлігінің капиталистерге жағымпазданып, олардың мүдделерін қорғайтынын «нұсқау» айқын көрсетеді.

Мерзімнен тыс жұмыстар туралы шығарылған екінші ереже бойынша мерзімнен тыс жұмыстардың әрбір жұмысшыға келетін мөлшері жылына 120 сағаттан аспауға тиіс, соның өзінде, 1-ден, «өндірістің техникалық жағдайларына байланысты» шартта жұмысшы міндетті түрде атқаруға тиіс деп белгіленген мерзімнен тыс жұмыстар бұл есепке *кірмейді,* ал біз министрлер «өндірістің техникалық жағдайларына» ешбір қатысы жоқ реттердің қандайын *болса да* осы мағынаға келтіре беруге рұқсат еткенін қазір ғана көрдік; 2-ден, өрт немесе қирау-сыну себепті және басқа себеппен немесе бел-

гілі бір бөлімшеде жұмыс тоқтап қалуы себепті, босқа кеткен уақыттың орнын өтеу үшін істелетін мерзімнен тыс жұмыстар бұл есепке кірмейді.

Мерзімнен тыс жұмыс туралы осы ережелердің барлығын қосып алғанда бұл ережелер арыстанның өзімен аң аулауға бірге шыққан жолдастары арасында түскен олжаны қалай «тең» бөлгені туралы белгілі мысалды қатты еске түсіреді: олжаның бірінші бөлігін ол правосы бойынша өзі алады; екінші бөлігін аңдардың патшасы болғандығы үшін алады; үшіншісін — барлығынан да күшті болғаны үшін алады; ал төртіншісіне тырнағын созған аң тірі қалмайды [108]. Міне, бізде де қазір фабриканттар мерзімнен тыс жұмыстар туралы дәл осылай пайымдайтын болады. 1-ден, олар «правосы» бойынша жұмысшыларға «өндірістің техникалық жағдайларына қарай қажетті болған» мерзімнен тыс жұмысты істеттіреді, яғни оны ішкі тәртіп ережелеріне енгізу үшін-ақ кез келген жұмысты күштеп істете береді. 2-ден, олар «айрықша реттерде», яғни өз шығындарын жұмысшыларға аударғылары келгенде оларға күштеп жұмыс істеттіреді. 3-ден, өздері бай, ал жұмысшылар қайыршы болған себепті олар жұмысшыларға тағы да жылына 120 сағат күштеп жұмыс істеттіреді. 4-ден, «ерекше жағдайларда» олар министрлерден айрықша жеңілдіктер алады. Ал, содан соң, мұның бәрінен кейін, тәулік ішіндегі 24 сағаттан қалған уақытты жұмысшылар «емін-еркін» пайдалана алады, пайдаланғанда, әділ үкімет еш уақытта оларды тәулігіне 24 сағаттан да жұмыс істеу «правосынан айырмайтынын» қатты есте сақтай отырып, пайдалана алады... Мерзімнен тыс жұмысты жұмысшыларға *заң бойынша* күштеп істеткізу үшін,— мұның үшін: фабриканттар мерзімнен тыс жұмыстардың осы түр-түрінің барлығын тіркеп отыратын айрықша *кітаптар* қолдансын, деп қаулы алынған. Бір кітапқа олар жұмысшылардан өздерінің «правосы бойынша» сыпырып алатындарын жазады; екінші кітапқа «айрықша жағдайларда» сыпырып алатындарын жазады; үшінші кітапқа «ерекше келісім» бойынша сыпырып алатындарын (жылына 120 сағаттан артпайтын етіп) жазады; төртінші кітапқа «ерекше жағдайларда»

сыпырып алатындарын жазады. Жұмысшылардың жағдайының жақсаруы орнына тек қағазбастылық пен кеңсе былығы туады (билігіне шек қойылмаған орыс үкіметінің барлық реформаларының нәтижесінде әрдайым осылай болады). Фабрика урядниктері фабрикаларға келіп, осы кітаптарды... «қадағалап тұрады» (бұл кітаптардағы жазуларға адам түгіл, шайтан да түсінбес), ал осы пайдалы қызметтен бос уақытында олар сауда жәпе мануфактура департаментінің директорына фабриканттарға тағы да садақа беру керек екенін білдіріп отырады, ал полиция департаментіне жұмысшылардың стачкалары туралы мәлімет жеткізіп отырады. Біздің үкімет басындағы бұзықтармен қосылған бұл саудагерлер шынында да нағыз алаяқ құлардың өзі емес пе! Олар енді тиімді бағаға шетел өкілін де жалдап алады, ол кез келген жерде: бізде жұмысшылардың қамын жейтін, міне, қандай заңдар бар деп, бүкіл «Европа» алдында лепіретін болады.

VII

Қорытындымызда министрлердің ережелерін жалпы бір шолып өтейік. Жаңа заңның министр мырзаларға қандай ережелер бергенін еске алайық. Бұлар үш разрядқа бөлінген ережелер: 1) заңды түсіндіретін ережелер; 2) жаңа заңның фабриканттарға деген талаптарын арттыратын немесе кемітетін ережелер; 3) жұмысшылар үшін аса зиянды өндірістер туралы ережелер. Ал министрлер заңның өздеріне берген правосымен қалай пайдаланды?

Бірінші разряд бойынша олар ең қажетті, ең аз, онсыз болмайтын өзгеріспен шектелген. Мерзімнен тыс жұмыстың мөлшерін олар өте зор және созылмалы көлемде жылына 120 сағат етіп белгілеген, соның өзінде нұсқаулар шығару арқылы өте көп ескертулер жасаған, мұның салдарынан ережелердің ешқандай мән-маңызы қалмаған. Олар жұмысшылардың жұмыс кезіндегі үзілісін кемітуге тырысқан, барлық сорақылықтарымен қоса сменаларды бұрынғы күйінде қалдырған, бәлки, тіпті нашарлатып жіберген деуге болады.

Ережелердің екінші разряды бойынша министрлер жаңа заңның фабриканттарға деген талаптарын кеміту үшін *бәрін істеген, яғни фабриканттар үшін бәрін істеп, ал жұмысшылар үшін еш нәрсе де істемеген:* ережелерде жаңа заңның жұмысшылардың пайдасын көздеп, фабриканттарға деген талаптардың бірде-бірі ұлғайтылмаған.

Ережелердің үшінші разряды бойынша (яғни, нағыз зиянды өндірістерде жұмыс істеуге мәжбүр болған жұмысшылардың пайдасы жөнінде) министрлер мүлде түк істемеген, бұл туралы жұмған аузын ашпаған. Тек нұсқауда ғана фабрика инспекторларының ерекше зиянды өндірістер туралы департаментке білдіре алатыны айтылған! Фабрика инспекторлары не болса сол туралы бұрын да «білдіре» алатын еді ғой. Бірақ, неге екені белгісіз, фабрика урядниктері бұған дейін тек жұмысшы стачкалары туралы, жұмысшыларды қудалау әдістері туралы «білдіріп» келді, ал ерекше зиянды өндірістердегі жұмысшыларды қорғау туралы түк білдірген емес.

Полицейлік үкіметтің чиновниктерінен не күтуге болатынын жұмысшылардың өздері осыдан-ақ көре алады. 8 сағаттық жұмыс күнін енгіздіру үшін және мерзімнен тыс жұмыстарға толық тыйым салғызу үшін орыс жұмысшыларының мұнан былай да көптеген қажырлы күрес жүргізуіне тура келеді.

Владимiръ Ильинъ.

ЭКОНОМИЧЕСКIЕ
ЭТЮДЫ И СТАТЬИ.

Къ характеристикѣ экономическаго романтизма. — Пермская кустарная перепись —Перлы народническаго прожектерства. — Отъ какого наслѣдства мы отказываемся?—Къ вопросу о нашей фабрично-заводской статистикѣ.

С.-ПЕТЕРБУРГЪ.
Типо-литографiя А. Лейферта. Бол. Морская. 65.
1899.

В. И. Лениннің «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» деген мақалалар жинағының мұқабасы

Кішірейтілген

ПЕРМЬ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ 1894/95 ЖЫЛҒЫ МАЙДАГЕРЛЕР САНАҒЫ ЖӘНЕ «МАЙДАГЕРЛІК» ӨНЕРКӘСІПТІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ [109]

1897 ж., айдауда жүрген кезінде, август — кеш дегенде 7(19) сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1898 ж. мына жинақта басылған: Владимир Ильин. «Экономикалық этюдтер мен мақалалар». СПБ.

«Экономикалық этюдтер мен мақалалар» деген жинақтың тексті бойынша, Вл. Ильин. «Аграрлық мәселе» (1908) деген жинақтың текстімен салыстырылып басылып отыр

БІРІНШІ МАҚАЛА

(I. Жалпы мәліметтер.— II. «Майдагер» және жалдама еңбек.— III. «Қауымдық-еңбек мирасқорлығы»)

Пермьдегі ғылыми қоғамдар, земствоның қатысуымен, Нижний-Новгородтағы 1896 жылғы көрмеге арнап: «Пермь өлкесін шолу» деген жалпы тақырыпта көлемді еңбек даярлауға кіріскен. 200 табақтан астам материал жиналған; басылып шығатын еңбектің бәрі сегіз том болуға тиіс. Оны, әдеттегіше, көрмеге дейін бітіре алмады, әзірге губерниядағы майдагерлік өнеркәсіптің очеркінен тұратын бірінші томы ғана басылып шықты *. Негізге алынған материалдың жаңалығы, көптігі және толықтығы жағынан «Очерк» мейлінше көңіл аударарлық еңбек болып шыққан. Материал 1894/95 жылы земство қаржысына жүргізілген арнаулы *майдагерлер санағы* арқылы жиналған, оның үстіне санақ үй басына жүргізіліп, әрбір үй қожасынан ауыз-екі сұралып, жеке-жеке мәлімет алынған. Мәліметтерді земство бастықтары жинаған. Үй басына жүргізілген зерттеудің программасы өте кең болған: майдагер-қожайындардың семья құрамын да, майдагерлер қолданатын жалдама еңбекті де, ауыл шаруашылығын да, шикізат дайындау жөніндегі, өндіріс техникасы жөніндегі, жылдың әр айына жұмыстың бөлінуі жөніндегі, өнімдердің өткізілуі жөніндегі, кәсіпорындардың құрылған уақыты жөніндегі, майдагерлердің борышты болуы жөніндегі мәліметтерді де қамтыған. Біздің білуімізше, мұншалық-

* «Пермь өлкесін шолу. Пермь губерниясындағы майдагерлік өнеркәсіптің жайы туралы очерк». Пермь губерниясы земствосының қаржысына басып шығарылған. Пермь, 1896. II+365 бет+232 бет кесте, 16 диаграмма және Пермь губерниясының картасы бар. Бағасы 1 с. 50 тиын.

ты бай мәлімет біздің әдебиетімізде бірінші рет басылып отыр деуге болады. Бірақ кімге көп берілсе, сонан көп талап етілмекші де. Материалдың көптігі бізге зерттеушілерден бұл материалды жете өңдеп шығуды талап етуге право береді, ал «Очерк» бұл талаптарды тіпті де толық қанағаттандыра алмайды. Кесте мәліметтерінде де, ол мәліметтерді топтап, өңдеу тәсілінде де толып жатқан олқылықтар бар, бұл олқылықтардың орнын кітаптан мәліметтер теріп, тиісті деректерді есептеп шығару арқылы автордың ішінара толықтыруына тура келді.

Біз оқушыларды санақта жиналған материалмен, оны өңдеу тәсілдерімен, біздің «майдагерлік кәсіпшіліктеріміздің» *экономикалық жай-жапсары* жөніндегі мәліметтерден туатын қорытындылармен таныстырмақпыз. Біз «экономикалық жай-жапсары» деген сөздерді баса көрсетеміз, өйткені біз болмыстағы бар нәрсені және бұл болмыстың басқаша болмай, неге бұлай болатындығы туралы мәселе қойып отырмыз. Ал Пермь губерниясы жөніндегі мәліметтерден шыққан қорытындыларды «біздегі майдагерлік кәсіпшілік» атаулының бәріне қолдануға болатындығына келсек, онда бұлай қолданудың заңдылығына оқушының төмендегі мәліметтерден көзі жетер, өйткені Пермь губерниясында «майдагерліктің» түр-түрі өте көп және майдагерлік кәсіпшіліктер жайындағы әдебиетте бұрын-соңды көрсетілген майдагерліктің *неше түрінің бәрі* бар.

Оқушыдан тек мынаны — бұдан былайғы жерде баяндаудың екі жағын: бір жағынан, нақты мәліметтерді зерттеп, өңдеуді, екінші жағынан, «Очерк» авторларының халықшылдық көзқарастарына берілетін бағаны бір-бірінен мүмкіндігінше дұрыс айыра білуін ғана өтемөте өтініп сұраймыз.

I

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

1894/95 жылғы майдагерлер санағы губернияның барлық уездерінде майдагерлердің 8991 семьясын қамтыған (жалдама жұмысшылардың семьясын қоспаған-

да), яғни зерттеушілердің басқа мәліметтер бойынша тағы да 3484 семьяны есептеп ұйғарғанындай Пермь губерниясындағы барлық майдагерлердің 72 процентке жуығын қамтыған. Майдагерлердің типіне қарай «Очеркте» майдагерлер екі топқа (кестелерде топтар I және II деп рим цифрларымен көрсетілген), атап айтқанда, егін шаруашылығы барлар (I) мен егін шаруашылығы жоқтар (II) тобына айырып көрсетіледі; мұнан кейін әрбір топ тағы да үш кіші топқа бөлінген (араб цифрлары: 1, 2, 3), атап айтқанда: 1) еркін сауда-саттық үшін жұмыс істейтін майдагерлер; 2) заказ беруші тұтынушыларға жұмыс істейтін майдагерлер және 3) заказ беруші алыпсатарларға жұмыс істейтін майдагерлер. Соңғы екі кіші топтағы майдагерлер шикізатты көбінесе заказ берушілерден алады. Бұлай етіп топ-топқа бөлуге біраз тоқталып өтелік. Майдагерлерді егіншілер мен егінші еместерге бөлу, әрине, өте дұрыс та және қажет те. Пермь губерниясында көбіне завод селоларына жиналған жерсіз майдагерлер өте көп болғандықтан авторлар оларды жүйелі түрде топ-топқа бөліп, оны кестеге енгізуге мәжбүр болған. Сонымен, біз майдагерлердің 1/3 бөлігінің (8991 кәсіпорында 19 970 семьялы және жалдама жұмысшылар бар), атап айтқанда, 6638 адамның егін шаруашылығы жоқтардың қатарына жататынын көріп отырмыз *. Демек, майдагерлік өнеркәсіптің егіншілікпен байланысы жөніндегі — байланыс болғанда, кейде Россияның ерекше белгісі ретінде көрсетіліп жүрген байланысы жөніндегі әдетте айтылатын жорамалдар мен пікірлердің дұрыс емес екені осының өзінен-ақ көрініп тұр. Егер «майдагерлердің» есебінен олардың қатарына орынсыз қосылып жүрген село (және қала) қолөнершілерін шығарып тастаса, ол уақытта қалған 5566 семьяның жерсіздері — 2268, яғни рынок үшін жұмыс істейтін барлық өнеркәсіпшілердің 2/5 бөлігінен артығырақ болып шығады. Амал не, топ-топқа бөлудің осы негізгі жолы да «Очеркте» дәйектілікпен сақталып отырмаған. 1-ден,

* Іс жүзінде жері жоқ өнеркәсіпшілер үштің бірінен көбірек, өйткені санаққа тек бір ғана қала кірген. Бұл туралы төменіректе айтамыз.

олай топ-топқа бөлу қожайын майдагерлерге ғана жатады, ал жалдама жұмысшылар жөнінде ондай мәліметтер жоқ. Мұндай кемшілік майдагерлер санағының тек кәсіпорындарды ғана, тек қожайындарды ғана тіркеп, жалдама жұмысшылар мен олардың семьяларын мүлдем ескермей кеткендігінің нәтижесінде болып отыр. «Очеркте» бұл сөздердің орнына: «майдагерлік кәсіптермен шұғылданатын семьялар» деген сөздер қолданылуы мүлде дәл келмейді, өйткені майдагерлерге жалдама жұмысшылар жіберіп отыратын семьялардың «майдагерлік кәсіптермен шұғылдануы» жұмысшылар жалдайтын семьялардан кем соқпайтыны түсінікті нәрсе. Жалдама жұмысшылардың (олардың саны барлық жұмысшылардың $^{1}/_{4}$ бөлігіне тең) семьялары туралы үй басына алынған мәліметтердің болмауы — санақтың елеулі кемшілігі. Бұл кемшілік — мәселеге бірден-ақ ұсақ өндірушінің тұрғысынан қарап, жалдама еңбекті қағас қалдыратын халықшылдарға өте-мөте тән кемшілік. Жалдама жұмысшылар туралы мәліметтердегі кемшіліктерді біз төменде әлі де талай рет кездестіреміз, ал әзірге жалдама жұмысшылардың семьялары туралы мәліметтердің болмауы майдагерлік кәсіптер жайындағы әдебиетте дағдылы іс болғанмен, кейде бұдан басқаша реттердің де болатынын ескертумен шектеле тұрамыз. Москва земство статистикасының еңбектерінде кейде жалданушылардың семьялары туралы жүйелі түрде жиналған мәліметтер кездеседі; Харизоменов пен Пругавин мырзалардың «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері» деген белгілі зерттеуінде мұндай мәліметтер одан да көп, онда қожайындардың семьяларымен қатар жалдама жұмысшылардың семьяларын да тіркейтін үй басына жүргізілген санақ мәліметтері де бар. 2-ден, зерттеушілер толып жатқан жерсіз өнеркәсіпшілерді майдагерлердің қатарына қосып, әдетте қолданылып келген, мүлде теріс әдісті — *қалалық* өнеркәсіпшілерді «майдагерлер» қатарынан шығарып тастау әдісін негізсіз етіп шығарды. Шынында да, 1894/95 жылғы майдагерлер санағына жалғыз Кунгур қаласы (кестелердің 33-беті), *тек бір қала* ғана кіргенін көреміз. Санаққа не себепті

тек бір қаланың және дәл осы қаланың кіргені, оның кездейсоқ кіргені немесе бір себебі болғаны белгісіз болып отыр, бұл туралы «Очеркте» ешқандай түсінік жоқ. Жалпы мәліметтерді әбден бүлдіретін біраз жаңсақтықтар туып отыр. Демек, белгілі бір өнеркәсіп ауданына қала мен қала маңындағы селолар түгел кіріп отырса да, майдагерлер санағында, жалпы және тұтас алғанда, халықшылдардың деревня («майдагері») мен қаланы бөліп қарайтын әдеттегі қатесі қайталанады. Соқыр сенімге және күні өткен сословиелік межелерді асыра бағалаушылыққа негізделген бұл бөлектеуді тастайтын уақыт әлдеқашан жетті.

Село мен қала қолөнершілерін біз жоғарыда әлденеше рет еске алдық, еске алғанда біресе оларды майдагерлерден бөліп қарадық, біресе солардың санына қостық. Әңгіме мынада: мұндай ауытқу, «майдагерлік» кәсіпшіліктер жайындағы әдебиеттің бәріне де тән нәрсе, бұл ауытқу «майдагер» деген терминнің ғылыми зерттеу жұмыстарына жарамсыз екендігін дәлелдейді. Рынок үшін жұмыс істейтіндерді ғана, товар өндірушілерді ғана майдагерлер қатарына қосу керек деген пікір жалпы мақұлданған пікір деп есептеледі, бірақ іс жүзінде ұсақ қолөнершілерді де, яғни заказ беруші тұтынушыларға жұмыс істейтін адамдарды да («Очерк» бойынша 2-кіші топ) майдагерлер санатына қоспаған майдагерлік кәсіпшіліктерінің зерттеуін табу қиын. «Майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияның еңбектерінде» де, «Москва губерниясының кәсіпшіліктерінде» де қолөнершілерді «майдагерлер» санатында кездестіресіздер. Біз «майдагер» деген сөздің мағынасы туралы таласуды жөнсіз деп есептейміз, өйткені, төменіректе көреміз, ғылыми зерттеу жұмыстары үшін мүлде жарамсыз, осы салт болып кеткен терминге қосылмайтын *өнеркәсіп түрі жоқ* (машиналы индустрия болмаса). Рынок үшін жұмыс істейтін товар өндірушілерді (1-кіші топ) тұтынушыларға жұмыс істейтін (2-кіші топ) қолөнершілерден айқын ажырата білу керек екені даусыз, өйткені өздерінің қоғамдық-шаруашылық маңызы жағынан бұл өнеркәсіп түрлерінің типтері мүлде әр түрлі. «Очерктің» мұндай айырманы жуып-шайғысы келген әрекетте-

рі өте сәтсіз болып шыққан (13, 177-беттерді салыстырып қараңыз); Пермь майдагерлері туралы земство статистикасының басқа бір басылымында «қолөнершілердің майдагерлік өнеркәсіппен байланысы өте аз, аз болғанда, осы соңғысының фабрикалық өнеркәсіппен байланысынан да аз» *, деп әлдеқайда дұрыс айтылған. Фабрикалық өнеркәсіп те, «майдагерлердің» 1-кіші тобы да *товар өндірісіне* жатады, ал 2-кіші топта товар өндірісі жоқ. Сол сияқты алыпсатарларға (және фабриканттарға) жұмыс істейтін майдагерлердің 3-кіші тобын да толық айыра білу керек, олардың алғашқы екі кіші топтағы майдагерлерден *елеулі* айырмасы бар. «Майдагерлік» өнеркәсіп дейтінді зерттеушілердің бәрі топ-топқа бөлудің осы жолын берік ұстап, ауыз екі терминге бет алды мағына беру орнына, дәлме-дәл саяси-экономикалық терминдерді қолдануын тілемеске болмайды.

«Майдагерлерді» топтарға және кіші топтарға бөлу туралы мәліметтер келтірейік:

		I топ				II топ				Жиыны
		Кіші топтар			Барлығы	Кіші топтар			Барлығы	
		1	2	3		1	2	3		
Кәсіпорындар саны		2 285	2 821	1 013	6 119	935	604	1 333	2 872	8 991
		37,3	46,1	16,6	100	32,6	21,0	46,4	100	—
Жұмысшылар саны	Семьялы жұмысшылар	4 201	4 146	1 957	10 304	1 648	881	2 233	4 762	15 066
	Жалдама жұмысшылар	1 753	681	594	3 028	750	282	844	1 876	4 904
	Барлығы	5 954	4 827	2 551	13 332	2 398	1 163	3 077	6 638	19 970
Жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындар саны		700	490	251	1 441	353	148	482	983	2 424

Бұл мәліметтерден қорытынды шығармас бұрын, Кунгур қаласының II топқа кіргенін, сонымен, екінші топ-

* Е. Красноперовтың «Пермь губерниясының майдагерлік өнеркәсібі 1887 жылы Екатеринбург қаласында болған Сибирь-Урал көрмесінде» деген еңбегі. 3-кітап. Пермь, 1888—1889. I кітап, 8-бет. Біз осы пайдалы басылымнан цитат келтіріп отырмақпыз; оны қысқаша «Майдагерлік өнеркәсіп» деп атап, кітабын және бетін көрсетіп отырамыз.

та село және қала өнеркәсіпшілері туралы аралас мәліметтер бар екенін еске салайық. *Село* өнеркәсіпшілері мен қолөнершілерінің ішінде анағұрлым басым бола отырып, егіншілердің (I топ) өнеркәсіп түрлерін дамыту жағынан егінші еместерден (II топ) анағұрлым артта екенін осы кестеден көріп отырмыз. Егіншілердің қарапайым қолөнер кәсібі, рынок үшін өнім өндіруге қарағанда, әлдеқайда күштірек дамыған. Егінші еместер арасында капитализмнің мықтап өркендегені жалдама жұмысшылар процентінің, жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындардың және алыпсатарларға жұмыс істейтін майдагерлердің көптігінен айқын көрінеді. Демек, мынадай қорытынды жасауға болады: егіншілікпен байланыс өнеркәсіптің мүлде артта қалған формасын сақтап қалады, ал мұның керісінше, өнеркәсіпте капитализмнің дамуы егіншілікпен байланысты үзуге әкеліп соқтырады. Амал не, бұл мәселе жөнінде бізде анық мәліметтер жоқ, сондықтан осындай жөн сілтейтін деректермен қанағаттануға тиіспіз. Мысалы, тегінде Пермь губерниясындағы село халқының жалпы егіншілер мен жерсіздер арасында қалай бөлінетінін біз «Очерктен» біле алмаймыз, сондықтан халықтың бұл топтарының қайсысында кәсіпшілік жұмыстарының күштірек дамығанын салыстыра алмаймыз. Өнеркәсіп аудандары туралы (зерттеушілердің бұл жөнінде өте анық мәліметтері, әрбір село туралы өз алдына жеке мәліметтері болды), өнеркәсіпшілердің егінші емес, заводтық, жалпы сауда-өнеркәсіпті селоларда шоғырлануы туралы, өнеркәсіптің әрбір саласының орталықтары туралы, кәсіптердің осы орталықтардан сол маңдағы селоларға тарауы туралы өте қызық мәселе де ескерусіз қалған. Егер бұған: кәсіпорындардың (олар туралы төменде, III параграфта айтылады) құрылған уақыты туралы үй басы алынған мәліметтер кәсіптердің өркендеу сипатын анықтауға, яғни олардың орталықтан сол маңдағы селоларға тарай ма немесе тарамай ма, егіншілер арасында күштірек тарай ма әлде егінші еместер арасында күштірек тарай ма, осыларды және басқаларын анықтауға мүмкіндік беріп келді дегенді қоссақ, ол уақытта мәліметтердің жеткілікті өңделмеуіне қын-

жылмасқа болмайды. Бұл мәселе жөнінде біздің ала алатын бар мәліметіміз — кәсіптердің уезд-уезге қалай таралатыны туралы мәліметтер. Оқушыларды осы мәліметтермен таныстыру үшін, уездерді топ-топқа бөлудің «Очеркте» ұсынылған (31-бет) тәртібін пайдаланайық: 1) «рынок үшін жұмыс істейтін майдагерлері көп және сонымен қатар майдагерлік өнеркәсіптің дамуы басқаларға қарағанда біршама жоғары дәрежедегі уездер» — 5 уезд; 2) «майдагерлік кәсіптер басқаларға қарағанда біршама нашар дамыған, бірақ рынок үшін жұмыс істейтін майдагерлерінің саны басым уездер» — 5 уезд және 3) «бұл да майдагерлік өнеркәсіптің даму дәрежесі жоғары емес, бірақ тұтынушылардың заказы бойынша жұмыс істейтін майдагерлер санының басымдылығы жиі кездесетін уездер» — 2 уезд. Уездердің осы топтары бойынша басты-басты мәліметтерді қорыта келіп, мынадай кесте шығарамыз: [355-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұл кестеден мына төмендегідей қызықты қорытындылар шығады: уездер тобында селолық өнеркәсіп неғұрлым көбірек дамыған болса, 1) село қолөнершілерінің проценті соғұрлым аз болады, яғни товар өндірісі қолөнерді соғұрлым ығыстыра түседі; 2) майдагерлердің көбі егінші емес халыққа қосылатын болады; 3) капиталистік қатынастар соғұрлым күштірек дамиды, тәуелді майдагерлер соғұрлым көп болады. Уездердің үшінші тобында селолық қолөнершілер басым болып отыр (барлық майдагерлердің 77,7 проценті); сонымен қатар мұнда егіншілер де басым (тек 5,7 проценті ғана егінші еместер), ал капитализм мардымсыз ғана дамыған: мұнда не бары 7,2 проценті жалдама жұмысшылар және алыпсатарларға жұмыс істейтін 2,7 процент қана семьялы-майдагерлер, яғни не бары 9,9 процент тәуелді майдагерлер бар. Уездердің екінші тобында, бұған керісінше, қолөнерді әлдеқашан-ақ ығыстыра бастаған товар өндірісі басым болып отыр: мұнда тек қана 32,5 процент қолөнершілер бар. Егінші-майдагерлердің проценті 94,3 проценттен 66,2 процентке дейін кеміп отыр; жалдама жұмысшылардың проценті төрт еседен аса: 7,2 проценттен 32,1 процентке дейін артып отыр; алып-

Уездердің топтары	*Майдагерлер саны:*												Майдагерлер проценті		Майдагерлердің семьяларындағы еркек, әйелдердің саны		
	Еркін саудасаттық үшін жұмыс істейтіндер			Алыпсатарларға жұмыс істейтіндер			Тұтынушыларға жұмыс істейтіндер			Барлығы							
	Семьялы	Жалдама	Барлығы	Семьялы	Жалдама	Барлығы	Семьялы	Жалдама	Барлығы	Семьялы	Жалдама	Барлығы	Рынок үшін жұмыс істейтіндер	Тәуелділері (кестені қараңыз)	Өзінің егіншілік шаруашылығы барлары	Егіндігі жоқтары	Барлығы
1) Майдагерлік өнеркәсібі көбірек дамыған 5 уезде	4 160	1 702	5 862	3 930	1 397	5 327	2 501	623	3 124	10 591	3 722	14 313	78,2	53,4	21 320	15 483	36 803
	—	—	—	27,4	—	—	—	—	21,8	—	26,0	100	—	—	57,9	42,1	100
2) Майдагерлік өнеркәсібі нашарлау дамыған 5 уезде	1 436	904	2 340	259	158	417	1 077	252	1 329	2 772	1 314	4 086	67,5	38,4	7 335	3 740	11 075
	—	—	—	6,3	—	—	—	—	32,5	—	32,1	100	—	—	66,2	33,8	100
3) Қолөнері басым 2 уезде	340	59	399	56	—	56	1 499	88	1 587	1 895	147	2 042	22,3	9,9	5 998	364	6 362
	—	—	—	2,7	—	—	—	—	77,7	—	7,2	100	—	—	94,3	5,7	100
Жиыны	5 936	2 665	8 601	4 245	1 555	5 800	5 077	963	6 040	15 258	5 183	20 441	70,5	46,1	34 653	19 587	54 240
	—	—	—	20,8	—	—	—	—	29,5	—	25,3	100	—	—	63,9	36,1	100

1) 1-топтағы уездер — Шадринск, Кунгур, Красноуфимск, Екатеринбург және Оса уездері; 2-топтағылар — Верхотурск, Пермь, Ирбит, Оханск және Чердынск уездері; 3-топта — Соликамск және Камышлы уездері.

2) «Тәуелді» майдагерлер деп біз: а) жалдама жұмысшыларды және б) алыпсатарларға жұмыс істейтін семьялыларды айтамыз.

3) Мұндағы майдагерлердің саны жоғарыда келтірілгендегідей емес, өйткені «Очерктегі» уездер бойынша келтірілген цифрлар (30—31-беттер) қосымшаға енгізілген кестенің жинағынан өзгеше.

сатарларға жұмыс істейтін семьялылардың проценті де, аса көп болмағанмен де, артып отыр, сонымен тәуелді майдагерлердің жалпы проценті 38,4 процент — олардың жалпы санының 2/5 бөлігіндей дерлік болып отыр. Ақырында, уездердің бірінші тобында товар өндірісі қолөнерді одан бетер ығыстыра түсіп отыр, мұндағы қолөнер «майдагерлердің» жалпы санының не бары 1/5 бөлігін ғана (21,8 процентін) қамтиды, ал мұнымен қатар егінші емес өнеркәсіпшілердің саны 42,1 процентке дейін артып отыр; жалдама жұмысшылардың проценті біраз кемиді (32,1 проценттен 26 процентке дейін), бірақ оның есесіне алыпсатарларға тәуелді семьялылардың проценті орасан көбейе түскен, атап айтқанда, 6,3 проценттен 27,4 процентке дейін көбейген, сонымен тәуелді майдагерлердің бәрін қосқанда майдагерлердің тең жартысынан асып түскен — 53,4 процент болып шыққан. «Майдагерлері» өте көп (абсолютті және относительді түрде) аудан капитализмнің өте-мөте дамыған ауданы болып отыр: товар өндірісінің өсуі қолөнерді кейінгі орынға ығыстырады, капитализмнің дамуына және кәсіптердің егінші емес халықтың қолына өтуіне, яғни өнеркәсіптің егіншіліктен бөлінуіне (немесе кәсіптерді егінші емес халықтың қолына шоғырландыруы мүмкін) әкеп соқтырады. Жалдама жұмысшылары екінші топтағыдан аз, бірақ алыпсатарларға жұмыс істейтін жұмысшылары көп уездердің бірінші тобындағы капитализмді неғұрлым дамыған капитализм деп есептеу дұрыс болар ма екен деп оқушының күмәндануы ықтимал. Үйге жұмыс алып істеу дегеніміз капитализмнің төменгі формасы деп қарсы шығуы мүмкін. Алайда, біз төменде бұл алыпсатарлардың көбі ірі фабрикант екенін, капиталистік ірі кәсіпорындарды иеленіп отырғанын көреміз. Бұл жердегі үйге жұмыс алып істеу *фабриканың шылауы* болып табылады; ол өндіріс пен капиталдың барынша шоғырланғандығын (кейбір алыпсатарларға 200—500, мыңға дейін және одан да көп адам жұмыс істейді), еңбек бөлінісінің күшейгенін көрсетеді, демек, даму дәрежесі жағынан капитализмнің неғұрлым жоғары сатыдағы формасы болып табылады. Капиталистік мануфактураның капиталистік жай

кооперацияға жататыны сияқты, бұл форма да ұсақ қожайынның жалдама жұмысшылары бар шағын шеберханасына жататын форма.

«Очеркті» құрастырушылардың «өндірістің майдагерлік формасын» «капиталистік формаға» негізінен қарама-қарсы қойғысы келген әрекеттерін, В. В. мен Н.— он мырзалар бастаған барлық Россия халықшылдарының ежелгі соқыр сенімдерін қайталайтын пікірді, жоғарыда келтірілген мәліметтер мейлінше теріске шығарып отыр. Пермь халықшылдары бұл екі форманың арасындағы «негізгі айырмашылықты» мынада деп біледі: алғашқысында «өндіріс құралдары мен материалдары және сонымен бірге еңбектің өндіріс өнімдері түріндегі нәтижелерінің бәрі еңбекке тиісті» (3-бет) болады. Біз енді мұның жалған екенін ешбір күмәнсыз айта аламыз. Егер біз майдагерлер санына тіпті қол-өнершілерді де қоссақ, сонда да *«майдагерлердің» көбісі бұл шарттарға тура келмейді:* 1-ден, бұған жалдама жұмысшылар тура келмейді, ал олар 25,3 процент; 2-ден, алыпсатарларға жұмыс істейтін семьялылар тура келмейді, өйткені өндіріс материалдары да, еңбектің нәтижелері де оларға тимейді, олар істеген жұмыстарына қарай ғана ақы алады; ондайлар 20,8 процент; 3-ден, майдагерлер тобының 1 және 2-кіші топтарындағы жалдама жұмысшылар ұстайтын семьялылар тура келмейді, өйткені олар тек өз еңбектерінің «нәтижелерін» ғана иемденіп қоймайды. Ондайлар, сірә, 10 процент шамасында болу керек (1 және 2-кіші топтардағы 6645 кәсіпорыннан 1691 кәсіпорын, яғни 25,4 процентi жалдама жұмысшылар ұстайды; 1691 кәсіпорындағы семьялылар, сірә, 2000-нан кем болмауы керек). Міне, мұның бәрінің жиыны мынадай: 25,3 процент + 20,8 процент + 10 процент = 56,1 процент «майдагер», яғни майдагерлердің тең жартысынан көбі бұл шарттарға тура келмейді. Басқаша айтқанда, тіпті Пермь губерниясы сияқты меңіреу және шаруашылық жағынан мешеу қалған губернияда *қазірдің өзінде-ақ* не жалданып жұмыс істейтін, не басқаларды жалдайтын, не қанаушы, не қаналушы «майдагер» *басым болып отыр.* Ал мұндай есеп үшін қолөнерді шығарып тастап, товар өнді-

рісінің бір өзін алған апағұрлым дұрыс. Қолөнердің өнеркәсіптің әбден ескірген түрі екені сонша, тіпті еліміздегі мешеулік Россияның бақыты деп сан рет көпіре сөйлеген халықшылдардың арасынан да (В. В., Южаков мырзалар мен олардың сыбайластары à la *) өнеркәсіптің сол түрін қорғауға және оны өз мұраттарының «кепілі» етіп көрсетуге ашықтан-ашық және тікелей бел байлаған адам табыла қоймады. Пермь губерниясында орталық Россияға қарағанда қолөнер әлі де болса күшті дамыған: бұл үшін нілдеу (немесе бояу) кәсібі сияқты кәсіпті айтсақ та жеткілікті. Бұл — шаруалардың үйде тоқыған маталарын қолдан бояу кәсібі, ал шаруалардың бұл маталары Россияның онша шеткері емес жерлерінде фабрика шытына әлдеқашан-ақ орын берді. Бірақ Пермь губерниясында да қолөнер қазірдің өзінде әлдеқайда екінші орынға ығыстырылған: тіпті село өнеркәсібінде де қолөнер тек қана 29,5 процент, яғни оның үштен бірінен азырағы қолөнершілердің қолында. Ал қолөнершілерді шығарып тастасақ, біз рынок үшін жұмыс істейтін 14 401 майдагер қалатынын көреміз; олардың 29,3 проценті жалдама жұмысшылар, ал 29,5 проценті алыпсатарларға жұмыс істейтін семьялылар, яғни тәуелді «майдагерлер» 58,8 процент болып шығады, бұған жалдама жұмысшылары бар 7—8 процент ұсақ қожайындар қосылады, яғни барлығын қосқанда майдагерлердің 66 процентке жуығы, капитализмнен айырмашылығы бар емес, капитализмге негізгі *екі түрлі ұқсастығы* бар «майдагерлердің» *үштен екісі* болады, атап айтқанда, ол ұқсастық мынау: 1-ден, олардың бәрі товар өндірушілер, ал капитализм дегеніміз кемелденген товар шаруашылығы ғана; 2-ден, олардың *көбісі* капитализмге тән жұмыс күшін сатып алу-сату қатынастарында болатын майдагерлер. «Очеркті» құрастырушылар «майдагерлік» өндірісте жалдама еңбектің ерекше маңызы бар және оның себептерінің «жөні де» бар деп, оқушыны сендіруге күш салады; бұл сендірулері мен олардың келтірген мысалдарын біз өз орнында (§ VII) қарастыратын боламыз. Ал бұл ара-

* — сияқтылар. *Ред.*

да, товар өндірісі үстемдік еткен жерде және жалдама еңбек кездейсоқ қолданылмай, ұдайы қолданылған жерде капитализмнің барлық белгілерінің болатынын атап көрсетудің өзі жеткілікті. Капитализмнің жетілмегендігі, ұйтқы күйінде ғана екені туралы, оның ерекше формалары жөнінде сөз етуге болады, бірақ іс жүзінде *негізгі ұқсастықты* көрсететін нәрсені «негізгі айырмашылық» деп есептеу — шындықты бұрмалағандық.

Тағы да бір бұрмалаушылықтың болғанын реті келгенде айта кетелік. «Очерктің» 5-бетінде: «майдагер жасайтын бұйымдар... негізінен жергілікті жерден алынатын материалдардан дайындалады» делінген. Мұны тексеру үшін «Очеркте» дәл осы пункт жөнінде мәліметтер келтірілген, атап айтқанда, ол мәліметтерде мал шаруашылығы мен егіншілік өнімдеріне қарағанда мал өнімдерін өңдейтін майдагерлердің губерния уездеріне қалай бөлінетіні, орман-тоғай есебіне қарай өсімдік өнімдерін өңдейтін майдагерлердің, губернияда өндірілетін шойын мен темір есебіне қарай металдарды өңдейтін майдагерлердің губерния уездеріне қалай бөлінетіні салыстырылған. Бұл салыстырудан үш уезде мал өнімдерін өңдейтін осындай майдагерлердің 68,9 проценті шоғырланғаны көрініп отыр, оның бер жағында, бұл уездердегі мал санының өзі тек қана 25,1 процент, ал егіс көлемі тек қана 29,5 процент екен, яғни мүлдем керісінше екен, сонымен «Очерктің» дәл сол жерінде: «мал өнімдерін қайта өңдеуге негізделген өндірістің даму дәрежесінің жоғары болуы көбінесе шеттен әкелінетін шикізат арқылы қамтамасыз етіліп отыр, мысалы, Кунгур және Екатеринбург уездерінде, жергілікті былғары заводтары мен майдагерлердің тері илейтін орындарында өңделетін иленбеген шикі терілер арқылы қамтамасыз етіліп отыр, осы уездердің майдагерлік кәсіпшіліктерінің ең бастысы — шарық тоқу өндірісіне керекті материал сол былғары заводтары мен тері илейтін орындардан істеліп шығады» (24—25) делінген. Демек, мұндағы майдагерлік кәсіптер жергілікті капиталистердің тек былғары саудасы жөнінде жасайтын ірі айналыстарына ғана негізделіп қоймай, соны-

мен қатар, заводшылардан шала фабрикаттар алып отыруға да негізделіп құрылған, басқаша айтқанда, майдагерлік кәсіптер дамыған товар айналысы мен капиталистік былғары кәсіпорындарының нәтижесі, шылауы болған. «Шадринск уезінде шеттен әкелінетін шикізат — жүн, ол — уездің басты кәсібі пима басу кәсіпшілігінің материалы болып табылады». Сонан соң, өсімдік өнімдерін өңдеуде майдагерлердің 61,3 проценті 4 уезге жинақталған. Ал, оның бер жағында, губерниядағы орман-тоғай десятинасының жалпы санының не бары 20,7 проценті осы 4 уезде. Бұған керісінше, орман-тоғайдың 51,7 проценті бар 2 уезде өсімдік өнімдерін өңдейтін майдагерлердің не бары 2,6 проценті ғана бар (25-бет), яғни бұл арада да дәл керісінше көрінеді, сөйтіп, осы арада «Очерк» шикізат шеттен әкелінген дейді (26-бет) *. Демек, біз мынадай аса қызық фактіні: майдагерлік кәсіпшіліктің дамуынан бұрын (бұл дамудың шарты болып) көптен терең тамыр жайған *товар айналысының* болғанын байқап отырмыз. Бұл жағдайдың аса зор маңызы бар, өйткені ол, 1-ден, товар шаруашылығының әлдеқашан-ақ құрылғанын, ал майдагерлік кәсіп оның бір мүшесі ғана екенін көрсетеді, сондықтан біздің майдагерлік өнеркәсібімізді әлі де болса түрлі жолдармен жүре «алады-мыс» деген қайдағы бір tabula rasa ** тәрізді нәрсе етіп көрсету сорақылық болады. Мысалы, зерттеушілер: «темір жолға дейінгі заманда ғана емес, тіпті реформаға дейінгі замапда да өлкенің сауда-өнеркәсіптік бейнесін ашып көрсеткен жол қатынастары» Пермьнің «майдагерлік өнеркәсібінің өзіне бұрынғыша әсер етіп отыр» (39-бет) дегенді хабарлайды. Шынында, Кунгур қаласы Уралдан бергі жердегі жол қатынасының торабы болды: сол арқылы Кунгур мен Екатеринбургті байланыстыратын, ал тармағы Шадринскіні байланыстыратын Сибирь трактысы өтеді; ал Кунгур арқылы екінші бір коммерциялық тракт — Гороблагодат трактысы өтеді, бұл тракт Кунгурды Оса-

* Майдагерлердің бұл екі түрі, яғни мал өнімдері мен өсімдік материалдарын өңдейтіндер барлық майдагерлердің 33 проценті+28 проценті=61 проценті болады. Майдагерлердің 25 проценті металл өңдеумен шұғылданады (20-бет).

** — таза орын. *Ред.*

мен қосады. Ақырында, Бирск трактысы Кунгурды Красноуфимскімен қосады. «Сонымен, губернияның майдагерлік өнеркәсібінің жол қатынастарының торабы болатын аудандарға жиналғанын Уралдың бергі бетінде — Кунгур, Красноуфимск және Оса уездеріне; ал Уралдың арғы бетінде — Екатеринбург, Шадринск уездеріне жиналғанын көріп отырмыз» (39-бет). Нақ осы 5 уезд майдагерлік өнеркәсіптің дамуы жағынан уездердің бірінші тобы болатындығын және ол уездерде барлық майдагерлердің 70 проценті тұратынын оқушының есіне сала кетелік. 2-ден, бұл жағдай, майдагерлік өнеркәсіптегі «айырбас ұйымының», шынына келгенде *әлдеқашан құрылғанын,* құрылғанда да оны бүкіл россиялық көпестерден басқа ешкім де құрмағанын бізге көрсетіп береді; мужиктің майдагер қамқоршылары бұл ұйым туралы аузына келгенін қалай болса солай көкіп жүр. Төменде біз мұны растайтын әлі де бірсыпыра дәлелдерді кездестіреміз. Майдагерлердің тек үшінші разряды (металл өңдеушілер) бойынша ғана өндірілген шикізаттың бөлінуі мен майдагерлердің оны өңдеуі арасында сәйкестік бар екен: шойын мен темірдің 70,6 проценті өндірілетін 4 уезде осы разрядтағы майдагерлердің 70 проценті шоғырланған. Бірақ мұндағы шикізаттың өзі қазірдің өзінде-ақ «майдагер» жөнінде «өз алдына көзқарастары» бар тау-кен завод ірі өнеркәсібінің жемісі болып отыр, оның ол көзқарастарын төменде көреміз.

II

«МАЙДАГЕР» ЖӘНЕ ЖАЛДАМА ЕҢБЕК

Енді Пермь губерниясының майдагерлік кәсіпшіліктеріндегі жалдама еңбек туралы мәліметтерді баяндауға көшейік. Жоғарыда келтірілген жалпы цифрларды қайталамай-ақ, өте-мөте көңіл қоюды керек ететін проценттік қатынастарды көрсетумен шектелеміз: [362-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Демек, біз егіншілерден гөрі егінші еместерде жалдама жұмысшылар процентінің *көп* екендігін, ал бұл айырмашылықтың *көбінесе* 2-кіші топқа байланысты екенін көріп отырмыз: қолөнерші-егіншілердегі жалда-

	I топ				II топ				Жиыны
	Кіші топтар			Барлығы	Кіші топтар			Барлығы	
	1	2	3		1	2	3		
Кәсіпорындардың проценттері: Жалдама жұмысшылары барлар	30,6	17,4	24,1	23,6	37,8	24,4	36,1	34,2	26,9
Кәсіпорындардың проценттері: Тек қана жалдама жұмысшылары барлар	1,3	1,2	0,7	1,1	1,6	1,4	0,3	1,0	1,1
Кәсіпорындардың проценттері: 6 және одан артық жалдама жұмысшылары барлар	2,0	0,1	1,4	1,1	1,3	0,8	0,4	0,8	0,9
Жалдама жұмысшылар	29,4	14,1	23,2	22,7	31,2	29,3	27,4	28,3	24,5
Орта есеппен 1 кәсіпорынға келетін жұмысшылар саны: Семьялы	1,8	1,5	1,9	1,6	1,7	1,4	1,6	1,6	1,6
Орта есеппен 1 кәсіпорынға келетін жұмысшылар саны: Жалдама	0,75	0,23	0,57	0,48	0,78	0,43	0,63	0,63	0,52
Орта есеппен 1 кәсіпорынға келетін жұмысшылар саны: Барлығы	2,6	1,7	2,5	2,1	2,5	1,8	2,2	2,2	2,1
3 және одан көп семьялы жұмысшылары бар кәсіпорындардың проценті	20,3	7,8	20,9	15,1	18,5	8,6	14,3	14,6	14,9

ма жұмысшылар — 14,1 процент, ал егінші еместерде — 29,3 процент, яғни екі еседен де көп. Қалған екі кіші топтағы жалдама жұмысшылардың проценті I топтағыға қарағанда II топтағыдан сәл артығырақ. Бұл құбылыс егінші халық арасында капитализмнің өте мешеу дамығандығының нәтижесі екені жоғарыда ескертілген болатын. Басқа халықшылдардың барлығы сияқты, Пермь халықшылдарының да мұны егіншілердің артықшылығы деп жариялайтыны түсінікті нәрсе. Белгілі қоғамдық-шаруашылық қатынастардың мешеулігі мен артта қалғандығын артықшылық деп есептеуге бола ма деген жалпы мәселе жайында таласып жатпайақ, егіншілердің бұл артықшылығы олардың табысты аз табатындығында екені біз төменде келтірілетін мәліметтерден көрінетіндігін ғана ескертіп өтеміз.

Жалдама еңбекті пайдалану жағынан *топтар арасында* болатын айырмашылықтың *бір топтың кіші топ-*

тары арасындағы айырмашылықтан кем болатынын атап көрсетудің зор мәні бар. Басқаша айтқанда, өнеркәсіптің экономикалық құрылысы (қолөнершілер — товар өндірушілер — алыпсатарлардың жұмысшылары) егіншілікпен байланыстың болуы немесе ол байланыстың болмауының әсер етуіне қарағанда жалдама еңбекті пайдалану дәрежесіне күштірек әсер етеді. Мысалы, ұсақ товар өндіруші-егінші егінші-қолөнершіден гөрі егінші емес ұсақ товар өндірушіге көбірек ұқсайды. I топтың 2-кіші тобындағы жалдама жұмысшылар тек қана 14,1 процент болып отырғанда, I топтың 1-кіші тобында 29,4 процент, ал II топтың 1-кіші тобында — 31,2 процент болып отыр. Сондай-ақ алыпсатарға жұмыс істейтін егінші қолөнерші-егіншіден гөрі алыпсатарға жұмыс істейтін егінші еместерге (жалдама жұмысшылар 23,2 процент және 27,4 процент) көбірек ұқсайды. Бұл бізге ел ішінде товар-капиталистік қатынастардың жалпы үстем болуының өнеркәсіпке қатысатын егінші мен егінші еместерді қалай теңгеретіндігін көрсетеді. Майдагерлердің табыстары туралы мәліметтер бұл теңгеруді одан да айқынырақ көрсетеді. 2-кіші топтың ерекшелігі бары жоғарыда ескертілген; ал егер жалдама жұмысшылардың проценті жөніндегі мәліметтердің орнына орта есеппен 1 кәсіпорынға келетін жалдама жұмысшылардың саны жөніндегі мәліметтерді алып қарайтын болсақ, онда біз қолөнерші-егіншілердің басқа кіші топтардың егіншілерінен гөрі егінші емес қолөнершілерге жақынырақ тұратындығын (1 кәсіпорынға 0,23 және 0,43 жалдама жұмысшыдан келеді) көреміз. Екі топтағы қолөнершілердің бір кәсіпорындағы адамдарының орта мөлшері бірдей деуге болады (кәсіпорынға 1,7 және 1,8 адамнан келеді), ал әрбір топтың жеке кіші топтарында бұл орта мөлшер көп ауытқып отырады (I:2,6 және 1,7; II:2,5 және 1,8).

Әрбір кіші топтағы кәсіпорында істейтін жұмысшылардың орта мөлшері жөніндегі мәліметтер де мына бір тамаша фактіні — екі топтағы қолөнершілерде бұл орта мөлшер мейлінше аз: бір шеберханаға 1,7 және 1,8 жұмысшыдан келетіндігін көрсетеді. Олай болса, қолөнершілердің арасында анағұрлым бытыраңқы өндіріс,

жалғыз-жарымдаған өндірушілердің мейлінше оқшаулығы, өндірісте кооперацияның өте аз қолданылуы басым. Бұл жағынан екі топта да бірінші орын алатындар бірінші кіші топтар, яғни еркін сауда-саттық үшін жұмыс істейтін ұсақ қожайындар. Мұнда шеберханаларда істейтін адамдар өте көп (2,6 және 2,5 адам); көп семьялы майдагерлер мұнда бәрінен де көп (атап айтқанда, 3 және одан көп семьялы жұмысшылары бары 20,3 процент және 18,5 процент; I топтың 3-кіші тобының сәл өзгешелігі бар, ондағы семьялы жұмысшылар 20,9 процент); мұнымен қатар жалдама еңбекті бәрінен де көп қолданады (бір шеберханаға 0,75 және 0,78 жалдама жұмысшыдан келеді); ірі кәсіпорындар бәрінен де көп (6 және одан көп жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындар 2,0 процент және 1,3 процент). Демек, өндірістегі кооперация мұнда анағұрлым кең көлемде қолданылып отырады, ал бұған семья адамдары өте көп болып, жалдама еңбекті аса көп қолдану арқылы жетеді (әр кәсіпорынға 1,8 және 1,7 семьялы жұмысшыдан келеді; I топтың 3-кіші тобының аз ғана өзгешелігі бар, ондағы семьялы жұмысшы 1,9 адам).

Бұл соңғы жағдай «майдагерлердегі» семьялық еңбек пен жалдама еңбектің өзара қатынасы туралы өте-мөте маңызды мәселеге әкеп тірейді, үстем болып жүрген халықшылдық доктриналардың дұрыстығына күмәндануға мәжбүр етеді, ал бұл доктриналарда майдагерлік өндірістегі жалдама еңбек семьялық еңбекті тек қана «толықтыратын» тәрізді. Пермь халықшылдары осы пікірді қостайды, қостағанда 55-бетте былай дейді: ең ауқатты майдагерлердің (I топ) семья құрамының аса көп болуы «майдагерлер мен кулактардың мүдделерін бірдей деушілікті» теріске шығарады, ал «егер майдагер өз семьясының барлық күшін пайдаланып, өз өндірісін нығайтуға және дамытуға ұмтылмай, кулактардың бірден-бір қозғаушы күші болатын оңай олжаға ғана ұмтылған болса, онда біз, өндіріске өз еңбегін сарп еткен семьялардың санын анықтайтын кәсіпорындар процентінің бұл кіші топта өте аз болуын күтуге праволы болар едік» (?!) дейді. Таңырқарлық қо-

рытынды! Жалдама еңбек жөніндегі мәліметтерді былай қойып, адамның жеке басының еңбекке қатысуының ролі туралы (55-бет) қалай қорытынды жасауға болады? Егер көп семьялы майдагерлердің ауқаттылығы кулактық тенденцияны көрсетпесе, онда біз оларда жалдама жұмысшылар процентінің *өте аз* екенін, жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындар процентінің *өте аз* екенін, жұмысшылары көп (бестен артық) кәсіпорындар процентінің *өте аз* екенін, орта есеппен бір кәсіпорынға келетін жұмысшылар санының *өте аз* екенін көрген болар едік. Шындығында, ең ауқатты майдагерлер (1-кіші топ) *осы айтылғандардың барлығынан да соңғы орын емес, бірінші орын* алады, ал мұның өзі семьялар мен семьялы жұмысшылар санының аса көп болып отырған жағдайында, 3 және одан да артық семьялы жұмысшылары бар майдагерлер процентінің өте көп болып отырған жағдайында, осылай болып отыр! Халықшылдың фактіге нені таңғысы келсе, фактінің соған тура қарама-қарсы нәрсені көрсетіп отырғаны айқып: майдагер нақ кулактық жолмен баюға ұмтылады; жалдама еңбекті *көбірек* қолдану үшін ол өзінің зор ауқаттылығын (көп семьялылық — ауқатты болу шарттарының бірі) пайдаланады. Семьялы жұмысшыларының саны жағынан басқа майдагерлерден тәуір жағдайда болғандықтан, ауқатты майдагер осы жағдайын жұмысшыларды мейлінше көп жалдай отырып, басқаларды ығыстырып шығару үшін пайдаланады. В. В. және басқа халықшыл мырзалардың бар ықыласымен әңгіме қылуды ұнататын «семьялық кооперациясы» («Майдагерлік өнеркәсіптегіні» салыстырып қараңыз: I, 14-бет) капиталистік кооперацияны дамытудың кепілі болып табылады. Халықшылдардың соқыр сенімдеріне дағдыланып қалған оқушыға мұның өзі, әрине, сөкет болып көрінеді, бірақ бұл — факт. Бұл мәселе жайында анық дерек алу үшін, кәсіпорындардың семьялы жұмысшылар мен жалдама жұмысшылардың санына қарай («Очеркте» берілген) бөлінуін ғана біліп қоймай, сонымен бірге семьялық еңбек пен жалдама еңбекті *біріктіруді* де білген жөн болар еді. Үй басы алынған мәліметтер мұны біріктіріп қарауға, семьялы жұмыс-

шылардың санына қарай кәсіпорындардың әрбір разрядындағы 1, 2 және т. б. жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындардың санын есептеп шығаруға толық мүмкіндік беретін еді. Амал не, бұлай істелмеген. Бұл кемшілікті аздап болса да түзету үшін жоғарыда көрсетілген: «Майдагерлік өнеркәсіп, т. т.» дейтін шығарманы қарайық. Мұнда, атап айтқанда, семьялы және жалдама жұмысшылардың санына қарай кәсіпорындардың бірігу кестелері келтірілген. Кестелер 1945 жұмысшысы бар 749 кәсіпорынды қамтитын 5 кәсіпшілік бойынша келтірілген (жоғарыда аталған шығарма, I, 59, 78, 160-беттер; III, 87 және 109-беттер). Біздің білгіміз келіп отырған семьялық еңбек пен жалдама еңбектің өзара қатынасы туралы мәселе жөніндегі бұл мәліметтерді талдап шығу үшін, біз барлық кәсіпорындарды жұмысшылардың жалпы санына қарай (өйткені жұмысшылардың жалпы санының дәл өзі шеберхананың көлемін және өндірісте кооперация қолданудың дәрежесін көрсетеді) топ-топқа бөліп және әрбір топтағы семьялық еңбек пен жалдама еңбектің ролін анықтауға тиіспіз. 4 топты алайық: 1) 1 жұмысшысы бар кәсіпорындар; 2) 2—4 жұмысшысы барлары; 3) 5—9 жұмысшысы барлары; 4) 10 және одан көп жұмысшысы барлары. Кәсіпорындарды осылайша жұмысшылардың жалпы санына қарай бөлудің өте-мөте қажет болатын жөні де бар, өйткені, мысалы, 1 жұмысшысы бар кәсіпорын мен 10 жұмысшысы бар кәсіпорын, сірә, мүлде әр түрлі экономикалық типтер екені айқын; оларды қосып жіберіп, «орта мөлшер» шығару мүлде қисынсыз тәсіл болар еді, мұны біз төменде «Очерктің» мәліметтерінен көреміз. Жоғарыда айтылған топ-топқа бөлу мынадай мәліметтер береді: [367-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Сонымен, осы егжей-тегжейлі мәліметтер жоғарыда айтылған, алғаш қарағанда сөкет көрінетін қағиданы әбден дәлелдейді: жұмысшылардың жалпы санына қарай кәсіпорындардың көлемі неғұрлым өссе, 1 кәсіпорынға келетін семьялы жұмысшылар соғұрлым көп болады, олай болса, «семьялық кооперация» соғұрлым ұлғая түседі, бірақ сонымен бірге капиталистік коопе-

Жұмысшылардың жалпы санына қарай кәсіпорындардың топтары	Кәсіпорындар саны	Жұмысшы саны			Жалдама жұмысшылары бар кәсіпорын саны	Олардың %	1 кәсіпорынға келетін жұмысшылар		
		Семьялы	Жалдама	Барлығы			Семьялы	Жалдама	Барлығы
1 жұмысшысы бар кәсіпорындар	345	343	2	345	2	0,5	0,995	0,005	1,00
2—4 » » »	319	559	251	810	143	44,8	1,76	0,78	2,54
5—9 » » »	59	111	249	360	53	89,8	1,88	4,22	6,10
10 және одан көп »	26	56	374	430	26	100	2,15	14,38	16,53
Барлығы	749	1 069	876	1 945	224	29,9	1,43	1,16	2,59

рация да ұлғаяды, ұлғайғанда әлдеқайда тезірек ұлғаяды. Неғұрлым ауқатты майдагерлер, қарауындағы семьялы жұмысшыларының көптігіне қарамастан, тағы да көптеген жалдама жұмысшылар ұстайды: «семьялық кооперация» *капиталистік кооперацияның* кепілі және негізі болып табылады.

1894/95 жылғы санақтың семьялық еңбек пен жалдама еңбек туралы мәліметтерін алып қарайық. Семьялы жұмысшылардың санына қарай кәсіпорындар былай бөлінеді:

		% есебімен
0 семьялы жұмысшысы бар кәсіпорындар	97	1,1
1 « « « «	4 787	53,2
2 « « « «	2 770	30,8
3 « « « «	898	10,0
4 « « « «	279	3,1
5 және одан көп « «	160	1,8
Барлығы	8 991	100

Бұл арада жеке-дара жұмысшылардың басым екендігін атап көрсету керек: олар — тең жарымынан көп. Егер де біз тіпті семьялық еңбек пен жалдама еңбекті біріктіретін барлық кәсіпорындағы семьялы жұмысшылар біреуден аспайды десек, соның өзінде де жеке-дара жұмысшылар $2^1/_2$ мың болған болар еді. Бұлар —

ең бытыраңқы өндірушілердің өкілдері, әбден даралан-ған ұсақ шеберханалардың — жалпы алғанда мақтауы жеткен «халық өндірісіне» тән дара шеберханалардың өкілдері. Енді мұның қарама-қарсы жағын — ең ірі шеберханаларды алып қарайық:

		% есебімен	Жалдама жұмысшылар саны*	1 кәсіпорынға келетін жалдама жұмысшылар
0 жалдама жұмысшысы бар кәсіпорындар	6 567	73,1	—	—
1 » » » »	1 537	17,2	1 537	1
2 » » » »	457	5,1	914	2
3 » » » »	213	2,3	639	3
4 » » » »	88	0,9	352	4
5 » » » »	44	0,5	220	5
6—9 » » » »	41 } 85	0,4 } 0,9	290 } 1 242	7,1 } 14,6
10 және одан көп » »	44	0,5	952	21,7
Барлығы	8 991	100	4 904	0,5

Сонымен, майдагерлердің «ұсақ» кәсіпорындары кейде керемет өсіп кетеді: ең ірі 85 кәсіпорында барлық жалдама жұмысшылардың төрттен бірі дерлік шоғырланған; орта есеппен алғанда осындай бір кәсіпорында 14,6 жұмысшыдан бар. Бұларды енді фабриканттар, капиталистік кәсіпорындардың иелері ** деуге болады. Капиталистік негіздегі кооперация мұнда едәуір дәрежеде қолданылады: әр кәсіпорында 15 жұмысшыдан болғанда, азды-көпті едәуір еңбек бөлінісі болуы мүмкін, үйлер мен аспаптар жеткілікті және әр алуан болса, олар көп үнемделеді. Шикізат дайындау ісі мен өнім өткізу мұнда қажетті түрде ірі көлемде жүргізіледі, мұның өзі шикізаттардың бағасын, оларды жеткізу шығындарын бірсыпыра арзандатады, өнім өткізуді жеңілдетеді, коммерциялық қатынастардың дұрыс болуына мүмкіндік береді. Төменде, табыстар туралы мәліметтер келтіре отырып, біз мұның 1894/95 жылдың санағымен дәлелденетінін көреміз. Ал бұл арада жалпыға мәлім

* «Очерктің» мәліметтері бойынша есептеліп шығарылған (54-бет және жалдама жұмысшылардың жалпы саны).

** Біздің «фабрикаларымыз бен заводтарымыздың» (ресми статистикада осылай аталған) басым көпшілігінде, атап айтқанда, 21 мыңның 15 мыңында жұмысшы саны 16-дан аз. Қараңыз: «1890 жылғы фабрикалар мен заводтар көрсеткіші».

осы теориялық қағидаларды атап өтудің өзі жеткілікті. Осындай кәсіпорындардың техникалық бейнесі де, экономикалық бейнесі де жеке-дара адамдардың шеберханаларынан мүлде өзгеше болатыны осының өзінен-ақ түсінікті, бірақ солай бола тұрса да Пермь статистиктерінің оларды бір-біріне *қосып,* жалпы «орта мөлшер» шығаруға бел байлағанына таңырқамасқа болмайды. Мұндай орта мөлшерлердің мүлде жалғандығын, үй басыпа мәліметтер жинау ісі майдагерлерді топтар мен кіші топтарға бөлуге қоса оларды кәсіпорындағы жұмысшылардың (әрі семьялы, әрі жалдама жұмысшыларды бірге қосып алғанда) санына қарай қажетті түрде категорияға бөлуге тиіс болғанын a priori * айтуға болады. Бұлай бөлмейінше табыстар туралы да, шикізат сатып алу мен өнім өткізудің шарттары туралы да, өндіріс техникасы туралы да, жеке-дара жұмысшылармен салыстырғанда жалдама жұмысшылардың жағдайы туралы да, ірі және ұсақ шеберханалардың арасалмағы туралы да анық мәліметтер алу мүмкін емес,— ал мұның бәрі «майдагерлердің» экономикасын зерттеудің ең маңызды мәселелері. Пермь зерттеушілері, әлбетте, капиталистік шеберханалардың маңызын төмендетуге тырысады. Егер де 5 және одан көп семьялы жұмысшылары бар кәсіпорындар болса, деп ойлайды олар, онда «өндірістің» «капиталистік формасы» мен «майдагерлік формасының» (sic! **) арасындағы бәсекенің кәсіпорындарда бестен артық жалдама жұмысшы болған күнде ғана маңызы болуы мүмкін, ал мұндай кәсіпорындар не бары 1%. Нағыз жасанды пікір: 1-ден, 5 семьялы жұмысшы мен 5 жалдама жұмысшысы бар кәсіпорындардың болуы — құр бос абстракция,— ол мәліметтердің жеткіліксіз өңделгендігінен туған нәрсе, өйткені жалдама еңбек семьялық еңбекпен біріктіріліп отыр. 3 семьялы жұмысшысы бар кәсіпорын тағы да 3 жұмысшыны жалдағанда, оның 5-тен артық жұмысшысы болады және жеке-дараларға қарағанда бәсекеде ерекше жағдайда тұратын болады. 2-ден, егер статистиктердің жалдама еңбекті пайдалану жағы-

* — алдын ала. *Ред.*
** — солай! *Ред.*

нан айырмашылығы бар жеке кәсіпорындардың «бәсекесі» туралы мәселені шын зерттегілері келсе, онда олардың үй басы санақтың мәліметтеріне жүгінуіне болмай ма? кәсіпорындарды жұмысшылардың санына қарай топқа бөліп, табыс жөнінде цифрлар келтіруіне болмай ма? қолдарында өте мол материалы бар статистиктердің оқушыға өз жандарынан шығарған неше түрлі шатпақтарды ұсынғанынан гөрі жәпе фактілерден безіп, халықшылдықтың жауларымен «шайқасуға» кошуге асығудан гөрі мәселені іс жүзінде зерттегені орындырақ болмас па еді?

«...Капитализмді жақтаушылардың көзқарасы тұрғысынан қарағанда майдагерлік форманың капиталистік формаға айналмай қалмайтыны туралы болжам айтуға бұл проценттің жеткілікті деп танылуы мүмкін, бірақ шындығында ол проценттің бұл жөнінде, әсіресе төмендегі жағдайларға байланысты, ешқандай қауіп тұғызарлық белгісі жоқ» (56-бет)...

Расында да жанға жайлы сөз емес пе! Қолдарындағы материалдан *капиталистік* кәсіпорындар туралы анық мәліметтерді іріктеп алуға тырысудың орнына, авторлар бұл кәсіпорындарды жеке-дара майдагерлерді *қосып жіберіп,* қайдағы бір «болжаушыларға» қарсылық білдіруге кіріседі!— Пермь статистиктеріне ұнамайтын қайдағы бір «капитализмді жақтаушылардың» нені «болжап айтатындығын» қайдан білейік, бірақ біз өз тарапымыздан мынаны ғана айтамыз: бұл құрғақ сөздердің бәрі тек қана фактілерден сырт айналуға тырысушылықты бүркемелейді. Ал фактілер мынаны: «өндірістің» ешқандай ерекше «майдагерлік формасының» жоқ екендігін (бұл «майдагершіл» экономистердің ойдан шығарғаны), ұсақ товар өндірушілерден капиталистік ірі кәсіпорындардың туатындығын (кестелерде біз 65 жалдама жұмысшысы бар майдагерді кездестіргенбіз! 169-бет), зерттеушілердің міндеті мәліметтерді топтап шығу болғанын, топтағанда, бұл процесті біз зерттей алатындай етіп, әр түрлі кәсіпорындардың *капиталистік кәсіпорындарға жақындауына қарай* оларды бір-бірімен салыстыра алатындай етіп топтап шығу болғанын көрсетеді. Пермь статистиктерінің мұны өзде-

рі істемегені былай тұрсын, мұны істеу үшін бізге де мүмкіндік бермеді, өйткені кестелерде осы кіші топтың барлық кәсіпорындары қосып көрсетілген, сондықтан фабрикантты жеке-дара майдагерден айыруға болмайды. Құрастырушылар өздерінің кемшіліктерін түкке тұрмайтын сөздермен бүркемелейді. Көріп отырсыздар, ірі кәсіпорындар не бары 1 процент екен, ал оларды есепке алмағанда 99 процент бойынша жасалған қорытындылар өзгермейді екен (56-бет).— Бірақ бұл 1 процент, жүздің бұл бір бөлігі, жүздің екінші бір бөлігіне тең емес қой! Бір ірі кәсіпорын «жүздің» (кәсіпорындардың барлық санының) 30-дан көбірегін беретін жеке-дара майдагерлердің 15-тен астам кәсіпорнының орнын толтыра алады. Бұл — жұмысшылардың санына қарай жасалған есеп. Ал егер жалпы өнім жөніндегі немесе таза табыс жөніндегі мәліметтерді алатын болсақ, онда бір ірі кәсіпорын 15 кәсіпорынның емес, мүмкін, 30 кәсіпорынның орнын жапқан болар еді *. Кәсіпорындардың бұл «жүзден бірінде» барлық жалдама жұмысшылардың *төрттен бірі* шоғырланған, бұдан орта есеппен алғанда 1 кәсіпорынға 14,6 жұмысшыдан келеді. Осы соңғы цифрды оқушыға біршама суреттеп беру үшін «Россиядағы фабрика-завод өнеркәсібі жөніндегі мәліметтер жинағында» (сауда және мануфактура департаментінің басылымы) Пермь губерниясы бойынша берілген цифрларды алайық. Цифрлар жыл сайын тым өзгеріп отыратындықтан 7 жыл (1885—1891) ішіндегі орта цифрды алайық. Сонда Пермь губерниясындағы 22645 мың сомның өнімін өндіретін, 13 006 жұмысшысы бар «фабрикалар мен заводтардың» (біздің ресми статистикамыздың мағынасында алғанда) цифры 885 болып шығады, бұдан «орта есеппен» алғанда 1 фабрикаға дәл 14,6 жұмысшыдан келетіні көрінеді.

Өздерінің ірі кәсіпорындары онша маңызды емес деген пікірлерін растау үшін «Очеркті» құрастырушылар майдагерлердің жалдама жұмысшыларының ішінде

* Төменде таза табыстарына қарай кәсіпорындардың қалай бөлінетіндігі туралы мәліметтер келтіріледі. Бұл мәліметтер бойынша табысы ең аз (50 сомға дейін) 2376 кәсіпорындағы таза табыс=77 900 сом, ал табысы ең көп 80 кәсіпорындағы таза табыс=83 150 сом. Бұдан 1 «кәсіпорынға» 32 сомнан және 1039 сомнан келеді.

жыл бойы істейтіндер өте аз (8 процент), ал көпшілігі істегеніне қарай ақы алатындар (37 процент), мерзімді жұмысшылар (30 процент) мен күндікші жұмысшылар (25 процент, 51-бет) дегенді дәлел етеді. Істегеніне қарай ақы алатындар «әдетте өз үйлерінде, меншікті құрал-сайманымен, өз тамағымен жұмыс істейді», ал күндікшілер, ауыл шаруашылық жұмысшылары сияқты, жұмысқа «уақытша» шақырылады. Мұндай жағдайда «жалдама жұмысшылар санының біршама көп болуы біз үшін бұл кәсіпорындардың капиталистік типінің күмәнсыз белгісі бола алмайды» (56)... «Біздің сеніміміз-ше, тегінде, істегеніне қарай ақы алатындар да, күндікшілер де батыс европалық пролетариат сияқты жұмысшы табының кадрларын тудырмайды; тек жыл бойы тұрақты істейтін жұмысшылар ғана мұндай кадр бола алады».

Орыс жалдама жұмысшыларының «Батыс Европа пролетариатына» қатынасы жөніндегі мәселені қозғағаны үшін біз Пермь халықшылдарын мақтамасақ болмайды. Несін айтасың, қызықты мәселе! Бірақ сөйтсе де біз статистиктерден «сенімге» негізделген пікірлерден гөрі фактілерге негізделген пікірлерді естігенді жөн көрген болар едік. Өз «сеніміңді» білдіру басқаларды үнемі иландыра бермейді ғой... Оқушыға NN мен MM мырзалардың «сенімі» жөнінде айта берудің орнына, фактілерді көбірек келтірген жөн болмас па еді? Ал «Очеркте» көлемі әр түрлі кәсіпорындардағы жалдама жұмысшылардың жағдайы жөнінде, еңбек жағдайлары жөнінде, жұмыс күні жөнінде, жалдама жұмысшылардың семьялары, т. б. туралы фактілер өте аз келтірілген. Егер орыс жұмысшыларының Батыс Европа пролетариатынан өзгешелігі жөніндегі пікірлер осы кемшілікті бүркеу үшін ғана айтылған болса, онда бізге әлгі мақтауымызды қайтып алуға тура келген болар еді...

Жалдама жұмысшылар туралы «Очерктен» біздің білетініміздің барлығы — жалдама жұмысшылардың жыл бойы істейтіндер, мерзімді жұмысшылар, істегеніне қарай ақы алатындар және күндікшілер болып 4 категорияға бөлінгендігі. Бұл категориялармен танысу үшін бүкіл кітапта бытырап жатқан мәліметтерге назар

аударуға тура келеді. 29 кәсіпшілік бойынша (43 кәсіпшіліктен) әрбір категориядағы жұмысшылардың саны мен олардың табысы көрсетілген. Осы 29 кәсіпшілікте 4795 жалдама жұмысшы бар, олардың табысы 233 784 сом. Ал барлық 43 кәсіпшілікте 4904 жалдама жұмысшы бар, олардың табысы 238 992 сом. Демек, біздің мәліметіміз жалдама жұмысшылардың 98 процентін және олардың табысын қамтиды екен. En regard *, «Очерк» ** пен біздің мәліметіміздегі цифрлар мынадай:

	«Очеркте» айтылған жалдама жұмысшылар саны	%	Мәліметтің цифрлары: Жалдама жұмысшылар саны	%	Олардың табыстары: барлығы неше сом	1 жұмысшыға келетіні	%***
Жыл бойы істейтіндер	379	8	351	7,4	26 978	76,8	100
Мерзімді жұмысшылар	1 496	30	1 432	29,8	40 958	28,6	37
Істегеніне қарай ақы алатындар	1 812	37	1 577	32,9	92 357	58,5	76,1
Күндікшілер	1 217	25	1 435	29,9	73 491	51,2	66,7
Барлығы	4 904	100	4 795	100	233 784	48,7	

Байқап қарасақ, «Очерктің» мәліметінде не қателер, не жаңсақтықтар бар екен. Бірақ мұнымыз жол-жөнекей айтылып отырған нәрсе. Бізге ең керегі — табыс туралы мәліметтер. Істегеніне қарай ақы алатындардың табысы жыл бойы істейтін жұмысшының табысынан *едәуір төмен* көрінеді, осы істегеніне қарай ақы алатындар жайында «Очеркте»: «Істегеніне қарай ақы төленетін еңбек, асылында, қожайын дербестігіне жету жолындағы ең таяу саты» делінген (51-бет — сірә, бұл да «біздің сеніміміз бойынша» шығар?). Егер статистиктердің жыл бойы істейтін жұмысшылардың ішіп-жемі,

* — салыстыру үшін. *Ред.*

** 50-бет. «Очеркте» табыстың мөлшері туралы мәліметтер жинақталмаған.

*** Жыл бойы істейтін жұмысшының табысы 100 процент деп алынды.

әдетте, қожайыннан болады, ал істегеніне қарай ақы алатын жұмысшының ішіп-жемі өзінен деген пікірі тек олардың «сенімдеріне» ғана негізделмей, сонымен қатар фактілерге де негізделген болса, онда табыс жөніндегі бұл айырмашылық бұдан да көп болады. Пермь майдагер-қожайындарының өз жұмысшыларын «дербестікке жету жолымен» қамтамасыз етуі де қызық екен! Бұл қамтамасыз етудің мәні — *жалақыны төмендеткендігі*... Бұл айырмашылықты түсіндіру үшін жұмыс кезеңінің ауытқуы оншама үлкен емес, мұны төменде көреміз. Сонан соң, күндікшінің жалақысы жыл бойы істейтін жұмысшы жалақысының 66,7 проценті болатынын көрсете кету өте-мөте маңызды. Демек, орта есеппен алғанда әрбір күндікші жылына 8 айға жуық жұмыс істейді. Сірә, бұл арада «жалдама еңбектің уақытша үстем элементі» туралы әңгіме етуден гөрі, өнеркәсіптен «уақытша» басқа жаққа кету (егер күндікшілерді қожайын жұмыссыз қалдырмай, олардың өздері шынымен өнеркәсіптен басқа жаққа кететін болса) туралы әңгіме ету анағұрлым дұрысырақ болар еді (52-бет).

III

«ҚАУЫМДЫҚ-ЕҢБЕК МИРАСҚОРЛЫҒЫ»

Зерттелген кәсіпорындардың барлығы туралы дерлік олардың пайда болған уақыты жайында майдагерлер сапағы жинаған мәліметтердің зор маңызы бар. Бұл жөніндегі жалпы мәліметтер мынадай:

1845 жылға дейін құрылған кәсіпорындар саны	640
1845—1855 жылдарда	251
1855—1865 »	533
1865—1875 »	1 339
1875—1885 »	2 652
1885—1895 »	3 469
Барлығы	8 884

Демек, реформадан кейінгі дәуірдің майдагерлік өнеркәсіпті ерекше дамыта түскенін көріп отырмыз. Бұл дамуға қолайлы жағдайлар болып келді және барған са-

йын, сірә, ондай жағдайлар күшейе түсіп отырған болу керек, өйткені әрбір келесі он жылдықта барған сайын көп кәсіпорындар ашылуда. Бұл құбылыс шаруалар арасында товар өндірісі дамуының, егіншіліктің өнеркәсіптен бөліпуінің, жалпы алғанда сауда мен өнеркәсіптің өсу қарқынының қандай екенін айқын дәлелдейді. Біз «егіншіліктің өнеркәсіптен бөлінуі» деп отырмыз, өйткені бұл бөліну егіншілердің өнеркәсіпшілерден бөлінуінен бұрын басталады: рынок үшін өнім өндіретін кәсіпорын атаулының бәрі егіншілер мен өнеркәсіпшілер арасында айырбас ісін туғызады. Олай болса, мұндай кәсіпорынның пайда болуы егіншілердің өнімді үйде жасауды тоқтатып, оны рыноктан сатып алуы, ал мұның өзі шаруаның ауыл шаруашылық өнімдерін рынокта сатуы деген сөз. Сонымен, сауда-өнеркәсіп орындары санының көбеюі өскелең қоғамдық еңбек бөлінісін, товар шаруашылығы мен капитализмнің осы бір ортақ негізін * көрсетеді.

Халықшылдық әдебиетте реформадан кейін өнеркәсіпте *ұсақ өндірістің* тез дамуы капиталистік сипаты жоқ құбылысты білдіреді деген пікір айтылып жүрді. Ұсақ өндірістің өсуі, ірі өндіріспен салыстырғанда, оның күші мен өміршеңдігін дәлелдейді, деп пайымдалды (В. В. мырза). Бұл — мүлде теріс пайымдау. Шаруалар арасында ұсақ өндірістің өсуі жаңа өндірістердің тууын, шикізат өңдеудің жаңа салалары өнеркәсіптің дербес салалары болып бөлініп шығуын, қоғамдық еңбек бөлінісіндегі прогресті, капитализмнің бастама процесін көрсетеді, ал ұсақ кәсіпорындарды ірі кәсіпорындардың жалмап қоюы — капитализмнің жоғары формаларының жеңуіне әкеп соқтыратын келесі қадам екенін көрсетеді. Шаруалар арасында ұсақ кәсіпорындардың тарауы товар шаруашылығын ұлғайтады, капитализмге негіз әзірлейді (ұсақ қожайынсымақтар мен жалдама жұмысшыларды туғыза отырып), ал мануфактура мен фабриканың ұсақ кәсіпорындарды жалмап қоюы ірі

* Сондықтан, егер Н.— он мырзаның «өнеркәсіптің егіншіліктен бөлінуіне» қарсы шығуы романтиктің платондық күрсінуі болмаса, онда ол әрбір майдагерлік кәсіпорынның пайда болуына да көз жасын төгіп қайғыруға тиіс еді.

капиталдың осы дайын негізді пайдаға асырғандығы болады. Бір ел ішінде біріне-бірі қарама-қайшы секілді көрінетін осы екі процестің екеуінің де бір мезгілде болуында, шынында, ешқандай қайшылық жоқ: капитализм елдің неғұрлым дамыған бөлігінде немесе өнеркәсіптің неғұрлым дамыған саласында ұсақ майдагерлерді механикалық фабрикаға тарту арқылы алға басады, ал елдің шалғай түкпірлерінде немесе өнеркәсіптің артта қалған салаларында капитализмнің даму процесі енді ғана басталып, жаңа өндірістер мен кәсіпшіліктердің пайда болуынан көрініс табады, бұл әбден табиғи нәрсе. Капиталистік мануфактура «кең базис (Hintergrund) ретінде әрдайым қалалық қолөнер мен селолық қосалқы үй кәсіпшіліктеріне негізделе отырып, ұлттық өндірісті бірте-бірте ғана меңгереді. Өнеркәсіптің белгілі бір салаларында, белгілі бір пункттерде қосалқы кәсіпшіліктердің бір формасын жоя отырып, мануфактура оларды өнеркәсіптің басқа бір салаларында қайтадан туғызады» («Das Kapital» I^2, S. 779 *).

«Очеркте» кәсіпорындардың пайда болған уақыты жөніндегі мәліметтер де жеткілікті өңделмеген: бұл жөнінде уездер бойынша ғана мәліметтер берілген, ал кәсіпорындардың пайда болған уақыты жөнінде топтар мен кіші топтар бойынша мәлімет берілмеген; сондай-ақ басқа жағынан да топқа бөлу жоқ (кәсіпорындардың көлеміне қарай, кәсіпорындардың кәсіпшілік орталығында немесе маңайдағы селоларда орналасуына қарай, т. с.). Тіпті өздері қабылдаған топтар мен кіші топтар бойынша санақ мәліметтерін өңдеместен, Пермь халықшылдары бұл арада да өздерінің әсіре халықшылдық сұмпайылығымен және... мағынасыздығымен жұртты таңдандыратын уағыздарын оқушыға ұсынуды қажет деп тапқан. Пермь статистиктері жаңалық ашқан; «өндірістің майдагерлік формасында» кәсіпорындардың ерекше бір «мирасқорлық формасы», атап айтқанда, «қауымдық-еңбек формасы» бар екендігін, ал капиталистік өнеркәсіпте «мұрагерлік-мүлік мирасқорлығы» үстем болып отырғанын ашқан; «қауымдық-еңбек ми-

* — «Капитал», I том, 2-басылуы, 779-бет.[110] *Ред.*

расқорлығы жалдама жұмысшыны өзінен өзі дербес қожайынға айналдыратынын» (sic!), мұның өзі кәсіпорынның қожайыны өлгеннен кейін мұрагерлерінің арасында семьялы жұмысшы болмаса, кәсіпшіліктің басқа семьяға, «бәлкім, сол кәсіпорындағы жалдама жұмысшыға» көшуінен байқалатынын ашқан, сондай-ақ «қауымдық жер иелену — майдагерлік өнеркәсіп орнының қожайынына да, оның жалдама жұмысшысына да өнеркәсіпте дербес еңбек етуге бірдей кепілдік беретіндігін» ашқан (7, 68 және басқа беттер).

«Майдагерлік кәсіпшіліктердегі мирасқорлықтың» Пермь халықшылдары ойлап шығарған осы «қауымдық-еңбек негізінің» болашақ әдебиет тарихында В. В., Н.— он мырзалар мен т. б. «халықтық өндіріс» жөніндегі дәл сондай тәтті тілді теориясымен қатар өз орнын алатындығына біз күмәнданбаймыз. Бұл екі теорияның да тегі бір, екеуі де маниловтық құрғақ сөздер арқылы шындықты боямалап, бұрмалайды. Майдагерлердің қолындағы кәсіпорындардың, материалдардың, құралдар мен басқа да заттардың, қайдағы бір қауымдық право бойынша емес, ал *мұра ретінде* көшіп отыратын жеке меншіктегі *мүлік* екенін, қауымның тек өнеркәсіпте ғана емес, сонымен қатар тіпті егіншілікте де дербестікке ешқандай кепілдік бермейтіндігін, қауымның сыртында да, ішінде де шаруашылық күресі мен қанаушылық жүріп жататындығын жұрттың бәрі біледі. Капиталы шағын ұсақ қожайынсымақтың өзі де еңбек етуі керектігін, жалдама жұмысшының қожайынға *айнала алатындығын* (әрине, егер ол үнемді және ұстамды болса) көрсететін жай ғана факт «қауымдық еңбек негізінің» ерекше теориясына айналдырылған, бұған «Очерктің» 69-бетінде айтылғандар мысал бола алады... Мещандардан шыққан барлық теоретиктер ұсақ өндірісте жұмысшы қожайынға *айнала алады* деп әрдайым өздерін оздері жұбатып келді, сондықтан олар жұмысшыларды қожайынсымақтарға айналдыруды армандаудан әрі бара алмады. «Очеркте» тіпті «қауымдық-еңбек мирасқорлығының негізін анықтайтын статистика мәліметтерін» (45) көрсетуге әрекет жасалған. Бұл мәліметтер былғары кәсіпшілігіне қатысты. 129 кәсіпорын-

нан 90 кәсіпорын (яғни, 70 проценті) 1870 жылдан кейін құрылған, ал 1869 жылы майдагерлік былғары кәсіпшілігі 161 («елді мекендердің тізімі» бойынша), ал 1895 жылы 153 болған. Демек, кәсіпшілік бір семьялардан екінші семьяларға көшіп отырған, осының өзі «қауымдық-еңбек мирасқорлығының принципі» деп танылған. Ұсақ кәсіпорындардың оңай ашылып, оңай жабылатынын, қолдан қолға оңай көшіп отыратындығын, т. б. айрықша «принцип» деп таныгысы келетін тілекке қарсы дау айтудың өзі күлкі туғызатыны өзінен өзі түсінікті. Тек былғары кәсіпшілігі жөнінде мынаны қоса айта кетейік: 1-ден, кәсіпорындардың құрылған уақыты жөнінде онда келтірілген мәліметтер былғары кәсіпшілігі басқа кәсіпшіліктерге қарағанда уақыт жағынан едәуір *баяу* дамығандығын көрсетеді; 2-ден, 1869 жыл мен 1895 жылды салыстыру мүлде дұрыс емес, өйткені «майдагерлік былғары кәсіпшілігі» деген ұғым үнемі «былғары заводы» деген ұғыммен шатастырыла береді. 1860 жылдары «тері бояйтын заводтардың» орасан көпшілігі (фабрикалар мен заводтар статистикасы бойынша) Пермь губерниясында 1000 сомға жетпейтін өнім өндірген (қараңыз: «Финанс министрлігінің әржылдығы». I кітап, СПБ. 1869. Кестелер мен ескертулер), ал 1890 жылдары, бір жағынан, 1000 сомнан кем өнім өндіретін кәсіпорындар фабрикалар мен заводтардың қатарынан шығарылып тасталған; екінші жағынан, «майдагерлік былғары кәсіпшілігінің» санына 1000 сомнан артық өнім өндіретін бірталай кәсіпорындар, 5—10 мың сомдық және одан да артығырақ өнім өндіретін заводтар кіріп кеткен («Очерктің» 70-беті. Кестелердің 149, 150-беттері). Майдагерлік былғары кәсіпшілігі мен былғары заводтарының арасындағы айырмашылық осылай мүлде белгісіз болып отырғанда, 1869 жыл мен 1895 жылдың мәліметтерін салыстырудың қандай маңызы болмақ? 3-ден, егер тіпті былғары кәсіпшілігі санының азаюы рас болған күнде де, мұның аты бірқатар ұсақ кәсіпорындар жабылып, олардың орнына біртебірте ірірек кәсіпорындар ашылды деген сөз емес пе? Осындай «ауысу» да «қауымдық-еңбек мирасқорлығы принципін» қалайша дәлелдей алады?

Ал бұл мағынасыздықтың үстіне, «қауымдық-еңбек принципі» жөніндегі, «қауымдық еңбек дербестігінің кепілдігі», т. с. туралы осы тәтті тілді құрғақ сөздердің бәрі былғары кәсіпшілігі туралы айтылып отыр, бұл кәсіпшіліктегі егінші-майдагерлер ең таза типтегі ұсақ буржуа болып табылады (төменіректен қараңыз) және бұл кәсіпшілік жеке-дара майдагерлермен және қолөнершілермен қатар майдагерлердің санына қосылып кеткен *үш* ірі кәсіпорынға (заводқа) орасан көп шоғырланған. Бұл шоғырлану жөніндегі мәліметтер мынандай:

Кәсіпшілікте барлығы 148 кәсіпорын бар. Жұмысшылары 267 семьялы жұмысшы+172 жалдама жұмысшы=439. Өндіріс сомасы=151 022 сом. Таза табыс=26 207 сом, мұның ішінде 0 семьялы жұмысшы+65 жалдама жұмысшы=65 жұмысшысы бар 3 кәсіпорын бар. Өндірілген онім сомасы=44 275 сом. Таза табыс=3391 сом (текстің 70-беті және кестелердің 149, 150-беттері).

Яғни, 148 кәсіпорынның *үшеуі* («Очерктің» көңіл жұбатып айтуынша «тек 2,1 проценті ғана», 76-бет) өз қожайындарына, өндіріске ешбір қатыспаса да, мыңдаған сом табыс келтіре отырып, «майдагерлік былғары кәсіпшілігінің» барлық өнімінің *үштен бірі дерлігін* шоғырландырып отыр. Біз төменде басқа кәсіпшіліктер бойынша да осындай мағынасыздықтың көптеген мысалдары бар екенін көреміз. Бірақ бұл кәсіпшілікті суреттегенде «Очерктің» авторлары, басқалардан өзгеше, осы үш кәсіпорынға тоқталған. Сол үш кәсіпорынның бірі жөнінде: «Белоярск селосы мен Екатеринбург қаласында өзінің былғары сататын дүкендері болғандықтан», қожайынның (егіншінің!) «сірә, сауда операцияларынан қолы босамайтын болар» делінген (76—77-беттер). Бұл — өндіріске жұмсалған капиталдың саудаға жұмсалған капиталға қалай қосылатындығының кішкене мысалы. «Кулактар» мен сауда операцияларын өндірістен аулақ тұрған, бір қоспа нәрсе етіп көрсететін «Очерк» авторлары осыны есіне ұстасын! Басқа бір кәсіпорында семьяда 5 ер адам бар, бірақ олардың бірде-біреуі жұмыс істемейді: «әкесінің өз өндірісіндегі сауда

операцияларынан қолы босамайды, ал ұлдарының (18-ден 53 жасқа дейінгілер) бәрі сауатты, олар, сірә, терілерді бір кеспектен екінші кеспекке аударыстырып, жуып-шайып жатудан гөрі қызықтырақ басқа бір іспен кеткен болу керек» (77-бет). Бұл кәсіпорындардың «капиталистік сипаты бар» екендігіне авторлар ілтипатпен келіседі, «бірақ бұл кәсіпорындардың болашағы мүліктің мұраға отуі жағынан қандай дәрежеде қамтамасыз етілген деген сұрауға тек болашақтың өзі ғана үзілді-кесілді жауап бере алады» (76). Неткен терең ойлылық! «Болашақ жөніндегі сұрауға тек болашақтың өзі ғана жауап бере алады». Даусыз ақиқат! Бірақ бұл — қазіргі жағдайды бұрмалауға шынымен жеткілікті негіз болғаны ма?

ЕКІНШІ МАҚАЛА

(IV. «Майдагерлер» егіншілігі.— V. Ірі және ұсақ кәсіпорындар.— Майдагерлердің табыстары)

IV

«МАЙДАГЕРЛЕР» ЕГІНШІЛІГІ

Майдагер-қожайындар мен қожайынсымақтардың үй басына жүргізілген санақ олардың егіншілік кәсібі туралы қызғылықты мәліметтер жинады. «Очеркте» кіші топтар бойынша жинақталған бұл мәліметтер мынадай:

Кіші топтар:	1 үйге келетіні			Үйлер процент	
	егіс десятинасы	аттар	сиырлар	атсыздар	сиырсыздар
1. Товар өндірушілер	7,1	2,1*	2,2*	7,4	5
2. Қолөнершілер	6,2	1,9	2,1	9,0	6
3. Алыпсатарларға жұмыс істейтіндер	4,5	1,4	1,3	16,0	13
Барлығы	6,3	1,8	2,0	9,5	6

Сонымен, майдагерлер өнеркәсіпшілер ретінде неғұрлым ауқатты болса, егіншілер ретінде де соғұрлым дәулетті болады. Олар өндірістегі ролі жағынан неғұрлым төмен тұрса, егіншілер ретінде де соғұрлым төмен тұрады. Олай болса, майдагерлер санағының мәліметтері:

* «Очеркте» бұл цифрларда жаңсақтық кеткен сияқты (қараңыз: 58-бет), оны біз түзеттік.

өнеркәсіптегі майдагерлердің ыдырауы егінші шаруалардың ыдырауымен қоян-қолтық жүріп жатады деген пікірді, пікір болғанда, әдебиетте бұдан бұрын айтылған пікірді толық растайды (*А. Волгин.* Халықшылдықты негіздеу және т. б. 211-бет және келесі беттер). Майдагерлердегі жалдама жұмысшылар алыпсатарларға жұмыс істейтін майдагерлерден де төмен (немесе жоғары емес) тұрғандықтан, біз олардың арасында күйзеліске ұшыраған егіншілер одан да көп деген қорытынды жасауға еріктіміз. Жалдама жұмысшылар үй басы санағына ілінбегенін жоғарыда ескертіп өттік. Қалай дегенмен, келтірілген мәліметтердің өзі де «Очерктегі» «қауымдасып жер иелену майдагерлік өнеркәсіп орны қожайынының да, оның жалдама жұмысшысының да өнеркәсіптік еңбекте дербестігін қамтамасыз етеді» деген пікірдің тым ерсі екепін айқын көрсетеді.

Жеке-дара, ұсақ және ірі қожайындардың егіншілік кәсібі туралы толық деректердің жоқтығы талданып отырған мәліметтерден ерекше айқын байқалып тұр. Бұл кемшіліктің орнын ішінара болса да толықтыру үшін біз жеке кәсіпшіліктер жөніндегі мәліметтерді алып қарауға тиіспіз; кейде қожайындарда * жұмыс істейтін егіншілік жұмысшыларының саны туралы мәліметтер кездеседі, бірақ «Очеркте» бұл мәліметтердің жалпы жиынтығы жоқ.

Былғарышы-егіншілерді алайық, олар — 131 шаруашылық. Оларда 124 егінші жалдама қызметкер бар; үй басына 16,9 десятинадан егістік жер, 4,6 аттан, 4,1 сиырдан келеді (71-бет). Жалдама жұмысшылар (жыл бойы істейтіндер 73, мерзімді жұмысшы 51) 2492 сом, яғни әрқайсысы 20,1 сомнан жалақы алады, ал былғары кәсіпшілігіндегі жұмысшыға төленетін орташа ақы 52 сом. Демек, егіншіліктегі жұмысшылардың жағдайы өнеркәсіптегіден гөрі анағұрлым төмен екенін көрсететін, барлық капиталистік елдерге тән құбылыс бұл жерде де байқалып отыр. Былғарышы-«майдагерлер», тегі, шаруа буржуазиясының нағыз өзі, ал халық-

* Шаруалардың көп реттерде өнеркәсіп жұмысшыларына да егіншілік жұмыстарын істетіп отыратыны мәлім. Салыстырыңыз: «Майдагерлік өнеркәсіп, т. т.». III, 7-бет.

шылдар соншама мақтаған атышулы «кәсіпшілік пен егіншіліктің қосылуы» дегеннің мәнісі мынада: сауда-өнеркәсіп орындарының қожайындары өздерінің батырақтарына мүлде аз жалақы төлеп, капиталды сауда мен өнеркәсіптен егіншілікке аударады *.

Май шайқаушы майдагерлерді алайық. Олардың ішінде егіншілері 173. Бір шаруашылыққа 10,1 десятина егіс, 3,5 ат, 3,3 сиырдан келеді. Атсыз, сиырсыз үй жоқ. Егіншілік жұмысшылары (жыл бойы істейтіндері мен мерзімді жұмысшылар) 98, олардың жалақысы 3438 сом, яғни әрқайсысына 35,1 сомнан. «Май шайқау өндірісінде қалдық есебінде алынатын күнжара — мал үшін ең жақсы азық, оның арқасында егістікке көңді анағұрлым көп төгуге мүмкіндік туады. Сөйтіп, өз шаруашылығына арналған кәсіпшіліктен үш жақты пайда келеді: кәсіпшіліктің тікелей өзінен түсетін табыс, малдан түсетін табыс және егіннен алынатын мол өнім» (164). «Олар (май шайқаушылар) егіншілікті кең көлемде жүргізеді, мұның өзінде көбі жан басына тиетін жер үлесімен қанағаттанбай, оның үстіне әлсіз шаруашылықтардың жерін арендаға алады» (168). Уездер бойынша зығыр мен кендір егістерінің өріс алуы туралы мәліметтер «зығыр мен кендір егістері көлемінің және губерния уездеріндегі май шайқау кәсіпшілігінің өріс алуының арасында кейбір байланыс» бар екенін көрсетеді (170).

Демек, мұнда сауда-өнеркәсіп орындары техникалық ауыл шаруашылық өндірістері деп аталады екен, ал сауда мен капиталистік егіншіліктің прогресі әрқашан да осылардың дамуымен сипатталады.

Диірменші қожайындарды алайық. Олардың көпшілігі — 421-ден 385-і — егінші. Бір үйге 11,0 десятина егістік жер, 3,0 ат, 3,5 сиырдан келеді. Егінші жалдама жұмысшылары 307 адам, олардың жалақысы

---

* Егін шаруашылығында мерзімді жұмысшы әрқашан да жылдық ақының жартысынан көбін алады. Мұнда мерзімді жұмысшылар жыл бойы істейтін жұмысшы ақысының жартысын ғана алады делік. Сонда жыл бойы істейтін жұмысшының ақысы $\left(2492 : \left(73 + \frac{51}{2}\right)\right) = 25{,}5$ сом болады. Егіншілік департаментінің мәліметтері бойынша, Пермь губерниясында ішіп-жемі қожайыннан болатын, жыл бойы істейтін ауыл шаруашылығы жұмысшысының 10 жылғы (1881—1891) орташа жалақысы 50 сом.

6211 сом. Май өндірісі секілді, «ұн өндірісі де диірмен қожайындары үшін меншікті шаруашылығының өнімдерін өздеріне өте пайдалы түрде рынокқа өткізудің құралы болып табылады» (178).

«Майдагер-егіншіні» біртектес, өзіне өзі тең бірдеңе деп ұғынудың қандай сорақы нәрсе екенін көрсету үшін осы мысалдар әбден жеткілікті сияқты. Бұл айтылған егіншілердің бәрі де ұсақ буржуазиялық егіншіліктің өкілдері, ендеше, мұндай типтерді басқа шаруаларға, оның ішінде күйзелген шаруашылықтарға қосу өмір шындығына мейлінше тән белгілерді бүркемелегендік болады.

Май шайқау кәсіпшілігін суреттеудің қорытындысында құрастырушылар шаруалардың жіктелуін капитализмнің эволюциясы деп жариялайтын «капиталистік доктринаға» қарсы пікір айтпақ болады. Мұндай қағида «бұл жіктелушілік ең соңғы уақыттағы факт және бұл, қауымдасып жер иемденудің de jure * болып отырғанына қарамастан, шаруалар арасында капиталистік қалыптың de facto ** тез өсуінің белгісі» деген «мүлде қисынсыз пікірге» негізделеді-міс (176). Құрастырушылар: қауым мүлік жағынан жіктелуді ешқашан жоққа шығарған емес және жоққа шығармайды да, бірақ «оларды баянды етпейді, таптар тудырмайды» деп қарсы пікір айтады; «бұл өтпелі жіктелушіліктер уақыт өткен сайын шиеленіскен емес, қайта, біртіндеп жымдасып отырған» дейді (177). Мұны дәлелдеу үшін артельдерді (олар туралы төменде, VII параграфта айтылады), семьялардың енші алысып бөлінуін (sic!) және жерді қайта бөлуді (!) мысал етеді; әрине, мұндай пікір тек күлкі келтіреді. Шаруалардың жіктелуінің өсіп, көбеюі туралы қағиданы «қисынсыз» пікір деп атау «шаруа шаруашылығындағы техникалық прогресс» фактілерімен қатар шаруалардың жаппай атсыз қалуы және жерін тастап кетуі сияқты жалпыға мәлім фактілерді (салыстырыңыз: В. В. мырзаның «Шаруалар шаруашылығындағы прогрестік ағымдар»), жерді арендаға берудің өсуімен қатар үлесті жерлерді басқаға өткізіп,

* — заңды түрде. *Ред.*
** — іс жүзінде. *Ред.*

кепілге салудың дамуын, сырттан кәсіп іздеушілердің, осы тентіренді жалдама жұмысшылардың саны артуымен қатар сауда-өнеркәсіп орындарының көбеюін, т. т. елемеушілік болады.

Майдагерлердің үй басы санағы егінші-майдагерлердің табыстарының егінші емес майдагерлердің табыстарына қатынасы туралы аса маңызды мәселе жөнінде мол материал беруге тиіс еді. Бұл секілді мәліметтердің бәрі де кестелерде бар, бірақ «Очеркте» мәлімет берілмепті, сондықтан бұл мәліметті кітаптың мәліметтері бойынша өзіміздің жасауымызға тура келді. Мұндай ақпар, 1-ден, «Очерктің» жеке кәсіпшіліктер жөніндегі мәліметтеріне негізделді. Біз тек әр түрлі кәсіпшіліктер туралы мәліметтерді қосуға ғана тиісті болдық. Бірақ бұл мәлімет кесте формасында барлық кәсіпшіліктер бойынша берілмеген. Кейде бұл мәліметте қателіктер немесе жаңылыс басылған жерлер болғанына көзіміз жетіп отырды, бұлар — тексеру қорытындылары болмауының табиғи салдары. 2-ден, мәлімет кейбір кәсіпшіліктердің сипаттамаларынан іріктеліп алынған есеп мәліметтеріне негізделді. 3-ден, бұл екі негіздің екеуі де болмаған күнде тікелей кестелерді (мәселен, «кен қазындыларын өндіру» деген соңғы кәсіпшілік жөнінде жасалғандарын) алып қарауға тура келді. Біздің мәліметімізде материалдың мұндай ала-құла болуы қателіктерге, жаңсақтықтарға апарып соқпай қоймағаны өзінен өзі түсінікті. Алайда біз, мәліметіміздің жалпы қорытындылары кестелердің қорытындыларымен үйлесе қоймағанымен, мәліметтен алынған қорытынды пікірлер мақсатқа әбден сәйкес келеді деп ойлаймыз, өйткені орташа мөлшерлер мен қатынастар (біз оларды қорытынды пікір үшін ғана пайдаландық) қалай түзеткен күнде де тым мардымсыз өзгерер еді. Мысалы, «Очерктегі» кестелердің қорытындылары бойынша 1 жұмысшыға келетін жалпы табыстың мөлшері 134,8 сомға, ал біздің мәліметіміз бойынша — 133,3 сомға тең. Семьялы жұмысшыға келетін таза табыс 69,0 және 68,0 сом. 1 жалдама жұмысшының табысы 48,7 және 48,6 сом.

Бұл мәліметтің жалдама жұмысшылардың топтары мен кіші топтары бойынша жалпы табысының, таза табысының және жай табысының мөлшерін көрсететін нәтижелері мынадай: [387-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұл кестенің басты нәтижелері мыналар:

1) Өнеркәсіптегі егінші емес халық (өзінің санына қарағанда) егінші халықтан гөрі кәсіпшілікке әлдеқайда көп қатысып отырады. Жұмысшылар саны жағынан егінші еместер егіншілерден екі есе кем. Ал жалпы өнім жағынан олар жартысына жуығын, 2 655 007 сомнан 1 276 772 сом, яғни 48,1 процент беріп отырады. Ал өндірістен түсетін табыс жағынан, яғни қожайындардың жалдама жұмысшылардың жалақысын қоса есептегендегі таза табысының мөлшері жағынан егінші еместер 1 260 335 сомнан 647 666 сом, яғни 51,4 процент бере отырып, егіншілерден тіпті асып та түседі. Демек, сан жағынан аз бола тұрса да, өнеркәсіптегі егінші емес халық өндіріс мөлшері жағынан егіншілерден кем соқпайды екен. Майдагерлік өнеркәсіп деп аталатынның «басты тірегі» — егіншілік дейтін халықшылдық дәстүрлі ілімге баға беруде бұл фактінің аса зор маңызы бар.

Бұл фактіден табиғи түрде басқа қорытындылар да шығады:

2) Егінші еместердің жалпы өнімі (жалпы табысы), 1 жұмысшыға шаққанда, егіншілердікінен едәуір жоғары: 103,8 сомға 192,2 сом, яғни *екі есеге* сәл ғана жетпейді. Егінші еместердің жұмыс маусымы егіншілерден гөрі ұзағырақ екенін төменде көреміз, бірақ бұл айырмашылық онша үлкен емес, ендеше, егінші еместердің еңбек өнімділігінің жоғары екені күмән туғыза алмайды. Бұл айырмашылық алыпсатарларға жұмыс істейтін майдагерлердің 3-кіші тобында бәрінен де аз, мұның өзі әбден табиғи нәрсе.

3) Егінші қожайындар мен қожайынсымақтарға қарағанда егінші емес қожайындар мен қожайынсымақтардың таза табысы *екі еседен астам* жоғары: 47,1 сомға 113,0 сом ($2^1/_2$ есе дерлік). Бұл айырмашылық барлық кіші топтарда бар, бірақ ол 1-кіші топта, еркін сау-

Топтар	Кіші топтар	Кәсіпорындар саны	Жұмысшылар саны			Жалпы табыс сом есебімен		Шаруашылықтардың таза табысы сом есебімен		Жалақы сом есебімен		Таза табыс пен жалақыны бірге есептегенде	Борышты шаруашылықтар саны
			Семьялы	Жалдама	Барлығы	Барлығы	1 жұмысшыға	Барлығы	Семьялы 1 жұмысшыға	Барлығы	1 жалдама жұмысшыға		
I	1	2 239	4 122	1 726	5 848	758 493	129,7	204 004	49,5	74 558	43,2	278 562	225
»	2	2 841	4 249	712	4 961	383 441	77,3	186 719	43,9	34 937	49,0	221 656	93
»	3	1 016	1 878	586	2 464	236 301	95,9	91 916	48,9	20 535	35,0	112 451	304
I топ бойынша жиынтығы		6 096	10 249	3 024	13 273	1 378 235	103,8	482 639	47,1	130 030	43,0	612 669	622
II	1	959	1 672	738	2 410	605 509	251,2	220 713	132,0	45 949	62,2	266 662	176
»	2	595	876	272	1 148	178 916	155,8	90 203	102,9	18 404	67,6	108 607	51
»	3	1 320	2 231	852	3 083	492 347	159,7	229 108	102,7	43 289	50,8	272 397	262
II топ бойынша жиынтығы		2 874	4 779	1 862	6 641	1 276 772	192,2	540 024	113,0	107 642	57,8	647 666	489
Барлығы		8 970	15 028	4 886	19 914	2 655 007	133,3	1 022 663	68,0	237 672	48,6	1 260 335	1 111

да-саттық үшін жұмыс істейтін майдагерлерде бәрінен де жоғары. Әйтседе, бұл айырмашылықтың себептерін жұмыс маусымдарының әр алуандығынан іздеуге болмайтыны өзінен өзі түсінікті. *Жермен байланыстылық өнеркәсіпшілердің табысын төмендетеді,* әлгі айырмашылық осыған байланысты екеніне күмәндануға болмайды; рынок майдагерлердің егіншіліктен түсетін табысын кемітеді, сондықтан егіншілер аз ғана табысқа қанағат етуге мәжбүр болады. Егіншілердің өнім өткізгенде көп зиян шегетіндігі де, материалдар сатып алуға көп шығын жұмсайтындығы да, саудагерлерге өте тәуелді екендігі де бұған қосымша болуы мүмкін. Қайткен күнде де, *жермен байланыстылықтың майдагер табысын төмендететіндігі* анық. Қазіргі қоғамда «жер өктемдігінің» шын мәнін айқындайтын бұл фактінің маңызы зор екенін айтып жатудың бізге қажеті де жоқ. Өндірістің кіріптарлық әрі қара дүрсін әдістерін сақтап қалуға, машиналар қолдану ісінің бөгелуіне, жұмысшылардың тұрмыс дәрежесінің нашарлауына табыс мөлшерінің төмен болуы қаншалықты зор әсер ететіндігін еске алса да болады *.

4) Жалдама жұмысшылардың жалақысы да қай жерде болсын егіншілердегіден гөрі егінші еместерде жоғары, бірақ бұл айырма қожайындардың табысындағыдай онша үлкен емес. Жалпы алғанда үш кіші топтың үшеуінде де егінші қожайындағы жалдама жұмысшы 43,0 сом, ал егінші емес қожайындағы жұмысшы — 57,8 сом, яғни $^1/_3$ бөлігіндей артық табыс табады. Бұл айырмашылық едәуір дәрежеде *(бірақ онда да толығынан емес)* маусымдағы жұмыстың әр алуандығына

* Осы соңғы пункт (маңызы жағынан бірінші пункт) жөнінде ескерте кетейік, бір өкініштісі, егіншілер мен егінші еместердің тұрмыс дәрежесі туралы мәліметтер «Очеркте» жоқ. Бірақ, басқа зерттеушілер егінші емес өнеркәсіпшілердің тұрмыс дәрежесі «орта қолды» егіншілерге қарағанда өлшеусіз жоғары екенін, бұл Пермь губерниясында да дағдылы құбылыс екенін атап көрсеткен. Салыстырыңыз: «Россиядағы майдагерлік өнеркәсіп жөніндегі есептер мен зерттеулер», егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрлігінің басылымы, III том, Егуновтың мақаласы. Автор кейбір жерсіз селоларда тұрмыс дәрежесі мүлде «қаладағыдай» екепін, егінші емес майдагердің «адамша» киініп (крахмал көйлекке дейін европалық киім; самауыр; шай, қантты, ақ нанды, сиыр етін, т. б. көп тұтыну), тұрмыс түзеуге тырысатынын көрсетеді. Автор земстволық-статистикалық басылымдарда көрсетілген бюджеттерге сүйенеді.

байланысты болуы *мүмкін*. Ал бұл айырмашылықтың жерге байланыстылыққа қатысы туралы біз төрелік айта алмаймыз, өйткені жалдама егінші жұмысшылар мен егінші емес жұмысшылар туралы мәліметтеріміз жоқ. Бұл арада жұмыс маусымының ықпалынан басқа, тұтыну дәрежесінің ықпалы әр алуан болуы да, әрине, әсерін тигізеді.

5) Қожайындар табысының мөлшері мен жалдама жұмысшыларға төленетін жалақы арасындағы айырма егіншілердегіден гөрі егінші еместерде өлшеусіз үлкен: егінші еместердегі барлық үш кіші топ бойынша қожайынның табысы жалдаманың жалақысынан екі еседей артық (57,8 сомға 113 сом), ал егіншілерде қожайынның табысы шамалы ғана — *4,1 сом* (47,1 және 43,0) артық! Егер бұл цифрлар таңданарлық болса, қолөнерші егіншілерде (I, 2) бұл жағдай онан да бетер таңданарлықтай екенін айтуға тура келеді, оларда қожайындардың табысы жалдама жұмысшылардың жалақысынан *төмен!* Алайда ірі және ұсақ кәсіпорындардағы табыс мөлшерінің орасан зор айырмашылықтары туралы төмендегі мәліметтерді келтірген кезде, бұл жағдай әбден түсінікті болады. Ірі кәсіпорындар еңбек өнімділігін арттыра отырып, кедейлердің,— рынокқа бағынышты етілген күнде «дербестігі» тіпті жалған болып шығатын жеке-дара майдагерлердің,— табысынан асыра жалақы төлеуге мүмкіндік береді. Ірі және ұсақ кәсіпорындардың табыстары арасындағы осы орасан зор айырмашылық екі топқа да әсер етеді, бірақ егіншілерде (ұсақ майдагерлердің аса төмендетілуі себепті) анағұрлым зор. Қожайынсымақтың табысы мен жалдаманың еңбек ақысы арасындағы болмашы айырмашылық жалдама жұмысшы ұстамайтын *ұсақ* майдагер егіншінің табысы жалдама жұмысшыға төленетін жалақыдан *жоғары емес, қайта көбінесе төмен* болатынын айқын көрсетеді. Шынында да, қожайынның таза табысының мөлшері (семьялы бір жұмысшыға 47,1 сом) барлық ірілі-ұсақты кәсіпорындар үшін, фабриканттар мен жеке-дара майдагерлер үшін *орта* мөлшер болып табылады. Ірі қожайындарда қожайынның таза табыстары мен жалдама жұмысшының жалақысы арасындағы

айырмашылық 4 сом емес, одан 10—100 есе артық екені түсінікті, ал мұның мәнісі — ұсақ жеке-дара майдагердің табысы 47 сомнан едәуір төмен, яғни бұл табыс жалдама жұмысшыға төленетін жалақыдан *жоғары емес, қайта көбінесе төмен* болып отырады деген сөз. Майдагерлер санағының кәсіпорындардың таза табыстары жағынан бөлінуі туралы мәліметтері (қараңыз: төменіректе, § V) осы, қисынсыз тәрізді көрінетін қорытындыны растайды. Бірақ бұл мәліметтер, егіншілер мен егінші еместерді ажыратпастан, барлық кәсіпорындарды жалпы қамтиды, міне, сондықтан да жоғарыда келтірілген кестенің көрсеткен нәтижесі біз үшін өте-мөте маңызды: атап айтқанда, біз ең төмен табыс егіншілердің жалақысы екенін, «жермен байланыстылық» табысты орасан төмендететінін білдік.

Егіншілер мен егінші еместердің табысындағы айырмашылық туралы айта келіп, біз: мұны жұмыс маусымдарының айырмашылығынан деп түсіндіруге болмайды дегенді ескерттік. Майдагерлер санағының осы мәселе жөніндегі мәліметтерін алып қарап көрейік. «Кіріспеден» оқып білгеніміздей, санақ программасына «өндірісте айлап істейтін семьялылар мен жалдама жұмысшылардың санына қарай өндірістің жыл бойына қызу жұмыс істеуін» (14-бет) зерттеу ісі енгізіліпті. Санақ үй басы жүргізілгендіктен, яғни әрбір кәсіпорын жеке зерттелгендіктен (өкінішке қарай, үй басының бланк формасы «Очеркте» келтірілмепті) әрбір кәсіпорын жөнінде жұмысшылардың айлайдағы саны туралы немесе әрбір кәсіпорындағы жыл бойғы жұмыс айларының ұзақтығы туралы мәліметтер жиналған деп жорамалдау керек. Бұл мәліметтер «Очеркте» бір кестеде жинақталған (57, 58-беттер), мұнда екі топтың әрбір кіші тобындағы *жылдың әр айында істейтін* жұмысшылардың (семьялылары мен жалдамалары бірге) саны көрсетілген.

1894/95 жылғы майдагерлер санағында майдагерлердің жұмыс айлары санын сондай дәлме-дәл анықтауға әрекет жасалуы сабақ аларлықтай және өте қызғылықты. Шынында да, мұндай деректерсіз табыстар мен жалақылар туралы мәліметтер толық болмас еді де, ста-

тистикалық есептер тек шамамен ғана жасалған болар еді. Бірақ, амал нешік, жұмыс кезеңі туралы мәліметтер тым жеткіліксіз өңделген: осы жалпы кестеден басқа кейбір кәсіпшіліктердегі жұмысшылардың ай сайынғы саны туралы мәліметтер ғана берілген, мұны кейде топтарға бөліп, кейде бөлмей-ақ көрсеткен; ал бірде-бір кәсіпшілік бойынша кіші топтарға бөліпбеген. Бұл мәселе жөнінде ірі кәсіпорындарды бөліп көрсету өте-мөте маңызды болар еді, өйткені біз,— a priori де, майдагерлік өнеркәсіптің басқа зерттеушілерінің мәліметтері бойынша да,— ірі және ұсақ майдагерлердің жұмыс маусымдары бірдей емес деп жорамалдауға ерiктiмiз. Оның үстіне, 57-беттегі кестенің өзінде қателер немесе жаңсақ басылған жерлер бар болса керек (мәселен, февраль, август, ноябрь айларында II топтағы 2 және 3-бағанасы шатастырылған секілді, өйткені 3-кіші топтағы жұмысшылар саны 2-кіші топтағыдан артық). Тіпті бұл шалағайлықтарды түзеткеннің өзінде де (кейде шамамен түзеткенде де) бұл кесте аз күдік тудырмайды, мұның өзі бұл кестені пайдалануға қиындық келтіреді. Шындығында, осы кіші топтар бойынша жасалған кестенің мәліметтерін алып қарағанымызда, 3-кіші топтағы (I топ) жұмыс істейтін жұмысшылардың maximum-ы декабрь айына келіп, 2911 жұмысшыға жететінін көреміз. Оның бер жағында, «Очеркте» 3-кіші топта не бары 2551 жұмысшы бар деп есептеледі. II топтың 3-кіші тобында да осылай: maximum-ы — 3221, ал шынында жұмысшылар саны — 3077. Керісінше, кіші топтар бойынша бір айда жұмыс істейтін жұмысшылардың *maxima*-сы жұмысшылардың ақиқат санынан *кем.* Бұл құбылысты қалай түсіндіруге болады? Бұл мәселе жөнінде барлық кәсіпорындар туралы мәліметтер жиналмаған деп түсіндіру керек пе? Бұлай болуы әбден мүмкін, бірақ «Очеркте» бұл туралы бір ауыз сөз жоқ. II топтың 2-кіші тобы бойынша жұмысшылардың нақты санынан жұмысшылардың тек maximum-ы ғана (февраль) артық емес (1163-ке 1882), сондай-ақ бір ай жұмыс істейтін жұмысшылардың *орташа саны* да (яғни, 12 ай жұмыс істейтін жұмысшылардың барлығын 12-ге бөлгенде тиетін үлесі) жұмысшылардың нақты санынан

артық (1163-ке 1265)!! Тіркеушілер жұмысшылардың қай санын нақты деп есептейді: жыл ішіндегі орташа санын ба, бір маусымдағы (мәселен, қыс маусымындағы) орташа санын ба немесе жылдың белгілі бір айындағы нақты санын ба? — деген сұрақ туады. Жеке кәсіпшіліктердегі жұмысшылардың ай сайынғы санын алып қарау да бұл дүдәмалдарымыздың бәрін жоя алмайды. Осы мәліметтер алынған 23 кәсіпшіліктің көпшілігінде жылдың бір айында істейтін жұмысшылардың maximum-ы жұмысшылардың нақты санынан *аз.* 2 кәсіпшілікте: мыс бұйымдарын жасау (233-ке 239) және ұсталық кәсіпшіліктерінде (II топ — 1269-ға 1811) бұл maximum жұмысшылардың нақты санынан *көбірек.* Екі кәсіпшілікте бұл maximum жұмысшылардың нақты санына тең (II топтың арқан есу және май шайқау кәсіпшіліктері).

Мұндай жағдайда жұмысшылардың ай-айға бөлінуі туралы мәліметтерді жұмысшылардың табысы сомаларымен, нақты санымен және басқаларымен салыстыру үшін пайдалануға мүмкін болмай шығады. Осы мәліметтерді басқаларына байланыстырмай-ақ, айлап жұмыс істейтін жұмысшылардың maxima-сы мен minima-сын салыстыруға ғана тура келеді. «Очеркте» де тап осылай істелген, бірақ онда да жеке айлап салыстырылады. Біз қыс пен жазды салыстырған дұрысырақ деп білеміз: сонда біз егіншілік жұмысшыларды кәсіпшіліктен қаншалықты қол үздіретінін біле аламыз. Біз қыста (октябрь — март) жұмыс істейтін жұмысшылардың орташа санын норма етіп алдық та, бұл норманы жазда жұмыс істейтін жұмысшылар санына қолдана отырып, жазғы жұмыс айларының есебін шығардық. Қысқы және жазғы айлардың қосындысы жыл ішіндегі жұмыс айларының санын көрсетіп берді. Мысалмен түсіндірейік. I топтың 1-кіші тобында қыстың алты айында 18 060 жұмысшы жұмыс істейді; ендеше, қысқы бір ай ішінде орта есеппен (18 060 : 6 =) 3010 жұмысшы жұмыс істейді екен. Жазда 12 345 жұмысшы жұмыс істейді, яғни жазғы жұмыс маусымы (12 345 : 3010) 4,1 ай болады. Демек, I топтың 1-кіші тобындағы жұмыс маусымы жылына 10,1 ай екен.

Мәліметтерді өңдеудің мұндай әдісі бізге ең дұрыс та, ең қолайлы да әдіс болып көрінді. Ең дұрыс болатын себебі — ол әдіс қыс пен жаз айларын салыстыруға, демек, егіншілікпен айналысу жұмысшыларды кәсіпшіліктен қаншалықты қол үздіретінін дәл анықтауға негізделген. Қыс айларының дұрыс алынғандығы нақ октябрьден мартқа дейін екі топ бойынша жұмысшылардың саны жыл ішіндегі орташа саннан жоғары екендігі арқылы расталады. Нақ сентябрьден октябрьге дейін жұмысшылар саны мейлінше көбейеді де, нақ марттан апрельге дейін мейлінше кемиді. Тегінде, басқа айларды алған күнде де, қорытындылардағы өзгеріс тым аз болар еді. Қолданған әдісімізді ең қолайлы деп есептейтін себебіміз, бұл әдіс жұмыс маусымын дәл санмен көрсетеді, бұл жөнінде топтар мен кіші топтарды салыстыруға мүмкіндік береді. Осы әдіс бойынша алған мәліметтеріміз мынадай:

	I топ				II топ				
	Кіші топтар			Барлығы	Кіші топтар			Барлығы	Екі топ бойынша
.	1	2	3		1	2	3		
Жұмыс маусымы ай есебімен	10,1	9,6	10,5	10,0	10,0	10,4	10,9	10,5	10,2

Бұл мәліметтер егіншілер мен егінші еместердің жұмыс маусымында айырма *тым аз* деген қорытындыға келтіреді: егінші еместердің жұмыс маусымы не бары 5 процент қана ұзақ. Бұл айырманың болымсыздығы цифрлардың дұрыстығына күмән тудырады. Біз тексеру үшін кітаптағы бытыраңқы материалды біраз есептеп, жинақтап көрдік, сөйтіп мынадай қорытындыларға келдік:

43 кәсіпшіліктің 23-і бойынша «Очеркте» жұмысшылардың ай-айға бөлінуі туралы мәлімет берілген, мұның өзінде 12 (13) * кәсіпшілік жөнінде бұл мәліметтер топтар бойынша жасалған да, ал 10 кәсіпшілік бойынша жасалмаған. Үш кәсіпшілікте (смола-қарамай, бояу және кірпіш кәсіпшіліктері) жұмысшылар саны қыстағыдан гөрі жазда көп екен: қыстың алты айында осы үш

* Мүйіз кәсіпшілігінде жалғыз I топ қана бар.

кәсіпшілікте 1953 адам, ал жазғы 6 айда — 4918 адам жұмыс істейді. Бұл кәсіпшіліктердегі егіншілер саны, егінші еместерден әлдеқайда асып түседі, ол барлық жұмысшылар санының 85,9 проценті болады. Топтар бойынша жалпы қорытындылар жасағанда осы, жазғы кәсіпшіліктер аталатын кәсіпшіліктерді басқаларымен қосып жіберу мүлдем теріс екендігі түсінікті, өйткені мұның өзі әр түрлі нәрсенің басын қосып, барлық кәсіпшіліктердегі жазғы жұмысшылардың санын әдейі көбейткендік болады. Осыдан туатын қателікті түзетудің екі амалы бар. Оның бірі — осы үш кәсіпшілік жөніндегі мәліметтерді «Очерктің» I және II топтар бойынша жасалған қорытындыларынан шығарып тастау *. Сонда жұмыс маусымы I топ үшін 9,6 ай, II топ үшін 10,4 ай болады. Мұнда екі топтың арасындағы айырма көбірек, бірақ қалай дегенмен де бұл айырма онша үлкен емес: 8,3 процент қана. Қателікті түзетудің екінші амалы — I және II топтағы жұмысшылардың ай-айға бөлінуі туралы мәліметтер «Очеркте» жеке көрсетілген 12 кәсіпшілік жөніндегі деректерді жинақтауда. Мұндай мәлімет барлық майдагерлер санының 70 процентін қамтиды, оның үстіне I топ пен II топты салыстырған дұрысырақ болады. Осы 12 кәсіпшілік бойынша жұмыс маусымы I топ үшін 8,9 айға ғана, ал II топ үшін — 10,7 айға, екі топты бірге алғанда 9,7 айға тең болып шықты. Мұнда егінші еместердің жұмыс маусымы егіншілердің жұмыс маусымынан 20,2 процент ұзағырақ. Жазда егіншілер жұмысын 3,1 айға, ал егінші еместер тек 1,3 айға ғана тоқтатады. Егер II және I топтардағы жұмыс маусымдарының ең жоғары қатынасын норма ретінде алсақ, соның өзінде де I және II топ жұмысшыларының жалпы өніміндегі немесе олардың кәсіпорындардың таза табыстарындағы айырмашылықтарды ғана емес, сонымен бірге тіпті егіншілер мен егінші еместердің жалдама жұмысшыларының жалақысындағы айырмашылықтарды да *жұмыс маусымдарының әр алуандығынан деп түсіндіруге болмайтындығы* мәлім болады. Демек, жермен байланыстылық майдагерлердің табыс-

* I топ үшін 85,9 процентті норма етіп алып, осы үш кәсіпшіліктің жұмысшылары I және II топқа шамамен бөлінеді.

тарын азайтады деп жоғарыда жасалған қорытынды толық күшінде қалады.

Сондықтан «Очеркті» құрастырушылардың егіншілер мен егінші еместердің табысындағы айырмашылықты жұмыс маусымдарының әр алуан болуынан деп түсіндіргісі келетін пікірін қате деп тапқан мақұл. Олардың қателескен себебі, олар жұмыс маусымдарының әр алуандығын дәл цифрлармен көрсетуге әрекеттенбеді, содан барып адасты. Мысалы, «Очерктің» 106-бетінде: егінші-ишілер мен егінші емес-ишілер табысының әр алуандығы «көбінесе кәсіпшілікке арналатын жұмыс күндерінің санына байланысты» делінген. Оның бер жағында, осы кәсіпшілік бойынша егінші еместердің табыстары егіншілердің табыстарынан 2—4 есе асып түседі (семьялы бір жұмысшыға 1-кіші топта 65 және 280 сом; 2-кіші топта 27 және 62 сом), ал егінші еместердің жұмыс маусымы не бары 28,7 процент қана ұзақ (6,6 айдың орнына 8,5 ай).

Жермен байланыстылық салдарынан табыстың кему фактісі «Очеркті» құрастырушылардың да көздеріне шалынбай қалмапты, алайда олар мұны майдагерлік форманың капиталистік формадан «артықшылығы» туралы дағдылы халықшылдық тұжыруммен түсіндірген: «егіншілікті кәсіпшілікпен біріктіре отырып, майдагер... өзінің бұйымдарын фабрикалық бұйымдардан арзанға сата алады» (4-бет), басқа сөзбен айтқанда, аз табысқа қанағат ете алады. Бірақ, егер рынок майдагер-егіншінің табысын азайтып, бұл байланыстылықты кемітерліктей дәрежеде елдің барлық өніміне үстемдік етіп отырса, егер капитал осы «байланыстылықты» өзін өзі қорғауға, басқа қожайын, басқа бір сатып алушы табуға, басқа кәсіппен шұғылдануға қабілеті аз майдагер-егіншіге көбірек қысым көрсету үшін пайдалана алатын болса, бұл арада жермен байланыстылықтың «артықшылығы» қайсы? Тоқымдай жері бар жұмысшы (және ұсақ өнеркәсіпші) жалақысының (және жалпы өнеркәсіптік табыстың) төмендеуі — барлық капиталистік елдерге ортақ құбылыс, жерге маталған жұмысшылардың орасан «артықшылығын» әлдеқашан бағалаған барлық кәсіпкерлерге әбден белгілі құбылыс. Тек шіріген Ба-

тыста ғана әр нәрсені оның тура өз атымен атайды, ал бізде табыстың азаюын, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесінің төмендеуін, машина қолдану ісінің бөгелуін, кіріптарлық атаулының бел алуын «егіншілікті кәсіпшілікпен ұштастыратын» «халық өндірісінің» «артықшылығы» деп атайды...

1894/95 жылғы майдагерлер санағының жұмыс маусымы туралы мәліметтерін шолуды аяқтай келгенде, алынған мәліметтердің дұрыс өңделмегендігі жөнінде өкініш білдірмеске болмайды және бұл сәтсіздікке осы қызықты мәселені зерттеуші басқа адамдардың түңілмеуін тілемеске тағы болмайды. Зерттеу әдісін — жұмыс күштерінің ай-айға бөлінуін анықтау ісін — сәтті табылған әдіс деп мойындамасқа болмайды. Жоғарыда біз топтар мен кіші топтар бойынша жұмыс маусымы туралы мәліметтер келтірдік. Топтар жөніндегі мәліметтерді біз тағы да біраз тексеріп шықтық. Ал, кіші топтар жөніндегі мәліметтер тіпті тексеруге келмейді, өйткені кітапта әр түрлі кіші топтар бойынша жұмыс маусымындағы айырмашылық туралы мүлде ешқандай мәлімет жоқ. Сондықтан, осы мәліметтерді сипаттай келіп, бұлар толық дұрыс деп сенім білдіруге болмайтынын ескертеміз. Егер біз бұдан әрі қорытындылар жасасақ, мұны мәселе қойып, осы мәселеге зерттеушілердің назарын аудару үшін ғана істейміз. Аса маңызды қорытынды сол, I және II топтардың жұмыс маусымдарындағы ең аз айырма 1-кіші топта екен (не бары 1 процент: 10,1 және 10,0 ай), яғни ең ауқатты майдагерлер мен ең ірі әрі *дәулетті егіншілердің егіншіліктен қол үзуі өте-мөте аз.* Айырмашылық қолөнершілерде (2-кіші топ: 9,5 және 10,4 ай), яғни товар шаруашылығы мейлінше аз қамтыған өнеркәсіпшілер мен *орташа* егіншілерде бәрінен де үлкен. Дәулетті егіншілердің егіншіліктен шамалы қол үзетіндігі не олардың семьясының үлкендігіне, не кәсіпшілікте жалдама еңбектің көп қаналатындығына, не олардың егінші қызметкерлерді жалдауына байланысты тәрізді, ал қолөнершілердің егіншіліктен тым көп қол үзетіндігі олардың егіншілер есебінде әлі өте аз ыдырауына, патриархтық қатынастарды көбірек сақтап, жазда заказ беруді қысқартатын

тұтынушы-егіншілерге тікелей жұмыс істеулеріне байланысты тәрізді болып шығады *.

— «Егіншілікпен байланыстылық», санақ мәліметтері бойынша, майдагерлердің *сауаттылығына* өте зор әсер етеді; — *өкініштісі,* жалдама жұмысшылардың сауаттылығы зерттелмеген. Егінші емес халық ** егінші халықтан *едәуір сауаттырақ* болып шықты, соның өзінде, мұның барлық кіші топтарға түгелдей, еркектерге де, әйелдерге де қатысты екені байқалады. Санақтың бұл мәселе жөніндегі in extenso *** мәліметтері процент есебімен алғанда мынадай (62-бет):

		I топ (егіншілер) Кіші топтар 1	2	3	Жиыны	II топ (егінші еместер) Кіші топтар 1	2	3	Жиыны	Екі топ бойынша
«Сауаттылардың нақты адам санына проценттік қатынасы»	еркек	32	33	20	31	41	45	33	39	33
	әйел	9	6	4	7	17	22	14	17	9
«Өндіріске тікелей қатысып еңбек ететіндердің ішіндегі сауаттылар проценті»	еркек	39	37	26	36	44	57	51	49	40
	әйел	13	17	4	10	53	21	23	30	19
Сауаттылары бар семьялардың проценті		49	43	34	44	55	63	50	55	47

Атап өтетін бір қызықты жай, егінші емес халықтың ішінде сауаттылық еркектерден гөрі әйелдер арасында анағұрлым тез тарайды екен. II топтағы сауатты еркектер проценті I топтағыдан $1^1/_2$—2 есе, ал сауатты әйелдер проценті $2^1/_2$—$5^3/_4$ есе артық.

«Кәсіпшілікпен байланысты егіншілік» туралы 1894/95 жылғы майдагерлер санағының берген мәліметтерінің қорытындыларын түйіндей келіп, біз мынаны атап көрсете аламыз, егіншілікпен байланыстылық:

* Бір өзгешелік бар: нілдеу кәсіпшілігі — бүтіндей қолөнер кәсіпшілігі, ал онда жазғы жұмыс қысқы жұмыстан көп.

** Бұған жалғыз ғана қала (онда да уездік қала) жеке кіргенін ескертеміз: II топтағы 4762 семьялы жұмысшының ішінде қалада тұратындары 1412, яғни 29,6 процент.

*** — толық түрдегі. *Ред.*

1) өнеркәсіптің неғұрлым мешеу формаларын сақтап қалады және экономикалық дамуға кедергі жасайды;

2) майдагерлердің табыстары мен кірістерін азайтады, өйткені егінші қожайындардың *анағұрлым* ауқатты кіші топтары, жалпы және орта есеппен алғанда, егінші емес қожайындарды сөз қылмағанның өзінде, егінші емес қожайындардағы *жалдама жұмысшылардың ең нашар* халдегі кіші топтарынан гөрі кем табады. Тіпті I топтағы жалдама жұмысшылармен салыстырғанда, сол топтың өзіндегі қожайындардың табыстары өте төмен болып шығады, олардың табыстары жалдама жұмысшылардың жалақыларынан сәл ғана асады, ал кейде тіпті олардың жалақыларынан да төмендеп кетеді;

3) тұтыну дәрежесі өте төмен және сауаттылығы жағынан егінші еместерден көш кейін қалған халық мәдениетінің дамуын бөгейді.

Бұл қорытындылар төменіректе, халықшылдардың өнеркәсіп саясаты программасына баға берген кезде біздің қажетімізге жарайды.

4) Майдагер-егіншілер арасында өнеркәсіпшілердің ыдырауымен қатарласа болып жатқан ыдыраушылық байқалып отыр. Мұның өзінде, егіншілердің (қамтамасыз етілуі жағынан) жоғары категориялары өзінің шаруашылығын село батырақтары мен күндікшілерді жалдауға негіздейтін шаруа буржуазиясының таза типі болып табылады.

5) Егіншілердің жұмыс маусымы егінші еместердің жұмыс маусымынан қысқарақ, бірақ бұл айырма болмашы (5—20 процент) ғана.

V

ІРІ ЖӘНЕ ҰСАҚ КӘСІПОРЫНДАР.— МАЙДАГЕРЛЕРДІҢ ТАБЫСТАРЫ

1894/95 жылғы майдагерлер санағының майдагерлердің *табыстары* туралы мәліметтеріне толығырақ тоқтап өту қажет. Табыстар туралы үй басы мәліметтер жинауға әрекет жасау сабақ аларлық нәрсе, сондықтан кіші топтар бойынша (жоғарыда келтірілген) жалпы «орташа» мәліметтерді қанағат тұту тіпті теріс тәсіл болар

еді. Жеке-дара майдагерлер мен ірі кәсіпорын қожайындарын бірге қосып жіберіп, нәтижесін қосылатындардың санына бөлуден шығатын «орташа» мәліметтердің жалғандығын біз жоғарыда әлденеше рет айтқанбыз. Осы жалғандықты айқын көрсетіп, дәлелдеу үшін, үй басы санағы мәліметтерін ғылыми жолмен зерттеп қорытқан кезде, майдагерлерді шеберханадағы жұмысшылардың (семьялыларының да, жалдамаларының да) санына қарай топ-топқа бөлу және осы топтар бойынша санақ мәліметтерін түгел келтіру қажеттігін дәлелдеу үшін бұл мәселе жөнінде «Очеркте» бар мәліметтерді жинап көрейікші.

«Очеркті» құрастырушылар ірі кәсіпорындардың өте табыстылығы жөніндегі көзге түсетін фактіні көрмей қалған жоқ, бірақ олар мұның маңызын әлсіретуге тырысқан. Санақтың ірі кәсіпорындар туралы дәл мәліметтерінің орнына (бұл мәліметтерді бөліп көрсету қиын емес еді) олар тағы да жалпылама сөзбен, жалпылама жорамал айтумен, халықшылдар үшін ұнамсыз қорытындыларға қарсы дәлел келтірумен тынған. Осы дәлелдерін қарап көрейік.

«Егер осындай (ірі) кәсіпорындарда семьяның ұсақ кәсіпорындарға қарағанда мөлшерсіз артық табысын кездестіретін болсақ, негізінен бұл табыстың едәуір бөлігі, 1-ден, негізгі капиталдың өнімге айналған кейбір бөлігі құнының, 2-ден, өндіріске қатысы жоқ, сауда-транзит сипатындағы еңбек пен шығындар құнының және, 3-ден, қожайындарының үйінен ішіп-жейтін жалдама жұмысшылардың азығы құнының өтелуі екенін естен шығармауға тиіспіз. Бұл фактілер (! фактіақ екен!) майдагерлік өндірістегі жалдама еңбектің немесе дәл сол сияқты капиталистік элементтің тиімділігін асыра бағалау жөніндегі жалған үміттердің мүмкіндігін тежейді» (15-бет). Жалған үміттердің мүмкіндігін «тежеу» зерттеу жұмысы үшін өте қажетті нәрсе, бұған, әрине, ешкім күмәнданбайды, бірақ ол үшін, кейде түгелінен «жалған үміттерге» жататын өз жорамалыңды емес, үй басы санағында жиналған *фактілердің* өзін «жалған үміттерге» қарсы қою керек. Шынында да, авторлардың сауда-транзит шығындары туралы пі-

кірі жалған үміт емес пе? Ірі өнеркәсіпші үшін заттың бір өлшеміне жұмсалатын бұл шығындар ұсақ өнеркәсіпшіге қарағанда өте төмен екенін *, уақыты мен орнын таба білетін (және табуға шамасы келетін) болғандықтан ірі өнеркәсіпші материалды арзанға сатып алып, өз өнімін қымбатқа сататынын кім білмейді? Майдагерлер санағы да осы жалпыға мәлім фактілерді көрсетеді: мәселен, 204 және 263-беттерді салыстырып қараңыз; сөйтіп, «Очеркте» ірі және ұсақ өнеркәсіпшілердің, майдагерлер мен алыпсатарлардың шикізат сатып алуға және өнім өткізуге жұмсайтын шығындары туралы *фактілердің* жоқтығына өкінбеске болмайды. Бұдан соң, негізгі капиталдың тозатын бөлігін алсақ, авторлардың жалған үміттерге қарсы күресем деп жалған үмітке ұшырауларына тағы да тура келген. Негізгі капиталға жұмсалатын ірі шығындар заттың бір өлшеміне шаққанда құнның ескіретін және өнімге айналатын бөлігін азайтатындығы теориядан мәлім. «Қолдан жасалған немесе мануфактуралық товарлардың және машинамен өндірілген дәл сол товарлардың бағасын салыстыра талдағанда мынадай нәтиже шығады: машина өнімінде құнның еңбек құралдарынан көшетін бөлігі относительді түрде өседі де, абсолютті түрде кемиді. Яғни, оның абсолюттік мөлшері кемиді де, өнімнің, мәселен, иірілген жіп қадағының бүкіл құны жөніндегі мөлшері артады» («Das Kapital», I [2], S. 406 **). Санақ өндірістің шығындарын да есептеген, ол шығындарға (14-бет, 7-пункт) «аспаптар мен жабдықтарды жөндеу» де кіреді. Бұл пунктті тіркеудегі кемшіліктер ұсақ қожайындардан гөрі ірі қожайындарда жиі кездеседі деп ойлауға дәлел қайсы? Қайта, керісінше емес пе? Жалдама жұмысшылардың күнелтуіне келсек, бұл мәселе жөнінде «Очеркте» ешқандай *факт* жоқ: қожайындары асырайтын жұмысшылар дәл қанша екенін, санақтың бұл пункт жөніндегі кемістіктері қаншалықты жиі кездесетінін, егінші-қожайындар жалдамаларды өз ша-

* Товар өндірушіні қолөнершімен немесе алыпсатарға жұмыс істейтіндермен емес, тек *бір кіші топтың* майдагерлерін ғана салыстыруға болатыны өзінен-өзі түсінікті.

** — «Капитал», I том, 2-басылуы, 406-бет.[111] *Ред.*

руашылығының азығымен қаншалықты жиі асырайтынын, қожайындар жұмысшыларының ішіп-жегенін өндіріс шығындарының есебіне қаншалықты жиі жазғандығын біз білмейміз. Дәл сол сияқты, ірі және ұсақ кәсіпорындарда жұмыс маусымдарының ұзақтығы әркелкі екені туралы да ешқандай *фактілер* жоқ. Ірі кәсіпорындарда жұмыс маусымы ұсақ кәсіпорындарға қарағанда шындығында ұзағырақ екенін біз ешбір теріс демейміз, бірақ, 1-ден, табыстардың айырмашылықтары жұмыс маусымының айырмашылықтарынан әлдеқайда үлкен; ал, 2-ден, Пермь статистиктері үй басы санағының (төменде көрсетілген) дәл *фактілеріне* қарсы, халықшылдардың «жалған үміттерін» жақтап, дәл мәліметтерге негізделген, бірде-бір қисынды дәлел келтіре алмағандығын атап айтуға тура келеді.

Ірі және ұсақ кәсіпорындар туралы мәліметтерді біз мына жолмен алдық: «Очеркке» қосымша кестелерді қарап өттік, ірі кәсіпорындарды (оларды бөліп көрсетуге мүмкін болғанда, яғни олар толып жатқан кәсіпорындармен бірге жалпы қорытындыға енгізілмегенде) көрсетіп, «Очерктің» *дәл сол* топтар мен кіші топтардың барлық кәсіпорындары туралы жалпы қорытындылармен салыстырдық. Мәселенің маңыздылығы сонша, төменде келтірілген кестелердің көптігі үшін оқушылар бізді кінәламас деп сенеміз: кестелерде мәліметтер айқынырақ әрі жинақылау көрінеді.

Пима басу кәсіпшілігі: [402-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Сонымен, семьялы бір жұмысшыға келетін 75 сомдық «ортаңға» табыс 222 сомдық және 41 сомдық табыстарды қосудан шықты. Семьялы 14 жұмысшысы бар 10 ірі кәсіпорынды * алып тастағанда, қалған кәсіпорындар жалдама жұмысшыға төленетін жалақыдан *кем түсетін таза табыс* келтіреді (45,6 сомға 41,2 сом), ал ірі

* Алайда, бұлар әлі де ең ірі кәсіпорындар емес. Кәсіпорындардың жалдама жұмысшылар санына қарай жіктелуін негізге алып (113-бет). 3 кәсіпорында 163 жалдама жұмысшы бар екенін, яғни әрбір кәсіпорынға орта есеппен 54 жалдама жұмысшыдан келетінін есептеп шығаруға болады. Міне, бұлар да «майдагер», бұларды да жеке-дара майдагерлермен (кәсіпшіліктегі жеке-дара майдагерлер ең кемінде 460) қосып есептеп, жалпы «орташа» нәтиже шығарған!

I топ 1-кіші топ	Кәсіпорындар саны	Жұмысшылар саны			Жалпы табыс		Жалдама жұмысшылардың жалақысы		Таза табыс		«Очерк» беттеріне сілтеме
		Семьялы	Жалдама	Барлығы	Барлығы	1 жұмысшыға	Барлығы	1 жалдама жұмысшыға	Барлығы	Семьялы 1 жұмысшыға	
					Сом						
Барлығы	58	99	95	194	22 769	117,3	4 338	45,6	7 410	75,0	Текстің 112-беті
Ірі кәсіпорындар	10	14	65	79	13 291	168,0	3 481	53,5	3 107	222,0	Кестелердің 214, 215 және 154-беттері
Осы ірілерінен басқа кәсіпорындар	48	85	30	115	9 478	82,4	857	28,5	4 303	41,2	

кәсіпорындарда жалақы одан да асып түседі. Ірі кәсіпорындарда еңбек өнімділігі екі еседен де артық (168,0 және 82,4), жалдама жұмысшыға төленетін жалақы екі еседей (53 және 28), таза табыс бес есе (222 және 41) артық. Ірі кәсіпорындарда еңбек өнімділігі жоғары *, табыстары мол, ал ұсақ майдагерлер қаншалықты «дербес» (1-кіші топ: дербес рынокқа жұмыс істейді) және жермен байланысты (I топ) бола тұрса да, жалдама жұмысшыдан кем табады; бұл фактіні жұмыс маусымы әр алуан деп те, басқа пікірлер айтумен де жоққа шығаруға болмайтыны айқын.

Ағаш ұсталығы кәсіпшілігінде I топтың 1-кіші тобындағы семьялардың «таза табысы» семьялы 1 жұмысшыға «орта есеппен» 37,4 сомнан келеді, ал дәл сол кіші топтағы бір жалдама жұмысшының орташа табысы 56,9 сомға тең (131-бет). Кестелерге қарап ірі кәсіпорындарды бөлек көрсету мүмкін емес, бірақ семьялы 1 жұмысшыға келетін табыстың осы «орташа» мөлшері жалдама жұмысшылары бар (оларға әйтеуір бірдеңе үшін 56 сомнан төлейді ғой), табысы мол кәсіпорындарды және жалдама жұмысшыдан әлдеқайда

* «Кәсіпорындардың бірінде» жүн түтетін машина қолданылғандығы көрсетілген (119-бет).

кем табатын ұсақ «дербес» майдагерлердің мүлде кішкене шеберханаларын қосудан шыққан нәтиже екеніне күмәндануға бола қояр ма екен.

Бұдан соң, жеке кәсіпшілігі:

I топ 1-кіші топ	Кәсіпорындар саны	Жұмысшылар саны			Жалпы табыс		Жалақы		Таза табыс		«Очерк» беттеріне сілтеме
		Семьялы	Жалдама	Барлығы	Барлығы	1 жұмысшыға	Барлығы	1 жалдама жұмысшыға	Барлығы	Семьялы 1 жұмысшыға	
Барлығы	99	206	252	458	38 681	84,4	6 664	26,4	10 244	49,7	Текстің 151-беті
Ірі кәсіпорындар	11	11	95	106	18 170	171,4	2 520	26,5	3 597	327,0	Кестелердің 95, 97 және 136-беттері
Басқалары	88	195	157	352	20 511	58,2	4 144	26,4	6 647	34,0	

Сонымен, 99 кәсіпорынның 11-і бүкіл өндірістің жартысына жуығын шоғырландырып отыр. Оларда еңбек өнімділігі екі еседен астам жоғары; жалдама жұмысшылардың жалақысы да көбірек; таза табыс «орта» мөлшерге қарағанда алты еседен астам артық және басқалардың, яғни ұсақ майдагерлердің табысынан он еседей артық. Ал ұсақ майдагерлердің табыстары жалдамалардың жалақысынан аздап қана артады (34 және 26). [404-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Сонымен, семьялы жұмысшылардың табыстары жалдамаларға қарағанда жоғары екендігі (65,6-ға 90) бұл арада да жалпы «орта» мәліметтерден көрініп тұр. Бірақ 58 кәсіпорынның 4-і бүкіл өндірістің *жартысынан көбін* шоғырландырып отыр. Бұл кәсіпорындарда (нағыз капиталистік мануфактураларда) * еңбек өнімділігі

* Салыстырыңыз: «Майдагерлік өнеркәсіп», 46—47-беттер, сондай-ақ «Очерктегі» өндіріс сипаттамасы, 162 және келесі беттер. Айта қаларлық нәрсе, «осы кәсіпкерлер бір кездері шынында да майдагерлер болған, сондықтан олар әрдайым өздерін майдагерлерміз деп атағанды... ұнатып келді, ұнатады да».

Арқан-жіп кәсіпшілігі *:

I топ 1-кіші топ	Кәсіпорындар саны	Жұмысшылар саны			Жалпы табыс		Жалақы		Таза табыс		«Очерк» беттеріне сілтеме
		Семьялы	Жалдама	Барлығы	Барлығы	1 жұмысшыға	Барлығы	1 жалдама жұмысшыға	Барлығы	Семьялы 1 жұмысшыға	
Барлығы	58	179	106	285	81 672	286	6 946	65,6	16 127	90,1	Текстің 158-беті*
Ірі кәсіпорындар	4	5	56	61	48 912	800	4 695	83,8	5 599	1119,0	Кестелердің 40 және 188-беттері
Басқалары	54	174	50	224	32 760	146	2 251	45,0	10 528	60,5	

орта мөлшерден үш еседей артық (800 және 286) және басқаларының, яғни ұсақ кәсіпорындардың еңбек өнімділігінен бес еседен астам артық (800 және 146). Фабрикаларда жалдама жұмысшыларға төленетін жалақы ұсақ қожайынсымақтардағыдан едәуір артық (84 және 45). Фабриканттардың таза табысы, «орта» мөлшердегі 90 сомға және ұсақ майдагерлердегі 60,5 сомға қарағанда, семья басына 1000 сомнан да артық келеді. Сөйтіп, ұсақ майдагерлердің табысы жалдамалардың жалақысынан кем болып шығады (60,5 және 65,6).

Смола-қарамай кәсіпшілігі: [405-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Сонымен, тегінде, өте ұсақ, жалдама жұмысшылар саны өте аз (20 процент) осы өндірісте де егіншілер тобындағы дербес майдагерлерде ірі кәсіпорындардың (біршама) артықшылығын сипаттайтын таза капиталистік құбылыстар байқалады. Ал смола-қарамай өндірісі нағыз шаруалық, «халықтық» кәсіп қой! Ірі кәсіпорындарда еңбек өнімділігі «орта» мөлшерден үш еседен астам жоғары, жалдама жұмысшылардың жала-

* 158-беттегі кестеде не жаңсақ басылған, не қате кеткен болуы керек, өйткені Ирбит уезіндегі таза табыс қорытындыда көрсетілген 9827 сомнан артық. «Очеркке» қосымша кестелердің мәліметтері бойынша бұл кестені қайта жасауға тура келеді.

I топ 1-кіші топ	Кәсіпорындар саны	Жұмысшылар саны			Жалпы табыс		Жалақы		Таза табыс		«Очерк» беттеріне сілтеме
		Семьялы	Жалдама	Барлығы	Барлығы	1 жұмысшыға	Барлығы	1 жалдама жұмысшыға	Барлығы	Семьялы 1 жұмысшыға	
Барлығы	167	319	80	399	22 076	55,3	2 150	26,8	10 979	34,4	Тексттің 189-беті
Ірі кәсіпорындар	9	10	16	26	4 440	170,7	654	40,8	2 697	269,7	Кестелердің 100, 101, 137, 160, 161 және 220-беттері
Басқалары	158	309	64	373	17 636	47,3	1 496	23,2	8 282	26,8	

қысы бір жарым еседей көп, таза табыс «орта» мөлшерден сегіз еседей, орташа жалдама жұмысшыдан көп таппайтын, ал *ірі кәсіпорындардағы жалдама жұмысшыдан кем алатын* семьялы басқа майдагерлердің табысынан он есе артық. Ескерте кетейік, смола-қарамай өндірісі негізінен жазда болады, ендеше, жұмыс маусымындағы айырмашылықтар мардымды бола алмайды *.

Нан пісіру кәсіпшілігі: [406-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Яғни, бүкіл кіші топқа арналған орташа цифрлар тағы да мүлде жалған болып шығады. Ірі кәсіпорындар (ұсақ капиталистердікі) бүкіл өндірістің жартысынан көбін шоғырландырады, орта мөлшерден алты есе, ұсақ қожайынсымақтардың табысынан 14 есе артық таза табыс береді және жалдама жұмысшыларына *ұсақ майдагерлердің табысынан асып түсетін жалақы* төлейді. Біз еңбек өнімділігі туралы айтып та отырған жоқпыз, өйткені 3—4 ірі кәсіпорын аса бағалы өнім — сірне өндіреді.

* Смола-қарамай өндірісінде смола айдаудың атам заманғы *шұңқырлық* әдістері де және тіпті *цилиндр қазандарды* енгізген ең үздік *қазандық* әдістері де қолданылатындығы «Очерктен» көрінеді (195-бет). Үй басы санағы осы екі әдістің екеуінің де қай мөлшерде қолданылатыны туралы материал берді, бірақ бұл материал тиянақты емес, өйткені ірі кәсіпорындар бөлек көрсетілмеген.

I топ 1-кіші топ	Кәсіпорындар саны	Жұмысшылар саны			Жалпы табыс		Жалақы		Таза табыс		«Очерк» беттеріне сілтеме
		Семьялы	Жалдама	Барлығы	Барлығы	1 жұмысшыға	Барлығы	1 жалдама жұмысшыға	Барлығы	Семьялы 1 жұмысшыға	
Барлығы	27	63	55	118	44 619	378,1	2 497	45,4	7 484	118,8	Текстің 215-беті
Ірі кәсіпорындар	4	7	42	49	25 740	525	2 050	48,8	4 859	694	Кестелердің 68 және 229-беттері
Басқалары	23	56	13	69	18 879	273	447	34,4	2 625	46,8	

Қыш-құмыра өндірісі. Бұл да жалдама жұмысшыларының саны болымсыз (13 процент), кәсіпорындары өте ұсақ (әр кәсіпорында 2 жұмысшыдан да кем), егіншілерінің саны басым ұсақ шаруа кәсіпшілігі. Бұл арада да әлгіндей жағдайды көреміз:

I топ 1-кіші топ	Кәсіпорындар саны	Жұмысшылар саны			Жалпы табыс		Жалақы		Таза табыс		«Очерк» беттеріне сілтеме
		Семьялы	Жалдама	Барлығы	Барлығы	1 жұмысшыға	Барлығы	1 жалдама жұмысшыға	Барлығы	Семьялы 1 жұмысшыға	
Барлығы	97	163	31	194	12 414	63,9	1 830	59	6 657	41	Текстің 291-беті
Ірі кәсіпорындар	7	9	17	26	4 187	161,0	1 400	80,2	1 372	152	Кестелердің 168 және 206-беттері
Басқалары	90	154	14	168	8 227	48,9	430	30,0	5 285	34,3	

Демек, мұнда «орта» цифрлар бойынша жалдама жұмысшының жалақысы семьялы жұмысшының табысынан *жоғары* екені бірден көзге түседі. Ірі кәсіпорындарды бөліп көрсеткенде, біз толып жатқан мәліметтерге сәйкес жоғарыда айтып өткен осы қайшылық түсі-

нікті болады. Ірі кәсіпорындарда еңбек өнімділігі де, жалақы да, қожайындардың табысы да өте жоғары, ал ұсақ майдагерлер жалдама жұмысшылардан аз алады *және аса жақсы жолға қойылған шеберханалардағы жалдама жұмысшыларға қарағанда екі еседен де кем табады.*

Кірпіш өндірісі:

I топ 1-кіші топ	Кәсіпорындар саны	Жұмысшылар саны			Жалпы табыс		Жалақы		Таза табыс		«Очерк» беттеріне сілтеме
		Семьялы	Жалдама	Барлығы	Барлығы	1 жұмысшыға	Барлығы	1 жалдама жұмысшыға	Барлығы	Семьялы 1 жұмысшыға	
Барлығы	229	558	218	776	17 606	22,6	4 560	20,9	10 126	18,1	Текстің 299-беті
Ірі кәсіпорындар	8	9	45	54	3 130	57,9	1 415	31,4	1 298	144	Кестелердің 46, 120, 169 және 183-беттері
Басқалары	221	549	173	722	14 476	20,0	3 145	18,2	8 828	16,0	

Сонымен, мұнда да семьялы бір жұмысшының «орташа» табысы жалдама жұмысшының жалақысынан төмен болып шығады. Бұл құбылысты түсіндіру үшін бұл ретте де еңбек өнімділігі жоғары, жалдама жұмысшыларының жалақысы көп, табысы (біршама) мол ірі кәсіпорындарды ірі шеберханалардағы жалдама жұмысшылардың жалақысына қарағанда қожайынсымақтары табысты кем табатын ұсақ кәсіпорындармен қосу керек болады.

Біз бұған қоса басқа кәсіпшіліктер * жөнінде де мәліметтер келтіре алған болар едік, бірақ осылардың өзі де артығымен жетерлік қой деп ойлаймыз.

Енді осы мәліметтерден шығатын қорытындыларды жинақтап көрейік:

* Салыстырыңыз: экипаж кәсіпшілігі, текстің 308-беті және кестелердің 11, 12-беттері; сандық кәсіпшілігі, 335-бет; тігін кәсіпшілігі, 344-бет және басқалар.

1) Ірі және ұсақ кәсіпорындарды бірге қосқанда өмір шындығы туралы ешқандай ұғым бермейтін, күрделі айырмашылықтарды бүркемелейтін, мүлдем әр тектес, әр алуан нәрсені біртектес етіп көрсететін, мүлде жалған «орта» цифрлар шығады.

2) Бірқатар кәсіпшіліктер жөніндегі мәліметтер ірі (жұмысшыларының жалпы саны жағынан) кәсіпорындардың орташа және ұсақ кәсіпорындардан мынадай өзгешеліктері бар екенін дәлелдейді:

а) еңбек өнімділігі әлдеқайда жоғары;

б) жалдама жұмысшыларға төлейтін ақысы анағұрлым көп;

в) таза табысы әлдеқайда жоғары.

3) Біз бөлек алып көрсеткен барлық ірі кәсіпорындар түгелінен (дәл сол кәсіпшіліктің орташа кәсіпорындарымен салыстырғанда) жалдама еңбекті өте көп қолданады, бұл жалдама еңбек өзінің ролі жағынан семьялық еңбектен едәуір асып түседі. Олардың өнімділігі ондаған мың сомға жетеді, ал жалдама жұмысшыларының саны әр кәсіпорынға он және одан көп адамнан келеді. Сөйтіп, бұл кәсіпорындар капиталистік шеберханалар болып табылады. Демек, майдагерлер санағының мәліметтері атышулы «майдагерлік» өндірісте *таза капиталистік заңдар мен қатынастардың бар екенін* дәлелдейді; жалдама жұмысшылар кооперациясына негізделген капиталистік шеберханалардың жеке-дара майдагерлерден және жалпы ұсақ майдагерлерден толық артықшылығын — еңбек өнімділігі жағынан да, тіпті жалдама жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу жағынан да артықшылығын — дәлелдейді.

4) Бірқатар кәсіпшіліктерде ұсақ *дербес* майдагерлердің табысы дәл сол кәсіпшіліктегі жалдама жұмысшылардың табысынан артық емес, қайта, көбінесе кем болып жатады. Егер жалдамалардың табысына олардың кейбіреулеріне берілетін азық-түлік пен кiм-кешекті қоссақ, бұл айырма бұдан да арта түсуге тиіс.

Алғашқы үш қорытынды товар өндірісінің заңдарына сәйкес жалпыға бірдей әрі міндетті құбылыстарды бейнелейді, ал соңғысынан біз жалпыға міндетті құбылысты көре алмаймыз, сондықтан осы соңғы қорытын-

дыны алғашқыларынан бөлек алып көрсетеміз. Демек, біз былай деп тұжырымдаймыз: ұсақ кәсіпорындарда еңбек өнімділігі өте төмен, ал олардың қожайынсымақтарының (әсіресе егіншілердің) рыноктағы халі мүшкіл болған жағдайда, дербес майдагердің табысы жалдаманың жалақысынан төмен болып шығатынын сипаттайтын құбылыс әбден ықтимал нәрсе, бұл құбылыстың өмірде жиі кездесетіндігі мәліметтерден де көрінеді.

Бұл келтірілген есептердің дәлелділігі күмән туғыза алмайды, өйткені біз бірқатар кәсіпшіліктерді алдық және оларды кездейсоқ ала салмай, кестелер бойынша ірі кәсіпорындарды бөліп көрсетуге болатынының бәрін бөліп көрсеттік, жеке кәсіпорындарды емес, біртектес кәсіпорындардың бәрін алдық, әр түрлі уездердегі ірі кәсіпорындардың біршешеуін олармен әрдайым салыстырып отырдық. Бірақ суреттеліп отырған құбылыстарға бұдан да жалпыға тән әрі дәл бейне берген орынды болар еді. Бақытымызға қарай, мұндай тілекті *ішінара* болса да іске асыруға мүмкіндік беретін мәліметтер «Очеркте» бар екен. Ол — *кәсіпорындардың таза табыстарына қарай бөлінуі туралы* мәліметтер. Жекелеген кәсіпшіліктер бойынша «Очеркте» қанша кәсіпорынның 50 сомға дейін, 100 сомға дейін, 200 сомға дейін және одан көп таза табысы бары көрсетілген. Міне, біз нақ осы мәліметтерді бір жерге жинақтадық. 28 кәсіпшілік * бойынша мұндай мәліметтер бар болып шықты, олар 8364 кәсіпорынды, яғни барлық кәсіпорын санының (8991) 93,2 процентін қамтиды екен. Бұл 28 кәсіпшілікте барлығы 8377 кәсіпорын бар (13 кәсіпорын табыс тұрғысынан жіктелмеген), бұлардың семьялы жұмысшылары 14 135+4 625 жалдама жұмысшысы бар, сонда барлығы 18 760 жұмысшы болады, бұл — барлық жұмысшының 93,9 проценті. Майдагерлердің осы 93 проценті жайындағы бұл мәліметтер бойынша біздің барлық майдагерлер жөнінде қорытынды жасауға толық праволы екеніміз түсінікті, өйткені қалған жеті

* Шілтер тоқу, слесарьлық және гармонь кәсіпшіліктері жөнінде де осындай мәліметтер бар, бірақ біз бұл кәсіпшіліктерді алмадық, өйткені оларда кәсіпорындардың семьялы жұмысшылардың санына қарай жіктелуі туралы мәліметтер жоқ.

проценті 93 процентпен үйлеспейді деп ойлауға ешқандай негіз жоқ. Мәліметтерімізді келтірместен бұрын мыналарды ескертіп өтуіміз қажет:

1) «Очеркті» құрастырушылар бұл топтастыруды келтіргенде, әр топтың аты-жөні біркелкі әрі біртектес көрсетілуін үнемі қатаң ұстай бермеген. Мысалы, «100 сомға дейін», «100 сомнан кем», ал кейде «100 сомнан» дейді. Разрядтың бастапқы және ақырғы шегін әрдайым көрсете бермейді, яғни кейде «100 сомға дейінгі» разрядтан, кейде «50 сомға дейінгі», «10 сомға дейінгі» және т. с. разрядтан бастап топтайды; кейде топтауды «1000 сом және одан да артық» деген, кейде «2000—3000 сом», т. т. деген разрядтармен аяқтайды. Осы шалағайлықтардың бәрінің ешқандай елеулі маңызы болуы мүмкін емес. Біз «Очеркте» келтірілген разрядтардың бәрін жинақтадық (олар 15: 10 сомға дейін, 20 сомға дейін, 50 сомға дейін, 100 сомға дейін, 200 сомға дейін, 300 сомға дейін, 400 сомға дейін, 500 сомға дейін, 600 сомға дейін, 700 сомға дейін, 800 сомға дейін, 900 сомға дейін, 1000 сомға дейін, 1000 сом және одан артық, 2000—3000 сом), сөйтіп болмашы шалағайлықтар мен күдіктердің бәрін осы разрядтардың біріне жатқызу арқылы шешіп отырдық.

2) «Очеркте» пәлендей және түгендей разрядта табыстары бар *кәсіпорындардың саны* ғана берілген, бірақ әрбір разрядтағы барлық кәсіпорындардың үлесіне тиетін *табыс мөлшері* көрсетілмеген. Ал біз үшін нақ осы соңғы мәліметтер қажет-ақ. Сондықтан біз белгілі бір разрядтағы кәсіпорындар табысының мөлшері разрядтағы кәсіпорындар санын табыстың орташа мөлшеріне, яғни разрядтағы maximum-нан және minimum-нан шығатын арифметикалық орта мөлшеріне (мысалы, 100—200 сомдық разрядта 150 сомға, т. т.) көбейту арқылы жеткілікті түрде дәл белгіленер деп ұйғардық. Тек төменгі (10 сомға дейінгі және 20 сомға дейінгі) екі разряд үшін ғана табыстың орта мөлшерінің орнына ең жоғары мөлшерлері (10 сом және 20 сом) алынды. Тексеру мұндай әдістің (статистикалық есеп жасауда қолданылатын әдістің) шындыққа жанасатын цифрлар беретінін көрсетті. Атап айтқанда, осы 28 кәсіпшіліктегі

майдагерлер семьяларының бүкіл таза табысы, «Очерктің» мәліметтері бойынша, 951 653 сом, ал біздің табыстар жөніндегі разрядтарға негізделген, шамамен алған мәліметтеріміз бойынша, 955 150 сом болып шықты, яғни 3497 сом=0,36 процент артық. Демек, айырмасы немесе қателігі, әр 10 сомға төрт тиыннан да кем.

3) Біз өзіміздің мәліметтерімізден семьялы бір жұмысшыға емес, ал бір семьяға (әрбір разрядтағы семьяға) келетін табыстың орта мөлшерін білеміз. Семьялы бір жұмысшыға келетін табыс мөлшерін анықтау үшін тағы да шамалап есептеуге тура келді. Семьядағы жұмысшылардың санына қарай (және жеке-жеке — жалдама жұмысшылардың санына қарай) семьялардың бөлінуін біліп алған соң, біз бір семьяға келетін табыс мөлшері неғұрлым аз болса, семья құрамы (яғни 1 кәсіпорынға келетін семья жұмысшылары саны) соғұрлым аз және жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындар соғұрлым аз болады деп жорамалдадық. Керісінше, 1 семьяға келетін табыс неғұрлым жоғары болса, жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындар соғұрлым көп, семья құрамы, яғни 1 кәсіпорынға келетін семья жұмысшылары саны соғұрлым көп болады. Біздің қорытындыларымызды теріске шығарғысы келетіндердің тұрғысынан қарағанда, бұл жорамал — ең қолайлы нәрсе болуы мүмкін. Басқаша айтқанда: егер *қандай да болсын* басқа бір жорамал жасалған болса, бұдан біздің қорытындыларымыз тек қана күшейе түсер еді.

Енді майдагерлердің кәсіпорындардың табысына қарай бөлінуі туралы мәліметтерді келтірейік. [412-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұл мәліметтер тым бытыраңқы, сондықтан да оларды неғұрлым түсінікті әрі айқын арнаға түсіру керек. Табыстарына қарай майдагерлердің бес категориясын: а) табысы семья басына 50 сомға дейін келетін кедей майдагерлерді; б) табысы семья басына 50—100 сомнан келетін әлділеу майдагерлерді; в) табысы семья басына 100—300 сомнан келетін орта майдагерлерді; г) табысы семья басына 300—500 сомнан келетін ауқатты майдагерлерді және д) табысы семья басына 500 сомнан астам келетін бай майдагерлерді алайық.

Разрядтар	Кәсіпорындар саны	Бір кәсіпорынның орташа табысы (Шамамен)	Барлық кәсіпорындардың табысы (Шамамен)	Разрядтар	Кәсіпорындар саны	Бір кәсіпорынның орташа табысы (Шамамен)	Барлық кәсіпорындардың табысы (Шамамен)	Разрядтар	Кәсіпорындар саны	Бір кәсіпорынның орташа табысы (Шамамен)	Барлық кәсіпорындардың табысы (Шамамен)
10 сомға дейін	127	10	1 270	300 сомға дейін	602	250	150 050	800 сомға дейін	22	750	16 500
20 » »	139	20	2 780	400 » »	208	350	72 800	900 » »	20	850	17 000
50 » »	2 110	35	73 850	500 » »	112	450	50 400	1 000 » »	17	950	16 150
100 » »	3 494	75	262 050	600 » »	40	550	22 000	1 000 сом және одан да көп	19	1 500	28 500
200 » »	1 414	150	212 100	700 » »	38	650	24 700	2 000—3 000 сом	2	2 500	5 000
								Барлық кәсіпорын	8 364	—	955 150

Кәсіпорындардың табыстары туралы мәліметтер бойынша бұл категорияларға кәсіпорындардың семьялы және жалдама жұмысшыларының санына қарай шамамен бөлінуін қосайық *. Сонда мынадай кесте шығады: [414-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұл мәліметтерден өте қызықты қорытындылар шығады; біз майдагерлердің категориялары бойынша дәл осы қорытындыларды алып қарап көрейік:

а) Майдагерлер семьясының ширектен астамы (28,4 процент) семья басына орта есеппен 33 сом табыс табатын *кедейлерге* жатады. Бұл табыс түгелінен семьяның бір қызметкеріне тиеді, ал бұл категориядағылардың бәрі жеке-дара майдагерлер делік. Қайткен күнде де бұл майдагерлердің табыстары майдагерлердегі жалдама жұмысшылардың орташа табыстарынан (45 с. 85 т.) *едәуір төмен.* Егер осы жеке-дара майдагерлердің көпшілігі төменгі (3-ші) кіші топқа жататын болса, яғни алыпсатарларға жұмыс істейтін болса, онда бұл «қожайындар» шеберханада істейтін жалдама жұмысшыларға қарағанда үйінде істейтіндерге кем төлейді деген сөз. Тіпті біз майдагерлердің бұл категориясының жұмыс маусымы өте қысқа деп ұйғарған күннің өзінде де, олардың табысы мүлде жартымсыз болып шығады.

б) Барлық майдагерлердің бестен екі бөлігінен астамы (41,8 процент) әлділеу тұратындарға жатады, бұлардың табысы семья басына орта есеппен 75 сомнан келеді. Енді бұлардың бәрі түгелдей жеке-дара майдагерлер емес (алдыңғы категория кілең жеке-даралардан тұратын): мұндағы семьялардың жартысына жуығында семьялы 2 қызметкерден бар, демек, семьялы бір қызметкердің орташа табысы 50 сомдай ғана, *яғни майдагердегі жалдама жұмысшының табысынан артық емес*

* 28 кәсіпшіліктегі 8377 кәсіпорын семьялы және жалдама жұмысшылардың санына қарай былайша жіктеледі: семьялы жұмысшысы 0 (жоқ) кәсіпорын — 95; 1 жұмысшысы бар кәсіпорын — 4362; 2 жұмысшысы бары — 2632; 3 жұмысшысы бары — 870; 4 жұмысшысы бары — 275; 5 және одан көп жұмысшысы бары — 143. Жалдама жұмысшылары бар кәсіпорын 2228, оның ішінде 1 жалдама жұмысшысы бары — 1359; 2 жұмысшысы бары — 447; 3 жұмысшысы бары — 201; 4 жұмысшысы бары — 96; 5 және одан көп жұмысшысы бары — 125. Жалдама жұмысшылардың барлығы 4625, олардың табысы 212 096 сом (бір жұмысшыға — 45 с. 85 т.).

Табыс мөлшеріне қарай алғанда майдагерлердің категориялары	Саны		Таза табысы		Орташа табысы		Семьялардың шамамен бөлінуі										
							семьялы жұмысшыларының санына қарай						жалдама жұмысшыларының санына қарай				
	Семьялар	%	Сом есебімен	%	1 семьяға	Семьялы 1 жұмысшыға (шамамен)	1-ден	2-ден	3-тен	4-тен	5-тен және одан көп	0	1-ден	2-ден	3-тен	4-тен	5-тен және одан көп
а) Кедейлері	2 376	28,4	77 900	8,2	32,7	32,7	2 376	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
б) Әлдiлеу тұратындары	3 494	41,8	262 050	27,4	75,0	50	1 986	1 508	—	—	—	—	—	—	—	—	—
в) Орташалары	2 016	24,1	362 150	37,9	179,6	72,0	—	1 124	870	22	—	—	1 359	392	—	—	—
г) Ауқаттылары	320	3,8	123 200	12,9	385,0	100,0	—	—	—	253	67	—	—	55	201	64	—
д) Байлары	158	1,9	129 850	13,6	821,8	348	—	—	—	—	76	82	—	—	—	32	125
Барлығы	8 364	100	955 150	100	114,2	67,5	4 362	2 632	870	275	143	82	1 359	447	201	96	125

немесе тіпті кем түсіп отырады (45 сом 85 тиын ақшалай ақыдан басқа, жалдама жұмысшылардың бір бөлігінің ішіп-жемі қожайындарының есебінен). *Сонымен, барлық майдагерлердің оннан жеті бөлігі өздерінің табысы жағынан майдагерлердегі жалдама жұмысшылардың дәрежесінде, ішінара тіпті олардан да төмен.* Қаншама ғажап көрінгенімен, бұл қорытынды ірі кәсіпорындардың ұсақ кәсіпорындардан басымдылығы туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерге толық сәйкес келеді. Осы майдагерлердің табысы қаншалықты төмен екенін мынадан білуге болады: Пермь губерниясында қожайындарының есебінен тамақ асырап, жыл бойы жұмыс істейтін егінші қызметкерлердің орташа жалақысы 50 сом *. Демек, «дербес» майдагерлердің оннан жеті бөлігі тұрмыс дәрежесі жағынан егінші батырақтардан да артық емес!

Әрине, халықшылдар мұның өзі егіншілікке қосымша көлденең табыс қой деп айтар; бірақ, 1-ден, төлемдерін, аренда ақшаларын, шаруашылық шығындарын шығарып тастағанда, егіншілік шаруалардың азшылығына ғана семьясын асырауына қажетті өнім бере алатыны әлдеқашаннан белгілі нәрсе емес пе? Ал біз бұл жерде майдагердің табысын ішіп-жемі қожайынның есебінен болатын батырақтың алатын ақысымен салыстырып отырмыз ғой. 2-ден, барлық майдагердің оннан жеті бөлігіне егінші еместер де кіруге тиіс еді. 3-ден, егіншілік осы категориялардағы майдагер егіншілердің күн көріс шығынын өтейтін болып шыққанның өзінде де жермен байланыстылық салдарынан табыстардың мүлде төмендеп кету фактісі күмәнсыз болады.

Тағы бір салыстыру: Красноуфимск уезінде майдагердегі бір жалдама жұмысшының орташа табысы 33,2 сомға тең (кестелердің 149-беті), ал земстволық статистика бөлімі өз заводында жұмыс істейтін бір адамның, яғни завод шаруаларынан шыққан тау-кен жұмысшысының табысын 78,7 сом деп есептеді («Пермь губерниясының статистикасына арналған материалдар.

* Тамақтың құны жылына 45 сом. Деректер егіншілік департаментінің мәліметтері бойынша, 10 жыл (1881—1891) ішіндегі орташа мөлшермен алынды. (Қараңыз: С. А. Короленко, «Еркті жалдама еңбек», т. т.)

Красноуфимск уезі. Завод ауданы». Қазан, 1894 ж.), яғни екі еседен астам деп белгіледі. Ал өз заводында жұмыс істейтін тау-кен мастеревойларының табысы фабрикалар мен заводтардағы «ерікті» жұмысшылардың табысынан әрқашан төмен болатыны мәлім. «Кәсіпшіліктің жермен табиғи байланысына негізделген» орыс майдагерінің атышулы «дербестігі» тұтыну дәрежесінің осыншама төмендеуі арқылы, тұрмыс дәрежесінің осыншама қайыршылық халге дейін жеткізілуі арқылы келетінін осыған қарап-ақ білуге болады!

в) Біз «орташа» майдагерлерге 100 сомнан 300 сомға дейін табысы бар, семья басына орта есеппен 180 сомдай табыс алатын семьяларды жатқыздық. Мұндайлар барлық майдагерлер санының ширегіне жуық (24,1 процент). Олардың табыстары да өте-мөте төмен: бір кәсіпорында семьялы $2^1/_2$ қызметкерден бар деп есептегенде, бұл табыс семьялы бір қызметкерге 72 сомға жуық болады — бұл мүлде жартымсыз сома, оған бірде-бір фабрика-завод жұмысшысы қызыға қоймайды. Бірақ майдагерлер бұқарасымен салыстырғанда бұл сома әжептәуір көп көрінеді. Сонщалық жартымсыз осы «дәулеттің» өзі де басқалардың есебінен табылады екен: бұл категориядағы майдагерлердің көбі жалдама жұмысшы ұстайды (шамамен алғанда қожайындардың 85 процентке жуығында жалдама жұмысшы бар, 2016 кәсіпорынның әрқайсысына орта есеппен бір жалдама қызметкерден де артығырақ келеді). Демек, кедейлік езген майдагерлер бұқарасының арасынан сытылып шығу үшін сол тұстағы товар-капиталистік қатынастар негізінде басқалардың «дәулетін» тартып алуға, экономикалық күреске түсуге, ұсақ өнеркәсіпшілер бұқарасын бұрынғыдан да кейін ығыстырып тастауға, ұсақ буржуаға айналуға тура келеді. Не қайыршылық, тұрмыс дәрежесінің nec plus ultra * төмендеуі, не *(азшылық үшін)* басқаның есебінен өзінің (өте жартымсыз) игілігін жасау,— міне, товар өндірісінің ұсақ өнеркәсіпші алдына қойып отырған дилеммасы осындай. Фактілер осыны сипаттайды.

* — ең ақырғы шегіне дейін. *Ред.*

г) 385 сомға жуық табысы бар және семьялы бір қызметкерінің табысы 100 сомға жуық болатын семьялардың (бұл категорияға әр кәсіпорында 4—5-тен семьялы қызметкері бар қожайындар кіреді деп есептегенде) 3,8 проценті ғана ауқатты майдагерлер категориясына жатады. Жалдама жұмысшының ақшалай табысынан екі есе артық бұл табыс жалдама еңбекті едәуір дәрежеде қолдануға негізделген: осы категориядағы кәсіпорындардың бәрі де жалдама жұмысшылар ұстайды, бір кәсіпорынға орта есеппен 3 адамға жуық келеді.

д) Орташа табысы семья басына 820 сомнан келетін бай майдагерлер не бары 1,9 процент. Бұған, ішінара семьялы 5 жұмысшысы бар кәсіпорындарды, ішінара семьялы жұмысшылары мүлде жоқ, яғни түгелдей жалдама еңбекке негізделген кәсіпорындарды жатқызуға тура келеді. Семьялы бір жұмысшыға шаққанда 350 сомға жуық табыс береді. Бұл «майдагерлердің» мол табыс алуы жалдама жұмысшылар санының көптігіне байланысты, ондай жұмысшылар 1 кәсіпорынға орта есеппен 10 адамнан келеді *. Бұлардың өзі енді ұсақ фабриканттар, капиталистік шеберханалардың иелері, оларды жеке-дара өнеркәсіпшілермен, село қолөнершілерімен, тіпті өз үйлерінде фабриканттарға жұмыс істейтіндермен қатар (кейде дәл сол бай майдагерлердің өздеріне де істейтінін төменде көреміз!) «майдагерлердің» қатарына қосу, жоғарыда ескерткеніміздей, «майдагер» деген терминнің мейлінше тұрлаусыз әрі екі ұшты екенін ғана көрсетеді.

Майдагерлер санағының майдагерлердің табыстары жөніндегі мәліметтерін баяндаудың қорытындысында бұған қоса мыналарды ескерте кету қажет. Майдагерлік кәсіпшіліктерде табыстардың бір жерге шоғырлануы онша мардымды емес: кәсіпорындардың 5,7 процентінде табыстың 26,5 проценті, кәсіпорындардың 29,8 процентінде табыстың 64,4 проценті болып отыр ғой деуші-

---

* Осы 28 кәсіпшіліктегі жалдама жұмысшылары бар 2228 кәсіпорынның 46-сының әрқайсысында 10 және одан көп жалдама жұмысшы істейді, барлығы 887 жалдама жұмысшы, яғни бір кәсіпорынға орта есеппен 19,2 жалдама жұмысшыдан келеді.

лердің табылуы мүмкін. Бұған біздің беретін жауабымыз: 1-ден, мұндай шоғырланудың өзі де «майдагер» туралы беталды пікір айтудың және олар жөніндегі «орташа» цифрлардың мүлдем жарамсыздығын және ғылыми еместігін дәлелдейді. 2-ден, бұл мәліметтерге *алыпсатарлардың кірмегенін,* осыдан келіп табыстардың бөлінуі мейлінше дәл көрсетілмей отырғанын естен шығаруға болмайды. Біз 2346 семьяның және 5628 жұмысшының (3-кіші топ) алыпсатарларға жұмыс істейтінін жоғарыда көрдік, олай болса, мұнда негізгі табысты алыпсатарлар алады. Оларды өнеркәсіпшілердің есебінен шығарып тастау — мүлдем қате және ешбір қисынсыз әдіс. Фабриканттардың табыс мөлшерін көрсетпей, ірі фабрика-завод өнеркәсібіндегі экономикалық қатынастарды суреттеу қандай теріс болса, алыпсатарлардың табысын — майдагерлер істейтін нақ сол өндірістің өзінен алынатын табыстарды, майдагерлер өндіретін өнімдер құнының бір бөлігі саналатын табыстарды көрсетпей, «майдагерлік» өнеркәсіптің экономикасын суреттеу де сондай теріс болар еді. Демек, біз майдагерлік өнеркәсіпте табыстардың іс жүзіндегі бөлінісі жоғарыда көрсетілгеннен әлдеқайда әр қилы деген қорытынды жасауға праволымыз да, міндеттіміз де, өйткені бұл бөліністе ең ірі өнеркәсіпшілердің категориялары жоқ.

ҮШІНШІ МАҚАЛА

(VI. Алыпсатар дегеніміз не? — VII. Майдагерлік өнеркәсіптегі «сүйсінерлік құбылыстар».— VIII. Өнеркәсіп саясатының халықшылдық программасы)

VI

АЛЫПСАТАР ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Біз жоғарыда алыпсатарларды ең ірі өнеркәсіпшілер деп атағанбыз. Дағдылы халықшылдық тұрғыдан қарағанда, бұл — сандырақ. Бізде алыпсатарды өндірістен бейне бір тысқары тұратын, бейне бір қоспа, өнеркәсіптің өзіне жат, «тек қана» айырбасқа тәуелді бірдеңе сияқты етіп көрсетуге дағдыланып кеткен.

Бұл арада осы көзқарастың теориялық қателіктеріне толық тоқталып жатудың жөні жоқ; бұл көзқарас осы күнгі өнеркәсіптің (соның ішінде майдагерлік өнеркәсіптің де), атап айтқанда, *товар шаруашылығының* жалпы және негізгі сырын, оның базисін, бет-бейнесін түсінбегендіктен туып отыр; товар шаруашылығындағы сауда капиталы кездейсоқ, сырттан әкеп қондыра салған нәрсе емес, қайта оның қажетті құрамдас бөлімі. Біз бұл арада фактілерге және майдагерлер санағының мәліметтеріне сүйенуге тиіспіз, сөйтіп ендігі жердегі біздің міндетіміз: алыпсатарлар жөніндегі осы мәліметтерді тексеру және талдап шығу болмақ. Алыпсатарларға жұмыс істейтін майдагерлерді өз алдына жеке кіші топқа (3-кіші топқа) бөліп қарау бұған қолайлы жағдай туғызады. Бірақ бұл мәселеде олқылықтар мен зерттелмеген пункттер өте көп; сондықтан мұның өзі оны қарап-тексеруді едәуір қиындатады. Алыпсатарлардың жалпы саны туралы, ірі және ұсақ алыпсатарлар туралы, олардың ауқатты майдагерлермен байланысы

туралы (тегі жағынан байланысы; алыпсатардың сауда операцияларының өз шеберханасындағы өндіріспен байланысы және т. с.), алыпсатарлардың *шаруашылығы* туралы мәліметтер жоқ. Халықшылдардың алыпсатарды тысқары нәрсе ретінде бөліп тастау әдеттері майдагерлік өнеркәсіпті зерттеушілердің көпшілігіне алыпсатарлардың шаруашылығы туралы мәселе қоюға кедергі жасады, ал оның бер жағында, бұл мәселенің экономист үшін бірінші және басты мәселе екендігі айқын. Алыпсатардың қалай *қожалық ететінін,* оның капиталы қалай құралатынын, ол шикізат сатып алу, өнім өткізу сферасында капиталын қалай жұмсайтынын, бұл сфераларда капиталдың әрекет ету жағдайларының (қоғамдық-шаруашылық жағдайларының) қандай екендігін, алыпсатардың шикізат алу және өнім өткізу ісін ұйымдастыруға жұмсайтын шығынының қаншалықты көп екендігін, сауда капиталының көлеміне және шикізат алу мен өнім өткізу көлеміне қарай бұл шығындардың қалай жұмсалатынын, кейде шикізат алыпсатардың шеберханаларында ішінара ұқсатып, кейін оны одан әрі ұқсату үшін жұмысшыларға үйлерінде істеуге беру (ал кейде шикізатты түпкілікті ұқсататын тағы да сол алыпсатардың өзі), не болмаса соңынан рыноктан бұйымдар сатып алу үшін, шикізатты ұсақ өнеркәсіп иелеріне сату ісін қандай жағдайлар тудыратынын толық және жете зерттеу қажет. Ұсақ майдагердің, бірнеше жалдама жұмысшыны біріктіретін шеберханадағы ірі өнеркәсіпшінің және ұқсату үшін материалды үйді-үйге таратып беретін алыпсатардың өндіретін өнімдерінің құнын салыстыру қажет. Зерттеудің негізі етіп әрбір *кәсіпорынды,* яғни әрбір жеке алыпсатарды алу қажет, оның айналымының мөлшерін, шеберханада немесе шеберханаларда және өз үйлерінде ол үшін жұмыс істейтіндердің санын, оның шикізат дайындау, шикізат пен өнімін сақтау және оны өткізу үшін ұстайтын жұмысшылардың санын анықтау қажет. Ұсақ қожайынсымақтың, жұмысшы жалдайтын шеберханасы бар қожайынның және алыпсатардың өндіріс техникасын (құрал-саймандары мен жабдықтарының саны мен сапасын, *еңбек бөлінісін,* т. т.) салыстыру қа-

жет. Тек осындай *экономикалық зерттеу* ғана алыпсатар дегеніміз не деген сұраққа, оның шаруашылықтағы маңызы туралы, товар өндірісінің өнеркәсіптік формаларының тарихи дамуында алыпсатардың маңызы туралы сұраққа нақты ғылыми жауап бере алады. Әрбір майдагер жөнінде осы мәселелердің бәрін толық зерттеген үй басы жүргізілген санақтың қорытындысында мұндай мәліметтердің жоқтығын ірі олқылық деп айтпасқа болмайды. Егер тіпті әрбір алыпсатардың шаруашылығын есепке алу және зерттеу (түрлі себептердің салдарынан) мүмкін болмаған күнде — қажетті мәліметтердің көбін алыпсатарларға жұмыс істейтін майдагерлер жөніндегі үй басы жасалған мәліметтерден алуға болар еді. Мұның орнына, біз «Очерктен» мынадай әбден жауыр болған халықшылдық сөздерді оқимыз: «кулак» «шын мәнісінде өндіріске жат» (7-бет), оның өзінде кулактар қатарына, бір жағынан, алыпсатарлар да, құрастыру шеберханалары да, екінші жағынан, өсімқорлар да жатқызылған; «жалдама еңбекке иелік ететін, фабрика сияқты (?), еңбектің техникалық шоғырлануы емес, қайта кулактардың бір түрі... майдагерлердің ақшаға тәуелділігі» (309—310), «еңбекті қанаудың көзі... өндіріс ісінде емес, айырбас ісінде» (101), майдагерлік кәсіпшіліктерде «өндірісті капиталдандыру» емес, қайта «айырбас процесін капиталдандыру» жиі кездеседі (265). Біз, әрине, осылардың бәрін өз бетімен жасады деп «Очерктің» зерттеушілерін кінәламақшы емеспіз: бұлар, мысалы, «біздің белгілі» В. В. мырзаның шығармаларында мол кездесетін ақылгөйсінген сөздерді бүтіндей алған да қойған.

Мұндай сөздердің нағыз мағынасын бағалап білу үшін біздің өнеркәсібіміздің негізгі бір саласында, атап айтқанда, тоқыма өнеркәсібінде машиналы ірі өндірісті басқарып отырған ірі фабриканттың ізашары, атасы «алыпсатар» болғандығын еске түсірсек те жетеді. Тоқыту үшін жіпті майдагерлердің үйіне таратып беру — біздің барлық тоқыма өндірісіміздің кешегі күні, міне, осындай болатын; демек, бұл жұмыс өздерінің шеберханалары болмай («өндіріске жат болып»), жіпті «тек» таратып беріп, даяр бұйымдар алып отыратын «алыпсатар»

үшін, «кулак» үшін істелген жұмыс болды. Біздің ізгі халықшылдарымыз бұл алыпсатарлардың шығу тегін, олардың кішкене шеберхана иелерімен сабақтастық байланысын, олардың шикізат сатып алу және өнім өткізу ісін ұйымдастырушылар ретіндегі ролін, өндіріс құрал-жабдықтарын шоғырландырып, толып жатқан бытыраңқы майдагерлерді жинастырып, өндіріске еңбек бөлінісін енгізіп және мұнда да ірі, бірақ енді машиналы өндірістің элементтерін әзірлеп отырған осы алыпсатарлар капиталының ролін зерттеуді ойлаған да жоқ. Ізгі халықшылдар осы «қайғылы», «жасанды», т. б. осы сияқты құбылыстар туралы налумен, зарланумен шектелді де, бұл өзі өндірісті «капиталдандыру» емес, «тек қана» айырбас процесін «капиталдандыру» деп жұбанды; «отан үшін басқа жолдар» туралы тәтті-тәтті сөздер сөйледі — ал олар осымен жүргенде «жасанды» және «негізі жоқ» «кулактар» өз бетімен өзінің ескі жолымен жүрді де отырды, капиталды шоғырландырып, өндіріс құрал-жабдықтарын және өндірушілерді «жинастыра» берді, шикізат сатып алуды ұлғайтып, өндірісті жеке операцияларға (өрмек құру, тоқу, бояу, өңдеу, т. б.) бөлуді тереңдете берді, бытыраңқы, техника жағынан артта қалған, қол еңбегіне және кіріптарлыққа негізделген *капиталистік мануфактураны капиталистік машиналы индустрияға* айналдыра берді.

Қазіргі уақытта «майдагерлік» деп аталатын кәсіпшіліктеріміздің бәрінде де дәл осы сияқты процесс жүріп жатыр, ал халықшылдар өмірді даму тұрғысынан зерттеуден дәл солай сырт айналып кетіп жүр, нақ солай бұл қатынастардың пайда болуы, олардың бірте-бірте дамуы туралы мәселені (*егер* қазіргі болып отырған нәрсе болмаса) қандай *болар* еді деген мәселемен ауыстырып жүр, бұл әлі де «тек» алыпсатарлар деп, нақ солай өздерін жұбатумен жүр, олар капитализмнің ең жаман түрін, техникасының мешеулігі, экономикасының жетілмегендігі, еңбекші бұқараның әлеуметтік және мәдени жағдайы тұрғысынан капитализмнің ең жаман түрін нақ солай дәріптеумен, боямалап көрсетумен жүр.

Пермьдегі майдагерлер санағының мәліметтеріне көз жүгіртейік. Бұл мәліметтердегі жоғарыда айтылған ол-

қылықтардың орнын, шама-шарқымызша, жоғарыда цитат келтірілген «Пермь губерниясының майдагерлік өнеркәсібі және т. б.» деген кітаптағы мәліметтермен толықтыруға тырысып көрелік. Ең алдымен, алыпсатарларға жұмыс істейтін майдагерлердің көпшілігі шоғырланған кәсіпшіліктерді (3-кіші топты) бөліп алып қаралық. Бұл ретте бізге өз мәліметтерімізге сүйенуге тура келеді; мұның қорытындысы (жоғарыда келтірілгендей) «Очерктің» цифрларына дәл келмейді.

Кәсіпшіліктер:	Алыпсатарларға жұмыс істейтін семьялар саны		
	I топ	II топ	Жиыны
Шарық тоқу	31	605	636
Пима басу	607	12	619
Темір ұсталығы	70	412	482
Жөке тоқу	132	10	142
Мебель және ағаш бұйымдарын жасау	38	49	87
Экипаж жасау	32	28	60
Тігіншілік	4	42	46
Барлығы 7 кәсіпшілік бойынша	914	1 158	2 072
Ал 3-кіші топтағы барлық майдагерлер	1 016	1 320	2 336

Сөйтіп, алыпсатарларға жұмыс істейтін майдагерлердің $^{9}/_{10}$ бөлігі жоғарыда аталған жеті кәсіпшілікте шоғырланып отыр. Біз ең алдымен осы кәсіпшіліктерге назар аударамыз.

Шарық тоқу кәсіпшілігінен бастайық. Алыпсатарларға жұмыс істейтін шарық тоқушылардың орасан көпшілігі Кунгур уезіне шоғырланған, ал бұл уезд — Пермь губерниясындағы былғары өндірісінің орталығы. Майдагерлердің көпшілігі былғары заводшыларына жұмыс істейді: «Очерктің» 87-бетінде 8 алыпсатар көрсетілген, ал бұларға 445 кәсіпорын жұмыс істейді *. Бұл алыпсатарлардың бәрі де — «ежелден келе жатқан» былғары

* Соның ішінде 2 алыпсатарға (Пономарев пен Фоминскийге) — 217 кәсіпорын келеді. Кунгур уезінде барлығы 470 шарық тоқу кәсіпорны алыпсатарларға жұмыс істейді.

заводшылары, бұлардың аттарын 1890 жылғы және 1879 жылғы «Фабрикалар мен заводтар көрсеткішінен» де, «Финанс министрлігінің әржылдығына» (І кітап, 1869 жыл) берілген ескертулерден де табуға болады. Былғары заводшылары былғарыны пішеді де, пішілген күйінде «майдагерлерге» тігуге береді. Заводшылардың заказы бойынша етіктің басын қалыпқа тартуды бірнеше семья өз алдына істеп шығады. Жалпы алғанда заводта былғары өңдеумен толып жатқан «майдагерлік» кәсіпшілік байланысты, яғни бірқатар операциялар үйлерде жеке-дара жүзеге асырылады. Бұлар мыналар: 1) былғары өңдеу; 2) аяқ киім тігу; 3) былғары қиындыларын өкшеге қағу үшін қабаттап желімдеу; 4) етік тігуге керекті бұранда шегелерді құю; 5) етікке керек майда шегелерді әзірлеу; 6) етік қалыптарын жасау; 7) былғары заводтарына күл дайындау; 8) былғары заводтарына жұмсалатын «қабық» (үйеңкі қабығын) дайындау. Былғары өндірісінің қалдықтарын киіз басу және желім қайнату кәсіпшіліктері өңдейді («Майдагерлік өнеркәсіп», III, 3—4-беттер, т. б.). Бұл өндірісте еңбекті егжей-тегжейлі бөлуден (яғни бір затты істеп шығаруды түрлі адамдар істейтін бірнеше операцияға бөлуден) басқа, еңбекті товардың түріне қарай бөлу кең тараған: әрбір семья (кейде тіпті майдагерлік селоның әрбір көшесі) аяқ киімнің белгілі бір түрін шығарады. Мына күлерлік нәрсені айта кетейік: «Майдагерлік өнеркәсіп, т. т.» деген кітапта «Кунгурдың былғары өндірісі» — «фабрика мен майдагерлік өнеркәсіптің екеуіне де пайдалы табиғи байланыстың идеясын нағыз білдіруші» (sic!) деп жарияланған... фабрика майдагерлік өнеркәсіппен дұрыс (sic!) одақ жасайды, мақсаты — өз мүдделері үшін (нақ осылай!) майдагерлік өнеркәсіпті жаншу емес..., қайта оның күшін арттыру (III, 3-бет). Мысалы, 1887 жылғы Екатеринбург көрмесінде заводшы Фоминский алтын медальды былғарыны өте жақсы етіп өңдеп шығарғандығы үшін ғана емес, сонымен қатар *«төңіректегі халыққа табыс беріп отырған* өндірісінің үлкендігі үшін де» алды (ibid.*, 4-бет, курсив ав-

* — ibidem — сонда. *Ред.*

тордікі). Атап айтқанда, оның 1450 жұмысшысының 1300-і өз үйлерінде жұмыс істейді; басқа бір заводшыда, Сартаковта, 120 жұмысшының 100-і өз үйлерінде жұмыс істейді және т. б. Демек, Пермь заводшылары майдагерлік кәсіпшіліктерді тудыру және оны дамыту ісінде халықшыл интеллигенциямен ойдағыдай бәсекелесіп келеді екен...

Красноуфимск уезінде шарық тоқу кәсіпшілігін ұйымдастыру да дәл осы сияқты («Майдагерлік өнеркәсіп», I, 148—149): мұнда да былғары заводшылары былғарыдан етік тігеді, оның бір бөлігін өз шеберханасында тіксе, енді бір бөлігін үйде тігуге береді; ірі-ірі былғары-шарық тоқу кәсіпорындары иелерінің біреуінде ғана 200-ге дейін тұрақты жұмысшы болады.

Енді біз шарық тоқу және мұнымен байланысты толып жатқан басқа «майдагерлік» кәсіпшіліктердің экономикалық жағынан ұйымдастырылуын барынша анық шамалауымызға болады. Бұл — ірі капиталистік шеберханалардың (біздегі ресми статистика терминологиясы бойынша «фабрикалардың») *бөлімшелерінен* басқа еш нәрсе емес, былғары өңдеудегі ірі капиталистік операциялардың *жеке операцияларынан* басқа еш нәрсе емес. Кәсіпкерлер материал сатып алуды кең көлемде ұйымдастырған, былғары илеу үшін заводтар құрған және ол былғарыны онан әрі өңдеудің толып жатқан жүйесін жасаған — еңбек бөлінісіне (техникалық шарты ретінде) және жалдап жұмыс істетуге (экономикалық шарты ретінде) негізделген жүйесін енгізген: бұлар бір операцияларды (аяқ киім пішуді) өздерінің шеберханаларында атқарады, ал басқа бір операцияларды осыларға жұмыс істейтін «майдагерлер» өздерінің үйлерінде істейді; кәсіпкерлер өндірістің көлемін, істелген жұмыс ақысының мөлшерін, шығарылатын товарлардың түрлерін және бұйымның әрбір түрінің санын белгілеп қояды. Өнімді көтерме тәсілмен өткізу ісін де ұйымдастырған осылар. Ғылыми терминология бойынша, мұның бір *капиталистік мануфактура* екендігі анық; бұл мануфактура ішінара өзінің жоғары формасына, *фабрикаға* айналып барады (шынында да, мұнда өндірісте машина және машиналар жүйесі қолданылады: ірі былғары за-

водтарында бу двигательдері бар). Бұл мануфактураның кейбір бөлімдерін өндірістің ерекше «майдагерлік» формасы деп бөліп шығару жалдама еңбектің үстем екендігі туралы және *барлық* былғары илеу-шарық тоқу ісінің ірі капиталға тәуелді екендігі туралы негізгі фактіні бүркемелейтін көрінеу сөкеттік. Бұл кәсіп үшін «айырбасты кооперация жолымен ұйымдастыру» («Очерктің» 93-беті) жөн болар еді деп, кісі күлерлік пікірлер айтқанша — өндірістің іс жүзінде қалай ұйымдастырылғандығын жан-жақты зерттеу, жұмысты үйде істеу үшін таратып беруге заводшыларды мәжбүр етіп отырған жағдайларды зерттеу дұрыс болар еді. Заводшылар, күмән жоқ, мұны өздері үшін өте-мөте пайдалы деп санайды, ал егер біз жалпы майдагерлердің, әсіресе, егінші майдагерлер мен 3-кіші топтағы майдагерлердің табыстары тіпті төмен екендігін ескерсек, мұның оларға тиімділігі бізге түсінікті болады. Материалды үйде өңдеу үшін таратып беру арқылы кәсіпкерлер жалақыны арзандатады, үй ұстауға жұмсалатын шығындарды, ішінара құралдар үшін және бақылау үшін жұмсалатын шығындарды үнемдеп қалады, әр уақытта фабриканттарға тиімді бола бермейтін (олар фабриканттар емес, саудагерлер!) ұнамсыз талаптардан аулақ болады, неғұрлым шашыраңқы, неғұрлым бытыраңқы, өзін-өзі қорғауға мүлде қабілетсіз жұмысшыларды алады; өздеріне жұмыс істейтін, *соның үстіне өздері жұмысшы жалдайтын* (алыпсатарларға жұмыс істейтін 636 шарық тоқушы семьяда 278 жалдама жұмысшы істейді екен) майдагерлерді, майдагер болғанда — «құлқынқұмар» не «шеберсымақ» (иірілген жіптерді үй-үйге таратып беру тәртібі кезіндегі біздің тоқыма өнеркәсібіміздегі терминдер) жұмысшыларды жұмысқа айдап салып отыру жөнінде ақысыз іс істейтіндерді алады. Біз жалдама жұмысшылардың (3-кіші топтағы) ең аз табыс табатынын жалпы кестеден көрдік те. Бұл таңырқарлық нәрсе емес, өйткені олар екі жақты қаналады: жұмысшының терін сығып алып «пайда» табатын жалдаушысы бір қанайды, екінші жағынан, қожайынсымақтарға материал таратып беретін былғарышы-заводшы қанайды. Жергілікті жағдайды, жұмысшылардың жеке басының ерек-

шеліктерін жақсы білетін бұл ұсақ шеберсымақтар жұмысшылардың сөлін сығып алудың амал-айласын ойлап табуға, жалдаудың кіріптарлық шарттарын қолдануға келгенде, truck-system[112] және т. т. келгенде алдына жан салмайтыны мәлім. Бұл сияқты шеберханалар мен «майдагерлік үйлерде» жұмыс күнінің өте-мөте ұзақ екені белгілі, бірақ 1894/95 жылдардағы майдагерлер санағы осы аса маңызды мәселелер жөнінде мүлде дерлік мағлұмат бермегені, әрине, өкінерлік нәрсе, ал жұмысшыларға қысымды күшейтуші толып жатқан делдалдарымен қоса алғанда емін-еркін, қатал қанауға жол ашатын біздің ерекше sweating-system-ін * түсіну үшін бұл мәліметтер керек-ақ еді.

Өкінішімізге қарай, пима басу кәсіпшілігінің (алыпсатарларға жұмыс істейтін семьялардың абсолюттік саны жағынан екінші орын алады) қалай ұйымдасқаны туралы «Очерк» ешқандай дерлік мәлімет бермейді. Бұл кәсіпшілікте ондаған жалдама жұмысшы ұстайтын майдагерлер бар екенін көрдік, бірақ олар жұмысты үйде істеуге таратып бере ме, жоқ па, жұмыстың кейбір түрін өз шеберханасында ** істей ме, жоқ па — бұл жағы түсініксіз қалып отыр. Тек зерттеушілер атаған фактіні ғана айталық: бұлар пима басатын кәсіпшіліктегі тазалық жағдайының өте нашар екенін («Очерк», 119-бет, «Майдагерлік өнеркәсіп», III, 16) — кісі шыдағысыз қапырық, толған шаң, ауа адам тұншығарлық екенін айтқан. Бұл жағдай майдагерлердің тұрғын үйлеріндегі жағдай емес пе! Мұның табиғи нәтижесі сол — майдагерлер 15 жылдан артық жұмыс істеуге шыдамайды, ақыры көкірек ауруына шалдығады. Жұмыстың санитарлық жағдайын зерттеген И. И. Моллесон былай дейді: «Пима басушылардың дені 13 жас пен 30 жас арасындағы жұмысшылар. Бұлардың бәрінің дерлік жүзі солғын, өңі құп-қу, *ауру титығына жеткен тәрізді* түрімен ерекше көзге түседі» (III, 145-бет, курсив автордікі). Зерттеушінің практикалық қорытындысы мы-

---

* — тер сығып алу жүйесі. *Ред.*

** Нижегород губерниясындағы Арзамас және Семенов уездеріндегі киіз басу кәсіпшілігінің ұйымдастырылуы осындай. Қараңыз: «Майдагерлік кәсіпшіліктерді зерттеу жөніндегі комиссияның еңбектері» және Нижегород земствосы статистикасының «Материалдары».

надай: «қожайындарды әрбір жұмысшыға келетін ауаның белгілі бір мөлшерін алдын ала белгілеп, анағұрлым кең шеберханалар (пима басатын) салуға міндеттеу қажет»; «шеберхана тек жұмыс істеуге арналуға тиіс. Жұмысшылардың шеберханада түнеуіне мүлдем тыйым салынатын болсын» (ibid.). Сейтіп, тазалық сақтау дәрігерлері бұл майдагерлер үшін фабрикалар салуды, үйлерінде жұмыс істеуге тыйым салуды талап етеді. Бұл шараның жүзеге асырылуына тілектестік білдірмеске болмайды; бұл шара техникалық прогресті алға бастырған болар еді, жұмыс күнін және еңбек жағдайын реттеуге жол ашқан болар еді, бір сөзбен айтқанда, біздің «халық» өнеркәсібіндегі барып тұрған сорақы қиянаттарды жойған болар еді.

Жөке кәсіпшілігіндегі алыпсатарлардың ішінде осалық көпес Бутаков та жүр; 1879 жылдың мәліметтеріне қарағанда, оның Оса қаласында 180 жұмысшысы бар жөке фабрикасы болған *. Жұмысты үйде істеуге таратып беруді неғұрлым тиімді деп санағаны үшін бұл фабрикант қалайша «өндірістің өзіне жат» адам болып шығады? Және майдагерлердің арасынан аласталған алыпсатарлардың өз семьясында жұмыс істейтін адамы болмағандықтан, «мочалканы сатып алып, оны станоктарымен өңдеп, жөке және қапшық жасап шығаратын ісмерлерге беріп отырған» «майдагерлерден» («Очерк», 152) айырмашылығы қандай? — мұны білу де қызық-ақ болар еді; бұл — халықшылдық соқыр сенімнің зерттеушілерді қандай былыққа ұрындырғанының айқын мысалы. Бұл кәсіпшіліктегі тазалық жағдай да ешбір сынды көтермейді — үйлері тар, лас, шаң, сыз, мүңкіген иіс және жұмыс күні өте ұзақ (тәулігіне 12—15 сағат) — міне, осының бәрі кәсіпшіліктердің орталықтарын «ашаршылықтан болатын сүзектің» нағыз «ұясына» ** айналдырып отыр, ал бұл жерлерде мұндай сүзектер жиі болып тұратын.

Ұста кәсіпшілігінде алыпсатарларға жұмыс істеу қалай ұйымдастырылғаны туралы біз «Очерктен» тағы да

* 1879 жылғы «Фабрикалар мен заводтардың көрсеткіші». Алыпсатарлар үшін жұмыс істейтін жөкешілер көбінесе Оса уезіне шоғырланған.

** — «Очерк», 157-бет.

еш нәрсе біле алмай отырмыз, сондықтан біз «Майдагерлік өнеркәсіп, т. т.» деген кітапты қарауымыз керек; бұл кітапта Нижний Тагильдегі ұста кәсіпшілігі өте қызықты сипатталған. Поднос, т. б. бұйымдар шығару бірнеше кәсіпорынға бөлініп берілген: *темір тойтару* шеберханалары темір соғады, *қалайы* шеберханалары оны қалайылайды, *бояу* шеберханалары бояйды. Кейбір майдагер-қожайындардың осының бәрін шығаратын кәсіпорындары бар; демек, бұлар — нағыз таза мануфактурашылар. Басқа біреулері — өз шеберханасында жұмыстың белгілі бір түрін ғана атқарады, содан соң затты, бұйымды үйде қалайылау, бояу үшін майдагерлерге таратып береді. Демек, жұмысты үйде істеуге таратып берген жағдайда және қожайынның жекелеген жұмыс түрлерін атқаратын бірнеше шеберханасы болған жағдайда кәсіпшілікті экономикалық жағынан ұйымдастырудың біртектес болатыны осы арада козге ерекше түседі. Жұмысты үйде істеуге таратып беретін алыпсатар майдагерлер ең ірі қожайындардың қатарына қосылады (бұлар 25 адам); бұлар шикізатты мол сатып алуды және өнім өткізуді өте тиімді ұйымдастырған: осы 25 майдагер (тек осылар ғана) жәрмеңкеге барып тұрады немесе олардың өз дүкендері болады. Бұлардан басқа алыпсатарлар қатарына қосылатындар — өздерінің шығарған бұйымдарын Екатеринбург көрмесінің фабрика-завод бөліміне апарып көрсеткен ірі «фабрикант-саудагерлер»; кітаптың авторы бұларды «фабрикалы-майдагерлік (sic!) өнеркәсіпке» жатқызады («Майдагерлік өнеркәсіп», I, 98—99-беттер). Сөйтіп, жалпы және толығынан айтқанда, біз неше түрлі қым-қуыт әдістер арқылы ұсақ кәсіпорындармен байланысып жатқан капиталистік мануфактураның нағыз бейнесін көріп отырмыз. Осы күрделі қатынастарды дұрыс ажырату үшін өнеркәсіпшілерді «майдагерлер» және «фабриканттар» деп ажыратудың, өндірушілер және «алыпсатарлар» деп бөлудің септігі тіпті аз екенін айқын көрсету үшін, аталған кітаптағы цифрларды пайдаланып көрелік және кәсіпшіліктің экономикалық қатынастарын кесте түрінде келтірелік:

Рынокқа арнап дербес өндіру					Алыпсатарларға істелетін жұмыс			
Кәсіп-орындар	Жұмысшылар			Өндіріс сомасы мың сом есебімен	Кәсіп-орындар	Жұмысшылар		
	Семьялы	Жалдама	Барлығы			Семьялы	Жалдама	Барлығы
А. «Фабрикалық-майдагерлік өнеркәсіп»								
?	?	?	?	60+7	a) 29	51	39	90
(«фабрикант-саудагерлер»)					b) 39	53	79	132
Б. «Майдагерлік өнеркәсіп»					68	104	118	222
25	(майдагер-алыпсатарлар)			95+30				
16	88	161	249	8				
				163+37				

200 мың сом=барлық Н.-Тагиль кәсіпшілігінің өндіріс көлемі

а) бұйымның өткізілуіне тәуелді майдагерлер.
b) бұйымның өткізілуіне де, өндірілуіне де тәуелді майдагерлер.

Ал осыдан кейін де олар бізге, өсімқорлар секілді, алыпсатарлар да «өндірістің өзіне жат», олардың үстемдігі «өндірісті капиталдандыру» емес, тек «айырбас процесін капиталдандыру» ғана демекші ғой!

Сандық жасау кәсіпшілігі де капиталистік мануфактураның нағыз мысалы бола алады («Очерк», 334—339-беттер, «Майдагерлік өнеркәсіп», I, 31—40-беттер). Мұның ұйымдастырылуы былай: жалдама жұмысшылар істейтін шеберханалары бар бірнеше ірі қожайын материалдарды сатып алып, бұйымдарды *ішінара* өздерінде дайындайды да, көбінесе материалдарды жұмыстың әрбір жеке түрін атқаратын шеберханаларға таратып береді. Ал өз шеберханаларында сандықтың жеке бөлшектерін құрастырып, өңдеп болғаннан кейін товарды рынокқа шығарады. Еңбек бөлінісі — мануфактураның осы басты шарты мен техникалық негізі — өндірісте кең қолданылып отырады: бір сандықты жасап шығару 10—12 операцияға бөлінеді, әрбір операцияны жеке маман-майдагерлер атқарады. Кәсіпшілік ұйымдастыру — жұмыстың әрбір жеке түрін атқаратын жұмысшыларды

(«Капиталда» [113] бұларды Teilarbeiter деп атаған) *капиталдың* қол астына біріктіру. Капитал жалдама жұмысшыларға жұмысты шеберханада істетуден гөрі, үйде істетуге таратып беруді неліктен артық көреді, міне, бұл сұрауға 1894/95 жылы Екатеринбург уезіндегі (осы кәсіпшілік орталықтарының бірі) Невьян заводының кәсіпорындарына жүргізілген майдагерлер санағының мәліметтері анық жауап береді; біз бұл заводта құрастыру шеберханаларымен *қатар* жұмыстың әрбір жеке түрін атқарушы майдагерлерді де кездестіреміз. Демек, бұл екеуін бір-бірімен салыстыруға толық мүмкіншілік бар. Салыстыру мәліметтерін кестемен көрсетелік (кестелердің 173-беті):

Невьян заводының сандықшылары	Топтар	Кіші топтар	Кәсіпорындар саны	Жұмысшылар саны			Жалпы табыс		Жалақы		Таза табыс	
				Семьялы	Жалдама	Барлығы	Барлығы	1 жұмысшыға	Барлығы	1 жалдама жұмысшыға	Барлығы	Семьялы 1 жұмысшыға
«Алыпсатарлар»	II	1	2	1	13	14	5 850	418	1 300	100	1 617	808,5*
«Майдагерлер»	II	3	8	11	8	19	1 315	70,3	351	44	984	89,4

Осы кестені тексеріп шығалық. Бұл жерде алдын ала ескерте кетелік — егер біз бір ғана Невьян заводының мәліметтері орнына 1 және 3-кіші топтар туралы мәліметтерді («Очерктің» 335-беті) алғанда да шығатын қорытынды осындай болар еді. Бұл екі кіші топтың жалпы табысының көлемі бір-бірімен салыстыруға келмейтіні анық, өйткені бір материалдың өзі жұмыстың жеке түрін атқаратын түрлі жұмысшылардың қолынан жәпе құрастыру шеберханаларынан өтіп отырады. Бірақ табыс пен жалақы жөніндегі мәліметтер көңіл бөлерлік. Тәуелді майдагерлер жалдама жұмысшыларды қанап

* 1 кәсіпорынға тиісті.

отырғанына қарамастан, олардың табысынан құрастыру шеберханаларындағы жалдама жұмысшылардың жалақысы жоғары екен (100 сом және 89 сом). Тәуелді майдагерлердің жалақысы құрастыру шеберханаларындағы жұмысшылардың жалақысынан *екі еседен астам төмен.* Міне, осылай болған соң, біздегі кәсіпкерлер фабрикалық өнеркәсіптен гөрі, осыншалық елеулі «артықшылығы» бар «майдагерлік» өнеркәсіпті неге артық көрмесін! Экипаж кәсіпшілігінде де алыпсатарларға жұмыс істеуді ұйымдастыру тәртібі дәл осындай («Очерк», 308 және келесі беттер, «Майдагерлік өнеркәсіп», I, 42 және келесі беттер); мұнда да жұмыстың әрбір жеке түрлерін атқаратын майдагерлер жөнінде қожайыны «алыпсатар» (жұмысты үйде істеуге таратып беруші де, жұмыс беруші де) болып отырған сол құрастыру шеберханалары, мұнда да шеберханада істейтін жалдама жұмысшылардың жалақысы тәуелді майдагердің (майдагерге жалданатын жұмысшы туралы айтпағанның өзінде) табысынан артық жатыр. Жалақының осындай артықтығы егіншілерде де (I топ) және егінші еместерде де (II топ) бар. Мебель және ағаш өңдеу кәсіпшілігіндегі алыпсатарлар — Пермь қаласының магазиндері («Очерк», 133, «Майдагерлік өнеркәсіп», II, 11), бұл магазиндер заказ бергенде майдагерлерді түрлі үлгілермен жабдықтап отырады; айта кету керек, осы арқылы олар «бірте-бірте өндіріс техникасын жақсартты».

Киім тігу кәсіпшілігінде Пермьдегі және Екатеринбургтегі даяр киім магазиндері өңдеу үшін майдагерлерге материал таратып беріп отырады. Батыс Европа мен Американың басқа капиталистік елдерінде де киім тігу, даяр киім шығару кәсіпшілігінің ұйымдастырылу тәртібі жаңағы айтылғанмен айнақатесіз бірдей екені белгілі. «Капиталистік» Батыстың «халық өндірісі» бар Россиядан айырмасы мынада: Батыста бұл сияқты тәртіптерді Schwitz-system * дейді және онда қанаудың осы ең жаман жүйесіне қарсы күресудің шаралары іздестірілуде, мысалы, Германияның тігіншілері өздерінің қожайындарынан фабрикалар салуды талап етеді (ягни,

* — тер сығып алу жүйесі. *Ред.*

Россия халықшылы мұны «капитализмді қолдан тудырып отыр» деген болар еді); ал бізде бұл «тер сығып алу жүйесін» «майдагерлік өнеркәсіп» деп жайбарақат атай салады да, оның капитализмнен артықшылықтарын сөз қылады.

Біз енді алыпсатарларға жұмыс істейтін майдагерлердің орасан көпшілігі жиналған кәсіпшіліктердің бәрін алып қарап шықтық. Ал бұл шолудың нәтижелері қандай? Алыпсатарлар, тіпті құрастыру шеберханалары да,— сол өсімқорлар, өндіріске жат элементтер және т. т. дейтін халықшылдық қағиданың мүлде қисынсыз екеніне біздің көзіміз жетті. «Очерк» деректерінің жоғарыда аталған кемшілігіне қарамай, санақ программасында алыпсатарлардың шаруашылығы туралы мәселелердің болмағанына қарамай, біз кәсіпшіліктердің көпшілігінде алыпсатарлардың өндіріспен тығыз байланысты екенін анықтадық, керек десе олардың өндіріске тікелей қатысын, жалдама жұмысшылары бар шеберханалардың қожайындары ретінде «қатысы» барын анықтадық. Алыпсатарларға жұмыс істеу тек қайдағы бір қиянат жасаудың, қайдағы бір кездейсоқ жағдайдың, өндіріс емес, қайдағы бір «айырбас процесін капиталдандырудың» ғана нәтижесі деуден өрескел пікір жоқ. Қайта алыпсатарларға жұмыс істеу — нақ *өндірістің ерекше формасы,* өндірісте экономикалық қатынастардың ерекше ұйымдастырылуы; бұлай ұйымдастыру тікелей ұсақ товар өндірісінен өсіп шыққан (біздің көңілшек әдебиетімізде «ұсақ халық өндірісі» деп аталып кеткен) және ол ұсақ товар өндірісімен осы күнге дейін мыңдаған жолдармен байланысып жатыр, өйткені өте-мөте ауқатты қожайынсымақтар, өте-мөте озат «майдагерлер» жұмысты үйде істеуге таратып беру арқылы өздерінің айналымын ұлғайта отырып, осы жүйенің негізін қалайды. Жалдама жұмысшылары бар капиталистік шеберханаға тікелей қосыла отырып, екінің бірінде өзі соның жалғасы не соның бөлімшесінің бірі бола отырып, алыпсатарларға жұмыс істеу *фабриканың шылауы* болып табылады; соңғы сөзді ғылыми

мағынасында емес, жай сөз мағынасында ұғу керек. Ал өнеркәсіп формаларын ғылыми жолмен жіктегенде, оның дәйекті түрде дамуы тұрғысынан қарағанда, алыпсатарға жұмыс істеудің басым бөлігі *капиталистік мануфактураға* жатады, өйткені алыпсатарға жұмыс істеу: 1) қолмен өндіруге және ұсақ кәсіпорындардың кең базисіне негізделген; 2) ол осы кәсіпорындардың арасына еңбек бөлінісін енгізеді, мұны шеберхана ішінде де дамытып отырады; 3) өндірісті басқаруға саудагерді қояды; қашан да өндірістің көлемін кеңейтпек болатын, шикізатты көтерме әдіспен алып, өнімді осы әдіспен өткізбек болатын мануфактурада әманда осылай болады; 4) еңбекшілерді қожайындардың шеберханасында, не өздерінің үйінде істейтін жалдама жұмысшылардың халіне түсіреді. Атап айтқанда, өнеркәсіпте капитализм дамуының айрықша бір сатысы ретінде мануфактураның ғылыми ұғымы осы белгілермен сипатталатыны айқын (қараңыз: «Das Kapital», I, Kapitel XII *). Баршаға аян, өнеркәсіптің бұл формасы — капитализмнің терең тамыр жайған үстемдігі деген сөз; бұл капитализмнің ақырғы, ең жоғары формасының, яғни машиналы ірі индустрияның тікелей ізашары болады. Демек, алыпсатарларға жұмыс істеу — капитализмнің мешеу қалған формасы, сондықтан қазіргі қоғамда бұл мешеулік еңбекшілердің жағдайын өте-мөте нашарлатып, оларды толып жатқан делдалдардың (sweating-system) қанауында болатын, бытыраңқы, ең төмен жалақымен қанағат етуге, оте нашар гигиеналық жағдайда және жұмыс күнінің шамадан тыс ұзақ қалпында жұмыс істеуге мәжбүр болатын жағдайға — ең бастысы, өндіріске қоғамдық бақылау жасауды барынша ауырлататын жағдайға әкеліп соқтырады.

Біз енді 1894/95 жылдары жүргізілген майдагерлер санағының мәліметтерін шолуды бітірдік. Бұл шолу «майдагерлік» деген ұғымның мүлде мазмұнсыз екендігі туралы жоғарыда айтылған ескертпені толық растады.

* — «Капитал», I том, XII тарау.[114] *Ред.*

Өнеркәсіптің сан алуан түрлері осы ұғымға теліиіп отырғандығын көрдік, біз тіпті *өнеркәсіптің ғылымға мәлім түрлерінің бәрі дерлік* осы ұғымға әкеліп телінген деп айтуға да праволымыз. Шынында, тұтынушылардың заказы бойынша солардың (тұтынушылардың) материалын алып істейтін, жұмысы үшін кейде заттай, кейде ақшалай ақы алып отыратын патриархтық қолөнершілер де осыған кірген. Одан әрі, бұған өнеркәсіптің мүлде басқа формасының өкілдері — өздерінің семьясымен жұмыс істейтін, ұсақ товар өндірушілер де кірген. Бұған жалдама жұмысшылары бар капиталистік шеберханалардың иелері де, жалдама жұмысшылар да кірген; ал бұл жұмысшылар әрбір кәсіпорында әлденеше ондаған адамға жетеді. Бұған, жұмыстың әрбір жеке түрін атқаратын шеберханалардың тұтас жүйесіне үстемдік жүргізіп отырған, ірі капиталы бар кәсіпкер-мануфактурашылар да кірген. Бұған капиталистерге жұмыс істейтін үй жұмысшылары да кірген. Осы бөлімшелердің бәрінде егіншілер де, егінші еместер де, шаруалар да, қала халқы да — бәрі бірдей «майдагерлерге» жатқызылған. Бұл сияқты шатастыру — Пермь губерниясының майдагерлері жөніндегі осы зерттеудің ғана өзгешелігі емес. Тіпті де бұлай болған жоқ. Мұндай шатастыру *әрқашан да* және *барлық жерде,* «майдагерлік» өнеркәсіп туралы сөз болған кезде, қайталана береді. Мысалы, «Майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияның еңбектерімен» таныс адамдар осы айтылған разрядтардың бәрі де майдагерлер санына кіріп кеткендігін білер еді. Ал біздің халықшылдық экономияның ең жақсы көретін әдісі — өнеркәсіптің осы неше алуан формасының бәрін бір төбеге үйе беру, сөйтіп мұны «майдагерлік», «халықтық» өнеркәсіп деп атау және — risum teneatis, amici! * — осы мағынасыз бірдеңені «капитализмге» — «фабрика-завод өнеркәсібіне» — *қарсы қою.* Осы ғажап әдістің, әдіс болғанда, оны ойлап шығарушының ойы мен түсінігінің тамаша тереңдігін сипаттайтын әдістің «негізін салған», қателеспесек, В. В. мырза; ол өзінің «Майдагерлік өнеркәсіп очеркте-

* — күлмей тұра тұрыңыздар, достар! *Ред.*

рінің» алғашқы беттерінде-ақ Москва, Владимир және басқа губерниялардағы «фабрика-завод» жұмысшыларының ресми санын келтіреді және олармен «майдагерлердің» санын салыстырады, сөйтсе, әрине, қасиетті Русьте капитализмнен гөрі «халықтық өнеркәсіп» анағұрлым күшті дамыған болып шығады, ал зерттеушілердің * әлденеше рет дәлелдеген фактісі туралы, осы «майдагерлердің» орасан көпшілігі *сол фабриканттардың өзіне жұмыс істейтіндігі* туралы біздің «беделді» экономисіміз зерделілікке салынып жұмған аузын ашпайды. «Очеркті» құрастырушылар халықшылдық соқыр сенімді берік ұстап, сол әдісті айнытпай қайталап отыр. Ал Пермь губерниясының «майдагерлік» өнеркәсібінің жылдық өндіріс көлемі тек 5 миллион сом **, «фабрика-завод» өндіріс көлемі 30 миллион сом болып отырса да,— «фабрика-завод өнеркәсібінде істейтін жұмысшы саны — 19 мың адам, ал майдагерлік өнеркәсіпте істейтіндердің саны — 26 мың адам» (364-бет). Топ-топқа бөлу, өздеріңіз көріп отырсыздар, мүлдем оп-оңай:

а)	фабрика-завод жұмысшылары	19 000
б)	майдагерлер	26 000
	Барлығы	45 000

Бұлайша топтаудың «отан үшін басқа жолдың мүмкіншілігі» туралы пікір айтуға есікті айқара ашатыны түсінікті!

Алайда, өнеркәсіп формалары зерттелген майдагерлердің үй басы санағының деректерін біз бір нәрсеге жарату үшін ұстап отырған жоқпыз ба. Біз сол санақтың мәліметтеріне *сай келетін* (бұл жөніндегі халық-

* Тым болмаса Харизоменов мырзаның «Майдагерлік өнеркәсіптің маңызы» жөнінде 1883 жылы «Юридический Вестниктің» [115] 11 және 12-номерлерінде басылған мақаласын қараңыз; бұл мақалада сол уақыттағы статистика материалдарының мәліметі берілген.

** Біз бұл цифрлардың сөкет анықтамасы туралы айтып та отырғанымыз жоқ. Мысалы, ең көп сома ұн тарту кәсіпшілігінде (1,2 млн. сом), өйткені диірменшілер тартатын барлық астықтың құнын осыған есептеген! Кестелерде және «Очерктің» сипаттамасында тек 143 мың сомдық жалпы табыс қана алынған (358-бетті және ескертуді қараңыз). Шарық тоқу кәсіпшілігі 930 мың сом кіріс беріп отыр, ал мұның едәуір бөлігі Кунгур *заводшыларының* айналымы. Және т. т., т. с.

шылдық топтау жай ғана күлкілі нәрсе) және өнеркәсіптің алуан түрлі формаларына сай келетін топтау жасап көрелік. 20 мың жұмысшы жөнінде санақтың беріп отырған проценттік мөлшерін біз авторлардың басқа мәліметтерге сүйеніп, көбейтіп отырған санына — 26 мыңға қолданамыз.

А. Товар өндірісі	Жұмысшылар саны	
I. Капиталистік жолмен пайдаланылатын жұмысшылар		
(1) «Фабрика-завод» жұмысшылары (7 жылдың, 1885—1891 жылдардың мәліметі бойынша, 1 кәсіпорынға орта есеппен 14,6 жұмысшыдан келеді)	19 000 / 42,2%	30 700 / 68,2%
(2) «Майдагерлерге» жалданып істейтін жұмысшылар (барлығының 25 проценті). (Бұлардың төрттен бірі әрқайсысының орта есеппен 14,6 жұмысшысы бар кәсіпорындарда істейді)	6 500 / 14,4%	
(3) Үйлерінде алыпсатарларға жұмыс істейтіндер, яғни 3-кіші топқа жататын семьялы майдагерлер 20%. (Бұлардың көбі 1 және 2-пункттердегі жұмысшылар істейтіп *нақ сол фабриканттарға* жұмыс істейді)	5 200 / 11,6%	
II. Ұсақ товар өндірушілер, яғни 1-кіші топқа жататын семьялы майдагерлер 30%. (Бұлардың үштен біріне жуығы жалдама жұмысшылар ұстайды)	7 800 / 17,4%	

Б. Қолөнер

Селолық (ішінара қалалық) қолөнершілер, яғни 2-кіші топтағы семьялы майдагерлер 25%.
(Бұлардың азғана бөлігі де жалдама жұмысшылар ұстайды) 6 500
14,4%

Барлығы 45 000
100%

Бұлайша топқа бөлуде де қателер бар екенін біз жақсы түсінеміз: мұнда фабриканттар мен заводшылар жоқ, бірақ ондаған жұмысшы жалдап отырған майдагерлер бар; бұған кейбір мануфактурашылар кездейсоқ кіріп отыр, алайда олардың өздері де ерекше бөлініп көрсетілмеген; ал басқа бір мануфактурашылар бұған кірмеген, олар «алыпсатарлар» ретінде мануфактурашыларға жатқызылмаған; бұған бір қаланың қолөнершілері енгізіліп, басқа 11 қаланың қолөнершілері енбей қалған және т. б. Бірақ, қалай болғанмен, бұл топтау *өнеркәсіп формалары* жөніндегі майдагерлер санағының *мәліметтеріне* негізделген, сондықтан көрсетілген қателер топтауда кеткен қателер емес, сол мәліметтің өзінде кеткен қателер *. Қалай болғанда да бұл топтау өмір шындығы туралы дәл ұғым береді, өнеркәсіпке түрліше қатысушылар арасындағы шын қоғамдық-экономикалық қатынастарды, демек, олардың жағдайларын да, олардың мүдделерін де түсіндіреді, ал қандай бір ғылымиэкономикалық зерттеудің болсын алдында тұрған ең зор міндеттің өзі — осылай түсіндіру.

* Майдагер-қолөнершілерге жалданатын жұмысшылар (майдагерлерге жалданатын жұмысшылардың 20 проценті) товар өндірісіне емес, қолөнерге жатқызылуы керек деп, бізге қарсы шығушылар табылуы мүмкін. Бірақ бұл арада жұмыс күшінің өзі товар болып табылады, ал жұмыс күшін сатып алу және сату — капитализмнің негізгі белгісі.

VII

МАЙДАГЕРЛІК ӨНЕРКӘСІПТЕГІ «СҮЙСІНЕРЛІК ҚҰБЫЛЫСТАР»

Егер біз «Очеркте» келтірілген майдагерлік өнеркәсіптің «күнгей жағы» мен «сүйсінерлік құбылыстарын» айтпай кетсек, бізді бір жақты кетті, майдагерлік өнеркәсіптің бірыңғай көлеңкелі жағын көрсетіп отыр деп айыптауы мүмкін.

Мысалы, бізге былай дейді: майдагерлік өндірістегі жалдама еңбектің кейбір ерекше маңызы бар, өйткені мұндағы жалдама жұмысшының өзгешелігі — оның қожайынға «тұрмыс жағынан жақындығы» және оның өзінің де қожайын болып кете «алатындығы». Демек, мұнда майдагерлік өнеркәсіптегі «сүйсінерлік құбылыстар» деп отырғаны — жұмысшылардың бәрін де қожайынсымақтарға айналдыру жөніндегі тек ізгі тілек қана! * Дегенмен, жоқ, бәрін емес, кейбіреулерін ғана, өйткені «басқа адамның еңбегін қанау пиғылы, жалпы алғанда, барлық адамға, соның ішінде майдагерлерге де тән екендігіне күмән жоқ» («Очерк», 6-бет). Ажыратып жатпай-ақ, «барлық адамды» ұсақ буржуамен теңеп отырған бұл сөз, аңқаулығы жағынан, теңдесі жоқ сөз! Күллі дүниеге ұсақ буржуаның көзілдірігімен қарайтын кісінің осындай тамаша шындықты ашатындығына таңырқауға болмайды. 268-бетте «еңбек жағдайына байлапысты (sic!), сөздің шын мағынасымен айтқанда, майдагерлік кәсіпорын деп» 8 жалдама жұмысшысы, 10 мың сомдық өндірісі бар фабриканы айтқан. «Очерктің» 272—274-беттерінде бір кішкене фабрика иесінің (оның 7 жалдама жұмысшысы, 5 үйренушісі бар; жылдық өндірісі 7 мың сом) шаруалар қоғамынан арендаға алған жерге домна пешін салғандығы және майдагерлер банкінен вагранка орнатуға 5000 сом қарыз сұрағандығы айтылған; ондағы дәлелі: «оның кәсіпорнының түгелдей тек жергілікті сипаты бар, өйткені рудалы қоғамның үлесті жерінен жергілікті шаруалар-

* Жалақы төлеу жүйесіне және оның дұрыс төленуіне, жұмысшыларды жалдау тәсілдеріне оларды қанауға, truck-system-ге «тұрмыс жағынан жақындық» қалай әсер ететіндігі жайында бізге еш нәрсе айтылмаған.

дың өздері шығарады». Банк формальды себептермен бұл өтінішті қабылдамаған. Осыған байланысты «Очерк» бұл кәсіпорынды кооперативтік, қоғамдық кәсіпорынға айналдыруды кісі қызығарлықтай етіп суреттейді: бұл «өндірістің ғана емес, сонымен қатар төңірегіндегі өзімен қоғамдас адамдардың да қамын жеп отырған «қожайынның» көңілінен шығатындығына күмән жоқ». Кәсіпорын «руда шығарып, оны және ағаш материалдарын заводқа тасып жеткізіп отыратын қоғам мүшелерінің толып жатқан еңбек мүдделерін қамтиды». «Үй шаруасындағы әйелдердің сыр қайнататын қоғамдық заводқа сүт апаратыны тәрізді, үй қожалары да заводқа руда, көмір, т. б. тасып жеткізіп тұрады. Әрине, сыр қайнататын қоғамдық заводтардағыдан гөрі, мұнда, әсіресе, істің нағыз өзінде, яғни рудадан шойын қорытуға жергілікті шеберлер мен қара жұмысшылар пайдаланылған жағдайда, жұмысты ұйымдастыру анағұрлым күрделі болмақ». Япырай, не деген ғажап! Қара жұмысшылар («қоғам мүшелері») сыр қайнататын заводқа сүт апарып тұратын шаруа әйелдер секілді «заводқа» руда, отын, т. б. жеткізіп беріп отырады!! Басқа банктер сияқты, майдагерлік банк те (егер оның бюрократтық ұйымы кесірін тигізбесе) товар шаруашылығын, капитализмді дамыта отырып, ондай қызметті істей алмайды демекші емеспіз, бірақ, егер ол осымен қатар, қарыз туралы өтініш жасайтын кәсіпкерлердің екі жүзділігін және маниловшылдық бос сөзін[116] өршіте түсетін болса, онда бұл өте көңілсіз болар еді.

Біз бұған дейін, қожаларының өздері де еңбек етеді дегенге сүйеніп, көптеген жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындардың «майдагерлік» кәсіпорын деп жарияланып келгенін көрдік. Бірақ бұл шарт ұсақ буржуалар үшін біраз қолайсыздау болар еді, міне, сондықтан да «Очерк» оны қолайлы етуге тырысады: бақсақ, «тек қана жалдама еңбекпен жүргізілетін» кәсіпорынды да,— егер оның «табысы» қожайынның «жеке басының қатысуына» негізделген болса (295-бет) немесе қожайындар тіпті «өздерінің өндіріске қатысуын кәсіпшілікті жүргізудің алуан түрлі машақатымен шектеуге мәжбүр болса да» (301-бет),— «майдагерлік» деп

атауға болады екен. Япырмау, Пермь халықшылдары қалай керемет «алға басып» отыр? «Жеке басының еңбек етуі» — «жеке басының қатысуы» — «алуан түрлі машақаттар». Mein Liebchen, was willst du noch mehr?* Бақсақ, кірпіш заводтарынан «қосымша табыс» тауып жүрген жалдама жұмысшыларға кірпіш құю кәсіпшілігіндегі жалдама еңбек «ерекше пайда» келтіреді екен (302); оның бер жағында, осы заводтардың қожайындары екінің бірінде «жұмысшылар жалдау үшін ақшаға мұқтаж» болып отырады. «Очерк» мұндай қожайындарға «майдагерлік банк уставының 7-статьясының 3-пунктіне берілген ескерту бойынша, мұндай кәсіпорындарды өте-мөте дәлелді себептердің ретіне жатқызып» (302-бет), майдагерлік банктен кредит беру керек деп қорытынды жасайды. Мұнысы онша сауатты айтылмаған, бірақ оның есесіне өте әсерлі және тым салмақты айтылған! «Қорыта келіп,— дейді кірпіш заводын суреттеудің соңғы жағында,— біздің былай деуге дәлеліміз жеткілікті: кірпіш құю кәсіпшілігінде шаруалардың арасында қожайындар мен жалдама жұмысшылар мүдделерінің ортақтасып кеткендігі сондайлық, бұл кәсіпшілікте артельдер ресми жағынан тіркелмесе де, іс жүзінде мұнда қожайындар мен олардың жалдама жұмысшылары арасында берік жолдастық байланыс бар» (305). Оқушы назарын осы «жолдастық байланыстардың» жоғарыда келтірілген статистикалық суретінің мәліметтеріне аударалық. Халықшылдық экономикалық ұғымдағы шатасқандықтың үлгісі болып табылатын тағы бір сорақылық мынау: «Очерк» жалдама жұмысшылары бар қожайындар тіпті де кулак емес, қайта ақша капиталының иесі кулак болып табылады, өйткені ол «қожайын-майдагердің және оның жалдама жұмысшыларының еңбегін қанайды» (!) дегенді айтып, бір сәттің ішінде жалдама еңбекті қорғап, мақтайды да және сонымен қатар кулактарды былай деп ақылға сыймайтын түрде шамадан тыс қорғай жөнеледі: «кулактар қалай десең де, оларды қанша жамандағанмен, әзірше майдагерлік өндірістің айырбас механизміндегі

* — Шырағым-ау, саған тағы не керек? [117] *Ред.*

қажетті бір тетік... Кулактарды майдагерлік өнеркәсіптің табыстарымен байланыстыра қарағанда, оларды, күмәнсыз, игілікті іс деп тану керек болады, өйткені кулактар болмаса, ешбір ақшалай қаржысы болмаса, онда майдагер жұмыссыз қалуға мәжбүр болар еді» (8-бет)*. Осы әзірше деген нәрсе қашанға дейін созылмақ? Егер сауда және осімқорлық капитал капитализмнің дамуындағы қажетті кезең, *аз өркендеген* капиталистік қоғамның (біздікі сияқты) механизміндегі қажетті бір тетік делінген болса, онда бұл дұрыс болар еді. Осылай ұғындырылған «әзірше» деген сөзді былай түсіну керек: *әзірше* өнеркәсіп еркіндігін, бәсеке еркіндігін (әсіресе шаруалар арасында) сансыз қысымға салушылық бізде капитализмнің ең артта қалған формаларын, ең жаман формаларын қолдап отыр деп түсіну керек. Бірақ бұлай ұғындыру Пермьдегі халықшылдарға, тіпті басқа халықшылдарға да ұнамайды-ау деп қорқамыз!

Артельдерге көшейік, бұлар майдагерлік кәсіпшіліктеп халықшылдардың қалай да тапнақ болатын қауымдық принциптерінің неғұрлым жақын және неғұрлым маңызды көрсеткіші болып табылады-мыс. Бүкіл губерниядағы майдагерлердің *үй басы* жүргізілген санағының мәліметтерін, санақ болғанда, артельдерді тіркеу және оларды зерттеп шығуды алдына міндет етіп қойған санақтың мәліметтерін қарап шығу қызғылықты (14-бет, 2-пункт). Демек, біз бұдан артельдердің алуан түрімен ғана танысып қоймаймыз, сонымен қатар олардың қаншалықты кең тарағандығын да білеміз.

Май шайқау кәсіпшілігі. «Сөздің нағыз шын мағынасында айтқанда, бұл — тұрмыс қажетін өтейтін артель»: Покровский селосында және Гавряты деревнясында май

* «Майдагерлік өнеркәсіп» кітабынан (I том, 39 және келесі беттер) біз осы пікірлерді көріп отырмыз. Мұнда кулактарды (сандық жасау кәсіпшілігіндегі құрастыру шеберханалары қожайындарын) майдагерлік бөліміне енгізбеу керек еді деп жазған «Деловой Корреспондент» [118] газетіне қарсы дау айтылған. «Біздің барлық майдагерлік өнеркәсібіміз,— делінген бұл жауапта,— жеке капиталдардың бұғауында болып отыр, сондықтан егер майдагерлік бөліміне өздерінің шығарған бұйымдарымен ғана сауда жасайтын майдагерлер енгізілетін болса, онда біздің майдагерлік бөлім қаңырап бос қалған болар еді». Өздеріне әбден тән мойындау емес пе? Майдагерлік кәсіпшіліктерді өз уысынан шығармай отырған «жеке капиталдардың» «бұл бұғауын», санақтың мәліметтеріне сүйене отырып, біз жоғарыда көрсетіп өткенбіз.

шайқайтын екі кәсіпорын ағайынды бес адамға қарайды, бұлар өзара енші алысқан, бірақ май шайқайтын кәсіпорынды кезекпен пайдаланып отырады. Бұл фактілердің «өте терең мәнді маңызы бар», өйткені «бұлар майдагерлік кәсіпшіліктердің қауымдық-еңбек мирасқорлығының шарттарын ашып көрсетеді». Әлбетте, «кооператив негізіндегі завод типтес өндірістердің майдагерлер арасында қаншама тарағандығы туралы мәселеде» бұл сияқты тұрмыс «артельдері елеулі үлгі болып табылады» (175—176-беттер). Сонымен, сөздің шын мағынасында артель кооперацияның үлгісі ретінде, қауымдастықтың бейнеленуі ретінде *еншілес мұрагерлердің ортақ меншігінде* тұр екен ғой!! Сірә, егер солай болған күнде «қауымдастықтың», «кооперацияның» нағыз тірегі Римнің азаматтық правосы және condominium * тәртібіне, мұрагерлер мен мұрагер еместердің ортақ меншігіне ие болып отырған біздің X том болса керек [119].

«Ұн тарту өндірісінде... өзіне тән тұрмыстық формаларда шаруалардың артельге бейімділігі бәрінен де айқын көрінді». Көптеген диірмендерді серіктіктер немесе тіпті тұтас бір селолар бірігіп пайдаланады. Диірмендерді пайдаланудың әдістері: ең көп тарағаны — кезектесіп пайдалану; содан соң — таза табысты диірменнің әрбір қосалқы иесі шығарған шығынға қарай жарнаға бөлу; «мұндай жағдайларда серіктес-қожайындардың өндірісте тікелей еңбек етуі сирек болады, өндіріс, әдетте, жалдама еңбекпен жүргізіледі» (181-бет; қара май өндірілетін артельдерде де тәртіп осындай — 197-бет). Таңқаларлық өзгешелік пен артельшілдік деп отырғанымыздың өзі, шындығында — бірлесіп жұмысшы жалдайтын ұсақ қожайындардың ортақ меншігі екен ғой! Диірмендерді, қара май өндірілетін орындарды, ұстаханаларды майдагерлердің *кезектесіп* пайдалануы, керісінше, өндірушілердің адам айтқысыз бытыраңқылығын дәлелдейді, ал бұл өндірушілерді ортақ меншіктің өзі де кооперацияға бұра алмайды.

* — бірлесіп иемдену. *Ред.*

«Артельдік ұйымның бір түрі» — «артельдік ұстахана» (239). Ұста-қожайындар отынды үнемдеу үшін, бір көрікші жалдап (жұмыс күшін үнемдеу үшін!) ұстахана қожайынынан оның дүкен үйін арендаға алып, оның балғасына дербес ақы төлеп, бәрі бірігіп бір ұстаханаға жиналады.— Сонымен, біреудің жеке меншігіндегі затты екінші біреуге ақы алып арендаға беру «артельдік ұйым» болады екен! Онда жамандамай-ақ Рим правосын «артельдік ұйымның» кодексі деп атау керек!.. «Артельдік ұйымда... өндірістегі майдагерлер арасында таптық қалыптасудың жоқ екені туралы жаңа нұсқауға,— біздің артельдік диірмендерден көргеніміздей, егіншілер мен майдагерлер ішінде нақ сол жіктелудің жойылуы туралы нұсқауға душар боламыз» (239). Міне, осыдан кейін қайдағы бір қыңыр-қырсық адамдардың шаруалардың ыдырауы туралы қайталап айтуға батылы барар ма екен!

Демек, бұған дейін, өндірістің өзіндегі бірлесу туралы айтпағанның өзінде, майдагерлердің шикізат сатып алу, өнім өткізу жөнінде *бірлескен* реттері ешбір болған емес! Алайда мынадай да бірлесу бар. Пермь губерниясындағы майдагерлерге үй басы жүргізілген санақ мұндай бірлесудің *бақандай төртеуін* тіркеген, ал бұлардың *бәрі* майдагерлік банктің жәрдемімен жасалған: үшеуі экипаж кәсіпшілігінде, біреуі егіншілік машиналарын жасау өндірісінде болған. Бұл артельдердің біреуінде жалдама жұмысшылар бар (2 үйренуші және 2 жалдама «қосалқы» қызметкер), ал екінші артельде серіктес 2 адам серіктес үшінші адамның ұста дүкені мен шеберханасын өз алдына ақы төлеп пайдаланады. Олар шикізатты бірлесіп сатып алады, өнімді де бірлесіп өткізеді, ал жұмысты жеке шеберханаларда істейді (жоғарыда айтылған ұста дүкені мен шеберхананы ақы төлеп жалдағандар бұған кірмейді). Осы төрт артель 21 семьялы жұмысшыны біріктірген. Пермьдегі майдагерлік банк бірнеше жылдан бері жұмыс істеп келеді. Енді ол банк (көрші ұста дүкенін жалдау үшін) *бір жылдың ішінде* 20 семьялы жұмысшыны емес, 50 семьялы жұмысшыны «біріктіреді» делік. Ол уақытта барлық 15 000 семьялы майдагер жұмысшы «артельдік ұйымға»

аттай 300 жылдың ішінде «біріктіріліп» болады екен. Ал енді осы істі бітірген соң, олар майдагерлердің жалдама жұмысшыларын да «біріктіре» бастайды... Сөйтіп, Пермь халықшылдары мәз-мәйрам болады: «Майдагерлердің дербес ой-пікірінің нәтижесінде туған, осыншалық маңызды экономикалық концепциялар бұл ортада капиталға тәуелсіз еңбекке негізделген өндірістің экономикалық прогресінің берік кепілі бола алады, өйткені бұл фактілерден майдагерлердің дербес еңбек етуге стихиялы түрде ғана емес, қайта осыған саналы түрде ұмтылып отырғанын көрсетеді» (333-бет). Рақым етіңіз, мырзалар! Әрине, маниловшыл бос сөзсіз халықшылдықты ұғынуға да болмайды, бірақ шегін де білу керек қой! Біздің көріп отырғанымыздай, артельдердің *бірде-бірі* «еңбектің капиталға тәуелсіздігіне негізделгендікті» көрсетпейді: артельдердің бәрі — қожайындар мен қожайынсымақтардікі, бұлардың көбінде жалдама жұмысшылар бар. Бұл артельдерде кооперация жоқ, тіпті шикізатты ортақтасып дайындап, өнімді ортақтасып өткізу де күлерліктей сирек кездеседі, бұған біріккен қожайындардың саны да жоқтың қасы. 20 мың жұмысшысы бар 9 мыңға жуық ұсақ кәсіпорындарды есепке алу өндірушілердің *адам айтқысыз бытыраңқылығын, жабайылығын,* олардың ішінде тек ондаған ғана *ортақ меншіктіліктің* және 3—5 қожайынсымақтың шикізат сатып алу және өнім өткізу жөніндегі *онға жетпейтін* бірлестігінің бар екенін ашқап жағдай бірде-бір капиталистік елден табылмайды деп кәміл сеніммен айтуға болады! Бақытымызға қарай, егер біз тоқмейілсіген қожайынсымақтардың өрісі тар жергілікті патриархтық қол өнерін капитализмнің күн сайын тамырынан қалай қырқып жатқанын, жергілікті ұсақ рыноктарды (ұсақ өндіріс күнелтіп отырған рыноктарды) күн сайын қалай қиратып, оларды ұлттық және дүние жүзілік рынокпен ауыстырып жатқанын, қайдағы бір Гавряты деревнясының ғана өндірушілерін емес, тұтас бір елдің, тіпті көптеген елдердің өндірушілерін өзара одақтасуға *мәжбүр етіп отырғанын,* бұл одақтарды бір ғана қожайын мен қожайынсымақтардың шеңберінен шығарып, бұл одақтардың алдына, ағаш материалдары мен темірді неғұр-

лым арзанға түсіру жөніндегі мәселеден гөрі немесе шегелер мен арбаларды неғұрлым тиімдірек сату жөніндегі мәселеден гөрі анағұрлым ірі мәселелерді қойып отырғанын көрмеген болсақ, онда бұл бытыраңқылық *ешқандай жарық-саңылауы жоқ экономикалық және мәдени тоқыраудың ең сенімді кепілі* қызметін атқарған болар еді.

VIII

ӨНЕРКӘСІП САЯСАТЫНЫҢ ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ ПРОГРАММАСЫ

Практикалық жобалар мен шараларды жұрт қашан да өмір шындығындағы «сүйсінерлік», үміт күтерлік жағдайлармен байланыстырып қарайтындықтан, майдагерлік өнеркәсіп жөнінде «Очеркте» қандай тілектер бар екендігі a priori түсінікті; «Очерк» барлық «сүйсінерлік құбылыстарды» ұсақ шаруашылықтағы жалдама еңбекті боямалауға және ұсақ қожайындардың өте-мөте аз және бірыңғай бірлестіктерін дәріптеуге апарып тіреген. Халықшылдардың әдеттегі рецептерін қайталап, бұл тілектер, бір жағынан, өзінің қайшылықтарымен таңдандырады,— екінші жағынан, бос сөздер арқылы ұлы мәселелердің шешіміне айналдырылған қарапайым «шараларды» шектен тыс дәріптеумен таңдандырады. «Очерктің» ең басында, кіріспесінде, тіпті санақтың мәліметтерін баяндаудан бұрын, біз «ақшасыздықты жою (sic!)» жөніндегі «майдагерлік кредиттің міндеті» туралы, «өндіріс пен тұтыну арасындағы айырбасты кооперация жолымен ұйымдастыру» туралы (8-бет), «артельдік ұйымдарды тарату» туралы, майдагерлік қоймалар, техникалық консультациялар, техникалық мектептер ұйымдастыру және т. с. мәселелер туралы (9-бет) көпірме сөздерді кездестіреміз. Бұл сөздер кітапта көп қайталанады. «Кәсіпшіліктің экономикасын майдагерге ақша түсетіндей етіп қайта құру керек; тоқ етерін айтқанда, майдагерді кулактан құтқару керек» (119), «Біздің заманымыздың міндеті» — «кредит арқылы майдагерлерді тәуелсіз етуді» жүзеге асыру және т. с. (267). «Айырбас процестерін рационалдандыру қажет», «шаруалардың егін шаруашылығына кредиттің, айырбастың және өндірістің рационалдық негіздерін енгізуге» (362)

қамқорлық жасау керек, «еңбекті экономикалық жолмен ұйымдастыру» (sic!! 363-бет), «халық шаруашылығы экономикасын рационалды құру» қажет, т. т., т. с. Көріп отырсыздар, бұл — санақ мәліметтеріне жапсырылған кәдімгі таныс халықшылдық іширткі. «Очеркті» құрастырушылар өздерінің халықшылдық сенімін біржола ақтағансып, жалпы ақша шаруашылығын айыптауды ұмытпаған; олар оқушыға: қолөнер «натуралды шаруашылықтың ақша шаруашылығына айналып кетпеу мүмкіншілігін қамтамасыз ету арқылы халық шаруашылығына зор еңбек сіңіреді» деп үйретпек болады. «Халық шаруашылығының көкейтесті мүдделері оның өзі өндіріп шығарған шикізатының, мүмкін қадарынша, айырбас процесіне ақшаның қатысуынсыз, сол жердің өзінде өңделуін талап етеді» (360-бет).

Халықшылдық программа мұнда барынша толық және ашық баяндалған, бұдан артығырақ тілек қоюға мүмкін еместей етіп білдірілген! Біз: «халықшылдық программа» дедік, өйткені біздің көңілімізді аударып отырғаны — «Очеркті» құрастырушылардың басқа халықшылдардан айырмашылығы емес, қайта, мұның керісінше, олардың бәріне бірдей ортақ нәрсе. Біздің көңілімізді аударып отырғаны — халықшылдардың жалпы майдагерлік кәсіпшіліктер жөніндегі практикалық программасы. Бұл программаның негізгі белгілері «Очеркте» айқын көрсетілгендігін аңғару оп-оңай: 1) ақша шаруашылығын айыптау және натуралды шаруашылық пен жабайы қол өнерін жақтау; 2) шаруаның ұсақ өндірісін сүйемелдеу үшін кредит беру, техниканы дамыту және т. б. сияқты әр түрлі шаралар қолдану; 3) қожайындар мен қожайынсымақтардың арасындағы алуан түрлі бірлестіктер мен одақтарды — шикізат, қойма, қарыз-жинақ, кредит және өндіріс серіктіктерін көбейту; 4) «еңбек ұйымдастыру» — сан алуан халықшылдық ізгі тілектерде өте көп тараған сөз. Ал енді осы программаны алып қаралық.

Ең алдымен ақша шаруашылығын айыптау жайына келетін болсақ, онда өнеркәсіп жөнінде бұл айыптау мейлінше бос сөзділік сипатта айтылған. Тіпті Пермь губерниясының өзінде қолөнерді товар өндірісі әлдеқай-

да кейінге ығыстырып тастады, сондықтан оның халі мүлде аянышты; ал біз нақ сол «Очерктің» өзінен «майдагерді тәуелділіктен құтқару» керек, атап айтқанда, «қаржы тауып, жергілікті тұтыну заттары жөніндегі сұранымның шегінен тыс жерде бұйым өткізетін ауданның көлемін кеңейту арқылы» (33-бет) қолөнершінің заказ беруші-тұтынушыға тәуелділігін жою керек дегенді оқимыз. Басқаша айтқанда: ақша шаруашылығын теория жүзінде айыптау, ал іс жүзінде қол өнерді товар шаруашылығына айналдыруға тырысу! Бұл қайшылықтар да «Очерктің» өзгеше қасиеті емес, қайта, бүкіл халықшылдық сәуегейлікке тән қасиет: олар товар (ақша) шаруашылығына қаншама қарсы шығып бақса да, есіктен қуып шығарылған шындық терезеден қайта кіреді, сондықтан олардың өздері жақтап жүрген шаралары нақ сол товар шаруашылығын дамытады. Мысал — кредит. Өздерінің жоспарлары мен тілектерінде халықшылдар товар шаруашылығының өзін жоюға ұмтылмайды. Мысалы, ұсынылып отырған реформалар товар шаруашылығына негізделмеу керек деп «Очерк» бірауыз сөз айтпайды. Қайта, ол тек *айырбастың* рационалды негіздерінің болуын, *айырбастың* кооперативтік жолмен ұйымдастырылуын тілейді. Товар шаруашылығы сақталады, бірақ оған тек *рационалды* негіздерде реформа жүргізілуі керек. Тіпті де жаңалық емес, аса ірі пікір иелерінің ескі экономикалық әдебиетінде болған утопия. Бұл утопияның теориялық жағынан негізсіздігі баяғыда-ақ ашылған болатын, сондықтан бұл мәселеге тоқталып жатудың қажеті де жоқ. Экономиканы «рационалды етудің» қажеттігі туралы сорақы сөздер айтудың орнына — *шын* экономика жөніндегі, тағдырын біздің халықшылдар бюрократтықпен жеңіл-желпі шеше салғысы келетін, мейлінше әр алуан, құрамы әр түрлі болып отырған «майдагерлер» бұқарасының қоғамдық-экономикалық шын қатынастары туралы ең алдымен өздерінің ұғымдарын «рационалды еткен» жөн емес пе? «Еңбек ұйымдастыру» және т. с. жөніндегі «таза» идеясымақтардың рецептері бойынша деп, халықшылдардың ойдан шығарған практикалық шараларының іс жүзінде тек «шаруақор му-

жикке», ұсақ фабрикантқа немесе алыпсатарларға, жалпы ұсақ буржуазияның барлық өкілдеріне көрсетілген көмек екенін шындық бізге бастан-аяқ көрсетіп отырған жоқ па? Бұл тіпті де кездейсоқтық емес, жетілмегендіктің де немесе кейбір шаралардың сәтсіздігінің де салдары емес. Керісінше, товар шаруашылығының жалпы негізі бойынша кредитті де, қоймаларды да, банктерді де, техникалық советтерді де, т. б. бәрінен бұрын және басқалардың барлығынан да ұсақ буржуа көп пайдаланады; бұл сөзсіз және оған пайдалану қажет те.

Ал егер олай болса,— дейді бізге қарсы пікір айтушылар,—егер халықшылдар өздерінің практикалық шараларында түсінбестіктен және ықтиярсыз ұсақ буржуазияның, демек, жалпы капитализмнің дамуына қызмет етіп отырған болса, онда капитализмнің дамуын прогрестік процесс деп принципті түрде мойындаушы адамдардың осы халықшылдардың программаларына шабуыл жасауының не қажеті бар? Іс жүзінде пайдалы программаларға қатесі бар деп, не болмаса — жұмсартыңқырап айтқанда — идеологиялық бағыттары даулы деп шабуыл жасау жөн бола ма, өйткені техникалық білімнің, кредиттің, өндірушілер арасындағы одақтар мен бірлестіктердің «пайдасын» ешкім теріске шығармайды ғой?

Бұл дау ойдан шығарылып отырған жоқ. Ол халықшылдыққа қарсы айтысқа жауаптарда кейде бір түрде, кейде екінші түрде, кейде бір мәселе жөнінде, кейде екінші мәселе жөнінде үнемі естіліп жатады. Біз бұл арада, мұндай даудың, тіпті ол орынды болған күнде де, осы ұсақ буржуазиялық қияли жобаларды аса күшті әлеуметтік ем ретінде көрсетудің бір өзі-ақ орасан зор қоғамдық зиян келтіретінін титтей де теріске шығара алмайтынын сөз қылмай-ақ қоямыз. Біз мәселені қазіргі заманның ең таяу және ең көкейтесті мұқтаждарының практикалық негізіне байланыстыра қойғымыз келеді, сөйтіп осы, *әдейі* тар көлемде алынған тұрғыдан халықшылдық программаға баға бергіміз келеді.

Халықшылдық шаралардың көбі капитализмнің дамуына қызмет етіп, іс жүзінде пайда келтіре тұрса да,

бұл шаралар жалпы және тұтас алып қарағанда: 1) мейлінше дәйексіз, 2) өмірге икемсіз-доктринерлік және 3) дамып келе жатқан капитализм біздің өнеркәсібіміздің алдына қойған шын міндеттермен салыстырғанда ұсақ шаралар болып отыр. Енді осыны түсіндіреміз. Біз, 1-ден, *практиканың* адамдары ретінде халықшылдардың дәйексіз екендігін көрсеттік. Әдетте либералдық экономикалық саясат ретінде сипатталатын, Батыстағы буржуазия жетекшілерінің туына әрқашан жазылып қойылатын жоғарыда көрсетілген шаралармен қатар, халықшылдар осы экономикалық дамуды *тежеу* ниетін сақтауға, капитализмнің прогресіне *кедергі жасауға,* ірі өнеркәсіппен күресте титықтаған ұсақ өндірісті *қолдауға* айла-амал қолданбақшы. Олар жерді дұрыс пайдалану еркіндігіне, көшіп-қону еркіндігіне қысым жасайтын, шаруалардың сословиелік томаға-тұйықтығын, т. с. сақтап қалатын заңдар мен мекемелерді қорғайды. Капитализмнің және ірі өнеркәсіптің дамуын *баяулатарлықтай* ақылға сыйымды дәлел бар ма? — деген сұрақ туады. Біз санақ мәліметтерінен майдагерлердің атышулы «дербестігі» сауда капиталына бағынышты болудан, қанаудың ең жаман түріне түсуден құтқарудың кепілі бола алмайтынын, *іс жүзінде* осы «дербес» майдагерлердің орасан көпшілігінің халі көбінесе майдагерлерге жұмыс істейтін жалдама жұмысшылардың халінен *анағұрлым ауыр* екенін, олардың жалақысының адам айтқысыз аз екенін, еңбек жағдайлары (санитарлық жағдайы және жұмыс күнінің ұзақтығы жағынан алып қарағанда) мүлде нашар екенін, өндірістің бытыраңқы, техника жағынан тым жабайы және мешеу екенін көрдік. «Жермен байланысты» ныгайтатын, халықшылдардың көңілін елжіреткен ол байланысты үзуге *тыйым салатын* полициялық заңдарды сақтап қалатындай ақылға сыйымды қандай болса да бір дәлел бар ма?— деген сұрақ туады *. 1894/95 жыл-

* «Очеркте» қауымның пайдалы екендігі туралы және жерді «дұрыс пайдалану еркіндігінің» залалды екендігі туралы қыза сөйлейді, «жерді дұрыс пайдалану еркіндігі» «пролетариаттың» пайда болуына әкеліп соққан болар еді дегенді де айтып қояды (6-бет). Қауымға жерді дұрыс пайдалану еркіндігін осылай қарама-қарсы қоюдың өзі «қауымның» мейлінше реакцияшыл және зиянды белгілерін айқын көрсетеді.— Жылына 33 және 50 сом жалақы ала тұрса да, *паупсрлср*

дары Пермь губерниясында жүргізілген «майдагерлер санағының» мәліметтері шаруаларды жерге ықтиярсыз матаудың мейлінше мағынасыз екенін айқын дәлелдеп отыр. Бұлайша матау тек олардың табысын төмендетеді, «жермен байланысты» болып отырғанда олардың табысы егінші еместердің табысынан екі есе төмен болып шығып отыр, бұлайша матау олардың тұрмыс дәрежесін төмендетеді, деревняларға бытырап кеткен өндірушілердің ұсақталуын, бытыраңқылығын күшейтеді, олардың әрбір алыпсатар мен шеберше алдында дәрменсіздігін күшейтеді. Сонымен қатар жерге матау егіншіліктің дамуына кедергі жасайды, алайда ол селода ұсақ буржуазия табының пайда болуына бөгет жасай алмайды. Халықшылдар: капитализмнің дамуын бөгеу керек пе әлде бөгемеу керек пе?— деп мәселе қоюдан ат-тонын ала қашады. Олар «отан үшін басқа жол таңдап алудың мүмкіндігі» туралы пікір айтуды артық көреді. Бірақ әңгіме таяудағы практикалық шаралар туралы болып отырғандықтан, қайраткердің қай-қайсысы болса да *осы жолдың* негізіне табан тірейді *. Отанды басқа жолға «сүйреп» шығару үшін қолдан келгеннің бәрін істеңіз! Бірақ мұндай әрекеттен еш нәрсе (күлкіден басқа) шықпайды. Бірақ сол дамуды әдейі *бөгейтін* нәрсені қорғамаңыз, ал «басқа жол туралы» бос сөзбен осы жолда тұрған кедергілерді жою жөніндегі мәселелерді басып тастамаңыз.

Халықшылдардың практикалық программасына баға беруде еске алатын басқа бір жағдай мынау. Халықшылдар өздерінің тілектерін неғұрлым үстірт тұжырымдауға, бұл тілектерді белгілі бір мүдделері бар нақты бір таптардың нақты мұқтаждарына байланыстырмай, «таза» ғылымның, «таза» әділеттіктің абстракт, деректсіз талаптары етіп ұсынуға тырысатындығын біз көрдік те. Кредитті — капиталистік қоғамдағы әрбір қожайын мен қожайынсымақтың ең көкейтесті қажетін — халықшыл еңбек ұйымдастыру жүйесіндегі жай ғана бір эле-

---

қатарына жатқызылмаған «пролетарийді» ең болмағанда бір капиталистік елден іздеп табуға болар ма екен, осыны білер ме еді?

* Ал бұл жол — капитализмнің даму жолы, біздің білуімізше, мұны халықшылдардың өздері де, Н.— он мырза да, В. В. мырза да, Южаков мырза да және т. б. мырзалар да бекер деген жоқ.

мент етіп көрсетеді; қожайындардың одақтары мен бірлестіктері кооперациялау жөніндегі жалпы идеяның, «майдагерлерді тәуелділіктен құтқару» идеясының, т. б. сол сияқтылардың ең бастапқы көрінісі етіп бейнеленеді; ал шынында мұндай одақтардың көздейтіні ондай биік материялармен ешқандай қатысы жоқ екенін, тек осы қожайынсымақтар табысының мөлшеріне, олардың жағдайын нығайтуға, пайдасын көбейтуге байланысты мақсаттарды ғана көздейтінін жұрттың бәрі де біледі. Осы толып жатқан буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық шамалы тілектерді барлық дертке дауа боларлық қайдағы бір әлеуметтік ішірткіге айналдыру осы тілектердің өзін тек қана *әлсіретеді,* олардың тіршілігіне қажетті жүйке тамырларын сылып тастап, көкейтесті тілектердің болуына және іске асырылуына кепілдікті жояды. Әрбір қожайынның, алыпсатардың, саудагердің аса мүдделі мәселелерін (кредит, одақтар, техникалық жәрдем) халықшыл жеке мүдделерден жоғары тұрған жалпы мәселелер етіп қоюға күш салады. Халықшыл осы арқылы мәселелердің маңызын күшейтіп, жоғары көтеріп отырмын деп ойлайды, ал шынында ол халықтың белгілі бір топтары *мүдделі болып отырған* жанды істі филистерлік тілекке, кабинеттік ақылгөйлікке, «пайдалылық туралы» бюрократтық «пікірге» айналдырады. Мұнымен үшінші жағдай да тікелей байланысты. Кредит пен артель, техникалық құралдар, т. б. сияқты практикалық шаралардың дамушы капитализмнің қажеттерін бейнелейтінін түсінбегендіктен, халықшыл ондай дамудың жалпы және негізгі қажеттерін айтып бере алмайды, сөйтіп мұны ұсақ, кездейсоқ алынған, жарым-жарты шаралармен, жеке алғанда ешқандай елеулі ықпал ете алмайтын, сөзсіз сәтсіздікке ұшырайтын шаралармен ауыстырады. Егер халықшыл қоғамның капиталистік жолмен даму қажеттерін жақтаушының көзқарасына ашықтан-ашық және дәйекті түрде көшкен болса, онда ол бұл дамудың *жалпы шарттарын, жалпы талаптарын* аңғарған болар еді, онда ол осы жалпы жағдайлар бар болғанда (нақ бұл ретте бізге ең керегі — өнеркәсіп еркіндігі), өзінің кіші-гірім жобалары мен ұсақ-түйек шаралары өзінен-өзі-ақ жу-

зеге асатындығын, яғни осы шараларды керек ететін адамдардың әрекеттерімен-ақ жүзеге асатындығын көрген болар еді, ал бұл жалпы жағдайларды елемеу, мүлдем жеке сипаттағы практикалық шараларды ұсыну бос әурешілік екендігін көрген болар еді. Мысал үшін өнеркәсіп еркіндігі туралы осы мәселеге тоқталып көрелік. Бір жағынан, бұл — өнеркәсіп саясаты мәселелерінің ішіндегі ең жалпы және ең негізгі мәселе, сондықтан оны талдау өте-мөте орынды. Екінші жағынан, Пермь өлкесінің тұрмыс ерекшеліктері бұл мәселенің аса зор маңыздылығын қызғылықты түрде дәлелдеп отыр.

Бұл өлкенің экономикалық өмірінің басты белгісі тау-кен заводтары өнеркәсібі екені мәлім, бұл өнеркәсіп өлкеге өзінің ерекше таңбасын салып та отыр. Бұл өлкені отарлау тарихы да, оның осы күнгі жағдайы да Уралдың тау-кен өнеркәсібінің жағдайы мен мүддесіне байланысты. «Жалпы айтқанда, шаруалар Уралға сондағы завод иелеріне жұмыс істеу мақсатымен қоныстандырылған»,— деп оқимыз біз Н.-Сергинск заводының бір азаматы Бабушкиннің хатынан, бұл хат «Майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияның еңбектерінде» * келтірілген. Міне, осы бір астарсыз айтылған сөздер завод иелерінің өлке өміріндегі алатын орны орасан зор екенін, олардың әрі помещик, әрі заводшы екенін, олардың бірыңғай және шексіз үстемдік етуге, өздерінің өнеркәсібін капитал мен бәсекеге емес, өзінің иелік правосына негіздеп құратын монополистер жағдайына әдеттеніп алғанын өте дұрыс көрсетіп отыр. Уралдың тау-кен заводтары өнеркәсібінің монополиялық негізі заңдар жинағының VII томындағы (тау-кен уставы) белгілі 394-статьяда көрсетілген; Урал жөнінде жазылған әдебиетте бұл статья жайында көп айтылған және айтылып та жүр. 1806 жылы шыққан бұл заң, 1-ден, қандай фабриканы болсын ашуда тау-кен қалаларының тау-кен бастықтарынан рұқсат алуды талап етеді, ал, 2-ден, заводтарға қарасты жерлерде «барлық өндіріс көмір мен ағаш отынды керек ететін, оттың кү-

* XVI кітап, 594—595-беттер. Цитат «Майдагерлік өнеркәсіп» деген кітапта келтірілген. I, 140.

шімен жұмыс істейтін мануфактуралар мен фабрикалардың бәрін» ашуға тыйым салады. Уралдың тау-кен заводшылары 1861 жылы осы тәрізді заңды шаруаларды азат ету шарттарына да енгізу үшін ерекше күш салды, сондықтан тау-кен заводтарының шеберлері туралы ереженің 11-статьясы да сол сияқты тыйым салуды қайталап отыр *. Оның бер жағында, майдагерлік өнеркәсіп банкі басқармасының 1895 жылғы есебінде былай делінген: «Алайда тау-кен ведомствосы қызметшілерінің, маусымды завод иелерінің өздеріне қарасты жер шеңберінде от күшімен жұмыс істейтін кәсіпорындар *ашуға* рұқсат бермеуі жөнінде және металл өңдеу кәсіпшіліктері өндірісіне түрлі қысымдар жасалуы жөнінде шағымдар жиі түсіп отырады» («Очерк», 223-бет). Сөйтіп, «қайырымды ескі заманның» мызғымас дәстүрлерін Урал осы күнге дейін сақтауда, ал мұндағы ұсақ шаруа өнеркәсібіне көзқарас заводтарды жерге бекітілген заводтық жұмысшы халықпен қамтамасыз еткен «еңбек ұйымдастырылуымен» толық үйлесімде болып отыр. Бұл дәстүрлер «Пермские Губернские Ведомостидің» [120] 1896 жылғы 183-номерінің мына хабарында мейлінше айқын сипатталған; бұл хабар «Очеркте» келтірілген және «көп мағынасы бар хабар» деп дұрыс айтылған. Ол мынау: «Егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрлігі Уралдың тау-кен өнеркәсіпшілеріне Уралда майдагерлік кәсіпшіліктерді дамытуға тау-кен заводтарының шаралар қолдану мүмкіншілігі туралы мәселені талқылауды ұсынды. Тау-кен өнеркәсіпшілері министрлікке былай деп хабарлады: Уралда майдагерлік өнеркәсіптің дамуы ірі өнеркә-

* Қараңыз: «Майдагерлік өнеркәсіп», I, 18—19.— «Очерк» 222, 223, 224.— «Майдагерлік кәсіпшілік жөніндегі есептер мен зерттеулер», бастырған мемлекеттік мүлік және егіншілік министрлігі, III томдағы Егуновтың мақаласы. Егуновтың мақаласын баса отырып, министрлік өзінің ескертуінде автордың көзқарасы «тау-кен ведомствосының көзқарастары мен оның қолындағы мәліметтерге негізінен қарама-қайшы» деп көрсете кетеді.— Красноуфимск уезінде, мысалы, жоғарыда айтылған заң негізінде, 400-дей ұста дүкені жабылған.— Салыстырыңыз: «Майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияның еңбектері», XVI кітап, В. Д. Беловтың «Тау-кен заводы ісіне байланысты Уралдың майдагерлік өнеркәсібі» деген мақаласы. Автор былай дейді: майдагерлер қатал заңдардан қорқып, өздерінің машиналарын жасырып тастаған. Бір майдагер жасыруға оңай болсын деп, бұйым құйып шығаратын пешін *дөңгелекке* орнатыпты! (цитат келтірілген мақаланың 18-беті).

сіпке зиянды болар еді, өйткені Уралда майдагерлік кәсіпшілік нашар дамыған қазірдің өзінде мұндағы халық заводтарға керек жұмысшыларды жеткілікті бере алмай отыр *, ал халық үйінде істеп табыс келтіретін болса, заводтардың мүлдем жұмыссыз қалу қаупі бар» («Очерк», 244-бет). Бұл хабардан кейін «Очеркті» құрастырушылар былай деп лепіреді: «Әрипе, қандай өнеркәсіптің болсын, *ірі, орта* және *ұсақ* өнеркәсіптің болсын, біріншi, қажетті шарты — өнеркәсіп еркіндігі... Өнеркәсіп еркіндігі болсын десек, *оның барлық салалары* заң жүзінде тең праволы болуға тиіс... Уралдағы металл бұйымдарын жасайтын майдагерлік кәсіпшіліктер олардың *табиғи* дамуын тежеу мақсатында заводтық регламенттеу тудырған *төтенше* қысымдардың қайқайсысынан болсын құтылуы керек» (ibid. Курсив біздікі). «Өнеркәсіп еркіндігін» қорғау жөнінде жан тебірентерлік және әбден әділ айтылған осы тираданы оқығанда: өзіне берген арқанды арқан емес, «жай жіп қой»! [121] — деп, құдықтан шығуға асыға қоймаған метафизик жөніндегі бір мысалды еске түсірдік. Сонымен, Пермь халықшылдары да өнеркәсіп еркіндігіне, капитализмнің даму еркіндігіне, бәсеке еркіндігіне келгенде, өнеркәсіп еркіндігі деген не — деп мұрын шүйіре сұрақ қояды да, ол — әншейін бір буржуазиялық талап қой! — деп жауап береді. Олар өздерінің тілектерінде анағұрлым асқақтап кетеді; олар бәсеке бостандығын емес (не деген опасыз, не деген өріссіз, буржуазиялық тілек десеңізші!), «еңбек ұйымдастыруды» тілейді... Бірақ осы маниловшылдық бос қиял бояуы жоқ, дағдылы жай шындықпен «бетпе-бет» кездесе кетсе, онда бұл шындықтан салған жерден-ақ *«еңбек ұйымдастырудың»* иісі мүңк ете түседі, капитализмнің «зияндылығын», оның «қауіптілігін», «Отан үшін басқа жол таңдаудың мүмкіндігін» мүлдем ұмытып, халықшыл *«өнеркәсіп еркіндігі»* туралы жар сала бастайды.

---

* Оқушыға түсіндіре кетелік, тау-кен заводтары өнеркәсібіміздің статистикасы оңтүстіктегі немесе Польшадағы тау-кен ауданымен салыстырғанда, Уралда жұмыс істейтін жұмысшылардың саны олардың өндіретін өнімі мөлшерінен өте көп екендігін бұдан бұрын талай рет көрсеткен болатын. Жалақының төмендігі — жұмысшыларды жерге матаудың салдары — оңтүстікпен және Польшамен салыстырғанда Уралды техника жағынан өте артта қалдырып отыр.

Қайталап айталық, біз бұл тілекті өте-мөте дұрыс тілек деп санаймыз және мұндай көзқарас (бұл — «Очерк» қана емес, тіпті осы мәселе туралы жазған авторлардың бәрі дерлік жақтап отырған көзқарас) халықшылдар үшін үлкен абырой. Бірақ...— Не істе дейсіз! Қазірдің өзінде үлкен әріппен «бірақ» демейінше, халықшылдарды мақтауға тіпті болмайды, алайда бұл жөнінде біз елеулі екі пікір айтқымыз келеді.

Бірінші. Халықшылдардың басым көпшілігі «өнеркәсіп еркіндігі» мен «капитализм еркіндігінің» бір-бірінен ешқандай айырмашылығы жоқ деуіміздің дұрыстығын ызамен бекерге шығаратынына күмән келтіруге болмайды. Олар монополияларды және крепостнойлық правоның қалдықтарын жою «жай» тең праволылықты талап ету ғана, әсте капитализмнің емес, жалпы «бүкіл» халық шаруашылығының, әсіресе шаруалар шаруашылығының мүддесі ғана дейді. Халықшылдардың осыны айтатынын біз білеміз. Бірақ бұлай деу дұрыс емес. «Өнеркәсіп еркіндігіне» «адамның» негізгі және табиғи «правосы» деп («Очерктегі» асты сызылған сөзді салыстырыңыз) идеалистік-абстракт түрде қарау басталғаннан бері, міне, жүз жылдан асты. «Өнеркәсіп еркіндігін» талап ету және бұл талаптың іске асырылуы сол кезден бері бірнеше елді қамтыды, ал қай жерде болса да бұл талап өскелең капитализмнің монополиялардың және регламенттеудің қалдықтарымен сәйкес келмейтіндігінің көрінісі болды, қай жерде болса да алдыңғы қатарлы буржуазияның ұраны болды, қай жерде болса да тек капитализмнің толық салтанат құруына бастады. Теория сол кезден бастап: «өнеркәсіп еркіндігі» деген «таза ақылдың» талабы, үстірт «тең праволылықтың» талабы деу барып тұрған аңқаулық екенін толық ұғындырды, ал сонымен қатар өнеркәсіп еркіндігі туралы мәселенің капиталистік мәселе екендігін көрсетті. «Өнеркәсіп еркіндігін» жүзеге асыру тіпті де «заң жүзіндегі» өзгеріс қана емес; бұл — терең экономикалық реформа. «Өнеркәсіп еркіндігін» талап ету қашан да заң жүзіндегі нормалар (дәуірі өткен өндірістік қатынастарды бейнелейтін) мен *жаңа өндірістік қатынастардың* арасындағы сәйкессіздікті көрсетеді, бұл жаңа

өндірістік қатынастар ескі нормаларға қарамастан, солардан өсіп-өніп, енді солардың жойылуын талап етіп отыр. Егер Уралдағы тәртіптер қазір «өнеркәсіп еркіндігі» туралы жаппай ұран тастап отырған болса, онда бұл помещик-завод иелерінің пайдасын көздеп қабылданған регламенттеудің, монополиялардың және артықшылықтардың *қазіргі шаруашылық қатынастарға, қазіргі* экономикалық күштерге тар келіп отырғанын білдіреді. Бұл қатынастар мен күштер қандай? Бұл — *товар шаруашылығы қатынастары.* Бұл күштер — товар шаруашылығын билейтін *капиталдың* күштері. Тіпті Пермь халықшылының жоғарыда цитат келтірілген «мойындауын» еске түсіріңізші, онда: «біздің барлық майдагерлік өнеркәсібіміз жеке капиталдардың уысында» делінген. Тіпті бұлайша мойындамаған күнде де, майдагерлер санағының мәліметтері бұған айқын дәлел бола алады.

Екінші ескерту. Біз халықшылдардың өнеркәсіп еркіндігін қорғауын құттықтаймыз. Бірақ біз бұл құттықтауды ондай қорғаудың *тыңғылықты түрде жүзеге асырылуына* тәуелді етіп қоямыз. Бірақ «өнеркәсіп еркіндігі» от күшімен жұмыс істейтін кәсіпорындар ашуға Уралда тыйым салынуын жоюда ғана ма екен? Қауымнан шығып кетуге шаруалардың правосы жоқтығы, өзі қалаған кәсіпшілікпен немесе өзі қалаған іспен шұғылдануға правосының жоқтығы «өнеркәсіп еркіндігіне» анағұрлым елеулі тежеу салып отырған жоқ па екен? Көшіп-қонуға еркіндігінің жоқтығы, әрбір азаматтың мемлекет шегіндегі қай қалалық не селолық қауымды болсын мекендеуге еріктілігін заңның танымауы өнеркәсіп еркіндігіне тежеу салып отырған жоқ па екен? Шаруалар қауымының сословиелік томаға-тұйықтығы, бұл қауымға сауда-өнеркәсіп табының өкілдеріне кіру мүмкіндігінің жоқтығы өнеркәсіп еркіндігіне тежеу салып отырған жоқ па екен? және т. т. және т. с. Біз өнеркәсіп еркіндігі ұшырап отырған неғұрлым маңызды, неғұрлым жалпы, неғұрлым кең тараған қысымдарды атадық, бұлар бүкіл Россияға және бәрінен де көп күллі шаруалар бұқарасына өзінің әсерін тигізіп отыр. Егер «ірі, орташа және ұсақ» өнеркәсіп тең праволы

болуға тиісті болса, онда алдыңғы екеуі пайдаланып отырған жер алу правосып ұсақ өнеркәсіптің алуына болмай ма екен? Егер де Уралдағы тау-кен заңдары «табиғи дамуға қысым салатын айрықша тұсау» болып табылатын болса, онда жаппай кепілдік, үлесті жерді сатуға, беріп кетуге рұқсат етпеу, көшіп-қону, тізімге алу, кәсіпшіліктер жәпе кәсіптер туралы айрықша сословиелік заңдар мен ережелер «айрықша тұсау» болып саналмай ма екен? Бұлар «табиғи дамуға қысым» жасамай ма екен?

Халықшылдық бұл мәселе жөнінде де барлық Kleinbürger*-шілдік идеологияға тән нақ сол жарым-жартылық пеп екіжүзділікті көрсетіп отыр, істің мәнісі, міне, осында. Бір жағынан, халықшылдар біздің өмірімізде «еңбек ұйымдастырудың» удельщина заманында пысыққан және қазіргі экономикалық құрылысқа, елдің бүкіл шаруашылық және мәдени дамуына өрескел қайшы келіп отырған толып жатқан қалдықтары бар екенін теріске шығармайды. Екінші жағынан, олар осы экономикалық құрылыс пен осы дамудың ұсақ өндірушіні құртып жіберу қаупін туғызып отырғанын көрмей тұра алмайды, сөйтіп халықшылдар өз «мұраттарының» осы тірегінің тағдыры не болар екен деп қорқып, тарихты кідіртуге, дамуды тоқтатуға тырысады, «тыйым салу керек», «рұқсат етпеу керек» деп жалынып-жалбарынады және осы реакцияшыл бишара былдырлақ үнді «еңбек ұйымдастыру» туралы бос сөздермен бүркемелейді, ал бұл бос сөздер тек ащы кекесін ғана болып естіледі.

Осы заманғы өнеркәсіп мәселелеріндегі *практикалық* халықшылдық программаға қарсы біздің айтатын басты және негізгі келіспеушілік дәлелдеріміз қандай болатыны оқушыларға, әрине, енді айқын болар. Ал халықшылдық шаралар Адам Смиттің заманынан бері қарай *өнеркәсіп еркіндігі* (сөздің кең мағынасында айтқанда) деп аталып келе жатқан, қайта өзгерістің бір бөлімі болғандықтан немесе сонымен үндесіп жатқандықтан бұлар — сондайлық дәрежеде прогрестік шаралар. Бірақ бұлай болған күнде, 1-ден, бұл шараларда

* — ұсақ буржуазияшылдық. *Ред.*

«халықшылдық» еш нәрсе болмайды, әдейі ұсақ өндірісті және отанның «ерекше жолдарын» қолдайтын еш нәрсе болмайды. 2-ден, халықшылдық программаның осы ұнамды бөлігі өнеркәсіп еркіндігі жөніндегі жалпы және негізгі мәселенің орнына жеке және ұсақ жобалар мен шараларды қоюдан әлсіреп, бұрмаланып отыр. Ал халықшылдық тілектер осы заманғы дамуды кідіртпек болып, өнеркәсіп еркіндігіне қарсы келетін болғандықтан, бұл тілектер реакцияшыл әрі мағынасыз болып шығады, сойтіп бұларды жүзеге асырудың зияннан басқа келтірері жоқ. Мысал келтірейік. Кредит. Кредит дегеніміз анағұрлым дамыған товар айналысының, анағұрлым дамыған азаматтық айналымның мекемесі. «Өнеркәсіп еркіндігін» жүзеге асыру коммерциялық іс ретінде кредит мекемелерінің құрылуына, шаруалардың сословиелік томаға-тұйықтығын жоюға, бұларды кредитті анағұрлым көп пайдаланатын таптармен жақындастыруға, мүдделі адамдардың өздігінше бірлесіп, кредит қауымдар, т. с. ашуына әкеліп соқтырмай қоймайды. Керісінше, заңдар мен мекемелер шаруаларды дұрыс және дамыған товар айналысына *жол бермейтін* жағдайда,— мүліктік жауапкерліктің (кредиттің негізі) орнына... *жұмыспен өтеу* бұлар үшін анағұрлым оңай, жүзеге асыруға болатын, қолайлы және көбірек қолданылатын жағдайда ұстап отырғанда, земствошылар мен басқа да «интеллигенцияның» «мужиктерге» ұсынып отырған кредиттік шараларының қандай маңызы болмақ! Мұндай жағдайларда кредиттік шаралар әрқашан да шеттен әкеліиіп, мүлдем қолайсыз топыраққа егілген бұратана, жат өсімдік болып қала бермек, мұндай жағдайларда кредиттік шаралар нағыз *ақша капиталының саудагерлері* мазақ етіп келген, мұнан да былай мазақ ететін тек қиялшыл интеллигент-маниловтар мен ізгі тілекті чиновниктерден ғана туатын — өлі туған бала болып қала бермек. Құр бос сөзділік болмауы үшін, Егуновтың пікірін келтіріп өтейік (цитат келтірілген мақала), ол «материализмді»... жақтайды деп ешкім де күмәндана қоймас. Майдагерлік қоймалар туралы ол былай дейді: «тіпті ең қолайлы деген жергілікті жағдайдың өзінде де бір

жерден табылмайтын және бүкіл уездегі жалғыз қойма өз жеке басының қамын ойлап, үнемі кезумен жүретін саудагердің орнын еш уақытта да баса алмайды». Пермьдегі майдагерлік банк туралы біз мынаны оқимыз: қарыз алу үшін майдагер не банкке, немесе банктің агентіне өтініш беруі керек және кепіл болатын адамдарын көрсетуі қажет. Агент келіп майдагердің өтінішін тексереді, өндірісі, т. б. жөнінде егжей-тегжейлі мәліметтер жинайды, «сөйтіп осы бума-бума қағаздың бәрін майдагердің есебінен банктің басқармасына жібереді». Қарыз алуға рұқсат еткеннен кейін, банк (агент арқылы немесе болыстық басқарма арқылы) борыш міндеттемесін жібереді. Борыш алушы оған қол қойып (қолын болыстық бастықтар арқылы куәландырып) банкке жібергеннен кейін ғана,— банк оған ақша жібереді. Егер қарызды артель алатын болса, онда серіктік шарттың көшірмесі талап етіледі. Агенттер қарыз алған адамдардың істері кері кетпеуі және т. т. үшін, қарыз не нәрсеге берілген болса, нақ сол нәрсеге жұмсалуын бақылап отыруға тиіс. «Банктің кредитін майдагерлердің қолы жететін нәрсе екен деп санауға тіпті болмайтындығы — анық нәрсе; барлық жоғарыда айтылған сергелдеңге түсіп, почталық, нотариалдық және болыстық шығындарды өтеп жүргеннен гөрі, қарыз керек болған күннен бастап сол қарыз алынған күнге дейін, айлар бойы сарғайып күткеннен гөрі және қарыз мерзімі біткенге дейін бақылауда болып отырғаннан гөрі майдагер кредитті жергілікті байдан іздеуді неғұрлым артық көреді деп кәміл сеніммен айтуға болады» (цитат келтірілген мақаланың 170-беті). Қайдағы бір капитализмге қарсы кредит туралы халықшылдық пікір қаншалықты сөлекет болса, «интеллигенттердің» және чиновниктердің күшімен барлық жерде де саудагерлердің нағыз өз жұмысы болып отырған жұмысты (жарамсыз шаралармен) істеп шығамын деп әрекеттенушілік соншалықты өрескел, соншалықты қолапайсыз және пайдасыз.— Техникалық білім. Бұл туралы тіпті сөз қозғамасақ та болатын тәрізді... Әлде біздің белгілі прогресшіл жазушымыз Южаков мырзаның «мәңгі-бақи дұға қылып жүруге» тұрарлық жобасын ес-

ке түсіріп өтсек те болар; бұл жобада ол Россияда егіншілік гимназияларын ашуды ұсынған; ол гимназияларда қаражаты жоқ шаруалар мен шаруа әйелдер, мысалы, аспаз және кір жуушы болып істеп, өздерінің оқу ақысын *өтейтін болсын* дейді...* Артельдер. Олардың таралуына негізгі бөгет Уралдағы кен заңдарына да әсерін тигізген, нақ сол баяғы «еңбек ұйымдастыру» дәстүрлерінде екенін кім білмейді? Өнеркәсіп еркіндігін толық көлемде жүзеге асыру жер-жердің бәрінде де сан қилы одақтар мен бірлестіктердің бұрын болып көрмеген түрде гүлденіп, дамуына жол ашқанын кім білмейді? Халықшылдың өз дұшпанын артельшілдіктің, одақшылдықтың, т. б. жалпы жауы етіп көрсетуге тырысқанын көргенде қатты күлкің келеді. Міне, сау басына сақина тілеу деген осы! Әңгіме тек қана мынада: одақтастық идеялары мен оны жүзеге асырудың жолдарын іздестіргенде, артқа, өткен уақытқа, өндірушілердің бір-бірінен өте-мөте оқшаулығын, бытыраңқылығын және анайылығын тудырып отыратын патриархтық колөнерге және ұсақ өндіріске аландамай, алға, келешекке қарау керек, ірі өнеркәсіпті капитализмнің дамуы жағына қарау керек.

Өзінің меншікті программасына қарсы қойылып отырған осы өнеркәсіп саясатына халықшылдың қандай зор менсінбеушілікпен қарайтынын біз жақсы білеміз. «Өнеркәсіп еркіндігі»! Не деген ескі, не деген тар өрісті, манчестерлік **, буржуазиялық тілек! Халықшыл өзі үшін бұл überwundener Standpunkt *** дейді, осы тілекке негіз болып отырған өтпелі және бір жақты мүдделерден өзін жоғары тұрмын деп біледі, өзін «еңбек ұйымдастыру» жөніндегі анағұрлым терең және анағұрлым таза идеяларға дейін көтеріле алдым деп санайды... Ал іс жүзінде ол тек прогресшіл буржуазия-

* Келесі мақаланы қараңыз. (Осы том, 511—546-беттер. *Ред.*)

** «Өнеркәсіп еркіндігі» фабрикалық заңдарды және т. с. шараларды болдырмайды деп ойлайтын адамдар, сірә, табылып та қалар. «Өнеркәсіп еркіндігі» деп капитализмнің дамуына бөгет жасап отырған *ескіліктен қалған* кедергілерді жоюды айтады. Ал фабрика жөніндегі заңдарды, сондай-ақ осы заманғы Sozialpolitik (әлеуметтік саясат. *Ред.*) деп аталып отырған тағы басқа да шараларды алатын болсақ, олар капитализмнің терең дамуын *көздейтін* және оз тарапынан бұл дамуды *алға қарай итермелейтін* шаралар.

*** — бәрінен де асып түскен көзқарас. *Ред.*

лық идеологиядан осы заманғы экономикалық дамуды тездету талаптары мен оны кідіртіп тастау талаптарының екі арасында, қожайынсымақтардың мүдделері мен еңбек мүдделерінің екі арасында дәрменсіз ауытқыған ұсақ буржуазиялық идеологияға *құлдилап* отыр. Осы соңғылар бұл мәселе жөнінде ірі өнеркәсіп капиталының мүдделеріне сай келеді.

БІР ГАЗЕТ МАҚАЛАСЫ ЖӨНІНДЕ

«Русские Ведомостидің» [122] 239-номерінде (30 август) Н. Левитский мырзаның: «Халық тұрмысына қатысы бар кейбір мәселелер жөнінде» деген кішкене мақаласы басылған. «Деревняда тұрып және халықпен үнемі араласып келген» автор халық тұрмысының кейбір мәселелерін, тиісті «шаралар» арқылы шешу «кезек күттірмейтін қажеттілік», «шұғыл тілек» болып табылатын мәселелеріне «ертеден кездескен-ді». Автор осындай маңызды мәселе жөніндегі өзінің «қысқа заметкаларына» «халық мұқтажына көңіл аударғысы келетін адамдар» үн қосады деп сенім білдіреді, сөйтіп өзі ұсынған мәселелер жөнінде пікір алысуға тілек білдіреді.

Н. Левитский мырзаның кішкене мақаласы «лепірме ырғақпен» жазылуы және лепірме сөздердің көптігі әңгіме қазіргі өмірдің қандай да болса бір маңызды, кезек күттірмейтін көкейтесті мәселелері жөнінде болып отыр ғой деп ойлап қалуға мәжбүр етеді. Ал, шынында, автордың ұсыныстары халықшыл публицистердің орыс жұртшылығын дағдыландырған нағыз маниловтық қияли жобаларға әуесқойлықтың тағы да бір және өте-мөте айқын үлгісін ғана көрсетеді. Міне, сондықтан да біз Н. Левитский мырзаның көтерген мәселелері жөнінде пікір білдіруді теріс көрмедік.

Н. Левитский мырза көтерген «мәселе» (пункт-пунктімен) бесеу; мұның өзінде автор «мәселенің» әрқайсысына тек «жауап» беріп қана қоймай, сонымен бірге тиісті «шараны» да әбден анық көрсетіп өтеді. Бірінші

мәселе — «арзан және жұрттың қолы жететін» кредит, өсімқорлардың, «кулактардың және неше түрлі алпауыттар мен жыртқыштардың» зорлық-зомбылығын жою. Мұны жүзеге асырудың шарасы — «деревнялық шаруа кассаларының оңайлау түрін әзірлеу» деп біледі де, автор мемлекеттік банкінің кассаларынан жинақ книжкаларының жеке адамдардың атына берілмей, бір казначей арқылы жарналар төлеп, қарыздар алып отыратын, әдейілеп құрылған серіктіктердің атына берілуін жобалайды.

Сөйтіп, көптен бері «халықпен араласу» авторды кредит туралы әбден тозығы жеткен мәселе жөнінде: жаңа типті кассалар «әзірлеу керек» деген осындай қорытындыға келтіреді! Сірә, автор ұшы-қиыры жоқ «типтерді», «үлгілерді», «уставтарды», «үлгі уставтарды», «қалыпты уставтарды», т. т. әзірлеуге бізде қағаз бен сия өте аз жұмсалып жүр деп ойлайтын болса керек. «Деревняда тұрса да» біздің практик «кулакты» «арзан және жұрттың қолы жетерлік кредитпен» алмастыру жөніндегі тілектен туатын өте-мөте маңызды мәселелердің ешқандайын байқамаған. Әрине, біз бұл арада кредиттің маңызы туралы әңгімелеп жатпаймыз: біз автордың мақсатын *негізге* аламыз да, автордың ауыз толтыра айтып отырған шараларын таза практикалық тұрғыдан алып қараймыз. Кредит дегеніміз кемелденген товар айналысының мекемесі. Сословиелік заңдар мен тыйым салушылықтың сансыз қалдықтары арқылы товар айналысының дұрыс, емін-еркін, кең және өрістетіле жүргізілуін *болғызбайтын* жағдайларға қойылған біздің шаруаларда мұндай мекеменің болуы мүмкін бе? — деген сұрақ туады. Ең көкейтесті және шұғыл шешілуге тиіс халық мұқтаждары туралы сөз қылғанда, шаруалардың арасында дұрыс товар айналысының жүруіне кедергі болатын, қозғалмалы және қозғалмайтын мүліктердің емін-еркін айналысына, шаруалардың бір орыннан екінші орынға, бір кәсіптен екінші кәсіпке еміп-еркін көшуіне, басқа таптар мен сословие адамдарының шаруа қоғамдарына емін-еркін кіруіне бөгет жасайтын толып жатқан «уставтарды» *жоюдың* қажеттігі туралы мүлде үндемей, кредит туралы мәселені «уставтардың»

жаңа түрін әзірлеуге апарып телу күлкілі емес пе? Кредит кассаларының «уставтарын» жетілдіру арқылы «кулактармен, өсімқорлармен, алпауыттармен, жырт-қыштармен» күресу керек деуден асқан күлкілі нәрсе бола қояр ма екен? Сословиелік томаға-тұйықтықтың салдарынан, товар айналысының дамуына тұсау салып отырған мыңдаған бұғаулардың салдарынан өсімқорлықтың ең нашар түрлері біздің деревнямызда бәрінен де күштірек орып теуіп отыр,— ал біздің практик авторымыз осы бұғаулар жөнінде бірде-бір сөз айтпай, *жаңа* уставтар әзірлеуді деревня кредитінің көкейтесті мәселесі етіп жариялап отыр. Сірә, деревнялары әлдеқашаннап-ақ сауда айналысына сәйкес жағдайларға қойылып, кредит кең өріс алған, кемелденген капиталистік елдер, сірә, осы елдер мұндай табысқа ізгі чиновниктер шығарған «уставтардың» көптігі арқасында жеткен болса керек!

Екінші мәселе — «үй иесі өліп кетсе, шаруа семьясының бишаралық халге ұшырайтындығы», ал сондай-ақ «барлық қолдан келетін шаралар мен әдістерді қолдану арқылы егіншілікте жұмыс істейтін шаруа халықты сақтап, қорғаудың» «өте қажеттігі». Н. Левитский мырзаның «мәселелері» барған сайын ұлғая, зорая түсетінін көріп отырсыздар! Егер бірінші мәселе нағыз дағдылы буржуазиялық мекеме жөнінде болса,— бұл мекеменің пайдалылығын өте зор ескертулер жасай отырып қана мойындай алатын болсақ,— бұл арада біздің алдымызға орасан зор маңызы бар мәселе қойылып отыр, біз оның өте қажеттілігін «принципінде» толық мойындаймыз және автордың бұл сықылды мәселені *қойып отырғандығы* үшін оған өзіміздің ілтипатымызды білдірмей тұра алмаймыз. Бірақ орасан зор мәселеге халықшылдың орасан зор... мұны қалай жұмсартып айтуға болар екен?.. ақылсыз «шаралары» да үйлесе кетеді. Тыңдай беріңіз: «...*бүкіл шаруа халқының өмірін* (қоғам, серіктік, артель, т. т. түрінде) міндетті түрде (sic!) * *жаппай, мүмкіндігінше арзанға түсетіндей етіп өзара қауіпсіздендіруді* ** ұйымдастыру, енгізу —

* — солай! *Ред.*
** Курсив автордікі.

өте-мөте қажетті нәрсе. Сонымен қатар а) жеке қауіпсіздендіру қоғамдарының, б) земствоның және в) мемлекеттің бұл істегі ролін және оған қатысын анықтау қажет».

Мужиктердің өзі не деген аңқау адамдар! Үй иесі өле қалса, семьяға ел кезіп, қайыр сұрап кетуге тура келетінін, астық шықпаса, аштан өлуге тура келетінін, ал кейде астық шыға тұрса да, сәті түспеген «табыс» іздеу сапарынан қайтып келіп, бәрібір тағы да ел кезіп қайыр сұрап кететінін ойламайды! Дүниеде «өмірді қауіпсіздендіру» дегеннің бар екенін, көптеген жақсы мырзалар мұның әлдеқашаннан-ақ пайдасын көріп келе жатқанын, ал екінші бір жақсы мырзалар (қауіпсіздендіру қоғамдары акцияларының иелері) бұдан ақша тауып байып жатқанын бұл ақымақ мужиктер түсінбейді. Ашыққан «Сысойка» [123] өзіндей аш «Митяймен» бірігіп, өмірді өзара қауіпсіздендіру (өте аз, ең аз жарналы!) қоғамын құрса — үй иелері өлген жағдайда, өз семьяларының қамтамасыз етілетінін ұқпайды! Бір тәуір жері, осы аңқау мужиктердің қамын біздің көзі ашық халықшыл интеллигенциямыз ойлайды, мұның өкілдерінің бірі «деревняда тұрып және халықпен үнемі араласып», осы орасан зор, тіпті естен тандырарлықтай зор «жобаға» «ертеден кездескен-ді»!

Үшінші мәселе. «Осы мәселеге байланысты азық-түлік пен өрт жөнінде жалпы империялық капиталдың болып отырғаны сияқты *шаруа халқының өмірін қауіпсіздендіретін жалпы империялық капитал* * құру туралы мәселе қойып, оны талқылау керек». Қауіпсіздендіру үшін капитал туралы мәселені талқылаудың керек екендігі өзінен-өзі түсінікті. Бірақ біздің білуімізше, аса құрметті автор бұл жерде елеулі бір кемшілік жіберген тәрізді. Жобаланып отырған мекеменің сондай-ақ қай министрліктің және қай департаменттің карауына жататындығы туралы да мәселе «қойып, талқылау қажетті» емес пе еді? Бұл мекемелерді, бір жағынан, шаруашылық департаменті бойынша ішкі істер министрлігі басқаратыны даусыз. Екінші жағынан, ішкі істер ми-

* Курсив автордікі.

нистрлігінің земство бөлімі де оған барынша мүдделі. Үшінші жағынан, қауіпсіздендіруді финанс министрлігі де басқаруға тиіс. Сондықтан, мысалы, *мемлекеттік жылқы заводтары бас басқармасы* сияқты, ерекше «міндетті түрде бүкіл шаруа халқының өмірін өзара қауіпсіздендірудің мемлекеттік бас басқармасы» мекемесін жобалау жөн болмас па екен?

Төртінші мәселе. «Одан соң, Россияда алуан түрлі артельдер көп таралуы, сондай-ақ олардың халық шаруашылығы үшін сөзсіз пайдалы және маңызды болуы себепті 4) *Егіншілік және басқа артельдерге жәрдемдесетін* арнаулы бөлек *қоғам* ұйымдастырудың өте-мөте қажеттігі пісіп жетілді». Алуан түрлі артельдерді халықтың қай таптары құрса, олардың сол тайтарға пайда келтіретіні даусыз. Сондай-ақ түрлі таптар өкілдері бірігуінің бүкіл халық шаруашылығына зор пайда келтіретіні де даусыз. «Россияда алуан түрлі артельдер өте көп таралған» дегенді айтып, автор тым босқа көкіп отыр. Батыс европалық елдердің қай-қайсысымен салыстырсақ та, Россияда «алуан түрлі артельдердің» *адам айтқысыз өте аз* екенін, *кісі таңқаларлықтай аз* екенін жұрттың бәрі біледі... Қиялшыл Маниловтан басқа... «жұрттың бәрі біледі». Мұны, мысалы, Н. Левитский мырзаның мақаласынан *бұрын* «Франциядағы синдикаттар» деген қызғылықты, мазмұнды мақаланы басып шығарған «Русские Ведомостидің» редакциясы да біледі, капиталистік Францияда (капиталистік емес Россияға қарағанда) «алуан түрлі артельдердің» ұшы-қиыры жоқ кең өріс алып дамығанын Н. Левитский мырза да сол мақаладан оқып біле алатын еді. Мен «алуан түрлі» дегенді баса көрсетіп отырмын, өйткені, мысалы, Францияда синдикаттардың төрт түрі бар екендігін осы мақаладан оп-оңай көруге болады: 1) жұмысшылардың синдикаттары (419 172 адам қатынасатын 2163 синдикат); 2) қожайындардың синдикаттары (130 752 адам қатынасатын 1622 синдикат); 3) ауыл шаруашылығы синдикаттары (398 048 мүшесі бар 1188 синдикат) және 4) аралас синдикаттар (31 126 мүшесі бар 173 синдикат). Бәрін қосыңыз, Левитский мырза! Сонда сіз «алуан түрлі артельдерге» біріккен миллионға жуық

(979 мың) адамды көресіз, енді шыныңызды айтыңызшы: «Россияда алуан түрлі артельдердің (sic!!!) орасан көп таралғаны» туралы аузыңыздан шыққан сөздерге ұялмайсыз ба? «Франциядағы синдикаттар» жөніндегі жалаң цифрлармен қатар басылған мақалаңыздың кісі күлерліктей әсер ететіп сорақылығын неғып байқамайсыз! Капитализмнің мерезі «алуан түрлі артельдердің көп таралуынан» мақрұм қалдырғаны көрініп тұрған бұл бейшара француздар, сірә, әр алуан қоғамдарды құруға жәрдемдесу үшін... «жеке арнаулы қоғам» құрылсын деген ұсынысқа ішек-сілесі қатқанша күлген болар еді! Бірақ бұл күлкінің Россия тіршілігін түсіне алмайтын, француздың белгілі жеңіл мінезділігінің көрінісі ғана болып табылатындығы өзінен-өзі түсінікті. Бұл жеңіл мінезді француздар алдын ала «артельдерге жәрдемдесетін қоғамдар» құрып алмай-ақ «алуан түрлі артельдерді» құратындығы былай тұрсын, сонымен қатар — horribile dictu * — тіпті түрлі қоғамдардың «үлгісі», «қалыпты» уставтары мен «жеңіл типтерін де» жасап шығармайды!

Бесінші мәселе... «осы қоғамның жанынан (немесе өз алдына жеке)... *Россия мен шетелдердегі кооперация ісін зерттеуге ғана арналған... арнаулы орган шығарудың»* (өте қажеттігі пісіп жетілді)... Иә, солай, Левитский мырза! Асқазаны бұзылып, дұрыс тамақ жеуден қалған адамға, өзге адамдардың қалай тамақтанатыны жөнінде оқып білуден басқа еш нәрсе қалмайды. Бірақ соншалық қатты ауру адамға, сірә, басқа адамдардың тамақтануы туралы оқуға дәрігерлер де рұқсат етпес еді; мұндай оқу диетаға сәйкес келмейтін шамадан тыс тәбет тартқызуы мүмкін... Дәрігерлер мұндай ретте өз ісіне әбден тиянақты болар еді.

Біз Н. Левитский мырзаның шағын заметкасын тәптіштеп толық баяндап шықтық. Атүсті жазылған газет мақаласына осыншама көп тоқталудың қажеті бар ма еді, оған арнап осындай ұзақ түсінік жазудың қажеті бар ма еді? — деп сұрауы мүмкін оқушының. Бүкіл шаруа халқының өмірін міндетті түрде өзара қауіпсізден-

* — айтудың өзі де қорқынышты! *Ред.*

діру туралы біреу (жалпы айтқанда, нағыз игі тілектерді жеткілікті тілейтін біреу) аузына келгенін айта берсе, онда не қадір-қасиет бар? Осы сияқтылар жөнінде тап осындай пікірлерді естіген кездеріміз болған. Бұл пікірлер — мүлде негізсіз пікірлер. Біздің «алдыңғы қатарлы публицистеріміздің» кейде «крепостниктік социализм» рухындағы адам таңқаларлық жабайы «жобаны» айтып ықылық атуы, мұның өзі бей-жай қараудан басқа еш нәрсе емес екені, шындығында, кездейсоқтық емес пе екен? Тіпті «Русское Богатсво» мен «Русские Ведомости» сияқты органдардың — тіпті әсіре халықшылдық органға жатпайтын органдардың, халықшылдардың тым ұшқарылығына, В. В. мырза à la * халықшылдардан алып жасаған қорытындыларға әрқашан да қарсы шығып отырған органдардың, өзінің халықшылдығының жыртық-жамауын қайдағы бір «этикалық-социологиялық мектеп» секілді жаңа жамылғымен бүркеуге тайынбай отырған органдардың, міне, осындай органдардың мезгіл-мезгіл біресе С. Южаков мырзаның қайдағы бір «ағартушылық утопиясын», мүлкі жоқ шаруалардың білім алу ақысын жұмыспен өтеп, егіншілік гимназияларында міндетті түрде орта білім алу жобасын, біресе Н. Левитский мырзаның міндетті түрде бүкіл шаруа халқының өмірін өзара қауіпсіздендіру жөніндегі осынау бір жобасын Россия жұртшылығына өне бойы дамылсыз ұсынып отыруының өзі кездейсоқ нәрсе емес пе екен **.

Бұл құбылысты кездейсоқтық деп түсіндіру тым аңқаулық болар еді. Манилов әрбір халықшылдың желкесінде отыр. Шындық өмірдің және шын экономикалық дамудың нақты жағдайларын елемеушілікті, орыс қоғамының жеке таптарының өзара қатынастағы нақты мүдделерін талдап білгісі келмеушілікті, отанның «мұқтажы» мен «тағдыры» туралы үстірт пікір айтып, бипаздау әдетін, неғұрлым дамыған капитализмге тән сөзсіз анағұрлым дамыған одақтарға менсінбей қарауға

* — сияқты. *Ред.*

** Халықшылдық публицистиканың осы қияли жобаға әуес екі адамын салыстыра келіп, артықшылықты Левитский мырзаға бермеске болмайды, өйткені оның жобасы С. Южаков мырзаның жобасынан *аздап болса да тәуірірек*

байланысты орыс қауымдары мен артельдеріндегі орта ғасырлық одақтардың түкке тұрғысыз қалдықтарына дандайсуды,— міне, осы белгілердің бәрін сіздер белгілі бір дәрежеде халықшылдардың әрқайсысынан-ақ кездестіресіздер. Міне, сондықтан да, оншама ақылды емес, бірақ өте-мөте аңқау бір жазушының бұл белгілерді жақсылық іске лайық өжеттікпен толық логикалық дамуға дейін жеткізіп, қайдағы бір «жобаның» айқын суретіне айналдыруын бақылау өте-мөте сабақ боларлық. Мұндай жобалар әрқашан да айқын болып шығады, айқындығы сонша — осы күнгі ұсақ буржуазияшыл халықшылдықтың біздің қоғамдық ой-пікірлеріміз бен біздің қоғамдық дамуымызға келтіретін зиянын *дәлелдеу* үшін ол жобаларды оқушыға *көрсетудің* өзі-ақ жеткілікті. Мұндай жобаларда күлкілі жайлар әр уақытта көп кездеседі; мұны үстірт оқып шыққанның өзінде көбінесе күлкіңіз келгеннен басқа ешбір әсер алмайсыз. Бірақ оларға егжей-тегжейлі үңіліп қараңызшы, сіз: «бір кезде қайғылы халге ұшыратып жүрмесе, мұның бәрі де күлкілі нәрсе болар еді-ау» [124],— дейсіз.

1897 ж. сентябрьде айдауда жүргенде жазылған

1897 ж. октябрьде «Новое Слово» журналының 1-номерінде басылған
Қол қойған: К. Т — н

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ [125]

1897 ж. аягында айдауда жүргенде жазылған

Бірінші рет Женевада 1898 ж. жеке кітапша болып басылған

Қолжазбасының көшірмесімен, 1907 ж. шыққан Вл. Ильин. «12 жыл ішінде» деген жинақтың текстімен салыстырылып, 1902 жылғы кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

ПРОЛЕТАРІИ ВСѢХЪ СТРАНЪ, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!

РОССІЙСКАЯ СОЦІАЛЬДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ РАБОЧАЯ ПАРТІЯ.

Н. ЛЕНИНЪ.

ЗАДАЧИ РУССКИХЪ СОЦІАЛЬДЕМОКРАТОВЪ

Изданіе 2-е.

СЪ ПРЕДИСЛОВІЯМИ

АВТОРА

И

П. Б. АКСЕЛЬРОДА.

Изданіе Загран. Лиги Русск. Революціонной Соціальдемократіи.

ЖЕНЕВА

Типографія Лиги, Route Caroline, 27.

1902 г.

В. И. Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшасының 2-басылуының мұқабасы.— 1902 ж.

ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ[126]

Ұсынылып отырған кітапша жазылғаннан бері дәл бес жыл өтті, енді ол үгіт жұмысына қажет болғандықтан екінші рет басылып отыр. Бұл аз ғана уақыт ішінде біздің жас жұмысшы қозғалысы алға орасан зор қадам жасады, орыс социал-демократиясының жағдайында, оның күштерінің хал-жайында терең мәнді өзгерістер болды, сол себепті де ескі кітапшаны жай көшіріп басудың қажет болуы, бәлкім, таңқаларлық көрінуі ықтимал. 1897 жылмен салыстырғанда, 1902 жылы «Орыс социал-демократтарының міндеттері» ешбір өзгермегені ме? Ол кезде өзінің партиялық қызметінің «алғашқы тәжірибесін» ғана қорытындылаған автордың да бұл жөніндегі көзқарастары бір қадам алға жылжымағаны ма?

Мұндай (немесе осыған ұқсас) сұрақтар, тегінде, жеке бір оқырманда ғана тумайтын болар, сондықтан біз бұл сұрақтарға жауап беру үшін «Не істеу керек?» деген кітапшаға сүйенуге және сондағы айтылғандардан кейбір жәйттерді толықтыруға тиіспіз. Сүйенгенде — автор социал-демократияның *осы заманғы* міндеттеріне өзінің көзқарастарын баяндағанын көрсету үшін сүйенеміз; қазір қайта басылып отырған кітапша жазылған кездегі жағдайлар туралы және орыс социал-демократиясының дамуындағы ерекше «кезеңге» бұл кітапшаның қатысы туралы ондағы айтылғандарды (31—32, 121, 138-беттер) * толықтырамыз. Жалпы мен бұл кі-

* Қараңыз: Шығармалар, 5-том, 416, 536, 561—562-беттер. *Ред.*

тапшада («Не істеу керек?») осындай төрт кезеңді атаған едім, мұның өзінде соңғысы, «қазіргі шаққа, аздап болашаққа» жатқызылды, 1897—1898 жылдардан бастап «экономикалық» бағыттың [127] үстемдік етуі (немесе, ең кемі, кең тарауы) үшінші кезең, 1894—1898 жылдар екінші, 1884—1894 жылдар бірінші кезең деп аталды. Үшінші кезеңнен өзгеше, екінші кезеңде социал-демократтардың өз арасында алауыздық болған жоқ. Ол кезде социал-демократия идеялық жағынан біртұтас еді, сөйтіп сол кездің өзінде-ақ сонымен бірге оның практикалық, ұйымдық жағынан да (Россияның социал-демократиялық жұмысшы партиясын құру) [128] біртұтастығына жету үшін әрекет жасалған еді. Ол кезде социал-демократтардың басты назары партияның қайсы бір ішкі мәселелерін айқындап алуға және шешуге (үшінші кезеңдегі сияқты) аударылған жоқ, ол, бір жағынан, социал-демократияның дұшпандарымен идеялық күрес жүргізуге, екінші жағынан, партияның практикалық жұмысын дамытуға аударылды.

Ол кезде социал-демократтардың теориясы мен практикасы арасында антагонизм болған жоқ; ал «экономизм» үстемдік еткен дәуірде мұндай антагонизм болған еді.

Ұсынылып отырған кітапшада социал-демократияның нақ сол кездегі жағдайы мен сол кездегі «міндеттерінің» ерекшеліктері баяндалған. Кітапша практикалық жұмысты тереңдетуге және кеңейтуге шақырады. Қайсы бір ортақ көзқарастардың, принциптердің және теориялардың анықталмағандығы бұған ешқандай «кедергі» жасай алмайды, саяси және экономикалық күресті ұштастыруда қиындық (ол кезде жоқ болған) тумайды деп есептейді. Кітапша социал-демократияның дұшпандарына өзінің принципті түсініктерін баяндайды, халық еріктілері [129] мен халық правошыларына [130] олардың жаңа қозғалыстан шет жүруге итермелейтін теріс ұғымдары мен қателіктерін түсіндіреді.

Енді міне қазір, «экономизм» кезеңі, сірә, аяқталып келе жатқан уақытта, социал-демократтардың позициясы осыдан бес жыл бұрынғы позициямен тағы да ұқсас болып шығып отыр. Әрине, біздің алдымызда тұрған қа-

зіргі міндеттер осы уақыт ішінде қозғалыстың орасан зор көлемде өсуіне сәйкес әлдеқайда күрделіленді, алайда, қазіргі кезеңнің негізгі ерекшеліктері «екінші» кезеңнің ерекшеліктерін анағұрлым кеңірек базисте және үлкенірек масштабта бейнелеп бере алады. Экономизмнің құруына қарай, біздің теориямыз, программамыз, тактикалық міндеттеріміз және практикамыз арасында сәйкессіздік те құрып бітеді. Біз тағы да практикалық жұмысты тереңдетуге және кеңейтуге батыл шақыра аламыз және шақыруға тиіспіз де, өйткені бұл жұмыстың теориялық алғы шарттарын тазарту қазірдің өзінде едәуір дәрежеде істелген. Біз тағы да Россиядағы социал-демократиялық емес астыртын бағыттарға ерекше назар аударуға тиістіміз, мұның өзінде біздің алдымызда өткен ғасырдың 90-жылдарының бірінші жартысындағы сияқты шын мәнісінде тағы да сол бұрынғы, бірақ анағұрлым дамыған, қалыптасқан, «кемелденген» бағыттар тұрады.

Халық ерікшілері өздерінің ескі бүркеншін сыпырып тастаудың барысында «социалист-революционерлерге»[131] айналуға дейін жетіп, осылай аталудың өзімен-ақ олардың орта жолда тоқтап қалғанын көрсеткендей болды. Олар ескіден («орыс» социализмінен) артта қалып қойды, бірақ жаңаға (социал-демократияға) келіп қосылған жоқ. Революциялық социализмнің осы заманғы адамзатқа мәлім бірден-бір теориясын, яғни марксизмді, олар буржуазиялық («социалистер»!) және оппортунистік (-«революционерлер»!) сынның негізінде архивке тапсыруда. Идеясыздық пен принципсіздік оларды практика жүзінде интеллигенция, пролетариат және шаруалар секілді әлеуметтік топтар мен таптарды қатар қоюға тырысуынан да, олардың «ұдайы» террорды даурыға уағыздауынан да, олардың тамаша деген аграрлық программа минимумынан да (жерді социализациялау,— кооперациялау,— кесінді жерге бекіту. Қараңыз: «Искра»[132] 23 және 24 *-номерлері), олардың либералдарға көзқарастарынан да (қараңыз: «Революционная Россия»[133], № 9 және Житловский мырзаның «Осво-

* Қараңыз: Шығармалар, 6-том, 190—213-беттер. *Ред.*

бождениеге» [134] «Sozialistische Monatshefte» [135]-нің 9-номерінде басылған рецензиясы) және бізге, тегінде, әлі талай рет әңгіме қылуға тура келетін көптеген басқа жәйттерден де көрініп отырған «революциялық авантюризмге» апарып соғуда. Россияда әлеуметтік элементтердің және интеллигенттік тұрақсыздыққа нәр беретін, радикалдық пиғылдағы адамдардың күні өткен ескімен өмір сүруге икемсіз сәндіні ұштастыруға құмартуды тудыратын, олардың өз ісін өзінің тап күресін жүргізуші пролетариатпен тоғыстыруына кедергі келтіретін шарттардың әлі көптігі сонша лық,— орыс социал-демократиясына «әлеуметтік-революциялық» секілді бағытпен немесе бағыттармен капиталистік эволюция және тап қайшылықтарының шиеленісуі олардан сүйенетін негіз атаулыны тартып алып болғанға дейін санасуға тура келетін болады.

1897 жылы қазіргі социалист-революционерлердің екі ұштылығынан кем емес екі ұштылықпен (қараңыз: төменіректе, 20—22-беттер) * көзге түскен халық правошылары осының салдарынан сахнадан өте тез кетті. Алайда, олардың «байыпты» идеясы — саяси бостандықты талап етуді социализмнен мүлде бөліп тастау — өлген жоқ және өлуге тиісті де емес еді, өйткені Россияда ірі және ұсақ буржуазияның нағыз әр түрлі топтары арасында либералдық-демократиялық ағымдар өте күшті және онан сайын күшеюде. Сондықтан халық правошыларының заңды мұрагері, олардың айқын, дәйекті, жетілген ізбасары Россиядағы буржуазиялық оппозицияның өкілдерін өзінің төңірегіне топтастыруға тырысқан либералдық «Освобождение» болды. Ескі, реформаға дейінгі Россияның, патриархтық шаруалардың, қауыммен де, ауыл шаруашылық кооперацияларымен де, «қолға түспес» террормен де бірдей әуестене алатын интеллигенцияның ескі типінің жетіліп болып, күні өтуі қаншалықты сөзсіз болса, топас, тағы, тым қымбатқа түсетін, оның үстіне социализмнен ешбір қорғамайтын абсолюттік үкіметті асырау пайдасыз екепін ұғына бас-

* Қараңыз: осы том, 502—503-беттер. *Ред.*

тағаи, байсалды либерализмге бой ұрған,— таптық күрес пен таптық үстемдіктің европалық формаларын талап етуші,— өздерінің буржуазиялық таптық мүдделерін жалпы таптық күресті бекерге шығарумен бүркемелеуге (пролетариаттың ояну және өсу дәуірінде) жаратылысынан ұмтылып келген капиталистік Россияның дәулетті таптарының, буржуазия мен ұсақ буржуазияның өсіп, жетілуі соншалықты сөзсіз.

Сондықтан да біз «земстволық конституциялық партияны»[136] құруға тырысушы либерал-помещик мырзаларға бұл үшін алғыс айта аламыз. Біріншіден,— маңызы кемірегінен бастайық,— біз жалпы алғанда бернштейншілдіктің, әсіресе, орыс бернштейншілдігінің шын маңызын барша жұрттың және әркімнің алдында нақты мысалмен дәлелдеп беруге жәрдемдесіп, Струве мырзаны квазимарксшілден біржола либералға айналдыру арқылы оны орыс социал-демократиясынан әкеткені үшін оларға алғыс айтамыз. Екіншіден, «Освобождение» орыс буржуазиясының әр түрлі топтарын саналы либерал етуге тырысып, бұл арқылы бізге жұмысшылардың орасан көп қалың бұқарасын саналы социалистерге айналдыруды тездетуге көмектеседі. Бізде көмескі, либералдық-халықшылдық квазисоциализмнің көп болғандығы және әлі де болып отырғандығы соншалық, онымен салыстырғанда жаңа либералдық бағыт бір қадам алға басқандық болып табылады. Орыстың либерал және демократияшыл буржуазиясын көрнекі түрде бейнелеп беру, жұмысшылардың халықаралық социал-демократиямен біртұтас дербес саяси партиясын құрудың қажеттігін түсіндіру енді жұмысшыларға оңайға түседі,— интеллигенттерді өздерінің позицияларын: либерализм жағында ма *әлде* социал-демократия жағында ма екенін батыл анықтауға шақыру енді оп-оңай болады,— шалағай теориялар мен бағыттар енді осы екі өскелең және күшейіп келе жатқан «антиподтардың» тастары арасына түсіп, соншалықты тез ұнтақталатын болады. Үшіншіден,— әрине, бұл ең маңыздысы,— *егер* либералдар өздерінің оппозициясымен самодержавиенің буржуазияның және интеллигенцияның кейбір топтарымен одағын

әлсірететін болса, біз оларға алғыс айтатын боламыз. «Егер» деп отырған себебіміз, өздерінің самодержавие алдында наздануымен, өздерінің тыныш мәдени жұмысты дәріптеуімен, өздерінің «тенденцияшыл» революционерлерге қарсы соғысымен және т. с. с. либералдар самодержавиені әлсіретуден гөрі самодержавиемен күресті әлсіретіп отыр. Либералдардың қандай да болсын шалағайлығын, олардың үкіметке жарамсақтануға тырысқан қандай да болсын әрекетін ұдайы әрі ымырасыз әшкерелей отырып, біз бұл арқылы либерал буржуа мырзалардың саяси қызметінің бұл сатқындық жағын әлсірететін боламыз, біз бұл арқылы олардың шуйцасын күйретіп, деспицасы [137] қимылдарының неғұрлым нәтижелі болуын қамтамасыз етеміз.

Сонымен, халық ерікшілері де, халық правошылары да олардың шын мәніндегі талаптары мен шын мәніндегі жаратылысының дамуы, анықталуы және қалыптасуы тұрғысынан алғанда алға қарай аса үлкен қадамдар жасады. Өткен ғасырдың 90-жылдарының бірінші жартысында революцияшыл жастардың шағын үйірмелерінің арасында болған күрес енді жетілген саяси бағыттардың және нағыз саяси партиялардың батыл күресі ретінде қайта басталып отыр.

Сондықтан, «Міндеттерді» қайта басу, бәлкім, партияның таяудағы өткендегісін оның жас мүшелерінің есіне салатыны, социал-демократтардың басқа бағыттардың арасындағы енді ғана толық айқындалған қазіргі жағдайының қалай туғанын көрсететіні, қазіргі кезеңнің мәнісі жағынан бір тектес, бірақ анағұрлым күрделі «міндеттерін» айқынырақ және анығырақ ұғынуға жәрдемдесетіні тұрғысынан алғанда да пайдасыз болмас.

Қазір социал-демократияның алдына өз арасындағы алауыздық пен тұрақсыздықтың қандайын болмасын жойып, тығызырақ топтасу, сөйтіп революциялық марксизмнің туы астында ұйымдық жағынан бірігу,— іс жүзінде жұмыс істеуші социал-демократтардың бәрін біріктіруге, олардың қызметін тереңдетіп, кеңіте түсуге барлық күш-жігерді жұмсау, сонымен бірге социал-демократияға көптен бері сапасуға тура келіп жүрген

жоғарыда аталған екі бағыттың шын маңызын интеллигенттер мен жұмысшылардың неғұрлым көбірек бұқарасының анықтап алуына баса назар аудару міндеті ерекше күшті қойылып отыр.

1902 жылғы август.

Н. Ленин

Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы Женевада шығарған кітапшада, 1902 ж. декабрьде басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

ҮШІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітаптың үшінші басылымы Россияда революцияның дамуындағы жаңа кезеңде, кітапша жазылған 1897 жылдағыдан және ол екінші рет басылған 1902 жылдағыдан да елеулі түрде өзгеше кезеңде шығып отыр. Кітапшада жұмысшы және революциялық қозғалыстың қазіргі жайына, сондай-ақ Россия социал-демократиялық партиясының жайына сай келетін қазіргі кезеңнің міндеттері нақты көрсетілген жоқ, онда социал-демократия міндеттерінің жалпы очеркі ғана берілген. Біздің партиямыздың қазіргі кезеңдегі міндеттеріне мен «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» (Женева, 1905 ж.) * деген кітапшаны арнадым. Осы екі кітапшаны салыстырудан оқырмандар автордың социал-демократияның жалпы міндеттері мен қазіргі кезеңнің арнаулы міндеттері жөніндегі көзқарастары қаншалықты дәйекті түрде дамығаны туралы өзі үшін қорытынды шығара алады. Оның бер жағында, мұндай салыстырудың пайдасыз еместігі біздің либералдық-монархиялық буржуазияның көсемі Струве мырзаның жуырдағы бір қылығынан да көрініп отыр, ол «Освобождениеде» революциялық социал-демократияны (РСДРП III съезі [138] арқылы) қарулы көтеріліс [139] туралы мәселені бүлікшілік және дерексіз-революцияшылдық тұрғыдан қояды деп кінәлады. «Орыс социал-демократтарының міндеттерін» (1897 ж.), «Не істеу керек?»

* Қараңыз: Шығармалар, 9-том, 1—131-беттер. *Ред.*

(1902 ж.) * пен «Пролетарийді» [140] (1905 ж.) жай салыстырудың өзі освобождениешілдердің [141] таққан кінәсын бекерге шығарып, социал-демократтардың көтеріліске көзқарасының дамуы Россияда революциялық қозғалыстың дамуымен байланысты екенін дәлелдейтінін біз «Пролетарийде» (№ 9, «Революция үйретеді» **) бұған дейін-ақ көрсеткеп болатынбыз. Освобождениешілдердің таққан кінәсы өздерінің революцияға опасыздық жасағанын, халық мүдделеріне опасыздық қылғанын, өздерінің патша өкіметімен сөз байласуға тырысып отырғанын бүркемелеуге тырысушы либералдық монархияны жақтаушылардың оппортунистік әрекеті ғана болып табылады.

1905 жылғы август. *Н. Ленин*

РСДРП Орталық Комитеті Женевада шығарған кітапшада, 1905 ж. күзде басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: Шығармалар, 9-том, 138—148-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар, 5-том, 369—574-беттер. *Ред.*

90-жылдардың екінші жартысы орыс революциялық мәселелерін көтерудің және шешудің тамаша жандануымен сипатталады. Революцияшыл жаңа партия — халық правошылары партиясының пайда болуы, социал-демократтар ықпалының өсуі және табысқа жетуі, халық еріктілерінің ішкі эволюциясы — осының бәрі, социалистердің — интеллигенттер мен жұмысшылардың — үйірмелерінде де, құпия әдебиетте де программа мәселелерінің қызу талқылануын туғызды. Құпия әдебиетте бұл мәселенің қандайлық орын алғаны жөнінде «Халық правосы» партиясының «Көкейтесті мәселе» деген кітапшасы мен «Манифесін» (1894), «Летучий Листок «Группы народовольцевті»», шетелде «Орыс социал-демократтарының одағы» [142] шығарып тұрған «Работникті», Россиядағы, көбінесе жұмысшыларға арнап, революциялық кітапшалар шығару жөніндегі қызметтің күшейіп келе жатқандығын, 1896 жылғы атақты Петербург стачкаларына байланысты С.-Петербургтегі социал-демократиялық «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» үгіт қызметін және т. т. атап өтуге болады.

Біздің көзқарасымызша, қазіргі кездегі (1897 жылдың аяғы) аса зәру мәселе — социал-демократтардың *практикалық* қызметі туралы мәселе. Біз социал-демократизмнің *практикалық* жағын баса көрсетіп отырмыз, өйткені, бір жағынан, оның теориялық жағы дұшпандарының қасарыса түсінбеуінің, жаңа бағытты оның

көріне бастаған шағында-ақ жойып жіберуге барынша ұмтылуының, екінші жағынан, социал-демократизмнің негіздерін қызу қорғаудың неғұрлым шиеленіскен кезеңінен енді, сірә, өтсе керек. Қазір социал-демократтардың теориялық көзқарастарының *басты және негізгі белгілері* мейлінше айқындалып отыр. Социал-демократизмнің *практикалық* жағы туралы, оның саяси *программасы* туралы, оның қызмет әдістері туралы, оның тактикасы туралы мұны айтуға болмайды. Біздіңше, жаңылысушылық пен өзара түсінбеушілік дәл осы салада тым көп, мұның өзі теория саласында халық ерікшілерінен бүтіндей қол үзген, ал практика саласында не істің бет алысының өзімен-ақ жұмысшылар арасында үгіт, насихат жүргізуге бет бұрып жүрген, тіпті, ол ол ма: өзінің жұмысшылар арасындағы қызметін *тап күресі* негізіне қою пікіріне келіп жүрген; немесе *демократиялық* міндеттерді бүкіл программаның және бүкіл революциялық қызметтің негізі етіп айрықша бөліп алуға тырысып жүрген революционерлердің социал-демократизммен толық жақындасуына кедергі болып отыр. Егер, біз қателеспесек, соңғы мінездеме қазір Россияда социал-демократтармен қатар жұмыс жүргізіп отырған революциялық екі топқа, атап айтқанда: халық ерікшілері мен халық правошыларына тура келеді.

Сондықтан социал-демократтардың *практикалық* міндеттерін түсіндіруге және олардың программасы қазіргі бар үш программаның ішіндегі ең тиімді программа, ал оған қарсы айтылып жүрген дәлелдер түсініспеушілікке негізделген дәлелдер деген пікірді баяндауға әрекет жасау, біздіңше, дер кезінде істеліп отырған сияқты.

Жұртқа мәлім, социал-демократтардың практикалық қызметі алға қойып отырған міндет — пролетариаттың тап күресіне басшылық ету және бұл күресті екі түрінде бірдей: социалистік (капиталистер табына қарсы, таптық құрылысты қиратып, социализм орнату жолындағы күрес [143]) және демократиялық (абсолютизмге қарсы, Россияда саяси бостандықты жеңіп алу және Россияның саяси және қоғамдық құрылысын демократияландыру жолындағы күрес) күрес түрінде ұйымдастыру. Біз: *жұртқа мәлім* дедік. Шынында да, өзінің ай-

рықша әлеуметтік-революциялық бағыт ретінде алғаш пайда бола бастаған күнінен-ақ орыс социал-демократтары өз қызметінің осындай міндетін әрқашан мейлінше айқын көрсетіп келді, пролетариаттың тап күресінің көрінісі мен мазмұны екі жақты екендігін әрқашан атап айтып келді, өздерінің социалистік міндеттері мен демократиялық міндеттерінің арасындағы тығыз байланысты, олардың қабылдап алып отырған атынан айқын көрінетін байланысты әрқашан қорғап келді. Әйтсе де, саяси күресті елемейді деп, т. б. кінә тағып, социал-демократтар туралы мүлде теріс пікірде жүрген социалистерді кейде осы күнге дейін жиі кездестіресіз. Орыс социал-демократиясы практикалық қызметінің екі жағын да сипаттап көрсетуге біршама тоқталып өтейікші.

Социалистік қызметтен бастайық. Санкт-Петербургтегі социал-демократиялық «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» Петербург жұмысшылары арасында жұмыс жүргізе бастағаннан бері бұл саладағы социал-демократиялық қызметтің сипаты толық айқын болса керек еді. Орыс социал-демократтарының социалистік жұмысы — ғылыми социализм ілімдерін *насихаттау,* қазіргі қоғамдық-экономикалық құрылыс, оның негіздері және оның дамуы туралы, орыс қоғамындағы әр түрлі *таптар* туралы, олардың өзара қатынасы туралы, бұл таптардың өзара күресі туралы, бұл күрестегі жұмысшы табының ролі, оның кері құлдилап бара жатқан және өсіп келе жатқан таптарға, капитализмнің өткені мен келешегіне көзқарасы туралы, халықаралық социал-демократия мен орыс жұмысшы табының тарихи міндеті туралы жұмысшылар арасында дұрыс түсінік тарату. Насихатпен тығыз байланыста жұмысшылар арасындағы *үгіт* тұр; ол Россияның қазіргі саяси жағдайында және жұмысшылардың сана-сезімінде, әрине, алдыңғы қатардан орын алады. Жұмысшылар арасындағы үгіттің мәні мынада: жұмысшы табы күресінің барлық стихиялы көріністеріне, жұмысшылардың капиталистермен жұмыс күні, жұмыс ақысы, еңбек жағдайлары, т. б. жөніндегі барлық қақтығыстарына социал-демократтар қатысып отырады. Біздің міндетіміз — өз қызметімізді жұмысшылар өмірінің практикалық, тұр-

мыстық мәселелерімен ұштастыру, жұмысшылардың осы мәселелерді дұрыс түсінуіне көмектесу, шектен шыққан қиянаттарға жұмысшылардың назарын аудару, олардың қожайындарға қоятын талаптарын неғұрлым анық және неғұрлым қолайлы етіп тұжырымдауына көмектесу, жұмысшылардың өзара ынтымақтастық санасын, пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік армиясының бір бөлігі саналатын біртұтас жұмысшы табы ретінде барлық орыс жұмысшыларының ортақ мүдделері мен ортақ ісін түсінуін дамыту. Жұмысшылар арасында үйірмелер ұйымдастыру, олардың өз арасында және социал-демократтардың орталық тобы арасында дұрыс және конспиративтік байланыс орнату, жұмысшы әдебиетін шығару және тарату, жұмысшы қозғалысының барлық орталықтарынан корреспонденциялар ұйымдастыру, үгіт листоктары мен прокламациялар шығарып, оларды тарату, тәжірибесі мол үгітшілер даярлау — орыс социал-демократиясының социалистік қызметіндегі көріністер, жалпы алғанда, міне, осындай.

Біздің жұмысымыз ең алдымен және көбінесе қаладағы фабрика-завод жұмысшыларына бағытталған. Орыс социал-демократиясы өзінің күшін бытыратпауы керек, ол социал-демократиялық идеяларды тез ұғатын, ақыл-парасат жағынан да, саясат жағынан да неғұрлым дамыған, саны жағынан да, еліміздің ірі саяси орталықтарында шоғырлануы жағынан да анағұрлым маңызды өнеркәсіп пролетариаты арасында жұмыс жүргізуге назар аударуы керек. Сондықтан қаладағы фабрика-завод жұмысшылары арасында берік революцияшыл ұйым құру — социал-демократияның бірінші және көкейтесті міндеті, қазіргі кезде бұл міндетті қағыс қалдыру барып тұрған ақылсыздық болар еді. Бірақ, фабрика-завод жұмысшылары арасында жұмыс жүргізуге күш салудың қажеттігін мойындап, күшті бытыратуды айыптай отырып, біз орыс социал-демократиясы орыс пролетариаты мен жұмысшы табының басқа топтарын елеусіз қалдырады деуден аулақпыз. Тіпті де олай емес. Орыстың фабрика жұмысшысы өзінің тіршілік жағдайына орай екінің бірінде майдагерлермен — қалалар мен деревняларда фабрикадан тыс қалып, бытырап жүрген

және тұрмысы өте-мөте нашар осы өнеркәсіп пролетариатымен қалайда өте тығыз қатынас орнатуға мәжбүр. Орыс фабрика жұмысшысы село халқымен де қолма-қол араласып отырады (фабрика жұмысшысы семьясының деревняда тұруы жиі кездеседі), ал, олай болса, оның село пролетариатымен, профессионал батырақтардың, күндікші жұмысшылардың миллиондаған бұқарасымен, сондай-ақ аядай жерін тастап кете алмай, жұмыс істеп салығын өтеумен және неше түрлі кездейсоқ «табыстармен», яғни сондай жалданумен күнелтетін күйзелген шаруалармен де жақындаспауы мүмкін емес. Орыс социал-демократтары өздерінің күш-жігерін майдагерлер мен село жұмысшыларының ортасына қарай *бағыттауды* ерте деп біледі, бірақ олар бұл ортаны ескерусіз қалдырып кету деген пікірден мүлдем аулақ; алдыңғы қатарлы жұмысшылар пролетариаттың неғұрлым артта қалған топтарымен жақын араласқанда олардың арасына да тап күресінің, социализмнің және жалпы орыс демократиясының, соның ішінде орыс пролетариатының саяси міндеттерінің идеяларын таратып отыру үшін социал-демократтар алдыңғы қатарлы жұмысшыларды майдагерлер мен село жұмысшыларының тұрмысы жөніндегі мәселелермен де таныстыруға тырысады. Қаладағы фабрика-завод жұмысшыларының арасында осыншалық өте көп жұмыс тұрғанда, майдагерлер мен село жұмысшыларына үгітшілер жіберудің практикалық маңызы жоқ, бірақ социалист-жұмысшы көп ретте осы ортамен еріксіз араласып отырады, міне, осы жағдайларды олар пайдалана білуі керек және Россиядағы социал-демократияның жалпы міндеттерін түсінуі керек. Сондықтан орыс социал-демократиясын тым тар өрісті, тек фабрика-завод жұмысшыларына бола еңбекші халық бұқарасын ескерусіз қалдыруға тырысады деп айыптаушылар мүлдем қателеседі. Қайта, пролетариаттың алдыңғы қатарлы топтарының арасында үгіт жүргізу — бүкіл орыс пролетариатын ояту үшін де (қозғалыстың ұлғаюына қарай) өте дұрыс және бірден-бір жол. Социализмнің және тап күресі идеяларының қала жұмысшылары арасында таралуы бұл идеяларды неғұрлым ұсақ, неғұрлым бытыраңқы етіп бөліп жіберетіндігі сөзсіз:

бұл үшін аталған идеялар неғұрлым даярлығы мол ортада терең тамыр жайып, орыс жұмысшы қозғалысы мен орыс революциясының осы авангардының бойына әбден сіңуі керек. Орыс социал-демократиясы өзінің барлық күш-жігерін фабрика-завод жұмысшылары арасында жұмыс жүргізуге жұмсай отырып, социалистік жұмысты пролетариаттың таптық күресіне негіздеп қоюға практика жүзінде қолы жеткен орыс революционерлерін қолдауға даяр, бірақ сонымен бірге революционерлердің басқа фракцияларымен практикалық одақтың ешқайсысы теория, программа, ту жөнінде ымыраға немесе мәмлеге әкеле алмайтынын және әкелуге тиіс емес екенін ешбір жасырмайды. Революциялық қозғалыстың туы қызметін атқаратын революциялық теория қазіргі кезде тек ғылыми социализм мен тап күресінің ілімі екендігіне көзі жеткен орыс социал-демократтары бұл теорияны таратуға бар күшін салады, оны жалған пікірден қорғайды, Россиядағы әлі де жас жұмысшы қозғалысын күңгірт доктриналармен байланыстыруға әрекет жасаудың қандайына болса да қарсы шығады. Россиядағы барлық *социалистердің социал-демократ* болуға тиіс екендігін теориялық пікірлер дәлелдеп, социал-демократтардың практикалық қызметі көрсетіп отыр.

Социал-демократтардың *демократиялық* міндеттері мен демократиялық жұмысына көшейік. Тағы да қайталап айтамыз, бұл жұмыс социалистік жұмыспен *тығыз* байланысты. Жұмысшылар арасында *насихат жүргізе отырып,* социал-демократтар саяси мәселелерге соқпай өте *алмайды* және оларға соқпай өту немесе тіпті кейінге қалдыра тұру әрекетінің қандайын болса да үлкен қате және дүние жүзілік социал-демократизмнің негізгі қағидаларынан шегінгендік деп білер еді. Орыс социал-демократтары ғылыми социализмді насихаттаумен қатар жұмысшылар бұқарасының арасында *демократиялық идеяларды* да насихаттауды өзінің міндеті деп санайды, олар абсолютизм қызметінің барлық көріністері туралы, оның таптық мазмұны туралы, оны құлатудың қажеттігі туралы, саяси бостандыққа қол жетпейінше, Россияның саяси және қоғамдық құрылысын демократиялан-

дырмайынша жұмысшылар ісі жолындағы күрестің жемісті болуы мүмкін еместігі туралы ұғым таратуға ұмтылады. Жұмысшылар арасында таяудағы *экономикалық* талаптар негізінде *үгіт жүргізе* отырып, социал-демократтар бұл үгітті жұмысшы табының таяудағы саяси мұқтаждарына, ауыртпалықтарына және талаптарына негізделген үгітпен,— әрбір стачкада, жұмысшылардың капиталистермен әрбір қақтығысында көрініп отыратын полициялық езгіге қарсы үгітпен,— жалпы алғанда, орыс азаматтары, жеке алғанда, неғұрлым езілген, неғұрлым правосыз тап ретіндегі жұмысшылардың праволарына қысым жасауға қарсы үгітпен,— абсолютизмнің жұмысшылармен тым жақын араласып, жұмысшы табына оның саяси құлдық жағдайын айқын көрсетіп жүрген әрбір көрнекті өкілі мен итаршысына қарсы үгітпен өте тығыз байланыстырып отырады. Жұмысшы өмірінің экономикалық мәселелерінің экономикалық үгіт үшін пайдаға асыруға жатпайтыны жоқ, дәл сол сияқты саясат саласындағы мәселелердің де саяси үгітке өзек болмайтыны жоқ. Үгіттің бұл екі түрі социал-демократтардың қызметінде бір медальдің екі беті сияқты бір-бірімен тығыз байланысты. Экономикалық үгіт те, саяси үгіт те пролетариаттың таптық сана-сезімін дамыту үшін керек, экономикалық үгіт те, саяси үгіт те орыс жұмысшыларының тап күресіне басшылық ретінде керек, өйткені тап күресінің қандайы болса да саяси күрес. Бұл екі түрлі үгіттің екеуі де жұмысшылардың санасын оятып, оларды ұйымдастырып, тәртіпке баулып, оларды ынтымақпен қызмет істеуге және социал-демократиялық мұраттар жолындағы күреске тәрбиелеп, жұмысшыларға ең таяудағы мәселелер, ең таяудағы мұқтаждар арқылы өздерінің күшін байқауға мүмкіндік береді, олардың өз дұшпанын ішінара мәмлеге келтіруіне, өздерінің экономикалық жағдайын түзеп, ұйымдасқан жұмысшылардың күшімен санасуға капиталистерді мәжбүр етуіне, үкіметті жұмысшылардың праволарын кеңейтіп отыруға, олардың талаптарына құлақ қоюға мәжбүр етуіне, берік социал-демократиялық ұйым бастаған жұмысшы бұқарасының үкіметке қарсы

пиғылы алдында үкіметті ұдайы қорқынышта ұстауына мүмкіндік береді.

Біз *социалистік* және *демократиялық* насихат пен үгіттің бір-біріне өте жақын екенін, бұл екі саланың екеуінде де революциялық жұмыстың толық қатар жүріп отыратынын көрсеттік. Бірақ қызмет пен күрестің бұл екі түрінің арасында ірі айырмашылық та бар. Бұл айырмашылық мынада: экономикалық күресте пролетариат жер иеленуші-дворяндарға да, буржуазияға да қарсы жападан-жалғыз тұрады; бұл күресте ол ұсақ буржуазияның ішіндегі пролетариатқа жақынырақ тұрған элементтерден көмек алса, бәлки, алатын да болар (онда да мұның өзі әрқашан болып тұратын көмек емес). Ал демократиялық, *саяси* күресте орыс жұмысшы табы жалғыз емес, абсолютизмге қарсы болып, оған қарсы белгілі бір формада күресіп отырған барлық оппозициядшыл элементтер, халық топтары мен таптар онымен бір сапқа тұрады. Бұл ретте буржуазияның немесе білімді таптардың, немесе ұсақ буржуазияның, не абсолютизмнен қысым көріп отырған ұсақ халықтардың, не діндер мен секталардың және т. т. оппозициялық ниеттегі элементтері пролетариатпен *қатар* тұрады. Жұмысшы табы бұл элементтерге қалай қарауы керек? Сонан соң, жұмысшы табы абсолютизмге қарсы ортақ күрес жүргізу үшін олармен бірігуге тиіс емес пе? деген сұрақтар тууы әбден мүмкін. Социал-демократтардың бәрі де Россияда саяси революция социалистік революцияның алдында болу керек деп біледі ғой; абсолютизмге қарсы күресу үшін саяси оппозициялшыл элементтердің бәрімен бірігіп алып, социализмді әзірше кейінге қалдыра тұру керек емес пе, абсолютизмге қарсы күресті күшейту үшін осылай істеу қажет емес пе?

Екі мәселені де қарастырып көрейік.

Абсолютизмге қарсы күрескер ретінде жұмысшы табының саяси оппозициялшыл қоғамдық таптар мен топтарға қатынасын алсақ, бұл қатынас социал-демократизмнің атақты «Коммунистік манифесте»[144] айтылған негізгі принциптерінде әбден айқын белгіленген. Социал-демократтар қоғамның прогресшіл таптарын реакциялшыл таптарға қарсы, артықша жағдайға қойылған

және сословиелік жер иеленушілер өкілдеріне қарсы және чиновниктерге қарсы буржуазияны, ұсақ буржуазияның реакцияшыл арман-тілегіне қарсы ірі буржуазияны қолдайды. Бұл қолдау социал-демократиялық емес программалармен және принциптермен нендей бір ымыраға келу керек дегендік емес және оны керек етпейді де. Бұл — нақ *белгілі бір* дұшпанға қарсы одақтасты қолдау, онда да социал-демократтар ортақ дұшпанның құлауын тездету үшін қолдайды, бірақ олар бұл уақытша одақтастардан *өздері үшін* еш нәрсе күтпейді және олармен ешқандай мәмлеге келмейді. Социал-демократтар қазіргі қоғамдық құрылысқа қарсы қандай да болсын революциялық қозғалысты, тең праволылық жолындағы күресте қандай да болсын езілген халықты, қуғынға ұшыраған дінді, кемсітілген сословиені, т. с. с. қолдап отырады.

Барлық саяси оппозицияшыл элементтерді *қолдау* социал-демократтардың насихатында мына түрде болады: социал-демократтар жұмысшы ісіне абсолютизмнің дұшпан екенін дәлелдей отырып, оның белгілі бір қоғамдық топтарға дұшпан екенін де көрсетеді, жұмысшы табының *белгілі бір мәселелер жөнінде, белгілі бір міндеттер жөнінде* осы топтармен ынтымақтас екенін және т. б. көрсетеді. Бұл қолдау үгіт жұмысында мына түрде болады: социал-демократтар абсолютизмнің полициялық езгісінің әрбір көрінісін пайдаланып, жұмысшыларға бұл езгінің *жалпы алғанда* барлық азаматтарға, жеке алғанда айрықша езілген сословиелерге, ұсақ халықтарға, діндерге, секталарға т. б. қалай тиетіндігін және бұл езгінің, әсіресе *жұмысшы табына* қандай әсер ететіндігін көрсетеді. Ең соңында, практикада бұл қолдау мына түрде болады: орыс социал-демократтары белгілі бір жеке мақсаттарға жету үшін басқа бағыттардағы революционерлермен одақтар жасасуға даяр және бұл даярлық талай рет іс жүзінде көрсетілген.

Бұл жерде біз екінші мәселеге де келіп қалдық. Белгілі бір оппозицияшыл топтардың жұмысшылармен ынтымақтас екенін көрсете отырып, социал-демократтар әрқашан жұмысшыларды айрықша бөліп отырады, бұл ынтымақтың уақытша және шартты сипатын әрқашан

түсіндіріп отырады, күні ертең өзінің бүгінгі одақтастарына қарсы шығуы мүмкін пролетариаттың таптық өзгешелігін әрқашан атап көрсетіп отырады. Бізге: «мұндай нұсқау қазіргі уақытта саяси бостандық жолындағы барлық күрескерлерді *әлсіретеді»,* деушілер болар. Біз мұндай нұсқау саяси бостандық жолындағы барлық күрескерлерді *күшейтеді,—* деп жауап береміз. Белгілі бір *таптардың нақты ұғылған* мүдделеріне сүйенген күрескерлер ғана күшті болады, ал осы замангы қоғамда қазірдің өзінде-ақ ролі басым бұл таптық мүдделерді бүркемелеудің қандайы болса да күрескерлерді тек қана әлсіретеді. Бұл бір. Ал 2-ден, абсолютизмге қарсы күресте жұмысшы табы өзін айрықша корсетуі керек, өйткені абсолютизмнің ақырына дейін табанды және сөзсіз дұшпаны *тек* сол *ғана, тек* жұмысшы табы мен абсолютизмнің арасында *ғана* ымыраға келушілік болуы мүмкін емес, *тек* жұмысшы табынан *ғана* демократизм ешбір сөзсіз, тайсалмайтын, кейінге қарайламайтын қолдаушысын таба алады. Халықтың басқа барлық таптарының, топтарының, жіктерінің абсолютизмге дұшпандығы сөзсіз *тиянақты емес,* олардың демократизмі әрқашан кейінге қарайлап отырады. Өнеркәсіптің және қоғамның дамуына абсолютизмнің кедергі болып отырғандығын буржуазияның түсінбеуі мүмкін емес, бірақ ол саяси және қоғамдық құрылысты толық демократияландырудан қорқады, сондықтан қашан да болса пролетариатқа қарсы абсолютизммен одақтасып кете алады. Ұсақ буржуазия өзінің жаратылысынан екіжүзді, ол, бір жағынан, пролетариатқа, демократизмге ойысатын болса, екінші жағынан, реакцияшыл таптарға ойысады, тарихты тежеуге тырысады, абсолютизмнің экспериментіне, тәлкегіне (III Александр жүргізген «халық саясаты»[145] сияқты түрде болса да) беріліп кетуге бейім, өзінің *ұсақ меншікшілдік* халін нығайту *үшін* билеуші таптарға қосылып, пролетариатқа қарсы одақ жасауға бейім. Білімді адамдар, жалпы «интеллигенция» абсолютизмнің ой-пікір мен білімді уландырып отырған полициялық айуандық езгісіне қарсы шықпай тұра алмайды, бірақ бұл интеллигенцияның материалдық мүдделері оны абсолютизмге, буржуазияға бағынышты етеді,

оны тұрақсыз болуға, ымырашылдыққа, өзінің оппозицияшыл және революцияшыл жігерін қазыналық жалақыға немесе пайда үлесіне, немесе дивидендке ортақтасуға сатып кетуге мәжбүр етеді. Ал езілген ұсақ халықтар мен қуғынға ұшыраған діндердің ішіндегі демократияшыл элементтерге келсек, халықтың бұл сияқты категориялары ішіндегі тап қайшылығы осындай категориядағы барлық таптардың абсолютизмге қарсы демократияшыл мекемелерді жақтап ынтымақтасуынан гөрі анағұрлым тереңірек, анағұрлым күштірек екенін әркім-ақ көріп, біліп отыр. Ақырына дейін дәйекті демократ болу, абсолютизмге, онымен ешқандай мәмлеге, ымыраға келе алмайтын батыл жау болу тек пролетариаттың ғана қолынан келеді, өзінің таптық жағдайына қарай оның солай болмасқа лажы да жоқ. Тек жалғыз пролетариат қана саяси бостандық жолындағы, демократиялық мекемелер жолындағы *алдыңғы қатарлы күрескер* бола алады, өйткені, 1-ден, не жоғарғы өкіметке қолы жетпей, не тіпті чиновниктерге де қолы жетпей, не қоғам пікіріне әсер ете алмай отырған пролетариаттың тіршілігіне ешқандай өзгеріс енгізуге болмай отырғандықтан, саяси езгі бұл тапқа басқалардың бәрінен де күшті әсер етеді. Ал, 2-ден, саяси және қоғамдық құрылысты демократияландыруды *ақыр аяғына* жеткізу тек пролетариаттың ғана қолынан келеді, өйткені мұндай демократияландыру бұл құрылысты жұмысшылардың қолына берген болар еді. Міне, сондықтан да жұмысшы табының демократиялық қызметін басқа таптар мен топтардың демократизмімен *қосу* демократиялық қозғалыстың күшін *әлсіретер* еді, саяси күресті *әлсіретер* еді, оның батылдығын, дәйектілігін кемітіп, неғұрлым ымырашыл етер еді. Мұның керісінше, жұмысшы табын демократияшыл мекемелер жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер ретінде *айрықша* шығару демократиялық қозғалысты *күшейтеді,* саяси бостандық жолындағы күресті *күшейтеді,* өйткені жұмысшы табы басқа да барлық демократияшыл және саяси оппозицияшыл элементтерге *итермеші* болып отырады, либералдарды саяси радикалдарға итермелейді, радикалдарды қазіргі қоғамның бүкіл саяси және әлеуметтік құрылы-

сынан бүтіндей қол үзуге итермелейді. Біз жоғарыда Россиядағы *социалистердің* бәрі де *социал-демократ* болуы керек дедік. Біз енді оған: Россиядағы шынайы және дәйекті демократтардың бәрі де *социал-демократ* болуы керек дегенді қосамыз.

Ойымызды мысалмен түсіндірейік. Басқаруға маманданған және халықтан айрықша жағдайға қойылған адамдардың ерекше бір тобы болып табылатын чиновниктер, бюрократтар мекемесін алайық. Абсолюттік, жартылай азиялық Россиядан бастап мәдениетті, еркін және цивилизациялы Англияға дейін, жер-жердің бәрінде де буржуазиялық қоғамның қажетті органы болған осы мекемені көреміз. Россияның мешеулігіне және оның абсолютизміне халықтың чиновниктер алдында *толық правосыздығы,* айрықша жағдайға қойылған бюрократияның *мүлдем* бақылаусыздығы сәйкес келеді. Англияда басқарудың үстінен халық күшті бақылау жасайды, бірақ онда да бұл бақылау *әлдеқайда жеткіліксіз,* онда да бюрократия толып жатқан артықшылығын сақтаған, олар көбіне халықтың қызметшісі емес, қожайыны болып отыр. Қоғамның күшті топтарының бюрократияның айрықша жағдайға қойылуын қолдайтындығын, бұл мекемені толық демократияландыруға кедергі жасап отырғандығын Англиядан да көріп отырмыз. Бұл неліктен? Бұл — оны *толық* демократияландыру бір ғана пролетариаттың мүддесі екендігінен: буржуазияның ең алдыңғы қатардағы топтары чиновниктердің кейбір артықшылығы болуын жақтайды, барлық чиновниктердің сайланып қойылуына қарсы, цензіні бүтіндей жоюға қарсы, чиновниктердің халық алдында тікелей жауапты болуына және т. б. қарсы шығады, өйткені ондай түпкілікті демократияландыруды пролетариаттың буржуазияға *қарсы* пайдаланып кететіндігін бұл топтар сезеді. Россияда да солай. Бетімен кеткен озбыр, жауапсыз, парақор, тағы, надан, арамтамақ орыс чиновниктеріне орыс халқының өте көп және барынша әр алуан топтары қарсы қойылған. Бірақ бұл топтардың пролетариаттан басқа бірде-бір тобы чиновниктерді толық демократияландыруға жол бермес еді, өйткені басқа топтардың бәрінің де (буржуазияның, ұсақ бур-

жуазияның, жалпы «интеллигенцияның») оларды чиновниктермен жалғастырып тұрған байланыстары бар, өйткені бұл топтардың бәрі де — орыс чиновниктерінің *туысқаны*. Қасиетті Русьте радикал интеллигенттің, социалист интеллигенттің императорлық үкіметтің чиновнигіне айналып кетуінің,— кеңсе топастығының көлемінде «пайда» келтіріп отырмын деп, өзін-өзі жұбатып отырған чиновникке айналып кетуінің,— осы «пайдасымен» өзінің саяси енжарлығын, өзінің шыбыртқы және қамшы үкіметінің алдында малайлығын ақтап отырған чиновникке айналып кетуінің оп-оңай бола қалатынын кім білмейді? Абсолютизм мен орыс чиновниктеріне тек *пролетариат* қана ақиқат дұшпан, тек *пролетариаттың* ғана оны бұл дворяндық-буржуазиялық қоғамның органдарымен жалғастыратын ешқандай *байланысы* жоқ, олармен ымырасыз дұшпандыққа, батыл күрес жүргізуге тек пролетариат қана қабілетті.

Өзінің тап күресін социал-демократияның басшылығымен жүргізіп отырған пролетариат орыс демократиясының алдыңғы қатарлы күрескері екенін дәлелдей отырып, біз бұл жерде, орыс социал-демократиясы саяси міндеттерді және саяси күресті кейінге қалдырады деген, өте көп тараған, өте өрескел пікірді кездестіреміз. Көріп отырғанымыздай, бұл пікір — ақиқатқа мүлдем қайшы пікір. Социал-демократияның бұрын да сан рет жазылған және алғашқы орыс социал-демократиялық басылымдарында,— «Еңбекті азат ету» [146] тобының шетелде шығарған кітапшалары мен кітаптарында жазылған принциптерін мұншама таңқаларлықтай түсінбеушілікті немен ұғындыруға болады? Біздің ойымызша, бұл тамаша фактіні төмендегідей үш түрлі жағдаймен түсіндіруге болады.

Біріншіден, қызмет программалары мен жоспарларын жасағанда, осы елде нақты өмір сүріп отырған, тарих белгілі бір өзара қатынастарға қойған таптарды есепке алмай, абстрактілі идеяларға сүйеніп жасауға әдет алып қалған ескі революциялық теория өкілдерінің социал-демократизм принциптерін жалпы түсінбеуінен. Орыс демократиясын қолдайтын *мүдделерді* реалистік талқылаудың жоқтығы ғана орыс социал-демократиясы

орыс революционерлерінің демократиялық міндеттерін қағажу қалдырады-мыс деген пікір туғызуы мүмкін еді.

Екіншіден, экономикалық және саяси мәселелерді, социалистік және демократиялық қызметті біртұтас етіп біріктірудің, *пролетариаттың* бірыңғай *тап күресіне* біріктірудің демократиялық қозғалысты және саяси күресті бәсеңдетпейтінін, қайта оны күшейтіп, халық бұқарасының нақты мүдделеріне жуықтататынын, саяси мәселелерді «интеллигенттердің тар кабинеттерінен» көшеге, жұмысшы және еңбекші таптардың ортасына шығаратынын, саяси езгінің абстрактілі идеяларын оның іс жүзіндегі көріністеріне, ауыртпалығы пролетариатқа көбірек түсіп отырған және социал-демократия өзінің үгітіне негіз етіп отырған көріністеріне ауыстыратынын түсінбеушіліктен. Орыс радикалына көбінесе социал-демократ алдыңғы қатарлы жұмысшыларды тікелей және қолма-қол саяси күреске шақырудың орнына жұмысшы қозғалысын дамыту, пролетариаттың тап күресін ұйымдастыру міндетін нұсқайтын сияқты, сойтіп, социал-демократ өзінің демократизмінен *шегініп*, саяси күресті кейінге қалдырып отырған сияқты болып көрінеді. Бірақ егер бұл жерде *шегіну* бола қойғанда да, ол «il faut reculer pour mieux sauter!» (қаттырақ секіру үшін шегіну керек) деген француз мәтелінің айтқанындай шегіну шығар.

Үшіншіден, жете түсінбеушілік «саяси күрес» деген ұғымның, бір жағынан, халық еріктілері мен халық правошылары үшін, екінші жағынан, социал-демократ үшін әр түрлі мәні болғандығынан туып отыр. Социал-демократтар саяси күресті басқаша түсінеді, олар оны ескі революциялық теориялар өкілдеріне қарағанда *анағұрлым кең* түсінеді. Бұл оғаш болып көрінуі мүмкін қағиданы бізге «Летучий Листок «Группы народовольцевтің»» 1895 жылғы 9 декабрьдегі 4-номері айқын бейнелеп береді. Қазіргі халық еріктілері арасында ойпікірдің терең және жемісті жұмыс істеп отырғанын дәлелдейтін бұл басылымды жан-тәнімізбен құттықтаумен бірге, біз П. Л. Лавровтың ескі халық еріктілерінің саяси күресті басқаша түсінетінін мейлінше айқын көрсететін «Программалық мәселелер туралы» (19—22-

беттер) деген мақаласын атап өтпей кете алмаймыз *. «Мұнда,— деп жазады П. Л. Лавров, халық ерікшілері программасының социал-демократтар программасына қатынасы туралы айта келіп,— маңызды мәселе біреу және тек жалғыз-ақ: абсолютизм тұсында және абсолютизмге қарсы бағытталған революцияшыл партияны ұйымдастырмай тұрып, күшті жұмысшы партиясын ұйымдастыру мүмкін бе?» (21-бет, 2-бағана); шамалы жоғарырақта (1-бағана) нақ соны айтады: «...абсолютизмнің үстемдігі тұсында, абсолютизмге қарсы революцияшыл партияны ұйымдастырмай-ақ, орыс жұмысшы партиясы ұйымдастырылсын». П. Л. Лавров үшін өте-мөте түбегейлі болып отырған бұл айырмашылықтар бізге тіпті түсініксіз. Бұл қалай? «Абсолютизмге қарсы бағытталған революцияшыл партияны *ұйымдастырмай тұрып,* жұмысшы партиясын ұйымдастыру»?? Жұмысшы партиясының өзі революцияшыл партия емес пе? Ол абсолютизмге қарсы бағытталған емес пе? Бұл таңқаларлық нәрсеге П. Л. Лавров мақаласының мына бір жері түсінік береді: «Орыс жұмысшы партиясының ұйымын абсолютизмнің қаймағы бұзылмай тұрған жағдайда құруға тура келеді. Егер социал-демократтар мұны істей алса, істегенде абсолютизмге қарсы саяси *қаскүнемдікті***, қаскүнемдік болғанда барлық шарттарына келтіріліп жасалған *қаскүнемдікті*** ұйымдастырмай-ақ істей алса, онда, әрине, олардың саяси программасы орыс социалистерінің программасы болар еді, өйткені жұмысшыларды олардың өз күштерімен азат ету жүзеге асқан болар еді. Мүмкін емес нәрсе болмаған күнде де мұның болу-болмауы екіталай» (21-бет, 1-бағана). Істің мәні, міне, осындай! Халық ерікшісі үшін саяси күрес деген ұғым саяси қаскүнемдік деген ұғыммен бірдей. Мойындаған жөн, бұл сөздерімен П. Л. Лавров халық

* П. Л. Лавровтың 4-номерде басылған мақаласы — «Материалдар, ға» [147] арналған көлемді хатының «үзіндісі» ғана. Биылғы (1897) жазда шетелде толық түрінде П. Л. Лавровтың хаты да, Плехановтың жауабы да басылып шықты деп естіттік, бірақ олардың ешқайсысын да көре алмадық. Редакция «Летучий Листок «Группы народовольцевтің»» 5-номерінде П. Л. Лавровтың хаты жөнінде редакциялық мақала жазбақшы болып уәде беріп еді, бізге сол 5-номердің шыққан-шықпағаны да белгісіз. Қараңыз: № 4, 22-бет, 1-бағана, ескерту.

** — Курсив біздікі.

ерікшілері мен социал-демократтардың саяси күрес тактикасындағы негізгі айырмашылығын шынында толық түрде айқын көрсете алған. Бланкизмнің [148] дәстүрлері, қаскүнемшілдік халық ерікшілерінде адам шошырлықтай күшті, оның күштілігі сонша, олар саяси күресті саяси қаскүнемдік формасынан басқа формада түсіне алмайды. Социал-демократтарға келсек, оларды мұндай тар өрісті көзқарасы жөнінде кінәлай алмайсың; олар қаскүнемдікке сенбейді; олар қаскүнемдіктің заманы әлдеқашан өтіп кетті, саяси күресті қаскүнемдік қана деп тану, бір жағынан, оның өрісін шектен тыс тарылту, ал екінші жағынан — күрестің ең қолайсыз әдісін таңдап алу деп ойлайды. П. Л. Лавровтың «Батыстың қызметі орыс социал-демократтарына сөзсіз үлгі болады» (21-бет, 1-бағана) деген сөзі тек айтыстың бір амалы ғана екенін, ал шынында орыс социал-демократтары біздің саяси жағдайларымызды ешқашан да ұмытпағанын, Россияда жария жұмысшы партиясын құру мүмкін деп ешқашан да ойламағанын, социализм жолындағы күрес міндеттерін саяси бостандық жолындағы күрес міндеттерінен ешқашан да бөле-жара қарамағанын әркім-ақ біледі. Бірақ олар бұл күресті қаскүнемшілдер емес, жұмысшы қозғалысына сүйенетін революцияшыл партия жүргізу керек деп әрқашан да ойлап келді және әлі де солай ойлап отыр. Олар абсолютизмге қарсы күрес қаскүнемдіктер жасау түрінде емес, қайта пролетариатты тәрбиелеу, тәртіпке келтіру және ұйымдастыру түрінде болу керек, жұмысшылар арасында абсолютизм көріністерінің қандайына болса да қарғыс таңбасын басатын, полициялық үкімет серілерінің бәрін де бетін тіліп масқаралайтын және бұл үкіметті мәмлеге келтіруге көндіретін саяси үгіт жүргізу түрінде болу керек деп ойлайды. С.-Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» қызметі нақ осындай емес пе? Бұл ұйым ешбір қаскүнемдік ұйымдастырмай-ақ және нақ сол социалистік күрес пен демократиялық күресті Петербург пролетариатының біріккен тұтас тап күресі етіп *қосудан* өзі күш ала отырып-ақ, жұмысшы қозғалысына сүйенетін, пролетариаттың тап күресіне, капиталға қарсы және абсолютті үкіметке қарсы күрес-

ке басшылық ететін революциялық партия ұрығының өзі емес пе? Социал-демократия бастаған пролетариаттың зор саяси күш екендігін, онымен қазірдің өзінде амалсыздан үкімет те санасып, мәмлеге келуге асығып отырған күш екендігін «Одақтың» қызметі, оның өмірі соншалық қысқа болғанына қарамастан, қазірдің өзінде дәлелдеп отырған жоқ па? 1897 жылғы 2 июнь заңы енгізілуінің асығыстығымен де, мазмұнымен де өзінің мәні — пролетариатқа амалсыздан жеңілдік жасау екендігін, орыс халқының дұшпаннан жаулап алған позициясы екендігін айқын көрсетеді. Бұл жеңілдік өте жарытымсыз, позиция тым мардымсыз болды, бірақ жұмысшы қозғалысының бұл жеңілдікті жасауға мәжбүр еткен ұйымы да не кеңдігі жөнінен, не беріктігі жөнінен, не өмір сүруінің ұзақтығы жөнінен, не тәжірибесі немесе құралдары жөнінен ерекше ұйым емес қой: «Күрес одағының» 1895/96 жылы ғана құрылғаны, оның жұмысшыларға жазған үндеуі гектографқа және литографқа басқан листоктар ғана екені жұртқа белгілі ғой. Осындай ұйым Россиядағы жұмысшы қозғалысының ең болмағанда ірі орталықтарын (С.-Петербург, Москва-Владимир, оңтүстік округтерін және Одесса, Киев, Саратов сияқты аса маңызды қалаларды және т. б.) біріктіретін болса, оның революцияшыл органы болса және орыс жұмысшыларының арасында «Күрес одағының» С.-Петербург жұмысшылары арасындағы беделіндей беделі болса,— мұндай ұйым қазіргі Россияда өте ірі саяси фактор болатындығын, өзінің бүкіл ішкі және сыртқы саясатында үкіметтің санаспасқа лажы жоқ фактор болатындығын бекер деуге бола ма? Пролетариаттың тап күресіне басшылық етіп, жұмысшылар арасында ұйымды және тәртіпті күшейтіп, олардың экономикалық мұқтаждары жолында күресуіне және капиталдан позиция үстіне позицияны күшпен алып отыруына жәрдемдесе отырып, жұмысшыларды саяси жағынан тәрбиелеп және абсолютизмді ұдайы табандылықпен қыса отырып, полициялық үкіметтің ауыр шеңгелін пролетариатқа барынша батырып жүрген патша баскесерлерінің бәрін әшкерелей отырып,— мұндай ұйым әрі жұмысшы партиясының біздің жағдайларымызға бейім-

делген ұйымы, әрі абсолютизмге қарсы бағытталған қуатты революцияшыл партия болар еді. Бұл ұйымның абсолютизмге шешуші соққы беру үшін қандай құрал қолданатыны туралы, ол, мысалы, көтерілісті немесе жаппай саяси стачканы қолайлы деп таба ма әлде шабуыл жасаудың басқа бір әдісін қолайлы деп таба ма, бұл туралы алдын ала сөз қылып, бұл мәселені дәл қазір шешу әншейін бос доктринерлік болар еді. Бұл — генералдардың әскерді жинамай, оған мобилизация жасамай, жауға қарсы жорыққа бастап шықпай тұрып әскери кеңес ашқаны сияқты болар еді. Ал пролетариат армиясы табандылықпен және берік социал-демократиялық ұйымның басшылығымен өзінің экономикалық және саяси азаттығы үшін күресетін болса,— ол уақытта қимыл әдістері мен құралдарын генералдарға бұл армияның өзі көрсетеді. Сонда, тек сонда ғана абсолютизмге түпкілікті соққы беру туралы мәселені шешуге болады, өйткені мәселенің шешілуі нақ сол жұмысшы қозғалысының жай-күйіне, оның көлеміне, қозғалыстан туған күрес әдістеріне, қозғалысқа басшылық етіп отырған революцияшыл ұйымға тән қасиеттерге, қоғамның басқа элементтерінің пролетариатқа және абсолютизмге көзқарасына, ішкі және сыртқы саясаттың жағдайларына, бір сөзбен айтқанда, алдын ала болжауға болмайтын және алдын ала болжаудан ешбір пайда жоқ мың-сан жағдайларға байланысты.

Сондықтан П. Л. Лавровтың мына бір пікірі де мүлдем орынсыз:

«Егер оларға (социал-демократтарға) қайткенмен де, капиталмен күресу үшін жұмысшы күштерін топтап қана қоймай, абсолютизммен күресу үшін революцияшыл жеке адамдар мен топтарды топтастыруға да тура келсе, онда орыс социал-демократтары өздерін қалай атағанымен де, *іс жүзінде* өздерінің дұшпандарының, халық ерікшілерінің программасын қабылдайды. Қауымға, Россиядағы капитализмнің тағдырына, экономикалық материализмге көзқарастардағы айырмашылық — нағыз іс үшін маңызы өте аз және жеке міндеттерді, негізгі пункттерді дайындаудың жеке жолдарын шешуге жағдай туғызатын немесе кедергі болатын жай

ғана нәрсе,— бірақ мұнан артық емес» (21-бет, 1-бағана).

Орыс өмірінің және орыс қоғамы дамуының негізгі мәселелеріне, тарихты түсінудің негізгі мәселелеріне көзқарастар жөніндегі айырмашылықтың бейне бір тек «жай нәрсеге» ғана қатысы бар деген бұл соңғы қағиданың дұрыс емес екендігіне тіпті дау айтып жатудың өзі таңқаларлық! Революциялық теориясыз революциялық қозғалыс та болуы мүмкін емес екені әлдеқашан айтылған, ендеше *қазіргі кезде* бұл сияқты ақиқатты дәлелдеп жатудың қажеті бола қояр ма екен. Тап күресінің теориясын, орыс тарихын материалистік тұрғыдан ұғынуды және Россияның қазіргі экономикалық және саяси жағдайына материалистік баға беруді, революциялық күресті белгілі бір таптың белгілі бір мүддесіне тіреп, ол таптың басқа таптарға көзқарасын талдауды,— осы аса ірі революциялық мәселелерді «жай ғана нәрсе» деп атаудың өте-мөте теріс екені және революциялық *теорияның* ардагері тарапынан күтілмегені соншалық, біз бұл жерін жай lapsus деп санауға да даярмыз. Ал көшіріп алынып отырған тираданың бірінші жартысын алатын болсақ, оның әділетсіздігі мұнан да бетер сорақы. Орыс социал-демократтары абсолютизммен күресу үшін революцияшыл адамдар мен топтарды топтастырмай, капиталмен күресу үшін (яғни, тек экономикалық күрес үшін!) жұмысшы күштерін ғана топтастырып отыр деп баспасөз бетінде мәлімдеу — орыс социал-демократтарының қызметі туралы жалпыға мәлім фактілерді не білмегендік, не білгісі келмегендік деген сөз. Немесе, бәлкім, П. Л. Лавров социал-демократтар қатарында іс жүзінде жұмыс істеп жүргендерді «революцияшыл адамдар» мен «революцияшыл топтар» деп есептемейтін шығар?! Немесе (сірә, осы дұрысырақ болу керек) абсолютизммен «күресу» дегенді ол тек абсолютизмге қарсы қаскүнемдік деп ұғатын шығар? (21-бет, 2-бағанадағы: «... іс революциялық *қаскүнемдік* ұйымдастыру... туралы болып отыр» дегенді салыстырып көріңіз; курсив біздікі.) Бәлкім, П. Л. Лавровтың пікірінше, саяси қаскүнемдіктер жасамаған адам саяси күрес те жүргізбейтін шығар? Тағы да қайталап айта-

мыз: мұндай көзқарас ескі халық ерікшілерінің ескі дәстүрлеріне әбден сай келеді, бірақ ол қазіргі саяси күрес туралы ұғымға да, қазіргі өмір шындығына да сай келмейді.

Енді халық правошылары туралы бірнеше сөз айтуымыз керек. Біздің ойымызша, П. Л. Лавровтың: социал-демократтар «халық правошылары пікірін негұрлым ашық айтатын адамдар деп санайды және өздері олармен қосылып кетпей, оларды қолдауға даяр» (19-бет, 2-бағана) деуі өте дұрыс; тек бұған: халық правошылары дәйекті демократтар ретінде көрініп *отырғандықтан*, оларды пікірін негұрлым ашық айтатын *демократтар*, деп қосу керек еді. Өкінішке қарай, бұл жағдай қазіргі шындық өмірден гөрі болашақтағы тілекке жақынырақ. Халық правошылары демократиялық міндеттерді халықшылдықтан және «орыс социализмінің» жалпы ескірген формаларымен байланыстан арылтқысы келетіндігін білдірді, бірақ олар өздерінің ерекше саяси өзгерістер партиясын — «әлеуметтік (??!)-революциялық» партия деп атап (олардың 1894 жылдың 19 февралында шыққан «Манифесін» қараңыз) және өздерінің «манифесінде» «халық правосы деген түсінікке халық өндірісін ұйымдастыру кіреді» деп (бұл цитатты есімізде сақталғаны бойынша амалсыздан келтіріп отырмыз), сөйтіп бәз-баяғы халықшылдық соқыр сенімді сиреп өткізіп жіберіп, олардың өздері сол бұрынғы соқыр сенімнен әлдеқайда арылмағанын, әлдеқайда дәйексіз болғанын шықты. Сондықтан, сірә, бұларды П. Л. Лавровтың «перде жамылған саясатшылар» (20-бет, 2-бағана) деп атауы мүлде дұрыс емес деуге болмас. Бірақ, бәлкім, халық правошылдығына өтпелі ілім деп қарау анағұрлым әділ болар, бұл ілімнің халықшылдық доктриналардың өзгешеліктерінен ұялғандығын, полициялық таптық абсолютизмнің алдында, саяси емес, экономикалық өзгерістер болғаны дұрыс (қараңыз: «Халық правосы» партиясы шығарған «Көкейтесті мәселе») деп жүрген халықшылдықтың нағыз жиіркенішті реакционерлерімен ашықтан-ашық айтысқа түскенін оның сіңірген еңбегі демеске болмайды. Егер халық правошылары партиясында өзінің социалистік туын тактикалық

себептермен жасырып жүрген, тек социалист емес саясатшылар пердесін жамылған бұрынғы социалистерден басқа, шындығында, ешкім жоқ болса (П. Л. Лавровтың ойлағанындай, 20-бет, 2-бағана), онда, әрине, бұл партияның ешқандай болашағы жоқ. Ал егер бұл партияның ішінде перде жамылмаған, нағыз социалист емес саясатшылар да, социалист емес демократтар да бар болса, — онда бұл партияның келтіретін пайдасы аз болмауы мүмкін, өйткені ол біздің буржуазияның саяси оппозицияшыл элементтерімен жақындасуға тырысады, біздің ұсақ буржуазия, ұсақ саудагерлер, ұсақ қолөнершілер және т. б. табының — тап болғанда, Батыс Европаның барлық жерінде демократиялық қозғалыста өз ролін атқарған таптың, біздің Россияда реформадан кейінгі дәуірде мәдени және басқа қатынастарда ерекше тез табыстарға жеткен таптың және ірі заводшыларды, финанс және өнеркәсіптік шонжар монополистерді өте арсыздықпен қолдап отырған полициялық үкіметтің езгісі жанына батпауы мүмкін емес таптың саяси сана-сезімін оятуға тырысады. Бұл үшін халық правошылары бәз-баяғы «интеллигенциямен», бұқараның шын мүддесінен қол үзіп кеткен уақыттағы дәрменсіздігін «Көкейтесті мәселе» де мойындап отырған «интеллигенциямен» шектелмей, атап айтқанда, халықтың әр түрлі топтарымен жақындасуды өзінің міндеті етіп қоюы ғана қажет. Бұл үшін халық правошылары қоғамның әр түрлі элементтерін қосу және социализмді саяси міндеттерден аулақтату деген талаптарының қандайын болса да қалдыруы керек, халықтың буржуазиялық топтарымен өздерінің жақындасуына кедергі болатын жалған ұятты тастауы керек, яғни олардың социалист емес саясатшылар программасын сөз қылып қана қоймай, сол программаға сәйкес іс істеп, социализмді керек қылмайтын, бірақ неғұрлым ілгері басқан сайын абсолютизмнің тепкісін және саяси бостандықтың қажеттігін соғұрлым күштірек сезінетін қоғамдық топтар мен таптардың таптық сана-сезімін оятуы және дамытуы керек.

Орыс социал-демократиясы әлі өте жас. Ол теориялық мәселелер басымырақ орын алған алғашқы бастама

күйінен енді ғана шығып келеді. Ол енді ғана өзінің практикалық қызметін дамыта бастады. Басқа фракциялардың революционерлері социал-демократиялық теориялар мен программаларды сынаудың орнына, қажетіне қарай, орыс социал-демократтарының *практикалық қызметін* сынауы керек. Және мынаны мойындау керек: бұл соңғы сынның теориялық сыннан мүлдем ерекше айырмашылығы бар, оның айырмашылығы сонша, С.-Петербургтің «Күрес одағы» социал-демократиялық ұйым емес екен деген, адамның күлкісін келтіретін сыбыс таратуға мүмкіндік жасады. Мұндай сыбыс тарауының өзі-ақ социал-демократтардың саяси күресті елемейтіндігі жөнінде айтылып жүрген айыптаудың дұрыс еместігін көрсетеді. Мұндай сыбыс тарауының өзі-ақ социал-демократтардың *теориясы* иландыра алмаған көптеген революционерлердің социал-демократтар *практикасына* илана бастағанын дәлелдейді.

Орыс социал-демократиясының алдында әлі өте зор, енді ғана басталған жұмыс өрісі тұр. Орыс жұмысшы табының оянуы, оның білімге, бірігуге, социализмге, өзін қанаушылар мен езушілерге қарсы күреске стихиялы түрде ұмтылуы күннен-күнге айқын көрініп, өрістеп барады. Орыс капитализмінің соңғы кезде орасан зор табыстарға жетуі — жұмысшы қозғалысының етек алып және тереңдеп, тоқтаусыз өсетіндігіне кепіл. Қазіргі уақытта біз, сірә, капиталистік циклдің өнеркәсіп «гүлденіп», сауда қызып жатқан, фабрикалар үдере жұмыс істеп, жаңбырдан кейін қаулап өскен саңырауқұлақтай қисапсыз жаңа заводтар, жаңа кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар, темір жол құрылыстары және т. с. пайда болып жатқан кезеңін бастан кешіріп отырған болармыз. Өнеркәсіптің осы «гүлденуінен» кейін күйреудің (азды-көпті омырыла күйреудің) сөзсіз болатындығын алдын ала болжап айту үшін әулие болудың керегі жоқ. Мұндай күйреу орасан көп ұсақ қожайындарды күйзеліске ұшыратады, орасан көп жұмысшыларды жұмыссыздар қатарына шығарып тастайды, сөйтіп әрбір саналы, әрбір ойлы жұмысшының алдына әлдеқашаннан-ақ қойылып келе жатқан социализм мен демократизм мәселелерін бүкіл жұмысшылар бұқарасы-

ның алдына өте-мөте қауырт түрде қояды. Орыс социал-демократтары бұл күйреуге орыс пролетариатының неғұрлым саналы, неғұрлым тығыз біріккен, орыс жұмысшы табының міндетін түсінетін болып, қазіргі кезде қыруар пайданың рақатын көретін және барлық ауыртпалықты әрқашан жұмысшыларға артуға тырысатын капиталистер табына соққы бере алатын болып,— орыс жұмысшыларының және бүкіл орыс халқының қол-аяғын қоса шырмап отырған полициялық абсолютизмге қарсы батыл күреске орыс демократиясын бастап шығуға қабілетті болып жетуіне қамқорлық жасауға тиіс.

Сонымен, жолдастар, жұмысқа кірісейік! Қымбат уақытты босқа өткізбейік! Оянып келе жатқан пролетариаттың тілектерін қанағаттандыру жөнінде, жұмысшы қозғалысын ұйымдастыру жөнінде, революцияшыл топтарды және олардың өзара байланысын нығайту жөнінде, жұмысшыларды насихат және үгіт әдебиетімен жабдықтау жөнінде, Россияның түкпір-түкпірінде бытырап жатқан жұмысшы үйірмелері мен социал-демократиялық топтарды біртұтас *социал-демократиялық жұмысшы партиясына* біріктіру жөнінде орыс социал-демократтарының алдында қыруар іс тұр!

ПЕТЕРБУРГ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН СОЦИАЛИСТЕРІНЕ «КҮРЕС ОДАҒЫНАН»

Петербург революционерлері ауыр күндерді бастан кешіріп отыр. Үкімет жуырда туған және өзін сондайлық зор күшпен көрсеткен жұмысшы қозғалысын жаныштап тастау үшін бар күшін жиған тәрізді. Тұтқынға алу есепсіз көбейіп кетті, түрмелер лық толды. Интеллигенттерді, еркектер мен әйелдерді бас салып ұстап, жаппай жер аударып жатыр. Өздерінің жауларына құтырына тиіскен полициялық үкіметтің жаңа құрбандықтары жайында күн сайын дерлік үсті-үстіне хабарлар келуде. Орыс революциялық қозғалысының жаңа ағымының нығаюына, қаз тұруына жол бермеуді үкімет өзінің алдына міндет етіп қойып отыр. Прокурорлар мен жандармдар «Күрес одағын» талқандай алдық деп, қазірдің өзінде-ақ мақтануда.

Бұл мақтаныш — жалған. Қаншалық қуғынға түссе де, «Күрес одағы» сау. Жаппай тұтқынға алу жұмысшылар арасында және социалист интеллигенттердің арасында үгіт жүргізудің күшті құралы болуымен бірге оз қызметін атқарып жатыр деп, қаза тапқан революционерлердің орнына орыс пролетариаты үшін, бүкіл орыс халқы үшін күресушілер сапына тың күшпен барып тұруға дайын жаңа революционерлер қосылып жатыр деп біз толық қанағаттанғандықпен айта аламыз. Құрбандықсыз күрес болмақ емес, сондықтан патша баскесерлерінің айуандық озбырлығына: революционерлер қаза тапты — жасасын революция! — деп, аспай-саспай жауап береміз.

Қуғын-сүргінді күшейту осы уақытқа дейін «Күрес одағының» кейбір істерін уақытша ғана әлсіретуге, агенттер мен үгітшілердің уақытша жеткіліксіздігін тудыруға ғана шамасы келген-ді. Міне, нақ осындай жеткіліксіздік енді сезіліп отыр және бұл жеткіліксіздік бізді өз күштерін революция ісіне беруді қалайтын барлық саналы жұмысшылар мен барлық саналы интеллигенттерге үндеу жазуға мәжбүр етіп отыр. «Күрес одағына» агенттер керек. Барлық үйірмелер, революциялық қызметтің мейлі тіпті тар көлемінде болса да қызмет істегісі келетін барлық жеке адамдар бұл туралы «Күрес одағымен» байланысы бар кісілерге мәлімдейтін болсын. (Егер қайсыбір топ мұндай кісілерді таба алмаса,— мұндай жағдай өте сирек кездесетін болар,— онда олар шетелдік «Орыс социал-демократтары одағы» арқылы хабарласуына болады). Қызметкерлер қандай жұмысқа да болсын керек, сондықтан революционерлер революциялық қызметтің жеке тарауларына қаншалықты шұғыл маманданса, астыртын әдістерді және өз ісін бүркемелеп істеуді қаншалықты жіті ойланса, көрінбейтін, ұсақ, жеке жұмыстан жанқиярлықпен қаншалықты бас алмаса — барлық ісіміз соншалықты сенімді болмақ, жандармдардың және шпиондардың революционерлерді табуы соншалықты қиын болмақ. Үкіметке қарсы элементтердің қазіргі ошақтарын ғана емес, сондай-ақ болуы мүмкін, болуы ықтимал ошақтарын да үкімет өз агенттерінің торымен күн ілгері шырмап алды. Революционерлердің ізіне түсетін малайларының әрекетін үкімет үздіксіз терең әрі жан-жақты дамытуда, жаңа әдістер ойлап-табуда, жаңа арандатушылар қоюда, тұтқынға алынғандарға қорқыту, жалған куәлар көрсету, өтірік қол қойдыру, жалған хат тастату және т. с. амалдар арқылы қысым жасауға тырысуда. Революциялық тәртіпті, ұйымдарды және астыртын жұмысты күшейтпейінше, дамыта түспейінше үкіметке қарсы күресу мүмкін емес. Ал астыртын жұмыс ең алдымен жеке үйірмелер мен жеке адамдардың жұмыстың жеке тарауларына маманрануын, біріктіру ролін «Күрес одағының» сан жағынан өте шағын орталық ұйытқысына беруді талап етеді. Революциялық жұ-

мыстың жеке тараулары есепсіз көп: бізге жұмысшылар арасында сөйлегенде сотқа тартуға *болмайтын* етіп, тек *a* дегенді өзі айтып, *b* мен *c*-ны айтуды басқаларға тапсырып отыра алатын жария үгітшілер керек. Әдебиеттер мен листоктарды таратушылар керек. Жұмысшы үйірмелері мен топтарын ұйымдастырушылар керек. Барлық заводтардан, барлық фабрикалардан болып жатқан барлық оқиғалар туралы мәлімет жеткізіп тұратын корреспонденттер керек. Тыңшылар мен арандатушылардың басқан ізін бақылап жүретін адамдар керек. Астыртын пәтерлер ұйымдастырушылар керек. Әдебиет жеткізу үшін, тапсырмаларды жеткізіп тұру үшін, түрлі байланыстар жасап тұру үшін адамдар керек. Ақша жинаушылар керек. Жұмысшылармен, фабрика-завод тұрмысымен, әкімшілік орындарымен (полициямен, фабрика инспекциясымен және т. б.) жуыстығы бар интеллигенцияның және чиновниктердің ортасында істейтін агенттер керек. Россияның және басқа елдердің түрлі қалаларымен қарым-қатынас жасап тұру үшін адамдар керек. Алуан түрлі әдебиетті механикалық жолмен шығарып тұрудың түрлі тәсілдерін білетін адамдар керек. Әдебиетті және басқа заттарды сақтайтын және т. с. адамдар керек және т. б. Жеке адамның не жеке топтың мойнына алған ісі қаншалықты бөлшек-бөлшек және ұсақ болған сайын — сол істі мейлінше жіті ойланып жүргізуге, істің құлап қалмауына, қолдан келген амал-айлапы қолданып, жандармдардың қырағылығын алдап кетуге, астыртын жұмыстың жеке мәселелерін талқылауға мүмкіншіліктер соншалықты арта түспек, іс соншалықты ойдағыдай болмақ, полиция мен жандармдар үшін революционерлердің ізіне түсу, оның ұйыммен байланысын табу соншалықты қиындамақ, қаза тапқан агенттері мен мүшелерін жалпы іске залал келмейтіндей етіп басқалармен ауыстыра қою революциялық партия үшін соншалықты жеңілдемек. Бұлай мамандандырудың өте қиын екенін біз жақсы білеміз — өте қиын болатын себебі, бұл жұмыс адамның барынша ұстамдылығын және жанқиярлығын керек етеді, барлық күш-қайратын көзге көрінбес, бірқелкі жұмысқа, жолдастармен қарым-қаты-

насы жоқ, революционерлердің күллі өмірін құрғақ, қатал тәртіпке бағындырып тастайтын жұмысқа сарп етуін керек етеді. Бірақ Россияда революциялық практиканың үздік данышпандары тек осындай жағдайларда ғана істің әрбір жағын түгел қамтып әзірлеуге талай жылдарын сарп етіп, мейлінше зор шараларды іске асыра алған болатын, сондықтан да біз социал-демократтардың жанқиярлығы өздерінен бұрынғы ұрпақтардың революционерлерінен әсте кем болмайтынына кәміл сенеміз. Біз, сондай-ақ, өзінің қызметін ұсынып жүрген жеке адамдар мен топтар туралы «Күрес одағы» тиісті мәліметтер жинайтын, тапсырмалар арқылы олардың қабілетін сынайтын әзірлік кезең біз ұсынып отырған жүйе бойынша өзінің күш-жігерін революциялық жұмысқа жұмсауға ұмтылып жүрген адамдар үшін өте ауыр болатынын да білеміз. Бірақ істің осындай алдын ала дәмін татпайынша қазіргі Россияда революциялық қызмет атқару мүмкін емес.

Өзіміздің жаңа жолдастарымызға қызметтің осындай жүйесін ұсынумен бірге революциялық жұмыстың неғұрлым ойдағыдай істелуі осы жүйе арқылы қамтамасыз етіледі деген, ұзақ уақыт жинақталған тәжірибеден туған қағиданы кәміл сеніммен айта аламыз.



В. И. Лениннің айдауда жүрген кезінде Шушенское селосындағы тұрған үйі. Сол жақтағы шеткі екі терезе — Ленин бөлмесінің терезелері.

ХАЛЫҚШЫЛДАРДЫҢ ҚИЯЛИ ЖОБАҒА ӘУЕСТІГІНІҢ КЕРЕМЕТТЕРІ

С. Н. ЮЖАКОВ. АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ. ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР.— ОРТА МЕКТЕП РЕФОРМАСЫ.— ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖҮЙЕЛЕРІ МЕН МІНДЕТТЕРІ.— ГИМНАЗИЯ ОҚУЛЫҚТАРЫ.— БҮКІЛ ХАЛЫҚТЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ.— ӘЙЕЛДЕР ЖӘНЕ АҒАРТУ ЖҰМЫСЫ. СПБ., 1897. VIII+283 БЕТ. БАҒАСЫ 1 СОМ 50 ТИЫН[149]

1897 ж. аяғында айдауда жүргенде жазылған

Бірінші рет 1898 ж.: Владимир Ильин. «Экономикалық этюдтер мен мақалалар», СПБ., жинақта басылған.

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

I

1895—1897 жылдарда «Русское Богатствода» басылған өзінің мақалалар жинағын Южаков мырза осындай тақырыппен бастырып шығарды. Автордың ойынша, оның мақалалары «бұл мәселелердің», яғни «ағарту мәселелерінің» «ең маңыздыларын қамтыған», сөйтіп «бәрін қосқанда біздің ақыл-ой мәдениетіміздің өте-мөте толғағы жеткен кокейтесті, бірақ әлі де болса жарытып қанағаттандырылмаған тілектерінің шолуы сияқты болып шыққан». (Алғы соз, V бет.) Автордың «көбінесе принцип мәселелеріпе» тоқтағысы келетіні 5-бетте тағы да атап көрсетілген. Бірақ бұл создердің бәрі Южаков мырзаның ойға, тіпті ойға емес, қаламға кең өріс беруді сүйетінін ғана көрсетеді. Кітаптың бас тақырыбы өте-мөте кең болып шыққан: шынына келгенде шығарманың тақырыпшасындағы мақалалар тізімінен корініп тұрғанындай, автор тіпті де «ағарту мәселеріп» сөз қылып отырған жоқ, тек мектеп мәселелерін ғана, онда да тек орта мектеп пен жоғары мектеп мәселелерін ғана сөз қылады. Кітаптағы мақалалардың ішіндегі ең іске татымдысы біздің гимназияларда оқытылатып оқулықтар туралы мақала. Автор мұнда орыс тілінің, география мен тарихтың көп қолданылып жүрген оқулықтарын толық талдап, олардың мүлде жарамсыз екендігін көрсеткен. Егер авторға тән көп сөзділік жалықтырмаса, бұл мақалапы онан да қызығып оқуға болар еді. Біз оқушының назарын кітаптағы екі мақалаға ғана, атап айтқанда, орта дәрежелі оқу рефор-

масы туралы және бүкіл халықты оқыту туралы мақалаларға ғана аудармақпыз, өйткені бұл мақалалар шынында да принципті мәселелерді қозғайды және «Р. Богатствоның» үйреншікті идеяларын баяндауға өте-мөте тән мақалалар болып табылады. Жат доктринадан топас қорытындылар жасаудың мысалдарын табу үшін Гриневич пен Михайловский сияқты мырзаларға Россияның ескі-құсқы өлең-жырларының көң-қоқыстарын қазбалауына тура келгені ғой. Тиісті мақсат үшін бізге соншалықты көңілсіз қазбалардың қажеті жоқ: тек «Рус. Богатство» журналына және ондағы күмәнсыз «тіректердің» біреуіне назар аударсақ болғаны.

II

«Орта дәрежелі оқу реформасының негіздері» жөніндегі мақаланың II параграфын Южаков мырза: «Орта мектептің міндеттері. Таптық мүдделер мен таптық мектеп» (Мазмұнын қараңыз) деп атаған. Бұл тақырыптың өте қызықты екенін, қызықты болғанда, тек ағарту ісінің ғана емес, сонымен бірге жалпы алғанда бүкіл қоғамдық өмірдің де аса маңызды мәселелерінің бірін, мәселе болғанда да халықшылдар мен «шәкірттердің» [150] арасында ең басты таластардың бірін туғызып жүрген мәселенің нақ өзін түсіндіріп беруге үміттендіретінін көріп отырсыздар. Енді «Р. Богатство» қызметкерінің «таптық мүдделер мен таптық мектеп» туралы қандай түсінігі бар екенін қарастырып көрелік.

Автор: «мектеп адамды өмірге даярлауға тиіс» деген ережеде түк мағына жоқ, мәселе өмір үшін ненің қажет және «кімге қажет» (6) екенінде деп, әбден дұрыс айтып отыр. «Орта білім кімге қажет — мұның мәнісі: орта мектеп тәрбиесіндегілерге кімнің мүдделері үшін, кімнің игілігі мен пайдасы үшін білім беріледі? деген сөз» (7). Мәселенің қойылуы тамаша-ақ, біз авторды шын ниетімізбен құттықтаған да болар едік, егер... егер оның бұл аяқ алысы бұдан былайғы баяндауында: «Мұның өзі мемлекеттің, ұлттың, белгілі бір қоғамдық таптың, білім алушы жеке адамның өзінің игілігі мен пайдасының мүдделері болуы мүмкін» деген құрғақ сөз

болып шықпаса. Сөйтіп, шатасу басталады: таптарға бөлінген қоғам тапсыз мемлекетпен, тапсыз ұлтпен, таптардан тыс тұратын адамдармен сыйыса алады деген қорытынды жасауға тура келеді! Бұл Южаков мырзаның тіпті де жаңылып айта салған сөзі емес, оның дәл осындай ұшқары пікірде екенін біз қазір көреміз. «Егер мектеп программасын жасағанда таптық мүдделер ескерілсе, онда, демек, жалпы бір типті мемлекеттік орта мектеп жөнінде сөз де болуы мүмкін емес. Мұндай жағдайда оқу орындары лажсыз сословиелік болады және оның үстіне тек білім беретін ғана болып қоймай, сонымен бірге тәрбие де беретін орын болады, өйткені олар сословиенің арнаулы мүдделері мен міндеттеріне бейімделген білім беріп қана қоймай, сонымен бірге сословиелік дағды мен сословиелік корпорация рухын да беруге тиіс» (7). Бұл тирададан шығатын бірінші қорытынды мынау: Южаков мырза сословиелер мен таптар арасындағы айырмашылықты түсінбейді, сондықтан осы мүлдем алшақ ұғымдарды әбден шатастырып отыр. Оның мақаласының басқа жерлерінде (мәселен, 8-бетін қараңыз) дәл сондай түсінбеушілік кездеседі, мұның таңданарлық болатыны сондай, Южаков мырза осы мақаланың өзінде-ақ бұл ұғымдардың ең елеулі айырмашылығына тым жақын келеді. «Мынаны есте ұстау керек,— деп баяндайды Южаков мырза 11-бетте,— көбінесе (бірақ, тіпті де қажетті түрде емес) саяси, экономикалық және рухани ұйымдар халықтың ерекше топтарының кейде юридикалық артықшылығын, кейде іс жүзінде осыларға жататындығын көрсетеді. Алғашқы жағдайда бұл — сословиелер; екіншісінде — таптар». Таптың сословиеден айырмашылықтарының *бірі,* атап айтқанда, таптардың бір-бірінен айырмасы олардың юридикалық артықшылығында емес, олардың іс жүзіндегі жағдайында екені, демек, қазіргі қоғамдағы таптар *заң жүзіндегі теңдіктің* болуын қалайтыны бұл арада дұрыс көрсетілген. Сословиелер мен таптар арасындағы тағы бір айырмашылықты да Южаков мырза елемейтін сияқты: «... Біз... ол кезде (яғни, крепостнойлық право жойылғаннан кейін)... ұлттық өмірдің крепостниктік және сословиелік құрылысынан, оның

ішінде сословиелік жабық мектеп жүйесінен де бас тарттық. Қазіргі уақытта капиталистік процестің енуі орыс ұлтын сословиелерге бөлуден гөрі экономикалық таптарға көбірек бөліп отыр...» (8). Европа мен Россияның тарихында сословиелердің таптардан айырмашылығын көрсететін екінші бір белгі де, атап айтқанда, сословиелер крепостниктік қоғамның, ал таптар капиталистік қоғамның белгісі екені де бұл арада дұрыс көрсетілген *. Егер Южаков мырза бұл айырмашылықты аз да болса ойластырып қарағанда және өзінің жүйрік қаламы мен өзінің Kleinbürger-лік ** жүрегінің әміріне оп-оңай беріліп кетпегенде, ол жоғарыда келтірілген тираданы да, мектептердің таптық программалары мектеп программаларын байлар мен кедейлер үшін деп екіге бөлуге тиіс, Европаның батысында таптық программалар іске аспай отыр, таптық мектеп таптық томаға-тұйықтықты көрсетеді деген сияқты, т. с. бос сөздерді де жазбаған болар еді. Мұның бәрі зор үміт күткізерлік бас тақырыбына қарамастан, көпірме құрғақ сөздеріне қарамастан, Южаков мырзаның таптық мектептің мәні неде екенін мүлде түсінбегенін айдан айқын көрсетеді. Аса құрметті халықшыл мырза, мұның мәнісі: білім алудың барлық *дәулеттілер* үшін бірдей ұйымдастырылып және бұған олардың бірдей қолы жететіндігінде. Таптық мектептің сословиелік мектептен өзгеше мәні тек осы дәулеттілер үшін деген сөзде ғана. Сондықтан жоғарыда келтірілген тирадада Южаков мырзаның: мектеп таптық мүдделерді көздеп отырғанда «жалпы бір типті мемлекеттік орта мектеп жөнінде сөз де болуы мүмкін емес» деуі шылғи өтірік. Қайта, мұның нақ керісінше: егер таптық мектеп дәйекті түрде жүзеге асырылған болса, яғни ол сословиеліктің қандай да бір қалдықтарының бәрінен түгел арылған болса, онда бұл таптық мектеп жалпы бір типті мектептің болуын көрсететіні сөзсіз. Таптық қоғамның (демек, таптық білім алудың да) мәні барлық азаматтар-

* Таптық айырмашылықтың бір түрі болғандықтан, сословиелер қоғамның таптарға бөлінетінін көрсетеді. Таптар туралы жай ғана сөз қылғанда, біз әрқашан капиталистік қоғамның сословиесіз таптарын айтамыз.

** — ұсақ буржуазиялық. *Ред.*

дың юридикалық толық *тең болуында,* толық тең праволы болуында, дәулеттілердің білім алуға толық тең праволы болып және оған қолы жететіндігінде. Сословиелік мектеп шәкірттің белгілі бір сословиенің адамы болуын талап етеді. Таптық мектеп сословиелерді білмейді, ол тек қана азаматтарды біледі. Ол шәкірттердің қай-қайсысынан болса да *тек бір нәрсені:* өзінің оқығаны үшін ақы төлеуін ғана талап етеді. Программалардың байлар мен кедейлер үшін әр түрлі болуы таптық мектепке тіптен қажет емес, өйткені кімде-кімнің оқығаны үшін, оқу құралдарын сатып алу үшін, бүкіл оқу мерзімі ішінде шәкіртке шығарылған шығынды төлеу үшін қаражаты болмаса, таптық мектеп оларды орта білім алуға жібермей қояды. Таптық мектеп таптық томаға-тұйықтықтың болуын мүлде керек қылмайды: қайта, сословиелерге қарама-қарсы, таптар жеке адамдардың бір таптан екінші тапқа өтуіне әрқашан мол еркіндік беріп отырады. Таптық мектеп оқуға қаржысы бар адамның қай-қайсысынан болса да қашпайды. Ал Батыс Европада «жартылай білім берудің және халықтың әр түрлі топтарын таптық моральдық ақыл-ой жағынан бөлектеудің осы қауіпті программалары іске аспай отыр» (9) деу — шындықты мүлдем бұрмалағандық, өйткені Батыста да, Россияда да орта мектептің өз мәні жағынан таптық мектеп екендігін және оның халықтың өте-мөте болмашы бір бөлігінің ғана мүдделері үшін қызмет ететіндігін жұрттың бәрі біледі. Южаков мырза бұл ұғымдарды әбден шатастырып алып отырғандықтан, біз оның өзіне тағы да мынадай қосымша түсінік бере кетуді тіптен артық болмас деп білеміз: қазіргі қоғамда оқығаны үшін ешқандай ақы алмайтын орта мектептің өзі де бәрібір таптық мектеп болып қала береді, өйткені шәкіртті 7—8 жыл бойына оқыту шығыны оқуға төлейтін ақыдан әлдеқайда көп, ал бұл шығынды төлеу болмашы азшылықтың ғана қолынан келеді. Егер Южаков мырза орта мектеп жөніндегі қазіргі реформаторлардың іс жүзіндегі ақылшысы болғысы келсе, егер ол мәселені осы заманғы өмір шындығына сүйеніп алға қойғысы келсе (ал мәселені ол нақ солай қояды),— онда ол сословиелік мектеп орнына тап-

тық мектеп ашу туралы, *тек* сол жөнінде *ғана* айтуға тиіс еді немесе «таптық мүдделер мен таптық мектептің» осы жауапты мәселесі жөнінде мүлдем үндемей қалуы керек еді. Соның өзінде, айтар болсақ, бұл принципті мәселелердің Южаков мырза осы мақаласында ұсынып отырған, көне тілдердің орнына жаңа тілдерді алумен байланысы тіпті аз ғой. Егер ол осы ұсынысымен шектеле қойса, біз оған қарсы шықпаған болар едік, тіпті оның дегбірсіз шешендігін де кешірген болар едік. Бірақ «таптық мүдделер мен таптық мектеп» туралы мәселені оның *өзі* қозғаған екен,— барлық қисынсыз сөздері үшін де оның өзі жауап берсін.

Алайда, Южаков мырзаның бұл тақырып жөнінде айтқан жел сөздері жоғарыда келтірілгендермен ғана тынбайды. «Социологиядағы субъективтік әдістің» негізгі идеяларынан айнымайтын Южаков мырза таптар туралы мәселе қозғай отырып, «кең көзқарастың» (12, 15-бетпен салыстырыңыз), таптық айырмашылықтарды бәлсініп елемеуіне мүмкіндік беретін кең «көзқарастың», жеке таптар туралы емес (неткен тар өрістілік десеңізші!), жалпы алғанда бүкіл ұлт туралы сөйлеуіне мүмкіндік беретін кең «көзқарастың» шыңына шығады. Бұл тамаша «кең» көзқарасқа жеткенде ол моральшылар мен моральшысымақ біткеннің, әсіресе Kleinbürger-моральшылардың тозығы жеткен әдіс-айласы арқылы жетеді. Южаков мырза қоғамның мұндай таптарға бөліпуін (және бұл бөлінудің білім алуға тигізетін әсерін) қатты айыптайды, айыптағанда асқақ шабытпен, ділмарлыққа салынып, бұл құбылыстың «қауіпті» (9) екенін; «білім алудың барлық түрлері мен формаларының таптық жүйесі, өз негізінде, мемлекеттің, ұлттың және білім алушы адамдардың мүдделеріне қайшы келетіндігін» * (8); мектептегі таптық программалардың «мемлекет тұрғысынан да, ұлт тұрғысынан да қолайсыз

* Аса құрметті Kleinbürger мырза, екінің бірі: не сіз таптарға бөлінген қоғам туралы, не таптарға бөлінбеген қоғам туралы айтасыз. Алғашқы жағдайда таптық емес білім алудың болуы да мүмкін емес. Соңғы жағдайда таптық мемлекеттің де, таптық ұлттың да, таптардың біріне жататын жеке адамдардың да болуы мүмкін емес. Бұл екі жағдайдың екеуінде де сөздің мағынасы жоқ, тек қазіргі өмір шындығының ең айқын белгілерін көргісі келмей қорқатын Kleinbürger-дің сәбилік тілегі ғана бар.

және қауіпті» (9) екенін; тарихтың мысалдары «таптық құрылыс пен таптық мүдделердің ұлтқа мүлдем қарсы, өзіміз жоғарыда айтқан және ұлттың игілігі мен мемлекеттің өзі үшін де қауіпті деп тапқан дамуын» (11) ғана көрсететінін; «жер-жердің бәрінде басқарудың таптық құрылысының қалай дегенмен де жойылғанын» (11); осы «қауіпті» болған таптарға бөлінушіліктің өзі «халықтың әр түрлі топтарының арасында антагонизм» туғызып, «ұлттық ынтымақ пен жалпы мемлекеттік патриотизм сезімін» (12) біртіндеп жоятындығын; «тұтас алғандағы ұлттың, мемлекеттің және жеке азаматтардың жалпы алғанда кең, дұрыс және көрегендікпен ұғылатын мүдделері (ең болмағанда қазіргі мемлекетте) бір-біріне қайшы келмеуге тиіс» (15) екенін, т. т. айтады. Мұның бәрі — бастан-аяқ өтірік, Kleinbürger-дің мағына атаулыдан дәнеңе жоқ «тілектерін», бар нәрсенің өзін елеусіз сипаттағандық болып шығатын тілектерін қолдану арқылы қазіргі өмірдің шын мәнін боямалайтын сылдыр сөздер ғана. Мұндай сөздерді тудыратын осы сықылды дүние танымға ұқсас бірдеңе табу үшін Батыстағы «этикалық» мектептің өкілдеріне көңіл аудару керек, бұл мектеп ондағы буржуазияның теориядағы қорқақтығы мен саясаттағы сасқалақтығының табиғи және сөзсіз көрінісі болып келді [151].

Ал біз бұл тамаша сөзуарлық пен ақ көңілділікті, осы тамаша көрегендік пен алыстан болжағыштықты төмендегі кішкене фактімен салыстырып, сонымен ғана қанағаттанамыз. Южаков мырза сословиелік және таптық мектеп туралы мәселе қозғады. Бірінші мәселе жөнінде, ең болмағанда, ерлер гимназиялары мен прогимназиялары туралы және реалдық училищелер туралы дәлме-дәл статистикалық мәліметтер табуға болады. Финанс министрлігі шығарған: «Россияның өндіргіш күштері» (СПБ. 1896. XIX бөлім. Халық ағарту ісі. 31-бет) деген кітабынан біздің алған мәліметтеріміз мынау:

«Оқушылардың сословиеге бөлінуі (оқушылардың жалпы санына келетін проценттері) мына кестеден көрінеді:

	Халық ағарту министрлігінің ерлер гимназиялары мен прогимназияларында 1880	1884	1892	Реалдық училищелерде 1880	1884	1892
Атадан мирас дворяндар мен жеке басы дворян болғандардың және чиновниктердің балалары	47,6	49,2	56,2	44,0	40,7	38,0
Дін иелерінің балалары	5,1	5,0	3,9	2,6	1,8	0,9
Қалалық сословиелердің балалары	33,3	35,9	31,3	37,0	41,8	43,0
Селолық сословилердің балалары (бұратаналар мен төменгі қызметкерлердің балаларын қосқанда)	8,0	7,9	5,9	10,4	10,9	12,7
Шетелдіктердің балалары	2,0	2,0	1,9	3,0	4,8	5,4
Басқа сословиелердің балалары	2,0	алдыңғылармен бірге		3,0	алдыңғылармен бірге	
	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0»

Біз бірден және үзілді-кесілді (??) «сословиелік мектептен бас тартқанбыз» деген сөзді Южаков мырзаның байқамай айтып қалғанын бұл кесте бізге айқын көрсетеді. Керісінше, тіпті гимназиялардағы (дворяндық пұрсатты оқу орындарын, тағы басқаларын сөз қылмағанда) оқушылардың 56 проценті дворяндар мен чиновниктердің балалары болып отырған күннің өзінде, біздің орта мектептерімізде сословиелік қазір де басым. Дворяндар мен чиновниктердің бірден-бір елеулі бақталасы — реалдық училищелерде басым болып алған қалалық сословиелер. Селолық сословиелердің үлесі — әсіресе сан жағынан олардың басқа сословиелерден орасан көп екенін еске алсақ — мүлде аз. Демек, кімде-кім біздің қазіргі орта мектебіміздің сипаты туралы сөз қозғағысы келсе, ол әңгіменің тек сословиелік және таптық мектеп туралы ғана болуы мүмкін екендігін және

«біз» сословиелік мектептен шынымен бас тартқанда тек таптық мектеп үшін ғана бас тартатындығымызды әбден ұғынып алуға тиіс екендігін бұл кесте өте-мөте айқын көрсетеді. Біз бұлай дегенде: сословиелік мектептің орнына таптық мектеп ашу жөніндегі және таптық мектепті жақсарту жөніндегі мәселе орта мектептің игілігін көрмейтін және көре алмайтын таптар үшін маңызсыз немесе немқұрайды мәселе деп ешбір айтқымыз келмейтіндігі өзінен-өзі түсінікті: қайта, ол таптар үшін де бұл немқұрайды мәселе емес, өйткені өмірде де, мектепте де сословиелік әлгі таптарға өте-мөте қатты батады, өйткені сословиелік мектепті таптық мектеппен ауыстыру Россияны жалпы және жан-жақты европаландыру процесіндегі буындардың бірі ғана болып табылады. Біз тек Южаков мырза істің жайын қалай бұрмалағандығын және оның мәселеге «кең» тәрізді көзқарасының шынында тіпті буржуазиялық көзқарастан да өлшеусіз төмен тұрғандығын көрсеткіміз келеді. Айтпақшы, буржуазиялық көзқарас туралы. Шульце-Геверництің сыңар жақтылығын П. Б. Струве айқын сипаттаса да, «оның буржуазиялық идеяларын» Струвенің не себепті «насихаттап отырғандығын» («Р. Богатство», № 11, 93-бет) мына А. Мануилов мырза ешбір түсіне алмай-ақ қойды. А. Мануилов мырзаның түсінбеуі түгелінен және тек оның орыс «шәкірттердің» ғана емес, сонымен бірге бүкіл батыс европалық «шәкірттердің» де, тек шәкірттердің ғана емес, ұстаздардың да негізгі көзқарастарын түсінбеуінен болып отыр. Немесе, Мануилов мырза, бәлкім, қазіргі қоғамның тапқа бөлінуін жылымшы сөздермен бүркемелейтін «кең көзқарастарды» сүйетін адамдарға мейлінше дұшпандығы да «ұстаздың» негізгі көзқарастарына — оның бүкіл теориялық, әдеби және практикалық қызметінің өнбойын түгел қамтитын көзқарастарына — жататындығын теріске шығарғысы келетін болар? капитализмді кідіртуді және тоқтатуды аңсап отырған Kleinbürger-лердің идеяларына қарағанда айқын және дәйекті «буржуазиялық идеялардың» прогресшілдігі мен артықтығын батыл мойындауы да ұстаздың негізгі көзқарастарына

жататындығын теріске шығарғысы келетін болар? Егер Мануилов мырзаға бұл айқын болмаса, онда ол ең болмағанда өзінің журнал жағынан жолдасы Южаков мырзаның шығармаларына назар салып, ойлап қарасын. Енді ол біз қозғап отырған мәселе бойынша Южаков мырзаның сапынан қазіргі мектептің нақ таптық сипатын жақтайтын, жақтағанда мұнан асқан тәуір мектеп жоқ деп дәлелдей отырып және сословиелік мектепті толық ығыстыруға, таптық мектепке жұрттың көбінің қолын жеткізуге (жеткізгенде оның жоғарыда көрсетілген мағынасында) тырыса отырып жақтайтын «буржуазиялық идеялардың» ашық және дәйекті өкілін көріп отырғанымызды көз алдына елестетсін. Ал, расында, мұндай идеялар Южаков мырзаның идеяларынан әлдеқайда жоғары болар еді; мұндайда қазіргі мектептің нақты мұқтаждарына, атап айтқанда, Kleinbürger-дің екі ұшты «кең көзқарасына» емес, әлгі мектептің сословиелік томаға-тұйықтығын жоюға көңіл бөлінген болар еді. Қазіргі мектептің бір жақты сипатын ашықтан-ашық анықтау және қорғау өмір шындығын дұрыс сипаттаған болар еді және өзінің сол бір жақтылығы арқасында екінші жақтың сана-сезімін оятқан болар еді *. Ал Южаков мырзаның «көсіле» лағып кетуі, керісінше, тек қана қоғамдық сананы аздырады. Ақыр аяғында, мәселенің практикалық жағын алып қаралық... бірақ Южаков мырзаның өзі де осы мақаласында ғана емес, өзінің «утопиясында» да таптық мектептің шегінен титтей де шыға алмай отыр ғой; енді біз оның сол «утопиясын» қарауға көшеміз.

---

* Мұндай сипаттың дәлелін түсіну «Р. Богатствоның» қызметкерлеріне өте-мөте қиын екендігін біз жақсы сеземіз. Бұл да олардың тек қана «шәкірттерді» емес, «ұстаздарды» да түсінбеуінен болып отыр. Мысалы, «ұстаздардың» бірі 1845 жылдың өзінде-ақ астық заңдарының жойылуынан ағылшын жұмысшыларына келетін пайданы былай дәлелдеген. Бұл заңдарды жою, деп жазады ол, фермерлерді «либералдарға, яғни саналы буржуаға» айналдырады, ал бір жақтың саналылығының бұлай өсуі екінші жақтың да санасының дәл солай өсуіне жеткізбей қоймайды (Fr. Engels. «The condition of the working class in England in 1844». New York. 1887, p. 179 (Ф. Энгельс. «Англиядағы жұмысшы табының 1844 жылғы жағдайы». Нью-Йорк. 1887, 179-бет.[152] *Ред.*)). «Р. Богатствоның» қызметкер мырзалары-ау, осы сіздердің «ұстаздардың» алдында бас иіп, ал олардың «буржуазиялық идеяларды насихаттауын» әшкерелемейтіндеріңіз қалай?

III

Южаков мырзаның «бүкіл халықты оқыту мәселесін» (кітаптың бас тақырыбын қараңыз) қарастыратын мақаласы: «Ағартушылық утопиясы. Бүкіл халыққа міндетті түрде орта білім беру жоспары» деп аталады. Южаков мырзаның бұл өте-мөте үлгі боларлық мақаласының тым көп нәрседен дәмелендіретіні атынан-ақ көрініп тұр. Ал шынында Южаков мырзаның «утопиясы» онан әлдеқайда көп нәрседен дәмелендіреді. «Мұнан бірде-бір кем емес, қымбатты оқушылар, ешқандай мәмлеге немесе ымыраға келуге болмайды...— деп бастайды автор мақаласын.— Мемлекет, земство және халық тарапынан ешқандай шығын шығармай-ақ, ер-әйел демей, бүкіл халыққа, жұрттың бәріне міндетті түрде толық гимназиялық білім беру керек,— менің ағарту жөніндегі орасан зор утопиям, міне, осындай!» (201). Қайырымды Южаков мырза, сірә, бұл мәселенің түйіні «шығында» деп ойлайтын болар; әлгі беттің өзінде-ақ бүкіл халыққа бастауыш білім беру шығынды керек етеді, ал оның «жоспары» бойынша бүкіл халыққа орта білім беру ешқандай шығынды керек етпейді деп ол тағы да қайталайды. Ол ол ма, Южаков мырзаның жоспары ешқандай шығынды керек етпейтіні былай тұрсын: ол бүкіл халыққа орта білім беруден де гөрі көп нәрсені дәмелендіреді. «Р. Богатство» қызметкерінің бізді дәмелендіретін нәрсесінің көлемін толық көрсету үшін ілгеріде автордың өз жоспарын түгел баяндап, оған сүйсінгендегі масаттанған сөздерін келтіру керек. Южаков мырзаның жоспарының мәні гимназияның білім беруі, өздерін өздері асырайтын «гимназистердің» өнімді еңбегімен ұштасады дегенінде: «...Жер учаскесін өңдеу... туғаннан бастап гимназия курсын бітіргенге дейін бүкіл жас ұрпақтың мол, дәмді, жұғымды азық-түлігі болуын, сол сияқты оқу ақысын жұмыс істеп өтейтін жастардың (Южаковтың Zukunftsstaat-ының * бұл тәртібі туралы төменде толығырақ сөз қыламыз), сондай-ақ барлық әкімшілік, оқы-

* — болашақ мемлекетінің. *Ред.*

тушылық қызметіндегі адамдардың және қожайындардың азық-түлігі болуын қамтамасыз етеді. Мұнымен қатар олардың бәрі аяқ киіммен де, сол сияқты киім-кешек тіктірумен де қамтамасыз етіледі. Оның үстіне бұған қоса сол учаскеден 20 мың сомдай табыс түседі, атап айтқанда, сүт пен жаздық бидайдың артығын сатудан 15 мың сом... және тері, қыл, мамық, тағы сондай қосалқы өнімдерді сатудан 5 мың сомдай табыс түседі» (216). Ойлап қараңызшы, оқушым, *күллі* жас ұрпақтың гимназия курсын бітіріп шыққанға дейінгі, яғни 21—25 жасқа дейінгі (203-бет) шығыны өтеледі екен! Мұның аты еліміздің барлық халқының *тең жартысының* шығыны өтеледі деген сөз ғой *. Оп миллиондаған халықты асырау, оқыту,— иә, мұның өзі нағыз жақсы «еңбек ұйымдастыру!» Сірә, Южаков мырза халықшылдардың «еңбек ұйымдастыру» жобалары — сылдыр сөзді сүйетіндердің құрғақ сөзі дейтін қырсық адамдарға қатты ызаланған болу керек, сондықтан ол «ешқандай шығынсыз» жүзеге асырылатын «еңбек ұйымдастырудың» тұтас бір «жоспарын» жұртқа жариялау арқылы сол қырсық адамдарды біржола құртуға бел байласа керек... Бірақ мұнымен де бітпейді: «...Жол-жөнекей біз міндетті кеңейтіп алдық; бала біткеннің барлығын асырауды да сол ұйымның мойнына арттық; біз жастарды мектептен кетерінде деревня үшін әжептәуір жасаумен қамтамасыз ету жағын да қарастырдық; біз сол қаражаттың есебінен әрбір гимназияға, яғни әрбір болысқа, ең кемінде бір-бірден дәрігер, мал дәрігері, оқымысты агроном, оқымысты бағбан, технолог және алты-алтыдан шебер беруді мүмкін деп таптық (олар сол жердің бәрінде мәдениетті көтеріп, тиісті қажеттерді қанағаттандыратын болады)... Біздің жоспарымыз жүзеге асқанда бұл міндеттердің бәрі де финанс пен экономика жағынан қамтамасыз етілетін болады...» **. Халықшылдардың әйгілі «біз» дегені — «құпия бейта-

---

* Буняковскийдің есебі бойынша, Россияның халқы жасы жағынан былай бөлінеді: 1000 адамның ішінде 0—20 жастағылар 485 адам, ал 0—25 жастағылар 576 адам.

** 237-бет. Бұл тирададағы терең мағыналы көп нүктенің екеуін де Южаков мырзаның өзі қойған. Бұл арада бір әріпті қалдыруға да біздің батылымыз бармас еді.

ныс адам», бұл — қос тақиялы еврей, т. т. деп жүрген тілі ащы адамдар енді қандай масқара болар екен! Неткен сорақы жала! Бұл «біз» деушілердің құдіретін және «біздердің» жобаларының жүзеге асатындығын дәлелдеу үшін бұдан былай Южаков мырзаның «жоспарына» сүйенудің өзі-ақ жеткілікті.

Мүмкін, бұл: жүзеге асатындығы деген сөз жөнінде оқушының күмәны болар? Мүмкін, оқушы: Южаков мырза өзінің еңбегін утопия деп атап, сол арқылы оның жүзеге аспайтындығын айтқан болар деп ойлар? — Егер Южаков мырзаның өзі «утопия» деген сөз туралы өте елеулі ескертулер жасамаса, егер ол мақаласының басынан аяғына дейін өз жоспарының жүзеге асатындығын атап көрсетіп отырмаса, бұл тап солай болып шығар еді. «Бүкіл халыққа мұндай орта білім беру,— деп мәлімдейді ол мақаласын бастағаннан-ақ,— тек үстірт қарағанда утопия болып көрінеді деп ойлауға батылым барады» (201)... Бұдан артық не керек?.. «Алайда, Германияда, Францияда, Англияда, Құрама Штаттарда қазірдің өзінде-ақ жүзеге асырылған, Россияның кейбір губернияларында да жүзеге асырылуға өте жақын тұрған бүкіл халыққа бастауыш білім беру ісіне қарағанда, бүкіл халыққа мұндай білім беру анағұрлым жүзеге асарлық екенін мен онан да батыл қуаттай аламын» (201). Өз жоспарының (сірә, жоғарыда айтылғандардан кейін утопия дегеннен гөрі «жоспар» деген сөз дұрысырақ болар) жүзеге асатындығына Южаков мырзаның сенетіндігі сонша, ол сол жоспарды жасағанда ең ұсақ «практикалық қолайлы нәрселерден» де жиренбейді, мәселен, еркек-әйелді «бірге оқытуға қарсы Европа континентіндегі теріс түсінікті қадірлегендіктен қос гимназия, ер және қыз балалар гимназиясы жүйесін де әдейі сол күйінде қалдырады, оның жоспары «ер және қыз балалар гимназиясының қалыптасқан оқу жоспарларын бұзбауға мүмкіншілік беретінін, оқытушы адамдарға жұмысты, демек, сыйлықты да көп беретінін» айрықша атап көрсетеді... «Тек тәжірибемен қанағаттанып қоймай, бүкіл халыққа білім беруді шынымен іске асырғың келсе, онда бұл айтылғандардың бәрінің де зор маңызы болмақ» (205—206). Өз утопияларының алдамшылығы-

мен, сындарлылығымен тайталасатын утопистер дүниеде көп болған, бірақ олардың арасынан «қалыптасқан оқу жоспарларына» және оқытушы адамдардың сыйлық алуына мұндай мұқият көңіл бөлген ең болмаса бір утопист табыла қоймас. Кейінгі ұрпақтың Южаков мырзаны ұзақ уақытқа дейін нағыз практикашыл, нағыз іскер «утопист» деп танитындығына сенеміз.

Автордың осындай уәделерінен кейін, оның бүкіл халықты оқыту жоспарларының өте-мөте мұқият талдауды керек ететіні енді айқын болар.

IV

Южаков мырзаның сүйеніп отырған принципі — гимназияның егіншілік шаруашылығы да болуы керек, ол өзінің шәкірттерінің жазғы еңбегімен өзінің тіршілігін қамтамасыз етуі керек. Оның жоспарының негізгі пікірі осындай. «Бұл пікір дұрыс, ендеше оған күмәндануға бола қояр ма екен?» (237),— деп ойлайды Южаков мырза. Мұнда шынында дұрыс пікірдің бар екендігіне біз де қосыламыз, бірақ ол пікірді еш уақытта «гимназияларға» да, гимназияның шығынын шәкірттердің еңбегімен «өтеу» мүмкіншілігіне де шатыстыруға болмайды. Бұл дұрыс пікірдің мағынасы мынада: оқытуды жас ұрпақтың өнімді еңбегімен ұштастырмайынша болашақ қоғамның мұратын ұғыну мүмкін емес: өнімді еңбексіз оқу мен білім алу да, оқу мен білім алу қатар жүрмейінше өнімді еңбек те техниканың қазіргі дәрежесі мен ғылыми білімнің қазіргі күйі талап етіп отырған сатыға көтеріле алмас еді. Бұл пікірді бұрынғы ұлы утопистер де айтқан болатын; оған «шәкірттер» де толығынан қосылады, олар басқа себептермен қатар нақ осы себептен де әйелдер мен жас өспірімдердің өнеркәсіптік еңбегіне принципті түрде қарсы болмайды, бұл еңбекке мүлде тыйым салмақ болған әрекеттерді реакцияшылдық деп есептеп, ол еңбектің толық тазалық жағдайларға қойылуын ғана талап етеді. Сондықтан Южаков мырзаның: «Менің тек пікір туғызғым ғана келді» (237),— деп айтуы бекер... Бұл пікір — әлдеқашан айтылған пікір, сондықтан Южаков мырза ол пікірмен та-

ныс емес деуге (таныс еместігі әлі дәлелденбей тұрғанда) біздің батылымыз бармайды. «Рус. Богатствоның» қызметкері бұл пікірді *жүзеге асырудың* мүлде дербес *жоспарын* бергісі келді және берді де. Тек осы жағынан алғанда ғана оны қолтума деп тануға болады, бірақ мұның есесіне оның бұл қолтумалығы бұл арада... геркулес бағанасына дейін жетіп [153] отыр.

Жалпыға бірдей өнімді еңбекті жалпыға бірдей оқумен ұштастыру үшін, сірә, өнімді еңбекке қатысуды *жұрттың бәріне де* міндет ету қажет болар. Бұл өзіненөзі айқын болса керек еді? — Бірақ бұл олай емес екен. Біздің «халықшыл» бұл мәселені былайша шешеді: дене еңбегінің міндеттілігі шынында жалпы принцип болып белгіленуге тиіс, *бірақ тіпті де барлық жұрт үшін емес, тек ауқатсыздар үшін ғана солай болуға тиіс.*

Оқушы бізді әзілдеп отыр деп ойлап қалар? Құдай ақы, әзіл емес.

«Білім алудың барлық наркын ақшамен төлеуге даяр ауқатты адамдар үшін таза қалалық гимназиялар қазіргі қалпында да қала алар еді» (229). 231-бетте жалпы «ауқаттылар» атаулы тікелей «егіншілік гимназияларындағы» міндетті түрдегі білім алуға тартылмайтын «халық категориясының» қатарына енгізілген. Демек, біздің халықшылша міндетті түрдегі өнімді еңбек — адам баласының жалпы және жан-жақты дамуының шарты емес, қайта тек гимназияда оқығаны үшін төленетін ақы. Дәл солай. Южаков мырза өз мақаласының бас жағында-ақ егіншілік гимназиясына керекті қысқы жұмысшылар туралы мәселені сөз қылады. Гимназияны қысқы жұмысшылармен қамтамасыз етудің мынандай әдісі оған барлығынан да «қисынды» болып көрінеді. Төменгі кластарда оқитын шәкірттер жұмыс істемейді, демек, тамақты тегін ішіп және оқуды тегін оқиды, гимназияның бұған шығарған шығыны үшін еш нәрсе төлемейді. «Егер бұл осылай болса, онда курсты бітіргеннен кейін осы шығынды жұмыс істеп өтеу оның тікелей міндеті емес пе? *Оқу ақысын төлей алмайтындардың қай-қайсысы үшін* әбден ойластырылып, тиянақты белгіленген бұл міндет арқасында гимназия шаруашылығы өзіне керекті қысқы жұмысшылар контингенті

мен қосымша жазғы жұмысшылар контингентін таба алады... Теориялық жағынан бұл — тым қарапайым, түсінікті және мүлдем даусыз нәрсе» (205, курсив біздікі). Ойланып көріңізші, бұдан «қарапайым» не болмақшы? Ақшаң бар екен, төле, ал ақшаң жоқ екен, жұмыс істе — мұның өте-мөте «түсінікті» екендігін қандай дүкенші болса да қостайды. Оның үстіне бұл өмірге қандай тамаша жанасымды! — Тек... тек бұл арада «утопияның» не қатысы бар? Және өзінің утопиясының негізі еткісі келген ұлы негізгі пікірді Южаков мырза осы сияқты жоспарлармен несіне қор қылады?

Ауқатсыз шәкірттердің оқу ақысын жұмыс істеп өтеуі — Южаков мырзаның бүкіл жоспарының негізі. Рас, ол қысқы жұмысшыларды табудың басқа тәсілін де — жалдап алуды да * қостайды, бірақ оны екінші орынға қояды. Әскер қызметіне бармайтындардың бәрі, яғни шәкірттердің үштен екі бөлігі және қыздардың бәрі оқу ақысын үш жыл бойы (ал қажет болған жағдайда төрт жыл бойына да) жұмыс істеп өтеуге міндетті. «Тіпті бастауыш білім де емес, орта білім беру міндетін орындаудың кілті,— деп ашықтан-ашық мәлімдейді Южаков мырза,— тек осы жүйеде ғана» (207—208). «Гимназияда біржола қалып қойған және оған сіңісіп кеткен (!?) аз ғана тұрақты жұмысшылар контингенті гимназия шаруашылығындағы осы жұмыс күштерін толықтырып отырады. Біздің егіншілік гимназияның мүмкіндігі бар және тіпті де утопиялық емес жұмыс күші, міне, осындай» (208). Әрине, басқа жұмыстарды да — шаруашылықта жұмыс аз ба? — солар істейді: «Ас пісірушілер мен кір жуушыларға көмектесетін қосымша қызметшілерді, сол сияқты хат тіркеушілерді де гимназияны бітіріп, үш жылға қалған жұмысшылардың арасынан оп-оңай таңдап алуға болады» (209). Гимназияға

* «Тәжірибелі және оқымысты қожайын басқаратын, жетілдірілген құралдардың барлығымен жабдықталған және білімді, шебер жұмысшылар контингентімен қамтамасыз етілген гимназия шаруашылығы табысты шаруашылық болуға тиіс және өзіне керек жұмысшылар контингентін жалдау шығынын өтейтін болуға тиіс, сол жұмысшылардың кейбір еңбек сіңіргендері (sic!) (солай! *Ред.*) табыстан үлес алуға қатыса алар еді. Кейбір ретте, әсіресе, сол гимназияның өзінде курсты бітіріп шыққан жері жоқтар жөнінде, сірә, мұны қолдануға да тура келер» (204).

шеберлер де: тігіншілер, етікшілер, ағаш ұсталары және сондайлар керек болады. Әрине, «оларға үш жыл жұмыс істеп өтейтіндерден жәрдемшілер бөлуге болады» (210).

Ал бұл батырақтар (немесе егіншіліктегі гимназистер? шынын айтқанда, мен оларды қалай атарымды да білмеймін) өздерінің еңбегіне не алады екен? Олар өздерінің тіршілігіне керектің бәрін алады, «ағыл-тегіл және дәмді тамақ» ішеді. Южаков мырза, «әдетте село жұмысшысына берілетін» азық-түлік мөлшерін алып, соның бәрін дәлме-дәл есептеп шығарады. Рас, ол «гимназияны осындай тәсілмен тамақтандыруды ойламайды» (210), бірақ дегенмен сол нормаларды қалдырады, өйткені гимназистер мұнан басқа өз жерінен картоп, бұршақ, құмық жинап алады ғой, өсімдік майын алу үшін зығыр және күнбағыс егеді ғой, сонан соң жай күндердегідей жарты қадақтан ет жеп және 2 стаканнан сүт ішеді ғой. Южаков мырза мұны ептеп қапа қозғап отыр, тек мысал үшін ғана тізіп отыр деп ойлай көрмеңіз, оқушы. Жоқ, ол барлығын егжей-тегжейлі есептеп шыққан — бұзау, баспақ, тайынша санын да, ауруларды күтуге кететін шығынды да, құстардың жемін де есептеп шыққап. Ол асханадағы жуындыны да, өкпе-бауыр, ішек-қарынды да, овощтың қабықтарын да ұмытпаған (212). Ол еш нәрсені де қалдырмаған. Одан кейін сыртқы киімдер мен аяқ киімді гимназияның өзінде өз құралдарымен жасап шығаруға болады. «Бірақ көйлек-көншекке, төсек-орынға, орамал-дастарқанға және жазғы киімге керекті мата мен қысқы киімге керекті қалыңдау матаны және қыс киетін сырт киім тігу үшін, қой терісі болса да, мехты, әрине, сатып алу керек. Әрине, барлық педагогтар мен қызметшілер бүкіл үй ішімен өздеріне керек затты өздері табуға тиіс, дегенмен олардың шеберханаларды пайдалануына мүмкіншілік беруге болады. Ал оқушылар мен 3 жылға қалған жұмысшылар үшін бұл шығынды сараңдық етпей-ақ, жылына 50 сомнан немесе жыл сайын бүкіл оқу орнына 60 000 сомдай етіп белгілеуге болады» (213).

Біз халықшылдың іскерлігіне шын мағынасында елжірей бастадық. Тек ойлап қараңызшы: «біз», «қоғам», еңбекті осындай керемет етіп ұйымдастырамыз, халық-

қа жаппай орта білім береміз, ал осының бәріне ешқандай шығын шықпайды, сонымен бірге моральдық жағынан орасан зор олжаға қарық болады! Тамақ қожайыннан болғанда жылына 61 сомнан арзанға * жұмыс істеуге өздерінің надандығынан, арсыздығынан және тағылығынан көнбейтін «біздің» қазіргі село жұмысшыларымыз гимназия бітірген білімді батырақтардың жылына 50 сом алып жұмыс істеп жүргенін көргенде, бұл оларға қандай тамаша сабақ болады десеңізші! Өзінің жоспарының теориялық негіздері өте-мөте «түсінікті» деген Южаков мырзаның пікіріне енді Коробочканың [154] өзі де келісетіндігіне сенуге болады.

V

Гимназиялардың шаруашылығы және оларды басқару қалай жүргізіледі екен? Жоғарыда көргеніміздей, шаруашылық аралас болады: ішінара натуралды, ішінара ақшалай болады. Бұл маңызды мәселе жөнінде Южаков мырза, әрине, барынша толық нұсқаулар береді. 216-бетте ол әрбір гимназияға 160—170 мың сом ақша, ал барлық 15—20 мың гимназияға үш миллиард сомдай ақша керек болатынын барлық жағынан дәлмедәл есептеп шығарған. Әрине, егіншілік өнімдерін сатып, солардан ақша түсіретін болады. Біздің автордың тиянақтылығы сонша — ол мұны есептегенде қазіргі товарлы-капиталистік шаруашылықтың жалпы жағдайларын еске алады: «Қалаға немесе темір жол станцияларына жақын орналасқан, ірі орталықтардан қашық емес жолдардың бойындағы гимназиялардың типі мүлде басқаша болуға тиіс. Огород, бау-бақ, сүт шаруашылығы мен қолөнер мұнда толығынан егіншіліктің орнына жүре алады» (228). Демек, сауда жағы да олқы болмайды. Саудамен кім айналысатынын автор айтпайды. Гимназияның педагогтық советтері ішінара коммерциялық советтерге де айналады деп шамалау керек.— Гим-

* Егіншілік пен село өнеркәсібі департаментінің мәліметтері бойынша, Европалық Россияда село жұмысшысының жылдық орташа жалақысы 61 сом 29 тиын (1881—1891 жылғы 10 жыл ішінде), тамағы 46 сом болады.

назиялардың банкротқа ұшыраған кездерінде не істеу керек екендігін және олардың тегінде сауда ісін жүргізе алатын-алмайтындығын, сірә, шүбәланушылардың білгісі келетін болар? — Бірақ бұл, әрине, жөнсіз тиіскендік болар еді: қазір білімсіз көпестер де сауда жүргізіп отырғанда, бұл істі біздің интеллигенттік қоғамның өкілдері қолға алған күнде, оның табысты болып шығатындығына күмәндануға бола қояр ма екен?

Шаруашылық жүргізу үшін гимназияларға жердің өзі керек. Южаков мырза былай деп жазады: «Егер бұл пікірді іс жүзінде сынауға тура келетін болса, онда тәжірибе жүргізілетін осындай алғашқы егіншілік гимназиялары 6 мыңнан 7 мың десятинаға дейін үлесті жер алуға тиіс болар еді... деп ойлаймын» (228). 109 миллион халыққа — 20 000 гимназияға — 100 миллион десятина шамасындай жер керек болар еді, бірақ егіншілік еңбегімен не бары 80 миллион ғана халық айналысатынын ұмытпау керек қой. «Тек солардың балалары ғана егіншілік гимназияларынан өткізіліп отыруға тиіс». Ал сонан соң тағы да әр түрлі категорияға қосылатын 8 миллиондай халықты * шығарып тастау керек, сонда 72 миллион қалады. Оларға тек 60—72 миллион десятина жер керек. «Әрине, бұл да көптік етеді» (231), бірақ Южаков мырза бұған қымсынбайды. Қазынаның жері де көп қой, бірақ қолайсыз жатқан жер. «Мәселен, солтүстік Полесьеде осындай 127,6 миллион десятина жер бар, сондықтан бұл өңірде, керек болған күнде жеке меншіктегі жерлер мен тіпті шаруалардың жерлерін де мектептерге беру мақсатымен, оларды қазына жерлеріне айырбастап алу жолын мейлінше игергеннен

* Егіншілік гимназияларынан босатылатын осы бақыттылар категориясының толық тізімі мынау: «ауқаттылар, түзетілудегі адамдар, мұсылман қыздары, ұсақ бұратаналар, фанатик сектанттар, соқырлар, мылқаулар, есуастар, жындылар, ескі дімкәстар, жұқпалы аурулылар, қылмыстылар» (231). Осы тізімді оқып шыққан кезде, япырмай, ең болмаса өзіміздің жақын адамдарымызды бостандық алушылардың санына қалай қосар екенбіз, деп қатты уайымдадық! — Бірінші категорияға ма? — бұған, сірә, қаражат жетпес! Мақұл, әйел жынысын, бәлкім, амалдап мұсылман қыздарына қосуға болар, ал еркектерді қайту керек? Бір сенетініміз 3-категория. Южаков мырзаның журналдас серігі Михайловский мырзаның П. Б. Струвені қазірдің өзінде-ақ бұратаналардың қатарына қосып қойғаны жұртқа мәлім, сондықтан ол біздің жақын адамдарымызды егіншілік гимназияларынан құтқару үшін біздің бәрімізді де ең болмағанда «ұсақ бұратаналарға» қосып, жарылқаса жарар еді!

кейін, біздің егіншілік гимназияларын жермен тегін қамтамасыз ету қиын болмас еді. Сол сияқты»... оңтүстік-шығыста да «істің жайы жақсы болып отыр» (231). «Жақсы»... екен-ау! онда оларды Архангельск губерниясына жіберу керек қой! — Рас, ол губерния осы кезге дейін көбінесе жер аударылғандардың орны болып келді, сондықтан қазына ормандарының аса көбі онда тіпті «реттелінбеген» де,— бірақ бұл дәнеңе етпейді. Көзі ашық оқытушылармен бірге гимназистерді сол жаққа жібергеннен кейін, олар сол ормандағы ағаштардың барлығын кесіп, жерді тазартып, мәдениеттендіреді.

Ал орталық облыста жерді сатып алуға болады: 80 миллион десятинадан артық емес қой. «Кепілді облигациялар» шығару керек, ал сол облигация бойынша төлемдерді, әрине, «тегін үлесті жер алған гимназияларға» (232) бөлу керек — міне сөйтсе болғаны! Южаков мырза: «финанс операциясының күрделілігінен» қорқатын еш нәрсе жоқ деп сендіреді. «Ақша операциясы бос үміт, утопия емес» (232) дейді. Бұл «шындығында тамаша қамтамасыз етілген кепілдік» болады. Қамтамасыз етілмеген несі қалды! Тек тағы да айтарымыз: бұл арада «утопия» деген сөздің не керегі бар? Ал Южаков мырза осындай жоспарға шаруалардың ризалығын алмақ болғанда — біздің шаруаларды шынымен соншалықты топас, соншалықты надан адамдар деп есептегені ме?? Жер үшін төлем салығын да, «алғашқы керек-жарақты алуға арналған несие төлемдерін» де төлеуіңіз керек *, бүкіл гимназияны да асырап, барлық оқытушылардың жалақысын да төлеуіңіз керек, ал осылардың бәрінің үстіне тағы да (яғни, ақы беріп оқытушылар жалдағаныңыз үшін бе?) үш жыл жұмыс істеуіңіз керек! Көзі ашық «халықшыл» мырза, мұныңыз тым артық болмас па екен? «Р. Богатство» журналында 1895 жылы жарыққа шыққан өз еңбегіңізді 1897 жылы қайта бастырғанда, сіз барлық халықшылдарға тән түрлі финанс операциялары мен сатып алу істерін ұнатушылықтың өздеріңізді қайда апара жатқанын ойлады-

* 216-бет. Әрбір гимназиядан 10 000 сом.

ңыз ба? «Мемлекеттен, земство мен халықтан ешқандай шығын шығармай» бүкіл халыққа білім беруге дәмелендіргені есіңізде болар, оқушы. Ал біздің данышпан финансист, шынында, мемлекеттен де, земстводан да бірде-бір сом талап етпейді. Ал «халықтан» ше? Немесе, дәлірек айтқанда, *ауқатсыз шаруалардан* ше?» * Олардың ақшаларына жер де сатып алынады, гимназиялар да ашылады (өйткені олар бұған жұмсалған капиталдың процентін және оны кері қайтару төлемін төлейді), оқытушыларға жалақыны да солар төлейді, барлық гимназиядағыларды да солар асырайды. Оның үстіне жұмыспен өтеуі тағы бар. Ал мұны не үшін істейді десеңізші! — Төменгі кластарда гимназистер өзінің оқуы мен киген киімі, ішкен тамағына ақша төлемегені үшін, деп жауап береді қарыспа финансист (204). Бірақ, 1-ден, жұмыс жасына жетпегендерге «гимназияның даярлық кластары мен алғашқы екі кластарындағы» (206) балалар ғана жатқызылған, одан кейінгілері жартылай жұмысшы болады. Ал, 2-ден, бұл балаларды олардың ағалары асырайды ғой, інілерін оқытқаны үшін оқытушыларға ақыны да солар төлейді. Жоқ, Южаков мырза, мұндай жоспарды қазір түгіл, Аракчеев заманында [155] да мүлде *жүзеге асыруға болмас еді,* өйткені бұл шын мәнісінде нағыз *крепостнойлық* «утопия».

Гимназияларды басқарудың жайына келсек, Южаков мырза бұл жөнінде өте аз мәлімет береді. Рас, ол оқытушыларды дәлме-дәл есептеп шығарған, олардың бәріне «бір есептен көп емес» жалақы белгілеген (өйткені оларға дайын пәтер береді, балаларын асырайды, «кимге шығатын шығынның жартысын» береді) — мүмкін, сіз жылына 50 сомнан бере ме деп ойлайтын шығарсыз? Жоқ, сәл артығырақ: «директорға, директор әйелге және бас агрономға 2 400 сомнан төленеді, инспекторға», тағы сондайларға, шеніне қарай, иерархиялық сатымен төмен түсе келіп, төменгі қызметшілерге 200 сомға дейін төленеді (214). Көріп отырсыздар, қалалық ақы-

* Өйткені ауқатты шаруалар есептен шығарылып отыр. «Ауыл шаруашылығындағы халықтың кейбір проценті балаларын қалалардағы ақы төлейтін орта мектептерге беруді артық көретіндігін» (230) Южаков мырзаның өзі де сезеді. Қалай артық көрмесін!

лы мектепті егіншілік гимназиядан «артық көріп» жүрген көзі ашық қоғамның өкілдері үшін жаман мансап емес! Оқытушы мырзалар қамтамасыз етілген «киімге шығатын шығынның жартысына» көңіл бөліп көріңіз: біздің халықшылдың жоспары бойынша, олар шеберханаларды пайдаланады (біз мұны жоғарыда көрдік те), яғни өзінің көйлек-көншегін тігуге және жамап-жасқауға «гимназистерге» беріп отырады. Южаков мырза... оқытушы мырзалардың қамқоршысы екені рас-ақ емес пе? Әлбетте, жақсы қожайынның: малды азықтандыру керек, суару керек, жайғастыру керек және... және шағылыстыру керек деп малдың қамын жейтіні сияқты, Южаков мырза «гимназистердің» де қамын ойлайды. Былай деуден де тайынбайды:

«Егер... курсты бітіріп, гимназия шаруашылығында үш жылға қалатын жастардың некелесуіне рұқсат етілетін болса.., онда мұндай 3 жыл гимназияда болудың ауыртпалығы әскер міндетін өтеудің ауыртпалығынан әлдеқайда кем болады» (207). «Егер некелесуге рұқсат етілсе»!! Демек, рұқсат етпеу де мүмкін болғаны ғой? Бірақ, қадірлі прогрессист мырза, бұл үшін жаңа заң, *шаруалардың* азаматтық праволарына *шек қоятын* заң керек қой. Өзінің бүкіл «утопиясында» оқытушылардың жалақысы туралы, гимназистердің оқу ақысын жұмыс істеп өтеуі туралы және басқа мәселелерді толық талдай келіп, «гимназияны» басқару және шаруашылықты жүргізу жөнінде «шәкірттердің» өздеріне — ең болмағанда «утопияда» болса да — кейбір праволар беру күнә болмайтындығын ешбір ескермей отырғанда, Южаков мырзаның әлгіндей «жаңсақ пікіріне» таңдануға бола ма (?); бұл шәкірттер бүкіл оқу орнын өздері асырап және оны 23—25 жасында бітіріп шығады екен, бұлар тек «гимназистер» ғана емес, сонымен қатар *азаматтар* ғой. Осындай ұсақ-түйекті біздің халықшыл мүлде ұмытып кетіпті! Ал оның есесіне ол тәртібі нашар «шәкірттер» жөніндегі мәселені ыждаһатты қарастырған. «Төртінші түріп (гимназиялардың) кәдімгі жай гимназиялардан тәртібінің нашарлығы үшін шығарылатын оқушыларға арнап ашқан жөн болар еді. Орта білім алуды барлық жас ұрпаққа міндет еткеннен кейін

жаман мінезі үшін бұл міндеттен босату қолайсыз болар еді. Бұл жоғары кластағыларды азғырғандық және тәртіпсіздікті қолпаштағандық болар еді. (Құдай ақы, 229-бетте дәл осылай деп жазылған!!) Тәртібінің нашарлығы үшін шығарылғандарға арнап ерекше гимназиялар ашу бүкіл жүйені логикалық тұрғыдан толықтырғандық болар еді». Олар «құлық түзету гимназиялары» (230) деп аталған болар еді.

Ағартудан «босану»... перспективасына «қызығатып» зұлымдарға арналған құлық түзету гимназияларымен бірге орыс ұғымындағы осы «ағарту утопиясының» ешбір теңдесі жоқ екені рас емес пе!?

VI

Өнеркәсіпті басқарудың бір жобасын, жоба болғанда, меркантилизмді [156] қайта тудырғандық делініп, «отандық өнеркәсіпті буржуазиялық-бюрократтық-социалистік ұйымдастырудың» [157] жобасы делініп әділ сипатталған жобаны оқушылар, бәлкім, ұмытпаған болар (238-бет). Южаков мырзаның «жоспарын» сипаттау үшін бұдан да күрделі терминді қолдануға тура келеді. Бұл жоспарды *крепостнойлық-бюрократтық-буржуазиялық-социалистік* эксперимент деп атауға тура келеді. Тіптен қолапайсыз, 4 қабат термин болып шықты, бірақ лажың бар ма? Жоспардың өзі де сондай қолапайсыз ғой. Бірақ оның есесіне бұл термин Южаков мырзаның «утопиясына» тән белгілердің бәрін *дәлме-дәл* береді. Талқылауды 4-қабаттан басталық. «Социализмнің *ғылыми* ұғымының негізгі белгілерінің бірі — қоғамдық өндірісті жоспарлы түрде реттеу»,— деп жаңа ғана сөзінен цитат келтірілген автор әділ айтады *. «Утопияда» осы белгі бар, өйткені он миллиондаған жұмысшылардың шаруашылығы алдын ала жалпы бір жоспар бойынша ұйымдастырылады. Утопияның буржуазиялық сипатына күмән келтіруге болмайды: 1-ден, Южаков мырзаның «жоспары» бойынша орта мектеп *таптық мектеп болып қала береді.* Мұның өзі Южаков мырза өзінің

* «Новое Слово». 1897 жылғы апрель. Ішкі жағдайды шолу.

бірінші мақаласында таптық мектепке «қарсы» байбалам салған лепірме сөздерінен кейін болып отыр!! Ауқаттылар үшін — бір мектеп, ауқатсыздар үшін — екінші бір мектеп болсын; ақшаң бар екен — оқу ақысын төле, ал ақшаң жоқ екен — жұмыс істе. Ол ол ма: ауқаттылар үшін мектептің «қазіргі типі» сақталған, біз мұны жоғарыда көрдік те. Мәселен, халық ағарту министрлігінің қазіргі орта мектептерінде оқуға төленген ақы барлық шығынның 28,7 процентін ғана өтейді; 40,0 процентін қазына береді; 21,8 проценті жеке адамдардың, мекемелер мен қоғамдардың жәрдемінен құралады; 3,1 проценті капиталдың өсімінен құралады және 6,4 проценті басқа жерлерден түседі («Өндіргіш күштер», XIX бөлім, 35-бет). Демек, Южаков мырза орта мектептердің таптық сипатын *қазіргісінен де күшейте түскен:* оның «жоспары» бойынша ауқатты адамдар өздерінің оқу ақысының 28,7 процентін ғана төлейді, ал ауқатсыздар өздерінің оқу ақысының *бәрін* төлейді, оның үстіне оқу ақысы үшін жұмыс та істейді! «Халықшылдық» утопия үшін жап-жақсы? 2-ден, жоспарда гимназия қысқы жұмысшыларды — әсіресе, жерсіз шаруалардан — жалдап алады деп ұйғарылған. 3-ден, қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылық — қоғамдық еңбек бөлінісінің осы негізі сақталған. Южаков мырза қоғамдық еңбекті жоспар бойынша ұйымдастырмақ болғаннан кейін, оқытуды өнімді еңбекпен ұштастыру туралы «утопия» жазып отырғаннан кейін,— бұл қарама-қарсылықты сақтап қалу өзі зерттемек болған мәселе туралы біздің автордың түк түсінігі жоқ екенін көрсететін қисынсыздық. Осы күнгі шәкірттердің «ұстазы» түгіл, ескі утопистер де, тіпті біздің орыстың ұлы утописі де [158] осы қисынсыздыққа қарсы пікірлер жазған болатын. Бірақ Южаков мырзаның онда жұмысы да жоқ! 4-ден,— ол «утопияны» буржуазиялық утопия деп атау үшін бұл ең үлкен дәлел,— бұл утопияда қоғамдық өндірісті жоспарлы ұйымдастыру әрекетімен *қатар* товар өндірісі де қалдырылған. Гимназиялар өнімді *рынокқа* шығару үшін өндіреді. Демек, қоғамдық өндірісті рынок заңдары билейді, бұл заңдарға «гимназиялар» да бағынуға тиіс! Южаков мырзаның онда жұмы-

сы не! Оның былай деуі мүмкін: осы өндірісті қайдағы бір рынок заңдары билейді дегенді қайдан алдыңдар? Мұның бәрі түк емес! Өндірісті рынок заңдары билемейді, егіншілік гимназияларындағы директор мырзалардың жарлықтары билейді. Voilà tout *.— Южаков мырзаның утопиялық гимназияларының таза бюрократтық жолмен құрылғаны туралы біз жоғарыда айтқан болатынбыз. «Ағарту Утопиясы» халықшылдар «демократизмінің» қаншалық терең екенін орыстың оқырман қауымына көрсетіп, оларға пайдалы қызмет етер деп сенуге болады.— Южаков мырзаның «жоспарындағы» крепостнойлық белгі — ауқатсыздардың оқу ақысын жұмыспен өтеуі. Егер мұндай жобаны дәйекті буржуа жазса, оның жобасында 1-қабат та, 2-қабат та болмас еді, сөйтіп ол жоба да бұл сияқты халықшылдық утопиядан әлдеқайда жоғары және әлдеқайда пайдалы болар еді. Жұмыспен өтеу — крепостниктік құрылыстың шаруашылық негізі. Капиталистік құрылыста ауқатсыз адам, күн көрісіне керекті затты сатып алу үшін өзінің жұмыс күшін сатуға тиісті. Ал крепостниктік құрылыста ауқатсыз адам күн көрісі үшін помещиктен алған затын жұмыспен өтеуге тиісті. Жұмыспен өтеу жұмысты зорлап істетуді, жұмыс істеушінің толық праволы болмауын, «Капиталдың» авторы «außerökonomischer Zwang» ** (III, 2, 324) [159] деп атаған нәрсенің болуын сөзсіз талап етеді. Сондықтан Россияда да жұмыспен өтеу бұрыннан сақталғандықтан және күні бүгінге дейін сақталып келе жатқандықтан, шаруаның толық азаматтық правосының болмауы, жерге жіпсіз байлануы, ұрып-соғып жазалануы, жұмысқа беру правосы әлгі жұмыспен өтеудің қажетті қосымшасы болып табылады. Южаков мырза жұмыспен өтеудің және толық праволы болмаушылықтың арасындағы осы байланысты түсінбейді, бірақ ол өзі «құнтты» адам болғандықтан гимназистердің оқу ақысын жұмыспен өтеген кезде білім алудан қашқысы келетіндерге құлық түзету гимназияларын ашу пайдасыз болмайтындығын; жасы үлкен

* — Бар болғаны осы. *Ред.*
** — «экономикадан тыс зорлау». *Ред.*

«гимназист»-жұмысшылар шәкірт балалардың күйінде қалуға тиіс екендігін сезеді.

Сонымен, біздің утописке өз шығармасының алғашқы үш қабаты не үшін керек болды екен? деген сұрау туады. Төртінші қабатын қалдырса да болатын-ды,— онда оған қарсы ешкім де бір ауыз сөз айта алмас еді, өйткені өзінің «утопия» жазатындығын оның өзі де алдын ала ашып айтты ғой! Бірақ, оның Kleinbürger-лік сыры дәл осы арада ашылып қалды. Бір жағынан, «утопия» да жақсы нәрсе, ал, екінші жағынан, интеллигент ханымдар үшін оқытушылық ақы да жаман нәрсе емес. Бір жағынан — «халық үшін ешқандай шығын шықпайды», ал, екінші жағынан — жоқ, тоқтай тұр шырақ, процентті өсімімен толық төле, оның үстіне тағы да үш жыл жұмыс істеп өте. Бір жағынан, тапқа бөлінудің зияндылығы және қауіптілігі туралы лепірме тақпақты, ал, екінші жағынан — таза таптық «утопияны» көреміз. Kleinbürger біткеннің дүниеге көзқарасының мәні — ескі мен жаңаның арасында осындай мәңгі ауытқи беретіндікте, осындай өз басынан да жоғары секіруге ұмтылып келемеж болуда, яғни өзін тап біткеннің бәрінен жоғары қоюға дәмеленуде.

* *
*

Оқушы, сіз, Сергей Шаранов мырзаның: «Орыстың селолық қожайыны. Россияда шаруашылықты жаңа негізде құру жөнінде бірнеше пікір» (1894 жылғы «Север» журналына [160] тегін қосымша) СПБ. 1894 ж. деген шығармасымен таныстығыңыз бар ма? Біз жалпы «Р. Богатствоның» қызметкерлеріне, оның ішінде Южаков мырзаға да осы шығармамен танысуды өте-мөте ұсынар едік. Бұл шығарманың бірінші тарауы «Орыс шаруашылығының адамгершілік негіздері» деп аталған. Бұл тарауда автор «халықшылдыққа» өте жақын тұрған идеяларды — Россияның Батыстан түбегейлі айырмашылығы бар екендігі туралы, Батыста жалаң саудагерлік есеп-қисаптың басымдылығы туралы, ондағы қожайындар мен жұмысшылардың адамгершілікке байланысты мәселелерден еш нәрсе білмейтіні жөнін-

дегі идеяларды айта береді. Керісінше, Россияда 1861 жылы шаруаларға жер берудің арқасында «олардың өмір сүруіне Батыстағыдан мүлде басқаша мақсат белгіленді» (8). «Біздің жер алған шаруаларымызда тіршілік етудің дербес мақсаты пайда болды». Бір сөзбен айтқанда, Николай — он мырзаның анағұрлым айқын айтқанындай, халық өндірісіне кепілдеме берілген еді. Өзінің пікірін кеңейте келіп, Шарапов мырза: біздің помещигіміз шаруаның тұрмыс күйінің жақсы болғанын тілейді, өйткені сол шаруа өзінің құрал-сайманымен помещиктің жерін өңдейді дейді. «Ол (помещик) кәсіпорынның өзіне пайда келтіруінен басқа *адамгершілік жағын* да, дұрысырақ айтқанда, *психологиялық жағын* да ойлайды» (12. Курсив автордікі). Солай деп келеді де, Шарапов мырза лепіріп (оның лепіруі Южаков мырзаның лепіруінен кем соға қоймас), бізде капитализмнің болуы мүмкін емес дегенді айтады. Бізде капитализм орнына «төре мен мужиктің одағы» (Шарапов мырза кітабының II тарауының бас тақырыбы) болуы мүмкін және болуы керек те дейді. «Шаруашылық төре мен мужиктің күшті ынтымағына негізделіп құрылуға тиіс» (25: төре мәдениет орнықтыруға тиіс, ал мужик ...иә, мужик, әрине, жұмыс істеуге тиіс! Сөйтіп, Сергей Шарапов мырза, «ұзақ және ауыр қателерден кейін», ақырында келіп өзінің имениесінде «төре мен мужиктің жоғарыда айтылған бірлігін» (26) жүзеге асырады. Ол тиімді ауыспалы егіс, тағы басқа сондай шаралар енгізді, ал шаруалармен мынадай шарт жасасты: шаруалар помещиктен шабындық, жайылымдық және егістік жер, оның үстіне пәленшей десятинаға себетін тұқым алады, т. б. Ал шаруалар помещиктің шаруашылық жұмыстарының бәрін (көң төгу, фосфорит шашу, жер жырту, егін себу, егін жинау, «менің қамбама» әкеліп төгіп беру, астық бастыру, т. т., астықтың әр түрінен пәленшей десятинадан) істеп беруге, онан кейін мұның үстіне әуелі 600 сом, онан кейін 800, 850, 1100, ақырында 1200 сом (яғни, жыл сайын қосыла береді) төлеуге міндетті болады. Бұл ақшаларды... Дворяндық банкіге өсім төлеуге сәйкес бөліп төлеуге болады (36 және кейінгі беттер). Автордың «селолық қауымды сенімді түрде

жақтайтыны» (37) өзінен-өзі түсінікті. Біз: «түсінікті» деп отырмыз, өйткені шаруалардың үлесті жеріне маталуы туралы және шаруалар қауымының сословиелік тұйықтығы туралы заңдар болмаса, шаруашылықтың мұндай типтері мүмкін болмас еді. Шаруалардың төлемдерін қамтамасыз ету үшін Шарапов мырзаның ойынша «өзі қатынаспаған жерде даяр өнімдерді сатуға рұқсат етілмеуі керек, осының нәтижесінде мұның бәрі сөзсіз төренің қамбасына құйылып, жиналатын болады» (36). Кедейлерден төлем алу өте қиын болғандықтан, Шарапов мырза былай еткен: ол бұл төлемдерді бай шаруалардан алатын болады: бұл бай шаруалар бір топ ауқатсыз шаруаларды өзіне қаратып, сол артельге өзі бас болып алады да (38), ақшаны помещикке бұлжытпай төлеп тұратын болады, өйткені олар бұл ақшаны өнімдерін сатқан кезде кедейлерден әрқашан ала алады (39). «Көп кедейлерге, әсіресе, семьясы шағын кедейлерге менің жұмысымды істеу өте ауыр тиеді. Оларға барынша күш салып, аянбай жұмыс істеуге тура келеді, ал жұмыстан бас тартуға болмайды, жұмыстан бас тартқан үй иесінің малын шаруалар үйірге қоспайды. Мен де қоспаймын, шаруалар осыны маған міндет етеді, сондықтан кедей қайткен күнде де жұмыс істейтін болады. Бұл, әрине, өзінше зорлық, бірақ нәтижесінде не болатынын білесіз бе? Арендаға алғанның соңынан бір, екі жыл өткеннен кейін,— кедейдің қазынаға беретін борышының төленіп қалғанын, кепілге салған заттарының төленіп алынғанын, басы артық тиын-тебені жинала бастағанын, үйін қайта салғанын көресіз... қараңызшы! ол кедейліктен де құтылған болып шығады» (39). Солай дей келіп, Шарапов мырза «өзінің» шаруаларының («менің шаруаларым» дегенді ол әлденеше рет айтады) гүлденіп бара жатқанын, «шаруалардың өздері түк істей алмай отырғанда» (35) ол мәдениет орнатып, жоңышқа ектіріп, фосфорит төктіріп, т. б. сондай жұмыс істеп жатқанын «мақтанышпен айтады». «Бұлай болғанда жұмыстың бәрі менің жарлығым мен нұсқауым бойынша істелуге тиіс. Егістің күндерін, көң төгетін, шөп шабуға шығатын күндерді мен белгілеймін. Жаз бойы бізде крепостнойлық право қайта орнағандай бо-

лады, тек, әрине, тіс сындыру, ат қорада дүре соғу ғана болмайды» (29-бет).

Көріп отырсыздар, ақ көңіл қожайын Шарапов мырза көзі ашық публицист Южаков мырзаға қарағанда пікірін сәл ашығырақ айтады. Ал, алғашқысының имениесі мен соңғысының утопиясындағы шаруашылық типтерінің арасындағы айырма зор ма? Бұлардың екеуінде де істің барлық мәні жұмыспен өтеуде: бұлардың екеуінде де не «қауымды» билеп отырған байлардың қысымы арқылы, не құлық түзету гимназиясына бермек болып қорқыту арқылы жұмысты *зорлап* істетуді көріп отырмыз.— Шарапов мырза пайда табу үшін шаруашылық жүргізеді, ал Южаков мырзаның утопиясындағы чиновниктер жалпы жұрттың игілігіне бола шаруашылық жүргізеді ғой? — деп оқушы дау айтуы мүмкін.— Ғапу етіңіз. Шарапов мырза адамгершілік әуенде шаруашылық жүргізетінін, табысының тең жартысын шаруаларға беретінін, т. т. тура ашып айтып отыр, сондықтан Южаков мырзаға сенгенде, біздің оған онша сенбеуге правомыз да жоқ, дәлеліміз де жоқ, өйткені Южаков мырза да өзінің утопиясындағы оқытушыларын тіпті де утопиялық емес «табысы мол орынмен» қамтамасыз етіп отыр ғой. Ал егер басқа бір помещик Южаков мырзаның ақылын алып, өзінің жерін егіншілік гимназиясына берсе, сөйтіп Дворяндық банкіге төлеу үшін «гимназистерден» процент алып отырса (Южаков мырзаның өз сөзімен айтқанда, «тамаша қамтамасыз етілген кепілдік»), онда айырма түгелдей дерлік жойылады. Әрине, «ағарту мәселесінде» орасан зор айырма қала береді, бірақ, құдай үшін, өзіңіз айтыңызшы: Сергей Шарапов мырза да 60 сомға білімсіз батырақ жалдағаннан гөрі, 50 сомға білімді батырақ жалдағанды артық көрмей ме?

Міне, егер орыс шәкірттерінің (бір ғана орыс шәкірттерінің емес) еңбек мүддесі үшін, Шарапов мырзалардың шаруашылығы мен Южаков мырзалардың «утопиялары» туғызатын ескіліктің қалдықтарына *қарсы шығып,* дәйекті буржуа мен дәйекті буржуазиялық идеяларды қолдау қажет деуінің мәнісі қалай екенін Мануилов мырза енді де түсінбесе, ол уақытта онымен

біздің тіпті түсінісуіміздің де қиын болатынын мойындамасқа болмайды, өйткені біздер, сірә, әр түрлі тілде сөйлесіп отырған болармыз. Гогольдің шығармасындағы бір қалыңдық [161] бір күйеу жігітке екінші бір жігіттің мұрнын алып жапсырғысы келген екен; сол сияқты Мануилов мырза Михайловский мырзаның жақсылықты одан да, бұдан да алып қалу керек дейтін әйгілі рецепті бойынша пайымдайтын болса керек. Ал, біздіңше, бұлай пайымдау біздің болмысымызда толық қалыптасқан және біздің көз алдымызда өтіп жатқан тарихи дамудың барысында белгілі бір қалыпты орын алған белгілі бір таптардан жоғары көтерілуге дәмеленген Kleinbürger-дің кісі күлерлік дәмесі ғана сияқты. Осылайша пайымдаудан табиғи және сөзсіз туатын «утопиялар» қазір күлкілі емес, зиянды, әсіресе олар тіпті жүгенсіз бюрократтық өтірікке бастап отырғанда өте-мөте зиянды. Россияда мұндай құбылыс өте жиі байқалып отыр, оның себебі де толық түсінікті, бірақ мұндай құбылыс тек Россияда ғана байқалып отырған жоқ. Өзінің: «Essais sur la conception matérialiste de l'histoire» (Paris, Giard et Brière, 1897) * деген тамаша кітабында Антонио Лабриола Пруссия жөнінде: мұнан жарты ғасыр бұрын «ұстаздар» күрескен утопиялардың зиянды формаларына қазір тағы бір утопия: «бюрократтық, фискальдық утопия, есуастардың утопиясы» (l'utopie bureaucratique et fiscale, l'utopie des crétins. Page 105, note **) қосылды дегенде, ол мұны текке айтқан жоқ.

VII

Қорытындыда тағы да ағарту мәселелеріне қайтып оралайық,— бірақ осы тақырыптағы Южаков мырзаның кітабына емес. Бұл тақырыптың өте кең екені, өйткені ағарту мәселелерінің тіпті де мектеп мәселелерімен бітпейтіні, оқу-ағартудың тіпті де мектеппен шектелмейтіндігі жоғарыда айтылды. Егер Южаков мырза «ағарту мәселелерін» шынында да принципті тұрғыда және түр-

---

* — «Тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің очерктері» (Париж, Жиар мен Бриердің баспасы, 1897). *Ред.*

** — 105-бет, ескерту. *Ред.*

лі таптардың арасындағы қатынастарды талдай отырып қойған болса, онда ол еңбекшілер бұқарасын ағарту мәселесінде Россияның капиталистік дамуының ролі жөніндегі мәселеге соқпай кете алмаған болар еді. Бұл мәселені «Рус. Богатствоның» басқа бір қызметкері, Михайловский мырза, журналдың 1897 жылғы 11-номерінде қозғады. Novus мырзаның: Маркс «деревня өмірінің есалаңдығы» [162] туралы жазудан қорықпады, қорықпауға толық правосы да болды, сонымен бірге «осы есалаңдықты қирату» ісін капитализм мен буржуазияның еңбегі деп білді деген сөздері жөнінде Михайловский мырза былай деп жазады:

«Бұл дөрекі (?) сөздерді Маркстің дәл қай жерде жазғанын мен білмеймін...» Маркстің аса маңызды шығармаларының бірімен (атап айтқанда «Манифеспен») таныс еместігін айна қатесіз мойындағандық! Бірақ мына кейінгі жазғаны онан да бетер: «...бірақ Александр Македонский атақты батыр болғанмен, орындықтарды сындырудың жөні жоқ екені көптен мәлім. Маркс тегінде талғамай сөйлейтін болған, сондықтан бұл жөнінде оған еліктеу, әрине, ең аз дегенде, ақылға қонбас еді. Бірақ сонда да мен Маркстен келтірілген бұл сөздердің тек әншейін сөз екеніне сенімдімін (құлақ салыңызшы!). Егер Златовратский мырзамен бірге деревня өмірінің күрделі мәселелерін шешпек болып азаптанған ұрпақ бостан-бос көп қасірет шексе, онда «деревня өмірінің есалаңдығын» жек көретін болып тәрбиеленген ұрпақ та — қасіреті басқаша болғанмен — көп қасірет шегетін болады...» (139-бет).

Маркстің экономикалық доктринасын қостайтынын әлденеше рет жариялаған Михайловский мырзаның сол доктринаны мүлде түсінбеуі, Маркстің Novus келтірген сөздерін — жай әуестенушіліктің, сөзді әншейін талғамай сөйлеудің нәтижесі, жай бос сөз деп «сеніммен» айтуы — Михайловский мырзаға әбден тән! Жоқ, олай емес, Михайловский мырза, сіз әбден қателесіп отырсыз. Маркстің бұл сөздері әншейін бос сөз емес, оның әрі теориялық, әрі практикалық бүкіл дүние танымының ең негізгі және ең маңызды белгілерінің бірі. Капиталистік дамудың аса сипатты белгілерінің бірі болып табыла-

тып, халықтың егіншіліктен өнеркәсіпке, деревнялардан қалаларға ауысу процесінің, Батыста да, Россияда да байқалып отырған процесінің *прогресшілдігін* мойындау осы сөздерде айқын бейнеленген. «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде» деген мақалада мен Маркстің барлық «шәкірттер» қабылдаған бұл көзқарасының қандай зор маңызы бар екенін, Сисмонди қарттан бастап, Н.— он мырзаға дейінгілердің романтикалық теорияларының бәріне және қандайына болса да ол көзқарастың қалай мейлінше қайшы келетіндігін көрсеттім. Сол мақалада (39-бет [163]) бұл көзқарасты Маркстің «Капиталда» да (I. Band, 2-te Aufl., S. 527—528 *), сонымен бірге Энгельстің: «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» [165] деген шығармасында әбден айқын айтқаны көрсетілген болатын. Бұған Маркстің: «Der Achtzehnte Brumaire des Louis Bonaparte» (Hamb. 1885. Cf. S. 98 **) деген шығармасын да қосуға болады ***. Екі жазушының екеуі де бұл мәселе жөніндегі көзқарастарын толық баяндаған, әр түрлі себептермен бұл көзқарастарын әлденеше рет қайталап айтқан, сондықтан жоғарыда келтірілген цитатта «есалаңдық» деген сөзді жай «дөрекі» және «бос сөз» деп жариялау — тек олардың ілімімен мүлде таныс емес адамның ғана ойына келуі мүмкін. Ақыр аяғында, Михайловский мырза мынадай фактіні де: бұл жазушылардың барлық ізбасарлары әрқашан да бірсыпыра практикалық мәселелер жөнінде сол ілімнің рухындағы пікірлерді айтқанын, мысалы, көшіп-қонуға толық еркіндік болуын қостағанын, жұмысшыға ұлтарақтай жер беру немесе жеке үйшік салдырып беру жобаларына қарсы шыққанын, т. т. еске түсіре алған болар еді.

* — I том, 2-басылуы, 527—528-беттер.[164] *Ред.*

** «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» (Гамбург. 1885. 98-бетін салыстырып қараңыз) [166]. *Ред.*

*** Әрине, Novus мырза Маркстің шығармаларымен Михайловский мырза соншалықты таныс емес деп ойламаған болуы керек, әйтпесе ол Маркстің мына сөздерін түгел цитат етіп келтірген болар еді: Die Bourgeoisie hat das Land der Herrschaft der Stadt unterworfen. Sie hat enorme Städte geschaffen, sie hat die Zahl der städtischen Bevölkerung gegenüber der ländlichen in hohem Grade vermehrt und so einen bedeutenden Teil der Bevölkerung dem Idiotismus des Landlebens entrissen. (Буржуазия деревняны қаланың үстемдігіне бағындырды. Ол үлкен қалалар салды, село халқымен салыстырғанда қала халқының санын өтемөте көбейтті, сөйтіп, халықтың едәуір бөлігін деревня өмірінің есалаңдығынан құтқарды. *Ред.*)

Мұнан кейін Михайловский мырза сол келтірілген тирадада Novus-ты және пікірлестерін: қазіргі ұрпақты «деревня өмірінің есалаңдығын жек көретін етіп» тәрбиелейді деп айыптайды. *Мұнысы жалған.* Егер «шәкірттер» мұқтаждықтан, надандықтан езіліп жаншылған деревня халқын «жек көрсе», әрине, оларды кінәлауға болар еді, бірақ Михайловский мырза олардың бірде-біреуінде мұндай көзқарастың бар екенін дәлелдеп көрсете алмас еді. «Деревня өмірінің есалаңдығы» жөнінде сөз ете отырып, шәкірттер сондай-ақ, капитализмнің дамуы мұнан құтылуға қандай жол ашатынын да көрсетіп отыр. Жоғарыда, экономикалық романтизм туралы мақалада айтылғанды қайталап айтайық: «Егер қаланың басымдылығы қажет болса, онда халықты қалаларға тарту ғана бұл басымдылықтың бір жақты сипатына тоқтау сала алады (шынында да тоқтау салатынын тарих дәлелдеп отыр). Егер қала өзін қалай да артықшылық жағдайға қойса, онда тек деревня халқының қалаларға ағыл-тегіл келуі ғана, егінші халық пен егінші емес халықтың осылайша араласып, қосылуы ғана село халқын өзінің дәрменсіз күйінен құтқара алады. Сондықтан ең жаңа теория романтиктердің реакцияшыл шағымдары мен зарлануларына жауап ретінде, егінші халық пен егінші емес халықтың тұрмыс жағдайларының нақ осындай жақындасуы қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылықты жоюға қалай жағдай туғызатынын көрсетеді» *.

Бұл «деревня өмірінің есалаңдығын» әсте жек көргендік емес, қайта онан құтылу жолын табуға ұмтылу. Мұндай көзқарастардан: «деревня өмірінің есалаңдығынан» құтылудың жолын сол жолдың *өзінен* және оның келешектегі барысынан іздеудің орнына, «отан үшін жол іздеуді» ұсынатын ілімдерді «жек көрушілік» қана туады.

Халықты егіншіліктен өнеркәсіпке тарту процесінің маңызы туралы мәселе жөнінде халықшылдар мен «шәкірттердің» арасындағы айырмашылық тек принципті теориялық алауыздықта ғана емес және орыс тарихы

* Қараңыз: осы том, 243—244-беттер. *Ред.*

мен орыс шындығының фактілерін түрліше бағалауда емес, сонымен қатар осы процеске байланысты *практикалық мәселелерді* шешуде де болып отыр. «Шәкірттер», әрине, шаруалардың қоныс аударуы, деревнялардан қалаларға көшіп-қонуы жөніндегі бұрынғы ескірген қысымның бәрін жою қажеттігін талап етеді, ал халықшылдар болса осы қысымды не тікелей жақтайды, не бұл жөніндегі мәселеге соқпай орағытып өте шығады (іс жүзінде бұл да сондай жақтағандық болып табылады). Мануилов мырза өзі таңырқайтын мына жағдайды — «шәкірттердің» буржуазия өкілдерімен ынтымаққа келетіндігін осы мысалдардан айқын түсіне алар еді. Дәйекті буржуа қашан да болса, көшіп-қону жөніндегі сол қысымның жойылуын талап етеді, ал жұмысшы үшін — көкейтесті мүддесінің өзі-ақ сол қысымды жоюды керек қылады. Демек, олардың арасында ынтымақ болуы — толығынан табиғи иәрі сөзсіз. Ал аграрийлерге (әлді мужиктерді қоса, ірі, ұсақ) халықты өнеркәсіпке бұлайша тарту процесі пайдалы емес, сондықтан халықшыл мырзалардың тез қолқабыс ететін теориялары арқылы олар оны жан-тәнін салып тоқтатуға тырысады.

Қорыталық: капитализмнің халықты егіншіліктен қол үздіру жөніндегі аса ірі мәселеде Михайловский мырза Маркстің ілімдерін мүлде түсінбегенін білдірді, ал орыс «шәкірттері» мен орыс халықшылдары арасындағы әрі теориялық, әрі практикалық мәселелер жөніндегі тиісті алауыздықты ол ешбір мағынасы жоқ құрғақ сөздермен орағытып өте шыққан.

БІЗ ҚАЙ МҰРАДАН БАС ТАРТАМЫЗ?

Айдауда жүргенде
1897 ж. аяғында жазылған

Бірінші рет 1898 ж.
Владимир Ильин.
«Экономикалық этюдтер
мен мақалалар» СПБ.
деген жинақта басылған.

Жинақтың тексті
бойынша басылып отыр

«Русское Богатствоның» 1897 жылғы 10-номерінде Михайловский мырза «диалектикалық материалистер» туралы Минский мырзаның пікірін қайталап айтып, былай деп жазады: «бұл адамдардың бұрынғымен ешқандай мирасқорлық байланыс жасағысы келмейтіндігі және мұрадан» (179-бет), яғни «60—70-жылдардың мұрасынан» үзілді-кесілді бас тартып отырғандығы оған (Минский мырзаға) мәлім болуға тиіс», бұл мұрадан В. Розанов мырза 1891 жылы «Московские Ведомостиде» (178-бет) салтанатты түрде бас тартқан болатын.

Михайловский мырзаның «орыс шәкірттері» жөніндегі бұл пікірінде жалған нәрсе толып жатыр. Рас, «орыс шәкірттерінің мұрадан бас тартуы» жөніндегі бұл жалған пікірдің бірден-бір және дербес авторы Михайловский мырза емес,— бұл жалған пікірді, «шәкірттерге» қарсы күресте, либералдық-халықшылдық баспасөз өкілдерінің барлығы дерлік әлдеқашаннан қайталап келеді. Өзінің «шәкірттерге» қарсы жүргізген қиян-кескі күресінің бас кезінде Михайловский мырзаның ойында, менің білуімше, бұл жалған пікір бола қоймаған, мұны одан бұрын басқалар ойлап шығарған. Соңынан ол осы жалған пікірді де қостауды жөн көрді. «Шәкірттер» орыс әдебиетінде өз көзқарастарын неғұрлым ілгері дамытқан сайын, әрі теориялық, әрі практикалық көптеген мәселелер жөнінде олар неғұрлым толық, неғұрлым жан-жақты пікірлер айтқан сайын,— жау баспасөзден жаңа бағыттың негізгі пункттеріне қарсы, орыс капита-

лизмінің прогрестігі, халықшылдардың ұсақ өндірушіні дәріптеуінің соракылығы, қоғамдық ой-пікір ағымдарының және заң-саяси мекемелерінің себептерін орыс қоғамының түрлі таптарының материалдық мүдделерінен іздеудің қажеттігі туралы көзқарасқа қарсы шығушылық соғұрлым сирек кездесетін болды. Бұл негізгі пункттер жөнінде еш нәрсе айтылмай келді, жұрт олар жөнінде сөз қозғамауды жөн көрді және жөн көріп те отыр, ал оның есесіне жаңа бағыттың беделін түсіруді көздеген өтіріктер мейлінше көп айтылып жүр. Осындай өтіріктерге, «нашар өтіріктерге» «орыс шәкірттерінің мұрадан бас тартуы» жөніндегі, олардың орыс қоғамының алдыңғы қатарлы таңдаулы бөлігінің таңдаулы дәстүрлерінен қол үзуі жөніндегі, олардың демократиялық байланысты үзуі, т. т. және т. с. жөніндегі және қалай аталса, солай аталсын осы жұрт аузында жүрген сөздер де жатады. Мұндай сөздердің төтенше көп таралуы бізге оларды талдап көріп, теріске шығаруға түрткі болады. Біздің баяндауымыз дәлелсіз болып шықпауы үшін әңгімені «мұраға» сипаттама беруге алынған, екі «деревня публицисінің» арасындағы бір тарихи-әдеби теңестірмеден бастайық. Ескерте кетейік, біз тек экономикалық және публицистикалық мәселелермен ғана шектелеміз, бүкіл «мұрадан» осы мәселелерді ғана талдап қарап, философиялық, әдеби, эстетикалық, т. б. мәселелерді ашық қалдыра тұрамыз.

I

«МҰРА» ӨКІЛДЕРІНІҢ БІРІ

Бұдан отыз жыл бұрын, 1867 жылы, «Отечественные Записки» [167] журналында Скалдиннің «Алыс түкпірде және астанада» деген тақырыппен публицистикалық очерктері басыла бастады. Бұл очерктер үш жыл бойы, 1867—1869 жылдары басылды. 1870 жылы автор оларды жинақтап, дәл сол атпен жеке кітап етіп бастырып шығарды *. Қазіргі кезде мүлде ұмытылып кетті деуге болатын бұл кітаппен танысу біздің білгіміз келетін мә-

* *Скалдин.* «Алыс түкпірде және астанада», СПБ. 1870 (451-бет). Жаңағы аталған жылдарда шыққан «Отеч. Записки» қолымызға түспегендіктен. біз осы кітапты ғана пайдаландық [168].

селе жөнінде, яғни «мұра» өкілдерінің халықшылдарға және «орыс шәкірттеріне» көзқарасы туралы мәселе жөнінде өте-мөте сабақ аларлық. Кітаптың аты дәл емес. Мұны автордың өзі де сезіп, кітабына жазған алғы сөзінде, өзінің алған тақырыбы — «астананың» «деревняға» қатысы, яғни деревняның публицистикалық очерктері екендігін, сондықтан астана жөнінде айрықша сөз етпейтіндігін түсіндіре кетеді. Яғни, әңгіме еткісі келер еді-ау, бірақ мұны ыңғайсыз көреді: осы ыңғайсыздықты түсіндірмек болып Скалдин бір грек жазушысының: ὡς ῥύναμαι — οὐ βούλομαι, ὡς ῥὲ βούλομαι — οὐ ῥύναμαι (қолымнан келгенді өзім қаламаймын, ал қалағанымдай ету қолымнан келмейді) деген сөзін келтіреді.

Скалдиннің көзқарастарын қысқаша баяндап шығайық.

Шаруалар реформасынан [169],— экономикалық және публицистикалық мәселелер жөніндегі өзінің жалпы көзқарастарын баяндағысы келген әрбір адам тіпті, осы күнге дейін сөзсіз негізге алуға тиіс осы бастапқы пункттен бастайық. Скалдиннің кітабында шаруалар реформасына өте көп орын берілген. Скалдин кең аумақты фактілердің және бүкіл деревня өмірін жан-жақты зерттеп қарау негізінде, реформа жүргізілгеннен *кейінгі* шаруалардың ауыр күйін, олардың тұрмысының нашарлағандығын, олардың экономика, заң және тұрмыс жағынан тәуелділігінің жаңа формаларын жүйелі түрде көрсеткен,— қысқасы, күні бүгінге дейін сан зерттеулер мен баяндаулар арқылы егжей-тегжейіне дейін толық көрсетіліп, дәлелденген нәрселердің бәрін де көрсеткен тұңғыш жазушы деуге болады. Бұл ақиқаттың бәрі енді жаңалық емес. Ол кезде бұлар жаңалық қана болған жоқ, сонымен қатар либералдық қоғам ішінде сенімсіздік тудырды, ол — «реформаның кемшіліктері» деген пікірлердің астарында реформаны мінеушілік және жасырын крепостниктік жоқ па екен деп қауіптенді. Скалдин көзқарастарының маңызын күшейтетін тағы бір нәрсе — автор реформаның тұсында болған адам (мүмкін, реформаға қатысқан да шығар. Біздің қолы-

мызда Скалдин жөнінде ешқандай тарихи-әдеби мәліметтер, өмірбаяндық деректер жоқ). Демек, оның көзқарастары кітап материалдарын кабинетте отырып зерттеуге емес, сол кездегі «астананы» да, сол кездегі «деревняны» да тікелей бақылап көруге негізделген.

Скалдиннің шаруалар реформасы жөніндегі көзқарастарында осы тақырып жөнінде халықшылдардың көлгірсіген ертегілерін тыңдап дағдыланған қазіргі оқушының назарын ең алдымен автордың ерекше *байыптылығы* аударады. Скалдин реформаны ешбір бос үмітке салынбай, оны ешбір дәріптемей қарайды, екі жақтың, помещиктер мен шаруалардың арасында болған келісім деп қарайды, олар күні бүгінге дейін белгілі шарттармен жерді бірге пайдаланып келді, оны, міне, енді бөлісті, оның бер жағында, осы бөлістен кейін екі жақтың заң жүзінде жағдайы да өзгерді. Бұл бөлістің тәсілін және әрбір жақтың алған үлесінің мөлшерін белгілеген фактор — екі жақтың мүдделері болды. Бұл мүдделер екі жақтың да тілектерін көрсетті, ал реформаның өзіне және оны жүзеге асырудың әр түрлі мәселелерін іс жүзінде дамытуға тікелей қатысу үшін бір жақтың мүмкіндік алуы, былайша айтқанда, бір жақтың басымдылығын көрсетті. Міне, Скалдин реформаны дәл осылай түсінеді. Реформаның басты мәселесіне, үлесті жерлер мен төлемдерге Скалдин өте-мөте толық тоқталып, өзінің очерктерінде бұларға талай рет қайта оралады. (Скалдиннің кітабы 11 очеркке бөлінген, очерктер формасы жағынан деревнядан келген жеке хаттарға ұқсайды, әрқайсысының өзінше бөлек мазмұны бар. Бірінші очеркке 1866 жыл деп, ал соңғысына — 1869 жыл деп белгі қойылған.) «Жері аз» шаруалар делінетін шаруалар жөнінде Скалдиннің кітабында, әлбетте, қазіргі заманғы оқушылар үшін ешқандай жаңалық жоқ, бірақ 60-жылдардың аяқ шеніндегі оқушылар үшін мұның келтірген дәлелдері жаңа әрі бағалы еді. Әрине, біз оларды қайталап жатпаймыз, тек Скалдиннің бұл құбылысты сипаттауының өзгешелігін ғана — оның халықшылдардан түбегейлі айырмашылығын көрсететін өзгешелігін ғана айтып шықпақпыз. Скалдин «жердің аздығы» жөнінде айтып отырған жоқ, «шаруалардың

үлесті жерінен едәуір кесіп алынғаны» жөнінде (213 және 214, тағы көптеген басқа беттер; III очерктің тақырыбын салыстырыңыз), ережелер арқылы белгіленген ең үлкен үлесті жердің нақты үлестен аз болып шыққандығы жөнінде (257-бет) айтып, реформаның осы жағы жөнінде шаруалардың өте-мөте мәнді, жалпыға тән пікірлерін келтіріп отыр *. Былай қарағанда, тым ұстамды да байыпты және өзінің жалпы көзқарастары жағынан, сөзсіз, буржуазияшыл жазушы Скалдин бұл фактіні өте-мөте кең, әрі күшті, тіпті тік қайыра түсіндіріп, дәлелдейді. Демек, тіпті Скалдин сияқты жазушы бұл жөнінде тым қызулана әңгіме қозғап отырса, бұл құбылыстың көзге баттиып көрінгені ғой. Скалдин төлемдердің ауыртпалығы жөнінде өте батыл және байыпты түрде сөз қозғап, өз қағидаларын толып жатқан фактілермен дәлелдеп отыр. III очерктегі (1867) тақырыпшадан: «Шамадан тыс салықтар олардың (шаруалардың) кедейлігінің басты себебі» дегенді оқимыз, сөйтіп Скалдин шаруалардың егіншіліктен алатын табысынан салықтардың артық екендігін көрсетеді, жоғары және төменгі таптардан алынатын орыс салықтарының бөлінісі туралы «Алым комиссиясының еңбектерінен» мәліметтер келтіреді және де барлық салықтардың 76 проценті төменгі таптарға, 17 проценті жоғары таптарға түседі екен, ал Батыс Европаның барлық жерінде де бұл төменгі таптарға анағұрлым тиімділеу келеді. VII очерктегі (1868) тақырыпшадан: «Ақшалай өтелетін міндеткерліктің шамадан тыс көптігі шаруалардың кедейлігінің ең басты себептерінің бірі болып табылады» дегенді оқимыз, сөйтіп автор тұрмыстың жаңа жағдайлары шаруадан бірден ақша, ақша, тағы да ақша талап еткенін, «Ережеде» крепостнойлық право үшін де помещиктерге сый тарту ереже ретінде алынғанын (252), оброктың мөлшері «помещиктердің олардың бас-

* «Жерімізді *оның* (курсив автордікі) кесіп тастағаны соншалық, енді бізге бұл кесіліп алынған жерсіз күн көруге болмайды; жан-жағымызды өздерінің егістіктерімен қоршап алды, малымызды жаятын да жер қалмады; енді үлес үшін бір төле, кесіп алынған жер үшін екі төле, қанша керек етсе, сонша төле». «Осы да тұрмыстың оңдалғандығы ма! — деді маған бұрынғы оброк төлеушілердің ішіндегі бір сауатты, көпті көрген мужик,— біздің өтейтін оброгымыз бұрынғы күйінде қалды, ал жерімізді азайтып тастады».

қарушылары мен старосталарының өз бетімен берген ақпарлары бойынша, яғни мүлде ойдан алынған, шындыққа тіпті де жанаспайтын мәліметтер бойынша» (255) белгіленгендігін көрсетеді, осының салдарынан комиссиялар белгілеген оброктың орташа мөлшері шын мәнісіндегі орташа мөлшерлі оброктан жоғары болып шыққан. «Шаруалар үшін салықтардың ауыртпалығына олардың ғасырлар бойы пайдаланып келген жерінен айырылуы тағы да қосылды» (258). «Егер сатып алынатын жердің нарқы оброкқа капитал мәні беріліп белгіленбей, азаттық алу заманындағы оның нағыз өз құнымен белгіленсе, онда төлем тым оңайға түсер еді және тіпті үкіметтің көмегін де, кредит қағаздарының шығарылуын да керек етпес еді» (264). «19 февральдағы Ереженің пікірі бойынша, шаруалардың халін жеңілдетуге және олардың тұрмысын жақсарту ісін аяқтауға тиіс төлем іс жүзіне келгенде оларды екінің бірінде-ақ бұрынғыдан бетер қыса түсуде» (269). Біз бұл үзінділердің,— былай қарағанда оншама қызықты емес, бір жағынан, ескіріп те қалған үзінділердің,— бәрін қауымға дұшпандық көзбен қарап, бірсыпыра мәселелер жөнінде нағыз манчестерлікше пікір айтқан жазушының шаруалар мүдделерін қаншама күш салып жақтағандығын көрсету үшін келтіріп отырмыз. Халықшылдардың пайдалы, реакцияшыл емес қағидаларының түгел дерлік осы манчестерліктің қағидаларымен толық үндесіп жатқанын айта кету аса сабақ боларлық нәрсе. Реформа жөнінде осындай көзқараста болғандықтан да Скалдиннің реформаны асыра дәріптеуге ешбір бара қоймағандығы өзінен өзі түсінікті, ал халықшылдар болса, реформа халықтық өндіріске жол ашты, ол батыс европалық шаруалар реформаларынан жоғары болды, оның өзі Россияны tabula rasa * жасаған сияқты, т. т. деп реформаны көлгірсіген сөздермен дәріптеуге салынып келді және салынып та отыр. Скалдиннің олай деп еш нәрсе айтпағандығы және айта алмағандығы былай тұрсын, қайта ол: біздегі шаруалар реформасы шаруаларға оншама тиімді емес жағдайда жасалды, мұ-

* — таза орын. *Ред.*

ның өзі Батыстағыдан гөрі аз пайда келтірді деп ашық айтты. «Біз өзімізден,— деп жазды Скалдин,— азаттық алудың игі нәтижелерінің тез және үздіксіз өсуі, мысалы, үстіміздегі ғасырдың алғашқы ширегінде Пруссия мен Саксонияда болғаны сияқты, бізде неліктен байқалмай отыр? — деп сұрайтын болсақ, онда мәселе турасынан қойылады» (221). «Бүкіл Германиядағы сияқты, Пруссияда да заң бойынша әлдеқашаннан шаруалардың меншігі болып танылған үлесті жерлері сатып алынған жоқ, шаруалардың помещиктерге міндетті еңбек борышы сатып алынды» (272).

Скалдиннің реформаға экономикалық жағынан баға беруінен заң жағына көшейік. Скалдин — жаппай кепілдіктің, паспорт жүйесінің және шаруалар арасында (және мещандық қоғамда) «қауым тәртібінің» олардың мүшелеріне жүргізетін патриархтық өктемдігінің қас дұшпаны. III очеркте (1867) ол жаппай кепілдіктің, жан басынан алынатын алымның және паспорт жүйесінің жойылуын, мүлкіне қарай салынатын теңгерме салықтың қажеттігін, паспорттарды тегін, мәңгіге берілетін куәліктермен алмастыруды талап еткен. «Цивилизациялы мемлекеттің бірде-бірінде ел ішінде паспортқа салық салу деген жоқ» (109). Бұл салықтың 1897 жылы ғана жойылғаны жұртқа мәлім. IV очерктің тақырыбынан мынаны оқимыз: «селолық қоғамдар мен қалалық думалардың паспорт жіберердегі және қауымда жоқ салық төлеушілерден салық алардағы жүргізетін зорлық-зомбылығы...». «Жаппай кепілдік дегеніміздің өзі — ауыр азап, қыдырымпаздар мен жалқаулардың орнына шаруа қамын жейтін дұрыс қожайындар тартатын азап» (126). Шаруалардың сол кездің өзінде-ақ байқалған ыдырауын Скалдин өрлеп келе жатқан шаруалар мен кері кетіп бара жатқан шаруалардың жеке басының қасиеті арқылы түсіндіргісі келеді.— Автор С.-Петербургте тұратын шаруалардың паспорт алардағы және оның мерзімін ұзартардағы көретін қиыншылықтарын толық сипаттап, «құдайға шүкір, күллі осы жерсіз шаруалар бұқарасы қалаларға тіркелмеді, қозғалмайтын меншігі жоқ қала тұрғындарының санын көбейтпеді» (130) дейтіндердің қарсылы-

ғын теріске шығарады. «Варварлық жаппай кепілдік...» (131)... «Мынадай сұрақ туады: осындай күйге қойылған адамдарды азаматтық жағынан ерікті адамдар деп атауға бола ма? Бұлар glebae adscripti * емес пе екен?» (132). Жұрт шаруалар реформасына кінә тағады. «Заңның шаруаны помещикке басыбайлы болудан құтқарып, бірақ оны қоғамға және тіркелген жеріне басыбайлы болудан құтқару үшін еш нәрсе ойлап шығармағандығына шаруалар реформасы кінәлі ма... Шаруаның белгілі тұрақтайтын жері, істейтін кәсібі де болмай отырғанда, азаматтық еркіндіктің белгілері қайда?» (132). Скалдин біздің шаруаны «отырықшы пролетар» (231) ** деп, өте дұрыс және тауып айтып отыр. VIII очерктің (1868 ж.) тақырыбынан мынаны оқимыз: «шаруаларды өздерінің қоғамдары мен үлесті жеріне матау олардың тұрмысының жақсаруына бөгет болады... Шет кәсіпшілікті өрістетуге бөгет болады». «Шаруалардың надандығынан және олардың үнемі өсіп отыратын салықтардан жанышталғандығынан басқа, шаруа еңбегінің өрістеуін, демек, шаруалардың тұрмыс күйінің жақсара беруін тежейтін себептерінің бірі — шаруалардың өз қоғамдары мен үлесті жерлеріне маталуы. Жұмыс қолын бір орынға байлап-матау және жер қауымын берік байланыстармен тапжылтпай тастау — мұның өзі еңбекті, адамның өз басының талапкерлігін және ұсақ жер меншігін өрістетуге қазірдің өзінде-ақ өте тиімсіз болып отыр» (284). «Өздерінің үлесті жері мен қауымдарына матаулы, еңбегі өнімдірек және өздеріне тиімдірек болатын жерлерде өз еңбегін жұмсау мүмкіндігінен айрылған шаруалар өздерінің крепостнойлық правоның уысынан құтылғандағы тұрмыс күйінің үйме-

* — Ескі Рим империясы заманында жер учаскелеріне маталған шаруалар, бұл учаскелерден қаншама зиян шексе де, олар үлестерін тастап кете алмаған. *Ред.*

** Скалдин бұл анықтаманың (пролетар) бірінші бөлігінің ғана емес, сонымен қатар екінші бөлігінің де дұрыстығын өте толық көрсетті. Шаруалардың тәуелділігі мен қайыршылық күйін сипаттауға, батырақтардың ауыр күйін сипаттауға, «1868 жылғы ашаршылықты сипаттауға» (V очерктің тақырыбы) және шаруаны құлдыққа салу мен қорлаудың неше алуан формаларын сипаттауға ол өзінің очерктерінен көп орын берді. 60-жылдары да, 90-жылдардағыдай, ашаршылық жөнінде жұмған аузын ашпаған және оны бекерге шығарған адамдар болған. Скалдин оларға өршелене қарсы шығады. Әлбетте, бұл жөнінде толық үзінділер келтіріп жату артық болар еді.

жүйме, мал үйіріне ұқсайтын, өнімсіз түрінде қатып қалған сияқты» (285). Демек, автор шаруа тұрмысының бұл мәселелеріне таза буржуазиялық тұрғыдан қарайды, бірақ осыған қарамастан (дәлірек айтқанда: осының арқасында), шаруаларды бір орынға матаудың бүкіл қоғамдық дамуға және шаруалардың өзіне залалды екендігін ол өте-мөте дұрыс бағалап отыр. Бұл залал шаруалардың ең төменгі топтарына, село пролетариатына ерекше қатты (өз жанымыздан қосайық) батады. «Заңның шаруалардың жерсіз қалмауына қам жегендігі тым тамаша, бірақ мынаны естен шығармау керек: өздерінің жерсіз қалмауы жөнінде пәлендей заң шығарушыдан гөрі шаруалардың өзі күшті қам жейді» (286) деп, Скалдин өте дұрыс айтып отыр. «Шаруалардың өз үлесті жерлері мен қоғамдарына маталуынан басқа, олардың табыс іздеп уақытша басқа жаққа кетуінің өзі де жаппай кепілдік пен паспорт жүйесінің салдарынан, оларды толып жатқан қысымға ұшыратын, шығындар тарттырады» (298). «Шаруалардың жерден бас тартуын жеңілдететін шаралар қабылданған болса... меніңше, шаруалардың көпшілігі үшін қазіргі қиын жағдайдан құтылуға жол ашылған болар еді» (294). Скалдин бұл арада халықшылдардың жобаларына мүлдем қарама-қайшы келетін тілекті білдіріп отыр, халықшылдардың жобалары бұған керісінше: қауымдарды баянды етуге, үлесті жерлердің меншіктен шығарылмауына, тағы сондайларға тіреледі. Шаруалардың жерге маталғандығы мен шаруа қауымының сословиелік томаға-тұйықтығын сақтау тек қана село пролетариатының жағдайын нашарлатады және елдің экономикалық дамуын тежейді, бұл «отырықшы пролетарды» құлдық пен тәуелділіктің ең нашар түрлерінен, жалақы мен тұрмыс күйі дәрежесінің барынша құлдырап төмендеуінен қорғауға ешбір дәрменсіз болады, деп Скалдиннің әбден дұрыс айтқандығын содан бері толып жатқан фактілер айқын дәлелдеді.

Скалдин — қауымның дұшпаны екенін оқушы жоғарыда келтірілген үзінділерден байқап та отыр. Ол — адамның өз басының меншігі, талапкерлігі, т. б. тұрғысынан қауымға және қайта бөліске қарсы (142 және

одан кейінгі беттер). «Ғасырлар бойғы дағдылы правоның» дәурені өтті деп, Скалдин қауымды жақтаушыларға қарсы шығады: «Барлық елдерде, село тұрғындары цивилизациялы ортамен жақындасқан сайын, олардың дағдылы правосы өзінің бастапқы тазалығынан айрылды, бүлініп, бұрмалауға ұшырады. Бізде де дәл осындай құбылыс байқалып отыр: қауым өктемдігі бірте-бірте алпауыттар мен село хатшыларының өктемдігіне айналып барады жәпе шаруаның қара басын қорғаудың орнына, оның мойнына ауыр бұғау болып түсіп отыр» (143) — мұның өзі осы 30 жылдың ішінде қисапсыз көп фактілермен дәлелденген өте дұрыс пікір. «Патриархтық семья, қауымдық жер иелену, дағдылы право» Скалдиннің ойынша енді қайта орнамақ емес, тарих оларға өзінің үкімін шығарған. «Біз үшін өткен ғасырлардың бұл қадір тұтар ескерткіштерін мәңгі сақтағысы келген адамдар, өздерінің өмірге үңіліп, тарихтың тоқтаусыз барысын түсіне білуден гөрі, идеяға тым әуестігін дәлелдейді» (162), сөйтіп Скалдин осы іс жүзінде дұрыс пікірге манчестерлік ызалы сөздерді қосып отыр. «Жерді қауым болып пайдалану,— дейді ол басқа бір жерінде,— әрбір шаруаны бүкіл қоғамға құлдық тәуелділікте ұстайды» (222). Сонымен, Скалдиннің қауымға таза буржуазиялық тұрғыдан сөзсіз өштігі және шаруалардың мүдделерін ұстамдылықпен қорғауы бірбірімен ұштасып жатады. Қауымды күшпен жою және жер иеленудің дәл сондай басқа жүйесін күшпен енгізу жөніндегі сөкет жобаларды,— әдетте қазіргі қауымға қарсы адамдар, шаруа тұрмысына өрескел түрде қол сұғушылықты жақтайтын және қауымға қарсы болғанда тіпті де шаруалар мүдделері тұрғысынан қарсы емес адамдар құрастырып жүрген жобаларды,— Скалдин тіпті де өзінің қауымға өштігімен ұштастырмайды. Керісінше, Скалдин өзін «жерді қауым болып пайдалануды күшпен жоюды» (144) жақтаушылардың қатарына қосқанға мейлінше қарсы шығады. «19 февральдағы Ереже,— дейді ол,— жерді қауым болып пайдаланудан семья болып пайдалануға... көшуді асқан даналықпен... шаруалардың өздеріне берді. Шынында, бұлай пайдала-

нуға көшудің мерзімі жөніндегі мәселені шаруалардың өздерінен басқа ешкім де түбегейлі шеше алмайды». Демек, қауым экономикалық дамуға, шаруалардың қауымнан шығуына, жерден бас тартуына бөгет болып отыр деген мағынада ғана, яғни қазір «орыс шәкірттері» қауымға қандай мағынада қарсы болып отырса, Скалдин де қауымға сол мағынада ғапа қарсы; ал бұл өшпенділіктің помещиктердің өз құлқынының мүдделерін қорғауға, крепостнойлық правоның қалдықтарын және оның рухын қорғауға, шаруалар тұрмысына қол сұғушылықты қорғауға ешқандай қатысы жоқ. Бұл айырмашылықты есте ұстаудың маңызы өте зор, өйткені қауымға жауларды «Московские Ведомостидің» және басқалардың тобынан ғана іздеуге дағдыланған қазіргі халықшылдар қауымға *басқаша* түрде жау болуды білмейтін адам тәріздене қоюға өте-моте құмар-ақ.

Шаруалардың ауыр жағдайда болуының себептері жөніндегі Скалдиннің жалпы көзқарасы бұл себептердің барлығы крепостнойлық правоның қалдықтарында жатыр дегенге келіп тіреледі. Скалдин 1868 жылғы ашаршылықты сипаттай келіп, крепостниктердің бұл ашаршылықтың туу себебі — шаруалардың бейбастақтығынан, помещик қамқорлығын жойғандықтан, т. б. болды деп аштықты айтып табалағандығын ескертеді. Скалдин бұл көзқарастарға мейлінше қарсы шығады. «Шаруалардың кедейленуінің себептері — крепостнойлық правоны жоюдың салдары емес, *қайта крепостнойлық праводан қалған мұра* (212), мұның өзі біздің шаруалардың көпшілігін пролетариатқа бір табан жақын дәрежеде ұстайтын жалпы себептер»,— дейді Скалдин, сөйтіп ол реформа туралы жоғарыда келтірілген пікірлерді қайталайды. Семьялық бөлістерге кінә тағу тіпті сөлекет: «Егер семьялық бөліс шаруалардың материалдық пайдасына уақытша зиян келтірсе де, оның есесіне бөліс олардың жеке басының бостандығы мен шаруа семьясының адамгершілік қасиетін, яғни адамның азаматтық ең ардақты игіліктерін сақтап қалады, ал ондай игіліктерсіз азаматтықтың ешқандай жемісті болуы мүмкін емес» (217) дейді де, Скалдин бөліске қарсы жорықтың шын себептерін былай деп әділ көрсетеді:

«көптеген помещиктер болістен туатын залалды тым асыра айтады және, бар пәлені маскүнемдікке жапқан сияқты, шаруа кедейлігінің қайсыбір себептерінің барлық салдарын, помещиктердің тіпті мойындағысы келмейтін салдарын сол бөлістен көреді» (218). Шаруалардың кедейлігі жөнінде бұрын жұрт жазбаушы еді, енді көп жазатын болды, демек, шаруалардың жағдайы нашарлағаны ғой дейтіндерге Скалдин былай деп жауап береді: «Шаруалардың қазіргі жағдайын бұрынғы жағдайымен салыстыру арқылы оларды помещиктердің өктемдігінен азат етудің нәтижелері туралы әңгіме қылу үшін, крепостнойлық правоның үстем болып тұрған кезінде-ақ шаруалардың үлесті жерлерін олардың қазіргі кесіндісіндей етіп кесіп алу керек еді, шаруаларға азат етілуден кейін іле-шала пайда болған жұмыспен өтейтін борыштардың барлығын жүктеу керек еді, міне, сонан кейін шаруалардың мұндай халге тозер-төзбесін қарап көру керек еді» (219). Бұл — Скалдин көзқарастарының өте-мөте айрықша және маңызды белгісі, ол шаруалар жағдайының нашарлауының *барлық* себептері жұмыспен өтейтін борыштың, оброктың, жер кесінділерін, шаруалардың қара басының правосыздығы мен отырықшылығын мұра етіп қалдырған крепостнойлық правоның қалдықтары деп санайды. Шаруалардың кедейленуінің себептері қоғамдық-экономикалық жаңа қатынастар құрылысының өзінде, реформадан кейінгі шаруашылық құрылысының өзінде жататынын — мұны Скалдиннің көрмейтіндігі былай тұрсын, тіпті мұны ол мүлде ойына да алмайды, крепостнойлық право қалдықтарының барлығы түгел жойылса, жаппай игілік орнайды деп кәміл сенеді. Оның көзқарасы — мүлде теріс көзқарас: шаруалардың еркін дамуына кедергілерді жойыңыз, крепостнойлық праводан мұра болған бұғауларды жойыңыз,— сонда осы ең жақсы дүниеде күллі іс оңға басады. «Мемлекеттік өкімет тарапынан,— дейді Скалдин,— бұл арада (яғни, шаруаларға көзқарас жөнінде) тек бір ғана жол болуы мүмкін: біздің шаруаны нағыз топастық, бишаралық жағдайға жеткізген және оған басын көтеруіне, аяғынан тік тұруына мүмкіндік бермей отырған *себептерді* бірте-бірте және бәсеңсітпей

жою керек» (224, курсив менікі). Бұл арада, әйтпесе, «селолық пролетариат құралады» дегенді айтып, «қауымды» (яғни, шаруаларды қауымдар мен үлесті жерлерге бекітуді) жақтаған адамдарға Скалдиннің берген жауабының өзіндік айрықша сипаты бар. «Бізде кеңбайтақ жерлердің жұмыс қолы табылмағандықтан босқа жатқанын еске алсақ,— дейді Скалдин,— бұл қарсылық өзінен-өзі жойылады. Егер заң бізде жұмыс күшінің табиғи бөлінісін тежеп отырмаса, қайыршылықты кәсіп етушілер ғана немесе түзелуден кеткен бұзық, маскүнем адамдар ғана Россияда нағыз шын пролетарлар болуы мүмкін» (144) — мұның өзі крепостнойлық правоны және оның барлық қалдықтарын жою жер бетінде жалпыға бірдей игілікті заман орнатады деп сенген XVIII ғасырдың экономистері мен «ағартушыларының» әдеттегі көзқарасы.— Халықшыл, мүмкін, Скалдинге бәлсіне қарап, мынауың нағыз буржуаның өзі ғой деген болар еді.— Иә, әрине, Скалдин — буржуа, бірақ ол прогресшіл буржуазиялық идеологияның өкілі, ал оның орнына халықшылдардың ұсынып жүргені — ұсақ буржуазиялық, бірсыпыра пункттері бойынша реакциялық идеология. Бұл «буржуа» бүкіл қоғамдық дамудың талаптарымен ұласқан және ұласып отырған шаруалардың практикалық және нақты мүдделерін халықшылдан әлдеқайда жақсы қорғай алған! *

Скалдиннің көзқарастарына сипаттама беруді аяқтау үшін мынаны қоса айта кетейік: Скалдин — сословиеліктің жауы, ол барлық сословиелер үшін соттың бірыңғай болуын қорғайды, «теорияда» сословиесіз болыс болуына бүйрегі бұрады, халыққа білім беруді, әсіресе, жалпы білім беруді мейлінше жақтайды, өзін-өзі басқару мен земство мекемелерін жақтайды, жерге мол кредит беруді, әсіресе, ұсақ кредитті жақтайды, өйткені жер сатып алуға шаруалар өте-мөте мұқтаж болып жүр.

* Бұған керісінше: өзіміз халықшылдардан кездестіріп жүрген прогрестік практикалық шаралардың барлығы өзінің мазмұны жағынан *толық буржуазиялық шара*, яғни пәлендей бір басқа дамудың пайдасын емес, нақ капиталистік дамудың пайдасын көздейді. Шаруалардың меншікті жерін кеңейту, алымдарды азайту, халықты қоныс аударту, кредит, техниканы дамыту, өнім өткізуді тәртіпке келтіру, т. с. шаралар қайдағы бір «халық өндірісіне» қызмет етеді деген теорияны тек ұсақ буржуа ғана ойлап шығара алады.

«Манчестерлігі» мыналардан да көрініп отыр: мәселен, земстволық және қалалық банктер — «банктердің патриархтық немесе алғашқы формасы», «күллі артықшылықтары» бар жекеше банктерге орын беруге тиіс,— дейді Скалдин (80). «Провинцияларымызда өнеркәсіп пен коммерция қызметін жандандыру арқылы» жердің құндылығын арттыруға болады (71), т. т.

Қорытынды жасайық. Көзқарастарының сипаты жағынан Скалдинді ағартушы буржуа деп атауға болады. Оның көзқарастары XVIII ғасыр экономистерінің көзқарастарына өте ұқсас (әлбетте, орыс жағдайына тиісінше бейімделген) және 60-жылдар «мұрасының» жалпы «ағартушылық» сипатын Скалдин жеткілікті түрде айқын көрсеткен. Батыс европалық ағартушылар сияқты, 60-жылдардағы әдебиет өкілдерінің көпшілігі сияқты, Скалдин крепостнойлық правоға және *оның* экономикалық, әлеуметтік және юридикалық салалардағы *барлық* туындыларына деген нағыз дұшпандық көзқараспен жігерленген. Бұл — «ағартушыға» тән бірінші белгі. Барлық орыс ағартушыларына тән екінші бір ортақ белгі — ағарту ісін, өзін-өзі басқаруды, бостандықты, тұрмыстың европалық формаларын және жалпы алғанда Россияны барлық жағынан да европаландыруды мейлінше жақтау. Ақырында, «ағартушыға» тән үшінші белгі—халық бұқарасының, әсіресе шаруалардың (ағартушылар заманында толық азат бола қоймаған немесе енді ғана азат болған шаруалардың) мүдделерін қорғау, крепостнойлық правоны және оның қалдықтарын жою жалпы әл-ауқатты жақсартады дегенге шын сеніп, соған көмектесуге шын ынталы болу. Бізде «60-жылдардың мұрасы» деп аталып жүргендердің мәні осы үш белгіде жатыр, сондықтан *бұл мұрада халықшылдық еш нәрсе жоқ екендігін* баса көрсетудің маңызы зор. Өзінің көзқарастары жағынан осы көрсетілген белгілерге сай келетін және еш уақытта халықшылдарға түк қатысы болмаған жазушылар Россияда аз емес. Жазушының дүниеге көзқарасында жаңағы көрсетілген белгілер бар болса, оның халықшылдыққа көзқарасы тіпті қандай болғанына қарамай, оны әрқашан және жұрттың бәрі «60-жылдардың дәстүрлерін сақтаған» адам деп тани-

ды. Мысалы, жуырда ғана мерекесі өткізілген М. Стасюлевич мырзаны халықшылдарға қарсы болды деп немесе халықшылдардың көтерген мәселелеріне немқұрайды қарады деп, ол «мұрадан бас тартты» деу, әрине, ешкімнің де ойына келмейді. Біз мысалға Скалдинді алдық *, өйткені ол «мұраның» нағыз *күмәнсыз* өкілі бола отырып, сонымен қатар халықшылдық қамқорына алған ескілік мекемелерінің де сөзсіз дұшпаны.

Біз жоғарыда Скалдин буржуа дедік. Бұл сипаттамаға біз жоғарыда жеткілікті түрде дәлелдер келтірдік, бірақ ескерте кетуіміз керек, бізде жұрт бұл сөзді өте теріс, тар мағынада, тарихқа қарсы бағытта түсініп, оған *(тарихи замандарды айырмай-ақ)* өзінің құлқыны үшін азшылықтың мүдделерін қорғауды апарып байланыстырады. XVIII ғасырдың ағартушылары (жалпы жұртшылық пікірі оларды буржуазияның жетекшілері деп таныған) жазып жүрген кезде, 40-жылдардан 60-жылдарға дейін біздің ағартушылар жазып жүрген кезде, қоғамдық мәселелердің *барлығы* крепостнойлық правомен және оның қалдықтарымен күресуге тірелгендігін ұмытпау керек. Қоғамдық-экономикалық жаңа қатынастар мен олардың қайшылықтары ол кезде әлі ұрық күйінде ғана еді. Сондықтан ол кезде буржуазияның идеологтарында ешқандай өз құлқынын көксеушілік болмаған еді; қайта Батыста да, Россияда да олар жалпы игілік орнайды деп шынымен сенген, шын жүрегімен соны тілеген, крепостниктік құрылыстан келіп

* Өзінің қауымға өштігі және өзінің сөз әуені жағынан Скалдин 60-жылдар үшін үлгі бола алмайды деп бізге, бәлкім, қарсы шығушылар болар. Бірақ мұнда мәселе тек қауымда ғана болып отырған жоқ. Мәселе барлық ағартушыларға ортақ көзқарастарда, Скалдин де осы көзқарасты қуаттайды. Ал оның әуеніне келсек, онда ол өзінің байсалдылығы, ұстамдылығы, мәселені тәртіппен қоюы, т. б. жағынан шынында да 60-жылдар үшін, сірә, үлгі бола алмас. Энгельс Скалдинді *liberalkonservativ* (баяу консерватор. *Ред.)* [170] деп текке атамаған. Алайда, мұраның әуені жағынан неғұрлым үлгі боларлық өкілін алу, 1-ден, түрлі себептерге байланысты қолайсыз болар еді, ал 2-ден, қазіргі халықшылдармен қатар қойып салыстырғанда түсініспеушілік туғызуы да мүмкін [171]. Біздің міндеттің сипаты жағынан, *әуен музыка жасамайды* (осындай мақалға қарама-қарсы) дегендей, Скалдиннің үлгі бола алмайтын әуені оның «музыкасын», яғни оның көзқарастарының мазмұнын өте-мөте айқын көрсетеді. Бізге керегінің өзі де осы мазмұны. Тек көзқарастарының мазмұны бойынша ғана (тіпті де жазушылардың сөз әуені бойынша емес) біз мұра өкілдері мен осы заманның халықшылдарын қатар қойып, салыстырып шықпақшымыз.

шыққан құрылыстың қайшылықтарын шынында да көрмеген еді (бір есептен ол кезде көре де алмаған). Кітабының бір жерінде Скалдиннің Адам Смиттен цитат келтіруі тегін емес: біз оның көзқарастары да, оның дәлелдерінің сипаты да көп ретте алдыңғы қатардағы буржуазияның осы ұлы идеологының тезистерін қайталайтынын көрдік.

Ал енді біз Скалдиннің практикалық тілектерін, бір жағынан, осы күнгі халықшылдардың көзқарастарымен, ал, екінші жағынан, «орыс шәкірттерінің» бұл тілектерге қалай қарайтынымен салыстыратын болсақ, онда біз «шәкірттердің» қашан да болсын Скалдиннің тілектерін қолдау жағында болатындығын көреміз, өйткені бұл тілектер прогресшіл қоғамдық таптардың мүдделерін, бүкіл қоғамның осы жолмен, яғни капиталистік жолмен дамуының осы таңдағы мүдделерін бейнелейді. Скалдиннің осы практикалық тілектеріне немесе оның мәселе қойысына халықшылдардың енгізген өзгерісі *теріс* өзгеріс және «шәкірт» мұны қабылдамайды. Шәкірттер «мұраға» «тиісіп» отырған жоқ (бұл — ойдан шығарылған өтірік), халықшылдардың мұраға қосқан романтикалық, ұсақ буржуазиялық қосымшаларына тиісіп отыр. Біз енді осы қосымшаларды талдауға көшеміз.

II

ХАЛЫҚШЫЛДЫҚТЫҢ «МҰРАҒА» ҚОСҚАНЫ

Скалдиннен Энгельгардтқа көшейік. Оның «Деревнядан» деген хаттары да — деревня туралы публицистикалық очерктер, сондықтан оның кітабының мазмұны да, тіпті формасы да Скалдиннің кітабына өте ұқсас. Энгельгардт Скалдиннен әлдеқайда талантты, оның деревнядан жазған хаттары өте әсерлі де көркем. «Алыс түкпірде және астанаданың» байсалды авторының ұзақ байымдаулары онда жоқ, бірақ оның есесіне онда дәлме-дәл сипаттамалар мен басқа бейнелер әлдеқайда көп. Энгельгардттың кітабын оқырман қауымның әбден ұнататынына таңдануға болмайды, ол жуырда тағы да қайта басылып шықты, бұл кезде Скалдиннің кітабы мүл-

дем ұмытылып кетті деуге болады, ал Энгельгардттың хаттары Скалдин кітабы шыққаннан екі жылдан кейін ғана «Отечественные Запискиде» жариялана бастаған еді. Сондықтан оқушыға Энгельгардт кітабының мазмұнын түсіндіріп жатуымыздың ешбір қажеті жоқ, біз оның көзқарастарының екі жағын қысқаша сипаттаумен ғана: 1-ден, жалпы алғанда «мұраға» тән, әсіресе Энгельгардт пен Скалдинге ортақ көзқарастарын; 2-ден, халықшылдыққа тән көзқарастарын сипаттаумен ғана тынамыз. Энгельгардт *қазірдің өзінде халықшыл,* бірақ оның көзқарастарында барлық ағартушыларға ортақ белгілер әлі де көп, қазіргі халықшылдардың алып тастағандары немесе өзгерткендері көп кездеседі, сондықтан оны халықшылдық боямасы жоқ жалпы «мұра» өкілдеріне ме әлде халықшылдарға ма — кімнің қатарына жатқызарыңды білмейсің.

Алғашқылармен Энгельгардтты ең алдымен оның көзқарастарының тамаша байыптылығы, өмір шындығын дұрыс және тура сипаттап беруі, жалпы алғанда ұнамсыз қасиеттердің, «негіздердің», оның ішінде шаруалардың ұнамсыз қасиеттері мен «негіздерінің» бәрін,— халықшылдардың сүйегіне біткен әдетпен өтірік дәріптеп, боямалап отыратын нақ сол «негіздердің» бәрін аяусыз әшкерелеуі жақындастырады. Энгельгардттың халықшылдығы өте-мөте әлсіз және тым жалтақ болғандықтан, оның халықшылдығы өзі соншалық асқан таланттылықпен суреттеген деревня *шындығына* мүлдем өрескел қарама-қайшы келеді, сондықтан қайсыбір экономист немесе публицист деревня туралы өзінің пікірлеріне Энгельгардттың келтірген *деректері* мен *байқағандарын* негіз етіп алар болса *, онда мұндай материалдан халықшылдық қорытындылар шығаруға мүмкін болмас еді. Шаруаны және оның қауымын дәріптеу —

* Жол-жөнекей айта кетелік: мұның өте-мөте қызықты және сабақ боларлық екендігі былай тұрсын, сонымен қатар бұл экономист-зерттеушінің әбден заңды әдісі болар еді. Егер ғалымдар кілең өз тұрғысынан алып сөйлейтін, шолақ ойлы, көзқарасы тұтас бір жүйеге түспеген, көзқарастарын дұрыстап ойластырмаған көптеген қожайындардың анкеталарға берген жауаптары мен пікірлерінен алынған материалдарға сенетін болса, онда тамаша байқампаз, сөзсіз адал адамның, өзінің сөз етіп отырған нәрсесін әбден жақсы зерттеген адамның 11 жыл бойы жинаған, көрген-білгендеріне неліктен сенбеске.

халықшылдықтың ең қажетті құрамдас қасиетінің бірі, сондықтан халықшылдардың қандайы болса да, В. В. мырзадан бастап Михайловский мырзаға дейін, осы «қауымды» дәріптеп, боямалауға тырысуға көп үлес қосты. Энгельгардтта мұндай боямалаудың ізі де жоқ. Біздің шаруаның қауымшылдығы жөніндегі жел сөз көп тараған әңгіме болса, осы «қауымшылдықты» қаланың дарашылдығына, капиталистік шаруашылықтағы бәсекеге, т. т. қарама-қарсы қою көп тараған нәрсе болса, Энгельгардт қайта ұсақ егінші *дарашылдығының* адам таңырқарлықтай екенін аямай әйгілейді. Біздің «шаруаларымыздың меншік туралы мәселелерге келгенде барып тұрған меншікшіл екендігін» (62-бет, цитат 1885 жылғы басылуынан алынды), өз қара басының мүддесін көздегіштігі, өзімшілдігі себепті «жұмысты жалпылай» істеуге олардың жаны қас екендігін: өйткені олар жұмысты жалпылай істегенде «көп істеп қоям ба деп қорқатынын» Энгельгардт толық көрсетеді (206-бет). Автор бір үйде тұратын, шаруашылығы бір, туысы бір қатындар ас ішетін столының өздеріне тиесілі бұрышын әрқайсысы жеке-жеке жуып, сүртетінін немесе сиырларын (бірінен бірі сүтті жасырып қала ма деп) кезекпе-кезек сауып, өз баласына сүт жинайтынын және әрқайсысы баласына ботқаны жеке әзірлейтінін айтқанда (323-бет), жұмысты көп істеп қоюдан қорқушылық барып тұрған күлкіге (тіпті қасіретті күлкіге) айналады. Энгельгардт бұл белгілерді егжей-тегжейлі ашып, оларды толып жатқан мысалдармен дәлелдейтіні соншалық, бұл фактілердің кездейсоқтығы жөнінде әңгіменің болуы да мүмкін емес. Екінің бірі: не Энгельгардт — түкке тұрмайтын, сенім көрсетуге болмайтын байқаушы, не біздің мужиктің қауымшылдығы мен қауымдық қасиеттері жөнінде айтылып жүрген әңгімелер — *шаруашылыққа жер иелену* формасынан алшақ жатқан (оның бер жағында, жер иеленудің бұл формасынан оның күллі қазыналық-әкімшілік жақтары да алшақ жатыр) белгілерді тағатын әншейін ойдан шығарылған әңгімелер. Өзінің шаруашылық қызметінде мужиктің көздейтіні — кулактық екенін Энгельгардт көр-

сетіп отыр: «белгілі шамада кулактықтың иісі әрбір шаруада бар» (491-бет), «шаруалардың ортасын кулактың пиғылдары жайлап алған»... «Мен шаруаларда дарашылдықтың, өзімшілдіктің, біреуді қанауға ұмтылудың әбден өршігенін талай рет көрсеткенмін»... «Әркім шортан болуды мақтан көреді, шабақты жұтып қоюға тырысады». Шаруалар тіпті де «қауымдық» құрылысқа, тіпті де «халық өндірісіне» ұмтылмай, капиталистік қоғамдардың бәріне де тән әдеттегі ұсақ буржуазиялық құрылыстың дәл өзіне ұмтылатынын Энгельгардт тамаша көрсеткен. Ауқатты шаруаның сауда істеріне араласуға (363), астық беріп жұмыс істетуге, жарлы мужиктердің жұмысын сатып алуға тырысатынын (457, 492 және басқа беттер), яғни, экономика тілімен айтқанда, әлді мужиктің село буржуазиясына айналуын Энгельгардт бұлтартпай баяндап, дәлелдеп шыққан. «Егер шаруалар артель шаруашылығына көшпей,—дейді Энгельгардт,— әрбір үй жеке-дара шаруашылық жүргізетін болса, онда жер мол болғанымен де, егінші-шаруалардың арасында жерсіздер де, батырақтар да болады. Бұдан да зорын айтайын: шаруалардың дәулетіндегі айырмашылық бұдан былай қазіргіден де үлкен болатын шығар. Жерді қауым болып иемденуге қарамастан, жері көп «байлармен» қатар іс жүзінде жерсіз қалдырылған батырақтар көп болады. Жерді өңдеуге не капиталым, не құрал-сайманым болмаған соң, менің жер иеленуге праволы болғанымнан маған немесе менің балаларыма не пайда? Мұның аты соқырға же деп топырақ ұсынғанмен бірдей!» (370-бет). «Артель шаруашылығы» бұл арада айтыла салынған құр тілек сияқты бір жабырқау кекесінімен оқшау тұрған бірдеңе болып шығады, шаруалар жөніндегі деректерден туматындығы былай тұрсын, тіпті бұл деректердің өзі оны тікелей теріске шығарып, керексіз етеді.

Энгельгардтты ешқандай халықшылдық боямасы жоқ мұра өкілдерімен жақындастыратын екінші бір белгі, бұл — шаруалардың қайыршылық жағдайда болуының басты және негізгі себебі крепостнойлық правоның қалдықтарында және соған тән тәртіптерде болып отыр дегенге оның сенетіндігі. Осы қалдықтар мен осы тәртіп-

ті жойсаң, іс оңға басады. Энгельгардттың бұл тәртіпке сөзсіз теріс қарайтындығы, жоғарыдан тәртіп орнату жолымен мужикті жарылқамақшы болған әрекет атаулының бәрін де оның түйрей мысқылдағаны — халықшылдардың «жетекші таптардың ақылы мен арынан, білімі мен патриотизмінен» (Южаков мырзаның *«Р. Б.-да»* жазған сөздері, 1896, № 12, 106-бет) үміт етулеріне, халықшылдардың «өндірісті ұйымдастыру», т. б. жөніндегі қияли жоба құмарлығына мейлінше қайшы келеді. Энгельгардттың диірменде арақ сатуға болмайды деген ережеге, мужиктің «пайдасын» көздеген ережеге мысқылдап тиіскенін еске салайық; бірсыпыра земстволардың қара бидай 15 августан ерте себілмесін деген 1880 жылғы міндетті қаулысы жөнінде, кабинет «ғалымдарының» «миллиондаған егінші-қожайындардың» (424) шаруашылығына бұлай өрескел қол сұғуы — бұл да мужиктің пайдасы деген пікірлерден туған қол сұғушылық — жөнінде Энгельгардттың ашуызамен сөз қылып отырғанын еске алайық. Шырша орманында темекі тартуға, көктемде шортан аулауға, «май» айында қайың кесуге, құс ұяларын, т. т. бұзуға тыйым салу сияқты ережелер мен бұйрықтарды көрсете келіп, Энгельгардт мысқылдап былай дейді: «... мужикке қамқорлық жасау интеллигент адамдардың әрқашан да басты қайғысы болды, болып та келеді. Өзі үшін өмір сүретін кім бар? Жұрттың бәрі де мужик үшін өмір сүреді!.. Мужик бір ақымақ, өздігінен күн көре алмайды. Егер ешкім оған қамқорлық жасамаса, ол бүкіл орманды өртеп жібереді, құстан құс қалдырмайды, бар балықты аулап бітіреді, жерді бүлдіреді, өзі де құрып бітеді» (398). Оқушым, өзіңіз айтыңызшы, бұл сияқты жазушы үлесті жерді айыруға болмайтыны туралы халықшылдардың әбден үйреншікті заңдарына тілектес бола қояр ма? «Русское Богатство» қайраткерлерінің бірінің жоғарыда келтірілген сөзі сияқты сөзді Энгельгардт айта қояр ма еді? Энгельгардт сол журналдың екінші бір қайраткері Н. Карышев мырзаның «егіншілік еңбегін ұйымдастыруға үнемі жұмсалатын ірі, елеулі шығындардың» «орнын таба білмейді» деп біз-

дің губерниялық земстволарды (90-жылдардағы!) кінəлайтын көзқарасына қосыла қояр ма еді? *

Энгельгардтты Скалдинмен жақындастыратын тағы бір белгіні көрсетейік: бұл — Энгельгардттың көптеген таза буржуазиялық тілектер мен шараларға қалай болса, солай қарайтындығы. Мұнымыз Энгельгардт ұсақ буржуаны боямалауға, белгілі бір кəсіпкерлерге мұндай ат тағуға қарсы пəлендей бір сылтау ойлап шығаруға (à la ** В. В. мырза) тырысты дегеніміз емес, тіпті де олай емес. Энгельгардт жай практик-қожайын болғандықтан да шаруашылықтағы қандай да бір прогреске, жақсарту шараларына əуес, бірақ осы жақсарту шараларының қоғамдық формасы бізде капитализмнің болуы мүмкін емес деген оның өз теорияларын теріске шығаратындығын ол мүлдем аңғармайды. Мысалы, жұмысшыларға (зығыр ұнтау үшін, астық бастырғаны, т. т. үшін) *кепілді ақы* төлеу жүйесін қолданудың арқасында оның өз шаруашылығында қолы жеткен табыстарына Энгельгардттың қандай мəз болғанын еске алайық. Мерзімді ақыны істелінген заттың əр данасына ақы төлеумен алмастыру дамып келе жатқан капиталистік шаруашылықтың ең көп тараған тəсілдерінің бірі екендігін, капиталистік шаруашылық осы тəсіл арқылы еңбек интенсивтілігін күшейтіп, үстеме құн нормасын арттыратындығын Энгельгардт байқамайтын да тəрізді. Басқа бір мысал. Энгельгардт «Земледельческая Газетаның» [172] «жерді қауым болып жалға беруге тыйым салу, батырақ еңбегі пайдаланылатын шаруашылық орнату, жетілдірілген машиналар, құрал-саймандар енгізу, мал тұқымын асылдандыру, көп танапты егіс жүйесін енгізу, шабындықтар мен мал жайылымдарын жақсарту, т. т. жəне т. с. жасау» деген программасын мысқылдайды.— «Бірақ мұның бəрі тек жалпылама сөз ғой!» — дейді Энгельгардт (128). Алайда, Энгельгардт өзінің шаруашылық жүргізу тəжірибесінде нақ осы программаны жүзеге асырды, ол өз шаруашылығын батырақ еңбе-

---

* «Русское Богатство», 1896 ж., № 5, май. Карышев мырзаның губерниялық земстволардың экономикалық шараларға жұмсайтын шығындары туралы мақаласы. 20-бет.

** — сияқты. *Ред.*

гін пайдалану негізінде ұйымдастырғандықтан ғана техникалық прогреске жетті. Немесе тағы бір мысал: әлді мужиктің шын пиғылын Энгельгардттың айқын әрі дұрыс әшкерелегенін жоғарыда көрдік; бірақ солай дей тұрса да: «фабрикалар да, заводтар да керек емес, шарап жасайтын, май шайқайтын *кішкене* (курсив Энгельградттікі) деревня өндірістері керек», т. т. (336-бет) деуіне, яғни село буржуазиясының техникалық ауыл шаруашылығы өндірістеріне көшуі «керек» деуіне жаңағы айтқандарының ешбірі кедергі болған жоқ; бұл көшу қашан да және қай жерде де егіншілік капитализмінің аса маңызды белгілерінің бірі болған. Бұдан Энгельгардттың теоретик емес, практик-қожайын екендігі көрінді. Капитализмсіз прогресс болу мүмкіндігі туралы ойлау — бір басқа да, өзінің шаруашылық жүргізуі бір басқа. Өзінің шаруашылығын тиімді жолға қою мақсатын көздеп, Энгельгардт айналадағы жағдайлардың себебінен бұған таза капиталистік тәсілдермен жетуге, сөйтіп «батырақтық» жөніндегі өзінің теориялық және үстірт күмәндарының бәрін де ысырып қоя тұруға *мәжбүр* болды. Скалдин теория жүзінде кәдуілгі манчестерлікше ойлайды да, өз пайымдауларының осындай сипатында, олардың Россияның капиталистік эволюциясының мұқтаждарымен сәйкес келетіндігін де мүлдем аңғармайды. Теория жүзінде өзінің капитализмге қарсы екеніне және елдің айрықша жолмен дамитындығына өзінің сенгісі келетініне қарамай, Энгельгардт іс жүзінде кәдуілгі манчестерлікше әрекет жасауға мәжбүр болды.

Ал Энгельгардтта осындай сенім болды, оны халықшыл деп атауымызға бізді мәжбүр етіп отырған да сол сенімі. Энгельгардт болса Россияның экономикалық дамуының *шын* бағытын айқын көріп, енді бұл дамудың қайшылықтарынан *жалтара* бастайды. Ол Россияда егіншілік капитализмінің мүмкін еместігін дәлелдеуге күш салады, біздің жұмысшылар қымбатқа түседі деген бәтуәсыз сөздерге өзі толық тойтарыс бере тұрса да, өзінің малшысы Петрдің бүкіл семьясымен болмашы ақыға жұмыс істейтінін, оның қолында семьясын асыраудан артылып, «тұз, өсімдік майын, кім-кешек сатып

алуына» (10-бет) бір жылға 6 сом ақшасы қалатынын өзі көрсетіп отырса да, «бізде кнехт жоқ» (556-бет) дегенді дәлелдеуге тырысады. «Ал осы Петрге де қызығатындар бар, мен оны жұмыстан шығарар болсам, қазір-ақ оның орпына ыштық 50 адам табан астынан табылады» (11-бет). Өз шаруашылығының табыстарын, жұмысшылардың плугті шебер меңгере білгендігін көрсете келіп, Энгельгардт «сөйтіп, жер жыртушылар кімдер? Надан, арсыз орыс шаруалары» (225-бет) деп, масайрап жар салады.

Өзінің шаруашылық жүргізуі және шаруа дарашылдығын әшкерелеуі арқылы «қауымшылдық» жөніндегі жалған үміт атаулының бәрін де теріске шығара келіп, Энгельгардт, алайда, шаруалардың артель шаруашылығына көшуінің мүмкін екендігіне «сеніп» қана қойған жоқ, сонымен қатар осылай болады да, нақ біз, орыстар, осы ұлы істі жүзеге асырып, шаруашылық жүргізудің жаңа әдістерін енгіземіз деп, оған «көзі жететіндігін» айтты. «Біздің шаруашылығымыздың өзіндік сипаты, ерекшелігі де, міне, осында» (349-бет). Реалист-Энгельгардт оз шаруашылығының тәсілінде және өзі көрген шаруалар шаруашылығының әдістерінде «өзіндік сипаттың» мүлдем жоқтығын келешекте «өзіндік сипаттың» болатынына *«сенімімен»* толтыратын романтик Энгельгардтқа айналып отыр! Ал бұл сенімпен Энгельгардттан бірен-саран болса да кездесетін әсіре халықшылдық белгілерге де, шовинизммен үндесіп жатқан өресіз ұлтшылдыққа («Европаны да қиратамыз», «Европада да мужик біздің жағымызда болады» (387-бет) — соғыс жөнінде бір помещикке Энгельгардт осылай деп дәлелдеген), тіпті жұмыспен өтеуді дәріптеуге де тиіп тұр! Жұмыс істеп беремін деп қарызға ақша немесе астық алып, жеке тәуелділіктің ең ауыр жағдайында * тегін дерлік жұмыс істеуге мәжбүр болған шаруаның титықтап, зәбір көрген күйін суреттеуге кітабының көптеген тамаша беттерін арнаған Энгельгардт-

* Мужиктің өз астығы пісіп, дәні төгіліп тұрғанда старостаның (яғни, помещик басқарушысының) шаруаны жұмысқа шақыратыны, болыс ішінде «жалаңаштап соғуды» ескертудің өзі-ақ шаруаны баруға мәжбүр ететіні туралы суретті еске түсіріңіздер.

тың дәл өзі — иә, сол Энгельгардттың өзі «доктордың (әңгіме деревняда дәрігердің пайдалылығы мен қажеттігі туралы болған. *В. И.)* өз шаруашылығы болса жақсы болар еді, өйткені мужик оған емделгені үшін ақыны жұмыс істеп өтер еді» (41-бет) дегенді айтуға дейін барған. Түсінік беріп жатудың қажеті жоқ.

— Жалпы және тұтас алғанда, Энгельгардттың дүниеге көзқарасының жоғарыда сипатталған дұрыс жақтары (яғни, ешқандай халықшылдық боямасы жоқ «мұра» өкілдерімен оның ортақ жақтары) мен теріс (яғни, халықшылдық) жақтарын салғастыра келіп, біз «Деревнядан» деген очерктер авторының дұрыс жақтары сөзсіз басым екенін, ал теріс жақтарының сырттан келіп қосылған және кітаптың негізгі бағытымен үйлеспейтін кездейсоқ қосымша сияқты екендігін мойындауға тиіспіз.

III

ХАЛЫҚШЫЛДЫҚПЕН БАЙЛАНЫС ЖАСАУДАН «МҰРА» ҰТТЫ МА?

— Халықшылдық дегенде айтып отырғаныңыз не сонда? — деп сұрар, бәлкім, оқушы.— «Мұра» деген ұғымның мазмұнына не жататындығына жоғарыда анықтама берілді, ал «халықшылдық» деген ұғымға әлі ешқандай анықтама берілген жоқ.

— Халықшылдық деп біз мынадай үш белгісі бар көзқарастар жүйесін ұғамыз: 1) *Россиядағы капитализмді құлдырау, регресс деп тану*. Осыдан келіп қоғамның ғасырлар бойы келе жатқан негіздерін капитализмнің «қиратуын» «кідірту керек», «тоқтату керек», «оған тыйым салу керек» деген ниеттер мен тілектер, т. с. реакцияшыл айқайлар туады. 2) *Жалпы алғанда орыс экономикалық құрылысының, жеке алғанда қауымы, артелі, тағы басқаларымен қоса орыс шаруасының өзіндік сипаты бар деп тану*. Халықшылдар әр алуан қоғамдық таптар туралы және олардың тартыстары туралы осы заманғы ғылым жасаған ұғымдарды орыстың экономикалық қатынастарына қолдануды қажет деп таппайды. Қауымдық шаруаларды капитализм-

мен салыстырғанда ең жоғары, ең жақсы деп саналады; «негіздерді» дәріптеушілік болады. Шаруалар арасында товарлы, капиталистік шаруашылық атаулының бәріне тән қайшылықтар теріске шығарылып, бүркемеленеді, бұл қайшылықтардың, капиталистік өнеркәсіп пен капиталистік егіншіліктегі қайшылықтардың анағұрлым дамыған формасымен байланысы теріске шығарылады. 3) *«Интеллигенцияның» және елдің заң-саяси мекемелерінің белгілі бір қоғамдық таптардың материалдық мүдделерімен байланысын елемеушілік.* Бұл байланысты мойындамаушылық, осы әлеуметтік факторларды материалистік жолмен түсіндірудің болмауы бұларды «тарихты басқа жолмен сүйрейтін» (В. В. мырза), «жолдан тайдыратын» (Н.— он мырза, Южаков мырза, т. б.) күш, т. т. деп білуге мәжбүр етеді.

«Халықшылдық» деп біз, міне, осыны айтамыз. Демек, оқушы көріп отыр, біз бұл терминді кең мағынада, халықшылдықтың жеке өкілдеріне қарсы емес, қайта олардың тұтас көзқарастар жүйесіне қарсы шығып отырған барлық «орыс шәкірттерінің» қолданған мағынасында қолданамыз. Бұл жеке өкілдердің арасында, әрине, айырмашылық бар, болғанда да кейде азын-аулақ айырмашылық емес. Бұл айырмашылықтарды ешкім де елеусіз қалдырып отырған жоқ. Бірақ жоғарыда келтірілген дүние тану белгілері, айталық... тіпті Юзов мырзадан бастап-ақ Михайловский мырзаға дейін, халықшылдардың алуан-алуан өкілдерінің бәрінің де басында бар жалпы белгілер. Юзов, Сазонов, В. В. және тағы сол тәрізді мырзалар өз көзқарастарының жаңағы айтқан теріс белгілеріне, мәселен, Михайловский мырзада да немесе қазіргі «Русское Богатствоның» басқа қызметкерлерінде де жоқ теріс белгілерді қосып алды. Сөздің тар мағынасында алғанда халықшылдардың жалпы халықшылдардан мұндай айырмашылықтары жоқ деушілік, әрине, дұрыс болмас еді, бірақ барлық және қайсыбір халықшылдардың болсын *негізгі* әлеуметтік-экономикалық көзқарастары жоғарыда келтірілген негізгі пункттерге тура келетінін елемеушілік онан да бетер қате болар еді. Ал «орыс шәкірттері» осы негізгі көзқарастардың жаман жағына қарай «қайғылы ауыт-

қуды» ғана емес, нақ осы негізгі көзқарастардың өзін қабыл алмайтын болғандықтан «халықшылдық» деген түсінікті олардың сөздің кең мағынасында қолдануына, сірə, толық правосы бар болар. Правосы бар ғана емес, тіпті басқаша істей де алмайды.

Халықшылдардың жоғарыда көрсетілген негізгі көзқарастарын айта келіп, біз алдымен «мұраның» бұл *көзқарастарға тіпті де қатысы жоқ* деп қорытуға тиіспіз. Халықшылдармен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, капитализм туралы əсте де мəселе коймайтын, Россияның, шаруалар қауымының, т. с. өзіндік сипаты бар дегенге тіпті де сенбейтін, интеллигенцияға, заң-саяси мекемелерге «жолдан тайдырғыш» фактор деп қарамайтын «мұраның» толып жатқан күмəнсыз өкілдері, сақтаушылары бар. Біз жоғарыда мысал үшін «Вестник Европыдың»[173] бастырушы-редакторын атадық; оны басқа бірдеңемен айыптауға болар, ал «мұраның» дəстүрін бұздың деп айыптауға болмайды. Қайта, өздерінің көзқарастары бойынша халықшылдықтың жоғарыда айтылған негізгі принциптеріне лайық, бірақ соның өзінде турадан-тура жəне ашықтан-ашық «мұрадан безіп шыққан» кісілер бар,— мəселен, Михайловский мырза да айтып отырған Я. Абрамов мырзаның нақ өзін немесе Юзов мырзаны атауға болады. «Орыс шəкірттері» қарсы күрес жүргізіп жатқан халықшылдық (заң тілімен айтқанда) мұра «ашылған» кезде, яғни 60-жылдары мүлдем жоқ та еді. Халықшылдықтың өркені, ұрығы, əрине, 60-жылдары ғана емес, 40-жылдары да, тіпті онан ертеректе де * болған,— бірақ бізге қазір халықшылдықтың тарихы керек болып отырған жоқ. Бізге керегі, тағы да қайталап айталық, 60-жылдардағы «мұраның», біздің жоғарыда сипаттаған мағынадағы «мұраның» халықшылдықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын, яғни көзқарастарының мəні жөнінде бұлардың арасында түк ұқсастық жоқ екенін, бұлардың əрқайсысы əр түрлі мəселе көтеретінін дəлелдеп шығу. «Мұраның» халықшыл емес те сақтаушылары бар, сондай-ақ «мұрадан безіп шыққан» халықшылдар да бар.

* Енді Туган-Барановскийдің: «Орыс фабрикасы» (СПБ. 1898 ж.) деген кітабын салыстырыңыз.

Әлбетте, «мұраны» сақтап жүрген немесе оны сақтауға дәмелі халықшылдар да бар. Сондықтан да біз мұраның халықшылдармен байланысы туралы сөз қылып отырмыз. Енді бұл байланыстың не бергенін қарап өтелік.

Біріншіден, мұраға қарағанда халықшылдық *ілгері* қарай *ірі қадам* жасады, мұра сақтаушыларының бір бөлігі (өз кезінде) қоя алмаған, ал бір бөлігі өздеріне тән ой-өрісінің тарлығынан көтермей келген және көтермей отырған мәселелерді халықшылдық қоғам пікірінің шешуіне қойды. Бұл мәселелерді *көтеруі* — халықшылдықтың ірі *тарихи* еңбегі, сондықтан халықшылдық бұл мәселелерді (қалай етіп шешсе де) шешіп, *бұл арқылы* орыстың қоғамдық ой-пікірінің прогрестік ағымдары ішінен алдыңғы қатарлы орын алғандығы әбден табиғи әрі түсінікті.

Бірақ халықшылдықтың бұл мәселелер жөніндегі шешімі Батыс Европада әлдеқашан керексіз етіп тасталған, артта қалған теорияларға негізделген, капитализмді романтикалық және ұсақ буржуазиялық тұрғыдан сынауға, орыс тарихының және орыс шындығының ірі-ірі фактілерін елемеушілікке негізделген түкке тұрғысыз шешім болып шықты. Россияда капитализмнің дамуы және оның өзіне тән қайшылықтары әлі өте әлсіз кезінде, капитализмді бұлайша тұрпайы сынауға мүмкіндік болды. Ал Россиядағы капитализмнің қазіргі дамуын, орыстың экономикалық тарихы мен шындығы туралы біліміміздің қазіргі жайын, социологиялық теорияның алдына қойылатын қазіргі талапты халықшылдық сөз жоқ қанағаттандыра алмайды. Өз тұсында, капитализм туралы алғаш мәселе көтеру тұрғысынан прогрестік құбылыс болған халықшылдық ендігі жерде қоғамның ой-пікірін адастыратын, тоқыраудың және әрқилы азиатшылдықтың пайдасына қызмет ететін *реакцияшыл* және *зиянды* теория болып отыр. Капитализмді халықшылдық тұрғыдан сынаудың реакцияшыл сипаты қазіргі уақытта халықшылдыққа өзін мұраны адал сақтаумен * ғана шектелетін дүние танудан да *төмен* дә-

* Мен жоғарыда экономикалық романтизм туралы мақалада біздің қарсыластарымыз өте айқын тарихи-философиялық мағынасы бар *ре-*

режеге түсіретін белгілер берді. Мұның нақ осылай екенін халықшылдық дүние танудың жоғарыда аталған үш белгісінің әрқайсысын жеке-жеке талдау үстінде көрсетуге тырысамыз.

Бірінші белгі — Россиядағы капитализмді құлдырау деп, регресс деп тану. Россиядағы капитализм туралы мәселе қойылған соң-ақ көп ұзамай біздің экономикалық дамуымыз капиталистік даму екені анықталды, ал халықшылдар бұл дамуды регресс деп, қате деп, бейне бір ұлттың бүкіл тарихи өмірі белгілеген жолдан ауытқу, ғасырлар бойғы негіздер көрсетіп кеткен жолдан тайғандық, т. т. және т. с. деп жариялады. Осы қоғамдық дамуға ағартушылардың берік сенуінің орнына бұған сенбеушілік пайда болды, тарихи оптимизм мен рух сергектігінің орнына, істің беті осылай барған сайын нашарлай түседі, жаңа дамудың алға қойып отырған міндеттерін шешу соғұрлым қиындай түседі деген негізде пессимизм, сарыуайым пайда болды; бұл дамуды «кідіртуге», «тоқтатуға» шақыру пайда болды, мешеулік Россияның бақыты, т. т. деген теория пайда болды. Халықшылдықтың бұл белгілерінің бәрі «мұрамен» үш қайнаса сорпасы қосылмайтыны былай тұрсын, оған тіпті тікелей қайшы келеді. Орыс капитализмін «жолдан ауытқу» деп, «құлдырау», т. т. деп тану Россияның бүкіл экономикалық эволюциясын бұрмалауға, көз алдымызда болып жатқан «өзгерістерді» бұрмалауға апарып соғады. Ғасырлар бойғы негіздерді капитализмнің қиратуын кідірту, тоқтату ниетіне берілген халықшыл таңқаларлық тарихи әдепсіздік жасайды, бұл капитализмнің *артында* кіріптарлық бұғаудың сан алуан түрлерімен астасқан нақ сондай қанаудан басқа, еңбекшілердің халін ауырлата түсетін жеке бастың тәуелділігінен басқа, қоғамдық өндірісте, демек, әлеуметтік өмірдің барлық саласында да ескілік әдеттен, тоқыраудан басқа түк жоқ екенін ұмытады. Халықшыл өзінің романтикалық, ұсақ буржуазиялық көзқарасы тұрғысы-

---

акциялық, ұсақ буржуазиялық деген терминдерді айтыс үстінде айтыла салынатын нәрсе деп түсініп, өздерінің ой-пікірінің таңқаларлықтай өресіздігін көрсетеді деген болатынмын. (Қараңыз: осы том, 229—230-беттер. *Ред.*)

нап капитализмге қарсы соғыс ашады да, тарихи реализм атаулының бәрін керексіз етіп лақтырады, әрқашан капитализмнің *шындығын* капитализмге дейінгі тәртіптердің *ойдан шығарылған* нәрселерімен салыстырады. Қазіргі қоғамдық дамудың прогрестігіне қатты сенген, ескілік қалдықтарына түгелдей және тікелей аяусыз қас болған, осы қалдықтарды түгін қалдырмай құртса болғаны-ақ, іс оңға басады деп сенген 60-жылдардың «мұрасы» — осы «мұра» халықшылдықтың жоғарыда аталған көзқарастарына түк қатысы жоқ екені былай тұрсын, оған тіпті тікелей қайшы келеді.

Халықшылдықтың екінші белгісі — Россияның өзіндік сипатына деген сенім, шаруаларды, қауымды, т. т. дәріптеу. Россияның өзіндік сипаты туралы ілім халықшылдарды ескірген батыс европалық теорияларға жармасуға мәжбүр етті, батыс европалық мәдениеттің көптеген табыстарына олардың тым жеңіл-желпі қарауына себепкер болды: цивилизациялы адамзаттың пәлендей бір белгілері бізде жоқ болса, оның есесіне бізді шаруашылық жүргізудің жаңа тәсілдерін, т. т. дүниеге көрсетуге «жазған» деп, халықшылдар өздерін өздері жұбатты. Капитализмге және оның барлық көріністеріне алдыңғы қатарлы батыс европалық ой-пікірдің берген талдауы қасиетті Русь елі жерінде қабыл алынбағаны былай тұрсын, қайта Европа капитализмі жөніндегі қорытындыны орыс капитализмі жөнінде қолданбайтындай сылтаулар іздеуге бар күш-жігерін салды. Халықшылдар талдау авторларының алдында құрдай жорғалады және... және өздері сол авторлар өмір бойы қарсы күресіп келген романтиктердей романтик болып, жайбарақат қала берді. Россияның өзіндік сипаты бар дейтін халықшылдардың бәріне ортақ ілімнің тағы да «мұрамен» тек ұқсастығы жоғы былай тұрсын, қайта оған тіпті тікелей қайшы келеді. Керісінше, «60-жылдар» Россияны европаландыруға тырысты, оның жалпы европалық мәдениетпен араласатынына сенді, европалық мәдениеттің мекемелерін тіпті де ерекше ештемесі жоқ, өзіміздің жағдайға көшірудің қамын жасады. Россияның өзіндік сипаты туралы ілімнің қандайы болсын 60-жылдардың рухына, оның дәстүрлеріне тіпті де сәй-

кес келмейді. Деревняны халықшылдық дәріптеушілік, оны боямалап көрсетушілік бұл дәстүрге онан бетер сәйкес келмейді. Біздің деревняны капиталистік қатынастарға дейінгі дәуірдегі қандай да болсын елдің ешқандай бір деревнясына тіпті ұқсамайтын, айрықша бір деревня деп танығысы келетін бұл жалған дәріптеушілік байыпты да реалистік мұраның дәстүрлеріне мүлдем қайшы келеді. Капитализм ілгері басып, терең дамыған сайын, товарлы-капиталистік қоғамның бәріне бірдей тән қайшылықтар деревняда күштірек көріне түскен сайын, бір жағынан, шаруаның «қауымдылығы», «артельдігі», т. т. деп келетін халықшылдардың ойдан шығарылған колгірсіген ертегілері мен,— екінші жағынан, шаруаның деревня буржуазиясы және село пролетариаты болып іс жүзінде екіге бөлінуінің арасындағы қарама-қарсылық та барған сайын айқын көріне түсті; мәселеге шаруаның көзімен қарауын қоймаған халықшылдардың сентиментальды романтиктерден ұсақ буржуазияның идеологтарына айналуы жеделдей түсті, өйткені қазіргі қоғамда ұсақ өндіруші товар өндірушіге айналып келеді. Деревняны жалған дәріптеушілік, «қауымдылық» жөніндегі романтикалық арманға әуестену шаруалардың қазіргі экономикалық дамудан туатын шын мұқтаждарына халықшылдардың өте-мөте ұшқары қарауына әкеліп соқтырды. Негіздердің күші туралы теория жүзінде қанша айтса да бола беретін, ал іс жүзінде осы күнге дейін біздің шаруалардың қол-аяғын байлап-матап келген ескіліктің қалдықтарын, реформаға дейінгі құрылыстың қалдықтарын жою басқа бір дамуға емес, нақ сол капиталистік дамуға жол ашатынын әрбір халықшыл өте жақсы сезді. Капиталистік прогрестен гөрі, тоқыраудың өзі артық — шынына келгенде, әрбір халықшылдың деревняға көзқарасы, міне, осы; бірақ, әрине, халықшылдардың бәрі бірдей мұны В. В. мырзаға ұқсап, аңқау бірбеткейлікпен ашық және тура айтуға бел байлай алмайды. «Үлесті жері мен қауымдарына байлаулы-матаулы, еңбегі өнімдірек және өздеріне тиімдірек болатын жерлерде өз еңбегін жұмсау мүмкіндігінен айрылған шаруалар крепостнойлық правоның уысынан құтылғандағы тұрмыс күйінің үйме-жүйме,

мал үйіріне ұқсайтын, өнімсіз түрінде қатып қалған сияқты». «Ағартушыларға» [174] тән көзқараста болған «мұраның» бір өкілі осылай деп қараған болатын.— «Деревняда капитализмге жол ашқанша, шаруалар, мейлі, тұрмыстың сол өзінің ескі, патриархтық формасында өзгермей қатып-семіп қала берсін» — шын мәнінде әрбір халықшыл осылай қарайды. Шынында, жаппай кепілдігі бар, жерді сатуына және үлесті жерден бас тартуына рұқсат берілмейтін шаруалардың сословиелік томаға-тұйықтығы қазіргі экономикалық *шындықпен,* қазіргі товарлы-капиталистік қатынаспен және оның дамуымен өте-мөте қайшы келіп отырғандығын теріс деп айтуға батылы баратын бірде-бір халықшыл табыла қоймас-ау. Бұл қайшылықты теріске шығару мүмкін емес, бірақ істің барлық мәні мынада: мәселені осылай қоюдан, шаруалардың заң жүзіндегі жағдайын экономикалық өмір шындығымен, қазіргі экономикалық дамумен салыстырып қараудан халықшылдар қатты қорқады. Халықшылдар өмірде жоқ, өздері романтикаға беріліп қиялмен тудырған дамудың капитализмсіз түріне қайткенде де сенгісі келеді, сондықтан... сондықтан капиталистік жолмен бара жатқан қазіргі дамуды тоқтата салуға ол дайын тұр. Шаруалар қауымының сословиелік томаға-тұйықтығы туралы, жаппай кепілдік туралы, өз жерін сатуына және үлесті жерінен бас тартуына шаруаның правосы туралы мәселелерге халықшылдар «негіздердің» (ескілік пен тоқырау негіздерінің) тағдыры қалай болады деп, тек асқан зор сақтықпен, қорқа соғып қарап қана қоймайды; ол-ол ма, тіпті шаруалардың өз жерін сатуына полицейлік тыйым салушылықты құттықтап, халықшылдар соншалықты төмен құлдырап отыр. «Мужик бір ақымақ — деп, мұндай халықшылдарға Энгельгардттың сөзімен айтуға болады,— өздігінен күн көре алмайды. Егер ешкім оған қамқорлық жасамаса, ол бүкіл орманды өртеп жібереді, құстан құс қалдырмайды, бар балықты аулап бітіреді, жерді бүлдіреді, өзі де құрып бітеді». Бұл жерге келгенде халықшыл тұп-тура «мұрадан бас тартады» да, реакцияшыл болып шыға келеді. Және есіңізде болсын, шаруа қауымының сословиелік томаға-тұйықтығының осылайша бұзылуы, эко-

номикалық дамудың барысына қарай, село пролетариаты үшін барған сайын өте-мөте қажет бола түседі, ал шаруа буржуазиясы үшін мұнан туатын қолайсыздық оншама елеулі емес. «Әлді мужик» басқа жақтан да жер арендалап ала алады, басқа деревняға барып кәсіп орын аша алады, сауда ісімен қай жаққа болсын, қанша уақытқа болсын барып келе алады. Ал көбінесе өзінің жұмыс күшін сатумен күнелтетін «шаруа» үшін үлесті жер мен қауымға байлаулы-матаулы болу оның шаруашылық қызметін өте-мөте тарылтады, неғұрлым тиімдірек жалдаушыны іздеуге мүмкіндік бермейді, өзінің жұмыс күшін ылғи арзан төлейтін және кіріптар етудің барлық тәсілдерін іздеп бағатын сол жергілікті жалдаушыға сатуға мәжбүр етеді.— Романтикалық қиялдарға бір беріліп алғаннан кейін, экономикалық дамуға қарамастан, негіздерді қолдау мен сақтауды мақсат етіп алғаннан кейін, халықшыл өзі де аңғармастан осы ылдимен төмен қарай құлдырап барып, «шаруаның жермен байланысын» сақтап, нығайтуды жанын сала тілейтін аграрийдың қатарынан бір-ақ шықты. Шаруалар қауымының осы сословиелік томаға-тұйықтығы жұмысшы жалдаудың өзгеше әдістерін тудырғанын: заводтардың және экономиялардың қожайындары неғұрлым тиімді шарттармен жұмысшылар жалдап қайту үшін деревняларға, әсіресе салықтарын өтей алмай отырған деревняларға өздерінің приказчиктерін жұмсайтынын еске түсірсек те жетіп жатыр. Бақытымызға қарай, егіншілік капитализмінің дамуы пролетардың «отырықшылығын» қиратып (егіншілік шет кәсіпшіліктер дейтіндердің әсері осындай), біртіндеп бұл кіріптарлықты ығыстырып, оның орнына еркімен жалдануды орнатады.

Қазіргі заманғы халықшылдық теориялардың зияндылығы жөніндегі біздің қағидамызды, сірә, онан да бетер айқын растайтын тағы да бір факт, халықшылдардың арасында *жұмыспен өтеуді дәріптеу* — дағдылы құбылыс. Біз жоғарыда халықшылдық күнәға батқан Энгельгардттың деревняда жұмыспен өтеуді дамыту «жақсы болар еді»! деп жазуға дейін барғанын мысалға келтіргенбіз. Южаков мырзаның егіншілік гимназияла-

ры туралы («Русское Богатство», 1895, № 5) * әйгілі жобасынан да біз осыны табамыз. Энгельгардттың журналдас қызметкері В. В. мырза да ірі-ірі экономикалық мақалаларында осындай дәріптеушілікке беріледі, оның айтуынша, капитализмді сндірмек болыпты-мыс деген помещикті шаруа жеңіпті; бірақ, бар пәле, шаруа помещиктің жерін өңдеу міндетін мойнына алып, бұл үшін «арендаға» жер алған,— яғни крепостнойлық правоның тұсындағы шаруашылық әдістің дәл өзін қайта қалпына келтірген. Бұл — біздің егіншіліктің мәселелеріне халықшылдардың реакцияшыл көзқарасының ең айқын мысалдары. Бұл идеяны сіз әрбір халықшылдың бұдан гөрі күміжжи айтқанын кездестіресіз. Әрбір халықшыл біздің егіншілікте капитализмнің зияндылығы мен қауіптілігі туралы айтады, өйткені капитализм, өзіңіз-ақ аңғарып қараңыз, дербес шаруаны батырақпен ауыстырады дейді. Капитализм *шындығы* («батырақ») «дербес» шаруа туралы *ойдан шығарылған* нәрсеге қарама-қарсы қойылады: бұл ойдан шығарылған нәрсе капитализмге дейінгі заманның шаруасы өндіріс құрал-жабдықтарына иелік етуші еді дегенге негізделеді, ал шаруа осы өндіріс құрал-жабдықтары үшін олардың құнынан екі есе артық төлейтінін, бұл өндіріс құрал-жабдықтары жұмыспен өтеу үшін керек екенін, бұл «дербес» шаруаның күн көріс дәрежесінің төмендігі сонша, бұларды кез келген капиталистік елде қайыршылар қатарына жатқызуы мүмкіндігін, бұл «дербес» шаруаның оңалмас қайыршылығы мен ой-пікір самарқаулығының үстіне шаруашылықтың капитализмге дейінгі түрінде сөзсіз болып отыратын жеке бас кіріптарлығы да қосылатынын ауызға алмай өте шығады.

Халықшылдыққа тән үшінші белгі — ел ішіндегі «интеллигенцияның» және заң-саяси мекемелерінің белгілі бір қоғамдық таптардың материалдық мүдделерімен байланысын елемеуі — бұл белгі алдыңғы айтылған белгілермен тығыз байланысып жатыр: социологиялық мәселелерде осы реализмнің болмауы ғана орыс капитализмінің «қате» екендігі туралы және «жолдан бұрылу-

* Қараңыз: осы том, 67—75 және 511—546-беттер. *Ред.*

ға» мүмкіндік бары туралы ілімді тудыра алды. Халықшылдықтың бұл көзқарастары «мұрамен» және 60-жылдардың дәстүрлерімен тағы да ешқандай байланысып тұрған жоқ, қайта, керісінше, *бұл дәстүрлерге тікелей қарама-қарсы.* Әлбетте, осы көзқарастан келіп, халықшылдардың орыс тұрмысындағы реформаға дейінгі регламенттеудің толып жатқан қалдықтары жайында «мұра» өкілдері ешқашан да келісе алмайтын көзқарасы туады. Бұл көзқарасты сипаттау үшін В. Иванов мырзаның «Нашар ұйғарынды» (*«Новое Слово»*, 1897 жылғы сентябрь) деген мақаласындағы тамаша ескертпелерді пайдаланып көреміз. Автор Боборыкин мырзаның «Басқа жолмен» деген белгілі романы туралы айтады және халықшылдар мен «шәкірттердің» арасындағы таласты оның түсінбейтіндігін шенейді. Боборыкин мырза өзінің романындағы кейіпкердің, халықшылдың аузына: «шәкірттер» «жан шыдамайтын тәртіп деспотизмі бар казарма туралы» бейне арман етеді деген сөз салып, «шәкірттерді» жазғырады. В. Иванов мырза бұл жөнінде былай дейді:

«Өзінің дұшпандарының «арманы» ретінде «регламенттеудің» жан шыдатпайтын деспотизмі туралы олардың (халықшылдардың) айтпағаны былай тұрсын, тіпті *халықшылдар болып қала отырып, айта да алмайды, айтпайды да. Бұл саладағы* олардың «экономикалық материалистермен» таласының мәні, атап айтқанда, мынада: ескі регламенттеудің бізде сақталып отырған қалдықтары, халықшылдардың пікірінше, регламенттеудің мұнан былайғы дамуына негіз болуы мүмкін. Бір жағынан, «шаруа жанының (бірыңғай және ажырамайтын)» өзі регламенттеуге қарай «эволюцияланды» деп ұққандықтан, екінші жағынан, «интеллигенцияның», «қоғамның» немесе жалпы алғанда «жетекші таптардың» адамгершілігі сұлу деп немесе түбінде осылай болады деп сенгендіктен, бұл ескі регламенттеуге төзуге болмайтындығын халықшылдар көзден қағыс қалдырып отырады. Халықшылдар экономикалық материалистерді «регламенттеуге» жаны құмар деп емес, қайта, регламенттеудің жоқтығына негізделген батыс европалық тәртіптерге жаны құмар деп айыптайды. Ал экономи-

калық материалистер шынында да былай дейді: натуралды шаруашылықтың негізінде өсіп-өркендеген ескі регламенттеу қалдықтары ақша шаруашылығына көшкен елде халқының түрлі топтарының нақты жағдайында болсын, сондай-ақ олардың ой-пікірі мен адамгершілік бейнесінде болсын мың-сан өзгерістер тудырып, күннен-күнге «адам төзгісіз» бола түседі. Сондықтан бұлар елдің экономикалық өмірінің шарапатты жаңа «регламенттеудің» пайда болуы үшін қажетті жағдайлар натуралды шаруашылық пен крепостнойлық правоға сәйкестендірілген регламенттеу қалдықтарынан өсіп-өркендемейді, қайта Батыс Европа мен Американың алдыңғы қатарлы елдеріндегі сияқты, осы ескі регламенттеудің ешбір жерде болмаған жағдайында ғана өсіп-өркендейді деп сенеді. Халықшылдар мен олардың дұшпандарының арасында талас болып жүрген «регламенттеу» туралы мәселе, міне, осындай халде болып отыр» (11—12-беттер, l. с. *). «Ескі регламенттеу қалдықтарына» халықшылдардың бұл көзқарасы, сірә, «мұраның» дәстүрінен халықшылдықтың тым алшақ кеткендігін көрсететін болар. Жоғарыда көргеніміздей, бұл мұра өкілдерінің өзгешелігі сол, олар ескі регламенттеу қалдықтарының бәрін және қандайын болсын барынша аяусыз, батыл айыптады. Демек, бұл жағынан алғанда «шәкірттер» 60-жылдардың «дәстүрлері» мен «мұрасына» халықшылдардан анағұрлым жақын тұр.

Халықшылдардың жоғарыда көрсетілген аса дөрекі қатесімен қоса социологиялық реализмінің болмауы да оларды қоғамдық істер, қоғамдық мәселелер туралы ойлау мен пікір айтудың ерекше түріне апарып соқтырады, ал бұлайша ойлау мен пікір айтуды тар өрісті интеллигенттік өзін өзі дәріптеу немесе, керек десе, бюрократтық ойлау деп атауға болады. Халықшыл әрқашан былай деп ойлайды: отан үшін «біз» қандай жол таңдап алуға тиіспіз, «біз» отанды мынадай бір жолға салып жіберсек, сонда қандай қиыншылықтар кездесер еді, егер «біз» Европа-қария түскен жолдағы қауіп-қатерлерге соқпай өтсек, егер «біз» Европадан да, өзіміз-

* — loco citato — цитат алынған жерде. *Ред.*

дің ежелгі қауымнан да «жақсы жақтарын таңдап алсақ», «біз» өзімізге қандай жолды қамтамасыз ете алар едік, т. с., т. т. Тарихты өзінің мүддесіне сай жасап отыратын жеке қоғамдық таптардың дербес тенденцияларына халықшылдың түгелдей сенбеушілігі, елемеушілігі осыдан келіп туады. Халықшылдың (өзінің төңірегіндегі жағдайды ұмытып) қайдағы бір «егіншілік еңбегін ұйымдастырудан» бастап, біздің «қоғамның» өзінің талаптануы арқасында «өндірісті қауымдастыруға» дейін әлеуметтік неше алуан жорамалдарға салынатын, адам таңқаларлықтай ұшқары ойлайтындығы осыдан келіп туады. «Mit der Gründlichkeit der geschichtlichen Action wird der Umfang der Masse zunehmen, deren Action sie ist» * — осы сөздерде ** біздің халықшылдардың тіпті түсінгісі келмейтін, түсіне де алмайтын тарихи-философиялық теорияның өте бір терең мағыналы, өте бір маңызды қағидасы айтылған. Адамдардың тарихи творчествосы кеңейіп, тереңдей түскен сайын халықтың тарихи саналы қайраткер болып табылатын белгілі бір бөлігінің мөлшері де арта түсуге тиіс. Ал халықшыл қашан да жалпы алғанда халық атаулыны, жеке алғанда еңбекші халық атаулыны белгілі бір азды-көпті ақылға қонымды шаралардың объектісі деп қарады, белгілі бір жолға бағыттап жіберерлік материал деп қарады, сөйтіп халықтың түрлі таптарын ешқашан дамудың белгілі бір жолының тұсындағы тарихи дербес қайраткерлер деп қараған емес, тарихтың осы жасаушыларының дербес және саналы әрекеттерін осы жолдың дамыта алатын (немесе, керісінше, тұсау болатын) жағдайлары туралы мәселені ешқашан да көтерген емес.

Сонымен, ағартушылардың «мұрасына» қарағанда халықшылдық Россиядағы капитализм туралы мәселе *көтеріп,* алға қарай ірі қадам жасағанымен, оның бұл мәселеге берген *шешімі* ұсақ буржуазиялық көзқарастың және капитализмді сентиментальды сынаудың салдары-

---

* *Marx,* «Die heilige Familie» (*Маркс,* «Қасиетті әулет». *Ред.*), 120.[175]. Бельтов бойынша, 235-бет.

** «Тарихи қимыл-әрекеттің негізді болуымен бірге сол қимыл-әрекеттің ісі саналатын бұқараның аумағы да өсе бермек». *Ред.*

нан, мүлдем қанағаттануға болмайтын шешім болып шықты, сөйтіп қоғамдық өмірдің толып жатқан аса маңызды мәселелері жөнінде халықшылдық «ағартушылармен» салыстырғанда *кейін қалып* қойды. Халықшылдықтың біздің ағартушылардың мұрасы мен дәстүрлеріне келіп қосылуы, сайып келгенде, *зиян* болып шықты; орыстың қоғамдық ой-пікірлерінің алдына Россияның реформадан кейінгі экономикалық дамуы қойған жаңа мәселелерді халықшылдық шешпеді, бұлар жөнінде сентиментальдық, реакциялық шағым етумен ғана қанағаттанды, ал кезінде ағартушылар көтерген ескі мәселелерді халықшылдық өзінің романтикасымен былықтырып, бұл мәселелердің толық шешілуіне кедергі жасады.

IV

«АҒАРТУШЫЛАР», ХАЛЫҚШЫЛДАР ЖӘНЕ «ШӘКІРТТЕР»

Енді біз салыстырмаларымыздың қорытындысын шығара аламыз. Осы тараудың атында көрсетілген, қоғамдық ой-пікірдегі әрбір ағымның бір-біріне қатысын қысқаша сипаттауға тырысып көрелік.

Ағартушы осы қоғамдық дамуға сенеді, өйткені ол осы дамуға тән қайшылықтарды аңғармайды. Халықшыл осы қоғамдық дамудан қорқады, өйткені ол қазірдің өзінде-ақ бұл қайшылықтарды аңғарып қалды. «Шәкірт» осы қоғамдық дамуға сенеді, өйткені ол жақсы болашақтың кепілі осы қайшылықтардың толық дамуында деп біледі. Сондықтан бірінші бағыт пен соңғы бағыт осы жолмен дамуды қуаттауға, тездетуге, жеңілдетуге тырысады, осы дамуға бөгет болатын, оны кідіртетін барлық кедергілерді жоюға тырысады. Халықшылдар, керісінше, бұл дамуды кідіртуге, тоқтатуға тырысады, капитализмнің дамуы жолындағы кейбір кедергілерді жоюдан қорқады. Бірінші бағыт пен соңғы бағыттың ерекшелігі сол, бұларды тарихи оптимизм деп атауға болар еді: іс осы бетімен, неғұрлым ілгері, неғұрлым тез кете берсе, соғұрлым жақсы болмақ. Халықшылдар, керісінше, табиғи түрде тарихи пессимизмге

қарай тартады: іс осы бетімен ілгері кете берген сайын, соғұрлым жаман болады дейді. «Ағартушылар» реформадан кейінгі дамудың сипаты туралы тіпті де мәселе көтерген емес, олар реформаға дейінгі құрылыстың қалдықтарына қарсы соғысумен ғана шектелді, Россияның европалық жолмен дамуына жол тазарту жөнінде жұрт мойындамай жүрген міндетпен қанағаттанды. Халықшылдық Россиядағы капитализм туралы мәселе көтерді, бірақ бұл мәселені капитализмнің реакцияшылдығы мағынасында шешті, сондықтан да ағартушылардың мұрасын ол түгелдей бойына сіңіре алмады: «цивилизацияның біртұтастығы» тұрғысынан қарап, халықшылдар жалпы алғанда Россияны европаландыруға ұмтылған адамдарға қарсы әрқашан соғыс жүргізіп келді, соғыс жүргізуінің себебі, олардың осы адамдардың мұраттарымен қанағаттана алмағандығынан ғана емес (мұндай соғыс әділетті соғыс болар еді), халықшылдардың осы, яғни капиталистік цивилизацияның даму барысында тым алыстап кеткісі келмегендігінен. «Шәкірттер» Россиядағы капитализм мәселесін оның прогресшілдігі мағынасында шешеді, сондықтан ағартушылардың мұрасын тек қабылдап алу былай тұрсын, тіпті бүтіндей қабылдауға тиіс, сөйтіп бұл мұраны капитализм қайшылықтарына қожайынсыз өндірушілердің тұрғысынан талдау жасау арқылы толықтыруға тиіс. Ағартушылар өздерінің айрықша көңіл бөлерлік мәселесі ретінде халықтың бірде-бір табын бөліп алып қараған жоқ, бұлар тек жалпы халық туралы ғана емес, тіпті керек десе жалпы ұлт туралы сөз қылды. Халықшылдар, қазіргі заманның шаруашылық жүйесінде белгілі бір топтарды атамастан, еңбектің мүддесін жоқтамақшы болды; ал іс жүзінде олар әрқашан капитализмнің өзі товар өндірушіге айналдырып отыратын ұсақ өндірушінің көзқарасы тұрғысында қалып қойды. «Шәкірттер» еңбек мүддесін өзек етіп қана қоймайды, сондай-ақ бұл ретте капиталистік шаруашылықтың белгілі бір айқын экономикалық топтарын, атап айтқанда, қожайынсыз өндірушілерді көрсетеді. Өздерінің тілек-ниеттерінің мазмұны жағынан бірінші бағыт пен соңғы бағыт капитализммен бірге туатын, сонымен бірге дамитын таптардың мүд-

делеріне сай келеді; халықшылдық өзінің мазмұны жағынан ұсақ өндірушілер табының, қазіргі замандағы қоғамның басқа таптарының арасында аралық орын алып жүрген ұсақ буржуазия табының мүдделеріне сай келеді. Сондықтан халықшылдықтың «мұраға» қайшы көзқарасы тіпті де кездейсоқтық емес, қайта халықшылдық көзқарастың өз мазмұнының қажетті нәтижесі: біз ағартушылар көзқарастарының негізгі белгісінің бірі Россияны европаландыруға жаны құмар екенін, ал халықшылдардың қалай да, халықшыл болып қала отырып, бұл ниетті қуаттай алмайтынын көрдік.

Демек, сайып келгенде, біз жеке мәселелер туралы жоғарыда өзіміз әлденеше рет көрсеткен, атап айтқанда, *шәкірттер — халықшылдарға қарағанда мұраның әлдеқайда дәйекті, әлдеқайда сенімді сақтаушылары* деген қорытындыға келеміз. Шәкірттердің мұрадан бас тартпайтыны былай тұрсын, қайта ағартушылардың европалық мұраттарының аса көп, аса маңызды пункттері жөнінде халықшылдарды бас тартуға мәжбүр еткізетін романтикалық және ұсақ буржуазиялық қорқа соғушылықты айқын әшкерелеуді өздерінің басты міндеттерінің бірі деп есептейді. Ал «шәкірттердің» мұраны сақтауы архивариустың ескі қағазды сақтауы сияқты емес екендігі өзінен өзі түсінікті. Мұраны сақтау — тіпті де сол мұрамен ғана қанағаттану деген сөз емес, сондықтан европеизмнің жалпы мұраттарын қорғауға «шәкірттер» капиталистік дамудың бойында бар қайшылықтарды талдауды және бұл дамуға жоғарыда көрсетілген айрықша тұрғыдан берілетін бағаны ұштастырады.

V

МИХАЙЛОВСКИЙ МЫРЗА «ШӘКІРТТЕРДІҢ» МҰРАДАН БАС ТАРТУЫ ТУРАЛЫ

Қорытындыда тағы да Михайловский мырзаға және оның бізге керек мәселе жөніндегі тұжырымдарын қарауға қайта оралайық. Михайловский мырза бұл адамдар (шәкірттер) «бұрынғымен ешқандай мирасқорлық байланыс жасағысы келмейді және мұрадан үзілді-кесіл-

ді бас тартады» (l. c., 179) деп қана қоймайды, тағы да мұның үстіне «олар» (неше алуан бағыттардағы басқа адамдармен қатар бұларға жататын Абрамов мырзаға, Волынский мырзаға, Розанов мырзаға дейін) «мұраға мейлінше өшпенділікпен тиіседі» дейді (180).— Михайловский мырзаның айтып отырғаны қандай мұра? — 60—70-жылдардың мұрасы, «Московские Ведомостидің» салтанатпен бас тартқан және бас тартып отырған мұрасы (178).

Біз бұрын да көрсеткенбіз, егер қазіргі адамдар ие болып жүрген «мұра» жайында айтатын болсақ, онда *екі мұраны* айыра білу керек болады: бір мұра — жалпы алғанда ағартушылардың мұрасы, реформаға дейінгінің бәріне сөзсіз дұшпан адамдардың, европалық мұраттарды және халықтың қалың бұқарасының мүдделерін жақтайтындардың мұрасы. Екінші мұра — халықшылдықтың мұрасы. Біз бұл екі түрлі нәрсені шатастырудың өзі өрескел қате болар еді деп бұрын да көрсеткенбіз, өйткені «60-жылдардың дәстүрлерін» сақтаушы және халықшылдарға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын адамдар болғанын және қазірде де бар екенін әркім біледі. Михайловский мырзаның ескертпелерінің бәрі де бір-біріне мүлдем ұқсамайтын осы мұраларды тек қана түгелдей шатастыруға негізделген. Ал Михайловский мырзаның бұл айырмашылықты білмеуі мүмкін емес, сондықтан оның бұл реттегі қылығы тек өрескелдік жағынан ғана емес, сонымен қатар жалақорлық қылық ретінде де өте-мөте айқын сипат алып отыр. «Моск. Ведомости» халықшылдыққа әдейі тиісті ме? — Әсте де олай емес: «Моск. Ведомости» жалпы ағартушыларға артық болмаса, кем тиіскен жоқ, ал халықшылдарға мүлде жат «Вестник Европыдың» өзі оған халықшылдық «Русское Богатстводан» ешбір кем дұшпан емес. Мұрадан мейлінше үзілді-кесілді бас тартқан халықшылдармен, мәселен, Юзовпен, «Моск. Ведомости», әрине, толып жатқан мәселе жөнінен келісе алмаған болар еді, бірақ оған өштікпен тиісе қоюы да екіталай еді, сондықтан оны қалай дегенмен де мұраны сақтағысы келетін халықшылдардан айырмасы бар деп мақтаған болар еді.— Абрамов мырза немесе Волынский мырза ха-

лықшылдыққа тиісті ме? — Тіпті де тиіскен жоқ. Мұның біріншісінің өзі де халықшыл; мұның екеуі де жалпы ағартушыларға тиісті.— «Орыс шәкірттері» орыс ағартушыларына тиісті ме? «Орыс шәкірттері» реформадан бұрынғы тұрмыстың және оның қалдықтарының сөзсіз дұшпаны болыңдар деп, бізге өсиет қалдырған мұрадан қашан да болсын бас тартты ма? — Тиіспегені былай тұрсын, қайта, керісінше, олар капитализмнен ұсақ буржуазиялық үрейлену салдарынан осы қалдықтардың кейбіреулерін халықшылдардың қуаттауға тырысатынын шенеп отырды.— «Орыс шәкірттері» жалпы алғанда европалық мұраттарды бізге өсиет етіп қалдырған мұраға қашан да болсын тиісіп көрді ме? — Тиіспегені былай тұрсын, қайта, керісінше, жалпы европалық мұраттардың орнына көптеген өте маңызды мәселелер жөнінде қайдағы бір өзіндік қайырымды ақымақтықты ойлап шығарады деп, халықшылдарды шенеп отырды. Олар халықтың еңбекші бұқарасының мүдделеріне қамқор болуды өсиет етіп қалдырған мұраға қашан да болсын тиісті ме? — Тиіспегені былай тұрсын, қайта, керісінше, халықшылдарды еңбекшілердің мүдделеріне дәйекті түрде қамқорлық жасамайды (өйткені олар шаруа буржуазиясы мен село пролетариатын барынша шатастырады) деп, өзінің бүкіл назарын өмірде бар нәрсеге аударудың орнына, алда не болар екен дегенді армандаумен бұл қамқорлықтың күші әлсірей түседі деп шенеді; бұлардың жасаған қамқорлығы тым болмашы, өйткені олар бұл адамдардың өздеріне өздері қамқорлық ету мүмкіндігін жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайларды (шаруашылық және басқа жағдайларды) ешқашан лайықты бағалай білген емес деп шенеді.

Михайловский мырза бұл шенеудің дұрыс екеніне келіспеуі мүмкін, сондықтан халықшыл бола отырып, ол, әрине, «орыс шәкірттерімен» келіспейді,— бірақ шындығында *тек халықшылдыққа* «өшіге» тиісіп отырған, реформадан кейінгі тарих тудырған жаңа мәселелерді *осы мұраның рухында және оған қайшы* келтірмей шеше алмағаны үшін халықшылдыққа шабуыл жасап отырған адамдардың «60—70-жылдардың мұрасына»

«өшіге» тиісуі туралы айту,— осылай деу — мәселені тікелей бұрмалау деген сөз.

Михайловский мырза «шәкірттер» «бізді» (яғни, «Русск. Богатствоның» публицистерін) «халықшылдармен» және «Р. Б-воға» қатысы жоқ басқа да адамдармен оп-оңай шатастырады деп, өзінше наразы болған болады (180-бет). Халықшылдықтың негізгі көзқарастарының бәрін сақтай отырып, өзін «халықшылдардан» бөлектемек болған бұл сокет әрекет күлкіден басқа еш нәрсе тудырмайды. «Халықшыл», «халықшылдық» деген сөздерді «орыс шәкірттерінің» бәрі кең мағынада қолданатынын әркім-ақ біледі. Халықшылдардың арасында түрлі-түрлі сарындар бар екенін ешкім ұмытқан да емес, теріске шығарған да емес: П. Струве болсын, Н. Бельтов болсын, мәселен, өздерінің кітаптарында Н. Михайловский мырзаны В. В. мырзамен «шатастырмағаны» былай тұрсын, тіпті керек десе Южаков мырзамен де «шатастырған» жоқ, яғни олардың көзқарастарындағы айырмашылықтарды бүркемелеген емес, бірінің көзқарасын екінші біреуіне телігеп емес. П. Б. Струве тіпті Южаков мырзаның көзқарастарынан Михайловский мырза көзқарастарының айырмашылығын ашықтан-ашық көрсетіп берді. Түрліше көзқарастарды шатастырып жіберу — бір басқа да, көп мәселелерде айырмасы болғанына қарамастан негізгі және басты пункттер жөнінде бір-бірімен үндес жазушыларды, «шәкірттер» қарсы шығып отырған жазушыларды жинақтап, сипаттай келіп бір категорияға жатқызу — бір басқа. «Шәкірт» үшін маңыздысы тіпті де, мәселен, қайдағы бір Юзов мырзаны басқа халықшылдардан ерекше етіп көрсететін көзқарасының түкке тұрмайтынын көрсету емес: «шәкірт» үшін маңыздысы, *Юзов мырзаға да, Михайловский мырзаға да және халықшылдардың бәріне бірдей ортақ* көзқарасты теріске шығару, яғни олардың Россияның капиталистік эволюциясына көзқарасын, олардың экономикалық және публицистикалық мәселелерді ұсақ өндірушінің тұрғысынан қарап талқылауын, олардың әлеуметтік (немесе тарихи) материализмді түсінбеуін теріске шығару. *Бұл белгілер* қоғамдық ой-пікірдің ірі тарихи роль атқарған тұтас бір ағы-

мының ортақ игілігі болып саналады. Бұл кең ағымда барынша түрлі-түрлі сарындар бар, онда оң қанат пен сол қанат бар, онда ұлтшылдық және антисемитизмге дейін құлдыраған адамдар, т. т. бар және бұған кінәлы емес адамдар да бар; «мұраның» көптеген өсиеттеріне елемей қараған адамдар да бар және бұл өсиеттерді, мүмкін қадерінше (яғни, халықшыл үшін мүмкін қадерінше), қорғамақ болған адамдар да бар. «Орыс шәкірттерінің» бірде-біреуі сарындар арасындағы бұл айырмашылықтарды теріске шығарған емес, бір сарындағы халықшылдың көзқарасын екінші бір сарындағы халықшылға теліді деп Михайловский мырза «орыс шәкірттерінің» бірде-біреуін кінәлай алмас еді. Ал біз осы түрліше сарындардың бәріне бірдей *ортақ* негізгі көзқарастарға қарсы шығып отыр екенбіз, онда жалпы ағымның жеке айырмашылықтары туралы біздің айтар не жөніміз бар? Мұның өзі тіпті мағынасыз талап қой! Көп мәселелерде пікірлері үйлесе бермейтін жазушылардың орыс капитализмі, шаруалар «қауымы», «қоғам» дегеннің құдіреттілігі жөніндегі пікірлерінің бірыңғай екені біздің әдебиетте «шәкірттер» пайда болмастан әлдеқайда көп бұрын талай рет айтылған, айтылып қана қойған жоқ, керек десе Россияның бақытты ерекшелігі деп мақталып жүрді. «Халықшылдық» деген термин кең мағынасында тағы да сол біздің әдебиетте «шәкірттер» пайда болмастан көп бұрын қолданылды. Михайловский мырза «халықшыл» (тар мағынасында) В. В. мырзамен көп жыл бойы бір журналда қызметтес болып қана қоймай, сонымен қатар жоғарыда көрсетілген көзқарастардың негізгі белгілері жөнінде сонымен пікірлес те болды. 80 және 90-жылдары В. В. мырзаның кейбір қорытындыларына қарсы бола отырып, оның үстірт социология саласында ой жүгіртуінің дұрыстығын теріске шығара отырып, Михайловский мырза, алайда, 80-жылдары да, 90-жылдары да өз сынының В. В. мырзаның экономикалық еңбектеріне әсте қарсы бағытталмайтынын, орыс капитализмі жөніндегі негізгі көзқарастарда өзінің В. В. мырзамен пікірлес екендігін ескерткен болатын. Сондықтан «Русское Богатствоның» халықшылдық (кең мағынасында) көзқарастардың дамуына, ны-

ғаюына және тарауына көп еңбек сіңірген қайраткерлері ендігі жерде «орыс шәкірттерінің» сынынан: олар «халықшылдар» (тар мағынасында) емес деп, олар мүлдем ерекше бір «этикалық-әлеуметтік мектеп» деп мәлімдеу арқылы оп-оңай құтыламыз деп ойлайтын болса,— онда, әрине, мұндай айлакерлік үшін осы соншалық батыл, сонымен бірге соншалық дипломат адамдарды келеке ету әбден әділетті болар еді.

Мақаласының 182-бетінде Михайловский мырза «шәкірттерге» қарсы тағы да мынадай бір таңқаларлық дәлел келтіреді. Каменский мырза халықшылдарға өшіге шабуыл жасауда [176]; мұнысы, өзіңіз қараңызшы, «оның ашуланғандығын көрсетеді ғой, ал оған ашулануға болмайды (sic!! *). Бізге, «субъективті қарттарға» тап «субъективті жастар» сияқты, өзімізге өзіміз қайшы келмей, мұндай осалдық көрсетуге болады. Ал «өзінің бұлтақсыз объективтілігін әділ мақтан ететін» («шәкірттердің» біреуінің айтқан сөзі) ілімнің өкілдері басқаша жағдайда болып отыр».

Бұл не? Егер жұрт әлеуметтік құбылыстар жөніндегі көзқарастар *шындықты* және шын дамуды бұлтақсыз объективті талдауға сүйенсін деп талап ететін болса,— мұнан олардың ашулануына болмайды деген ұғым туа ма?! Мұнысы бос сандырақ, құр шатпақ қой! Қоғамдық құбылыстарды зерттеудегі бұлтақсыз объективтіліктің аса тамаша үлгісінің бірі «Капитал» туралы әйгілі трактат деп әділ айтылып жүргенін, Михайловский мырза, сіздің естігеніңіз бар ма? Толып жатқан ғалымдар мен экономистер бұл трактаттың басты және негізгі кемшілігі алдымен оның осы бұлтақсыз объективтілігінде деп біледі. Алайда артта қалған көзқарастардың өкілдеріне қарсы, автордың пікірі бойынша, қоғамдық дамуға кедергі болып отырған қоғамдық таптардың өкілдеріне қарсы айтыстарда мұндай «жүректілікті», мұндайлық қызу да жалынды айтыс-тартысты сіз ғылыми трактаттан өте сирек кездестіресіз. Айталық, Прудонның көзқарастары француз petit bourgeois ** көзқарастары мен көңіл ауанының табиғи, түсінікті, сөзсіз

* — солай!! *Ред.*
** — ұсақ буржуазия. *Ред.*

бейнесі екенін бұлтақсыз объективтілікпен көрсеткен жазушы,— сөйте тұрып, ұсақ буржуазияның осы идеологына асқан қызу жалынмен, күшті ызамен «тиіседі». Михайловский мырза Маркс бұл жерде «өзіне өзі қайшы келіп отыр» деп ойламай ма екен? Егер белгілі бір ілім өмір шындығына және түрлі таптардың арасында осы өмір шындығының негізінде пайда болатын қарым-қатынастарға бұлтақсыз объективті талдау жасауды әрбір қоғам қайраткерінен талап ететін болса, онда мұнан қоғам қайраткері белгілі бір тапқа тілектес болуға тиіс емес, оның бұлай істеуіне «болмайды» деген қорытындыны қандай кереметтің күшімен шығаруға болады? Бұл жерде борыш туралы сөз етудің өзі де күлкі, өйткені кеудесінде жаны бар бірде-бір адам белгілі бір таптың *жағына шықпай* (олардың қарым-қатынасын бір түсініп алған соң) *тұра алмайды,* сол таптың табысына шаттанбай тұра алмайды, оның сәтсіздігіне күйінбей тұра алмайды, бұл тапқа дұшпан адамдарға, артта қалған көзқарастарды тарату арқылы оның дамуына бөгет жасаушыларға ызаланбай тұра алмайды, т. т. және т. с. Михайловский мырзаның түкке тұрғысыз қылығы оның детерминизмнің фатализмнен өзгеше екені жөніндегі оп-оңай мәселені әлі күнге дейін ажырата алмай жүргендігін ғана көрсетеді.

««Капитал келе жатыр»! — бұл күмәнсыз,— деп жазады Михайловский мырза,— бірақ (sic!!) мәселе оны қалай қарсы алуда болып отыр» (189-бет).

Михайловский мырза Американы ашқан кісі сияқты көрінеді, «орыс шәкірттері», сірә, ол туралы эсте де ойлап көрмеген «мәселені» көрсеткен болады! «Орыс шәкірттерінің» халықшылдармен келісе алмауы, сірә, эсте бұл мәселе бойынша болмаса керек! Россияда дамып келе жатқан капитализмді екі тұрғыда ғана «қарсы алуға» болады: оны не прогрестік құбылыс деп, не регрестік құбылыс деп тану керек; не нағыз дұрыс жолмен ілгері басқан адым деп, не ақиқат жолдан ауытқығандық деп тану керек; не оны капитализм талқандайтын ұсақ өндірушілер табының тұрғысынан, не капитализм тудыратын қожайынсыз өндірушілер табының тұрғысы-

нан бағалау керек. «Қарсы алудың» басқа жолы жоқ *. Демек, егер Михайловский мырза капитализм жөнінде «шәкірттер» қатты қолдап отырған көзқарастың дұрыстығын теріске шығаратын болса, онда ол, әрине, өзінің бұрынғы мақалаларында талай рет өзі толық айқындап айтқан халықшылдық көзқарасты қабылдағаны. Михайловский мырза бұрынғысынша халықшыл болып қала отырып, бұл мәселе жөніндегі өзінің ескі көзқарастарына ешбір қосымша, ешбір өзгеріс енгізген жоқ және енгізбейді де.— Ештеңе де болған жоқ! Құдай сақтасын, ол халықшыл емес! Ол — «этикалық-социологиялық мектептің» өкілі...

«Капитализмнің,— дейді одан әрі Михайловский мырза,— мұнап былайғы дамуы әкелетін (?) болашақ (??) игіліктер туралы ештеңе айтылмай-ақ қойсын».

Михайловский мырза — халықшыл емес. Ол тек халықшылдардың қателерін және олардың тұжырымдарындағы теріс тәсілдерін толық қайталаумен тынады. «Болашақ туралы» мәселені бұлайша қоюдың дұрыс емес екендігі, әңгіме «болашақтағы өзгерістер» туралы емес, капитализмге дейінгі қатынастардың шын мәнісінде бар, қазірдің өзінде-ақ орын теуіп отырған, прогрестік өзгерістері туралы — Россияға капитализм дамуын әкеліп отырған (әкелетін емес) өзгерістері туралы болып отырғандығы халықшылдарға талай рет айтылған болатын. Михайловский мырза мәселені «болашақ дүниеге» алып барып тірейді, сөйтіп асылында «шәкірттердің» нақ сол таласып отырған қағидаларын дәлелденген қағидалар деп мойындайды. Ол, шындығында, көз алдымызда болып жатқан ескі қоғамдық-экономикалық қатынастарға капитализмнің дамуы ешқандай прогрестік өзгерістер *әкеліп отырған жоқ* дегенді дәлелденген деп мойындайды. Халықшылдық көзқарастың өзі нақ осында болып отыр, «шәкірттер» нақ осы

* Біз, әрине, еңбек мүддесін негізге алуды тіпті де керек емес деп санайтындардың немесе «капитализм» деген терминмен айтылатын жинақтаудың өзі түсініксіз, ақылға сыйымсыз деп санаушылардың капитализмді қарсы алуы туралы айтып отырғанымыз жоқ. Орыс өмірінде соған байланысты қоғам пікірінің ағымдары қаншалық маңызды болғанмен, халықшылдар мен олардың дұшпандарының арасындағы айтысқа бұл ағымдардың мүлдем қатысы жоқ, сондықтан бұларды тықпалаудың керегі жоқ.

көзқарасқа қарсы айтысып, мұның керісінше екенін дәлелдеп отыр. «Орыс шәкірттері» шығарған кітапшалардың қай-қайсысында болсын: егіншілікте жұмыспен өтеуді еркімен жалданатын еңбекке ауыстыру, «майдагерлік» деп аталатын өнеркәсіпті фабрикалық өнеркәсіппен ауыстыру қайдағы бір «болашақта» болатын құбылыс емес, көз алдымызда болып жатқан (және зор қарқынмен болып жатқан) шын құбылыс екенін; бұл өзгерістің барлық жағынан алғанда да прогрестік құбылыс екенін, мұның өзі ғасырлар бойы тапжылмай тоқырауда болып келген ескілікті, бытыраңқы, ұсақ, қол өндірісін бұзатынын; мұның өзі қоғамдық еңбектің өнімділігін арттыратынын, сөйтіп еңбекшінің тұрмыс дәрежесін көтеруге мүмкіндік туғызатынын; осының өзі бұл мүмкіншілікті қажеттілікке айналдыруға, атап айтқанда: «түкпірде» елеусіз қалған «отырықшы пролетарды», физикалық мағынасында да, моральдық мағынасында да отырықшы пролетарды жүріп тұратын пролетарға айналдыруға, кіріптарлық жағынан шексіз дамыған, жеке бас кіріптарлығының неше алуан түрлері бар еңбектің азиаттық түрін — европалық түрге айналдыруға жағдай жасайтыны; «машиналарды ойдағыдай пайдалану үшін ой-пікір мен сезімнің европалық үлгісінің қажеттігі, (аңғарып қойыңыздар: қажеттігі. *В. И.*) будың, көмірдің және техниканың қажеттігінен кем емес» * екені, т. т. айтылып, көрсетілген болатын. Қайталап айталық, осының бәрін әрбір «шәкірт» айтып та келеді, дәлелдеп те келеді, бірақ «жолдастарымен» қоса Михайловский мырзаға мұның бәрінің де, сірә, ешқандай қатысы болмаса керек; мұның бәрі де «Русское Богатствоға» «қатысы жоқ» «халықшылдарға» ғана қарсы жазылып отыр. «Русское Богатство» — «этикалық-социологиялық мектеп» қой, оның мәні жаңа жалауды бүркемеленіп, ескі қоқсықты өткізіп жіберуде болып отыр.

Жоғарыда өзіміз ескерткендей, біздің мақаламыздың міндеті — «орыс шәкірттері» «мұрадан» ат-тонын ала қашады-мыс, орыс қоғамының алдыңғы қатарлы тобы-

---

* Шульце-Геверництің «Schmollers Jahrbuch»[177]-тегі, 1896, Москва-Владимир мақта-мата өнеркәсібі туралы мақаласындағы сөздері.

ның жақсы дәстүрлерінен қол үзеді-міс, т. т. деп либералдық-халықшылдық баспасөзде өте-мөте кең таралып, ойдан шығарылып жүрген сөздерге тойтарыс беру. Михайловский мырза осы жауыр болған сөздерді қайталап айта бергенде, оның айтып жүргені шынына келгенде «Р. Богатствоға» «қатысы жоқ» «халықшыл» В. В. мырзаның мұнан әлдеқайда бұрын және әлдеқайда батыл айтқан сөздері екенін көрсете кету артық бола қоймас. Оқушы, сіз, осы жазушының П. Б. Струвенің кітабына жауап ретінде осыдан үш жыл бұрын, 1894 жылдың аяғында, «Неделяға» [178] бастырған мақалаларымен таныстығыңыз бар ма? Шынын айтсақ, егер сіз бұл мақалалармен таныспаған болсаңыз, меніңше, ештеңе де жоғалтқан жоқсыз. Ол мақалалардың негізгі түйіні — орыстың қоғамдық ой-пікірінің барлық прогрестік ағымдарының өнбойымен тартылып келе жатқан демократиялық желіні «орыс шәкірттері» үзеді-міс деуде. «Московские Ведомости» өшіге тиісіп жүрген «мұрадан» бас тартты деп «шәкірттерді» айыптағанда, Михайловский мырза соның өзін тек біршама басқа сөздермен қайталап отырған жоқ па? Шынында, өзіміздің жоғарыда көргеніміздей, бұл өтірікті ойлап шығарушылар «шәкріттердің» *халықшылдықтан* мүлдем қол үзуі орыс қоғамының таңдаулы тобының жақсы дәстүрлерінен қол үзу болып табылады-мыс деп, оз басының кінәсын басқаға аудара салып отыр. Керісінше емес пе екен, мырзалар? Бұл қол үзушіліктің өзі осы жақсы дәстүрлерді *халықшылдықтан тазарту* болмас па екен?

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

«ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ» ДЕГЕН КІТАПШАНЫҢ ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗДІҢ НОБАЙЫ [179]

Үш кезең. («Міндеттердің» 2-басылуына алғы сөз ретінде берілетін шағын мақаланы осылай атауға да болар еді.)

Әуелі (былайша айтқанда Vorwort *) «міндеттердің» соңғы уақытта өзгергені жайында бірер сөз (бұрын жазылғанымен салыстыр). «Партиялық міндеттердің өсуі».

I *Бірінші кезең* (тиісті «Міндеттер»). Қозғалыстың болмашы дамуы: ұрығы. Социал-демократияның жас кезі. Оның жария марксизммен қосылуы. Социал-демократияның ішіндегі «бірлік». Социал-демократтар шеңберінің тарлығы (кең таралмаған социал-демократизм).

Социал-демократтардың «сыртқы» қатынастарына: яғни басқа революцияшыл топтарға көзқарасына (жария әдебиетте — халықшылдармен, астыртын әдебиетте — халық ерікшілерімен және халық правошыларымен күрес) баса көңіл бөлінді. {Стачкаларға на}

«Экономизм» бағыт ретінде жоқ, бірақ экономикалық үгітке әуестік ретінде бар.

II Қозғалыстың орасан зор өсуі. Ол Россияның ішкі саясатын бірінші кезекке қойып отыр.

Кең өрістеген студенттер + || (ерекше батыл)

шаруалар. || (— Демонстрациялар террор.)

---

* — алғы сөз. *Ред.*

Социал-демократияның онан сайын өсуі. Жария марксизммен және экономизммен ажырасу — (екі ажырасудың айырмашылығы).

Біреуінің үзілді-кесілді, екіншісінің уақытша сипаты. Социал-демократияның *ішкі* қатынастарына баса назар аударылады: «сыншылармен» шайқас және «экономистермен» «ажырасу».

Бұл кезең, *сірә, аяқталуға жақындап қалса керек.* (Жария марксизммен ажырасу, сондай-ақ экономизммен де ажырасу.)

Мазмұнның «Не істеу керек?»-пен ұқсастығы *.
2-кезеңнің документі.
Алдағы болатын бірігуге байланысты жазылған.
Қазіргіге қарағанда әлдеқайда қажеттірек.

Дағдарысты болжау.

III *Үшінші кезең*

Қозғалыстың жаңа қадамы: шаруалар көтеріле бастады. Көтеріліс туралы мәселе «absehbare Zukunft»-ке ** барған сайын жақындап келеді.

Жария марксистер, сыншылар (Millerand *** және Бельгия) және экономизм туралы мәселе жөнінде маңызды пікірлердің бәрі қазірдің өзінде-ақ айтылған.

Кітапша мазмұнындағы оның 2-кезеңге жататынын білдіретін ерекшеліктер.
«тап күресі дегеніміз саяси күрес».
«экономикалық үгіттің саяси үгітпен тығыз байланысы» ****.

* Қараңыз: Шығармалар, 5-том, 369—574-беттер.
** — жақын болашақ. *Ред.*
*** — Мильеран. *Ред.*
**** Қараңыз: осы том, 489—490-беттер. *Ред.*

«Не істеу керек?» шыққаннан кейінгі оқиғалар — ; шаруалар көтерілістері; *с.-р. партиясының* құрылуы; *буржуазияшыл демократтардың* әрекеттері (?)

Ескі (1897) халық ерікшілері мен халық правошыларының 2 «өзгерген түрі» — с.-р. және либерал демократтар.

Егер жаңа кезеңнің бұл сипаттамасы дұрыс болса, онда нәтижесі мынадай болуы керек: с.-д. ішінде неғұрлым топтаса түсу, сыртқы қатынастарға баса көңіл бөлу.

Негізгі ой мынадай болуға тиіс:

Ол кезде (1897) — басты міндет социал-демократияның сыртқы қатынастарын анықтау болды.

3-кезеңде (1898—1902) басты міндет социал-демократияның ішкі қатынастарын анықтау болды.

Енді *сыртқы* қатынастарды (социалист-революционерлер) реттеу тағы да бірінші кезекке қойылып отыр.

Стачкалар	— Демонстрациялар (+ террор)	— Шаруалар «көтерілістері»
Жария марксизммен бірігу	— Онымен ажырасу және күресу	— Сыншыл (немесе «сыншылдықтың» көмегімен?) *pur sang* * либерализмнің пайда болуы.
Социал-демократияның бірлігі	— Экономизммен ажырасу	— Экономизмнің құлдырауы (??).

1902 ж. кеш дегенде августа жазылған

Бірінші рет қолжазба бойынша басылып отыр

* — таза текті. *Ред.*

«ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ» ДЕГЕН КІТАПШАНЫҢ ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗДІҢ АЯҚТАЛМАҒАН НҰСҚАСЫ

2-басылуына алғы соз

Оқушыларға ұсынылып отырған кітапша жазылғаннан бері бес жылға жуық уақыт өтті. Осы уақыт ішінде біздің революциялық және әсіресе с.-д. жұмысшы қозғалысымыз орасан зор, адам айтқысыз шапшаң өсіп, тарады және нығайды, орыс с.-д.-сының ішкі және сыртқы жағдайы айтарлықтай-ақ өзгерді, бұл жылдар автордың өз басына да партиялық (теориялық та, практикалық та) тәжірибе мағынасында көп нәрсе берді. Сондықтан міндеттер туралы шағын кітапшаның, бірінші басылуымен салыстырғанда ешқандай өзгеріс енгізілмеген, екінші басылуының шығуы таңқаларлық болып көрінуі мүмкін. Сол уақыттан бері, партия өмірінің объективті «мәліметтері» тұрғысынан да, автордың субъективті көзқарасы тұрғысынан да, «міндеттер» қалайша алға қарай түк те жылжымады екен?

Өзінен-өзі туатын бұл сұраққа менің «Не істеу керек?» (Stuttgart, Verlag Dietz, 1902 *) деген кітапшамда жауап берілген; онда партияның қазіргі «міндеттеріне» автордың қазіргі көзқарасы баяндалған **. Осы соңғы кітапша, бір жағынан, ұсынылып отырған кітапшаға қосымшалар мен өзгерістер енгізудің неліктен артық екендігін (иә, бәлкім, тіпті мүмкін еместігін де) түсіндіріп береді. Екінші жағынан, ол сондай-ақ ескі (және көп жағынан, әрине, ескірген) кітапшаны қайта

* — Штутгарт, Дитцтің баспасы, 1902. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар, 5-том, 369—574-беттер. *Ред.*

басып шығарудың, практикалық-үгіттік мақсаттардан басқа, неліктен қажет болғанын да түсіндіреді. Нақ сол «Не істеу керек?» деген кітапшада мен орыс с.-д-сы тарихының өткенін шолып шығуға және оның дамуындағы үш кезеңді белгілеуге әрекет жасадым. Осы көзқарас бойынша, қазіргі уақытта біз 3-кезеңнің аяғы мен 4-кезеңнің басын бастан кешіріп отырмыз, ал 3-кезең қозғалыстың әдеттен тыс шапшаң кең қанат жайып, тереңдігі жағынан жеткіліксіз өсуінен туған ыдырау және ауытқушылық дәуірі болып табылады. Мұндай бағаның дұрыстығы, сірә, нендей бір неғұрлым көп немесе аз тұрақты нәрсенің, келесі кезеңде «ауытқитындай» нендей бір нәрсенің екінші кезеңде болған-болмағанына байланысты болса керек *.

1903 ж. кеш дегенде августа жазылған

Бірінші рет қолжазба бойынша басылып отыр

* Қолжазба осы жерден үзіледі. Қолжазбада соңғы сөйлем сызылып тасталған. *Ред.*

В.И. ЛЕНИННІҢ ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В.И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ 1895—1897 ЖЫЛДАРДА ЖАЗЫЛҒАН, ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1894—1895 ж. ж.

СҰРАҚТАР ТІЗБЕСІ

Жұмысшылардың еңбек және тұрмыс жағдайларын зерттеуге арналған сұрақтар тізбесі 1894—1895 жылдың қысында Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» мүшелерінің, сондай-ақ басқа үйірмелер насихатшыларының арасында таратылды. Сұрақтар тізбесінің Лениннің қолынан жазылып шыққанын М. А. Сильвин атап көрсетеді (қараңыз: Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім, М., 1956, 126-бет). Үйірме тыңдаушылары өздерінің лекторы — В. И. Лениннен алған, талдап жасалған сұрақтар жазылған листоктар туралы И. В. Бабушкиннің 1894—1895 жылдың қысына қатысты естеліктерінде де айтылған (қараңыз: Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім, М., 1956, 113—114-беттер).

Өзінің насихатшылық жұмысында В. И. Лениннің «Жалақы туралы» деген қолжазба түріндегі запискаларын пайдаланғаны жөнінде жазған кезде В. Н. Катин-Ярцев те нақ осы сұрақтар тізбесін айтқан болуы ықтимал (қараңыз: «Былое», 1924, № 25, 111-бет).

1895 ж.

«РАБОЧЕЕ ДЕЛО» ГАЗЕТІНІҢ МАЗМҰНЫ

«Рабочее Дело» газетінің бірінші номерінің мазмұны баяндалған және газеттің материал жиналуына байланысты тұрақты мерзімсіз шығып тұратыны туралы хабарланған Лениннің қолжазбасы жөнінде «С.-Петербургте 1894 және 1895 жылдары өздерін «социал-демократтармыз» деп атайтын адамдардың қылмысты үйірмелерінің пайда болуы жөніндегі іс бойынша баяндамада» (қараңыз: Материалдар мен мақалалар жинағы. «Исторический Архив» журналының редакциясы. I кітап. [М.], 1921, 125-бет) және 1896 жылдың 30 мартында (11 апрелінде)

В. И. Лениннен алынған жауаптың протоколында (қараңыз: Ленин Институтының жазбалары. I. М., 1927, 129—130-беттер) айтылған.

«РАБОЧЕЕ ДЕЛО» ГАЗЕТІ ҮШІН ЖАЗЫЛҒАН МАҚАЛАЛАР

ОРЫС ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА (БАС МАҚАЛА)

В. И. Лениннің «Не істеу керек?» деген еңбегінде жазғанындай, мақала «Россиядағы жұмысшы табының тарихи міндеттерін суреттеп, саяси бостандық алу мәселесін бұл міндеттердің ең бастысы деп есептеді» (Шығармалар, 5-том, 402—403-беттер).

«С.-Петербургте 1894 және 1895 жылдары өздерін «социал-демократтармыз» деп атайтын адамдардың қылмысты үйірмелерінің пайда болуы жөніндегі іс бойынша баяндамада» хабарланғанындай, ол мақала мынадай сөздермен аяқталған: «Сөйтіп, адамша өмір сүру жағдайлары үшін фабрикантпен күресу, үкіметтің зорлық-зомбылығымен және тежеусіз билігімен күресу керек; жұмысшылар, бірігіңдер, ынтымақпен және табандылықпен ұлы іс үшін күресіңдер». Мақаланы Лениннің жазғанын Л. Мартов (Ю. О. Цедербаум) пен М. А. Сильвин көрсетеді (қараңыз: Материалдар мен мақалалар жинағы. «Исторический Архив» журналының редакциясы. I кітап. [М.], 1921, 125, 247—248-беттер; Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. I бөлім, М., 1956, 128-бет).

ФРИДРИХ ЭНГЕЛЬС

«Фридрих Энгельс» деген мақала-некролог туралы мәліметтер «С.-Петербургте 1894 және 1895 жылдары өздерін «социал-демократтармыз» деп атайтын адамдардың қылмысты үйірмелерінің пайда болуы жөніндегі іс бойынша баяндамада» келтірілген. Оны В. И. Лениннің жазғанын Л. Мартов (Ю. О. Цедербаум) пен М. А. Сильвин көрсетеді (қараңыз: Материалдар мен мақалалар жинағы. «Исторический Архив» журналының редакциясы. I кітап. [М.], 1921, 125, 247—248-беттер; Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. I бөлім. М., 1956, 128-бет). Мұның «Работниктің» 1896 жылғы 1—2-номерінде басылған мақаланың қысқаша мазмұны болуы ықтимал (қараңыз: осы том, 1—15-беттер).

1895 ЖЫЛҒЫ ЯРОСЛАВЛЬ СТАЧКАСЫ

Бұл мақаланы В. И. Лениннің жазғаны туралы «С.-Петербургте 1894 және 1895 жылдары өздерін «социал-демократтармыз» деп атайтын адамдардың қылмысты үйірмелерінің пайда

болуы жөніндегі іс бойынша баяндамада» және М. А. Сильвиннің естеліктерінде айтылады (қараңыз: Материалдар мен мақалалар жинағы. «Исторический Архив» журналының редакциясы. I кітап. [М.], 1921, 127-бет; Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. I бөлім, М., 1956, 128-бет). Сондай-ақ 1895 жылғы 21 декабрьде (1896 жылғы 2 январьда) В. И. Лениннен алынған жауаптың протоколында да бұл мақала жөнінде сөз болған (қараңыз: Ленин Институтының жазбалары. I. М., 1927, 128-бет).

ИВАНОВО-ВОЗНЕСЕНСК ТОҚЫМАШЫЛАРЫНЫҢ СТАЧКАСЫ ЖӘНЕ ПЕТЕРБУРГТЕГІ АЯҚ КИІМДІ МЕХАНИКАЛЫҚ ЖОЛМЕН ӨНДІРУ СЕРІКТІГІ ФАБРИКАСЫНДАҒЫ БІР ШЕБЕРХАНА ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ СТАЧКАСЫ

Бұл мақалалардың Лениндікі екені туралы мәліметтер «С.-Петербургте 1894 және 1895 жылдары өздерін «социал-демократтармыз» деп атайтын адамдардың қылмысты үйірмелерінің пайда болуы жөніндегі іс бойынша баяндамада» келтірілген (қараңыз: Материалдар мен мақалалар жинағы. «Исторический Архив» журналының редакциясы. I кітап [М.], 1921, 126, 127-беттер). 1896 жылғы 30 марттағы (11 апрельдегі) жауап алуда В. И. Ленин бұл қолжазбаларды өз қолымен жазғанын растаған (қараңыз: Ленин Институтының жазбалары. I. М., 1927, 129—130-беттер).

1896 ж.

МАЙ ЛИСТОГЫ

Май листогының үш нұсқасының біреуін В. И. Ленин жазғанын М. А. Сильвин хабарлайды (қараңыз: «Каторга и Ссылка» журналы, 1934, № 1, 110, 113-беттер). Листокты В. И. Ленин 1896 жылы түрмеден жіберген және Н. К. Крупская оны Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» мүшелері талқылаған кезде оқып берген. Басылып шықпаған.

«СТАЧКАЛАР ТУРАЛЫ» КІТАПША

Кітапшаны 1896 жылдың басында В. И. Ленин түрмеден жіберген. Құпиялықты сақтау мақсатында сүтпен жазылған оның жазуларын Н. К. Крупская анықтап шығарып, қайта көшірген. 1896 жылғы майдың басында кітапша «Халық ерікшілері тобының» Лахти астыртын баспаханасына беріліп, теруге да-

ярланды. Алайда патша үкіметінің 1896 жылғы 24 июньде (6 июльде) баспахананы талқандауы себепті оны басып шығару мүмкін болмай қалды.

Кітапша туралы Н. К. Крупскаяның, А. И. Ульянова-Елизарованың, П. Ф. Куделлидің және басқалардың естеліктерінде айтылған (қараңыз: «Творчество» журналы, 1920, № 7—10, 6-бет; Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. I бөлім, М., 1956, 39-бет; П. Куделли. Халық ерікшілері жол айырығында. Л., 1925, 27-бет).

XIX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ САЯСИ ЭКОНОМИЯ ОЧЕРКТЕРІ

Бұл қолжазба туралы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архивінде сақталған, В. И. Лениннің 1896 жылдың 2(14) декабрінде Петербург округтік соты прокурорының атына жазған өтінішінде айтылған.

1897 ж.

МАРКСИЗМДІ ОҚЫП-ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН САБАҚТАРДЫҢ ПРОГРАММАСЫ

Программа туралы В. И. Лениннің 1897 жылғы 3(15) июльде М. И. Ульяноваға жазған, Москва жандарм басқармасының істерінде сақталған, хатынан алынған үзіндінің көшірмесінде айтылған, онда былай делінген: «хатта марксизмді оқып-үйрену программасы берілген, пайдаланылатын материалдардың ішінде социал-демократияның «Vorwärts» және «Neue Zeit» сияқты органдары корсетілген» (Шығармалар, 37-том, 489-бет).

1895—1897 ж. ж.

ТУҒАН-ТУЫСҚАНДАРЫМЕН ЖАЗЫСҚАН ХАТТАРЫ

В. И. Лениннің туған-туысқандарымен жазысқан, сақталып қалған хаттарында және А. И. Ульянова-Елизарова мен Н. К. Крупскаяның естеліктерінде оның туған-туысқандарына жазған, бізге дейін жетпеген көптеген хаттары туралы мәліметтер бар (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 12, 14, 16, 27, 32, 33, 37, 45, 55, 56, 59, 63, 72, 489-беттер; Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. I бөлім, М., 1956, 35—38, 80—81-беттер).

П. Б. АКСЕЛЬРОДПЕН, Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙМЕН, И. Х. ЛАЛАЯНЦПЕН, П. П. МАСЛОВПЕН, Л. МАРТОВПЕН, А. П. СКЛЯРЕНКОМЕН, П. Б. СТРУВЕМЕН ЖӘНЕ БАСҚА АДАМДАРМЕН ЖАЗЫСҚАН ХАТТАР

Бұл хат алысулар жөнінде В. И. Лениннің сақталып қалған, туған-туысқандарына жазған хаттарында, А. И. Ульянова-Елизарованың, Н. К. Крупскаяның, П. Б. Аксельродтың, Г. М. Кржижановскийдің, Л. Мартовтың (Ю. О. Цедербаумның) және басқалардың естеліктерінде айтылған (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 59, 62, 68, 72-беттер; Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. I бөлім, М., 1956, 35—38, 80—81, 112, 154—155, 156—157, 227-беттер; Г. В. Плеханов пен П. Б. Аксельродтың жазысқан хаттары. I том, М., 1925, 275-бет; Ю. Мартов. Социал-демократтың жазбалары. М., 1924, 325, 328—330, 331—332-беттер).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

1895 ж.

«Рабочее Дело» газетінің 1-номері үшін жазылған мақалалар (қараңыз: Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер. М., 1957, 19-бет).

Мерзімді емес «Работник» жинағы үшін жазылған корреспонденциялар (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 34-том, 1—3, 4—5-беттер; Қарт большевик. Жинақ. 2(5). Март — апрель. М., 1933, 134-бет; «Каторга и Ссылка» журналы, 1934, № 1, 101—102-беттер).

В. И. ЛЕНИН АУДАРҒАН ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

1895 ж.

Венаның «Neue Revue» газетінің 1895 жылгы 14 августағы 33-номерінде жарияланған «Фридрих Энгельс» деген мақаланың аудармасы.

Бұл аударма туралы хабар 1896 жылғы 30 мартта (11 апрельде) В. И. Лениннен алынған жауаптың протоколында (қараңыз: Ленин Институтының жазбалары. I. М., 1927, 129—130-беттер) және «С.-Петербургте 1894 және 1895 жылдары өздерін «социал-демократтармыз» деп атайтын адамдардың қылмысты үйірмелерінің пайда болуы жөніндегі іс бойынша баяндамада» (қараңыз: Материалдар мен мақалалар жинағы. «Исторический Архив» журналының редакциясы. I кітап. [М.], 1921, 128-бет) бар. Қолжазба табылмаған.

1896—1897 ж. ж.

К. Бюхердің «Халық шаруашылығының пайда болуы (1890 жылдың 13 октябрінде Карлсруэдегі Жоғары техникалық мектепте кіріспе лекция ретінде оқылған баяндама)» деген кітабының немісшеден аудармасы. Қолжазба КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архивінде сақтаулы.

В. И. ЛЕНИН ЖАЗҒАН БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«Vorwärts» газетінде 1895 жылдың 15 сентябрінде жарияланған «Дурново мырзаның Победоносцевке құпия хаты» деген мақала.

В. И. Лениннің 1895 жылы «Vorwärts» газетіне қатысуы мүмкін екені туралы болжамдар совет баспасөзінде талай рет айтылған болатын (қараңыз: «Воинствующий Материалист» журналы, 1925, 4-кітап, 208, 213-беттер; «Летописи Марксизма», 1926, № 1, 87—89-беттер).

«Дурново мырзаның Победоносцевке құпия хаты» өзінің мазмұны жағынан осы томда жарияланған «Біздің министрлер не ойлайды?» (қараңыз: 83—88-беттер) деген мақалаға ұқсас. Екі мақаланың цитаттары сәйкес келеді. Оның үстіне, «Vorwärts»-тағы мақалада орыс социал-демократтарының қызметін жария жағдайға көшіру туралы мәселе қамтылған, мұны В. И. Ленин «Шұғыл мәселе» деген мақаласында (Шығармалар, 4-том, 228—234-беттер) неғұрлым егжей-тегжейлі ашып көрсетеді.

«Vorwärts» газетінің архиві болмағандықтан, КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының қолында мақаланың В. И. Лениндікі екенін дәлелдейтін бұдан басқа неғұрлым сенімді дәлелдер жоқ.

ЕСКЕРТУЛЕР

1 *«Фридрих Энгельс»* деген мақала-некрологты Ленин 1895 жылдың күзінде жазды, «Работниктің» ерте дегенде 1896 жылғы мартта шыққан 1—2-номерінде басылды.

«Работник» — мерзімді емес жинақ, «Еңбекті азат ету» тобының редакциялауымен 1896—1899 жылдары шетелде «Орыс социал-демократтарының одағы» шығарып тұрды. «Работникті» шығаруға инициатор болған Ленин еді. Ол 1895 жылы шетелде болған кезінде жинақты «Еңбекті азат ету» тобының шығарып, редакциялауы туралы Г. В. Плехановпен, П. Б. Аксельродпен келісті. Россияға қайтып келісімен, Ленин осы басылымға қаражат жағынан көмек ұйымдастыру жөнінде, жинаққа Россиядан мақалалар мен хат-хабарлар жіберіп тұру жөнінде үлкен жұмыс жүргізді. 1895 жылғы декабрьде тұтқынға алынғанға дейін Ленин «Фридрих Энгельс» атты мақала-некролог және бірнеше корреспонденция әзірлеп, «Работник» редакциясына жіберді, олардың бір бөлігі (А. А. Ванеевтің, М. А. Сильвиннің, С. П. Шестерниннің жазғандары) жинақтың 1—2 және 5—6-номерлерінде басылып шықты.

«Работниктің» үш кітап болып не бары 6 номері және ««Работник» Листогының» 10 номері шықты.— *1.*

2 В. И. Ленин «Фридрих Энгельс» деген мақалаға эпиграф етіп берілген жолдарды Н. А. Некрасовтың «Добролюбовты еске түсіру» деген өлеңінен алған (қараңыз: Н. А. Некрасов. Шығармалары мен хаттарының толық жинағы, II том, 1948, 200-бет).— *5.*

3 Ф. Энгельс. «Германиядағы шаруалар соғысына» алғы сөз (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 604-бет).— *8.*

4 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы. 2-том, 231—517-беттер.— *9.*

[5] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 3—230-беттер.— *10.*

[6] Ленин бұл арада *«Deutsch-Französische Jahrbücher»* («Неміс-Француз Әржылдығын») айтып отыр, ол К. Маркс пен А. Ругенің редакциясымен Парижде неміс тілінде басылды. 1844 жылы февральда қосарланған, бірінші кітабы ғана шықты. Мұнда К. Маркстің «Еврей мәселесі жөнінде», «Гегельдің право философиясына сын жөнінде. Кіріспе» деген шығармалары, сондай-ақ Ф. Энгельстің «Саяси экономия сынының бастапқы нобайы» және «Англияның жағдайы. *Томас Карлейль. «Өткендегі мен қазіргі кез»»* деген шығармалары жарияланды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 382—413, 414—429, 544—571, 572—597-беттер), бұлар Маркс пен Энгельстің материализм мен коммунизмге біржолата көшкенін көрсететін шығармалар.

Журналды шығаруды тоқтатудың басты себебі Маркстің буржуазияшыл радикал Ругемен принципті пікір алалықтары болды.— *10.*

[7] Бұл арада Ф. Энгельстің «Саяси экономия сынының бастапқы нобайы» деген еңбегі айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 544—571-беттер).— *10.*

[8] *«Коммунистер одағы»* — революцияшыл пролетариаттың тұңғыш халықаралық ұйымы. «Одақ» құрылмастан бұрын Маркс пен Энгельс барлық елдердің социалистері мен жұмысшыларын идеялық және ұйымдық жағынан топтастыруға бағытталған үлкен жұмыс жүргізді. 1847 жылдың басында Маркс пен Энгельс «Әділеттілер одағы» деген жасырын неміс қоғамына қосылды. 1847 жылғы июньнің бас кезінде Лондонда «Әділеттілер одағының» конгресі болды, онда қоғамның аты «Коммунистер одағы» деп өзгертілді; «Барлық адамдар — бауырлар!» — дейтін бұрынғы көмескі ұран «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген жауынгер интернационалдық ұранмен ауыстырылды.

«Коммунистер одағы» буржуазияны құлатып, таптардың антагонизміне негізделген ескі, буржуазиялық қоғамды жоюды, сөйтіп тапсыз және жеке меншіксіз жаңа қоғам орнатуды өзіне мақсат етіп қойды. Маркс пен Энгельс «Одақтың» 1847 жылы ноябрь — декабрьде Лондонда болған екінші конгресінің жұмысына қатысты және оның тапсыруы бойынша «Одақтың» программасын — 1848 жылы февральда жарияланған «Коммунистік партияның манифесін» жазды. «Коммунистер одағы» пролетарлық революционерлер мектебі ретінде, пролетарлық партияның ұйтқысы, Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің (I Интернационалдың) ізашары ретінде үлкен тарихи роль атқарды; «Одақ» 1852 жылғы ноябрьге дейін өмір сүрді. Ф. Энгельстің «Коммунистер ода-

ғының тарихы жөнінде» деген мақаласында «Одақтың» тарихы баяндалған (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 320—338-беттер).— *11.*

9 *«Жаңа Рейн Газеті»* («Neue Rheinische Zeitung») 1848 жылғы 1 июньнен 1849 жылғы 19 майға дейін Кёльнде шығып тұрды. Газеттің басшылары — К. Маркс пен Ф. Энгельс; бас редакторы Маркс болды. Лениннің сөзімен айтқанда, газет «революцияшыл пролетариаттың ең таңдаулы, теңдесі жоқ органы» болды (Шығармалар, 21-том, 70-бет), бұл газет халық бұқарасын тәрбиелеуші роль атқарды, оларды контрреволюцияға қарсы күреске көтеріп отырды, бүкіл Германияға ықпал етті. «Жаңа Рейн Газетінің» батыл және ымырасыз позициясы, жауынгерлік интернационализмі оның өмір сүруінің алғашқы айларынан бастап-ақ газетті феодалдық-монархиялық және либералдық-буржуазиялық баспасөздің өтірік-өсегіне, сондай-ақ үкіметтің қуғындауына тап қылды. Пруссия үкіметінің Маркстi жер аударуы және басқа редакторларға қарсы жазалар қолдануы газеттің жабылуына себеп болды. «Жаңа Рейн Газеті» туралы Ф. Энгельстің «Маркс және «Жаңа Рейн Газеті» (1848—1849)» деген мақаласын қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 311—319-беттер).— *11.*

10 Әңгіме Ф. Энгельстің «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» деген кітабы туралы болып отыр.— *12.*

11 Ф. Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген еңбегі осындай атпен 1892 жылы орысша басылып шықты, бұған негіз етіп Ф. Энгельстің «Анти-Дюринг» атты кітабының үш тарауы алынған болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 107—145-беттер).— *12.*

12 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 160—310-беттер.— *12.*

13 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 339—382-беттер.— *12.*

14 В. И. Ленин бұл арада Ф. Энгельстің «Орыс патшалығының сыртқы саясаты» деген мақаласын айтып отыр, бұл мақала «Социал-Демократтың» алғашқы екі кітабында «Орыс патшалығының шетелдік саясаты» деген атпен басылып шыққан болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 3—40-беттер).

«Социал-Демократ» — әдеби-саяси шолу; 1890—1892 жылдары «Еңбекті азат ету» тобы шетелде (Лондон — Женева) шығарып тұрды, Россияда марксизм идеяларын таратуда үлкен роль атқарды; не бары төрт кітабы шықты. «Социал-Демократқа» негізінен Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод, В. И. Засулич қатысып тұрды.— *12.*

15 Ленин бұл арада Ф. Энгельстің «Тұрғын үй мәселесі жөнінде» деген мақаласын айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 504—587-беттер).— *12.*

16 Бұл арада Ф. Энгельстің «Россиядағы қоғамдық қатынастар туралы» деген мақаласы және осы мақалаға жазылған соңғы сөз жөнінде айтылып отыр, бұлар «Фридрих Энгельс Россия туралы» атты кітапқа енген болатын. Женева, 1894 (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1933, 251—264-беттер; XVI том, II бөлім, 1936, 388—401-беттер).— *12.*

17 К. Маркстің 1862—1863 жылдары жазылған «Қосымша құн теориялары» атты шығармасын, Ф. Энгельстің пікіріне сәйкес, Ленин *«Капиталдың» төртінші томы* деп атады. «Капиталдың» екінші томына арналған алғы сөзде Энгельс былай деп жазған: «Бұл қолжазбаның («Қосымша құн теорияларының». *Ред.*) сын бөлімін «Капиталдың» IV кітабы түрінде жариялау правосын өзімде қалдырамын, оның бер жағында II және III кітаптарда толық айтылып кеткен көп жерлері ол қолжазбадан алынып тасталады» (К. Маркс «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 11-бет). Бірақ Энгельс «Капиталдың» IV томын баспаға әзірлеуге үлгірмеді. Тұңғыш рет «Қосымша құн теориялары» К. Каутскийдің өңдеуімен 1905, 1910 жылдары неміс тілінде жарияланды. Бұл басылымда тексті ғылыми тұрғыдан жариялаудың негізгі талаптары бұзылып, марксизмнің бірқатар қағидалары бұрмаланған.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты «Қосымша құн теориялары» («Капиталдың» IV томы) атты еңбекті 1862—1863 жылдарғы қолжазба бойынша үш бөлім етіп жаңадан басып шығаруда (қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары» («Капиталдың» IV томы), I бөлім, 1955; II бөлім, 1957).— *12.*

18 Бұл арада Ф. Энгельстің 1884 жылы 15 октябрьде И.-Ф. Беккерге жазған хаты айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 415-бет).— *13.*

19 *«Жұмысшылардың халықаралық қоғамы»* — Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі (I Интернационал) — пролетариаттың тұңғыш халықаралық ұйымы, бұл ұйымды ағылшын және француз жұмысшылары шақырған, Лондонда бол-

ған халықаралық жұмысшы жиналысында 1864 жылы К. Маркс құрған болатын. I Интернационалдың құрылуы — К. Маркс пен Ф. Энгельстің жұмысшы табының революцияшыл партиясы жолында көп жыл бойы жүргізген қажырлы күресінің нәтижесі. В. И. Лениннің атап көрсеткеніндей, I Интернационал «жұмысшылардың капиталға қарсы революциялық тегеурінін дайындау үшін олардың халықаралық ұйымының іргесін қалады», «социализм жолындағы пролетарлық, халықаралық күрестің іргесін қалады» (Шығармалар, 29-том, 302, 303-беттер).

I Интернационалдың орталық басшы органы — Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Бас советі болды, К. Маркс оның тұрақты мүшесі болды. Ол кезде жұмысшы қозғалысында үстем болған ұсақ буржуазиялық ықпалдар мен сектанттық тенденцияларды (Англиядағы тред-юнионизм, роман елдеріндегі прудонизм мен анархизм) жеңе отырып, Маркс Бас советтің неғұрлым саналы мүшелерін (Ф. Лесснер, Э. Дюпон, Г. Юнг және басқалар) өз төңірегіне топтастырды. I Интернационал түрлі елдер жұмысшыларының экономикалық және саяси күресіне басшылық етті, олардың халықаралық ынтымағын нығайтты. Марксизмді тарату ісінде, социализмді жұмысшы қозғалысымен ұштастыруда I Интернационалдың атқарған ролі зор.

Париж Коммунасы жеңіліске ұшырағаннан кейін жұмысшы табының алдына I Интернационал ұсынған принциптер негізінде бұқаралық ұлттық партиялар құру міндеті қойылды. «Европадағы істердің жағдайын еске ала келіп,— деп жазды 1873 жылы К. Маркс,— мен Интернационалды формальды түрде ұйымдастыруды уақытша кейінгі қатарға жылжыту сөзсіз пайдалы деп есептеймін» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 310-бет). 1876 жылы Филадельфия конференциясында I Интернационал ресми түрде таратылды.— *13.*

20 Қараңыз: К. Маркс. «Серіктіктің уақытша уставы», «Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің жалпы уставы»; Ф. Энгельс. «Коммунистік партияның манифесінің» 1890 жылы немісше басылуына алғы сөз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XIII том, I бөлім, 1936, 13-бет; Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 6 және 344-беттер).— *14.*

21 *«Фабрикалар мен заводтарда жұмысшылардан алынатын штрафтар туралы заңды түсіндіру»* деген кітапшаны Ленин 1895 жылдың күзінде жазды. Кітапша декабрьде Петербургте Лахти баспаханасы деп аталатын астыртын баспаханада үш мың дана болып басылып шықты. Бұл баспахана ол кезде Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағымен» қарым-қатынасын түзей бастап, оның басылымдарын шығарып тұрған «Халық еркшілері тобының»

меншігінде болатын. Кітапшаның түпнұсқасы сақталмаған, пайдаланылған барлық түпнұсқалар сияқты, бұл түпнұсқа да теріліп болғаннан соң өртеп жіберілген.

Құпиялықты сақтау мақсатымен кітапшаның мұқабасында ойдан шығарылған деректер көрсетілген: А. Е. Васильевтің кітап магазинінің басылымы. Херсон. К. Н. Субботиннің баспаханасы, Екатерин. көшесі, Калипиннің үйі. Москва мен С.-Петербургтің барлық кітап магазиндерінде сатылады. Титул парағында былай деп жазылған: Цензура рұқсат еткен. Херсон, 1895 жылғы 14 ноябрь. 1897 жылы кітапшаны Женевада «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» қайта басып шығарды.

Кітапша кең тарады. Полиция департаментінің мәліметтері бойынша, 1895—1905 жылдар ішіндегі тінту және тұтқындау кезінде кітапша Петербургте, Киевте, Ярославльде, Иваново-Вознесенскіде, Қазанда, Сормовода, Нижний Новгородта, Орехово-Зуевода, Саратовта, Красноярскіде, Пермьде, Россияның тағы басқа қалаларында табылған.— *17.*

22 Бұл арада 1885 жылдың 9(21) январында Никольский (Морозов) мануфактурасындағы стачканың ұйымдастырушылары В. С. Волков пен П. А. Моисеенко жазған *«Жұмысшылар жалпы келіскен талап»* жөнінде әңгіме болып отыр, онда фабрикада жұмысты қайта бастаудың шарттары тізіп айтылған болатын.— *25.*

23 *«Новое Время» («Жаңа Заман»)* — күнделікті газет; 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды; газет түрлі бастырушылардың қолынан өтіп, өзінің саяси бағытын талай рет өзгертті. Бастапқы кезде баяу либералдық бағытта болды, 1876 жылдан бастап, газеттің бастырушысы А. С. Суворин болғаннан кейін, ол реакцияшыл дворян және чиновниктік-бюрократтық топтардың органына айналды. 1905 жылдан бастап — қаражүздікшілердің органы болды. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын толық қолдап, большевиктерге өршелене жала жапты. Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет 1917 жылғы 26 октябрьде (8 ноябрьде) газетті жауып тастады. В. И. Ленин «Новое Времяны» сатқын газеттердің үлгісі деп атады.— *26.*

24 *«Московские Ведомости»* («Москва Ведомостары») — байырғы орыс газеті, оны Москва университеті бастапқы кезде (1756 жылдан бастап) шағын листок түрінде шығарған. 1863 жылдан бастап М. Н. Катковтың қолына көшкен соң газет монархиялық-ұлтшылдық органға айналып, помещиктер мен дін басылардың мейлінше реакцияшыл топтарының көзқарастарын уағыздады. 1905 жылдан бастап қаражүздікшілер-

дің басты органдарының бірі. 1917 жылғы Октябрь революциясына дейін шығып тұрды.— *26.*

25 *«Фабрика инспекциясы қызметкерлеріне тапсырма»* — фабрика инспекторларының міндеттері тізіп жазылған нұсқау. Финанс министрі С. Ю. Витте бекіткен бұл нұсқау 1894 жылғы июньде жарияланды.— *42.*

26 *Рязань губерниясы Егорьев уезінің Хлудов мануфактурасындағы* (ағайынды Хлудовтардың мақта жіп иіру фабрикасы) *стачка* 1893 жылдың 25 майы — 7 июнінде (6—19 июнь) болды. Стачкаға фабрика әкімшілігінің өрескел зорлық-зомбылығы, жалақының аздығы, штрафтардың көп салынатыны, мейрам қарсаңындағы күндерде түнгі жұмыстың енгізілуі себеп болды. Шыдамы таусылған жұмысшылар фабриканың дүкені мен кеңсесін талқандап, фабрика корпустарының терезелерін сындырды, машиналарды қиратты. Әкімшілік жекелеген талаптарды қанағаттандыруға уәде бергеннен кейін 8(20) июньде фабрикада жұмыс қайта басталды. Бірақ октябрьде ереуіл қайта жасалды, өйткені жұмысшылар талаптарының басым бөлігі қанағаттандырылмаған болатын. Ереуіл 5 мың адамды қамтыды.— *61.*

27 В. И. Ленин *«Гимназия шаруашылықтары және құлық түзету гимназиялары»* деген мақаласын 1895 жылдың күзінде С. Н. Южаковтың «Русское Богатство» журналының 1895 жылғы майдағы номерінде жарияланған «Ағартушылық утопиясы. Бүкіл халыққа міндетті орта білім беру жоспары» деген мақаласына жауап ретінде жазған.

Ленин Южаковтың егіншілік гимназияларында кедей оқушылардың өзінің оқуын өз еңбегімен өтеу арқылы міндетті орта білім алуын жүзеге асыруды ұсынған жоспарын аяусыз сынап, оның реакциялық сипатын көрсетті. Содан кейін, Сибирьде айдауда жүрген кезінде, 1897 жылдың аяғында ол «Халықшылдардың қияли жобаға әуестігінің кереметтері» деген мақаласында осы тақырыпқа тағы да қайтып оралады (қараңыз: осы том, 511—546-беттер).

«Гимназия шаруашылықтары және құлық түзету гимназиялары» деген мақала *К. Т—ин* деген қол қойылып, 1895 жылғы 25 ноябрьде (7 декабрьде) «Самарский Вестникте» жарияланды.

«Самарский Вестник» («Самара Хабаршысы») — газет; 1883 жылдан 1904 жылға дейін Самарада (қазіргі Куйбышев) шығып тұрды. 1896 жылдың аяғынан 1897 жылдың мартына дейін газет «жария марксистердің» (П. П. Маслов, Р. Гвоздев (Р. Э. Циммерман), А. А. Санин, В. В. Португалов және басқалар) қолында болды. XIX ғасырдың 90-жылдарында газетте орыс революцияшыл марксистерінің жекелеген мақалалары басылды.— *67.*

[28] *«Русское Богатство»* («Орыс Байлығы») — ай сайын шығып тұрған журнал; 1876 жылдан 1918 жылдың орта шеніне дейін Петербургте шығып тұрды. 90-жылдардың басынан журнал либерал халықшылдардың органына айналып, оны С. Н. Кривенко мен Н. К. Михайловский редакциялады. Журнал патша үкіметімен ымыраға келуді уағыздап, марксизмге және орыс марксистеріне қарсы өршелене күрес жүргізді. Журналдың әдебиет бөлімінде прогресшіл жазушылар — В. В. Вересаев, В. М. Гаршин, А. М. Горький, В. Г. Короленко, А. И. Куприн, Д. Н. Мамин-Сибиряк, Г. И. Успенский және басқаларының шығармалары басылып тұрды.

1906 жылдан бастап жартылай кадеттік эсестер («халықшыл социалистер») партиясының органы болды.— *67.*

[29] *«Торнтон фабрикасының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне»* деген листовканы Ленин жұмысшылардың ауыр жағдайының және фабрика әкімшілігінің жаңа қысымдарының салдарынан фабрикада 6(18) ноябрьде бұрқ еткен 500-ге жуық тоқымашының ереуіліне байланысты 1895 жылдың 7(19) ноябрінен кейін жазған. Ереуілге Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» басшылық етті. Ереуіл басталардың алдында «Күрес одағы» тоқымашылардың талаптары баяндалған, Г. М. Кржижановский жазған листок шығарды. Бұл листок осы уақытқа дейін табылған жоқ.

Лениндік листовка бірнеше күннен кейін шығарылып, фабрикада ереуіл аяқталғаннан кейін таратылды. Мұнда жұмысшылар өмірінен келтірілген фактілерді Лениннің өзі мұқият жинастырған.

Листовка мимеографта басылды, ал 1896 жылдың көктемінде шетелде «Работник» жинағының 1—2-номерінде қайта басылып шықты.— *76.*

[30] *Ноллес* — жүннің қалдық түгі, қысқа талшық, жүнге қарағанда іруге онша қолайсыз; жүнді жүн түтетін машиналарда өңдеудің нәтижесінде алынады.

Кноп — шұғаны қиғанда түсетін және іруге жарамсыз қысқа талшық.— *77.*

[31] *Шмиц* — бес кезге тең (3,5 метрге жуық) ұзындық өлшемі; тоқымашылардың еңбегіне ақы белгілеуде қолданылған.— *77.*

[32] *«Бибер»* және *«Урал»* — шұға сорттарының аты: драп бибер, драп урал делінеді.— *79.*

[33] *«Біздің министрлер не ойлайды?»* — «Халық ерікшілері тобымен» келісім бойынша Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» шығаруға дайындаған «Рабочее Дело» газетіне арналған Ленин мақалаларының бі-

рі. «Рабочее Делоның» бірінші номерін Ленин құрастырып, редакциялаған. «Орыс жұмысшыларына» деген бас мақаланы, «Біздің министрлер не ойлайды?», «Фридрих Энгельс», «1895 жылғы Ярославль стачкасы» сияқты негізгі мақалалардың бәрін де Ленин жазған. Сонымен бірге, газетте петербургтік «Күрес одағының» басқа мүшелерінің де — Г. М. Кржижановскийдің, А. А. Ванеевтің, П. К. Запорожецтің, Л. Мартовтың (Ю. О. Цедербаумның), М. А. Сильвиннің мақалалары болды. «Рабочее Делоның» бірінші номерінің мазмұны туралы Ленин «Не істеу керек?» деген еңбегінде былай деп хабарлады: «Баспаға әбден дайын болған бұл номерді 1895 жылы декабрьдің 8-нен 9-на қарағанда тінту жүргізген жандармдар топтың мүшесі Анат. Алекс. Ванеевтікінен тауып әкетті, сөйтіп, алғашқы қалыптағы «Рабочее Дело» жарыққа шыға алмай қалды. Бұл газеттің (мүмкін, бұл газетті 30 жылдай уақыттан кейін полиция департаментінің архивтерінен «Русская Старина» сияқтылар тауып та алар) бас мақаласы Россиядағы жұмысшы табының тарихи міндеттерін суреттеп, саяси бостандық алу мәселесін бұл міндеттердің ең бастысы деп есептеді. Онан соң, Сауаттылық комитеттерін полицияның талқандауына арналған «Біздің министрлер не ойлайды?» деген мақала бар еді және тек Петербургтен ғана емес, Россияның басқа жерлерінен де келген бірсыпыра хат-хабарлар бар еді (мысалы, Ярославль губерниясындағы жұмысшыларды қырғынға ұшырату жөнінде)» (Шығармалар, 5-том, 402—403-беттер). Бұл мақалалардың қолжазбалары осы күнге дейін табылған жоқ. 1924 жылғы январьда полиция департаментінің «Күрес одағы» туралы іс қағаздарынан «Біздің министрлер не ойлайды?» деген мақаланың көшірмесі ғана табылды.— *83.*

34 *«Социал-демократиялық партия программасының жобасы және оны түсіндіру»* деген еңбекті Ленин Петербургте түрмеде отырған кезінде: «Программаның жобасын» 1895 жылғы декабрьде, 9-нан (21) кешірек, «Программаны түсіндіруді» 1896 жылғы июнь — июльде жазған. Н. К. Крупская мен А. И. Ульянова-Елизарованың естеліктеріне қарағанда, текст әлденендей бір кітаптың жолдарының арасына сүтпен жазылыпты. Владимир Ильичтің осы түпнұсқа тексті, сірә, әуелі анықтап шығарылып, содан соң көшірілген болса керек.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архивінде «Программа жобасының» үш тізімі сақтаулы. Лениннің 1900—1904 жылдар кезеңіндегі жеке архивінен табылған бірінші тізімді Д. И. және М. И. Ульяновтар «Научное Обозрение» журналының 1900 жылғы 5-номеріндегі С. Чугуновтың «Адамның мойын омыртқасы эволюция теориясының тұрғысынан қарағанда» деген мақаласының жолдары арасына түссіз сиямен жазған. Бұл тізімнің тақырыбы жоқ. Тізімнің беттері Лениннің қолымен

қарындашпен номерленіп, Ленин өз қолымен сыртына: «Программаның ескі (1895) жобасы» деп жазған конвертке салынған.

Лениннің 1900—1904 жылдар кезеңіндегі жеке архивінен табылған екінші тізім жұқа папирос қағазына машинкамен басылған және оның «Социал-демократиялық партия программасының ескі (1895) жобасы» деген тақырыбы бар.

РСДРП-ның Женевадағы архивінен табылған үшінші тізімнің тексті гектографиялық текстпен басылған 39 парақ. Алғашқы екеуінен ерекшелігі сол, бұл тізімде тек «Программаның жобасы» ғана емес, сонымен бірге «Программаны түсіндіру» де бар, бұл екеуі тұтас бір шығарманы құрайды.— *89.*

35 *«Научное Обозрение»* («Ғылыми Шолу») — журнал; 1894 жылдан 1903 жылға дейін Петербургте әуелі апта сайын, кейін ай сайын шығып тұрды. Журналдың белгілі бір бағыты болған жоқ, бірақ, Лениннің айтуы бойынша, «мода ретінде» өз беттерінде марксистерге орын беріп отырған. «Научное Обозрениеде» К. Маркс пен Ф. Энгельстің кейбір хаттары мен мақалалары және В. И. Лениннің: «Рыноктар теориясы туралы мәселе жөнінде заметка», «Тағы да өнім өткізу теориясы туралы мәселе жайында», «Сынға жанаспайтын сын» деген үш мақаласы (қараңыз: Шығармалар, 4-том, 50—60, 70—90-беттер; 3-том, 673—701-беттер) жарияланды.— *89.*

36 *Сатып алу төлемі* 1861 жылғы 19 февральда бекітілген «Крепостниктік тәуелділіктен шыққан шаруалардың төлемі туралы ережемен...» белгіленді. Патша үкіметі шаруаларды өздеріне кесіліп берілген үлесті жер үшін помещиктерге сол жердің шын құнынан бірнеше есе артық ақы төлеуге мәжбүр етті. Сатып алу келісімін жасаған кезде үкімет помещиктерге сатып алу сомасын төледі, бұл шаруалардың қарызы болып саналды, шаруалар оны 49 жылдың ішінде төлеп бітуге тиіс болды. Осы қарыздың шаруалар жыл сайын беріп тұратын бөлігі сатып алу төлемі деп аталды. Шаруаларға шамадан тыс ауыр тиетін сатып алу төлемі оларды жаппай күйзеліс пен қайыршылыққа ұшыратты. Тек бұрын помещик қарауында болған шаруалардың өздері патша үкіметіне 2 миллиард сомға жуық төлем төледі, ал бұл кезде шаруалардың иелігіне көшкен жердің рыноктағы бағасы 544 миллион сомнан аспайтын. Ал шаруалардың сатып алу төлемін төлеуі бірден емес, 1883 жылға дейін созылғандықтан сатып алу төлемін төлеп болу мерзімі 1932 жылы ғана бітуге тиіс болды. Алайда 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезеңіндегі шаруалар қозғалысы патша үкіметін сатып алу төлемін 1907 жылдың январынан бастап жоюға мәжбүр етті.— *94.*

37 *Жаппай кепілдік* — барлық ақшалай төлемдерді дер кезінде, толық төлеп, мемлекет пен помещиктердің пайдасына алуан түрлі міндеттерін өтеуге (алым-салықтар, сатып алу төлемдері, рекрутқа адам беру және басқалар) әрбір селолық қауым шаруаларының коллективті түрде ықтиярсыз жауапты болуы. Шаруаларды бұғауда ұстаудың Россияда крепостниктік право жойылғаннан кейін де сақталып қалған бұл формасы тек 1906 жылы ғана жойылды.— *95.*

38 Әңгіме финанс министрі С. Ю. Виттенің 1895 жылғы жазғы және күзгі стачкаларға жауап ретінде фабрика инспекторларына жолдаған нұсқау хаты жайында болып отыр. Бұл нұсқау хатқа берілген сипаттаманы осы томның 122-бетінен қараңыз.— *114.*

39 *«Патша үкіметіне»* деген листовканы Ленин 1896 жылдың 25 ноябрінен (7 декабрьден) ертерек, түрмеде отырған кезде жазған, оны Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» мимеографта басып шығарған.

Листовка С. Ю. Виттенің фабрика инспекторларына нұсқау хаты мен «Правительственный Вестниктің» 1896 жылғы 19(31) июльдегі 158-номерінде жарияланған 1896 жылдың жазында Петербургте болған стачкалар туралы хабарға жауап ретінде жазылған.— *121.*

40 1896 жылдың май — июнінде болған стачкаларды Ленин Петербургтегі атақты өнеркәсіп шайқасы деп атады. Стачка жасауға фабриканттардың II Николай таққа отыруға байланысты демалыс күндері үшін жұмысшыларға жалақыны толық төлеуден бас тартуы себеп болды. Стачка Россиялық мақта жіп иіру мануфактурасында (Калинкиннің) басталды да, аз уақытта Петербургтің басты-басты мақта жіп иіретін және тоқыма кәсіпорындарының бәрін қамтыды. Петербург пролетариаты қанаушыларға қарсы тұңғыш рет кең майданмен күреске шықты. 30 мыңнан астам жұмысшы ереуіл жасады. Стачка Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» басшылығымен өтті, ол жұмысшыларды өз праволарын бірауыздан және табандылықпен қорғауға шақырған листовкалар мен прокламациялар шығарды. «Күрес одағы» стачкашылардың: жұмыс күнін $10^1/_2$ сағатқа дейін қысқарту, жұмыс нарқын арттыру, жалақыны мезгілінде төлеп тұру және т. б. сияқты негізгі талаптарын басып шығарып, таратты. Петербург стачкалары Москвада және Россияның басқа қалаларында жұмысшы қозғалысының дамуына ықпал жасады, үкіметті фабрика заңдарын қайта қарауды тездетуге, сөйтіп 1897 жылдың 2(14) июнінде фабрикалар мен заводтарда жұмыс күнін $11^1/_2$ сағатқа дейін қысқарту туралы заң шығаруға мәжбүр етті. Кейініректе В. И. Лениннің жазғанындай, бұл стачкалар «сонан соң үз-

діксіз өрлеп келе жатқан жұмысшы қозғалысының,— біздің бүкіл революцияның осы ең күшті факторының заманын ашты» (Шығармалар, 13-том, 84-бет).— *123.*

41 *«Правительственный Вестник»* («Үкімет Хабаршысы») — күнделікті газет, патша үкіметінің ресми органы; 1869 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды.— *123.*

42 *«Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын»* 1895 жылдың күзінде Ленин ұйымдастырды. Оған Петербургтегі жиырмаға жуық марксистік жұмысшы үйірмелері бірікті. «Күрес одағының» бүкіл жұмысы централизм және қатаң тәртіп принципінде құрылды. «Күрес одағын» басқаратын Орталық топқа В. И. Ленин, А. А. Ванеев, П. К. Запорожец, Г. М. Кржижановский, Н. К. Крупская, Л. Мартов (Ю. О. Цедербаум), М. А. Сильвин, В. В. Старков және басқалар енді. Барлық жұмысқа осы топтың Ленин бастаған бес мүшесі тікелей басшылық етті. Ұйым аудандық топтарға бөлінді. Алдыңғы қатарлы саналы жұмысшылар (И. В. Бабушкин, В. А. Шелгунов және басқалар) бұл топтарды фабрикалармен және заводтармен байланыстырды. Заводтарда хабар жинау және әдебиеттер тарату жөнінде ұйымдастырушылар болды, ірі кәсіпорындарда жұмысшы үйірмелері құрылды.

«Күрес одағы» Россияда тұңғыш рет социализмді жұмысшы қозғалысымен біріктіруді, марксизмді алдыңғы қатарлы жұмысшылардың шағын тобы арасында үйірмелерде насихаттаудан пролетариаттың қалың бұқарасы арасында саяси үгіт жүргізуге көшуді жүзеге асырды. Ол жұмысшы қозғалысына басшылық етті, жұмысшылардың экономикалық талаптар жолындағы күресін патша өкіметіне қарсы саяси күреспен байланыстырды. 1895 жылдың ноябрінде ол Торнтонның шұға фабрикасында стачка ұйымдастырды. 1896 жылдың жазында «Одақтың» басшылығымен Петербург тоқымашыларының атақты стачкасы болды, оған 30 мыңнан астам адам қатынасты. «Күрес одағы» жұмысшыларға арнап листовкалар мен кітапшалар шығарды, «Рабочее Дело» газетін шығаруды дайындады. «Күрес одағы» шығарған басылымдардың редакторы В. И. Ленин болды. «Күрес одағы» өзінің ықпалымен Петербургтен тысқары алыс жерлерді де қамтыды. Оның бастамасы бойынша Москвада, Киевте, Екатеринославта және Россияның басқа қалалары мен облыстарында жұмысшылар үйірмелері нақ осындай одақтарға бірікті.

1895 жылғы декабрьде патша үкіметі «Күрес одағына» елеулі соққы жасады: 8 декабрьден 9 декабрьге (20 декабрьден 21 декабрьге) қараған түнде оның қайраткерлерінің Ленин бастаған едәуір бөлігі тұтқынға алынды. Теруге дайын тұрған «Рабочее Дело» газетінің номері де қолға түсті. В. И. Лениннің және «Одақтың» басқа мүшелерінің тұтқындалуына жауап ретінде саяси талаптар қойылған листок

шығарылып, онда «Күрес одағының» бар екені жөнінде тұңғыш рет мәлімдеме жасалды.

Түрмеде болғанымен В. И. Ленин «Одаққа» бұрынғыша басшылық ете берді, оған кеңес беріп, көмектесті, сырттағыларға шифрленген хаттар мен листовкалар жіберіп тұрды, «Стачкалар туралы» кітапшасын (осы уақытқа дейін табылған жоқ), «Социал-демократиялық партия программасының жобасы және оны түсіндіру» деген еңбегін жазды.

Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» маңызы мынада: Лениннің бейнелеп айтқанындай, ол жұмысшы қозғалысына сүйенетін, пролетариаттың тап күресіне басшылық ететін революциялық партияның алғашқы елеулі ұйтқысы болды.— *127.*

43 *«Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» мүшелеріне «қарттардың» атынан хабарлауды»* Ленин 1896 жылы түрмеде, «Күрес одағының» тұтқындаудан аман қалған мүшелеріне ескерту ретінде, арандатушы Н. Михайловқа қарсы жазған. Оны Н. И. Тезяковтың «Ауыл шаруашылығы жұмысшылары және Херсон губерниясында оларға санитарлық бақылаудың ұйымдастырылуы» (1896) деген кітабының 240-бетіндегі жолдардың арасына жазды, Ленин бұл кітапты өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегі үшін қарап шыққан болатын.

Сірә, құпиялықты сақтау мақсатында болса керек, қолжазба жай қарындашпен көптеген қысқартулармен, өте ұсақ жазумен, кей жерлері оқуға қиын түрде жазылған, сондықтан қайсыбір жерлері анықталмай қалған.— *129.*

44 *«Корпорация»* деп аталатын студенттік ұйым Петербург университетінде 1891 жылдың аяғында, студенттердің өздігінен білім алу үйірмелерінен ұйымдасқан. Ол революцияшыл пиғылдағы жастарды біріктірді, бірақ өзінің белгілі саяси программасы болған жоқ және бірнеше айдан кейін тарап кетті. Оны ұйымдастырушылардың бірі сияқты болып жүрген, охранкамен байланысы бар Н. Михайлов ұйым мүшелерін полицияға ұстап берді.— *129.*

45 *Воронин фабрикасындағы* (көпес И. А. Воронинның Резвоостровтағы мақта жіп тоқитын мануфактурасы) *стачка* 1894 жылғы январьдың аяғында болды. Бұған жұмыс нарқын төмендету, соның салдарынан тоқымашылар жалақысының азаюы себеп болды. Стачка үш күнге созылды және жұмысшылардың жеңісімен аяқталды: жұмыс нарқы арттырылды. Оны «бастаушылардың» ішінен бірнеше жұмысшы тұтқынға алынып, Петербургтен жер аударылды.— *129.*

46 *«Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде»* деген еңбек «жария марксистердің» «Новое Слово» журналының

төрт номерінде (7—10) *К. Т — н* деген қол қойылып, (1897 жылғы апрель — июль) жарияланды, сонан соң 1898 жылдың октябрінде шыққан (жинақтың мұқабасы мен титул парағында 1899 жыл деп көрсетілген): Владимир Ильин. «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» деген жинаққа енген. 1908 жылдың басында ол кейбір түзетулермен және қысқартулармен: Вл. Ильин. «Аграрлық мәселе» деген жинақта басылды. Бұл басылымда II тараудың «Егіншіліктегі халықтың есебінен индустрия халқының өсуі туралы мәселе» деген үшінші бөлімі және II тараудың «Романтизмнің реакциялық сипаты» деген бесінші бөлімінің соңы алынып тасталған, I тарауға «Постскриптум» жазылған.

1897 және 1898 жылдардағы жария басылымдарды әзірлеу кезінде Ленин цензуралық жағдайларды ескере отырып, «Маркстің теориясы» және «марксизм теориясы» деудің орнына «ең жаңа теория», «Маркс» деудің орнына «белгілі неміс экономисі», «марксист» деудің орнына «реалист», «Капитал» деудің орнына «трактат» деп және тағы сол сияқты жазуға мәжбүр болған. 1908 жылғы басылымда аталған сөздердің басым көпшілігін Ленин не тексте түзеген, не бет соңындағы ескертулерде түсіндірген. Шығармалардың екінші—үшінші басылуында бұл түзетулер бет соңындағы ескертулерде келтірілген. Төртінші және осы басылуларда олар текстке енгізілді.— *131.*

47 *Үстеме құн* — қосымша құн (Маркс бойынша Mehrwert). 90-жылдардағы еңбектерінде В. И. Ленин «қосымша құн» деген терминмен қатар «үстеме құн» деген терминді қолданған. Кейінірек ол тек қана «қосымша құн» деген терминді пайдаланды.— *143.*

48 Әңгіме Мак-Куллохтың «Edinburgh Review»-тің 1819 жылғы XXXII томында қол қойылмай жарияланған «Mr. Owen's Plans for Relieving the National Distress» («Мистер Оуэннің ұлттық күйзелісті жеңілдету жөніндегі жоспарлары») деген полемикалық мақаласы жайында әңгіме болып отыр, ол мақалаға Сисмонди жауап берген.

«The Edinburgh Review or Critical Journal» («Эдинбург Шолуы немесе Сын Журналы») — ғылыми, әдеби-саяси журнал; 1802 жылдан 1929 жылға дейін шығып тұрды.— *153.*

49 *«Понтийден Пилатқа сілтеу»* деген сөз өзінің екіжүзділігімен және мейірімсіздігімен атағы шыққан, жаңа заманның 26—36 жылдарында Иудеяда Рим прокураторы (наместнигі) болған Понтий Пилаттың (Pontius Pilatus) есімімен байланысты; біреу-міреуді сілікпесі шыққанша әуре-сарсаңға салуды білдіреді, өйткені бұл есімнің екеуі де бір адамдікі.— *155.*

50 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 424-бет; III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 906-бет.— *156.*

51 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 399—593-беттер.— *156.*

52 1897 және 1898 жылдардағы басылымдарда Ленин осы жерде М. И. Туган-Барановскийдің «Өнеркәсіп дағдарыстары» деген кітабының II бөліміне сілтеме жасаған. 1908 жылғы басылымда Ленин бұл сілтемені өзінің 1899 жылы шыққан «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабын көрсетумен ауыстырған.— *156.*

53 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 442-бет.— *159.*

54 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 270-бет.— *161.*

55 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 404—418-беттер.— *170.*

56 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 362-бет.— *175.*

57 *Катедер-социалистер* — XIX ғасырдың 70—80-жылдарындағы буржуазиялық саяси экономиядағы бағыттардың бірінің өкілдері, бұлар университет кафедраларынан (немісше Katheder) социализмді желеу етіп, буржуазиялық-либералдық реформизмді уағыздады. Катедер-социализмнің пайда болуына қанаушы таптардың марксизмнің тарауынан және жұмысшы қозғалысының өсуінен үрейленуі, буржуазия идеологтарының еңбекшілерді бағынышты етіп ұстаудың жаңа құралдарын табуға тырысуы себеп болды.

Катедер-социализмнің өкілдері (А. Вагнер, Г. Шмоллер, Л. Брентано, В. Зомбарт және басқалар) буржуазиялық мемлекет таптан тыс мемлекет, ол капиталистердің мүдделеріне нұқсан келтірместен және мүмкіндігіне қарай еңбекшілердің талаптарын ескере отырып, дұшпан таптарды бітістіруге және бірте-бірте «социализмді» енгізуге қабілетті деп пайымдады. Олар жалдама еңбекті полицейлік регламенттікке салуды заңдастыруды, орта ғасырлық цехтарды қайта қалпына келтіруді ұсынды. Катедер-социализмнің реакциялық мәнін Маркс пен Энгельс әшкереледі. Ленин катедер-социалистерді Маркстің революциялық ілімін жек көретін, «полицейлік-буржуазиялық университет ғылымының» қандалалары деп атады. Россияда катедер-социалистердің көзқарастарын «жария марксистер» уағыздады.— *181.*

58 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 320-бет.— *187.*

59 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 654-бет.— *187.*

60 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 654-бет.— *188.*

61 *Протекционизм* — белгілі бір елдің капиталистік өнеркәсібін немесе ауыл шаруашылығын дамытуға және оны шетел бәсекесінен қорғауға бағытталған экономикалық шаралар жүйесі. Бұл шаралардың ішіндегі аса маңыздылары — шетел товарларының әкелінуін қысқарту мақсатымен оларға жоғары баж салығын белгілеу, импортты сан жағынан шектеу, валюталық тыйым салу, шетке шығарғаны үшін салынатын баж салығын азайту арқылы отандық товарларды шетелдерге шығаруды көтермелеу, жекелеген капиталистерге ақшалай жәрдем беру және т. б.

Протекционизм бастапқы қорлану заманында Англияда пайда болды және өнеркәсіптік капитализм заманында, әсіресе империализм тұсында кең тарады. Империализм жағдайында протекционизм саясатының мақсаты — капиталистік монополиялардың ішкі рынокта товарларын көтеріңкі бағамен сатуын, халық бұқарасын тонау есебінен монополиялық үстеме пайда алуын қамтамасыз ету.— *201.*

62 *Фритредерлік* — сауда еркіндігін және жеке шаруашылық қызметіне мемлекеттің араласпауын талап ететін буржуазияның экономикалық саясатының бағыты. Ол Англияда XVIII ғасырдың аяғында пайда болды. XIX ғасырдың 30—40-жылдарында Англиядағы фритредерліктің тірегі Манчестер қаласының өнеркәсіп иелері болды, сондықтан фритредерлерді «манчестерліктер» деп те атады. «Манчестер мектебінің» басында Кобден және Брайт болды. Фритредерлік тенденциялары Францияның, Германияның, Россияның және басқа мемлекеттердің саясатынан көрінді. Фритредерлік А. Смиттің және Д. Рикардоның шығармаларында теориялық жағынан негізделді.

К. Маркс пен Ф. Энгельс сауда еркіндігі ұранын буржуазияның әлеуметтік демагогия мақсатында пайдалануға тырысқан әрекеттерін әшкереледі.— *207.*

63 Бұл арада әңгіме «Коммунистік партияның манифесінде» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 450-бет), Сисмондидің ұсақ буржуазиялық социализміне берілген баға жөнінде болып отыр, мұны Н. Ф. Даниельсон «Русское Богатство» журналының 1894 жылғы 6-номеріндегі «Біздің шаруашылық дамуымыздың жағдайы туралы бірер сөз» деген мақаласында келтірген болатын.— *209.*

[64] *«Zur Kritik»* — К. Маркстің «Zur Kritik der politischen Ökonomie» («Саяси экономия сыны жөнінде») деген кітабы атауының бастапқы сөздері. Ленин бұл кітаптың П. П. Румянцев дайындап, 1896 жылы басылып шыққан орысша аудармасынан үзінділер келтіреді (қараңыз: К. Маркс. «Саяси экономия сыны жөнінде», 1953, 50—51, 44-беттер).— *210.*

[65] Қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 15—16-беттер).

1897 және 1898 жылдардағы басылымдарда Ленин цензурадан сақтану мақсатымен бұл жерде тікелей Маркске емес, Струвеге сілтеме жасаған. 1908 жылғы басылымда Ленин тікелей Маркстің «Гота программасына сынына» сілтеме жасайды. Бұл түзету Шығармалардың төртінші және осы басылуындағы текстерге енгізілді.— *214.*

[66] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 941, 945, 946-беттер.— *215.*

[67] Бұл арада әңгіме халықшылдардың марксистерге қарсы полемикалық шығармалары: Н. Ф. Даниельсонның 1895 жылы «Русское Богатство» журналының 1—2-номерінде Николай—он деген бүркеншік атпен жарияланған «Уақыт белгісі ретінде ақшаның құдіретін дәріптеу» деген мақаласы және В. П. Воронцовтың 1894 жылы «Неделя» газетінің 47—49-номерлерінде В. В. деген бүркеншік атпен жарияланған «Неміс социал-демократизмі және орыс буржуаизмі» деген мақаласы жайында болып отыр.— *216.*

[68] К. Маркс. «Философия қайыршылығы» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 87-бет).— *216.*

[69] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 904-бет.— *216.*

[70] Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары» («Капиталдың» IV томы), II бөлім, 1957, 107-бет; төменіректе цитатқа келтірілген жерлерді 110—111 және 112-беттерден қараңыз.— *219.*

[71] XIX ғасырдың аяғындағы «алдыңғы қатарлы» публицист деп Ленин либерал халықшыл С. Н. Южаковты мысқылдап отыр, оның 1885 жылы «Русская Мысль» журналының 3—4-номерлерінде жарияланған «XIX ғасырдың аяғындағы гегемония мәселелері» деген мақаласының үзіндісін П. Б. Струве цитат етіп келтірген болатын.— *223.*

[72] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 164-бет.

Ленин цензурадан сақтану мақсатымен бұл жерде «социалистер» (немісше түпнұсқасында «Sozialisten») деген сөзді «жазушылар» деген сөзбен ауыстырған.— *225.*

[73] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 100—101-беттер.— *229.*

[74] Қараңыз: К. Маркс. «Саяси экономия сыны жөнінде», 1953, 87—88-беттер.— *232.*

[75] Россиядағы *қауым* (жер қауымы) — шаруалардың жерді бірлесіп пайдалану формасы; оған ауыспалы егіс тәртібін еріксіз енгізу, ормандар мен жайылымдарды бөлмей пайдалану тән болды. Орыс жер қауымының аса маңызды белгілері жаппай кепілдік, жерді үнемі қайта бөліп отыру және жерден бас тарту правосының болмауы, жерді сатып алуға және сатуға тыйым салынуы болды.

Россияда қауым өте ерте заманнан бері-ақ мәлім болды. Тарихи дамудың барысында қауым бірте-бірте Россиядағы феодализм тіректерінің біріне айналды. Помещиктер мен патша үкіметі қауымды крепостниктік езгіні күшейту үшін және халықтан сатып алу төлемдері мен салықтар жинау үшін пайдаланды. В. И. Ленин қауым «шаруаларды пролетарланудан сақтап қала алмай, іс жүзінде шағын одақтарға және «өмір сүру мәнісін» бүтіндей жойған разрядтарға тура матап қойғандай болған, шаруаларды бытырататын орта ғасырлық кедергінің ролін атқарып отыр» (Шығармалар, 15-том, 68-бет) деп көрсетті.

Қауым проблемасы қызу айтыстар туғызып, қыруар экономикалық әдебиетті дүниеге келтірді. Қауымды Россияның социализмге қарай дамуының ерекше жолының кепілі деп білген халықшылдар оған ерекше көп көңіл бөлді. Фактілерді әдейі бір жақты іріктеп алып және бұрмалай отырып, «орташа цифрлар» дейтіндерді дәлелге келтіріп, халықшылдар Россиядағы қауымдық шаруалар ерекше «тұрақты» келеді, қауым бейне бір шаруаларды өздерінің тұрмысына капиталистік қатынастардың енуінен қорғайды-мыс, шаруаларды күйзелуден және таптық жіктелуден «құтқарады-мыс» деп дәлелдеуге тырысты. XIX ғасырдың 80-жылдарында-ақ Г. В. Плеханов «қауымдық социализмнің» халықшылдық бос елестерінің негізсіз екендігін көрсетіп берген болатын, ал 90-жылдарда В. И. Ленин халықшылдардың теорияларын біржолата талқандады. Орасан мол нақты және статистикалық материал негізінде Ленин орыс деревнясында капиталистік қатынастардың қалай дамығанын, капиталдың патриархтық село қауымына ене отырып, шаруаларды өз ішінен антагонистік таптарға: кулактар мен кедейлерге қалай ыдыратқанын көрсетіп берді.

1906 жылы патша үкіметі помещиктер мен кулактардың мүддесін көздеген заң шығарды; бұл заң бойынша шаруалардың қауымнан шығуына және үлесті жерін сатуына рұқсат берілді. Деревнядағы қауымдық құрылысты ресми жоюға бастама болған және шаруалардың жіктелуін күшейткен осы заң шыққаннан кейінгі тоғыз жылдың ішінде қауымнан екі миллионнан астам үй иесі шықты.— *233.*

76 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 148-бет.

1897 және 1898 жылдардағы басылымдарда Ленин цензура жағдайына байланысты К. Маркстің есімін атамай, оның «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегінен алынған бұл цитатты Н. Бельтовтың (Г. В. Плехановтың) «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» деген кітабынан келтіреді. 1908 жылғы басылымда Ленин тікелей Маркске және оның кітабына сілтеме жасап, цитатты мына жинақтан келтірген: К. Маркс. «Тарихи еңбектер жинағы». Спб., 1906.— *236.*

77 *«Русская Мысль»* («Орыс Ой-пікірі») — ай сайын шығып тұрған либералдық-халықшылдық бағыттағы журнал; Москвада 1880 жылдан бастап шығып тұрды. 90-жылдары марксистердің либерал халықшылдармен айтысы кезінде журналдың редакциясы, халықшылдық позицияларында қала отырып, кейде журнал беттерінде марксистердің мақалаларына орын берді. Журналдың көркем әдебиет бөлімінде прогресшіл жазушылар А. М. Горькийдің, В. Г. Короленконың, Д. Н. Мамин-Сибиряктің, Г. И. Успенскийдің, А. П. Чеховтың және басқалардың шығармалары басылып тұрды.

1905 жылғы революциядан кейін журнал кадет партиясының оң қанатының органына айналып, П. Б. Струвенің редакциясымен шығып тұрды. 1918 жылдың орта шенінде жабылды.— *236.*

78 *«Новое Слово»* («Жаңа Пікір») — ай сайын шығып тұрған ғылыми-әдеби және саяси журнал; 1894 жылдан бастап Петербургте либерал халықшылдар, 1897 жылдың басынан — «жария марксистер» (П. Б. Струве, М. И. Туган-Барановский және тағы басқалар) шығарып тұрды. Сибирьде айдауда жүрген кезінде Ленин «Новое Слово» журналында «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде» және «Бір газет мақаласы жөнінде» деген екі мақаласын бастырды. Сондай-ақ журналда Г. В. Плехановтың, В. И. Засуличтің, Л. Мартовтың, А. М. Горькийдің және басқалардың шығармалары басылып тұрды. 1897 жылдың декабрінде журналды патша үкіметі жауып тастады.— *236.*

79 Ленин бұл сөздерді А. Н. Островскийдің «Шелек жалаған тұтылар» («В чужом пиру похмелье») деген пьесасынан кел-

тіріп отыр (қараңыз: А. Н. Островский. Шығармаларының толық жинағы, II том, 1950, 31-бет).— *239.*

80 К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік партияның манифесі» (қараңыз: Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 451-бет).— *242.*

81 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 684-бет.— *243.*

82 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 514-бет.— *243.*

83 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 483—484-беттер.— *243.*

84 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг», 1957, 274—282-беттер.— *243.*

85 *«Sozialpolitisches Centralblatt»* («Орталық Әлеуметтік-Саяси Листок») — герман социал-демократиясы оң қанатының органы. 1892 жылдан шыға бастады.— *244.*

86 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 256-бет.— *252.*

87 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 512-бет.

1897 және 1898 жылдардағы басылымдарда Ленин цензуралық жағдайларға байланысты «әлеуметтік революцияның» («der sozialen Revolution») деген сөздерді «қоғамды қайта құрудың» деген сөздермен ауыстырған. 1908 жылғы басылымда Ленин бұл сөздерді: «әлеуметтік төңкерістің» деп аударды. Бұл түзету төртінші және осы басылулардың текстіне енгізілді.— *261.*

88 К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік партияның манифесі» (қараңыз: Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 449—450-беттер).— *265.*

89 *Астық заңдары* Англияда 1815 жылы енгізілген болатын. Бұл заңдар бойынша басқа елдерден әкелінетін астыққа жоғары баж салығы тағайындалды, ал кейде шетелден астық әкелуге мүлдем тыйым салынды. Астық заңдары ірі жер иелерінің ішкі рынокта астықтың бағасын қымбаттатып, орасан зор рента алып отыруына мүмкіндік берді. Сондай-ақ, бұл заңдар жер аристократиясының саяси позициясын нығайтты. Астық заңдары төңірегінде ірі жер иелері мен буржуазия арасында шиеленіскен және ұзаққа созылған күрес болды, ол күрес 1846 жылы бұл заңдардың жойылуымен аяқталды.— *270.*

90 *«Бір жағынан, мойындамауға болмайды, екінші жағынан, мойындау қажет»* — М. Е. Салтыков-Щедриннің «Провинция-

лық адамның Петербургтегі күнделігі» және «Жерлеу» деген шығармаларынан алынған сықақ сөйлем (қараңыз: М. Е. Салтыков-Щедрин. Шығармаларының толық жинағы, X том, 1936, 477-бет; XIII том, 1936, 410-бет).— *275.*

91 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 404—418-беттер.— *276.*

92 *Anti-Corn-Law-League* (Астық заңдарына қарсы лига) 1838 жылы тоқыма фабрикаларының иелері Кобден мен Брайт Манчестерде негізін салған; бұл қаланың өнеркәсіп иелері Англиядағы фритредерліктің тірегі болған еді.

Лига астық заңдарын жою үшін күрес жүргізді; ол сауда еркіндігінің қажеттігін қорғады, бұл жұмысшы табының тұрмыс дәрежесін арттыруға жеткізеді деген демагогиялық пікір айтты, ал іс жүзінде астық бағасының арзандауы жұмысшылар жалақысының төмендеуіне және капиталистер пайдасының артуына ықпал жасады. Өнеркәсіп буржуазиясы мен жер аристократиясының арасындағы күрес 1846 жылы астық заңдарын жою жөніндегі заң жобасының қабылдануымен аяқталды. Астық заңдарын жою жолындағы қозғалысқа К. Маркс «Сауда еркіндігі туралы сөзінде» баға берген (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 404—418-беттер).— *276.*

93 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 404, 409-беттер.— *277.*

94 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 404-бет.— *277.*

95 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 488-бет.— *277.*

96 *«Die Neue Zeit»* («Жаңа Заман») — герман социал-демократиясының теориялық журналы; Штутгартта 1883 жылдан 1923 жылға дейін шығып тұрды. 1917 жылдың октябріне дейін К. Каутский, одан кейін Г. Кунов редакциялады. 1885—1895 жылдарда «Die Neue Zeit»-те К. Маркс пен Ф. Энгельстің кейбір мақалалары жарияланды. Энгельс журнал редакциясына жиі-жиі нұсқау беріп, оны марксизмнен ауытқығаны үшін қатаң сынады. Журналда Ф. Мерингтің, П. Лафаргтің, Г. В. Плехановтың және халықаралық жұмысшы қозғалысының тағы басқа да қайраткерлерінің мақалалары жарияланып тұрды. 90-жылдардың екінші жартысынан журнал ревизионистердің мақалаларын үзбей үнемі басып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) журнал центристік, каутскийшілдік позицияда болып, іс жүзінде социал-шовинистерді қолдады.— *278.*

97 В. И. Ленин айтып отырған мақалалар — К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Кригеге қарсы нұсқау хат» деген еңбегі мен «Неміс идеологиясының» II томының IV тарауы олар 1846 жылғы июль мен 1847 жылғы август — сентябрьде «Das Westphälische Dampfboot» журналында жарияланып, «Die Neue Zeit» журналының 1895—1896 жылдардағы 27 және 28-номерлерінде үзінділері қайта басылған болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 6—9-беттер; 3-том, 520—521, 523-беттер).

«Das Westphälische Dampfboot» («Вестфаль Пароходы») — ай сайын шығып тұрған журнал; немістің ұсақ буржуазияшыл немесе «шынайы» социализм бағыттарының бірінің органы; О. Люнингтің редакциясымен 1845 жылдың январынан 1848 жылдың мартына дейін Билефельд пен Падеборнда (Германия) шығып тұрған.— *278.*

98 Қараңыз: К. Маркс. «Капиталдың» I томының бірінші басылуына алғы сөз («Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 15-бет).— *278.*

99 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 688, 689-беттер.— *279.*

100 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 781-бет.— *280.*

101 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 411-бет.— *282.*

102 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 417-бет.— *283.*

103 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 488—489-беттер.— *284.*

104 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 418-бет.

Цензуралық жағдайларға байланысты бұл арада Ленин Маркстің «Сауда еркіндігі туралы сөзінің» цитатқа алынған бөлігінен жекелеген сөздерді өзгертіңкіреп алған (немесе алып тастаған). Мәселен, «әлеуметтік революцияны тездетеді» деген сөздерді ол «бұл «қиратуды» тездетеді» деп аударған; «тек осы революциялық мағынада ғана» деген сөздер «тек осы мағынада ғана» деп аударылған.— *284.*

105 Ленин *«Фабрикалық жаңа заң»* деген кітапшаны Сибирьде айдауда жүрген кезінде 1897 жылдың жазында, ал кітапшаға қосымшаны нақ сол жылдың күзінде жазған. Бұл кітапшаның қолжазбасы, Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшасының бірінші басылуына П. Б. Аксельродтың жазған алғы сөзіне қарағанда, пІстелге

1898 жылдың күзінде ғана жеткеп. «Еңбекті азат ету тобы» 1899 жылы Женевада «Орыс социал-демократтары одағының» баспаханасында басып шығарған.— *285.*

106 Ленин бұл арада 1897 жылғы январьдың басында Петербургтің барлық мақта жіп иіру және тоқыма фабрикаларында пайда болған, 16(28) апрельден бастап, яғни барлық елдер еңбекшілерінің халықаралық ынтымақ күні — 19 апрельдің (1 майдың) қарсаңында, $11^1/_2$ сағаттық жұмыс күнін енгізу туралы хабарландыруларды айтып отыр.— *290.*

107 *«Вестник Финансов, Промышленности и Торговли»* («Финанс, Өнеркәсіп және Сауда Хабаршысы») — патшалық Россия финанс министрлігінің апталық журналы; Петербургте 1883 жылғы ноябрьден 1917 жылға дейін шығып тұрған (1885 жылдың январына дейін «Указатель правительственных распоряжений по министерству финансов» деп аталды). Журналда үкімет жарлықтары, экономикалық мақалалар мен шолулар басылып тұрды.— *294.*

108 Ленин бұл арада И. А. Крыловтың «Аңға шыққан арыстан» деген мысалын (1808) еске алып отыр.— *340.*

109 *«Пермь губерниясындағы 1894/95 жылғы майдагерлер санағы және «майдагерлік» өнеркәсіптің жалпы мәселелері»* деген мақаланы Ленин Сибирьде айдауда жүрген кезінде, 1897 жылы кеш дегенде 7(19) август — сентябрьде, жазған. Бұл мақаланың материалдарын Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапта пайдаланды.

Мақала алғаш рет 1898 жылы «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» атты жинақта жарық көріп, 1908 жылы «Аграрлық мәселе» деген жинақта қайта басылды.— *345.*

110 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 756-бет.— *376.*

111 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 400-бет.— *400.*

112 *Truck-system* — жұмысшыларға фабриканттардың иелігіндегі фабрика дүкендерінен товарлар мен азық-түлік беріп жалақы төлеу жүйесі. Жұмысшыларды қанаудың қосымша құралы болып табылатын бұл жүйе Россияда, әсіресе, майдагерлік кәсіпшілік аудандарында кең тарады.— *427.*

113 Қараңыз: К. Маркс, «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 350—353-беттер.— *431.*

114 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 347—380-беттер.—*434.*

[115] *«Юридический Вестник»* («Заң Хабаршысы») — буржуазиялық-либералдық бағыттағы ай сайын шығып тұрған журнал; Москвада 1867 жылдан 1892 жылға дейін шығып тұрды.— *436.*

[116] *«Маниловтық мылжың»* — Н. В. Гогольдің «Өлі жандар» (1842) поэмасы кейіпкерлерінің бірі, «жайсаң жанды» және сезімге берілгіш помещик, жігерсіз мылжың, бос қиялшыл Маниловтың образына байланысты қалыптасқан бейнелі сөз; Маниловтың есімі бос мылжыңдықтың, негізсіз қиялшылдықтың және өмір шындығына енжар-елжірей қараушылықтың синониміне айналған.— *440.*

[117] В. И. Ленин бұл сөздерді Г. Гейненің «Du hast Diamanten und Perlen...» («Сенің бар алмасың мен маржандарың...») деген өлеңінен келтіріп отыр (қараңыз: Г. Гейне. Шығармалар жинағының он томдығы, 1-том, 1956, 112-бет).— *441.*

[118] *«Деловой Корреспондент»* («Іскер Тілші») — сауда-өнеркәсіп газеті; Екатеринбургте (қазіргі Свердловск) 1886 жылдан 1898 жылға дейін шығып тұрған. Газетте анықтамалар, хабарландырулар, экономикалық мақалалар мен шолулар басылатын.— *442.*

[119] Әңгіме «Россия империясы заңдарының жинағы» жайында болып отыр, 10-том, I бөлім.— *443.*

[120] *«Пермские Губернские Ведомости»* («Пермь Губерниялық Ведомостары») — ресми орган, апталық, кейін күнделікті газет; Пермьде 1838 жылдан 1917 жылға дейін шығып тұрған.— *454.*

[121] Әңгіме И. И. Хемницердің «Метафизик» деген мысалы туралы болып отыр, онда метафизиктің образы құрғақ теориямен әуестенуші ретінде бейнеленген.— *455.*

[122] *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; Москвада 1863 жылдан бастап шығып тұрды, баяу-либерал интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 80—90-жылдарда газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар (В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский және басқалар) қатысып тұрды, либерал халықшылдардың шығармалары басылды. 1905 жылдан бастап газет буржуазиялық кадет партиясының оң қанатының органы болды. Ленин «Русские Ведомости» *«оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» өзінше ұштастырды деп көрсетті (Шығармалар, 19-том, 120-бет). 1918 жылы «Русские Ведомости» басқа контрреволюцияшыл газеттермен бірге жабылды.— *463.*

[123] *«Сысойка»* — Ф. М. Решетниковтың «Подлиповшылар» (1864) деген повесінің басты кейіпкерлерінің бірі, мұқтаждық пен ауыр еңбек езіп тастаған қараңғы әрі правосыз кедей шаруаның типтік образы.— *466.*

124 В. И. Ленин бұл сөздерді М. Ю. Лермонтовтың «А. О. Смирноваға» деген өлеңінен келтіріп отыр (қараңыз: М. Ю. Лермонтов. Шығармаларының алты томдығы, 2-том, 1954, 163-бет).— *470.*

125 *«Орыс социал-демократтарының міндеттері»* деген кітапшаны Ленин Сибирьде айдауда жүрген кезінде 1897 жылдың аяғында жазған және оны тұңғыш рет 1898 жылы Женевада «Еңбекті азат ету тобы» шығарған. Ол Россияның алдыңғы қатарлы жұмысшыларының арасында кеңінен тарады. Полиция департаментінің мәліметтеріне қарағанда, 1898—1905 жылдар ішінде жүргізілген тінтулер мен тұтқындаулар кезінде кітапша Петербургте, Москвада, Смоленскіде, Қазанда, Орелде, Киевте, Вильнода, Феодосияда, Иркутскіде, Архангельскіде, Сормовода, Ковнода және басқа қалаларда табылған.

Кітапшаның қолжазбасы табылған жоқ. Осы қозжазбаның белгісіз біреудің қолымен жазылған көшірмесі ғана бар. Кітапша В. И. Лениннің алғы сөздерімен 1902 жылы Женевада екінші рет, 1905 жылы үшінші рет басылып шықты. Кітапша сондай-ақ 1907 жылы ноябрьде шыққан: Вл. Ильин. «12 жыл ішінде» деген жинаққа (жинақтың мұқабасы мен титул парағында 1908 жыл деп көрсетілген) енгізілген. 1902, 1905 және 1907 жылдардағы басылымдарында қолжазбаның көшірмесінде бар және кітапшаның бірінші басылымында оған қосымша түрінде берілген «Петербург жұмысшылары мен социалистеріне «Күрес одағынан»» деген прокламация жоқ. Шығармалардың бұдан бұрынғы басылымдарының бәрінде басылған бұл прокламация осы басылымға да енгізілді. Қолжазбаның көшірмесінде көшіруші жіберген кейбір қателер бар. Кітапшаның шетелде «Еңбекті азат ету тобы» шығарған бірінші басылымында да дәл емес жерлері бар. Оларды Ленин кейінгі басылымдарда түзеткен.— *471.*

126 *«Екінші басылуына алғы сөз»* 1902 жылы августа жазылған және нақ сол жылдың декабрінде Орыс революцияшыл социал-демократиясының шетелдік лигасы шығарған «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшада басылған.

Орыс революцияшыл социал-демократиясының шетелдік лигасы В. И. Лениннің инициативасы бойынша 1901 жылы октябрьде құрылды. Лигаға «Искра» — «Заря» ұйымының шетелдік бөлімі және «Социал-Демократ» ұйымы (оған «Еңбекті азат ету тобы» да кіретін) енді. Лиганың міндеті революцияшыл социал-демократияның идеяларын тарату және социал-демократияның жауынгер ұйымын құруға ықпал ету еді. Іс жүзінде Лига «Искра» ұйымының шетелдегі өкілі болды. Ол шетелдегі орыс социал-демократтарының ішінен «Искраның» жақтастарын тартты, оған материалдық көмек көрсетті, газеттің Россияға жеткізілуін ұйымдастырды және

көпшілікке арналған маркстік әдебиетті шығарды. Лига бірнеше «Бюллетеньдер» мен кітапшалар шығарды. РСДРП II съезі Лиганы комитеттің уставтық правосымен пайдаланатын шетелдегі бірден-бір партия ұйымы ретінде бекітті және оны РСДРП Орталық Комитетінің басшылығымен және бақылауымен жұмыс істеуге міндеттеді.

II съезден кейін «Шетелдік лигаға» меньшевиктер бекініп алып, Ленинге қарсы, большевиктерге қарсы күрес жүргізе бастады. 1903 жылғы октябрьде болған Лиганың екінші съезінде олар большевиктерге жала жауып, сөз сөйледі, сонан соң Ленин мен оның жақтастары съездің мәжілісінен кетіп қалды. Меньшевиктер РСДРП II съезінде қабылданған партия уставына қарсы бағытталған Лиганың жаңа уставын бекітті. Осы уақыттан бастап Лига меньшевизмнің тірегіне айналды; 1905 жылға дейін өмір сүрді.— *475.*

127 *«Экономикалық» бағыт* немесе *«экономизм»* — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы орыс социал-демократиясындағы оппортунистік ағым, халықаралық оппортунизмнің орыстық бір түрі. «Экономистердің» баспасөз органдары — Россияда «Рабочая Мысль» (1897—1902) газеті және шетелде «Рабочее Дело» (1899—1902) журналы болды.

1899 жылы «Credo» — экономистердің Е. Д. Кускова құрастырған манифесі жарияланды. Ленин «Credo»-ны айдауда жүргенде алып, «Россия социал-демократтарының наразылығын» жазды, «экономистердің» программасын қатаң сынады. Наразылық саяси айдауда жүрген 17 марксистің Минусинск округінің Ермаковское селосында шақырылған мәжілісінде талқыланып, бірауыздан қабылданды. «Экономистер» саяси күрес либерал буржуазия айналысатын іс деп санай отырып, жұмысшы табының міндеттерін жалақыны арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту және басқалар жолындағы экономикалық күреспен шектеді. Олар партия қозғалыстың стихиялы процесіне көз салып, оқиғаларды тіркеп отырушы ғана болуға тиіс деп санап, жұмысшы табы партиясының басшылық ролін теріске шығарды. Жұмысшы қозғалысының стихиялылығы алдында бас иген «экономистер» революциялық теорияның, саналылықтың маңызын төмендетті, социалистік идеология стихиялық қозғалыстан пайда бола алады деп пайымдады; олар жұмысшы қозғалысына социалистік сананы енгізудің қажеттігін теріске шығарды, сол арқылы буржуазиялық идеологияға жол ашты. Экономистер жұмысшы табының бір орталыққа бағындырылған партиясын құрудың қажеттігіне қарсы шығып, жекелеген үйірмелердің бытыраңқылығы мен майдагерлігін қорғады, социал-демократиялық қозғалыстағы ыдыраушылық пен ауытқушылықты қолдады. «Экономизм» жұмысшы табын таптық революциялық жолдан тайдырып, оны буржуазияның саяси шылауына айналдыру қаупін туғызды.

Экономизммен күресте лениндік «Искра» үлкен роль атқарды. В. И. Ленин 1902 жылдың мартында шыққан «Не істеу керек?» деген кітабында «экономизмді» идеялық жағынан біржола талқандады.— *476.*

128 Бұл арада әңгіме 1898 жылғы 1—3 (13—15) мартта Минскіде болған *РСДРП-ның I съезі* жайында болып отыр. Съезге қатынасқан 9 делегат 6 ұйымнан: Петербургтің, Москваның, Екатеринославтың және Киевтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одақтарынан», Киевтің «Рабочая Газета» тобынан және Бундтан келді. Съезд партияның Орталық Комитетін сайлады, «Рабочая Газетаны» партияның ресми органы етіп бекітті, «Манифест» шығарды және «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағын» партияның шетелдегі өкілі деп жариялады (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», I бөлім, «Қазақстан» баспасы, 1971, 11—16-беттер).

РСДРП I съезінің маңызы мынада: ол өзінің шешімдері мен «Манифесте» Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының құрылғанын жариялады және сол арқылы үлкен революциялық-насихатшылық роль атқарды. Алайда съезд программа қабылдаған жоқ, партияның уставын жасамады, съезде сайланған Орталық Комитет тұтқындалып, «Рабочая Газетаның» баспаханасы қолға түсті, сондықтан да съезд жекелеген маркстік үйірмелер мен ұйымдарды біріктіріп, байланыстыра алмады. Бір орталықтан жасалған басшылық және жергілікті ұйымдардың жұмысында бірыңғай бағыт болмады.— *476.*

129 Бұл арада әңгіме 1891 жылдың күзінде Петербургте пайда болған *«Халық ерікшілері тобының»* мүшелері жайында болып отыр. Бастапқыда оған М. С. Ольминский (Александров), Н. Л. Мещеряков, Е. М. Александрова, А. А. Федулов, А. А. Ергин және басқалар кірді. Топ халық ерікшілдігі программасын жақтады. Ол өзінің баспаханасынан бірқатар астыртын кітапшалар мен прокламациялар, «Жұмысшы Жинағып», «Летучий Листоктың» екі номерін шығарды. 1894 жылдың апрелінде топты полиция талқандады, бірақ көп ұзамай ол өз қызметін қайта жалғастырды. Бұл кезеңде ол халық ерікшілдігінен социал-демократизмге көше бастаған еді. «Летучий Листоктың» 1895 жылғы декабрьде шыққан соңғы, 4-номерінен енді социал-демократия ықпалының әсері айқын аңғарылды. Топ Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағымен» байланыс орнатты, өзінің баспаханасында «Одақтың» кейбір басылымдарын, мысалы, Лениннің «Фабрикалар мен заводтарда жұмысшылардан алынатын штрафтар туралы заңды түсіндіру» деген кітапшасын (қараңыз: осы том, 17—66-беттер) басып шығарды, «Рабочее Дело» газетін бірлесіп шығару жөнінде «Одақпен» келіс-

сөз жүргізді. Лениннің 1896 жылғы майда түрмеден жіберген «Стачкалар туралы» кітапшасын да (оның қолжазбасы күні бүгінге дейін табылған жоқ) осы баспаханада шығару көзделген болатын. Алайда баспахананың талқандалуы және 1896 жылғы июньде топ мүшелерінің тұтқындалуы салдарынан кітапша шықпай қалды, мұнан кейін топ өзінің өмір сүруін тоқтатты. Кейіннен оның жекелеген мүшелері (П. Ф. Куделли, Н. Л. Мещеряков, М. С. Ольминский және басқалар) РСДРП-ның белсенді қайраткерлері болды, ал көпшілігі эсерлер партиясына қосылды.— *476.*

130 *Халық правошылары* — «Халық правосы» партиясының, 1893 жылдың жазында, бұрынғы халық ерікшілері О. В. Аптекманның, А. И. Богдановичтің, А. В. Гедеоновскийдің, М. А. Натансонның, Н. С. Тютчевтің және басқалардың қатысуымен негізі қаланған орыстың демократияшыл интеллигенциясының астыртын ұйымының мүшелері. Халық правошылары барлық оппозицияшыл күштерді саяси реформа жолындағы күрес үшін біріктіруді өздеріне міндет етіп қойды. Ұйым «Манифест» және «Көкейкесті мәселе» деген екі программалық документ шығарды. 1894 жылғы көктемде ұйымды патша үкіметі талқандады. Халық правошыларына саяси партия ретінде берілген лениндік бағаны В. И. Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» (Шығармалар толық жинағы, 1-том, 362—365-беттер) деген еңбегінен және осы томның 503—504-беттерінен қараңыз. Халық правошыларының көпшілігі кейін эсерлер партиясына кірді.— *476.*

131 *«Социалист-революционерлер»* (эсерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия, әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің бірігуі нәтижесінде 1901 жылдың аяғы — 1902 жылдың басында пайда болды. «Революционная Россия» газеті (1900—1905) мен «Вестник Русской Революции» журналы (1901—1905) оның ресми органдары болды. Социалист-революционерлердің көзқарасы халықшылдық пен батыс европалық ревизионизм идеяларының қоспасы болды, бұл көзқарас социалист-революционерлердің I съезінде (1905 жылғы декабрь — 1906 жылғы январь) қабылданған партия программасында бейнеленді. Лениннің бейнелеп айтқанындай, эсерлер «марксизмді сәнді оппортунистік түрде «сынау» арқылы» (Шығармалар, 9-том, 315-бет) халықшылдықтың кемістіктерін жамап-жасқап түзеткен болды. Эсерлер пролетар мен ұсақ меншік иесінің арасындағы таптық айырмашылықтарды көрмеді және шаруалар ішіндегі таптық қайшылықтарды бүркемелей отырып, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін, пролетариат диктатурасы идеясын теріске шығарды. Олар жүргізген жеке террор тактикасы революциялық қозғалысқа үлкен зиян келтірді.

Аграрлық программада эсерлер жердің бүкіл қоғам меншігіне көшуін, оны шаруаларға бөліп беруді және қоғамдық бірлестіктер мен кооперациялардың әр алуан түрін дамытуды талап етті. Ленин олардың жерді «социализациялау» программасының социализммен үш қайнаса сорпасы қосылмайды, тек жерге ғана жеке меншіктің жойылуы «капиталдың үстемдігін де, бұқараның қайыршылығын да жоймайды» деп көрсетті (Шығармалар, 10-том, 26-бет).

1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезінде эсерлер либерал буржуазия жөнінде келісімпаздық саясат жүргізіп, өздерінің ұсақ буржуазиялық мәнін көрсетті. Эсерлер партиясы республика жолындағы күрестен бас тартып, кадеттермен блок құрған оң қанат және жеке террорды күрестің негізгі құралы деп санаған «Максималист социалист-революционерлер одағын» құрған сол қанат болып екіге бөлінді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) эсерлер социал-шовинизм бағытын ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңгеннен кейін эсерлер партиясынан үш топ: оңшылдар (Е. Брешко-Брешковская мен Керенский бастаған), центристер (В. Чернов бастаған) және солшылдар (М. Спиридонова бастаған) бөлініп шықты. Оңшылдар мен центристердің лидерлері буржуазиялық Уақытша үкіметтің құрамына кірді. Спиридонованың тобы сол қанатты құрды, ол 1917 жылғы ноябрьдің аяғында «солшыл» эсерлердің дербес партиясы болып қалыптасты. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін эсерлер контрреволюциялық, бүлдіру жұмыстарын жүргізді, ақ гвардияшыл генералдар мен интервенттерді қолдады, контрреволюциялық қаскүнемдікке қатысты, совет қайраткерлеріне қарсы террорлық актілер ұйымдастырды. «Солшыл» эсерлер шаруалар бұқарасы арасындағы ықпалын сақтауға тырысып, формальды түрде Совет өкіметін мойындады, бірақ деревняда тап күресінің дамуы барысында Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті, сөйтіп талқандалды. Азамат соғысы мен шетелдік интервенция аяқталғаннан кейін эсерлер елдің ішінде және ақ гвардияшыл эмиграция қосында Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық жұмысын жалғастыра берді.— *477*.

132 *«Искра»* («Ұшқын») — 1900 жылы Ленин негізін салған тұңғыш жалпы орыстық құпия маркстік газет. Революцияшыл марксистердің осы жауынгер органының құрылуы сол кезде орыс социал-демократтарының алдында тұрған онсан буындар мен міндеттер тізбегіндегі негізгі буын және негізгі міндет болды. Полицияның қуғындауы себепті Россияда революциялық газет шығаруға мүмкіндік болмағандықтан, Ленин Сибирьде айдауда жүрген кезінде-ақ оны шетелде шығарудың жоспарын егжей-тегжейлі ойластырған еді.

Айдау мерзімі біткеннен кейін (1900 жылдың январы) ол дереу осы жоспарды жүзеге асыруға кірісті. 1900 жылғы февральда Петербургте Ленин шетелден астыртын келген В. И. Засуличпен «Еңбекті азат ету» тобының жалпы орыстық маркстік газет шығаруға қатысуы туралы келіссөз жүргізді. 1900 жылғы апрельде В. И. Ленин, Л. Мартов (Ю. О. Цедербаум), А. Н. Потресов, С. И. Радченко және «жария марксистер» (П. Б. Струве, М. И. Туган-Барановский) қатысқан «Псков кеңесі» деп аталатын кеңес болып өтті, онда редакцияның жалпы орыстық газет («Искра») пен ғылыми-саяси журналдың («Заря») программасы мен міндеттері туралы мәлімдемесінің лениндік жобасы тыңдалып, талқыланды. Ленин Россияның Петербург, Рига, Псков, Самара, Нижний Новгород, Уфа сияқты бірқатар қалаларын аралап шықты, социал-демократиялық топтармен және жекелеген социал-демократтармен байланыс орнатты, олармен болашақ «Искраны» қолдау жөнінде келісті. Ленин Швейцарияға келгеннен кейін, 1900 жылғы августа В. И. Ленин мен А. Н. Потресовтың «Еңбекті азат ету» тобының мүшелерімен кеңесі болды, онда газет пен журналдың программасы мен міндеттері, олардың ықтимал қызметкерлері туралы, редакцияның құрамы және оның орны туралы әңгіме болды. «Искраның» шығарылу тарихы жөнінде В. И. Лениннің ««Искра» қалай өше жаздады?» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар, 4-том, 349—366-беттер).

Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылдың декабрінде Лейпцигте жарық көрді, кейінгі номерлері Мюнхенде шықты; 1902 жылдың апрелінен бастап «Искраны» шығару Лондонда, ал 1903 жылдың көктемінен Женевада ұйымдастырылды. «Искраның» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич кірді. Редакцияның секретары алғашқыда И. Г. Смидович-Леман, ал кейін, 1901 жылдың көктемінен бастап Н. К. Крупская болды, ол сондай-ақ «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен бүкіл хат-хабар алысуын жүргізіп отырды. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас редакторы және басшысы болды. Ол «Искраға» партия құрылысы мен Россия пролетариатының тап күресінің барлық негізгі мәселелері бойынша мақалалар жазып, халықаралық өмірдің аса маңызды оқиғаларына үн қосып отырды.

Лениннің жоспары бойынша «Искра» партия күштерін біріктірудің, партия кадрларын жинастыру мен тәрбиелеудің орталығына айналды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара және басқалары) РСДРП-ның лениндік-искрашыл бағыттағы топтары мен комитеттері құрылды. Искрашыл ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері және серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, Г. М. Кржижановскийдің және

басқалардың тікелей басшылығымен дүниеге келіп, жұмыс істеді. Газет маркстік партия жолындағы күресте, «экономистерді» талқандауда, бытыраңқы социал-демократиялық үйірмелерді біріктіруде шешуші роль атқарды.

Лениннің инициативасы бойынша және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын жасады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және РСДРП-ның 1903 жылғы июль — августа болған II съезін әзірледі. Съезд шақырылған уақытқа дейін Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасы мен ұйымдық жоспарын мақұлдап, оны өздерінің басшы органы ретінде тапыды. Арнаулы қаулысында съезд «Искраның» партия үшін күресте ерекше роль атқарғанын атап көрсетті және оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады. II съезде құрамына Ленин, Плеханов және Мартов енген редакция бекітілді. Мартов партия съезінің шешіміне қарамастан редакцияға кіруден бас тартты, сөйтіп «Искраның» 46—51-номерлері Лениннің және Плехановтың редакциясымен шықты. Бұдан кейінгі жерде Плеханов меньшевизм позициясына көшті де, съезд қабылдамай тастаған ескі меньшевик-редакторлардың бәрін «Искра» редакциясының құрамына енгізуді талап етті. Ленин мұнымен келісе алмады, сөйтіп партияның Орталық Комитетінде орнығып алып, осы позициядан оппортунист-меньшевиктерге қарсы күресу үшін 1903 жылғы 19 октябрьде (1 ноябрьде) «Искра» редакциясынан шықты. 52-номер жалғыз Плехановтың редакциясымен жарық көрді. 1903 жылғы 13(26) ноябрьде Плеханов жеке өзі, съездің еркін бұза отырып, «Искра» редакциясының құрамына оның бұрынғы меньшевик-редакторларын кооптациялады. 52-номерінен бастап меньшевиктер «Искраны» өз органына айналдырды.

Ескі лениндік, большевиктік «Искраның» орнына жаңа, оппортунистік, меньшевиктік «Искра» шыға бастады.— *477.*

133 *«Революционная Россия»* («Революцияшыл Россия») — эсерлердің құпия газеті; 1900 жылдың аяғынан бастап Россияда «Социалист-революционерлер одағы» шығарды, 1902 жылдың январынан 1905 жылдың декабріне дейін шетелде (Женева) эсерлер партиясының ресми органы ретінде шығып тұрды.— *477.*

134 *«Освобождение»* («Азаттық») — екі апталық журнал, либералдық-монархиялық буржуазияның құпия органы; 1902 жылдың июнінен 1905 жылдың октябріне дейін шетелде (Штутгарт — Париж) П. Б. Струвенің редакциясымен шығып тұрды. Либералдық интеллигенция мен земствошылардың негұрлым ықпалды журналы болған «Освобождение» өзінің қызметімен 1905 жылдың октябрінде конституциялық-

демократиялық партияның (кадеттер партиясының) құрылуына негіз әзірледі.— *478.*

135 *«Sozialistische Monatshefte»* («Социалистік Әрайлық»)— журнал, неміс оппортунистерінің басты органы және халықаралық оппортунизм органдарының бірі. 1897 жылдан 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) социал-шовинистік позицияда болды.— *478.*

136 Бұл арада әңгіме либерал интеллигенттердің, земствошылардың және помещиктердің Россияда патша өкіметін конституциялық монархия түрінде сақтауды программалық талап етіп қойған партия құруға тырысқан әрекеттері жайында болып отыр. Осы мақсатпен 1902 жылдың ішінде Москвада, Петербургте және басқа қалаларда земство қайраткерлері мен либерал интеллигенттердің съездері мен жеке кеңестері өткізіліп, оларда болашақ партияның платформасы талқыланды. Алайда партия құрылған жоқ. 1905 жылдың октябрінде земствошыл-конституцияшылдар осы кезде қалыптасқан конституциялық-демократиялық партияға (кадеттер партиясына) кірді.— *479.*

137 *Шуйца* мен *десница* — сол және оң қол (ескірген сөздер).— *480.*

138 *РСДРП III съезі* 1905 жылғы 12—27 апрельде (25 апрель — 10 май) Лондонда болды. Съезге шешуші дауыспен 24, кеңесші дауыспен 14 делегат қатысты. Съезді большевиктер дайындап, шақырды. Бұл тұңғыш большевиктік съезд болды.

РСДРП III съезінің Ленин жасаған және съезд қабылдаған күн тәртібі мынадай: I. *Ұйымдастыру комитетінің баяндамасы.* II. *Тактикалық мәселелер:* 1) қарулы көтеріліс; 2) төңкеріс қарсаңында және төңкеріс кезінде үкімет саясатына көзқарас (бұл пункт екі мәселеге арналды: а) төңкеріс қарсаңында үкіметтің саясатына көзқарас; б) революциялық уақытша үкімет туралы); 3) шаруалар қозғалысына көзқарас. III. *Ұйымдастыру мәселелері:* 4) партия ұйымдарындағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатынастары; 5) партияның уставы. IV. *Басқа партиялар мен ағымдарға көзқарас:* 6) РСДРП-ның бөлініп кеткен бөлегіне көзқарас; 7) ұлттық социал-демократиялық ұйымдарға көзқарас; 8) либералдарға көзқарас; 9) социалист-революционерлермен практикалық келісімдер. V. *Партия өмірінің ішкі мәселелері:* 10) насихат пен үгіт. VI. *Делегаттардың есептері:* 11) Орталық Комитеттің есебі; 12) жергілікті комитеттер делегаттарының есептері. VII. *Сайлау:* 13) сайлау; 14) съезд қарарлары мен протоколдарын жариялау және қызмет адамдарының қызметіне кірісу тәртібі.

Съездің барлық жұмысы В. И. Лениннің басшылығымен өтті. Ол съезд қабылдаған негізгі қарарлардың жобасын жазды; ол қарулы көтеріліс туралы мәселе жайында, социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы, шаруалар қозғалысына көзқарас туралы, партия уставы туралы және басқа бірқатар мәселелер жөнінде баяндамалар жасады. Съездің протоколдарында Лениннің жүзден астам сөйлеген сөздері мен ұсыныстары жазылған.

Съезд большевиктердің буржуазиялық-демократиялық революцияның толық жеңіске жетуін және оны социалистік революцияға ұластыруды көздеген тактикалық бағытын белгіледі. Съезд шешімдерінде революцияның көсемі ретінде пролетариаттың міндеттері көрсетіліп, партияның буржуазиялық-демократиялық революциядағы стратегиялық жоспары белгіленді: пролетариат барлық шаруалармен одақтаса отырып, либерал буржуазияны оқшау қалдырып, революцияның жеңісі жолында күрес жүргізуге тиіс.

Съезд партияның уставын өзгертті: а) уставтың I параграфының лениндік тұжырымдалуын қабылдады; б) Орталық Комитеттің праволары мен оның жергілікті комитеттермен қарым-қатынасын дәлме-дәл белгілеп берді; в) партияның орталық органдарының ұйымдық құрылымын өзгертті: үш орталықтың орнына (Орталық Комитет, Орталық Орган және партия Советі) съезд толық праволы партиялық бірден-бір орталық — Орталық Комитетті құрды.

III съездің жұмысы мен маңызы туралы Лениннің «Үшінші съезд» деген мақаласын және «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабын (Шығармалар, 8-том, 461—468-беттер; 9-том, 1—131-беттер), сондай-ақ «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері» деген кітапты (I бөлім, «Қазақстан» баспасы, 1971, 114—136-беттер) қараңыз.— *482.*

139 Бұл арада 1905 жылғы 21(8) июньде П. Струвенің «Освобождение» журналының 72-номерінде Н — ч деген қол қойылып жарияланған «Орыс социал-демократиясындағы жікке бөліну» деген мақала жайында айтылып отыр.— *482.*

140 *«Пролетарий»* — апта сайын шығып тұрған құпия большевиктік газет. Партияның III съезінің қаулысы бойынша құрылған РСДРП-ның Орталық Органы. Партияның Орталық Комитеті Пленумының 1905 жылғы 27 апрельдегі (10 майдағы) шешімімен Орталық Органның жауапты редакторы болып В. И. Ленин тағайындалды.

«Пролетарий» Женевада 1905 жылдың 14(27) майынан 12(25) ноябріне дейін шығып тұрды. 26 номері шықты. Редакцияның жұмысына В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский (Александров) үзбей қатысып тұрды. Редакцияда Н. К. Крупская, В. М. Величкина, В. А. Карпин-

ский белсенді жұмыс жүргізді. А. И. Ульянова-Елизарова, С. И. Гусев, В. Д. Бонч-Бруевич Женеваға жергілікті жерлерден жазылған корреспонденциялардың үзбей жіберіліп тұруын ұйымдастыра алды. «Пролетарийдің» жергілікті ұйымдармен және оқушылармен хат-хабар алысуын Н. К. Крупская мен Л. А. Фотиева жүргізді.

«Пролетарий» ескі, лениндік «Искраның» бағытын одан әрі жалғастырды және большевиктік «Вперед» газетімен толық сабақтастығын сақтады. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезінде ол партияның революциялық тактикасын түсіндіру жөнінде зор жұмыс жүргізді, оны жүзеге асыру үшін большевиктерді ұйымдық және идеялық жағынан топтастыруда маңызды роль атқарды.

Ленин газетке 90-ға жуық мақала мен заметка жазды. Лениннің «Пролетарий» газетінде шыққан мақалаларын большевиктік баспасөздің жергілікті органдары көшіріп басты, жеке листовкалар түрінде басып шығарылды. Ленин 1905 жылғы ноябрьде Россияға жүріп кеткен соң көп ұзамай «Пролетарий» газетінің шығарылуы тоқтатылды. «Пролетарийдің» соңғы екі номері (25 және 26) В. В. Воровскийдің редакциясымен шықты.— *483*.

141 *«Освобождениешілдер»* — «Освобождение» журналының төңірегіне топтасқан либерал интеллигенттер, земствошылдар және помещиктер. 1904 жылғы январьда «освобождениешілдер» либералдық-монархиялық «Азаттық одағы» болып қалыптасты, ол 1905 жылғы октябрьге дейін өмір сүрді. Революцияға және халық мүддесіне опасыздықтарын олар жалған демократизммен бүркемеледі. Земствошыл-конституцияшылдармен бірге «освобождениешілдер» Россиядағы басты буржуазиялық партияның — 1905 жылдың октябрінде құрылған кадеттер партиясының ұйтқысы болды.— *483*.

142 *«Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы»* 1894 жылы Женевада «Еңбекті азат ету» тобының инициативасы бойынша құрылды. Оның революциялық әдебиеттерді басып шығаратын өз баспаханасы болды. Алғашқы кезде «Еңбекті азат ету» тобы «Одаққа» басшылық етіп, оның басылымдарын редакциялады. «Одақ» мерзімді емес «Работник» жинағын, ««Работник» Листоктарын» шығарып тұрды, В. И. Лениннің «Штрафтар туралы заңды түсіндіру» (1897) деген еңбегін, Г. В. Плехановтың «Орыс социал-демократиясына қарсы жаңа жорық» (1897) деген еңбегін және басқаларды басып шығарды. РСДРП-ның I съезі 1898 жылғы мартта «Одақты» партияның шетелдегі өкілі деп таныды. Бұдан былай «Одақта» «экономистер» немесе «жастар» деп аталатын оппортунистік элементтер басым болып кетті. 1898 жылы ноябрьде «Одақтың» Цюрихте өткен бірінші съезінде «Еңбекті азат ету» тобы «Одақтың» басылымдарын редакциялаудан бас тартатынын мәлімдеді, тек қана «Работниктің»

5—6-номерлері мен В. И. Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» және «Фабрикалық жаңа заң» деген кітапшаларын шығаруды өз міндетіне алды. Осы уақыттан бастап «Одақ» экономистердің «Рабочее Дело» журналын шығаруға кірісті. «Еңбекті азат ету» тобы 1900 жылғы апрельде «Одақтың» Женевада өткен екінші съезінде «Одақтан» біржола қол үзіп, бөлініп шықты, онда «Еңбекті азат ету» тобы мен оның пікірлестері съезден кетіп қалды да, дербес «Социал-Демократ» ұйымын құрды. РСДРП-ның II съезі 1903 жылы «Одақты» тарату туралы шешім қабылдады (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», I бөлім, «Қазақстан» баспасы, 1971, 85-бет).— *484.*

143 «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшаның қолжазбасында осы арада «общества» («қоғамның») деп емес, «пр-ва» («производства» — «өндірістің») деп жазылған. Кітапшаның бірінші басылуында (1898 жылғы) бұл сөз қате танылып, «правительства» («үкіметтің») деп басылған. Ленин шығарған екінші басылуында (1902 жылғы) бұл айдан-анық қате жөнделген: «үкіметтің» деген сөз «қоғамның» деген сөзбен ауыстырылған. Ол Лениннің осы түзетуімен 1905 жылы кітапша болып және 1907 жылы «12 жыл ішінде» деген жинақта басылған.— *485.*

144 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 458—459-беттер.— *491.*

145 Әңгіме ішкі істер министрі Н. П. Игнатьев (1881—1882 жылдар) жүргізген саясат жайында болып отыр. Ол, Лениннің бейнелеп айтуы бойынша, либералдарды «ақымақ етуге» және демократизммен ойнау арқылы III Александр үкіметінің тікелей реакцияға көшуін бүркемелеуге тырысты. Осы мақсатпен сатып алу төлемдерін төмендету туралы, қоныс аударуды реттеу туралы, жергілікті басқару ісіне реформа жасау туралы мәселелерді талқылау үшін «білгір адамдардың» (дворяндар жетекшілерінің, земство басқармалары председательдерінің және басқалардың) кеңестері шақырылды, тіпті «земство соборы» деген атпен үш мың адамның астыртын жиынсымағын шақыру да ойластырылды. Осы әрекеттердің бәрі Игнатьевтің отставкаға шығуымен аяқталды, содан кейін «жүгенсіз, ақылға сыймайтын мағынасыз және айуандық реакция» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 1-том, 311-бет) кезеңі басталды.— *495.*

146 *«Еңбекті азат ету»* тобы — 1883 жылы Женевада (Швейцария) Г. В. Плеханов ұйымдастырған орыстың тұңғыш маркстік тобы. Топқа Плехановтан басқа П. Б. Аксельрод, Л. Г. Дейч, В. И. Засулич, В. Н. Игнатов кірді.

«Еңбекті азат ету» тобы Россияда марксизмді тарату жөнінде үлкен жұмыс атқарды. Ол марксизмнің негізін салушылардың еңбектерін: Маркс пен Энгельстің «Коммунистік партияның манифесін», Маркстің «Жалдама еңбек және капиталын», Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуын» және басқа шығармаларды орыс тіліне аударды, шетелде бастырып шығарып, Россияда таратты. Плеханов және оның тобы халықшылдыққа елеулі соққы берді. 1883 және 1885 жылдары Плеханов жазып, «Еңбекті азат ету» тобы бастырып шығарған орыс социал-демократтары программасының екі жобасы Россияда социал-демократиялық партияның құрылуын әзірлеуде және оны құруда маңызды қадам болды. Плехановтың «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздің алауыздықтарымыз» (1885), «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895) деген еңбектері маркстік көзқарастарды таратуда зор роль атқарды. Бірақ «Еңбекті азат ету» тобының елеулі қателері де болды, олар: халықшылдық көзқарастардың қалдықтары, шаруалардың революцияшылдығын жете бағаламау, либерал буржуазияның ролін асыра бағалау. Бұл қателіктер Плехановтың және топтың басқа мүшелерінің болашақтағы меньшевиктік көзқарастарының ұрығы болды. «Еңбекті азат ету» тобының қызметі іс жүзінде жұмысшы қозғалысымен байланысты болмағанымен, орыс жұмысшы табының революциялық сана-сезімінің қалыптасуында үлкен роль атқарды. В. И. Ленин «Еңбекті азат ету» тобы «социал-демократияны тек теория жағынан ғана негіздеп, жұмысшы қозғалысына қарай бір адым аяқ басты» (Шығармалар, 20-том, 281-бет) деп атап көрсетті. «Еңбекті азат ету» тобы халықаралық жұмысшы қозғалысымен байланыс орнатты және II Интернационалдың 1889 жылғы (Париж) бірінші конгресінен бастап оның барлық конгрестерінде Россия социал-демократиясының өкілі ретінде қатысты.

1903 жылғы августа РСДРП-ның екінші съезінде «Еңбекті азат ету» тобы өзінің өмір сүруін тоқтататыны туралы мәлімдеді.— *496.*

147 Ленин бұл арада 1893—1896 жылдарда Женевада «Ескі халық ерікшілер тобы» (П. Л. Лавров, Н. С. Русанов және басқалар) шығарып тұрған *«Орыс әлеуметтік-революциялық қозғалысының тарихына арналған материалдар»* деген мақалалар жинақтары жайында айтып отыр. «Материалдардың» бастапқыда жобаланған он жеті кітабының орнына бес кітаптан тұратын төрт басылымы ғана жарық көрді.— *498.*

148 *Бланкизм* — француз социалистік қозғалысындағы ағым, оны аса көрнекті революционер, француз утопиялық коммунизмінің көрнекті өкілі Луи-Огюст Бланки (1805—1881) басқарды.

Бланкистер тап күресін теріске шығарды, «адам баласын жалдама құлдықтан пролетариаттың тап күресі арқылы құтқаруды күтпей, шағын ғана интеллигенттік азшылықтың қаскүнемдігі арқылы құтқаруды» күтті (В. И. Ленин. Шығармалар, 10-том, 395-бет). Революциялық партияның қызметін қаскүнемшілдердің құпия шағын тобының қимылдарымен алмастыра отырып, олар көтерілістің жеңуі үшін қажет нақты жағдайды ескермеді және бұқарамен байланысты керек деп таппады.— *499.*

149 *«Халықшылдардың қияли жобаға әуестігінің кереметтері»* деген мақаланы Ленин Сибирьде айдауда жүрген кезінде 1897 жылдың аяғында «Новое Слово» журналына арнап жазған, бұл журналды 1897 жылдың декабрінде үкіметтің жауып тастағанын Ленин ол кезде білмеген еді.

Мақаланы 1898 жылы Ленин «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» жинағына енгізді.— *511.*

150 *«Шәкірттер»* — Маркс пен Энгельстің ізбасарлары. Бұл термин XIX ғасырдың 90-жылдарында марксистердің жария аты ретінде қолданылды.— *514.*

151 Бұл арада әңгіме XIX ғасырдың 70-жылдарында Германияда пайда болған саяси экономиядағы тарихи-этикалық мектеп жайында болып отыр, ол экономикалық өмірде этикалық (адамгершілік) бастауларға зор маңыз берді. Г. Шмоллер, Л. Брентано және басқа катедер-социалистер осы мектептің өкілдері болды.— *519.*

152 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 489-бет.— *522.*

153 *«Геркулес бағанасына (биігіне) дейін жету»* деген бейнелі сөз мүлдем соңғы шекке жету, шамадан тыс әсірелеу дегенді білдіреді. Ертедегі грек мифологиясы бойынша, Геркулес бағаналарын Геркулес (Геракл) орнатқан және ертедегі гректердің ұғымы бойынша, дүниенің одан әрі ешқандай жол жоқ қиыр шеті сол бағаналар болған.— *527.*

154 *Коробочка* — Н. В. Гогольдің «Өлі жандар» (1842) поэмасының кейіпкері, қалтырауық, сараң және топас, Гогольдің сөзімен айтқанда, «түйсіксіз басты» ұсақ помещик әйел. Коробочканың есімі ұсақ дүниеқоңыздықты және топастықты білдіретін жағымсыз атауға айналды.— *530.*

155 Бұл арада I Павел мен I Александр тұсында ешбір тежеусіз билікке ие болған временщик А. А. Аракчеевтің қызмет еткен кезеңі жайында айтылып отыр, шексіз полицейлік деспотизм мен дөрекі әскери зорлық-зомбылықтың («аракчеевшілдік») тұтас бір дәуірі соның есімімен байланысты. Езіл-

ген бұқараның революциялық қозғалысына және қандай да болсын еркін ой-пікір атаулыға қарсы аяусыз жазалар қолдану аракчеевтік тәртіпке тән сипат болды.

Аракчеев әсіресе армия ұстауды арзандатуды мақсат еткен әскери поселениелерді күштеп орнатумен әйгілі болды; бұл поселениелердің халқы әскери міндеттерді атқарумен қатар егіншілік еңбекпен айналысып, өздерін өздері асырауға тиіс болды. Әскери поселениелерде адам айтқысыз қатыгездік, дүре соғу тәртібі және өмірді ұсақ-түйегіне дейін регламенттеу үстемдік етті.— *533.*

156 *Меркантилизм* — бірқатар европалық мемлекеттердің XV—XVIII ғасырлардағы экономикалық көзқарастарының жүйесі және экономикалық саясаты, ол капиталдың қорлануына және сауданы дамытуға көмектесті. Меркантилизмді жақтаушылар ұлттың байлығын ақшаға балады, қоғамдық байлық қасиетті металдар түріндегі жалғыз ақшада ғана деп есептеді. Меркантильдік жүйені ұстанған мемлекеттер сыртқы сауданы товардың сырттан әкелінуінен сыртқа шығарылуы көп болуын қамтамасыз ететіндей дәрежеде реттеп отырды. Осы мақсатпен шетелдік товарлардың әкелінуін баж салығы арқылы реттеу, мануфактураларға субсидиялар беру және тағы басқа жолдармен отандық өнеркәсіпке қамқорлық жасау саясаты жүргізілді. Меркантилизмнің экономикалық саясаты еңбекшілердің қаналуын күшейтуге көмектесті.— *535.*

157 П. Б. Струве «Ішкі өмірдің ағымдағы мәселелері» деген, П. Б. деп қол қойылып жарияланған мақаласында финанс министрлігі ғылыми комитетінің мүшесі Гурьевтің жобасын осылай деп сипаттаған (қараңыз: «Новое Слово», 1897, № 7, апрель, 238-бет).— *535.*

158 Орыстың ұлы утописі — Н. Г. Чернышевский.— *536.*

159 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 851-бет.— *537.*

160 *«Север»* («Солтүстік») — апта сайын шығып тұрған әдебикөркем журнал; Петербургте 1888 жылдан 1914 жылға дейін шыққан.— *538.*

161 *Гоголь шығармасындағы қалыңдық* — Агафья Тихоновна, Гогольдің «Үйлену» деген комедиясының (1833) кейіпкері.— *542.*

162 К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік партияның манифесі» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 428-бет). Төменіректе Ленин осы жерден негұрлым кеңірек цитат келтіреді (осы томның 544-бетіндегі текст соңындағы үшінші ескертуді қараңыз).— *543.*

163 Ленин бұл арада «Новое Слово» журналының 1897 жылдың июніндегі 9-номерінің 39-бетіне сілтеме жасап отыр, онда «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде» деген өз мақаласының сөз болып отырған жері бар (осы томның 244-бетін қараңыз).— *544.*

164 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 513—514-беттер.— *544.*

165 Қараңыз: К. Маркс пен Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 483—484-беттер.— *544.*

166 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 207—208-беттер.— *544.*

167 *«Отечественные Записки»* («Отандық Жазбалар») — әдеби-саяси журнал, Петербургте 1820 жылы шыға бастады; 1839 жылдан бастап сол кездегі таңдаулы, прогресшіл журналға айналды. Журналдың жұмысына В. Г. Белинский, А. И. Герцен, Т. Н. Грановский, Н. П. Огарев және басқалар ат салысты. 1846 жылдан бастап, Белинский редакциядан кетіп қалғаннан кейін, «Отечественные Запискидің» маңызы төмендей бастады. 1868 жылдан бастап, журнал Н. А. Некрасов пен М. Е. Салтыков-Щедриннің қолына көшкеннен кейін «Отечественные Запискидің» жаңадан көркею дәуірі туды; бұл кезде журнал өз төңірегіне революцияшыл-демократиялық интеллигенцияны топтастырды. Некрасов қайтыс болғаннан кейін (1877) журналда халықшылдардың ықпалы басым болды.

Журнал цензураның үздіксіз қудалауына ұшырап отырды, ал 1884 жылғы апрельде патша үкіметі журналды жауып тастады.— *550.*

168 КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архивінде Скалдиннің «Алыс түкпірде және астанада» деген кітабының К. Маркс жасаған конспектісі (қараңыз: Маркс пен Энгельстің Архиві, XI том, 1948, 119—138-беттер) және осы кітаптың 1870 жылғы басылымының Маркс белгі салып, астын сызған бір данасы бар. Маркстің конспектісін Лениннің «Біз қай мұрадан бас тартамыз?» деген еңбегімен салыстыру нақты материал мен кітап авторының қорытындыларына Маркс пен Лениннің көзқарасы сәйкес екенін көрсетеді.— *550.*

169 Россияда крепостниктік правоны жойған *«шаруалар реформасын»* патша үкіметі крепостник-помещиктердің мүддесіп көздеп 1861 жылы жүргізді. Реформаның қажеттігі елдің экономикалық дамуының бүкіл барысынан және крепостниктік қанауға қарсы бұқаралық шаруалар қозғалысының өсуі-

нен туды. «Шаруалар реформасы» буржуазиялық реформа болды. Россияны капитализм жолына тартқан экономикалық дамудың күші реформаға капиталистік мазмұн берді, сөйтіп «шаруалар жері неғұрлым *аз* кесіліп алынса, олардың жері помещиктердің жерінен неғұрлым *толық* бөлектелсе, крепостниктерге төленетін алымның мөлшері неғұрлым *аз* болса,.. реформаның мазмұны соғұрлым күштірек айқындала түсті» (В. И. Ленин. Шығармалар, 17-том, 105—106-беттер). «Шаруалар реформасы» Россияны буржуазиялық монархияға айналдыру жолындағы қадам болды. 1861 жылғы 19 февральда II Александр крепостниктік тәуелділіктен құтылған шаруалар туралы «Ережелерге» және Манифеске қол қойды. Барлығы 22,5 миллион помещиктік шаруа «азат етілді». Алайда помещиктік жер иеленушілік сақталып қалды. Шаруалардың жерлері помещиктің меншігі деп жарияланды. Шаруа үлесті жерді заңда белгіленген норма бойынша ғана (оның өзінде де помещиктің келісімі бойынша) төлем төлеп сатып алатын болды. Шаруалар бұл төлемді патша үкіметіне төлейтін, ал патша үкіметі белгіленген соманы помещиктерге төлеген еді. Шамамен алынған есептерге қарағанда, реформадан кейін дворяндардың 71,5 миллион десятина, шаруалардың 33,7 миллион десятина жері болды. Реформаның арқасында помещиктер шаруалар жерінің $^{1}/_{5}$ бөлігінен астамын, тіпті $^{2}/_{5}$ бөлігін өздеріне кесіп алды.

Реформа шаруашылықтың ескі, барщиналық жүйесінің іргесін ғана сөкті, бірақ жойған жоқ. Шаруалардың үлесті жерлерінің ең жақсы бөлігі («кесіп алынған жерлер», ормандар, шалғындар, суаттар, жайылымдар және басқалар) помещиктердің қолында қалды, ал мұндай жерлерсіз шаруалар дербес шаруашылық жүргізе алмайтын еді. Жерді сатып алу туралы келісім жасасқанға дейін шаруалар «уақытша міндеттілер» болып есептелді де, оброк пен барщина түрінде помещиктің пайдасына жұмыс атқарды.

Н. Г. Чернышевский бастаған орыстың революцияшыл демократтары «шаруалар реформасын» крепостниктік сипаты үшін сынға алды. В. И. Ленин 1861 жылғы «шаруалар реформасын» егіншілікте туып келе жатқан капитализмнің мүддесін көздеп, шаруаларға тұңғыш рет жаппай зорлық жасау, капитализм үшін помещиктік тұрғыдан «жерді тазалау» деп атады.

1861 жылғы реформа туралы Ф. Энгельстің «Германиядағы социализм» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 252—254-беттер) деген мақаласын және В. И. Лениннің «Крепостнойлық правоның құлауының елу жылдығы», «Мереке жайында», ««Шаруалар реформасы» және пролетарлық-шаруалар революциясы» деген еңбектерін қараңыз (Шығармалар, 17-том, 71—74, 94—112-беттер).— *551.*

170 Энгельс өзінің «Soziales aus Rußland» («Россиядағы қоғамдық қатынастар туралы») деген мақаласында Скалдинді баяу консерватор ретінде сипаттады (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1933, 261-бет).—*563*.

171 Ленин XIX ғасырдың 60-жылдарының идеялық «мұрасы» туралы айта келіп, цензуралық жағдайға байланысты Скалдинге сілтеме жасауға мәжбүр болды. Шындығында Ленин аталған «мұраның» басты өкілі Н. Г. Чернышевский деп санаған. Сибирьде айдауда жүрген кезінде 1899 жылдың 26 январында А. Н. Потресовқа жазған хатында Ленин былай дейді: «... нақ Скалдиннен мұра алу керек дегенді мен еш жерде де ұсынғаным жоқ қой. Ал басқа адамдардан мұра алудың керектігі — даусыз. Меніңше, 237-беттегі ескерту (осы томның 563-бетінде. *Ред.*) өзіме (дұшпандардың ықтимал шабуылдарына қарсы) қорған болар деп ойлаймын, ол ескертуде мен нақ Чернышевскийді айттым және оны салыстыру үшін мысалға алудың ыңғайсыз екендігінің себептерін дәлелдеп көрсеттім» (Шығармалар, 34-том, 11—12-беттер).— *563*.

172 *«Земледельческая Газета»* («Егіншілік Газеті») — мемлекеттік мүліктер министрлігінің (1894 жылдан бастап мемлекеттік мүліктер мен егіншілік министрлігі) органы. Петербургте 1834 жылдан 1917 жылға дейін шығып тұрды.— *569*.

173 *«Вестник Европы»* («Европа Хабаршысы») — ай сайын шығып тұрған, буржуазиялық-либералдық бағыттағы тарихи-саяси және әдеби журнал; Петербургте 1866 жылдан 1918 жылға дейін шығып тұрды. Журналда революцияшыл марксистерге қарсы мақалалар басылып тұрды. 1908 жылға дейін журналдың редактор-бастырушысы М. М. Стасюлевич болды.— *574*.

174 Ленин бұл арада өзі кітабынан цитат келтірген Скалдин жайында айтып отыр (қараңыз: Скалдин. Алыс түкпірде және астанада. Спб., 1870, 285-бет).— *579*.

175 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 90-бет.— *584*.

176 Бұл арада әңгіме Г. В. Плехановтың 1897 жылы Н. Каменский деп қол қойылып, «Новое Слово» журналының 12-номерінде (сентябрь) жарияланған «Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну туралы» деген мақаласы жайында болып отыр (қараңыз: Г. В. Плеханов. Таңдамалы философиялық шығармаларының бес томдығы, II том, 1956, 236—266-беттер).— *592*.

177 *«Schmollers Jahrbuch»* («Шмоллер Жылнамасы»), толық аты «Jahrbuch für Gesetzgebung, Verwaltung und Volkswirtschaft im Deutschen Reich» («Герман Империясындағы Заң шығару, Басқару және Халық Шаруашылығы жөніндегі Жылнама») — саяси экономия журналы; 1877 жылдан бастап немістің буржуазияшыл экономистері, катедер-социализмнің өкілдері Ф. Гольцендорф пен Л. Брентано, ал 1881 жылдан бастап Г. Шмоллер шығарып тұрды.— *595.*

178 *«Неделя»* («Апта») — либералдық-халықшылдық саяси және әдеби газет; Петербургте 1866 жылдан 1901 жылға дейін шығып тұрды. Газет самодержавиемен күрес жүргізуге қарсы шықты, «ұсақ істер» теориясы деп аталатынды уағыздады, яғни интеллигенцияны революциялық күрестен бас тартып, «мәдениетшілдікпен» айналысуға шақырды.— *596.*

179 *««Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшаның екінші басылуына алғы сөздің нобайын»* Ленин 1902 жылы кеш дегенде августа жазған; оның негізгі қағидаларын В. И. Ленин алғы сөзде дамытты (осы томның 475—481-беттерін қараңыз).— *599.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

[*Бабушкин, П. Д. Письмо в комиссию по исследованию кустарной промышленности в России от 19 февраля 1887 г.*].— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. XVI. Спб., 1887, стр. 594—595.— *453—454.*

Белов, В. Д. Кустарная промышленность в связи с уральским горнозаводским делом.— В кн.: Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. XVI. Спб., 1887, стр. 1—35.— *454.*

Бельтов, Н.— қараңыз: [Плеханов, Г. В.]

* *Благовещенский, Н. А. Сводный статистический сборник хозяйственных сведений по земским подворным переписям.* Т. I. Крестьянское хозяйство. М., 1893. XVI, 266 стр.— *233.*

Боборыкин, П. Д. По-другому. Роман в двух частях.— «Вестник Европы», Спб., 1897. № 1, стр. 119—187; № 2, стр. 567—639; № 3, стр. 5—74.—*582.*

[*Богданович, А. И.*] *Насущный вопрос.* [Смоленск], изд. партии «Народного права», 1894. 41 стр. (Вып. 1). — *484, 503.*

Буняковский, В. Я. Опыт о законах смертности в России и о распределении православного народонаселения по возрастам. Прил. к VIII т. Записок Академии наук № 6. Спб., [1865]. VIII, 196 стр.— *524.*

В. В.— қараңыз: [Воронцов, В. П.].

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар жұлдызшамен белгіленді. Бұл кітаптар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архивінде сақтаулы.

Дурново, И. Н. Циркуляр Дурново Победоносцеву. Совершенно доверительно.— *85—88.*

Егунов, А. Н. Кустарные промыслы в Пермской губернии, в связи с добывающей промышленностью. (Извлечение из отчета 1892 г. А. Н. Егунова).— В кн.: Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. Т. III. Спб., 1895, стр. 128—173. (М-во земл. и гос. имуществ. Отдел сельской экономии и сельскохозяйственной статистики).— *388, 454, 459—460.*

* *Ежегодник министерства финансов.* Вып. I. На 1869 год. Сост. под ред. А. Б. Бушена. Спб., 1869. VIII, 618 стр.— *378, 424.*

Заезжий. Наша выставка. Кустарный отдел.— «Деловой Корреспондент», Екатеринбург, 1887, № 148, 22 сентября, стр. 1—2.— *442.*

[*Закон*] *о надзоре за заведениями фабричной промышленности и о взаимных отношениях фабрикантов и рабочих* [3 июня 1886 г.].— «Собрание узаконений и распоряжений правительства, изд. при правительствующем Сенате». Спб., 1886, № 68, 15 июля, ст. 639, стр. 1390—1405.— *22, 23, 27, 28, 34—35, 46, 50, 53, 61, 65, 66, 116—117, 291—292, 310—311, 318—319.*

[*Засулич, В. И.*] *Иванов, В. Плохая выдумка.* (По поводу романа г. Боборыкина «По-другому»).— «Новое Слово», Спб., 1897, № 12, сентябрь, стр. 1—19.— *582.*

«Здоровье». Спб., 1879, № 122, стр. 382—384; № 123, стр. 403—405.— *428.*

«Земледельческая Газета». Спб., 1873, № 9, 3 марта, стр. 129—133.— *569.*

Зибер, Н. И. Давид Рикардо и Карл Маркс в их общественно-экономических исследованиях. Опыт критико-экономического исследования. Спб., 1885. VII, стр. 598.—*170, 188, 195, 196, 197.*

Иванов, В.— қараңыз: [Засулич, В. И.]

Ингрем, Д. История политической экономии. Пер. с англ. под ред. И. И. Янжула. М., Солдатенков, 1891. XI, 322, IV стр.— *214.*

Инструкция чинам фабричной инспекции по применению... мнения Государственного совета о продолжительности и распределении рабочего времени в заведениях фабрично-заводской промышленности.— «Правительственный Вестник»,

«Спб., 1897, № 242, 5(17) ноября, стр. 1—2; № 243, 6(18) ноября, стр. 1—2.— *329—330, 333—334, 335, 336—337, 338—339, 341.*

«Искра». [Лондон], 1902, № 23, 1 августа, стр. 2—4; № 24, 1 сентября, стр. 2—4.— *477.*

Каменский, Н.— қараңыз: [Плеханов, Г. В.]

Карышев, Н. А. Народнохозяйственные наброски. XXXIII. Затраты губернских земств на «экономические мероприятия».— XXXIV.— К вопросу о задолженности частного землевладения.— «Русское Богатство», Спб., 1896, № 5, стр. 1—26.— *569.*

[*Катков, М. Н.*] *Москва, 28 мая. Передовая.*— «Московские Ведомости», 1886, № 146, 29 мая, стр. 2.— *27, 28, 45—46.*

Короленко, С. А. Вольнонаемный труд в хозяйствах владельческих и передвижение рабочих, в связи с статистико-экономическим обзором Европейской России в сельскохозяйственном и промышленном отношениях. Спб., 1892. XX, 844 стр. (Деп. земледелия и сельской пром-сти. С.-х. и стат. сведения по материалам, полученным от хозяев. Вып. V).— *246, 415.*

Корсак, А. К. О формах промышленности вообще и о значении домашнего производства (кустарной и домашней промышленности) в Западной Европе и России. М., 1861. 310 стр.— *197.*

* *Красноперов, Е. И. Кустарная промышленность Пермской губернии на Сибирско-Уральской научно-промышленной выставке в г. Екатеринбурге в 1887 г.* Вып. I—III. Пермь, изд. Пермск. губ. земства, 1888—1889. (Работы статистического бюро, учрежд. при Пермск. губ. зем. управе).— *352, 365, 366, 383, 404, 423, 425, 427—428, 429, 430, 432, 442, 453, 454.*

Крылов, И. А. Лев на ловле.— *340.*

Лавров, П. Л. О программных вопросах.— «Летучий Листок «Группы народовольцев»», [Спб.], 1895, № 4, 9 декабря, стр. 19—22.— *497—498, 501—504.*

Левитский, Н. В. О некоторых вопросах, касающихся народной жизни.— «Русские Ведомости», М., 1897, № 239, 30 августа, стр. 3.— *463—470.*

[*Ленин, В. И.*] *Две тактики социал-демократии в демократической революции.* Изд. ЦК РСДРП, Женева, тип. партии,

— *Ильин, В. Экономические этюды и статьи.* Спб., тип. Лейферта, 1899. 290 стр.— *461, 545, 575—576.*

Лермонтов, М. Ю. А. О. Смирновой.— 470.

«Летучий Листок «Группы народовольцев»». [Спб.], 1892—1895, № 1—4.— *484.*

— № 4, 1895, 9 декабря, стр. 19—22, стр. I—II.— *115, 117, 121, 122, 123—124, 289, 497—498, 501—504.*

Мальтус, Т.-Р. Опыт о законе народонаселения или изложение прошедшего и настоящего действия этого закона на благоденствие человеческого рода, с приложением нескольких исследований о надежде на отстранение или смягчение причиняемого им зла. Пер. П. А. Бибиков. Т. 2. Спб., 1868. 468 стр.— *192.*

Манифест социально-революционной партии «Народного права». [Листовка]. 19 февраля 1894 года. [Смоленск]; 1894. 1 л.— *484, 503.*

Мануилов, А. А. Капиталистическая идиллия. [Рецензия на кн.]: Герхарт фон Шульце-Геверниц. Крупное производство, его значение для экономического и социального прогресса.— Этюд из области хлопчатобумажной промышленности. Под ред. и с предисл. П. Б. Струве. В прил. лекция Филипповича: «Экономический прогресс и успехи культуры». 1897.— «Русское Богатство», Спб., 1897, № 11, стр. 78—93.— *521—522, 541—542.*

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Манифест Коммунистической партии. Декабрь 1847 г.— январь 1848 г.— *209, 210, 242, 263—265, 491, 543, 544.*

* *Маркс, К. Восемнадцатое брюмера Луи Бонапарта.*— В кн.: Маркс, К. Собрание исторических работ. Полный пер. с нем. под ред. и с примеч. В. Базарова и И. Степанова. [Спб.], Скирмунт, [1906], стр. 137—268.— *235—236.*

— *Временный устав Товарищества.* 21—27 октября 1864 г.— *13—14.*

— *Капитал.* Критика политической экономии. Т. I—III. 1867—1894 гг.— *12, 149, 197, 592—593.*

— *Капитал.* Критика политической экономии. Т. I. 1867 г.— *187, 188, 243, 261, 279.*

* — *Капитал.* Критика политической экономии. Под ред. Ф. Энгельса. Пер. с нем. Т. 2. Кн. II. Процесс обращения

капитала. Спб., [тип. министерства путей сообщения (Бенке)], 1885. XXI, 403 стр.— *174—175.*

— *Критика Готской программы.* Замечания к программе германской рабочей партии 5 мая 1875 г.— *213—214.*

— *Критика некоторых положений политической экономии.* Пер. с нем. П. П. Румянцева под ред. А. А. Мануилова. М., Бонч-Бруевич, 1896. XII, 160 стр.— *211, 231—232, 234.*

Маркс, К. Общий устав Международного Товарищества Рабочих. Около 24 октября 1871 г.— *14—15.*

— *Предисловие к первому изданию* [первого тома «Капитала»]. 25 июля 1867 г.— *277—278.*

*— *Собрание исторических работ.* I. Борьба классов во Франции 1848—1850 гг. II Восемнадцатое брюмера Луи Бонапарта. III. Революция и контрреволюция в Германии. Прил.: I. Ф. Энгельс. Введение к «Борьбе классов во Франции». II. К. Каутский. Предисловие к «Революции и контрреволюции». Полный пер. с нем. под ред. и с примеч. В. Базарова и И. Степанова. [Спб.], Скирмунт, [1906]. 456 стр.— *235—236.*

— *Теории прибавочной стоимости* (IV том «Капитала»). Январь 1862 г.— июль 1863 г.— *12.*

Материалы для истории русского социально-революционного движения. Вып. I, X [1—2], XI, XVI. С прил. «С родины и на родину», №№ 1, 3—7. Женева, изд. «Группы старых народовольцев», 1893—1896.— *497.*

Материалы для статистики Красноуфимского уезда Пермской губернии. Вып. V. Ч. I (Заводский район). Казань, изд. Красноуфимского уезд. земства, 1894. 420 стр.— *415—416.*

Материалы к оценке земель Нижегородской губернии. Экономическая часть. * Вып. XI. Семеновский уезд. Н. Новгород, изд. Нижегородского губ. земства, 1893. X, 675 стр. (Статистическое отделение Нижегородской губ. зем. управы).— *427.*

Мейер, Р. Доход.— В кн.: Промышленность. Статьи из Handwörterbuch der Staatswissenschaften. Пер. с нем. М., Водовозовы, 1896 стр. 283—328.— *214.*

Микулин, А. А. Очерки из истории и применения закона 3-го июня 1886 года о найме рабочих на фабриках и заводах

Владимирской губернии. (Изд. неофиц.) Владимир, 1893. 103 стр.— *39, 53, 54, 55, 56.*

Минский, Н. М. При свете совести. Мысли и мечты о цели жизни. Изд. 2-е. Спб., 1897. XVI, 228 стр.— *549.*

Михайловский, Н. К. Литература и жизнь.— «Русское Богатство», Спб., 1894, № 10, стр. 45—77.— *531.*

— *Литература и жизнь.* О совести г. Минского, страхе смерти и жажде бессмертия.— О наших умственных течениях за полвека.— О новых словах и «Новом Слове».— О речи проф. Светлова.— О г. Волынском и скандалистах вообще.— «Русское Богатство», Спб., 1897, № 10, стр. 161—195.— *549, 550, 574, 587—596.*

— *Литература и жизнь.* О народничестве, диалектическом материализме, субъективизме и проч.— О страшной силе г. Novus'a, о моей робости и о некоторых недоразумениях. — Н. Н. Златовратский. — «Русское Богатство», Спб., 1897, № 11, стр. 115—139.— *542--543, 546.*

Михайловский, Я. Т. Заработная плата и продолжительность рабочего времени на фабриках и заводах.— В кн.: Фабрично-заводская промышленность и торговля России. Спб., изд. деп. торговли и мануфактур м-ва финансов, 1893, стр. 273—303 (Всемирная Колумбова выставка 1893 г. в Чикаго), отдел XXIII.— *40, 50.*

Моллесон, И. И. Очерк шерстобитного и валяльного (или пимокатного) промыслов в гигиеническом отношении.— «Здоровье», Спб., 1879, № 122, стр. 382—384; № 123, стр. 403—405.— *427.*

Москва, 18 января.— «Московские Ведомости», 1885, № 19, 19 января, стр. 3.— *26—27.*

«Московские Ведомости».— 311, 559, 587—588.

— 1885, № 19, 19 января, стр. 3.— *26—27.*

— 1886, № 146, 29 мая, стр. 2.— *27, 45.*

— 1891, № 185, 7 июля, стр. 3—5; № 192, 14 июля, стр. 3—5.— *549, 587, 596.*

Н.— он, Николай — он — қараңыз: [Даниельсон, Н. Ф.]

Н -- ч. Раскол в русской социал-демократии.— «Освобождение», Париж, 1905, № 72, 21(8) июня, стр. 356—357.—*482.*

О продолжительности и распределении рабочего времени в заведениях фабрично-заводской промышленности [2 июня 1897 г.].— «Собрание узаконений и распоряжений правительства, изд. при правительствующем Сенате», Спб., 1897, № 62, 13 июня, ст. 778. стр. 2135—2139.— *289—328, 329, 330, 333—334, 335, 336, 337—338, 340, 341, 500.*

О распространении на губернии Царства Польского закона о найме рабочих на фабрики, заводы и мануфактуры и о надзоре за заведениями фабричной промышленности [11 июня 1891 г.].— «Собрание узаконений и распоряжений правительства, изд. при правительствующем Сенате», Спб., 1891, № 75, 23 июля, ст. 799, стр. 1911—1913.— *61, 62.*

О распространении на Егорьевский уезд Рязанской губернии изъясненных в уставе о промышленности постановлений о надзоре за заведениями фабрично-заводской промышленности и о взаимных отношениях фабрикантов и рабочих [30 июля 1893 г.].— «Собрание узаконений и распоряжений правительства, изд. при правительствующем Сенате», Спб., 1893, № 130, 31 августа, ст. 1064, стр. 2983.— *62.*

О распространении на некоторые губернии правил о надзоре за заведениями фабрично-заводской промышленности и о взаимных отношениях фабрикантов и рабочих, а также об издании нового штата фабричной инспекции [2 июня 1897 г.].— «Собрание узаконений и распоряжений правительства, изд. при правительствующем Сенате», Спб., 1897, № 63, 17 июня, ст. 792, стр. 2190—2194.— *319.*

Орехово-Зуево. (Корреспонденция «Нового Времени»).— «Новое Время», Спб., 1886, № 3686, 5(17) июня, стр. 3, в отд.: «Внутренние известия».— *25.*

* *Орлов, П. А. Указатель фабрик и заводов Европейской России с Царством Польским и вел. кн. Финляндским.* Материалы для фабрично-заводской статистики. [По сведениям за 1879 г.] Спб., 1881. IX, 753 стр.— *424, 428.*

Орлов, П. А. и Будагов, С. Г. Указатель фабрик и заводов Европейской России. Материалы для фабрично-заводской статистики. [По сведениям за 1890 г., дополненным сведениями за 1893 и 1894 гг.]. Изд. 3-е, испр. и знач. доп. Спб., 1894. XVIII, 827 стр.— *368, 424.*

«Освобождение». Штутгарт — Париж.— *477, 478, 479.*

— Париж, 1905, № 72, 21(8) июня, стр. 356—357.— *482.*

Островский, А. Н. В чужом пиру похмелье.— 239.

— *Волгин, А. Обоснование народничества в трудах г-на Воронцова (В. В.).* Критический этюд. Спб., 1896. VI, 283 стр.— *199, 244, 254, 381—382.*

Положение о горнозаводском населении казенных горных заводов ведомства министерства финансов. Спб., 1861. 14 стр.— *454.*

[*Положения 19 февраля 1861 года о крестьянах, вышедших из крепостной зависимости*].— *552, 553.*

Правила о продолжительности и распределении рабочего времени в заведениях фабрично-заводской промышленности.— «Правительственный Вестник», Спб., 1897, № 221, 9 (21) октября, стр. 1.— *329, 330—333, 334—336, 337—338, 339—340, 341—342.*

Правила о хранении и расходовании штрафного при фабриках капитала. [4 декабря 1890 г.].— «Собрание узаконений и распоряжений правительства, изд. при правительствующем Сенате», Спб., 1891, № 2, 4 января, ст. 24, стр. 23—24.— *47—48, 49—50, 57—58, 59, 61—62, 65, 66.*

[*Правительственное сообщение о летних забастовках на петербургских мануфактурах*].— «Правительственный Вестник», Спб., 1896, № 158, 19(31) июля, стр. 1—2.— *121, 123—126.*

«Правительственный Вестник». Спб., 1896, № 158, 19 (31) июля, стр. 1—2.— *121, 123—126.*

— 1897, № 221, 9(21) октября, стр. 1.— *329, 330—334, 335—336, 337—338, 339—340, 341—342.*

— 1897, № 242, 5(17) ноября, стр. 1—2; № 243, 6(18) ноября, стр. 1—2.— *323—330, 334, 335, 337, 338—339, 341—342.*

Продолжительность и распределение рабочего времени в заведениях фабрично-заводской промышленности. — «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1897, № 26, стр. 850—853.— *295, 299—301, 303—304, 305—306, 325—326, 329—330, 338.*

Производительные силы России. Краткая характеристика различных отраслей труда — соответственно классификации выставки. Сост. под общ. ред. В. И. Ковалевского. Спб., [1896]. XI, 1249 стр. (М-во финансов. Комисс. по заведованию устройством Всеросс. пром. и худож. выставки 1896 г. в Н.-Новгороде).— *519—520, 536.*

«Пролетарий». Женева, 1905, № 1—9, 27 (14) мая — 26 (13) июля.— *482—483*.

— № 9, 26(13) июля, стр. 1.— *482—483*.

Промыслы Московской губернии. Вып. I—V*. М., изд. Моск. губ. земства, 1879—1883. (В изд.: Сборник статистических сведений по Московской губернии. Отдел хозяйственной статистики. Т. VI, вып. I—II; т. VII, вып. I—III).— *197, 351*.

Промышленность. Статьи из Handwörterbuch der Staatswissenschaften. Пер. с нем. М., Водовозовы, 1896. VIII, 328 стр.— *214*.

**Пругавин, В. С. Промыслы Владимирской губернии*. Вып. I, IV. М., Баранов, 1882.— *350*.

[*Прудон, П.-Ж. Критический разбор теории Мальтуса, сделанный Прудоном в сочинении «О справедливости»*.— В кн.: Мальтус, Т.-Р. Опыт о законе народонаселения... Пер. П. А. Бибиков. Т. 2. Спб., 1868, стр. 424—442, в отд.: «Приложения».— *192*.

«Работник». Женева, 1896, №№ 1 и 2.—*6—7, 484*.

«Революционная Россия». [Женева], 1902, № 9, июль, стр. 3—5.— *477*.

Решетников, Ф. М. Подлиповцы.— *466*.

Рикардо, Д. Сочинения. Пер. Н. Зибера. С прил. переводчика. Спб., Пантелеев, 1882, XXVI, 659 стр.— *183*.

Родбертус-Ягецов, И.-К. Социальные письма к фон Кирхману.— *178, 213*.

Розанов, В. В. В чем главный недостаток «наследства 60—70 годов»?— «Московские Ведомости», 1891, № 192, 14 июля, стр. 3—5.— *549, 587, 596*.

— *Почему мы отказываемся от наследства?* — «Московские Ведомости», 1891, № 185, 7 июля, стр. 3—5.— *549, 587, 596*.

«Русская Мысль». М., 1885, № 3, стр. 123—150; № 4, стр. 36—54.— *223*.

— 1896, № 5, стр. 225—237.— *236—239*.

«Русские Ведомости». М.— *469*.

— *Похороны.*— *275.*

С.-Петербург, 3 марта 1873 г. [Передовая].— «Земледельческая Газета», Спб., 1873, № 9, 3 марта, стр. 129—133.— *569.*

* *Сборник статистических сведений по Московской губернии.* Отдел хозяйственной статистики. Т. VII. Вып. III. М., изд. Моск. губ. земства, 1883. 204 стр.— *197.*

Свод данных о фабрично-заводской промышленности в России за 1885—1889 годы. Спб., изд. деп. торговли и мануфактур, 1889—1891. (Материалы для торгово-пром. статистики).— *371.*

Свод данных о фабрично-заводской промышленности в России за 1890—1891 год. Спб., 1893—1894. (М-во финансов. Деп. торговли и мануфактур. Материалы для торгово-пром. статистики).— *371.*

Свод законов Российской империи, издания 1857 года. Т. 7. Уставы монетный, горный и о соли. Спб., 1857. 814, II стр.— *453, 458, 460—461.*

Свод законов Российской империи. Т. 10. Ч. I. Спб., 1887. 488 стр.— *443.*

Свод законов Российской империи. Т. 11. Ч. II. Спб., 1887. 825 стр.— *29—36, 37—45, 46, 51—53, 54—55, 56—59, 60—63, 65, 66, 79—80.*

Синдикаты во Франции.— «Русские Ведомости», М., 1897, № 239, 30 августа, стр. 2—3.— *467—468.*

Скалдин. В захолустье и в столице.— «Отечественные Записки», Спб., 1867, № 9, кн. 2, стр. 319—381; № 10, кн. 2, стр. 620—680; 1868, № 11, стр. 255—287; № 12, стр. 503—620; 1869, № 11, стр. 141—186; № 12, стр. 427—468.— *550.*

Скалдин. В захолустье и в столице. Спб., 1870. 451 стр.— *550—564, 579.*

Смит, А. Исследования о природе и причинах богатства народов. С примеч. Бентама, Бланки, Буханана, Гарнье, Мак-Куллоха, Мальтуса, Милля, Рикардо, Сэя, Сисмонди и Тюрго. Пер. П. А. Бибиков. Т. 1—2. Спб., 1866.— *143, 181.*

«Собрание узаконений и распоряжений правительства, изд. при правительствующем Сенате». Спб., 1886, № 68, 15 июля, стр. 1390—1405.— *22, 23, 27, 29, 34—35, 46, 50, 53, 61, 65, 66, 116—117, 291—292, 310—311, 318—319.*

— 1891, № 2, 4 января, стр. 23—24.— *47—48, 50—51, 57—58, 59, 62—63, 65, 66.*

— 1891, № 75, 23 июля, стр. 1911—1913.— *61—62.*

— 1892, № 40, 24 апреля, стр. 757—763.— *61.*

— 1892, № 114, 15 октября, стр. 2756.— *61.*

— 1893, № 130, 31 августа, стр. 2983.— *62.*

— 1894, № 45, 31 марта, стр. 971—980.— *61.*

— 1894, № 104, 27 июня, стр. 2189—2212.— *42, 44, 45.*

— 1897, № 62, 13 июня, стр. 2135—2139— *289—328, 329, 330, 333—334, 335, 336, 337—338, 339, 341—342, 500.*

— 1897, № 63, 17 июня, стр. 2190—2194.— *319.*

«Социал-Демократ». Лондон, 1890, кн. 1, февраль, стр. 176—185; Женева, 1890, кн. 2, август, стр. 42—61.— *11—12.*

Струве, П. Б. Критические заметки к вопросу об экономическом развитии России. Вып. I. Спб., 1894. X, 291 стр.— *213—214, 223, 244—245, 590, 596.*

— *Novus. На разные темы.*— «Новое Слово», Спб., 1897, № 1, октябрь, стр. 55—84.— *543, 545.*

— *П. Б. Текущие вопросы внутренней жизни.*— «Новое Слово», Спб., 1897, № 7, апрель, стр. 229—243.— *535—536.*

Требование по общему согласию рабочих.— «Русские Ведомости», М., 1886, № 144, 29 мая, стр. 3, в ст.: О беспорядках рабочих на фабрике товарищества Никольской мануфактуры.— *25, 31, 34—35, 40, 66, 184.*

Труды комиссии, высочайше учрежденной для пересмотра системы податей и сборов. Т. I—XXIII. Спб., 1863—1877.— *556.*

Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. I—XVI. Спб., 1879—1887.— *351, 427, 435, 453—454.*

Туган-Барановский, М. И. Промышленные кризисы в современной Англии, их причины и влияние на народную жизнь. Спб., 1894. IV, 513 стр.— *174, 177.*

— *Русская фабрика в прошлом и настоящем.* Историко-экономическое исследование. Т. I. Историческое развитие русской фабрики в XIX веке. Спб., Пантелеев, 1898. XI, 496 стр.—*574.*

Указатель фабрик и заводов Европейской России — см. Орлов, П. А. и Будагов, С. Г.

Указатель фабрик и заводов Европейской России с Царством Польским и вел. кн. Финляндским — см. Орлов, П. А.

Устав горный.— В кн.: Свод законов Российской империи, издания 1857 года. Т. 7. Спб., 1857, стр. 1—495.— *453, 458, 460—461.*

Устав о промышленности.— В кн.: Свод законов Российской империи. Т. 11. Ч. II. Спб., 1887, стр. 1—125.— *29—36, 37—45, 46, 47, 51—54, 55, 56, 57—58, 60—63, 65, 66, 79—81.*

Фабрично-заводская промышленность и торговля России. Спб., изд. деп. торговли и мануфактур м-ва финансов, 1893. 747 стр. (Всемирная Колумбова выставка 1893 г. в Чикаго).— *40—41, 51.*

Харизоменов, С. А. Значение кустарной промышленности.— «Юридический Вестник», М., 1883, № 11, стр. 414—441; № 12, стр. 543—597.— *436.*

*— *Промыслы Владимирской губернии.* Вып. II—III, V. М., Баранов, 1882, 1884.— *350.*

Хемницер, И. И. Метафизик.— 455.

Шарапов, С. Русский сельский хозяин. Несколько мыслей об устройстве хозяйства в России на новых началах. С прил. 15 неизд. писем А. Н. Энгельгардта к А. Н. Куломзину. Бесплатное прил. к журн. «Север» за 1894 г. Спб., Ремезова, 1894. III, 168 стр.— *538—541.*

Энгельгардт, А. Н. Из деревни.— «Отечественные Записки». Спб., 1872, № 5, стр. 30—50; № 6, стр. 161—182.— *564.*

— *Из деревни.* 11 писем (1872—1882 гг.). Спб., Суворин, 1882. 493 стр.— *564.*

— *Из деревни.* 11 писем. 1872—1882. Спб., 1885. 563 стр.— *564—572, 579, 580—581.*

Энгельс, Ф. Анти-Дюринг. Переворот в науке, произведенный господином Евгением Дюрингом. 1876—1878 гг.— *11—12, 243.*

— *Внешняя политика русского царизма.*— «Социал-Демократ», Лондон, 1890, кн. 1, февраль, стр. 176—185; Женева, кн. 2, август, стр. 42—61. Загл.: Иностранная политика русского царства.— *11—12.*

— *И. Ф. Беккеру.* 15 октября 1884 г.— *12.*

— *К жилищному вопросу.* Вторая половина мая 1872 г.— январь 1873 г.— *11—12.*

— *Людвиг Фейербах.* Пер. с нем. Г. Плеханова. С двумя прил. и с объяснительными примеч. переводчика. Женева, тип. «Социал-Демократа», 1892. IV, 105 стр. (Б-ка современного социализма. Серия II.— Вып. I).— *11—12.*

— *Предисловие к «Крестьянской войне в Германии».* 1 июля 1874 г.— *7.*

— *Предисловие к немецкому изданию 1890 года* [«Манифеста Коммунистической партии»]. 1 мая 1890 г.— *14—15.*

— *Происхождение семьи, частной собственности и государства.* (Пер. с 4-го нем. изд.) Изд. 3-е, испр. Спб., тип. Трей, 1895. XVI, 172 стр.— *11—12.*

— *Развитие научного социализма.* Пер. с нем. В. Засулич. 2-е изд. С двумя прил.: 1. Фридрих Энгельс (биографический очерк). 2. Теория насилия (против Дюринга). Женева, тип. «Социал-Демократа», 1892. XV, 84 стр. (Б-ка современного социализма. Серия I.— Вып. II).— *11.*

— *Фридрих Энгельс о России.* 1) Ответ П. Н. Ткачеву (1875 г.). 2) Послесловие к нему (1894 г.). Пер. с нем. В. Засулич. Женева, тип. «Социал-Демократа», 1894. VII, 38 стр. (Б-ка современного социализма. Серия II.— Вып. III).— *11—12.*

[*Эфруси, Б. О.* Некролог].— «Русское Богатство», Спб., 1897, № 3, стр. 196, в ст.: Анненский, Н. Хроника внутренней жизни. Пересмотр положения о крестьянах.— А. Н. Майков.— Б. О. Эфруси.— *135.*

— *Социально-экономические воззрения Симонда де Сисмонди.* «Русское Богатство», Спб., 1896, № 7, стр. 138—168; № 8, стр. 38—58.— *135—136, 143, 175—176, 177, 180—181, 184—185, 193, 194—195, 201—202, 203, 211, 212, 216, 236, 246, 251, 257—260, 263, 264, 265—266.*

Южаков, С. Н. Вопросы гегемонии в конце XIX века.— «Русская Мысль», М., 1885, № 3, стр. 123—150; № 4, стр. 36—54.— *223.*

— *Вопросы просвещения.* Публицистические опыты. Реформа средней школы.— Системы и задачи высшего образования.— Гимназические учебники.— Вопрос всенародного обучения.— Женщина и просвещение. Спб., 1897, VIII, 284 стр.— *460, 511, 513—538, 540—541, 542—543.*

— *Дневник журналиста.*— «Русское Богатство», Спб., 1896, № 12, стр. 93—114.— *568—569.*

— *Дневник журналиста.* По поводу недавних толков о среднем учебном деле.— О задачах и системах высшего образования.— Университетский вопрос в русской печати.— Переходные экзамены. Гимназические учебники.— О гимназических учебниках.— О гимназических учебниках. История. Итоги.— «Русское Богатство», Спб., 1896, № 6, стр. 19—42; № 7, стр. 24—53; 1897, № 2, стр. 162—169; № 4, стр. 130—158; № 6, стр. 127—153; № 7, стр. 130—157.— *513.*

— *Из современной хроники.* Женщина и просвещение.— «Русское Богатство», Спб., 1895, № 5, стр. 171—197.— *513.*

— *Просветительная утопия.* План всенародного обязательного среднего образования — «Русское Богатство», Спб., 1895, № 5, стр. 52—77.— *67—75, 469, 513, 533, 180—181.*

«Юридический Вестник». М., 1883, № 11, стр. 414—441; № 12, стр. 543—597.— *436.*

[*Adler, W.*] *Das Leben von Friedrich Engels.*— «Arbeiter-Zeitung», Wien, 1895, № 214, 7. August, S. 2—6.— *12.*

Atkinson, W. Principles of Political economy; or, the laws of the formation of national wealth: developed by means of the Cristian Law of Government; being the substance of a case delivered to the Hand-loom weavers commission. London, Whittaker, 1840. XVI, 247 p.— *227.*

Bernstein, E. Die Voraussetzungen des Sozialismus und die Aufgaben der Sozialdemokratie. Stuttgart, Dietz, 1899. X, 188 S.— *178.*

Boisguillebert. Dissertation sur la nature des richesses, de l'argent et des tributs, ou l'on découvre la fausse idée qui règne dans le monde à l'égard de ces trois articles.— In: Économistes-financiers du XVIII siècle. Précédés de notices historiques sur chaque auteur, et accompagnés de commentaires et de

notes explicatives, par Eugène Daire. Paris, 1843, p. 394—424.— *227.*

«Deutsch-Französische Jahrbücher». Paris, 1844, 1. u. 2. Lfg., S. 86—114.— *10.*

«The Edinburgh Review or Critical Journal». Edinburgh — London. 1819, v. XXXII, N LXIV, p. 453—477.— *152—153.*

Engels, F. The condition of the working class in England in 1844. With appendix written 1886, and pref. 1887. Transl. by K. Wischnewetzky. New York, [1887]. VI, 200, XI p.— *187, 243, 251—252, 277, 284, 522, 544.*

— *Die Lage der arbeitenden Klasse in England.* Nach eigner Anschauung und authentischen Quellen. Leipzig, Wigand, 1845. 358 S.— *8—10, 187, 243, 251—252, 277, 284.*

— *Soziales aus Rußland.* Leipzig, Verl. der Genossenschaftsbuchdruckerei, 1875. 16 S.— *563.*

— *Umrisse zu einer Kritik der Nationalökonomie.*— «Deutsch-Französische Jahrbücher», Paris, 1844, 1. u. 2. Lfg., S. 86—114.—*10.*

Engels, F. u. Marx, K.— қараңыз: Marx, K. u. Engels, F.

Handwörterbuch der Staatswissenschaften. Bd. 3. Jena, Fischer, 1892.— *214.*

— Bd. 5. Jena, Fischer, 1893.— *136, 277.*

Heine, H. Du hast Diamanten und Perlen, hast alles, was Menschenbegehr...— *441.*

«Jahrbuch für Gesetzgebung, Verwaltung und Volkswirtschaft im Deutschen Reich». Leipzig, 1896, 3. Hft., S. 51—100; 4. Hft., S. 73—136.— ...

Labriola, A. Essais sur la conception matérialiste de l'histoire. Avec une préf. de G. Sorel. Paris, Giard et Brière, 1897. 349 p. (B — que Socialiste Internationale. III.) — *542.*

Lippert, J. Sismondi, Jean-Charles-Léonard Simonde de.— In: Handwörterbuch der Staatswissenschaften. Bd. 5. Jena, Fischer, 1893, S. 676—680.— *136, 277.*

[*MacCulloch, D.-R. Mr. Owen's Plans for Relieving the National Distress.* Review of R. Owen's works].— «Edinburgh Re-

view», Edinburgh — London, 1819, v. XXXII, N LXIV, p. 453—477.— *152—153.*

Marx, K. u. Engels, F. [*Die deutsche Ideologie.* Kritik der neuesten deutschen Philosophie in ihren Repräsentanten, Feuerbach, B. Bauer und Stirner und des deutschen Sozialismus in seinen verschiedenen Propheten. IV. Kap. II. Bd.].— «Das Westphälische Dampfboot», Padeborn, 1847, [August], S. 439—463, [September], S. 505—525. [Titel:] Karl Grün: Die soziale Bewegung in Frankreich und Belgien (Darmstadt, 1847), oder Die Geschichtschreibung des wahren Sozialismus.— *277.*

— [*Die deutsche Ideologie.* Kritik der neuesten deutschen Philosophie in ihren Repräsentanten, Feuerbach, B. Bauer und Stirner und des deutschen Sozialismus in seinen verschiedenen Propheten. Fragmente IV. Kap. II. Bd.].— «Die Neue Zeit», XIV. Jg., 1895—1896, Bd. II, N 28, S. 49—52. In Art.: P. Struve. Zwei bisher unbekannte Aufsätze von Karl Marx aus den vierziger Jahren.— *277.*

— *Die heilige Familie, oder Kritik der kritischen Kritik.* Gegen Bruno Bauer und C°. Frankfurt a. M., Literarische Anstalt (I. Rütten), 1845. VIII, 336 S.— *9—10, 584.*

— *Manifest der Kommunistischen Partei.* London, «Bildungs — Gesellschaft für Arbeiter», 1848. 30 S.— *10.*

Marx, K. u. Engels, F. Der Volkstribun, redigiert von Herrmann Kriege in New-York.— «Das Westphälische Dampfboot», Bielefeld, 1846, [Juli], S. 295—308.— 277.

— [*Der Volkstribun, redigiert von Herrmann Kriege in New-York*]. — «Die Neue Zeit», XIV. Jg., 1895—1896, Bd. II, N 27, S. 7—11. In Art.: P. Struve. Zwei bisher unbekannte Aufsätze von Karl Marx aus den vierziger Jahren. — *277.*

Marx, K. Der achtzehnte Brumaire des Louis Bonaparte. 3. Aufl. Hamburg, Meißner, 1885. VI, 108 S.— *544.*

— *Discours sur la question du libre échange, prononcé à l'Association démocratique de Bruxelles, dans la séance publique du 9 Janvier 1848.— 275.*

— *Das Elend der Philosophie.* Antwort auf Proudhons «Philosophie des Elends». Deutsch von E. Bernstein und K. Kautsky. Mit Vorw. und Noten von F. Engels. Stuttgart, Dietz, 1885. XXXVII, 209 S. — *216, 225, 227—229.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. I. Buch I: Der Produktionsprozeβ des Kapitals. 2-te Aufl. Hamburg, Meißner, 1872. 830 S.— *376, 400, 431, 434, 544.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. II. Buch II: Der Zirkulationsprozeβ des Kapitals. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1885. XXVII, 526 S.— *12, 149, 155, 156, 158—159, 174—175, 214.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. III. T. 1. Buch III: Der Gesamtprozeβ der kapitalistischen Produktion. Kapitel I bis XXVIII, Hrsg, von F. Engels. Hamburg, Meiβner, 1894. XXVIII, 448 S.— *12, 161.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. III. T. 2. Buch III: Der Gesamtprozeβ der kapitalistischen Produktion. Kapitel XXIV bis LII. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meiβner, 1894. IV, 422 S.— *12, 149, 215, 216, 242—243, 260, 537.*

— *Rede über die Frage des Freihandels, gehalten am 9. Januar 1848 in der demokratischen Gesellschaft zu Brüssel.*— In: Marx, K. Das Elend der Philosophie. Antwort auf Proudhons «Philosophie des Elends». Deutsch von E. Bernstein und K. Kautsky. Mit Vorw. und Noten von F. Engels. Stuttgart, Dietz, 1885, S. 188—209.— *170, 276, 278—284.*

— *Theorien über den Mehrwert.* Aus dem nachgelassenen Manuskript «Zur Kritik der politischen Ökonomie». Hrsg. von K. Kautsky. Bd. II. T. 1. David Ricardo. Stuttgart, Dietz, 1905. XII, 344 S.— *219—220.*

— *Zur Kritik der politischen Ökonomie.* August 1858 — Januar 1859.— *210.*

Meyer, R. Einkommen.— In: Handwörterbuch der Staatswissenschaften. Bd. 3. Jena, Fischer, 1892, S. 45—67.— 214.

«Neue Rheinische Zeitung». Köln.— *11.*

«Die Neue Zeit». XIV. Jg. 1895—1896, Bd. II, N 27, S. 7—11; N 28, S. 49—52.— *278.*

Novus — қараңыз: Струве, П. Б.

Pereire, I. Leçons sur l'industrie et les finances, prononcées à la salle de l'athénée. Suivies d'un projet de banque. Paris, 1832. [2], 105 p. (Religion Saint-Simonienne).— *231—232.*

Schitlowsky, Ch. Revuen.— «Sozialistische Monatshefte», Berlin, 1902, 2. Bd., N 9, S 754—755.— *477—478.*

«Schmollers Jahrbuch» — *см.* «Jahrbuch für Gesetzgebung, Verwaltung und Volkswirtschaft im Deutschen Reich».

Schulze-Gävernitz, G. Die Moskau-Wladimirsche Baumwollindustrie.— «Jahrbuch für Gesetzgebung, Verwaltung und Volkswirtschaft im Deutschen Reich», Leipzig, 1896, 3. Hft., S. 51—100; 4. Hft., S. 73—136.—*594—595.*

Sismondi, J.-C.-L. Simonde de. Nouveaux principes d'économie politique, ou de la richesse dans ses rapports avec la population. 2 v. Paris, Delaunay, 1819.— *136.*

— *Nouveaux principes d'économie politique, ou de la richesse dans ses rapports avec la population.* 2-e éd. 2 v. Paris, Delaunay, 1827.— *136—224, 239—263, 271—275, 277, 283.*

«Sozialistische Monatshefte». Berlin, 1902, 2. Bd., N 9, S. 754 — 755.— *477—478.*

«Sozialpolitisches Centralblatt». Berlin, 1893, Bd. 3, N 1, 2. Oktober, S. 1—3.— *244—245.*

Struve, P. Zur Beurteilung der kapitalistischen Entwicklung Rußlands.— «Sozialpolitisches Centralblatt», Berlin, 1893, Bd. 3, N 1, 2. Oktober, S. 1—3.— *244—245.*

«Das Westphälische Dampfboot». Bielefeld, 1846, [Juli], S. 295—308; Padeborn, 1847, [August], S. 439—463; [September], S. 505—525.— *277.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Б

Бабушкин, И. Д.— Пермь губерниясындағы Красноуфимск уезі Нижне-Сергинская болысының тұрғыны.— *453.*

Базаров (Руднев), В. А.* (1874—1939) — әдебиетші-экономист және философ, К. Маркс пен Ф. Энгельс еңбектерінің аудармашысы; социал-демократиялық қозғалысқа 1896 жылдан бастап қатысты. 1905—1907 жылдарда Базаров бірқатар большевиктік басылымдарға қатысты, реакция кезеңінде большевизмнен қол үзіп, махизм философиясының басты жақтаушыларының бірі болды. 1917 жылы — меньшевик-интернационалист, меньшевиктік «Новая Жизнь» газеті редакторларының бірі; Ұлы Октябрь социалистік революциясына қарсы шықты. 1921 жылдан бастап Базаров СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында істеді. 1931 жылы ол контрреволюциялық меньшевиктік ұйымның ісі бойынша сотталды.— *235—236.*

Бауэр (Bauer), *Бруно* (1809—1882) — немістің идеалист философы, аса көрнекті жас гегельшілдердің бірі, буржуазиялық радикал, ертедегі христиандықтың тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы; 1866 жылдан кейін ұлтшыл-либерал, Бисмаркты жақтаушы. Бауэрдің идеалистік көзқарастары К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Қасиетті әулет немесе сыншыл сынға сын. Бруно Бауэрге және оның компаниясына қарсы» (1844) және «Неміс идеологиясы» (1845—1846) деген еңбектерінде сыналған.— *10.*

Бауэр (Bauer), *Эдгар* (1820—1886) — неміс публицисі, жас гегельшіл; идеалист философ Бруно Бауэрдің інісі. Э. Бауэрдің идеалистік көзқарастары К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Қасиетті әулет немесе сыншыл сынға сын. Бруно Бауэрге және оның компаниясына қарсы» деген еңбегінде (1844) сыналған.— *10.*

Беккер (Becker), *Иоганн-Филипп* (1809—1886) — неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері, К. Маркс пен Ф. Энгельстің досы және серігі, жас кезінде щетка жасаушы жұмысшы. Беккер 1848—1849 жылдардағы революцияға белсене қатынасты, Баден-Пфальц көтерілісі кезінде халық жасағын басқарды. Революция жеңіліс тапқаннан кейін, Энгельстің сөзімен айтқанда, оған дейін «кәдімгі республикашыл демократ ретінде» көрінген Беккер Маркс пен Энгельстің пролетарлық социализміне қосылды, I Интернационалды ұйымдастыруға қатысты (1864), Интернационалдың Швейцариядағы неміс секцияларының органы «Vorbote» («Жаршы») журналын редакциялады. Беккер бірқатар жағдайларда, әсіресе анархистермен күрестің бастапқы кезеңінде теориялық жағынан шикі-

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиялары көрсетілген.

лік және ауытқушылық көрсеткенімен, Интернационалда Маркстің бағытын қорғады.— *12.*

Белов, В. Д.— экономист, 1885 жылдан бастап Россиядағы майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі Комиссияның мүшесі, Комиссия «Еңбектерінің» XVI кітабында жарияланған (1887) «Урал тау-кен заводы ісімен байланысты майдагерлік өнеркәсіп» деген баяндаманың және экономика мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *454.*

Бельтов, Н. — *қараңыз:* Плеханов, Г. В.

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932) — неміс социал-демократы, ревизионизмнің негізін салушы, II Интернационал лидерлерінің бірі. 1881 жылдан 1890 жылға дейін — герман социал-демократиясының астыртын органы «Der Sozial-Demokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. Энгельс қайтыс болғаннан кейін Бернштейн «Социализм проблемалары» (1896—1898) деген еңбегінде және «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» (1899) деген кітабында «қайта қарау» деген бүркеніш желеумен, революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ревизия жасады. Тап күресінің маркстік теориясын, капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы ілімді теріске шығарды. «Пролетариат революциясы туралы оппортунист ойлауды да ұмытып қалған»,— деді В. И. Ленин Бернштейн жөнінде (Шығармалар, 25-том, 445-бет). Пролетариаттың түпкілікті мақсаты — социализмнен бас тарта келіп, Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын «жақсартуға» бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп есептеді, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік қағиданы ұсынды.

Бернштейн мен оның ізбасарларының теориялық көзқарастары, сондай-ақ олардың практикалық оппортунистік қызметі жұмысшы табының мүдделеріне тікелей сатқындық жасауға әкеліп соқтырды, бұл сатқындық II Интернационалдың күйреуімен тынды. Бернштейн Совет Одағының дұшпаны болды.— *178.*

Бибиков, П. А. (1832—1875) — аудармашы әрі публицист, А. Смиттің, Т.-Р. Мальтустің, А. Бланкидің және басқалардың өзі аударған шығармаларының 13 томын шығарған; Фурье, Чернышевский және тағы басқалар туралы «Сын этюдтер» (1865) деген кітаптың авторы.— *144, 192.*

Благовещенский, Н. А. (1859 жылы туған) — Курск земстволық статистигі, «Земствоның үй басы санағы бойынша шаруашылық мәліметтердің құрама статистикалық жинағы. I том.

Шаруалар шаруашылығы» (1893) деген кітаптың және басқа статистикалық еңбектердің құрастырушысы. Октябрь социалистік революциясынан кейін Курск губерниялық статистика бюросында жұмыс істеді.— *233.*

Боборыкин, П. Д. (1836—1921) — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың бас кезіндегі орыс жазушысы, 1863—1865 жылдарда — «Библиотека для чтения» журналын шығарушы, сонан соң «Вестник Европы» журналының қызметкері; орыс буржуазиясы мен интеллигенциясының өмірінен алынып, фельетон-шолу рухында жазылған көптеген романдардың, повестердің, әңгімелердің, очерктердің, пьесалардың авторы. Оның халықшылдар мен марксистердің арасындағы күресті бұрмалап көрсеткен «Басқа жолмен» деген романы (1897) алдыңғы қатарлы жұртшылық тарапынан әділ наразылық туғызды.— *581—582.*

Боуринг (Bowring), *Джон* (1792—1872) — ағылшынның буржуазияшыл саяси қайраткері, лингвист және әдебиетші, «Астық заңдарына қарсы лига» басшыларының бірі; 50-жылдарда — Англияның Қиыр Шығыстағы отаршылдық саясатын жүзеге асырушы ірі отаршыл чиновник (консул, ал кейіннен Гонконгтың губернаторы).— *276.*

Брайт (Bright), *Джон* (1811—1889) — ағылшынның буржуазияшыл қайраткері, мануфактурашы фабрикант, фритредерлер қозғалысы көсемдерінің бірі және «Астық заңдарына қарсы күрес лигасының» негізін салушы. Аристократияға бос сөзуарлықпен қарсы шығып және өзін халық бұқарасының мүддесін қорғаушы етіп көрсете отырып, Брайт сонымен қатар буржуазия мен аристократия арасындағы одақты қолдады, жұмыс күнін заң жүзінде қысқартуға және жұмысшылардың басқа да талаптарына қарсы шықты. 60-жылдардың аяғынан бастап ол либералдар партиясы лидерлерінің бірі болды, либералдар кабинеттерінде бірқатар министрлік қызметтер атқарды.— *276.*

Буагильбер (Boisguillebert), *Пьер* (1646—1714) — француз экономисі, физиократтардың ізашары, «Францияны егжей-тегжейлі суреттеу» (1695) деген еңбектің және Францияда классикалық буржуазиялық саяси экономияның пайда болуына негіз салған басқа да экономикалық шығармалардың авторы. Буагильбер ақшаның товар айырбасымен тығыз және табиғи байланысын түсінбей, ақша айналым құралдарының қызмет ролін ғана атқарады деп есептеді; ұлттың бүкіл байлығы ауыл шаруашылығы өнімдерінде болады деген тұжырым жасады; меркантилизмге қарсы болды. К. Маркс Буагильбердің феодалдық езгі мен шаруаларды қанауға қарсы айтқан пікірлерін жоғары бағалады.— *210, 227.*

Буняковский, В. Я. (1804—1889) — орыстың аса көрнекті математигі, математика саласындағы 100-ден астам ғылыми шы-

тырысты; 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі. Қатынас жолдары министрі (февраль — август 1892), финанс министрі (1892—1903), министрлер Советінің председателі (1905 жылдың аяғы — 1906 жылғы апрель) бола отырып, Витте финанс, баж саясаты, темір жол құрылысы, фабрикалық заң шығару және тағы басқалар саласында ірі буржуазияның мүддесіне сай жүргізілген шаралары арқылы Россияда капитализмнің дамуына және оның империалистік державаларға тәуелділігінің күшеюіне себепші болды. «Министр-делдал»,— В. И. Ленин оған осындай сипаттама берді.— *42, 45, 114, 116, 122, 123—124, 289—290, 338.*

Волгин, А.— қараңыз: Плеханов, Г. В.

Волынский, А. (Флексер, А. Л.) (1863—1926) — реакцияшыл өнер зерттеуші және сыншы, өнер үшін өнер теориясын уағыздаушы; «Северный Вестник» журналы басшыларының бірі болды. Өзінің «Орыс сыншылары» (1896) деген кітапта жинақталған мақалаларында Волынский революцияшыл-демократиялық публицистиканы жоққа шығаруға тырысты.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Волынский Өнер үйі советінде, «Всемирная литература» баспасының коллегиясында жұмыс істеді, Бүкіл россиялық жазушылар одағының Ленинград бөлімі басқармасының председателі (1920—1924), хореография техникумының меңгерушісі болды.— *588.*

Воронин, И. А. (1842 ж. туған) — Петербургтегі Резвоостровск мақта жіп тоқу мануфактурасының (қазіргі Резвоостровск тоқыма фабрикасы) иесі, «И. А. Воронин, Лютш және Чешер» акционерлік мануфактуралар қоғамы басқармасының председателі (1895—1918), сүйек күйдіру заводтары Қоғамы басқармасының директоры (1891—1913), орыс саудасы мен өнеркәсібіне көмектесу қоғамы Комитетінің мүшесі.— *128.*

Воронцов, В. П. (В. В.) (1847—1918) — орыс экономисі әрі публицист, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдар идеологтарының бірі, «Россиядағы капитализмнің тағдыры» (1882), «Россиядағы майдагерлік өнеркәсіп очерктері» (1886), «Шаруалар шаруашылығындағы прогрестік ағымдар» (1892), «Біздің бағыттарымыз» (1893), «Теориялық экономия очерктері» (1895) деген және басқа кітаптардың авторы; бұл кітаптарында ол Россияда капитализмнің дамуы үшін жағдайлар жоқ деп пайымдады, ұсақ товар өндірушіні қорғады, шаруалар қауымын дәріптеді. Воронцов патша үкіметімен ымыраға келуді уағыздады және марксизмге үзілді-кесілді қарсы шықты. Г. В. Плеханов «Воронцов (В. В.) мырзаның еңбектерінде халықшылдықтың негізделуі» (1896) деген шығармасында Воронцовтың көзқарастарын сынға алды. В. И. Ленин 90-жылдарда жазған мақалалары мен еңбектерінде Воронцовтың реакцияшыл көз-

1842 жылы «Астық заңдарына қарсы лиганың» лауреаты болды.— *278—279.*

Гриневич, П. Ф. — *қараңыз:* Якубович, П. Ф.

Д

Даниельсон, Н. Ф. (Н.— он, Николай — он) (1844—1918) — орыстың экономист жазушысы, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдық идеологтарының бірі; өзінің саяси қызметінде патша үкіметіне қарсы революциялық бой көрсетулерден оныменымыраға келуге қарай ойысқан халықшылдардың эволюциясын бейнеледі. 60—70-жылдарда Даниельсон революцияшыл әр текті жастардың үйірмелерімен байланысты болды. 1870 жылдың бас кезінде қамауға алынды. Даниельсон К. Маркстің «Капиталының» Г. А. Лопатин бастап қолға алған орыс тіліндегі тұңғыш аудармасын аяқтап шықты. «Капиталды» аударып жүрген кезінде ол К. Markспен және Ф. Энгельспен хат жазысып тұрды; onда Россияның экономикалық даму проблемаларын да сөз етті. Алайда Даниельсон марксизмнің түпкі мәнін ұқпады, сөйтіп кейіннен оған қарсы шықты. 1893 жылы «Реформадан кейінгі қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері» деген кітабын бастырып шығарды; бұл кітап В. П. Воронцовтың еңбектерімен бірге либерал халықшылдықтың көзқарастарына басты экономикалық негіз ретінде қызмет етті. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Даниельсонды қатаң сынға алып, оның реакцияшыл көзқарастарының мәнін толық әшкереледі.— *136—137, 151, 157, 161, 165—166, 169, 174—175, 186, 188—189, 196—201, 208—209, 215—216, 221, 222, 225, 227, 229, 230, 232, 242, 244, 247, 249, 252, 253, 263, 265, 267, 357, 375, 377, 451, 539, 544, 573.*

Дианов, М. И. — Савва Морозовтың ұлы мен оның сыбайластары серіктігінің Владимир губерниясындағы Покровск уезінің Никольск мекеніндегі (қазір Москва облысындағы Орехово-Зуево қаласының аумағына кірген) Никольск мануфактурасының директор-басқарушысы.— *26.*

Дурново, И. Н. (1830—1903) — орыстың реакцияшыл мемлекет қайраткері, патшалық бюрократияның өкілі. Ішкі істер министрі (1889—1895), содан соң министрлер Комитетінің председателі (1895—1903); III Александрдың дворяндық саясатын жүргізді, земство бастықтарының институтын, шаруаларды сайланып қою өкілдігінен айырған земство мекемелері туралы жаңа ережені енгізді, Россиядағы аз ұлттарды қудалауды, цензураның қаталдығын күшейтті және т. б.— *85—88.*

Дюринг (Dühring), *Евгений* (1833—1921) — неміс философы әрі экономисі. Дюрингтің философиялық көзқарастары позитивизмнің, метафизикалық материализм мен идеализмнің эклек-

тикалық қойыртпағы болды. Оның «социалитарлық» шаруашылығының реакциялық-утопистік системасы Пруссияның жартылай крепостниктік шаруашылық формаларын дәріптеді. Дюрингтің философия, саяси экономия және социализм мәселелері жөніндегі зиянды әрі шытырман көзқарастары Германияның кейбір социал-демократтары арасында қолдау тапты, мұның өзі әлі нығая қоймаған партия үшін үлкен қауіп еді. Осыны ескере келіп, Энгельс Дюрингке қарсы шығып, «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» (1877—1878) деген кітабында оның көзқарастарын сынға алды. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген кітабында және басқа бірқатар шығармаларында Дюрингтің эклектикалық көзқарастарын талай рет сынаған болатын.

Дюрингтің негізгі еңбектері мыналар: «Философия курсы» (1875), «Ұлттық экономия мен социализмнің сын тұрғысынан жазылған тарихы» (1871), «Ұлттық және әлеуметтік экономия курсы» (1873).— *11, 243.*

Е

Егунов, А. Н. (1824—1897) — статистик және экономист; ішкі істер министрлігінің шаруашылық департаментінде және егіншілік пен мемлекеттік мүліктер министрлігінде қызмет істеді. Ерікті экономикалық қоғамда саяси экономия және ауыл шаруашылық статистикасы бөлімі председателінің көмекшісі болды (1888). 1892 жылы мемлекеттік мүліктер министрлігі Егуновты майдагерлік кәсіпшіліктерді зерттеу үшін Пермь губерниясына командировкаға жібереді.— *388, 454, 459—460.*

Ж

Житловский, Х. И. (1865 жылы туған) — публицист, жас кезінде халық еркшілі; 80-жылдардың аяғында Швейцарияға эмиграцияға кетті, Берндегі «Орыс социалист-революционерлері одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды (1894). Одан кейін, социалист-революционерлер партиясымен тығыз байланыс жасай отырып, Житловский еврейлердің ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық қозғалысы идеологтарының бірі болды, еврей социалистік жұмысшы партиясын (СЕРП) ұйымдастыруға қатысты, оның лидерлері мен теоретиктерінің бірі болды. Марксизмді сынаушы ретінде іс-қимыл жасады. 1905 жылдың 17 октябріндегі манифестен кейін Житловский Россияға қайта оралды, бірақ кейін қайтадан эмиграцияға кетті.— *477—478.*

З

Засулич, В. И. (Иванов, В.) (1849—1919) — Россиядағы халықшылдық, ал одан кейін социал-демократиялық қозғалыстың аса көрнекті қатысушысы болған әйел. Засуличтің рево-

люциялық қызметі 1869 жылы басталды. Ол «Жер және ерік» және «Қаралай бөліс» халықшылдық ұйымдарының мүшесі болды. 1880 жылы шетелге эмиграцияға кеткен Засулич 80-жылдардың басында халықшылдықтан қол үзіп, марксизм позициясына көшті. 1883—1884 жылдарда орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын ұйымдастыруға қатысты. 80—90-жылдарда Засулич К. Маркстің «Философияның қайыршылығы», Ф. Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген еңбектерін орыс тіліне аударды, «Жұмысшылардың Халықаралық қоғамы тарихының очеркін» және Ж.-Ж. Руссо туралы еңбек жазды; «Еңбекті азат ету» тобының басылымдарына, «Новое Слово» және «Научное Обозрение» журналдарына ат салысып, оларда бірқатар әдеби-сын мақалаларын жариялады. 1900 жылы Засулич лениндік «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

1903 жылы партия жікке бөлінгеннен кейін Засулич меньшевизм лидерлерінің бірі болды, меньшевиктік «Искра» газетінің редакциясына кірді. 1905 жылы Россияға қайтып оралды, реакция кезеңінде жойымпаздарға қосылды, 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды. Засулич Ұлы Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды.— *12, 581—582.*

Зибер, Н. И. (1844—1888) — орыс экономисі, публицист, Киев университетінің саяси экономия және статистика кафедрасының профессоры; 80-жылдардағы бірқатар радикалдық және либералдық журналдарға қатысып жүрді. 1881 жылы ғылыми жұмыстармен шұғылдану мақсатымен Лондонда болған кезінде К. Markспен және Ф. Энгельспен жүзбе-жүз танысты. Зибер К. Маркстің экономикалық еңбектерін Россияда алғаш таратып, насихаттаушылардың бірі болды; ол «Капиталдың» идеяларын баяндаумен ғана тынбай сонымен бірге Маркстің экономикалық ілімін оның «сыншыларына» қарсы күресте қорғап отырды.

Алайда марксизмді Зибер бір жақты түсінді, Маркс ілімінің революциялық-сыншыл жағы оған жат болып қала берді. 1871 жылы ол «Ең соңғы толықтырулар мен түсініктемелерге байланысты Д. Рикардоның бағалы заттар және капитал теориясы» деген диссертация жазды, бұл жөнінде К. Маркс «Капиталдың» бірінші томының 2-басылуына арналған соңғы сөзінде ұнамды пікір айтты. Зибердің бұл еңбегі өңделіп, толықтырылған күйінде, 1885 жылы «Давид Рикардо мен Карл Маркс, олардың қоғамдық-экономикалық зерттеулері» деген атпен басылып шықты. Сондай-ақ оның «Маркстің экономикалық теориясы» (1876—1878 жылдары «Знание» және «Слово» журналдарында жарияланған), «Алғашқы қауымдық экономикалық мәдениет очерктері» (1883) деген және басқа еңбектері де жұртшылыққа кеңінен мәлім болды.— ***170, 183, 188, 195, 196, 197.***

В. И. Ленин бұл кітаптың ғылыми жағынан маңызды екенін көрсетті. Корсак фабрика мен мануфактураны ірі өндірістің формалары ретінде қарап, олардың арасындағы айырмашылықты белгіледі.— *197.*

Красноперов, Е. И. (1897 жылы қайтыс болған) — Пермь земствосының статистигі, «Пермь губерниясының майдагерлік өнеркәсібі 1887 жылы Екатеринбург қаласында болған Сибирь-Урал ғылыми-өнеркәсіп көрмесінде» (1888—1889) деген кітаптың және Пермь губерниясының статистикасы жөніндегі басқа да еңбектердің авторы.— *352, 429.*

Кривенко, С. Н. (1847—1906) — публицист, либерал халықшылдықтың өкілі, «Жалғыз-жарым мәдениетті адамдар жөнінде» (1893), «Жолдан жазылған хаттар» (1894), «Халық өнеркәсібінің мұқтаждары туралы мәселе жөнінде» (1894) және басқа еңбектердің авторы; «Отечественные Записки» журналының қызметкері, либералдық-халықшылдық «Русское Богатство» журналы, ал кейінірек либералдық-буржуазиялық «Сын Отечества» газеті редакторларының бірі. Өз еңбектерінде Кривенко патша өкіметімен ымыраласуды уағыздады, таптардың антагонизмін және еңбекшілердің қаналуын бүркемеледі, Россияның капиталистік даму жолын теріске шығарды. В. И. Ленин, ал кейінірек Г. В. Плеханов өзінің «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895) деген еңбегінде Кривенконың көзқарастарын қатаң сынға алды.— *236.*

Л

Лабриола (Labriola), *Антонио* (1843—1904) — итальян әдебиетшісі және философ; 80-жылдардың аяғында буржуазиялық идеологиядан қол үзіп, марксист болды. 1895 жылы Лабриола ««Коммунистік партияның манифесін» еске алу» деген кітабын бастырып шығарды. Осы кітап және 1896 жылы шыққан «Тарихи материализм туралы» деген кітап «Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну очерктерінің» алғашқы екі бөлімін құрады. Осы «Очерктерге» Г. В. Плеханов «Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну туралы» деген мақаласында талдау жасады (қараңыз: Г. В. Плеханов. Таңдамалы философиялық шығармаларының бес томдығы, II том, 1956, 236—266-беттер).

Өзінің еңбектерінде Лабриола тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің негіздерін баяндады, Гартманның, Ницшенің, Кроченің реакцияшыл философиясын аяусыз сынады, марксизмнің буржуазиялық сыншылары мен ревизионистерге қарсы шықты.— *542.*

Лавров, П. Л. (1823—1900) — халықшылдықтың көрнекті идеологы, социологиядағы субъективтік мектептің өкілі; орыстың халықшылдық интеллигенциясына үлкен ықпал жасаған

«Тарихи хаттар» (1868—1869) деген кітаптың және қоғамдық ойдың, революциялық қозғалыстың тарихы мен мәдениеттің тарихы жөніндегі бірқатар кітаптардың («1873—78 жылдардағы халықшыл-насихатшылар», «Интернационалдың тарихы жөніндегі очерктер» және басқалар) авторы. Лавров «ерлер» мен «тобыр» жөніндегі реакцияшыл халықшылдық теорияның негізін салушы болды, бұл теория қоғам дамуының объективтік заңдылықтарын теріске шығарып, адамзаттың прогресін «сыншыл ойлы жеке адамдар» қызметінің нәтижесі ретінде қарады.

Лавров «Жер және ерік» қоғамының, кейінірек «Халық еркі» партиясының мүшесі болды. 1870 жылдан эмиграцияда болып, «Вперед» журналын (Цюрих — Лондон, 1873—1876) шығарып тұрды, «Вестник Народной Волидің» (1883—1886) редакторы болды, «Орыстың әлеуметтік-революциялық қозғалысының тарихына арналған материалдар» (1893—1896) деген халық ерікшілік жинақтарды редакциялауға қатысты; I Интернационалдың мүшесі болды, Маркспен және Энгельспен таныс болып, олармен хат жазысып тұрды.— *497—498, 501—502.*

Левитский, Н. В. (1859 жылы туған) — либерал халықшыл, экономист, «Русские Ведомости» газетіне қатысып тұрды, земство басқармасының секретары болды, адвокаттықпен айналысты. 90-жылдарда Левитский Херсон губерниясында бірқатар ауыл шаруашылық артельдерін ұйымдастырды, халықшылдар оларды капитализмді болдырмау құралдарының бірі деп санап, бұл артельдер жөнінде көп даурығысты. Шындығында бұл артельдер тек шаруалардың жіктелуіне ғана көмектесті де, тез ыдырап кетті.— *463—470.*

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И., В. И., Вл. Ильин, Владимир Ильин, К. Т., К. Т—ин, К. Т—н, Н. Ленин) (1870—1924) — биографиялық мәліметтер.— *75, 131, 177; 201, 266, 345, 470, 471, 475—476, 481, 482, 483, 511, 544, 547, 571, 575, 595, 602—603.*

Липперт (Lippert), *Юлиус* (1839—1909) — Австрияның буржуазияшыл тарихшысы және этнографы, түсіндіріп таратушы, «Европалық мәдениетті халықтар: кельттер, славяндар, германдықтар, гректер және римдіктер дінінің тарихи шығу тегі», (1881), «Христиандық, халық сенімдері және халық әдет-ғұрыптары» (1882), «Мәдениет тарихы» (1886—1887) және басқа еңбектердің авторы.— *136, 277.*

М

Мак-Куллох (MacCulloch), *Джон-Рамси* (1789—1864) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, Рикардоның ілімін бұрмалап, тұрпайыландырды, капиталистік қанауды жақтаушы болды. «Scotsman («Шотландық»») және «Edinburgh Review («Эдинбург Шолуы»») журналдарына қатысқан.

Н

О

баға бере келіп, Энгельс былай деп жазды: «Англияда жұмысшы табының мүдделерін көздеген барлық қоғамдық қозғалыстар және олардың шын мәніндегі жетістіктерінің бәрі Оуэннің есімімен байланысты» («Анти-Дюринг», 1957, 248-бет).

Оуэннің негізгі еңбектері: «Адамның мінез-құлқының қалыптасуы туралы» (1813), «Қоғамдық күйзелістерді жеңілдетудің жоспары туралы Ленарк графтығына баяндама» (1820), «Жаңа адамгершілік дүниесі туралы кітап» (1836—1844).— *224, 259—261.*

П

Перейра (Péreire), *Исаак* (1806—1880) — III Наполеон дәуіріндегі ірі финансист, алыпсатарлық айла-шарғылармен айналысқан «Société générale du Crédit mobilier» Париж акционерлік банкісін басқарған. Кредит мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы; жас кезінде Сен-Симонның ізбасары болды.— *231—232.*

Песков, П. А. — дәрігер, XIX ғасырдың 80—90-жылдарында— Владимир фабрикалы округінің фабрика инспекторы.— *39.*

Плеханов, Г. В. (Бельтов, Н., Волгин, А., Каменский, Н.) (1856—1918) — Россиядағы марксизмнің тұңғыш насихатшысы, материалистік көзқарас жолындағы ымырасыз күрескер, орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері. 1875 жылы студент болып жүрген кезінде-ақ Плеханов халықшылдармен, Петербургтің жұмысшыларымен байланыс жасап, революциялық жұмысқа араласты. 1877 жылы «Жер және ерік» деген халықшылдық ұйымға кірді, ал 1879 жылы, әлгі ұйым жікке бөлінгеннен кейін, халықшылдардың жаңадан құрылған «Қаралай бөліс» деген ұйымын басқарды. 1880 жылы шетелге эмиграцияға кеткеннен кейін, Плеханов халықшылдықтан қол үзді де, 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов философия, әлеуметтік-саяси ілімдердің тарихы жөнінде, өнер мен әдебиет теориясының мәселелері жөнінде көптеген еңбектер жазды, олар ғылыми социализмнің қазынасына қосылған бағалы үлес болып табылады. «20 жыл ішінде, 1883—1903,— деп жазды В. И. Ленин,— ол толып жатқан тамаша шығармалар, әсіресе оппортунистерге, махистерге, халықшылдарға қарсы шығармалар берді» (Шығармалар, 20-том, 369-бет). Плехановтың философиялық еңбектерін В. И. Ленин халықаралық маркстік әдебиеттегі таңдаулы еңбектер деп атады. Алайда Плехановтың елеулі қателіктері болды: ол шаруалардың революциялық рөлін жете бағаламады, либерал буржуазияны жұмысшы табының одақтасы деп қарады; сөз жүзінде пролетариаттың гегемониясы идеясын мойындай отырып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты.

РСДРП-ның II съезінен кейін Плеханов оппортунистермен ымыраласу позициясына көшті, ал содан кейін меньшевиктерге

қосылды. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезеңінде тактиканың түбегейлі мәселелері бойынша Плехановтың большевиктермен аса зор алауыздықтары болды. Кейінірек ол бірнеше рет меньшевиктерден қол үзіп, меньшевизм мен большевизм арасында ауытқумен болды; 1908—1912 жылдары, меньшевиктер партияның астыртын ұйымдарын жою жолына түскен кезде, Плеханов жойымпаздыққа қарсы шығып, «партияшыл меньшевиктер» тобын басқарды. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Плеханов Россияға қайтып оралып, Уақытша үкіметті қолдау позициясын ұстады; Ұлы Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды.

Плехановтың аса маңызды теориялық еңбектері: «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885), «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895), «Материализм тарихы жөніндегі очерктер» (1896), «Воронцов (В. В.) мырзаның еңбектерінде халықшылдықтың негізделуі» (1896), «Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну туралы» (1897), «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» (1898) және басқалар — *12, 199, 218, 244, 254, 381—382, 496, 584, 590, 592.*

Победоносцев, К. П. (1827—1907) — патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, синодтың обер-прокуроры, III Александр патшалық құрып тұрған кезде іс жүзінде үкіметтің басшысы және жүгенсіз кеткен крепостниктік реакцияның басты дем берушісі, II Николай тұсында да үлкен роль атқарумен болды. Бүкіл өмір бойына революциялық қозғалысқа қарсы қасарыса күрес жүргізді. 60-жылдардағы буржуазиялық реформаларға үзілді-кесілді қарсы шықты, тежеусіз самодержавиені жақтады, ғылым мен ағарту ісінің жауы болды. 1905 жылғы октябрьде буржуазиялық-демократиялық революцияның өрлеуі кезінде отставкаға кетуге мәжбүр болды да, саяси қызметтен қол үзді.— *85, 88.*

Пономарев, А. М.— Пермь губерниясының Кунгур қаласындағы былғары заводының иесі, алыпсатар.— *423.*

Пругавин, В. С. (1858—1896) — орыс экономисі, земство статистигі, либерал халықшыл; «Владимир губерниясының кәсіпшіліктері». I, IV кітаптар, (1882), «Владимир губерниясындағы Юрьев уезінің селолық қауымы, майдагерлік кәсіпшіліктері және егін шаруашылығы» (1884) және басқа еңбектердің авторы; «Юридический Вестник», «Русская Мысль» журналдары мен «Русские Ведомости» газетіне қатысып тұрған.— *350.*

Прудон (Proudhon), *Пьер-Жозеф* (1809—1865) — француз публицисі, экономист және социолог, ұсақ буржуазияның идео-

логы, анархизмнің негізін салушылардың бірі. 1840 жылы «Меншік дегеніміз не?» деген кітабын жариялады. Прудон ұсақ жеке меншікті мәңгілік етуді армандады және ұсақ буржуазиялық позициядан ірі капиталистік меншікті сынады, «тегін кредиттің» көмегімен жұмысшылардың өз өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алып, қолөнершіге айналуына мүмкіндік жасайтын арнаулы «халық банкісін» ұйымдастыруды ұсынды. Прудонның ерекше «айырбас банкілерін» құру жөніндегі утопиясының да нақ осындай реакциялық сипаты болды, ол осы банкілер бейнебір еңбекшілерге өз еңбектерінің өнімін «әділетті түрде» өткізуді қамтамасыз етеді және сонымен қатар өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарына капиталистік меншіктің болуына тиіспейді деп білді. 1846 жылы «Экономикалық қайшылықтар системасы немесе Қайыршылық философиясы» деген кітабын шығарып, онда өзінің ұсақ буржуазиялық философиялық-экономикалық көзқарастарын баяндады. Маркс «Философия қайыршылығы» деген еңбегінде Прудон кітабының ғылыми жағынан негізсіз екенін көрсетіп, оны өлтіре сынады. 1848 жылғы революция кезеңінде Құрылтай жиналысына сайланған Прудон жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін айыптады. Ол Францияда Екінші империя режимінің орнауына әкеп соқтырған 1851 жылғы 2 декабрьдегі бонапарттық төңкерісті қолдады.— *149, 152, 192, 229, 230, 592.*

Пугачев, Е. И. (шамамен 1742—1775) — Дон казагы, Россиядағы шаруалар мен казактардың 1773—1775 жылдары Приуральені, Прикамьені, оңтүстік-батыс Сибирьді, Төменгі және Орталық Поволжьені қамтыған, феодализмге қарсы аса ірі көтерілісінің басшысы.

Бұл жылдары ел ішінде өлтірілген император III Петрдің атын жамылған көптеген жалған атақтылар пайда болды. Жалған атақ жамылу шаруалардың феодалдық езгіге қарсы күресінде «патшашылдық» бос қиялдары көрінісінің формасы болды. Халықты көтеріліске шығару мақсатымен Пугачев құтқарылып қалды-мыс деп жүрген III Петрдің атын жамылды. Туа біткен ақылдылығы, батылдығы, зор күш-жігері, аса үздік ұйымдастырушылық қабілеті өмір тәжірибесімен, езілген бұқараның психологиясын және көңіл-күйін білетінімен, сондай-ақ жорықтарда алған әскери, атап айтқанда, артиллерия ісі жөніндегі білімімен қосылып, Пугачевті шаруалар көтерілісінің көсемі етті. Өзінің манифестерінде Пугачев шаруалар мен казактарды көтеріліске шақыра отырып, еңбекшілерге жер мен еркіндік беруге уәде етті, дворяндарды, помещиктерді және үкіметтің өкімет орындарын талқандауға шақырды. 1774 жылғы августың аяғында Пугачевтің армиясы талқандалды. Пугачев Заволжье даласына қашты, сатқындар оны патша өкімет орындарына ұстап берді, 1775 жылғы январьда Москвада балтамен шабылып, азапталып өлтірілді. Пугачевтің бейнесі халық әндері мен аңыздарында сақталған.— *87.*

Р

Разин, С. Т. (1671 жылы өлді) — Дон казагы, В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, бүлікшіл шаруалар өкілдерінің бірі, XVII ғасырдың 60-жылдарының аяғында орыс мемлекетінде болған аса ірі шаруалар соғысының жетекшісі. 1667—1671 жылдары орасан зор аймақты (Воронеж, Тамбов, Арзамас, Нижний Новгород, Кострома, Симбирск, Волга мен Дон бассейндері) қамтыған шаруалар соғысының бүкіл барысында Разин азаттық жолындағы күресте оны көсеміміз деп білген халық бұқарасының арасында үздіксіз зор сүйіспеншілік пен беделге ие болды.

Феодалдық дәуірдегі шаруалар қозғалысының барлық басшылары сияқты, Разиннің де айқын саяси программасы болған жоқ, шаруалардың патшашылдық жөніндегі бос қиялдарын — «қайырымды патшаға» деген сенімін бөлісті. Симбирск түбінде көтерілісшілердің негізгі күштері жеңіліс тапқаннан кейін Разин Донға кетті, 1671 жылғы апрельде сатқындар оны патша үкіметіне ұстап берді, 1671 жылдың июнінде Москвада азапталып (аяқ-қолдары мен басы балтамен шабылып) өлтірілді.— *87.*

Рикардо (Ricardo), *Давид* (1772—1823) — ағылшынның аса көрнекті экономисі, «Саяси экономия мен салық салудың бастаулары» (1817), «Егіншілікке қамқорлық туралы» (1822) және басқа еңбектердің авторы, бұларда классикалық буржуазиялық саяси экономия қорытылып аяқталды. Феодализм қалдықтарымен күресінде буржуазияның мүдделерін қорғай отырып, Рикардо еркін бәсеке принципін жақтады, капиталистік өндірістің дамуына кедергі болатын барлық шектеулерді жоюды талап етті. Рикардоның экономика ғылымы үшін тарихи маңызы ең алдымен оның еңбек құны теориясында, ол бұл теорияны бүкіл саяси экономияның негізі етіп алуға тырысты. А. Смиттің құн теориясын дамыта келіп, Рикардо құн товарды өндіруге жұмсалған еңбекпен белгіленеді және жұмысшының жалақысы да, еңбексіз табыстар — пайда мен рента да осы негізден келіп шығады деп дәлелдеді. Ол жұмысшының жалақысы мен капиталистің пайдасы арасындағы қарама-қарсылықты ашты, яғни айналым сферасында пролетариат пен буржуазия мүдделерінің қақтығысатынын анықтады. Алайда Рикардоның таптық тар өрістілігі оның капитализмге шын мәнінде ғылыми талдау жасауына, капиталистік қанаудың сырын ашуына кедергі болды. Рикардо товар өндірісі мен капитализмді қоғамдық өндірістің мәңгі және табиғи формасы деп санады. Ол құнның әлеуметтік жаратылысын аша алмады, құн мен өндіріс бағасы арасындағы айырмашылықты көрмеді және ақшаның пайда болуы мен мәнін түсіне алмады.

Рикардоның теориялық көзқарастары К. Маркстің «Капиталында», «Қосымша құн теорияларында» және басқа шығармаларында сыналған.— ***149, 152, 153, 159, 164, 182, 183, 211, 215—216, 217, 219—220.***

Родбертус-Ягецов (Rodbertus-Jagetzow), *Иоганн-Карл* (1805—1875) — немістің тұрпайы экономисі, пруссиялық ірі жер иесі, «мемлекеттік социализм» теоретиктерінің бірі. Родбертус еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтарды Пруссияның юнкерлік мемлекеті жүргізген бірқатар реформалардың көмегімен мемлекеттік құрылыс шеңберінде шешуге болады деп санады; Энгельстің жазғанындай, «пұрсатты тапты кем дегенде ең таяудағы 500 жыл бойына» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I бөлім, 1937, 186-бет) сақтамақ болды. Родбертус қосымша құнның шығу тегіне ғылыми түсіндірме бере алмады; экономикалық дағдарыстардың болу себебін капитализмнің негізгі қайшылығынан емес, еңбекші бұқараның тұтынуының жеткіліксіздігінен көрді.

Родбертустың негізгі еңбектері: «Біздің мемлекеттік-шаруашылық құрылысымызды тану жөнінде» (1842), «Фон Кирхманға әлеуметтік хаттар» (1850—1851, 1884).— *149, 154, 172, 178, 180, 181, 182, 213.*

Розанов, В. В. (1856—1919) — реакцияшыл философ, публицист және сыншы; идеализм мен мистиканы уағыздаған; 90-жылдарда — «Московские Ведомости», «Новое Время» газеттері мен «Русский Вестник» журналында қызмет етіп, олардың беттерінде самодержавие мен православиені қорғады.— *549, 588.*

Руге (Ruge), *Арнольд* (1802—1880) — неміс публицисі, жас гегельшіл; буржуазиялық радикал. 1844 жылы Парижде Markспен бірге «Deutsch-Französische Jahrbücher» («Неміс-Француз Әржылдығы») журналын шығарып тұрды. Көп ұзамай Маркс Ругеден іргесін бөлді. 1848 жылы Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты болып, оның сол қанатында болды; 50-жылдары Англиядағы немістің ұсақ буржуазиялық эмиграциясы лидерлерінің бірі; 1866 жылдан кейін — ұлтшыл-либерал, Бисмаркті жақтаушы, баспасөз бетінде Пруссияның басшылығымен Германияны қайта біріктіруге шақырды.— *10.*

С

Сазонов, Г. П. (1857 жылы туған) — реакцияшыл халықшылдықтың өкілі, Лениннің сөзімен айтқанда, «полициялық халықшылдардың» бірі; «Мемлекеттік-экономикалық программаға байланысты шаруалар жерінің меншіктен алынбайтындығы» (1889), «Қауым бола ма әлде болмай ма?» (1894) және басқа еңбектердің авторы. 1899 жылдан 1902 жылға дейін Сазонов Москва өнеркәсіпшілерінің қаржысымен шығып тұрған, баяу-либералдық бағыттағы «Россия» газетін редакциялады. 1905 жылғы 17 октябрьден кейін қаражүздік «Орыс халқының одағына» мүше болды, Г. Распутинмен байланыс жасады.— *573.*

Сартаков, Л. И.— Пермь губерниясының Кунгур қаласындағы былғары заводының иесі, алыпсатар.— *425.*

Сен-Симон (Saint-Simon), *Анри-Клод* (1760—1825) — француздың ұлы социалист-утописі; капиталистік құрылысты сынап, оны ассоциация негізінде құрылған қоғаммен алмастыру программасын ұсынды. Сен-Симон жаңа қоғамда жұрттың бәрі еңбек етуге тиіс және адамдардың атқаратын ролі олардың еңбектегі табыстарымен сәйкес болуы керек деп есептеді; өнеркәсіп пен ғылымның ынтымағы туралы, бір орталыққа бағындырылған және жоспарлы өндіріс туралы идея ұсынды. Бірақ Сен-Симонда, Энгельстің жазғанындай, «пролетарлық бағытпен қатар буржуазиялық бағыт та әлі белгілі маңызын сақтады» («Анти-Дюринг», 1957, 18-бет). Ол жеке меншік пен капиталдан түсетін проценттерді сол қалпында қалдырды, саяси күрес пен революцияға теріс көзқараста болды, пролетариаттың тарихи миссиясын түсінбегендіктен үкімет реформалары және қоғамға жаңа дін рухында адамгершілік тәрбие беру таптық қайшылықтардың жойылуына әкеліп соғады деп ойлады, сөйтіп байларды халыққа сүйіспендікпен қарауға шақырған уағыз айтуға үміт артты.

Сен-Симонның негізгі шығармалары: «Женева тұрғынының замандастарына хаттары» (1802), «XIX ғасырдың ғылыми еңбектеріне кіріспе» (1807—1808), «Өнеркәсіпшілер катехизисі» (1823—1824), «Жаңа христиандық» (1825).—*231.*

Сисмонди (Sismondi), *Жан-Шарль-Леонар Симонд де* (1773—1842) — Швейцария экономисі және тарихшы. Өз қызметінің бас кезінде Сисмонди саяси экономияның буржуазиялық классикалық мектебіне қосылды, содан соң ұсақ буржуазиялық социализмнің өкілі, ұсақ өндірушілердің көзқарасын білдірген экономикалық романтизмнің негізін салушы ретінде көрінді. Капитализм қайшылықтарын айқын көрсеткен Сисмонди олардың негіздерін аша алмады. Ол ірі капиталистік өндірістің прогрестік тенденцияларын түсінбеді, өзгерген экономикалық жағдайларға мүлдем сәйкес келмейтін ескі тәртіптер мен дәстүрлерден, өнеркәсіптің цехтық ұйымдасуынан және патриархтық ауыл шаруашылығынан үлгілер іздестіруге тырысты.

Ленин өзінің «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде» деген еңбегінде Сисмондидің ілімін жан-жақты сынады. Сисмондидің негізгі экономикалық еңбектері: «Саяси экономияның жаңа негіздері немесе халыққа қатысы бар байлық туралы» (1819) және «Саяси экономия жөніндегі этюдтер» (1837—1838).— *131, 135—284, 544.*

Скалдин (Еленев, Ф. П.) (1828—1902) — орыстың публицист жазушысы, 60-жылдарда буржуазиялық либерализмнің өкілі болды, «Отечественные Записки» журналына қатысты. Кейіннен Скалдин барып тұрған реакционерлерге қосылды, Бас цензуралық комитеттің, баспасөз істері жөніндегі бас Басқарманың және Ішкі істер министрі Советінің мүшесі болды, патша үкі-

метінің Финляндиядағы орыстандыру саясатын жақтады.— *550—565, 569, 570, 579.*

Скворцов-Степанов, И. И. (1870—1928) — орыстың революциялық қозғалысына ең байырғы қатысушылардың бірі, көрнекті партия және совет мемлекеттік қайраткері, әдебиетші марксист, көптеген экономикалық, тарихи, дінге қарсы еңбектердің авторы, «Капиталдың» үш томының және К. Маркс пен Ф. Энгельстің басқа да бірқатар еңбектерінің аудармашысы әрі редакторы.

Революциялық қозғалыста — 1892 жылдан, РСДРП-да — 1896 жылдан, 1904 жылдың аяғынан бастап — большевик. Бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде партияның Москва комитетінің большевиктік әдеби-лекторлық тобында белсенді жұмыс жүргізді; 1906 жылы — РСДРП-ның IV (Бірігу) съезінің делегаты, онда лениндік позицияда болды. 1907 және 1911 жылдары Скворцов-Степанов большевиктерден Мемлекеттік думаның депутаттығына кандидат болып ұсынылды. Столыпин реакциясы кезеңінде ол аграрлық мәселе жөнінде теріс көзқарастарды жақтап, фракциялық «Вперед» тобына ымырашылдықпен қарады, бірақ Лениннің ықпалымен өз қателерін жеңе білді. Революциялық қызметі үшін талай рет тұтқындалып, жер аударылды. И. И. Скворцов-Степанов Ұлы Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты, Москвада Әскери-революциялық комитеттің мүшесі, Совет республикасының бірінші финанс халық комиссары болды; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып әлденеше рет сайланды, РКП(б) Орталық тексеру комиссиясының (X—XIII съездерде) мүшесі, ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі (XIV съезден бастап), бірқатар советтік және партиялық органдардың редакторы, ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Ленин институтының директоры, Коммунистік академияның Президиум мүшесі болды.— *235—236.*

Смит (Smith), *Адам* (1723—1790) — ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның аса ірі өкілі. «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу» (1776) деген еңбегінде өндірістің қай саласына жұмсалса да, кез келген еңбек құнның қайнар көзі сапалатынын тұңғыш рет жариялады. Ол осы қағидаға сүйене отырып, жұмысшының жалақысы оның өнімінің бір бөлігі болып табылады және ол жұмысшының күнкөріс құралдарының құнымен белгіленеді, сондай-ақ капиталистер мен жер иелері табыстарының қайнар көзі де жұмысшылардың еңбегі деген өте маңызды қорытынды жасады. Смит капиталистік қоғамның үш таптан: жұмысшылардан, капиталистер мен жер иелерінен құралатынын тұңғыш рет көрсетті. Бірақ буржуазиялық дүние танумен шектелген ол бұл қоғамда тап күресінің бар екенін теріске шығарды. Смиттің саяси экономияны дамытудағы еңбектерін атап айта келіп, Маркс сонымен бірге оның көзқарастарының буржуазия-

Т

Талалаев, В. Т. (1871 жылы туған) — өзінің революциялық қызметін 90-жылдарда, Петербург университетінде студент болып жүрген кезінде бастаған, 1894 жылдың басында жастар арасында революциялық идеяларды насихаттағаны үшін тұтқындалып, полицияның бақылауында болуға Новгородқа 2 жылға жер аударылды; онда астыртын басылымдар шығарылып тұрған және «Трибун» газетін шығару көзделген (газет сол бойы шықпай қалды) құпия баспахананы жабдықтауға қатысты. Талалаев Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» мүшелерімен байланыс жасап тұрды. 1897 жылғы августа ол тағы да тұтқындалып, 1898 жылы Шығыс Сибирьге 5 жылға жер аударылды.— *128.*

Т — ин, К., Т — н, К.— қараңыз: Ленин, В. И.

Томпсон (Thompson), *Уильям* (шамасы 1785—1833) — Ирландия экономисі, социалист-утопист, Р. Оуэннің ізбасары, Ф. Энгельстің жазғанындай, «жиырмасыншы жылдары Рикардоның құн және қосымша құн теориясын капиталистік өндіріске қарсы пролетариат мүддесінде пайдаланған және буржуазияны оның өз құралымен соққылаған» (К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 22-бет) экономистер тобының өкілі. Капитализмнің сыншысы және қоғамды кооперативтік коммуналар федерациясына айналдыруды жақтаушы ретінде көрінген. Томпсонның негізгі еңбектері: «Байлықты бөлудің адамды бақытты етуге неғұрлым көмектесетін принциптерін зерттеу» (1824), «Есесі қайтқан еңбек» (1827), «Қауымдарды тез және экономикалық жағынан ұйымдастыру жөнінде практикалық кеңестері» (1830).— *224, 259—261.*

Торнтондар — Петербургте 1841 жылы негізі қаланған шұға фабрикасының иелері (қазір Э. Тельман атындағы жұқа және техникалық шұға комбинаты).— *76, 77, 79.*

Туган-Барановский, М. И. (1865—1919) — орыстың буржуазиялық экономисі, 90-жылдарда — «жария марксизмнің» көрнекті өкілі, «Новое Слово» (1897), «Начало» (1899) және басқа журналдардың қызметкері; Марксқе сын айтқан. Бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде — кадеттер партиясының мүшесі; 1917—1918 жылдарда — Украинадағы буржуазиялық контрреволюцияның белсенді қайраткері, Украина Орталық радасының финанс министрі. Туган-Барановскийдің 90-жылдардағы негізгі еңбектері: «Қазіргі Англиядағы өнеркәсіп дағдарыстары, олардың себептері және халық өміріне әсері» (1894), «Орыс фабрикасының өткендегісі мен қазіргісі». I том (1898) және т. б.— *174, 177, 209, 574.*

Ф

Фоминский, В. Е.— Пермь губерниясының Кунгур қаласындағы былғары заводының иесі, алыпсатар.— *423, 424.*

Фурье (Fourier), *Шарль* (1772—1837) — француздың ұлы социалист-утописі. Фурье буржуазиялық құрылысты аяусыз әрі терең сынады және адам сезімдерін тану негізінде құрылған болашақ «үйлесімді» адамзат қоғамының көрінісін суреттеп көрсетті. Фурье күш қолданылатын революцияға қарсы болды, ерікті және тартымды еңбек адамның қажетіне айналатын үлгілі фаланстерлерді (еңбек ассоциацияларын) бейбіт насихаттаудың нәтижесінде болашақ социалистік қоғамға өтуге болады деп санады. Алайда Фурье, Ф. Энгельстің атап көрсеткеніндей, дәйексіздігімен көзге түсті: ол жеке меншікті жойған жоқ және оның фаланстерлерінде байлар мен кедейлер де, капиталистер мен жұмысшылар да болды.

Фурьенің негізгі шығармалары: «Төрт қозғалыс пен жалпыға ортақ тағдырлар теориясы» (1808), «Жаңа шаруашылық және социетарлық дүние...» (1829) және басқалар.— *224, 259—261.*

Х

Харизоменов, С. А. (1854—1917) — орыстың көрнекті земство статистигі, экономист. XIX ғасырдың 70-жылдарында «Жер және ерік» халықшылдық ұйымының мүшесі болды, ол жікке бөлінгеннен кейін «Қаралай бөліске» қосылды; 1880 жылы революциялық қозғалыстан шеттеп, статистикамен шұғылдана бастады. Харизоменов Владимир губерниясының майдагерлік кәсіпшіліктерін зерттеді, Таврия губерниясын үй басы зерттеу жөнінде жұмыс жүргізді, Саратов, Тула және Тверь губернияларын земстволық статистикалық зерттеулерге басшылық етті, «Русская Мысль» және «Юридический Вестник» журналдарында экономика мәселелері жөнінде бірқатар мақалалар жазды.

В. И. Ленин 90-жылдарда жазған еңбектерінде Харизоменовтың мәліметтерін жиі пайдаланды.— *350, 435—436.*

Ч

Чернышевский, Н. Г. (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, ғалым, жазушы, әдебиет сыншысы; орыс социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россиядағы 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалыстың идеялық дем берушісі әрі көсемі болды. Социалист-утопист болған ол шаруалар қауымы арқылы социализмге өтуді мүмкін деп санады, бірақ сонымен бірге революцияшыл демократ ретінде «ол — цензураның бөгеттері мен кедергілеріне қарамастан — шаруалық революция идеясын, бұқараның барлық ескі өкіметтерді құлату жолындағы күресінің идеясын тарата отырып, өз заманындағы саяси оқиғалардың бәріне революциялық рухта әсер ете білді» (В. И. Ленин. Шығармалар, 17-том, 107-бет). Чернышевский 1861 жылғы «ша-

руалар» реформасының крепостниктік сипатын ашу-ызамен әшкерелеп, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавловск қамалына қамады; мұнда ол екі жылдай отырды, содан кейін жеті жыл мерзімге каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға үкім шығарылды. Жасы ұлғайған шағында ғана Чернышевский айдаудан босатылды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болып қала берді.

Чернышевскийдің орыстың материалистік философиясын дамыту саласында сіңірген еңбегі орасан зор. Оның философиялық көзқарастары Маркске дейінгі бүкіл материалистік философияның шыңы болды. Чернышевскийдің материализмі революциялық, әрменді сипатта болды. Чернышевский әр түрлі идеалистік теорияларды қатаң сынап, Гегельдің диалектикасын материалистік рухта қайта талдап жасауға ұмтылды. Саяси экономия, эстетика, көркем сын, тарих саласында Чернышевский өмір шындығын зерттеуге диалектикалық тұрғыдан қараудың үлгілерін көрсетті. Чернышевскийдің шығармаларын зерттеген К. Маркс оларды өте жоғары бағалады және Чернышевскийді орыстың ұлы ғалымы деп атады. Ленин Чернышевский туралы былай деп жазды: «Чернышевский 50-жылдардан бастап 88-жылға дейін тұтас философиялық материализмнің дәрежесінде бола білген... орыстың бірден-бір шын ұлы жазушысы. Бірақ орыс өмірінің артта қалуы себепті,— деп атап көрсетті Ленин,— Чернышевский Маркс пен Энгельстің диалектикалық материализмінің дәрежесіне көтеріле білмеді, дұрысырақ айтқанда, көтеріле алмады» (Шығармалар, 14-том, 397-бет).

Чернышевский қаламынан философия, саяси экономия, тарих, этика, эстетика саласында толып жатқан тамаша шығармалар туды. Оның әдеби-сын шығармалары орыс әдебиеті мен өнерін дамытуға орасан зор ықпал жасады. Чернышевскийдің «Не істеу керек?» (1863) деген романынан Россиядағы және шетелдегі революционерлердің талай ұрпағы тәлім-тәрбие алды.— *536, 563.*

Ш

Шарапов, С. Ф. (1855—1911) — реакцияшыл публицист, крепостник дворяндар мүдделерін білдіруші және қорғаушы; «Русское Дело» (1886—1891, 1905—1907, 1909—1910), «Русский Труд» (1897—1899) газеттері мен басқа да бірқатар мерзімді жинақтардың шығарушысы.— *538—541.*

Шорин, А. И.— Владимир губерниясы Покровск уезінің Никольск мекеніндегі (қазір Орехово-Зуево қаласының аумағына енген) Савва Морозовтың ұлы мен оның сыбайластары серіктігінің Никольская мануфактурасындағы жаңа тоқыма шеберханасының бас мастері.— *25, 39.*

Шульце-Геверниц (Schulze-Gävernitz), *Герхарт* (1864—1943) — немістің буржуазияшыл экономисі, Фрейбург универси-

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(1895—1897 жылдар)

1895

Қыс.	Ленин Петербургте жұмысшылар үйірмелерінде сабақ жүргізеді.
	Ленин жұмысшылардың еңбек және тұрмыс жағдайларын зерттеу үшін сұрақтар тізбесін жасайды, оны пайдалана отырып, насихатшылар үгіт жұмысына қажетті материалдар жинады.
18 немесе 19 февраль (2 немесе 3 март).	Ленин Россияның әр түрлі қалаларындағы социал-демократиялық топтар мүшелерінің Петербургтегі кеңесіне қатысады. Кеңеске Г. М. Кржижановский, Я. М. Ляховский, Е. И. Спонти, Т. М. Копельзон (Гришин) қатысты, марксизмді шағын үйірмелерде насихаттаудан жаппай саяси үгітке көшу туралы және жұмысшылар үшін көпшілікке арналған әдебиеттер шығару туралы мәселелері талқыланды.
15 (27) март.	Ленин шетелге бару үшін паспорт алады.
2 (14) апрель.	Ленин өзінің шетелге жүріп кетпек болуына байланысты социал-демократтардың Петербург тобының кеңесін өткізеді. Кеңеске Н. К. Крупская, М. А. Сильвин және басқалар қатысты.
25 апрельден (7 майдан) ертерек.	Ленин жексенбілік мектептің бір топ мұғалімдерімен (Н. К. Крупская, Л. М. Книпович және басқалар) кеңес өткізеді, оған Г. М. Кржижановский де қатысты.
	Ленин В. В. Старков, С. И. Радченко, П. Б. Струве, А. Н. Потресов, Р. Э. Классон-

мен бірге «Біздің шаруашылық дамуымыздың сипаттамасы жөніндегі материалдар» деген марксистік жинақты шығаруға дайындауға қатысады. «Біздің шаруашылық дамуымыздың сипаттамасы жөніндегі материалдар» деген жинақта Лениннің (*К. Тулин* деген бүркеншік атпен) «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы» деген еңбегі басылды. Жинақты патша цензурасы ұстап қалып, бүкіл тиражы түгел дерлік өртеліп жіберілді.

25 апрель (7 май). Ленин «Еңбекті азат ету» тобымен байланыс орнату және Батыс Европа жұмысшы қозғалысымен танысу үшін шетелге жүріп кетеді. Ленин шетелге жүріп кетер алдында И. Х. Лалаянцпен бірге Москвада болды.

Ерте дегенде май — кеш дегенде 7 (19) сентябрь. Ленин шетелде болған кезінде К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Қасиетті әулет немесе сыншыл сынға сын. Бруно Бауэрге және оның компаниясына қарсы» деген кітабынан конспект жасайды.

2 (14) май. Ленин Зальцбургтен (Австрия) анасы Мария Александровна Ульяноваға хат жазып, немістің ауыз екі сөйлеу тілін үйренуге байланысты қиыншылықтар жайында хабарлайды.

8 (20) май. Ленин Швейцариядан жолдаған хатында анасы Мария Александровна Ульяноваға жолдап алған әсерлерін айтып, Женевада тұратын А. А. Шухттың семьясымен кездескені туралы хабарлайды.

Май. Ленин Швейцарияда «Еңбекті азат ету» тобының мүшелерімен танысады (Женевада Г. В. Плехановқа, Цюрихте П. Б. Аксельродқа жолығады, П. Б. Аксельродпен бірге Цюрихке жақын жердегі Афольтерн деревнясында бір апта бойы тұрады), олармен тұрақты байланыс орнату жөнінде және шетелде «Работник» жинағын шығару жөнінде келіседі.

Майдың аяғы — июнь. Ленин Парижде тұрады. Француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, К. Маркстің күйеу баласы П. Лафаргпен танысады.

27 май (8 июнь).	Ленин анасы Мария Александровна Ульяноваға жолдаған хатында Парижді суреттеп, үй-ішінің ахуалы жайында сұрайды.
Июнь.	Ленин Парижде Г. Лефрансенің «1871 жылғы Париж коммунарлары қозғалысының очеркі» деген кітабының бірінші бөлімін конспектілейді.
Июльдің бірінші жартысы.	Ленин Швейцариядағы санаторийлердің бірінде емделеді.
Июльдің екінші жартысы — сентябрьдің бас кезі.	Ленин Берлинде болған кезінде көпшілік кітапханасында жұмыс істейді, шетелдік маркстік әдебиетпен танысады, жұмысшылар жиналыстарына қатысады.
22 июль (3 август).	Ленин Берлин маңындағы жұмысшы поселкесінде (Niederbarnim округі) болған социал-демократиялық жиналыста Штадтгагеннің герман социал-демократиясының аграрлық программасы туралы баяндамасын тыңдайды.
27 июль (8 август).	Ленин Берлинде «Deutsches Theater»-на («Неміс театры») барып, Г. Гауптманның «Die Weber» («Тоқымашылар») драмасын көреді.
7(19) сентябрь.	Ленин шетелден қайтып оралады. Ол екі түпті чемоданға салып, астыртын маркстік әдебиетті әкеледі. Оның сыртынан полициялық бақылау күшейеді.
7 және 29 сентябрьдің (19 сентябрь мен 11 октябрьдің) арасы.	Ленин Вильноға, Москваға және Орехово-Зуевоға барып, жергілікті социал-демократиялық топтардың мүшелерімен байланыс орнатады, олармен шетелде шығарылатын «Работник» жинағын қолдау туралы келіседі.
29 сентябрь (11 октябрь).	Ленин Петербургке қайтып оралады.
30 сентябрь (12 октябрь).	Ленин Нева проспектісіндегі жұмысшылар тұратын № 139 үйде болады.
Күз.	Ленин Петербургте «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» құрады.
	Лениннің басшылығымен социал-демократиялық жұмыс кең, жоспарлы сипат алады, фабрикалар мен заводтар жұмысшыларының ара-

сында үгіт жұмысы күшейтіледі, астыртын листоктар шығарылады.

Ленин «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» мүшелерінің жиналысында ұйымдастыру мәселелері жөнінде сөз сөйлейді.

1(13) октябрь. Ленин Васильевск аралының 7-линиясы бойындағы жұмысшылар тұратын № 8/86 үйде болады.

Ноябрьдің басы. Ленин Цюрихтегі П. Б. Аксельродқа хат жазып, Вильно, Москва, Орехово-Зуево социал-демократиялық топтарындағы істің жайы туралы хабарлайды, адрестерді, құпия хат-хабар алысудың тәсілдерін хабарлайды, әдебиеттер, бояулар жіберуді өтінеді. «Работник» жинағын шығаруға әзірліктің барысын сұрастырады. Хатпен бірге Ленин «Работник» жинағына арнап Россиядағы жұмысшы қозғалысы жайында бірқатар корреспонденциялар жібереді.

7 (19) ноябрь. Ленин Торнтон фабрикасындағы ереуіл кезінде В. В. Старковпен бірге жұмысшы Н. Е. Меркуловқа жолығып, оған тұтқындалған жұмысшылардың семьяларына табыс ету үшін 40 сом береді.

7 (19) ноябрьден кешірек. Петербургтің «Күрес одағы» Ленин жазған «Торнтон фабрикасының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне» деген листовканы басып шығарады.

12(24) ноябрь. Ленин В. В. Старковпен бірге жұмысшы Н. Е. Меркуловқа екінші рет жолығып, Торнтон фабрикасында тарату үшін оған үндеулер береді.

Ноябрьдің ортасы. Ленин Цюрихтегі П. Б. Аксельродқа хат жазып, герман социал-демократиялық партиясының Бреславльдегі съезі туралы есепті алғаны жайында, «Работник» жинағына арнап корреспонденциялар жібергені жайында, «Халық ерікшілері тобының» баспаханасымен байланыс жайында, «Рабочее Дело» газетінің алдағы кезде шығарылатыны жайында хабарлайды.

25 ноябрь (7 декабрь).	«Самарский Вестник» газетінде Лениннің «Гимназия шаруашылықтары және құлық түзету гимназиялары» деген мақаласы басылады.
Ноябрьдің аяғы.	Ленин «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» мүшелерінің кеңесін басқарады, онда бұдан былайғы жұмыс және ұйымның тұңғыш астыртын органы «Рабочее Дело» газетін дайындау мәселелері талқыланады.
Күз — қыс.	Ленин И. В. Бабушкиннің, Н. Е. Меркуловтың, В. А. Шелгуновтың және басқалардың пәтерлерінде Петербургтің маркстік топтарының мүшелерімен және алдыңғы қатарлы жұмысшылармен кездеседі.
Ноябрь — кеш дегенде 8(20) декабрь.	Ленин Петербургтегі «Күрес одағының» органы «Рабочее Дело» астыртын газетінің бірінші номерін баспаға әзірлейді; «Орыс жұмысшыларына» деген бас мақала, «Біздің министрлер не ойлайды?», «1895 жылғы Ярославль стачкасы» және басқа мақалалар жазады; номердің барлық материалдарын редакциялайды.
3 (15) декабрь.	Лениннің «Фабрикалар мен заводтарда жұмысшылардан алынатын штрафтар туралы заңды түсіндіру» деген кітапшасы басыла бастайды.
6(18) декабрь.	Ленин Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» мүшелерімен дәстүрлі студенттік балда кездеседі.
6 және 8 (18 және 20) декабрь.	«Күрес одағының» Ленин жетекші болған басшы тобының мәжілісінде «Рабочее Дело» газетінің баспаға әзірленген бірінші номері талқыланады.
Декабрьдің 8-нен 9-на (20-нан 21-не) қараған түн.	Ленин және оның Петербургтік «Күрес одағындағы» серіктері (А. А. Ванеев, П. К. Запорожец, Г. М. Кржижановский, В. В. Старков және басқалар) тұтқынға алынады. А. А. Ванеевте болған тінту және оны тұтқындау кезінде «Рабочее Дело» газетінің бірінші номерінің баспаға дайындап қойылған материалдарын полиция қолға түсіреді. Тұтқындалғаннан кейін Ленин сотқа дейінгі қа-

	мау үйіне жіберіліп, онда 14 айдан астам уақыт болады.
21 декабрь (1896 ж. 2 январь).	Лениннен түрмеде бірінші рет жауап алынады.
Ерте дегенде 21 декабрь (1896 ж. 2 январь).	Ленин түрмеден Н. К. Крупскаяға шифрланған хат жолдап, тергеуде өзінің берген жауаптары туралы хабарлайды, туыстарынан өзінің шетелден әкелген чемоданы сияқты чемодан сатып алуды өтінеді. Хат сақталмаған.
Жылдың аяғы.	Ленин өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» атты кітабын әзірлеуге кіріседі.
	Ленин социал-демократиялық партия «Программасының жобасын» жазады.
1895 жылдың аяғы — 1896 жыл.	Ленин түрмеде тұтқында отырған жолдастарымен хат жазысады, Петербург «Күрес одағының» азаттықта жүрген мүшелерімен байланыс орнатады, «Одаққа» өзінің кеңестерімен және нұсқауларымен көмектеседі, оларға өзі жазған кітапшалар мен листовкаларды жібереді.

1896

2 (14) январь.	Ленин сотқа дейінгі қамау үйінен А. К. Чеботареваның атына жолдаған хатында азаттықта жүрген жолдастарына өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабын жазуды ниет етіп отырғанын хабарлайды. Қажетті кітаптардың тізімін жіберіп, онда шартты белгілермен «Күрес одағындағы» жолдастарының тағдыры жайында сұрастырады. Хаттың екінші жартысы сақталмаған.
14 (26) январь.	Ленин апасы Анна Ильинична Ульянова-Елизароваға жолдаған хатында кітаптар жібергені үшін алғыс айтады, қажетті кітаптардың тізімін жібергенін хабарлайды, неміс тілінен аударуға қажет сөздіктер беріп жіберуді өтінеді.
16 (28) январь.	Ленин апасы Анна Ильинична Ульянова-Елизароваға хат жазып, бірқатар кітаптар, соның ішінде К. Маркс «Капиталының» II то-

	мын, Г. В. Плехановтың «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895) деген кітабын жіберуді өтінеді, М. И. Туган-Барановскийдің «Қазіргі Англиядағы өнеркәсіп дағдарыстары, олардың себептері және халық өміріне әсері» (1894) деген кітабын зерттеп, Н. В. Шелгуновтың шығармаларын қайта оқып жатқанын хабарлайды.
30 март (11 апрель).	Лениннен түрмеде екінші рет жауап алынады.
Ерте дегенде март.	Лениннің 1895 жылдың күзінде жазған «Фридрих Энгельс» деген мақаласы «Работник» жинағының 1—2-номерлерінде жарияланады.
19 апрельден (1 майдан) ертерек.	Ленин бірінші май листовкасын жазады. Листовка сақталмаған.
7 (19) май.	Лениннен түрмеде үшінші рет жауап алынады.
10 (22) майдан ертерек.	Ленин жұмысшылар үшін «Стачкалар туралы» деген көпшілікке арналған кітапшасын жазады, ол кітапша халық еріктілерінің Лахти баспаханасын қамауға алу кезінде жойылған.
27 май (8 июнь)	Лениннен түрмеде төртінші рет жауап алынады.
Июнь — июль.	Ленин социал-демократиялық партия «Программасына түсіндірмені» жазады.
25 ноябрьден (7 декабрьден) ертерек.	Петербургтің «Күрес одағы» Ленин түрмеде отырған кезде жазған «Патша үкіметіне» деген листовканы басып шығарады.
2 (14) декабрь.	Ленин Петербург округтік сотының прокурорына өтініш жазып, онда апасы Анна Ильинична Ульянова-Елизароваға хаттарды және «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер», «XIX ғасырдың бас кезіндегі саяси экономия очерктері» деген екі қолжазбаны беруге рұқсат сұрайды.
1896 жыл.	Ленин «Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» мүшелеріне

	«қарттардың» атынан хабарлау» жазып, онда «Одақтың» азаттықта жүрген мүшелерін Н. Михайлов деген арандатушыдан сақтандырады.

1897

29 январь (10 февраль).	Ленинді полицияның жария бақылауымен үш жылға Шығыс Сибирьге жер аудару туралы патша үкіметінің үкімі бекітілді.
12 (24) февраль.	Ленин айдауға этап бойынша емес, өз есебінен жол куәлігі бойынша баруға рұқсат алады.
13 (25) февраль.	Лениннен қолхат алынып, оның Шығыс Сибирьге жер аударылуы туралы үкім жарияланады.
14 (26) февраль.	Ленин түрмеден шығарылады және 17 февральдың (1 марттың) кешіне дейін Петербургте болуға рұқсат алады.
14 және 17 февральдың (26 февраль мен 1 марттың) арасы.	Ленин Петербургте петербургтік «Күрес одағы» мүшелерінің кеңестерін өткізеді, оларда «Одақтың» В. И. Ленинмен бірге тұтқындалған мүшелері — «қарттар» (А. А. Ванеев, Г. М. Кржижановский, П. К. Запорожец және басқалар) мен азаттықта жүрген «жастар» кездеседі. «Қарттар» мен «жастар» арасында «жастардың» оппортунизм жағына ауытқуына байланысты қызу айтыс туады. Ленин «жастардың» белгі бере бастаған «экономизмін» қатаң сынайды.
	Ленин Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» айдауға кетіп бара жатқан мүшелері А. А. Ванеевпен, П. К. Запорожецпен, Г. М. Кржижановскиймен, А. Л. Малченкомен, Л. Мартовпен (Ю. О. Цедербауммен), В. В. Старковпен бірге суретке түседі.
17 февраль (1 март).	Лениннің Петербургтен Москва арқылы Сибирь айдауына жүріп кетуі.
18—22 февраль (2—6 март).	Ленин Москвада анасының үйіне түсіп, мұнда полиция рұқсат еткен мерзімнен тыс екі күн кідіреді.

18 және 22 февральдың (2 және 6 марттың) арасы.	Ленин Москвада Румянцев музейі кітапханасының (қазір В. И. Ленин атындағы СССР Мемлекеттік кітапханасы) оқу залында болады.
22 февраль (6 март).	Ленин Москваның охранка бөлімшесіне өтініш жазып, Петербургтен Сибирьге жіберілген тұтқындар тобына қосылу үшін солар келіп жеткенше анасының жанында қала тұруға рұқсат сұрайды. Ленин жол куәлігін алады және Москвадан кешкі сағат 11-де жүріп кетуге жазбаша міндеттеме береді. Ленин Москвадан Сибирьге, айдауға жүріп кетеді.
2(14) март.	Ленин айдауға бара жатқан жолында («Обь» станциясынан) анасы Мария Александровна Ульяноваға хат жазады; жолдан алған әсерлерін айтып, көңіл-күйі туралы, жолда дәрігер В. М. Крутовскиймен кездескені туралы хабарлайды.
4(16) март.	Ленин Красноярскіге келеді.
4 март — 30 апрель (16 март—12 май).	Ленин Красноярскіде саяси жер аударылған В. А. Букшниспен, П. А. Красиковпен және басқалармен кездеседі.
6(18) март.	Ленин Красноярскіден Иркутск генерал-губернаторына өтініш жазып, денсаулығының нашарлығына байланысты, оның айдауда болатын жерін Енисей губерниясының Красноярск немесе Минусинск округінің шегінен белгілеуді сұрайды.
7(19) март.	Ленин кітап жинаумен әуестенетін красноярскілік көпес Г. В. Юдинге оның кітапханасында жұмыс істеу үшін В. М. Крутовскийден сенім хат алады.
9 март — 30 апрель (21 март — 12 май).	Ленин Красноярскіде болған кезінде Юдиннің жеке кітапханасындағы кітаптарды пайдаланып, Россияның экономикалық дамуы мәселелерін зерттеумен шұғылданады.
15(27) март.	Ленин «Күрес одағының» ісі бойынша сотталып, Иркутск губерниясына жер аударылып

бара жатқан Я. М. Ляховскийді шығарып салады.

15—16 (27—28) март. Ленин анасы Мария Александровна Ульяноваға жолдаған хатында айдауға қазына есебінен бара жатқан жолдастары жөнінде мазасызданғандық білдіреді, қалалық кітапхана мен Юдиннің кітапханасында жұмыс істеп жүргенін хабарлап, жиі хат жазып тұруын өтінеді.

26 март (7 апрель). Ленин анасы Мария Александровна Ульяноваға хат жазып, апасы Анна Ильинична Ульянова-Елизаровадан «Финанс министрлігінің жылнамасын». I кітап (1869), «Россия империясының уақытша статистикалық басылымын». II серия. 6-кітап (1872) және Д. А. Тимирязев құрастырған «Европалық Россияның фабрика-завод өнеркәсібінің ең басты салаларының, фабрикалар мен заводтардың аты аталған тізімі қоса берілген, статистикалық атласын» 3-кітап (1873) тауып алуын өтінеді; корреспонденцияны жіберуге болатын адресті хабарлайды.

4(16) апрель. Ленин Красноярск вокзалында жер аударылғандардың бір тобымен келген «Күрес одағындағы» жолдастарын (А. А. Ванеевті, Г. М. Кржижановскийді, Л. Мартовты (Ю. О. Цедербаумды), В. В. Старковты) қарсы алады.

5(17) апрельден ертерек. Ленин Красноярскіден Петербургтегі жолдастарына телеграмма жолдап, олардың А. А. Ванеевтің айдауда болатын жерін Енисей губерниясы Минусинск округінің шегінде тағайындату жөнінде қуынуларын тапсырады. Телеграмма сақталмаған.

5(17) апрель. Ленин анасы Мария Александровна Ульяноваға жолдаған хатында өзінің, Г. М. Кржижановскийдің және В. В. Старковтың айдау мерзімін өтейтін жері Минусинск округі болып белгіленгеніне қанағаттанғандық білдіреді, «Новое Слово» журналын оқып шыққаны жайында жазады.

5 және 17 (17 және 29) апрельдің арасы. Ленин анасы Мария Александровна Ульяноваға жазған хаттарында өзінің айдау мерзімін өтейтін жері Шушенское селосы болып белгіленгенін хабарлайды. Хаттар сақталмаған.

17(29) апрель. Ленин апасы Анна Ильинична Ульянова-Елизароваға хат жазып, одан «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде» деген мақаласының қаламақысына «Владимир губерниясының кәсіпшіліктерін» 3—5 кітаптар (1882—1884), «Европалық Россияның фабрикалары мен заводтарының көрсеткішін» (1894) және басқа кітаптарды сатып алуын, газеттер жаздырып беруін; өзінің тапсырмалары бар екенін айтып, шетелге баруы жайында ертерек хабарлауын өтінеді; аудармамен айналыспақ ойы бар екенін хабарлайды.

24 апрель (6 май). Ленин қолхат беріп, Шушенское селосына дейін баруға жол куәлігін алады.

29 апрель (11 май). Ленин Енисей губернаторына өзіне заң бойынша берілуге тиісті күн көріс, киім-кешек және пәтер үшін жәрдем ақшаны тағайындау туралы өтініш жазады.

30 апрель (12 май). Ленин Красноярскіден Минусинск арқылы өзінің айдау мерзімін өтейтін жері Шушенское селосына жүріп кетеді.

Апрель — июль Лениннің «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде» деген еңбегі «Новое Слово» журналының 7—10-номерлерінде жарияланады.

6(18) май. Ленин Г. М. Кржижановскиймен және В. В. Старковпен бірге Минусинск қаласына келеді.

7(19) май. Ленин өзіне жәрдем ақша тағайындау туралы Минусинск исправнигіне өтініш жазады.

8(20) май. Ленин Минусинск қаласынан шығып, нақ сол күні Енисей губерниясының Минусинск округіндегі Шушенское селосына келеді.

18(30) май. Ленин анасы Мария Александровна Ульяноваға және қарындасы Мария Ильинична Ульяноваға жазған хатында Шушенское селосын суреттейді; жолдың қиындығына және әлі жөндеп орналаспағанына байланысты өзіне келулеріне қарсылық білдіреді, «Новое Слово» журналының редакциясы мен Самара марксистері арасындағы айтыстың жайын сұрастырады, Мария Ильиничнаға ол жіберген

кітаптан көшірілген үзінділерді алғаны жайында хабарлайды, кітаптардың каталогтарын жіберіп тұруды сұрайды.

25 май (6 июнь). Ленин апасы Анна Ильинична Ульянова-Елизароваға хат жазып, бірқатар журналдарды жаздыртуды өтінеді, өзіне әсіресе қандай кітаптардың қажет екенін және оларды қайдан табуға болатынын көрсетеді.

8(20) июнь. Ленин Швейцарияға апасы Анна Ильинична Ульянова-Елизароваға жолдаған хатында шетелдік каталогтар мен газеттерді жіберіп тұруды сұрайды, саяси экономия мен философия жөнінде классиктердің түпнұсқа еңбектерінің арзан басылымдарын сатып алуға тілек білдіреді.

15(27) июнь. Ленин М. Т. Елизаровқа жолдаған хатында газеттерді алғаны жайында хабарлап, әдеби жұмыстары үшін астаналық кітапханалардан кітап алудың қажеттігін көрсетеді.

3(15) июль. Ленин қарындасы Мария Ильинична Ульяноваға хат жазады, онда марксизмді оқып-үйренуге арналған сабақтардың программасы беріледі, түпнұсқа әдебиеттер ішінде герман социал-демократиясының органдары «Vorwärts» («Алға») және «Neue Zeit» («Жаңа Заман») көрсетілген. Хат сақталмаған.

19(31) июль. Ленин анасы Мария Александровна Ульяноваға және қарындасы Мария Ильинична Ульяноваға жазған хатында «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабын жазудың барысы жайында хабарлайды.

16(28) август. Ленин Цюрихтегі П. Б. Аксельродқа хат жолдап, «Фабрикалар мен заводтарда жұмысшылардан алынатын штрафтар туралы заңды түсіндіру» деген кітапшасына оның және Г. В. Плехановтың жазған пікірлерін алғаны жайында хабарлайды, жұмысшылар үшін жазғысы келетін ниетін білдіреді.

17(29) август. Ленин анасы Мария Александровна Ульяноваға жазған хатында мақала жазып жатқанын хабарлайды (бұл арада әңгіме «Пермь губерниясындағы 1894/95 жылғы майдагерлер санағы және «майдагерлік» өнеркәсіптің жал-

	пы мәселелері» жайында болып отыр); өз атына жолданған кітаптардың әлі қолына тимегеніне өкініш білдіреді.
Жаз.	Ленин «Фабрикалық жаңа заң» деген кітапша жазады. Кітапшаны 1899 жылы шетелде «Еңбекті азат ету» тобы басып шығарды.
Август — кеш дегенде 7(19) сентябрь.	Ленин «Пермь губерниясындағы 1894/95 жылғы майдагерлер санағы және «майдагерлік» өнеркәсіптің жалпы мәселелері» деген мақаланы жазады. Өзінің мақаласында Ленин статистикалық кітаптардың материалдарын пайдаланады. «Пермь губерниясындағы майдагерлік өнеркәсіп жағдайының очеркі» (1896), Красноперов, Е. И. «Пермь губерниясының майдагерлік өнеркәсібі 1887 жылы Екатеринбург қаласында болған Сибирь-Урал ғылыми-өнеркәсіп көрмесінде». I—III кітаптар (1888—1889) және басқа кітаптарға Ленин белгілер салып, астын сызады.
7(19) сентябрь.	Ленин М. Т. Елизаров арқылы П. Б. Струвеге хат жолдап, өзінің мақаласын жібереді (бұл арада әңгіме «Пермь губерниясындағы 1894/95 жылғы майдагерлер санағы және «майдагерлік» өнеркәсіптің жалпы мәселелері» жайында болып отыр).
27—28 сентябрь (9—10 октябрь).	Ленин Минусинскіге барады; халық ерікшілерімен, халық правошыларымен және басқа саяси жер аударылғандармен кездеседі.
29 сентябрь — 4 октябрь (11—16 октябрь).	Ленин Минусинскіден Тесинское селосындағы жер аударылған социал-демократтарға барып, онда бес күн болады.
Сентябрь.	Ленин «Бір газет мақаласы жөнінде» деген мақала жазады.
12(24) октябрь.	Ленин анасы Мария Александровна Ульяноваға жазған хатында «Вопросы Философии и Психологии» журналын алғаны туралы, Минусинск мен Тесинскоеге барғаны туралы, А. П. Скляренкомен және И. Х. Лалаянцпен хат алысып тұратыны жайында хабарлайды. Петровск кітапханасының каталогын жіберуді сұрайды.
19(31) октябрь.	Ленин анасы мен қарындасына, Мария Александровна және Мария Ильинична Ульянова-

ларға) жазған хатында библиографиялық әдебиет жіберіп тұруды өтінеді, жіберген мақаласы («Пермь губерниясындағы 1894/95 жылғы майдагерлер санағы және «майдагерлік» өнеркәсіптің жалпы мәселелері») жөнінде жуық арада редакцияның жауабы келеді деп күтіп отырғанын хабарлайды, Л. Мартов (Ю. О. Цедербаум) және А. А. Ванеев жайында айта кетеді.

Ноябрь. Ленин Шушенское селосынан Минусинскіге рұқсатсыз кетіп қалады.

Ерте дегенде ноябрь. Ленин «Фабрикалық жаңа заң» деген кітапшаға «Қосымша» жазады.

10(22) декабрь. Ленин анасы Мария Александровна Ульяноваға және қарындасы Мария Ильинична Ульянова мен апасы Анна Ильинична Ульянова-Елизароваға жазған хатында А. Лабриоланың «Тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің очерктері» (1897) деген кітабына ұнамды баға береді, «Вятка губерниясының кәсіпшіліктерін суреттеу жөніндегі материалдардың» екінші кітабын (1890), «Қылмыстық және құлық түзету жазалары туралы 1885 жылғы жинақты» (1895), «Бітістіруші судьялар қолданатын жазалар туралы уставты» (1897) алғашы жайында айтады, А. М. Калмыкованың кітап қоймасынан кітап жаздырып алу жөнінде хабарлайды. Ленин П. Б. Струвеге хат жазып, оған А. Лабриоланың «Тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің очерктері» деген кітабының екінші бөлімінің аудармасын «Новое Слово» журналында жариялауды ұсынады. Ол бұл ұсыныс жайында нақ сол күні Н. К. Крупскаяға жазған хатында хабарлайды. Хаттар сақталмаған.

21 декабрь (1898 ж. 2 январь). Ленин анасы Мария Александровна Ульянова мен қарындасы Мария Ильинична Ульяноваға және апасы Анна Ильинична Ульянова-Елизароваға жазған хатында жіберген кітаптары үшін алғыс айтады, Петербургтің заң кітапханасынан кітаптар алуға керек сенім хатты тауып беретінін хабарлайды; «Новое Слово» журналы үшін мақала дайындап қойғанын жазады, К. Маркстің «Философия қайыршылығы» (1896), «Гегельдік право философиясына сын жөнінде» (1895) және «Ин-

тернационалдық социалистік кітапхана» француз тілінде шығарған Ф. Энгельстің «Тарихтағы зорлық ролі» (1897) деген кітаптарын жіберуді сұрайды.

24 декабрь — 1898 ж. 2 январь (5—14 январь).

Г. М. Кржижановский он күн бойы Шушенскоеде Лениннің жанында болады.

27 декабрь (1898 ж. 8 январь).

Ленин анасы Мария Александровна Ульяноваға жазған хатында «Новое Слово» журналына мақала жібергені туралы хабарлайды.

Жылдың аяғы.

Ленин «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапша жазады. Кітапшаны «Еңбекті азат ету» тобы шетелде 1898 жылы басып шығарған.

Ленин «Халықшылдардың қияли жобаға әуестігінің кереметтері» және «Біз қай мұрадан бас тартамыз?» деген мақалаларын жазады, олар 1898 жылы «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» деген жинақта жарияланады.

1897 жыл.

Айдауда жүріп, Ленин Россиядағы жұмысшы қозғалысының орталықтарымен және шетелдегі «Еңбекті азат ету» тобымен байланысын одан әрі жалғастыра береді, сондай-ақ басқа жерлерде айдауда жүрген социал-демократтармен хат алысып тұрады; «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабын дайындау жұмысын жалғастыра береді.

Ленин Шушенское селосы мен маңайдағы округтің шаруаларына юристік кеңестер беріп, көмектеседі.

МАЗМҰНЫ

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркснзм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1896 ж.

1897 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық.

Т. 1 — Алматы, «Қазақстан», 1974.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 2. 1895—1897.
732 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
Е. Н. Стеллиферовская

Дайындаушының көмекшісі *Л. А. Кашницкая*

В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдері
туралы материалды дайындаған *Л. Ф. Никольская*

Редакторы *М. Я. Панкратова*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

☆

Сдано в набор 31/VII 1973 г. Подписано к печати 18/I 1974 г.
Формат 84×108¹/₃₂—23,375=39,27 усл. п. л.+2 вклейки ¹/₈ п. л.
(37,63 уч.-изд. л.).
Тираж 15 000 экз. Цена 65 коп. Бумага № 1.
Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ №1220. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома
Государственного комитета Совета Министров КазССР по делам
издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата,
ул. Пастера, 39.